



ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

ҚАНЫШ



ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ



ҚАНЫШ





«ҚАНЫШ. ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ»
ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ
ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТА
«КАНЫШ. ПОЛНОЕ АКАДЕМИЧЕСКОЕ
СОБРАНИЕ ТРУДОВ»

НҮРБЕК С., төраға/председатель
АНАНЬЕВА С. В.
АХМЕД-ЗАКИ Д. Ж.
ӘМІРӘЛИНОВА Б. Б.
БАЙБАТША Ә. Б.
ҚАЛИЕВА Ә. Қ.
МАТЫЖАНОВ К. І.
НҰХҰЛЫ А.
СЫДЫҚОВ Ұ. Е.





ҚАНЫШ

Шығармаларының
академиялық толық
жинағы

БІРІНШІ ТОМ



Алматы, 2024



КАНЫШ

Полное
академическое
собрание трудов

ТОМ ПЕРВЫЙ



Алматы, 2024

ӘОЖ 55
КБЖ 26
Қ38

**ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған, № 11 хаттама 19 қараша 2024 жыл**

Басылым ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің BR24992920 «Академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми-мәдени мұрасын зерттеу – Қазақстанның ғылыми мектептерін дамыту жолы» нысаналы бағдарламасы аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған.
Идея авторы және серияның бас редакторы –
ҚР ҰҒА академигі Кенжехан Матыжанов

**Томның
редакция
алқасы:** Матыжанов К.І. (төраға),
Нухұлы А., Байбатша А.Б., Сыдықов У.Е., Әмірәлинова Б.Б.,
Қалиева А.Қ. (төрағаның орынбасары),
Ананьева С.В. (жауапты редактор)

Рецензенттер: Қабылдинов Е.З., тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ақыш Н.Б., филология ғылымдарының докторы

Қ38 Қаныш Сәтбаев. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бес томдық. 1 том / Томды құрастырып, баспаға дайындаған: Матыжанов К.І., Қалиева А.Қ., Ананьева С.В., Қалиасқарова А.Т. (жауапты шығарушы), Мағазбеков Н.Ж., Әмірбаева Ш.М. – Алматы, 2024. – 708 б.

ISBN 978-601-354-194-5

Т. 1: – 2024. 708 б.

Академиялық басылымның бірінші томына академик Қ.И. Сәтбаевтың 1923-1963 жылдар аралығында жарық көрген еңбектері жинақталған. Том «Жер туралы ғылым» және «Ғылым, білім және мәдениет» деген екі бөлімнен тұрады. Қазақстанның табиғи байлықтары және қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамыту жайлы жазылған әр жылдардағы ғылыми мақалалары сол кездердегі басылымдардан өзгертілмей алынды. Қаныш шығармаларының академиялық толық жинағына ғалымның 1920-1930 жж. төте жазумен және латын әліпбиімен берілген мақалалары алғаш рет кириллицаға көшірілді.

Кітап Қазақстанның техникалық университеттерінің студенттеріне, магистранттарына, оқытушыларына және жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 55
КБЖ 26

ISBN 978-601-354-194-5
ISBN 978-601-354-193-8 (ортқк)

© ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2024

УДК 55
ББК 26
Қ38

Рекомендовано к изданию Ученым советом Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова КН МНВО РК, протокол № 11 от 19 ноября 2024 года

Издание реализовано в рамках целевой программы Комитета науки МНВО РК BR24992920 «Исследование научно-культурного наследия академика К.И. Сатпаева – путь к развитию научных школ Казахстана»

Серия «Академическое издание» была основана в 2020 году.

Автор идеи и главный редактор серии – академик НАН РК Кенжехан Матыжанов

Редакционная коллегия тома: Матыжанов К.С. (*председатель*),
Нухулы А., Байбатша А.Б., Сыдыков У.Е., Амралинова Б.Б.,
Калиева А.К. (*заместитель председателя*),
Ананьева С.В. (*ответственный редактор*)

Рецензенты: Кабулдинов Е.З., доктор исторических наук, профессор
Акыш Н.Б., доктор филологических наук

Қ38 Каныш Сатпаев. Полное академическое собрание трудов. Пятитомник. Том 1 / Составили и подготовили к печати: Матыжанов К.С., Калиева А.К., Ананьева С.В., Калиаскарова А.Т. (ответственная за выпуск), Магазбеков Н.Ж., Амирбаева Ш.М. – Алматы, 2024. – 708 с.

ISBN 978-601-354-194-5

Т. 1: – 2024. 708 с.

Академический сборник включает труды академика К.И. Сатпаева, опубликованные в период с 1923 по 1963 годы. Первый том состоит из двух разделов: «Науки о Земле» и «Наука, образование и культура». В книгу вошли научные статьи разных лет, посвященные природным богатствам Казахстана, а также развитию науки и культуры казахского народа; эти работы представлены в оригинальном виде, без изменений. Впервые в полном академическом собрании сочинений Каныша Сатпаева статьи 1920–1930-х годов, написанные арабской графикой и латиницей, переведены на кириллицу.

Книга предназначена для студентов, магистрантов, преподавателей технических университетов Казахстана и широкого круга читателей.

УДК 55
ББК 26

ISBN 978-601-354-194-5
ISBN 978-601-354-193-8 (общ)

© Институт литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова КН МНВО РК, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Аса көрнекті геолог-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, ғылым ұйымдастырушысы ретінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бар өмірін ғылым жолына арнады. Ғалымның бірегей зерттеулері ел экономикасы мен өнеркәсіп саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол қазақ даласының сарқылмас қазына кеніштерін ашып, зерттеді. Біртуар тұлғаның ғылымның көптеген салаларына – тарих пен мәдениетке, фольклор мен әдебиетке қатысты энциклопедиялық білім қоры өз қатарластарын қайран қалдыратын. Қ. Сәтбаев Қазақстанда металлогендік картаның негізін салды. Ұлытау – Жезқазған мыс кен орнының бай қорын ашты.

Болашақ академиктің алғашқы ғылыми ізденістері туған халқының көркем өнерімен – қазақ ән орындау және жыршылық мәдениетімен де байланысты болды. Ол 1942 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Президиумының төрағалығына тағайындалды. Осы кезде елде Ғылым академиясын құруды армандайды. Украинаның алғашқы ғылым академиясының президенті, КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі В.И.Вернадский КСРО Ғылым академиясының Президенті В.Комаровқа Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметіне геолог Сәтбаевты ұсынды. Осылайша, Қазақ КСР Үкіметіне Ғылым академиясын құру туралы ұсыныс жасалды. 1946 жылы 1 маусымда Алматыда Қазақстан Ғылым академиясы құрылып, Қаныш Сәтбаев 11 ғылыми-зерттеу институтының ашылуына мұрындық болды. Оның жетекшілігімен Ғылым академиясы пайдалы қазбаларды зерттеумен ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық ғылымдарды, медицинаны, ауыл шаруашылығын және басқа да негізгі бағыттарды дамытумен күш салды. Ғылымды халықтың игілігіне айналдыру туралы тұжырым Қ.Сәтбаевтың сан салалы қызметіндегі басты бағдар болды.

Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметі – тұлғаның тарих көшін өзгерте алатындығының жарқын мысалы. Ол өзінің қажырлы еңбегімен Қазақстандағы ғылыми прогрестің негізін қалай отырып, өзінен кейінгі жас ғалымдарды жаңа биіктерді бағындыруға қанаттандырды. Қ.И. Сәтбаев еліне қызмет ету мен биік мақсаттарға талпынудың үлгісі, зиялылық пен патриотизмнің, риясыз қайраткерліктің символы болып қала бермек.

Биыл Қаныш Имантайұлының туғанына 125 жыл, өмірден өткеніне 60 жыл толып отыр. Осыған байланысты, Қазақстан ғылымының мақтанышына айналған бірегей ғалымның орасан зор мұрасын жинап, жүйелеу жұмысын қолға алатын уақыт пісіп-жетілді. Ғалым еңбектерінің толық академиялық жинағы оның идеяларының даму эволюциясын зерделеуге жол ашпақ. Сонымен қатар, нақты ғылыми міндеттерді шешудегі оның түрлі көзқарастарын айқындауға, теориялық зерттеулерінің практикалық қолданыспен сабақтастығын айқара ашуға мүмкіндік туғызады.

Қаныш Сәтбаевтың толық академиялық шығармалар жинағын дайындау ісінің өзектілігін бірқатар ғылыми және мәдени аспектілерде негіздеуге болады. Толық жинақ оның ғылыми мұрасын болашақ ұрпақ үшін қаз-қалпында сақтап қалуға бағытталған. Академиялық жинақ оның ғылыми мақала, оқулық, монография, есеп, картография, геологиялық экспедиция материалдары, техникалық әзірлемелер, сондай-ақ тарих пен мәдениет саласындағы жарияланымдар түріндегі сан салалы материалдарын жүйелеп, біріздендіруге мүмкіндік береді. Бұл басылым студенттер, докторанттар мен ғалымдар үшін геология, ғылым тарихы және Қазақстанның мәдени мұрасын зерттеу ісінде маңызды дереккөз бола алады. Қаныш Сәтбаевтың көптеген ғылыми бастамалары, әсіресе табиғи ресурстарды іздеу, пайдалану тұрғысындағы идеялары бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан емес. Жаңа басылым маңызды идеяларды қазіргі заман талаптарына сай қайта пайымдауға деген қызығушылықты оятуы бек мүмкін. Ғалым мұрасының толық академиялық жинағы Қазақстан ғылымының жетістіктерін насихаттау, ұлттық бірегейлікті нығайту істеріне ықпал етеді. Қаныш Сәтбаев – тек ғалым ғана емес, ол сонымен қатар қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына үлес қосқан мәдениет қайраткері. Жинақ ғалымды жаңа қырынан тани түсуге жаңа жол ашады.

Филолог (оның ішінде текстологтар мен библиографтар) және геолог мамандардан құралған редакция алқасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еңбектерінің академиялық толық жинағын дайындау бойынша кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымның барлық еңбектерін іздестіру, жинау, жүйелеу; басып шығаруға әзірлеу; сыни талдаулар жүргізіп, ғылыми түсініктер жазу; ғылыми аппарат пен архивтік материалдарды қамтитын томдарды басып шығару, сондай-ақ көпшілік қауымға қолжетімді болу үшін электрондық архив жасау бойынша кезең-кезеңімен жұмыстар атқарылды. Қ.И. Сәтбаевтың «Қызыл Қазақстан», «Правда», «Известия», «Правда Востока», «Московский комсомолец», «Советский Казахстан» және басқа да басылымдарда ертеректе жарияланған ғылыми мақалалары, қысқаша жазбалары, хабарламалары мен ол туралы материалдарды текстологиялық саралау бойынша ғылыми талдаулар жасалды. Бестомды басылымды құрастырушылардың назарынан аймақтық газеттер мен ғылыми бюллетеньдер, арнаулы альманахтар мен ғылыми жинақтар да тыс қалған жоқ.

Алғашқы томға Қ.И. Сәтбаевтың араб графикасымен жазылған мақалалары, мысалы «Қарағанды-Ыспас зауыттарының қазіргі күйі мен келешегі» (1927), «Торлан кендерінің шамасы және келешегі» (1928), «Қарсақпай зауытында мыс өндірісі және оның келешегі» (1928), «Шортанды - Ақмола - Қарағанды теміржолының кен өндірісіне беретін әсері» (1928) және басқа да еңбектері енді. Бестомдықта мақалалар хронологиялық тәртіпте берілді. Олардың авторлық редакциясы қалпына келтірілді. Ғалымның бұған дейінгі көптомдық жинақтарына еңбеген

бірқатар материал ғылыми айналымға қайта қосылып отыр. Екінші томға «Геологтар» (1938), «Жезқазған аймағы – КСРО інжу-маржаны» (1939), «Қажырлы және жұмылған еңбектің нәтижелері» (1941) және басқа да мақалалар енгізілді. Әдебиеттер тізімін рәсімдеуде авторлық нұсқа сақталды.

Қаныш Сәтбаев еңбектерінің академиялық толық жинағын баспаға әзірлеудегі текстологиялық талдаулардың маңыздылығын ерекше атап өткен жөн. Ғылыми жинақтың құрастырушылары ғалымның еңбектерін бастапқы жарияланымдарымен салыстырып, олардың кейінгі өзгеріске ұшырау жағдайын анықтауға тырысты. Осылайша, мәтінтанулық сараптамалар мәтіндердің түпнұсқасын айқындап, олардың түрлі версияларын анықтауға, кейінгі басылымдар мен аударламаларда орын алған кемшіліктері мен қысқартуларын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Материалдарды өзара салыстырулар нәтижесінде, автордың негізгі ойларын дәл әрі толық бейнелейтін ең толымды нұсқалары анықталды. Бұл орайда ғалымның өзіндік қолтаңбасын сақтау басты назарда болды.

Қаныш Сәтбаев Қазақстанның қарқынды ғылыми, мәдени өзгерістері кезеңінде өмір сүріп, қызмет етті. Сондықтан бұл процестердің ғалым еңбектеріндегі ғылыми дискурста көрініс таппауы мүмкін емес еді. Ал текстологиялық сараптама автордың кейінгі жылдардағы редактура мен цензура салдарынан бұрмаланған, қысқартылып, түзетілген мәтіндерінің бірегей стилистикалық сөз саптау ерекшеліктерін қалпына келтіруге негіз болады. Академиялық талдауларда Қ.Сәтбаев еңбектерінің жазылу жағдайы ескеріліп, сол уақыттағы тарихи-мәдени ахуалдың авторлық мәтіндердің мазмұны мен сипатына ықпалы пайымдалды. Қаныш Сәтбаевтың шығармалары ғылымның әр түрлі салаларында, әсіресе геология, минералогия және Қазақстанның географиялық зерттеулері бойынша ғылыми терминологияға бай. Текстологиялық талдаулардың аудармада немесе терминдерді түсіндіру барысында қателіктерге жол бермеу үшін де маңызы зор.

Академиялық толық жинақ біртұтас форматта және жоғары ғылыми стандартқа сәйкес дайындалды. Текстологиялық талдаулар негізінде ғылыми түсініктемелер, аннотациялар мен анықтамалық материалдар дайындалды. Терең мәтінтанулық зерттеулер Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қазақстандық және әлемдік ғылымға қосқан үлесін дәйектей отырып, оның мұрасының қазіргі заманғы зерттеушілер мен көпшілік қауымға қолжетімді бола түсуіне іргетас болады. Ғалымның академиялық жинағын баспаға әзірлеу ісі мұндай жан-жақты саралаусыз толымды деңгейде іске аспайтыны анық. Бұл процесс тек мәтіндерді қалпына келтіріп қана қоймай, Қазақстанның мәдени және ғылыми жадын сақтауға да үлес қосады.

Әр том ғылыми-анықтамалық аппаратпен жабдықталған. Оған ғылыми түсініктемелер, адам аттарының көрсеткіші, мақалада сөз болған

геологтар туралы өмірбаяндық мәліметтер кіреді. Сонымен бірге баспасөздің тізбесі мен жер-су атаулары, қысқартылған сөздер де қамтылады. Алғашқы жарияланымдардың тарихнамасы туралы құнды деректер келтірілген. Жинақтың құндылығын арттыратын тағы да бір айрықша деректеме – әлемге әйгілі тұлғаның өмірі мен ғылыми қызметінің маңызды кезеңдерін бейнелейтін хаттар. Парасатты ғалым-ұстаз ретінде Қаныш Имантайұлы жастарға қамқорлық жасап, болашақ ғалымдар буынын қалыптастыруға жағдай туғызды. Ол Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, мәдениет қайраткерлеріне, ұстаздарға, жас ғалымдарға, студенттер мен оқушы шәкірттерге ерекше қамқорлықпен қарады.

Мәтінтанулық тұрғыда терең зерделеуден өткізілген, ғылыми түсініктемелерімен бірге ұсынылған Қ.И. Сәтбаев еңбектері өнеркәсіптік қуат пен ғылымды дамытуға, ел геологиясының тарихына үлес болып қосылған маңызды ғылыми мұра ретінде зерттеушілер мен мамандардың кең аудиториясына арналады.

Сөз соңында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев шығармаларының академиялық толық жинағын әзірлеу барысында ғалым еңбектерінің әр жылдардағы басылымдары мен сирек нұсқаларын, түпнұсқа суреттері мен деректерін ыждаһаттылықпен жинап-жүйелеуге атсалысқан «Ғылым ордасы» РМК-ның «Орталық ғылыми кітапханасына», ҚР Ұлттық кітапханасына, ҚР Орталық мемлекеттік архивіне ерекше алғыс айтып, ризашылығымызды білдіреміз.

Редакция алқасы

ПРЕДИСЛОВИЕ

Вся жизнь выдающегося ученого-геолога, государственного и общественного деятеля, организатора науки К.И. Сатпаева была посвящена науке. Его уникальные исследования внесли огромный вклад в развитие экономики страны, промышленности. Он открыл и разведаль несметные богатства казахской степи. Современников поражали его энциклопедические знания во многих областях науки, истории, культуры, фольклора, литературы. Создал металлогеническую карту. Открыл Улытау – Дзезказганское месторождение меди. Первый печатный труд будущего академика связан с художественно-поэтическим миром родного народа – с казахской песенно-музыкальной культурой.

В 1942 году назначен председателем Президиума Казахского филиала АН СССР. Мечтает о создании Академии наук страны. Первый президент Академии наук Украины, действительный член Академии наук СССР В.И.Вернадский рекомендовал Президенту Академии наук СССР В.Комарову геолога Сатпаева на должность президента Академии наук КазССР. В.Комаров написал представление в Правительство КазССР об организации АН КазССР. 1 июня 1946 года Академия наук была создана в Алма-Ате. К.И.Сатпаев инициировал открытие 11 научно-исследовательских институтов. Академия наук под его руководством занималась не только исследованием полезных ископаемых, но и развитием гуманитарных наук, медицины, сельского хозяйства и других ключевых направлений. Сатпаев всегда считал, что наука должна служить народу, и это убеждение стало основой всей его деятельности.

Каныш Сатпаев является ярким примером того, как личность способна изменить ход истории. Его труд и достижения не только заложили основы научного прогресса в Казахстане, но и вдохновили последующие поколения ученых. Сатпаев остается символом интеллекта, патриотизма и самоотверженности, продолжая служить примером для всех, кто стремится к высоким целям и служению своей стране.

В этом году исполнилось 125 лет со дня рождения Каныша Имантаевича и 60 лет со дня его кончины. И в этой связи, считаем, что настало время собрать и систематизировать огромное научное наследие отечественного ученого, гордости науки Казахстана. Полное академическое собрание трудов ученого станет базой для понимания развития и эволюции его идей. Это позволит так же проследить трансформацию его взглядов и подходов к решению конкретных задач, раскрыть тесную связь теоретических изысканий с практическим применением. Создание полного академического собрания трудов академика Каныша Имантаевича Сатпаева имеет большую научную и культурную актуальность по ряду причин. Полное собрание его трудов позволит сохранить его наследие в первоизданном виде для будущих поколений. Академическое собрание обеспечит унификацию материалов, включая

его научные статьи, учебники, монографии, отчеты и картографии геологических экспедиций, технические разработки, публикации в области истории и культуры. Собрание трудов станет фундаментальным источником для студентов, докторантов и исследователей, занимающихся изучением геологии, истории науки и казахстанского культурного наследия. Многие научные инициативы К.И. Сатпаева до сих пор актуальны, особенно в контексте поиска и разработки природных ресурсов. Новое издание трудов может вдохновить исследователей на переосмысление его идей в современных условиях. Издание полного академического собрания трудов способствует укреплению национальной идентичности и популяризации достижений казахстанской науки. Каныш Сатпаев – не только ученый, но и культурный деятель, внесший вклад в развитие казахской литературы и искусства. Издание собрания откроет новые грани его личности.

Редакционной коллегией, в составе которой присутствуют филологи (в том числе текстологи, библиографы) и геологи, проведена комплексная научно-исследовательская работа по созданию полного академического собрания трудов Каныша Имантаевича Сатпаева. Поэтапно осуществлены научные изыскания по поиску и сбору всех доступных работ ученого, подготовке текстов к изданию, включая критический анализ и комментарии, издание томов с научным аппаратом, пояснениями и архивными материалами, созданию электронного архива для обеспечения широкого доступа. Проведенная текстологическая работа по поиску некоторых научных статей, кратких заметок, сообщений К.И. Сатпаева и упоминаний о нем и его трудах в газетах «Правда», «Известия», «Правда Востока», «Московский комсомолец», «Советский Казахстан» и других дополнялась работой в архивах научных учреждений, библиотеках. Составители пятитомника убеждены в важности работы с региональными газетами, научными бюллетенями, специализированными альманахами и сборниками трудов. В первый том включены статьи К.И. Сатпаева, написанные на арабской графике, такие как «Текущее состояние и перспективы карагандинских и спасских заводов» (1927), «Потенциал и перспективы Торланских месторождений» (1928), «Медное производство на Карсакпайском заводе и его будущее» (1928), «Влияние железной дороги Шортанды - Акмола - Караганда на развитие горного производства» (1928) и другие работы. Статьи в пятитомнике расположены в хронологическом порядке. Восстановлена их авторская редакция. В научный оборот вводятся публикации, не переиздававшиеся в предыдущих сборниках. Во второй том включены «Геологи» (1938), «Джезказганский район – жемчужина СССР» (1939), «Плоды упорного и дружного труда» (1941) и другие. Сохранено оригинальное оформление списка литературы.

Особенно хотелось бы отметить ключевую роль тщательного текстологического анализа в подготовке к изданию полного академического

собрания трудов Каныша Сатпаева. Составителями академического научного пятитомника проведен сравнительный анализ его публикаций с первоисточниками для выявления возможных расхождений и уточнений с первоначальными текстами. Так, текстологический анализ позволил установить подлинность текстов, выявить различные версии публикаций и исключить ошибки, возникшие в процессе переиздания или перевода. В результате сравнения всех доступных источников удалось выявить наиболее полные версии материалов, более точно отражающие авторский замысел. При этом особое внимание уделялось сохранению уникального стиля самого ученого.

К. Сатпаев работал в условиях научной и культурной трансформации Казахстана, что могло повлиять на его публикации. Текстологический анализ помогает восстановить оригинальные стилистические формулировки, которые могли быть искажены в результате редакторской правки или цензуры в последующие годы. Академический анализ учитывает историко-культурный контекст, в котором создавались труды Сатпаева, что позволяет понять, как исторические обстоятельства могли повлиять на содержание и форму его работ. Тексты Каныша Сатпаева насыщены научной терминологией, особенно в области геологии, минерологии и географических исследований Казахстана. Текстологический анализ помогает избежать ошибок в переводах и трактовке этих терминов, что крайне важно для современной науки.

Полное собрание трудов предполагает унифицированный формат и высокий научный стандарт. Текстологический анализ создает основу для комментирования, аннотирования и составления справочных материалов. Глубокий текстологический анализ подчеркивает вклад Каныша Имантаевича Сатпаева в казахстанскую и мировую науку, что делает его труды более доступными для современных исследователей и широкой аудитории. Подготовка академического собрания трудов Каныша Сатпаева без текстологического анализа была бы неполной и не могла бы гарантировать точное отражение его научного наследия. Этот процесс не только помогает восстановить тексты, но и способствует сохранению культурной и научной памяти Казахстана.

Каждый том имеет научно-справочный аппарат, который включает научные комментарии, именной Указатель, биографические сведения о геологах, упоминающихся в статьях. Дается список периодических изданий, топонимов и сокращений. Особую ценность представляют сведения о первых публикациях статей, что позволяет проследить историю их дальнейших изданий. В научный оборот вводится богатое эпистолярное наследие, запечатлевшее важные жизненные вехи, существенные стороны биографии и научной судьбы ученого с мировым именем. Мудрый наставник молодежи по-отечески относился к воспитанию научной смены. Был заботлив к участникам Великой Отечественной войны, деятелям культуры, учителям, молодым ученым, студентам,

школьникам. Научно выверенный, текстологически подготовленный текст трудов К.И. Сатпаева, снабженный научными комментариями, адресован широкой аудитории научных работников, специалистам, так как раскрывает вклад К.И. Сатпаева в развитие производительных сил и науки, в историю геологии страны.

В заключение хотелось бы выразить особую благодарность и признательность Центральной научной библиотеке РГП «Ғылым ордасы», Национальной библиотеке Республики Казахстан, Центральному государственному архиву Республики Казахстан за предоставленную возможность собрать и систематизировать научно-культурное наследие ученого (издания и публикации разных лет, редкие экземпляры трудов, а также оригинальные фотографии и архивные материалы).

Редколлегия

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ



ҚАРСАҚБАЙ АУДАНЫНЫҢ КҮЙІ

Қарсақбай ауданы Атбасар уезінің түстік пен батыс жақ түкпірінде. Мұнан Атбасар қаласы 500 шақырымдай жер. Арада бекет жолы жоқ. Сондықтан Атбасар мен Қарсақбай ауданының арасындағы байланыс тек қағаз жүзінде ғана болмаса тегінде жоқ деп айтуға болады.

Қарсақбай ауданының кіндігі – Қарсақбай заводы. Бұған ең жақын қала Ташкент теміржолының бойындағы «Жосалы» дейтін станция. Қарсақбай мен Жосалының арасы 350 шақырым. Арасында салынған бекет жолы дайын. Сондықтан Қарсақбай ауданының барлық қатынасы осы Жосалы арқылы ғана болып отырады.

Жер бетінің бедері

Қарсақбай ауданы Ұлытау кенересінің түстік бөктерінде. Сондықтан оның бетінің бедерін, жер бітімін жалпы алғанда таулы адырлы деп айтуға болады. Ұлытау кенересінің жалпы аймағы 45 мың шаршы шақырымдай бар. Алатын орны Гринвич (Лондон) меридианынан санағанда шығыстық 68, 65 градустарының арасы. Шөлейт ендігі 47-50 градустарының арасы. Ұлытау кенересінің негізгі жоталары оңнан шөлейтке қарай созылған. Бұл жоталар шөлейт жиектерінде шығыс жаққа азырақ бұрылған. Оны қазақтар «Арғанаты» тауы дейді (түзуі «Арғын ата» болуы керек). Ұлытаудың оң мен шөлейт жақтары – опырық болып тез ояндап жазыққа айналып кетеді. Шөлейт жағындағы ояң Сібірдің үлкен жазығымен сабақтасады; оң жақтағы ояң барып Мойынқұм, Арысқұм, Бетпақдаланың байтақ шөліне қосылады. Ұлытау кенересінің орталық биіктерінен айырылып шығыс пен батыс жақтарға бет алған көп «қосымша» жоталар бар. Бұлардың шығыс шеті созылып барып Алтай мен Алатау (Тянь-Шань) кенерелерінің батыс бұтақтарына жалғасады; батыс жаққа бет алған жоталары ояндап барып Орал мен Мұғалжар тауларына қосылады. Соңғы жоталар қазақ даласын ұрыннан дәл қақ жарып өтеді. Сондықтан қазақ оларды Сарыарқаның белі дейді. Осы Сарыарқаның белдері қазақ даласын ауарайы, өсімдігі, топырағы да өзгеше екі жікке бөледі. Сарыарқаның белдері Ертіс пен Арал теңізіне қарай ағатын өзендердің су айырығы болады.

Орынның орталығы мен жоталарының биіктігіне қарағанда Ұлытау кенересін Сарыарқаның кіндігі деп айтуға болады. Сондықтан Ұлытау жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының майданы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан. Сондықтан Ұлытаудың жотасы – ескі сөз-ертеліктің кені. Ұлытаудың биік шың, әжімді құз, терең сайларынан ескіліктің, ерте заманның иісі аңқиды. Ұлытаудан шығып түстікке ағатын, Сарысу құятын «Қаракеңгір» дейтін өзеннің жиегінде атақты «Хан Шыңғыстың» баласы «Жошы» хан мен «Алаша» хандардың

моласы әлі күнге шейін бұзылмай тұр; «Жыланшық» өзенінің басы шығатын Ұлытаудың бір биігінде «Едігенің» моласы бар деп жұрт аңыз қылады; Абылай да ордасын Ұлытауға тіккен; Ұлытаудың түстік бөктеріндегі «Хантөбе» дейтін жерде өткен ХІХ ғасырдың 30 жылдары атақты Кенесары батырды Орта жүздің баласы арғын «Шеген би» болып ақ киізге салып «хан көтерген» Ұлытау ішіндегі «Жезқазған», «Қорғасын» сияқты кен шығатын орында әлі күнде де бұрынғы уақыттағы салынған завод орындарының белгісі бар. Сондықтан қазақ елі келіп орнамастан бұрын да, Ұлытау кенересі қазір де аты-жөні белгісіз, бірақ мәдениеті жоғары, өнерлі болған басқа бір елдің мекені болуға тиіс.

Сулари

Қаракеңгір өзенінің Сарысуға құятын «Қаражар» дейтін сағасынан бастап Қарсақбай ауданын су жағынан екі жікке бөлуге мүмкін. Қаражардың Арқа жағындағы жік, жері таулы болған соң бұлаққа да, өзенге де берекелі. Бұл жіктегі өзендер басын Ұлытаудан алады да, Арқа мен шығыс аралығына, не оң мен батыс аралығындағы негізді екі ойпаңның бірімен ағып отырады. Шығыс пен Арқа аралығына бет алып ағатын өзендер – Есілге құяды. Бұлардың ең маңыздысы – «Терісаққан» өзені. Түстік пен батыс аралығына бет алып ағатын өзендер Сарысуға құяды. Бұлардың көрнектілері: Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жезді өзендері. Бұлардан басқа тура батысқа қарап ағатын, не батыс пен арқа аралығына бет алып ағатын өзендердің бәрі де көп ұзамай көл не қопаларға барып құяды. Бұлардың көрнектісі: Қараторғай мен Сарыторғай өзендері (Сарықопа көліне құяды). Тұзды мен Жыланшық өзендері (Жаман-Ақкөлге құяды). Аудандағы «Білеуті», «Дүйсенбай» сияқты кейбір ұсақ өзендердің Арал теңізіне қарата бет алып аққанымен де, оған жетпей аралықтағы Арысқұм, Мойынқұм дейтін құмдарға кездесіп үзіліп қалады. Ауданда сор мен қопа көп. Олардың көлемдісі: 1) Жаман теңіз; 2) Жаман-Ақкөл; 3) Сарықопа; 4) Шұбар теңіз; 5) Құрдым (Шалқар теңіз) дейтіндер. Бұлар Ұлытаудың, әсіресе, батыс жағында көп болады. Бітім жағынан қарағанда аудандағы өзендердің бәрі де қазіргі дәуірде қайраты қайтып, «алжуға» таянған – қартамыс күйде; өлкелеріне жиған «түнбалары» қалың, арналары майысқан иренді болып отырады. Көп өзендер орта ағымындағы, не аяқ кезінде үзіліп кейде жоғалып, кейде шығып «қара суға» айналады.

Қаражардың оң жағындағы ауданның жігінде жер бітімі таусыз, жазық болған соң бұлақ сулары ырымға табылмайды. Өзен дегеннен бәрі жалғыз-ақ – Сарысу. Бұл жік сондықтан түгелімен суы жоқ кеуіп жатқан Бетпақтың шөліне қосылады. Бетпақтың оң жағындағы Қаратау кенересінің ыққы ояңында бұл жікке кіретін «Ащы көл», «Телі көл» дейтін екі ғана көл бар. Мұның біріне Шу өзені, біріне Сарысу өзені келіп құяды. Оң жіктегі байтақ шөлдің бір шеті Жосалы мен Қарсақбай

арасындағы «Ақмола» дейтін өзекке тіреледі. Бұл Қарсақбай заводынан 120 шақырым жер. Қарсақбай мен Жосалының арасындағы бекеттердің суы кейде кермек, кейде тұщы болып отырады. Құдықтарының тереңдігі 2-3 кезден артық емес. Кей жерде бір бекеттегі екі құдықтың бірінің суы тұщы да, бірінікі кермек. Егер де құдық суларының кермек болатын себебі бұл жазықтағы кездесетін ерте замандағы теңізден қалған қалың тұнба саздардың ішіндегі жатқан тұздан десек, онда жаңағы айтқан сияқты құдық суларының дәмі жиі айнымалы болып отыратындығы саздың астындағы жер қыртыстарында күшті көзді тұщы су барлығынан болуына мүмкін. Егер де бұл анық болса, онда Бетпақ шөлінің келешегі тіпті де үмітті деуге болады. Өйткені, бұрғы салып тереңнен су алынса, Бетпақтың «шөлдегіде» жоғалмақшы. Бұл ретте тағы да үміт берерлік бір себеп мынау: төңкеріс алдында Сарысудың аяғындағы Ащы көл, Телі көлдің аралығынан переселен адамдары жерге бұрғы салып, су іздеген. Сонда олар 7 метр тереңнен кермек су тапқан; онан ары тереңдетіп 115 метр жер барғанда тұщы суға кездескен. Тұщы суы аса көзді болып, бұрғының аузынан биіктігі 7 метрлік фонтан болып атып тұрыпты. Бұрғышылардың есебі бойынша бұл жерден шыққан тұщы судың көзі 55 мың шелек берерлік болса керек¹.

Ауданның сол жігіндегі Қарсақбай заводы және Жезқазғанның маңындағы өзендер мен құдық суларының қазір де жасалған химиялық талдамы (анализ) бар. Оларға қарағанда, аудан суларының бір литрінде 0,3970 грам құрама заттардың барлығы сезіледі. Бұлардың:

CaCo_3 ізбез – 0,0420 грамы

CaSo_4 бор – 0,354 грамы

CaCl_2 хлорлы кальций – 0,006 грамм.

Мұндай сулар ішуге де, егінге де ылғалсыз деп саналады.

Тау жыныстары мен топырақ

Ұлытау кенересі көбінесе отты тау жыныстарынан жасалған. Кей жерінде бұларға түйіршікті тақта тас жыныстары да қосылып отырады (кристалды сланцы). Бұл тау жыныстарының бәрі де Киреский (аллическ) заманында жасалған. Қазақ даласындағы ең ескі тау – Ұлытау деп айтуға болады. Жердің тарихын зерттейтін ғылым (Историческая геология) жержүзінің жасалу тарихын төмендегідей төрт дәуірге бөледі:

1) Агностозой; 2) Палеозой; 3) Мезозой; 4) Кайнозой.

Бұлардың ең ертесі – агностозой дәуірі. Бұл дәуірде жержүзі тегіс дерлік топан суының астында болған. Дүниеде ешбір тірі жандық жасалмаған мезгіл. Палеозой дәуірінде жердің сыртының біразы су астынан шыққан. Жандықтардан бұл дәуірдің басында су ішіндегі құрт, балдырғандар жасалған. Аяғында балық тобы жасалған. Мезозой

¹ 1925 жылдың «Геологический Вестник»-тің 3-санындағы Кассин Н.Г. статьясын қараңыз.

дәуірі – жандықтардың ең алғаш теңізден құрғаққа шыға бастаған мезгілі. Кайнозой дәуірінде адам баласы жаралған. Ұлытау кенересі бұл бөліктің агностозой дәуіріне қосылады. Бұл дәуірде судан шыққан бүкіл жержүзінде Скандинавия, Шотландия (Англияда), Сібірдің Саян тауы мен Ұлытау ғана болған. Біздің қазақ даласының жартысы судан палеозой дәуірінде, жартысы тіпті бертін кайнозой дәуірінде ғана су астынан шыққан. Қазақ даласында Ұлытаудан кейінгі ескі тау – Тарбағатай, Шыңғыс жоталары. Мұнан басқа Сарыарқа белдерінің көбі палеозой дәуірінің орта шенінде, болмаса мезозойдың аяққы дәуірінде ғана құрғаққа шыққан. Соңғы жікке Қарқаралы, Баян аула таулары да қосылды. Ұлытау кенересінен басқа ауданның жері түгелімен дерлік кайнозой дәуіріне шейін теңіз астында болып келген. Бұл теңіздің соңғы тұнбалары ауданның оң жағындағы сіресіп жатқан қалың саз балшықтар. Бұл саздардың ішінде тұздың, бордың кендері мол.

Топырақ жағынан келгенде, ауданды Қаражар-Ақмола сызығымен тағы да екі жікке бөлуге мүмкін. Оң жіктің ішіндегі топырақтар жалпыша сортаң, сазды болып отырады. Бұлар кей жерде көшпе құм мен құмдақ топырақтар да қосылып кетеді. Бұлардың төсеніші тау жыныстары – қалың саз балшықтар. Олардың түсі көбінесе қызыл. Саздардың түсі тат арқылы үстіңгі топыраққа да шапқан. Сондықтан қазақтар бұл жіктің топырағын жалпыша «қызыл топырақ» дейді. Қаражар-Ақмола сызығының Арқа жағындағы топырақтар көбінесе не саз, не борбасы, не құмдақ болып отырады. Бұлардың ішінде сортаң, ащылы жерлер кем. Топырақ астындағы төсеніш тау жыныстары не тұзсыз, майда саз, не ізбез, не отты заттар. Сондықтан қазақтар бұл жіктің топырағын жалпыша «боз топырақ» дейді. Сол жіктегі өзен, не бұлақ өлкелерінің ояндарында қашанда шаңдақ майда, үгілмелі сары топырақ кездесіп отырады. Бұның қалыңдығы кей жерде екі сүйемге жетіп отырады (6-8 бершок). Соңғы сары топырақтың ішіндегі қоспалардың оннан бірі (1/10) өсімдіктердің шіріген заттары. Сондықтан бұл топырақ егін салуға пайдалы «асыл» топырақтардың тегіне қосылады. Бұлардан басқа Ұлытау кенересіндегі сайлардың іші тегіс дерлік нағыз шымды «қара топырақпен» толулы.

Ауа райы

Ауданның ауа райы жалпыша айнымалы. Бір сәткедегі күн райының құбылуы 6-7 градустарға шейін барады. Жылдың ең суық – айлары январь мен февраль, ең ыстық айлары – июль мен август. 1913-1917 жылдардың ішіндегі ағылшындардың жасаған тәжірибелері бойынша жылдың ең суық не ең ыстық мезгілдері мына күндерде болған:

1913 жыл	+45 ⁰ ыстық (27 июльде) -33 ⁰ суық (19 февраль)
1914 жыл	+43,5 ⁰ ыстық (23 июльде) -36 ⁰ суық (7 январьда)
1915 жыл	+44 ⁰ ыстық (10 август) -33 ⁰ суық (27 декабрьде)
1916 жыл	+45 ⁰ ыстық (26 июльде) -32 ⁰ суық (27 декабрьде)
1917 жыл	+36 ⁰ ыстық (3 июльде) -26 ⁰ суық (10 февраль)

Ағылшындардың жаңбыр суы мен қар суларына, ауаның бұлтты мен дымқылдығына, желдің беті мен күшіне жасаған тәжірибелері қазір де жоғалып біткен. 1926 жылдың 8 февралынан бастап Қарсақбай заводында ауа райын реттейтін орын жасалған (Мет.станция). Бұл орынның керекті құрал-саймандары әзірше толық жиналып біткен жоқ. 1926 жылдың бірінші декабріне шейінгі бұл орынның жасаған зерттеулері мынадай қорытынды береді.

Ай аттары	Бұлттар (ауаны көзбен 10 жікке бөліп, олардың бұлтпен бүркелген бөлімдерін есептегенде)	Қар мен жауын суларының биіктігі (миллиметрмен өлшегенде)	Айлық күннің ыстық-суықтығы
Февраль	5.1	120	-15,3 ⁰ (суық)
Март	6.4	191	- 4,3 ⁰ (суық)
Апрель	6.1	426.5	+3.1 ⁰ (жылылық)
Май	3.2	187	+13.2 ⁰
Июнь	5.5	269	+18.9 ⁰
Июль	1.2	жоқ	+24.3 ⁰
Август пен сентябрдің		цифрлары	жоқ
Октябрь	3	Жоқ	+6.8 ⁰ (жылы)
Ноябрь	6	15	- 5.5 ⁰ (суық)

Бұлардан өткен жаздың өте жаңбырлы-шашынды болғандығы сезіледі. Тұрғын адамдардың есебіне қарағанда, аудандағы жаңбыр-шашындар не жаздың басқы шендерінде күзде болып отырды. Қысты күні жерге қар қалың түседі. Шілдеде көбінесе жаңбыр жаумай, күн райы ашық, тымық күйінде болатын көрінеді. Соғатын желдің беті көбінесе оңнан, не оң мен батыстың аралығынан болып отырады. Желдің

соғатын орталық екпіні секундына 3-5 метрлерге шейін жетеді. Ағылшындылардың жоғарғы зерттеуі мен соңғы жылдың қорытындысын салыстырып байқасақ, күн райының соңғы замандарда аз да болсын жылылық, дымқылдық, жайлылыққа қарай бет алғандығы сезіледі.

Аудандағы өсімдіктер

Өсімдіктер қашанда топырақ пен ауа райына байлаулы болатындығы белгілі. Сондықтан ауданның оң бөліміндегі жерлерде көбінесе, құрғақ, шөл жерлерде өсетін тырбық сортаң шөп көп кездеседі. Бұларға жусанның неше атасымен, изен, жантақ, көкбек және түрлі шайырлар қосылады (Құлан шайыр, түйе шайыр, құм шайырлар сияқты). Шілік заттарынан оң жіктегей жерде баялыш пен тобылғылар ғана кездесіп отырады. Ақмола-Қаражар сызығынан бастап Арқаға бет алғанда жоғарыдағы көрсетілген «жусанды» шөптерге аз-аздап, сайлардың түбінен не басқа ояң жерлерден боз, көде, селеу шөптері де қосыла бастайды. Мұнда кей жерде «шилердің де» селдір түптері кездесіп отырады. Ауданның Арқа бөлімі, әсіресе, Ұлытау кенересі өсімдікке аса бай деуге болады. Мұнда өсетін «қорық» шөптерінің түрлі атасының ұлы бар. Бұлардың ішінде қашанда түрлі жоңышқалар, қызғалдақ, бәйшешек, жауқазын сияқты гүлдер де жиі кездеседі. Шілік заттарынан Арқа бөлімінде: тал, қарақат, мойыл, қой бүлдірген, жидек, итмұрын бар. Ағаштан Ұлытау ішінде үйеңкі, қайың, шырыш терек өседі. Бұлардан басқа аудандағы кездесетін өзендердің бәрінің де арнасында қуалай өскен ересек нар қамыстар көп бұларға кей жерде өрімталда араласып отырады.

Аудандағы аңдар тегі

Тағы жануарлардан ауданда: Сарысу бойында киік, сайғақтар бар, Қаракеңгір өлкесі мен оң бөліміндегі құмдарда – қабандар көп, жалпы алғанда, ауданның бәрінде де: қасқыр, түлкі, қоян, күзен, ақ тиін, қарсақ, сарышұнақ сияқты аңдардың тегі көп кездесіп отырады. Ұлытаудың құзарында бұрын арқар көп болады екен. Қазірде олар құрып біткен сияқты. Құстар тегінен ауданның оң бөлімінде құрақұс, кезқұйрық, құладың сияқты «арам құстардың» тегі мен дуадақ, бұлдырықтар жиі кездесіп отырады. Ауданның арқа бөліміндегі көлдердің ішінде жаз уағында қаз-үйректер көп жиналады. Басқа жандықтардан ауданда құртқұмырысқа, бақа-шаяндардың түрлі тұқымдары мекен істейді. Әсіресе ауданда жылан, бүйі, құрттар сияқты шағатын улы жандықтар көп ұшырасады.

Ауданның халқы

Ауданның халқы тегіс дерлік найманның Бағаналы, Балталы таптарынан құралған. Бағаналы табының ауданда: Сары-сарғалдақ, Қожас, Ақтаз дейтін үш руы бар. Ел шежіресіне қарағанда, бұлардың ішінде жалғыз ғана Сары-сарғалдақ Найманның өз тұқымы болып шығады. Қалғандары кірме. Өйткені, Ақтаз шынында алты атадан қосылған «құрама» болса керек. Қожастың әкесі Шыңғыс ханның қалмақтағы Ежен дейтін баласынан туыпты-мыс дейді. Олай болса, Қожастың тегі – төре тұқымы болады. Өйткенмен де Ақтаз бен Қожас рулары өздерін қазір де Бағаналымыз деп есептейді. Аудан халқы 1918 жылға шейін 13 болыс ел болып келген. Одан бері, әсіресе 1920-1923 жылдардың лайсаңында Бағаналылардың көбі Көкшетау, Шымкент, Қызылорда үйездеріне ауып кетіп, көшпелі орында қалған елдер қазір де «Қарсақбай» болысы дейтін бір-ақ болыс болып отыр. Қарсақбай болысында бес ауылнай бар. Олардың:

Бірінші ауылы – Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендерінің өлкелерінде. Нәсілі – Қожас табынан.

Екінші ауылы – ауданның Арқа жиегінде, Ұлытау ішінде. Нәсілі – Сары-сарғалдақ.

Үшінші ауылы – Торғай үйезімен шектес. Жерінің шегі Жеті қыз өзенінен Кішітауға шейін. Нәсілі – Ақтаз.

Төртінші ауылы – Қарсақбай заводының маңындағы Қумола, Үлкен жезді, Дүйсембай дейтін өзендердің саласында. Нәсілі – Қожас.

Бесінші ауылы – ауданның қиырдың бөлімінде. Жердің шегі Шу өзенінен басталып, Бүйрекқұмға шейін. Нәсілі – Сары-сарғалдақ.

Ауданның бар халқының саны – 1926 жылғы есеп бойынша 14 309 адам. Бұлар 3230 түндікке бөлінген.

Ауылнай басына бөлсек, халық пен түндік есебі мынадай болады:

1-інші ауылнайда	3671 адам	797 түндік
2-інші ауылнайда	3749 адам	808 түндік
3-інші ауылнайда	1756 адам	354 түндік
4-інші ауылнайда	3608 адам	766 түндік
5-інші ауылнайда	2308 адам	505 түндік

Ауылнайлар:		1	2	3	4	5
Өткен жылы шаруа салығынан босанған	Түндік саны	652	575	262	394	258
	Адам саны	3023	2720	1310	1953	1215

Өткен жылы салық төлеген	Түндік саны	145	233	92	373	251
	Адам саны	648	1029	445	1655	1093

Аудандағы науқастар, олардың емі

Аудан халқының саулығы қазірде күшті. Жұқпалы аурулар кем. Салынған больница болмаған соң, ел ішіндегі науқастарды түрлі балгер, тәуіптер емдеп келген. Олардың емі: 1) «қояншық» науқасты үшкіріп, қағып жазады; 2) ешкі қотыр, теміреткеге сынап жағады; 3) жөтел-құртқа алмас пен күшәла береді; 4) тымау-жөтелді сырмен, термен жазады; 5) іш ауруларына апиын ішкізеді; 6) ноғай-қотыр, күпсәланды лепіспен күйдіреді; 7) көкжөтелге көк ешкінің емшегін сордырады; 8) күйдіргіні тұмса әйелдің қамшысымен, яки көлбақамен емдейді; 9) безгекке тірі жыланды тістетеді, не безгелдек құстың етін жегізеді және осылар сияқты. Өткен жылдан бастап Қарсақбай заводында больница ашылған. Осы күз ауданда тағы екі больница ашылмақшы: бірі – Жезқазғанда, бірі – Байқоңырда. Қарсақбай больницасында қазір де үш дәрігер қызмет істейді. Олардың тәжірибесіне қарағанда, аудан ішінде жұқпалы аурулар тіптен аз болуына керек. Мысалы күләпсан (сифилис) мен жөтел-құрт аурулары жоқтың қасында. Көз ауру (трахома) – ырымға жоқ. Күйдіргі де сирек. Ауданға ең көбейіп, етек жайған дерттер: қотыр, ешкі қотыр, таз, мерез сияқты терінің сыртына шығатын «жаралы» науқастар. Индетті науқастардан 1917-1918 жылдарда сүзек, 1924 жылда шешек науқасы болып өткен. Бала егетін дәрігер ауданға ең бірінші рет 1926 жылдың жазында шыққан болса керек.

Оқу жайы

Оқу орындарынан ауданда 1925-1927 оқу жылында барлығы 10 бастауыш мектеп пен 3 сауат ашқызатын орындар бар. Мектептер ауылнай басына былайша бөлінеді:

1-інші ауыл – 3 мектеп (бұның екеуі 1920 жылда ашылған)

2-інші ауыл – 2 мектеп

3-інші ауыл – 2 мектеп (біреуі биыл қыс ашылған).

4-інші ауыл – 2 мектеп (біреуі биыл ашылған).

5-інші ауыл – 1 мектеп (оның өзі де биыл қыс ашылған).

Ауданның мектебінде барлығы 15 оқытушы бар. Бұлардың екеуі – бұрынғы «Медіресе Ғалияның» есігін көрген. Қалған 13 ешқайда мектепте оқымаған. Тек «хат танитын» адамдар ғана. 10 мектептің біреуінде ғана

арнап салынған 4 бөлмелік үй бар. Қалған тоғызы ауылдан ауылға қоныс аударып, көшіп жүреді. Мектептерде оқитын балалардың саны, оқу саймандары туралы ешкімнің жасаған есебі жоқ. Бұлардың бәрі де жұмбақ күйінде. Сондықтан бұл 9 мектептің өзі де «аты бар – өзі жоқ» сапасыз күйде болуы мүмкін. Бұл туралы Қарсақбайдың «биікінің» білетіні тек бұл мектептер ел ішіндегі өзендер қыстайтын ауылдардың ортасында тұрады деген ғана «мағлұмат». Бұл күйде ауданның мектептері. «Мектеп» емес, тек баланың сауатын ашатын «ликбез» деп ұғынуға керек. Ауданның ішіндегі кендер, қазіргі жүріп жатқан Қарсақбай заводы ауданның шаруашылығын біраз жылда көп ілгері жібермекші. Шаруаның ілгерілеуі «төтелік» жағынан келгенде, елдің мәдениет халіне байланып отырады. Мәдениет халінің құралы, жетекшісі «мектеп» екені даусыз. Сондықтан аудан ішіндегі мектептерді түзеп, оқытушы күш, оқу саймандарын қамсыздандыру мәселесі – ауданда ең бірінші қажет болатын нәрселердің бірі. Әсіресе, ауданға бір шаруашылық мектебін ашу өте керек.

Сот жайы

Ауданда бір сот, бір тергеуші бар. Екеуі де Қарсақбай заводында тұрады. Ауданға сот орыны ашылғалы 5 жыл. Содан бері сот әлі күнгеше ең құрыды бір рет ауданға, сессияға шықпаған. Сондықтан сот орындары мен ел арасындағы қатынас аса кем. Ел ішіндегі дау-шар әлі күнгеше ақсақал аузына қарап келе жатыр. Ауданда ұрлық, барымта, кісі өлтіру сияқты қылмыстар аз. Екі қатын алу, қалың мал беру сияқты қылмыстар болғанмен де, сот алдына түспейді, бірен-саран сотқа түскен жұмыстар болса да, «айыптау» дәлелдері толық табылмағандықтан, аяқсыз қалып отырады. Соттың осы күнде бітіріп отырған жұмысы – Қарсақбай заводындағы жұмыскерлердің өзара даулайтын «тиын-тебен» сияқты ұсақ ақыларына бітім айту. Сот алдына түсетін аудан халқының көп дауы: егіндік, пішендік жер бөлу мәселелері. 5 жылдан бері сот орынын тексерген ешбір нұсқаушы, не ревизия жоқ. Биі мен тергеушінің жалақысы өте аз. Ауданға шығып «Сессия» жасауға қаражатымыз жоқ дейді. Қарсақбайда тұтқындарды ұстарлық абақты үйі жоқ. Абақтысы бар жақын қала – Атбасар. Олар 600 шақырым жерде. Тұтқындарды оған жіберу – өте қиын. Сондықтан сот абақты кессе де тұтқындарды кассация дәуірінде амалсыз кепілге босатады. Кассация Қызылжарға барып айналып келгенше, 5-6 ай өтеді. Оған шейін тұтқындар бос. Сондықтан соттың айбыны ел көзінде аса төмен.

Халықтың кәсібі

Аудан халқы төңкерістен бұрын таза көшпелі, бақташы күйде болған. Жаз бен шілде ішінде олар Көкшетау үйезіндегі Салқынкөл, Қалмақкөл, Ерден көлдерінің самалды шалғындарында отырып, қысқа қарата Шу,

Сарысу өзендері не болмаса Қаратау бөктерлеріне қарата ойысып келетін. Сонымен жазғы көшінің ұзындығы 1000 шақырымға шейін жетіп отырған кездері болған. Аудандағы жалғыз отырықшы орын Қаракенгірдің басындағы «Ұлытау» поселкесі болған. Мұндағы халық та егінді тек өз керегінің мөлшерінде салып, шаруасының негізін мал өсіру, май алу сияқты басқа кәсіптерге орнатқан. «Ұлытау» поселкесінің орнында қазірде екі үй ғана орыстар бар. Олардың кәсібі – қолындағы май машинасы. Қазақ ауылына апарып жалдап, сүт тарту ғана дейді. Басқа орыстар соңғы жылдардың өзгерісінде қоныс аударып, Атбасар-Көкшетау қалаларының жанына орналасса керек. Бағаналы елі бұрын малға аса бай болған. Бағаналының кейбір ауылдарынан 2000 жылқы, 7000 қой, 300 түйе өрген кездері болған. Бағаналының қалашылары Арқада жасалатын Ақмола, Атбасар жәрмеңкелеріне айрықша реңк беріп отыратын. Ауданның мал шаруасының шайқала бастаған дәуірі – төңкеріс жылдары болды. 1919 жылы ауданды қалың «мешін жұты» соқты. Бұл жұт ауданды ала-құласыз тегіс басып өткен. 1919-1924 жылдардың арасындағы болған разверстка, продналог, трамот лайсаңдары ауданның жұттан қалған аз-маз малын тағы да сапырып өткен. Қарсақбай ауданы сияқты үйезден 500, губернеден 700 шақырым жерде «қиянда» жатқан тағы ауданға разверстка, трамот «агенттерінің» өзі де өткен жұттан кем тимейтіндігі мәлім нәрсе ғой. Бұған ауданның басынан кешкен мынадай «оқиғалар» мысал болуға жарай алса керек. 1) 1920 жылдың қысына падбот жинауға шыққан «Плақов» дейтін бір орыстың «отряды» Шу бойындағы Бағаналылардан 2000 түйе жиып алып Атбасарға қайтады. Жолшыбай бұл түйелердің көбі қырылып, Атбасарға 100-ақ түйе аман келген. 2) 1922 жылдың қысы натрамот агенттері Қарсақбайға 900 түйе жиыпты. Сол түйелердің 820-сы Қарсақбай заводының өзінде аштан қырылады.

1920-21 жылдарда Ұлытау ішінде белгілі Қыпшақтан шыққан «Кейкі» дейтін жасақ орнатқан. Оны ұстауға Атбасардан неше рет солдат шығарылған. Осы солдаттардан аудан халқына талай ойынды көрсетсе керек. Жығылған үстіне жұдырық сияқты Қарсақбай ауданынан 1923 жылы қалың түйе індеті киліккен. 1924 жылы сиырдың мәлігі қырсықтар бірдей өрістеген ел қай заманда оңған? Сондықтан қалың Бағаналы құты шайқалып, малдан айырылған соң, жерін тастап, қақ жарылып екі жаққа ауа бастаған. Жартысы мал басына қорған боларлық және жұмыс табарлыққа жақын жер деп Көкшетау үйезіндегі ата жайлауларына тарата серпілген, жартысы «Бетпақ» шөлінің жағындағы бұрынғы қыстауларында отырып қалған, сонымен ауданның орталық жерлерінде (Ұлытау мен Қарсақбай айналасында) осы кезде өңшең сида «қасқа» кедейлер ғана жиналып қалған. Бұл кедейлер күні үшін 1922 жылдан бастап ауданның әр жеріндегі өзен-бұлақ өлкелеріне ептеп егін сала бастайды, сондағы егін құралдары – шот пен күрек. Ауданға жылдық түсетін жаңбыр, қар сулары өте аз. Жылдық жауын суларының биіктігі жиғанда

сынық сүйемге де толмайды. Мұндай жерде егін суармаса шықпайды. Сондықтан кедейлер шашқан егіндерін суғару үшін үлкен бейнетпен өзен өлкелерінен 4 түрлі теғам «шығыр» бөгеттер жасап алған. Мұндағы «бөгеттердің ең көп жері Кеңгір салаларының бойында аудандағы бөгеттердің ең «үлкені» жеті. Соның алтауы Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендерінің бойында болады. Бөгеттер мына жерлерде салынған. 1) Бозтұмсық; 2) Көкөлең; 3) Қызылтұмсық; 4) Қандыарал (Жезқазған кенінен 55 шақырым жерде); 5) Қарма; 6) Жартал. Жеті үлкен бөгет – Жыланды өзенінің «Бозай» дейтін жерінде. Қарсақбай биігінің 25-26 жылдардағы салық есептері бойынша аудандағы егіннің саны: 1925 жылда 384,4 жер. 1926 жылда 622,8 жер (жер бір десетна)

Бұл есеп егін жерінің соңғы бір жылдың ішінде 62% өскендігін көрсетеді. 1926 жылы салынған 622,8 жер егіннің жартысынан көбі (317,8 жер) Қаракеңгір, Сарыкеңгір өлкесіндегі 1-інші аулынайға келеді. Бір үйдің салатын тұқымы жылына бір пұт, жарым пұттан көп аспайды. 3 пұт тұқым сіңірген үйлер сирек болса керек. Егіннің шығымы: көбі пұтына 35 пұт. Азы пұтына – 15 пұт. Орташа шығым пұтына – 25 пұт деп айтуға болады. Егін салатын жерлерінің топырағы шаңдақ, үгілмелі сары топырақ. Егіндік жерлер екі жылдың ішінде тозып отырады дейді. Бұл – жердің айыбы емес, егін салудың өнеріне жетпеген «топастықтан», егін құралының, суару тәсілдерінің нашарлығынан болуға мүмкін. Кетпен-шот пен күрек қаншалық «өнерлі» сайман болуға жарайды? Сайып келгенде, егерде суарарлық су құралдары дайын болса, ауданның, әсіресе, Арқалық бөліміндегі жерлердің сары топырағы егінге тіпті қолайлы деп айтуға мүмкін. Аудандағы салынып жатқан кен орындары: Қарсақбай заводы, Жезқазған мыс кені, Байқоңыр таскөмір ошағы осы уақыттың өзінде жылында, 50 мыңдай пұт астық ішеді. Келер жылдарда жұмыскер саны тағы да көбеймек. Онымен қатар астықтың ішімі де күшеймекші. Сондықтан базар ретінен қарағанда, аудандағы егіншіліктің келешегі аса үмітті деуге болады. Аудан халқының егіншілікке алған беті мал шаруасының түріне де әсер беріп келе жатқан сияқты. Мұны мынау цифрлардан көруге мүмкін. 1925 жылда аудан халқында жалпыша:

6987 сиыр, 1708 жылқы, 2701 түйе, барлығы 11395 ірі қара бар екен. Бұл малдарды жынысына қарата процентке аударсақ: сиыр – 61%, түйе 24%, жылқы – 15 % болып шығады.

Өткен 1926 жылда аудандағы барлық ірі мал 16 076 бас екен. Олардың: 9793 – сиыр, 2036 – жылқы, 4247 – түйе, барлығы – 16 076.

Бұл сандардың бір жылдың ішінде ауданның ірі малы 4 680 бас өскендігі көрінеді. Процентке өлшесек бұл – 41% өсім береді. 1926 жылдардағы ауданның ірі малдарын тегіне жіктесек: сиыр – 61%, түйе – 27%, жылқы – 12% болып шығады.

Аудандағы қой мен ешкінің саны: 1925 жылда – 29 969, 1926 жылда – 40 784.

Бұл бір жылдың ішінде аудандағы қой мен ешкінің саны – 36% өскендігін көрсетеді.

Бөлек шаруалы «түндіктердің» саны 1925 жылда – 2 857, 1926 жылда – 3 230.

Бұл аудандағы бөлек шаруалы үйлердің саны бір жылда 323 түндікке, яки, 13%-ке өскендігін көрсетеді.

Сонымен 1925 пен 1926 жылдардың арасындағы аудан шаруасының жалпы өзгерісі реңкіне келсек, мынадай есепке тіреледі екенбіз.

Егін саны – 238,4 жер, яки, 62%-ке өскен.

Ірі мал – 4 680 қара, яки, 41%-ке өскен.

Қой-ешкі – 10 815 тұяқ, яки, 36%-ке өскен.

Түндік саны – 323 түндік, яки, 13%-ке өскен.

Мұнда ең алдымен көзге түсетін нәрсе – барлық өсім сандарының қауырт үлкендігі. Сондықтан бұны айрықша зерттеңкіреп көрейік. Әуелі аудандағы жылдық мал өсімін алайық. Бұл өсім төмендегі 4 есептің бірінен, не бірнешесінің қосылып жасаған әсерінен туып отыруына керек. Ол себептер мынау:

1) Малдың жылдық төл өсімі.

1926 жылдағы алынған мал есебі 1925 жылдан көрі толық болған. Сондықтан мұнда бұрынғы жылдарда көрсетпей «жасырылып» қалған малдар шығып жазылып отыр.

Аудан ішіне өткен жылдың ішінде жаңадан көшіп келген «кірме» шаруалар болған. Мал санын солар күшейтіп отыр.

Өткен жылдың ішінде аудан халқы сырттан мал сатып алып, шаруасына қосып отыр. Бұл себептердің шынында қайсысы күштірек әсер беріп отырғандығы анық мәлім емес. Өйтсе де Қарсақбай биігінің «өткен жыл да, биыл да мал есебін өзіміз жүріп, көзбен санап отырдық, екі жылда санақ түрі өзгеріссіз болды» дейтін сөзіне қарағанда мал өсіміне №2-інші себептің әсері онша көп тимеген деп жоруға мүмкін. Қазақша шаруасының жылдық «жабайы» өсімі ешқашан жоғарыдай қауырт түрде болған емес, болмайды да. Сондықтан мал өсіміне №1-інші себепте күшті әсер берді деп айтуға қиын. Сонымен сайып келгенде аудандағы малдың қауырт өсіміне 3-інші мен 4-інші «себептер» ғана негіз болатын сияқты. Бұл себептің өзі де түбінде біріне-бірі сабақтас нәрсе. Өйткені, екеуі де салынып жатқан Қарсақбай заводының ауданға тигізетін «әсерлерінен» туып отырғандығы даусыз. Қарсақбай заводы 1925 жылдың жазынан бастап жұмыс, кіре, заводқа керек тас, ізбез, баялыш, тал сияқты заттарды даярлау жөндерінен аудан халқына пайда береді деуге болады. Завод есебі бойынша 1926 жылдың 1 октябрыне шейін, жұмыскерлер жалақысын былай шығарғанда, кіре және ұсақ «падрет» жұмыстарына төленген шығындар мынадай болған:

Жосалы мен Қарсақбай арасындағы кіреге 140,000 сом

Қарағанды-Қарсақбай арасындағы кіреге 75647 сом

Атбасар, Қарсақбай арасындағы кіреге 80000 сом

Завод аймағындағы тас, ізбез тасу

сияқты кірелерге жиыны 75000 сом
 Баялыш пен тал даярлау жұмысына 2-2500 сом
 Шөп пен шайыр даярлауға 5000-5500 сом
 Барлығы 378647 сом.

Бұл заводтың бір жылдың ішінде ғана төлеген шығыны. Егерде бұл ақшаның төрттен бірі ғана (1/4) аудан халқының қолына түсті десек, сонда ауданның істеген жылдық пайдасы 94 662 сом болмақшы. Мұның үстіне завод жұмысына өтелген 712 000 жылдық жалақының да ширегі 1/4 жергілікті жұмыскерлердің қолына қалып отыр десек, ауданның уысына кірген жылдық ақшаның мөлшері 270 мың сомнан асыңқырап түспекші. Бұл ақша түндік басына қылдай бөлгенде, 90 сомнан келеді. Қарсақбай биігінің қолындағы есептер бойынша завод маңындағы шаруалар үй басы бір жылда 7-8 қарадан пайда тапқан көрінеді. «Үрерге иті, сығарға биті» жоқ болған «қасқа» кедейлердің саны ауданда 1925 жылда 81 түндік екен. Өткен 1926-да олардың саны 4 еседен де артық кеміп 18-ге түсіпті. Бұлар – Қарсақбай заводының ауданға беріп отырған көмегін толық көрсетуге жарамды дәлелдер. Берген «көмегімен» қатар ауданның шаруа реңдерінің жалпы өзгеруіне Қарсақбай заводы күшті әсер беріп отыр. Өткен жылдың ішіндегі аудан егінінің 62% өсуі, түндік есебі - 13% өсуі, түйе - 3 %-ке өсіп, жылқы санының 3% кемігендігінің бәрі де аудан ішіндегі Қарсақбай заводының «керегін тауып, пайдасын көру» жөнінен туып отырған істер. Бұл жоғарыдағы көрсетілген ауданның оң мен Арқалықтағы негізгі екі бөліміне қалайша өзгеріс бере бастағандығын болжау үшін төменгі есептерге келейік. Соңғы екі жылдың есебі бойынша аудан байлығын бөлімдерге жіктегенде мынадай сандарға тірелеміз:

А) Ауданның Арқалық бөлімінде
 (1, 2, 3, 4 ауылнайлар)

	1925 жыл		1926 жыл	
	Барлық саны	Ауданның барынан %	Барлық саны	Ауданның барынан %
Түндік	2416	84%	2726	85%
Түйе	1146	42%	2304	54%
Жылқы	1132	66%	1383	68%
Сиыр	6575	94%	9218	94%
Қой-ешкі	23739	84%	31006	84%
Егін	379,4	98,7%	608,8	97,9%

Б) ауданның оң бөлімінде
(5-інші ауылнай)

	1925 жыл		1926 жыл	
	Барлық саны	Ауданның барынан %	Барлық саны	Ауданның барынан %
Түндік	451	16%	504	16%
Түйе	1552	58%	1942	46%
Жылқы	576	34%	653	32%
Сиыр	412	6%	575	6%
Қой-ешкі	6230	21%	9778	24%
Егін	5,02	1,3%	14	2,1%

Бұл сандардан аудандағы бар егін мен қара малдың көбі Арқалық бөлімінде, түйе мен жылқының көбі – оң бөлімінде екендігі көрініп отыр. Бір түндікке келетін оң мен Арқалық бөлімдердегі мал тұқымы қалай екендігін ашсақ жаңағы пікір тіпті айқын көрінеді. Мұны орындасақ төмендегі сандарға тірелеміз: бір түндікке келетін малдардың саны:

Арқалық бөлімінде		Оң бөлімінде	
Түйе	0,8	Түйе	3,9
Жылқы	0,5	Жылқы	1,3
Сиыр	3,4	Сиыр	1,0
Қой-ешкі	11,4	Қой-ешкі	19,4
Егін	0,23 (бір пұт тұқымның орны)	Егін	0,01
			1½ қадақ тұқым

Бұдан Арқалық бөлімінің шаруа негізі – сиыр, оң бөлімінің шаруа негізі – түйе екендігі айқындалып отыр. Соңғы келтірілген есептерден мынадай қорытындылар шығады:

Су мен топырақ шарттары егінге қолайлы келетін ауданның Арқалық бөліміндегі шаруаның түрі қазір де «таза көшпелі» дәуірден өтіп, жарты көшпелі «мешеу» күйге ауып келе жатыр. Мұндағы шаруалардың негізі – қара мал, қосымша кәсібі – егін.

Топырағы сортаң, сазды болатын, егін суарарлық суы жоқ ауданның оң бөліміндегі «шөлдерде» шаруаның түрі әлі де бұрынғы «таза көшпелі» бетімен кетіп бара жатыр. Мұндағы шаруалардың негізі – түйе мен жылқы, шаруа негізіндегі өзгерісі Арқалық бөліміндегі «ауылдардың» сыртқы түріне де өзгеріс енгізіп келеді. Егерде «көшпелі» дәуірде бір ауылдағы түндіктердің саны мал өрісі жағынан келетін қиыншылықтар себепті көбінесе 4-5-ден артпайтын болса көшу мешеуленіп, егінге салынған «жарты көшпелі», «жатақ» елдерде бір ауылдағы түндіктің саны 20-30-ға жетуге де ерікті. Егін суару, малды отарласып бағу сияқты

«жатақ» өмірдің туғызатын қосымша шарттары қолайлылық жүзінен бірнеше көрші отырған ауылдардың бірлесіп күш қосуларын керек қылады. Бұл шарттар ауданның Арқалық бөлімінде жаңа орындалып жатыр. Сондықтан бөлімдегі елдердің көп жерінде 20-40 түндіктерден құралған «қалың ауылдар» жиі кездесіп отырады.

Қарсақбай ауданындағы елдің мал мен егіннен басқа істейтін «қосымша» кәсіптерінің бірі – аң аулау мен «саятшылық». Әсіресе, жаз күніндегі «сарышұнақ» аулайтын аңшылар көп. Сарышұнақ терісін аңшылар Атбасарда парын 70-90 тиыннан сатады дейді. Жаз ішінде кейбір аңшылар 1000-нан аса «Сарышұнақ» түсіріп алады деседі. Қыс аңдылатын аңдар: қарсақ, күзен, ақкіс пен қасқыр. Бұлардан басқа ауданның оң бөлімінде киік пен қабан ататын мергендер, Арысқұм мен Мойынқұмдарында түлкіге бүркіт салатын «саятшылар» да болса керек.

Ауданның сауда-саттығы

Аудандағы елдер бұрын бар керегін Атбасар мен Ақмола жәрмеңкелерінен алып тұрады екен. Бұның үстіне 1913 жылдан бастап «Ұлытау поселкесінде» де аудандық жәрмеңке ашылған екен. 1918 жылдан бастап жоғарғы жәрмеңкелердің бәрі де ашылуын қойған. Содан бері ауданға «мата аштығы» кездескен. Қазіргі кезде де ауданда «мата аштығы» аса күшті: шүберек көрмегелі, міне, 8 жыл, елдің бәрі де дерлік шекпен көйлек, көн шалбардың астында жүрген сияқты. Матаның шеті ауданға былтырдан бері ғана көріне бастаған. Қарсақбай заводындағы жұмысшы басына берілетін айлық 5-6 метрлік маталар – қазір де қолдан-қолға көшіп «қолқаға» жатып та жүрген сияқты.

ҚАРСАҚБАЙ АУДАНЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ

Кен байлығы

Аудан шаруашылығының келешегі ерекше маңызды, өйткені ауданның жер қойнауында мыс, қорғасын, күміс, темір, көмір кендері аса мол. Бұлардың ең тиімдісі және күрделісі – мыс кендері. Мыс кендерінің төңіректегі ең күшті жері – Жезқазған.

Одақтық Геолкомның (барлау комитеті) 1925 жылғы есебі бойынша Қазақстан жеріндегі бар кен ошақтары маңызына қарағанда, мынадай жікке бөлінеді екен: бірінші орында: Риддер, Ембі мұнайы, Жезқазған. Екінші орында: Шідерті мен Баянауыл аудандары. Үшінші орында: Берікқара мен Көктас, Желтау. Төртінші орында: Қызылеспе, Нілді, Майқайың.

Біздің есепте Жезқазған кен ошағы Қазақстан ішінде бірінші дәрежелік маңызды екендігі берік ұсталынады. Бірақ Жезқазған – жалғыз Қазақстан емес, бүкіл Кеңес Одағының жеріндегі мыс кендерінің ең көлемдісінің бірі. Жезқазған кендері – ерте замандағы теңіз түбіне тұнған қалың құм тастардың саңлауы мен қуыстарына жер астынан көтерілген металданған ыстық құймалардың кіруінен туған кендер. Осылай пайда болған кен орындары қазірдің өзінде ауданның әр жерінен табылып отыр. Мысалы: Қара-шошақ, Қотыр, Қара-сиыр кен орындары сияқты. Егерде бұл кеніштердің бәрі де біріне-бірі сабақтас болған, тұтас бірақ кен тұлғасы болу мүмкін десек, Жезқазған аймағы кен байлығының бәйгесінде келешекте Орал түгіл Америкадағы атақты мыс кеніштерінің бір қыдыруынан озып шығуы болымды нәрсе.

Жезқазған кенінің жеке өзінің ауданы 100 шаршы шақырымдай бар. Кендердің қазірге дейін бұрғымен зерттелген бөлімі – 90 сотық.

Жер астында кен таситын «штіректер» мен кенді жер бетіне шығаратын «шахталардың» ауданы 9 сотықтан аспайды Осы 90 сотық жердегі бар кеннің мөлшері 86 метрдің (тереңдіктен жоғары жақтарын алғанда) айқын шамасы 1.700.000 пұт таза мыс. Болжаулы шамасы: 2.500.000 пұт таза мыс. Күмәнді шамасы: 45.600.000 пұт.

Барлық кен көлемінің шамасынан: 45.600.000 пұт таза мыс айқын болжаулы. Кендерінің шамасына қарағанда, бүкіл Ресейде Жезқазғанның алдына шығатын жалғыз-ақ Оралдағы мыс орындары. Енді біраз жылдың ішінде аудандағы кендер толық зерттелгенде Жезқазған кені Оралды да артына салар деп сенуге болады.

Мыс кендерін зауытта балқытқанда, қосынды ретінде керек болатын көмір, ізбес сияқты заттардың бәрі Жезқазған кен орнының жақын маңайынан табылып отыр. Бұл да жер бетінде сирек кездесетін байлық көзі, үлкен қасиет. Көптігінің үстіне Жезқазған кенінің барлық салалық табиғи қасиеттерін қоссақ Жезқазған (яғни «Қарсақбай») ауданы

шамалы уақыттың ішінде кен-балқыту, зауыттық өндіріс кәсібін тиімді орнату жақтарынан қарағанда, Қазақстанда бірінші орында тұруы даусыз нәрсе. Бұл жағынан алғанда жылына 300.000 пұт таза мыс балқытарлық мөлшерде ғана салынып жатқан қазіргі «Қарсақбай» зауытын тек бірінші «жол белгісі» деп есептеуге болады, мыстан басқа ауданда өзге кендер әлі де толық зерттеліп, есебі алынған жоқ. Бұл да келешектегі кешіктіруге болмастай кезекті жұмыстардың бірі. Тас көмір шығатын орын аудандағы «Байқоңыр», «Шоқпар» дейтін жерлерде. Мұндағы көмір 120 миллиондай бар.

Ауданның ауыл шаруашылық келешегі

Ашылып жатқан «Қарсақбай» зауыты мен келешекте жаңадан ашылатын зауыттардың өсу жолдары жұмыскер, азық-түлік, тұрмыс жақтарынан аудан шаруасының әлеуметтік күйіне, экономикасына байланысты болып отырмақшы. Бұл жағынан келгенде Қарсақбай ауданындағы шаруа түрлерін алға бастыру жұмыстары – алдымызда тұрған керекті мәселенің бірі. Топырақ құнарлығы, су, ауа райының жағдайлы шарттарына байланысты қазірде қолданылып келе жатқан аудандағы егіншілік белгілері, ауылдағы түндік сандарының көбеюі өмір салтының көшпелі түрден «шала көшпелі» жатақ түрге ауысып келе жатқандығын көрсетіп отыр. Ауданның арқа бөлімінде ауыл шаруашылығымен айналысып, өсімі жағынан пайдалы, өнім жағынан қолайлы нәтижеге жетерлік мүмкіндік баршылық. Егер де ерте замандағы ел шаруасының берекелі «құтты» болып тұрған дәуірінде аудан өмірін отырықшы түрге әкелу жұмысы өте не тіпті болымсыз нәрсе болса, қазірде соңғы жылдардың өзінде жасалып отырған аудандағы шаруашылық барысының өзгерістері бұл мәселені болымды күйге салып отыр. Өткен 1926 жылдың ішіндегі ауданда салынған 600 гектардан аса жер жазғы егін мен күздігінен алынған 70 мың пұттан артық астық түсімін алып отыр. Бұл дерек біздің пікірдің дұрыстығын дәлелдеуге жарамды болса керек. Аудан халінің қазірде отырықшыға айнала бастағандығы кедейліктен жасалған уақытша нәрсе деп қауіптенуге да болады. Бірақ бұл қауіп орынсыз. Өйткені Қарсақбай ауданының жылдық астығы, егіннің қызығына түсіп, «жер анасын» жаңа еме бастаған халыққа келешекте де сол бетімен алға басу жолында мықты бағыт болуға жарамды.

Көрнекті оқымыстылардың айтуынша, қазақ елінің шаруасы еріккеннен не көшпелі өмірдің адамға өзгеше беретін жеңілдігінен жасалып отырған емес, топырағы сортаң суы жоқ болатын шөлдердің туғызып отырған еріксіз жағдайларынан туындайды. Мұндай шөлді жерлерде таза көшпелі өмірді керек деп білуді уағыздайды. Жер қыртысы мен су қорына қарасақ ауданның оңтүстігі мен қалған бөліктері бірінен бірі бөлек жекеше «екі дүние».

Ауданның оңтүстік бөлігіндегі суы жоқ шөлдерде шаруаның таза көшпелі түрлері әлі де болса, көп жыл өзгермей сол күйінде дәуірлеуі күмәнсіз десек, егін суарарлық өзен-бұлақтары мол, топырағы қолайлы, астық сатарлық базары жақын ауданның арқа бөлігінде «қазіргі жасалып отырған шала көшпелі» шаруа түрлері осы күйінен өзгермей дамып отырып келешекте біртіндеп барып отырықшы түрге ауысуы табиғи үрдіс, заңды нәрсе. Бұл үшін аудан шаруашылығына қажетті Үкіметтің беретін жәрдемі кешікпей, дер уағында жасалуы керек.

Егіншінің көзімен қарап, ауданның арқа бөліміне келсек, онда ауа райы, топырақ, су жақтарынан алғанда бидай, тары, арпа, сұлы сияқты түрлі егін заттарын егіп шығару тәсілдері толық болымды екендігін көреміз. Бұл жөндерінен ауданға берерлік үкімет орындарының көмегі мыналар болуы керек:

1) Аудан халқын егістік жерге орналастыру; 2) аудан ішіндегі өзен-бұлақтардың, су қорларының мөлшері мен тазалығын тегіс зерттеу. Осы зерттеулердің беретін қорытындысы бойынша ауданның әр жеріне «үздік» бөгеулі тоған, бөгет, жер астынан су тартатын шығырлар орнату; 3) Аудан халқына жеткілікті мөлшерде, соқа саймандарын үлестіру, біздіңше, аудан ішіне шаруашылықпен айналысқан елді мекендерде, ұзақ несие кооперацияларын ашу керек болады; 4) Қаракеңгір өзенінің саласында үлгілі ауыл шаруашылық Агропунктін ашу. Пункттің алдымен ауданда астық сорттарының, екпе шөптердің қай тектері өте жақсы өсетіндігін айқындап, оның ұтымды себептерін көрсетіп, қайтсе жер жылдам тозбай асылданатындығын толық зерттеуі керек. Соңғы жағынан ауданда келешекте жоңышқа сияқты шөптердің көп егілуге мүмкіндігі бар, өйткені жоңышқа тектес шөптер қашанда жердің топырағын тез жаңартып, асылдандырып отыратындығы мәлім. Жоңышқа шөбі шаруаға да өте тиімді келер еді. Егін мен екпелі шөптерден басқа ауданда келешекте: кендір, темекі, қант қызылшасы сияқты пайдалы егіндіктердің де дамуы мүмкін. Егер де бұлар орындалса, Қарсақбай ауданы Қазақстан ішінде жалғыз кен жақтарынан ғана емес, егін кәсібі жағынан да «үздік» сатыға шықпақшы.

Мал шаруашылығының келешегі

Бұл өлке ел ішіндегі қалың бағалы ерте заманнан дәулетке бай, «құт орнаған» жерлердің бірі болғандығы жоғарыда жазылған. Қарсақбай ауданының шаруашылықтарының мал өсіру кәсібіне аса қолайлы екендігіне бұдан артық дәлелдің керегі жоқ. Қазіргі дәуірде егіске кірісіп, аздап «жатаққа» айнала бастаған ауданның арқа бөлігіндегі елдерге келсек, оларда шаруашылықтың қолайлы түріне қарағанда, мал түлігінен алдымен сиыр малы жақсы молаюы ықтимал. Қазақтың қолындағы сиыр тектерін сүттілік, салмақ, күш жақтарынан алғанда, қазіргі күйінде аса төмен сатыда тұрғандығы мәлім. Сондықтан аудандағы қара мал тегін асылдандыру мәселесі іргелі жұмыстардың бірі.

Білім жүзінде малдың тұқымын асылдандыру екі түрлі: 1) бөтеннен қан қоспай, өзінен өзін асылдандыру, бұл үшін мысалы: сиырды ересек денелі, бұқаға қашырту, бұзауды сүтке тойдыра бұла өсіру, болмаса енесінің сүтіне маңызы жетерлік дәнді дақылдармен асырау, қысты күні сиырларды аязға шығармай қорада ұстау шарттарын орындау керек.

Сиырдың қолда бар тегіне бөтен екінші бір тұқымнан қан қосып ба-рын асылдандыру. Мысалы: қазақтың қара малын осы жолмен асылдан-дырамыз десек, бұл үшін қазақ сиырын күш пен салмағы артуы жағы-нан қалмақ бұқасына, болмаса моңғол бұқасына қашыртуға болар еді.

Бұл екі жолдың қазақ шаруасына ең тиімдісі біріншіде көрсетілген «мал тұқымын өзінен өзін» асылдандыру тәсілі болуы мүмкін. Сондық-тан Қарсақбай ауданында осы жол қолданылғаны пайдалы болады.

Бұл жағынан келгенде Қызылжар уезіндегі «латыш» көшпенділерінің өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы жасаған зерттеулері толық үлгі алуға жарамды. Латыштар қазақ сиырының тегін өзінен өзін асылдан-дырып отырғанда, 3-ші буыннан өскен сиырлар жылына 120 шелек сүт беретін болған. Жабайы қазақ сиырының жылына беретін сүті көбінесе 50-60 шелектен аспайды, сүтімен қатар латыштардың өсірген сиыры-ның күші мен салмақтары да артқан.

Аудандағы қара мал шаруашылығын күшейту үшін алдымен «май алу» кәсібін көтеру қажет. Бұл үшін: 1) ауданға сүт машиналарын (сепараторларды) тарату керек; 2) Ауылдарда «малшы серіктігін» көп ашуға қам жасаған жөн. Бұл үшін ондай ұйымдарға үкімет жағынан берілетін несие, салық жеңілдігі сияқты көмектер болмағы шарт. Аудан ішінде қазірдің өзінде 8.000 бұзаулы сиыр мен 20.000-нан аса саулық қойлар бар. Сондықтан сүт машиналары болса, ауданнан осы жаздың өзінде 15.000-нан аса пұт май алынар еді.

Аудан шаруашылығында сиырдан кейінгі орын қой тегіне тиеді. Қа-зақы қойды 1) жүн; 2) ет; 3) сүт жағынан санау ләзім. Қазақы қойдың шаруаға тиімді жақтары: тез өсетіндігі, азыққа көнбістігі, тез семіретін-дігі. Кемшілік жағы: беретін жүнінің аздығы, сапасыздығы. Қазақ қойын жүн жағынан асылдандыру үшін оны не «испан» қойымен не «сы-ған» қойларының тұқымымен қатыстыру керек. Бұл мәселеде, ауданда шаруа түрлерін зерттейтін «Агрокөмек» пунктін ашуды жөн дейміз.

Үшінші орында аудан бойынша жылқы шаруашылығы тұрады. Қазақ жылқысының басты қасиеті – мініске беріктігі мен азыққа, шын көн-бістігі. Кемшілік жақтары: күшінің аздығы, бойының аласалылығы мен мінезінің ойнақылығы. Қазақ жылқысының бойы мен күшін арттыру үшін оларды не «Дон» тегімен не «Орлов» тұқымдас жылқылармен ша-ғыстыруға болар еді. Бірақ бұдан да гөрі пайдалырағы – қазақ жылқы-сына бөтеннен бұдан қоспай, тегін «өзінен өзін» асылдандыру жолда-ры көңіл тұншытады. Бұл реттен Қостанай уезіндегі жылқы зауытының жасап отырған тәжірибелері көп сенім береді. Өйткені бұл зауыттағы «өзінен өзін» асылдандырған қазақ жылқыларының бойы бұрынғы бір

жарым кезге жетпейтін биіктігінен қазірде 2 кезден асқан межеге жетіп отыр. Бойымен қатар бұл жылқылардың күші де артып келе жатыр.

Енді аудандағы түйе өсіру кәсібіне келсек – ауданның оңтүстігі мен арқа аталатын екі бөлігінде түйенің келешегі екі жолмен жүруіне лайық екендігін көреміз. Шаруашылық негізі отырықшылыққа айналып келе жатқан арқа бөлігінде түйе заты келешекте тіпті жоғарылап кетуі мүмкін; шаруа түрі бұрынғы көшпелі бетімен дамып бара жатқан ауданның оңтүстік бөлімінде түйенің саны да келешекте көбейіп артып отыруы ықтимал. Оңтүстік бөлігінде түйе тегінің көбеюіне Қарсақбай-Жосалының арасындағы әлі де көп заман үзілмей отыратын «кіре» жабдығы да мықты әсер беруі шәксіз.

Егін мен мал шаруашылығының беті жоғарғы түрлермен ілгері басса ауданда келешекте былғары, шұға зауыттары, тері илеу сияқты басқа да кәсіптердің жасала бастауы шәк келтірмейді. Шаруашылық дамуының осылай өсімі сауда-саттық жөндерін де күшейтпекші. Бұл тұрғыдан қарағанда, келешектегі астығы мол Қазақстанның арқа бөлігі мен Түркістанның мақта шаруашылығын бірге қосарлық Жезқазған – Қызылорда – Ақмола теміржолының салынуы қажет. Салына қалған кезде, бұл жолдың Жезқазғанды басып өтетіндігі аудан шаруашылығының өркендеуіне күшті әсер тигізуі күмәнсіз.

Қорыта келсек, аудан шаруашылығын өркендету жолдары қазірде алдымен мынадай шарттардың орындалуына байланысты екендігін көреміз:

1) Қарсақбай ауданын Ақмола губерниясынан шығарып Қызылордаға, ҚазЦИК-тің өзіне төте бағындыру.

2) Бұл – ауданды күшейту жүзіндегі үкіметтің жасайтын түрлі шараларының ауданға кешікпей, төте келіп отыруына көп көмекші болар еді. Қарсақбай ауданының ішіне бұрынғы елді мекендерінің үстіне жаңадан Торғай уезінен Қызылжыңғыл мен Қайдауыл болыстарын, Ақмола уезінен «Сары су» болысын қосу: өйткені соңғы 3 болыстардың жері Қарсақбаймен жалғас және де олардағы шаруа реңктері Қарсақбай ауданымен бірдей.

3) Ауданның халқын аз уақыттың ішінде жерге қоныстандыру.

4) Қаракеңгір өзенінің саласынан Агроекөмек орнын жасау бұның жанынан орта дәрежелі шаруа мектебін ашу.

5) Аудан ішіндегі өзен-бұлақтардың суларын зерттеу. Олардың бойында шаруашылыққа қолайлы келетін түрмен егін суарарлық үлгілі тоған, бөгет, шығырлар жасау.

6) Аудан халқының мәдениет салтын жоғарылату үшін ел ішінде жеткілікті түрде мектептердің саны мен сапасын күшейту.

7) Аудан ішіне қазірден бастап шаруашылық және ұзақ несие кооперациялауы арқылы егін мен сүт машиналарын тарата бастау.

8) Қарсақбай уезінің жанынан келешекте қала салынарлық орын іздеу. Табылған орынға қазірден бастап: мектеп, емхана, мал дәрігерлігінің

үйі, аудандық түрлі әлеуметтік көмек мекемелерінің үйлерін салып бітіру.

9) Ауданның сауда-саттық жүйелерін күшейту үшін ашылатын түрлі кооперацияларды көбейтумен қатар бұрынғы «Қарсақбай» жәрмеңкесін қайтадан жүргізу.

19 қаңтар күні болған жиналыста Қазақстан Халық комиссарларының кеңесі (Совнарком) Қарсақбай ауданын өнеркәсіп жүзінде Қазақстанда ең маңызды орын деп тауып, ауданның шаруашылық қалпын жылдам түрде ілгері жүргізу туралы шараларды көздеген түрлі қаулылар жасап отыр. Бұл Қазақстан үкіметі мен Атбасар тресінің беретін көмектерінің арқасында орындалатын іс-шаралар екеніне толық сенім беретін шешімдер.

Сондықтан сөздің аяғында Ұлытау-Қарсақбай ауданын өнеркәсіп жүзінде алға бастыру Қазақстанға қай жағынан маңызды екенін аз сөзбен айтып кетуге тура келеді, жоғарыда айтылғандай көруімізше:

1) Ұлытау жоталары – Сарыарқа белдерінің «түйіскен» жері;

2) Ұлытау етегінен Үш жүздің баласы тегіс қоныс алып отыр: шөлейт пен шығыс етектерінде – Орта жүздің арғыны, найманы мен қалың қыпшағы, оңтүстік бөлігінде – Ұлы жүз – үйсіндер, оңтүстік-батыс бөлігінде Кіші жүздің алшындары. Сондықтан Ұлытау биік шыңдарынан қазақ елін тегіс «шолуға» мүмкіндік бар.

3) Ұлытау кенересі қазақ елінің баяғыдан бергі тарихи және саяси кіндігі. Сондықтан Ұлытау бөктерінен тұңғыш рет шығатын зауыт лебідері келешекте Қазақстанның төрт бұрышына да түгел жетіп, Сарыарқаның шексіз жоталарында тегіс «жаңғырық» жасайтындығы айқын.

ЖЕЗҚАЗҒАН АУДАНЫНДАҒЫ МЫС КЕНДЕРІ

Қай жұрттың да болсын өмір негізі – ауыл шаруашылығына, ауыл шаруашылық негізі – өндіріс кәсіптеріне байланысты болып отырады. Өндіріс кәсіптерінің түзу жүріп, өркендеу жолдары түрлі шарттарға байланысты. Бұл шарттардың ең негізгісі өндіріске қажет болатын шикізаттардың шамасы мен оларды іске асыру жолдарының бәрі жеңіл, бәрі пайдалы түрде болуы. Шикізаттардың Қазақстан жеріндегі ең толығы – жер астындағы кендер.

Сондықтан Қазақстанның өндіріс өмірі де келешекте көбінесе осы кен байлықтарына негізделіп отыруы шексіз. Қазақстан жерінен адам баласының керегіне жарататын кендердің бәрі де табылады. Сөйтсе де Қазақстаннан мол табылатын кендер: көмір, мұнай, мыс, қорғасын, темір, күміс, алтын, мырыш және түрлі тұздар. Қай кен болсын, өзінің шығатын жерінің тума жаратылыстарына, тарихына байланысты. Қазақстан төңірегіндегі кен ошақтарының жасалу тарихы біркелкі емес. Әрқайсысы белгілі аудандардан ғана табылып отырады. Мысалы, біз Қазақстан жерін арна жоталарының асты мен үстін екі бөлікке айырсақ, таза мысының ең біркелкісі және тас көмір кендері (жаңасы) бір аймақта, ал темір далаңқы бөлігінде қалар еді. Мұнай Қазақстанның теңізді аймақтарында орналасқан, Оңтүстік пен Батыс Қазақстан жерінде ғана табылып отыр. Басқа жерінен мұнай әлі табылған жоқ, бірақ келешекте табылуы мүмкін. Енді күміс, қорғасын, мыс сияқты металды кендерге келсек, олардың көбінесе таулы, адырлы жерлерге үйір болатындығы көрінеді. Металды кендер Қазақстанда Алтай, Тянь-Шань, Сарыарқа, Қаратау кен арналарының ішінен ғана табылып отырады.

Қазақстан жері кен жағынан әлі де толық зерттелген емес. Зерттеу жасалғанда Қазақстан жеріндегі кендердің шамасы мен заттары қазіргіден көп артық болуы мүмкін. Мысалы соңғы жылдардың 1919 жылдан бергі зерттеулерінен Қазақстан жерінде вольфрам, марганец сияқты сирек және бағалы кендер табылып отыр.

Қазақстан кендерін жер ретіне қарай төменгі аудандарға жіктеуге болады:

1) Алтай ауданы – бұл аудандағы кендердің көбі қорғасын мен мырыш, бұларға: алтын, күміс, мыс кендері де қосалқыланып отырады.

2) Арал, Қаспий ауданы – мұндағы байлық мұнай және сынап.

3) Қарқаралы, Баянауыл ауданы – мұндағы біркелкі кендер: қорғасын, мырыш, мыс, темір, көмір, қосымша кендер: алтын, күміс, марганец.

4) Ұлытау-Жезқазған ауданы – мұндағы негізгі кен мыс, қосымша кендердің ретінде мұнда темір, қорғасын, марганец, күміс, көмір кездеседі.

5) Спасск, Қарағанды ауданы – біркелкі кендер: мыс пен күміс, қосымша кендер: қорғасын, күміс пен темір.

6) Көкшетау ауданы – біркелкі кен алтын, қосымша кендер: мыс, темір, көмір.

7) Қаратау, Тянь-Шань ауданы – біркелкі кен: қорғасын мен мырыш, қосымша мыс, көмір, темір.

8) Қостанай ауданы – азот пен алтын кездеседі.

Бұл аудандардың басқасын кейінге қалдыра тұрып, әзірше Ұлытау – Жезқазған аймағына келейік. Бұл аймаққа жалпы алғанда, Ұлытау кендерінің оңтүстік бөктерлеріндегі кен орындары кіреді. Мұндағы кен орындарының ең маңыздысы: Жезқазған кен ошағы.

Атбасар уезінің оңтүстік-батысында, Атбасармен арасы 550 шақырым жер, ең жақыны – теміржол станциясы Жосалы. Онымен арасы 360 шақырым, тұрған жері Ұлытау кенересінің оңтүстік-батыс бөлігіндегі мысты адырлар. Жезқазған кендерін орыстардың бірінші рет ашық түрде 1837-1838 жылдардағы Кенесары жорығының кезінде көруі ықтимал.

Мұнан кейін Ушаков дейтін орыстың бір көпесі 1858 жылы Жезқазған кен орындарын игеруге патша үкіметіне заябке берген. Заябкелеріндегі кен орындарын маңындағы қазақтардан Ушаков 400 сомға сатып алған. 1891-ші жылы Жезқазғандағы кен заябкелері Рязанов дейтіннің қолына түскен. Ол 1907-ші жылы қолындағы заябкелерін 2 жүз 60 мың сомға ағылшындарға сатқан. Сол жылдан бастап ағылшындар Жезқазған кенін зерттеуге кіріседі. Бұл үшін олар ағылшын кен барлаушысы С.Х.Боллды шақырып алғызған. Жезқазған кені туралы ол кісінің өз қолымен жазып кеткен кітапшасы осы күнге дейін кен зерттеушілердің қолында дұғалық есебінде сақталып келе жатыр. Боллдың көрсетуімен ағылшындар 1915 жылға дейін Жезқазғанда 234 жерден бұрғы жүргізген, 19 жерден шахта қазған. Бұрғы мен шахталар арқылы Жезқазған кенересінің жалпы шамасы мен жобалы реттері қазірде аз да болсын ашылып, анықталып отыр.

Жезқазғандағы мыс кендері тұнба затты, қатпарлы құм тастардың ішіне жер астынан қызып шыққан ыстық құймалармен келіп сіңуінен жасалуы керек. Жезқазған ауданы ерте заманда теңіз астында болған. Ол теңіздің қалың тұнбалары Жезқазғанда қазірде 15 түрлі тас қыртысын жасайды. Бұл тастардың ішінде ізбес, саз, тақта тас және құмтас бәрі көп. Теңіз саяздап, кейін шегіне бастаған дәуірінде Жезқазған ауданында күшті жер сілкінулер басталған. Осыдан барып жердің түрлі жарықтарынан саңлауы мен қуыстарынан жоғарыға қарай тереңінен балқыған күйінде қызу отты тау жыныстары көтерілген, соңғы тау жыныстарының шығарған легінде мыс құймалары көп болған. Жезқазған ауданындағы жер сілкінгенде басқалардан гөрі құмтас қыртыстары көбірек жарылып, жаншылып отырған. Сондықтан тереңнен көтерілген мыс құймалары да көбінесе осы құмтас қыртыстарына жиі еніп отырған.

Мұндай мыстың булары дарыған құмтастары Жезқазған ауданында 5 қыртыс жасайды. Бір қыртысының қалыңдығы бір кезден гөрі

артығырақ. Алатын орны мен ені Жезқазған ауданында 4000 шаршы шақырымдай бар. Аудан ішіндегі кен көріністерінің жайғасу түрі біркелкі жатық емес, желді күнгі көл суларының толқыны сияқты иреңдеп, кейде көтеріліп, жоғары шығып, кейде құрып, тереңге түсіп отырады. Тереңге түскен жерлерінде олардың ішінде қазірде түрлі тұнба заттардан құралған қалың жайылым бар. Сондықтан мысты құмтастардың қыртысы жабайы адамның көзіне тау жоғары көтеріліп, жер бетіне шыққан кезде ғана көрінеді.

Мысты құмтастардың осындай жер бетіне шыққан орындарының бірі – Жезқазған. Жезқазғаннан басқа ол аудан ішінде тағы да: Қара шошақ, Жыланды, Тілетілер, Әділбек сай, Мыстау дейтін жерлер де жер бетіне шығады. Соңғыларды былай қалдырып, енді Жезқазған ошағының жеке өзіне келсек.

Жезқазған ошағының аймағы 104 шақырым, мұның ішінде кендердің қазірде көрініп отырған жері 10600 шаршы шақырым. Ағылшындар 1915 жылға дейін бұрғы арқылы бұлардың тек 90 шаршы шақырымын ғана зерттеп көрген. Шахта мен зерттеген жерлері одан да аз. Барлығы 9 шаршы шақырым. Бұл зерттеулер арқылы Жезқазғандағы мыс кендерінің мөлшері былай шамаланады.

Көрнекті кен – 1 миллион 760 мың таза мыс.

Болжаулы кен – 2 миллион 500 мың.

Күмәнді кен – 42 млн.

Барлығы: 16 миллион 200 мың пұт таза мыс.

Мұнда көрнекті деп 4 жағы да бірдей шахтамен қазылып көрілген кенді айтады. Болжаулы деп бұрғымен табылатын кенді айтады.

Күмәнді деп әрбір табылған қазба кеннің мөлшерін көрші жер қыртысына да таратып өсіргендегі жасалатын болжам есепті айтады.

Мысалы, Жезқазғанның зерттеген 90 шаршы шақырымында табылған жиыны 4 миллион 200 мың пұт таза, мысты 90-ға бөлсек, әрбір шаршы шақырымның орта есеппен 4087 пұт таза мыс беретіндігі білінер еді.

Мұны енді қазірде зерттеусіз тұрған 10 мың 500 пұтқа өсірсек, Жезқазған ошағындағы күмәнді кендердің шамасы 42 миллион 913 мың 500 пұт таза мыс болатындығын білер едік. Жоғарғы сандар Жезқазған ошағының мысқа өте бай екендігін көрсетеді. Шамасының молдылығынан басқа Жезқазған кенінің тағы да мынадай қасиеттері бар:

1) Зауыт пешіне балқыту жолдарын жеңілдету үшін кенмен қатар қашан да темір кені, ізбес сияқты қоспа заттар салынып отырады. Осындай қоспаларды бір сөзбен «флюс» дейді. Балқыту жолында қажет болатын осындай флюстердің бәрі де Жезқазған аймағында қазір де жақын жерден табылып отыр. Мысалы, темір кені Найзатас, ізбес тас – Бала жезді, Есқұла, Көлденеңсай дейтін жерлерден. Керекті флюстердің алыстан тасылмай жақын айналадан табылуы Жезқазған ошағының үлкен қасиеттерінің бірі.

2) Зауыт пешіне керек отын да Жезқазған ауданынан табылып отыр: ол Байқоңыр көмірі. Байқоңырдағы көмірдің шамасы қазір де 120 млн пұттай деп саналады. Бұл көмір, сондықтан, Жезқазған кеніне көп заман сенімді отын болуға жарамды.

ҚАРАҒАНДЫ-ЫСПАС ЗАУЫТТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КҮЙІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Ыспас зауыты 1862 жылы салынған. Содан бері 1919 жылға шейін мұнда 18,800,000 пұттай мыс кені балқытылып, одан 3,000,000 пұттан аса таза мыс алынған. Ыспас зауыты мыс жағынан Қазақстанда соңғы кезге шейін теңсіз «үздік» алда болып келген. Жалпы Ресейдің кен кәсібін алсақ, оның ең өркендеп, шарасынан асқан дәуірі 1913 жыл деп есептеледі. Сол 1913 жылы Ыспас зауытында 308-965 пұт таза мыс қорытып шыққан. Бұл мыс сол жылғы жалпы Ресейдің мыс-кен зауыттарындағы жалпы өндірістің 15,8% болады. Қазақстанды алсақ, 1913 жылы мұнан мыстың барлық 100% дені тек осы Ыспас зауытында балқытылған. Бұдан Ыспас зауыты жалғыз Қазақстан емес, жалпы Ресей бәйгесінде де көрнекті орында болып отырғандығы көрінеді. Өйткені 1913 өндіріс жағынан Ыспас зауытының алдында жалғыз-ақ Оралдағы «Қыштым» зауыты болған. Мұның үстіне 1913 жылғы жалпы Ресейдегі жылдық мыс өндірісінің оннан бірі (1/10) осы Ыспас зауытынан алынғандығы жоғарыдағы келтірілген есептен көрініп отыр. 1919 жылдан бастап Ыспас зауыты тоқтаған. Содан әлі күнге шейін жүрмей «қорық» күйінде келе жатыр. Енді Ыспас зауыттарының бұдан былай жүру, жүрмесін шешу үшін оның ауданына кіретін түрлі кен-өндіріс орындарын жеке қарастырып өтейік.

Ыспас ауданына: 1) Нілді (Успен) мыс кені; 2) Қарағанды-Шортан тас көмірі және 3) Ыспас зауытының өзі кіреді. (Сарысу өзенінің бойындағы ағылшындардың 1916 жылы салып, 1919 жылы өртеп кеткен кен қорытатын зауытын біз жорта есепке алмай отырмыз) бұларды айрықша алып көрейік.

Нілді зауыты

Нілді (Успен) кенін бірінші рет 1847 жылы Ушаков дейтін орыстың көпесі тапқан. 1858 жылы сол Ушаков Нілді кенінің айналасындағы 22 шаршы шақырымдық жерді қазақ иелерінен 86 сом күміске сатып алып, зауыт орната бастаған. Нілдінің кені майысқан сына сияқты түрде. Майысқан жағы оңтүстікке қарайды. Кен тастары басында сұйық күйінде тереңнен қайнап шығып, жердің үстіңгі қыртысының ішіндегі жарыққа келіп қатуына мүмкін. Алғашқы балқып шыққан кезінде кендердің лебі маңындағы тау жыныстарын шарпып күйдіріп кеткен. Кеннің бұл түрде жасалуын ғылымда «контактовый метаморфизм» дейді. Кеннің жотасы шығыстан батысқа қарата бет алған. Ұзындығы 160 метр (80 құлаштай); құламы 70⁰-80⁰ градусарға шейін барады. Кен тасының жер үстіңдегі көрнекті ені – 32 метр. Құлама тереңдігі 200 метрлерге шейін барады. Кен тасының төсеніші – отты тау жыныстарының Порфиры дейтін тегі: жамылшы теңіздің тұнба заттары. Кеннің денесі түгелімен

«пирит» тасымен қоршалған. Кеннің ең маңызды бөлімдері жамылшы жағына қарай бейімделіп отырады. Кен денесінің 300 метрдей биіктігі ілгергі заманда езіліп, құлап біткен. Ауа мен су әсерінен өзгеріп, тотығып қалған кеннің «шайылма» бөлімінің тереңдігі 30-60 метрлерге шейін барады. Мұнан кейін 200 метрге шейін «тұнба» кендер бар. Одан әрі негізгі кендер басталады. Нілді кенінің ең қасиеттісі «тұнба» бөлімі, бұл бөлімдегі кендерден 25-28% дерге шейін таза мыс шығып отырады. Бұл дүниежүзінде тіпті сирек кездесетін нәрсе (Мәселен: Оралдағы балқып жатқан кендердің таза мысы 2,5-4,7% аспайды. Америка зауыттарындағы мыс кендер 1,7-2,5% проценті ғана). Нілдідегі «тұнба» бөлімдегі мыс кенін ғылымда «борнит» деп айтады. Ағылшындар 1919 жылға шейін осы борниттерді 200 метр тереңдікке шейін қазып алып отырған. 200 метр тереңдегенде борниттер жоғалып «мысты пирит» дейтін негізгі кендер басталған. Бұл жерлерде кеннің ауданы 48 шаршы метр болыпты. Бұдан кеннің енді біраз тереңдікте мүлде жоғалып, «үзіліп қалуы» кәдіктігі білінеді. 200 метр тереңнен шығып отырған «борнит» кендері ағылшындарға жер үстінде пұтына 41 тиынға түскен. 1899 жылдан бастап, 1917 жылға шейін есептегенде ағылшындар Нілді зауытынан жиыны мынадай кен шығарған:

Бірінші сорттық жақсы кен: 12,003,946 пұт (мыс-25%) екінші сорттық кен 2,773,776 пұт (мыс-10%). Ағылшындардан қалған Нілді зауытындағы қазірге шейін сақтаулы тұрған кендердің шамасы:

Бірінші сорттық кен: 528,000 пұт (мыс-20%) екінші сорттық кен 30,000,000 (мыс-8%) бұл кендердің ішінде 1,800,000 пұттан аса таза мыс бар. Балқыған уақытта және зауытқа тасылғанда бұл мыстың 20% не өшіп, не жоғалып қолға түспеуге мүмкін десек, онда да қазіргі күйінде Нілді зауытынан жылына 150,000 пұттан қойғанда 10 жылдың ішінде 1,500,000 пұттай таза мыс балқытып шығаруға болады. Бұл кендер төрт жағынан бірдей қазылып зерттелген. «Көрнекті» кендер. Нілді кенінің мөлшері әлі күнгеше толық зерттелмеген – «шала» зерттелген.

Нілді кенінің әрбір тоннасында (тонна 61 пұт) мыстан басқа 5 миллиграм алтын, 582 грамм күміс және пайда берерлік мөлшерде «мышьяк» дейтін зат бар. (4,2 грамм бір мысқал болады. Миллиграмм 1 граммның 1/100 (бөлімі) бұлардан бұрынғы кезде Мәскеуге барғанда, алтын мен күміс қана мыстан айырылып жеке пайдаланылып отырған. Мышьяк қашанда алусыз, босқа кетіп отырған.

Нілді зауытында қазірде екі шахта бар. Екеуі де қалаған уақытта жұмысқа жегуге жарамды. Зауыттың барлық машина, саймандары толық сақтаулы күйінде. Машиналардың сырты жылында сүртіліп, сырланып, іші майланып отырады. Машиналар тұрған үйлерде қазір жаңа күйінде. Зауыт қайта жүргендегі ең көп шығыны кенді бұрғылайтын және жоғары шығаратын керекті машина саймандарының бағалары. Бұлардың жиыны 500,000 сомға шамалауға болады. Зауытты қайта жүргізу үшін керекті ақшаның жалпы жиыны 1,000,000 сом болмақшы. Бұлардың

750,000 сомы негізгі шығындар. 250,000 сомы уақытша, «қайтымды» шығындар (машиналарға, үй салуға, шахты қазуға жұмсалатын ақшаларды бір сөзбен «негізгі» шығындар дейді. Жұмыскерге, жалақыға, тамақ даярлауға, «зауыт лапкесіне» жұмсалатын ақшаларды «қайтымды» шығын дейді). Жоғарғы сома берілсе, Нілді зауытын 3 айдың шенінде толық жүргізуге мүмкін. Егер де жылдық балқитын таза мыстың шамасы 105,000 пұтқа қойғанда Нілді зауытынан жылына 2,570,000 пұт мыс кенін шығарып отыруға керек.

Қарағанды зауыты

Қарағандының тас көмірін бірінші рет тапқан баяғы Ушаков дейтін көпес. Ол 1851 жылы Қарағандының айналасындағы 110 шаршы шақырымдық жерді маңындағы қазақтардан 369 сом күміске сатып алған. Қарағанды ошағында ені 1 метрден 4 метрге шейін баратын тас көмірдің 8-ден аса жеке қыртысы (пласт) бар. Бұл қыртыстардың жотасы 25 шақырымға шейін үзілмей барады. Қыртыстардың бәрі де қаз-қатар, көлбей сұлап жатқан. Құламы 10⁰-тан аспайды. Көмірі аса қызулы (қызулық мөлшері – 7200-7500 калорий), тас-көмір дәуірінде жасаған ұсатылмайтын, берік көмірлер. Қарағандының көмірі әлі де толық зерттелген емес. Әзірге зерттелген тас көмірдің шамасы 300 миллиардтан асады¹. Сондықтан осы күннің өзінде де Қарағанды ошағы байлық жағынан Батыс, Сібір, Қазақстан, Түркістан ішінде бірінші сатыда, жалпы Ресейді алсақ 4-інші орында болып отыр. Қарағандының алдында жалпы Ресейді алсақ Кузбасс, Донбасс, Жашерембас көмір ошақтары бар.

Қазақстандағы екі бас ошағының барлық көмірі 37 миллиард пұт. Бұл Қарағандының он бөлгенінің біріндей-ақ. Қарағанды көмірінің ішінде орта есеппен: 22% ұшпалы заттар (түтін), 58% кокс (көмірдің қызулы, дәнекерлі бөлімі), 17% күл, 6% суы бар.

Көмірдің ішіндегі кокс балқыма, пайдалы күйінде. Көмірдің ішінде шайыр (сера) тіпті аз. Сераның аздығы – көмірдің күшті қасиетінің бірі. Өйткені қашанда болса, көмірдің өртенуіне сера тез себеп болып отырады. Екінші, көмірді жаққан уақытта машиналардың оттығын тез бұзып отырады.

Қарағанды зауытында екі шахты бар. Олар 1922 жылдан бері су астында зауыттың машина саймандарының бәрі де толық сақтаулы күйінде. Жүргізе бастағандағы ұсталатын шығындардың көбі шахтыларды құрғатумен, жаңа шахта қазу жабдықтарына ұсталмақ. Ыспас зауытының керегін табу үшін ғана істелсе, Қарағандыны 4-5 айлар шамасында толық жүргізіп жіберуі мүмкін. Мұның соңынан бірер жылдың ішінде керек болатын тереңдігі 60 метрлік жаңа бір шахты мен 200 метрлік жер астындағы сбойкені қатар жасап бітіруге мүмкін (Шахтының тереңдеуін айына 8

¹ См. Гапеев. Карагандинские каменно угольное месторождения.

метрден, сбойкенің жүруін айына метрден салғанда). Қарағандыны жүргізу үшін жалпыша мынадай шығын керек болады:

Жер жұмыстарына (шахты қазу сияқты) 300,000 сом. Жаңа машиналар алуға: 200,000 сом. Үйлерді жаңартуға және басқа шығындарға 200,000 сом, қайтымды шығындар 100,000 сом. Барлығы 800,000 сом ақша.

Ыспас зауыты

Нілді зауытының мысы мен Қарағандының көмірі Ыспас зауытына тасылып, осы жерден балқытып мыс алынып отыратын. Ыспастың зауыты жылдық 300,000 пұт таза мыс балқытып шығаруға шақталып салынған. Зауыттың электр саймандары мен қазан, басқа кейбір құралдары 1926 жылдан бастап Қарсақбай зауытына тасылып жатыр. Орындағы машина саймандары жаңа күйінде. Зауыттың машиналарынан басқа толық байлығының бірі – үй саймандары Ыспас зауытында: 1) мыс балқытатын үй; 2) кен кептіретін; 3) кенді түйетін; 4) кірпіш өртейтін; 5) электр саймандары тұратын; 6) автомобиль сақтайтын; 7) лаборатория; 8) ұсталық; 9) балталық үйлері және от тирмені бар. Бұлардың бәрі де әзір онша тозығы жеткендер емес. Зауытты жүргізу үшін мынадай шығындар керек болады:

Жаңадан түрлі машиналар алу үшін...250,000 сом

Ұсталық үйлерін саймандау үшін....165,000 сом

Зауыттың үйлерін түзету үшін ... 250,000 сом

Зауытқа су дайындау үшін....100,000 сом

Жұмыскерлер тұрарлық үйлерді түзетуге...235,000 сом

Қайтымды шығындар ... 250,000 сом.

Барлығы: 1, 250, 000 сом

Кен қорытатын зауыт

Нілді зауытындағы екінші сорттық кендерді ұсатып, оның ішіндегі «іреуі» мен мысын айырып, іріктеп тұру үшін келешекте өзгеше «кен қорытатын» зауыт ашу қажет нәрсе. Бұл зауыттың дәл қай жерге және қай түрмен салынуы әзірге көмескі. Өйткені Ыспас ауданы – кен жағынан әлі де ешбір зерттелмеген жер. Кен іріктейтін зауыттың шығындарын әзірше 1,600,000 сомдарға шамалауға мүмкін (негізгі шығындар 1,500,000 сом, қайтымды шығыны 100,000 сом). Салынуы 1½ жылдарда бітпекші. Сонымен теріп келсек, Ыспас ауданындағы кен-өндіріс орындарын жүргізе бастағанда 2-3 жылдың ішінде түгел бітіріп, жүзеге асырудың толық мүмкін екендігін табамыз. Бұл үшін керек болатын ақша шығындарын теріп келсек:

1,000,0000Нілді зауытына

800,000.....Қарағандыға

1,250,000.....	Ыспас зауытына
1,600,000.....	Кен іріктейтін зауытқа
250,000.....	Кенді зерттеу жұмыстарына
4,900,000.....	барлығы

Дұрысы

Нілді зауытына	1,000,0000
Қарағандыға	800,000
Ыспас зауытына	1,250,000
Кен іріктейтін зауытқа	1,600,000
Кенді зерттеу жұмыстарына	250,000
Барлығы	4,900,000

ақша керек болады екен. Ыспас зауыты жылында 150,000 пұт қана мыс берсін деп шамаласақ (300,000 пұттың орнына), сонда бір жылдық мыстың пұтына шаққанда жаңағы көрсетілген шығындар 30 сомнан аз асады. Мұндай шығындар бұл күнде түгел «патша» заманының өзінде мыс зауытын салу жабдығында жеңіл «кәдімгі» шамада болатұғын.

Ыспас зауытының өндіріс жағдайлары

Ыспас зауытының өндіріс жағдайларын зерттеу үшін төменгі 4 шартты қарастыруға керек болады:

1) Ыспас ауданындағы кен байлықтары, олардың сапасы; 2) зауыт үйлері мен жұмыскерлердің жатақ үйлерінің жайлары; 3) жұмыскер күші мен азық-түлік мәселесі; 4) жол жағдайлары, енді бұл шартты жеке қарастырып көрейік.

Ауданның кен байлығы

Нілді зауытындағы көрнекті түрде зерттелген 1,500,000 пұт таза мыстан басқа Ыспас ауданында Жалпыша мыс кендерінің «заябке» (білінген жерлері) тіпті көп. Бұлардың кейбірі бұрынғы уақытта «зауыт» деп аталып жүрген. Мысалы: Қайрақты, Ақшоқы, Ұстаманатау (Григорьевское), Бесшоқы (Царище Маринское) Зепіс, Ирида кен орындары сияқтылар. Бұларды серпіп «зауыт» деп атағанмен де, бәрінде де осы күнге шейін кен шығару жұмысы түгіл, зерттеу шаралары жасалмай келген. Аудандағы табылған мыс кендерінің кейбірі Нілді сияқты жер астынан қайнап шығып, жердің жарығына сыналанып, тарамданып, қатқан «сом» күйінде, кейбірі жер астынан шыққаннан кейін бір жерде қатпай жердің бергі қыртысына сіңіп жайылып кеткен «шашылма» күйінде бұлардың қайсысында болсын жер бетіне шығып жатқан кендерінде 7-ден 10 процентке шейін таза мыс бар. Бұл кендердің қазір ең «үміттілері»:

Қайрақты
Бесшоқы
Ирида Бәрі де Нілді сияқты «сына» түріндегі «сом»
Алмалы кендер
Ребіс
Успен №2

Үстеманатау
Ақшоқы «Шашылма» кен орындары
Алтын су

Нілді зауытының өзінде де кеннің толық зерттеуі болған емес. Мысалы: Нілді кеннің ортасын қақ жарып оңнан терістікке қарата өтетін жердің үлкен сызаты бар. Ол сызат ескі замандағы сол жерде болған отауы, жер сілкінуінен жасалған жердің жарығы. Бұл сызаттың жотасынан әр жерде мыс кендері табылып отыр. Нілді кенінің де жасалу шартын осы сызатқа жанастыруға мүмкін. Ағылшындар осы сызықтың жотасын толық зерттемей кетсе керек. Өйткені қалдырған «архивтерінде» бұл туралы еш мағлұмат жоқ. Жоғарыдағы айтылған сөздерді теріп келсек, Ыспас ауданында мыс кендері негізінен аса берекелі екендігі мәлімденеді. Оларды анықтап кен шамасын цифрмен өлшеуге алдымен толық зерттеу керек болады.

Ыспас зауытының отын мәселесі Қарағандының көміріне тірелмекші. Қарағанды ошағында әзір мәлімденіп отырған 300 миллиард пұт таскөмір Ыспас түгіл бүкіл Қазақстан, Орал, Түркістандағы барлық өндіріс орындары қосылып, толық күйінде жүріп отырғанда солардың бәріне бірнеше жүз жыл отын болуға жарай алмақшы. Мұны мысалдан болжауға мүмкін. 1913 жылы Донбастан барлығы 1,600,000,000 пұт көмір шығарылған. Бұл көмір сол жылғы бүкіл Орал зауыттарының және Ресейдің кіндік оң бөліміндегі зауыт фабриктердің бәрінің жағып шығуына толық жеткен.

Мыс балқытуға керек болатын ізбес, темір тасы, кварц сияқты тау жыныстарының бәрі де Ыспас зауытының жақын маңынан табылып отырған. Мысалы бұрын ағылшындар:

Ізбесті Ыспастан төрт шақырым Құлжұмыр дейтін жерден тасыған.

Кварцты 8 шақырым Байдәулет дейтін жерден тасып отырған.

Темір кенін 5 шақырым «Сасық-Қарасу» дейтін жерден тасып отырған.

Бұл тау жыныстарының зауыт айналасындағы шамасы сенімді мөлшерде. Ыспас ауданын жалпы алсақ, онда мыс пен қатар темір кендері де өте жиі кездесіп отырады. Оларды балқыту үшін Қарағанды көмірінің жанынан әдейі «Темір зауытын» ашуға болады¹. Үй салу жабдығына керек болатын құм, балшық, тақтай, тас сияқты заттар зауыттың жанында өте көп.

¹ Пазухин. Металлургия «В Киргизской степи».

Бұлардан басқа Ыспас зауыты мен Қарағандының маңында «Шамот», «Динас» сияқты зауыттың пештеріне керек болатын кірпіштерді жасарлық «қызу көтеретін» балшықтың түрлі қасиетті заттары бар. Бұл балшықтардан 1915 жылы Ыспас зауытында қолдан:

179,760 шамот кірпіш

132,981 кварц кірпіш

52,303 динас кірпіш құйылып шыққан. Дәл сол жылдың өзінде салынып жатқан Қарсақбай зауыты жаңағы кірпіштерді Германиядан тасып әкеліп отырған.

Зауыт үйлері және жұмыскерлердің жатақ орны Ыспас, Нілді, Қарағанды зауыттарының қайсысында болса да керекті зауыт үйлері салынып бітіп, даяр тұр. Оның үстіне бұлардың бәрінде де бұрыннан салынған жұмыскерлердің жатақ үйлері дайын, Ыспас зауыттары жүре бастаған кезінде бұл үйлердің бәрінде жеңіл түзетіп алуға мүмкін. Зауыттағы жұмыскерге даярланған үйлердің мөлшерін төменгі есептен көруге болады.

Зауыттар	Жеке пәтерлер			Қазармалар		
	Бір бөлмелік		Екі бөлмелік		саны	Бөлменің ауданы
	Саны	Бөлменің ауданы	Саны	Бөлменің ауданы		
Ыспас	81	697 (шаршы саржан)	92	442	7	162
Нілді	42	355	43	185	4	104
Қарағанды	17	116	102	311	13	229

Қазына үйлерінен басқа зауыт жұмыскерлерінің көбі, әсіресе, қазақ жұмысшылары зауыттың жанына өздерінің салып алған үйлерінде тұрған мұндай қыстаулардың саны 1915 жылдың есебі бойынша:

Ыспастың жанында.....125 қора

Қарағандының жанында.....105 қора

Нілдінің жанында.....81 қора екен.

Бұл цифрлардан Ыспас зауыты қайта жүрген кезде ондағы жұмыскерлерге үй-қазарма салу жабдықтары Қазақстанның басқа кен орындары сияқты аса қымбатқа түспейтіндігі білінеді. Бірақ зауыттың барлық үйлері дерлік қазір тоқталып тұрған кезде, уақытымен дұрыс түзелмей ескіріп келе жатқан сияқты. Сондықтан Ыспас зауыттарының жүрісі тағы да енді 5-6 жыл кешендесе, бұл үйлердің бәрі тегіс бұзылып, іске жарамсыз түрге келіп қалу қаупі бар.

Жұмыскер күші мен азық, түлік мәселесі

Ыспас зауыттары Ақмола мен Семей губернияларының жапсарлас келетін Ақмола уезінің шығыс пен оң бөліміндегі егінге қолайлы орындарға салынған. Зауыт маңдарында орыс қалалары да, қазақ ауылдары да жиі. Сондықтан Ыспас зауыттары қашанда арзан ақылы жұмыскер күшіне кенде болған емес. Мысалы: 1914-15-16 жылдардың есебін қарасақ, Ыспас зауытындағы қара жұмыскердің күнделік орташа ақысы 65-85 тиындардан аспайды. Сол жылдардағы заңның бекіткен қара жұмыскер ақысы Ақмола облысында 1 сом болатын. Екінші сол жылдарда салынып жатқан Қарсақбай зауытында қара жұмыскердің күндеме ақысы 1 сом 20 тиындардан төмендеген емес. Еңбек ақының арзан болуына Ыспас зауытындағы азық-түлік нәрселерінің бәрі өте арзан болатындығы көп себеп болатын. Бұны мынау цифрлардан көруге болады. 1916-жылы азық-түлік Ыспас пен Қарсақбай зауытында мына түрде болған.

Нәрсе	Саны	Бағасы	
		Ыспаста	Қарсақбайда
Бидай ұны	Бір пұт	80 тиын	1 сом 60 тиын
Көк найзаның ұны	Бір пұт	1 сом 20 тиын	2 сом 40 тиын
Мал еті	Бір пұт	3 сом 20 тиын	3 сом 60 тиын
Тоң май	Бір пұт	5 сом 50 тиын	8 сом
Кірпіш шай	Бір кірпіш	1 сом 50 тиын	1 сом 40 тиын
Қант	Бір пұт	7 сом 20 тиын	8 сом

Бұл сандардан жергілікті азық нәрселерді Қарсақбайдан Ыспаста екі есе арзан болғандығын көреміз.

Зауыттардағы бұрғышы забайыш және қара жұмыскерлердің бәрі де тегіс қазақтан алынып отырған. Ұсталар, балташылар сияқты шеберлер маңындағы орыс қалаларынан жалданып отырған. Оралдан не Ресейден келетін «кезбе» жұмысшылар Ыспас зауытында жоқтың қасында болатын. 1915 жылдың есебі бойынша Ыспас ауданындағы зауыт жұмысшыларының саны былайша болған.

Зауыт	Жұмыскерлердің жалпы саны	Олардың қазағы	Орысы
Ыспас	890	710	180
Сарысудағы кен іріктейтін зауыт	120	97	23
Нілді	317	252	75
Қарағанды	590	475	115

Бұл есептен келешекте де Ыспас зауыттары бұрынғы жұмыскерлерінің көзін тауып алатындығы, азық-түлік заттарының ауданда өте арзандығының арқасында жұмыскер күші мен мұқтаждық көрмейтіндігі сезілді.

Жол жағдайлары

Қарағанды мен Ыспас зауыттарының арасында ағылшындар бар кезінде 40 шақырымдық, ені 600 миллиметрлік отарба жолы болатын. Зауыттар тоқтағаннан былай ол жол бірте-бірте бұзылып, қазір мүлде тозығы жеткен күйінде. Сондықтан зауыттарды жүргізген кезде осы теміржолды қайта түзету жұмысы, әсіресе, оған керекті шпалдар мен релістерді сатып алу жабдықтары көп ақша керек қылмақшы. Бұл жөнінде керек боларлық шпалдарды не Қарқаралы, не Баянауыл, не Көкшетау уезіндегі «Мақының шыбарынан» тасып алуға мүмкін. Нілді зауытынан шығатын мыс кендері Ыспасқа қашанда кіремен тасылатын. Нілдіден Ыспас зауытына шейін кіренің пұты 12-15 тиыннан аспайтын. Былтырдан бері Қарсақбай мен Ыспас зауыттарының арасында кіре жұмысы ашылып отыр. Бұл туралы Ыспас зауытының басындағы адамдардың жазатын баяндамаларына қарағанда зауыт аймағына кіре салуға тіленуші адамдардың шамасы өте көп көрінеді. Сондықтан Нілді зауыты келешекте қайта жүре бастағанда да одан Ыспасқа қарата тасылатын кірелердің нарқы бұрынғы мөлшерінен аса артық бола қоймас деп жоруға мүмкін. Сонымен Ыспас зауыттарының өндіріс жағдайларына әсер берерлік түрлі шарттардың бәрін теріп, зерттеп келгенде мынадай қорытынды жасауға болатын:

Ауданның кен байлықтары мол. Аудандағы мыс кендерінің ең кемі 2-3 орны жете зерттелсе, Нілді зауытындағы басы ашық 1,500,000 пұт таза мысқа қосымша тағы мыс кенін табуға мүмкін. Ыспас зауыты бұрынғыша жылында 300,000 пұт таза мыс шығарып отырғанда, тағы да 10 жыл қайта өмір сүрмекші.

Мыс балқыту үшін керек болатын көмір, ізбес, темір кені және зауыттың жалпы өміріне қажет боларлық үй саймандары, машиналар, жұмыскер, азық-түлік, ішкі кіре мәселелері Ыспас зауыттарында өте қолайлы шешіліп отыр. Қазақстан былай тұрсын, жалпы Батыс Сібірдің ішіндегі жасалған, не жасалуға бейімделген кен зауыттарының бірдебірі жағдайлық жөнінде Ыспас зауыттарымен тең бола алмайды.

Ыспас зауыттарының ең үлкен жалғыз кемшілігі – теміржол бойынан қашықтығы (Шортанды Изучье станциясы 400 шақырым жер). Бұл жөннен Ыспас зауыттарының тез жүруіне салынып жатқан Қызылжар мен Көкшетау арасындағы теміржолдың алдымыздағы 2-3 жылдың ішінен қалмай Ақмолаға келіп, одан кейін тезінен Қарағандыға жетуі мықты шарттардың бірі. Бұнымен қатар салынып жатқан Семей-Аягөз-Алматы-Арыс жолы мен салынуға бейімделіп тұрған оңтүстік

Орал (Магнитная)-Атбасар-Ақмола (Қараөткел) - Қарағанды-Аягөз-Шәуешек теміржолдары жүре бастаса, онда Ыспас зауыттарының жаңағы кемшіліктері толық жойылуымен қабат, олардың жалпы келешегі де артық күшейетіндігі айқын.

Ыспас зауыттарының келешек беттері:

Ыспас ауданындағы кен байлығының әзіргі ең маңыздысы – Қарағандының көмірі. Одан кейінгісі – мыс кендері. Жоғарғы көрсетілген 3 теміржол салынып бітсе, Қарағандының тас көмірі мен коксі өз ауданы шегінен шығып, Қазақстанның оң бөлімі, Қырғызстан, Орал, Түркістан базарларына түсуі шексіз.

Бұл жөнінен Қарағанды көмірін даусыз алушылар төменгі орындар болмақшы.

Қызылжар-Көкшетау-Қарағанды теміржолы, Семей – Алматы – Арыс (Түркістан – Сібір) теміржолы, Орал – Атбасар – Ақмола – Шәуешек теміржолы, Оралдың оң бөліміндегі кен зауыттары, әсіресе Магнитная тауындағы салынып жатқан үлкен шойын зауыты, Қарқаралы аймағынан жуырда салынбақшы қорғасын (цинк) зауыты. Бұл зауыт Х.Н.С.Вның жоспары бойынша 1930-31 жылдарда салынып бітпекші. Жылдық ағызып шығаратыны 300 мың пұт цинк бен 180,000 пұт қорғасын¹, Ақмола губерниясы Қазақстанның оң бөлімі мен Қырғызстан – Түркістандағы түрлі өндіріс орындары, Қарқаралы маңында салынбақшы шойын зауыты. Бұл зауыт Кентөбе, Тоғай дейтін жердегі темір кенін балқытбақшы.

Бұл алушылардың ең күдіктілері – үшеу. Олар: Қазақстанның оң бөлімі мен Түркістан, Қарқаралыдағы шойын зауытының ашылу, ашылмау күмәнділігі. Сондықтан бұларды жақынырақ қарастырып өтейік. Жер ғылымына шебер атақты Мушкетов дейтін орыстың кен зерттеушісінің кітабына қарағанда² Қазақстанның оң бөлімі, Қырғызстан, Түркістан жерлерінде көмірдің ошағы аса көп болғанмен де, олардың бәрі тегіс дерлік Қарағанды сияқты кенге бай емес, нашар, «шұқанақ» күйінде. Бұл жерлердің көмірі негізінен үгілмелі, тозанды болады да, жүрісті, кірені көтермейді. Көмірлерінде «кокс» сияқты дәнекерлі зат аз, күлі өте көп болғандықтан, жаққанда беретін қызулық мөлшері де аса төмен болады. Қызыл-қия ошағынан басқа бұл жерлердегі Көгине сай, Буам-Қапшағайын сияқты ауданы кеңірек көмір ошақтарының бәрінің де көмірі осы сияқты өндіріске қолайсыз. Зерттеушілердің тәжірибесіне қарағанда Қазақстанның оң бөлімі мен Қырғызстан, Түркістан жерлерінде қорғасын, күміс, мыс, темір кендері көп болуға керек³. Бұл кендер одақтық госпланның жоспарынша қазір де тиянақ-

¹ Цветная металлургия. 1926 г. Серия I-дің. 23-56-57-беттер.

² Мушкетов И.В. Туркестан. Том I и II.

³ Список Рудных месторождения Казстепии. Инж. Тиме 1917 г.

ты түрде зерттеліп шықпақшы. Зерттеу нәтижесі бұл жерлерде кемінен бірнеше кен зауыттарын тұрғызбақшы.

Бұл зауыттар теміржол шарттары орындалғанда, керекті кокстарды арзан түрде жалғыз-ақ Қарағанды ошағынан ғана алмақшы. Енді Қарқаралы маңындағы темір кендеріне шойын зауытын орнату мүмкіншілігіне келейік. Қарқаралы жанындағы Кентөбе мен Тоғай дейтін жерлердегі темірдің кендері 1922-24 жылдарда инженер Русаков арқылы тиянақты дерлік түрде зерттеліп біткен. Зерттегенде бұл жерге келешекте тек 3 жерінен ғана бұрғы салу керек. Сол Русаковтың зерттеуі бойынша мұндағы кендердің шамасы мына сияқты¹. Кентөбеде бәрі 1,222,000,000 пұт темір кені, Тоғайда бәрі 270,000,000. Барлығы 1,492,000,000 пұт темір кені. Темір кендеріне жасалған талдамға қарағанда таза темір 55 тен 67 процентке шейін. Орта есеппен кендегі таза темір 60% шамаласақ Кентөбе мен Тоғайда 900,000,000 пұт таза темір барлығы мәлімденеді.

Егерде жылында балқитын шойынның шамасы 10,000,000 пұт болсын десек, жоғарыдағы қор салынатын зауытқа 90 жыл азық болуға жарамды. Сібірде қазір салынып жатқан «Телбес» шойын зауытының кені 500,000,000 пұт таза темір ғана бермекші деп жорылады. Сондықтан Кентөбе, Тоғайдың кені мен Қарағандының көмірі тұрғанда Қарқаралы маңында аз уақыттың ішінде шойын зауытын салу мәселесі кезектегі жұмыстың бірі деуге мүмкін. Ыспас ауданының өз ішінде мыс кендерінің көп екендігін жоғарыда айтып өттік. Зерттеу жұмысы күшейсе бұл кендердің бірсыпырасының шамасы көрнекті түрге келіп, келешекте Ыспас зауытына мол азық болуға жарамды болуы айқын нәрсе. Сондықтан теріп келгенде Ыспас зауыттарының келешек бағыты екі жолмен жүруі керек.

Ыспас зауыты аудандағы мыс кендерінің балқып шығатын кіндігі Нілдіден басқа аудандағы бар мыс кендерінің бәрі де толық зерттеледі. Ыспас зауыты әуелі Нілдінің қалған кенін тегіс балқытып, оны тауысқан соң басқа жерден табылған мыс кендерімен жүріп отырады.

Қарағанды көмірі өз ауданы мен Қазақстанның оң бөлімдерінің отын кіндігі.

Соңғы бағыт жалғыз Ыспас емес, Қазақстанның жалпы өндірісінің өркендеуіне берік тіреу сияқты. Сондықтан Қарағанды көмірін мемлекет өндірісіне қалай қиыстыру жолдары және ол туралы керек болатын тиісті шаралар Қазақстанның кіндіктегі шаруашылық жоспар мекемелерінде айрықша қаралып қарар табуына керек нәрсе.

Ыспас ауданында мыс өндірісін өркендету шаралары оларды қазір де иемденіп отырған «Атбасар тіресінің» мойнындағы міндеттің бірі. Одақ ВСНХ-ның өндіріс туралы жасаған кезекті 5 жылдық жоспарының ішінде Ыспас зауыттарын жүргізу туралы тиісті қаражаттар алмай қалған

¹ Русаков и Яковкин. К вопросу о минер.ресурсах Казстепис.

көрінеді. Бұл Атбасар тіресінің Ыспас туралы жасайтын шараларына көп бөгет болып келген сияқты. Өткен қыс ішінде Атбасар тіресі Ыспас зауытын қайта жүргізу туралы тиісті орындарға дәлелді баяндамалар жасап отыр. Ыспас зауытының жүрмей «сақтаулы» күйде тұруы зауыт мүлкі мен үйлердің тозу, бүліну шығындарынан басқа жылында тіреске 30 мың сом зиян келтіріп отырады (Зауыттағы күзетшілер және басқа мекемелердің алатын жылдық жалақысы). Осы жылдағы март айының аяғында Мәскеуде болып өткен одақтық кен өндірісінің 2-тобында да Ыспас зауыттарын қайтадан жүргізудің керектігі туралы көп сөз сөйленді. Қазір де одақтық ВСНХ-ның кен бөлімі Ыспас зауытын қайта жүргізу туралы тиісті болатын зерттеу және қаражат жоспарларын жасап бітіру жұмыстарын Атбасар тіресіне тапсырып отыр. Атбасар тіресі бұл туралы осы жаз Ыспас ауданына 2 партия зерттеушілерді шығарып отыр. Бұл биыл жаз, әсіресе, Нілді, Қайрақты, Алмалы кен орындарын зерттемек. Бұл кендердің түзу планын салып бітірмек. Жоғарыдағы орындардан басқа зерттеуші адамдар осы күзге шейін аудандағы Ақшоқы, Бесшоқы, Үстеманатау, Алтын су сияқты кен ошақтарында «шолма» түрде зерттеп өтпекші. Зерттеу жұмыстарына басшылық істеу міндеті Қазақстанда 5-6 жылдан артық қызмет істеп машығын шығарған Русаков, Яговкин дейтін орыстың белгілі кен зерттеу мамандарына тапсырылып отыр. Биыл жазғы зерттеу жұмыстарының берген жемісі Атбасар тіресінің күзге жасайтын Ыспас зауыттары туралы жоспарына негіз болмақшы.

Мұнымен сөзді аяқтатып келгенде Ыспас зауыттары туралы төменгі 3 қорытындыға тірелеміз.

Ыспас зауыттарының қазіргі «қорық» күйінде жылдық күзетке ұсталатын шығыны мен жыл сайын зауыттағы үй, мүлік, машина саймандарының босқа тозуынан келетін зиян аса артық орынсыз. Сондықтан Ыспас зауыттарын қайта жүргізу мәселесі мемлекет үнемінің ең керекті жұмысының бірі.

Өндіріс жағдайларына қарағанда жалғыз Қазақстан емес, бүкіл одақ жерінің ішіндегі «қорық» зауыттардан алдыменен жүруге қолайлысы Ыспас зауыттары.

Ыспас ауданында мыс кендерінің көптігін жоғарыда айтып өттік.

Биылғы және келер жылдағы жасалатын толық кен зерттеуі бұл ауданның ішінен кемінен 1,500,000 пұт таза мыс берерлік кен қорын табуына сенім күшті. Бұл қорға Нілді зауытындағы көрнекті түрдегі 1,500,000 пұт таза мыс берерлік кендерді қоссақ Ыспас зауытын жылына 300,000 пұт мыс берерлік бұрынғы қалпында әлі де 10 жыл жүргізуге болады.

Бұндай шартта Ыспас зауытының тез жүруіне керекті қаражат жеткілікті мөлшерде мемлекет қорынан тоқтаусыз берілуі даусыз нәрсе.

Сондықтан енді 2-3 жылдардың ішінде зауыт кәсібінен қазақ жерінің «тұңғыш» сияқты саналатын Ыспас зауытында ұйқысынан қайта сергіп тағы да бұрынғы мөлшерінде жүре бастауына сенім зор.

ШОРТАНДЫ – АҚМОЛА – ҚАРАҒАНДЫ ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ КЕН ӨНДІРІСІНЕ БЕРЕТІН ӘСЕРІ (ОЙЛАСУ РЕТІНДЕ)

Қызылжар – Көкшетау жолы қазір Шортанды қаласына шейін келіп отыр. Шортандыдан Ақмола қаласы 240 шақырым жер. Ақмоланың оң мен шығыс аралығында 180 шақырым атақты Қарағанды көмір кені бар. Қарағандының көмір байлығына қарағанда, Батыс Сібірде бірінші сатыда, барлық Ресей жерінде екінші сатыда болады (Донбасс, Кузбасс, Черембас көмірлерінен кейін).

Қызылжар – Көкшетау жолын кідірмей Ақмолаға жеткізіп, одан Қарағанды көмір кеніне әкелу алдымен Ыспас зауыттарының тез жүріп кетуіне зор себеп болар еді. «Ыспас» зауыттары деп төменгі үш өндіріс орындарын айтамыз:

- Қарағандының көмір ошақтары;
- Нілдінің (Успен) мыс кендері;
- Ыспастың мыс балқытатын зауыты.

Қарағандының кенінде 8 қыртыс тас көмір бар. Бар көмір қыртыстарының қалыңдығы 1-ден 4 метрге шейін барады. Қыртыстардың жотасы 13-ден 25 шақырымға шейін үзілмей тұтас келіп отырады. Гапеев дейтін кен шеберінің 1922 жылғы жасаған есебі бойынша Қарағанды ошағындағы көмір кендерінің жалпы шамасы (300,000,000,000 пұттан артығырақ¹). Саны көптігімен қатар Қарағанды көмірлерінің сапасы да артық. Қарағанды көмірі аса қызулы, кен балқыту үшін қолайлы, тасығанда үгілмейтін, «жол көтеретін» қатты, жаққанда жалыны көп, күлі аз болады. Карпов дейтін шебердің 1920 жылы жасаған талдамы (анализі) бойынша Қарағанды көмірінің ішінде ұшпа заттар (түтін) 33,7%, таза көмір (кокс) 58,66%, күл 6,92%, су (дымқылдық) 0,75%, сера (күкірт) 0,56% барлығы анықталады.

Қазіргі уақыттағы қорғасын, мыс зауыттары күлі 15-20% болатын көмірлерді де отын қылуға шамалы (мысалы, Қарсақбай зауытына отын болатын Байқоңыр ошағындағы тас көмірде 20%-тен артық күл бар). Орал ішіндегі шойын зауыттар күлі 10% болатын отын мен қоректеніп отырады. Сондықтан Қарағанды көмір кеніндегі күл зауыттарының аз болуы (6,92%) оның үлкен қасиеттерінің бірі.

Көмірдің ішінде күкірт (сера) көмір қыртыстарының жер астында өртенуіне көп себеп болады. Күкірті 1,5%-тен асатын көмір ұзақ кірені көтермейді. Сондықтан ішіндегі күкірттің аз болуы Қарағанды көмірінің екінші пайдалы қасиеті.

Қарағанды ошағы әлі де түгел зерттеліп біткен жоқ. Қарағандының шөлейт пен шығыс жақтарында: Қушоқы, Ұрышат, Борлы, Ақсере көмір ошақтары бар. Соңғы ошақтардың көмірін есепке алмасақ та Қарағандының жалғыз өзіндегі 300 миллиард пұт тас көмір Қазақстан

¹ А.А.Гапеев. Карагандинское кам угольное месторождение. Материалы по общей и прикладной Геологии. Вып.61.изд.1922 г.

мен Орал зауыттарына әлденеше ғасырлық талшық болуға жарамды екендігі айқын.

Егер сыртқы теміржол Қарағандыға жетсе, Қарағанды көмірі мен коксі¹ алдымен оңтүстік Оралдағы темір зауыттарының отын мәселесін қолайлы түрде шешер еді. Мұны төменгі есептерден айқын көруге мүмкін:

Оңтүстік Оралда қазірде салынып жатқан «Магнитогор» дейтін ірі шойын зауыты бар. Ол зауыттың бір жылда қорытатын шойыны – 38,5 миллион пұт. Америка зауыттарының тәжірибесіне қарағанда бір пұт шойын балқытып шығару үшін 0,7 пұт кокс, не 1,7 пұт тас көмір жағуға керек.

Магнитогор зауытында да өнер сатысы, отын ұқыптылығы Америкадай болсын дейік. Онда Магнитогор зауытының бір жылда жағатын отыны не 26 950 000 пұт кокс, не 65 450 000 пұт тас көмір болуға керек. Керекті кокстің 30% Оралдың өзінен табылсын дейік.

Сонда да Магнитогор зауытына жылында тасылып келетін кокс 18 865 000 пұт болмақшы. Бұл коксті зауыт басқармасы қазір де Сібірдегі Кузбасс ошағынан тасымақшы болып отыр. Жаңа зауыттарды зерттейтін «Кипромез» дейтін мекеменің есебіне қарағанда Кузбасс коксінің пұты Магнитогор зауытында 58 тиын тұрмақшы. Қарағанды ошағынан тасылатын болса кокстің пұты 42 тиын айналады екен. Бұған қарағанда керекті коксті Кузбасстан тасымай, Қарағанды ошағынан алғанда, Магнитогор зауыты кокстің әрбір пұтынан 16 тиын пайда істейтіндігі көрінеді.

Бұл пайда Кузбасстан гөрі Оралға Қарағанды ошағының жақынырақ болатынынан туып отыр.

Қарағанды ошағы мен Магнитогор зауытының арасы Ақмола – Қызылжар – Челябинь – Троицк жолымен есептегенде – 1628 шақырым.

Кузбасс-Магнитогор зауытының арасы төте болатын Қызылжар – Челябинь – Троицк жолымен есептегенде 2684 шақырым жер (егерде Қызылжарлатпай теміржолды Ақмоладан Қостанай – Троицк арқылы тура Оралға тартса, Қарағанды мен Магнитогордың арасы 1294 шақырым болар еді). Кузбассының орнына Қарағанды коксін жаққанда Магнитогор зауыты пұт басына 16 тиын жанына қалдырып отырса, жылдық жағатын барлық коксінен $18\ 650\ 000 \times 16 = 2\ 984\ 000$ сом үнем қылмақшы. Бұл үнем Магнитогор зауытын техника жүзінде Америкамен теңеп және керекті кокстің 30% Оралдың өзінен табатын шартсыз да жасалып отыр. Өмір жүзінде бұл екі шартта болымсыз.

Магнитогор зауытының техникасы Америкамен шу дегеннен тең шыға қоймақшы емес және керек кокстің 30% түгелімен Оралдан таба қою да қиын нәрсе. Сондықтан өмір жүзінде Магнитогор зауыты әрбір пұт шойынға кемінен бір пұт кокс шығын шықпақшы.

Өзіне керек бар коксті түгелінен шеттен тасып әкелмекші. Соңғы шарттарда Қарағанды коксын жаққандағы Магнитогор зауытының

¹ Кокс деп ұшпалы заттардан айырылып, «шыныққан» тас көмірді айтады. Шойын заттарына көбінесе кокс жағады.

табатын жылдық үнемі: $38\ 500\ 000 \times 16 = 6\ 160\ 000$ сом болуына керек. Бұл үнемнің арқасында Магнитогор зауытындағы шойынның бағасын пұтына 17 тиын арзандатуға келеді (79 тиыннан 62 тиынға түсіруге). Егерде біз коксті қойып, тас көмірге түссек, келетін үнемнің мөлшері жоғарғыдан да молаяр еді. Кузбасс көмірінің пұты Магнитогор зауытында 41 тиын. Қарағанды көмірінің пұты 31,1 тиын. Бұл бағалардың ішіне кіріп отырған теміржолдың кіре шығыны: Кузбасс көмірінде 30,9 тиын, Қарағанды көмірінде 22,7 тиын.

Бір пұт шойын балқыту үшін зауытқа екі пұт көмір жағу керек болады. Сондықтан Магнитогор зауыты Кузбасс көмірінің орнына Қарағанды көмірін жаққанда үкіметтің жылдық табатын үнемі: $38\ 500\ 000 \times 2 \times 2,9 = 7\ 623\ 000$ сом болар еді. Сонымен жоғарыдағы есепке қарағанда, Қарағанды – Ақмола – Шортанды теміржолы оңтүстік Оралдағы шойын зауыттарының отын мәселесін арзандату жөнінде үлкен маңызы бар екендігін көреміз.

Қарағанды мен Шортанды арасы 420 шақырым жер. Теміржолдың әрбір шақырымын салып бітірудің шығыны, жолында кесіп өтетін биік тау арнаулы өзендер жоқ болатын шартында 100,000 сомнан аспайды. Сондықтан Қарағанды – Шортанды жолын салып бітіруге керекті шығынның жиыны 42 миллион сомнан аспақшы емес.

Бұл шығынды үкімет басқа пайдаларды былай қалдырғанда, жалғыз оңтүстік Оралдағы шойын зауыттардың отынынан істейтін үнемдерінің өзімен де 10-15 жылдардың ішінде өтеп бітірмекші. Сыртқы теміржол Қарағанды ошағына келісімен Ыспас зауыттарының кідірмей жүріп кететіні шексіз. Ыспас зауыттары бір кезде бүкіл Қазақстанда жеке дара болып келгені әркімге мәлім.

1913 жылы Ресейдің зауыт кәсібі шалқып, ең кемеліне жеткен кезі болады. Сол жылы өндіріс жүзінде Ыспас зауыты бүкіл Ресейде екінші орында болып шыққан. 1913 жылы Ыспас зауытында жиыны 300,000 пұт таза мыс балқып шыққан. Бұл мыс сол жылғы бүкіл Ресей үкіметінің жеріндегі балқып шыққан барлық мыстың 15,8% тең болған¹. Ол дәуірде Ыспас зауытының қоры Нілдінің мыс кендері болатын. Нілді зауытындағы «Барнит» бағалы кендерде 20% не 25% таза мыс шығатын. Бірақ сол сияқты бағалы кендердің қоры 1916-1918 жылдарда Нілді зауытында құри бастаған. Сол кезде Нілді зауытының орта бағалы «екінші сортты» жабайы мыс кендері мен пайдалану үшін ағылшындар Сарысу өзенінің жиегіне ол кендерді іріктейтін бөлек фабрика жасаған.

Зауыт архивіне қарағанда 1899 жылдан 1917 жылға шейін Нілді зауытында ағылшындар байлығы: 25%-ті бағалы кендерден 12 003 946 пұт, 10%-ті жабайы кендерден 2 773 776 пұт шығарып алған.

Қазіргі кезде Нілді зауытында алынбай жатқан: 528,000 пұт 8% -ті жабайы кен бар. Шығарған кендерінен ағылшындар барлығы – 300,000 пұт таза

¹ Известная металлургия Серия.изд. 1926 г. 17-бетті қара.

мыс балқытып алған. Нілді зауытындағы қазір де жер астында жатқан кендерден тағы да 1,500,000 пұт таза мыс балқытып шығаруға болады. Нілді кені әлі де толық зерттелген емес. Зерттеу жүрсе әсіресе зауыттың шығыспен шөлейт жағындағы жазықтан жаңа кен табудың мүмкіндігі бар. Өткен жаз Атбасар тіресі өз қаражатымен Нілді ауданындағы кен ошақтарына шолма зерттеу жасатты. Зерттеуге шыққан білімділер Нілдінің 20 және 50 шақырым шығыс жағынан Қайрақты және Қызылжал дейтін жерлерден мыстың екі мықты кенін тауып отыр. Бұл екі кеннің де жасалу түрі Нілді кеніндей жер бетінен 20 метр тереңдікке шейін, бұл екі ошақтағы мыс кендерінің шамасы 500,000 тоннадай бар (яки 30,000,000 пұттан артық). Кеннің ішіндегі мысы 3,3% тен 607% шейін барады. Қайрақты кенін Атбасар тіресі келер жаз 100 метр тереңдікке шейін алмас бұрғы мен толық зерттеуге қам қылып жатыр. Қайрақты туралы қазіргі табылған мағлұматтар ондағы кендер 20 метрден анағұрлым терең кететініне сенім бергілікті (жасалымы Қайрақтымен бірдей болған Нілді ошағында бағалы кендер 200 метр тереңдікке шейін табылып отырады). Өткен жазғы зерттеуден табылған Қайрақты мен Қызылжалдың 500,000 тонна кені Нілді ошағындағы жатқан кендердің санын онсыз да екі есе арттырып отыр. Бұлай болғанда қазіргі Нілді ауданындағы есепке алынған мыс кендерінің өзі де жылында 300,000 пұт таза мыс балқытып отыратын шартында Ыспас зауытына толық 10 жыл азық болуға жарайтын екендігі көрінеді. Ыспас зауытының отын пловы¹, үй саймандарға, жұмыскер, азық-түлік мәселелері ежелден өте қолайлы түрде болатын. Бұл жақтарынан Ыспас зауыттары жалпы союз қоғамында бірінші сатыда десек те болады. Сондықтан Ыспас зауыттарының тез жүріп кетуіне мықты кедергі болып тұрған нәрсе олардың теміржол бойынан өте қашық жатқандығы болатын. Қарағанды – Шортанды жолы салынса, әрине бұл кедергі жойылмақшы.

Мыс, қорғасын, цинк металдарының кенін ғылымда бір сөзбен «түсті кендер» дейді. Түсті кендердің байлығында Қазақстан қазіргі союз қоғамында екінші орында саналады (алдында жалғыз Орал таулары бар). Түсті кендердің Қазақстанда ең көп кездесетін жерлері Қарқаралы, Ақмола уездері, Кереку уезінің Баянауыл ауданы және Атбасар уезінің Ұлытау ауданы болады. Ұлытау (Қарсақбай) ауданын қоспағанда жоғарғы үш уездің жерінен 1917 жылға шейін барлығы: 204 мыс кендері, 37 қорғасын кендері, 42 қорғасын мен цинк аралас кендер, 18 темір және 56 көмір ошақтары табылған². Бұл сандардан жоғарғы аудандардан әсіресе, мыс кендерінің көп екендігі аңғарылады.

Жасалым ретіне қарағанда бұл мыс кендерін төменгі 3 жікке бөлуге мүмкін:

Жердің жарығын қуалай біткен «Тамырлы» кендер (бұл жікке Нілді, Қайрақты, Қызылжал, Алмалы сияқты кен ошақтары кіреді).

¹ Плов деп зауыт пешіне кенмен бірге салынатын темір тас, ізбес сияқты заттарды айтады. Пловтер кеннің жеңіл балқып шығуына көмекші болады.

² Список рудных месторождений в пределах Северо-Степногорн. округа Составл. Инжен А. И. Тили в 1927 г.

Құм тасы сияқты тұнба тау жыныстарына сіңген «шашылма» кендер (бұл жікке Шідерті өзенінің бойындағы Қожаншад, Көктас, Өлеті, Шадыра сияқты кен ошақтары кіреді. Ұлытау ауданындағы Жезқазған кендерінің де жасалым тәртібі осылармен бірдей).

Отты тау жыныстарына сіңген «шашылма» кендер (Желтау, Үшқатын, Жауыр, Көктас, Жел ошақтары сияқты). Соңғы жылдардың зерттеу қорытындысы бойынша бұл жердегі кендерді төменгі алты ауданға жіктеуге болады¹.

Ауданның аты	Кен тасының мөлшері (тонна өлшеуімен 1 тонна) = 61 пұт	Таза металдың мөлшері тоннамен
Нілді	2125,000	42,500 (мыс)
Желтау	13400,000	268,280,000 (мыс)
Шідерті	5,375,000	10,7500 (мыс)
Ақтау-Манақ	1365,000	66-89,000 (мыс, қорғасын)
Баян-Аула	1825,000	99100,000 (қорғасын, мыс)
Берік-Қара	810,000	40576500 (қорғасын, цинк)

Соңғы 6 ауданның алғашқы үшеуі Қарағанды – Шортанды жолынан 150 шақырымнан артық қашық болмайды.

Сондықтан Шортанды – Қарағанды теміржолының әсері оларға да толық тиюіне керек. Бұл үш аудан көруімізше жоғарғы алтаудың ішіндегі ең маңыздылары. Сондықтан Шортанды – Қарағанды жолы салынса олардың ішіндегі қазірде тұйық жатқан күшті кен байлықтары да үкіметтің өндіріс уысына толық кірмекші. Қазақстан ішінде жаңадан бірнеше күшті зауыттар жасалмақшы. Мыс, қорғасын, цинк сияқты «түсті металдарды» шығарарлық жаңа зауыттардың үкіметке қандайлық маңызы бар екендігін төмендегі цифрлардан көруге мүмкін. Совет үкіметінің ішіндегі жылдық ұсталатын және шығарылатын мыстың есебі тонна өлшеуімен:

Жылдар	1926-27	27-28	28-29	29-30	30-31
Жылдық ұсталатын мыс	52000	57000	62000	70000	80000
Жылда шығарылатын мыс	24980	24680	30600	41500	54500
Жылда шет жұрттан сатып алынатын мыс	27020	32820	31400	28500	25500
Шеттен келетін мыстың %	52%	57%	51%	41%	32%

1926-27 жылдың ішіндегі союзда ұсталған барлық қорғасынның 92,7%, цинктің 92,8% шет жұрттан сатып алынған. Бұл цифрлардан:

¹ Русаков М.И., Яговкин И.С. К вопросу о минеральных ресурсах Кирг. Степи. Изд. 1925 г.

Үкіметтің қазір де өзі шығаратын металдары өзінің жылдық керегіне жетімсіз екендігін.

Бұл жетімсіздік мысқа келгенде жалғыз биыл емес, алдымыздағы келесі 5 жылдың ішінде үзілмейтіндігін көреміз.

Мыс, қорғасын сияқты машина саймандарына керекті және соғыс жабдығына маңызды болатын металдардан шетке көз сүзіп отыру үкіметке аса қолайсыз нәрсенің бірі.

Шортанды, Ақмола, Қарағанды теміржолының кен өндірісіне беретін әсерінің қандайлық екендігін өткен жылдағы Мәскеуде болып өткен кен шеберлерінің одақтық 2-алқасы да айрықша зерттеп өткен. Бұл алқаның жасаған қаулыларында Қарағанды – Шортанды теміржолын бірінші кезекте салып бітіру керек деген жер бар¹. Кендер өндірісіне беретін күшті әсерлерімен қатар Шортанды, Қарағанды теміржолы өтетін аудандардың шаруа реңкі мен сауда жақтарында артық өркендетер еді. Бұл теміржолдың әсері тиетін Көкшетау, Ақмола уездері және Қызылжар, Қарқаралы, Кереку уездерінің жуықтас аудандарында қазірде 800,000-дай халық бар.

Бұл жерлердің ауданы 450,000 шаршы шақырымдай. Ішінде ауыл шаруасы өркендерлік топырақ, су, әуе шарттары қолайлы түрде. Бұл аудандар өткен жылы шетке жиыны 10,000,000-нан аса пұт бидай, жүн, ет сияқты пұлдар шығарған². Үстінен теміржол жүрсе бұл аудандардың шетке шығаратын пұлдарының мөлшері жаңағыдан әлденеше рет артып кететіні айқын нәрсе. Сонымен теріп келгенде Шортанды, Ақмола, Қарағанды теміржолы:

Үкіметтің оңтүстік Оралда салатын күшті шойын зауыттарына отын жағынан есепсіз пайдалы екендігін көреміз.

Қазірде жабулы тұрған Ыспас зауыттарының ұйқысын бұзып, тез жүргізуге мықты себеп болатындығын көреміз.

Ақмола, Қарқаралы, Баян аймағындағы түсті металдардың көзді кендерінің тез зерттеліп, өндіріс өміріне аяқ басуына күшті әсер беретіндігі анық.

Қазірдің өзінде жылында шетке 10 миллионнан аса пұт жүк шығарып отырған шұрайлы аудандардың шаруасын онан гөрі ілгерлетуге күшті себеп болатындығын көреміз.

Сондықтан үкімет орындары бұл жолды тез салып бітіруге қадам істеуі керек.

¹ Второе Всесоюзное Собрание по Цветным металлам том 1. Стр. 246. изд. 1927 г.

² Төреқожаұлының 4-ноябрьдегі 253 нөмірлі «Торг.пром. газета»-дағы басылған мақаласынан.

ТОРЛАН КЕНДЕРІНІҢ ШАМАСЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Торландағы қорғасын кендері орыс мамандарына 1800-інші жылдан бері мәлім болған. Түркістан генеральный штабының 1870 жылы басқан картасында Торлан ошағы «Первушин көпестің зауыты» деп көрсетілген. 1925 жылы басқан инженер Лазовтың мақаласында Торлан ошағының 1882 жылдан 1921 жылға шейінгі өндіріс мөлшері төменгі түрде суреттеледі:

Кеннің иесі	Жыл	Алынған кеннің шамасы	Алынған қорғасын
Иванов көпес	1882	30000 пұт	3000 пұт
»	1883	?	1993 пұт
»	1884	?	3404 пұт
»	1885	23000 пұт	7047 пұт
Бабатай баласы	»	20975 пұт	360 пұт
»	1896	?	96 пұт
Бабатай Қасен баласы	1897	-	96 пұт
»	1898	2500 пұт	600 пұт
»	1899	430 пұт	-
Лесман	1915	40000 пұт	-
Түркістанның шаруашылық кеңесі	1919	120,0 пұт	2500 пұт
»	1921	?	1000 пұт
Барлығы		128405 пұт кен	25836 пұт қорғасын

Бірақ бұл цифрлар шынында толымсыз, шала, өйткені 1926 жылдағы жасалған Геолкомның зерттеуіне қарағанда, Торлан ошағынан өткен уақыттарда кемінен 6,808,500 пұттай қорғасын кені қазып алынуы керек. 1915 жылға шейін қорғасын кендері өнімсіз, қол көрігімен балқытылып келген. 1915 жылдан бастап Лесман дейтін инженер кен ошағынан 6 шақырым төменнен зауыт сала бастаған. Бірақ салған зауыты зиянды болған соң ода қайыра «қол көрігінің» жолына түскен. 1919 жылдан бастап Торлан кенін Түркістанның шаруашылық кеңесі жүргізе бастаған. Бірақ ошақтағы оңай жатқан маңызды кендердің қоры үзілген соң, ол дағы 1921 жылы жұмысын тоқтатып, зауытты «қорық» күйіне түсірген. 1925 жылы жүргізілген Түркістан бөлігінде Торлан Қазақстан шаруашылық кеңесінің қолына көшкен. 1926 жылдың жазынан бастап Торлан ошағын одақтық Геолком зерттеуге кіріскен. 1800 жылдан арғы Торланның тарихы мәлімсіз. Түркістандағы атақты «Әзірет Сұлтан» мешітінің кірпіштері қорғасынмен жалатылған. Егерде ол қорғасындар осы Торлан ошағынан қорытып алынса, онда Торлан кені 13-14 ғасырларда да өндіріс жүзінде өмірлі болуы керек.

Торлан кені Түркістан қаласының шөлейт пен шығыс жақтарының аралығында қаламен арасы 65 шақырым жер. Орны Қаратау кенересінің оң бөліміндегі жоталардың бірінде. Кен орнының дерегі: шөлейт енінің $43^{\circ}32'$, 50° полку меридиянынан алғанда шығыс бойының $38^{\circ}32'$, 45° . Түркістан қаласы мен Торлан кенінің арасында бұрыннан салынған арба жол бар. Түркістаннан 45 шақырым жер бұл жол жазықпен жүріп отырады. Одан Қаратау биіктерінің ішіне кіреді. Торлан ошағы «Көк қия» мен «Аша сай» дейтін екі бұлақтың арасындағы биіктеу жотасында. Аша-сай бұлағы «Қатын-Камал» өзенінің бір тарауы. Бұл өзеннің бойында Торланнан $6\frac{1}{2}$ шақырым жерде Лесманның салған ескі қорғасын зауыты бар. Зауыттың тұрған жері Торлан ошағынан 350 метрлік аласа (2 метр қазақтың бір құлашындай болады). Кенінен $1\frac{1}{2}$ шақырым шығыс жақта Көк-қия бұлағының жиегінде ерте кезде кен жұмысшылары тұрған поселкесі бар. Поселкенің орны кен ошағынан 250 метрлік аласа. Поселке мен кеннің салт не жаяу қатынас болмаса, арбамен жүруге болымсыз. Поселке мен ескі Лесман зауытының арасы 8 шақырым. Екі арасына арбамен жүруге болымды. Кен ошағының маңы – жыныс таулар. Кей құздардың биіктігі 500 метрге шейін барады.

Торлан аймағындағы Қаратау кенересінің жоталары ыңғай тұнба тау жыныстарынан құралған. Бұл жыныстарды екі бөлімге жіктеуге болады: 1) Төменгі жік. Бұл балшық араласқан ізбез тастарынан жасалған. Қалыңдығы – 575 метр. 2) Жоғарғы жік. Бұл бір ыңғай таза ізбез тастарынан құралған. Қалыңдығы – 235 метр. Төменгі жіктің төсеніші – құм тастары. Олардың қалыңдығы қанша екендігі мәлімсіз. «Тас көмір» дәуірінен бұрын жоғарғы көрсетілген тау жыныстарының бәрі де теңіз суының астында жатқан. Одан кейін бұл аймақта күшті жер сілкіну болып, бұл тастардың бәрі де судан шығып қырат болған. Бертін заманда бұл қыратты тағы да теңіз суларының тасқыны басқан. Соңғы теңіз кейіннен тартылып түрлі көлдер жасалған. Бұл көлдердің орнында қазір де тас-көмір ошақтары бар (Шақбақ, Бұрылдай, Баба-Ата, Батбақ ошақтары сияқты). Теңіз сулары әбден тартылып біткен соң соңғы дәуірлерде бұл жерде тыңнан тағы да жер сілкіну басталып оның себебінен осы күнгі Қара таудың жоталары жасалған. Торлан кені де осы жер сілкінуден жасалған жердің негізгі бір жарығының бойында. Торлан ошағына «Аша-сай», «Қаракенсай» дейтін екі бөлек кен орны кіреді. Бұлардың Қаракенсайындағы кені әлі мүлде зерттеусіз. Сондықтан қазірде Торлан ошағы деп жалғыз «Аша-сай» кені есептеледі.

Кеннің жотасы: шөлейт пен батыс аралығына бейім 290°

Кеннің құламы: шөлейт пен шығыс аралығына бейім 55°

Кеннің денесі төңкерулі астау сияқты. Тереңдеген сайын енін кеңейтіп отырады. Жер бетіне шығып көрініп жатқан кен денесінің жотасы 50 метрдей. Ені 0,5 метрден аспайды. Жер астына тік өлшеумен 50 метр тереңдегенде, кеннің жотасы 290 метрден асып, орташа ені 22 метрге шейін барады. Жалпы алғанда кеннің ені бір қалыпта тұрмай айнымалы

болып, кейде 50 метрге шейін кеңіп, кейде тарылып 10 метрге шейін келеді. Кеннің төсеніші мен жамылшысы үнемі жаншылған ізбез тасы болып отырады. Ізбез тасы қашанда жер астындағы сулардың ағын қайратына шыдамсыз болады. Тереңдей келгенде кен денесінің ені айнымалы болғандығының да себебі осыдан.

Кен денесінде көзді сулар 60 метр тереңнен басталады. Сондықтан бұрынғы қазылған шахталар осы 60 метр тереңнен төмен түспеген. Бұл жерлерде үнемі кеннің шайылма бөлімі кездесіп отырады. Кенді қоршаған тастар жаншылған ізбез болғандықтан, сулар кеннің 60 метрден төмендегі бөлімінің де көбін шайып кетуге лайық. Мұның растығын өткен жаз салынған бұрғыларда айқындап ашып отыр. Салынған ең терең бұрғы тік өлшеумен 125 метр жерден кеннің әлі де шайылма бөлімін кездестіріп отыр. Сондықтан Торлан кенінің ең маңызды боларлық «түнба» бөлімі әлі табылған жоқ. Торланның шайма бөліміндегі кендер үнемі көміртегі араласқан қорғасынның тоты. Бұл кенді ғылымда «церуссит» дейді. Церусситтерге кен денесінде кейде құм, кейде жабысқақ қоңыр балшық, кейде жоса араласып отырады. 1926 жыл мен 1927 жылы жасалған зерттеулердің қорытымына қарап Торландағы тотықба кендерді төменгі 4 сортқа жіктеуге мүмкін:

Балшық аралас церуссит кені;

Қатты таза церуссит;

Үгілмелі таза церуссит;

Жоса араласқан кендер.

Бұлардың ең бағалысы 2 мен 3 сорттары. Олар кен денесінің орта бөлімінде жиі кездеседі.

Ленинградтағы кен зерттеуші комитеттің Николаев дейтін шеберінің жасаған талдамына қарағанда, I сортты кенде 8,37% қорғасын, II сортта 54,36% қорғасын, III сортта 76,65% таза қорғасын барлығы білінеді.

Торлан кенін зерттеуге шыққан Геолкомның шеберлері Торлан кендері туралы төмендегідей қорытынды береді:

Кеннің сорттары	Барлық шамасы	Ішіндегі қорғасыны	Дербес салмағы
Балшық аралас церуссит	барлық кеннің 57,5 %	13,91%	2,8
Қатты церуссит	барлық кеннің 5,7 %	51,23%	5,3
Үгілмелі церуссит	барлық кеннің 2%	65,26%	6,0
Жоса араласқан кендер	барлық кеннің 34,8 %	2,94%	3,0

Сорттарға жіктемей жалпы алғанда кеннің ішінде 15,14% таза қорғасын бар. Қазып алу жағынан келгенде Торлан кендерін 2 жікке бөлуге мүмкін:

А) Қайламен қазылатын кендер (I мен III сортты кендер);

Б) Динамитпен бұзып алатын кендер (II мен IV сортты кендер).

Балқыту жағынан алғанда Торлан кендері:

Таза кендер (өйткені мұнда қорғасыннан басқа металдар жоқ);
Шабылма, металға кедей кендер (орта есеппен кендегі қорғасын 15% аспайды).

Оңай балқитын кендер.

I-ші мен III-сорттың кендері тұтас емес, шашылма түрде. Оларды зауыт пешіне салмастан бұрын «илеп» біріктіруге керек болады. IV сортты есепке алмағанда алғашқы 3 сорттың кенінде 22,82% таза қорғасын бар. Сондықтан кейінде IV-сорттың кенін пайдаланудың үнем жүзінде қаншалық қолайлы екендігі әзірше көмескі. Мастович дейтін профессор I-ші мен IV-сорттың кендерін пешке салмастан бұрын іріктеуге салу керек дейді.

60 метр тереңдіктен жоғарғы жақтағы кендерді Торлан ошағындағы Геолкомның зерттеуші шеберлері жатқан орнына қарата жікке бөледі. Бұл жіктердегі кеннің жалпы шамасы мынау (тонна өлшеуімен бір тоннада 61 пұт болады):

Жіктің нөмірі	I сорт кендер		II сорт кендер		III сорт		IV сорт		барлығы	
	Кен	Қорғасын	Кен	Қорғасын	Кен	Қорғасын	Кен	Қорғасын	Кен	Қорғасын
№1	14302	1990	2517	1289	1002	654	18275	549	36196	4482
№2	1526	212	265	136	108	70	2142	62	4041	480
№3	13084	1826	2263	1159	900	587	18374	540	34621	4106
№4	8022	1116	1510	774	600	391	6125	180	16257	2461
№5	1241	1004	1357	685	541	352	3512	162	14630	221
№6	641	89	121	62	48	31	490	15	1300	147
Барлығы	46679	6410	8275	4239	3294	2147	51998	1537	109646	14633

1927 жылы жазда болған Атбасар тіресінің комиссиясы Торлан ошағындағы кендердің жалпы шамасы 60 метрдей жоғары бөлімінде 109 856 тонна болады деп шамалаған. Оның ішінде таза қорғасыны 106 338 тонна. Оның ішінде:

Анық запасы №2 жіктегі 4041 тонна кен (қорғасыны 480 тонна);

Болжаулы запас №3,4 жіктердегі 87074 тонна кен (қорғасын 13049 тонна);

Күмәнді запас №1,5,6 жіктегі 18741 тонна кен (қорғасын 2804 тонна).

Бұрғы мен зерттеу жұмыстары біткен кезде 1927 жылдың күзінде барған Трушков дейтін профессор Торлан ошағындағы 125 метрден жоғарғы жердегі кеннің шамасын 298000 тоннаға шамалайды. Ішіндегі қорғасыны 38232 тонна. Бұл шаманың:

Анығы: 80000 тонна кен (қорғасын 5600 тонна);
 Болжаулысы: 168000 тонна кен (қорғасыны 19152 тонна);
 Күмәндісі: 50000 тонна кен (қорғасыны 5000 тонна).

Қазған, балқытқан кездегі қорғасынның шығынын еске алып келіп профессор Трушков Торлан кенінде (Қаракенсайды қоспағанда) барлығы 30000 тонна пайдаға асарлық таза қорғасын бар дейді.

Торлан зауыттарының үнем жағдайлары

Теміржол бойынан оқшау жердегі кен орындарының келешегіне ішіндегі кен шамасынан басқа, төмендегі үш шарттар әсер береді. Олар:

Кіре;

Отын;

Жұмыскер күші.

Бұл шарттарды жеке алып зерттеп көрейік.

Кіре шарттары. Қазақстан жеріндегі жасалып жатқан зауыттардың тәжірибесіне қарағанда, үнем жүзінде қашанда көлікті кіре автомобильдерден пайдалы болатындығы білінеді. Өйтсе де кіре көлігінің нарқын өзгертпеу үшін және де кейбір керекті заттарды зауытқа тез жеткізуге Қазақстандағы зауыттарға аз да болсын автомобиль алуға қажет сияқты. Көлікті кіренің бағасы төменгі шартқа байланады:

Кіре жолының ұзындығы мен жағдайы.

Аудандағы елдің көлік күштері.

Кіре саймандарының бағасы.

Торлан ошағы Түркістан қаласынан 70 шақырым жерде екендігін жоғарыда айттық. Бұның 50 шақырымы жазық, 20 шақырымы таулы жермен жүреді. Таулы бөлімде де биіктігі 10-15 градустан асатын асулар жоқ. Жол бойында арық, бұлақ сулары мол. Көлікке жемдік өсімдік те бар. Торланның шығыс бет шөлейт бөлігіндегі Созақ, Жылы бұлақ, Қаракөл болыстарында түйе көп. Бұл түйелер жылында кіре тасуға Қоқан аймағына барып жүреді. Қазақ елінде көлігінен басқа кіре саймандары жоқ. Сондықтан кіреге керек заттарды зауыттың өзі сатып алуға керек. Қазір де Жосалы мен Қарсақбай зауытының арасындағы кіре (370 шақырым) пұтына 1 сом. Оның 50 тиыны көлік майы, 50 тиыны сайман шығындары. Жол жағдайлары Қарсақбай мен Торланда бірдей деуге мүмкін. Сондықтан Түркістан мен Торлан арасындағы кіре көлікпен тасылғанда, пұтына 50 тиыннан қымбат түспеуге керек. Торлан зауыты егерде жылына 150,000 пұт қорғасын балқытып шығаратын болса, Түркістан мен Торлан арасындағы жылдық кіре жүгінің шамасы 400,000 пұттай болуы керек.

Отын жағдайы. Торлан кенін зауыт пешінде балқыту үшін және зауыттың электр станциясы мен үйлерінің жағуына не ағаш, не тас көмір отыны қажет болады. Зауыт өмірінде балқып шығатын бір пұт қорғасынға 1,8 пұт кокс пен 2 пұт көмір шығын болып отырады. Торлан аймағында ағаш отын табылуы мүмкінсіз. Басқа отынның бағасы

Торланға әкелгенде төменгі сияқты:

Отынның тегі және шыққан орны	Жерінде	Теміржол кіресі	Көлік кіресі	Шашылуы	Барлығы
Донбастың коксі, бір пұты	37 тиын	45 тиын	50 тиын	13 тиын	1 сом 45 тиын
Сексеуіл көмірі, бір пұты	1 сом	10 тиын	50 тиын	34 тиын	1 сом 94 тиын
Қызылқия ошағының көмірі, бір пұты	40 тиын	10 тиын	50 тиын	10 тиын	1 сом 10 тиын
Сүлікті көмірі, бір пұты	50 тиын	10 тиын	50 тиын	11 тиын	1 сом 21 тиын
Донбасс көмірі, бір пұты	20 тиын	35 тиын	50 тиын	11 тиын	1 сом 16 тиын
Сексеуіл, бір пұты	40 тиын	5 тиын	50 тиын	-	95 тиын

Жоғарғы цифрлар Торлан зауытының отын мәселесі аса қолайсыз түрде болатындығын көрсетеді. Коксті алғашқы кезінде сөзсіз Донбас-тан алдыруға керек болады. Бебер дейтін кен зерттеушісі Торланның шығыс жағында 40 шақырымдағы «Бабатай», «Батпақ» дейтін жерде ені 2 метрге жақын тас көмір қыртысы бар деп жазады. Сондықтан толық зерттеу жүрсе, керекті жылдық тас көмірді алыстан тартпай осы жердің өзінен табуға мүмкіндігі бар. Егерде Бабатай-Батпақ маңынан көмір тіпті табылмаса, Торлан зауытына көмірден көрі нефть (мұнай) отыны қолайлырақ болуына да лайық. Бұл әзірше көмескі.

Жұмыскер күші.

Забайшы, кірпіш құюшы және жабайы қара жұмыскер күшін зауыт аймағының өзінен табуға мүмкін. Басқа жұмыскерлерді Қызылорда, Ташкент биржаларынан іздеуге керек болады. Зауыттың өз маңында ескіден қалып келе жатқан 300 адамнан артық қара жұмыскер күші бар. Зауыт пен кен қазу жұмысына жалпыша 400 адам үнемі жұмыста болуы керек. Жұмыскердің алатын айлық жалақысын орта есеппен 60 сомға шақсақ, бұған үстелетін профсоюз, сатыстырақ шығындарын қосқанда жұмыскер ақысы балқытатын қорғасынның әрбір пұтына: $\frac{3,520,000}{150,000} = 2$ сом 56 тиынға түседі.

Жаңа қорғасын зауыты

Отын, жол, жұмыскер, кен жағдайларына қарағанда Торландағы салынарлық жаңа зауыт жылына 120,000 не 150,000 пұт қорғасыннан кем өндіріске шамаланбауына керек. Өндіріс шамасы мұнан кем болса үстем шығындарының көптігі Торлан зауытын зиянды түрге әкеледі. Баста айтылған Лесманның ескі зауыты қазір де тозған, бұзылған күйде. Және де жаңа күйінің өзінде де, ол зауыт мықтаса жылына 60,000 пұттан артық қорғасын шығара алмас еді (пештің тарлығы, машина

саймандарының әлсіздігі тақырыпты). Сондықтан Торлан кеніне жаңадан арнап қорғасын зауытын салуға керек болады. Бұл жаңа зауыт кен ошағының жанындағы жұмыскер қаласының жанынан салынғаны пайдалырақ (Өйткені соңғы шартта шахты мен зауыт арасындағы кеннің кіре жолы көп қысқарар еді). Зауыт пешінің өндірісіне жеткілікті су болуы қажет. Лесман зауытының жанындағы «Қатын-Камал» бұлағы – аса көзді. Жұмыскер қаласының жанынан ағатын «Көл-қия» бұлағының көз мөлшері қанша екендігі мәлімсіз. Сондықтан жаңа зауыттың орнын ашу үшін алдымен «Көл-қия» бұлағы сөткесіне және жылына қанша су беретінін есептеп алуға керек.

Салынатын жаңа зауыт жылында 150,000 пұт қорғасын шығарса, бір сөткеде ол 600 пұт қорғасын балқытып отыруына керек (Зауыт жылына орта есеппен 250 күн толық жүріп отырады. Басқа уақыты жамау, түзету сияқты демалыстарда өтеді). Егерде Торлан кендері іріктеу тәсіліне көнсе, онда жаңа салынатын зауытты Торланнан қашық әкетіп Шақбақ, Бұрылдай, не солар сияқты Сырдария губернасындағы басқа бір сенімді тас-көмір ошағының жанына орнату пайдалырақ болар еді. Соңғы шартта отын кіресі тіпті аз болмақшы.

Торлан өндірісіне керек ақшаның мөлшері

Атбасар тіресінің зерттеуі бойынша Торлан кендерін іске асырып «өндіру» жұмысына төмендегі ақшалар қажет болады:

Кіре саймандарына (автомобиль, жол түзету) – 150,000 сом;

Кенді қазып шығару жұмыстарына (шахта саймандарына) – 456,000 сом;

Қорғасын балқытын зауытты салу шығыны – 600,000 сом;

Қызметкерлерге үй салу шығыны (жұмыскер пәтері, зауыт кеңсесі, монша, складтар және басқалар) – 1,777,500 сом;

Басқару жұмысы басқа үстем шығындар – 502,260 сом;

Зауытқа керекті түрлі талдам, зерттеу, тәжірибе шығындары 34,550 сом;

Барлығы – 3,520,290 сом.

Бұл соманы өндіріс мөлшеріне шақсақ Торлан зауытының бір жылда балқытып шығаратын қорғасынның пұтына: $\frac{3,520,000}{150,000} = 23$ сом 40 тиынға келеді.

Торландағы қазір де көрініп отырған кеннің шамасы профессор Трушковтың жорта ықшамдап есептеуінің өзінде 30,000 тонна (яки 1,800,000 пұт) таза қорғасын бергілікті. Бұл кен кейіндегі Торланның өзіне және Қаракенсай кеніне жасалатын толық зерттеулердің тіпті жеміссіз болып шығатын шартының өзінде де Торлан зауытына $1,800,000 = 12$ жыл азық болуға жарайды. Соңғы зерттеулер кемінен зауытқа тағы да 3-4 жыл азық боларлық қосымша кен табуы күмәнсіз нәрсе. Сондықтан

Торлан өндірісіне жұмсалатын ақша зауыттың бір жылы емес, 10-15 жыл өміріне азық болмақшы.

Торлан зауытының алғашқы жылындағы беретін қорғасынның шамасы 10 тонна (яки 610 пұт). 10 тонна қорғасын балқыту үшін ұсталатын шығындар:

Шығынның аты	Шамасы	Бағасы	Жинағы
Қорғасын кендері	80 тонна	30 сом	2,400 сом
Кварц тасы (пештің ыстығын ұстау үшін керек)	5,5 тонна	12 сом 20 тиын	67сом 10 тиын
Ізбез тасы (кенді тез балқыту үшін керек)	9,1 тонна	12 сом 20 тиын	111 сом
Кокс (шыныққан тас көмір)	17 тонна	88 сом 45 тиын	1503 сом 60 тиын
Тас көмір	10 тонна	67 сом 10 тиын	671 сом
Электр күшінің шығыны	-	-	104 сом 50 тиын
Жұмыскер ақысы	160 адам	2 сом 61 тиын	552 сом
Мамандар ақысы	30 адам	6 сом	180 сом
Түрлі ұсталықтардың шығыны	-	-	130 сом
Барлығы 10 тонна қорғасынның шығыны	-	-	5719 сом 20 тиын

Сондықтан бір тонна қорғасынның зауыттағы бағасы $\frac{5719 - 20}{10} = 571$ сом 92 тиын болмақшы.

(Бір пұтының бағасы 9 сом 37 тиын). Енді Торлан қорғасынның базарға шыққандағы «өз басының» қанша болатындығын білу үшін жаңағы бағаға зауыт салынуға баста ұсталған ақшаларды қайтарып алу үшін керек болатын тиісті өнімді қондырып, оның үстіне зауыт басқармасының ұстайтын басқа шығындарын бөліп салуға керек болады.

Бұларды орындағанда Түркістан қаласына барып теміржол вагонына тиелгендегі Торлан қорғасынның пұт бағасы төменгі шығындардан жиналмақ:

Зауыт пешінен шыққандағы қорғасынның бағасы: 9 сом 37 тиын (зауыт, шахта шығындары соның ішінде);

Басқарма, кантор, жұмыскерлердің пәтер шығыны және басқа үстем шығындар 2 сом 31 тиын;

Зауыт салуға жұмсалған ақшаны қайтару үшін үнем – 79 тиын;

Түркістанға шейінгі кіре бағасы мен вагонға тиеу шығыны – 54 тиын.

Сонымен жинап келгенде, Түркістан барып вагонға түскендегі Торлан қорғасынының пұт бағасы алғашқы жылында 13 сом 28 тиын болуына керек. Кейінгі жылдарда Баба-Атадағы көмір ошағы зерттеліп, отын арзандағанда, кен ошағындағы шахта саймандары келісіп, кен

арзандағанда Торлан қорғасынның бәсі алғашқысынан көрі пұтына 2 сом кемір деп шамалауға болады. Соңғы шартта Торлан қорғасыны арзандығынан базар нарқында көсем заттардың бірі болуына даусыз.

Торлан кенінің әзірше зерттеліп есепке түсіп отырғаны тек «Аша-сай» өзегіндегі бөлімі. Қаракенсайдағы кен денесі әлі зерттеусіз дедік. Аша-сай кенінің 125 метрден төменгі жерінің өзі де әзір зерттеусіз. Кен денесінің тереңдеген сайын үзілуге бейімделіп, енін тарылтпай кеңей беруіне қарағанда, Аша-сай кенінің тереңінде де әлі бірсыпыра кеннің табылуына дау жоқ. Аша-сай кенінің жотасы Қаракенсай кеніне қарай бейімді. Екеуінің құламы бір. Сондықтан Аша-сай мен Қаракенсай кендерінің екеуі де тереңде бір қосылып тұтасып кетуі мүмкін нәрсе. Соңғы шарттарда Торлан кенінің маңызы қазіргісінен әрине әлденеше қабат артпақшы. Сондықтан Атбасар тіресі 1928 жылдың жазында 150,000 сом шығарып, Торланда терең бұрғы зерттеуін жүргізбекші болып жатыр.

Жоғарғы шарттарға қарағанда бұл зерттеулер жемісті болар деп сенуге мүмкін. Торланнан басқа да Сырдария губерниясында қорғасын кендері көп. Бұл кендердің көбі (мысалы, Талдықорған, Сүлейменсай, Түлкібас, Талас, Қара-Балта, Сарықарт сияқты) Торлан ошағын басып жүретін жоғарыда айтқан. Жердің бір негізгі бір жарығының бойында. Бұл кендердің бәрінің жасалуына баста себеп болған жердің осы негізгі сызаты болуына мүмкін. Сондықтан бұл сызаттың бойын толық зерттеуге кірісу ең қажет жұмыстардың бірі.

Сырдария губерниясында тас көмір ошақтары көп. Бұл ошақтардың көбі (Шақбақ, Бұрылдай, Ленгер, Арыстанды, Баба-Ата, Батбақ сияқты) Қаратау кенересінің шығыс пен шөлейт бөктерлерін басып өтетін ені 6 шақырымдық «Юра» дейтін заманнан қалған тұнба жыныстардың ішінде. Сырдария губерниясындағы тас көмірлер сан жағында, сапа жағында Ақмола-Семей көмірлерінен көп төмен. Өйтсе де қазірден бастап зерттеу жүрілсе, Қазақстанның оң бөліміндегі Торлан сияқты жасалуға бейімді өндіріс орындарына азық боларлық отын алыстан тасылмай осы Сырдария губерниясындағы теміржол бойына жақын ошақтардың бірінен табылар еді.

АТБАСАР ТІРЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАЗЖЕТТЕРІ (Қазақстан үкіметінің кіндікке жасайтын баяндамасының қарсаңында)

Атбасар тіресінің қарамағындағы өндіріс орындары халқы сирек, егін кәсібі жоқ, теміржол бойынан қашық, қазіргі күйінде өндіріс жабдықтарын жүргізуге қолайсыз Қазақстанның орта және түстік бөліміндегі жерлердің ішінде.

Өндіріс жабдығы қиын болғанмен Қазақстанның орта және түстік бөлімдері қорғасын, мыс, цинк сияқты түсті металдар мен тас көмір кеніне өте бай. Бұл кен байлықтарын өндіріс жүзінде толық жүзеге асыру үшін Қазақстанның орта мен түстік бөлімдеріндегі шаруашылық түрі мен қатынас жағдайларын негізінен өзгерту қажет. Бұнымен қатар ол бөлімдердегі өндірістің мүмкін боларлық ең жоғарғы мөлшерін айқындау үшін түсті металл мен көмір кендеріне қазірден бастап толық және тығыз зерттеу жұмыстарын өркендету керек болады.

Қазіргі кезде Атбасар тіресінің қарамағына төменгі өндіріс орындары кіреді:

- А) Қарсақбайдағы мыс балқыту зауыт;
- Б) Қарсақбайдағы кен іріктейтін фабрик;
- С) Жезқазғандағы мыс кендерінің ошағы;
- Ж) Байқоңырдағы тас көмір ошағы;

З) Торғай алабындағы «Қорғасын» дейтін жердегі кен ошағы. Бұлардың ең соңғысы кен аз болғандықтан, қазір де жабық күйде тұр. Қалғандары жасалып, бітіп келеді.

II Ыспас комбинаты (Ақмола округінің ішінде). Бұған кіретіндер:

- А) Ыспастағы мыс балқытатын зауыт;
- Б) Сарысу бойындағы кен іріктейтін фабрик;
- С) Нілдідегі мыс кендерінің ошағы;
- Ж) Қарағандыдағы тас көмір ошағы.

Бұлардың ішінде кен іріктейтін фабрик 1919 жылы өртеніп кеткен.

Қалғандары қазір де тоқтаулы, тұрулы күйде тұр.

III Сырдария комбинаты (Әулие ата округінің ішінде). Бұған кіретіндер:

- А) Әулие ата қаласындағы қорғасын балқытатын зауыт;
- Б) Сүлейменсайдағы қорғасын кендерінің ошағы;
- С) Торландағы қорғасын кендерінің ошағы.

Бұлардың алғашқы екеуі қазір де жүрулі. Соңғысы қазір де зерттеліп, жүруге бет алып отыр.

Қарсақбай комбинатына енетін өндіріс орындарының қазіргі халі және келешегі үшін төменгі жабдықтарды тез орындау керек:

А) Жезқазған ошағының өзіндегі және оның аймағындағы Қарашошақ, Жыланды, Тасқұдық, Тілеу тілер тас дейтін жерлердегі мыстың кендерін тез және толық түрде зерттеу керек. Зерттеу жұмыстары

қаражатқа тіреледі. Қазіргі 27-28 жылы Жезқазғанды зерттеу жұмысына беріліп отырған қаражат 100 мың сом. Келер жылдан бастап бұл қаражаттың шамасын сайын 500-600 мың сомдарға жеткізуге керек болады. Бұл шығындардың өнімі күшті. Өйткені оларды зерттеуден кейін табылатын мысқа шағып қарасақ, бар бір пұт мысқа 15 тиыннан артық келмейді. Бұл зерттеу жүзінде көрілмеген арзаншылық.

Б) Қарсақбай өндірісін теміржол арқылы Тәшкен, не Сібір теміржолының бірімен жанастыру. Бұл шарт орындалмаса, Қарсақбай өндірісін кен мөлшерінің шамасына сәйкес дәрежеге әкеліп көтеруге мүмкіншілік кем. Бұл теміржолдың зерттеу жұмыстарын одақтық жол комиссариатының (НКПС-нің) келешек 1928-29 жылғы жоспарлы жұмыстарының енгізуге керек болады.

С) Қарсақбай өндірісінің отын жағдайы жайсыз күйде. Байқоңыр ошағының көмір қоры аз. Зауыттың келешегіне талшық болуға жарамсыз. Жезқазғаннан 220 шақырым шығыс пен шөлейт аралында, Теңіз көлінің оң бөлімінде саны мен сапасы Қарағанды ошағына ұқсас келетін тас көмір кені бар. Қарсақбай өндірісінің келешек отын негізі осы Теңіз ошағы болуға лайық. Сондықтан келер жылдан қалмай, Теңіз ошағын зерттеу жұмысына қажет болатын қаражат жеткілікті түрде беріле бастауы керек. Зерттеудің толық шығынын 500 мың сомға шамалауға болады. Зерттеу 5 жылда орындалып бітсе, жылдық зерттеу қорының шамасы 100 мың сом болуы керек.

Д) Қарсақбай өндірісінің азық-түлік, жұмыскер мәселесі қазір де жағдайсыз күйде. Бұларды жетістіру үшін өндірістің азық-түлік, жұмыскер қорларын жақын ауданнан табуға тиісті шарттарды қарастыру керек. Бұл шарттар Қарсақбай ауданының шаруашылық, салт-сана жағдайларын өзгертіп, жоғарғы сатыға әкелуді қажет қылады. Соңғыны орындау үшін ауданның ішіне шаруашылыққа сәйкес келетін «шоғырлы» түрдегі жерге орналастыру. Кооператив, мектеп жұмыстарын өркендету, ауданның ішіне үкіметтің түрлі мақсатты қорларын тарату (мысалы, құрғақшылықпен күресу, ауыл-қышлақ үйлерін салуға арналған қорлар сияқты). Қарсақбайда ерте заманда болған жәрмеңкені қайта жүргізу, Қарсақбай ауданының кіндігін зауыттың жанынан жасап, ол жерге қазірден бастап аудандық мекемелерге арнаулы үйлерді тез салу жұмыстарын жүргізуге керек.

Ыспас комбинатына кіретін өндіріс орындарының қазір де тоқталып тұруының ең үлкен себебі теміржол бойынан қашықтығы (ең жақын «Шортанды» станциясы 420 шақырым жерде). Ыспас ауданындағы кендердің зерттелу шамасы 25 000 тонна мыс (Нілді ошағындағы) 5 миллиард тонна таскөмір (Қарағанды ошағындағы). Өткен 1926-27 жылғы Атбасар тіресінің жасаған зерттеу жұмыстары Нілді ауданының кенге әлі болса да берекелі екендігін ашып отыр. Нілді ошағының 50 шақырым оң мен шығыс бөліміндегі Қайрақты дейтін жерде Атбасар тіресі биыл бұрғы зерттеу жүргізіп жатыр. Нілді ошағының өзінде және

аудандағы Бесшоқы, Алмалы дейтін жердегі мыс кендерінде электр зерттеуін жүргізіп жатыр. Бұл зерттеулердің бәрі де жемісті болады деуге толық дәлелдер бар. Қарағанды ошағының көмірі Қазақстанда бірінші Ыспас зауыттарының келешегі. Сондықтан төменгі екі бағытпен өркендеуі керек.

Ыспас зауыты маңындағы Нілді, Қайрақты, Бесшоқы сияқты кен шахталарының ішіндегі мысты балқытатын аудандық өндіріс кіндігі.

Қарағанды ошағы төменгі орындардың қажетін өтейтін сенімді отын азығы, ол орындар:

А) Қазақстанның түсті металдарының өндірісі;

Б) Оң бөлім Оралдағы шойын өндірісі;

С) Қарқаралының 40 шақырым оң мен шөлейт бөліміндегі Кентөбе, Тоғай ошақтарын жүзеге асыратын Қазақстанның келешектегі шойын өндірісі;

Д) Теміржолдың өзі және бойларындағы түрлі ұсақ өндіріс орындары.

Ыспас комбинатының жоғарғы көрсетілген бағытпен жүре бастауына қажет нәрселер:

А) Шортанды, Ақмола, Қарағанды теміржолдарын тез салып бітіру. Бұл жолдан ұзындығы 40 шақырым болатын Қарағанды мен Ыспас зауытының арасындағы зауыт теміржолын байланыстыру.

Б) Нілді ауданында кен зерттеу жұмыстарын дәуірлету. Нілді ауданын зерттеуге арналған биылғы қордың шамасы 70 мың сом. Келесі жылда бұл қордың шамасын 150 мың сомға жеткізу керек. Нілді ауданымен қатар Ыспас зауытына жақын тұрған Желтау, Қанды адыр, Қожан, Шадыра, Молтақ ошақтарындағы кендерді зерттеу жұмыстары кідірмей жүргізіле бастауы керек.

Сырдария комбинатына кіретін Әулиеата зауыты мен Сүлейменсай ошағының келешегі, үмітсіз (кеннің шамасы құнарсыз). Торлан ошағындағы қорғасынның қазіргі зерттеулі шамасы 25000 тонна, биылғы жылы Торлан ошағы екі бұрғы машинасымен тығыз түрде зерттеліп жатыр. Зерттеу қортымы қолайлы болады деп сенуге күшті дәлелдер бар. Торланнан басқа да оң бөлім Қазақстанда (Жетісу, Сырдария губерналарында) Геолкомның шорпа зерттеулері көп жерден қорғасын кендерін тауып отыр. (Қарабалта, Түлкібас, Талдықорған ошақтары сияқты) Қаратау кенересінің шығыс етегін өрлеп, үзілмей Алатаудың шөлейт бөлімдеріне тірелетін тар енді «Пура» дәуірінде жасалған көмір қыртыстары бар. Аймақтағы Шақпақ, Борылдай, Ленкра, Арыстанды, Баба-Ата сияқты көмір ошақтарының бәрі де осы «Пура» қыртыстарының бойында. Сондықтан Сырдария комбинатының қазіргі қажет нәрсесі оң бөлім Қазақстанның ішінде қорғасын кені мен көмір ошақтарының зерттеу жұмыстарын күшейту. Оң бөлім Қазақстандағы ошақтардан қорғасынмен қатар «Банади» дейтін қымбат метал табылып отыр. Әзірше (Сүлейменсай ошағынан) бұл нади, соңғы кездердегі жасалған талдамдарға қарағанда, тіпті сирек табылатын және бағалы «ради»

дейтін металға ие екендігі көрінеді. Нади мен радидің қоры одақтың ішінде кем, жоққа есеп (Түркістандағы Түйемойын, Қарамазар ошақтарынан басқа). Сондықтан қорғасын қорын зерттеуге жұмсалған қаражаттың қортымы оң бөлім Қазақстандағы, тіпті маңызды болып шығатын жағдайлары бар. Биылғы Торлан ошағын зерттеуге 150 мың соң беріліп отыр. Келер жылдан бастап зерттеу қорының шамасын 250 мың сомға жеткізуге керек. Бұл қордың ішінде көмір ошақтарының зерттеуі де қосылады.

ҚАРСАҚБАЙ ЗАУЫТЫНДА МЫС ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЛЕШЕГІ

Қарсақбай мыс өндірісі Атбасар уезінің қиыр оңтүстік пен батыс аралығындағы Ұлытау кенерінің бітіс адырларының ішінде Ташкент теміржолының бойындағы «Жосалы» (Қармақшы) дейтін станция мен Қарсақбайдың арасында қазір де тәртіпті автомобиль мен кіре қатынастары бар. Қарсақбайдың сыртпен қатынасы көбінесе осы «Жосалы» арқылы болып отырады.

I Өндірістің жасалу тарихы

Қарсақбай өндірісінің негізі – Жезқазғандағы мыс кендері. Жезқазған ошағында бұрыннан қазылған кеннің терең орлары бар. Бұл «орлардың» көлеміне қарағанда, ерте заманда Жезқазғаннан кемі 1 миллион тонна (бір тоннада 61 пұт болады) тотықба мыс кені қазылып алынуға керек. Бұл кендердің ішіндегі таза мысы 50,000 тоннан кем емес. Осынша мысты балқытып пайдаланушы қандай халық екендігі мәлімсіз. 1771 жылы Жезқазған кені бірінші рет орыс үкіметіне мәлім болған. (Барон Бон-Трубениерик дейтін әскер бастығының мәлімдеуі бойынша) 19 ғасырдың орта шенінде Ушаков дейтін көпес Жезқазғанға бірінші рет 4 зайапке орнатқан. (барлық ауданы 16 шаршы шақырымдық). Бұл зайапкелердегі жерді Ушаков маңдағы қазақ иелерінен 400 сомға сатып алған. 1891 жылы Жезқазғандағы Ушакубтың зайапкелері Разанов дейтін көпестің қолына көшкен. Разанов өз күшімен Жезқазғанды жүзеге асыра алмайтын болған соң, қолындағы зайапкелерін 1907 жылы 260 мың сомға ағылшын байларына сатқан. Ағылшындардың қолында Қарсақбай 1920 жылға шейін болып келген. Кеңес үкіметі орнаған соң, ағылшындар қашқаннан былай Қарсақбай өндірісі 1925 жылға шейін «Қырғызстан» бұл күндегі Қазақстанның кіндік шаруа кеңесінің қарамағында болған. 1925 жылдың 10 июньдегі еңбек қорғау кеңесінің жарлығы бойынша Қарсақбай өндірісі жаңадан жасалған одақтық мәміле – «Атбасар тіресінің» қолына көшкен. Атбасар тіресіне үкімет Қарсақбай зауытын 1928 жылдың күзінен қалдырмай барын түзеп, жоғын тауып, жүргізуді міндет қылып тапсырған.

Қарсақбай өндірісіне кіретін кәсіп орындары

Қарсақбай өндірісіне кіретін орындары: 1) Жезқазғандағы кен ошақтары; 2) Байқоңырдағы көмір ошақтары; 3) Қарсақбайдағы мыс балқытатын зауыт пен кен іріктейтін фабрика; 4) «Қорғасын» дейтін жердегі кен ошағы. Бұлардың ішінде Қорғасын ошағының кені аз, келешегі үмітсіз, өзгелері қазірде жүруге бет алып жасалып бітуге тақалып келе жатыр.

Ағылшындардың істеген жұмыстары. 1907 жылдан бастап 1917 жылға шейін ағылшындар Қарсақбай зауытын жүргізу жұмысына шұғыл кіріскен. 1917 жылдан былай төңкеріс кезінде жұмыстарын мүлде тоқтатқан. Ағылшындардың Қарсақбайда бітірген жұмыстары мыналар:

1) Кен балқытатын зауыт пен кен іріктейтін фабриканың жобасын (проектін) толық жасап бітірген; 2) Кен ошақтарына, зауытқа, фабрикаға керек бірсыпыра машина саймандарын сатып алып, Қарсақбайға жеткізген. Бұлардың бірсыпырасы тиісті жеріне орнатылып та біткен (электр саймандары, пар (бу) жасайтын қазандар, ұсталық саймандары); 3) Жезқазған, Қарсақбай, Байқоңырдың арасына ұзыны 12 шақырымдық зауыт теміржолы салына бастаған; 4) Қарсақбай зауытында өндіріске керекті 16 бөлек үй салынып біткен (кен түйетін үйден басқа). Бұл үйлердің бәрі де кейіннен қайта түзетілді. Кейбіреулерінің түзетілуі шығын жағынан жаңадан салудан кем бола қойған жоқ. (мысалы, электр станциясы сияқтылар); 5) Жезқазған, Қарсақбай, Байқоңырда қоса санағанда, айналасы 128 бөлек үй, 17 қазарма салынған. Бұлардың кісі пайдаланарлық жылы ауданы жиыны 17212 шаршы метрдей; 6) Жезқазған ошағында 19 шахта, жиыны 3500 метрдей жер астындағы тіректер қазылған. Бұл тіректер арқылы 37500 тонна мыс берерлік кендер қазылып алынуға дайындалған. Кеннің мөлшерін зерттеу үшін 235 жерден бұрғы салынған. Қазылған шахта, тіректер мен салынған бұрғылар арқылы Жезқазғандағы табылған «анық» және болжаулы мыс запас жиыны 61000 тонна таза мыс беретіндігі анықталған; 7) Байқоңыр көмір ошағында 14 шақты жиыны 12748 метрлік тіректер қазылған. Бұлар арқылы 18000 тонна көмір қазып алуға дайындалған. Көмірдің мөлшерін зерттеу үшін 53 жерден бұрғы салынған.

Қазылған шақты тіректер мен салынған бұрғылар арқылы Байқоңыр ошағындағы «анық» және болжаулы көмір запасының шамасы жиыны 1,414,000 тонна екендігі анықталған.

Атбасар тіресінің 1925 жылғы июльдегі жасаған есебі бойынша ағылшындардың жоғарғы көрсетілген жұмыстарға сіңірген шығындарының барлық жиыны – 3,500,000 сом ақша.

Жоғарғы көрсетілген жұмыстардан Байқоңырда қазылған тіректер мүлде құлап бітелген. Барлық қазылған шахталардың бойын қайта түзету шараларын тілерлік халге келген. Тасып әкелінген машина саймандарының бірсыпырасы қазір де ескіріп, техниканың жаңа замандағы тапқан қолайлы әдістеріне сәйкес келмейтін болған соң, қазір де керексіз, артық түрде қалып отыр. Әсіресе, кен іріктейтін фабриктің әдістерінде соңғы он жылдың ішінде көп жаңалықтар туған. Сондықтан ағылшындардың кен іріктеуге әкелген машина-саймандары қазір де түгел керексіз түрде болып қалды.

Атбасар тіресінің істеген жұмыстары. 1925 жылдан бастап қазірге шейін Атбасар тіресінің Қарсақбай өндірісіне істелген жұмыстары мыналар:

Мыс балқитын зауыт пен кен іріктейтін фабриктың бұрынғы жобасы (проект) қайта сыналып, кейін толықтырылды. Әсіресе, жаңарған кен іріктейтін фабриканың жобасы. Бұл жобаларды қарап бекітер алдында Атбасар тіресі одақтағы және шет мемлекеттердегі кен жұмыстарын зерттейтін атақты орындарының көбімен байланыс жасап, пікірлерін тыңдады. Бұл мекемелердің ішінде: Мәскеудегі кен академиясы, Ленинградтағы кен зерттейтін, Германиядағы «Екоп», ағылшындағы «Минерал сеперойшон», Америкадағы «Женерал инженерінің» фирмалары бар;

Жезқазған ошағына керекті барлық машина саймандары, басқа түрлі жабдықтары орнатылып бітіп, 1928 жылдың 1 январынан былай кен шығарыла бастады. Өндірісті өркендету үшін Жезқазғанға жаңадан электр станциясы салынып бітті;

Байқоңыр ошағына керек саймандары түгел орнатылып, 1927 жылдан былай толық жүргізіле бастады;

Жезқазған, Қарсақбай, Байқоңырдың арасын қосатын ұзындығы 120 шақырымдық отарба жолы салынып бітіп, керекті паровоз, вагондары дайындалып, 1927 жылдың күзінен бастап отарба қатынасы орындалды;

Ташкент теміржолындағы Жосалы станциясы мен Қарсақбайдың арасында ұзындығы 375 шақырымдық арба жолы түзеліп, бойына жаңадан 16 жерден бекет үйлері салынып, үздіксіз машина, кіре қатынасын қамсыздандыратын түрге әкелінді. Кіре қатынасына керек боларлық быршке арбалар жеткілікті түрде дайындалды (жиыны 2000-нан артық);

Машина қатынасы үшін 25 жүк таситын автомобиль дайындалды. Бұлардың әрқайсысы бір жолында 180 пұт жүк салып кетуге мөлшерленген;

Кен іріктейтін, мыс балқытатын зауыттарға керек машина саймандар түгел тасылып дайындалды;

Жосалы мен Қарсақбайдың арасына телефон қатынасы жасалынып бітіп келеді;

Ағылшындардан қалған үй-қазармалардың бәрі де қайта жамалып, түзетілді. Оның үстіне соңғы 2 жылдың ішінде жаңадан 65 үй салынды (284 пәтерлік). Осы жылдың ішінде тағы жаңадан 20 үй (80 пәтерлік), 5 қазарма салынбақшы. Қазіргі кезде Қарсақбай өндіріс орындарындағы үйлердің кісі тұрарлық ауданы 22,000 шаршы метрге жетті. Бұл аудан ондағы тұрушы әрбір адам үшін 3,5 шаршы метрден келеді (қызметкерлердің үй ішіндегі жандарын түгел есепке алғанда). Осы жазғы салынатын жаңа үйлер біткенде, зауыттағы әрбір тұрушы адамға 4,4 шаршы метр пәтер ауданы келмекші. Бұл госпланның беріп отырған пәтер мөлшерінің процентіне тең болады;

Жезқазған ошағында жаңадан бұрғы зерттеуі жүргізіліп, 12,600 тонна берерлік кеннің жаңа қоры табылды.

Атбасар тіресінің Қарсақбай өндірісін жасап бітіріп, жүргізу жұмыстарына ұстайтын шығындары 10,500,000 сом ақша. Бұның 1927 жылдың 1 октябріне шейін 6,600,000 сомы ұсталып бітті. Ол ақшаға барлық керек жұмыстың 60 проценті орындалып отыр. 1928 жылдың 1 апреліне шейін барлық жұмыстың 76 проценті орындалып отыр. Қазір де жұмыстың барыс беттері де көңілдегідей қызу түрде.

Өндіріс мөлшері. Мыс балқытатын зауыттың жылдық өндіріс мөлшері 5000 тонн (300,000 пұт) таза мыс. Бұған қарата шақталып:

Жезқазған ошағының жылдық өндірісі 60,000 тонн, 10 процентті мыс кендерін қазып шығару;

Байқоңыр ошағының жылдық өндіріс мөлшері 65000 тонн таскөмір қазып шығару;

Кен іріктейтін фабриктің жылдық өндірісі 60,000 тонн кеннен, 17,000 тонн, 34 процентті мыс концентратын даярлап шығару;

Зауыт теміржолының жылдық өндірісі 8,000,000 тонна километрлік жүк тасып отыру;

Жосалы мен Қарсақбай арасында машиналар мен түйе кіресінің жылдық өндіріс мөлшері 6000 тонна жүк тасып беру.

Өндіріс мөлшерін молайту жолдары

Егер де қосымша мыс балқытатын тағы да бір көлемі қазіргіден гөрі кішірек зауыт пеші салынса, Қарсақбай зауытының жылдық өндіріс мөлшерін 7500 тоннаға жеткізуге мүмкін болар еді. Бұдан әрі молайту үшін жаңадан үй салу, машина әкелуге керек болады, оның шығыны күштірек болмақ.

Жосалы мен Қарсақбай арасына түйе кіресі ең жіті жүргенде 22 күнде толық бір айланады. Машиналардың толық айналысы орта есеппен 5-6 күн. Ауа райы мен жол жағдайлары бойынша Жосалы мен Қарсақбай арасындағы қатынас жылында алты ай ішінде ғана үздіксіз болуына мүмкін (майдан ноябрьге шейін). Жылдың басқа уақыттарында қатынасу не қиын, не тіпті мүмкінсіз. Сондықтан түйе мен машина жолы Жосалы мен Қарсақбай арасында жылына ең өндіргенде 7000-7500 тонн жүк тасып бітіруге ғана шамалы. Сондықтан осы Жосалы мен Қарсақбай арасындағы кіре өндірісінің келешектегі кеңеюіне ең шарт болатын кедергінің бірі. Оны өзгертпей (өзгерту үшін теміржол керек) Қарсақбай зауытының жылдық өндірісін 7000-7500 тоннадан асыру аса қиын нәрсе. Кен ошақтарының, кен іріктейтін фабриктің, зауыт теміржолының өндіріс мөлшерлерін мыс балқытатын зауыттың өндірісіне қарай шамалап қалаған мөлшерге әкелу жолдары мүмкін нәрсе.

II Қарсақбай өндірісінің келешегі

Зауыт өндірісінің келешек жағдайлары төменгі 4 негізгі шарттарға байлаулы. Олар мыналар:

Профессор Барукин өзінің «Металлургия в Кир. степи» дейтін кітабының 204-бетінде күшті кен өндірісіне екі¹ шарт керек, олар:

Кен ошағының мөлшері: 1) кеннің «көзділігі»; 2) отын мәселесі; 3) қатынас жағдайы; 4) зауыт аймағындағы жалпы шаруашылық күйі. Қарсақбай өндірісіне беретін бұл төрт шарттың жағдайы әр басқа. Сондықтан оларды жеке қарастырып өтейік.

Кен ошағының шамасы

Қарсақбай өндірісінің негізі Жезқазғандағы мыс кендері екендігін жоғарыда айттық. Жезқазған аймағы кен жағынан әлі де шала зерттеулі күйде. Бірінші рет Жезқазған ошағын ғылым жүйесіне тіреп тұзу зерттеген адам Американың шебері Сидней Болл дейтін. Ол 1910 жылы Жезқазған туралы толықша кітап жазған. Одан былай Жезқазған ошағын «жолсоқты түрде» Козаров, Краснопольский, Пригруппский, Пазухин, Тиме дейтін орыс шеберлері зерттеп өткен. Соңғы жылдарда Жезқазған ауданын жаратылыс және кен жағынан Яговкин дейтін орыс шебері толық тексеріп жүр.

Жаратылыс жағынан алғанда Жезқазған аймағы бірыңғай тұнба тау жыныстарынан құралған. Бұл тұнба тастар төменнен жоғары санағанда мынадай заттардан құраулы:

1) Олақ қатындардың қосқан женті сияқты «мың құрау» түйіршік аралас дөрекі құмтастар; 2) ізбез және балшықты тақта тастар; 3) қоңыр түсті ізбез тастар; 4) жасыл, не сұры түсті майда құмтастар; 5) қалың қыртысты қызыл және сұр құмтастар, бұлар жоғары келе бор бас, балшықты тақта тастарға айналып кетеді.

Кен жағынан бұл жіктердің ең маңыздысы соңғы 5-жік. Бұл жікке кіретін тау жыныстарын Болл сондықтан «Атбасар жігі» деп атайды. Яговкин «Жезқазған жігі» дейді. «Атбасар жігіндегі» тау жыныстарының өзін Болл шебер 20 бөлек жеке қыртыстарға талдап, оның ішінде 5 бөлек қыртыс қашанда кен тастарына ие болатындығын ашып кеткен. Яговкин дейтін орыс шебері 5-жікті төменнен жоғарыға қарай есептегенде мынадай қыртыстарға бөледі:

Ең төсеніштегі тас: ізбез. Оның үстінде қалыңдығы 190 метр құмтас қыртысы бар. Осы құмтастың ішіндегі мыс кендері қазір де «Анненский» шахтасының Жезқазғаннан 8 шақырым батыс жақтағы «Жаңай» адырларының және Жезқазғаннан 18 шақырым Жыланды өзеніндегі «Тілеу жартас» дейтін тастарда жер бетіне шығып жатыр.

¹ 1) Кеннің көзділігі. 2) ақшаның молдығы дейді. Ақша қашанда «пайдасыз» жерге ұсталмайды. Сондықтан біз Пазухиннің екінші шарты негізгі шарт емес, тек жоғарғы төрт шарттың «пайдалылығының» қорытымы деп ойлаймыз.

Қалыңдығы 240 метр кен жоқ қызыл балшықты тақта тастар.

Қалыңдығы 100 метр сұр, не жасыл түсті, майда құм тастар. Кеннің күшті көзі осы құмтастарда. Жезқазған ошағының ауданы үнемі осы құмтастармен бүркеулі.

Қалыңдығы 170 метр балшық араласқан майда құмтастар. Кен жағынан соңғы қыртысы әлі күнге шейін көмескі. 1926 жылы болған электр зерттеуі осы қыртыстың бойынан 2 жерде мыс кендері барлығын көрсетіп отыр (Жезқазған мен Тасқұдықтың арасында).

5-жіктегі тау жыныстарының жалпы жотасы шығыстан батысқа қарай бет алған. Құламы оң жаққа қарата орта есеппен 10^0-15^0 . Жезқазған ошағының ішінде 5-жіктегі тау жыныстары осы жерде томпиып жоғары көтеріледі.

5-жіктегі тау жыныстары ерте замандағы теңіз суларының жиекке тақау, саяз жерлеріне тұнған заттар. Бұл теңіз, Боллдың пікірінше, таскөмір дәуірінен бері болуға керек. Яговкин оны тас көмір дәуірінің орта шенінде болды дейді. Жезқазған аймағы ерте заманда күшті «сілкіну» дәуірін өткізген. Сілкінудің әсерінен ауданда көп жерде сызат, жарықтар жасалған. Кен булары тереңнен осы жарықтар арқылы жоғары шыққан. Бұл жарықтардың жотасы көбінесе шөлейт пен шығыс аралығынан оң мен батыс аралығына қарата беттеулі.

Кен денелерінің жатыс түрі

Жезқазғандағы мыс кендерінің жатыс түрі жалпақай текше сияқты. Зерттелген жердегі кен текшелерінің ұзыны: 90 метрден 150 метрге шейін. Ені 75 метрден 150 метрге шейін. Қалыңдығы 0,5 метрден 8 метрге шейін барады.

Әрбір кен текшесінің көлемінде 35,000 тоннадан 60,000 тоннаға шейін кен тасы бар. Кейбір текшелердегі кен тасының мөлшері жаңадан зерттеу болған шартта көбею ықтималдығы бар. Кен текшелерінің жатысы кейде жатық, кейде көлбеу (45 градусқа шейін). Кен текшелерінің жатыс түрі мен шамасы ерте кездегі жер сілкінуде жасалған жарықтарға байлаулы.

Кен тастары. Жезқазғандағы кен тастарының ең негізділері: халкопирит, борнит, пирит дейтін минералдар. Бұл кен ошағының «тұнба» жерінде өзгеріп: халькозин, куприт дейтін минералдар жасайды. Не таза мысқа айналады. Тотықпа бөлімдегі кен тастары: малахит, азурит, хризоколла дейтін минералдар. Кен ошағының шығыс бөлімінде салынған ағылшындардың 2 бұрғысынан таза күміс шыққан. Қорғасынның тотықпа кендері де Жезқазғанның әр жерінде жиі кездесіп отырады. Кеннің тотықпа бөлімі 10-15 метр тереңдікке шейін барады. «Тұнба бөлімі» 10-60 метрлерге шейін барады. Одан тереңде негізгі кен тастары бар. Жезқазғандағы кендерді төменгі үш жікке бөлуге мүмкін:

1) Тотыққан кендер; 2) Шайырлы сом кендер; 3) Шайырлы шашылма кендер.

Тотыққан кендер жер бетіне тақау, «саяз» жерден табылады. Бұлардың ішіндегі мыс 4-ден 17 процентке шейін, екінші жіктегі кендер Жезқазғанның қазіргі кездегі ең шұрайлысы. Бұлардың ішіндегі мыс 12-ден 17 процентке шейін. Шашылма кендер үнемі екінші жіктегі сом кендердің қоршаушы есебінде кездесіп отырады. Сом кендердің шашылма түрге ауысуы, шашылма кендердің жай құмтасқа айналуы көзбен айырғысыз, кенеттен емес, бір-бірлеп өзгереді. Шашылма кендердегі мыс «жоқтың қасынан» 6-7 процентке шейін.

Жезқазған кенінің жасалу негізі. Жезқазған ошағындағы кендер жер астынан шыққан қызулы мыс буланып барып құмтас қыртыстарына сіңуінен жасалған. Мыс буларын шығарушы әлі де аршылып жер бетіне шықпай жатқан тереңнен көтерілген гранит сияқты бір отты тау жынысы болуға керек. Бұған мынау дәлелдер бар:

Жезқазғандағы кен тастарын жасайтын минералдар қашанда қызу мөлшері күшті шартта жасалатындар;

Кен минералдарына ие болушы құмтастардың үстінде жамылыс есебінде қалың балшық тақта тастарының қыртысы бар. Балшық тақта тастар қашанда сұйық нәрселерді, не буды өздеріне өткізбейтіні мәлім нәрсе;

Кен тастары Жезқазғанда көбінесе құмтастардың жоғары көтерілетін «бүкір» бөлімдерінде жиі кездеседі;

Жезқазған аймағындағы кездесетін, ерте заманда жасалған жердегі сызаттар мен жарықтардың бәрінде де күшті қызудың шарпу әсерлері күшті.

Жезқазғандағы кеннің жасалу негізі жоғары түрдей бөлуі Жезқазғанның зерттелмеген терең бөлімдерінде кен тастарының бар болуына мықты сенім беруге шамалы.

Жезқазған жынысының аймақтағы жалпы ауданы. Кен тастарына ие болушы, жоғарғы айтылған 5-жіктегі тау жыныстары жалғыз Жезқазған ошағында ғана емес, ауданның көп жерінде жер бетіне шығулы. Яговкин дейтін шебердің жасаған картасы бойынша 5-жіктегі тау жыныстарының Қарсақбай аймағында алатын ауданы 1000 шаршы шақырымнан көрі артығырақ. Бұл ауданның көп жерінде жасалымы Жезқазған сияқты көп кен ошақтары бар: Жыланды, Қарашошақ, Тілеутас, Әділбек, Күйетті, Тасқұдық тағы басқалар сияқты.

Сондықтан Қарсақбай аймағындағы мыс қоры жалғыз ғана Жезқазған ошағы деп есептеу қате. Қарсақбай мәселесі толық шешілген шартта Қарсақбай аймағында Жезқазғаннан басқа тағы талай жерлерде толық зерттеу жұмысын жүргізу керек болады. Бұл зерттеулердің пайдалы жеміс беруіне жалпы мынадай қолайлы шарттар бар:

Кен буларының басқа тау жыныстарына емес, құмтастарға кездесіп, соларға сіңуі құмтастардың ішіндегі қуыс жерлер басқа тастардан көрі көп болады (құм тастардың ішіндегі қуыстар тас көлемінің 10-нан 28 процентіне шейін). Америкадағы «Киоиноу», «Аризона», «Колорадо»

дейтін атақты мыс кендері де осы Жезқазған сияқты мыс буларының құмтас қыртыстарына келіп сіңуінен жасалған.

Құмтастардың үстіндегі жамылшы сұйық заттарды өткізбейтін, балшықты тақта тас жынысы болуы. Соңғы шарт мыс буларының көтеріліп келгенде тақта тастарға тіреліп, олардан өте алмай, булығып қайта кейін қайтуына, астындағы құмтастардың бойын өрлеп көп жерлеріне жайылып отыруына зор септің бірі.

Кен жаратылысының тереңнен қызулы болып шыққан мыс буларына байлануы. Бұл шарт аудандағы кен ошақтарынан кенді терең жерден іздеп табу мүмкіндігіне аса маңызды себеп.

Ауданның ішіндегі жер сілкінуден жасалған жарық, сызаттардың жиі кездесуі. Бұл жарықтар пештің мойны сияқты мыс буларын тереңнен жоғары тартып әкеліп құм тастарына кездестіруге үлкен септің бірі болған.

Жезқазған ошағының бұрынғы ағылшындар мен орыстар «зайапкелеген» ауданның жиыны – 200 шаршы шақырым. Бұның 60 шаршы шақырымы – ағылшындардың «зайапкесі», қалғаны – бұрынғы орыс көпестерінікі. Ағылшын зайапкелері тегіс кенді, орыс зайапкелерінің ішіндегі кенділері 40 шаршы шақырымдай (мұнда «кенді» дегенді кен тастары 150 метр тереңнен жоғары кездесетін жер деп ұғыну керек). Сонымен Жезқазған ошағындағы кенді ауданның жиыны 100 шаршы шақырымдай бар. Осынша жерден ағылшындар 1907 жылдан бастап 1915 жылға шейін барлығы 90 десетіне жерді ғана бұрғымен зерттей алған. Барлық салған бұрғыларының саны 235, әр бұрғының орта тереңдігі – 60 метр (ең терең бұрғыларының бойы 120-150 метрлерден артпайды). 90 десетіне жерден тапқан ағылшындардың барлық мысы – 60,931 тонна. Бұдан орта есеппен әрбір десетінен: $\frac{60,981}{90} = 677$ тонна мыс табылғандығы көрінеді. Табылған кеннің шамасы ағылшындардың салуға ұйғарған зауытына 12 жыл азық болуға жараған. Одан артық зерттеуге ақша шығын қылуды өздеріне пайдасыз деп біліп, ағылшындар бұдан кейін зерттеу жұмысын мүлдем тоқтатқан. Зерттеген 90 десетіне ағылшындардың Жезқазғандағы барлық зайапкелі жерлерінің 70-тен бір бөлігі ғана. Қалған бөлімі әлі де зерттеусіз. Және де зерттеген жерінің өзінде ағылшындар «кен» есебіне «мыс» орта есеппен 10 проценттен кем болмайтын кен тастарын ғана қосқан. Одан төмен мысы бар тастарды елемей отырған. Бұған қарағанда, егер де Қарсақбай мәселесі толығынан қойылғанда, кен қоры Жезқазғанда: а) зайапкелі жерлерден жаппай тегі зерттелуі керек; б) зерттеу үшін салынатын бұрғылар ағылшындардың салған бұрғыларынан көп терең болуы керек (тереңдігі 250-300 метрге шейін); в) мыс қоры есептелгенде бір ыңғай сом кендер алынбай, есепке тотықпа және шашылма кендерді де қосуға керек. Осы 3 шарт орындалса Жезқазған ошағының мыс байлығы сонда ғана анық мәлім болады.

Мыс кендерінің шамасы

1915 жылғы жаз жасаған есептері бойынша ағылшындардың Жезқазғанда тапқан «анық» және «болжаулы» кен запастарының мөлшерін төмендегі таблицалардан көруге болады:

а) Анық запас (4 жағынан бірдей «орланған» запас).

Кеннің шамасы	Мыстың барлығы	Ішіндегі барлық мыс
146,688 тонна	12,91%	18,960 тонна

б) Болжаулы запас (бұрғымен зерттелген)

Кеннің шамасы	Мыстың барлығы	Ішіндегі барлық мыс
383,147 тонна	10,94%	41,932 тонна

1927 жылдың жазына Атбасар тіресінің жасаған зерттеулері Жезқазғаннан жаңадан 12,600 тонна таза мыс берерлік соны мыс кендерін тауып отыр. Бұны қоссақ, Жезқазғандағы бұрғымен табылған болжаулы запастың шамасы 51,000 тонна мыс зерттелгені анық. Болжаулы запастардың жиыны 69,000 тонна мыс екендігін табамыз.

Күмәнді запас

Жезқазған ошағының күмәнді кенін есептеудің алдында, төменгі біраз сөзді ескертіп кетуді мақұл көрдік. Ол сөз жер астындағы көмулі кенді қалай есептеу керек екендігінің жүйесі турасында. Жер астындағы кенді есептеудің жүйесі яки анық-қанықтығына қарай кен запасын түрлі жікке бөлудің әдістері әлі күнгіше ғылымда талас мәселенің бірі. Бұл мәселелерді талқыға салып, зерттеп белгілі бір жолға келтіру үшін одақтық кен зерттеуші мекеме (Геолком) 1925 жылдан бастап әдейі комиссия жасаған. Бұл комиссияның ішінде де сөз бірікпей, ақыры мамандардың көпшілік сынына комиссияның жасаған екі түрлі жобасы қатар түсіп отыр. Оның бірі профессор Трушковтың жасаған жобасы, екіншісі Болдаров, Васильев дейтін профессорлардың жасаған жобасы¹. Бірақ бұл екі жобаның қайсысында болсын жер астында жатқан шақты, штірек жүрмеген, бұрғы салынбаған, әйтсе де барлығы ғылымның басқа әдістері арқылы мәлім болатын кеннің «соны бөліміндегі запасты өндірістің ілгергі жоспарын қолдануға толық мүмкіндік береді, бұл жалпы әдістеме жағынан беріліп отырған «рұқсат». Енді өмір жүзінде «машықтама» жолында кеннің «күмәнді» запасы не орында болып отыр екен? Соған келейік: бұған келсек одақтық госпланның алдағы 15 жылға жасап отырған мыс өндірісі туралы жоспарының қақ жарымынан көбі осы күмәнді кендерге негізделіп отырғанын көреміз. Одақтық өндірістің 15 жылда балқытып шығаратын мысының шамасы 714,000 тонна, қазір де мыстың барлық зерттеу қоры 300,000 тонна. Бұған 1926 жылы одақтық

¹ Геолкомның 1928 жылы басқан: «Категории запасов полезного ископаемого в месторождении» дейтін кітабын қара.

госпланда мыс кендерін зерттеу туралы Михеевтің жасаған баяндамасының 1-5-беттері мен 15 жылдық түсті металл өндірісінің жоспары туралы Ивановтың жасаған баяндамасының 1-2-беттері дәлел.

Екінші жақтан Оралдағы «Богомол» сияқты күшті зауыт ту баста тек күмәнді мен болжаулы мыс кендеріне негізделіп салына бастаған («анық» кен ашылмаған кезде). Бұны 1926 жылы ОСВОК бастырған «Цветная металлургия» дейтін еңбегінің I жіктегі 1-кітабының 60 бетінен көруге болады.

Оның үстіне Жезқазғандағы қазір де «зерттеулі» болып саналып отырған кендер ағылшындардың жасаған зерттеуінің жемісі. Ағылшындар зерттеуін басында тек белгілі бір мақсатпен жасаған. Ол мақсат: салынып жатқан Қарсақбай зауытына 10-15 жыл азық боларлық кен қорын табу. Бұл мақсат орындалған соң, зерттеу жұмысына артық шығын төгуді пайдасыз көріп, ағылшындар зерттеуін де доғарған. Сондағы зерттеген жері Жезқазған ошағының 1000-нан 9 бөлімі ғана. Бұл жердің өзінде де зерттеу толық емес, шала. Бұрғылардың тереңдігі 100-150 метрден төмен түспеген. Табылған кеннің есепке ең «шұрайлысы» ғана кірген, қалғандары еленбеген.

Жезқазған ошағының ғылым жүйесімен қарағанда, жаратылысы аса маңызды. Сондықтан жоғарыдағы дәлелдерді негіз қылып біз төменде Жезқазған ошағының күмәнді кендерінің шамасын ашқымыз келеді.

Жезқазған ошағындағы «күмәнді кендердің шамасы туралы» бұрында қазақ даласындағы кендердің белгілі зерттеушілерінен инженер Тиме, Русаков, Яговкин дейтін орыстың 3 шеберлері пікірін жариялаған. Сондықтан әуелі бұлардың сөздерін қарастырайық.

Инженер Тименің пікірі¹: «Жезқазғандағы зерттелген әрбір десетінен орта есеппен 670 тонна мыс табылған (барлық зерттелген бөлім 90 десетіне, оның өзі де шала). Жезқазғандағы кенге ие болған мысты құм тастардың ауданы 100 шақырымнан, яки 10,500 десетінен гөрі артығырақ. Бұлардың ішіндегі мысы өзгеріссіз үнемі бір мөлшерде болып отыратын сияқты. Сондықтан болжау қисыны бойынша келешекте табыларлық мыстың мөлшері өткен зерттеудің берген жемісінің 10 проценті ғана болсын десек, сонда Жезқазған ошағындағы күмәнді запас: $10,500 \times \frac{670}{10} = 703,000$ таза мысы болар еді. Мұнда ескеретін нәрсенің бірі ағылшындардың тапқан «анық» және «болжаулы» запастарының ішіне тек мысы 6,5 проценттен төмен болмаған жоғары сорттың кендері ғана енген. Егер де өндіріс жағдайлары маңызы бұдан көрі төмен кендерді де пайдалануды көретін болса, жаңағы көрсеткен «күмәнді» шаманы тағы да 30-40 процентке арттыруға керек болады».

Русаков пен Яговкиннің 1925 жылғы пікірі²: «Жезқазғандағы

¹ Инж.Тиме «Запасы руд в Джекказганском месторождении по данным на 1926 год» (рукопись).

² Русаков М. и Яговкин И. К вопросу о минеральных ресурсах Киргизской степи. Изв.Геол. Ком.1925 г. Том XLIV, прилож. №16, стр.7-11.

зайапкелердің ауданы – 40 шаршы шақырым. Оның зерттелген бөлімі 7 десетіне, зерттелген бөлімінен 50,000 тоннадай таза мыс табылған. Кендегі мыстар 1-2 проценттен 9-12 процентке шейін жаңадан есепке алатын аудан 3, 5 десетіне, кеннің тереңдігі – 100 метр. Кендегі мыс 2 процент, мыстың барлық күмәнді шамасы – 175,000 тонна».

Яговкиннің 1928 жылғы жасаған есебі¹: «Жезқазған мен Тасқұдықты қоса алғанда зерттеу керек қылатын жердің ауданы барлығы 20 шаршы шақырымдай. Осы күнге шейін бұлардан зерттелгені 5 шаршы шақырым. Зерттелген жерден табылғаны – 60,000 тонна мыс. Егер де қалған бөлімде де кен мөлшері ілгергідей болар десек, Жезқазғандағы мыстың күмәнді запасы 200-250,000 тоннадай болар. Кен ішіндегі мысы бірақ, 5 проценттен артық болмас». Көруімізше, бұл 3 шебердің сөздері бір жерге құйылмай, бытыранды шығып отыр. Сондықтан бұлардың қолданған негізгі деректеріне көз салып көрейік.

Кеннің зерттелген бөлімі

Кеннің зерттелген бөлімінің шамасы:

Инженер Тименің есебінше 90 десетіне; 2) Русаков пен Яговкиннің 1925 жылғы есебінде 7 десетіне; 3) Яговкиннің 1928 жылғы есебінде 5 шаршы шақырым. Зерттелген бөлімнің шамасын айырғанда:

Тиме бұрынғы ағылшындардың ескі зерттеу карталары мен жер астындағы олардың пландарын қолданған; 2) Русаков пен Яговкин 1925 жылы тек ағылшындардың төрт жағын орлап, қазып шығаруға дайындап қойған кендерінің ауданын қолданған; 3) Яговкин 1928 жылында басқа дәлелсіз «көз мөлшерін» ғана қолданып отыр.

Біз төменде ағылшындардың карта деректеріне сүйеніп Жезқазғандағы зерттелген мыстың ауданын 90 десетіне деп қолданамыз.

Жезқазғандағы «кенді ауданның» шамасы, Жезқазғандағы зерттеу керек қыларлық кенді ауданның шамасы:

Тиме – 10,5 шаршы шақырым жерді есептейді; 2) Русаков пен Яговкин 10,5 десетіне санайды; 3) Яговкин 1928 жылы 20 шаршы шақырым болар дейді. Бұлардың 10,5 десетіне дейтіні қисынсыз сөз. Қалған екеуінің жобасы да болжаулы. Сондықтан біз төменде ол екеуінің пікірінің орталығын қолданамыз. Бұл шартта Жезқазған ошағының Кенді ауданы:

$\frac{10,5+20}{2} = 15,25$ шаршы шақырым, яки 1600 десетіне болады.

¹ И.Яговкин «Геологический отчет о Джекказганском медном месторождении, в связи с буровой разведкой 1927 года». (рукопись).

Жезқазғандағы зерттелген әрбір десетінен табыларлық мыс

Кенді ауданның әрбір десетінесінен шығарлық мыстың шамасы:

Тименің есебінше 670 тонна; 2) Русаков пен Яговкиннің есебінше 714 тонна; 3) Яговкиннің 1928 жылғы есебі бойынша 140 тонна. Бұл есептердің бәрінде де кеннің ішіндегі мыс орта есеппен – 10 процент.

Ауданның «кенділік» мөлшері қашан да зерттелген жердің мөлшері мен табылған кеннің шамасына қарай айырылады. Жезқазғандағы зерттелген жердің барлық ауданы – 90 десетіне. Одан табылған кеннің шамасы 60,892 тонна, олай болса зерттелген әрбір десетінен табыларлық мыс орта есеппен $\frac{60,892}{90} = 676$ тонна болуға керек.

Өйтсе де, біз келешекте сақтық үшін «кенділік мөлшеріне» жаңағы 3 шебердің пікірінің орталық есебін аламыз. Бұл шартта Жезқазғандағы әрбір зерттелген десетінен табыларлық мыстың мөлшері: $\frac{670 + 714 + 140}{3} = 508$ тонна болады.

Бұл санда қанша сақтық барлығын көру үшін өткен жылғы Атбасар тіресінің жасатқан бұрғы зерттеуінің қорытындысын көрейік.

Атбасар тіресінің 1927 жылғы жасаған бұрғы зерттеуінің қорытындысы.

1927 жылдың жазында Атбасар тіресі Жезқазғандағы бұрғы зерттеуін жүргізді. Бұрғы салу үшін өткен жылғы электр зерттеуі қолайлы тапқан. Бұрын ағылшындар зерттеу жүргізбеген «Петропавл» дейтін зайапкедегі бір төбешік таңдалып алынды. Бұл жердегі 1927 жылы зерттелген ауданның жалпы шамасы 8 десетіне, бұдан табылған таза мыс 9450 тонна, бұның ішінде:

Бірінші сорттық кен	Ішіндегі мыс	Барлық мыс
42760 тонна	14,73%	6300 тонна
2 сорттық кені		
170600	1,84%	3150 тонна
Барлық мыс кені		
213360	4,45%	9450 тонна

Бұл жердегі «кенділік» мөлшері әрбір десетінеге бөлгенде мынадай болып отыр:

Бірінші сортты кендерді алсақ: $\frac{6300}{8} = 788$ тонна.

2-сортты кендерді алсақ: $\frac{3150}{8} = 393$ тонна.

Екі сортты қосып жалпы алсақ: $\frac{9450}{8} = 1181$ тонна.

Мұның үстіне жоғарғы мыстың ішіне талдам жасалып бітпеген себепті кейбір бұрғылардың тапқан мысы мен кеннің жоғарғы бір қыртысындағы мыстың шамасы қосылмай отыр. Бұларды еске алсақ, 1927 жылғы жасалған бұрғы зерттеуі жиыны 12600 тонна таза мыс тауып

отыр (барлық табылған кен 274800 тонна. Ішіндегі мыс 4,6%). Соңғы шама әрбір десятинаға: $\frac{12,600}{8} = 1575$ тонна таза мыс береді.

Біздің алмақшы болған 508 тонна мысымыз сонымен 1927 жылғы зерттеуден табылған «тәжірибе» шамасына 3 есе кем екендігі ұсталып отыр.

Жезқазғандағы күмәнді мыстың шамасы. Жоғарғы көрсетілген деректерді қолданып Жезқазғандағы:

Кенді аудандардың мөлшерін 1600 десетінеге;

Кенділік мөлшерін әрбір десетінеге 508 тонна мысқа шамаласақ, Жезқазған ошағындағы мыстың күмәнді запасы: $1600 \times 508 = 812,400$ тонна болады. Келешекте бірыңғай жоғарғы сортты кенді пайдаланып отыру ысырапшылдық. Қазіргі Америкада пайдаланып жатқан кендердің ішіндегі мыс – 0,7%. Американы қойып, өзіміздің одақтың өз ішіне келсек, Орал зауыттарының қоректеніп отырған кендерінің ішіндегі мыс 1,5-тен 4 процентке шейін. Сондықтан Жезқазған өндірісі де келешекте 10 процентті кендерді қойып, орта есеппен мыс 4-5 процентті кендермен пайдалануға көшу керек. Соңғы шартта Жезқазғандағы «күмәнді» мыстың шамасы бұрынғыдан кемі 40% артып, жиыны: $810,000 \times 0,40 + 810,000 = 1,134,400$ тонна таза мыс бергілікті болады.

Аудандағы Жезқазғаннан басқа мыс ошақтарының негізгі запасы. Жыланды, Қарашошақ, Әділбек, Күйетті кендері сияқты аудандағы басқа мыс ошақтары әлі күнге шейін ешбір зерттеусіз. Бұлардың көбі жасалу ретінен Жезқазғаннан айырмасы жоқ. Тиме дейтін инженердің пікірі бойынша, зерттеу жасалса, жалғыз Жыланды ошағының өзі күшті өндіріске көп жыл қорек болуға жарар еді. 1) бұл ошақтардың кенді аудандарын 10 шаршы шақырым, яки 1000 десетіне болар деп жобалауға дәлелдер бар. Егер де бұлардың кенділік мөлшерін Жезқазғаннан екі есе кем алсақ және ішіндегі бар кендерді орта есеппен 4-5 проценттен артық мыс бермейтін болсын десек, олардағы мыстың жалпы запасы: $250 \times 1000 = 250,400$ тонна болар еді.

Жезқазғанның зерттеу көрсеткіші. Болдаров пен Васильев профессорлардың жобасы бойынша Жезқазған ауданындағы барлық «күтімді» мыстың шамасы $250,000 + 1,134,000 = 1,384,000$ тонна болсын десек, одан қазірге шейін 70,000 тоннасы ғана зерттелгендігі үшін Жезқазғанның зерттеу көрсеткішінің шамасы $\frac{70,000}{1,384,000} = 0,05$ болмақшы. Бұдан Жезқазғандағы «күтімі» шамадан әлі күнгеше 1/20 бөлімі ғана зерттеліп отырғандығы ұсталады. Одан Жезқазғанға келешекте тығыз және күшті зерттеулердің керек екендігі ашылады.

Жезқазғандағы тотықпа кендердің ішіндегі мысы. Жезқазғанда 5 процент мысы бар тотықпа кендердің барлық:

А) күмәнді шамасы: 1,000,000 тонна;

Б) болжаулы шамасы: 1,000,000 тонна.

Барлығы: 2,000,000 тонна кен.

Бұлардың ішіндегі таза мыс жиыны 200,000 тонна болуына мүмкін.

Жезқазғандағы мыстың барлық күмәнді шамасы. Жезқазғандағы мыстың барлық күмәнді шамасы сонымен: $100,000 + 1,134,000 = 1,234,000$ тонна болуына мүмкін. Егер де бұлардың 20 проценті зауыт ішінде, фабрикте ұшып, таралып қолға түспей кетеді десек, Жезқазған ошағынан жиыны 1 миллион тонна таза мыс балқытып алу мүмкіндігі айқындалады.

Келешектегі зерттеудің жолдары мен шығатын шығыны. Күмәнді запасты көрнекті және болжаулы түрге көшіру үшін зерттеу жұмыстары қажет болады. Жезқазғандағы зерттеу жұмыстарын екі жікке бөлуге мүмкін. Олар: 1) электр зерттеуі; 2) бұрғы зерттеуі. Бұл зерттеулерге керек шығынды болжау үшін: 1) зерттеу жұмысы 15 жылда толық жүріп бітпеген; 2) сол 15 жылдың ішінде Жезқазғандағы 1,200,000 тонна мыстың зерттеліп бітуін шарт істейік. Онда әрбір жылда зерттеу мен табылатын мыстың шамасы: $\frac{1,200,000}{15} = 80,000$ тонна болады.

Электр зерттеуінің шығыны. 1926 жылғы жиын ауданы 8 шаршы шақырымдық электр зерттеуінен 12,600 тонна мыс табылып отыр. Бұдан орта есеппен әрбір электр зерттеуінің десетінесіне: $\frac{12,600}{8,2400} = 075$ тонна мыс келмекші. Әрбір десетіне электр тәсілімен зерттеу шығыны 1-50 тиын. Әрбір зерттелген тонна мысқа бұл шығын: $\frac{1,5}{0,75} = 2$ сомнан келеді. Мұны қолдансақ, электр зерттеуінің а) бір жылдық шығыны $80,000 \times 2 = 160,000$ сом. б) 15 жылдағы барлық шығыны $160,000 \times 15 = 2,400,000$ сом болады.

Бұрғы зерттеуінің шығыны. 1927 жылдың жазында жиыны 760 метрлік бұрғы бойынан 12600 тонна мыс табылып отыр. Бұдан бұрғының әрбір метріне орта есеппен: $\frac{12600}{760} = 16$ тонна мыс келетіні көрініп отыр. Келешек зерттеуде біз сақтық үшін бұның $\frac{1}{3}$ қолдансақ әрбір метр бұрғы бойына $5\frac{2}{3}$ тонна мыс тапқан боламыз. Соңғы шартта жылдық салынатын бұрғылардың жиын бойы: $\frac{80000}{5\frac{2}{3}} = 15,000$ метр болуына керек. 1927 жылдың зерттеуінде әрбір метр бұрғының бойы 30 сомға түсіп отырды. Мұны қолдансақ бұрғы зерттеуінің шығыны:

а) бір жылда: $15000 \times 30 = 450,000$ сом,

б) 15 жылда: $450,000 \times 15 = 6,750,000$ сом болады. Сонымен Жезқазған ошағындағы күмәнді мыс кенін түгелімен зерттеп шығу жұмысына:

а) жыл сайын: $450,000 \times 160,000 = 600,000$ сом.

б) 15 жылдың ішінде: $600,000 \times 15 = 9,000,000$ сом қаражат керек болатындығын білеміз. Бұл шығын табылатын мыстың әрбір тоннасына: $\frac{9,000,000}{1,000,000} = 9$ сомнан, яки әрбір пұтына: $\frac{100}{60} = 5$ тиыннан келеді.

Отын мәселесі. Кен мөлшерінен кейінгі өндіріс келешегінің негізгі шарттарының бірі – отын мәселесі. Қарсақбай өндірісінің отын негізі қазірде Байқоңырдағы көмір ошағы.

Байқоңыр ошағы Жезқазғанның 120 шақырым жер батысында тұрады. Екеуінің арасы қазір де теміржолмен қосұлы. Байқоңыр көмірінің талдамы мынау сияқты: қатты көмір тегі 39,6%, ұшпа заттар 28,7%, күл тектері 19,5%, дымқылдық 11,4%. Көмірдің қызулық күші 4500-5000 калорий.

Байқоңыр – ошағы оттексіз, шамасы нашар, сенімсіз көмір ошақтарының бірі. Ағылшындардың зерттеуі бойынша Байқоңырдағы көмірдің шамасы мынадай:

	Анық запас	Болжаулы запас
Жоғарғы көмір қыртысында	521,100 тонна	180,600 тонна
Төменгі көмір қыртысында	627,100 тонна	180,600 тонна
Жиыны	1,152,200 тонна	361,200 тонна

Байқоңырдың күмәнді запасы батыс пен шөлейт жақ түкпіріндегі бұрынғы «Сұри» дейтінің зайапкесінде ғана болуға мүмкін. Ондағы көмірдің шамасы 500,000 тоннадан артық болмауына керек. Байқоңырдан басқа Қарсақбай аймағында қашығырақ жерде тағы екі көмір ошақтары бар. Олар мыналар:

Болат там ошағы. Бұл шым тезегі мен көмірдің аралығындағы отын есебінде. Талдамы мен қызулық қуаты әлі мәлімсіз. Көмір қыртысы біреу. Жатысы жатық. Ауданының мөлшері 500 шаршы шақырымдай. Көмір қыртысының қалыңдығы 0,75 метр. Ошақтың отын боларлық қасиеті кем, әйтсе де күмәнді запас көп болуға тиіс¹.

Бұл көмірдің бір қасиеті ішінде зауыт пешіне салуға қажет болатын пирит дейтін минерал бар. Болат там ошағы Жезқазғаннан 190 шақырым батыс пен шөлейт аралығында.

Теңіз ошағы. Жезқазғаннан 220 шақырым жер шығыс пен шөлейт аралығында. «Теңіз» дейтін үлкен сордың оң жағында болады. Бұл ошақты бірінші рет 1893 жылы Сурин дейтін орыс тапқан. Бірінші зайапкені «Қайқы сай», «Таңқы сай» дейтін жерлерден 1915 жылы Белов дейтін орыс орнатқан². Қалалы жерден, теміржол бойынан аса қашық болуы, Теңіз ошағының осы кезге шейін зерттелмеуіне үлкен кесір болған. Козаров, Реутовский дейтін шеберлердің жазуына қарағанда Теңіз ошағының жасы да, жасалу түрі де Қарағанды ошағымен қатар болуына керек. Сондықтан Байқоңыр ошағының құнарсыз болған шартында Жезқазғанның келешегі түбінде осы Теңіз ошағына байланысты болуына дау жоқ. Сондықтан Теңіз ошағын кідірмей зерттеу жұмысына кірісу қажет. Қарсақбай зауыты қазір де жылда 5000 тонна мыс берерлік мөлшерде салынып жатыр. Әрбір тонна мысқа 13 тонна көмір керек болады. Олай болса жаңағы өндіріс мөлшерінде Байқоңыр ошағы Қарсақбайға: $\frac{1,912,000}{5000 \times 13} = 30$ жыл азық болуға жарамды. Зауыттың келешекте өсу жағдайына Байқоңырдың құнарсыз болуы, Болат тамның «шымтезек» болуы, Теңіз ошағының әзірше зерттеусіз тұруы жиып келгенде, отын жағынан үлкен қолайсыздық енгізеді деп айтуға мүмкін.

¹ Яговкин И. Болаттамское месторождение пиритиносного угля. – 1925 год (рукопись).

² Инж. Тиме А. Список рудных месторождений восточной части киргизской степи. – 1918 г. (Рукопись)

III Жалпы шаруашылық жағдайлары

Қарсақбай ауданының жалпы шаруашылық жайлары туралы ілгергі ретте толық түрде жазғамыз¹. Шаруашылық жағдайларын көтеру үшін қазақ үкіметіне қандай шаруалар қолдану қажет екендігі де сол ретте сөйленген. Аудан әлді болып, мәдениетке қадам баспай ішіндегі өндіріс орындары да тиісті түрде өркендей алмақшы емес. Сондықтан аудан шаруашылығының артта қалуы қызметкер күші, азық-түлік мәселелері жағынан Қарсақбай өндірісін әрі шабандатып, әрі қымбаттатып отыруына даусыз.

IV Қатынас жағдайлары

Қарсақбай өндірісінің теміржол бойынан қашық болуы (ең жақын Жосалы станциясы 375 шақырым жер) аралықтағы автомобиль мен түйе кіресі жылында бұл екі арада 7000-7500 тоннадан артық жүк тасуға шамасы келмейтіндігі Қарсақбай өндірісінің келешекте өсуіне ең кедергі шарттардың бірі. Бұл кедергіні жалғыз-ақ теміржол қатынасы арқылы жоюға мүмкін. Ол төмендегі 4 жолдың бірі арқылы ғана шешіlmекші:

Жосалы мен Қарсақбай арасына тар енді зауыт жолын салу, ұзындығы – 375 шақырым;

Көкшетау мен Қарсақбай... ұзындығы – 750 шақырым;

Ақмола мен Қарсақбай... ұзындығы – 500 шақырым;

Ақмола, Жезқазғанды басып Ташкент жолындағы «Бірқазан» станциясына баратын кең енді теміржол салу... ұзындығы – 900 шақырым.

Бұл жолдардың қайсысы ең қолайлы болатындығы әзір мәлімсіз.

Өйткені, жасалған іс, бір зерттеу жұмыстары жоқ. Әйтсе де, 1-інші жіктегі жоспар келешекте қолайсыз табылуына керек деп қазірден болжауға көп себептер бар. Олар мынау:

1) Жосалы мен Қарсақбай арасында отарбалардың ішіміне жарарлық су шамасы кем; 2) Теміржолдың бойы келешекте шаруашылық түрде өркендеуге іс жағдайы жоқ, ылғи бетбақ шөлінің батыс бөлімін басып өтпекші. Сондықтан бұл жолдың салу шығыны, кейіннен басқару шығындары да көп қымбатқа түспекші; 3) Ташкент теміржолының бойында не сенімді көмір ошағы, не негізгі шаруашылық ауданы жоқ (бір шоғыр көмір ошағының сенімділігі әзірше көмескі мәселе²). Сондықтан бірінші жіктегі жол Қарсақбай өндірісінің отын мәселесінде, азық-түлік мәселесінде пайдалы түрде шеше алмақшы емес.

2-інші жіктегі жоспардың пайдалы жақтары мыналар:

¹ Журнал «Народное Хозяйство Казахстана». №1. 1928 г.

² Инж. Поляков. Материалы по учету пол.иск. Кирреспублики. 1923 г. (Рукопись). Его же отчет разведывает. Работ на Бер-Чогурском кам.уг. месторождении за 1922/23 год. (рукопись)

Атбасар мен Көкшетау уездерінің арзан астықтарының арқасында Қарсақбайдың азық мәселесі қолайлы шешіледі.

Сандықтау дачасының ағашы Арқалы, Көкшетау жанындағы бұрынғы Шыпырынбақ кен ошағының пириттері Арқалы¹, Қарсақбай өндірісінің ағашқа, пиритке² мұқтаждығы пайдалы түрде жетіседі.

Шыпырынбақ кенінен серная кислота шығаратын зауыт салынған шартында, ол Арқалы, Жезқазғандағы тотықпа мыс кендерін пайдаға асыруға жағдайларын қолайлы түрге әкеледі.

Бұл жоспардың ыңғайсыз жақтары: 1) бойының ұзындығы (750 шақырым); 2) Қарсақбайдың отын мәселесін шешуге жарамсыздығы, өйткені бұның жүретін жерлерінен табылған әлі күнгеше ешбір көмір ошағы жоқ.

3-інші жіктегі жоспар алдымен Ақмола қаласының өзі теміржол бойында болуын шарт істемекші. Соңғы шарт қазір салынып жатқан Қызылжар, Көкшетау жолы Ақмолаға барып, одан әрі Қарағанды ошағына жетсе толық орындалмақшы. Одақтық жол салу комиссариатының 1927 жылы жасаған зерттеуі бұл жолдың салынуын пайдалы деп тауып отыр³. Екінші жақтан бұл жолдың салынуына қажет болатын шығындарды НКПС өзінің 1928/29 жылдағы жоспарының ішіне кіргізіп те отыр. Сондықтан біз келешекте бұл жоспар орындалып, Ақмола қаласы теміржолдың бойына кіреді деп есеп қыламыз. Бұлай болғанда III жоспар бірінен де ең қолайлысы болып шығады. Өйткені: 1) оның бой ұзындығы II-ден көп қысқа (500 шақырым). I жоспардың бар қасиетті жақтары мұнымен де толық түрде орындалмақшы (азық, ағаш, пирит, серная кислота мәселелері).

3) Теңіз ошағының, не ол құнарсыз болып шыққан шартта, Қарағандының көмірі арқылы Қарсақбай өндірісінің отын мәселесі әсем түрде шешіледі. III жоспардағы жол Теңіз ошағынан қашса да құтылмайды. Егер де кейін зерттеуде, Теңіз ошағының көмірі құнарсыз болып шықса, онда да Қарсақбай өндірісінің отын мәселесі Қарағанды ошағының көмірі арқылы қолайлы түрде шешілмекші. Соңғы шартта мыс балқытатын зауыттың орнын Қарағандыға әкеліп, Жезқазғанда тек кен өндірісі мен кен іріктейтін фабрикті ғана қалдыру пайдалы болады. Зауыт пешінің орнын тегінде отын кіндігіне жақындастыру мәселесі ұқыптылық жағынан аса қажет болатын нәрсе. Зауытты көмір кіндігіне салу пікірі қазіргі одақтық госпланның жасаған 15 жылдық түсті металдардың өндіріс жоспарына негіз де болып отыр⁴. Зауыт пеші Қарағандыдан салынғанда, Жезқазғандағы кен өндірісіне және кен іріктейтін фабрикке

¹ Отчет Округи. Инж. Северо-Степного Горного округа за 1915 г. (рукопись)

² Пирит дейтін зауыт пешіне салынатын мыстың балқуын жеңілдететін бір минерал. Жасалған заты: темір мен сера болады.

³ Экономическая записка. Экспедиции НКПС относительно района ж.-д. линии Щучье-Акмолинск. 1927 год. (рукопись).

⁴ Второе Всесоюзное Совецание по цветным металлам. Том II. Стр. 32-36. Москва. 1927 г.

керек отындарды Қарағандыдан мыс концентратын тасып қайтқанда «қайтпа» вагондармен жеңіл тасып отыруға мүмкін.

Ақмола – Теңіз – Жезқазған – Бірқазан теміржолы. 4-інші жіктегі жоспар, яки: Ақмола – Теңіз – Жезқазған – Бірқазан теміржолы шөлейттің астығы мен Орта Азияның мақта мәселелеріне әсері күшті болғандығынан бұл жолдың маңызы жалғыз Қарсақбай өндірісі емес, жалпы одақ шаруашылығында көрнекті пайда беретіндігі ашық нәрсе. Бұл жолдың бойы түгелімен Қазақстан жерінің ішінде болуы, Ақмола мен Жезқазған арасындағы аудандардың топырағы егінге қолайлы түрде «қоңыр» болып, жер бетіндегі тұщы сулардың жиынтығы жеткілікті түрде болуы¹ (Қорғалжын көлдері, Нұра, Жақсыкөң, Кеңгір өзендерінің бойлары және басқалар). Бұл бөлімнің кей жерлерінде етекте қорық жерлерінің кездесіп отыруы (Нұраның аяқ саласы, Қорғалжын көлдерінің түбектері сияқты). Жезқазғаннан кейін бұл жолдың Бетбақ шөлінің ортасын қақ жарып өтетін өлкесінде қазір де егіншілік жасап келе жатқан Сарысу өзенінің арнасын қуалап отырып, ауа райы, су, топырақ жақтарынан мақта, күріш егістеріне жағдайы үйлес келетін Шу өзенінің аяқ салаларына төнетіндігі, Қазақстанның келешек шаруашылық негіздеріне өлшеусіз әсер кіргізбекші. Кен кәсібінің өркендеуіне бұл жолдың пайдасы қанша зор екендігін көп дәлелдеп де қажеттігі кем. Бұл жөнінде тек Жезқазған ошағының бар шамасынша өсуін Қарағанды коксінің арқасында Қазақстанның оң бөлімдерінде етекте қорғасын өндірісінің жасалуын²), (Жезқазған мен оң бөлім Қазақстандағы кен өндірісі Қазақстанның отын «азығы» Қарағанды көмір ошағын³) жүзеге асыру мәселесін қоятындығын ғана ескертіп өтсек те жеткілікті. (Бұл жолдың салынып, Қарағанды ошағының жүре бастауы, маңындағы Қарқаралы, Баянауыл, Шідерті, Успен, Малтақ аудандарындағы кен ошақтарының келешегіне беретін әсерлерін айтпай-ақ қойғанда) Ақмола – Жезқазған – Бірқазан жолынан жылда қанша жүк тасылуға мүмкін екендігін болжау үшін біз бұл жолмен шөлейттен оңға бет алып жүретін заттар: 1) астық; 2) ет; 3) май; 4) ағаш; 5) көмір мен кокс заттары болады деп есеп қыламыз. Бұл заттар және де жалғыз Ақмола, Атбасар, Көкшетау уездерінің ішінен алынсын деп жобалаймыз. Оңнан шөлейтке қарата бет алып жүретін негізгі жүктер: 1) жеміс; 2) шай; 3) мақта; 4) кездеме-былғары; 5) керосин, нефть; 6) мыс концентранты болмақшы.

Астық жүктерінің шамасы⁴. 1925 жылдағы егін ауданының шамасы:

Көкшетау уезінде: 59416 десе жер, бұның 41440 десесі бидай;

Атбасар уезінде: 56434 десе жер, бұның 44760 десесі бидай;

¹ Козырев А. Гидрогеологическое описание южной части Акмол. Обл. СПб. 1911 г.

² Изв.Геол.Ком. Т.XXXVI №3 и 4. стр.57-71 за 1917 г.

³ Журнал. «Минер. сырье». №3. 1927 г. стр.176-179.

⁴ Гапеев. Караганд. Кам-гу. М-ние. Мат. по общей и прикладное геологии. Вып.61. 1922 г. Төмендегі мағлұматтар екі негізден алынды. Олардың бірі: Отчет экспедиции НКПС относительно экономического состояния района ж.дороги Щучье-Акмолинск. 1927 г. (рукопись). Материалы пятилетки Акм.губплана на 1926-31 гг.

Ақмола уезі: 127471 десе жер, бұның 99350 десесі бидай.

Барлығы 243322 десе жер, оның 185550 десесі бидай.

Егін жерінің жылдық артуы Ақмола губпланының болжауы бойынша – 10%. Бұны қолдансақ 1931 жылдағы жоғары 3 уездің егін ауданы 377,810 десе жер болмақшы. Бұның 306,200 десесі – бидай. Бұл жерлерден түсетін астық тұғымдығын шығарғанда тағы да сол Ақмола губпланның жоспары бойынша 16,608,100 пұт болады. Бұның ішіндегі бидайы – 13,840,100 пұт. Бұдан жергілікті халықтың жылдық ішіп-жемін шығарсақ, жылында сыртқа арналып, вагонға түсетін астықтың шамасы НКПС-дың зерттеуі бойынша 7,760,000 пұт болмақшы.

Ет, тоңмайдың жүктері

1931 жылда 3 уездің малдары мынау сияқты болмақшы:

Уез	Жылқы	Сиыр	Қой	Ешкі	Шошқа	Түйе	Барлығы
Атбасар	86,900	266,900	280,000	36,100	9,900	9,700	689,500
Ақмола	235,400	484,200	438,600	59,700	19,400	13,200	1,250,580
Көкшетау	68,600	170,700	195,600	7,900	17,100	1,300	461,500
жиыны	390,900	921,800	914,500	103,700	46,400	24,200	2,401,500

Бұл малдардың жылдық сойысының шамасы: жылқыдан 12% (бар қарадан), қара малдан 12%, қойдан 25%, ешкіден 33%, шошқадан 40%, түйеден 4%, бұлар жергілікті халықтың жылдық ішіп-жемін шығарсақ, сыртқа шығып, вагонға тиелетіні:

Еттің шамасы – 1,276,500 пұт

Тек майдың шамасы – 120,000 пұт

Жиыны – 1,396,500 пұт жүк болады.

Сары май жүктері – ауданның жаратылыс жағдайлары май кәсібіне өте қолайлы. Оның үстіне тегінде май кәсібі пайда жағынан егіннен көп қолайлы. Сондықтан ауданның май кәсібінің келешегі күшті. Осы күнге шейін ауданды басып жүретін теміржолдың жоқ болғандығы, май кәсібінің үнемді шаруашылыққа қойылмағандығы аудан ішіндегі май кәсібінің өркендеуіне күшті кедергі болып келеді. 1914 жылы Ақмола губерниясынан сыртқа жиыны 80,457 пұт тұзды сары май шыққан. 1925 жылғы сыртқа шыққан барлық сары май – 22,800 пұт. Бұл 1914 жылғы шығыстың 28,4 проценті ғана. 1927 жылғы Ақмола губерниясынан сыртқа шыққан тортасы айырылған майдың шамасы Ақмоланың губторгының есебі бойынша – 65,000 пұт. Біз 1931 жылғы теміржол бойына түсерлік сары майдың жиын шамасын жоғарғы 3 үездің ішінен сондықтан 100,000 пұт болар деп шамалаймыз.

Ағаш жүктері – ауданның жылдық кесетін ағашының шамасы:

Көкшетау уезінен – 5,762,400 пұт

Ақмола уезінен – 476,750 пұт

Жиыны – 6,239,150 пұт ағаш.

Бұл ағаштың 50 проценті ғана сыртқа шықсын десек, жылдық вагонға тиелетін ағаштардың шамасы – 3,119,150 пұт жүк болмақшы.

Көмір мен кокс жүктері – Жезқазған ошағы жылында 60,000 тонна кен шығарғанда ұстайтын отыны 7000 тонна (қызулығының шамасы есепті қызулықтың 0,57-мен тең болған отыннан). Қарағанды мен Теңіз ошақтарының қызулық мөлшері есебінің 0,93-пен тең. Жезқазған ошағының келешекте шығаратын кенінің шамасы қазіргіден 600,000 тонна артық болғанда (кеннің ішіндегі мысы 4,6%). Оның жылдық жағатын отынының шамасы: $\frac{7000,100,57}{0,93} = 42,000$ тонна көмір болмақшы.

Кен іріктейтін фабриктің өндірісі сәткеде 2000 тонна кенді іріктеп шығару болса, оған керекті электр күші сәткеде 48,000 киловатт-сағат болмақшы. Әбір киловатт-сағат күшті жасау үшін 1,5 кило көмір жағуға керек. Сондықтан іріктейтін фабриктің жылда жағатын отынының шамасы (жылына 300 күн үзбей жүретін шартында): $\frac{1518000,300}{1000} = 22600$ тонна көмір болмақшы.

Жезқазған мен кен іріктейтін фабрик қызметкерлерінің жылдық жағатын ондарының шамасын, контора, монша – тағы сол сияқты орындардың отын шығынымен қосқанда жылында 35,000 тонна көмір деп болжауға мүмкін. Сондықтан Жезқазған мен кен іріктейтін фабрикке керек отын жылында 100,000 тонна, яки, 6,100,000 пұт көмір болмақшы.

Қарағанды ошағынан сыртқа шығатын кокс алғашқы кезде жылында 15,000 тонна, яки, 900,000 пұттан артық болмауына керек.

Теріп келгенде Ақмола – Жезқазған – Бірқазан теміржолынан жылында шөлейттен оңға бет алып жүретін жүктердің шамасы мынау сияқты болатындығы көрінеді:

Астық – 7,760,000 пұт

Ет, тоңмай – 1,396,000 пұт

Сары май – 100,000 пұт

Ағаш – 3,120,000 пұт

Көмір-кокс – 7,000,000 пұт

Барлығы – 19,496,000, яки 20,000,000 пұт жүк.

Бұл есепте теміржол бойына Түркістанға қарата бет алып түсетін – Қызылжар. Ешім уездерінен келетін астықтар шамасы қосылмай отыр. Бұл екі уез Қазақстанның ең астығы мол уездерінің бірі. Егерде жоғарыдағы теміржол жүрсе, бұл уездердің астығы сөзсіз сол жолмен жүрмекші, өйткені Ешім қаласы мен Ташкенттің арасы:

Түрксібпен жүргенде – 3200 шақырым жер;

Ақмола – Бірқазан жолымен жүргенде – 1890 шақырым жер болады.

Соңғы жолдың кіре ақысы екі еседей арзан болатындығы мұнан айқындалып отыр.

Енді Ақмола – Бірқазан жолымен оңнан шөлейтке қарай беттейтін кіре жүктеріне келсек (жемістер, шай, мақта, нефть, керосин, кездеме, мыс концентранттары) бұлардың шамасын жоғарғыдай бет-бетімен талдап, болжап отыруға деректер кем. Жалғыз тасылатын 34 процентті мысты концентранттардың шамасы жылында зауыт өндірісі 25,000 тонна мыс болған шартта 5,000,000 пұттан аз артық болмақшы.

Қарсақбай ауданынан жылда қорытылып шығатын таза мыстың шамасы 750,000 пұт болуына мүмкін. Сондықтан бұларға қосылатын Түркістаннан беттеген жеміс, мақта және басқа жүктермен бәрінің жылдық шамасын 10-15 миллион пұтқа бағалауға мүмкін нәрсе.

Бұлай болса Ақмола – Жезқазған – Бірқазан теміржолының салынуы: кен өндірісі, жалпы шаруашылық, сауда жағдайларының бәріне де болымды және пайдалы жұмыс. Сондықтан НКПС орындары бұл жолдың зерттеу шараларына кідірмей тез кірісулері керек.

V Қорытынды

Қарсақбай мыс өндірісінің келешек бағытына әсер беретін негізгі шарттарды тексеріп келгенде мынадай қорытымдарға тірелеміз:

Қарсақбай ауданының кен байлығы мол.

Кен байлығының шамасы, кен ошақтарының жасалу түрі, кенділік мөлшерінің түрінен сынағанда және жалпы кен қорына осы кезде есепке қосылмай отырған тотықпа және шашылма кендерді енгізе есептегенде, кемінен жиыны 1,000,000 тонна таза мыс беруіне мүмкін (кеннің ішінде мыс орта есеппен 4-5 процент).

Осы кездегі Қарсақбай зауытының жылында 5000 тонна мыс берерлік өндіріс мөлшері ауданның кен қорының шамасымен салыстырғанда, тіпті аз ғана.

Ауданның кен байлығының шамасын ашу үшін және оның мөлшеріне қарата өндірістің жылдық мөлшерін анықтау үшін зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек. Бұл зерттеулер 15 жылдың ішінде орындалып бітетін шартында 9,000,000 сом ақша шығын істемек.

Қарсақбай өндірісінің кіре жағдайсыздығы Ақмола – Жезқазған теміржолын салумен әсем түрде шешіледі. Бұл жолдың тар енді «зауыттық», яки кең енді үлкен теміржол болуын кейінгі жол комиссариатының жасайтын зерттеуі айыруға керек. Егерде тар енді болып салынса Ақмола – Жезқазған теміржолын салуға жиыны: $500 \times 50,000 = 25,00,000$ сом ақша керек болады.

Қарсақбай өндірісінің отын жағдайсыздығында Ақмола – Жезқазған теміржолының салынуы мен қолайлы түрде шешіледі (Теңіз яки Қарағанды ошақтарының көмірлері арқылы). Шартта да болсын мыс балқытатын зауытты келешекте көмір ошағынан салуға пайдалы.

Жезқазғанға жуықтас, жаратылысы Қарағанды ошағына сәйкес келетін Теңіздегі көмір ошақтары тез уақытта зерттеле бастауына керек.

Зерттеудің мөлшері 5 жылда бітсе, керек қылатын шығыны 500,000 сомдай болуға мүмкін.

Қарсақбай өндірісінің азық-түлік, жұмыскер жағдайларын өркендету үшін ауданның халқын орнықтыру жолына тез кірісуге керек (тоғам салу, шаруашылыққа сәйкес «шоғырлы түрде» жерге орналастыру, кооперация, мектеп жұмыстарын ілгерілету және мақсатты бағытты үкімет қарыздарын үлестіру жолдары арқылы). Бұл шарттар орындалмай Қарсақбай өндірісі азық, жұмыскер күші жақтарынан әлі де көп заман мешеулік көріп отырмақшы.

Жоғарғы қорытымдардың бәрі де іс жүзіне шықса, Қарсақбай өндірісі жылына үкіметке 30,000-40,000 тонна таза мыс беріп отыруға шамасы келмекші. Бұл мөлшер қазіргі Қарсақбай зауытының ұстанып отырған өндіріс мөлшерінен 6-8 қабат артық.

Кемеліне жетіп, шалқыған дәуірде Қарсақбай өндірісінің түрі мынау сияқты болады.

Өндіріс орындары	Салынатын жері	Жылдық өндіріс
Кен шығатын орындар	Жезқазған, Жыланды	660,000 тонна 4,5 процентті кен. 75,000 тонна 10 процентті кен. 125,000 тонна 5 процентті тотықпа кен. Жиыны – 800,000 тонна кен.
Жаңадан салынатын кен іріктейтін фабрик.	Жезқазғаннан 18 шақырым теміржол бойындағы «Жыланды» дейтін жер	600,000 тонна мыс кенін 34 процентті мыс концентрантына іріктеу.
Ескі кен іріктейтін фабрик.	Қарсақбай	75,000 тонна кен тасын 34 процентті мыс концентрантына іріктеу
Жаңа зауыт	Теңіз ошағы, не Қарағанды	25,000 тонна мыс
Ескі зауыт	Қарсақбай	75,000 тонна мыс
Жаңа салынатын тотықпа кендердің зауыты	Жыланды	5000 тонна мыс

Барлық үш зауыттың жылдық өндірісі 37,500 тонна, яки 2,250,000 пұт таза мыс.

Зауыттардың өмірі және өмір бойы беретін өндірісінің шығымы:

Қарсақбай зауыты: 20 жыл, беретін мысы – 150,000 тонна;

Тотықпа кендерінің зауыты: 20 жыл, беретін мысы – 100,000 тонна;

Жаңа зауыт: 25 жыл, беретін мысы – 750,000 тонна;

Барлығы: 20-25 жыл, беретін мысы – 1,000,000 тонна.

Жалпы одақтағы түсті металдардың өндірісі қазір де мүлде мешеу қалыпта. Одақтық ВСНХ жасаған 15 жылдың жоспары бойынша одақ ішіндегі мыстың шығымы мен ұсталымы мынау сияқты¹:

МЫСТЫҢ ШЫҒЫМЫ	$\frac{1916/17}{51,500 \text{ тонна}}$	ЖЫЛ	$\frac{1930/31}{80,000 \text{ тонна}}$	ЖЫЛ	$\frac{1940/41}{148,000 \text{ тонна}}$	ЖЫЛ
ұсталымы	25,920 тонна		52,000 тонна		100,000 тонна	
шеттен						
тасылатын мысы	25,580 тонна		28,000 тонна		48,000 тонна	

Мұндай хал одаққа үлкен қолайсыз нәрсе. Өйткені бірде бір себеппен сыртпен қатынас үзілетін болса одақтағы түсті металдарды ұстап іс қылатын өндіріс орындары қиын халде болмақшы. Одақтағы түсті металл кәсібінің мешеу қалғандығының негізгі себебі: түсті металдардың зерттеулі қорының тіптен аз ғана болуы.

1927-33 жылдағы 5 жылдық жоспар жасағанда сондықтан одақтық ВСНХ мынадай жолдарды негіз қылып ұстанып отыр²:

Түсті металдардың (мыс, қорғасын, цинк) өндірісін кен ошағының көтеретін сатысына дейін жоғарылату;

Жүріп, не салынып жатқан түсті металдарының зауыттарының ауданында тығыз және екпінді кен зерттеу жұмыстарын жүргізу;

Металл өндірісін, кен қоры мен одақтық шаруашылығының пайдасына дөп келетін артта қалған, әсіресе ұлт аудандарынан жасау.

Одақтық шаруа кеңесінің бұл 3 негізі де Қарсақбай өндірісінен бірдей табылады.

¹ Тезисы Иванова А. 15-летнему плану развития потребления и производства цветных металлов и изделий из них. Стр.1-2. (рукопись)

² Директивы к перспек. плану металлопромыш. на пятилетие 1927/28-32/33 гг. стр. 2-6 (рукопись)

ЖЕЗҚАЗҒАН ТЕМІРЖОЛЫН ТЕЗ САЛУ КЕРЕК

Жезқазғанға теміржол салу мәселесі бұдан 7 жыл бұрын көтерілген болатын. 1931 жылы Жол комиссариаты осы мәселені техника-экономика жағынан тұңғыш рет зерттеуге кіріскен болатын. Бұл зерттеудің қорытындысы: Жезқазғанға салынатын жолды осы күнгі Қарағанды-Балқаш арасынан салынып жатқан жолдың Нілді разъезінен (Өспен руднигінен) тарту керек деген болатын.

Бұл вариант төте болады, мұнда жолдың ұзыны 414 километр болады. Мұнда өр, ылди аз болады, мұнда бұрылыс та аз болады, барлығы 10 % ғана болады. Мұнда салынатын көпірлер де аз болады, аралығы 20 метрден артығырақ болатын 5 көпір салынады. Мұнда жер жұмыстары да басқадан аз болады, бір километр жол салу үшін 7130 текше метр топырақ қазылу керек. Жезқазған-Жосалы, Жезқазған-Атбасар, Жезқазған-Ақмола, Жезқазған-Қарағанды және басқа варианттардың бәрінен де Өспен руднигі-Жезқазған варианты арзан түседі.

Паровоз, вагондардың құнын қосып есептегенде, бұл жол 108 миллион сомға түспекші.

Бұл жолды салудағы техникалық жағдайлар ерекше қолайлы. Сондықтан мұны екі жылдың ішінде салып бітіруге болады.

Бұл жол Жезқазғанның жержүзілік маңызы бар мыс байлықтарын пайдаға асыру қамына қызмет ететін жол болмақ.

Түсті металлургиямыз одақ халық шаруашылығының ішіндегі ең кейін қалып келе жатқан тарауы болып жүр. Қара металлургия, машина жасау кәсібі және электр кәсібі елімізде айта қалғандай қатты көтерілді. Бұлар сондай көтеріліп отырғанда, түсті металлургияның, оның ішінде жетекші буыны болып отырған мыс кәсібінің өте кейіндеп отырғандығы бірсыпыра бөгет болып отыр. Әсіресе, мысты көп тұтынатын машина жасаушы және электр кәсібінің бұдан былай өркендеуіне осы бірсыпыра тұсау болып отыр. Елімізде мыстың өндірілуі мыстың тұтынылуынан ылғи кейін қалып, жете алмай келеді. 1932 жылы елімізде 23 мың тонна мыстың орны толмады. Түсті металл кәсібінің жоғарғы басқармасының өте байқап шамалаған есептеріне қарағанның өзінде де 1937 жылы елімізде 250 мың тонна мыс керек болмақ. Мұның ішінен 30 мың тоннасын мыстың қалдықтарынан қорытып алуға болады, 20 мың тоннасының орнына биметалл және пластмасса жұмсауға болады. 1937 жылы қортылып шығарылатын барлық мыс 135 мың тонна болады. Сонда орны толмайтын мысымыз кемінде 65 мың тонна болады.

Алғашқы екі бесжылдықта мыстың тұтынылуы орта есеппен жыл сайын 20 % артып отырды. Үшінші бесжылда Ангара, Енисей, Ертіс және басқа өзендерден, жержүзілік маңызды, адам айтқысыз зор қуатты электр станциялар салынбақшы. Осымен қабат, алғашқы бесжылдыққа қарағанда, үшінші бесжылдықта мыстың тұтынылуы едәуір артпақшы.

Тіпті мыстың тұтынылуы орта есеппен бұрынғыша жыл сайын 20 % артып отырғанның өзінде де, үшінші бесжылдықтың ақырында тұтынылатын мыс 500 мың тонна болады, соның 420 мың тоннасын рудадан қорытып шығару керек болады.

Кеңестер Одағындағы осы күнгі жүріп тұрған, қайта құрылатын, тыңнан салынатын мыс кәсіпорындарының жобаланып отырған толық күші үшінші бесжылдықтың аяғында 256 мың тонна мыс қорытып шығарарлық болады. Оның ішінде: Қалата – 19 мың, Қарабас – 20 мың, Красно-орал – 20 мың, Башқұртстан комбинаты – 5 мың, Қарсақпай – 7 мың, Закавказиялық түсті металл кәсіптері – 10 мың, Балқаш – 100 мың, Орта-орал – 50 мың, Блява – 25 мың тонна мыс беретін болады. Сонда өзімізде өндірілген мыстың тұтынылатын мысқа жетпейтін кемі едәуір – 150 мың тонна болады.

Осының орнын толтыру үшін екінші бесжылдықтың аяғында ең болмағанда тағы да бір мыс алыбын салу өте-мөте қажет болады.

Кеңестер Одағындағы негізгі мыс кендерінің анықталып отырған мыс байлықтары мынадай: Жезқазғанда – 3.228 мың тонна мыс бар, рудасындағы мыстың мөлшері орта есеппен 1,67 процент (percent), Қоңырат – 2.140 мың тонна, рудаданы мысы 1,08 процент, Алмалық – 2.364 мың тонна, рудаданы мысы 0,77 процент, Дегтярка – 1.518 мың тонна, рудаданы мыс 1,17 процент; Блява – 510 мың тонна, рудаданы мыс 2,35 процент.

Бұл цифрлар жаңа алыпты Жезқазған рудасына сүйеніп салу керектігін өте айқын көрсетіп отыр, өйткені мұның рудасындағы мысы Алмалықтағыдан екі есе бай. Басқаша айтқанда, бір тонна мыс қорытып шығару үшін Жезқазғанға қарағанда, Алмалықта руданы екі есе көп қазып шығарып қорыту керек болады.

Жезқазған кендерін қазып шығару, қорыту әдістері әбден меңгерілді. Мұнда рудадан мыстың қорытылып алыну дәрежесі өте жоғары (флотация жолымен қорытқанда рудаданы мыстың 94 процент, металлургия жолымен қорытқанда 93 процент алынады). Ал Алмалық рудаларын қазып шығару, қорыту әдістері әлі жете анықталған жоқ, тіпті жартылай заводтық көлемде де әлі шешілген жоқ.

Жезқазғанда осы күйінің өзінде маман тау жұмысшылары, байытушылар, металлургияшылар кадрлары бар, бұлар көбінесе жергілікті елден даярланып шығарылғандар. Алмалықта бұл жоқ.

Жезқазғанда қосымша металлургиялық шикізаттар: флюстер, күймейтін топырақтар, отын толық жеткілікті. Алмалықта судың қайдан алынатыны әлі анықталып болған жоқ. Ал Үлкен Жезқазғанға су жетістіру мәселесі шешілген мәселе. Мұнда Кеңгір өзенінен биіктігі 25 метр бөгет салынса болғаны. Сонда мұндағы су 135 миллион текше метр болады. Керегі 67 миллион текше метр ғана. Сонда Кеңгірдің суы Үлкен Жезқазғанның техникалық қажетінен, қалғаны ауыз суынан екі есе асып түседі.

Сонымен, Алмалық Ташкентке және теміржолға жақын болса да, техника-экономика жағынан Жезқазғанға жете алмайды, одан көп кейін жатыр. Сондықтан, ендігі кезектегі мыс алыбы Жезқазғаннан салынуы тиіс, өйткені оның мыс байлығы адам айтқысыз көп, рудасындағы мыстың мөлшері әлдеқайда бай, оның рудасын қазып шығару, қорыту әдістері әбден анықталған, толық меңгерілген әдіс. Бұл алыптың толық өндіріс қуаты жылына 150 мың тонна мыс қорытып берерлік болуға тиіс, оның бұл қуатын екі кезекте меңгеретін болу керек.

Әзірлік жұмыстарын бітіргеннен кейін, бұл алыптағы негізгі өндіріс орындарын үш жылдың ішінде салып бітіруге болады. Әзірлік жұмыстары да көп болғанда үш жылдан әрі созылмауы керек.

Олай болса, Үлкен Жезқазған салу жөніндегі әзірлік жұмыстары 1935 жылдың аяғынан қалмауы керек, ең ары кеткенде 1936 жылдың басынан қалмауы керек. Тек сонда ғана Үлкен Жезқазғанды 1941 жылы барынша толық жүргізуге мүмкіндік болады.

Әзірлік жұмыстарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі Өспен руднигінен Жезқазғанға теміржол салу болып табылады. Бұл жолды салып алмайынша негізгі өнерлі кәсіп орындарын толық салуға кірісу мүмкін емес.

Бұл жолды 1936 жылдан қалдырмай сала бастау керек, екі жылдан кейін, басқаша айтқанда, 1938 жылы бұл жол уақытша жүргізетін болуы керек, сонда осы 1938 жылдан бастап Үлкен Жезқазғанның негізгі өндіріс орындарын салуға кірісуге де болады.

1936 жылдың басында Қарағанды-Балқаш арасындағы теміржол салынып болады. Осыдан босаған кадрлар мен құралдарды дереу Өспен руднигі-Жезқазған теміржолын салуға пайдалануға болады. Мұның өзі өте дұрыс болады.

Қарағанды мен Балқаш теміржолын салушы кадрлар мен құралдарды сол жол біткеннен кейін дереу қолма-қол Жезқазған жолына аудару қажет және қолайлы болатындығын тұңғыш айтушы Ауыр өнерлі кәсіп комиссары Орджоникидзе жолдас болды, ол мұны 1934 жылдың аяғында айтқан. Орджоникидзе жолдастың бұл нақтылы бағыты таяу жылдардың ішінде Жезқазғанды толық меңгеру ісін қолға алу керек деген соның өз ұйғаруынан туған нәрсе. VII Кеңес съезінде осыны ол тағы да айтты.

Енді Қазақстан үкіметі Қарағанды-Балқаш жолындағы кадрлар мен құрал-саймандарды Өспен руднигі мен Жезқазған арасындағы жолды салуға алу мәселесін мықтап қолға алуы қажет.

Орталық Қазақстан мен Жезқазған ауданында Жезқазғанның мыс кендерінен басқа темір, темірлі марганец рудалары, көмір, пирит бар, 1935 жылы тұңғыш рет табылған фосфорит бар. Бұл ауданға теміржол салынса, осы айтылған кен байлықтарының бәрі де пайдаға аспай қоймайды.

Жезқазғанның шақпақты келген қышқылды бай рудалары Оралдағы мыс заводтарында қышқыл флюс болып пайдаланылуы мүмкін. Бұл рудалар Орал заводтарының өндірістік қуатын арттыратыны сөзсіз. Аса сапалы марганец рудаларының біразын Магнитогор заводында пайдалануға болады.

Көмір, пирит және фосфорит кендері әрі жақын, әрі мол болғандықтан, бұл ауданда химия және тың өнерлі кәсіптерін өркендетуге де орасан көп мүмкіншілік бар.

Сонымен, Өспен руднигі мен Жезқазған арасындағы теміржол келешекте «Тұйық» жол болмайды, транзиттік жүк таситын үлкен жолдың бір саласы болады.

Өспен руднигі – Жезқазған теміржолы Кеңестер Одағының түкпіріндегі меңіреу болып жатқан, бірақ өндіріс күштері өте бай болып отырған Орталық Қазақстанды қақ жарып өтетін жол. Бұл жол осындай байтақ ауданымыздың экономика және мәдениет тіршілігін айта қалғандай көркейтетін жол болады.

ҚАРСАҚПАЙ КОМБИНАТЫ – ҰЛТ ПРОЛЕТАРИАТЫНЫҢ БІР НЕГІЗГІ ОРДАСЫ

Қазақстандағы ауыр өнерлі кәсіп орындарының бір күрделісі – Қарсақпай мыс комбинаты. Бұл биылғы июньнің 10-да өзінің кеңес үкіметі тұсында салына бастағанына 10 жыл толғандығын мерекеледі. Қарсақпай осы он жыл ішінде ұлт пролетариатының ұйтқысы бола білді.

Бұдан дәл он жыл бұрын, 1925 жылы июньнің 10-да одақтық маңызды Атбасар түсті металл тресін ұйымдастыру туралы Одақтық еңбек және қорғау кеңесінің қаулысы болды. Бұған Қарсақпай комбинатын салып бітіріп, пайдалануға беру міндеті жүктелді. Бұл өндіріс орындары бұрынғы әзірде «Атбасар мыс промыселдары» болып аталып келген. Бұлар 1907 жылдан 1919 жылға дейін «Атбасар мыс кендері» деп аталып, Ағылшын концессиясының қарауында болған. Компанияның басқармасы Лондон қаласында тұрған. Бұл компания басқармасының негізгі капиталы алтын есебімен 5 миллион сомның айналасында болған.

Ағылшындардың проектісі бойынша Атбасар промыселдарына Жезқазған мыс кені, Байқоңыр көмір кені, Қарсақпай мыс қорытатын завод және оның жанындағы байыту фабрикасы да қосылған.

Бұл өндіріс орындарының арасы жалпы ұзындығы 120 километр тар табанды теміржолмен ұштаспақшы болған. Бұл өндіріс кен орындарының мыс шығару жобасы бойынша жылына 5000 тонна мыс қорытылмақшы екен; жерден алынған кеннің ішіндегі мысы орта есеппен 10 процент болып алынбақшы екен. Ағылшындар осындай әрекет жасап, комбинаттың алғашқы жылдарында шамадан тысқары пайда таппақшы болған; сөйтіп биржада (бержиде) үлкен әңгіме көтеру мақсатын көздеген, өз акцияларының құнын көтеріп, басқа біреулерге қымбатқа сатып, ақырында шамадан тыс ірі-ірі пайда таппақшы болған. Сонымен шыққан шығынын қайтарып, оның үстіне жалмауыз құлқынын тойдырарлық ірі пайда келтіріп, ол пайдамен өзге жерден барып тағы да кен көздерін аша бермекші болған ғой. Ағылшын капиталистері де өмірінше «пайда, пайда» деп аранын ашып келе жатқан жоқ па?

Осындай «сауда, пайда» мақсатымен кен байлықтары бар жерлердің талқаны шығып арандалды; бағалы металдар байлығы іркіліп қала берді; кен байлығының пайданы көп беретін оңай алынатындарына ғана «балта шабылды». Байлығы мол кендерді игеріп алу үшін ағылшындар Жезқазған кенінде тау-кен әзірлік жұмыстарын кең түрде қолға алған; олар жалпы тереңдігі 740 метр 19 шахта қазған болды, жалпы тереңдігі 3710 метр штрек қазды. Осының қорытындысында 19 мың 600 тонна мыс алуға даярланды; алынатын кеннің ішіндегі мысы, орта есеппен 13 процент болмақшы болды.

Мұнымен бірге, ағылшындар кен зерттеу жұмысына да кірісті: 234 бұрғылау скважинасын қазды; бұлардың жалпы тереңдігі 17273 метр

болды. Осы көрсетілген зерттеу жұмыстарының арқасында, Жезқазғанда орта есеппен алынатын кенде 10 процент мысы бар 61 мың тонна мыс барлығы «анықталды». Ағылшындар зерттеуінің өнімділігі әрбір бұрғыланған метрде 3,5 тонна мыс өнімі бар деп шамаланды.

Байқоңыр көмір кенінен ағылшындар жалпы тереңдігі 12 мың метр 12 ұсақ шахта, штректер қазды. Мұның қорытындысында 179 мың 600 тонна көмір алынуға дайындалды. Мұнымен қабат, ағылшындар Байқоңырдан жалпы тереңдігі 1780 метр 54 скважина қазып зерттеу жүргізді; 715 мың тонна көмір байлығы бар делінді. Комбинаттың қалған звенолары – металлургия заводы, байыту фабрикасы, электр-су шаруашылығы, теміржол, тағы басқалары ағылшындар кеткенде бастауыш ұйымдастыру қалпында қалып еді.

Ағылшындардың «Атбасар ісін» ұйымдастыру әдісінде «ептілік» байқалды. Негізгі өндіріс құрылысына қаржы шығармастан бұрын, олар зерттеу жұмысын әбден баптап, байлығы мол кендердің 10 жылдық запасын анықтаған. Оның ішінде үш жылдық запасты кез келген уақытта алуға дайындап алған. Тек өстіп кен базасын белгілі мерзімге жетерлік етіп анықтап алғанның соңында ғана, ағылшындар комбинаттың негізгі өндіріс құрылысына кіріскен. Бірақ бұл жұмысты олар бізге бастауыш дәуірінде қалдырды.

Ағылшындар кеткен соң, кеңес үкіметінің қолына көшкен Атбасар тресіне мынадай міндеттер жүктелді:

Алдымен ағылшындардың технологиялық есептерінің қайдан шыққандығын тексеру, осыған байланысты комбинаттың құрылыс жобасын біржола тиянақтау. Екінші жағынан – комбинатты салуға керек құрылыс материалдарын, құрал-саймандарды жақын жердегі теміржол станциясынан жеткізу үшін транспортты нығайту. Үшінші – комбинатты 1928 жылы пайдалануға беру үшін құрылыс жұмыстарын барынша күшті қарқынмен қыздыра түсу керек болды.

Орталық Қазақстан үшін шаруашылық, саясаттық маңызы күшті Қарсақпай комбинатын орнату ісін Одақ және Қазақстан үкімет орындары күн ілгері ескеріп еді. Бұл сөзімізді дәлелдеу үшін Ю.Л.Пятаков жолдастың Қазақстан Халық комиссарлар кеңесіне жазған 1925 жылғы 24-октябрьдегі белгілі хатын еске алайық. Бұл хатында Одақтық халық шаруашылығы кеңесі төрағасының орынбасары Пятаков жолдас бұл жөніндегі міндеттердің бастыларын атап көрсеткен болатын.

Пятаков жолдас Қарсақпай комбинатын орнатуда негізгі мәселенің бірі етіп кадр қызметші, өнерлі жұмысшылар мәселесін көтерген: «Егер де қазіргі ұйымдастырылайын деп отырған өндіріс орнымызда тек орыс жұмысшылары ғана болса, бұл үлкен саяси, шаруашылық және жалпы мәдениеттік жөнінен қате болған болар еді... Қайткен күнде де, қазақ жұмысшыларын шындап молайту керек. Бұл өндіріс орнының өсуі, нығаюы негізінде қазақ жұмысшылары да бірден-бірге өсіп, көбейіп отыруға тиіс...».

Кадр мәселесін шешуде Пятаков жолдас қазақ жұмысшыларын іріктеп алып, одақтағы өзге заводтарға жіберіп үйретіп, оқытып отыру ісін қыздыру, бұл дайындалған жұмысшыларды жергілікті халықтан көптеп жұмысшылар дайындауға ұйтқы ету, жұмысшы қазақтарды жергілікті жерде, комбинатты салу ісі үстінде дайындап шығару міндеттерін атап көрсетіп еді.

Комбинаттың жалпы шаруашылық және өндірістік мәселелерін шешуде Пятаков жолдас сол хатында былай деп еді:

«Транспорт жөнінде қиыншылық жағдайдың болуы, заводқа жақын жерде ауыл шаруашылық азықтарының, шикізаттарының жоқтығы – өндірістік үлкен орталық жасау ісін бірталай қиыншылықтарға кездестіреді. Сондықтан Атбасар заводы қарайтын ауданда тиянақты ауыл шаруашылық азықтарын – огород, бау, дәнді егін, шөп егу тағы басқаларын жасау керек...».

Комбинаттың транспорт мәселесі жөнінде Пятаков жолдас: «Теміржол станциясынан 350 шақырым жерде тұрған, жақын деген қаладан 500 шақырым жерде тұрған өндіріс орны транспорт, қатынас жұмыстарының жақсы ұйымдасуына өте мұқтаж болуы керек...», – деп жазды. Бұл пікірін кеңітіп айта келе, Пятаков жолдас Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің атына жазған екінші хатында (1926 жыл, марттың 31-де) былай деп еді:

«Қазақстандағы теміржол құрылысының жоспары – өлкенің тау-кен, металлургия өнерлі кәсібінің жоспарымен байланыстырылуы керек...».

Осы соңғы хатында Пятаков жолдас Қарсақпай ауданының жалпы мәдениеттілік, шаруашылық құрылысының келешегі жөнінде «аудан халқының тұрмыс жағдайларының қажеттерін қамтамасыз ету жағын да, мәдениеттілік тілектерін қамтамасыз ету жағын да өтеу керек. Мектептер, әртүрлі қоғамдық мекемелерді ұйымдастыру, сауда ұйымдастыру, тағы басқалары – өнерлі кәсіптің міндеттерін іске асырарлық белгіленген өзге шаралар системасына кіру керек...», – деді.

Пятаков жолдастың хатына Қазақстан үкімет орындары татымды үн қосқандығы белгілі.

Одақтық халық шаруашылығы кеңесі мен Қазақстан үкімет орындарының үздіксіз басшылығы, көмегі арқасында, Атбасар түсті металл тресі Одақтық еңбек және қорғау кеңесінің жүктеген негізгі міндетін іске асыруға жігерлі түрде кірісті.

Осы жөнде Қарсақпай комбинаты құрылысының жылма-жылға өсуін көрсету үшін негізгі өткен кезеңдерін айтып өтпекшіміз.

1925-26 жылдары. Жосалы-Қарсақпай арасындағы транспорт тәртіпке салынды; комбинат құрылысының сметасы жасалды. Жақсы деген шет фирмаларда Жезқазған кенінің флотация жағдайын зерттеу ісі басталды: Минерал сепарейшн (Ағылшында), Женерал инженеринг (Америкада), Екоп (Германия) фирмаларында және Кеңестер Одағында

Механобр (Ленинград), Тау-кен академиясы (Мәскеуде) – осы сияқты жерлерде зерттелді. Қарсақпай-Байқоңыр арасындағы теміржол салынып бітті. Байқоңыр көмір кені тәртіптелді. Қарсақпайдағы плотина-ның күрделі ремонтты аяқталды.

1927 жылы. Комбинаттың үй шаруашылығы құрылысына негізгі күш жұмсалды: Қарсақпайдағы техникалық, теміржол, емхана қалалары салынып бітті; Байқоңыр, Жезқазғанда үйлер салынып болды; Жезқазған кені тәртіптелді; Қарсақпай-Жезқазған теміржолы салынып бітті; электр шаруашылығы, байыту фабрикасы, металлургия заводы құралдарының монтажи қолға алынды.

1928 жылы. Электр шаруашылығына, байыту фабрикасына, металлургия заводына негізгі күш жұмсалды; бұлардың құрылыс, монтаж жұмыстарына арналған тиянақты шаралар істеліп бітті; сонымен 1928 жылғы Октябрь мерекесінде металлургия заводы пайдалануға берілді.

1929 жылдың июні – Бүкіл Кеңестер одағындағы ең бірінші болып Қарсақпайдың флотация-байыту фабрикасы пайдалануға берілді. Бұған дейін фабрикадан бұрын пайдалануға берілген завод мыс байлығы көп кенді ғана қорытып, мыс етіп шығарып келіп еді.

Сөйтіп, Атбасар түсті металл тресінің онды басшылығы арқасында, Одақтық халық шаруашылығы кеңесінің, Қазақстан үкіметінің күнбе-күн нақты жәрдемі арқасында, Қарсақпай комбинаты үкімет белгілеген ширекте іске кірісті.

Комбинат іске көшкен соң бір жарым, екі жылдан кейін (1930 жылы) оның негізгі цехтары өзіне жүктелген жобалы жұмыстарын артық істеуге кірісті: металлургия заводы жоспар бойынша 5 мың тонна орнына, 6100 тонна мыс қорытатын болды; ал, байыту фабрикасы белгіленген жоспар бойынша тәулігіне 250 тонна кен байытып шығарудың орнына, 450-500 тонна байытатын болады.

Комбинат құрылысы кезіндегі, комбинаттың іске көшкенінен кейінгі алғашқы өндірістік күшін меңгерудегі біз көрсеткен табыстар өнерлі жұмысшылардың, инженер-техниктердің шын ықыластары мен беріліп істеген жігер күштері арқасында табылды. Бұлардың ішінен мына жолдастарды атап өтуіміз керек:

С.С.Дыбец, К.И.Бронзос, Л.И.Игнатъев, А.И.Тиме (Атбасар түсті металл тресті басқармасы составынан), П.А.Дрейман, М.П.Наумов, М.А.Шахновский (комбинат басшылығы составынан), комбинат құрылысы кезіндегі Жосалы-Қарсақпай транспортының жігерлі басшысы, оны бірінші ұйымдастырушы Н.М.Ротчинский, Жезқазған кенінен Е.И.Качурин инженер, Байқоңырдан инженер Н.А.Федоров, байыту фабрикасының инженерлері И.А.Стригин және Бельсон, металлургия заводының инженерлері М.И.Мұқашов, И.П.Фомин, теміржол бөлімінен А.А.Агеенко, Грачев (инженерлер), мастерлерден Д.А.Волошин, Савошкин, тойтарғыш Кралицкий, бұрғышы Дүйсенбекұлы Қияс, кен

қопарушы Сексенбайұлы Қасен,¹⁾ тағы тағылары. Бұлар Қарсақпай комбинатының елеулі күндеріндегі сіңірген еңбектеріне лайықты қадірлі орындарын алуға тиіс. Бұлардың еңбегі Қарсақпай комбинаты тарихына да, Қазақстандағы ірі өнерлі кәсіп тарихында да алтынмен жазылды.

Қарсақпай комбинатында көп қазақ мамандары, көп ұлт пролетариаты тәрбиеленіп шықты. Қарсақпай – ұлт кадрларын даярлайтын, ұлт пролетариатын баулып шығаратын негізгі ұйытқы орындардың бірі.

Айтып өту керек, Қарсақпай комбинатының құрылысы кезіндегі пайдалануға берілген алғашқы дәуірдегі табыстарды комбинат жұртшылығы соңғы жылдары түгел мекемдей алмай отыр. 1931 жылдан бастап комбинат алғашқы табыстарын баянды ете алмай келді. Қарсақпай комбинаты мұнан былай бұл кінәсін ескеріп, алдағы күнде одақтағы түсті металл кіндіктерінің бір үлгілі орнына айналуы тиіс. Орджоникидзе жолдастың және Мирзоян жолдас бастаған Өлкелік партия комитетінің тапсырған міндеттерін Қарсақпай комбинатының дирекциясы, инженер-техниктері, ондағы партия ұйымы большевикше орындайды.

Қарсақпай комбинаты Үлкен Жезқазған үшін кадр дайындап берді. Тағы да дайындайды. Енді мұнымен бірге, Қарсақпай комбинаты Үлкен Жезқазған үшін жоғары дәрежелі техникалық істердің лабораториясы болады.

¹ Бұл тізімге Сәтбай ұлы Қаныштың өзін де қосу керек. Бұл біздің көрнекті инженерлеріміздің бірі. Қарсақпай комбинатының құрылысында аз еңбек сіңірген жоқ. «С.Қ.» басқармасы.

ЖЕЗҚАЗҒАН

Кеңестер Одағындағы мыс кені мол негізгі аудандардың ең бай және мыс запасының ең көп жері – Жезқазған. 1935 жыл январьдың 1-дегі есеп бойынша Қоңыратта 2140 мың тонна, Дектяркіде 1510 мың тонна мыс запасы болса, Жезқазғанда сол есеп бойынша 3230 мың тонна мыс бар, оның ішінде зерттелген мыс – 1330 мың тонна. Жезқазғанның бұл толық зерттелген запасы 980 скважинаның мәліметі бойынша есептелген, бір скважинаға 2400 шаршы метрдей жер тура келеді, орташа есеппен рудалы жерден 85-90 процент шамасы руда шығады. Бұл мәліметтер Жезқазғанда мыс кенінің басқа жерлердегіден мол екенін көрсетеді. Мыс кені мұндай көп болу үстіне Жезқазған кен зерттеу жөнінен де басқа жерлерден анағұрлым пайдалы. Бірінші бесжылдықтың ішінде Жезқазғанда кен зерттеуге жұмсалған шығын, толық зерттелген мыстың әрбір тоннасына болғаны 4 сом 50 тиыннан ғана келеді.

Жезқазған рудасы таза руданың санына қосылады. Жезқазған рудасында қорғасын, мырыш, алтын, күміс өте аз, мышьяк, висмут және басқа мысқа зиянды қосымшалар жоқтың қасы. Мұның арқасында Жезқазған рудасын оншама көп шығын шығармай және оңай айырып, нағыз жақсы қара мыс алуға болады.

Жезқазған рудасы оншама терең де емес, ең терең жері 150 метрге жетеді, руда жер астында қабат-қабат болып жатады, мұның арқасында бір шахтадан бірнеше қабат руда шығаруға болады. Руда қабатының ұзындығы бір жарым километр, ені жарты километр, қалыңдығы 15-20 метрге дейін жетеді. Мұның арқасында руданы арзанға түсетін механикалық әдістермен шығаруға болады. Кеннің өзі тұрақты және мықты болғандықтан, шахталарға тірек қоюдың қажеті болмайды, суағарлардың да көп қажеті жоқ; сондықтан руда арзанға түседі, екінші жағынан кен жұмыстарын мейлінше кеңейтуге мүмкіншілік туады. 1935 жыл январьдың 1-не дейін толық зерттелген руданың 40 процентің тек орталық шахтаның өзінен шығаруға болады. 30 процентін ашық жұмыс әдісімен шығаруға болады. Орташа есеппен бір тонна руда 3 сом 50 тиынға түседі, бір тонна рудадағы мыс орташа есеппен 1 сом 82 тиынға түседі. Кеңестер Одағындағы мыс шығатын басқа жерлердің бірінде де руда, мыс мұндай арзанға түспейді.

Жезқазғанның рудасында мыс 1,92 процент, Қоңыратта – 1,04 процент, Алмалықта – 0,77 процент, Дектяркіде – 1,30 процент. Сондықтан 1 тонна қара мыс шығаруға керекті руданың мөлшері Жезқазғанда басқа жерлердегіден анағұрлым кем болады.

Бұл айтылғандардан басқа Жезқазғанның тағы да мынадай артықшылықтары бар: а) Жезқазғанның негізгі өндірісіне керекті шикі металл, отын, құрылыс материалдары жеткілікті, мұның бәрі Жезқазғанның өз ауданынан алынады; в) Жезқазғанда жеті жылдан бері комбинат (Қарсақпай комбинаты) бар, бұл комбинат жылына 6 мың тонна

мыс беріп тұрады, бұл комбинаттың арқасында тәжірибе жасалып, руда технологиясының мәселелері толық шешілді. Бұл тәжірибе арқасында флотация жасағанда мыстың шығуын 94 процентке жеткізуге болатыны анықталып отыр. Кеңестер Одағындағы мыс шығатын жерлердің біреуі де мұндай нәтиже берген емес; с) Жезқазған ауданында жеткілікті қара жұмысшылар бар. Жезқазған комбинатында тәрбиеленген өнерлі қазақ жұмысшылары бар; в) өндіріске керекті су және ауыз су мәселесі қазір негізінде шешіліп отыр. Су жеткізу үшін Жезқазғаннан 25 километр жердегі Кеңгір өзенінің көктемгі суынан пайдаланылмақ, мұның үшін Кеңгір өзеніне биіктігі 25 метр үлкен бөгет салынбақ. Сол уақытта бұл өзен 67 миллион текше метр су бере алады. Бұл су Жезқазғанның өндірісіне де, халқының ішуіне де артығымен жетіп тұрады.

Жоғарыдағы мәліметтер Жезқазғанның маңызы зор екенін, пайдасы көп екенін, жылына 100-150 мың тонна мыс бере алатынын көрсетеді. Сондықтан Жезқазған құрылысын кешіктірмей қолға алу керек екенін көрсетеді. Бірінші бесжылдықтың соңғы жылдарында Жезқазғанда күшті даярлық жүргізіліп еді. Бірақ Жезқазған алыбын салу жұмысы екінші бесжылдықтың жоспарына кіргізілмеді. Бірақ үшінші бесжылдықта елімізге қанша мыс керек болатындығын есептей келгенде, үшінші бесжылдықтың аяғында 150 мың тонна мыс жетпейтіні көрініп отыр. Олай болса, Жезқазған құрылысын енді кешіктірудің жөні жоқ. Үлкен Жезқазған алыбының толық өндіріс күшін жылына 150 мың тонна мөлшерінде белгілеуге болады, бұл күшін Жезқазған алыбы екі кезекпен меңгере алады. Даярлық жұмыстарын толық аяқтағаннан кейін бұл алыпты үш жылдың ішінде салып бітіруге болады. Даярлық жұмыстарын да 3 жылға жеткізбей аяқтауға болады.

Жезқазған алыбын бұл ширекте аяқтау үшін Үлкен Жезқазғанның даярлық жұмыстарын 1935 жылдың аяғында иә 1936 жылдың басында қолға алу керек. Үлкен Жезқазғанды тек сонда ғана 1941 жылы жүргізуге болады. Даярлық жұмыстарының бір үлкені – Жезқазған мен Успенский руднигі арасында теміржол салу. Әйтпесе, Жезқазған комбинатын салуға болмайды.

Бұл теміржолды 1936 жылдан қалдырмай қолға алып, екі жылдан кейін, 1938 жылы бұл жолда уақытша қатынас бастау керек. Бұлай еткенде Үлкен Жезқазған құрылысын сол жылдан бастап күшейтуге болады.

1936 жылы Қарағанды-Балқаш теміржолы салынып болады. Бұл жолдан босаған кадрларды және құрал жабдықтарды Успен-Жезқазған теміржолын салу үшін пайдалануға болады.

Қарағанды-Балқаш жолынан босаған қызметшілерді, құрал-жабдықты Жезқазғанға пайдалануға болатынын ең алдымен 1934 жылдың аяғында Орджоникидзе жолдас айтқан еді. Оның алдында VII кеңестер съезінде Орджоникидзе жолдас Жезқазған кенін пайдаға асыру мәселелерін қолға алу керек екенін білдірген еді. Жезқазғанды қазірден қолға алу керек екенін 1935 жылы Қазақстанға келгенінде Пятаков жолдас та айтты.

Жезқазған құрылысына даярлану жұмыстарының аса зор маңызы бар. Бұл жұмыстар: 1) кен зерттеу жұмыстары; 2) ғылым-зерттеу мәселелері; 3) өндіріске керек су және ауыз су жеткізу мәселесі; 4) кадр мәселесі; 5) жұмысшыларды жабдықтау мәселесі (совхоздар құру мәселесі); 6) транспорт мәселесі; 7) Үлкен Жезқазғанды салуға байланысты барлық жұмыстардың жобаларын жасау мәселесі; 8) Үлкен Жезқазғанның руда базасын даярлауға кірісу мәселесі.

Бұл жұмыстардың 1936 жылы жүргізілетіні және оның көлемі мынадай болу керек:

1936 жылғы кен зерттеу жұмысының алдына қойылатын міндет мынадай: 1) Жезқазғандағы қазіргі комбинатқа (Қарсақпай комбинаты) мысы көп руда жеткізіп тұру, жеткізгенде мыс кенін ысырап қылушылыққа, бұзушылыққа жол бермеу; 2) кен зерттеу жұмысын күшейту, Жезқазғандағы кен шығатын жерлердің маңыздыларын белгілеу, сөйтіп Үлкен Жезқазғандағы алғашқы даярлық жұмыстарға жоба жасауға негіз даярлау; 3) Жезқазған ауданының геологиясын және металлогениясын жалпы зерттеуді онан сайын күшейтіп, басқа кені бар жерлерді зерттеуге даярлық жасау.

Жезқазған ауданындағы мыс кенін зерттеуге байланысты бұл жұмыстардан басқа 1936 жылы құрылыс материалдары шығатын жерлерді толық зерттеу жұмыстарын, сол сияқты бүкіл Жезқазған ауданының кенін, металын кең түрде зерттеуге байланысты жұмыстарды күшейту керек. Сол сияқты Жезқазған рудасының петрографиясын, минераграфиясын толық зерттеу жұмыстарын алға алып бару керек. Жазқазғанда 1936 жылғы кен зерттеу жұмысына керекті шығын 1200 мың сом шамасы.

Ғылым-зерттеу жұмыстары

Екінші бесжылдықта, оның ішінде 1936 жылы Жезқазғандағы кеннің негізгі категорияларын пайдаланудың неғұрлым пайдалы әдістерін белгілеу мәселелерін зерттеу керек; Жезқазғандағы ірі рудаларды ашудың, кен қазу, тазалау жұмыстарының неғұрлым пайдалы әдістері белгілену керек; кен қопаратын дәрілердің түрін, мөлшерін белгілеу керек. Мұнымен қатар Жезқазғанның рудаларын шығарудың неғұрлым пайдалы әдістері, аралас рудаларды байыту әдістері белгілену керек, басқа да осындай жұмыстар істелу керек. Мұның бәрі Үлкен Жезқазғанның кәсіпорындарын толық меңгеруге байланысты мәселелер.

Жезқазған ауданында совхоздар құру жөніндегі зерттеу жұмыстары өзіне бөлек. Мұның үшін жердің суын, қыртысын, өсімдігін, ойы-қырын, ауасын және басқа жағын зерттеу керек. Аталған ғылым-зерттеу жұмыстарына 1936 жылы 500 мың сом шамасы қаржы керек.

Су жеткізу жұмысы

Үлкен Жезқазғанға су жетістіру мәселесі екінші бесжылдықтың ішінде толық шешілу керек. Жұмысшылар үшін жаңа өндіріс үшін су жеткізу жобалары жасалу қажет. Үлкен Жезқазғанның кәсіпорындарына жылына 30 миллион текше метр шамасы су керек. Союзводстройдың есебінше Кеңгір өзеніне үлкен бөгет жасағанда, бұл өзеннің көктемгі суынан 67 миллион текше метр су алуға болады.

1936 жылы Кеңгір өзеніндегі бөгет жасалатын жердің толық планын салу керек, бөгеттің жобасын жасауға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізу керек; 1936 жылдың ішінде бөгеттің техникалық жобасын жасауды қолға алу керек. Үлкен Жезқазғанға суды жеткілікті етуге байланысты, жұмыстардың бәріне 1936 жылы 500 мың сомдай қаржы керек.

Кадр дайындау мәселесі

Үлкен Жезқазғанға керек кадрлар негізінде қазіргі Жезқазған комбинатының цехтарында жұмысшыларды өнерге үйрету жолымен даярлану керек, мұнымен қатар, қысқа ширекті курстар (көрістер) ашып, бұл курстарда жұмысшылардың өнері арттырылатын болу керек. Қазба жүргізушілер, бұрғышылар, ұста, слесерлер фабрик-завод мектептері арқылы және дайындау курстары арқылы даярлану керек. Фабрик-завод мектептері арқылы қазақ өнерлі жұмысшыларын даярлау үшін фабрик-завод мектептеріне кіретін жастардың жалпы білімін арттыру қажет, мұның үшін даярлық курстарын ұйымдастыру керек. Даярлық курстары 1936 жылдан бастап ұйымдастырылса, фабрик-завод мектебі өнерлі жұмысшылардың алдын 1938 жылдың басында, басқаша айтқанда Үлкен Жезқазған құрылысы күшейтілетін жылы даярлап шығара алады.

Фабрик-завод мектебі жылына 200 адам даярлап шығаратын болу керек. Сонда фабрик-завод мектебіндегі барлық оқушылардың саны 400-дей болады. Үлкен Жезқазғанға техниктер даярлау үшін Қарсақпайда 1936 жылы кен-металлургия техникумын ашу керек, бұл техникумды Қарсақпайдағы қазіргі фабрик-завод мектебі негізіне ашу керек. Оқу ширегі 3 жыл болғанда техникум техниктердің алдын 1939 жылы даярлап шығарады. Техникум алғашқы кезде жыл сайын 50 техник даярлап шығаратын болу керек. Бұл аталған жұмыстарға 1936 жылы бір жарым миллион сом қаржы керек, оның ішінен, фабрик-завод мектебінің және техникумның үйлерін салуға, олардың мастерскойлары мен кабинеттерін жабдықтауға 800 мың сом керек.

Совхоз құрылысының мәселесі

Бұл мәселе Үлкен Жезқазған үшін аса маңызды және аса тығыз мәселе. Инженер-техниктерді және маман жұмысшыларды ұзақ

уақытқа тұрақтату үшін олардың жабдықталуына негіз жасау керек, қолайлы жағдай туғызу керек. Жер суландыру жұмыстары жүргізілсе, Үлкен Жезқазған ауданында астық егуге, огород егуге болады, Үлкен Жезқазғанның мұқтажын толық өтеп тұруға болады. Мұның үшін Ұлытау ауданында Сөрелі, Байқоңыр өзендерінде алғашқы кезде екі бөгет жасау керек. Мұның арқасында алғашқы кезде молынан жетіп тұрғандай, суармалы егін және огород шаруашылығын ұйымдастыруға болады. Совхоз құрылысына байланысты жұмыстарға 1936 жылы 2 миллион сом шамасы қаржы керек.

Үлкен Жезқазғанның жоба жасау жұмыстарын 1936 жылдың басынан қолға алу керек, қолға алғанда кең дайындық жұмыстарының бірінші кезектегілерінің жобасы 1937 жылдың аяғында даяр болғандай ету керек. Үлкен Жезқазғанның бүкіл жобасын 1938 жылдың аяғында жасап болу керек. Үлкен Жезқазған жобасын жасауға байланысты мәселелерді осындай түрде шешкенде ғана, жоба біржола дұрыс жасалады.

Үлкен Жезқазғанға жоба жасауға барлығы 5 миллион сом қаржы керек, оның ішінен 1936 жылы бір жарым миллион сом қаржы керек.

Әсіресе, уақытша пәтерлік үйлер, коммуналдық орындар салу, Үлкен Жезқазғанның алаңын даярлау мәселелерінің маңызы зор; бұл жұмыстар да 1936 жылы қолға алыну керек. Пәтер үй, коммуналдық орындар салу, құрылыс алаңын даярлау жұмыстарына 1936 жылы 1500 мың сом қаржы керек.

Сонда Үлкен Жезқазғанды салуға байланысты жұмыстар үшін 1936 жылы керек болатын қаржы мынадай:

1. Кен зерттеу жұмыстары	1200	мың	сом
2. Ғылым-зерттеу жұмыстары	500	»	»
3. Су жетістіру	500	»	»
4. Кадр дайындау	1500	»	»
5. Совхоз құрылысы	2000	»	»
6. Жоба жасау	1500	»	»
7. Құрылыс алаңын даярлау және уақытша пәтерлік үйлер салу	1500	»	»
Б а р л ы ғы:	8700	мың	сом

Қорытынды

1. Кеңестер Одағының директив орындары Үлкен Жезқазғанды алдағы жылдардағы өнерлі кәсіп құрылысының бірінші және ең үлкен объекті деп тану керек.

2. Мәселені бұл түрде негізінде шешкеннен кейін, Үлкен Жезқазғанды 1936 жылдан бастап қолға алынатын құрылыс орындарының тізіміне қосу қажет.
3. Қазірден «Жезқазғанстрой» деген жоба-құрылыс ұйымын құру керек.
4. Өспен руднигі – Жезқазған теміржолының техникалық жобасын жасап болуды және бұл теміржолды сала бастауды Теміржол комиссариатының 1936 жылғы жоспарына кіргізу керек, теміржолды салып болуды 1938 жылдың жоспарына кіргізу керек.

Қоңырат құрылысындағы негізгі қателердің қайталанбай, Үлкен Жезқазған ширегінде және ойдағыдай салынып болуы тек осындай шаралар істелгенде ғана толық қамтамасыз етіледі.

ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫ

Қарсақпай мыс зауыдының солтүстік жағында 120 километр жерде Ұлытау дейтін тау бар. Бұл тау өзінің биіктігі жағынан да, алып тұрған жер көлемі жағынан да Оңтүстік батыс жақтан Солтүстік батыс жаққа қарай мыңдаған километр жерге созылатын «Сарыарқа» дөңдерінің негізгі кіндігі болып есептеледі. «Сарыарқа» мидай жазық Сібір даласы мен Бетпақ шөл даласын айырады. Орал таулары мен Алтай тауларын бір-біріне жалғастырады. «Сарыарқа» бұрынғы ғылым кітаптарында «Қырғыздың таулы аймағы», «Арал-Ертіс суларын айыратын дөң» деп аталған. Жергілікті қазақ елі бұл дөңдерге «Сарыарқа» деп ат қойған. Қазақтың бұл дөңдерді «Сарыарқа» деуі дұрыс-ақ. Өйткені, бұл дөңдер Батыс Сібір даласын Оңтүстіктің ыстық желінен қорғап, ауыл шаруашылығы үшін жақсы жағдай туғызады.

Ұлытаудың алып тұрған жер көлемі 200 шаршы километрден кем емес. Таудың Оңтүстік және Батыс жақтары тік, жар болып келеді. Ұлытау жүйесіндегі кейбір таулардың биіктігі тегіс жердің бетінен алып өлшегенде 750 метрге жетеді; кейбір таулардың биіктігі бұдан да асып кетеді. Тауда құз-жарлар, жартастар көп болғандықтан, мұндай биікке шығу өте қиын тиеді. Ұлытаудың биіктігі теңіз суының бетін алып өлшегенде 1150-1200 метрге жетеді.

Таудың нәсілі граниттан жаралған. Сондықтан оның төңірегіндегі өзендер суы болсын, жердің астындағы су болсын тұщы болады. Кеңгір өзені таудан жылжып ағып, Оңтүстіктегі Бетпақ шөлге қарай кетеді. Үлкен, Бала, Терісаққан өзендері солтүстік пен батысқа қарай ағып, Обь өзенінің саласына қарай асады. Қара, Сарыторғай, Жыланшық өзендері Ұлытаудан басталып, Солтүстік, Батыс Қазақстандағы көлдерге құяды. Бұл өзендердің суы тұщы болады; ішінде жайын, сазан, шортан сияқты балықтар көп болады. Олардың төңірегіндегі сай-салаларға тал, қамыс сияқты өсімдіктер мен ағаштар көп шығады. Кейбір жерлерде өзендер таудың түйісіп келген араларынан өтіп, тамаша әдемі көріністер береді. Өзендердің екі жағында қара топырақ көп болғандықтан, көк майса шөптер кілемнің түгіндей болып, түрленіп жатады, тоғайлар да көп кездеседі.

Ұлытаудың сай-салалары мен аралықтарына қарақат, қара бүлдірген, жидек сияқты жемістер көп шығады. Қайың, жабайы алма, ақ қайың ағаштары топ-топ болып жиі кездеседі. Таудың араларында қызылды-жасылды гүлдер толып тұрады, гүлдердің төңірегіне тау аралары (бал құрттары) омарта салады. Ұлытаудың Батыс және Солтүстік Шығыс жақтарындағы терең көлдерде жаздың күні үйрек пен қаз өте көп болады. Түлкі, қоян, қасқыр сияқты аңдар тау төңірегінде өріп жүреді.

Бұрынғы уақытта Ұлытау Қазақстанның саяси өмірінің орталығы болған. Қазақтың Алаш (Ақназар), Абылай, Кенесары сияқты атақты хандары Ұлытауды мекен еткен. Бұған таудың жаратылыс жағынан өте

әдемі болуы және Қазақстанның географиялық (жағрафиялық) орталығында болуы себеп болған. Ұлытаудың саяси-экономикалық маңызын орыс отаршылары да білген. Олар өткен ғасырдың 30-жылынан бастап тауды табандап мекен етуге тырысқан, әскерлерін әкеліп орналастырған. Бірақ, жергілікті қазақ елі соларға шабуыл жасап, тыныштық бермеген.

Қазірде Кеңестер Одағының шаруашылығы қаулап өсіп, Қазақстанда социалдық құрылыс өркендеумен қатар, Ұлытау өндіріс жағынан үлкен маңызды орынның бірі болып отыр. Осы күні бұл таудың төңірегінен орасан көп мыс, темір, марганец, алтын, қорғасын, көмір байлықтары табылып отыр.

Ұлытаудың Солтүстік батыс жағында, 80 км жерде қорғасын, алтын кені мол Қорғасын ауданы бар. 100 км жерде күкірт колчеданы мен көмір сапасы миллион пұттан асатын Болаттам ауданы бар. Таудың Оңтүстік батыс жағында 100 км жерде мысты Жезқазған кені бар. Бұл кеннің зерттелген мысы қазірдің өзінде-ақ 1,5 млн. тонна болады. Әбден зерттеліп болмаған запасты қосқанда, Жезқазғанның қызыл металы 3 млн. тонна болып отыр. Осы кен запастарын еске алғанда республикамыздың үлкен алыптарының бірі – Қарсақпай заводының қазір де жылына 6000 тонна мыс қорытуы, алдағы күндерде істелетін ірі жұмыстардың тек бастапқы адымы болып қана есептеледі.

Қарсақпай ауданында тау өндірісінің қаулап өркендеуі Ұлытау төңірегінде ауыл шаруашылығын қайтадан құру жөнінде көп жұмыстар істеуді керек қылады. Біздің ойымызша, Ұлытаудың тамаша табиғат байлығы төмендегі екі бағытта пайдаланылуға тиіс:

Ең алдымен, Ұлытау төңірегіндегі өзендердің сай-салаларына дәнді егіс пен огород егу жұмысын жақсылап қолға алу керек. Ет-сүт фермаларын ұйымдастыру керек. Бұл шаруашылықтардың ауданда салынып жатқан жаңа өндіріс алыптарының жұмысшыларына азық-түлікті толық жеткізіп бере аларлық мөлшерде өркендеуі керек. Жұмыс қарқынын тездету қажет.

Екіншіден, Ұлытаудың жақсы жаратылыс байлығын өндірістердегі жұмысшылар мен қызметшілер емделетін, дем алатын орын есебінде пайдалану керек.

Мұнымен қатар, Ұлытау төңірегінде жабайы өсетін алма, жемістерді мәдениет жолымен өсіру арқылы бақша шаруашылығын да өркендетуге болады. Бал шаруашылығын өркендетуге де мүмкіншілік мол.

Ұлытау төңірегінде дәнді егіс шаруашылығы мен ет-сүт фермаларын ұйымдастыру жұмысын, кең көлемде жерді суландыру ісін жүргізу негізінде жүзеге асыруға болады. Мұнымен қатар бұл жұмысты колхоздардың заттық және ұйымдастырушылық базасын күшейту жұмысымен де байланыстыру керек. Себебі, осы күні аудандағы елдің 63 проценті Ұлытау төңірегін мекенденіп отыр. Ал енді, огород шаруашылығын алғашқы кездерде совхоздарда қолға алу керек. Өйткені, огород егу

жұмысы осы күнге дейін жергілікті халықтың тәжірибесінде болмаған. Мұның үстіне, Қарсақпай заводының Ұлытау төңірегінде огород совхозын ұйымдастыру жөнінде істеген тәжірибесі – тауға жақын жерде картошка, қызылша, капуста сияқты огород өсімдіктерін егу әбден болатындығын көрсетіп отыр.

Ұлытауда демалыс үйін ұйымдастыру жұмысы үлгілі курорт, санаторий салу ісімен нық байланысты. Себебі осы күннің өзінде-ақ Қарсақпай заводында 3500-ден аса адам істейді. Жұмыс жағдайы ауыр, ауа райы жаман болғандықтан, жұмысшыларды жылдың басынан аяғына дейін үздіксіз түрде демалысқа және демалыс үйлеріне жіберіп отыруға тура келеді. Бірақ, завод теміржолдан алыс. Жұмысшылар бір жаққа барайын десе, демалыс күнінің көбін жолда өткізеді, сонан дем алуға уақыттары да қалмайды. Ал енді, Ұлытауда үлгілі демалыс үйі ұйымдастырылса, жұмысшылар тілеген уақыттарында барып дем алар еді; теміржолға бару, әрі-бері сандалу азабынан құтылар еді.

Қарсақпай ауданында жыл санап металлургия өндірісі өркендеген сайын, жұмысшылардың демалыс үйлеріне мұқтаждығы да артпақ. Әсіресе, Үлкен Жезқазған өндірісі кең түрде өріс алған күнде, бұл мәселе қиындамақ. Жезқазғанда жылына 150 000 т қызыл металл қорытып, ондағы жұмысшылардың саны ең кемінде 25-30 мың болмақ. Міне, осы себепті жұмысшылар үшін демалыс үйін салу мәселесі үлкен негізгі мәселелердің бірі болып есептеледі.

Демалыс үйінің жанында үлгілі қымызхана ашу керек, бақша, огород, бал шаруашылықтарын ұйымдастыру қажет. Бұлардың бәрін істеуге Ұлытаудың жаратылыс байлығы толық мүмкіншілік береді.

Демалыс үйінің ет-сүт сияқты нәрселерді өзара шарт жасасып, көршілес отырған колхоздардан алатын болуы керек. Ұлытаудағы демалыс үйінің өз алдына, Қарсақпай комбинатымен байланысы жоқ, транспорты болуы қажет.

Ұлытауда демалыс үйін ұйымдастырып, кең түрде мәдениет ағарту және емделу жұмыстарын ұйымдастырудың тек өндіріс үшін ғана емес, бүкіл Қарсақпай ауданындағы халық үшін де үлкен маңызы бар. Себебі, аудандағы көшпелі халықтың көпшілігі Ұлытау төңірегіне отырықшыланбақшы.

ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ КЕНІ ЗЕРТТЕЛУДЕ

Жезқазғанның ұшан-теңіз байлығы бұл күнге дейін толық зерттеліп болған жоқ. Оның байлығы зерттелген сайын молая түседі. Біз сол мол байлықты терең зерттеп, толық пайдалануға бар күшті жұмсап отырмыз.

Қазіргі уақыттағы шамаға қарағанда, Жезқазғанда үш жарым миллион тонна мыс бар деп есептеледі. Бұл запас Советтер Одағының басқа кен орындарында болып көрмеген запас. Алайда, Жезқазғанның кені келешектегі зерттеулер арқылы өсе бермекші, молайған үстіне молая бермекші. Жезқазғанды зерттеу ісіне жылына 2 миллион сом қаржы шығарып отырсақ, Жезқазғанды кемінен 10-15 жылда толық зерттеп бітірмекшіміз. Осылайша зерттеуді күшейткенде Жезқазғанның запасы өсіп, кен байлығы жөнінде дүниежүзінде бірінші орынды алып отырған Африканың Родезия кенімен теңелмекші. Оның запасы 18 миллион тонна мыс. Біз Жезқазғанды Родезиямен сөз жоқ теңейміз. Өйткені Жезқазғанның байлығы сондай көп, сондай мол. Ол үшін жалғыз-ақ жағдай керек – сапалы жұмыс керек.

Жезқазғанда мыстан басқа да көп байлық бар. Биылғы жылы Жезқазған маңынан қорғасын, темір, стройматериалдарға керекті нәрселерді де зерттеп таппақшымыз. Біздің шамалауымызша, Жезқазғанның өзінде және Жезқазғаннан 180 шақырым Қараторғай өзенінің бойында 110 мың тонна қорғасын барлығы белгілі болып отыр. Осы 1936 жылғы зерттеуде Жезқазғанда қанша қорғасын барлығын толық ашамыз.

Одан кейінгі зерттелетін нәрсе темір кені. Мұны зерттеуде екі түрлі мақсат бар. Бірінші мақсат жұмыс істеп тұрған Қарсақпай өндірісіне мысты жеңіл қорыту үшін темір кені керек. Екінші мақсат Ұлы Жезқазған жүзеге асып, теміржол келгеннен кейін Жезқазған ауданында мыспен қабат шойын қорытатын өндірістер жасауға мүмкіншілік бар. Теміржол жұмысы биыл басталып отырғанда мұны қазірден-ақ қолға алу керек. Әйтпесе, зерттеу жұмысы өндірістен кейін қалып қоюы мүмкін.

Ұлы Жезқазғанға үкімет орындары айырықша көңіл бөліп отыр. Январь айындағы қаулы бойынша, енді бірер жылда кешікпей жылына 150 мың тонна мыс беретін Ұлы Жезқазған заводы салынбақшы. Жезқазған дүниежүзінде бірінші орын алып, Балқаш комбинатынан бір жарым есе артық болмақ. Сондықтан да зерттеу жұмысын қатты жүргізуге тиістіміз. Зерттеуге керек қаржы бір миллион 10 мың сом еді. Қазірде 450 мың сомын алып жұмсай бастадық. Қалғанын шапшаңырақ алу үшін Қазақстан үкімет орындары арқылы Мәскеудің алдына мәселе қойып отырмыз.

Өлкелік геология конференциясы Қазақстанды зерттеу жұмысын қатты айтты. Бұл жөнінде Мәскеудегі ілім орындары Қазақстанға бір

сыпыра маман – ілім қызметшілерін жіберіп, үлкен жәрдем көрсеткелі отыр. Бұл жұмысты құттықтауымыз керек.

Сөз жоқ, міндет ауыр, оны орындауға жұмысшыларды ұйымдастырып, стахановшылар қозғалысын мейлінше күшейту керек. Зерттеу жұмысын стаханов әдісіне түсіру керек.

Осылай етсек, алдағы міндеттің орындалуы айқын.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ БОЛАШАҒЫ

Еліміздегі мыс кені шығатын аудандардың ең үлкен, ең кенге бай жері Жезқазған болып саналады. 1936 жылдың басына қарай анықталып отырған Жезқазғанда 3510 мың тонна мыс бар. Бұл мыстың 1330 тоннасы ең сапасы жақсы мыс. Бұл мыстың сапасындай жақсы мыс Қоңыратта да, және бүкіл Советтер Одағындағы мыс өндірістерінде де әлі айқындалған емес. Бүгінгі күнге зерттелініп табылған Жезқазғанның запасы бүкіл жержүзіндегі мыс запасының 3,2 проценті, ал Совет Одағындағы мыс запасының 20,5 проценті болып есептеледі. Басқа өндірістермен салыстырғанда Жезқазған кенінің зор байлығымен қатар зерттелініп табылуы арзан түсіп отыр. Мысалы, Орал заводы зерттелінген бір тонна кенге 40 сом 50 тиын жұмсаса, Жезқазған 4 сом 50 тиын-ақ жұмсап отыр.

Жезқазғандағы мыс кені терең жерде емес. Небары тереңдігі 200 метр жерден табылады. Қабатының ұзындығы 195 километрге шейін, көлденеңі 0,8 километрдей, ал қалыңдығы 15-20 метр. Кеннің саяз жерден тұтас табылуы механизм күші мен кенді арзан бағада шығаруға жағдай туғызып отыр. Мыс шығатын жерлердегі түрлі тау жыныстар тіреуді тілемейтіндей, құламайтын мықты болуы мысты кең түрде шығаруға үлкен жағдай туғызды. Зерттелініп табылған мыстың 40 процентін бір шахтадан электровоздың күшімен бір стволдан шығаруға болады. Барлық кеннің 30 процентін ашық түрде экскаватордың және парлы күректің күшімен шығарылады. Ал қалғандары тәулігіне 500-2000 тонна кен шығарып отыратын бір түрлі шахта арқылы шығарылады.

Жезқазған кенге бай байтақ жер екендігі бүкіл Советтер Союзына мәлім болды. Жезқазғанның кенін пайдалану мақсатымен үкімет орындары үлкен құрылыс салуды ұйғарды. СССР Халық комиссарлар советінің осы жылғы январьдағы қаулысы бойынша Жезқазғанға теміржолы салына бастады. Бұл теміржолдың уақытша жүруі Октябрь мейрамының 20 жылдығына бітпек, ал барлық жұмысы мүлдем 1938 жылы бітпек. Орджоникидзе жолдастың осы жылғы 25 марттағы бұйрығы бойынша, Жезқазған комбинаты жыл сайын 200 мың мыс бермек және комбинат 1940 жылдың аяғында салынып біту керек. Міне, сол жержүзіндегі ең Үлкен Жезқазғанның салынып бітіп, елімізге мыңдаған тонна мыс беруіне 4-ақ жыл қалды.

Жезқазған комбинатының кен шығару күші бүкіл Европаның (СССР-ды қоспағанда) металл қорыту өндірістерінің 132,5 процент, ал Советтер Союзындағы мыс қорытатын өндірістердің 25 проценті болып саналады. Бұл комбинаттан шығатын продукцияның көптігі, Американың солтүстік штатынан шығатын өнімнің 55 процентіндей. Капиталистер елдеріндегі мыс қорытатын заводтардың қайсысынан болса да, Жезқазған мыс қорыту комбинаты асып түспек.

Жержүзілік маңызы бар Үлкен Жезқазғанда жылына 14600 мың тонна мыс кенін шығаратын (Магнитканың жылына шығаратын темір кенінен бір жарым, екі есе артық) рудник, тәулігіне 45 мың тонна кен қорытатын байыту фабрикасы және алты пеші бар, жыл сайын 1120 мың тонна мыс қорытатын металлургия заводы салынбақ.

Мұнан кейін 200 мың киловатт күші бар электр станциясы және 50-60 мың халық тұратын қала салынбақ. Қалада бірнеше мектептер, клуб, аурухана, демалыс парктері болмақ, қала су, электр және пар арқылы үй жылыту күштерімен толық қамтамасыз етілмек.

Бірнеше цехтары бар 1500 жұмысшы істейтін ремонт заводы салынбақ. Бұл ремонт заводы Үлкен Жезқазғанның барлық ремонттау жұмысын толық қамтамасыз етпек.

Жұмысшылар тұратын қаланың оңтүстік жағында бір жарым километр жерден Нілді-Жезқазған теміржолының «Үлкен Жезқазған» атты станциясы салынбақ. Бұл станцияның жақсы, ыңғайлы вокзалы, ремонт мастерскаясы, депо және тағы сол сияқты бірнеше құрылыстары болмақ. Үлкен Жезқазған комбинаты мен қаладан Жезқазғанның рудниктері арасында екі жолды теміржол салынбақшы. Бұл жолда рудниктерден шығатын кендерді және жұмысшыларды таситын электровоз жүрмек. Электровозға 8 вагон тіркелмек. Бір вагонға 50 тонна жүк сыймақ. Пассажир поездарды санамағанда, тәулігіне 112 пар жүк таситын поезд жүрмек. Былайша айтқанда, әрбір 13 минут сайын бір пар поезд жүріп отырмақ.

Жезқазғанның барлық өндіріс орындары техниканың соңғы жетістіктері бойынша салынбақ. Бұл еңбек өнімін анағұрлым жоғары көтеруге мүмкіншілік туғызады. Жезқазған жыл сайын елімізге екі жүз мың тонна мыс берсе, онда 15 мың шамалы жұмысшылар істемек. Сол жұмысшылардың 1450-і инженер, техниктер. Қазіргі Қарсақпай комбинатынан Жезқазған кенді 29-30 есе көп шығарса да, қазіргі оның жұмысшылар санынан Жезқазғанның жұмысшылар саны алты есе ғана көбеймек.

Үлкен Жезқазғанның комбинатының құрылыс бағасы 750 миллион сом. Бұл баға Балқаш комбинатынан Жезқазған комбинаты екі есе кен шығарса да, Балқаш комбинатының құрылыс бағасынан арзан.

Болашақ жержүзілік гигантта – Үлкен Жезқазғанның келешегі осы. Жезқазғанды үкіметтің бекіткен срогінде бітіруге бүкіл Қазақстан болып кірісу керек. Союздың атақты гиганттарын қайсысын болса да салысқан Ленин комсомолы Жезқазғанды да салу керек. Комсомол Жезқазған кенін зерттеп табуға да үлкен еңбек сіңірді. Жезқазғанды зерттеуде еңбек сіңірген инженер Сейфуллин, геолог Левин, коллекторлар: Посенко, Жолодовников және химик Плегова, Мәскииков жолдас-тардың атын айтуға болады. Бұл жолдастар Жезқазғанның байтақ дала-сындағы кенді зерттеуде көп еңбек сіңірді.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН

Одақтас республика болғалы отырған Қазақстан октябрь революциясының 19 жылдығында өзінің табыстарын қорыта келіп, одақтық үкімет түпкілікті бекітіп отырған Үлкен Жезқазған комбинатының көлемі мен құрылысының срогы сияқты қуанышты фактіні атап көрсете алады.

Одақтық Халық Комиссарлар Советі, Нілді-Жезқазған теміржолының құрылысын октябрдің 19 жылдығына бітіруді өзінің 1936 жылы 9 январындағы қаулысында теміржол комиссариатына міндеттелген еді. Орджоникидзе жолдастың приказы бойынша түсті металдың жоғарғы басқармасына зерттеу проекты жұмыстарына кірісу, кіріскенде мыс гигантын салу ісі 1940 жылдардың аяғында бітіргендей болып кірісу тапсырған болатын.

Болашақ комбинаттың күші жылына 200 мың тонна мыс беретін болып мөлшерленді. Оның үлкендігі сондай – ол Советтер одағындағы барлық зауыттардың былтырғы жылғы қорытқан мыстарынан 2 жарым есе артық қорытып шығаратын болады. Үлкен Жезқазғанның продукциясы бүкіл жержүзінің 1935 жылы қорытқан мысының сегіз бөлімінің бір бөлімінен астамырақ болады. Жезқазған комбинаты қатарға қосылған кезде мыс қорыту көлемі жөнінен (Балқаш продукциясын қоса санағанда) Қазақстан жержүзінде бірінші орын алады.

Құрылыс жұмысына даярлық үстіміздегі жылы басталды. Теміржол құрылысы салынып жатыр.

Комбинаттың тау бөлімін проектилеу жұмысын гипроцветмет жүргізе бастады. Болашақ комбинаттың құрылысының әлі де болса толық айқындалмаған жақтарын негіздеп алу үшін қазірде зерттеу, шолу жұмыстарына кірісілді. Мысалы, атап айтқанда мұндай жұмыстар жүргізілді.

Үлкен Жезқазғанды отқа төзімді құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету үшін жүргізілген кен зерттеу жұмыстарының жылдық планы толығынан дерлік орындалды.

Кен шолу жұмысынан жиналған материалдарды қорыту ісіне кірісілді. Комбинат құрылысының биылғы жылғы жұмысының нәтижесінде ізбес, саз балшық, құм, гравий сияқты металлургиялық құрылыстың шолу запастарын керекті шамада қамтылып алынады деп ұйғаруға болады. Үлкен Жезқазған отқа төзімді құрылыс материалдарының жеке түрлерімен 1937 жылы түпкілікті түрде қамтамасыз етіледі.

Кеңгір өзенінде плотина жаңа су сақтайтын орын проектилерінің негізін жасау үшін зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл плотинадан болашақ сектар қоректенбек.

Өнерлі кәсіп площадкасының болашақ социалды қала площадкасында ірі масштабты типографиялық жұмыстар және топырақты алдын ала зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Қаланы сумен жабдықтау, оған судың сөткелік жіберілуі жақтары зерттеліп жатыр. Қала іргесіндегі шаруашылық үшін егістік жерлерді

суландыру орны және мөлшері анықталып жатыр. Бұл жұмыстарды су каналы проектісінің ерекше партиясы істейді.

Мәскеуде түсті металдардың көлемін зерттеу институтында қышқылданған, араласқан қышқыл және сульфаттық рудалардың флотациялану жағдайларын анықтау жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, мұндай зауыттың масштабтағы тәжірибелерді инженер Смагтың басшылығымен жоғарыда айтылған институттың ерекше бригадасы Қарсақпайда жүргізіп жатыр.

Ленинградта пайдалы кендерді механика арқылы қорыту институты флотацияланатын қышқылданған рудаларды таяу уақыттардың ішінде зерттеуге кіріседі. Осы мақсатпен қазірде Жезқазғанда инженер Соколовтың басшылығымен ерекше бригада жұмыс істеп жатыр.

Осының барлығы Үлкен Жезқазғаннан ықшамды технологиялық пропиллин үйрену ісіне орасан үлкен вклад болып табылады.

Қорытып айтқанда, 1936 жыл ішінде Үлкен Жезқазған үшін істелген жұмыстардың жинағы осындай. Дегенмен, мұнда да кемшіліктер жоқ емес. Проект бойынша жүргізілетін су каналының бір бөлігі, әсіресе топографиялық жұмыстары орындалмай қалу қаупі бар. Қазақ теміржол құрылысы туралы да осыны айту керек. Мұндағы жұмыстың кешігіп қалуы да тіпті кешірімсіз. Өйткені, Балқаш тәжірибесі, әуелі транспорт рейсімен қамтамасыз етпей тұрып құрылыс жұмысын құлаш жайылдыру мәселесін қоюға мүмкін емес екендігін көрсетті. Бұл көрсетілген жұмыстарға биылғы жылы (Н.К.П.С-тың жұмсайтынынан басқа) 2 миллион сом жұмсалмақшы. 1937 жылғы капитальный қаржы мөлшері 8-10 есе арттырылуы ықтимал. Кен зерттеудің бұдан былайғы жұмыстарына 2 жарым миллион сомнан астам қаржы керек. 7 жарым миллион сом технологиялық проекты жұмысын жеделдетуге керек. Биылғы жылы мұнан басқа құрылыс материалдарының карьерлері мен қаланы пландау, су бөгеттерін және уақытша пәтер, үй құрылыстарының дайындық жұмыстарын бастауымыз керек.

Бұл жұмыстардың басын бір жерге қосып, барлық мәселелерді тез-тез шешу үшін Жезқазған строй управлениесін тез ұйымдастырып, керекті кадрлармен қамтамасыз ету керек. 1937 жылдың жұмыс көлемін орындау үшін жаңа комбинаттың құрылысы мен проектилеу туралы Орджоникидзе жолдастың бұйрығын орындау үшін керекті жағдайлардың ең маңыздысы осы.

Осы сияқты орасан зор істі жүзеге асыру үшін, әсіресе қойылып отырған қатаң сроктарында орындалу үшін проектілі құрылыс ұйымдарының үлкен жігер, үлкен күш жұмсауын керек қылады. Әсіресе, бұған Қазақстанның және жаңа құрылып отырған Қарағанды облысының басшы ұйымдары жете көңіл бөлуге тиіс. Құрылыс жұмысын мезгілінде бітіру үшін күресуге қалың көпшілік бұқарасын ұйымдастырушы, жұмыстағы табыстар мен кемшіліктер жөнінде дабыл қағып отырушы баспа сөздің орны тіпті үлкен.

Бүгін алдымызда мынадай үлкен міндеттер тұр:

Жезқазған құрылысының мықты, екпінді, өткір аппаратын құруымыз керек. Жержүзіндегі ең үлкен комбинаттың бірі болғалы отырған комбинат құрылысы планының бір бөлігі – 1937 жылдың әбден ойла-нып, жобаланған программасын жасауымыз керек.

ӨНЕРЛІ КӘСІБІ ҚАРЫШТАП ӨРКЕНДЕГЕН РЕСПУБЛИКАҒА АЙНАЛЫП КЕЛЕМІЗ (*Жезқазғанның инженер геологы – Сәтбаев Қаныш жолдастың сөзі*)

Жолдастар! Сіздерге Жезқазған, Қарсақбай алыптарының жұмысшы стахановшылары, инженер-техник қызметшілері атынан жалынды сәлем тапсырамын.

Бүгінгі ашылып отырған облыстық советтердің 1-съезі Сталин жолдастың өз қолымен жазған ұлы Конституциясының тамаша проектісін талқылап отыр. Міне, сондықтан да бұл съезд мәні ерекше тарихи съезд.

Бұрын Қазақстан қандай еді, қазір қандай жағдайда? Міне осы мәселе жөнінде біраз тоқтап өтемін. Бұрын, яғни кешегі жауыз патшаның тұсында Қазақстан артта қалған мешеу, көшпелі, бытыранды ел еді. Бұрын Қазақстанда кен байлығын зерттеу жұмысы болмаған. Соңғы жылдарда Қазақстанның барлық жұмыстарымен бірге кен зерттеу жұмыстары да тыңғылықты түрде қолға алынды. Қазақстан шаруашылығының барлық тарауларымен қатар кен байлығын зерттеу жұмыстары өркендетіліп айтарлықтай жоғарғы дәрежеге қойылды. Қазақстан кен байлықтарын социалдық отанымыздың керегіне пайдалану жөнінде ондаған алып өндірістер салынды, салынып та жатыр.

Бұрын патша заманында Қарағандының көмір байлығы он мың ғана тонна делініп есептелінетін еді, қазіргі уақытта Қарағандының көмір байлығы 50 миллиард тонна екендігі анықталды. Бірақ әлі де жете тексеріліп болған жоқ, 50 миллиардтан да артық болуы мүмкін.

Октябрь революциясынан бұрын Қоңыратта мыс барлығын ешкім білмейтін. Қазір де Қоңыратта екі жарым миллион тонна мыстың барлығы анықталды. Онан соң Үлкен Жезқазғанды алайық. Мұның байлығы да орасан. Зерттеу жұмысы Үлкен Жезқазғанда үш жарым миллион тонна мыстың бар екендігін анықтап отыр.

Балқаш алыбы салынып жатыр. Балқаш комбинаты эксплуатацияға берілгенде, бүкіл Советтер Одағының қазірде бір жылда беріп отырған мысын бір өзі жеке беріп отыра алады. Яғни, Балқаш комбинаты эксплуатацияға берілгенде Советтер Одағындағы мыс өнімі екі есе артады. Үлкен Жезқазған зауыты салынып жатыр. Бұл зауыт жылына 200 мың тонна мыс береді. Сөйтіп, біздің Қазақстан мыс байлығы және оны қорыту жөнінде бірінші орын алады.

Анау атақты Алтайдағы Риддер зауыты да маңызды орын алып отыр. Бұрын Алтайды патша үкіметінің инженерлері зерттеп нәтижелі жұмыс істей алмап еді, бұл күнде алтын Алтайдың қойнын ақтарып, қазынасын алып отырмыз. Сөйтіп, Қазақстан алтын байлығынан да көрнекті орын алып отыр.

Онан соң, Қазақстанда полиметалл жаңа сұрма сияқты металдарымыз да өркендетіліп отыр. Кен байлығы жөнінде біздегі кемшілік сол

темір байлығын зерттеу ісі әлі шамалы. Біз осы темір байлығын зерттеу жұмысын қолға алып, темір кәсібі жөнінде қатарға қосылуымыз тиіс.

Қазақстан коммунист партиясының, оның көсемі Сталин жолдастың данышпандық басшылығының арқасында мешеу, көшпелі, бытыранды артта қалған елден – өнерлі кәсіпті алдыңғы қатардағы елге айналып келеді.

Жаңа Конституцияның проектісі бойынша Қазақстан одақтас республикаға айналғалы отыр. Бұл, әрине, Қазақстанның келешекте де адам айтқысыз өркендейтіндігін, қай жұмыстан болса да орасан зор табыстарға жететіндігін көрсетеді.

Кешегі езілген, құлдықтағы ел едік. Ленин-Сталин ұлт саясатының арқасында бақытқа қолымыз жетті. Адам баласының, жалпы езілгендердің қамын ойлап жеушілік тек біздің елімізде ғана бар. Адам тек біздің елімізде ғана қадірлі, бағалы болып отыр. Өйткені, біздің елдің құрылысы – социалды құрылыс.

Жасасын жержүзі еңбекшілерінің шамшырағы Сталин жолдас!

Жасасын болат нарком Орджоникидзе!

Жасасын Қазақстан Республикасының басшылары!

Жасасын Мирзоян жолдас!

ОКТЯБРЬДІҢ ХХ ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕЗҚАЗҒАН АУДАНЫНЫҢ ТАУ-КЕН БАЙЛЫҒЫ

Қарсақпай ауданының еңбекшілері мен түсті металл комбинатының жұмысшы-қызметкерлері ХХ жылдық Ұлы Октябрь мерекесін Нілді-Жезқазған теміржол құрылысын салып бітірген қуаныштың кезеңінде тойлап отыр.

Теміржол құрылысы өзінің срогінен бұрын айта қалғандай рекорд жылдамдықпен бір жарым жылдың ішінде салынып бітті. Бұл теміржол Жезқазғанды Қазақстанның және бүкіл Советтер Союзының саяси мәдениетті орталығынан шалғай тұрушылығын жойып, сол орталықтармен жақындастырды. Міне осыдан барып, Ұлы Жезқазған комбинатының құрылыс жұмысын бастауға кедергі жасап келген үлкен қиыншылықтар өз-өзінен жойылды. Енді Жезқазған ауданында үлкен алып индустрияның құрылыс жұмысының жаңа дәуірі басталды.

Қазақстандағы индустрияның ең күрделі звеносының біреуі болып саналатын Жезқазған комбинаты, өндіріс күші жылына 2 жүз мың тонна мыс беретін ірі гигантқа айналады. Үшінші бесжылдықтың программасына бұл гиганттың алғашқы қатардағы құрылыс жұмысын бітіріп, жылына 100 мың тонна мыс қорытуды қамтамасыз ету ісі кіргізілді. Бұл гиганттың бірінші қатардағы өндіріс күшінің өзі Балқаш мыс қорыту комбинатының барлық өндіріс күшімен тең болады және бүкіл Советтер Союзындағы 1937 жылдың ішіндегі рудадан қорытылатын барлық мыстың көлемінен артып түседі. Жезқазған комбинаты толық өндіріс күшімен жүрген уақытта, тек Совет Союзында емес, бүкіл жержүзіндегі ең ірі комбинаттың біреуі болып саналады. Мұндай гигант комбинат салып шығару Социалистік Қазақстанның және бүкіл Совет Союзының өте зор жеңісінің бірі болып есептеледі.

Үлкен Жезқазған комбинатының проблемасы Совет үкіметінің тура (негізгі) тумасы болады. Жезқазған кені жұртқа мәлім, Октябрь революциясына дейін шет мемлекет концессионерлерінің қолында, солардың қарамағында болды. Концессионерлер және олардың кен зерттеушілері Жезқазған кенінің ілгері өркендеп өсуіне көңіл қойған жоқ. Тек қана тиіп-қашып, жыртып-тартып, өздерінің кен байлығына запас етіп пайдаланды, ағылшынның тау-кен зерттеушілері 11 жылдың ішінде бар болғаны бай руданың 61 мың тонна запасын табуға шамасы келді.

Жезқазған кенін дұрыстап, көп байлығын зерттеу жұмысы тек Совет үкіметі орнағаннан кейін ғана айрықша көңіл бөлініп, қызу қарқынмен жүргізілді. Әсіресе бірінші, екінші бесжылдықтың ішінде кен зерттеу жұмысы күшті қарқынмен жүрді.

Жезқазғанның өндірістік зерттелген мысының запасы елеулі кезеңдерге бөліп айтқанда, төмендегідей болып шығады.

Осы күнгі Қарсақпай комбинатының құрылысын ұйымдастыра бастаған кезде рудада 61 мың тонна мыс запасы болды. Бұл ағылшындардың зерттеп тапқан фондылары.

Бірінші бесжылдықтың бас кезінде бізде мыстың запасы 75 мың тонна болды. Мұның 15 мың тоннасы 27-28-жылдардың ішінде зерттеліп алынған.

Зерттеліп алынған мыстың запасы екінші бесжылдықтың бас кезінің өзінде-ақ 1034 мың тонна болды. Мұның 1 миллион тоннасы бірінші бесжылдықта зерттелген болып саналады.

Ақырында Жезқазғанның мыс запасы ХХ жылдық Октябрьдің ұлы мерекесінің қарсаңында 1800 мың тонна болып отыр. Мұның 780 мың тоннасы екінші бесжылдықтың ішінде зерттелген.

Біз жоғарыда тексерілген мыстың запасы жөнінде, яғни тау-кен проектилеу жұмысының негізгі табалдырығы болып саналатын запастар туралы айттық. Жезқазған кенінде жалпы мыстың запасы бірінші бесжылдықтың бас кезінде 1 миллион тонна, екінші бесжылдықтың бас кезінде 2,3 миллион тонна болды. Ал, қазірде 3,75 миллион тоннаға жетіп отыр.

Жезқазған кенінің запасын зерттеу ісі қазір айрықша қарқынмен жоғарылап өсуде. Егер шет мемлекеттердің концессионерлерінің тау-кен зерттеушілері 11 жылдың ішінде Жезқазғаннан 61 мың тонна мыстың запасын тапқан болса, ал Совет үкіметінің тұсында сондай мезгілдің ішінде зерттеліп есептелген мыстың запасы 3,75 миллион тонна болып отыр. Мінекей мұндай ірі цифрларға социалистік әдіспен өзіміздің шаруашылығымызды дұрыс пландағанымыздың арқасында ғана жетіп отырмыз.

Бұл көрсетілген цифрлармен Жезқазған кен байлығының бәрі де зерттеліп бітті дей алмаймыз. Жезқазғанның кен байлығы мол. Сондықтан да зерттеу жұмысын әлі де күшті қарқынмен күшейте бермекпіз. Жезқазған кеніндегі мыстың запасын аяқтап біткен кездің өзінде де, Жезқазған кені кем болғанда 5-6 миллион тоннаға дейін мыс бере алады.

Серго Орджоникидзе жолдас Жезқазған комбинатының өндіріс күшін жылына 200 мың тонна мыс беретін етіп құруға болады деп айқын нұсқау берген еді. Серго Орджоникидзенің инициативасы және Үлкен Жезқазғанның проблемасы жөнінде оның жасаған баяндамасынан кейін біз 1936 жылы жоғарғы директивтік орындардың Ұлы Жезқазған комбинатын салу жөнінде санкция алдық. Нілді-Жезқазған темір-жол құрылысының срогінде тез бітуі қазіргі Ауыр өндіріс наркомы – Каганович жолдастың тура жол басшылығымен тығыз байланысты. Сенімді нарком – жолдас Каганович бастаған Ауыр өнерлі Халық комиссариаты Үлкен Жезқазған комбинатын ойдағыдай және тез сроктің ішінде бітірудегі сөзсіз гарантияның біреуі болып табылады.

Үлкен Жезқазған комбинатын салудың өзі Жезқазған ауданын индустрияландырудағы ең ірі звеноның біреуі болып есептеледі. Тағы да Үлкен Жезқазғанның құрылысымен қатар тез уақыттың ішінде біздің ауданымыздағы марганец рудасын зерттеуге де болады. Жақсы сортты марганец рудасының шығатын жерлер көп. Мәселен: «Жезді» мен «Найзатас» төңірегінде қазірдің өзінде-ақ 2,5 миллион тонна марганец бар екені белгілі болып отыр.

Бұл жоғарғы сортты марганец рудасы Жезқазғанда да бар. Жезқазған-Найзатас теміржол веткасының бойында зерттеу жүргізіледі. Бұл металл Үлкен Жезқазған комбинатына да өте керекті нәрсе.

Қазақстанның индустриялық байлығын ілгері өршітіп өсірудің бір проблемасы Қазақстанның өзінің орталығынан қара металлургия орталығын жасау болып табылады (шойын мен сталь ерітіп құятын заводтар құру). Сондықтан да бұл мәселе жайында Жезқазған үлкен орын алады. Жезқазған айналасында темір рудасының запасы да көп. Тау-кен зерттеушілердің 1932-37 жылғы қызметтеріне қарағанда, Қарсақпайдағы темір рудасы 65-70 миллион тонна болады деп айта аламыз.

Жезқазғаннан шығысқа қарай 40-50 километр жерде Нілді-Жезқазған теміржолының түстік жағында, Атасу жерінде темір рудасы барлығы айқын болып отыр. Темір рудасының запасы 25 миллион тонна болады деп шамаланады.

Темір рудасының барлық запасы Қарсақпай мен Атасуда 90 миллион тонна болып есептеледі. Бұл руданың табылған жері теміржолға жақын. Қарсақпай мен Атасу рудасы базасында қара металлургияның заводтарын 30 жыл құрылған срок амортизациямен толық мүмкіншілігі айтарлық бар. Бұл зауыт жылына 1,5 миллион тонна шойын мен сталды ерітіп құятын болады. Бұл комбинатты салу мәселесі Қазақстанның және Союздың тиісті пландау орындары қазірде бұл жұмысқа кірісіп отыр. Қарсақпайдың темір рудасының ресурсы Қазақстанның қара металлургия зауытының базасы болады. Әрі Жезқазған ауданын индустриялық жолмен байытудағы мықты құрал болып есептеледі.

Жезқазған ауданының тау рудасының байлығы тек қана Совет үкіметі орнағаннан бері қарай үздіксіз зерттеле бастады. Осы қысқа сроктің ішінде Жезқазғанда айта қалғандай мыстың, марганецтің, темірдің запасы табылды.

Бұл кен байлықтарының запасы Жезқазғанды Қазақстандағы және бүкіл Советтер Союзындағы алдыңғы қатарлы индустриялы аудандардың қатарына қосады.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН МЫС АЛЫБЫ

Қазақстанның ішінде Бетпақдаланың шөлінде қазір одақта бірінші орын алып отырған Жезқазған мыс кені бар.

Жезқазған кені ерте уақыттарда пайдаға асқан; олай дейтініміз: бұрынғы кеншілерден қазылып қалған кен орындарының ұзындығы бір километр, ені жүз метрге шейін барады. Ерте уақытта Жезқазғаннан бір миллион тонна мыс алынған.

1847 жылға шейін Жезқазған мәлімсіз күйде болып келген. 1847 жылы оны Ушаков дейтін көпес маңындағы қазақ елінен 100 сомға сатып алған.

Ушаковтың ойы: Жезқазғанды өндіріс етіп іске асыру емес, тек жағдай тосып, басқа капиталистерге спекулянттық етіп сату болған.

1904 жылы Жезқазғанды ағылшын капиталистері көріп, ұнатып, оны Ушаков тұқымдарынан 269 мың сомға сатып алған, сол жылдан бастап ағылшындар ол жерде зерттеу жұмысын жүргізген. Ағылшындардың мақсаты: Жезқазған кенінен жылында 5 мың тонна мыс шығарып отырмақ болып, ол үшін Қарсақпай заводуын сала бастап, көмірді Байқоңырдан алмақшы болған.

1917 жылға дейін заводты салып бітіре алмай, Октябрь революциясының басында ағылшындар қашып кеткен.

Ағылшындардың зерттеп тапқаны: Жезқазғанда 61 мың тонна мыс барлығын ажыратқан. 1925 жылдан бастап Жезқазған өндірісін үкіметіміз қолға алып, барлық жұмыстарын 3 жарым жылда бітіріп, 1928 жылдың күзінде Октябрь революциясының мерекелі күніне дейін Қарсақпай заводуынан бірінші рет мыс шығарды.

Өндіріс жұмыстарын қолға алумен қатар, 1926 жылдан бастап Жезқазған кенінің жұмысын зерттеуге кірісті. Зерттеу жұмысының өте екпінді күйде өтуі бірінші бесжылдықтан бері болды.

Қазірде Жезқазған алыбында 3 миллион 500 мың тонна мыстың барлығы анықталып отыр. Бүкіл Оралдағы зерттелген мыстың шамасы 2 миллион 500 мың тоннадай, олай болса, Жезқазған алыбының запасы бүкіл Оралдан бір миллион тоннасы асып отыр. Кейінгі уақыттағы зерттеу жұмыстары да Жезқазған байлығын бұдан да өсіріп отырмақшы.

Одақтық халық комиссарлар советінің осы жылы 7 январьдағы қаулысы бойынша, қазірде Жезқазған мен Нілдің арасында теміржол салу жұмысы басталып жатыр. Бұл теміржол Жезқазғанға 1937 жылдың 1 ноябрінде жетпекші. Жол келісімен Жезқазғанда жылына 200 мың тонна мыс балқытатын үлкен мыс комбинаты салынбақшы.

Орджоникидзе жолдастың бұйрығы бойынша бұл комбинат 1940 жылдың күзіне дейін салынып бітпекші.

Ұлы Жезқазғандай ірі завод әлемде жоқ, Американың ең үлкен мыс заводтары жылына 125 мың тонна мыс береді. Қазіргі салынып жатқан Балқаш мыс заводу жылына 100 мың тонна мыс бермек. Ал Ұлы Жезқазған комбинаты Балқаштан өндіріс жүзінде екі есе артық.

Ұлы Жезқазған жүргенде онда 16 мыңнан аса жұмыскер, 2 мыңнан аса инженер-техник қызметкерлері істемекші. Бұл кадрларды дайындау мәселесі – жалпы Қазақстанның маңызды міндетінің бірі.

Ұлы Жезқазған алыбы іске кіріскен уақытта, күніне 15 мың тонна руда шығарып, оны заводқа жеткізу үшін рудник пен завод арасында күн сайын 50 пар пойыз жүріп, заводқа үнемі руда жеткізіп тұрмақ.

Жезқазған заводы рудниктен 25 километр жердегі Кеңгір өзенінің бойында салынбақшы, оның дәл орнын осы жылы май айының ішінде Мәскеуден келген арнаулы комиссия белгілеп, сонда салынатынын ашып кетті.

Заводтың жанында, Кеңгір өзенінің бойында 60 мың халық тұруға арналған жаңа қала салынады. Кеңгір өзені тоғандалып, қала мен заводтың керектігіне мол жететіндей 135 миллион м³ су ұсталынады.

Ұлы Жезқазғанның жүруі жалпы Орталық Қазақстанның өндіріс болып іске асуының негізгі маңызы өте зор.

Орталық Қазақстан ежелгі «шөлдіктен» шығып, шаруашылық өмірге екпінділікпен қосылмақ. Теміржол салынып болғаннан кейін жалғыз мыс емес, Орталық Қазақстандағы темір, көмір, қорғасын, фосфорит сияқты кен байлықтарын игеру де жүзеге асырмақшы.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН КОМБИНАТЫ

Жезқазған мыс кені Қарағанды облысына қарайтын Орталық Қазақстанда. Ол белгілі болғаннан бері әлденеше ғасырлар өтті. Жезқазған мыс рудасы мыс-бронза ғасырында шығарыла бастады. Ол кезде мыс садақтың масағын жасау үшін және түрліше бояу жасау үшін қолданылды.

1904 жылдан 1919 жылға дейін Жезқазған ағылшын концессионерлерінің қолында болды. Олар Қарсақпай мыс заводын сала бастады. Ағылшын концессионерлері 15 жыл кен зерттеп, Жезқазғаннан тек болғаны 61 мың тонна мыс тапты. Концессионерлер кеннің берекесін кетіріп, мысы өте көп рудаларды ғана қолға алып, мысы шағын рудаларды пайдаланбай, жер қойнында қалдырды. Мысты пайдаланғанда тым болымсыз, приметипті әдістерді қолданды.

1919 жылдан 1925 жылға дейін Жезқазған жұмыс істемей, жабылып қалды. 1925 жылдан бастап Еңбек-Отан қорғау Советінің қаулысы бойынша Қарсақпайда мыс балқытатын комбинат салына бастады. Жұмыс көңілдегідей істеліп, бұл комбинат 1928 жылы салынып бітті. Содан бері Жезқазғанның мыс рудасы Қарсақпай заводында балқытылып келеді. Қарсақпай комбинаты жыл сайын ұлы Отанымызға 6-7 мың тонна мыс беріп келеді.

Жезқазғанның кен байлығы тек Совет үкіметі кезінде ғана, әсіресе сталиндік екі бесжылдықтың кезінде ғана түрлі жақтан толық зерттелді. Совет үкіметі орнағаннан бері жүргізілген кен зерттеу жұмысының нәтижесінде Жезқазған мыс кені мыс запасы жөнінде Советтер Союзында бірінші орын алды. Ал бүкіл жержүзінде де көрнекті орын алып отыр.

Қазір Жезқазғанның белгілі мыс запасы 3 миллион 750 мың тонна болып отыр. Мұның 2 миллион 330 мың тоннасы өндіріс үшін зерттеліп отыр. Бұл – бүкіл жержүзіндегі мыс запасының 3 проценті. Жезқазғанның рудасы қорытып пайдалануға өте қолайлы.

Жезқазған кенінің жері сулы емес. Руданың төңірегіндегі тау жыныстары өте мықты. Бұл кен шығарған жерлерді қымбат материалдарды пайдаланбай-ақ бекітуге мүмкіндік береді. Бұл – Жезқазған кенінің өте жақсы қасиеттерінің бірі.

Жезқазғанның негізгі сульфид рудасын қазір Қарсақпай комбинаты толық іске асырып отыр. Жезқазғанның рудасынан мыс концентраты өте көп алынады. Ондағы руданы қорытқанда 94-95 проценті мыс концентраты болып шығады. Бұл цифрды жүре бара 97 процентке жеткізуге болады. Ал концентратты металлургия процесінде қорытқанда, одан 94 процент таза мыс шығаруға болады. Советтер Союзында мысты рудадан мұндай көп алатын, әсіресе кенді байытқан уақытта мысты мұндай көп алатын ешбір мыс өндірісі жоқ. Сондықтан аса көп запасын жаңа мыс рудасын пайдаланудың техникалық-экономикалық жағынан

өте қолайлылығын еске алғанда, Жезқазған Советтер Союзындағы ең ірі, ең пайдалы мыс кені болып есептеледі.

Жезқазғанның мыс байлығын пайдалану үшін СССР Халық комиссарлары Советінің 1936 жылғы январьдың 9-да шығарған қаулысы бойынша Нилді-Жезқазған теміржолы салына бастаған еді. Бұл теміржол Ұлы Октябрь революциясының 20 жылдық мерекесі қарсаңында салынып бітті. Бұл өте қысқа сроктө салынып біткен жол болды, бұрынғы жол-қатынас халық комиссары Лазарь Моисеевич Кагановичтің жігерлі басшылығы арқасында тез біткен игілікті іс болды.

Үлкен Жезқазған комбинатының өндірістік күшін мәңгі ұмытылмайтын сияқты нарком Серго Орджоникидзе жолдас белгіледі. Ол комбинат жылына 200 мың тонна мыс беретін болсын деді. Мысты мұндай көп қорытатын комбинат осы күнге дейін жержүзінде болып көрген емес.

Қазір Үлкен Жезқазған комбинатын салуға дайындық жұмыстары басталып отыр. Пандау жұмыстары да қолға алынып жатыр. План бойынша комбинатты салу жұмысы бірнеше кезекке бөлінбекші. Комбинаттың бірінші кезекте салынып болатын бөлімі жылына 50 мың тонна шамасы мыс бермекші. Бұл жұмыс екі-үш жылдың ішінде аяқталмақшы. Комбинаттың бірінші бөлімі меңгерілгеннен кейін, комбинат жылына 100000 тонна мыс беретін болып үлкейтілмекші. Комбинатты мұндай бірнеше кезекке бөліп салу жұмысы біріншіден, мысты тез шығаруға мүмкіншілік берсе, екіншіден кадр дайындау жұмысын тездетеді.

Қазір Үлкен Жезқазған комбинатына керек минералдық сырьёлардың барлығы толық зерттеліп болды. Флюс дайындау үшін керек темір және темір-марганец рудалары Найзатас пен Қарсақпайдан табылып отыр. Бұл жерлер Жезқазған комбинатынан 40-60 километр жерде. Известь флюстері, кен байыту фабрикасына керек известті дайындауға қажетті материалдар болады. Сонымен қатар известь құрылыс жұмысына да өте керек нәрсе. Міне, бұл известтер Жезқазғаннан 39 км жердегі Ақтас деген жерден шығады. Мыс балқытатын пештерді салу үшін керек кірпіштің ерекше сорттарын дайындауға қолданылатын отқа төзімді саздар және ол пештерді ремонттауға керекті материалдар Жезқазғаннан 7 километр жердегі Ақши деген жерден алынады. Динас кірпіштерін дайындауға керекті кварц пен кварциттер Жезқазғанның төңірегіндегі Жанай, Ескөлі, Қарсақпай деген жерлерден алынады. Комбинат көмірді Қарағандыдан алады. Егерде Қарағандыдан көмір алу жұмысы қиынға айналса немесе қолайсыз болса, комбинат Байқоңырдағы тас көмір кенінен 45 км жердегі Қияқтының қоңыр көмірін пайдаланады. Осы күні Қияқтының көмірі Қарсақпай комбинатының отын базасы болып отыр.

Үлкен Жезқазған комбинаты суды Кеңгір өзенінен алады. Бұл үшін Кеңгір өзенінен ұзындығы 750 метр, биіктігі 30 метр плотина салынады. Бұл плотина жылына 100 миллион текше метр су береді. Судың түрліше шығындарын есептегенде, плотинаның беретін суы 67 миллион

текше метр болады. Бұл комбинатты өндіріс жұмысына керек сумен де, ішуге керекті сумен де қамтамасыз етеді. Комбинаттың шөлде, құрғақ климатта салынатындығы еске алынып, құрғақшылық жылдарда оны суға тапшы қылмау үшін, осы күні Жезқазғанның қасындағы Жезді өзенінің суы зерттеліп отыр. Бұл көрсетілген фактілер Үлкен Жезқазған комбинатын салу жұмысына түрлі жақтан дайындық істеліп жатқандығын көрсетеді.

Жезқазғанда геология разведка жұмыстары тек мыс запасын анықтау үшін жүргізілген жоқ, мұнымен қатар, комбинатқа керекті қосымша сырьеларды зерттеу үшін де жүргізілді.

Жезқазған комбинаты Балқаш комбинатынан мүлдем өзгеше жағдайда салынғалы отыр. Өйткені осы күнге дейін Балқаш комбинатының керекті флюстер мен отқа төзімді материалдарды қайдан алатындығы белгісіз болса, Жезқазған комбинаты үшін бұл мәселелер әлдеқашан шешілді. Балқаш комбинатын салу жұмысы бірнеше жылдар бойы теміржол жоқ жағдайда жүргізіліп, керекті материалдарды жетістіруде қиыншылықтар болған болса, Жезқазған комбинаты қазірдің өзінде-ақ теміржол транспортымен қамтамасыз етіліп отыр. Балқаш комбинаты жергілікті құрылыс материалдарының саны мен сапасы белгісіз уақытта салына бастаған болса, Үлкен Жезқазған комбинатын салу үшін керекті материалдар (тас, гравий, құм, алебастр, түрлі саздар) жеткілікті түрде зерттеліп табылып отыр.

Бұл көрсетілген үш жағдай, құрылыс жұмысына дұрыс басшылық еткен күнде, Үлкен Жезқазған комбинатын салу жұмысын Балқаш комбинатын салудағы сияқты орынсыз көп шығынсыз, қысқа срокта салып бітіруге мүмкіншілік береді.

Қазір комбинат теміржолмен, негізгі және қосымша минералдық сырьелармен қамтамасыз етілген жағдайда, ең басты міндеттің бірі Үлкен Жезқазған комбинатын салатын басқарманы тез ұйымдастыру болады. Өйткені, комбинатты салу жұмысын ұйымдастыру ісі кішкентай болса да кешіктірілсе, әдейі Жезқазғанға арналып салынған Нілді-Жезқазған теміржолының (ұзындығы 400 километр) жұмысына үлкен кедергі келтіреді. Комбинатты салу жұмысы жөніндегі ұйымдастыру мәселелері тез шешілсе, комбинатты көп шығын шығармай, үкімет бекіткен срокте салып бітіруге мүмкіншілік болады. Бұл жөнде, әсіресе, Балқаш комбинатын салуда болған үлкен кемшіліктерді естен шығармау керек.

Қазақстан жұртшылығының Үлкен Жезқазған комбинатын салу жұмысын үнемі қадағалап, бақылап отыруы керек. Өйткені Жезқазғанды салу жұмысы тек сонда отырған адамдардың ғана жұмысы емес, бүкіл Қазақстан жұртшылығының жұмысы. Жезқазған комбинаты жержүзіндегі ең ірі комбинаттардың бірі. Ол салынып біткеннен кейін советтік Қазақстанның индустриялық көркі деген ұлы атаққа ие бола алады. Біз Жезқазғанды үкімет белгілеген срокте салып бітіре аламыз. Бұған Ауыр

өндіріс Халық комиссариятының, Қазақстанның партия және үкімет орындарының Жезқазған комбинатын салу жұмысына үнемі көңіл бөліп отырғандығы және оған бұдан былай да үздіксіз көңіл бөлетіндігі кепіл.

Үлкен Жезқазған тек мыс алыбы ғана емес, оның төңірегінде марганец рудалары да көп. Жақын жылдарда Үлкен Жезқазған комбинатын салу жұмысымен қатар, марганец рудаларын шығару жұмысының да қолға алынуы мүмкін. Өйткені Жезқазғанның қасындағы Жезді, Найзатас дейтін жерлерде 2,5 миллион тонна жақсы сортты марганец рудалары бар. Оралдың қара металлургия өндірістері марганец рудаларына өте мұқтаж. Осы күнге дейін олар жақын жерде марганец рудалары болмағандықтан өздеріне керек марганецті Украинаның оңтүстігінен алып отыр. Жезқазғанның төңірегінде жақсы сапалы марганец рудасының көп болуы, олардың алдымыздағы уақытта салынатын Жезқазған-Найзатас теміржол тарауының бойында болуы жақын жылдардың ішінде Орал үшін марганец рудаларын шығаруды өте керек қылады.

Мұнымен қатар, Жезқазған ауданында қара металлургия өндірістерін де өркендету керек болады. Шойын және болат балқытатын заводтар салу керек болады. Бұл жөнінде Жезқазған ауданы үлкен көрнекті орын алады. Өйткені, бұл ауданнан, Қарсақпай заводының төңірегінен көп темір рудасының запасы табылып отыр. Бұл запастың мөлшері қазір 160 миллион тоннаға жетіп отыр. Мұның 60 миллион тоннасы жақсы сортты рудалар. Қарсақпайдың темір руда ресурстарын Қазақстанда қара металлургия заводтары үшін сырьё есебінде пайдалану ісі тек Жезқазған ауданын индустрияландыруда ғана емес, бүкіл Орталық Қазақстанды индустрияландыруда да үлкен көрнекті орын алады.

Соңғы кездерде, әсіресе, сталиндік екі бесжылдық ішінде жүргізілген кен зерттеу жұмыстары Жезқазған ауданынан мыс, марганец, темір рудаларымен қатар, алтын, қорғасын және қоңыр көмір шығатын жерлерді де тапты. Бұл кендерді пайдалану жұмысы да кешікпей қолға алынады. Орталық Қазақстанның барлық сырьёлық ресурстарын толық пайдалану жұмысы Қазақстанның өндіріс кәсібін бұрынғыдан да өркендетеді. Қазақстанның Советтер Союзының көрнекті мықты индустриялық аудан болуын қамтамасыз етеді.

ЖЕЗҚАЗҒАН АУДАНЫ – СССР-ДІҢ ҰЛЫ КЕН ОШАҒЫ

1938 жылы Жезқазған және оның тау-кен зерттеу жұмысы олқылықтан шыққан бірінші жылы болды. Глав мыста отырып бұрынғы басшылықта болып келген зиянкестер екінші бесжылдықта жалпы тау-кен зерттеу жұмысына және зерттелген байлықтардың пайдаланылуын ылғи зиянкестік етумен келді. 1938 жылы февраль айында Л.М.Каганович жолдас Жезқазған ауданындағы кен байлықтарын толық пайдалану үшін, оның зерттеу жұмыстарының қай саласында болса да қарқынды күшейтуге бұйрық берген еді.

Бұл міндетті орындауда тау-кен зерттеу жұмысын жүргізу үшін 1937 жылға қарағанда, 1938 жылы жұмсалған қаржы 6 еседен артық болды. Зерттеу жұмысындағы коллективіміз негізінен алдарына қойған міндеттерін атқарып шықты.

1938 жылы тау-кен зерттеу жұмыстарының алдына қойылған мақсаттары Қарсақбай комбинатын күшейту, Үлкен Жезқазған комбинатын салу үшін керекті материалдар тауып беру үшін қамсыз ету және бүкіл Жезқазған ауданындағы тау-кен байлықтарын зерттеу жұмыстарын қоса жүргізіп отыру еді.

Қорытындыда былай болды:

Қарсақбай комбинатын реконструкциялау жұмысы негізінде Жезқазған руднигінен 7-8 процент мысы бар маңызды окисленный және аралас бай рудаларды пайдалануға байланатын. Реконструкция жұмысы жасалғанда осындай маңызды кендердің запасы Жезқазғанда Қарсақбайға 5 жыл шамасы жарайтын еді. 1938 жылдың зерттеуі арқасында бұл кен запасын Қарсақбайға біз 10 жылға жетерлік етіп бердік. Комбинатымызды кеңейтіп реконструкциялау планы, маңызды бай окисленный руда мен қамсыздау жөнінде геолог-зерттеу бөліміне сеніп тапсырған еді, ол сенімді 1938 жыл қорытындысында біз ақтап шықтық.

1938 жылы жұмысымызда Қарсақбай теміржол бойында «Известный карьер» және Жезқазған аралығында Ақой деген жерден өндірістік маңызы бар мыс тауып, зерттедік. Мұнда 12 миллион руда, яғни 150 мың тонна мыс бар.

Жезқазғанда ертеден бері қарай тереңде жатқан кен байлығын зерттеу жұмыстары жүріліп келетін. 1938 жылғы жұмыстардың нәтижесінде тереңнен мыс рудасының жаңадан екі пласта рудасы табылды. Бұл екі пластаның біреуі кресто куполының солтүстік батыс жағында, пластаның қалдығы 4,75 метр. Ішіндегі мысы 0,93 процент. Екінші табылған пласта Петросбростын батыс жағында, бұның қалыңдығы 6,95 метр, ішіндегі мысы 3,23 процент.

Жезқазғанның ең маңызды ауданы Кресто қазірде 600 метр тереңдікке дейін болжалды. Басқа аудандары 350-400 метрге дейін болжалды. 280-300 метр төмен жерден өндірістік мыс рудасы әзірше табылған жоқ.

Қазіргі Петро ауданындағы бұрғыланып жатқан терең скважин 245 метр жерден табылған жаңа плоспен қабат, бұл Петродағы бұрыннан мәлім болатын екі кен плос бұның көлемінің кеңеюін көрсетті.

1939 жылдың басында Жезқазғанда қанша мыс кенінің бар екендігінің есебі қазір жасалып жатыр. Ол есеп біткенше 1938 жылдың ішінде қанша руда жаңадан табылғандығын нақты айтуға әзірше болмайды. Әйтсе де 1938 жылдың ішінде табылған жаңа табыстың шамасы анық тиянақты, зерттелген категориялардан 100 мың тонна мыстан кем болмайды. Жалпы зерттеуге мыстан өсімі 200 мың тоннадан кем болмауы керек.

1938 жылдың басында Жезқазғандағы мыс запасының шамасы тиянақты зерттелген категориялар екі миллион тонна, ал жалпы зерттелген категорияларда 4 миллион мыстай болмақ.

1939 жыл басында Жезқазған СССР-дағы мыс байлығы өндірістерінің бәрін артта қалдырумен жержүзінде ірі маңызы бар атақты бес мыс провинциясының бірі болады. Жезқазған үшін таяудағы 5-6 жылда тау-кен зерттеу жұмыстарын интенсивті жүргізіп, запастарын келешекте де ұлғайта беруге мүмкіншілік бар.

Үлкен Жезқазғанды салуға түрлі минералды құрылыс заттарын табу керек болады. Бұл заттар жақсы сапалы болумен бірге, комбинат салатын жерге неғұрлым жақын жерде болғаны тиісті.

Ал, бұл құрылыс материалдарын табу үшін геолог зерттеу конторы бірнеше жылдай зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы зерттеу жұмыстардың қорытындысында, әсіресе 1938 жылда уақытылы интенсивті істердің нәтижесінде мына жерлерді таптық. Жауапты бетонды жасауға жарайтын минералдар құм мен гравийдің алтынатын жері Кеңгір өзенінде, заводтың құрылатын жері жаңа Жезді станциясының жаны. Бұл жерден табылған құм және гравий заттары бетонға пайдалану үшін оларды жуып жату қажет емес. Тек жалаң грохотамен шайқау ғана керек. Кірпіш құюға, сылауға керек «лай» болуға жарамды балшықтар Қостенгел сай түбінен шығады. Жезқазғанда жаңадан салынатын қалаға керекті балшық қаладан екі километр жерде теміржол бойында. Комбинатқа керекті түрлі балшықтар да осыдан табылады. Керамзит және глиний цемент істелетін балшықтар, үй салынатын тастар жаңа қаланың қақ жанынан шықпақшы. Алебастр Маман ошағындағы борлардан жасалынады, бұл Жезқазғанға 45 километр тұрады. Аса жауапты емес жұмыстарға жарайтын Алебастр комбинаттың ішіндегі қара топырақтарынан шығады. Минералды бояулар мына жерлерден табылады: жасыл бояу Жезқазғандағы бай окисленный рудадан; күрең, сары және қызыл бояулар – Найзатас және Ақадыр кендерінен табылады; Ақ бояу жасалатын барит Жезқазғаннан, Найзатастан, Түйе-мойнақтан табылады. Жезқазған мен Кеңгірде жаңадан салынатын социалистік қалалардың, үйлердің архитектуралық көркемденуіне керекті және жарамды қызыл граниттер,

порфирлер Найзатастан шығады. Түрлі түсті мраморлар Жармада бар. Түрлі галкелі көркем тастар Жезқазғанда бар.

Өте тәуір материалдың бірі гидравлический ізбес пен роман цемент жасауға өте жарамды мергал заттары Кеңгір өзенінің жиегінде мол, бұндағы запастарда шет жоқ.

Үлкен Жезқазған мен Қарсақбай комбинатының жұмыстары үшін, тек мыс рудасы ғана керек емес, онымен бірге көмір, железняк, известняк, гипс, кварц және қазуға шыдамды балшықтар сияқты жәрдемші минералды заттар керек.

Байқоңыр көмір кеніндегі зерттеліп табылған көмір запасы 1,2 миллион тонна. Байқоңырдың батыс жағында 45 километр жердегі Қияқты көмір кенінде тиянақты зерттелген өндірістік көмір 26 миллион тонна, ал жалпы зерттелген көмір запасы 41 миллион тонна.

Қияқты көмірінің Байқоңыр көмірінен артықшылығы – Қияқты көмірінің күлі 15 процент, ал Байқоңыр көмірінің күлі 32 процент. Қияқты көмірінің қызулық маңызы 5100 калория, Байқоңыр көмірінің қызулығы 4300 калория. Бұрында 1932-1934 жылдары, біз бірнеше рет баспасөз бетінде Қияқты және Байқоңыр кендеріндегі көмір запасы Қарсақбай мен Жезқазғанға 30 жылға, былайша айтқанда, амортизациялық уақытына толық жетеді дегенбіз.

1937-38 жылдардағы зерттеу жұмыстарындағы қорытындысында екі комбинатымыздың екеуінде 10 жылға жететіндей запас железнякпен қамтамасыз еттік.

Известь-пушонка байыту фабрикасына керекті реагент жасайтын зат, жаңа металлургияға да керекті известь жасау үшін өте сапалы сырьяны екі комбинатымызға да 25 жылға жететін етіп Ақтас деген кеннен қамтамасыз етіп зерттеп таптық. Керекті гипс запасы Маман деген жерден екі комбинатымызға да жетерліктей болып табылды. Конверторларға керекті кварц пен қызуға шыдамды балшыққа комбинатымыздан екеуі де қамсыз етілді. Аяқтай келгенде, Қарсақбай мен Жезқазған комбинатымыз толық сенімді түрде зерттеліп, тексерілген кен базасымен және жәрдемші минералды сырьялармен қамтамасыз етілді.

Железнякақтың зерттеу жұмысы 1939 жылға созылады.

Жезқазғандағы тау-кен зерттеу конторы Жезқазған ауданын жалпы түрде үйрену – танысу мақсатымен зерттеді. Бұл жұмысқа 1936 жылдан СССР ғылыми академиясы және Қазақтың тау-кен зерттеу тресі қатынасып келеді.

Жезқазған ауданының площады Европадағы кейбір жеке мемлекеттердің алып отырған жерінен үлкен. Мысалы: Жезқазған ауданының площады Чехословакия яки Швейцарияның алып тұрған жерінен гөрі кең.

Жезқазған ауданының кен балшықтарын әлі де бірнеше жылдар үлкен күш жұмсап зерттеу керек болады.

Бірақ қазірдің өзінде ашылып отырған кен байлықтары, Жезқазған ауданының индустриялық өркендеуі жалғыз ғана Қарсақбай мен Жезқазған комбинаттарымен бітпейтіндігін көрсетеді.

Мыс өндірісі кәсіптерін құрумен қабат ауданымыздың ішінде шойын, сталь балқытатын заводтарға керекті кендердің барлығы зерттеліп табылып отыр. Бұл үшін табылған кен базасы – Керегетас, Қарсақбай, Жезді кендері, бұлар Қарсақбай завоынан оңтүстікке қарай 15 километрге, солтүстікке қарай 26 километрге созылады.

Бұл арадағы өндірістік темір рудалардың байлығы 50 процент, яғни өндіріске жарамды темір запасы 100 миллион тонна. Бұл запас жылында 1,5-2 миллион тонна шойын және сталь қорытатын заводқа азық болуға жарайды. Осы күнге дейін Қазақстанда маңызды шойын, сталь өндірісіне база боларлық күрделі темір кендері болмайтын.

Қазір мұндай базалар Қазақстанның өзінен табылып отыр. Ол Қарсақбайдағы темір кендері Қара металды өндіріп шығаруда тек темір руда ғана жетіспейді, ал бұған тағы жәрдемші минералды заттар:

Марганец руда, известняктар, доломиттер, қазуға шыдамды тас заттары да керек. Қазақстандағы жасалатын қара металл өндірісін жәрдемші сырьёмен де қамтамыз етеміз. Жездіде қазір 3 миллион тонна марганец рудасы бар. Бұл жеріндегі марганец 35 процент болады.

Ал бұл табылған марганца рудасы бүкіл Қазақстандағы қара металл өндірісін қамтамасыз ету мен бірге Оралдық қара металл қорытатын өндіріске қажеттіліктерін орындауға жетеді.

Темір марганец рудасының Найзатас ауданындағы байлығы 1,5 миллион тонна, бұл Жезді кентінің резерві.

Байқоңырдың жанында 3 километр жерде жақсы сапалы доломиттенген известняк бар. «Найзатастан 7 километр Ақтас деген жерде металлургиялық известняк бар». Бұл жердегі байлықтар толығынан Қазақстандағы қара металл өндірістерін негізгі флюстермен қамтамасыз етеді.

Ақши кеніндегі қазуға жарамды балшықтар, мыс пен қара металл өндірісін қамтамасыз етеді.

Ауданымыздағы өндірістеріміздің үшінші орын алатын Қияқты көмір кені болады. Қияқтының көмірі өзінің өндіріс өнімдерінің күшті болуы арқасында, тек Жезқазған мен Қарсақбайдағы комбинатымызды қамтамасыз етумен тұрмай, онанда гөрі кең түрде пайдалануға жарамды. Ташкент теміржолы өзінде отын болмағандықтан, көмірді Донбастан алатыны мәлім.

Ташкент теміржолының жақын жері Қияқтыдан 300 километр ғана тұрады.

Жезқазған-Қияқты теміржолы Ташкент теміржолына келешекте қосылуы мүмкін. Ол уақытта Ташкент жолы әрі жақын, әрі арзан Қияқты көмірі мен қамтамасыз етіледі.

Жезқазған ауданындағы бүкіл союздық маңызы бар мыс, қара металл жаңа көмір өндірістері ашылуы мен қабат, бұнын ішіндегі Қорғасын жаңа Жезқазған рудниктерінен Қорғасын, Арғанаты, Іле тау және Найзатас рудниктерінен алтын, Қарғалы өзенінен фосфорит кендері табылып отыр.

Осы таяу уақыттардағы зерттеу жұмысының қорытындысында Жезқазған ауданы индустриялы аудан екендігі анықталды.

Бұл зерттеліп табылып отырған кендер Қарсақбай комбинатын салу мен қатар, келешекте ауданымыздағы ірі индустриялы аудан болуын, түсті жаңа қара металл шығаратын заводтардың санын көбейтетініміздің іс жүзінде айқындап көрсетеді.

ЖЕЗҚАЗҒАН БАЙЛЫҚТАРЫН МЕҢГЕРУ МІНДЕТТЕРІ

Жезқазған маңында кен барлау жұмысы совет өкіметі тұсында, 1926 жылдан басталды. Бұл осы өткен 14 жылдың ішінде советтің кен барлаушылары Жезқазған байлықтарын, ағылшын концессионерлерінің 11 жылдың ішінде тапқан запастарына қарағанда 80 есе арттырды. Жезқазған өзінің мыс рудаларының запасы жөнінен Оңтүстік Американың Чуквикамат кенінен соң екінші орын алады.

Жезқазғанда кен барлау жұмысы, оның барлық минерал байлықтарын комплексті түрде пайдалану мақсатымен жүргізілді. Барлау жұмыстарына өткен 14 жылдың ішінде 11,7 миллион сомдай қаржы шығарылды. Оның ішінде, мыс кендерін барлауға 9,8 миллион сом, темір, марганец кендері мен құрылыс материалдарын барлауға 1,1 миллион сом жұмсалды. Көмір кендерін барлауға 700 мың сом жұмсалды.

Осы 14 жылдың ішінде жұмсалған қаржыны Оралда кен барлау жұмысына жұмсалған қаржымен салыстырсақ мынаны көреміз: Оралда ашылған мыс руда запасының әрбір тоннасына 40 сом жұмсалған. Ал Жезқазғанда ашылған мыс руда запасының әрбір тоннасына одан бірнеше есе кем жұмсалды. Бұл цифр кен барлау жұмысының Жезқазғанда көп экономиямен орындалғанын көрсетеді. Мыс кенін барлау жұмысы Советтер Союзының өзге кендерінен Жезқазғанда көп арзанға түсті.

«Цветметразведканың» Жезқазғандағы кен барлау конторы мыс кенін барлаумен қатар, өзге кендерді қабат іздестіріп отырды. Осы жұмыстың нәтижесінде Жезқазған өзінің байлықтары жөнінен Союзмыздың келешегі мол, бай ауданына айналды. Дүниежүзілік маңызы бар мыс запасымен қатар, Жезқазған маңында 100 миллион тоннадан артық өндіріс кәсіптік маңызы бар темір рудасының запасы табылды (Сазтөбе, Қарсақпай, Балбырауда). Бұл кендердің рудаларында темір 51 проценттен асады. Мұнымен қатар Жездіден 3,5 миллион тоннадан артық жоғары сапалы марганец рудасы табылды. Рудада марганец орташа 35 процент. Найзатастан бір жарым миллион тоннадан аса темір-марганец рудасы табылды. Бұл кендер Қазақстанда қара металлургия өндіріс кәсібін жасау үшін база болып саналады.

Қияқтыдан 66 миллион тоннадан артық қоңыр көмірдің запасы ашылды. Мық, Ақшоқы, Шайтантаста алтын кендері бар. Қорғасында, Жезқазғанда қорғасын рудасының толып жатқан запасы ашылды. Қарқаралыда фосфорит, Мықта молибден, Ұлытауда олова, Шайтантаста, Айыртауда хромит, асбест, магнезит сияқты кендер табылды. Бұл кендердің өндірістік маңыздарын анықтау үшін барлау жұмыстарын бұдан былай да жүргізе беруіміз керек.

Жезқазған ауданының кен табылған жерлерінің көлемі кең. Осылай бола тұрса да, кен барлау жұмысы жақында басталғанымен, едәуір көрнекті нәтиже берді.

Өзге кендерге қарағанда ауданның мыс, темір, марганец, көмір кендері тыңғылықты зерттелді. Бұлардың запасы мол болумен қатар, сапалары жақсы. Міне, осы кендердің негізінде үлкен алып – Үлкен Жезқазған комбинаты салына бастады. Жезқазған комбинатын салу, Қарсақпай комбинатын қайта құру жөніндегі міндеттерді болат нарком Л.М.Каганович жолдас өзінің 1938 жылғы февральдың 13-де берген бұйрығында белгілеп берген болатын. Біздің үшінші бесжылдықтағы міндеттеріміз сол бұйрықта көрсетілген болатын. Нарком Каганович жолдастың бұйрығын орындау жөнінде, бұдан былайғы жерде істейтін істеріміз, 1940 жылдың міндеттері мынадай болмақшы:

Жезқазған ауданының кен байлықтарын зерттеу, оның геологиялық құрылыстарын анықтау жұмысын тынбай жүргізе беру керек. Бұл жұмысқа Жезқазғанның кен барлаушыларымен қатар өзге ұйымдардың барлаушылары да қатынастырылуға тиіс.

Кен барлау жұмыстарына биылғы жылы кемінде 3 миллион сомдай қаржы босатылуға тиіс. Осындай қаржы бұдан былайғы жылдарда да ұдайы беріліп отыруға тиіс. Сонда жақындағы 5-10 жылдың ішінде ауданның байлықтары негізінен анықталып, қазіргі запас мөлшері екі еседей арта түспек. Өйткені біз осы күнге дейін руда бар деп шамаланған жерлердің 30 процентін ғана зерттедік.

Жезқазған комбинатын салу жөнінде биыл мынадай жұмыстар істелуге тиіс: Кеңгір өзенінен бөгет салу керек. Бұл Жезқазған комбинатын сумен қамтамасыз ететін база болмақшы.

Биыл 3 шахтаның проходкасын аяқтап, қуатты төртінші шахтаның проходкасын қазуға кірісу керек. Бұл жұмыстар істелмесе комбинаттың ең негізгі базасы – руда базасын жасау жұмысы артта қалып қояды, сонымен 1942 жылы комбинаттың бірінші кезегінің пайдалануға берілуін кешеуілдетеді.

Жезқазған комбинатының системасына кіретін барлық кәсіпорындарының шаруашылық, басшылық жұмыстарын қосып, оның барлығын Жезқазған комбинатының директорына бағындыру керек. Сол сияқты Жезқазған руднигі мен «Цветметразведка» тресінің Жезқазғандағы кен барлау конторын да комбинат директорына бағындыру керек. Осындай ұйымдастыру жұмысын жүргізудің нәтижесінде комбинат құрылысына басшылық ісі бұрынғыдан едәуір оңдала түспек. Құрылысқа кедергі бола бастаған жеке шаруашылық ұйымдардың осылай бір орталыққа бағынуы әбден қажет.

Қарсақпай комбинатын қайта құру жұмысының мықтап қолға алынбай келе жатқанына биыл үшінші жыл болады. Қайта құрылыс жұмысының орындалмауы – құрылыс жұмыстарының ұйымдасқан түрде жүргізілмей, шаруашылық әдіспен, кустарлық жолмен комбинаттың өзі жүргізіп отырғандықтан болды. Қарсақпай комбинатын қайта құру жұмысын Жезқазған комбинатын салып жатқан құрылыс ұйымдарына беру керек.

Жезқазған мыс кендерінің қышқылданған және қышқыл рудалармен араласқан рудаларын дұрыстап өңдеу жұмысының технологиялық схемасын биыл толық зерттеп бітіру керек. Әсіресе, жердің жоғарғы бетіндегі қышқыл рудаларды өңдеудің технологиялық схемасын биылдан қалдырмай бітіру қажет. Өйткені бұл жұмыстар шахта салу үшін керек болып отыр.

Қарсақпай, Атасу темір рудаларының негізіне қара металлургия комбинатын салу мәселесі қазір жоғарғы органдарда талқыланып жатыр. Партияның тарихи XVIII съезі Қарсақпай, Атасу темір кендерін зерттеп, оның өндіріс маңызын анықтау жұмысын үшінші бесжылдықта бітіру керек деп директива берген болатын. Осы директиваны орындау үшін жоғарыдағы аталған кендерді зерттеу жұмысына арналып биыл 1,5 миллион сом қаржы босатылуға тиіс. Бұл қаржы темір кендерін зерттеумен қатар қара металлургия комбинатын салуға керекті известь, доломит, кварц, марганец кендерін зерттеуге, сол сияқты су іздеу жұмыстарына жұмсалады.

35 процент марганеці бар 3,5 миллион тоннадан артық запасы бар марганец рудаларының кені Қазақстанда салынбақшы қара металлургия комбинатының көмекші флюс базасы болу шегінен көп артық. Бұл кенді пайдалану жұмысын тездетіп, марганец рудаларын Оралға шығару жағын қарастыру керек. Өйткені Орал осы күнге дейін марганец рудасын алыстан – Никополь мен Чиатуриден тасымалдап келтіріп жүр.

Жезді марганец кенін тыңғылықты түрде зерттеу жұмысына, сол сияқты осы кеннің кедей рудаларын байыту жұмыстарын зерттеуге биыл 500 мың сомдай қаржы босатылуы керек. Кедей рудаларды байытып пайдаланудың нәтижесінде, кеннің өндіріс кәсіптік маңызы бар руда қоры 5 миллион тоннаға дейін көбейетін болады.

Қияқты көмір кені Жезқазған мен Қарсақпай комбинаттарының негізгі жергілікті отын базасы болып саналады. Бұл қоры мол, келешегі зор кен. Алыстан тасымалдап, Кузбасс көмірін жағып отырған теміржол транспортын да Қияқты көмірі толық қамтамасыз ете алады. Бұл үшін Қияқтыдан Орынбор жолына дейін баратын ұзындығы 250 километр Қияқты-Жосалы теміржолын салу керек. Бұл жол геолог Петрушевский жолдастың 1937 жылы ашқан артезиан құдықтарының Мыңбұлақ бассейні арқылы өтеді. Мыңбұлақ бассейнінің тұщы суы жолдың керегін, сонымен қатар бау-бақша егістерінің де керегін толық өтей алады. Бұл жол Жарық-Жезқазған жолымен түйіскенде үлкен магистрал жолға айналады.

Қияқты бассейнінің запасын толық анықтау үшін, бірінші кезегі пайдалануға берілген кезде, комбинатты көмірмен толық қамтамасыз етерліктей ету үшін биыл мынадай жұмыстар істелуге тиіс:

а) Жезқазған-Қияқты-Жосалы жолын салудың зерттеу жұмысын аяқтау;

ә) жылына 1,5 миллион тоннадай көмір берерлік Қияқты кенішін салу жұмысының проектісін аяқтау керек;

б) Қияқты көмір кенін ішімдік және өндірістік сумен қамтамасыз ету жөніндегі зерттеу жұмысын аяқтау керек;

в) уақытша жұмысшылар қаласын және электр станциясын салуға кірісу керек;

г) ұзындығы 40 километр Байқоңыр-Қияқты теміржолын салып бітіру керек.

Қияқты көмір кенінде кен барлау жұмысын жүргізу үшін биыл 500 мың сом мол қаржы босатылуға тиіс.

Жезқазған комбинатын салуға керекті және басқа кәсіпорындарын салуға керек құрылыс материалдың барлығы жергілікті жерден табылады. Комбинатты салуға керекті құрылыс материалдары қазірдің өзінде-ақ зерттеліп болды. Ауданда цемент өндірісін ұйымдастыруға керек шикізат та бар. Осылардың негізінде биылдан бастап Кеңгір өзенінің бойында жылына 100 мың тонна цемент өндіретін завод салуға кірісу керек.

Жоғарыда осы айтылғанның бәрі де Жезқазғанның тез қарқынмен дамуына мүмкіншілігі мол екендігін көрсетеді. Комбинатты салу жөнінде едәуір жұмыс істелумен қатар алда істелетін іс әлі көп.

ҚИЯҚТЫ КӨМІР БАССЕЙНІ

Орталық Қазақстанның елі сирек даласындағы Жезқазған маңы Совет өкіметі тұсында геологиялық зерттеу жүргізілуі нәтижесінде жер қойнындағы байлығының саны және неше алуандығы жағынан Советтер Союзындағы ең алдыңғы қатарлы ауданның бірі болып шықты. Мұнда дүниежүзіндегі ең ірі мыс кенінің бірі – Жезқазған бар. Мұны кенінен пайдалану Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысы аяқталысымен, үстіміздегі бесжылдықтың аяқ кезінде басталмақшы.

Бұл маңдағы Қарсақпай кендерінің тобынан өндірістік запасы мол темір кені ашылып отыр. Қарсақпай-Қарағанды қара металлургия комбинатын құру негізінде бұл кенді пайдалану таяу жылдарда қолға алынуға тиіс.

Жезқазған маңында мыс, темірмен қатар көмір запасы да болып шығып отыр. Көмірдің дені Қияқты бассейнінде.

Қияқты бассейні Жезқазған ауданының батыс жағында, Байқоңыр көмір кенінен 40 километр жерде. Байқоңыр кені мен Жезқазған руднигі арасында тар табанды теміржол бар. Ол Жарық-Жезқазған теміржолының ең соңғы станциясына барып жалғасады. Сөйтіп Қияқты көмір бассейні қазіргі теміржолдан небәрі 40-ақ километр жерде. Байқоңыр мен Қияқтының арасы теп-тегіс жазық. Мұнда теміржол салудың ешбір қиыншылығы жоқ.

Қияқты бассейні 1929 жылы ашылған, әзірше толық зерттелген жоқ. Зерттеу жұмысына жеткілікті қаржы босатылмай келді. Қазіргі кезде Қияқты бассейнін зерттеу мыс өндіріс кәсібінің Жезқазғанды зерттеуге берген ақшасының есебінен жүргізіліп келеді.

Осы аз ғана зерттеудің өзінде де Қияқты бассейнінде қазір 85 миллион тонналық көмір запасы барлығы анықталды, мұны Бүкілсоюздық запас комиссиясы бекітіп те отыр. Бассейнінің жалпы запасы ең кемінде 200-250 миллион тонна болады деп шамаланады.

Бассейнінің көмірі бар жерінің шамасы 100 шаршы километрдей, содан әзірше 20 шаршы километрдей жер ғана зерттелді. Зерттелген жерлерде көмірдің 5 пласты анықталады. Кейбір пластардың қалыңдығы 1,5-нан 3 метрге жетеді. Анықталған пластардың жағдайы көмірді қуалай салынатын сұлама шахта системасын қолдануға мүмкіндік береді. Көмір пластының ең тереңі 100 метрден аспайды. Көмір запасының көбі жердің бетінен 50-60 метр тереңдік шамасында, ал бірсыпырасы 10 метр шамасы ғана тереңдікте. Міне, бұл көмірді ашық қазу әдісімен алуға да мүмкіндік береді.

Қияқты бассейнінің көмірі қоңыр көмір түріне жатады. Көмірдің күлділігі жеке пластарда 10-нан 23 процентке дейін болып келіп, жалпы кен бойынша орта есебі 14-15 процент шамасында. Мұндағы көмір жалынды, ұшқынды көмір түріне жатады. Көмір ылғалы 8-11 процент, күкірт – 1,5 процент шамасы. Міне, бұл көмірдің ашық ауада тез бұзылып,

көпке дейін жатып қалса, өзінен-өзі жанып кететіндігін көрсетеді. Мұндай нашар қасиет қоңыр көмірдің бәрінде де кездеседі. Тиісті техникалық шаралар қолданылып тұрса, бұл кемшілікке жол берілмеуіне болады. Қияқты көмірінің қызуы өте жоғары.

Қияқты көмірінің бұл қасиеттері ол энергетика орындарына, коммуналдық мұқтаждарға, паровоз паркіне, ұнталмалы отын қолданылатын отражатель пештеріне өте қажетті отын екенін көрсетеді.

Көмір запасының жақсылығы, запасының көптігі Қияқты бассейнін Қазақстандағы маңызды отын базаларының біріне айналдырмақ. Жері қолайлылығы, теміржолға жақындығы бұл бассейнді халық шаруашылығы пайдасына неғұрлым тезірек пайдалану қажеттігін көрсетеді.

Ең алдымен Жезқазған және Қарсақпай мыс қорыту комбинаттарының отын жөніндегі керегін осы Қияқты қамтамасыз етуі керек. Бұл комбинаттарға жылына 750 мың тонна шамасында көмір керек болады. Байқоңыр кенінің техникалық және запас жағдайы нашар, ол жылына 100 мың тоннадан артық көмір бере алмайды. Қалған 650 мың тонна көмір жыл сайын Қияқтыдан алынатын болуға тиіс. Қияқты Жезқазғанға Қарағандыдан 3 есе жақын. Жезқазған комбинаты Қияқты көмірімен қамтамасыз етілетін болса, бұл Қарағанды бассейнінің жұмысын жеңілдетеді. Оның кокстелетін көмірімен Оралдың қара металлургиясын, көп кешікпей Қазақстанның қара металлургиясын жабдықтап отыруына жол ашады. Жезқазған комбинатын Қияқты көміріне қарату БК(б)П XVIII съезінің жергілікті көмірді өндіру ісін барынша өркендете беру керек деген қаулысына толық сай келеді.

Ал Жезқазған комбинатының Гипроцветмет жасаған генеральный проектінде бұл комбинатты отынмен түгелімен Қарағанды жабдықтап отырады деп көрсетілген. Гипроцветметтің осы сияқты таңқаларлық «техникалық саясатын» дереу өзгеріп, Жезқазған комбинаты отынды түгелімен Қияқты бассейнінен алатын ету керек. Мұны іске асыру үшін тек 40 километр жерге жаңа теміржол салып, қазіргі Жезқазған-Байқоңыр теміржолын кең табанды жол ету керек. Айта кететін бір жағдай, жолдың Жезқазған-Қарсақпай учаскесіндегі бөлігі Қияқтыға жол салыну, салынбауына қарамастан, кең табанды жолға айналдырылады. Қарсақпай-Байқоңыр арасындағы 57 километр жолды қайта құру шығыны Жезқазған комбинатына көмірді Қарағандыдан тасымай Қияқтыдан тасудан қысқартылатын расходтармен де өтеліп кетеді.

Қияқты бассейнінің өркендей беруі, кейіннен оның теміржол арқылы Жосалы немесе Арал теңізі тұсынан Орынбор теміржолына жалғасуына және болашақ зерттеу жұмыстарының нәтижесіне байланысты. Қияқты бассейні мен Орынбор теміржолының арасы (Жосалыға дейін) 280 километрден артпайды. Бұл екі орта тегіс келеді. Қияқты мен Жосалы станциясының арасында Мыңбұлақ су бассейні бар. Бұл болашақ теміржолды сумен жабдықтау мәселесін шешетіні былай тұрсын, оның үстіне, мұнда күрделі күріш-мақта совхозын ұйымдастыруға да мүмкіндік береді.

Орынбор теміржолының бойында Чкалов қаласынан Ташкентке дейін тиянақты отын базасы жоқ. Бұл жолдың бойындағы Бершығыр, Домбаровский көмір кендерінің запасы аз, теміржолды отынмен толық қамтамасыз ете алмайды. Орынбор теміржолы, оның маңындағы аудандар осы уақытқа дейін Қияқтыдан 10 есе алыс жердегі Кузнецкіден көмір тасып келді. Қияқты-Жосалы теміржолын неғұрлым тез салу қажет дейтініміз де осыдан. Міне, бұл да БК(б)П XVIII съезі қойған міндеттерге, еліміздің халық шаруашылығын социалистік жолмен жоспарлау негізіне сай келеді. Мұнда жол салынса, қазіргі тұйық қалып отырған Жарық-Жезқазған теміржолына өріс беріледі.

Қазақстан мемлекеттік пландау комиссиясының мәліметіне қарағанда, Орынбор теміржолы, оның маңындағы аудандар 1939 жылы Кузнецкіден бір миллион тонна көмір алдырып жаққан. Мұны қызу беру жағынан салыстырғанда Қияқты көмірінің 1.400 миллион тоннасына шамалас. Егер олар Қияқты көмірін пайдаланатын болса, Кузнецк көмірін тасымалдауға шығатын миллиондаған шығын мемлекет пайдасына қалар еді.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

Жезқазғанда, теміржолдарға жақындығы жағынан, запасының көптігі жағынан алып қарағанда, Қияқты көмір бассейні Қазақстанда Қарағандыдан кейін екінші орын алуға тиіс. Бұл бассейнді геологиялық жағынан зерттеуді күшейту, оның осы күнде анықталған мол көмір запасын тезірек пайдалануға кірісу үстіміздегі бесжылдықтың аса маңызды міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Үлкен Жезқазған комбинатының генеральный планын өзгертіп, ол отынды Қияқты бассейнінен алатын ету қажет.

Қияқты бассейнін пайдалану, меңгеру ісін бірте-бірте жүргізу керек. Қияқты бассейні алғашқы кезде жылына 650 мың тонна көмір беріп тұруға тиіс. Өйткені Жезқазған, Қарсақпай комбинаттарына жылына осындай көмір керек болады. Қияқты бассейнін өркендету жөнінде бірінші кезектегі жұмыс Жезқазған комбинатын пайдалануға беруге дейін, яғни 1942 жылдың аяғына дейін аяқталуы керек. Қияқты көмір бассейнінің бірінші кезектегі құрылысын басқаруды оның көмірін пайдаланатын ең басты орын – Жезқазған комбинаты құрылысының басқармасына тапсырған жөн болады.

Қазақстанның үкімет орындары Қияқты бассейнін Орынбор теміржолымен байланыстыру жағын тезірек шешу туралы кешікпей жалпы союздық орындардың алдына мәселе қою керек. Бұл теміржолдың, оның маңындағы аудандардың отын қажетін Қияқты көмірімен қамтамасыз етіп тұратын болуды қарастыру керек.

ҚАЗАҚСТАН – ТҮСТІ МЕТАЛЛ ҚОЙМАСЫ

Республикамыздың ең байтақ даласы әр алуан кендерге, сирек кездесетін металдарға өте бай. Қазақстан мыс, қорғасын, цинк, никель запастары жөнінде Советтер Союзында бірінші орын алады.

Шығыста – Алтай алабы, Оңтүстікке – Қаратау қойнауы, Орталық Қазақстанның рудалы жотасы, батыста – Маңғыстау түбегі міне осылардың бәрі түсті металлургияның сарқылмас көзі, СССР-дың түсті металл қоймасы. Қазақстан кендерінің бір қасиеті сол, мыс шыққан жерден алтын да, күміс те, қорғасын да, тағы басқа сирек кездесетін металдар да шығады.

Орталық Қазақстанның кен байлықтары да Алтайдан асып түспесе, кем соқпайды. Мұнда әсіресе Жезқазған маңы кенге өте бай.

Жезқазған маңында салынған кәсіпорындары бұрын шет ел капиталистерінің қолдарында болды. Олар бұл жерді ірі өндіріс кәсібіне айналдыруды көздемеді, тек қымбатты рудаларын кустарлық әдістермен қазып алып, Жезқазған жерінің байлығымен спекуляция жасады. Қарағанды мен Успеннің кен байлықтарына «Спасск мыс рудаларының қоғамы», Жезқазған маңындағы байлықтарға «Атбасар мыс рудаларының қоғамы» дегендер «қожа» болып, осы байлықты солар ғана пайдаланды. Ұлы Октябрь социалистік революция ғана бұларды Қазақстан жерінен түріп айдап шықты, ең байлықты, мол қазынаны өзінің шын иесіне – жұмысшылар мен шаруаларға қайтарып алып берді.

Тек Ұлы Октябрь революциясы ғана, сталиндік бесжылдықтардың даңқты дәуірі ғана, ұлан-байтақ Советтер елінің барлық түкпірлеріндегідей, Жезқазған маңының да экономикасы мен мәдениетіне дем беріп, олардың дамып өркендеуіне даңғыл жол ашты. Шет ел концессияларының сала бастап тастап кеткен Қарсақпай мыс қорыту комбинатының құрылысы 1925 жылы қолға алынып, ол 1928 жылы елімізге тұңғыш рет мыс бере бастады.

Жезқазған – мыс рудаларының нағыз орталығы. Бүгінге дейін жүргізілген зерттеудің нәтижесіне қарағанда, мұнда СССР-дағы мыс запастарының төрттен бірі бар екендігі анықталды. Ал бүкіл Қазақстандағы мыс запасының тең жарымдайы (47 процент) осы Жезқазғанда. Мыс запасы жөнінде Жезқазған бүкіл жержүзінде төртінші орын алады.

Жезқазған рудаларынан шығатын ең негізгі металл – мыс. Сонымен қатар рудаларда күміс, қорғасын, молибден, мышьяк, сүрме, цинк те бар. Айта кету керек, Жезқазған маңының мыс жөніндегі байлықтары әлі де толық зерттеліп жеткен жоқ.

Жезқазғанға жақын, Қарағандыдан 600 километр тұратын Қарсақпайда темір рудалары табылып отыр. Оның составы мен құрылысы Кривой Рог бассейнінің рудаларына ұқсас. Алдын ала жүргізілген барлауға қарағанда, мұнда бірнеше миллион тонна темір рудасының запасы барлығы анықталды.

Қияқты мен Байқоңырдағы көмір кендерінің, Жезді мен Найзатастағы жоғары сортты марганец рудаларының, Ұлытау, Арғанаты, Найзатастан табылған алтын рудаларының, Қорғасын мен Жезқазғандағы қорғасынның запасы бірнеше миллионға жетеді. Жезқазған маңында фосфорит, барит, асбест, пирит кендері, құрылыс материалдарының көп запасы да табылып отыр. Жезқазған маңының байлығы бұдан да көп екендігіне, совет геологтары оларды толық зерттеп табатындығына сенім зор.

Жезқазған маңының байлықтарын зерттеумен қатар, оны өндіріс жолымен игеру жұмыстары да кеңінен жүргізілді. 12 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Қарсақпай мыс комбинаты жыл сайын мыңдаған тонна құнды металл береді. Жезқазған байлықтарын молынан пайдаланып, оны Отанымыздың игілігіне айналдыруға кесел болып келген жолсыздық жойылып, жаңадан Жарық-Жезқазған теміржолы салынды. Жезқазған қазір республикамыздың барлық орталықтарымен, бүкіл Советтер Союзымен болат жол арқылы жалғасып отыр. Қарсақпай комбинатын қайта құру жұмысымен қатарласа Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысы да тез қарқынмен салынып жатыр. Оның бірінші кезегі бір-екі жылдан кейін пайдалануға беріледі. Өзінің көлемі мен қуаты жөнінен бұл комбинат Союзда бірінші орын алмақ.

Жезқазған маңын индустрияландыру бағдарламасы Үлкен Жезқазған комбинатын салумен аяқталмайды. Қарсақпайдың бай темір рудасы мен Қарағандының коксталатын көмірі базаларында республикамызда тұңғыш рет ірі қара металлургия комбинаты салынғалы отыр. Қияқты көмір кені Қазақстанның Қарағандыдан кейінгі екінші көмір бассейніне айналады.

Жезқазған маңындағы толып жатқан түрлі кен байлықтарын комплексі түрде пайдалану нәтижесінде Жезқазған Қазақстанның, бүкіл Советтер Союзының өте ірі индустриялы орталыққа айналмақ.

БІРЛЕСКЕН ТІРЕКТІ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСТЕРІ

Жезқазған кен зерттеушілер коллективі 1941 жаңа жылға айтарлықтай өндірістік жеңістермен келді.

1940 жылғы басты жұмыстардың пландары – колонкалық бұрғылауды 20 октябрьге, ал зерттеу планының барлығында Қазақ ССР-ның құрметті XX жылдық юбилейіне орындадық. Жыл аяғының қорытындысында барлық жылдық зерттеу планы 111,6 ал, колонкалық бұрғылауда 119,2 процент орындалды.

Кен зерттеу жұмысында өндірістік жеңістерге жетуіміздің негізгі себебі кеншілер коллективіміз алған міндеттерін орындау үшін қажырлы күресті, алдағы мақсаттары үшін берік ұйымдасты.

Кен зерттеушілер қатарында басшы маман жұмысшылар көптеген жылдар тұрақты қызмет атқарғандығынан, іс сапасы да арта түсуде. Кен зерттеу жұмысындағы 43 инженер-техниктер басшы мамандардан 20-сы 10 жыл бойы, 35 адам бес жылдан аса уақыт, ал тек 8-і ғана 5 жылдан кемірек жұмыста болып келеді.

Зерттеу жұмысындағы негізгі жұмыскерлер есебінде саналатын смендік бұрғы мастерлерінің 90 проценті жергілікті жерден өскен және де өндірісте 5 жылдан 10 жылға дейін үздіксіз бұрғы жұмысында болғандар.

Осындай басшы маман жұмыскерлер күштері кен зерттеу жұмысын айрықша алға бастырды. Олар кен зерттеу жұмысын меңгерумен және өз мамандықтарын басқаларға да ауыстыра білгендіктен, әлденеше маман жұмыскерлер өсумен бірге стахановшылар қатары да күн санап көбеюде.

Коллективіміздегі инженер техниктердің өндіріске тұрақты істеулері өз істерін сүюшілікке ұмтылып, үлгілі еңбек етіп, өнім молшылығы үшін күресті арттырды. Олар кертартпашыл кесір мінезге түспей, еліміздегі зерттеу техникасындағы жаңалықтарды кідірмей қолданып отырды. Техникалық мамандықтарын үздіксіз өсірумен қатар, бағалы ұсыныстар мен зерттеу істерін жақсарта беруді мақсат етті, істе жүзеге асырып та келеді.

Бұрғылау жұмысының техникасын меңгергендігінің арқасында 1931 жылды 1940 жылмен салыстырғанда, дроппен бұрғылайтын станоктардың айлық өндірісі екі еседен аса өсті. Бұрғышылар бірнеше жылдар бойы бір жерде жұмыс істегендіктен зерттеу техникасының тетігіне жетіліп, сапалы меңгерді.

Бұларға ақы еңбегіне қарай өсірме прогрессивка жолымен төленуі жұмыс өнімділігін арттыруға көмекші болды. Бұрғышылар арасында социалистік жарыс пен есеп жұмысы жақсы жүруі еңбек молшылығына жетуге жағдай жасады.

ҚК(б)П Орталық комитеті мен ҚССР Халық Комиссарлары Советінің республикамыздың XX жылдық атындағы социалистік жарыстың

ұйымдасқан түрде жүргізу мен бірінші сентябрьге 40 жылдың 10 айлық планын орындауға шақыруын коллективіміз арасында жыл басынан ақ толық түсіндіріп, 10 айлық планды 1 сентябрьге орындауға міндеттеме алып, қызу қарқынмен кіріскендіктен, 10 айлық план 1 сентябрьге жылдық планымызды XX жылдық мереке қарсаңында орындадық.

Бұл еңбегімізді партия мен үкіметіміз бағалап, ауданның көлеміндегі басқа өндіріс орындарымен салыстырғанда, саны көп емес зерттеушілер коллективінің: бір адамын Ленин орденімен наградтады, біреуін «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградтады, екеуін ҚССР Ұлы Советінің «Құрмет грамотасымен» наградтады, біреуіне түсті металл Халық комиссарының «Отличник» значогын берді және үшеуіне түсті металл халық комиссариатының «Мақтау қағазын» берді.

– Наградталғандар арасында бұрғылау істерінің көрнекті жетік мастерлері – стахановшы Тұңғышбаев Мырзабек, Байсалбаев Егзек және кен зерттеу істеріне мейлінше берілген инженер-геолог Левин Е.А. және В.И. Стефанов бар.

1940 жылғы өндірістік пландарды орындаумен бірге зерттеу жұмысының қорытындыларында да көптеген табыстар көрінді. 1940 жыл ішінде Үлкен Жезқазған комбинатының жұмысы үшін бірінші кезекте алынатын көптеген жерлерде жатқан кендердің денелерін, олардың көлемін толық ашып шығу керек еді. Жезқазғанда 1940-1941 жылы құрылып жатқан бес жаңа шахталар төңірегіндегі рудалар тегін айқындап ашып беру міндеті бар еді. Бұл жұмыстарды 1940 жылғы ноябрь айының басында орындадық. Онымен бірге бірнеше жаңа жерлерде мысты руда запастары зерттелді. Онда геолог-инженер Сейфуллиннің учаскасында (Жезқазғанның солтүстігінде 45-50 километр) Ұлытау ауданындағы Жыланды өзенінің бойынан көптеген мыс запасы барлығы анықталды. Оның бірсыпырасы зерттеліп, бірнешеуі 50 метр тереңдікке дейін бұрғыланды.

Бұл ауданда тереңде жататын өндірістік сульфидті мысты руданың табылуы бірінші рет кездесті. Бұл жерде кен запасының мол екендігі байқалды.

Осымен бірге, Жезқазған мен Жыланды арасындағы аумағы кең жерде руда болуы мүмкіндігі болжанды. 1940 жыл ішінде мыс зерттеумен бірге Қарсақбай және Найзатастағы темір рудалар тексерілді. Бұлар – Жезқазған мен Қарсақбай комбинаттарының флюс базалары.

Онымен бірге Қияқты және Байқоңыр көмір запастары зерттелді және де Жезқазған комбинатының Кеңгір бойындағы салынатын жерлеріне нақтылы геологиялық пландау жұмыстары жүргізілді.

1940 жылғы зерттеу нәтижесінде: аудандағы темір мен көмір запастарының мол екендігін дәлелдейді.

Темір зерттеу жұмыстарын басқарған инженер Вогданчиков, көмір зерттеу жұмыстарын басқарған Пастухов, Кеңгір бойындағы зерттеу жұмыстарын басқарған инженер-геолог Левин жолдастар болды.

1940 жыл Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын қарқынмен жүргізген жыл болды. 1940 жылы Қарсақбайдан Қазақстанның қара металлургия орнын ашуға СССР үкімет орындары рұқсат беріп отыр.

Кезекті істе Қияқты мәселесін шешу ісі тұр. Жезқазған тау-кен зерттеушілерінің көптеген жылдар бойы көксеп талаптанған мақсаттары өз нәтижелерін бере бастады. Сөйтіп Жезқазған ауданы СССР және Қазақстанда ірі өндірістік орталықтың біріне айналуға.

Өткен жылды қуанышты, табысты етіп өткізумен қатар Жезқазған кен зерттеушілер коллективі 1941 жылдың өндірістік жаңа міндеттерін нәтижелі етіп орындап шығуға даяр. БК(б)П-ның XVIII конференциясына жаңа сыйлықтармен барады.

ЖЕЗҚАЗҒАН БАРЛАУШЫЛАРЫ

Түсті металлургия халық комиссариатының Жезқазған геология барлау конторы жұмысты бірқалыпты істей отырып, өзінің өндірістік программасын жылдан-жылға артығымен орындап келеді. Атап айтқанда, 1940 жылдың планы барлық жағынан 112,5 процент, оның ішінде колонкалық бұрғылау планы 120,6 процент орындалды. Барлық жұмыстың жылдық орта бағасы пландағыдан 14,7 процент арзандатылды.

Бұрынғы жылдардағы сияқты, 1940 жылғы геология барлау жұмыстарының нәтижесі де ойдағыдай болды, соның арқасында кен запасы арта түсті. Мынадай мысалдар келтіруге болады: Жезқазған кенінде 1940 жылы табылған мыстың запасы бұған дейін табылған барлық запастың 25,5 процентіне жетті. Егер Жезқазғанда бұдан бұрын табылған мыс запасы орасан көп болғандықтан, мұндағы мыс запасы бүкіл Союздағы мыс запасының 25 процентіне жеткендігін еске алатын болсақ, онда Жезқазған барлаушыларының 1940 жылы жүргізген жұмысының өте көлемді екендігін көреміз.

Жезқазған барлаушылары социалистік жарыста алған міндеттемелерін абыроймен орындау жолында күресе отырып, бұрғылау жөніндегі 1940 жылдың планын Қазақ республикасының XX жылдық мерекесіне дейін, ал бүкіл барлау жұмысының жылдық планын Сталиндік Конституция күніне дейін орындап шықты. Табысқа жетудің ең негізгі шарты – барлаушылар коллективінің ұйымшылдығы, еңбек дисциплинасының беріктігі, жұмысшылардың бір орында тұрақтап істеуі болды. Мәселен, инженер-техник қызметкерлердің арасында 20 адам барлау жұмысында 10 жылдан артық уақыт істейді. Ал 35 адамның істегеніне 5 жылдан артық уақыт болды. Сменалық бұрғы мастерлерінің 90 проценті жергілікті жердің өзінде даярланған, Жезқазғанда 5-10 жылдан бері істейтін қазақ кадрлары. Олар өз істерінің мамандары.

Барлаушылар коллективінің табысқа жетуінің тағы бір мәнісі және оның бір өзгешелігі сол, коллектив мүшелері ескі әдістерді қолданып қана отырмайды, керісінше, геология-барлау жұмысының техникасын жақсарту және рационализациялау жөніндегі барлық жаңалықтарды іліп алып, өз жұмысында толық қолданып отырады.

1936 жылдың аяғында «Жер қойнауын барлау» деген журналда Донбастағы геологиялық барлау партияларының бірінде қолданылған кенді ірі зарядтармен бұрғылау әдісі жөнінде кішкене хабар басылды. Жезқазған барлаушылары 1937 жылдың басында осы әдісті өздерінде тұңғыш рет қолданып, тәжірибе жұмыстарына кірісті. Бұрғылаудағы старший мастер, коммунист Есілбай Бекенесов жолдастың, Жезқазған бұрғылау партиясының бастығы және техникалық жетекшісі А.Д.Никитиннің техникалық басшылығымен жүргізілген тәжірибе жұмыстары 1937 жылдың бірінші тоқсанының аяғында жақсы нәтижелер берді, бұрғылау жұмысының өнімділігін ескі нормалардан 25

процент арттыруға мүмкіндік тудырды. Бұл әдіс Жезқазғандағы барлық бұрғылау станоктарында қолданылатын болды.

Двигательдер үшін бетоннан жасалған, бір жерден екінші жерге көшіріп жүруге болатын фундаменттерді қолдану, бұрғылау вышкаларының конструкциясын оңайлату, Жезқазған кендерін бұрғылау жұмыстарын бұлжымайтын категорияға бөлу, оларды нормалау ісін дифференциялау, осылар сияқты басқа да толып жатқан рационализациялық шараларды іске асыру геология-барлау ісінде жұмыс уақытын барынша толық және жақсы пайдалануға бірден-бір жол ашты.

Әрбір жұмысшының жұмыс нормасын жақсы білуі, оны ойдағыдай орындауы, еңбекке үстемелі (сдельный) ақы төлеу системасының қолданылуы, өндірістік тәртіптің берік болуы, жұмыста технологиялық процестің берік сақталуы, сонымен қатар бұрғышылар арасында социалистік жарыстың кеңінен өрістетілуі – осының бәрі геология-барлау жұмыстарында еңбек өнімділігінің жоғары болуына, планды тапсырмалардың толық және артығымен орындалуына тікелей мүмкіндік беріп келеді.

Жезқазған геология-барлау конторының жұмысындағы тағы бір өзгешелік сол, мұнда жер астындағы кендердің барлығы комплексті әдіспен зерттеледі. Дүниежүзілік маңызы бар мыс рудаларының запастарымен қатар, Жезқазған барлаушыларының күшімен темір, марганец рудаларының, көмірдің, құрылыс материалдарының ірі запастары табылды. Бұған Қарсақпай темір рудасы, Қияқты көмірі сияқты болашағы зор ірі кендер кіреді.

Түсті металлургия Халық Комиссариатының геология-барлау конторларының 1940 жылғы Бүкілсоюздық социалистік жарысында Жезқазған конторы озып шықты. Халық комиссариатының геология жөніндегі Жоғарғы басқармасының жюриі Халық Комиссариаты мен түсті металдар профсоюзының Орталық Комитетінің ауыспалы қызыл туын берді. Бұл ту 1941 жылы да біздің қолымызда қалып отыр.

СССР Түсті металлургия Халық Комиссары Ломако жолдас өзінің осы жылғы 13 марттағы құттықтау телеграммасында былай деп жазды: «Жезқазған геологтарының коллективі Жезқазғанның кенге бай қойнауын комплексті жолмен зерттеу жөнінде бұдан былай да шын ықыласпен көп жұмыстар істейді және еңбектің стахановтық әдістерін кеңінен қолдану негізінде 1941 жылы жаңа табыстарға жетеді, өндіріс жолымен пайдаланылатын металдардың запасын арттырады, сөйтіп Ұлы Отанымыздың қорғампаздық күш-қуатын нығайту ісіне жаңа үлес қосады деп сенемін».

Халық Комиссарының шақыруын Жезқазған барлаушылары асқан жігермен қарсы алды. Олар жеңіп алған туын зор абыроймен берік ұстау жолында, кеннің жаңа байлықтарын табу жолында күресіп жатыр.

1940 жыл Жезқазған геологтары үшін еңбек өнімділігінің рекордтық көрсеткіштеріне жету және зерттелген жердің кен запасын арттыру

сияқты табыстармен қатар, олардың еңбегімен өндірілген продукцияны іс жүзіне асырудың тарихи жылы болды. Бұлай дейтініміз, дүниежүзіндегі ең күрделі мыс комбинаттарының бірі – Үлкен Жезқазған мыс қорыту комбинатының құрылысын салу жөніндегі жұмыстар 1940 жылы тұңғыш рет кеңінен жүргізіле бастады. Ең соңында, Қияқтының ірі көмір кенін өндіріс жолымен игеру жұмысы және оның мерзімі 1940 жылы ғана белгіленіп отыр. Сөйтіп, Жезқазған геологтарының республикамыздың өте артта қалған өлкесі – Орталық Қазақстанды кеңінен индустрияландыру үшін мықты шикізат базасын жасау жөнінде көп жылдар бойына жүргізген қажырлы еңбегі 1940 жылдан бастап өзінің алғашқы жемістерін бере бастады.

Жезқазған барлаушыларының коллективі жеткен табысқа мастанбайды, тоқмейілсімейді. Олардың алдында әлі де зор міндеттер тұр. Бұл міндет – Орталық Қазақстанның батыс аудандарында осы уақытқа дейін зерттелмей жатқан бай кендердің составын барлық жағынан зерттеп, оның запасын анықтау жөнінде көп жұмыстар істеу болады. БК(б)П XVIII съезі мен XVIII конференциясының тарихи қаруларымен қаруланған Жезқазғанның партияда бар және партияда жоқ барлаушылары бұл міндетті де абыроймен орындап шығады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРАТЫЛЫС БАЙЛЫҚТАРЫН ОТАН ҚОРҒАУ ІСІНЕ ЖҰМЫЛДЫРАЙЫҚ

Мұзды мұхиттан басталып, Қара теңізге дейін созылған майданда біздің айбынды Қызыл Армия жаудың жанталасқан шабуылдарына асқан батырлықпен күшті соққы беріп жатыр. Тылда – еңбек майданында, бүкіл совет халқы Сталиндік вахтаға тұрып, еліміздің барлық күшін, резервін отан қорғау ісіне жұмылдырып отыр.

Отан соғысының қажетін өтеуде республикамыздың, әсіресе, түсті металл өнеркәсібіне өте жауапты және зор міндеттер жүктелді. Өйткені, Қазақстан еліміздің түсті металды республикасының бірі. Қазақстанда Шымкент, Лениногорск қорғасын заводтары, Балқаш, Ертіс, Қарсақпай мыс заводтары сияқты жаңадан салынған ірі заводтар, Жезқазған, Қоңырат, Ащысай, Лениногорск, Зырян, Белоус сияқты запасы мол рудниктер істейді. Бұлармен бірге сталиндік бесжылдықтардың ішінде республикамызда олово, молибден, вольфрам, сурьма сияқты сирек кездесетін металдарды өндіру ісі де жолға қойылды.

Қазақстанның түсті металл жөніндегі мүмкіншілігі, резерві шексіз мол. Ол резервтер, ең алдымен, біздің рудниктерімізде шығарылып жатқан руданың сапасына байланысты. Жезқазған руднигі берген рудасының сапасын бір процентке ғана арттыратын болса, немесе Қоңырат руднигі 0,2 процентке ғана арттыратын болса Балқаш, Қарсақпай мыс заводтарының өнімділігі 25 процентке артқан болады. Қазір біздің кеншілеріміз, кен барлаушыларымыз, ең алдымен, бай руданы пайдалануға назар салуы керек.

Республикамыздың барлық рудниктерінде де руданы қазу жұмысын үздік арттырарлық мүмкіндіктер бар. Бұл мүмкіндіктер тау-кен шаруашылығын тәртіптеуге, Семиволос-Янкиннің кен бұрғымен көп забойды бұрғылау әдісін, республикамыздың Сафин жолдас сияқты белгілі бұрғышыларының терең бұрғылау әдісін кең қолдануға байланысты.

Біздің металлургия заводтарымызда, байыту фабрикаларымызда да толық пайдаланылмай келе жатқан резервтер мен мүмкіндіктер көп. Бұларда технологиялық процесті оңдап, ысырапты тек бір процент кемітудің есесінен ғана елімізге қосымша жүздеген тонна металл беруге болады. Республикамыздың ірі, алып заводтарының жұмысын үздік оңдап, өнімділігін арттыра түсумен бірге, қолөнершілер кооперациясы мен жергілікті өнеркәсібі тарапынан түсті металдарды өндіретін ұсақ кәсіпорындарын ашу ісін мейлінше кең өрістетуіміз керек. Мұндай кәсіпорындарына негіз боларлық кендер республикамыздың көп жерінде бар. Әсіресе, Орталық Қазақстанда, Алтайда, Оңтүстік Қазақстанда көп.

Ұсақ кәсіпорындарын ұйымдастыру жұмысы оңай бола қоймағанымен, толық мүмкіндік бар айқын міндет болып саналады. Бұдан мыңдаған жылдар бұрын ата-бабаларымыздың қорғасынды, мысты жабайы әдістермен қорытып алып жүргендігі белгілі ғой. Ал қазіргі техника

дәрежесінің, металлургия әдістерінің өскенін ескерсек, бұл міндет аса көп қиыншылықты кездестірмейді. Сөйтіп республикамыздың барлық бай кендерін мейлінше сарқа пайдаланатын болуымыз керек. Қолөнершілер кооперациясы мен жергілікті өнеркәсібінің ұсақ кәсіпорындарын ашу арқылы Атбасар ауданындағы Спасс, Қима сияқты, Баянауыл ауданындағы Баяндықұдық Қожаншат, Жезқазған ауданындағы Қорғасын, Солтүстік Балқаштағы Қызылеспе, Гүлшат, Қарқаралы ауданындағы Берікқара, Күзеуадыр, Саманбет, Алматы ауданындағы Қаскелең, Ұзынсу, Жамбыл ауданындағы Сүлейменсай сияқты кендерді пайдалануға болады. Бұлар сияқты кендер Алтайда әр жерден кездеседі.

Заводтар маңайындағы, жол бойындағы Кеншоқы, Алмалы сияқты кендердің рудасын Шымкент қорғасын зауыдына, Өспен маңындағы рудниктердің рудасын Балқаш мыс зауыдына, Жартас кенінің рудасын Қарсақпай мыс зауыдына, Қаршыға сияқты бай кендердің рудасын Ертіс мыс зауыдына тасымалдау жұмысын ұйымдастыруымыз керек.

Міне, осындай мол жаратылыс байлықтарымызды пайдалану негізінде Қазақстанның түсті металшылары отан соғысының қажетіне түсті металды қанша керек болса, сонша бере алады.

Республикамыздың мұнайшылары мен көміршілеріне жүктелетін міндет те зор. Моторлар соғысы болып отырған қазіргі соғыста мұнайдың маңызы қаншалық екендігі әркімге айқын. Қазақстан мұнайшылары бірде-бір скважинаны, бірде-бір бұрғылау агрегаттарын бос тұрғызбай, мейлінше сарқа пайдалану үшін күресіп жатыр. Бұл күресті бұдан былай да күшейте беру керек. Қазір, ең алдымен, мұнай кендерінің де бай жерлерін пайдалануымыз керек. Мұнайды суға, тағы басқа сондай зиянды заттармен араластырмай, жоғары сапалы етіп беру, ысырапсыз өндіру – мұнайшыларымыздың ең ардақты міндеті.

Еліміздің жағармай жөніндегі резервін молайта түсу мақсатымен республикамыздың автотрактор паркін қатты отын жағуға, қоңыр көмірді жағуға көшіре беру ісін тынбай кең көлемде жүргізе беру керек. Қарағандының, Майқайыңның, Кендірліктің, Байқоңырдың, Қияқтының, Ленгердің, тағы басқа көмір кендеріміздің қоңыр көмірі, сол сияқты Кендірліктегі, Үстірттегі жанатын сланецтер газогенераторлы автотрактор паркінің негізгі отыны болуға тиіс.

Еліміздің негізгі металлургия орталығы болып отырған Орал заводтарының, әсіресе Магнитогорск металлургия комбинатының отын базасы біздің Қарағанды болып саналады. Бұл заводтардың отан соғысының қажетіне болатты, шойынды неғұрлым мол беруі ең алдымен Қарағанды көміршілерінің жұмысына байланысты.

Қазақстан өнеркәсібінің, теміржол транспортының, қалаларының, тағы басқа шаруашылық салаларының отын жөніндегі барлық қажетін жергілікті отын есебінен толық өтеуге болады. Республикамыздың бұл жөніндегі мүмкіншілігі ересен мол. Көмір кендері барлық облыстарымызда бар. Жергілікті көмірді, торфты ағаш отындарды молайта

өндіру жұмысын мейлінше кең өрістетуіміз керек. Жезқазған, Байқоңыр, Қарағанды сияқты көмір қабаттары көп жерлерде көмір брикеттерін жасау жұмысын ұйымдастыру керек. Бершүгір, Ленгер, Шоқпақ, Келтемашат, Кендірлік кендерін күшті қарқынмен дамыта беру керек. Солардың арқасында Түрксиб және Орынбор теміржолдары алыстан тасымалданатын отынды мүлде пайдаланбайтын болу керек. Кенді Алтайды, Батыс және Оңтүстік Қазақстанды жергілікті отынмен толық қамтамасыз етуіміз міндет. Бұлар жөніндегі жауапты және құрметті міндет Қазақстан қолөнершілері мен жергілікті өнеркәсібі жұмысшы, қызметшілерінің армиясына жүктеледі.

Цементтің, үй төбесіне жабылатын қаңылтыр темірдің көпшілігін Қазақстан осы күнге дейін басқа республикалардан алып келді. Міне, бұлар жөніндегі қажетімізді өтеу жолында да көп жұмыстар істелуге тиіс. Республикамыздың қолөнершілері цементтің орнына жүретін материалдарды өндіру жөнінде тамаша инициатива көрсетіп отыр. Осы сияқты түсті металлургия заводтарымыздың, электр станцияларымыздың қалдық шлактарын пайдалану жөніндегі бастаманы мықтап қолдау керек. Республикамыздың көп жерінде бар утасты өндіруді күшейту керек. Үйдің төбесіне жабылатын қаңылтыр темірдің орнына черепицаны кең түрде қолдану керек. Бұларды өндіруге қажет шикізаттар (утас, сланец, доломит, тағы басқалары) республикамызда әбден көп. Бұлар табылмаған облыстарда барлау жұмыстары ұйымдастырылуға тиіс.

Қазақстан шыны, сұйық шыны, отқа күймейтін кірпіш, сода, минералды бояу өндіруге керекті шикізаттарға әбден бай. Міне, бұларды көбірек ашып, тез қажетке жарату ісіне көмектесу республикамыздың ғылыми-техника қызметкерлерінің ардақты борышы болып саналады.

Қазақстанның ұлан-байтақ жері әр алуан жан-жануарға, өсімдікке де әбден бай. ССРС Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының ботаника секторының коллективі осы күнге дейін 3 мыңнан астам өсімдіктерді жинап, зерттейді. Қазір коллектив профессор Павлов жолдас-тың басшылығымен республикамыздың жабайы және мәдениетті бояу өсімдіктерін, кермектерді, таусағыз өсімдіктерін, май өсімдіктерін, улы өсімдіктерді, тағы басқа өсімдіктерді анықтау, оларды өңдеу жолдарын зерттеп жатыр.

Республикамыздың бай мал шаруашылығының продуктылығын арттыра беру, тұқымын асылдандыра беру, санын көбейте беру, оларды түрлі індеттен аман сақтау жолында аянбай қызмет ету – сталиндік вахтаға тұрған зоологтар мен зоотехниктердің айбынды міндеті.

Оқымыстыларымыз, ғылыми-техника қызметкерлеріміз республикамыздың байлығын арттырып, отан қорғау, күш, қуатын нығайта беру жолында бұдан былай да аянбай қызмет етеді.

РУДА БАЙЛЫҚТАРЫ ОТАН ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

Қазақстан жері кенге бай. СССР Ғылымдары академиясының Қазақстандық филиалының менің басқаруымдағы геология институтының ондаған экспедициялары жаңа кендер тауып, оны аз уақыттың ішінде-ақ отан қорғау ісіне пайдалану үшін зерттеуде.

1942 жыл Қазақстан геологтары біз жұмысымыздың қорытындыларын шығаруда қанағаттанатындай іс істегенімізді көріп отырмыз.

Болаттың қандай түрін болса да жасап шығару үшін марганец керек екені айқын. Марганец рудалары жаратылыста өте сирек кездеседі. Соғысқа дейін Советтер Союзының қара металлургиясы марганецті Никопольский бассейнінің рудаларынан алып келді. Гитлершілдер Украинаның бірсыпыра облыстарын уақытша оккупациялағаннан кейін, металлургиялық заводтарымыздың жұмыстарына елеулі қауіп туды. Міне, осы сынды кезде Қазақстан марганеці табылды. Марганец шығатын жерді зерттеп тапқан және оны меңгеруге көмектескен біздің геологтар болды. Қазақстанның байтақ даласының түкпірлерінің бірінде соғыстағыша қарқынмен аса ірі марганец руднигі салынды. Қазір рудник Магнитогорскийге және басқа көптеген металлургия заводтарына мыңдаған тонна аса бағалы рудалар беріп, оларды марганец жөніндегі керегімен толық қамтамасыз етіп отыр.

Біз 1942 жылы сынап, кобальт-қалайы, қорғасын, мыс және марганец рудаларының ондаған аса бай кен шығатын орындарын зерттеп тауып, оларды меңгеруге өнеркәсіп орындарына бердік. Біздің тапқан темір рудалары шығатын кендер үлкен металлургия заводтарын бұл жөніндегі керегімен қамтамасыз ете алады. Қазір Қазақстанда осы сияқты заводтар салу ісі қолға алынып отыр. Қазақстанда алдағы уақыттарда металлургия комбинаты да болмақ.

Біз жақында Қазақстанда темір және марганец рудалары шығатын жерлердің толық геологиялық-экономикалық мәліметін жасадық. Бұл жақын жылдар ішіндегі геологиялық зерттеу жұмысын пландауға негіз болмақ.

Түрксиб ауданындағы кондициялы көмір шығатын орындарды зерттеу жұмысы да табыспен аяқталды. Батыс Қазақстанда үлкен қоңыр көмір бассейні бар екені анықталды. Бұл теміржол транспортының жұмысын жеңілдетеді, мұнайдың едәуірін отан керегіне жұмсауға мүмкіншілік береді.

1942 жылы Қазақстан геологтарының белсенді көмегінің арқасында бірнеше жаңа рудниктер пайдалануға берілді. Қазір Қазақстаннан табылған сирек кездесетін металдарды совет танктерінің, артиллерия зеңбіректері, пулеметтер, винтовкалар стволдарының, кемелердің, самолеттердің қайсысынан болса да кездестіруге болады. Ержүрек жауынгерлерімізге арнап, гитлершілерді жою үшін шығарылып жатқан оқтардың әрбір он оғының тоғызы Қазақстан қорғасынынан жасалған. Бұл жөнінде де геологтарымыздың еңбегі аз емес.

Жергілікті құрылыс материалдары, минералдық отын жатқан жерлерді зерттеп табу ісіне де көбірек көңіл бөлгелі отырмыз. Солтүстік Қазақстанның шым тезекке бай екені белгілі. Оңтүстік облыстарынан қоңыр көмір, республикамыздың батыс облыстарынан жанатын сланец табылып отыр. Бұл байлықтарды тезірек меңгерудің соғыс күндерінде ерекше маңызы бар.

Қазақстанның су байлықтарын зерттеу де планымызға енгізіліп отыр. 1942 жылы Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның 150-ден аса тау өзендерінің су күшін зерттедік, бұл жұмысты 1943 жылы жүргізе бермекпіз.

Қазақ геологтарының көптеген жылдар бойы жүргізген барлық зерттеу жұмыстарын негізге ала отырып, геология институты қорғасын, ванадий рудалары, қоңыр көмір, аса көп фосфориттері бар Орталық Қазақстанның, Қаратау ауданының пайдалы кен орындарының структуралық-тектоникалық картасын жасайды.

1943 жылы халықтың аса зор сенімін ақтау үшін, барлық күшімізді жұмсаймыз. Қазақстанның ежелгі далалары мен тауларында жаңа руда байлықтарын тауып, оны өнеркәсібіміздің тез арада меңгеруіне көмектесеміз.

ҮЛКЕН АЛТАЙДЫҢ ЖАРАТЫЛЫС БАЙЛЫҚТАРЫ

Қазақ ССР Шығыс Қазақстан облысын, Семей облысының бір бөлігін Алтай өлкесін қамтитын 200 мың шаршы километрдей ұлан-байтақ жер кен зерттеу жұмыстары күшейтіле келе, ондағы түсті металдар және сирек кездесетін металдар кені меңгеріле келе, екінші бесжылдықтың ішінде «Үлкен Алтай» деп аталды.

Экономикалық-географиялық жағдайы жағынан, Үлкен Алтайдың мынадай екі түрлі ерекшеліктері бар: а) толып жатқан таулық өзендер құятын Ертістің жоғарғы жағының мол суы осы Үлкен Алтай бассейніне жиналады. Су қуаты жағынан, бұл бассейннің бүкіл одақтық және дүниежүзілік маңызы бар; б) совет өкіметі тұсында кен зерттеу жұмыстарының кең өрістетілуі арқасында Үлкен Алтай асыл түсті металдардың және сирек кездесетін металдардың дүниежүзілік мол қоры бар аудан болып қалыптасты. Бұл екі түрлі өзгешелік сипаты Үлкен Алтайдың экономикалық-географиялық жағынан дербес аудан болып бөлуіне толық негіз бола алады.

Алтай өлкесіне орыстар 18 ғасырдың басында келе бастады. 1720 жылы Өскемен қаласы салынды. 1747 жылы императрица Елизаветаның указы бойынша Колыван–Воскресенск кен заводтары округі құрылды. 1759 жылы Уба өзені бойында бекіністер табылды. Патша үкіметі ескі діндегілер мен жер аударылғандарды ықтиярсыз зорлықпен осы бекіністер төңірегінде қоныстануға жіберді.

1786 жылы Риддер (қазіргі Лениногор) салынды. 1791 жылы Герасим Зырянов полиметалл кенін тапты. Бұл жерге Зыяновскі салынды. 1881 жылы Колыван – Воскресенскі заводтары округі Алтай кен округі деп аталды. Қазіргі Үлкен Алтайдың едәуір жері осы округке қарайтын. 1906 жылы Алтай округінің егін егуге жарамды жерлері Переселен басқармасының қарамағына берілді.

Қазір Үлкен Алтайда, Семей облысының оған қараған бір бөлігі, Алтай өлкесін қосқанда, 800 мыңдай халық бар. Үлкен Алтайдың таулық ауа жағдайы адамның денсаулығына жақсы. Үлкен Алтайға қараған Шығыс Қазақстан облысының өзінде ғана егіске жарамды 2,8 миллион гектардан аса жер бар. Оның ішінде: сусыз егістік жер 37,7 процент, суармалы жер 32,7 процент, таулық қара топырақтық жер 20 процент, ойпаттағы тасқын су келетін қара топырақты жер 10 процент. Үлкен Алтай өңірінде 5 миллион гектардан аса шабындық, жайылымдық жерлер бар. 1928 жылдың өзінде ғана Шығыс Қазақстан облысына қараған жайылымдарда 2 миллионнан аса мал бағылды.

Алтайдың өсімдік қоры орасан мол және сан алуан. Алтайда, ең алдымен, орман көп, сол сияқты иісті майлар, әртүрлі бояу, смола, дәрі-дәрмек, витамин, май, бал шығатын және басқа сондай пайдалы өсімдіктер мол. Үлкен Алтайға қараған Шығыс Қазақстан облысының өзінде ғана өсіп жетілген ағаш запасы 64 миллион текше метр болып есептеледі.

Шығыс Қазақстан облысының өзінде ғана орман қорына зиян келтірместен, жылма-жыл 1,7 миллион текше метр ағашты пайдалануға болады. Қазіргі уақытта мұның іс жүзінде үштен бірі ғана пайдаланылады. Ормандарды дұрыстап пайдаланса, Үлкен Алтай тек өзінің ғана емес, Қазақстанның Оңтүстік облыстарының да қажетін өтеп отырады.

Үлкен Алтайда неше түрлі айуанаттар көп. Терісі бағалы аңдардың 50-ден аса түрі, оның ішінде тыйын, түлкі, ақ тышқан, бұлғын, қамшат, аю сияқты бағалы аңдар бар. Ондатра, сусар сияқты бағалы аңдарды қолдан өсіріп, аң байлығын молайтуға Алтайдың жаратылыс жағдайы өте қолайлы. Бұрын Алтайда марал өсіріліп келген, бірақ қазіргі уақытта бұл шаруашылық ойдағыдай жолға қойылмай келеді. Үлкен Алтайдың Зайсан көлінде, Ертіс өзенінде және басқа өзендері мен көлдерінде неше түрлі балық байлығы мол. Балықтың бағалы тұқымдарын өсіру жолымен, Зайсан көлінде балық байлығы әлде қайда көбейту мүмкіндігі анықталды. Бұлардан басқа Үлкен Алтайдың өзендерінде пайдалы құстар көп, сол сияқты мұнда мол өнімді бал шаруашылығы күшті.

Үлкен Алтайдың жер, өсімдік, айуанат байлығы, қысқаша айтқанда, осындай. Мұның өзі Үлкен Алтай ел қоныстануға өте қолайлы қоныс екенін көрсетеді. Бірақ Үлкен Алтайдың негізгі байлығы онда емес. Оның негізгі байлығы, ең алдымен, таудан ағатын толып жатқан өзендерінде, су қуатында.

Үлкен Алтайдың су қуаты қоры тек совет үкіметі тұсында ғана тәртіппен зерттеле бастады. Қазір Үлкен Алтайдың тек 35 үлкен өзеніндегі су қуаты қоры 8 миллион киловатт болып есептеледі, оның 40 проценті Ертіс өзенінің өзінде, 57 проценті оған ең жақын құятын өзендерде. Ал бұлардан басқа ұсақ өзендердің, жылғалардың жылма-жылғы су қуаты қоры кемінде 5 миллион киловатт болып есептеледі. Сонда Қазақстанның барлық су қуаты қорының жартыдан артығы Үлкен Алтайда болып шығады. Үлкен Алтайдың қазіргі зерттелген су қорының өзі мұнда барлығы 4 миллион киловаттық 70-тен аса су электр станцияларын салуға мүмкіншілік береді. Үлкен Алтай өзендерінде де киловатт-сағат электр қуаты ССР Одағының қай жеріндегіден болса да арзанға түседі. Үлкен Алтайдағы мұндай орасан көп және арзанға түсетін су электр қуатын пайдалану бұл өлкеде түсті металлургияны мейлінше күшті қарқынмен өркендетуді қамтамасыз етіп, Үлкен Алтайды ССР Одағындағы электр қуатын көп керек қылатын өндірістердің, оның ішінде алюминий, магний, азот, кислород, водород, тыңайтқыш, аммиак, жасанды каучук өндірістерінің күрделі ауданына айналдыруға мүмкіншілік туғызады.

Үлкен Алтай Советтер Одағындағы түсті металдар, асыл металдар кенінің сарқылмас қоры болып есептеледі. Тіпті арғы заманда, мыс-қола дәуірінде Алтайда кен шығарылғаны мәлім болды. Бұрын кен шығарылған ескі шахталар, қоладан жасалған әртүрлі саймандар табылды. Ал біздің заманымызда Алтайдың кен байлығы XVIII ғасырдың бас кезінде зерттеліп, пайдаланыла бастады. Алғаш рет ұлы Петрдің бұйрығы

бойынша 1715-1718 жылдарда Қазақстан мен Алтайға Бухгольцтің, Ураковтың, Соколовтың басшылығымен экспедициялар жіберілді. XVIII ғасырда Алтай мен Қалбаны зерттеушілердің ішінде Гмелинді, Георгты, Палласты, Гольмерсенді, Чихашевті, Чурковскийді атап көрсетуге болады. Алтайда құрылған алтын-күміс рудниктерін басқарған инженерлер ол кезде көптеген ғылыми материал жинады. XIX ғасырдың зерттеушілері ішінде Радловты, Потанинді, Ядринцевті, Иностранцевті, Петцті, ал XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің ішінде Сапожниковты, Обручевті, Пилицевконы, Седельниковты және басқаларын атап көрсетуге болады.

Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімі, әсіресе оның Семей және Алтай бөлімшелері Алтайды зерттеуге көп еңбек сіңірді.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін Алтайды зерттеу онан сайын кең өрістетілді. Бұған толып жатқан ұйымдар: кен зерттеу, су зерттеу, су шаруашылығын зерттеу және басқа сондай ұйымдар қатысты. Алтай туралы ғылыми әдебиет және Алтайды зерттеушілер үздіксіз көбейе берді. Совет тұсында Алтайды зерттеушілердің ішінде Катувскийді, Нехорошевы, Григорьевты, Буровты, Духовскийді, Ягодкинді, Елисеевті және басқаларын атап көрсету қажет. Оның ішінде Нехорошев жақында Үлкен Алтайдың кенін зерттеу жұмыстарының нәтижесін қорытып, кен құрылысының М 1:500000 картасына түсірді. Үлкен Алтайды зерттеу жөнінде орасан көп жұмыс істеле тұрса да, Алтай кенінің зерттелуі әлі де жеткіліксіз.

Үлкен Алтайдың жалпы кен байлығын зерттеумен бірге совет үкіметі тұсында түсті металдар және сирек кездесетін металдар шығатын негізгі кен ошақтарындағы кен қорын молайту, оған өнеркәсіп тұрғысынан баға беру жұмыстары күшті қарқынмен жүргізіліп келді. Қазіргі уақытта Алтай мен Қалбаның кен ошақтарында Менделеев системасындағы барлық элементтердің кемінде үштен екісі бар екені анықталды. Оның ішінде қорғасын, мырыш, алтын, күміс, кадмий, күкірт, литий, цезий сияқты сирек кездесетін бағалы металдар бар. Совет білімпаздарының еңбегі арқасында Үлкен Алтайды түсті металдардың, асыл металдардың, сирек кездесетін металдардың кең қоры барған сайын молаюда.

Қазіргі зерттеудің өзінде-ақ, ССР Одағындағы географиялық барлық қорғасын қорының 43,7 проценті, барлық өнеркәсіптік қорғасын қорының 53 проценті Үлкен Алтайда болып отыр. ССР Одағындағы барлық категориядағы мырыш запасының 42,4 проценті өнеркәсіптің зерттелген мырыш запасының 43,8 проценті, Советтер Одағындағы барлық геологиялық күміс қорының 44,6 проценті, өнеркәсіп үшін зерттеген күміс қорының 58,8 сегіз проценті, кадмий қорының 67 проценті Үлкен Алтайда. Есепке алынған жалпы алтын қоры жағынан Қазақстан Советтер Одағында бірінші қатардан орын алады, бұл алтын қорының 80 проценті шамасы Үлкен Алтай өңірінде. Литий, цезий қоры жағынан Алтай Советтер Одағында бірінші орын, ал, күкірт қоры жағынан алдыңғы қатардан орын алады.

Қорғасын, мырыш, алтын, күміс кадмий қоры жағынан Үлкен Алтай Советтер Одағында бірінші орын алып отыр, мыс қоры жағынан Оралмен тепе-тең түседі. Үлкен Алтайдың қорғасын қоры Еуропаның, Канаданың, Азия мен Африканың қорғасын қорынан әлде қайда көп. Алтай полиметалл рудасының ерекше және аса маңызды бір өзгешелігі: мұнда мырыш, қорғасын, мыс, алтын, күміс, кадмий, сүрме, мышьяк, темір, күкірт, молибден, висмут, индий және басқа сирек кездесетін металдар ұштасып отырады. Бұл жағынан алғанда Үлкен Алтайдың дүниежүзінде теңдесі жоқ.

Алтайдың полиметалл рудасында алтынның көп болуымен бірге, Алтайда бірыңғай алтын шығатын бірсыпыра рудниктер бар. Негізгі полиметалл рудаларындағы сирек кездесетін металдардан тыс Үлкен Алтайда қалайы, вольфрам, молибден, литий, цезий сияқты сирек кездесетін металдар шығаратын жеке кен ошақтары көп. Бұл металдардың кейбіреулері жөнінде Алтай ССР Одағының негізгі ауданы болып есептеледі.

Үлкен Алтай өңірінде жиырмадан аса жерде көмір, жанар сланец шығады. Мұның ішіндегі ең маңыздысы – Үлкен Алтайдың оңтүстік жағындағы, Зайсан қаласынан 70 километр жердегі Кендрлік көмір және жанар сланец кен ошағы. Бұл жерде 22 қабат қоңыр көмір, 9 қабат тас көмір, екі қабат жанар сланец кені бар. Бұл жанар сланец пен бензин, лигройын сияқты майлар көп шығады. Кендрліктегі көмір және жанар сланец қоры миллиардтаған тонна болып есептеледі.

Үлкен Алтайда әралуан химиялық шикі заттар қоры да мол. Металлургия заводтарынан орасан көп күкірт газдары шығып жатады. Оның үстіне Алтай полиметалл рудаларында орасан көп күкірттік кольчедан қоры бар. Бұл қорларды пайдалану арқасында Үлкен Алтайда күкірт кислотасын шығаратын күшті өндіріс орнатуға болады. Кендрліктің жанар сланец және қоңыр көмірі негізінде, Кендрліктен басқа кен ошақтары негізінде сұйық отын шығаратын, аммиак және химия өнеркәсібінің басқа өнімдерін шығаратын күшті өндіріс орнатуға толық мүмкіншілік бар. Алтаймен іргелес Құлынды көлдерінде орасан мол тұз қоры бар. Үлкен Алтайдың су қуаты қорын пайдалана отырып, бұл тұз қоры негізінде негізгі химия өнеркәсібін күшейтуге кең өріс ашылады.

Үлкен Алтайда темір рудасы да аз емес. Ал, құрылыс материалдардың қоры – цемент жасайтын шикі зат, құмыра және кірпіш жасауға керекті саз, известняк, құм, төбе жабатын сланец және басқалары тіпті көп. Мұның бәрі құрылыс материалдары өнеркәсібін күшейтуге зор мүмкіншілік туғызады.

Алтайдың неше алуан жаратылыс байлықтарының қысқаша тізімі осындай. Оның ішінде су электр қуаты, түсті металдар, асыл және сирек кездесетін металдар бірінші орын алады. Бірақ, осы жаратылыс байлықтары Ұлы Октябрь революциясына дейін өте өз пайдаланылып келді. XVIII ғасырдың бас кезінен бастап Октябрь революциясына дейін Үлкен

Алтайда небәрі 10 миллион тонна руда шығарылған. Бұл рудадан 150 мың тонна қорғасын, 31 мың тонна мыс, 2650 тонна күміс, 3 тоннадай алтын айырылған. Алтайдың орасан мол минерал қорын халық шаруашылығы үшін кеңінен пайдалануға тек Октябрь революциясынан кейін кірісілді. Совет үкіметі тұсында Үлкен Алтайдың негізгі орталықтары теміржол арқылы Советтер Одағының негізгі теміржолдарымен жалғастырылды. Қазірдің өзінде орасан көп қорғасын, мырыш, кадмий, алтын, күміс, мыс және басқа сондай металдар беріп жатқан үлкен рудниктер, фабрикалар, заводтар салынды. Үлкен Алтайдың су қорын кеңінен пайдалануға негіз қалаған бірсыпыра электростанциялары салынып іске қосылды.

Сталиндік жаңа бесжылдық жоспар және ұлы жоспар бойынша Үлкен Алтай ауданын онан сайын индустрияландыруға кең өріс ашылып отыр. Жобаланған түсті металлургия орындары салынғанының өзінде Үлкен Алтайда 1955 жылы қорғасын 1913 жылғы бүкіл Ресейдегіден 46 есе көп, мырыш 30 есе көп, мыс 20 есе көп қорытылатын болады. Қазіргі бағамен есептегенде, Алтайдың полиметалл кәсіп орындары елімізге жылма-жыл кемінде 893 миллион сомдық өнім беріп отырады. Оның ішінде алтын мен мырыштың әрқайсысы 29 процент, мыс 18,3 процент, қорғасын 13,5 процент орын алады.

1955 жылы Алтайда қорғасын өнімі 1941 жылы АҚШ-тың атақты үш штатында, Испания және Италия сияқты елдерде шығарылған қорғасын өнімнен екі есе дерлік, 1938 жылы Францияда шығарылған қорғасыннан 1,7 есе асып түседі. Алтайда мырыш өнімі АҚШ-тағыдан артып, Канаданың 1940 жылғы өніміне теңеледі. Өзінің техникалық-экономикалық дәрежесі жағынан Алтай кәсіпорындары дүниежүзінің алдыңғы қатарлы және ең үлкен кәсіп орындарымен бара-бар болады. Мұнымен бірге Үлкен Алтай қорғасын, мырыш сияқты стратегиялық аса маңызды металдар жөнінде елімізді басқа елдерге тәуелді болудан құтқару ісінде ең көрнекті орын алады.

Сталин жолдас 1946 жылғы 9 февральдағы тарихи сөзінде таяудағы үш бесжылдықтың ішінде капиталистік елдерді экономика жөнінде де басып озу міндетін алға қойды. Мұның үшін басқа міндеттермен қатар елімізде шойын өнімін жылына 50 миллион тоннаға жеткізу керек екенін көрсетті. Шойын өнімінің мөлшерімен салыстырғанда, дүниежүзілік экономиканың нешеме жылғы мәліметтері бойынша, қорғасын өнімі 1,6 процент, мырыш өнімі 1,4 процент орын алады. Сонда, ұлы жоспар аяқталар кезде, шойын өнімі жылына 50 миллион тоннаға жеткенде, еліміз өзінің ішкі қорынан жылына 800 мың тонна қорғасын, 700 мың тонна мырыш алатын болу керек. Мұның бірсыпырасы металл сынықтары есебінен өндіріледі. ССР Одағында 1955–1960 жылдарда металл қоры АҚШ-тағыдан кем болғанның өзінде, жалпы металл сынықтары – қорғасын жөнінде 25 процент, мырыш жөнінде 15 процент болуға тиіс. Сонда ұлы жоспардың аяқ шенінде жылына рудадан 600 мың тонна қорғасын, 600 мың тонна мырыш айыру керек болады.

Бұл айтылған мөлшерді негізге ала отырып, Советтер Одағының Түсті металлургиясы елімізге қорғасын, мырыш, мыс өндірісін өркендетудің ұлы жоспарын жасауға қазірден кірісуі керек. Мұның үшін, ең алдымен, түсті металдар шығатын жаңа кен ошақтарын зерттеу, бұған дейін мәлім болған жерлердегі өнеркәсіптік кен қорын молайту жұмыстарын мейлінше өрістетуге керек. Алайда ұлы жоспарды жасағанда, Советтер Одағының жеке рудалы аудандарындағы түсті металдардың қазіргі есепке алынған қорларын негізге алуға болады. ССР Одағында түсті металдар мәселесін шешу ісінде Қазақстан, оның ішінде мыс жөнінде Орталық Қазақстан, қорғасын мен мырыш жөнінде Үлкен Алтай көрнекті орын алады. Ұлы жоспардың аяқ шенінде Үлкен Алтайда 250 мың тонна қорғасын, 280 мың тонна мырыш өндірілуге тиіс. Қорғасын мен мырышты мұндай мөлшерде өндіргенде Үлкен Алтай онымен бірге елімізге көптеген алтын, күміс беріп, ССР Одағының ақша қорын нығайтады.

Үлкен Алтайдың келешегі одан әлдеқайда зор. Мәселен, Лениногордың рудалы алаңында қазір зерттеу жүргізіліп жатқан жер 12 проценттен, Зыряновскиде 11 проценттен аспайды. Олай болса бұл аудандарда өнеркәсіптік кен қорының келешекте 4–5 есе молаюын күтүмізге болады. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымыздай, Алтай рудасы неғұрлым бағалы келеді. Мұның өзі оған жұмсалған қаражаттың неғұрлым жақсы нәтиже беруін қамтамасыз етеді.

Түсті металдар, әсіресе, қорғасын мен мырыш қоры қазіргі уақытта дүниежүзінде қазіргі кәсіп орындарында оншама ұзақ уақыт қамтамасыз етерліктей мол емес. Мәселен, дүниежүзінің қорғасын қоры 83 миллион тонна болып есептеледі, ал, 1943 жылғы дүниежүзінде 1,755 мың тонна қорғасын шығарылды. Егер рудадан көп дегенде 80 процент қорғасын айрылатын болса, сонда 1943 жылғы өнімді негізге алғанда жоғарыда көрсетілген қорғасын қоры 16 жылға жетеді. Дүниежүзінің мырыш қоры қазір 57 миллион тонна болып есептеледі, ал, 1943 жылы 1954 тонна мырыш қорытылды. Рудадан 80 процент айырылғанда, дүниежүзінің мырыш қоры 23,5 жылға жетеді.

Олай болса, ұлы жоспар бойынша ССР Одағында қорғасын және мырыш мәселесін шешу түгелінен дерлік Үлкен Алтайға жүктеледі. Демек, Үлкен Алтайдың халық шаруашылығы жоспарында түсті металдар, әсіресе, қорғасын мен мырыш ерекше орындалуға тиіс. Үлкен Алтайдың халық шаруашылығының басқа салаларының бәрі оның негізгі өндірісі – түсті металлургияны өркендетуге қызмет ететін болу керек.

Осы айтылғандарға сәйкес, Үлкен Алтайдың түсті металлургиясын өркендетудің негізгі міндеттері мынадай болу керек:

Түсті металдардың өнеркәсіптік қорын мейлінше молайту мақсатымен Үлкен Алтайда кен зерттеу, кен іздеу, кенді жерлерді қатарға түсіру жұмыстарының қарқынын мейлінше күшейту керек. Бұл жұмыстарды қай жағынан болса да толық қамтамасыз ету керек. Сөйтіп, бұған дейін

мәлім болған, пайдаланылып жатқан полиметалл кен ошақтарындағы рудалы алаңдардың бәрін өнеркәсіп үшін толық зерттеп қана қоймай, Үлкен Алтайға қараған жердегі түсті металл белгілері бар жүздеген орындарды зерттеп, өнеркәсіп қажеті тұрғысынан баға беру керек. Мұнымен бірге Үлкен Алтайдағы түсті металдар, сирек кездесетін металдар рудасының составын зерттеу, жергілікті құрылыс материалдарының неше алуан түрлерін зерттеу, Үлкен Алтайдағы минерал қорларын, оның ішінде көмір, жанар сланец, қара металл, химиялық заттарды және басқаларын зерттеу жұмыстарын барынша күшейту керек.

Үлкен Алтайдағы полиметалл рудаларын ашудың, пайдаланудың неғұрлым өнімді технологиялық жолдарын белгілеу жөніндегі ғылыми-зерттеу, тәжірибе жұмыстарын барынша күшейту керек, сөйтіп кен жұмыстарының қауіпсіз болуын, кен қорының толық пайдаланылуын, түсер бағасының азайтылуын қамтамасыз ету керек.

Алтай полиметалл рудасын байытудың, балқытудың неғұрлым өнімді жолдарын анықтау, рудадағы пайдалы тектердің бәрін неғұрлым толық айыру жөнінде біздің металлургияға, байытушыларға, химиктерге жауапты және ардақты міндет жүктеледі. Қазір Үлкен Алтайдың фабрикалары мен заводтарында тек қосымша металдар, сирек кездесетін металдар ғана емес, орасан көп негізгі металдар да босқа ысырап болады. Мәселен, рудадағы алтынның 25–50 проценті, қорғасынның 30–40 проценті, мыстың 30–50 проценті байыту фабрикаларының қалдығына, металлургия заводтарының қалдығына кетеді. Рудадағы кадмий, күміс айырылған мөлшеріне қарай есептеледі, қаншама ысырап болғаны анықталмайды, ал рудадағы мышьяктің бәрі желге кетеді. Ал, тек Ертіс заводында шаңмен кеткен мышьяктің өзі Қазақстан мен Орта Азияның қажетін толық қамтамасыз ете алар еді. Үлкен Алтай полиметалл рудаларындағы түгелінен желге кететін висмут, таллий, телур, индий және басқалары сияқты тектер өзіне басқа. Технологтар рудадағы осы тектерді неғұрлым толық айырудың әдістерін табуға тиіс.

Үлкен Алтайдың энергетика базасын, транспорттың, ауыл шаруашылығын, бүкіл халық шаруашылығын қайта құру, өркендету, мұның негізінде Үлкен Алтайдың бүкіл халық шаруашылығын комплексті жолмен күшейтудің ұлы жоспарын жасау жұмыстарын жүргізу керек. Бұл жоспар оның негізгі өндірісі – түсті металлургияны өркендетуге неғұрлым қолайлы жағдай туғызатын болу керек.

Үлкен Алтайдың жұмысшы кадрлары, инженер-техник қызметкерлері мәселесін терең зерттеу керек. Күшті қарқынмен өркендетілетін түсті металлургияны ғана емес, Үлкен Алтайдың негізгі жаратылыс-өндіріс күштерінің бәрін халық шаруашылығы үшін неғұрлым толық пайдалану қажетін кадр жағынан қамтамасыз ету тұрғысынан, бұл ауданның еңбек ресурстарының балансын жасау керек.

Үлкен Алтайдың неше алуан және орасан мол жаратылыс-өндіріс күштерін ұштастыра отырып, толық пайдалану міндетін ойдағыдай

орындаудың ерекше маңызы бар. Бұған совет ғылымының күштерін барлық жағынан және неғұрлым толық жұмсау керек болады.

Тек біздің елде ғана ғылымға ерекше көңіл бөлініп, қамқорлық көрсетіліп отыр. Біздің елдің білімпаздары алдында өздерінің творчестволық білімін жұмсауға кең өріс ашылды. Еліміздің халық шаруашылығы ғылым негізінде жоспарланып, өркендетілуде. Қазір біздің алдымызға тарихи ұлы міндет – Үлкен Алтайдың ұшан теңіз жаратылыс байлықтарын еліміздің социалистік халық шаруашылығы үшін неғұрлым шапшаң және нәтижелі пайдаланудың жолдарын белгілеу міндеті қойылып отыр. Біз бұл міндетті абыроймен орындауымыз керек.

Еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің ұлы жоспарында қорғасын мен мырыш мәселесін толық шешу негізінде Үлкен Алтайға байланысты. Ұлы Ленин пролетариат мемлекеті үшін Үлкен Алтайдың минерал байлығының ерекше маңызы бар екенін атап көрсетті. Ленин өзінің данышпандығы арқасында Үлкен Алтайды шет ел капиталистеріне үкіметінің жаңадан құрылған кезінің өзінде концессияға бермей, сақтап қалды. Кемеңгер Сталин бастаған БК(б)П Орталық Комитетінің Саясаттық Бюросы Үлкен Алтайға ерекше көңіл бөліп отырады. Ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен, большевиктер партиясының, халықтардың данышпан көсемі Сталин жолдастың басшылығымен Қазақстанның және Үлкен Алтайдың еңбекшілері өздерінің алдына қойылған аса маңызды тарихи міндеттерді ойдағыдай орындайтындығы күмәнсіз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНДІРГІШ КҮШТЕРІН ОДАН АРЫ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының Н.А.Булганин жолдастың баяндамасы бойынша қабылданған шешімі – еліміздің өнеркәсібін онан ары өркендетудің программасы. Пленумның қаулысында басқа мәселелермен қатар, өнеркәсіпті жер ыңғайына қарай орналастырудағы үйлеспеушілікті жою керек екені көрсетеді. Металдар мен көмір кендерінің басым көпшілігі еліміздің шығыс аудандарында екені мәлім. Солай бола тұрса да, бұл аудандарда еліміздің бүкіл өнеркәсіп өнімінің небары 16 % өндіріледі. Минерал шикізаттағы барлық пайдалы компоненттерді комплексті жолмен пайдаланып, сирек кездесетін және бытыраңқы, екінші дәрежелі элементтерді айыру, негізгі компоненттердің айырылу дәрежесін мейлінше арттыру керек екенін СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ерекше атап көрсетті.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының бұл нұсқауының Қазақстан үшін ерекше маңызы бар. Совет геологтарының қажырлы еңбегі арқасында Қазақстанда көптеген пайдалы кендердің сарқылмайтын мол қоры ашылды. Біздің республикамыз қазір хром мен ванадийдің қоры жағынан дүниежүзінде бірінші орын, темірдің, мыстың, қорғасынның, мырыштың, кадмийдің, вольфрамның, бордың, минерал тұздардың қоры жағынан КСРО-да бірінші орын алады, ал көмірдің, мұнайдың, молибденнің, марганецтің және минерал шикізаттың басқа бірсыпыра маңызды түрлерінің қоры жағынан КСРО-да алдыңғы қатардан орын алады.

Мұнымен бірге совет геологтарының пайдалы кендерді ашқан үздік табыстары Қазақстанның жер қойнауындағы кен байлықтарын тіпті де түгел қамтымайтынын көрсету қажет. Республиканың аумағы геология жағынан әлі толық зерттелмегенін көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел. Қазақстанның ұлан-байтақ жерінің геологиялық құрылысын егжей-тегжейіне дейін картаға түсіру үшін әлі көп жылдар қажырлы еңбек ету керек болады. Республиканы неғұрлым егжей-тегжейлі, комплексті геологиялық карталау және іздеу жұмыстарын онан ары жүргізудің барысында әлі де көптеген жаңа пайдалы кен ошақтары ашылатындығы күмәнсіз.

Қазақстанның орасан мол кендерін жоспарлы тәртіппен үнемі аша беруге, қуатты өндірістік геологиялық қызмет орындарымен қатар, ғылыми геологиялық күштер де белсеніп қатысуда. Мысалы, Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институты Орталық Қазақстанның системаға салынатын геологиялық құрылыс картасын жасады. Онда бұл аумақтарда орындалған барлық геологиялық карталау мәліметтері қорытылды. Бұл карта, көптеген пайдалы кен ошақтары бар ұлан-байтақ ауданның геологиялық құрылысының басты-басты ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Осы институт өндірістік геологиялық ұйымдармен бірге, Орталық Қазақстанның темір, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, молибден, вольфрам және қалайы рудаларын зерттеудің металлогениялық болжау картасын да жасады. Бұл картада қара, түсті және сирек кездесетін металдар кендерінің жер ыңғайына қарай орналасуының негізгі заңдылықтары ғылыми негізде терең қорытыланды. Геологиялық іздеу және геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін мұның маңызы зор. Бұл карталардың екеуі де, практикада пайдалану үшін өндірістік геологиялық ұйымдарға тапсырылды.

Алтайдың өндірістік геологиялық ұйымдарымен тығыз творчестволық ынтымақ жасай отырып, Зырян ауданының, Қалбаның және Ертіс бойының металлогениялық болжау картасы жасалды. Республиканың Ғылым академиясының геологтары Алтайдағы және Орталық Қазақстандағы ең ірі полиметалдар кен ошақтарының, сол сияқты Қазақстандағы және еліміздің басқа аудандарындағы мысты құмтас кендерінің минералогиясы мен геохимиясының монографиялық сипаттамасын аяқтады. Республиканың бірсыпыра аса маңызды кен ошақтарының рудаларындағы сирек кездесетін және бытыраңқы элементтердің мөлшерін анықтау жөніндегі маңызды жұмыс орындалды. Жанғыш және бейруда кендерді зерттеу, сол сияқты республиканың су қорын анықтау жұмыстары қорытыланды. Қазақстанның көмірі бар жерлерінің болжау картасы жасалып, жарияланды.

Алайда, геологиялық зерттеулердің барысында едәуір үйлеспеушілік болып келеді. Ондағы негізгі үйлеспеушілік – геологиялық зерттеулердің байланыстырылмай, көптеген ұйымдарға бытыратылуы. КСРО Геология және Кен сақтау министрлігінің өзінен Қазақстанда бір-біріне бағынбайтын он геологиялық ұйым жұмыс істейді. Бұл жұмыстардың нәтижелері туралы материалдар көптеген қалаларға – Москваға, Ленинградқа, Свердловскіге, Уфаға, Новосибирскіге, Ташкентке, Қостанайға, Қарағандыға, Алматыға және басқа қалаларға бытырап жиналады, мұның өзі ол зерттеулерді қорытындылап, бүкіл жұмысты бір ізге салуға зор қиыншылық туғызады.

КСРО Ғылым академиясының, Қазақ ССР Ғылым академиясының, әртүрлі жоғары оқу орындарының, сол сияқты кейбір министрліктер мен ведомстволардың бірсыпыра салалық ғылыми-зерттеу институттарының көптеген ғылыми экспедициялары Қазақстанда өзара ынтымақтаспай жұмыс істейді, көп уақытты бірінің жұмысын бірі атқарады, өндірістік геологиялық ұйымдармен тиісті байланыс жасамайды. Мұның бәрі, әрине, көптеген экспедициялардың жұмысының ғылыми-практикалық пайдалылығын едәуір кемітеді. Бұл істе тиісті тәртіп орнату қажет.

Ашылған кен ошақтарын игерудің қарқынын және шығарылатын рудалардан барлық пайдалы компоненттерді айырудың комплекстілігін арттыру саласында көп жұмыс істелді, бірақ істелуге тиісті жұмыстар онан да көп.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Кен істері институты өндіріс мамандарымен творчестволық ынтымақ жасай отырып, руданы қабаттап табиғи жолмен және күшпен құлату системаларын белгіледі және мұны Текелі, Лениногор полиметалл комбинаттарының рудниктерінде өндіріске енгізді. Мұның өзі еңбек өнімділігін біржарым есе арттыруға мүмкіндік туғызды. Жезқазған мыс кендерін шығарудың жаңа, неғұрлым өнімді системаларын, сол сияқты Мырғалымсай және Зырян полиметалл кендерін, Бозшакөл мыс, Аят және Лисаковск темір кендерін шығарудың неғұрлым өнімді ашық системасын қолдану мүмкіндігі зерттеліп, дәлелденді. Өткен жылы институт Қарағанды бассейніндегі көмір қабаттардың көмірін шығарудың нәтижелі тәсілдерін зерттеп белгілеуге, Шерубай-Нұра, Тентек және басқа өнеркәсіпті аудандардағы шахта құрылысының тыңғылықты параметрлерін анықтап белгілеуге, сол сияқты бұл бассейндегі шахталардың газдылығын зерттеуге кірісті.

КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің Қарағанды ғылыми-зерттеу институтына Қазақ ССР Ғылым академиясының Кен істері институтымен бірге, бассейнің шахталарында циклдік графикті енгізу, комплексті механикаландыру, жұмыстың бірқалыпты атқарылуын ұйымдастыру және кенді ашудың, шығарудың неғұрлым нәтижелі системаларын енгізу жөнінде көп жұмыстарды істеуге тура келеді.

Қарағандыда жаңа техника мен прогрестік технологияны енгізудің жайы нашар екенін мына мысалдан көруге болады. Өткен жылы № 8/9 шахтада көмір шығарылатын төрт лавадан бір лава циклдік графикке көшірілді. Бүкіл шахта бойынша көмір шығарудың тәуліктік жоспары 850 тонна, ал циклдік жұмысқа көшірілген лавада 847 т. мөлшерінде белгіленді. Сонда қалған үш лава күн тәулігіне үш тонна ғана көмір беруге тиісті болады. Циклдік графикті орындап отырғанда, шахтаның тәуліктік көмір шығару жоспарын едәуір асырып орындауға мүмкіндігі бар екені мүлде айқын.

Қарағанды бассейнінің көп шахталарында бірқалыпты жұмыс ұйымдастырылмаған. Тіпті № 31 алдыңғы қатарлы шахтаның өзінде көмір бірінші сменада әрдайым екінші сменадағыдан көп шығарылады. Көмір шығарудың тәуліктік жоспары шахталарда орындалмаған кездерде, жөндеу-өзірлік ауысымы көмір шығаратын сменаға айналады. Мұның өзі, әрине, машина-жабдықтың мезгілінен бұрын тозуына себеп болады, бүкіл шахтадағы жұмыстың берекесін кетіреді.

Бассейнде көмір шығаруды комплексті механикаландыру шабан жүзеге асырылады. Жыл сайын бірнеше млн.т. көмір конвейерге қол күшімен тиеледі.

Мұнда көмірді бүкіл қабаттың ұзына бойына қазудың неғұрлым жетілген системасының енгізілуі де нашар. «Верхняя Марианна» қалың қабатының көмірі әлі болса екі қабатты ою тәсілімен шығарылады, сонда бір қабат көмір қалып қояды. КСРО Ғылым академиясының арнаулы комиссиясы 1942 жылдың өзінде ұсынған әрқабаттап шығарудың үш

қабаттық тиімді системасы қолданылмайды. Көмірді әрқабаттап шығарудың үш қабаттық системасы комплексті механикаландыруды неғұрлым толық қолдануға, қабаттағы кокстелетін көмірдің 30 %-тін мұнымен бірге қоса пайдалануға мүмкіндік береді, ал қазір бұл кокстелетін көмір жер астында қалып, ысырап болады.

Ғылыми қызметкерлер өндірісшілерге Қазақстандағы, оның ішінде Екібастұздағы, Құсмұрындағы, Кендірліктегі, Теңіз-Қоржынкөлдегі, Сарыбай-Соколовскідегі, Аяттағы, Лисаковқадағы, Жезқазғандағы, Бозшакөлдегі, Николаевқадағы және басқа көптеген кен ошақтарындағы руда және көмір кендерін ашық тәсілмен пайдалану көлемін мейлінше кеңейтуге көмектесуге тиіс. Кенді ашық әдіспен пайдалану системасының уақытты екі есе аз керек ететіні және руданың жер астынан шығаруға қарағанда, бір жарым, екі есе арзанға түсетіні мәлім. Мұнымен бірге, кенді ашық әдіспен пайдаланғанда еңбек өнімділігі төрт-бес есе артық болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Металлургия және байыту институты өндіріс мамандарымен ынтымақтастық жасай отырып, Балқаш мыс заводының шағылдырғыш пештерінің технологиясын жақсарту, концентраттарды, шихтаны, штейнді балқытқанда жылу энергиясының режимін және балансын зерттеу жөнінде бірсыпыра жұмыстарды орындады. Мұның өзі мыс қорыту өндірісіндегі агрегаттардың қызулық режимін мықтап жақсартуға, шағылдырғыш пештердің қуатын арттыруға мүмкіндік туғызды. Балқаш мыс заводының мамандарымен бірге Институт алғаш ренийді шығарды. Шымкент қорғасын заводының, сол сияқты Алтай заводтарының қорыту және пісіру цехтарының тозаңындағы тектерді айыру процестері зерттелді, бұл тозаңдағы тектерді айырудың гидрометаллургиялық схемасы жасалды, бұл схема ол тозаңнан мырыш, мышьяк өнімдерін (оларды ауыл шаруашылығында пайдалануға болады), кадмийді, таллийді, индийді, сол сияқты пісіруге берілетін күкірт қышқылды қорғасынды (қатты қалдық түрінде) айыруға мүмкіндік туғызды. Бұл жұмыстар негізінде Шымкентте тозаңнан өртүрлі тектерді айыратын цех салу жобасы жасалуда.

Институт бокситтерден глинозем (алюминий тотығын) айырудың жаңа технологиясын жасады. Бұл технология глиноземді Байердің тәсілі бойынша айырудың қолданылып жүрген схемасынан анағұрлым нәтижелі.

Орталық Қазақстанның боксит рудаларынан титан және темір айыру жұмыстары жүргізілуде. Лабораториялық зерттеулер қызыл шламды флотациялау жолымен титанның қос тотығының едәуір бөлігін концентратқа айыруға мүмкіндік береді. Бұл процесте алынатын кеуекті темірді, қышқылды мыс рудаларын профессор В.Я. Мостовичтің тәсілімен байытқанда жақсы пайдалануға болады.

Сол институт Ақтөбе маңындағы Жайсаң қоңыр көмірін байытудың схемасын жасады. Күлділігі небәрі 9-10 % көмір концентраттары

алынды. Олардың жылу беру қуаты 5 мың калорий, концентратқа шығуы шикі көмір салмағының 65 %-тіндей. Мұнымен бірге 36-40 % күкірті бар және шикі көмір салмағының 16-18 %-дей пириттік концентрат алынады. Көмір концентраты Ақтөбе ферросплав заводына жақсы энергетикалық отын бола алады, ал Ақтөбе химия комбинатында пирит концентратты пайдалану, оған Орал пириттерін алыстан тасып әкелуді толық тоқтатута мүмкіндік береді.

Жезқазған мен Бозшакөлдің тотыққан және сульфид-тотық мыс рудаларын пайдаланудың лабораториялық зерттеулері жасалды. Бозшакөл рудаларын байыту үшін біріктірілген процестің – мысты күкірт қышқылымен сілтіден тазартып, кеуек темірмен цементтеудің, оны кейіннен флотациялаудың тиімділігі дәлелденді. Мұнда мыстың концентратқа айырылуы 85 % болады.

Жезқазғанның тотыққан және тотық-сульфид мыс рудаларын байыту үшін институт қазір жаңа, біріктірілген схеманы жасауда. Бұл схема рудаларды күкірт қышқылымен өңдеп, кейіннен күкіртті натрий енгізуді және одан алынған күкіртті мысты флотациялауды көздейді.

Институт Қазақстанның силикат-тотық никель рудаларынан никель айыруды арттыратын жаңа екі технологиялық схема жасады. Оның ішінде Г.И.Людоговский жасаған бір схема бойынша руданы агломерациялағанда гипс орнына фосфорит қолданылады. Агломераттарды балқытқаннан кейін жақсы минерал тыңайтқыш – фосфатшлак алынады, ал никель мен кобальттің темірлі қоспалары оттекті үрлеу жолымен кондициялық ферроникель дәрежесіне дейін тазартылады. Бұл схема бойынша жасалған лабораториялық тәжірибелерде металдар көп айырылды – «Южуралникель» комбинатындағы қазіргі дәрежесінен никель 15 %, ал кобальт кемінде 50 % асып түсті. Г.И.Людоговскийдің схемасы кезінде КСРО Түсті металлургия министрлігі басшыларына мәлімделді. Олар «Южуралникель» комбинатына бұл схеманы өндірістік жағдайда тезінен тексеруді тапсырды. Бірақ, амал не, ол осы уақытқа дейін тексерілген жоқ. Өндірісшілермен тығыз ынтымақ жасай отырып Институт белгілеген екінші схема бойынша, «Южуралникель» комбинатында қолданылатын қазіргі технологиялық қайта балқыту схемасы өзгертілмейді. Мұнда никельге байытылған шлак пеште шойынмен араласады, мұның нәтижесінде никель қосылған шойын алынады. Мұнымен бірге 15 %-тей қосымша никель айырып алынады.

Республика Ғылым академиясының Металлургия және байыту институтының жаңа технологиялық схемалары, әртүрлі тектері аздау силикат-тотық кобальт-никель рудаларының мол ресурстарын таяудағы уақытта пайдалануға нақты мүмкіндіктер туғызады. Мұндай рудалар Орталық Қазақстанның көп жерлерінде қазірдің өзінде ашылды.

Республика Ғылым академиясының Металлургия және байыту институты, сол сияқты Химия институты Қазақстанның қазіргі ванадий кен рудаларындағы ванадийді, молибденді және бірсыпыра бытыраңқы

элементтерді айырудың технологиялық схемаларын жасауда. Осы институттар Қаратау фосфориттерінен термофосфаттар айырудың жаңа технологиялық схемасын жартылай өндірістік жағдайда сынау дәрежесіне жеткізді. Бұл термофосфаттар қант қызылшасының, бидайдың, картоптың, мақтаның шығымдылығын арттыруға келгенде, суперфосфаттан қалыспайды. Фосфорлы тыңайтқыш әзірлеудің жаңа тәсілінің артықшылығы мынада: бұл тәсілді қолданғанда, алыстан әкелінетін және қымбатқа түсетін күкірт қышқылының қажеті болмайды, оның орнына түгелінен табиғи сульфаттар қолданылады, ал бұл сульфаттар сол Жамбыл облысының өзінде, Қаратау фосфорит кені маңында едәуір көп.

Республика Ғылым академиясының Құрылыс және құрылыс материалдары институты орындаған жұмыстардың ішінде Оңтүстік және Орталық Қазақстандағы қабатталған гипс кендерін кеңінен пайдаланудың технологиялық тәсілдері белгіленгенін көрсету қажет. Бұл гипс негізінде өте жақсы гипсблоктар, метлах плиталарын, эстрих-цемент және тұрғын үйлер мен өндірістік үйлер құрылысын едәуір тездетіп, арзанға түсіретін басқа бұйымдар жасап шығаруға болатыны дәлелденді. Институт Мұғалжар, Екібастұз, Шымкент және басқа жерлердегі әйнектік құмдардың технологиялық қасиеттерін зерттеп, бұлардың сапасы жақсы екенін дәлелдеді, сөйтіп бұл құм негізінде үлкен әйнек заводтарын салуды ұсынды. Бұл әйнек заводтарын салу мерзімдерін КСРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі үнемі бұзып отырғанын қынжылғандықпен көрсету керек болады.

Осы институт, индустрия және құрылыс кәсіпорындары үшін зор маңызы бар доломиттердің, цементтік және металлургиялық әктастардың, кірпіш, черепица және керамика жасайтын саздардың, фарфор-фаянстық, бейруда басқа шикізаттың технологиялық сапасын зерттеді. Амал не, көптеген министрліктердің енжарлығы, кертартпалылығы отқа төзімді және құрылыстық шикізаттардың бұл аса маңызды түрлерін пайдалану жөнінде институттың жасаған ұсыныстарын жүзеге асыруға бөгет болып отыр. Қарағандыда техникалық фарфор және онан бірсыпыра маңызды бұйымдар жасайтын үлкен завод салуды КСРО Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі орындамай келеді.

Республика Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институты мен Құрылыс материалдары институты мұнан сегіз жыл бұрын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына жүздеген жерлердегі әктастардың, мергельдердің, саздардың, гипстердің және минерал құрылыс материалдарының басқа сондай маңызды түрлерінің сапасы, қоры және технологиялық қасиеттері туралы егжей-тегжейлі материалдар тапсырды. Бірақ бұл шикізат запастарын пайдалануға әлі күнге ешқандай практикалық шаралар қолданылмай келеді.

Энергетика институты Оңтүстік Қазақстанның энергетикалық ресурстарының мейлінше мол түрлерін есепке алып, пайдалану жөнінде

күрделі жұмыс жүргізді. Осы институт Іле бассейнінің гидроэнергетикалық ресурстарын пайдалану схемасын егжей-тегжейлі жасады. Бұл институттағы теплотехниктердің еңбектері Балқаш мыс заводына елеулі көмек көрсетті.

Қазақ ССР Ғылым академиясының жақын арада Өскеменде ашылған Алтай ғылыми-зерттеу институты ондаған практикалық ұсыныстар жасады, бұл ұсыныстар қазір Алтайдың полиметалл және сирек кездесетін металдар өнеркәсібінде ойдағыдай енгізілуде.

Республика Ғылым академиясының Гурьевтегі Орал-Ембі базасы, мұнай шығарудағы су-газдық репрессияның жаңа прогрестік тәсілін белгіледі, бұл тәсіл қазір еліміздің бірсыпыра мұнай кәсіпшіліктерінде ойдағыдай қолдануда.

Қазақ ССР Ғылым академиясы институттарының республикадағы орасан мол минерал ресурстарын зерттеу және пайдалану жолындағы жұмысының кейбір қорытындылары осындай. Бұл жұмыстар республикамыздың қуатты және үздіксіз өркендеп отырған ауыр өнеркәсібінің тілектерінен туатын қажет ғылыми зерттеулерді тіпті де түгел қамтымайтыны айқын. Алдағы жұмыстардың бәрін орындау үшін бір ғана Қазақ ССР Ғылым академиясының күші жеткіліксіз. Республикамызда әртүрлі министрліктердің бірсыпыра жалпыодақтық салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының филиалдарын тезінен ашу қажет.

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдері Қазақстанды одан ары неғұрлым тездетіп және кеңінен индустрияландыруға көмектеседі. Алтыншы бесжылдық біздің республикамызда ауыр өнеркәсіптің түпкі негізгі – үлкен қара металлургия және оның өзегі машина жасау өнеркәсібін орнататын бесжылдық болатындығы күмәнсіз.

Темір рудаларының қоры жағынан Қазақстан қазір КСРО-да бірінші орын алып отыр. Сондықтан алтыншы бесжылдық жоспарда Сарыбай-Соколов кен-байыту комбинатын салумен және Қарағандының аса зор металлургия заводының құрылысын аяқтаумен қатар, Қаратау фосфориттерін қолдана отырып, Лисаковск және Аяттың фосфорлы оолит темір рудалары негізінде жұмыс істейтін тағы бір жаңа завод салуды көздеу қажет. Қостанай ауданында фосфорлы оолит рудалар қоры орасан мол – миллиардтаған тонна. Қазақ ССР Ғылым академиясының Металлургия және байыту институтының зерттеулері бұл рудаларға Қаратау фосфориттерін қосу томастық шойынның кондициялық маркаларын құйып шығаруға және өнеркәсіптік қалдық ретінде, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыруға керек, өсімдіктер жақсы сіңіретін мол фосфор қоспалары бар орасан көп фосфат-шлактар алуға мүмкіндік туғызатынын көрсетті.

Қазақстанның марганец рудалары сапасы жағынан ең жақсы екені мәлім. Бұл рудаларда марганецтің әрбір процентіне шаққандағы фосфор Никополь және Чиатури рудаларындағыдан үш есе аз. Сондықтан

Қазақстанның марганец рудаларын стандарт домналық ферромарганец өндірісінде де пайдалануға болады.

Республиканың мыс өнеркәсібінің едәуір ішкі резервтері бар. Бұл резервтер қазіргі рудниктерде, байыту фабрикаларында және заводтарда пайдаланылуға тиіс. Мұнымен бірге, біздің пікірімізше, ашылған кендер негізінде Бозшакөл және Николаевск комбинаттарын салуға мүмкіндік және қажеттілік туды. Мұның өзі Үлкен Жезқазған комбинатын салумен қатар, Қазақстанның алтыншы бесжылдықтан бастап, еліміздің негізгі және шешуші мыс өндірушісі болуын қамтамасыз етеді.

Мыс өнеркәсібінде, өндірістік процестерді тездетудің жаңа тәсілдерін тауып енгізу саласында да, рудалардағы барлық пайдалы компоненттерді, негізгі компоненттерді ғана емес, екінші дәрежелі бытыраңқы компоненттерді де, комплексті жолмен неғұрлым толық айырудың жаңа технологиялық схемаларын жасау саласында да, ғылым қызметкерлері мен өндіріс мамандары алдында еңбегіне кең өріс ашылады.

Полиметалл өнеркәсібінде пайдаланылмаған резервтер мен мүмкіндіктер мыс өнеркәсібіндегіден де көп. Полиметалл рудаларының негізгі компоненті қорғасынды айыру дәрежесі әзірге 65-70 % шамасынан аспайды. Екінші дәрежелі және бытыраңқы компоненттердің де едәуір бөлігі көп ысырап болады. Селен және теллур сияқты элементтер Алтай рудаларынан да, сол сияқты Балқаш заводының шламдары мен тозаңынан да мүлде айырылмайды.

Ғалымдар мен мамандардың негізгі міндеті – барлық негізгі және екінші дәрежелі компоненттерді полиметалл, мыс рудаларынан айыру дәрежесін мейлінше арттыру, оның ішінде селенді айыру технологиясын меңгеру.

Қазақстанның орасан мол ванадий, хром, вольфрам, молибден және басқа сирек кездесетін металдар қоры бар. Алайда, елімізге аса қажет бұл металдардың шығарылуы әлі күнге өте шабан және өнімсіз. Аса мол хромит рудаларын пайдаланудың жайы мұнан біраз өзгеше. Ақтөбе ферросплав заводының осы рудалар негізінде жұмыс істейтіні мәлім.

Совет Одағының шығыс аудандарында металлургияның және машина өнеркәсібінің әртүрлерінің келешекте шапшаң өсетінін ескеріп, біз алтыншы бесжылдық Қазақстанда аз қоспалы конструкциялық және аспаптық болаттардың, сол сияқты әртүрлі ферросплавтардың ірі өндірісін орнататын бесжылдық болуға тиіс деп есептейміз.

Қазақстанда таяу уақыттың ішінде, жоғарыда көрсетілген арнаулы металлургия кәсіпорындарын жасаудың қажеттілігі және мемлекеттік тұрғыдан қолайлылығы, республикада оларға керек шикізаттың барлық түрлерінің мол запастары болуы үстіне, мынадай керектерден туады.

Еліміздің өнеркәсібінің барлық салаларының шапшаң өркендеуімен қатар, металдарды, ең алдымен шойынды және болатты тұтыну мықтап өсетіндігі күмәнсіз. Теміржолдарды салу және оларды жөндеу, машина жасау өнеркәсібі, өнеркәсіп құрылысы, көпірлер салу және кеме

жасау өнеркәсібі, сол сияқты халық шаруашылығының басқа салалары болатты барған сайын көп керек етеді. Еліміздің болатқа деген қажетін өтеудің неғұрлым маңызды жолдарының бірі – болат конструкциялардың, машиналардың салмағын жеңілдетіп, оның арқасында көптеген металды басқа қажетке босату.

Жеңіл конструкциялар жасау үшін, қазіргі уақытта пайдаланылатын көміртекті конструкциялық болаттан анағұрлым берік болат қажет. Біздің елімізде, шетелдерде де берік конструкциялық болаттың көптеген маркалары жасалып, зерттелгені және сыннан өткізілгені мәлім. Бұл болаттар (хром-никельді, көміртекті-ванадийлі, хром-ванадийлі болат және басқалар) аз қоспалы болаттардың тобына қосылады және көміртекті болатты балқытқанда оған аздаған жақсартушы қоспалар – хром, ванадий, никель және басқа металдар қосу жолымен жасалады.

Аз қоспалы болаттар қатарында ванадий қосқан болаттар ерекше маңызды орын алады. Ванадийді болатқа тіпті аз қосудың өзі (0,10-0,20 %) болаттың құрылысын өте жақсартып, оның механикалық қасиетін едәуір арттырады. Әсіресе тиісінше қызу күшімен баптағаннан кейін, 0,10-0,25 % ванадий қосқан конструкциялық болаттарда конструкциялардың немесе олардың жеке тораптарының салмағын 30 % кемітуге мүмкіндік беретін қасиеттер пайда болады.

Бұл болаттардан өнеркәсіптің әртүрлі салаларына керек бірсыпыра маңызды бөлшектерді жасау өте тиімді келеді. Ванадий қосқан конструкциялық болатты транспортта қолдану ерекше тиімді. Вагондар мен паровоздардың өз салмағын кеміту нәтижесінде оған сәйкес пайдалы жүктердің салмағын арттыруға мүмкіндік туады, тасылатын жүктердің әрбір тонна-километріне жұмсалатын отын мен энергияның шығыны да едәуір азаяды.

Ванадийлі болаттан жасалған рельстер мен бандаждарды қолдану олардың төзімділігін арттырады, қызмет мерзімін ұзартады, бандаждар мен рельстерді ауыстыру шығынын және теміржол транспортындағы аварияларды азайтады. Автомобиль және трактор өнеркәсібін ванадийлі болаттардан жасалған бөлшектермен толық қамтамасыз ету автомобильдер мен тракторлардың тозуын және сынуын, олардың қарап тұратын уақытын және жөндеу шығынын, запас бөлшектердің қажеттілігін мықтап азайтуға мүмкіндік береді.

Конструкциялық болаттардағыдай, аспаптық және тез кескіш болаттарға ванадий енгізу олардың сапасын мықтап арттырды. 0,25–0,30 % ванадий қосқан көміртекті аспаптық болат, сол қажетке арналған дағдылы көміртекті болатқа қарағанда, едәуір берік, мықты болады және оның кескіш қасиеті екі есе дерлік артады.

Ванадий тез кескіш болаттарға міндетті түрде қосылып отырады. Тез кескіш болаттарға қосылған 1 % ванадий кесудің және тесудің нәтижелілігін 100 % арттыратыны анықталды. Аспаптық және тез кескіш ванадийлі болаттарды шығаруды ұлғайтып, оларды аспаптық көміртекті

болаттар орнына қолдану металды механика жолымен өңдеудің (кесу және тесу) шапшаңдығын арттыруға, аспаптың қызмет ету мерзімін ұзартуға, станоктардың аспапты ауыстырғанда бос тұратын уақытын азайтуға мүмкіндік береді.

Ванадийлі болаттарды халық шаруашылығына кеңінен енгізудің жоғарыда айтылған және басқа пайдалы жақтары біздің металлургия өнеркәсібіміздің ванадийді тұтыну нормасы жағынан буржуазиялық елдерді басып оза алатынын көрсетеді. Мұның үшін ванадийлі руданы шығару және оны феррованадийге айналдыру жұмыстарын кеңінен жүргізу қажет.

Орасан мол ванадий запастары болып отырған Қазақстан еліміздің қажетін, қандай мөлшерде болса да, ванадиймен қамтамасыз етіп қана қоймай, ванадий өндірісінің өнімдерін экспорттың маңызды түрлерінің біріне айналдыра алады. Бұл мүмкіндіктерді алтыншы бесжылдықтан бастап жедел пайдалану керек. Қазақстанда салынуға тиіс үлкен ферросплав заводы, қазір ашылған ванадий, вольфрам және молибден рудалары негізінде феррованадий, ферровольфрам, ферромолибден шығаруға мамандана алады.

Қазақстанның ферросплав заводтары өнімінің орасан мол резерві, сол сияқты Қарағандыда, Екібастұзда және Құсмұрында карьерде шығарылатын қоңыр көмірмен жұмыс істейтін үлкен электр станцияларынан арзан электр қуатын алу мүмкіндіктері негізінде, алтыншы бесжылдықта республикада көп қоспалы болаттар мен арнаулы балқымалар шығаратын үлкен электрметаллургия заводын салу қажет. Мұндай электрметаллургиялық заводта, жергілікті металл хром және металл титан негізінде ыстыққа төзімді қоспалар өндірісін Қазақстанның жаңа ферросплав заводынан алынатын феррохром, ферровольфрам және феррованадий негізінде аспаптық, тез кескіш болаттар өндірісін шарикподшипниктік, тотықпайтын және басқа автотракторлық болаттар өндірісін, электрон және электрвакуум өнеркәсібіне керек жаңа магниттік балқымалар өндірісін ұйымдастыруға болады.

Қазақстанның қоспалы болаттар шығаратын жаңа электрметаллургия заводы іске қосылғаннан кейін, Совет Одағының шығыс аудандарының өздерінің, машина және аспап жасау өнеркәсібін күшейтуге керек металлургиялық базасы болады, мұның өзі СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының шешіміне толық сай келеді.

Қазақстанның өндіргіш күштерін онан ары өркендетудің келешектегі кейбір жолдары, біздің пікірімізше осындай.

Қазақстанда ғылымның практикадан кейін қалып қоймай, оны басып озуы үшін, таяудағы уақыттың ішінде республикада, ең алдымен, қара металлургия (Гипромез, Гипросталь, Гипроруда, ЦНИИЧермет және басқалары), түсті металлургия (Механобр, Гипроцветмет және басқалары), көмір және мұнай өнеркәсібі (ВНИГРИ) министрліктерінің, сол сияқты құрылыс материалдары өнеркәсібі (әйнек, темір-бетон

конструкциялары институттары және басқалары), Геология және кен қорғау (ВИМИС, ВИРГ және басқалары) министрліктерінің бірсыпыра негізгі салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының жергілікті, республикалық филиалдарын ашу қажет.

КСРО Геология және кен қорғау министрлігі Қазақстанда өзінің Оралдағыдай үлкен технологиялық лабораториясын ашуға тиіс; Қазақстан аумағындағы барлық геологиялық материал Алматыдағы Қазақ геология басқармасы жанындағы республикалық геология қорына жиналатын болу керек. Мұның өзі республиканың үкіметтік және ғылыми органдарына республиканың шеңберінде көптеген ұйымдар мен ведомстволар жүргізетін кең көлемдегі геологиялық жұмыстардың жоспарлары мен қорытындыларын толық біліп отыруға мүмкіндік береді. Ақыр соңында, біздің пікірімізше, Қазақ ССР Геология және кен қорғау министрлігін құру туралы мәселенің пісуі жетті. Мұның өзі қазір Қазақстан алдына қойылып отырған мемлекеттік міндеттер дәрежесіне толық сай келеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің өндірістік және ғылыми эксперименттік базасын үнемі кеңейте беру тиіс. Мұнсыз ол республикадағы ғылыми ойдың шын мәнісіндегі орталығы бола алмайды.

ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Бүкіл ССРО-ның жерлерін зерттеу сияқты, Қазақстанның геологиясын мұқият зерттеу жұмысы да Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана басталды. Әсіресе бірінші бесжылдықтан бастап, Қазақстанда геологиялық барлау жұмысының көлемі жылдан жылға өсіп отырды.

Бұл үнемі өсіп, ұлғайып отырған геологиялық зерттеу жұмыстарының барысында Қазақстанның геологиялық кадрлары да өсіп, шыңдалып отырды. Қазір олар еліміздегі геологтар армиясының неғұрлым көп және күшті отрядтарының біріне айналған.

Тарихи тұрғыдан алғанда, осы қысқа уақыттың, яғни небары отыз жылдың ішінде Қазақстанның орасан зор территориясы – Австралия құрлығының үштен біріндей, ал РСФСР-ді қоспағанда, еліміздің барлық одақтас республикаларының жерлерінен тұтас алғанда анағұрлым артып түсетін жері – геологиялық жағынан бұрын сыры белгісіз өлкеден азды-көпті қанағаттанарлық дәрежеде зерттелген өңірге айналды. Оның бүкіл аумағының 70 %-нің мемлекеттік геологиялық картасы жасалды. Геологиялық зерттеу жұмысының мұндай қарқынмен жүргізілуі мәдени және экономикалық өмірді дамытудың жетекші күштерінің бірі ғылым болып отырған социализм елінде ғана мүмкін еді.

Бұл үздіксіз ұлғайтылып, жан-жақты жүргізіліп келген зерттеу жұмыстары Қазақстанның геологиялық құрылысының әрі күрделі, әрі көрікті бейнесін жоспарлы және тиянақты түрде кең ашты.

Қазақстанда геологиялық ғылымға белгілі магмалық тау жыныстардың негізгі түрлерінің бәрі, оның ішінде тереңдік және сырттық түрлерінің бәрі бар екендігі анықталып, баяндалды. Ол тау жыныстардың көбі белгілі бір маңызды металдардың рудасын сақтаушы болып шықты.

Мүмкіндігі болысымен-ақ Қазақстан далаларындағы өткен заманғы континенттер мен теңіздердің талай рет алмасулары, таулар мен жазықтардың, полюстік және тропиктік ауа райларының, тақыршылық пен қалың өсімдіктердің алмасуы, олардан кейін көмірдің, темірдің, марганецтің, минерал тұздардың және басқа көптеген пайдалы қазыбалардың пайда болу тарихы зерттелді.

Ұзақ және бұлжымас тарихи-геологиялық дамудың барысында Қазақстан жерінің тұлғасы мен қазыналарында белгілі сапалық ірі-ірі өзгерістер жасалуына себепші болған жағдайлар, Қазақстан геологиясының даму тарихындағы басты-басты кезеңдердің сыры ашылды.

Мұнда Қазақстанның геологиялық құрылымы төтенше күрделі және мәнді екендігін, оның Орал, Кавказ сияқты және басқа неғұрлым жақсы зерттелген геологиялық өңірлерге қарағанда, сапалық жағынан елеулі айырмашылығы бар екендігі анықталды.

Қазақстанның жер қазынасы өзінің геологиялық құрылысының сан алуан сырлы, негізгі элементтері мол болуымен қатар, оның даму

кезеңдері уақыт жағынан алғанда, күрделі және ерекше бола отырып, минерал шикізаттардың көптеген аса маңызды түрлеріне өте бай болып шықты. Оның көлемі мен саны жыл сайын үздіксіз өсіп отырады.

Мұнда мынаны ерекше айта кету керек: Қазақстан геологиялық жағынан әлі зерттеліп болмай тұрған кездің өзінде-ақ ванадий мен хром жөнінде дүниежүзінде бірінші орын; темір, мыс, қорғасын, мырыш, кадмий, вольфрам, бор және түрлі минерал тұздар жөнінде КСРО-да бірінші орын; көмір, марганец, алюминий, молибден, никель, фосфорит жөнінде және басқа бірқатар пайдалы қазбалар қоры жөнінде алдыңғы орындардың бірін алып келді.

Жыл сайын совет геологтарының зерттеулері Қазақстан жерлерінен пайдалы қазбалардың неғұрлым жаңа түрлерін, сирек кездесетін кендерін ашып отырады. Шындығында, Менделеев системасындағы элементтердің Қазақстаннан кені табылмағаны жоқ. Мұнда Қазақстанның жер қойнауының байлығы зор екендігі соншалық, оның практикалық мүмкіншіліктерін ашып жеткізу үшін әлі де көптеген жылдар бойы геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу керек болады.

Совет өкіметі тұсында Қазақстанның минерал байлықтарын пайдалану оны КСРО-ның қуатты индустриялы-аграрлық республикасының біріне айналдырды. Әсіресе түсті металлургия, көмір өнеркәсібі Қазақстанда ерекше өркендеді. Қазіргі уақытта СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының тарихи қаулылары тұрғысынан алғанда, Қазақстан өнеркәсіпті дамытуда сапалық жағынан жаңа алға басу кезеңінде тұр. Бұл кезең алтыншы бесжылдықтан басталады. Қазақстанның таяу уақыттағы индустриялық дамуының негізгі сыйпаты мен бағытын, үстірт те болса, баяндап көрейік.

Ең алдымен, алтыншы бесжылдық Қазақстанның энергетикалық жағынан қарулануын шұғыл арттыруға тиіс. Бұл бесжылдықта Бұқтармадағы қуатты су электр станциясы қатарға қосылады, тағы да аса зор су электр станциялары салынады. Мұнымен республикамыздың оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлеріндегі биік таулардан ағатын он миллиондаған киловаттық су қуатын жоспарлы түрде неғұрлым толық пайдалану шаралары басталады. Сонымен бірге, республиканың батыс және солтүстік аудандарында, Орталық Қазақстанда күшті-күшті бу-электр станциялары салынуға тиіс. Олар Екібастұзда, Майкөбеде, Қарағандыда, Құсмұрында, Күшікте, Қияқтыда, Ақтөбе облысында ашық карьермен өндірілетін көмір кеніне арзан электр қуатын береді. Әсіресе Қазақстанның батыс, солтүстік және орталық облыстарында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының мұқтаждарына желдің күшін пайдалану жұмысы шұғыл арттырылады.

Алтыншы бесжылдық республикада нағыз зор қара металлургияны – ауыр өнеркәсіп пен машина жасау өнеркәсібінің бұл негіздерінің негізін салудың пионері болады. Бұған темір рудаларының қоры жөнінде Қазақстанның қазір КСРО бойынша бірінші орын алып отырғандығы дәлел.

Алтыншы бесжылдыққа Сарыбай-Соколов кен-байыту комбинаты салынып, Қарағанды металлургия заводының құрылысы аяқталумен қатар, Қазақстанда тағы бір ірі завод салынбақшы. Бұл завод Қостанай торабындағы фосфоритті темір рудалары негізінде және оған қосымша Қаратау фосфориттері негізінде жұмыс істейтін болады. Мұның өзі, шойын мен болатты орасан көп алумен бірге, Қазақстанның солтүстігіндегі астықты аудандарды фосфор тыңайтқыштарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республикада ірі-ірі жаңа металлургия заводтары салынуына байланысты, Қазақстанда марганец рудаларының кеңінен пайдаланылатыны сөзсіз. Қазақстанның марганец рудаларында фосфорит аз. Сондықтан одан жоғары сапалы ферромарганец шығаруға ғана емес, сонымен бірге металл марганец шығаруға да мүмкіндік бар.

Қазақстан түсті металдар қоры жөнінде КСРО-да бірінші орын алады. Полиметалл және мыс өнеркәсібін одан ары өркендету жөнінде біздің республикамыз орасан зор жұмыстардың майданы болатынын айта кету керек. Мұнда ғылыми қызметкерлер үшін де, өндіріс мамандары үшін де өндіріс процестерін күшейтуде, технологиялық жаңалықтар ашуда творчестволық батыл ізденулердің шексіз мүмкіншіліктері ашылады.

Қазақстан соңғы жылдардың ішінде ванадий, хром, вольфрам, молибден сияқты және басқа сирек кездесетін металдардың қоры жөнінде одақ бойынша бірінші орын алып келеді. Машина жасау және қорғасын өнеркәсібі үшін өмірлік маңыз алатын бұл металдарды өндіру жұмысы іс жүзінде әлі тым баяу жүргізіліп келеді.

Қазақстанның геологтары соңғы жылдардың ішінде аса сирек кездесетін және шашыраңқы металдардың кендерін ашу жөнінде де елеулі табыстарға жетті. Бұл металдар жаңа техниканың соңғы жетістіктері мен талаптарына байланысты, бейбітшілікке кеңінен пайдаланылып отырған атом қуаты, электроника және реактивтік техника жөніндегі талаптарға байланысты өте-мөте маңызды болып отыр.

Сирек, тым сирек және шашыраңқы металдардың шикізат базасы жөніндегі соңғы табылған жаңалықтарды ескергенде, Қазақстан алтыншы бесжылдықта түрлі болат пен арнаулы қорытпалар өндірісінің де орталығы болады.

Еліміздің болатқа деген зор талабын өтеудің неғұрлым прогрессив және нақты жолы болат конструкциялар мен машиналардың салмағын жеңілдету болып табылады.

Жұртқа мәлім, бізде де, сол сияқты шетелдерде де қазіргі уақытта салмағы онша ауыр болмаса да, беріктігі анағұрлым зор болаттың көптеген маркалары жасалады.

Бұл болаттар аз асылдандырылған болат тобына жатады. Мұндай болаттар кәдімгі көмір текті болатқа асылдандыратын металдар қосу жолымен жасалады. Асылдандыратын металдардың қатарына хром, ванадий, никель және басқалары жатады.

Бұл онша асылдандырылмаған болаттардың қатарында ванадийлі болат ерекше маңыз алады. Ванадийлі болатты 0,10-0,25 %-пен құрас-тырғанда, әсіресе тиісті термалық өңдеуден өткеннен кейін ерекше беріктікке айналады. Ал, мұнда конструкцияның салмағын техниканың сапасына ешқандай нұқсан келтірмей-ақ 30 %-ке дейін кемітуге болады.

Конструкциялық ванадийлі болатты транспортқа қолдану ерекше пайдалы. Өйткені, вагондар мен паровоздардың өз салмағын кеміту нәтижесінде тасылатын жүктің салмағын арттыруға мүмкіндік туады.

Осыған байланысты Оралдағы вагон жасайтын заводтың бас конструкторы Д. Лоренцо жолдастың «Известия» газетінің 1954 жылғы 8 майдағы санында басылған «Вагон жасаудың маңызды мәселелері» деген мақаласын келтіруге болады. Ол онша асылдандырылмаған болатты вагон жасауға пайдаланудың маңызын айта келіп, былай дейді: «... Мұнда әңгіме тек үнемделген материалда болып отырған жоқ. Вагонның өз салмағын кеміту нәтижесінде пайдалану шығындарының азаюы онан да зор экономикалық маңыз алады. Жүк вагонының өз салмағының әрбір тоннасын пайдалануға жыл сайын екі мың сомнан қаржы жұмсалатынын ескеру керек».

Есептеп қарағанда, ванадийлі болаттарды пайдалануда әрбір жүк вагонының өз салмағы кемінде 2,5-3 т кемитіндігі анықталды. Мұның өзі ондаған және жүздеген мың теміржол вагондарының әрқайсысын пайдалануда жыл сайын кемінде 5-6 мың сомнан қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді. Демек, мұнда миллиардтаған сом қаржы үнемдеуге жол ашылғалы отыр.

Автомобиль және транспорт жасайтын кәсіпорындарды ванадийлі болатпен қамтамасыз ету ол машиналардың төзімділігін арттырады, сынуын, қирауын кемітеді, жөндеу жұмыстарын азайтады, гараждар мен МТС-тердің артық бөлшектері жұмсауын кемітеді.

Ванадий тез кесетін болат шығарудағы міндетті қосынды болып табылады. Ванадийлі болаттардан аспап-саймандарды көп шығару металл өңдеуді шапшаңдатуға, аспап саймандардың қызмет ету мерзімін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл айтылғандар біздің елімізде ванадийлі шикізаттар өндірісін тез ұлғайтуды талап етеді. Осыған байланысты Қазақстанда ванадий қорының көп екенін айта кету керек. Республикамыздағы ванадий шикізатының байлығы еліміздің барлық талабын қамтамасыз етуге жарайды. Сонымен бірге, ішкі мұқтаждықтардан артылдырып, шет елдерге шығаруға да бұл металдың біздегі байлығы жетеді. Сондықтан бұл мүмкіншіліктерді алтыншы бесжылдықтан бастап тез пайдалануға кірісу керек.

Осыған байланысты Қазақстанда салынбақшы болып отырған ірі металл заводы бір ғана феррованадий шығаруға маманданбай, сонымен бірге ферровольфрам, ферромолибден, ферроникель, ферротитан және басқа көптеген арнаулы қорытпалар шығаруға тиіс. Бұл қорытпалар

жергілікті жердің өзінде, бұл металдардың Қазақстандағы бай қазбаларын пайдалану есебінен шығарылуға тиіс.

Қазақстандағы неғұрлым арзан электр қуаты өндірілетін аймақта салынуға тиіс болып отырған жаңа электр металлургия заводында алтыншы бесжылдықтан бастап әртүрлі аса бағалы арнаулы қорытпалар шығаруды ұйымдастыру қажет.

Сол сияқты, алтыншы бесжылдықтың ішінде Қазақстанда жеңіл металдар – алюминий және басқа металдар шығаратын, күкіртті, тұзды, қышқыл, сода, азот-калий және фосфор өндіретін ірі-ірі өнеркәсіп орталықтары салынуға тиіс.

Жоғарыда айтылған ірі-ірі металлургия өнеркәсіп орталықтары салынғаннан кейін, еліміздің шығыстағы аудандары өнеркәсіп пен құрал-сайман жасаудың қандай саласын болса да дамыту үшін қуатты жергілікті базаға ие болады. Мұның өзі СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысына жауап береді.

Қазақстанда ауыр өнеркәсіпті өркендетудің жоғарыда айтылған кең программасын жүзеге асыруда, әрине, совет ғылымы көрнекті орын алады. Осыған байланысты Қазақстандағы ғылыми ұйымдардың жұмысы қазіргі уақытта белгіленіп отырған зерттеу жұмыстарының көлемін тіпті де толық қамти алмай отырғанын айта кету керек.

Бұл талаптарды қанағаттандыру үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының бір өзінің ғана күші мүлде жеткіліксіз. Ол үшін Қазақстанда бір-қатар аса маңызды жалпы одақтық салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының филиалдарын ашу қажет.

Қазақ ССР Ғылым академиясы ғылыми жұмыстарын үздіксіз дамытып, өндірістік және ғылыми-эксперименттік базасын ұлғайта беру керек. Мұны орындамайынша, ол республиканың алдыңғы қатарлы ғылыми және техникалық ой-пікірінің орталығы бола алмайды.

Қазақстанды одан ары индустрияландырудың сипаты мен қарқыны жөнінде алтыншы бесжылдықта мықтап алға басу міндетін жүзеге асыру үшін Советтік Қазақстанның барлық еңбекшілеріне, бүкіл қазақ халқына зор жауапкершілік жүктеледі. Қазақстан еңбекшілерінің, бүкіл қазақ халқының, оның ішінде Қазақстан ғалымдарының да, СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының тарихи қарарларымен қаруланып, өздерінің алдарына қойылған аса маңызды мемлекеттік міндеттерді ойдағыдай орындау үшін бар күшін аямай жұмсайтындығына сенуге болады.

ҚАЗАҚСТАН АУЫР ӨНЕРКӘСІБІН ӨРКЕНДЕТУДІҢ КЕЙБІР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ССРО Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясында шаруашылық және мәдени құрылыста еліміздің қолы жеткен тарихи жеңістерінің қорытындысы шығарылған, сондай-ақ мұнда еліміздің өндіргіш күштерін жаңа қарқынмен мықтап өркендетудің жарқын болашағы да белгіленген.

Совет өкіметі тұсында өткен қырық жыл ішінде ССРО-ның халық шаруашылығы алып адыммен ілгері басты. 1957 жылы бүкіл өнеркәсіптің шығарған жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 33 есе, оның ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 74 есе өсті.

Еліміздің экономикасының шарықтап өрге басуы социализмнің капитализмнен әлдеқайда зор артықшылықтары бар екенін дәлелдейді. Ұлттық табыстың өсу қарқыны жағынан ССРО дүниежүзінде бірінші орын алады. Еліміздің ұлттық табысы жан басына шаққанда 1913 жылғыдан 13 есе көбейген болса, Американың ұлттық табысы осы мерзім ішінде небәрі 2 еседей ғана, ал Англия мен Францияның ұлттық табысы тек 1,6 есе өсті.

Совет Одағының өндіргіш күштерін дамытумен қабат, оларды орналастыру ісінде де түбірлі өзгерістер болды. Мұның өзі әсіресе Қазақстан сияқты Отанымыздың шығыс аудандарында өнеркәсіп өндірісін жедел өркендетуде, қуатты индустрия орталықтарын құруда, өнеркәсіптің жаңа салаларын ұйымдастыруда көзге айқын түсіп отыр.

Қазақстан совет өкіметі жылдарында өнеркәсібі де, ауыл шаруашылығы да өркендеп өскен республикаға айналды. Совет өкіметі тұсында Қазақстанның өнеркәсібіндегі өнімнің көлемі 36 есе көбейді. Жалпы-одақтық еңбек бөлісінде республикамыз бірқатар аса маңызды өнеркәсіп өнімдерін, атап айтқанда, мыс, қорғасын, мырыш, көмір өндіру ісінде көрнекті орын алып отыр. Елімізде өндірілетін рудалардың ішінде қорғасынның 75 %-ке жуығы, мыстың 50 %-і Қазақ ССР-інің үлесіне тиеді. Қазіргі уақытта республикамызда өндірілетін көмір революцияға дейінгі бүкіл Россияда 1913 жылы шығарылған көмірдің мөлшеріне тең болса, өндірілетін электр қуаты сол 1913 жылы Россияда өндірілген электр қуатының барлық мөлшерінен 2,5 есе асып түсіп отыр.

Халық шаруашылығының бүкіл саласын дамытуда еліміздің қолы жеткен табыстары Коммунистік партиямызға ССРО-ның басты экономикалық міндеттерінен қысқа тарихи мерзім ішінде халықтың жан басына өнім өндіруде анағұрлым өркендеген капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндеттерін шешудің мерзімін белгілеуге мүмкіндік берді.

Н.С.Хрущев жолдас өзінің баяндамасында алдын ала жасалған жобалар бойынша шамамен айтқанда, 15 жылда ССРО-да өнеркәсіп өнімінің жылма-жылғы өндірісі мынадай дәрежеге жеткізіледі деп көрсетті:

шығарылатын темір рудасы 250-300 млн. т. қорытылатын шойын 75-85 млн. т. болат 100-120 млн. т. көмір 650-750 млн. т. мұнай 350-400 млн. т. шығарылатын және өндірілетін газ 270-320 млрд текше метр, электр қуаты 800-900 млрд киловатт-сағат, цемент 90-110 млн. т., қант 9-10 млн. т., жүн-мата 550-650 млн. т., былғары аяқ-киім 600-700 млн.

Мұның өзі таяудағы 15 жылда өнімнің бірқатар аса маңызды түрлері бойынша Совет елі АҚШ-тың осы кездегі өндірісінің дәрежесіне жетіп қана қоймай, одан асып та кететінін көрсетеді. Осы сияқты орасан зор міндетті іс жүзінде асыруға еліміздің бүкіл халықтары белсене қатысады. Бұл істе, әсіресе, біздің республикамыз көрнекті де құрметті орын алады. ССРО мен АҚШ-тың экономикалық жарысында өнеркәсіп өнімдерінің бірқыдыру аса маңызды түрлерін шығару ісінде Қазақстан үлкен рөл атқаруға тиіс.

Совет өкіметі тұсында, әсіресе бесжылдықтар кезінде, кең көлемді геологиялық зерттеулердің нәтижесінде, Қазақстанда алуан түрлі пайдалы заттардың көптеген кендері табылды. Тіпті толық зерттеліп болмаса да, қазіргі кездің өзінде республикамыз хромның, ванадийдің, темірдің, мыстың, қорғасынның, вольфрамның, фосфориттердің қоры жағынан дүниежүзінде алдыңғы қатарлы орындардың бірін алып келеді. Марганецтің, молибденнің, көмірдің, калий тұздарының, титанның, никельдің, ренийдің, кадмийдің, сондай-ақ жаңа техниканы дамытуда маңызы ерекше үлкен тағы басқа сирек және бытыраңқы элементтердің қоры жөнінен де Қазақстан ССРО-да алдыңғы қатарлы орындардың біріне ие болуда.

Қазақстанның барланып, анықталған кен байлықтарының өзі толып жатқан аса ірі өнеркәсіп орындарын құруға негіз бола алады, сонымен қатар олар ССРО-ның өндіргіш күштерін дамыту үшін бұрынғыдан да қолайлы жағдай жасайды.

Табиғи байлықтарының мол болуы, олардың өте-мөте қолайлы географиялық жай-күймен орайлас келуі республикамызды Совет Одағындағы өнеркәсібі жан-жақты өркендеп өскен жетекші индустриялы ауданға айналдыруға даңғыл жол ашып отыр. Елімізде өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру жұмысының бұған тигізетін игілікті ықпалы да ересен күшті болмақ.

Бізде қара металлургияны өркендету үшін де мүмкіндік зор. Қазақстанда темір рудалары қорының молдығына, кокстелетін және энергетикалық көмірлердің, флюстердің (руда қорытуды оңайлату және қажетті металды тазарту үшін қосылатын заттар), тағы басқа қосымша шикізаттардың болуына байланысты республиканың өзінде 15 жыл бойына 20 млн. т. дейін шойын өндіруді ұйымдастырып, сол арқылы еліміздің экономикалық басты міндеттерін орындауға лайықты үлес қосуға қолайлы мүмкіншілік туып отыр.

Қазір Қазақстан темір рудаларының қоры жөнінен Уралдан озып, алдыңғы қатарлы орындардың біріне ие болды. Геологиялық зерттеулер

мен барлау жұмыстарының нәтижесінде Ұлы Отан соғысынан кейінгі кездерде Қостанай мен Қарағанды облыстарында темір рудаларының үлкен кен орындары жаңадан табылды. 1949 жылы Қостанай облысынан табылған Соколов-Сарыбай, Қашар, Қоржынкөл сияқты магнитті рудалардың кен орындары өздерінің қоры жағынан Америка металлургиясына қажет темір рудаларының көбі өндірілетін Верхнее көліндегі темір рудасы бассейнінен анағұрлым асып түседі.

КПСС XX съезінің нұсқауларына сәйкес алтыншы бесжылдықтың өзінде Соколов-Сарыбай темір рудалары кендерін игеру жөнінде үлкен шараларды жүзеге асыру көзделуде. Тек Совет Одағында ғана емес, сондай-ақ бүкіл Еуропа бойынша ең ірі Соколов-Сарыбай комбинаты салынып жатыр. Жылына 15 млн. т. руда шығаратын бұл комбинат еліміздегі темір рудасының қуатты жаңа базасы болады. Мұның өзі Уралдың металлургия кәсіпорындарын жоғары сапалы рудамен жабдықтау сияқты халық шаруашылық маңызы зор міндетті орындауға мүмкіндік береді.

Қостанай облысында фосфорлы оолит темір рудаларының Лисаков, Аят кен орындары бар. Бұлардың қоры еліміздегі ең ірі Керчь кенінің қорынан анағұрлым көп. Қостанай, Қызылорда, Павлодар облыстарының жерлерінен табылып отырған фосфорлы оолит рудаларының геологиялық қоры жағынан дүниежүзілік маңызы бар.

Лисаков, Аят кен орындарының әрқайсысынан жылына ондаған млн. т. фосфорлы руда өндіруге болады. Бұл рудаларды байыту арқылы темірге ерен бай концентраттар алуға мүмкіндік жасалады. Темір рудаларының мұндай қоры бірнеше металлургия заводтарын қамтамасыз ете алады. Міндет: осы рудаларды неғұрлым тиімді пайдалану жолын тауып белгілеуде, фосфорлы рудаларды ұқсататын болашақ металлургия заводтарын жалпы мемлекеттік мүддеге сай дұрыс орналастыра білуде болып отыр.

Қазір салынып жатқан Қарағанды металлургия зауытынан басқа 1959-1965 жылдары жаңадан тағы екі завод салуға болады. Мұның өзін арнап жүргізген зерттеулердің нәтижесі айқын көрсетті. Әрқайсысы жылына бірнеше млн. т. болат өндіретін екі зауыттың бірін Қостанай облысында, екіншісін Павлодар қаласының маңында салған жөн.

Лисаков кенорнындағы оолит рудаларды өндіруге қаржы онша көп жұмсалмайды. Зерттеулердің нәтижесіне қарағанда мұндағы шығынның мөлшері Керчь кенорнындағыдан анағұрлым төмен (30-50 %) болатын түрі бар.

Қостанай мен Павлодардағы металлургия зауыттары фосфорлы шойын шығарады. Оолитті рудалар негізінде фосфорлы шойын қорытатын үлкен өндіріс ұйымдастыру туралы пікір елімізде болат өндіруді ұлғайту мақсатынан ғана туып отырған жоқ, ол сонымен бірге әрі арзан, әрі сапалы фосфорлы тыңайтқыш томасшлак өндіру қажеттігімен де байланысты туып отыр. Солтүстік Қазақстанның жаңадан игерілген ұланбайтақ тың және тыңайған өңірлері мұндай тыңайтқышты келешекте

анағұрлым көп керек ететін болады. Қостанай рудаларын игеру мақсатымен салынатын Қазақ металлургия зауыттарын іске қосудың өзі болат өндірудің өзіндік құнын арзандатады, сондай-ақ түрлі қосымша өнімдер (томас-шлак, феррованадий) шығаруға мүмкіндік береді, міне осы арқылы халық шаруашылығына зор пайда келтіріледі.

Қазақстанның қара металлургиясы кәдуелгі болаттардан анағұрлым берік, әрі ұзақ уақыт тұтынуға жарайтын болаттың таза жаңа түрлерін көптеп шығару мақсатын көздеуі керек. Мұндай болатты машина жасауға, құрылыстарға пайдалану арқылы металды жұмсау мөлшері едәуір кемиді. Таза болат алу үшін оған хром мен ванадийді қосу керек. Ал хром мен ванадийдің өзін Қазақстан жерінен керек мөлшерде өндіруге болады.

Дүниежүзіндегі ең ірі Ақтөбе хромит кені негізінде, сондағы ферросплав зауытының феррохром шығару өнімділігін екі есе арттыру керек, Павлодарда феррохром қорытатын жаңа зауыт салған жөн.

Елімізде феррованадий өндіруді шұғыл арттыру үшін Қаратауда үлкен феррованадий зауытын салу қолайлы болады. Оған шикізат ретінде қоры орасан мол Қаратау ванадий рудаларын пайдалану керек. Мұндағы рудаларды өңдеу арқылы олардан ванадиймен бірге молибден және өте-мөте маңызды басқа элементтер едәуір мөлшерде алынуы мүмкін. Қаратау рудаларын зауытта химиялық жолмен ұқсатқанда алынатын шлактарды цемент, силикат кірпішін тағы басқа құрылыс бұйымдарын жасау үшін ойдағыдай қолдануға болады.

Республикамыз Совет Одағының түсті металдар қоймасы деген атқа ие болып келеді. Бірақ Қазақстанда түсті металдар өндірісін ұлғайту саласындағы мүмкіндіктер әлі де жеткілікті пайдаланылмай келе жатқанын атап айтуымыз керек.

Түсті металл рудаларының қоры мол болуына қарамастан, бізде осы рудаларды өндіру ісі шағын мөлшерде жүргізіледі, сондықтан Қазақстан заводтарының руда шикізаты жөніндегі керегі толық өтелмей келеді. Бұған мысал ретінде мынадай деректерді келтіруге болады: Шымкент қорғасын зауыты Қазақстанның байыту фабрикаларының қорғасын концентраттарымен жартылай ғана қамтамасыз етілген. Қорғасын рудасы шикізатының қалған 50% зауытқа еліміздің басқа аудандарынан тасып әкелінеді. Лениногор қорғасын зауытының жайы да осындай. Солай бола тұрса да Мырғалымсай, Зырян сияқты өте ірі кен орындар әлі күнге ойдағыдай пайдаланылмай жүр.

Орталық Қазақстандағы кен орындарды іске қосқан кезде республика зауыттарын қорғасын, мырыш концентраттарымен жабдықтауды анағұрлым жақсартуға мүмкіндік туар еді. Сонымен қатар барит концентраттарын бұған қоса алуға болар еді. Мұнай мен химия өнеркәсіптері осындай концентратқа ділгір болып отыр.

Таяудағы жылдары Қазақстанда полиметалл рудаларын өндіру дәрежесін арттырып, республика зауыттарына руда шикізатын сырттан тасу сияқты қолайсыздықтан мүлде құтылуымыз керек. Еліміздің мыс пен

полиметалға деген қажеті үздіксіз өсіп келеді. Түсті металлургияның бар зауыттарын өркендетуді, сондай-ақ жаңа зауыттар салуды осы бастан ойластырған жөн.

Қазақ ССР-інің халық шаруашылығын өркендетудің 1959-1965 жылдарға арналған болашақ іс-жоспарында ең алдымен Жезқазғандағы мыс қорытатын үлкен комбинаттың құрылысын аяқтау шаралары көзделуге тиіс. Бұдан 25 жыл бұрын Жезқазған өзінің кен қоры жағынан ССРО-да бірінші орын алған болатын. Кейін оның кен қорының өсу қарқыны мықтап үдей түсті. Қазір ол өзінің көлемі жағынан дүниежүзінде екінші (Оңтүстік Америкадағы Чуквикамата кенінен кейінгі) орынға ие болып отыр. Жезқазғанның кен байлығы әлі толық зерттеліп болған жоқ. Келешектегі геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижесінде мұнда мыс пен қорғасынның жаңа кен орындары табылуы да ықтимал, ал Чуквикаматаның жайына келетін болсақ, соңғы 10 жыл ішінде ондағы мыс қорының үштен бір бөлегінен астамы сарқылып таусылған.

Келешекте Жезқазған дүниежүзіндегі мыс кендерінің ең байы болатындығында күмән жоқ. Мұндағы рудаларда мыстың орташа мөлшері АҚШ-тың ірі кен орындарында өндірілетін рудалардағы мыстың орташа мөлшерінен едәуір жоғары, сол сияқты еліміздегі Қоңырат, Бозшакөл тәрізді өте ірі кендердегі мыстың орташа мөлшерінен екі еседей артық. Бірақ бұдан Қоңырат, Бозшакөл кендерін пайдалану тиімсіз деген ұғым тұмайды.

Жезқазған рудаларында кремний көп. Кремний рудаларының жер астында жанып кетуіне мүмкіндік бермейді. Уралдағы көптеген мыс-колчедан кен орындарында мұндай жану жиі кездесіп отырады. Сонымен қатар Жезқазғанның руда аралас құмы берік, әрі жабысқақ тау жыныстардан құралады, ол руда қазу кезінде ешбір тіреуішсіз-ақ құламай тұра береді, сондықтан мұнда тіреу ағаштарының қажеті де болмайды.

Рудалар арасындағы судың ағысы да баяу. Руда қоспаларының, яғни оның айналасындағы кен тау жыныстардың бүкіл разрезінде суы қалқыған бірде-бір қабат немесе басқа бір дымқыл тау жыныс кездеспейді. Ал мұның өзі руда қазу жұмысында анағұрлым өнімді тәсілдерді қолдануға өте-мөте қолайлы жағдай туғызды.

Жезқазғанда ашық карьер түріндегі жұмыстарды кеңінен қолдану мүмкіндігі зор екендігін мына деректермен де дәлелдеуге болады. Бұл арадағы руда қабаттарының бәрі де оншама тереңде болмайды (небәрі 400-500 м тереңдікте жатады). Бұған қоса қазіргі руда қазу техникасының жетістіктері тұрғысынан қарасақ, ашық карьерден руда шығару жұмыстарының ұтымды болатындығында күмән жоқ.

Жезқазғанның мыс қорының 92% сульфит рудалар түрінде болса, 8%-тке жуығы тотыққан рудалар түрінде кездеседі. Сульфит рудалар флотация әдісімен жақсы байытылады, одан кемінде 93-94% таза мыс концентраты алынады. Мұны Қарсақпай зауытының отыз жылдық өндірістік тәжірибесі толық дәлелдеп берді.

Тотыққан рудаларға келетін болсақ гидрометаллургия және флотация әдістерін аралас қолдану арқылы одан 92%-ке дейін мыс алуға болады. Ал егер флотация әдісінің өзін ғана қолданса, алынатын мыстың мөлшері 70%-тен аспайды.

Жезқазғанда мыс қоры орасан мол, сонымен қатар мұнда, рудаларды қазу, өңдеу жұмыстарының кен-техникалық және технологиялық жағдайлары да өзінің тиімділігі жағынан оншама көп кездесе бермейтіні анықталып отыр.

Үлкен Жезқазған комбинатын салумен байланысты, қазіргі уақытта бірқатар шұғыл шаралар жүзеге асырылуға тиіс. Біз ондай шұғыл шаралардың негізгілерін мына төмендегілер деп есептейміз. Біріншіден, Магнитогорск комбинатын салуда партия мен үкіметіміз қолданған шараларды Жезқазғанда да қолдану керек. Бүкіл ел болып орындайтын бұл жұмысқа комсомол ұйымдары арқылы қайтпас қайратты жастар арасынан, сондай-ақ ысылған басшы кадрлар, өндірістегі маман жұмысшы, инженер-техник қызметкерлер арасынан адамдарды ұйымдасқан түрде іріктеп алу керек.

Жұмысшы қалашықтарының айналасына бау-бақша егу арқылы кең көлемде көгалдандыру ісін жүргізуді, сондай-ақ Жезқазған өңірінде жеміс, овощ, картоп, ет, сүт совхоздарын ұйымдастыруды, мәдени-тұрмыс орындарын ашуды осы бастан ескерген жөн.

Жезқазған өңірінде жұртшылыққа мәлім болған және өнеркәсіптік барлау жүргізілген өзге де ірі кен орындар бар. Жезді, Байқоңыр, Қияқты, Талдыбұлақ, Шайтантас, Ешкіөлмес сияқты кен орындарда темір, марганец, кобальт, доломит, ванадий өндіріледі. Таяудағы жылдары салынатын Жезқазған-Арал теміржолы осы өңірдегі көптеген кен орындарды жедел игеріп, халық шаруашылығы қажетіне жаратуға кең өріс ашады.

Республикамыздың мыс заводтарын руда шикізатымен жабдықтауда Жезқазғаннан басқа Николаевск, Бозшакөл тәрізді жаңадан барланған кен орындар да лайықты орын алуға тиіс. 1959-1965 жылдары бұл кен орындарда рудниктер, байыту фабрикалары салынса дейміз.

Бізде никель-кобальтті рудалардың қоры да едәуір. Осындай кен орындардың анағұрлым ірілері, әрі барлау жұмыстары бірсыдырғы тәуір жүргізілгендері Кемпірсай (Ақтөбе облысы), Батыс Торғай (Қостанай облысы) және Қарағанды облысындағы бір топ кен орындар болып саналады. Бұлардың ішінде әзірге пайдалануға берілгені тек Кемпірсай кен орны болып отыр. Оңтүстік Урал никель комбинатының өндірісін өркендету мақсатымен 1959-1965 жылдары Батыс Торғай кен орны негізінде қуатты рудник салу, ал Қарағанды кен орындарының негізінде Қарағандыда қуаты орташа никель зауытын ұйымдастыру туралы мәселе қоюға мүмкіндік бар.

Аманкелді кенінің аса мол бокситтерін игеру ісін жеделдету шараларын қолдану керек, соның негізінде Павлодарда ірі алюминий зауытын салуға болады. Жаңа техниканы шарықтатып дамытуда мәні үлкен

молибден, вольфрам тағы басқа көптеген сирек кездесетін және бытыраңқы элементтерді өндіру жұмысын да едәуір күшейту міндетін ойдағыдай орындау үшін, елімізде сирек кездесетін металдардың өте-мөте ірі кендері болып табылатын Орталық Қазақстанның Жәнет, Батыстау, Қараоба, Жоғарғы Қайрақты, Ақмая кен орындарын таяу жылдар ішінде игеру керек.

Қазақстан түсті металдың, оның ішінде мыстың, қорғасын мен мырыштың өндірісін айтарлықтай ұлғайтуды осы металдарды өңдеудің тәсілдерін жақсарту арқылы қамтамасыз етуге болады.

Көмірдің қоры жөнінен республикамыз Совет Одағында үшінші орын алады. Келешекте республикада көмір өндіруді қазіргі дәрежесінен 3-4 есе арттыру сияқты нақты міндетті алға қоюға болады, өйткені бізде басым көпшілігін ашық әдіспен қазып алуға болатын көмір қоры мол.

Болашаққа арналған жоспарда негізінен Қарағанды, Екібастұз, Торғай, Майкөбе бассейндерінен көмір өндіру мөлшерін мықтап арттыруға баса назар аударылуға тиіс. Екібастұз, Майкөбе, Торғай қоңыр көмір бассейндерінен көмірді ашық әдіспен қазу жұмысы кең көлемде ұйымдастырылуы керек. Қостанай облысында қара металлургияның ірі өнеркәсібінің болашағы зор екенін айтсақ, Құсмұрын кеніндегі көмірден металлургия коксын алу жолында жүргізіліп жатқан жұмыстар назар аударарлықтай.

Гурьев облысындағы кен орындар негізінде таяудағы 6-7 жылдың ішінде республикада мұнай өндіру мөлшерін ұлғайту үшін де қолайлы жағдай бар. Қазақстандағы, ең алдымен Ембі, Маңғыстау өңіріндегі мұнай және жанғыш газ түрлерін зерттеуге байланысты геофизикалық зерттеу, геологиялық барлау жұмыстарын барлық жағынан күшейтуге тиістіміз.

Республикамызда химия өнеркәсібінің, оның ішінде қышқыл, тұз химиясының да, сондай-ақ органикалық химияның да қажетін өтейтін ірі шикізат қоры бар. Фосфорит шикізаттарының қоры жағынан Қазақстан Одақта Хибиннен кейін екінші орын алуда. Қаратауда фосфориттің қоры 1 млрд тоннадан асады.

Қазақ ССР-інің Ғылым академиясы күкірт қышқылын қолданбай-ақ суперфосфаттан кем соқпайтын фосфорлы тыңайтқыш – термофосфат алудың жаңа, неғұрлым тиімді тәсілін тапты. Қаратау фосфоритінің қоры өте көп, міне осыған байланысты бізде ірі суперфосфат, әрі термофосфат өндіретін жаңа зауыттар салу туралы мәселе қоюдың мезгілі жеткен сияқты.

Қарағанды металлургия зауытының жаңадан салынып жатқан кокс-химия цехының, Павлодардағы жаңа салынып жатқан, ал Гурьевте бұрыннан жұмыс істейтін мұнай айыру зауытының қалдықтары негізінде органикалық синтез өнеркәсібін өркендетуге мүмкіншілік туып отыр. Міне осыған сәйкес Қазақстанда аммиак, каучук, пластмасса, жасанды талшықтар өндіру ісін өрістетуге қажет.

Халық шаруашылығында пластмасса ерекше маңызды орын алмақ. Оны өндірісте қолдану арқылы тіпті түсті металдарды үнемдеуге болады. Бір тонна полихлорвинил пластикатын кабель бұйымдары өндірісінде қолдану 5 тоннаға дейін қорғасын үнемделуін қамтамасыз етеді.

Бізде аса маңызды құрылыс материалдары өнеркәсібіне керек шикізат қоры да жеткілікті. Қазір салынып жатқан Семей, Шымкент цемент зауыттарынан басқа 1959-1965 жылдары Қостанай әкімшілік экономикалық ауданындағы әк шығарылатын Сухореченск кені, Қарағандының әкімшілік экономикалық ауданындағы әк өндірілетін Сарыбидайық кені негізінде бірнеше жаңа ірі цемент зауыттарын салған жөн. Кварц құмы өндірілетін Мұғалжар кені негізінде республикамызда терезе әйнектері мен хрусталь жасайтын тұңғыш ірі әйнек зауытын салып, іске қосу керек.

Қазақстанның орасан мол кен байлықтарын игеру энергетиканы мықтап өркендетуді, жаңадан бірнеше теміржолдар салуды, сондай-ақ су шаруашылығының түбегейлі мәселелерін шешуді керек қылады.

* * *

Халық шаруашылығының бүкіл саласында ғылым мен техниканың неғұрлым жаңа, соны табыстарын кеңінен қолдану арқылы ғана өндіріс күштерді дамыту ісінде бұрынғыдан да биік белеске шыға аламыз.

Социалистік және капиталистік екі жүйенің экономикалық жарысында техникалық прогрестің бастаушысы болған ғана жеңіске жететіндігін В.И. Ленин талай рет атап көрсеткен болатын. Ол ең жоғары техникасы, ұйымшылдығы, тәртібі және ең жақсы машиналары барлар озып шығады деген.

КПСС Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі «ССРО халық шаруашылығын өркендетудің болашаққа арналған жоспарын жасау туралы» қаулысында келешектегі іс-жоспарды алға қойып отырған басты міндетті жүзеге асырудың маңызды шарты – үздіксіз техникалық прогресс, озат ғылым мен техниканың жетістіктерін игеру және оларды өндірістің барлық саласында кеңінен қолдану негізінде еңбек өнімділігін мейлінше арттыра беру болып табылатынын айрықша атап көрсетті. Бұл жоспар ғылымның бүкіл саласын дамытуға, теориялық зерттеулер мен соны ғылыми жаңалықтарға бұрынғыдан да кең өріс ашады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы өнеркәсіпті, әсіресе геологияны, кен зерттеу істерін, металлургия мен энергетиканы ілгері бастыра беруде мәні зор бірсыпыра жұмыстар атқарды. Бұл жұмыстарды өнеркәсіпте қолданудың техникалық жағынан да, экономикалық жағынан да маңызы күшті болып отыр.

Мыс рудалары мен концентраттарын циклонды әдіспен балқыту жолдарын белгілеу анағұрлым ірі жұмыс болып саналады. Бұл әдіс тиісті құрал арқылы тексеріліп байқалады. Оның нәтижесі жақсы болып шықты. Біріншіден, бұл әдістің жұмыс қарқынын едәуір арттыратыны

анықталды. Циклон камерасының жұмыс өнімділігі шағылдырғыш пешінің балқыту өнімділігінен 30 еседей артық болады. Циклонды әдісті Балқаш мыс қорыту зауытында қолдану жұмыс өнімділігін 1,5-1,6 есе арттырған болар еді. Сонымен бірге еңбек жағдайы күрт жақсарады, қорыту жұмыстарын жаппай автоматтандыруға мүмкіндік туғызылады.

Циклонды әдісті қара металдар рудаларын қорыту үшін қолдануға да болады. Түсті металдарға қарағанда, циклонды әдіспен қорытудың тиімділігі қара металл үшін анағұрлым басымырақ болуы да ықтимал. Қара және сирек кездесетін металдар рудасын циклонды әдіспен қорытуды өндірісте тезірек қолдану үшін арнаулы тәжірибе жұмыстарын жүргізу керек.

Елімізде өндірілетін никельдің көпшілігі байытуға келмейтін қоспасы аз тотыққан силикат никель рудаларынан қорытып алынады. Өте ірі Оңтүстік Урал никель комбинаты никельді Кемпірсай кенінің тотыққан рудаларынан қорытады. Кемпірсай рудаларынан айырып алынатын никельдің орташа мөлшері 1 %-ке жақын болады. Руда сульфитке гипс қосу жолымен қорытылады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының лабораториялық және ішінара өндіріс жағдайында жүргізген тәжірибе жұмыстары мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қоспасы аз, тотыққан никель рудаларын мейілінше тиімсіз, оларды 37-30 %-ке дейін оттегімен байыту арқылы қорыту тиімді келеді. Бұлай қорытқанда жеке шлактардан ажырамай кететін никельдің мөлшерін 0,20-0,23 %-тен 0,02 %-ке дейін, ал кобальттің мөлшерін 0,04-0,05 %-тен 0,004 %-ке дейін кемітуге болады. Жаңадан табылған тәсіл бойынша рудадан айырып алынатын никельді осы күнгі көрсеткіштермен салыстырғанда, 15 %, кобальтті 30 % көбейтуге болады. Сонымен бірге қорытудың жаңа тәсілі ватержакет пештерінің (металл қорыту пештерінің бір түрі) өнімділігін 1,5-2 есе арттыруға жағдай жасайды.

Қоспасы аз никель рудаларын өңдеудің жаңа технологиясын ойдағыдай игеру, тек жалғыз Орск никель комбинаты бойынша жыл сайын кемінде 150 млн. сомға жуық қаржы үнемделуін қамтамасыз етеді. Мұны алдын ала шығарылған есеп айқын көрсетіп отыр.

Феррохром өндірісінің негізгі шикізаты ұнтақ хромит рудаларын агломерациялау жөнінде академиямыздың ғалымдары Ақтөбе ферросплав зауыты коллективімен бірлесіп ойлап тапқан тәсілдердің де маңызы зор.

Шихтаға (руданы қорыту үшін металлургия пешіне рудамен бірге араластырылып салынатын материалдар) агломерат араластыру ферросплав пештерінің өнімділігін 16 % арттырады, электр қуатының жұмсалыу мөлшерін кемітеді, жұмысшылардың еңбек жағдайы едәуір жақсара түседі. Академияда сирек және бытыраңқы элементтерді айырып алу жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. 1949 жылы академия ғалымдары өндіріс мамандарымен бірлесе отырып, Балқаш мыс зауытында

ренийді бөліп алу әдісін тапқан болатын. Соңғы уақытта Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелері Жезқазған рудаларында шоғырланған ренийдің едәуір мөлшерде бар екенін анықтады. Енді Жезқазғанды еліміздегі рений шығатын негізгі кен орын деп те санауға болады. Қазіргі кезде босқа кетіп жатқан ренийді, оның өзге де бағалы сыңарларын тозаңнан айырып алу үшін Балқаш, Қарсақпай және болашақ үлкен Жезқазған зауыттарының металлургия цехтарына тозаң тұтқыш аспаптар орнатуды осы бастан ескерген жөн.

Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметкерлері Шымкенттегі қорғасын зауытының агломерация цехының тозаңдарынан сирек кездесетін элемент – таллий өндірудің жаңа әдісін де тапты. Бұл әдіс 1956-1957 жылдары зауытта тексерілгенде жақсы нәтиже берді. Оның өзі таллийді мейлінше таза күйінде алуға болатынын анықтады.

Шымкент қорғасын зауытында агломерация цехынан басқа цехтардан да индий, кадмий, теллур және басқа металдар араласқан тозаңдар шығады. Ал бұл металдардың жаңа техниканы өркендете беру үшін маңызы зор. Бұл тозаңдардан комплексті түрде бағалы компоненттерді түгелдей айырып алуға болатынын академия ғалымдары өздерінің ғылыми жұмыстары арқылы анықтап шықты. Міне осыған байланысты Шымкент қорғасын зауытында сирек кездесетін металдардың тәжірибе цехын құруды жоспарлау, сондай-ақ жаңа әдіспен таллий өндіретін тәжірибе-өндірістік цех құрылысын жылдамдату керек.

Республикамыздың Ғылым академиясы Торғай бокситін тас-топырақтан айырудың сульфит каустикалық әдісін ойлап тапты. Бұл әдіс бойынша руданы таза гидрохимиялық жолмен ұқсатуға болады.

Түсті металлургия жобалау институтының коллективімен бірлесе отырып, академияның кенші ғалымдары Жезқазған рудасын шахта әдісімен қазудың жаңа жолын тауып, оны өндіріске қолдануды ұсынды. Осы әдіс бойынша өндіріс жұмыстарының бәрінде де өздігінен жұмыс істейтін қуатты жабдықтар қолданылады. Руданы ұқсатудың бұл жаңа жолы кенші жұмысшылардың еңбек өнімділігін шамамен айтқанда 3,5 есе арттыруға мүмкіндік береді.

Академияның кейбір елеулі жұмыстары міне осылар. Біздің пікірімізше, бұл жұмыстар республикамыздың халық шаруашылығын өркендетудің 1959-1965 жылдарға арналған жоспарында ескерілуге тиіс.

Бұл күндері Қазақ ССР Ғылым академиясы ғылыми-зерттеу жұмыстарының 1959-1965 жылдарға арналған жоспарын жасауда ғылымның рөлін мейлінше арттыра беру қажеттілігі басты міндет етіп қойылды.

Халықтың жан басына өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өнімдерінің аса маңызды түрлерін өндіру жөнінен Америка Құрама Штаттарын қуып жетіп, басып озу туралы алға қойылған міндеттерді орындау ісіне лайықты үлес қосуды Қазақ ССР Ғылым академиясының ғалымдары өздерінің қасиетті борышы деп санайды.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МИНЕРАЛ БАЙЛЫҚТАРЫ

Орталық Қазақстанға Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Қарағанды облыстары, сол сияқты Қостанай облысының шығыс бөлігі мен Семей облысының батыс бөлігі кіреді. Орталық Қазақстанның жер көлемі 900 мың шаршы километрден асады, яғни республика аумағының үштен бір бөлегін алып жатыр. Басқаша айтқанда, бұл аймақ өзінің жер көлемі жағынан Украина мен Белоруссия Советтік Социалистік Республикаларының территорияларын қоса есептегендегіден көп, сол сияқты Франция мен Германияның территорияларын қосып есептегендегіден де көп.

Геологиялық жағынан алып қарағанда Орталық Қазақстан батыста Торғай ойпаңымен, солтүстікте Батыс Сібір, шығыста Ертіс, оңтүстікте Шу-Балқаш ойпаңдарымен шектеліп жатқан, палеозой кең өңірі болып табылады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін іс жүзінде зерттелмеген Орталық Қазақстанның геологиясын зерттеуде Совет өкіметі жылдарында көптеген нәтижелі жұмыстар істелді.

Орталық Қазақстанның геологиялық құрылысы еліміздегі Орал, Кавказ және басқа кен руда аудандарындағыдан өте күрделі, оның минерал байлығы алуан түрлі. Орталық Қазақстанды зерттеген сайын пайдалы қазба кендерінің жаңа орындары табылып, оның тізімдері ұлғая түсуде.

Қазір Орталық Қазақстанның жер қойнауы республикамыз бен бүкіл еліміздің шын мәнісіндегі бай қазынасына айналды. Мұнда Қарағанды бассейні, Балқаш комбинаты сияқты индустрия алыптары пайда болды. Үлкен Жезқазған мыс комбинатының жобасы іске асуға жақын, халқымыз Қазақстан Магниткасы деп атаған Қарағанды металлургия зауытының, Екібастұз бассейнінің, Атасу және Аманкелді рудниктерінің, тағы басқа ірі өнеркәсіп орындарының құрылысы кеңінен өрістетілуде.

Орталық Қазақстанды индустрияландырудың қазіргі дәрежесі қаншалықты зор болғанымен, ол осы аймақты шын мәнісінде комплексті түрде индустрияландыру ісін онан ары неғұрлым тез және кеңінен жүргізуге көшу сатысы болып табылады.

Орталық Қазақстанда тас көмір шығатын 80-ге жуық кен орындар табылды, олардың ішінде Қарағанды, Екібастұз және Майкөбе бассейндері сияқты алыптар бар. Олардың көмір запасы 84 млрд тоннаға жетеді.

Қарағанды бассейнінің жалпы геологиялық көмір запасы 51 млрд т. Оның ішінде белгілі тереңдікке (жер бетінен 600 м) дейін баланстық қоры 16,9 млрд тонна, ал кокс көмірі 4,5 млрд тонна болады.

Барлық кокс көмірдің үштен бірі долинка кен қабатының жоғары сапалы көмірі болып табылады. Кокс көмір өндіретін жаңа шахталарды кезінде іске қосу және байыту фабрикаларын уақытында салу басты міндет болып отыр.

Орталық Қазақстанның халық шаруашылығын онан әрі дамыту үшін Екібастұздың тас көмірінің мол қорын және Майкөбе бассейнінің күлі аз қоңыр көмірін ашық әдіспен өндіру мүмкіндігінің маңызы зор. Екібастұзда 12 млрд, Майкөбеде 21 млрд т. көмір қоры бар. Бұл екі бассейн ең таяудағы жылдар ішінде Қазақстанның солтүстік облыстарын ғана емес, сонымен бірге Орал мен Батыс Сібірдің көптеген аудандарын ең арзан көмірмен қамтамасыз ете алады. Екібастұз көмірінің күлінен от қызуына төзімді құрылыс материалдарын өндіруге мүмкіндік бар.

Орталық Қазақстанда күлі аз коксті көмір шығатын жерлерді зерттеу ісін барынша күшті жүргізу қажет. Мұнда алдымен зерттелетін жерлер Қарағандының батысы мен солтүстік батысын алып жатқан аудандар болып табылады.

Орталық Қазақстан көмірге өте бай болғанымен, бұл аумақтардан мұнай мен газ табудың болашағы шамалы. Қарағандыда 200 метрден аса тереңдікте өндірілетін көмір қабаттарындағы көмірдің әрбір тоннасында 10-28 текше метр метан газы бар деп мөлшерленеді. Жергілікті метан газын пайдалану есебінен Қарағанды бассейнінің қалалары мен жұмысшы поселкелерін газдандыру ісін жобалау қажеттігі туып отыр.

Орталық Қазақстан еліміздегі темір рудасының қуатты базаларының біріне айналды. Темір рудасының зерттелген өндірістік запасы Атасу, Қарсақпай, Кентөбе-Тоғай, Атансор аймақтарында орналасқан. Орталық Қазақстанның темір руда запасын әлі де жете зерттеп табуға мол мүмкіндіктер бар.

Орталық Қазақстан, осылармен қатар, мыс рудасының қоры жағынан елімізде көрнекті орын алады. Оның ішінде алдымен Жезқазғанды, оның кен техникалық және технологиялық жағынан пайдаланылуға қолайлы артықшылықтарын атап айту керек.

Бұл аймақтағы мыс өндірудің екінші көзі – Қоңырат. Ол Балқаш заводының таяу жердегі руда базасы болып табылады. Бұл салада әлі де көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізу керек болады.

Айтпасқа болмайды, Жезқазғанның мыс байлығын игерудегі ысырапқорлық элементтерін жоятын уақыт жетті. Ал Қоңыратта карьер шаруашылығын қайта құру керек.

Орталық Қазақстанда қорғасын кенінің едәуір қоры табылды. Орталық Қазақстан қорғасын қоры жағынан іс жүзінде Алтаймен салыстырылып келді, ал келешекте Алтайдан да асып түсуі ықтимал. Орталық Қазақстанда мырыш, алюминий және басқа түсті металдар түрлерінің қоры аз емес.

Орталық Қазақстан рудадан басқа шикізаттарға да бай. Мұнда құрылысқа керек, от қызуына төзімді материалдармен қатар, химиялық шикізаттар түрлерінің ірі қоры бар. Екібастұз аймағында шыны жасап шығаруға керекті жоғары сапалы кварц құмының ірі қоры бар екені мәлім. Жезқазған аймағында жоғары сапалы гипс қабаттарының ірі қоры бар.

Ертіс, Балқаш, Теңіз көлі маңында ас тұзының және басқа тұздардың ірі қоры анықталды.

Екібастұз және Қарағанды көмірлерінің күлінен от қызуына төзімді материалдар мен құрылыс материалдарын жасап шығаруға болады. Балқаштағы және басқа жерлердегі заводтардан шыққан шлактарда мыс қорыту заводы мен байыту фабрикаларының қалдықтарында ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға қолдануға болатын элементтер бар, сондықтан олар жақсы тыңайтқыш заттар болып табылады.

Еліміздің, республикамыздың халық шаруашылығы мен мәдениетін одан әрі өркендету үшін Орталық Қазақстанда су мәселесін шешудің маңызы зор. Бұл аймақта жер бетіндегі су көзі өте аз. Кейінгі жылдар ішінде Орталық Қазақстанда жер астынан бірсыпыра су бассейндері табылды. Артезиан сулары ғасырлар бойы ондаған, жүздеген млрд. текше метр су қорын жинақтаған жер астындағы орасан зор табиғи су қоймасы болып табылады. Орталық Қазақстанның кейбір аудандарында жер астындағы су қоры өте мол. Оны мынадан да көруге болады. РСФСР-дің Қазақстанмен шектес солтүстік аудандарында жер астындағы суды шахта типтес терең құдықтан алып, ірі елді пункттер мен жаңа совхоздарды сумен қамтамасыз ету ісі жүзеге асырылып келеді. Бұл жерлерде гидрогеологиялық барлау жұмыстарын онан әрі күшейте беру керек. Сонымен бірге Ертіс-Қарағанды каналын салу жөніндегі дайындық жұмысын да батыл жүргізу қажет. Бұл канал жүздеген км жерге дейін созылатын болады. Мұның өзі бүкіл Орталық Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау мәселесін толық шешеді.

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1959-1965 жылдарға арналған жоспарының жобасы бойынша бүкіл еліміздегідей, біздің республикамыздың алдында да зор келешектер тұр. Алдағы жетіжылдықта экономикалық-географиялық аудандардың шаруашылығын онан әрі мамандандыру және комплексті өркендету ісі жүзеге асырылады. Сондай-ақ өндіргіш күштерді орналастыруда да елеулі өзгерістер болуға тиіс.

1959-1965 жылдарда шығыс аудандарын, оның ішінде Оралды, Сібірді, Қиыр Шығысты, Қазақстанды және Орта Азияны өркендетуге барлық күрделі қаржының 40 %-тен көбі бөлінеді.

Алдағы жетіжылдықта барлық республикалармен қатар Қазақстанның алдына да зор міндеттер қойылып отыр. Қазақстан халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалатын күрделі қаржы жетіжылдықта шамамен 116-119 млрд сом мөлшерінде көзделіп отыр. Мұның өзі өткен жеті жылда республиканың халық шаруашылығына жұмсалған күрделі қаржыдан екі еседен аса асып түседі. Партиямыздың күнбе-күнгі қамқорлығы республика еңбекшілерінің алдына жаңа міндеттер қояды. Бұл

міндеттерді шешуде Орталық Қазақстанның минерал байлықтарын неғұрлым толық игерудің маңызы зор.

Қорыта келгенде, Орталық Қазақстан еліміздегі минерал байлықтары мол аймақтардың бірінен саналады. Оның жер қойнауында аса маңызды көптеген қазба кендердің түрлері қат-қабат ұштасып келеді. Ал олардың кейбіреулерінен республикамыз ССРО-да көрнекті орын алады. Орталық Қазақстанның минерал байлықтарын кең және жоспарлы түрде онан әрі зерттеу – бірінші кезекті аса маңызды міндет.

ЖЕЗҚАЗҒАН – ҰЛЫТАУ МАҢЫНЫҢ МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАРЫ

Жезқазған – Ұлытау ауданы Қазақстан аумағының нағыз геометриялық орталығында орналасқан. Жезқазған геологтарының ертерек кездегі зерттеуі бойынша, бұл ауданның жер көлемі жүз мың шаршы километрге жуық болады. Мұның өзі Закавказье одақтас республикаларының территориясынан асып түседі.

Жезқазған – Ұлытау ауданының минерал ресурстарын зерттеу ісі тек Совет өкіметі тұсында ғана жүргізілді. 1929 жылы Қазақстанның геологиялық тұңғыш тұрақты ұйымы Қарсақпай комбинатының геологиялық барлау бөлімі құрылды. Бұл бөлім Жезқазғанның және осы аймақтың геологиялық жағдайы мен минерал байлығын жоспарлы түрде, комплексті зерттеу мәселесін алғашқы кездің өзінен-ақ мықтап қолға алды. Қазақ ССР Геология және кен қорғау министрлігінің қазіргі Жезқазған комплексті геологиялық-барлау экспедициясы Қарсақпай комбинатының геологиялық-барлау бөлімінің негізінде құрылған болатын. 1929 жылдан бастап отыз екі жыл бойына бұл ұйым Қазақстанның, Москва мен Ленинградтың геологтарымен, ғылыми мекемелерімен, өндіріс орындарымен тығыз ынтымақ жасап, Жезқазғанның, сондай-ақ бүкіл Жезқазған-Ұлытау ауданының жер қойнауындағы тамаша байлықты үнемі зерттеп келеді.

Бұл байлық – ұшан-теңіз. Жезқазған-Ұлытау ауданының пайдалы қазбалары алуан түрлі. Оның жер қойнауында халық шаруашылығы үшін аса зор маңызды түсті металдар, қара металдар, сирек кездесетін және бытыраңды, бағалы металдар, жанатын заттар, химия өнеркәсібі үшін минерал шикізат, кен-руда шикізаты, құрылыс материалдары бар.

Бүкіл Орталық Қазақстандағы сияқты, Жезқазған ауданында да мыс ерекше маңыз алады. Жезқазған мысқа бай. Сонымен қатар, оның рудасында қорғасын да бар. Жезқазған рудасындағы маңызды кендердің бірі – күміс. Сол сияқты оның рудасында рений тәрізді сирек кездесетін, әрі қымбат металл да бар. Бұл металл дүниежүзілік рынокта күмістен елу есе қымбат тұрады. Жезқазғанның рудаларында күкірт, мырыш, кадмий, сурьма, молибден, алтын, тағы басқа элементтер кездеседі. Жезқазғанның рудасы көбінесе қабатталған түрде жатыр деуге болады. Мұның өзі қуатты тік шахталар арқылы жерасты әдісімен руда өндіруге мүмкіндік береді. Руданың бүкіл қорының 30 %-ке жуығын ашық әдіспен өндіруге болады.

Жезқазғанның жер қойнауындағы мыс қорының 90 %-ке жуығы сульфид рудада, ал қалған 10 %-ті тотыққан-сульфид және тотыққан рудада кездеседі. Сульфид руданы коллективтік флотациялау руда құрамындағы пайдалы металл компоненттерінің 92-94 %-ін концентратқа қалдыруға мүмкіндік береді. Бұдан кейінгісі – металлургиялық өңдеу жолы, Жезқазғанның коллективтік концентраттарын қайта өңдеу мәселесі

әзірге толық шешілген жоқ. Мұның өзі Қазақ ССР Ғылым академиясының Жезқазған сессиясында металлургия секциясы жұмысының негізгі мәселесі болмақ. Жезқазғанның тотыққан және аралас рудаларын қайта өңдеудің технологиясы да толық шешілмей отыр.

Жезқазғанның мыс рудасы ресурстарын одан ары көбейту міндеттері туралы айтқанда, қазір Жезқазған руднигіндегі жағдайға тоқталмай өтуге болмайды. Шынында, Жезқазған руднигінде үлкен кемшілік орын алып келеді.

Анағұрлым бай руданы селекциялық өңдеу ұдайы қолданылып келе жатқандықтан, мыс пен қорғасын ысырапқа ұшырауда. Өйткені металлы біршама аз руда «уақытша» деген желеумен жер қойнауында қалдырылып қойылады да, оған ешкім қайтып оралмайды. Осы сияқты және басқа себептердің салдарынан Жезқазған руднигінде мыс ысырабы үлкен орын алып отыр. Бұл кемшіліктер тезінен жойылса, Жезқазғанның жер қойнауындағы мыс қорын тек осының есебінен ғана молайтып отыруға болады.

Жезқазған – Ұлытау ауданында қорғасын да өнеркәсіптік маңыз алады. Бұл аудандағы қорғасын руда құрылысымен тығыз байланысты. Мұнда қорғасын мыспен қоса өндірілуі керек. Жезқазғанда қорғасын айыруды кеңінен өрістетудің ірі резерві бүкіл мыс және мыс-қорғасын рудаларын Үлкен Жезқазған байыту фабрикасында коллектив флотациялауға көшу болып табылады. Өйткені селекциялық флотация мыстың да, қорғасынның да көп ысырап болуына әкеліп соғады.

Жезқазған рудаларында мырыш қорғасыннан гөрі аз кездеседі. Бұған қарамастан, Жезқазғанда мырыш қоры да жеткілікті. Мырыш рудасы мыс пен қорғасын рудаларынан оқшауланып, жеке-дара бөлікше болып жатыр. Мысалы, Анненск руда ауданының шығыс бөлікшесіндегі жағдай осындай. Никель мен кобальт рудалары Жезқазған-Ұлытау ауданының көптеген жерлерінде кездеседі. Никель мен кобальт рудаларының Шайтантас сияқты Талдысай, Ешкіөлмес кендері әлі де жете зерттелген жоқ.

Жезқазған – Ұлытау ауданында қара металдардың – темірдің, марганецтің, ванадийдің және титанның бай рудасы бар. Қарсақпайдың темір кварцит рудасы құрамы, жасы және геологиялық жағдайына қарағанда Кривой Рог рудалары тәріздес келеді. Қарсақпай заводына таяу маңда темір рудалары жер бетіне жақын жатыр. Бұл 30-40 км-ге созылған Керегетас, Балбырауын, Қаратас, Қарашоқы, Сазтөбе кендері болып табылады. Рудада 30-60 % шамасында темір бар. Темір рудасының 40 %-ке жуығын ашық әдіспен өндіруге болады.

Ленинградтың «Механобр» институты Қарсақпай рудасын байытудың экономикалық жағынан қолайлы технологиялық схемасын белгіледі. Мұның өзі рудадағы барлық темірдің 90 %-ін концентратта қалдыруға мүмкіндік береді. Осы технология бойынша өндірілген концентратта 55 % темір болады. Атасуда, Қостанайда темір кендері ашылғандықтан,

Қарсақпай кенін игеру кейінге қалдырылды. Қазір, еліміздің шығыс аудандарында қара металлургияны жедел өркендету міндеті алға қойылып отырған кезде, мен Қарсақпайдың рудасын зерттеу және оны игеру проблемасымен шұғылдану қажет деп есептеймін.

Жезқазған-Ұлытау ауданы марганец рудасының қоры жөнінен Қазақстандағы ең негізгі аудандардың бірі болып табылады. Мұнда 1942 жылдың көктемінде, аса қысқа мерзім ішінде – небәрі алты айда жапан далаға Жезді марганец руднигі салынды. Ұлы Отан соғысы жылдарында, еліміздің негізгі марганец базасы Никополь мен Чиатури кендері индустриялы Уралдан уақытша қол үзген кезде, Жезді руднигі өте зор рөл атқарды. Жездінің бай марганец рудасы сол кезде Уралдағы металлургия өнеркәсібіне жөнелтіліп жатты. Мұның өзі Жезқазған геологтарының минерал ресурстарды комплексті зерттеу жұмыстарының тамаша нәтижесі болды. Жезді марганец рудасы, Атасу кенімен бірге Павлодарда салынып жатқан ірі ферросплав заводы үшін шикізат базасы болып табылады. Жезқазғанның солтүстігінде Қаратас кені бар. Мұнда да Жездідегі сияқты марганец рудасы табылды.

Жезқазған-Ұлытау ауданы отынға да бай. Қияқты кенінде жүздеген млн. т қоңыр көмір қоры бар. Мұның жарымын ашық әдіспен өндіруге болды. Ал көмірдің күлділігі 20 %-тен аспайды. Осының бәрі Қияқты қоңыр көмірінің технологиялық жағынан алғанда аса құнды екенін айқын сипаттайды.

Бұл ауданда кен-руда және құрылыс шикізатының өте көп резерві бар. Ешкіөлмес асбест кені Қазақстанда екінші орын алады. Мұнда қазірдің өзінде барланған асбест қоры үш млн. тоннадан асып жатыр. Сондай-ақ, асбест кені Қаным, Айыртау, Шайтантас, Дүйсенбай және басқа жерлерден де табылды. Ешкіөлмес асбест кенін тезінен игеру Орталық Қазақстанда барған сайын өріс алып отырған индустрия құрылысы үшін аса қажет екенін атап айту керек. Ешкіөлмекке таяу жерден Қараадыр әктас кені ашылды. Мұның өзі Ешкіөлместе асбест-цемент өндірісін салуға мүмкіндік туғызып отыр. Болашақта асбест өнеркәсібін өркендету үшін Ешкіөлмес ауданында әктасты және минерал шикізаттың басқа түрлерін, сондай-ақ су қорын одан әрі зерттеу қажет.

Жезқазған-Ұлытау ауданының ағын су ресурстарын су-канал жобалау институты және басқа ұйымдар 1930 жылдары-ақ зерттей бастаған болатын. Аудан көлеміндегі өзендердің су мөлшері тексеріліп, есепке алынды. Осының негізінде Үлкен Жезқазғанды өнеркәсіптік сумен жабдықтайтын Кеңгір су қоймасы салынды. Қазіргі кезде осы ауданда өнеркәсіп орындарының құрылысы кеңінен жүргізілумен байланысты басқа да бірталай су қоймаларын салу жобаланып отыр. Сол сияқты Жезқазған-Ұлытау ауданында жер астының су ресурстарын зерттеу жұмысы да ойдағыдай жүргізілуде. Қазір Жанай қойнауындағы жерасты суын пайдалану негізінде Жезқазғанның рудниктерін ауыз сумен жабдықтау ісі жүзеге асырылуда. Жезқазған-Ұлытау ауданының батыс және

оңтүстік бөлігінде гидрогеологтар тұщы судың аса ірі екі шыңырау бассейнін тапты.

Өзінің минералдық ресурстары алуан түрлі болуымен байланысты, Жезқазған-Ұлытау ауданы Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар бүкіл Совет Одағындағы аса бай кен-экономикалық аудандардың бірі болып табылады. Совет геологтарының, ең алдымен, Жезқазған геологиялық-барлау экспедициясы геологтарының қажырлы және жоспарлы түрде жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл аудандағы минерал ресурстар кеңінен ашылды. Осы байлықтардың ең бастысы – түсті металдар. Әсіресе Жезқазған кенінің мысы мен қорғасыны республика еңбекшілерінің мақтанышы болып табылады. Жезқазған ауданында мыспен қорғасынның қоры бұдан былай да молая бермек. Аудандағы мыспен қорғасынның жаңа қорын іздеп табумен қатар, Жезқазғанда ашылған мыс және қорғасын кендерін жете игеріп отырудың да үлкен маңызы бар. Сонымен бірге мыс және қорғасын рудаларын жер астынан өндіруден бастап, оларды байытуға дейінгі бүкіл технологиялық операцияларда ысырапқорлыққа жол бермеу қажет.

Мыс кендерін ғана емес, сол сияқты Жезқазған-Ұлытау ауданында марганец, темір, никель, кобальт, тағы басқалардың жаңа кенін іздеу, зерттеу – бүгінгі таңдағы аса маңызды міндеттердің бірі. Бұл үшін Жезқазған геологиялық-барлау экспедициясының жұмысын онан әрі жақсарту керек. Қазақ ССР Ғылым академиясы және басқа ғылыми-геологиялық ұйымдар Жезқазған-Ұлытау аумағындағы минерал ресурстарды бұрынғыдан да көп ашу ісіне белсене қатысып отыруға тиіс.

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҒЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ТУРАЛЫ: (ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНДА БОЛҒАН КӨШПЕЛІ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН КІРІСПЕ СӨЗІ) ДАҢҚТЫ ТАРИХ, ТАМАША БОЛАШАҚ

Бұл күндері біздің жас қаламыздың өмірінде, оның өнеркәсібін, құрылысын транспортын, қаланы көркейтуді, Жезқазған еңбекшілерінің мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсартуда жаңа кезең басталуда. Ұлан байтақ Отанымыздың түпкір-түпкірінен мұнда ғалымдар, халық шаруашылығының алған түрлі салаларының мамандары келіп, олар Қазақстанның болашақ түсті магниткасы – Жезқазған туралы кеңесіп әңгіме етуде. Қазақ ССР Ғылым академиясының республиканың биология және жер қойнауындағы байлықты сақтау министрлігімен, Қарағанды халық шаруашылығы советі және Жезқазған кен-металлургия комбинатымен бірлесіп өткізіп отырған бұл сессияға қатысушылардың ішінде Қазақ ССР ғылым Академиясының президенті, академик Қ.И. Сәтбаев, академик А.Л. Цефт, академик Ш.Ш. Шоқин, академик А.П. Полосухин, академик Д.А. Зыков, СССР құрылыс және архитектура академиясының мүше-корреспонденті М.М. Меңдіқұлов және басқа республикамыздың ірі ғалымдары, геологтары, металлургияшылары, кеншілері, энергетиктері, ауылшаруашылығының мамандары, денсаулық сақтау қызметкерлері, құрылыс және транспорт ұйымдары, өндіріс заттары республикалық және Қарағанды халық шаруашылығы советтерінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қарағанды облыстық комитетінің басшы қызметкерлері бар.

28 мартта Металлургияшылардың мәдениет Сарайында сессия ашылды. Зал мерекедегіше сәулеттендірілген. Сахнаның төрінде Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы Владимир Ильич Лениннің үлкен бюсті. Президиум столында бұрынғы Қазақстанның құлазыған қу даласы болған – кәзіргі мыс қаласы Жезқазғанда өсірілген тамаша жанды гүлдер.

Сағат күндізгі 12. Залдағылар өзінің ондаған жыл өмірін, көптеген күш-жігерін Жезқазғанның бай кен қойнауын игеру ісіне, социалистік жаңа қала құрылысына жұмсаған адам, Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың президиум столына келуін ду қол шапалақтаумен қарсы алды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жиналғандарға арналған кіріспе сөзінде былай деді:

Қымбатты жолдастар! Біз, бүгін Жезқазғанда – Қазақстанның тарихи орталығына жиналып отырмыз. Мен мұны «тарихи» деп жай әсерлі сөз ретінде айтып отырғаным жоқ. Жезқазған шын мәнісінде де Қазақстан тарихында маңызды орын алады.

Археологиялық дәлелді мәліметтер Жезқазған адамзаттың мыс-бронзы мәдениеті орнаған жердің бірі, адамның өмірінде тұңғыш рет металл қолдану мәдениеті болғаны туралы айтады. Ескі заманның руда қазушылары Жезқазғанның жер қойнауынан мыңдаған жылдар бойына миллионнан астам тонна бай мыс рудасын өндірді. Жезқазған орыс әдебиетіне бұдан 190 жыл бұрын ғана белгілі болды. Бұдан 57 жыл бұрын Жезқазғанға ағылшын концессионерлері келе бастады. Олар Жезқазғанда аюандық, жыртқыштық жолмен барлау жасап, 14 жылдың ішінде небәрі 60 тонна ғана мыс өндірген. Ұлы Октябрь социалистік революциясы ағылшындарды Жезқазғанның жер бетінен сыпырып тастады.

Жезқазған Советтік Қазақстанда социалистік индустрияландыруды өрбіткен жер болды. Бұдан 36 жыл бұрын, 1925 жылғы 10 июньде Еңбек Қорғаныс Советі Қарсақпай мыс кәсіпшілігін салып бітіруге кірісуге бұйрық берген болатын. Бұдан үш жыл өткеннен кейін, 1928 жылдың Октябрь мерекесі күндерінде, Қарсақпай комбинаты – елімізде алғаш мыс берді.

Міне осы уақыттан бастап, яғни 33 жыл бойына Жезқазған мысы барған сайын кең көлемде өндіріліп біздің елімізде коммунистік қоғам құрылысы ісіне қызмет етіп келеді.

Мен Советтік Жезқазғанның бұдан былайғы өркендеу тарихына жете тоқталмаймын. Үлкен Жезқазған үшін күрестегі бір сыпыра қиыншылықтардың кездесуіне қарамастан, дегенменде бұл орасан зор индустриалды комплексті жүзеге асыру ісі ойдағыдай ілгері басып келе жатқандығын атап өткім келеді. Тек Совет геологтары ғана Жезқазғанды СССР да мыс запасы жөнінен көрнекті орындарға шығарды.

Осыған байланысты СССР ауыр өнеркәсібінің командармы, қазір қайтыс болған Серго Орджоникидзенің құрылысы туралы 1936 жылғы дана бұйрығын еске түсірмеске болмайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің Отан қорғау өнеркәсібінің өмірінде Жезқазғанның ерекше рөл атқарғандығы тарих бетінде алтын әріппен жазылды. Мемлекеттік Отан қорғау комитетінің жауынгерлік Қызыл Туының Жезқазғанда мәңгі сақталып қалуы мұның айқын дәлелі бола алады.

Үлкен Жезқазғанның құрылысы – ұлы құрылыстар қатарына жатады. Жезқазғанды даңқты комсомол қамқорына алып отыр. Жезқазған біздің партиямызбен үкіметіміздің үнемі қадағалаған бақылауында.

Міне, сондықтанда, жуырда Совет үкіметінің басшысы Никита Сергеевич Хрущев Алматыда болған кезінде Жезқазған туралы, оның жағдайы мен болашағы туралы аса назар аударып, сұрап жатты. Қазір Үлкен Жезқазған қауырт даму үстінде тұр.

Біздің осы сессиямыз Жезқазғанның осы дамуының кезеңінде шақырылып отыр. Үлкен Жезқазғанды өркендетудің басты проблемаларын бірлесіп шешуге, оның бұдан былайғы кезеңін белгілеу үшін жиналып отырмыз.

Біздің біріккен сессияда және оның жеті секцияларында, жалпы алғанда, 135 баяндама тыңдалып, талқыланатын болады. Бұл 135 ірі мәселелер деген сөз.

Қазақ ССР ғылым Академиясының Қазақ ССР геология және жер қойнауы байлықтарын сақтау министрлігімен, Қарағанды Халық шаруашылығы Советі және Жезқазған кен-металлургия комбинатымен біріккен сессиясын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Сессияның жұмысшы президиумы сайланды.

Сессияға қатысушылар ду қол шапалақтау үстінде, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Д.А.Зыковтың ұсынуы бойынша Н.С.Хрущев жолдас бастаған КПСС Орталық Комитеті Президиумының құрамы құрметті президиумға сайланды.

Жезқазған-Ұлытау аудандарының минералдың байлықтарының қазіргі жағдайы мен перспективасы жөнінде баяндама жасау үшін сөз академик Қ.И.Сәтбаевқа берілді.

Баяндамашы бұл ауданның жер қойнауында сақталып жатқан зор байлықтар жайында толық айта келіп, Жезқазған ауданындағы мыс деді, Қ. Сәтбаев жолдас, жетекші орын алады. Мыстың барланған запасы бойынша Жезқазған бүгінгі таңда Советтер Одағында көрнекі орындардың бірінен саналады.

Жезқазған рудаларында қорғасын және басқа да металдар бар. Жезқазған-Ұлытау аудандарында темір, марганец және басқа да қара металдардың ресурстары мол.

Сол сияқты жанатын кендердің мол қоры барлығы анықталып отыр. Қияқты кен орнының жартысын ашық карьермен өндіруге болады.

Жезқазған-Ұлытау аудандарында кен рудасы және құрылыс шикізаттарының да мол резервтері бар. Атап айтқанда, мұнда асбест кен қоймасы орналасқан. Сонымен бірге Қараадыр извест кен орны да болашақ ... цемент өндіру жөніндегі резерв болмақ.

Жезқазған төңірегінде құрылыс қажетіне жарайтын құм, тас, кірпіш жасайтын топырақ және басқалардың ірі карьерлері ашылып пайдаланылуда.

Баяндамашы онан әрі ауданның су ресурстарына тоқтала келіп, бұл араның табиғи байлықтарын пайдалануды онан әрі жан-жақты зерттеу жөніндегі міндеттерді атап айтты.

Сөзінің қорытындысында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев былай деді:

– Мұнан 33 жыл бұрын «Қазақстанның халық шаруашылығы» журналының 1928 жылғы январь номерінде менің Жезқазған ауданының перспективасына арналған алғашқы еңбектерін жарияланған болатын.

Ол уақыттарда Қарсақпай комбинаты жаңадан салынып жатқан болатын. Мен оны Қазақстанның өркендеу дәуіріндегі алғашқы қарлығашы деп атадым.

Ол жылдары мен жас едім. Бір жағынан лирикаға бейімдеу болатынмын. Бірақ ол адамды игілікті еңбекке итермелейтін ұлы арман еді. Міне, осындай ұлы арманмен Жезқазған геологтары қажырлы еңбек етті және қазір де қажырлы еңбек етуде.

Менің бұл еңбегімнің жарияланғанынан бері ондаған жылдар өтті. Бірақ сол кездердегі арман бүгінгі таңда шындыққа айналып отыр. Жезқазған өз атағын ақтауда. Даңқы көп жерлерге белгілі болды.

Қарағанды мен Балқаштың, Қазақстан магниткасының оттары жарқырап, бүкіл Қазақстан еңбеккерлері болашаққа қарап алып адаммен алға басып барады.

БАРЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР ІСКЕ ЖҰМЫЛДЫРЫЛСЫН!

Совет ғалымдарының үлкен ұжымында Республика Ғылым академиясының ғалымдары да творчестволықпен еңбек етуде. Еліміздің ұшан-теңіз табиғат байлықтарын түгел зерттеп, толық пайдалану академияның жұмысындағы басты бағыт болып табылады, – деп мәлімдеді президент. Геологтардың, кеншілердің, металлургтардың, химиктердің, физиктердің, энергетиктердің, экономистердің, биологтардың және басқа да ғалымдардың күш-қимылы осы басты проблеманы шешуге бағытталып отыр.

Қазақстан әсіресе минерал ресурстарға бай. Бұлардың кендері, әдетте, комплексті кендер болып табылады. Руда шикізатындағы барлық пайдалы компоненттерді толық пайдалану міндетін ойдағыдай шешу үшін рудалардың геологиясын, минералогиясын, геохимиясын егжей-тегжейлі, жете зерттеп, оларды өндірудің және технологиялық жағынан қайта өңдеудің неғұрлым прогрестік жолдары мен әдістерін іздестіру қажет.

Академияның геологтары республиканың минерал байлықтарын ойдағыдай ашу ісінде геологиялық барлаушыларға және рудник геологтарына зор көмек көрсетуде. Кеншілер руда шығарудың ең өнімді жаңа жүйелерін жасап, рудниктерде енгізу мәселелеріне негізінен баса көңіл бөлуде. Олар өндірісшілермен бірлесіп, Лениногор комбинатында руданы еріксіз блоктап құлатудың жаңа жүйесін ойлап тапты да, оны өндіріске енгізді. Бұл жүйе еңбек өнімділігін анағұрлым арттырып, руданың құнын 35% кемітті, мұның өзі комбинаттың зиян шегіп келген кәсіпорындар қатарынан пайдалы жұмыс істейтін кәсіпорындар қатарына қосылып қана қоймай, сонымен бірге руданың көп қорын игеруіне, сөйтіп, рудамен қамтамасыз ету дәрежесін анағұрлым арттыруына мүмкіндік берді. Қазір бұл прогрестік жүйе Зырян, Салаир, Норильск, Алтынтапқан комбинаттарында өндіріске ойдағыдай енгізілуде.

Жезқазған руднигі жағдайында жер астындағы жұмыстарды түгел механикаландыру жүйесі жасалды. Бұл жүйе кен жұмыстарында еңбек өнімділігін 3-4 есе арттыруға, руда шығарудың өзіндік құнын мықтап кемітіп, мыстың орасан көп қорын тиімділікпен жаппай игеруге мүмкіндік берді. Бұл істің халық шаруашылығы үшін орасан зор маңызы бар екенін ескере отырып, 1964 жылы Жезқазған руднигінде жер астындағы бүкіл руда шығару жұмысын, ал 1965 жылы Мырғалымсай руднигінде бүкіл руда шығару жұмыстарын жаңа жүйеге толық көшіру ұйғарылды. Қазір егжей-тегжейлі техникалық-экономикалық баяндама әзірленуде; бұл баяндама еліміздегі барлық түсті рудалардың 85 %-ін және барлық қара металлургия рудаларының 90 %-ін шығаруды осы жүйеге көшірудің мүмкін екенін көрсетеді, міне, сонда жыл сайын 100 млн. сом қаржы үнемделеді.

Ал оның бер жағында Жезқазған руднигінде жаңа технологияны қолдануға әзірлену жұмыстары өте сылбыр жүргізілуде, өйткені Қазақ

халық шаруашылығы кеңесі мен Республиканың Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, шынына келгенде, бұл үлкен істен оқшау қалып отыр.

Тіпті бұдан үш жыл бұрын академия перфоратордың «БК-33» дейтін жаңа түрін жасаған болатын. Бұл үшін ССРО Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде Алтын медаль берілді. Дегенмен де, осы бұрғылайтын аспапты біздің рудниктерімізде енгізу үшін әлі күнге дейін ештеңе де істелген жоқ, ал оның бер жағында мұндай перфоратор еңбек өнімділігін 1,5-2 есе арттырып, терең шпурларды бұрғылауға мүмкіндік береді.

Академия принцип жағынан мүлде жаңа циклондық металлургия процесін ұсынады; бұл процесс руда концентраттарын қорыту шапшаңдығын мықтап арттырады, отын жұмсауды едәуір кемітіп, руда шикізатындағы барлық бағалы компонентті түгел айырып алуды қамтамасыз етеді.

Циклондық әдістің тамаша ерекшеліктеріне және экономикалық жағынан тиімділігіне қарамастан, бұл әдіс республикамыздың түсті металлургиясында осы уақытқа дейін өте баяу енгізілуде; ал расында бұл әдіс минерал тыңайтқыштар мен сирек кездесетін металдар өндірісіне қазірдің өзінде-ақ енгізілуде.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФОСФОРИТТЕРІ

Қазақстанда фосфор тыңайтқыштарын өндіру үшін іс жүзінде сарқылмайтын шикізат қоры бар. Бұл – ең алдымен, республиканың оңтүстігінде жатқан Қаратаудың аса бай фосфориттері: Қаратау бассейні шикізат қоры мен сапасы жөнінен дүниежүзіндегі аса ірі фосфорит кен орындарының қатарына жатады. Оның шикізат қоры 1,3 млрд тоннадан асады. Қазір мұнда мәлім болған 45 кен орнының екеуі ғана – Шолақтау және Ақсай кен орындары игеріліп жатыр. Осы рудниктерден жыл сайын 3,6 млн. фосфорит рудасын өндіруге болады. Фосфориттердің орналасу жағдайы мен қоры Қаратау бассейнінде руда өндіруді қандай да болсын керек мөлшерге жеткізіп, арттыруға мүмкіндік береді.

Қаратау ауданында сонымен бірге фосфат тыңайтқыштарын сапалы ете түсу үшін пайдалануға болатын темір-марганец рудалары да бар. Никополь бассейніндегі марганец рудалары байытудан түскен қалдықтардың пайдаланылуы Украинада көптеген ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін қосымша едәуір арттырып жүргені мәлім.

Өңдеу технологиясы тұрғысынан алғанда, Қаратау фосфориттерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл фосфориттерде, әсіресе, магний мен кальций карбонаттары мол болады. Егер Кола түбегіндегі апатит концентратында магний іс жүзінде жоқ болса, еліміздегі басқа кен орындарындағы фосфориттер құрамында магний мөлшері 0,2 %-тен 0,8 % аралығында болып отырса, ал Қаратау фосфориттерінде магний тотығының мөлшері 2,5-5 %-ке жетеді. Суперфосфат өндіргенде магний мен кальций карбонаттарының мол болуы күкірт қышқылына көбірек жұмсауды қажет етеді, мұндай жағдайда алынған өнімнің физикалық қасиеттері нашар болады. Мұндай өнім тым дымқылданғыш келеді, нығыздалып қалады, осының салдарынан өнімді сақтау мен қолдану жұмысы қиындайды. Сонымен бірге Қаратаудың фосфориттері байыту үшін де онша жарамды емес. Сондықтан бұл фосфориттерді қышқылдарды қолданбайынша, термалық әдіспен өңдеген бәрінен де тиімді болады. Бұл арада әңгіме мынада болып отыр: электртермалық әдіспен элементар фосфор айырып алып, одан соң оны фосфор қышқылына айналдыру, одан барып концентратты минерал тыңайтқыштарын өндіру немесе фосфориттерді циклон пештерінде тікелей балқытып, фторсыз балқыған фосфаттар алу керек.

Элементар фосфорды электртермалық әдіспен өндіру агрохимиялық қасиеттері өте жақсы күрделі және концентратты тыңайтқыштар алуға мүмкіндік береді. Бірақ электртермалық фосфор өндіретін заводтарға арнаулы күрделі құрал-жабдықтар, оның ішінде электр пештері, трансформаторлар, қуатты электр сүзгілері, конденсаторлар, күйдіретін ленталы пештер, фосфор өртейтін мұнаралар, арнаулы батыру насостары керек. Мұнымен қатар бір тонна электртермалық фосфор айырып алу үшін 17 мың киловатт-сағаттай электр энергиясы керек. Сонымен бірге

мұндай заводтар суды да көп қажет етеді. Қаратау ауданында су қорының тапшылығы жағдайында мұның өзі электртермалық фосфорды көптеп өндіру ісін ұйымдастыруды қиындатады.

Қышқылсыз термалық тыңайтқыштар өндірудің жаңа әдісі бұл кемшіліктерден арылтылған. Әңгіме Қазақ ССР Ғылым академиясының ғалымдары белгілеген циклонды балқыту әдісі туралы болып отыр. Тыңайтқыштар мен инсектофунгисидтер ғылыми-зерттеу институты, Москваның энергетика институты ғалымдарының, жобалау ұйымдары мен Жамбылдың суперфосфат заводы мамандарының қатысуымен Қазақ ССР Ғылым академиясының химия ғылымдары және энергетика институттары Қаратау фосфориттерін балқыту үшін осы әдісті ойдағыдай қолданды. Қазір Жамбылда балқытылған фторсыз фосфат өндіретін тәжірибелі циклон заводы салынып жатыр.

Фосфориттерді циклонды әдіспен өңдеудің бірқатар артықшылықтары бар. Бұл жұмыс күкірт қышқылын қолданбайынша атқарылады және шикізаттың ешқандай ерекшелік қасиеттерінің болуы талап етілмейді. Циклондық әдіс электртермалық фосфор өндіргендегідей энергияны аса көп қажет етпейді. Мұның керісінше, бұл әдісті қолданғанда қалдық бұды қайта пайдаланудың есебінен қосымша электр энергиясы өндіріледі. Циклонды әдісті қолданғанда әдеттегі суперфосфатпен салыстырғанда, өсімдіктерге сіңімді фосфор бестотығының мөлшері 1,6 есе мол фосфат өнімінің балқытып алынатынының да елеулі маңызы бар. Мұндай фосфат өнімі мүлде дымқылданбайды және сақталған кезде нығыздалып қатып қалмайды. Қаратау фосфориттерінің құрамында болатын магний мен кальций карбонаттары балқытылған фторсыз фосфаттардың агротехникалық қасиеттерін нашарлатпайтыны былай тұрсын, тіпті мұның керісінше, мұның өзі әсіресе құмайт және құмдақ топырақты жерлер үшін өте пайдалы қоспалар болып табылады. Циклонды әдіс сонымен бірге балқыту процесінде фосфаттардың құрамына ауыл шаруашылық өсімдіктерінің өсуі мен өнімінің артуына себепші болатын марганецті, борды және басқа микроэлементтерді қосып отыруға мүмкіндік береді.

Циклонды әдісті қолданып фосфаттар өндіруге арналған құрал-жабдықтар онша қиын емес және оны біздің өнеркәсібіміз толығынан жасай алады. Циклонды балқытудың технологиялық процесінің біршама оңай болуының нәтижесінде балқытылған фторсыз фосфаттарды көптеп өндіру жұмысын шапшаң ұйымдастыру үшін барлық мүмкіндіктер бар.

Қазақстан мен Өзбекстанда соңғы бес-алты жылдың ішінде сұр топырақты, қара топырақты, қоңыр топырақты жерлерде балқытылған фосфаттар егістік жағдайында сыналды. Балқытылған фторсыз фосфат кант қызылшасы, картоп және дәнді дақылдар егісіне енгізілді.

Мұндай егіннің шығымдылығының артуы суперфосфат енгізгендегіден ешбір кем болмайды. Қазақтың егіншілік институтының

мәліметтері бойынша, ақшыл қоңыр топырақты егістіктегі қант қызылшасының тамырындағы қант мөлшері суперфосфат енгізгенде 15,7%, ал фторсыз балқытылған фосфат енгізгенде 16,1% болды.

Балқытылған фторсыз фосфаттар тыңайтқыштардың шағын сілтілі немесе нейтрал түрлерінің бірі болып табылады. Қазақстанның қара топырақты, қоңыр және сұрғылт топырақты жерлерінде мұндай фосфаттар тиімділігі жағынан суперфосфатпен бірдей болады. Ал шалғынды-сұр топырақты суармалы жерлерде, оның үстіне топырақ қабаты сілтілі болған жағдайда фторсыз балқытылған фосфаттар суперфосфаттардан тіпті артық та болады. Бұл фактілер мынаны дәлелдейді: кейбір ғалымдардың қышқылсыз топырақты жерде термалық фосфаттардың тиімділігі шамалы болады-мыс деген пікірлерінің дәлелді боларлықтай негізі жоқ. Фторсыз балқытылған фосфаттарды топырақтағы ылғал қорын сақтау мақсатымен қажет агротехникалық тәсілдерді қолдана отырып егістікке күзде енгізу ерекше тиімді болады.

Фторсыз балқытылған фосфаттар сонымен бірге малдың фосфорлы кальцийлі бағалы қосымша азығы болып табылады.

«Казгипронихиммаш» жобалау институтында Қаратау фосфориттерінен циклонды әдісті қолданып фторсыз фосфаттар өндірісін ұйымдастырудың техникалық-экономикалық есептері жасалды. Жыл сайын бір млн. осындай тыңайтқыш өндірген жағдайда, негізгі өніммен қатар 575 млн. квт сағ. электр энергиясын және басқа бағалы өнімдер алуға болады. Мұндай өндірісті ұйымдастыру үшін 24,5 млн. сом күрделі қаржы керек болады. Оның 9,5 млн. сомы үйлер мен құрылыстар салуға және 15 млн. сомы құрал-жабдықтарды сатып алып, монтаждауға жұмсалады. Бір тонна балқытылған фосфат өндіру үшін 1,07 т фосфор ұнтағы, 205 квт сағ. электр энергиясы, 14,2 текше метр техникалық су және 0,327 т отын (мазут) керек. Бір тонна дайын өнімнің өзіндік құны 15 сом 63 тиынға түседі. Ал егер отын үшін мазутты емес, Бұхараның табиғи газын пайдаланса, өнімнің өзіндік құны 10 сом 79 тиынға түседі, немесе 31 % кемітіледі. Мұндай жағдайда балқытылған фосфаттар өндірумен бір мезгілде табиғи газ бар циклон пештерінің қалдық газдарынан айырылатын көмір қышқылы негізінде аммиак пен карбамид (мочевина) өндіру жұмысын да ұйымдастыруға болады.

Біздің пікіріміз бойынша, Қаратауда жылына бір млн. тонна фторсыз балқытылған фосфаттар өндіретін еліміздегі тұңғыш циклонды заводты жобалап, салуға дереу кірісу керек. Жаңа өндірістің технологиялық ерекшеліктері меңгеріліп, ауыл шаруашылығында фторсыз балқытылған фосфаттарды кеңінен қолдану жөніндегі тәжірибенің жинақталуына қарай осы тыңайтқышты Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге еліміздің басқа республикаларында да жасап шығаруды шұғыл арттырудың барған сайын кең мүмкіндіктері ашыла беретініне біз кәміл сенеміз.

ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ



СӨЗ БАСЫ («Алгебра» оқулығына)

Оқушылардың алдына тартылып отырған кітап 1919 жылдан былай басталып, онан бері талай тартыстар арқылы созылып келді. 1924 жылдың басында аяқталып отыр. Жазылған кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қиыншылығының үстіне, керекті терминдер табылып отыруы да ауыр жұмыс болды. Қай пәнде болсын, әсіресе есеп пәндерінде, әрбір ұғымның сөз жоспары мен атын әрі ықшам, әрі дәл түрінде тауып отыру аса керек және ауыр нәрсе.

Мұның үстіне қазіргі Қазақстан баспасөзінің қолданып отырған «пән тілін көпшілік тілінен алыстатпасқа» деген ережесін еске алсақ, пән ұғымдарына дәл үйлесетін және көпшілік тілінің ішінен орын алатын керекті пән сөздерін табудың қиыншылығы артық қабат ұсталмақшы. Кітап ішіне кірген пән сөздерінің бәрі де Орынбордағы білім кеңесінің талқысына салынып, сыннан өтіп отыр. Сөйтсе де мұндағы алынған терминдердің бәрі де тиісті ұғымдарға дәл үйлес келеді деп кесіп айтуға әрине болмайды. Өйткені тұңғыш нәрсенің іші мен тысы «шу дегеннен мүлтіксіз» мінсіз және пішінді болып отырмайтындығы мәлім. Қашанда тұңғыш нәрсенің ең ауыр міндеті кейінгі буынның сын пікірінің назарына тек өзінің туғандығын ғана көрсетіп өту болмақшы. Мұнан кейін оның ішіндегі кемін толықтырып, артығын мінеп, пішінін лайықты үлгіге салып, түзетіп әкету көптің талқысынан туатын тұрлаулы сынның ғана қолынан келетін нәрсе.

Есеп пәндерінің ішіндегі амал және әлпет белгілері мәдениетті жұрттарда қашанда ортақ түрде болып келе жатыр. Бұл ортақшылықтың ғылымға беретін пайдасы санап бітіргісіз, өйткені пәндердің меншікті тілінің өзі осы белгілер ғана екені мәлім. Есеп тілінің жалпылануы: бірінші, пәннің кеңеюіне; екінші, оны үйрену, білудің және әдістеу жолдарының жеңілдеуіне көп себеп болатыны айқын. Есеп әлпеттерінің меншікті тілі Европа елдерінде алатын (рим) әріптері болушы еді. Сондықтан қай тілде болып жазылған есеп кітаптарының тек ішіндегі сөздері бөлек болғанымен әлпеттері, өрнектері, пішіндері бәрінде бір түрде болып отыратын. Өрнек пішіндерінің ортақ түрде болғандығы өз елінің ана тіліндегі мектептеріне қанағаттанбай негізгі ішіндегі сөздері бөлек болғанымен әлпеттері, өрнектері, пішіндері бәрінде бір түрде болып отыратын. Өрнек пішіндерінің ортақ түрде болғандығы өз елінің ана тіліндегі мектептеріне қанағаттанбай негізгі білім алу үшін, шет жерлерге барып оқитын, әсіресе, кезбе шәкірттерге қолайлы еді. Мысалы, бұрынғы патша заманында үкіметтің қуғыншылығына ұшырап, орыс университетінен шығып қалған студенттер шет мемлекеттердің жоғары сатылы мектептерінің біреуіне түсерде, ол елдің ана тілін аса жетік білмесе де, есеп пәндерінен керекті емтиханды ұстап кетіп отырған. Бұл үшін сынаушы адам сұрайын деп отырған есеп ережесін класс

тақтайының бетіне өрнек түрінде жазып, емтихан ұстаушы шәкірт сол тақтайда берілген өрнектің жүйесін, шешімін және зерттеу жолдарын ғана жазып шығады екен.

Енді қазақ елінің ана тіліндегі мектептеріне келсек, олардың ішіндегі оқылатын пәндердің тәртібі мен көлемі шәкірттерді толық қанағаттандырады деп айтуға болмайды. Оған түрлі себептер бар: оқытушылар күшінің тапшылығы, оқу құралдарының кемшілігі, оқытушы адамдарға негіз боларлық ана тілінде жазылған маңызды ғылыми кітаптардың жоқтығы, тағы сол сияқты.

Жоғарғы кемшіліктердің бәрін де бір күнде, не бір жылда оңай жоғалтып жіберуге болмайды, бұл үшін әлі де болса, кеміне 10 не 20 жылдық уақыт мезгілі және тынымсыз еңбек керек болмақшы. Олай болса қазіргі заманның және келешек буынның оқушы қазақ жастары көп уақытқа шейін тәрбиесінің негіздерін орыстың яки басқа жұрттың жоғарғы сатылы мектептерінен алуына керек екендігі ашылады. Мұнан қазақ тіліндегі есеп кітаптарында да әлпеттері мен өрнек жүйесі бар халыққа ортақ түрде болатын латын әрпі мен белгілеуінің керек екендігі ұсталып отыр. Олай болса да бұл кітаптың ішіндегі әлпет жүйелері латын емес араб әріптерімен көрсетіліп отыр. Бірақ бұған жауапты жазушының өзі емес, Қазақстанның білім кеңесінің көпшілігі.

Есеп кітаптарындағы қолданылатын латын әріптері шынында әліппе ретінде емес, тек пән белгілері (знаки) мәнісінде болатындығы тақырыпты әлпет пішіндерін латын әрпімен белгілеу мәселесі латын әліппесін Қазақстанда жалпыша қолдану, қолданбау жұмысынан бөлек өзгеше түрде қаралуы керек. Сондықтан әлі де болса есеп белгілерінің мәселесі білім кеңесінде қайта зерттеліп, кейінгі басылатын есеп кітаптарындағы әлпеттер пішіні мәдениетті елдердің белгілерімен ортақтасар деген сенім бар. Мен алгебраны жоғары оқу орнына әзірленіп жүргенде аударып бастап едім, оны студенттік өмірдің ауыр кезеңдерімен қарбалас аяқтадым. Арасында өмірдегі және тұрмыстағы қиыншылықтар да аз бөгет жасаған жоқ. Сондықтан бұл аударма арасында өтіп кеткен қателіктер болуы мүмкін. Сондай жағдайларды атап көрсеткендерге алдын ала алғысымды айтамын.

ОБАҒАН

Сегіз қанат ақ орда іші толы адамдар. Оң жақта төсек алдында маңғаз ақ бәйбіше құлаштап қымыз сапырады. Оның жанында тізелес үй иесі Шиман ақсақал отыр. Ол – орысша киінген, сүйікті, тәрбиелі, ел ішіне көсем, сөз сөйлеп шешен, ескі сөзге шебер жайматоп, кең алқаның маңдай ақсақалы. Біз қонақтар, төрде отырмыз. Алдымызда кесе-кесе қара сабаның қымызы. Әбден бөртіп шекеміз қызып алған, жүрек лепірген, көзге от ұрынған... Қонақтардың уақыт хоштығын табу үшін босаға жақта бір әйел ән салып жатыр; жасқа толған кексе әйел, әйтсе де даусының ырғағы, толқыны аса майда нәзік. Заманында талай бозбалалардың жүрегін жалмағаны көрініп отыр. Ол әр түрлі ескіге әндерге салады, сарынынан кейде өксу, зарлау, үмітсіздік мұңдары, кейде шықпаған құшыр, қанбаған құмарлықтың қызулы зығырлары сорғалайды.

Дауыс мың түрге құбылады, құлпырады, бытырайды. Көз алдыңа Сарыарқа, сайран жер, нулы ел, сары қымыз, саф ауа, сайын еркіндіктің ұшқындары елестейді. «Қызықты, қайран дәурендер! Өттің, кеттің, қайрылар күнің болар ма?» деген сияқты жүрекке бір түрлі тәтті уайым, майда сағыныш түскендей жіңішке, нәзік дауыс бір мезгілде тіпті солқылдайды, зарлайды:

Жарың биік Обаған суық сәтті,
 Үшбу қасірет жаныма жаман батты.
 Тобыл өтіп Обаған келгенімде,
 Алшаңкер мен Аягөз арам қатты, –

деп тұрып өксиді, күңіренеді. Көз алдыңа жапан далада жүрегін кернеген шерді қайда көмерін білмей сандалып жүрген жалғыз адам елестегендей... Шыдай алмай бұл ән не? – деп сұраймын. Әнші әйел үшін ақсақал жауап береді. «Бұл «Обаған» деген қазақтың ескі әні, осы уақытта мүлде ұмытылып бара жатыр, біздің бала кезімізде «Обағанды» білмейтін әнші жоқ болушы еді. (Біраздан кейін) бұл әннің қалай шыққанын да білмейсіңдер ғой?» – дейді. Біз бір ауыздан «естігеніміз жоқ», – дейміз. Ақсақал көзін төмен салып біраз отырды да, саусағымен сақалын тарап қойып, бірер рет даусын кенеп алып сөзге кіріседі:

«Обаған дейтін – өзен аты. Сол Обаған өзенінің кең алқап, терең сай, биік жарында бұрынғы заманда Өсіп дейтін мырза болған екен. Өсіп мырзаның байлығы алты ру алашқа жайылып, төрт түлік малы Обаған өзенінің кең түбектерін қайыстырады дейді. Өсіптің бала дегенде «Ахық» дейтін жалғыз ғана қызы болыпты. Ен дәулеттің арқасында өрім талдай бұралып өскен Ахық сұлуға Құдыкейкі Ахмет Жантуриннің офицер әкесі ғашық болады. Жаңа өспірім, сымбатты жас офицер Жантуринге Ахықтың да көңілі бұрылады. Сөйтіп екі ғашық өлі денеге

рух беретін, іш елжіреп, жүрек өртенетін, тас балқытып, тау соғатын жалынды махаббаттың бірінші толқынына әбден шомады.

Бұлар жазды күні, айлы түні, аңқыған гүл, майда ескен жел, сайраған бұлбұл, сарқыраған су жиегінде махаббаттың жемістерін орып жүргенде, Өсіп мырза қызы Ахықты Көкшетаудағы атақты Шыңғыс төренің баласы Сұлтанмахмұт деген адамға бермекші болады. Уағда байлайды, құда түседі, сөз бітеді. Екі ғашықтың күні қараң болады, гүлі солады.

Мергеннің оғына ұшқан жолбарыстай, құмары қайнап, қаны тасыған Ахық сұлудың қыпша белі, нәзік құшағы қызу қойнына есі шығып, бойы еріп, төзімі билеп, ақылы жасыған долы ғашық Жантурин Өсіп мырзаға кісі салады. Ахықты сүйгеніне берсе маған берсін, болмаса Сұлтанмахмұтпен жеңісіп біріміз аламыз дейді.

Жантуринге беруге Шыңғыспен байласқан уәдесін жұта алмай, Сұлтанмахмұтқа беруге қызының көз жасын қия алмай Өсіп мырза сандалады. Сөйтіп жүргенде, Жантуринді әскер бастығы ұлық Орынборға шақыртып алып кетеді. Орынборға барып ашық кеуде, сырлы бет, құбылмалы, қала әйелдерімен жүріп, бояма ғашықтықпен әбден танысып алған соң Жантуриннің көңілі басылады, махаббаты сөнеді, Ахық ұмыт болады. Жалғыз-ақ жас махаббаттың қызулы жалыны жарынан айырылып жаны күйген жаралы Ахықтың жүрегіне орнайды, тұтанады, жанады, рақымсыз тағдыр болмайды. Екі жылдан соң Шыңғыстың баласы Сұлтан келіп, күйеушілеп жатып, ырым-жырымы біткен соң, Ахықты ұзатып алып кетеді. Сүйгенінен айырылып, қанаты қайрылған құстай ұшуға дәрмен жоқ, есіл-дерті асыл Жантурин болып күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып, сорлы Ахықтың жүрегі қайғы-шермен бітеді. Келешектен үміт кесіп, өткенмен өмір сүріп, Обаған жиегіндегі сылдыр қаққан өзен жанында, жылмың қаққан жұлдыз астындағы Жантуринмен байласқан серт, айтысқан ант, қызулы құшақ, құшырлы сүйіс, құмарлы түндерін еске алып, Жантуриннің шығарып берген әлгі өлеңдерін үнемі әндетіп айтып отырады екен. Келіншегінің не шаруа, не әзіл, не қалжыңмен ісі болмай, тізесін керіп сарнап отыруы Сұлтанмахмұтты ойға салады, қапаландырады. Сырын сұрап, шерін қозғаған Сұлтанға Ахық бір күні шынын айтады, жүрегін ақтарады. Төре тұқымы текті Сұлтан бұл іске намыс қылады, зығырланады, қаны қайнайды, сорлы Ахықты масқаралап, төркініне әкеп тастайды. Сонымен не сүйгені Жантуринге бара алмай, не берген күйеуі Сұлтанмахмұтта тұра алмай, екі ортада дал болып, Ахық сұлу қалған өмірін өз үйінде арылмас қайғы, ашылмас шерде өткізген екен. Сол уақыттағы Ахықтың әндетіп, шырқап көңілін басатын әні осы «Обаған» екен. Мұның ішіндегі сөздерін сүйген досы Жантурин шығарып берсе керек. Ол сөздері мынау:

«Суың тәтті Обаған жарың биік,
Қасіретіңді мен тарттым жаным күйіп.
Ғашық болған арқада бір бала едің,

Кете алмадым жолыңа жаным қиып.
Бір саласы Жайықтың Ешкіқырған,
Түнде тұрып қолыңды ши сыдырған.
Қай қылығын еркемнің ұмытайын,
Уағда қылған жерінде үш күн тұрған.
Жарың биік Обаған суың тәтті
Үшбу қасірет жаныма жаман батты,
Тобыл өтіп Обаған келгенімде
Алшаңкер мен Аягөз арам қатты.
Дәйім менің мінгенім торы жорға,
Жорғалатып шығамын биік қырға
Кел деген Орынборға әмір шықты
О дағы ойлап тұрсам біздің сорға
Мәңгілік сеніменен айырылған соң
Кетемін қапа болып Орынборға.
Жаудырап екі көзің телміресің,
Ілінбей қаршығадай түскен торға
Бүйтіп күйік болғанша саған еркем
Жығылып өлсем нетті қазған орға».

Тағы да аяғы бар еді ұмытып қалсам керек. Ескі сөз есте тұра ма?» - деді де тоқтады ақсақал. Біз де үндемедік. Үйдегі адамдардың бәрінің басы төмен иілген, бәрі ойланған, шыбын ұшса естілерлік... сол минутта кімнің не ойлағанын қайдан білейін, өзімнің ойлағаным: Ахық сияқты зарлы қазақ әйелі біреу емес, мың, бастағы шашты сана да оларды сана, көптігі бірдей шығар. Өткен күндерде, қазіргі күндерде, қазіргі заманда көпшіліктің ішінде мұратына жете алмай, ішінен тынып, түнеріп жүрген талай үнсіз, тілсіз, мұңды, шерлі Ахықтар, Жантуриндер жүрген шығар. Бірақ олардың ішін ақтарып, түпкі сырын кім көрген, кім білген?...

Байшуақ

ТОМ ҚАЛАСЫНДА ҰЛТТАР КЕШІ

Осы жылдың 10-ыншы апрелінде Том қаласында Сібір халықтарының ән-күй, салт-санасына арналған сауық кеші болып өтті.

Сауықты жасаушылар Том қаласында оқып жатқан жергілікті халықтардың азаматтары мен «ғылым қайраткерлерінің» ұйымы. Сауық 3 пердеге жіктелді. Алғашқы екі пердеде тамашаға қазақ, бурят, якут, ойрат, шор, хакас, башқұрт және басқа ұлттардың әндері айтылып, күйлері ойналды. 3-пердеде ойрат бақсысы «Шаманның» науқас адамдардың бойына жабысқан «перілерін» қалай көшіретіндігі; шор жұртының кәрі ертектілері қыстың ұзақ түндерінде домбырамен қосылып тыңдаушыларға ескі ертегілерді қалайша айтатындығы және қазақ жұртындағы жаңа түскен жас келіншектерге жасайтын «шашу» беташар, отқа май салар сияқты ырымдары жанды сүгірет түрінде көрсетіліп өтті. Қазақ өлеңдерінен: «Екі жирен», «Бір күн көшіп дүние» (айтушы Ғалымтай Сәтбайұлы), «Қара торғай», «Еркем» (айтушы Омар Толбайұлы) әндері айтылды. Декламацияға Мағжанның «Тез барам»-ы айтылды (айтушы Қазали). Сауықта айтылған әндердің бәрін де нотаға салып, рояльға қосу жолында оларға үйлес болған лебіз үндестігі (гармония) тәртібін жасаушы Александров дейтін шебер профессор, әншілердің бәрі де әндерін рояльға қосылып айтты (буряттардан басқасы). Өлеңнің ішіндегі сөздері тиісті әндерінің алдында жұртқа орыс тілінде ұқтырылып және оқылып отырды. Декламацияларға да осы жол қолданылды. Сауық алдында Сібірдің жергілікті халықтарының ән-күйлерінің өзгешелік жақтары туралы жалпы сынау түрінде профессор Александров баяндама жасап өтті.

Баяндаманың негізі төмендегілер:

Сібірдің жергілікті халықтары ән-күй өнеріне бай, шебер ән лебіздерінің жасалу негізі Еуропаның лебіз жүйесінен өзгеше. Осы лебіз жүйесіне қарағанда, оларды екі жікке бөлуге лайық: 1) Қиыр Шығыс бөлімінің жігі: бұған бурят, монғол әндері кіреді. Бұл жіктегі әндер жасалым негізі ырғақ, екпін және өлшеу жақтарынан қарағанда Еуропа музыкасының жүйесіне тіпті үйлесімсіз, одағай. Нота бетіне таңбалау үшін бұларға түбінде әдейі талданып, соны белгілер жасалмаса, қолданып жүрген таңбалар бұған қолдануға жарамсыз деуге болады; 2) Оңтүстік және Батыс жігі: бұған қазақ, ойрат, шор, башқұрт әндері кіреді. Бұл жіктің ішіндегі әндер Еуропаның қазіргі қолданып отырған «7 сатылы лебіз жүйесіне» өлшеу, екпін, ырғақ жақтарынан көп шалыс келсе де, оларды таңбалау жөнінде қолданып жүрген Еуропа нота белгілерін қиыстыруға мүмкіндігі бар. Бұл жіктегі әндердің көбі бұрынғы грек (юнан) жұртындағы дәуірлеген 5 яки 4 сатылы, жалпыша «толымсыз» деп аталатын «лебіз жүйесіне» үйлес келеді. Ән сарынының әдемілік, сүгіретшілік, толғау және нақыс жақтарынан қарағанда, бұл жіктегі әндер (әсіресе қазақ пен шор әндері) аса жоғары дәрежеде деуге болады.

Александровтан кейін Сібір халықтарының ауыз әдебиеті туралы баяндаманы университет кітапханасының бастығы Наумба Широков және Сібір халықтарының жалпы салт-санасы туралы баяндаманы музейдің бастығы Иванов дейтін профессор сөйлеп өтті. Мұндай сауық кеші Том қаласында тұңғыш рет жасалғандығынан, тамашаға жиналған жұрт аса көп болды.

Сауық көңілді болды. Шығындарын өтегенде сауықтан түскен таза пайда 300 теңгеден артық. Мұның жартысы Том университетінің ішіндегі ескілік мәдениеттерді зерттейтін музейдің пайдасына, жартысы Томдағы Сібірдің жергілікті халықтарынан оқушы студенттерінің ашқан «Аймақтану» ұйымының пайдасына берілді.

Қолына түскен ақшаға соңғы ұйым ұсақ ұлттардың өмірін зерттеу жолына түзелген өзінің «Аймақтану» програмын бастырғалы жатыр.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТ ТЕАТРЫ ТУРАЛЫ

Январьдың 13 күні Қызылорданың ойын үйінде Қазақстанның мемлекеттік қазақ труппасы жасаған сауық кешінде болдық. Бұл күнгі сауық труппаның бір жылдық тойына арналған екен.

Бір жылдық өмір театр сияқты негізді жұмысқа көп уақыт емес. Әйтсе де, сауық кешінен қазақ труппасының осы аз уақыттың ішінде көп тәжірибе алып, ысылып, бойы өсіп, бұғанасы қату жолында түзу бет алғаны көрініп отыр.

Мұнан бір жыл бұрын Қазақстанда бірыңғай театр өнеріне арналған ешбір ұйым болған емес. Семей, Қызылжар сияқты қалаларда анда-санда қойылып отыратын сауық кештері көбінесе шәкірттер, мұғалімдер сияқты талапкерлерден құралып, олардың жасалу, өркендеу себептері театр негізінен шет, түрлі өзгерме шарттарға байланатын. Мұндай сауық ұйымдары шынында қазақтың ұлттық театрына тек «жетекшілік» қызметін атқаруға шамалы еді. Сондықтан Қазақстанның ұлттық театр труппасын жасап шығару Оқу Комиссариатының көптен келе жатқан борышы болушы еді. Қазір ол группа жасалып, бір жастан екіншіге аяқ басқан шенінде өзінің «қаз тұруға» жарап қалғандығын қойған соңғы сауық кешінде толық көрсетті деуге болады.

Сауықтың алғашқы бөлімінде «Малқамбай» дейтін үш перделік күлдіргі қойылды. Аз-мұз кемшілігін сөз қылмай, жалпы алғанда ойнаушылардың бойы сахнаға үйреніп, ойындарында өздерін – саспай, кең ұстауға бет алғандығы сезіледі.

Соңғы екі бөлім – концертке арналған. Мұнда: ән, хор, декламация айтылды.

Әміре бұл жолы назарын «Қанапия», «Жанбота» сияқты шырқалып, шалқып салынатын қазақтың ескі, ескекті әндеріне молырақ бөлгендей көрінді. Бұл, әрине, сүйсінерлік нәрсе. Мұнан былай да Әміре сияқты әншілер осы бағыттан таймауы дұрыс болар еді. Өйткені: «Қанапия», «Жанбота», «Сырымбет», «Алты басар», «Топайкөк», «Шама» сияқты ескі әндер – қазақ елінің саф әуе, сайын дала, сары қымызға емін-еркін өрістеп жүрген дәуіріндегі шығарған сарындары, сондықтан олардың нақысында еркіншілік, еркелік, өжеттік сезімдер күшті. Бұл жөнінде көрсетерлік аз кемшілік – Әміренің «Қанапияның» аяғын тым шолағырақ қайыратындығы.

Қанапия – өткен ғасырдың 60-шы жылдарында шыққан қазақтың ең соңғы батырларының бірі. Оның әкесі қыпшақ Басығара батыр Кенесарының қолбасыларының бірі болған. 1838 жылы Кенесары Қараөткел қаласын қамағанда, осы Басығара батыр: «орыстың құмалақтай қорғасыны кісі өлтіруші ме еді» деп қамалға шауып, оққа ұшқан. Ол кезде Қанапия да әкесінің жолын қуып, қол жиып, «батыршылық» істеген. Бір жағы Омбы мен Қызылжар, екінші жағы Сыр мен Шу өлкесінің арасындағы байтақ жерде Қанапия өз заманында қанды

ойынды әбден-ақ салған. Бірақ бұрыңғы Кенесары заманында емес, ел реңкі де, жер реңкі де өзгеріп, ауданы тарылған уақытта бір соғыста қуып жүрген орыстың отряды Қанапияның 16 жігітін ұстап, көгендей тізіп, Қараөткелдің абақтысына жабады. Тұтқындағы жолдастарын басқа жолмен босата алмайтындығына көзі жеткен соң, Қанапия өз еркімен келіп қолға түсіп, абақтыдағы жолдастарын шығарады. Тұтқында өзі қалады. Артынан елдегі қатын-баласы мен жолдастары амандасуға келгенде, абақты бастығы оларға Қанапияны жолықтырмайды. Сол кезде абақты терезесінің темір торына сүйеніп тұрып, жүрегін кернеген ыза мен шерін Қанапия жақындарына осы әнмен білдірген екен дейді. Сондықтан бұл әннің сарыны да алғашқы шенінде қанбаған құшыр, сөнбеген құмарлықтың зарлы өксігі, аяққы шенінде, әсіресе, кенет көтеріп әкелетін ащы айқайынан былай, арыстанның гүрілі сияқты өзгеше күшті долдану мен уытты, күшті зығырдың шалқыған жалыны елестейді. Қанапияны «ауыз естідік» деп салатын Арқадағы кәрі әншілер (әсіресе, Баянауыл тауындағы Сапарбек дейтін шал) Қанапияның сарынын жоғарғы бейнеге дәл келтіруші еді.

Әміре де кейінгі айтуларында «Қанапияның» нақысын солардай түзеп алар деп сенеміз.

Иса туралы сөзді көп ұзартуға болмайды. Өйткені оның бойындағы ақындық, толғану қасиеттері «өзі мен өзі» болмаса, басқа «сыртқы» күштерге «бас июге» көп көне бермейтіндігі айқын көрініп тұр. Жалғыз-ақ айтатынымыз: 1) Иса қазақ труппасының ең көрнекті күштерінің бірі («бірегейі» деп айтуға да болар еді). 2) Исаның «Толғауларынан» сахна жүзінде көпшіліктің көзіне баяғы Асан қайғы, Бұқар сияқты қазақтың қасқа жолды, қырағы, дәу «жырауларының» бейнесін елестетуге мүмкін.

Дүйсенғалидың бастапқы айтқан «Қойшының қиялы» қандай көркем, көрнекті болса, артынан шақырғанда шығып айтқан «Шиқылдағы» соншама сиықсыз, сәйкессіз болып өтті.

Тегінде декламация, не әнмен айтылатын мелодекламация сияқты сахна көріністерінде әуелгі «нөмірмен, кейінгі шақырулардың арасында пішін мен мазмұн үйлесімдері (гармония) толық орынды болуына керек. Сонда ғана көрушінің алатын әсері болмақшы, әрі күшеймекші.

Концерт бөліміндегі нашар шыққан – Құрманбектің «хоры». Ол шынында хор емес. Өйткені шын хор – тенор, альт, бас сияқты әр дауыстың үндестігінен құралуы керек. Құрманбектің хорына келсек, олай емес, бір-ақ дауыстан құралған (унисон). Бұған шынында Құрманбек кінәлі емес, Қазақстанның қазіргі мәдениеті, театр күштерінің лебіз жүйесінде жалпы «топастығы», жастығы кінәлі. Хор мен оркестр құрау үшін алдымен лебіз жүйесінің жалпы заңдарын жете білу керек («гармония заңдары»). Бұл қазақ әншілерінің әуелі Еуропа музыкасының жалпы жүйе, техникасымен таныс болуын шарт қылмақшы.

Қалибектің мысқылдары мен Мұқамедидің «балеті» айрықша көз салып, көңіл бөлерлік нәрселер, өткір, орынды, улы мысқыл, көпшіліктің міндерін түзеу жолында ең күшті құралдың бірі екендігі даусыз, өйткені «жабайы сөздер» тек «сүйектен өтетін» болса, улы мысқыл оның ар жағында бүйректен де тесіп өтуіне мүмкін. Қазақ елі мысқылды, «қулықты» бағалайды. Сондықтан қазақ ұлт театрында келешекте осы күлдіргі сөз, «мысқыл бөлімі», жоғары сатыға қойылар деп сенуге болады.

Қазақ елінде «билеу» деген жоқ. Билеу бұрын бар болса да, қазір де ұмыт болған. Сондықтан «зерттеу», «байқау» жөнінен болса да Мұқамедидің жасап келе жатқан «қазақша балетіне» айрықша назар салу керек. Оның өзіне бірер жыл болса да, Мәскеудегі балет студиясына жіберіп, үлгі көрсетсе, тіпті жақсы болар еді.

Қазақ труппасының жалпы бір кемшілігі – ішінде «күйшілердің», музыкаға шебер күштердің мүлде жоқтығы. Бұл – зор кемшілік. «Еуропа-ша» болмаса да, «қазақша» домбыра мен мандолинаны қосып отырса, не скрипкаға қазақ әндері сахна жүзінде шебер ойналып отырса, тыңдаушыға көп әсер беруінде дау жоқ.

Қорытып келгенде, қазақ ұлт театрының келешектегі жолына төменгі 3 бағыт «негіз» болуына керек деп білеміз.

1. Театр – ел өмірінің түзу айнасы.
2. Театр – ел міндерінің құрулы тезі, төреші ұстазы.
3. Театр – қазақтың салт-сана, күйі, сарындары сияқты мәдениет-өнер «кендерінің терең ошағы», ұйытқысы.

Бұл негіздерді жүзеге асыру жолында ұлт театрына әлі де болса келешекте көп қайрат, қажыр, қазына керек болады. Соңғы шарттар бірыңғай ұлт труппасындағы ойыншылардың ғана қолында емес, әлеуметтің түзу сыны, көмегімен, көбінесе Қазақстанның Оқу Комиссариатының қолында (әсіресе, жалпы бағыт, үлгі, қаражат жақтарынан). Бұл жөніндегі кезекті мәселе труппаның ішіндегі шебер ойыншыларды іріктеп, Мәскеудегі түрлі «сахна студияларына» жіберіп, «өнегелендіру» жұмысы (қазіргі ең қажетті музыка, сурет, декорация мен драма студияларының үлгісі болуға керек).

Қазірде ұлт труппасының басында Жұмат сияқты театр жұмысын шын сүйетін, қалам өнеріне де шебер, қажырлы азаматымыз отыр. Бұда ұлт театрының келешекте түзу жолмен жүріп, тез өркендеуіне сенім болуға жарайды.

Қазақ театрының көркеюіне тілектеспіз.

ЕР ЕДІГЕ¹

Сөз басы

Едіге батырдың әңгімесін Шоқан Уәлиханұлы бірінші рет 1841 жылы Аман Қарағай округіндегі «Көрлеуіт қыпшақ» табынан шыққан Жұмағұл дейтін ақынның аузынан естіпті. Осы Жұмағұлдың сөздерін тағы да заты қыпшақ Арыстанбай дейтін ақынның сөзімен салыстырып, әкесі Шыңғыс пен Шоқан екеуі 1842 жылы Едіге батырдың әңгімесін қағаз бетіне түсіріпті. Артынан бұл әңгімені Шоқан орыс тіліне де аударған². Шоқан өлгеннен кейін артындағы қағаздарын қарастырған Мелиоранский дейтін профессор 1905 жылы «Едіге бидің» әңгімесін қазақ тілінде бастырыпты. Бірақ Мелиоранскийдің бастырған «Едігесінің» аты қазақша болса да, заты ноғайшаға жуықтаңқыраған түрі бар. Мұның үстіне әңгіме ішінде келетін түрлі толғаулардың да аяқ алысы тасырқан малдың тұяғынша, саңдыраққа айналыңқырағаны көрінеді³. Бұған айыпты әрине Шоқан да, Мелиоранский де емес. Әңгімені бірінші рет аққа көшірген «Ахмет» дейтін ноғайменен өткен ғасырдағы қазақ жақсыларының бойындағы «кітапша жазу», «ноғайша сөйлеуді» сән көретін әдет қана болуынан керек.

Ел аузындағы ескі сөздер ғылымға үш негізден маңызды деп білеміз:

Олардың ішінде қазіргі буынға мүлде жат көрініп, ұмытылып бара жатқан қазақтың ескі сөздері көп кездесіп отырады. Бұл – «тіл сақтау», «тіл байыту» жақтарынан үлкен бағалы нәрсе.

Ескі сөздердің ішінде келетін толғаулар көбінесе шебер, кестелі түрмен жасалады. Бейнешілдік, кеңдік, суретшілдік жақтарынан алғанда, қазақ ескі толғауларының кейбіреулері әлі күнгеше жаңа ақындардың көбіне үлгі болуға жарамды. Бұл – әдебиет жағынан маңызды нәрсе. Және де осы күндерде «Әдебиет қай жолмен баруына керек?» – деп қойылып жүрген сұрауда ел аузындағы ескі сөздер қағаз бетіне түсіп, қазақ әдебиетінің тарихи-табиғи бағыттары әбден айқындалмай, көмескі тұрған кезінде дұрыс шешілуі қисынсыз деп айтуға болады.

Ескі сөздердің ішінде қазақ жұртының өткен кездегі тұрмысы, салт-санасы, әдеттері көп суреттеліп отырады. Бұл тарих жағынан қымбат нәрселер. Бірақ әзіргі кезде ел көпшілігінің жалпы салт-санасының өзгеруімен қатар, ескі сөздің көбі де елеусізденіп, көп аузында ұмыт болып бара жатқан сияқты. Сондықтан осы кездегі әр жерде жасалып жатқан «Аймақтану» ұйымдарының қазақ ішіндегі істейтін нысаналы жұмыстарының ең алды – елдің ауыз әдебиетін жинап алудың шаралары

¹ Ер Едіге. М., 1927; Алматы: Ғылым. 1995. 13-27 бб.

² Валиханов Ч.Ч. Сочинения / Под редакцией Н.И. Веселовского. – СПб., 1904. С. 233-264.

³ Сказание об Едиге и Тохтамыше // Приложение к 29 тому Записок РГО по отделению этнографии. СПб., 1905.

болуына керек. Әйтпесе қазақ жұрты да, әзіргі татарлар сияқты, енді бір-разда әдебиетінің деректерін «Орхон жазуларынан» іздеп жүруі мүмкін. Шоқан бастап жиған осы Едіге батырдың әңгімесінде тарих, тіл, әдебиет жақтарынан қарағанда қазақ ескі сөздерінің ішінде маңызды орын алуға лайық деп білетіндігім үшін оның жыр уәзіндері мен толғауларын түзеп, жазу түрін қазақшаландыруды дұрыс деп таптым¹.

Мұның үстіне Әбубәкір ақсақал Дивайұлының жинап бастырған «Едіге мырза батырының» жалпы сорабы, әсіресе аяқ жағы араб ертегілеріне тым ұқсап кеткендігі де жаңағы ойдың орынды екендігіне демесін болып отыр².

Ел аузында тарап жүрген Едіге туралы тағы да сораптар бар шығар. Солардың бәрі де тегіс жиналып қағаз бетіне түссе, Едіге батырдың толық сыны сонда айқындалар еді. Әзірше тек төмендегі аз сөзбен тоқтауға тура келеді.

Едіге әңгімесі қазақтың нағыз ескі, жалпақ тілімен жазылған. Сондықтан ішінде әзіргі буынға жұмбақ көрінерлік жат сөздер де жоқ емес. Мысалы: Кет-құдай («күйеу» деген сөз), жыға, кіреуке, бартал сияқтылар. Өзінің беретін сынында Шоқан: «бұл әңгімеде бір ауыз бөтен жұрттан алынған кірме сөз жоқ», – дейді. Онысын рас деуге де болады, өйткені, әңгіме ішіндегі кездесетін кірме сөздердің бәрі де пішіндерін бұзып қазақшаланып кеткен. Мысалы: Шатемір – Сатемір; Байтақыт, Байтақ сияқтылар.

Тарих жағынан алғанда Едіге батырдың әңгімесі XIV ғасырдың ішінде басталуына керек. Ол кезде «қазақ» елі өз бетіне жеке отау тігіп, «қазақ» атын киіп, айдар тақпаған мезгіл. Бір шеті Алтай мен Тянь-Шань, екінші шеті Балқан тауларының Шығыс бөктерінің аралығындағы ұлан байтақ жерде түрлі түрік қауымдарының ерікті, бұланды көшпелі өмірмен ерсілі-қарсылы жөңкіліп жүретін мезгілі. Бұл қауым үлкен үш ордаға бөлінетін: Ақ орда, Көк орда, Алтын орда. Ұлы хан Алтын ордада тұратын. Әңгімеде келетін Тоқтамыс осы Алтын орданың ең соңғы ханы. «Сатемір» хан әлемді қанға бояған атақты Ақсақ Темір. Оны орыстар кейде Тимур, кейде Темірлан деп айтады. Ақсақ Темір мен Тоқтамыс басында артық дос болыпты. Достығының себебі былайша: XIV ғасырдың аяқ шенінде Көк орданы билейтін Орыс дейтін хан болған. Оның қол астына қарайтын Толой (Домбауыл) дейтін сұлтан Орыс ханмен бақ күндес болып, қыпшақ жұртын ыдырата береді екен. Осы Толойдың баласы Тоқтамыс әкесі өлгеннен кейін, Орыс ханнан есесін алу үшін өз еркімен

¹ Бұған Баянауыл аймағындағы Қаржас табынан шыққан Қопабай дейтін шалдың аузында жүрген Едігенің бір сорабы көмекші болып отырды.

² Әбубәкір Диваевтың «Едіге мырза батыры». Ташкент, түрік госиздат. Мұндағы Едігенің сорабы арабтың ертеде біреу түс көріп, ол түсін біреуге сатып, түс сатып алушы бір ханның сұлу қызын алып, ол қызға бір шәрдің Ханы асық болып, жігітті көзін жою үшін әуелі «Самұрықтың жүнін әкелуге», екінші рет Сынап көлінің ар жағындағы перінің қызыл гүлін алып келуге жұмсап, ақыры «өлген әкем қайда екенін біл» деп жанып тұрған отқа тастатын ертегісіне дәл келеді. Мұның аяғында жігіт құтылып, хан өледі.

Ақсақ Темірге бағынып, күш-көмек алады. Орыс ханды жеңіп, Көк орданы иемденеді. Мұнан кейін 1380 жылы Куликов соғысында Алтын орданың батыры Мамай орыс жұртының кінязы Дмитрий Донской дейтіннен жеңіліп қалған соң Мамайдың әлсіздігін пайдаланып, Тоқтамыс Алтын орданы өзіне қаратқан. Сонымен Тоқтамыс ханның тұсында бүкіл «Дешті қыпшақ» түгелімен бір адамның уысына кірген. Екі орданы жеке иемденген Тоқтамыс баққа мастанып, Ақсақ Темірді мұқату үшін әскер жинап, 1388 жылы Түркістан жағына қарата шеру тартады. Сол жолында 1389 жылы жаз Темірдің қолымен түйлесіп, жеңілгеннен кейін еліне қайтқан. Тоқтамыс сынды «өзі қойған текешігінің» көрсеткен мұндай қоқаңын көтере алмай, ашуына мінген Ақсақ Темір 1391 жылы жер қайысқан қолымен Алтын ордаға жөнеледі. Сол жылы Еділ жиегіндегі Сарай қаласының жанында Тоқтамыспен кездесіп, жасалған үлкен соғыстан кейін Тоқтамыс Байтағын тастап, бас арашалай қашқан. 1392-1394 жылдарда Темір қызылбастармен соғысып жүрген мезгілінде Тоқтамыс қайта қол жиып, Түркістанға баруға бет алады. Бірақ жолшыбай 1395 жылы Кавказ тауларының етегіндегі «Терек» өзенінің бойында «Қандырша» деген жерде Темірге жолығып, тағы да жеңіліп, еліне қашқан.

Ақсақ Темір бұл жолында Тоқтамысты хандығынан біржола түсіріп, Алтын орданы Қойраджік дейтін ханға сыйға тартып кеткен. Елінен айырылған Тоқтамыс тентіреп, Литва кінязы Ойтопыт дейтінге барып, оның көмегімен қайта еліне келе жатқан жолында, 1406 жылы өлтірілген. Тоқтамыстан кейін Алтын орда көп кешікпей Қазан, Астырхан, Қырым, Ноғай, Өзбек атты жеке хандықтарға бөлінген¹. Әңгіме Тоқтамысты жалғыз «ноғайлы» жұртының ханы істейді. Бұл тарихи қателік. Тоқтамыс Едігеден қашып, Байтағымен қоштасқандағы сөзін:

«Ормамбет би өлгенде,
Он сан ноғай бүлгенде.
Саназар батыр жауынан
Жаралы болып келгенде,
Алашты алаш болғанда,
Алаша хан болғанда...» –

деп бастайды. Бұл жерде де тарихи қателік бар. Бірінші, сөз ішінде келіп отырған Ормамбет хан (шын аты ұлығ Мұхамбет) Тоқтамыстан көп кейін туған адам. Бұл Ормамбет заманында ноғайлыдан басқа да Дешті Қыпшақтағы түрік қауымдарына хандығын жүргізіп, 1449 жылы өлген². Екінші, Саназар (қазақша аты Ақназар) дейтін хан XVI ғасырда болған қазақ жұртының ханы. Бұл Тоқтамыстан кемі 150 жыл бертінде

¹ Чулошников А.Г. Очерки по истории казах-киргизского народа. Оренбург, 1924. С. 75-77.

² Шәкәрім. «Қазақ шежіресінің» 26-беті

шыққан адам болуына керек. Өйткені Семен Мальцов дейтін орыстың елшісі 1569 жылы орыстың патшасына берген баяндамасында «осы жылы Тәшкен қаласын қазақ жұртының ханы Ақназар қамап жатыр еді», – дейді. Үшінші, Тоқтамыстың соңғы сөздеріне қарағанда, «қазақтан» гөрі «Алаш ұраны» ертерек шығуына керек. Және де Алаш ұраны қазақ емес, одан басқа, мысалы өзбек, ноғай, башқұрт сияқты Дешті қыпшақтан шыққан басқа түрік қауымдарына да ортақ ұран болуына лайық¹.

Әңгіме Қара Қыпшақ Қобыландыны, арғын Қарақожа батырды Едігемен замандас істеп отыр. Олай болса соңғы батырлар да дербес қазақ жұртына емес, Дешті қыпшақтағы басқа түрік қауымдарына да жалпы ортақ батырлар болуына керек. Мұнда қанша шындық бар? Ол көмескі... Едіге мен Тоқтамыстың арасында жасалған араздықты да әңгіме бұрып айтады. Тарихи Едіге түріктің «Қоңырат» руынан шыққан. Тоқтамыс байтағының сол жақтағы ұлыстарын билеген «әмірлерінің» бірі болған. Араб тарихшыларының сөзіне қарағанда (бин – арабша, Жаннаби), Тоқтамыс пен Ақсақ Темірдің арасындағы жанжалға ту баста Едіге себепші болса керек. Едігенің сүйегені Орыс ханның баласы «Құтлық Темір» дейтін сұлтан болып, екеуі қосылып, Тоқтамыспен 15 қайтара шеп құрып соғысыпты. Кейбір соғыста Тоқтамыс та жеңіп жүрген. Өйтсе де, 1399 жылы болған соңғы соғыста Тоқтамыс бас көтерместей болып жеңілген соң, Темір мен Едігенің табанына шыдамай, ел-жұртынан безіп, біржола Литваға қашқан. 1406 жылы Тоқтамыс өлген соң оның намысын жоқтаушы баласы Қадірберді болып шыққан.

¹ Бұл пікірдің шындығына ел аузындағы ескі сөздердің көбі дәлел болуға жарамды. Мысалы: 1) Қазақ ноғайдың бөтендігі бар ма? Бәрі бір Алаштың баласы; 2) Өзбек өз ағам, сарт садағам; 3) Өзбекте бар иманым, Тәжікте бар күмәнім деген сияқты мәтелдер және: «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, Қазақ, қалмақ, ноғайлар Бәрі сонда бір болған. Ынтымағы жарасып, Айдың көлдей дүр болған. Еділ-Жайық, Оралды Өрлей қойша жайылған. Хан Жәнібек өлген соң Тоқтамыс, Темір болған соң; Ел ішіне жік түсіп Үш бөлек болып айырылған. Қазақ, ноғай құбылада Мұсылманға жай тартып, Дін үшін қатты қайғырған. Қалмақ, моңғол бөлініп, Кәпірлігі білініп, Күншығысқа қайырылған. Шын бұғыдай сонда деп Алтайды мекен жай қылған», - деген сияқты ескі өлеңдер. Тегінде «Алаша хан» деп ел аузы атақты «Шыңғыс ханды» айтып жүруіне де мүмкін.

1419 жылы Едіге оны да өлтіріп, артынан өзі де кешікпей Сырдарияның (Сейқонның) суына кетіп өліпті дейді¹. Едіге мен Тоқтамыс тартысының тарихи жайы осы. Алдымыздағы әңгімеде істің баяны басқа түрде сөйленіп отыр. Бұл – табиғи нәрсе.

Өйткені Едіге әңгімесі Арқадағы түрік қауымдарының ең ескі, ең ертекті әңгімелерінің бірі. Бұл ертектің бір шеті Алтайдағы төлеңгіттер мен қырғыздарда, бір шеті Түркістандағы қарақалпақ пен түрікпендерде, бір шеті қазақ, бір шеті қырым ноғайларының аузында шұбатылып жүр. Қай жұртта болсын, барған сайын басқы сөзге өз тұсынан түрлі жалғаулар қосып отырмақшы.

Екінші жақтан келгенде ел аузындағы ескі сөз көпшіліктің ар-иманының айнасы деуге болады. Жабайы көптен сытылып үздік шығатын алғыр батыр, шешен би сияқтыларға көпшіліктің қай көзбен қарап, қандай баға беретіндігі, олардың қандай мінез-қылықтарды сүйіп, қандайына күйінетіндігінің бәрі де ел аузындағы ескі сөзде қашан да мықты із-таңба қалдырып отырады. Көпшілік екпінді, қауырт, оның бетінде орталық болмайды. Біреуді сүйсе, оны тым ардақтайды, бойына жапсырмайтын қасиеті болмайды: теңіздей терең ақыл, болаттай берік қажыр, таудай биік дәреженің бәрін де оның бойына жалғайды. Едіге осындай ел сынының шын сүйген, шын ардақтаған ерлерінің бірі. Сондықтан тарихтағы Едіге мен ескі сөздің Едігесі біздің қарауымызға екі адам сияқты көрініп отыр. Енді ел қиялындағы Едіге қандай адам? Соған келейік. Бұл сұрауды «ел сынында шын ер қандай болуына керек екен?» – деп өзгертіп қоюға да мүмкін, өйткені ел қиялының шын әлпештеген, шын сүйген ерінің бірі Едіге болса, оның бойына тағылмаған жақсылық әрине болмақшы емес. Бұл сұраудың толық зерттеуі көп орын, көп уақыт керек етеді, сондықтан ықшамдық жағын қолданып, біз төменде оны тек жалпыша шолып қана өтпекшіміз.

Едігенің ту баста тумысының өзі көптен бөлек, өзгеше, өйткені оның әкесі – «Баба түкті шашты Әзіз» сынды кереметі күшті әулие, шешесі – су перісінің қызы. Молдадан сабақ оқып жүрген жас кезінің өзінде Едіге 90 баланы біржола жығады, бұл – күштілігінің белгісі. 90 баланың киімдерін бір жерге үйіп, үстіне өзі мініп алып «міне, мен де Тоқтамыс хандай болдым» – деп төсін кереді. Бұл бойындағы даралықты өзінің де ерте бастан сезген даналығының белгісі. Әңгімеде сөйленетін 3 бітімі Едігенің ақылы терең, зейіні өткір, қиядан көргіш қырағы, қара қылды қақ жарарлық арынының барлығына айғақ болып отыр. Бұлардың бәрі де қазақтың қасқа жолды, келелі, «жарғы» билеріне арнаулы сипаттар. Топ бастайтын көсемдік, сөз бастайтын даналық, көптен үздік даралық, қажусыз еңбек, қайтымсыз жігер, мұқаусыз қайрат арқылы табылмақ. Осы сипаттарға ие болған «өзінен өзі туған» дана жалшы болса

¹ Мелиоранский П.М. Сказание об Едигее и Тохтамыше // Приложение к XXIX тому ЗРГО по отделению этнографии. СПб., 1905. С. 11.

да, жарқырап жүзеге шықпақшы. Сондықтан Едіге елеусіз «көні боқты» қойшы болып жүріп те айтқан әсем бітімдерімен хан-қараны бірдей таңырқатады.

«Ханда қырық кісінің ақылы болса» биде қырық кісінің ары, білімі бар». Тура сөзді «әділ жарғыға» сансыз адамның «батасы» тимекші. «Батамен ер көгереді», сондықтан қазақ сияқты көпшіл елде қашан да ханнан гөрі бидің қадір «киесі» басым болады. Ханның арқа сүйеуі, жарасымы бимен табылады. Бисіз хан оңбайды. Хандықпен қатар қырағы билік те бір жерге бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, шежіресінде атын қалдырады.

Алты алашқа мәлім «ескі жолды» Есім хан, «қасқа жолды» Қасым хан, «тура жолды» Тәуекел хан, жеті жарғылы Әз Тәуке, ер Абылай, Кенесарының бәрі де осындай хандық пен билікке қатар ие болған «қасиетті» адамдар. Ел менгерерлік тілі жоқ, еңсерерлік күші жоқ, білім мен ойға, «билікке» ие болмаған, не ел ішіндегі рулардың көсемі билерді ішіне тартып қыбын таба алмаған алаңғасар, әңгүдік хандар хан болып та тұра алмайды. Ондайлардың тағы жарлының лашығы сияқты, наразы көпшіліктің бірінші құйыны түбіне жетеді.

Қазақ шежіресіндегі Дайыр, Бұрындық сияқты хандардың тарихы – мұның шындығына дәлел. Сондықтан Тоқтамыс хан мен Едіге бидің тартысы да, сайып келгенде, «ханнан билік кетіп, биге медет жету» мен «хан қашып, бидің қууымен» тиянақталады. Мұнан егерде хан мен би екі бөлініп таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашанда бидің жағына ауып отыратындығы көрінеді. Әңгіменің ішіндегі ең маңызды пікір осы деуге болады. Кінаяшылдық, не сөз мәнін жұмбақпен сездіретін әдет – жалғыз қазақ емес, жалпы шығыс елдерінің салты. Сондықтан Едіге де Тоқтамыс ханға түйген торын, тұтынған кегін ашық айтпай, кінаямен білдіреді. Әлемдегі аярлық, шақпай тіл, шағымшылдықтың бәрі де ел қарауынша әйелден туып отырады. Әйел айлакер, ділмар. Сондықтан Едігенің «аруағын да» алдымен қатын сезеді, жұмбағын да алдымен ханым шешеді. «Қатықты осып ішкені жұртыңды төрт бөлік қылып ірітермін дегені, ортасын былғап ішкені жұртыңа лайсаң салармын дегені», – дейді ханым. Шешумен қоймай ділмар қатын Едігені қалайша өлтіру туралы да ханға ақыл үйретеді. Ол ақылы – Едігені айламен қапылыста қолға түсіру, бірақ Едіге сынды киелі батыр, ондай қоқайды көріп пе? Қатынның ақылымен құрылған торға Едіге әрине түспейді. Тоқтамыстың тоқсан басты ақ ордасының ішіндегі игі жақсылардың ортасынан, босағаны күзеткен 9 батырдың найзасының үшіннен де сиынған «алдасы» мен сүйенген Аңғысын досының арқасында Едіге аман шыға береді. Малын жанға, жанын арға айырбастаған шын ер бетінен қайтқан ба? Едіге де сол кектенген қалпымен бұрылмастан, Тоқтамыстың берген «ал қара кес тон, ақ сұңқар құс, бөлулы байтал, берулі байтақтарының» бәріне де қолды бір-ақ сілтейді. Тоқтамыстың құрметтері былай тұрсын, намыстың жолына Едіге «Омар ханның қызы, айтулының өзі» болған жарын да құрбан қылады.

Кекжанбай бұлбұлдың майда тілімен сорғалатқан «ібін-сыбын» сияқты екі нақтың да «сыбыры мен сыңқылы» Едігенің құлағына кірмейді. Қысқасы, бір намыстың жолына Едіге бар дүниенің қызығын құрбан істемекші: «Ер айтпайды, айтса қайтпайды» – деген. Намысты, жігерлі, білекті батырлардың бәрінің де ісі ежелден осы болатын. Сондықтан қуып келіп тілдескен Тоқтамыстың 9 батырының біріне де қайрылмастан, аштыққа да, жалғыздыққа да көніп, Едіге алыста әлдеқайдағы Сатемір ханның еліне «шу» деп жүріп кетеді. Сондағы серігі астындағы жалғыз Тарлан боз ғана. Мұның бәрі де Едігенің шын батыр екендігіне дәлел нәрселер. Және де Едіге қазақ батырларының ішіндегі ең мадайы, аруағы күшті көсемі, сәулесі күшті шолпаны есебінде.

Бұған дәлел – Тоқтамыстың 9 батыры түйдегімен келіп, бір Едігеге бата алмайтындығы. Ол тоғыздың өзі де елеусіз қарапайым батырлар емес, өйткені оның ішінде: «есенінде ескісін берсе де елемейтін, егескенде жыға тисе де кектемейтін» жан-дінімен Тоқтамыс ханға берілген Есентайұлы Құдайберді батыр; «қос-қос пышақ асынған» Қосдәулет; «өткір семсер байланып, жау қарасын көргенде жауар күндей торланған, кетер құстай сайланған» арғыннан шықты атақты Қарақожа батыр; «қалың қыпшақтан қара озып шыққан, алты алашқа атын қалдырған, қараңғыда жол тапқан, қапы жерде сөз тапқан, адамның тілін алмаған, өз райысы болмаса, асу жерге бармаған» аты шулы Қобыланды батыр; «қас қояндай қасқарып, қараңғы меңіреу түндерде, сансыз қолды басқарған» Ақбалтырұлы Уақ батыр; «күнде бір сүңгі сындырып, ер көңілін тындырған, алмаған жау қоймаған, ішсе қанға тоймаған» Манжурұлы Шуақ сынды ылғи алаяқ батырлар бар. Осынша батырлар бір қосылып, тізелесіп, ортасына Тоқтамыс ханның еркесі «кеңесінің бұрышы, кең қарынның құрышы» есебінде саналған Кекжанбай ділмарды басшыға алып түйдегімен барғанда, батырлық көрсетіп, оқ пен найзаға жол беру былай тұрсын, Едігемен тілдесудің өзіне де олардың біреуі жарамай қалып, бет көріскен жерде бәрі де Кекжанбайдың артына қорғалап отыр. Сонымен теріп келсек, Едігенің бойына ел қиялының тақпаған қасиеті жоқ, ол әрі би, әрі батыр, әрі көсем, әрі ақылды дана. Көсемдік, даналық майданында ел қиялының төрешісі Сыпыра жырау Едігені Ер Шыңғыс, Әз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық істейді.

Едігенің даналығын ел былай тұрсын, дұшпаны Тоқтамыстың өзі де мойындайды: «Едігемнің асу ісі сол еді, өзінен бір жасы үлкенге әзіз ағамсыз, сөйлеңіз» дер еді. Өзінен бір жасы кіші тұрса «қарағым, сен тұра тұр, мен сөйлейін дер еді» дейді. Адамшылық көзімен қарағанда, Едігенің ең ақсайтын жері – Қабантын алыпты қан майданында күші асып өлтірмей, қапылыста қармауға алғандығы. Бірақ елдің сыны Едігенің бұл ісін де оның жолдасқа опашылдығына, өзінен басқаның өміріне ойыншық көзбен қарамайтын рақымшылдығына жатқызып отыр, өйткені 9 батырдан айырылып, Сатемір ханның еліне бетті түзегенде жолдан кездескен жанындағы 17 серігіне бұлайша беретін серті барды:

«Тамақтарың таусылса, тамақ тауып берейін,
Киімдерің жыртылса, киім тауып берейін.
Аты өлсе төлейін, өзің өлсең не дейін,
Бәрін айт та, бірін айт, мен тіріде өлмесің,
Он жеті дос кедейім».

Сондықтан егер де ол Қабантынмен кездескен жерден ақыл-айлаға жол бермей тура төбелеске ұмтылса, онда 17 серігіне ту баста берген уәдесін жутқан опасыз адам болып табылар еді. Едіге мұны істемей «күші өзімен тең болған» Қабантын алыпты әл сынасқаннан көрі, айламен жоюды мақұл көреді. Бұл әрине есті батырдың ісі. Және де кездескен жерден тура ұмтыларлық Едігенің тіпті орны да жоқ. Өйткені, оның нағыз кегі Қабантында емес, Тоқтамыста. Бұлай болмай жағаласып кеткен кезде де Едігенің жеңуі айқын еді. Мұның шындығын өлейін деп жатқан Қабантынның өзі де куәландырып отыр. Ел қиялы сүйген ерін қашан да көздеген ойына жеткізбей қойған емес. Қандай қиыншылық, бейнет болсын бәрі де ердің басынан өтпекші. Қорытымынды ұсталған бет, көзделген ниет жарқырап жүзеге аспақшы. Сондықтан Едіге батырдың да жолы болады. Нұралын сынды боздағын серікке алып Ноғайлының елінен Тоқтамысты қуады. Байтағынан безіп, қаңғып жүрген Тоқтамыстың жапан далада басы қиылады. Едігенің жүрегін өртеген кек сонымен бітеді.

Енді Едіге көздеген ойына жетті, іздегенін тапты. Тоқтамыстың «қызын – қатын, қатынын – отын» есебінде ұстады. Он сан ноғайды бір аузына қаратты, хан болды. Егер де әңгіме дәл осы арадан қиылса, Едігенің сыны шалалау қалар еді. Өйткені, Едіге сияқты ұлы батырлардың бойына ақыл мен күштің қармауынан тыс, қапыда ұшырасқан кемшілік болса, ондай кемшілікке ел мен ер қай көзбен қарайтындығы бүркеулі қалмақшы. Ел қиялы бұл көмескілікті де ашып, айқындап отыр.

Дегеніне жеткен, «қарадан хан болған» Едіге Қадірберді сұлтанның қапылыста келіп, мойнына мініп, бірер секіріп түскенін көтере алмай құса болып өледі. Олай болса Едігелер сияқты ардақтайтын еріне ел сыны қапылы мінді де кешпейтіндігі табылады. Сондықтан намысына тигенде хандыққа да қол сілтеп, қапыда ұшыратқан міннен Едіге мен Нұралын ел сынының алдында құса болып өлуімен ғана тазарып отыр. Сонымен сөзді қорытсақ, ел аузындағы Едіге, сайып келгенде батырлық пен билікке бірдей ие болған «шын ер» адам болып табылады. Батырлық жағынан келгенде ел сыны Едігені:

«Алдынан келіп сынасам –
Жалыннан пайда болғандай,
Артынан келіп сынасам –
Қарадан пайда болғандай», –

деп мақтайды. «Бірақ батыр деген ақбарақ ит – екiнiң бiрi табады, би деген ақ шарифат, елуден бiреу шығады», – дейдi ел мәтелi. Едiгенiң бойында да асылында, батырлықтан гөрi билiкке арнаулы сипаттар күштiрек болған. Сондықтан ел сыны да оны бiр ауыздан «Ел билеген Едiгем» деп әлпештеп, «Қазақ ерiнiң әуелi де Едiге, ақыры да Едiге» – деп хан көтерiп отыр.

Қаныш

ЕР ЕДІГЕ

Ерте заманда Бабағұмар деген әулие бар екен. Он бесте әулиелiк қылып кеткен екен. Сол уақытта бiр қызға көзi тиген екен. Көзi тиген сол қыз буаз болған екен. Буаз болған соң ұл тапты. Ол ұлының атын Бабатүктi шашты Әзiз қойды. Жиырма бес жасқа келгенде әулиелiк қылып жөнелдi. Агун дариясына барды. Дария жағасында алтын шашын алдына алып тарап отырған қызды көрдi. Қызға жақын келгенде суға шомып кеттi. Бабатүктi шашты Әзiз де қыздың артынан шомып кеттi. Дарияның астында алпыс ақ отау тұр екен. Отауға кiрiп барды. Iшiнде ай десе аузы жоқ, күн десе көзi жоқ, бұлғарыдай бұлқыған, бұлусы жұпар аңқыған ғажайып бiр қыз отыр екен. Қызды көрдi де қайта шықты. Қыз етегiнен ұстап: «Я жiгiт қайда барасың?» – дейдi, «Мен саған сөйлеспеймiн, сөйлесем күнәкар боламын, – мен сенi iздегенiм жоқ, жiбер», – дедi. Қыз айтты: «Егер менi алмай кетсең, он бестегi күнәм мойныңа», – дедi. Жiгiт ақыл ойлады: «Мен сенi алмай кетсем, күнәм жоқ болар деп едiм, алмай кетсем күнәм көп болады екен, алайын», – деп ой қылды, неке-леп алды, қыз айтты: «Әбден менiкi болдың ба?» – «Я болдым», – дедi.

– Олай болса, мен етiгiмдi шешкенде аяғыма қарама, көйлегiмдi шешкенде қолтығыма қарама, басымды жуғанда шашыма қарама», – дедi. Күндерде етiгiн шешедi: аяғы ешкiнiң аяғындай, оны жiгiт көрдi. Бiр күнi көйлегiн шештi: Қолтығынан өкпесi көрiнiп тұр. Жiгiт тағы да көрдi. Қыз көргенiн бiлдi. Аспанға ұшып кеттi. Қайран «кет құдайым» деп қайтып түстi. Тағы күндерде бiр күн қыз шашын жуады. Бас терiсi алдына алып тарап отыр. Жiгiт тағы көрдi. Қыз аспанға ұшып жөнелдi. Ей, жiгiт, – дедi, – «iшiмде алты айлық балам кетiп барады, Нiл дариясының басында, Құмкент шәһәрiнiң қасына балаңды тастап кеттермiн», өзiң iздеп тауып ал дедi. Сонымен қыз кеттi. Бабатүктi шашты Әзiз баланы iздеп, Нiл дариясын қыдырды. Нiл дариясының басында, Құмкент шәһәрiнiң қасында жiбек орамалға ораулы жатқан баласын тауып алды. Елсiз, күнсiз жерде туды деп атын Едiге қойды да, жаурынына таңды. Тоқтамыс ханның ауыр жұртына алып келдi. Ноғайлының жұрты екен. Үш жасқа келгенде қолынан ұстап молдаға бердi. Баласының бар парызынан құтылған соң Шашты Әзiз ғайып болды, ұшып кеттi. Онан соң сегiз жасында Едiге оқуда тұрды. Оқуда тоқсан бала бар едi,

сол балалармен күрескенде бәрін де жықты. Бәрінің де киімдерін алып үйіп салды, киімдерінің үстіне шығып отырып айтты: «Міне Тоқтамыс ханның тағының үстіне отырдым» деді де, киімдерін қайтарып берді.

Күндерде бір күн екі кісі келе жатыр еді. Едіге балаларға айтты:

«Өздеріңіз сәлем бермеңіз, егер сәлем берсе алыңыз, сәлем бермейсіңдер деп сөксе, жауабын мен берейін», – дейді. Екі кісі келді, балалар сәлем бермеді. Балалар, неге сәлем бермейсіңдер?» – деді. Едіге: «бастан өздерің неге сәлем бермейсіңдер?» – деді. Екі кісі айтты: «Біз үлкен бе, жоқ сендер үлкен бе?» Едіге айтты: «біз үлкен», екі кісі: «сендер қалайша үлкен боласыңдар?» – деді. Егер мен тоқсан баланың жасын санап салсам, сонда біз үлкен болмаймыз ба?» – деді. Екі кісі сөзден жығылды: «бағанағы дауымызды осыған салайық», – деді. «Ей бала, даулы болып Тоқтамыс ханға бара жатыр едік, енді дауымызды саған салғалы тұрмыз. Бітіресің бе?» – деді. «Егер құдай аузыма салса бітірермін», – дейді.

Олай болса мынау – Алшын атасы Көкжалды мерген, мен – Кеңестің ұлы Кекжанбаймын. Еділ мен Жайық менікі еді. Онан қашқан қоян да менікі еді. Жайықтың жағасында, Ақ көлдің сағасында жатқан ақ қоянды көрдім де, атайын деп мылтығыма кеттім. Мен мылтығымды алып келгенше Көкжалды атып алыпты. Осының төресін беріңіз», – деді. Бала: «Сен қандай жерден аттың?» – деп Көкжалдан сұрады. Ол қанша жерден атқан мөлшерін көрсетті. «Егер бір төре берсем, екеуіңіз де көнесіз бе?» – деді. Екеуі де «көнеміз» – деді. Баланың берген төресі: қоянды алып бір балаға құшақтатты да Кеңестің Кекжанбайына айтты: «Балаға тигізбестен қоянды атқан жерден ат: егерде балаға тигізсең, құнын бер, оқ далаға кетсе, қояннан бейдамақ бол, тигізсең қоян сенікі болады», – деді. «Бұл төреге көнбеймін, Тоқтамыс ханға барамын», – деп Кекжанбай ашуланды. Қайтып келді: «ұстат балаңа, атамын», – деді. Балаға дарытпастан қоянның қалаған жерінен тигізді. Едіге: «ендеше бұрын көрген қоян сенікі», – деді. Көкжалды: «бұл төреге көнбеймін», – деп ашуланды. Екеуі Тоқтамыс ханға барысты. Хан алдында Кекжанбай: «бір төре болып еді», – деді, Тоқтамыс: – Қандай төре? – деп сұрады. Кекжанбай баланың берген төресін айтты. Сонда Тоқтамыс хан: «Сол баланың төресі – төре, біз ондай төре бере алмаспыз да», – деді.

Сол бала Едіге сегіз жасқа келген соң оқудан шықты. Мал табамын деп, біреудің қойын бағады. Бір күні төрт кісі келеді. Орталарында бір аяғы ақсақ жетегі бар. Төртеуі «мынау қойшыға жүгінейікші» деп Едігеге келеді. Төртеуі бір ағайынды екен: «Орталарымыздағы бір қара еді. Осы ақсақ мал біздің еншімізге тиген еді. Басы үлкен ағамызға, төрт аяғы төртеуімізге тиген еді. Осы ақсақ мал барып, кәпірдің егініне түсіпті. Көпір төрт аяғының тиген жеріне төрт жүз ділде сұрайды. Біздер соған даулы болып отырмыз. Төресін бересің бе?» – деді. Едіге: «Алла аузыма салса берермін», – деді. «Мынау ақсақ аяғы қайсыңызға тиесі еді?» – деп сұрады. Ең кішісі: «маған тиіп еді», – деді. «Ендеше сен төлеуден бейдамақ бол», – деді. «Екі жүзін басын алған ағаң тартсын. Өйткені малды

егінге көзі көріп, басы сүйреп алып барды. Екі жүзін екі ағаң тартсын, өйткені ауру аяқты сау аяқ сүйреп апарып бастырған еді». Үш ағасы бұл төреге көнбей, Тоқтамыс ханға барады. Хан алдында кішісі: «Біз біреуге жүгініп едік», – деді. Хан: «Жүгінген уақытта қандай төре беріліп еді?» – деп сұрады. Баланың берген төресін естіген соң хан: «Соның төресі – төре, мен ондай төре бере алмаймын», – деді.

Тағы да бір күні атан түйені жетелеп, екі кісі келе жатыр еді. Едігені көріп: «Мынау қойшыға жүгінейікші», – деп бұрылды. «Әй қойшы, осы түйеге даулымыз, төре бересің бе?» – деп сұрады. Едіге: «беремін», – деді. Біреуі айтты: «Осы түйе менікі. Бота кезінде жоғалған. Атан болғанында танып отырмын. Ұрлаған ұрын мынау», – дейді. Едіге қалған біреуіне: «сен сөйлеші», – деді. «Өз түйемнің ботасы, өз бурамның баласы. Осынаудың маған қылып отырған жаласы», – дейді. Едіге біреуіне: «сендегі енесі бар ма?» – дейді. Анасынан тағы да енесін сұрап алып, екеуіне: «екі інген мен бір арқан алып келсеңдер төресін берейін», – дейді. Сұраған нәрселері даяр болған соң Едіге атанның тақымына арқан салып бұрады. «Жоғалтып едім» дегеннің інгені атанның үстіне боздап түсе қалады. Сонда бала: «мұның ұрлатқаны шын, сіздің ұрлағаның шын екен. Мұның түйесін бересіз», – деді. Төре тимегені: «Бұл төреге көнбеймін», – деп Тоқтамыс ханға барды. Дауды айтты. Төре тиген адам ханға: «осындай бір төре болып еді», – деді. «Ендеше соның төресі – төре, мен ондай төре бере алмаймын, түйесін бер», – дейді.

Тағы да бір күні қой бағып жүргенде екі қатын мен екі еркек орталарындағы бір балаға таласып келеді екен. Едігені көріп: «Мынау қойшыға жүгінейік», – дейді. «Жүгінсек жүгінейік», – деп бұрылып отырып, қойшыға келді. «Әй, қойшы, біздер даулы болып келеміз, төре бересің бе?» – деді. Едіге: «Төресін берейін», – деді. Бір қатын мен бір еркек айтты: «Осынау баланы бесікте жоғалтып едік. Жүгіріп жүргенде танып отырмыз». «Он ай көтеріп омыртқамды сөгіп тапқан балама жала қылады» деді қалған екеуі. Едіге төртеуіне де: «Берген төреме көнесіздер ме?» – деп сұрайды. Төртеуі де: «көнеміз» – дейді. Сонда Едіге баланы екі қолынан екі қатынға ұстатты. «Жоғалтып едім» деген қатын үндемей тұр, анау қатын: «не қылсаң да мейлің білсін», – дейді. Едіге: «Даулы баланы семсерменен екеуіңізге қақ бөліп беремін», – деп семсерді көтере бергенде, «жоғалтып едім» деген қатын білегінен ұстай алды. «Өлтірмеңіз», – деді, – менен туған бала болса, өскенде мені бір табар, әзірше мынау-ақ алсын», – деді. Едіге үндемеген қатынға: «Сенің ұрлағаның шын екен. Өлтірсе – өлтірсін деп үндемедің, мынаның баласын өзіне бер», – дейді. Өзім таптым деген еркек пен қатын: «Бұл төреге көнбейміз», – деп Тоқтамыс ханға барады. Төре тимеген қатын мен еркек, ханға: «Даулы болып сізге жүгінуге келдік», – дейді. Нақ баланың шешесі: «Бір төре болып еді, – деді, хан: «Қандай төре болып еді?» деп сұрады. Бұлар қойшы баланың берген төресін айтты. Хан: «Соның төресі – төре, ондай төрені мен бере алман», – дейді.

Мұнан соң Тоқтамыс хан: «Төрт рет мұндай әділ төре берген қандай бала? Кім де болса мұнда шақырыңдар», – деп бұйрық береді. Дереву Едігені шақырып алып келеді. Хан: «Төрт рет төре берген сен бе?» – деп сұрайды.

– Иә, мен едім, тақсыр, – деді.

– Атың кім? – деді.

– Атым Едіге, – дейді. Үстіндегі киімдері жаман екен. Хан: «Бұл киімдеріңді таста», – дейді.

Жаурындары жақталы,
Түйме баулы тартпалы
Ал қаракес тон берді,
«Мұны үстіңе ки», – деді,
«Көк ала жорға ат мін», – деді,
«Көнте белбеу бу», – деді,
«Тұтам бауы сом алтын
Ақсұңқар құс беремін,
Ұшан теңіз шүй», – деді.
«Қырымнан қиын дау келсе
Төресін соның бер», – деді.
«Қырымнан қалың жау келсе
Едігем, соны қыр», – деді.

Едіге дауды бітірді, жауды қырды, Тоқтамыс хан тыныш болып, жайына тұрды. Жұртты билеп топ еркін қолына алды.

Күндерге бір күн Тоқтамыс ханның қатыны айтты: «Осы алып жүрген жалшы балаңыздың аруағы сіздің аруағыңыздан басым көрінеді», – деді. Хан: «Ей, тентек қатын, есігімдегі жалшының аруағы нағып менен артық болсын», – деді. Ханым: «Ендеше сіз білмеген екенсіз, Едіге «Аллаң жар болсын» деп кіріп келгенде, қашанда сіз селк ете түсесіз. Сескенетініңізді өзіңіз де білмейсіз. Егерде менің сөзіме иланбасаңыз, киіміңіздің етегін тебен инемен түйреп қояйын, сол уақытта селк ететініңіздің белгісі мәлім болар», – деді. Ханның етегінен тебен ине түйрейді. Сол уақытта Едіге: «Аллаң жар болсын», – деп есіктен еніп келгенде, хан селк ете түсті. Түйрелген тебен ине ортасынан екі үзіліп, аспанға ұшты. Ханым: «Енді білдіңіз бе аруағының зорын?» – дейді.

Едігенің аруағын төмен түсірейін деп ханым бір аяқ қатық ұйытып, ішіне зәрін араластырып қойды. Едіге кіріп келіп отырған соң манағы қатықты қолына ұстатты. Едіге қолындағы ыдысқа үніліп қарады да, жанындағы пышағын суырып алып, қатықты төрт тіліп, ортасын бұлғап жіберіп көтеріп ішіп салды. Ханым: «Едігем, тәтті ме екен?» деді. «Егерде ыдысы ескі болмаса, тәуір көрінеді», – деп Едіге шығып кетті. Едіге шыққан соң хан ханымға қарап: «Ыдысы ескі болмаса, тәуір екен дегені несі?» – деді. «Кәрі қатынның зәрі болмаса, тәтті екен дегені ғой»,

– дейді. Хан тағы да: «Пышақпен осып ішкені несі?» – деп сұрады. Ханым: «Жұртыңды төрт бөлек қылармын», – дегені, ортасын былғап ішкені жұртыңды да осындай бөлшектермін дегені», – дейді.

Хан: «Ендеше мұны өлтірейік», – деді. Ханымы: «Мұны бүйтіп жүргенде өлтіре алмайсыз», – деді. «Арақ-шарап жинайық, алпыс басты ақ орданы шетке тігейік. Ноғайлының ауыр жұртының барлы-жоғын жиыңыз. Едігені аяқшыға қойыңыз. «Едігем, кел батырға» зорлатыңыз, сонда арақ ішіп, мас болып жүргенде өлтіресіз», – деді.

Бұл сырды естіп жүрген Едігенің алты жастан Аңғысын атты бір досы бар еді. Естігенін Едігеге айтты: «Кел батырға зорлап аяқ бергенінде ішпейінше осы меске құя бер», – деп серке терісінен істелген бір мес берді. «Мен келген кісілердің аттанар жақ үзеңгі бауын қиып қоярмын. Сол мезгілде даладан өзіңе бір ауыз сөз айтармын, берік бол», – дейді.

Арақ-шарапты жиды, Ақ отауды тікті. Ноғайлының ауыл, жұрт, барлы-жоғын жиды, тоғыз ерді босағаға аңдушыға қойды. Алпыс алыбын айдаладан аңдытты. «Едігенің бала досы Аңғысын жиылған адамдардың аттанар жақ үзеңгі бауларын айналдырып қиып қойды. Едігені үйге кіргізді. Аяқшыға қойды. Едіге серке терісі месті ішінен буып алған. Жиылған топ Едігені зорлады, «кел, кел»-ге басып, әрқайсысы аяқ берді. Ішкенін ішіп, ішпегенін беліндегі меске құйып жүр.

Бойы қызыңқырап келгенде Аңғысын досы есік алдынан келіп қарады, онан соң айтты:

Табаны жалпақ тарлан боз,
Түн қатуға күн – сана.
Тақта отырған қамқа тон
Төрде отырған билерге
Қолың қақпай бұл сана.
Менің атым Аңғысын,
Берген саған алғысын
Барлағайсың түнеугі
Сөзіміздің соңғысын.

Едігенің жадына түсіп, үйден шықты. Бір аяғы босағаға тигенде, бір аяғы тарланның үзеңгісіне тиеді, қарауылға қойылған Тоқтамыстың тоғыз ері бірін-бірі пышақтайды. Тарланға атып мініп, садағын жерден ала бергенде тарланның жанбасы жерге бір тиеді. Тоқтамыстың алпыс алыбы бастары түсіп, бата алмай қала береді. Едіге сол кеткеннен кетіп, Еділ мен Жайықтың арасында бір тіл алып кетейін деп жатты», – дейді.

Ноғайлының ауыр жұрты абдырады, айланды. Айланыш кеңес таппады. Сонда Тоқтамыс тоғыз ерін алдырып, есігінің алдына қойды. Шақырып ақыл сұрады.

Есенімде ешкімді берсем елемес,
Егескенде жыға тисем кектемес.

Есентай ұлы Құдайберді батырым,
Толған көрші деп еді.
Еңкейіп үйге кіргеннен
Қол қусырып тұрғаннан
Тұрды, тағы сөйледі.
Айтып еді бір сөзді
Өкіліне түспеді,
Байыбына бармады.
Оның сөзін жаратпай
Үйімнен тез шық деді.
Қос-қос пышақ асынған,
Қосалқы отау тіктірген,
Көшкенде бартал тарттырған,
Салтанатын хан ұлынан арттырған.
Мойтандардан ер шыққан
Екі бірдей қос дәулет,
Егізіңмен еніп кеп
Толғап көрші деп еді,
Еңкейіп үйге келген соң,
Қол қусырып тұрған соң,
Екеуінің де сөзін жаратпай
Байыбына бармады.
Өкіліне түспеді,
Екеуің де үйден шық деді.
Көшкенде күшін айланған,
Өткір семсер байланған.
Жау қарасын көргенде
Жауар күндей торланған.
Кетер құстай сайланған,
Бір Алладан қашанда
Тілек тілеп зарланған.
Арғындардың басы едің,
Қара қожа батырым.
Сен бері кеп ойланып,
Толғап көрші деп еді.
Еңкейіп үйге кіргеннен
Қол қусырып тұрғаннан,
Толғау салып көріп еді,
Өкіліне түспеді,
Байыбына бармады,
Оны да үйден шық деді.
Қараңғыда жол тапқан,
Қапы жерде сөз тапқан,
Жауырының үлкен қақпақтай,

Айдарың үлкен тоқпақтай,
Адам тілін алмаған,
Өзі ырайсыз болмаса,
Асу жерге бармаған,
Қара қыпшақ Қобыландым,
Сен бір кіріп ойланып,
Толғап көрені деп еді.
Еңкейіп үйге кіргеннен
Қол қусырып тұрғаннан,
Ол да толғап көріп еді,
Оның да сөзін жаратпай,
Байыбына бармады,
Өкіліне түспеді,
Оны да үйден шық деді,
Қос қояндай қасқарған,
Қараңғы меңіреу түндерде
Сансыз қолды басқарған,
Күнде бір сүңгі сындырған,
Ер көңілін тындырған,
Сүңгіге кісі міндірген,
Алмаған жау қоймаған,
Ішсе қанға тоймаған,
Елге аз да, жауға көп,
Ақбалтыр ұлы Уағым,
Манжур ұлы Шуағым,
Егізіңмен бері кеп,
Толғап көрші деп еді,
Егізімен екеуі,
Үйге кіріп келгеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Толғауға салып көріп ед,
Оның да сөзін жаратпай,
Байыбына бармады,
Өкіліне түспеді,
Оны да үйден шық деді,
Садағын қырық нарға тарттырған,
Салтанатқа үлде мен бұлде арттырған.
Тойға келсе ерке едің,
Қасқита басқа кигенің
Алтай қызыл бөрік еді,
Кеңесімнің бұрышы едің,
Кең қарнымның құрышы едің,
Кеңестің ұлы Кекжанбай.
Шаршамайтын дүлдүлім,

Шалдырмайтын бұлбұлым,
Сен толғашы деп еді,
Еңкейіп үйге келгеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
О да толғау салып еді,
Оның да сөзін жаратпай
Байыбына бармады,
Өкіліне түспеді,
Сендағы үйден шық деді.
Ноғайлының ауыр жұрт
Абдырады, Айланды,
Айланып кеңес таппады,
Аузында отыз тісі жоқ,
Сұм аяқты, су бөрікті,
Сыпыра сынды сұм жырау
Жібекпен жағын тарттырып,
Салтанатқа үлде мен бұлде арттырып,
Алып бір келші деп еді,
Сұм аяқты, сүп бөрікті,
Сыпыра сынды сұм жырау.
Алып бір жетіп келгеннен
Еңкейіп үйге кіргеннен
Қол қусырып тұрғаннан
Тұрадыдағы толғайды,
Толғайды да сарнайды.
Сарнайды да жырлайды,
Толғап сарнап жырласа,
Сансыз ноғай қорлайды,
Өкіліне түскен жақсылар
Не оқиға болды деп,
Қамыққанын зарлайды,
Өкіліне түспес жамандар
Қартайғанда қазымыр,
Сандыраққа басты, – деп
Көңілсіз жүре тыңдайды,
Мен қартыңмын, қартыңмын,
Не көрмеген қартыңмын?
Бастыққа бастық бастық хан,
Оны көрген кәріңмін.
Онан соңғы Кедей хан
Оны көрген кәріңмін,
Онан соңғы Алақан
Оны көрген кәріңмін.
Онан соңғы Қарақан,

Оны көрген кәріңмін.
Құлағы шұнақ Назарқан
Оны көрген кәріңмін.
Он екі тұтам оқ атқан
Онан соңғы ер Шыңғыс
Оны да көрген кәріңмін,
Мұнарасы қырық құлаш
Өзден сұлтан Жәнібек,
Оны да көрген кәріңмін
Ұлы бабаң – Домбауыл
Соны көрген кәріңмін.
Жас та болсаң Тоғым хан
Сені көрген кәріңмін.
Жүз сексенге келгенде
Шықпаған жан жүргенде
Менен дәурен кеткенде
Саған дәурен жеткенде
Сонша хандар өткенде
Кешегі кеткен еңселі
Ерні салпы құбаша ұл
Сонша жасқа келгелі
Осындай ер жігітті
Көре алмаған кәріңмін.
Артынан келіп сынасам,
Қарадан пайда болғандай.
Алдынан келіп сынасам,
Жалыннан пайда болғандай.
Сонау бір жалғыз кеткен сол,
Сатемір қанға жетер сол,
Сатемір хан қол берсе,
Алла тағалам жол берсе,
Қырқада біткен қырық адыр
Қырық басып жүрер-ді.
Қырық күншілік шөліне
Айдында бұлақ салар-ды.
Сауырлы пұт, күреңше ат,
Пұтқа тартып мінер-ді.
Екі түгей торша ат,
Ылауға жайдақ алар-ды.
Алағаншық күндей боп
Алды-артынан шығар-ды.
Ноғайлының ауыр жұрт,
Баяу жатқан қайран жұрт,
Аш күзендей бүгіліп,

Аш бөрідей керіліп,
Шетіннен қиқу асырсын.
Ащылы сүрең салар-ды.
Есілдің басы Қызыл жар,
Аспадан суат салар-ды.
Ертістің басы Қарадөң,
Екі арасын қосар-ды.
Алтыннан соққан Ақордаң,
Күмістен соққан ақ есік,
Түсі суық шым – болат,
Ұшыменен ашар-ды,
Төрге төсек салар-ды.
Төс аршынды сұлудың
Сұлулығын аямай
Төс астына салар-ды.
Керегенді кертер де,
Туырлығың тілер ұл
Тіліп тоқым қылар ол,
Тоқсан басты ақ орда
Тонамай ие болар-ды,
Торылы жылқы тобыншақ
Топтан жиып алар-ды,
Қанікейдей көріктіңді,
Тінікейдей тектіңді
Ат көтіне міндіріп,
Ал ендігін солдырып
Тегін олжа қылар-ды.
Сонау бір жалғыз құбаша ұл
Әлі де ұзап кеткен жоқ,
Еділден ары өткен жоқ,
Тоғыз мынау ерінді
Тобымен жібер де
Алдап-сулап қасыңа ал,
Қасыңа ал да басын ал.
Аман-есен кетсе ол,
Еділден арман өтсе сол,
Сатемір қанға жетсе сол
Осы үшін сірәда
Сенен алмай қоймас-ты.
Деді дағы Сұм жырау
Жағы түсіп өледі.
Мұнан кейін Тоқтамыс,
Тоғыз ерге келеді,
Ей тоғыз ер, тоғыз ер

Тоғызың да бара көр
Алдап-сулап Едігені
Қастарыңа ала көр.
Алдап-сулап қасыңа ал,
Қасыңа ал да басын ал.
Тоғыз ер кетті алданып.
Бір Алла деп зарланып,
Еділдің бойына барғанда
Едіге отыр қасқайып.
Едігені көрген соң,
Жалбарынып тоғыз ер
Айбарынан қорыққаннан
Қасына барып жетпеді,
Сөйлесуге батпады,
Тоғыздан төртеу бөлініп,
Бір-бірінен өтінді
Ең соңында өтілдің.
Кеңестің ұлы Кекжанбай,
Келді дағы сөйледі:
«Ей Едіге, сен енді қайт сана
Қайтып Еділ өт сана,
Еңсесі биік ақ орда
Еңкейіп сәлем бер сана,
Ернеуі жұқа сары аяқ
Ер сарқытын іш сана.
Жаурындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы
Ақ қаракес тон береді,
Үстіңе соны ки сана.
Көкала жорға ат мініп,
Көн дабылпаз байланып,
Ұшан теңіз айланып,
Тұтам бауы сары алтын
Ақ сұңқар құс береді,
Көл айлана, шүй сана.
Арбаң да арбаң жүгіртіп,
Адымын жерде қуыртып,
Арғымақ ат береді,
Салтанатқа ілсана.
Құлағын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған.
Жүргенде ізін санаған,
Бауырын тартып жараған
Қысыр жылан өзекті,

Қолтыраудап танаулы,
Сапы аяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
От орнындай тұяқты,
Қиған қамыс құлақты,
Табаны жалпақ тарлан боз
Ат береді мін сәнә.
Байтал бөлір береді,
Байлап қымыз іш сәнә.
Байтақ бөліп береді,
Патшалық сүр сәнә.
Алған жарың атақты
Омарқанның қызы еді,
Айтулының өзі еді,
Оймақтайын үзілді,
Сағынды да сарғайды,
Салқын түспей бар сана.
Ібін-сібін екі нақ
Сыбырласып, сөйлесіп,
Сыңқылдасып күлісіп,
Жең үшінен жалғасып
Ши түбінде сырласып,
Не дегенін біл сәнә.
Тоқтамыстай хан иең
Саған өкпе қылады,
Өкпе пани сөзіңді
Хан алдында арыз қып
Өз аузыңнан айт сана,
Кел, Едіге бауырым,
Енді ырайдан қайт сана.
«Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды
Қайтіп Еділ өтпен-ді.
Еңсегей биік Ақ орда
Еңкейіп сәлем бермен-ді.
Еңсеме қатты иманнан,
Болат шоқпар тиген-ді.
Ернеуі жұқа сары аяқ
Қан сарқытын ішпен-ді,
Ернім жерге былғанды.
Жаурындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы
Тон берсең де кимен-ді.
Иініме ноғай қотыр шыққан-ды
Көк ала жорға ат мініп,

Көн дабылпаз байланып,
Ұшан теңіз айланып,
Тұтам бауы сом алтын
Ақсұңқар құс берсең де
Көл айлана шүйе алман.
Қолымнан құт кеткендей.
Арбаң да арбаң жүгіртіп,
Адымын жерде қуыртып,
Арғымақ ат берсең де
Салтанатқа іле алман,
Салтанат бізден кеткен-ді.
Құлағын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған,
Жүргенде ізін санаған,
Бауырын тартып жараған,
Қысыр жылан өзекті,
Қолтыраудай танаулы,
Сапты аяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
От орнындай тұяқты,
Қиған қамыс құлақты
Ат берсең де міне алман.
Ауымнан құт кеткенде
Байтал бөліп берсең де
Байлап қымыз іше алман.
Байтақ бөліп берсең де
Мен байшылық сүре алман.
Басымнан бақ кеткенде
Алған жарым айтулы
Омарқанның қызы еді,
Сағынбақтан сарғайсын,
Салқын түспей барман-ды.
Ібін-сібін екі нақ
Сыбырласып сөйлесіп,
Сыңқылдасып, күлісіп,
Ши түбінде сырласып,
Жең үшінен жалғасып,
Не дегенін білмен-ді.
Құлағым саңырау болған-ды
Тексіз иең Тоқтамыс
Енді еңкейіп барман-ды.
Өкпе пани сөзімді
Көктен оғым зуылдап
Зымырап барып айтпаса,

Сірә аузымнан айтпан-ды.
Еркек боп атқа мінген соң,
Қатындай болып қайтпан-ды,
Салпақ-салпақ жортармын,
Саразбанға қосым артармын,
Ұшайын десем қанат жоқ,
Қонайын десем құйрық жоқ,
Ей, жалғыздық қайтермін,
Сұм жалғыздық қайтермін?
Жалғыз да болсам кетермін
Сатемір қанға жетермін,
Сатемір қан қол берсе
Қадір алда жол берсе,
Тілегімді мол берсе,
Қырқада бітқан қырық адыр
Қырық басып жұрт басам,
Қырық күншілік шөліне
Айдынды бұлақ салмасам,
Сауырлы пұт күреңше ат
Пұтқа тартып мінбесем,
Екі түгей торша ат,
Блауға жайдақ ілмесем,
Алағаншық күндей боп,
Алды-артыңнан шықпасам,
Аш күзендей бүгіліп,
Аш бөрідей шумандап,
Ноғайлының ауыр жұрт
Баяу жатқан қайран жұрт
Шетінен қиқу асыр сап,
Ащы сүрен салмасам,
Есілдің басы Қызылжар,
Аспадан суат салмасам,
Ертістің басы Қарадөң,
Екі айрымын қоспасам,
Алтындап соққан Ақордаң
Күмістеп соққан ақ есік,
Түсі суық шым-болат,
Ұшыменен ашпасам,
Төрге төсек салмасам,
Төсі аршынды сұлудың
Сұлулығын аямай,
Төс астына алмасам,
Керегеңді кертпесем,
Кертіп отын қылмасам,

Туырлығың тілмесем,
Тіліп тұқым қылмасам,
Тоқсан басты Ақордан,
Тонамай ие болмасам,
Торылы жылқы тобыншақ
Топтап жиып алмасам,
Қаныкейдей көріктің,
Тінікейдей тектіңді,
Ат көтіне салмасам,
Тегін олжа қылмасам,
Осы өшімді алмасам,
Дегеніме жетпесем,
Айтқанымды қылмасам
Күні кеше жапанда
Есіл ерді еңкейтіп,
Екі иінін жауыр ғып,
Қамар белін ауыртып,
Ніл дарияның басында,
Құмкент шәрі қасында
Баба түкті шашты Әзіз
Мені сонда тауып ап,
Едіге деп ат қойғанда
Едіге атым құрысын.
Мен, мен дүрмін, мен дүрмін,
Мен, менсіген мінезден,
Тауба қылған ер дүрмін.
Досымның отын сөндірмен,
Дұшпаным отын жандырман,
Өзім емес нәмартқа,
Шаңқан бозат міндірмән,
Тоқсанды жебе салдырман,
Асылын сұрамай ас бермен,
Атасын сұрамай дос қылман,
Өзім демес нәмарттың
Еңсесіне мінген соң
Иманнан шоқпар төндірмән.
Мұнан әрі мақтанбан,
Мұнан әрі мақтансам,
Он екі тұтам оқ тартқан,
Кешегі өткен ер Шыңғыс,
Өзіменен тең дүрмін,
Тауға ұялар сұңқармын,
Тау бөктерлей шүйермін,
Торлаусыз өскен құланмын,

Мезгілсіз жусап өерермін,
Бұжығынан ащымын,
Сербет құйсаң тұщымын,
Буыршыннан қаттымын,
Бұйдаласаң шөге алман.
Буырлыштан асаумын,
Бұғалық салсаң тоқтаман,
Өзім деген жақсыны,
Өлгенімене боқтаман.
Шалғынды көл төңірек,
Шалулы сөзің не керек?
Қоғалы көл төңірек
Сенің маған қорлықты сөзің не керек?
Безенді гүл төңірек,
Құр мені алдап желген сөзің не керек?
Білгің келсе, тоғыз ер
Қарағайдан берік біткен терекпін,
Басымнан дауыл үрсе теңселмен.
Қарағайға қайнап біткен пұтақпын,
Балталасаң айрылман.
Еменге айыра біткен пұтақпын,
Еңкейіп келсем оңдырман.
Қарағайға қарсы біткен пұтақпын,
Қасалассам оңдырман.
Қылтыңдаған күреңше ат,
Қыдырауды жыққанмын.
Жағасы алтын кіреуге
Жағаласып жыртқанмын.
Тоқсан баулы ақ көбе
Тоғысқан жерде кигенмін.
Садақ толы сай жете
Саудыратып төккенмін.
Атанға тартсаң ауырмын,
Батпанға тартсаң бастырман,
Таразыға тартсаң теңдірмен
Мұнан әрі мақтанбан.
Мұнан әрі мақтансам,
Жеп ұсатқан қарт көк сең
Өзіңменен тең дүрмін.
Тұра тұршы тоғыз ер
Туған жерім айтайын,
Айтпағанда қайтейін?
Баба Омар бабамды
Мен батамда көргенмін.

Баба түкті Шашты Әзіз,
Арқа беріп жүргенмін.
Әзірейіл сынды періште
Алты күн арыз еткенмін.
Жәбірейіл сынды періште
Жеті күн арыз еткенмін.
Омар менен Оспанға,
Әбубәкір Сыдыққа,
Әзірет Әли бабама
Арқа беріп жүргенмін.
Мұхамбет атты піріме
Меке деген шәрінде
Барып арыз еткенмін.
Тәңірі үйі мекені
Үш айланып, зыр кешіп,
Бар күнәмнен пәк болып
Сонда айрылып қайтқанмын.
Түсімде аян береді
Ақ шалмалы бір кісі,
Оқымысты дүр кісі.
Енді Едіге батырды
Шанжауға қағып иментіп,
Тоқтатам дейтін қай кісі?
Тоқтамыстың тоғыз ер,
Сен тоғыз да мен жалғыз,
Мәнің болса кел, доңыз,
Қамшы тиер мойнына
Қан сорғалар қойнына
Шыдамассың бірақдақ
Тарқи қылған ойныма.
Кеңестің ұлы Кекжанбай,
Ашпа көзің тесермін.
Сөйлеме тілің кесермін.
Атаң қара кісі еді,
Мал бергеннің құлы еді,
Енең қара кісі еді,
Ас бергеннің күңі еді.
Мен салпаң-салпаң жортармын,
Саразбанға қосым артармын,
Алла жалғыз жаратты,
Бір шыбындай қаріп жан
Кім алар деп қорқармын?

Осыны айтып Едіге онан-мұнан құралып 18 кісі болды. Едігенің атқа жүруіне 17 серігі шыдамады. Ас ішуіне қарыны ашып шыдамады. Бұлардың шыдамайтындығын Едіге ойлап білді.

Ей, он жеті дос,
 Біз жиылсақ он сегіз.
 Мен шаршадым деп налықпа,
 Сусадым деп талықпа,
 Қарным аш деп қамықпа.
 Тамақтарың таусылса,
 Тамақ тауып берейін,
 Киімдерің жыртылса
 Киім тауып берейін,
 Атың өлсе төлейін,
 Өзің өлсең не дейін.
 Арық атты көк жасық
 Серен қылып жесейік.
 Жаңбырдан тұрған қызыл қақ
 Сербет қылып ішейін,
 Он жеті досым, өлсеңдер
 Жаназаңды шығарып,
 Баялыштан от жағып
 Таза арулап көмейін.
 Бәрін де айт та, бірін айт
 Мен тіріде өлмессің.
 Он жеті досым, кедейім.

Бір күні Едіге түс көріп шошып оянды, ояна сала жолдастарына айтты:
 – Әй, он жеті дос, сүйінші,
 Түре келіп киінші,
 Беліңді қынай буыншы,
 Бет-қолыңды жуыншы.
 Мен бүгін бір түс көрдім,
 Сол жақсылық түс болса,
 Жақсылыққа жорышы,
 Егер жаман түс болса,
 Осы он сегіз кісіні
 Төңіректен қорышы.
 Мен бүгінгі түсімде
 Алтынды ер, ақбоз ат
 Жалынан тартып мініппін,
 Ақсұңқар құс болыппын,
 Көкке таман ұшыппын.
 Көкте жүрген періште

Оларға барып сөйлесіп,
Онан да аса ұшыппын.
Төбеде жүрген қоңыр қаз
Көк үстінде іліппін,
Төр тауына қоныппын.
Төс етіне тойыппын.
Ол не болар, он жетім?
Он жеті дос ұйлықты,
Ұйлыққанның белгісі
Бір-біріне жылықты.
Еш амалын таппады,
Жиын тұрған бәрісі.
Іштеріңде бар екен,
Жасамыс бір кәрісі,
Түс жоруын сол тапты:
– Алтынды ер ақбоз ат
Түс ұйқыңда мінсең сен,
Бар мұратқа жеткенің.
Көкке таман ұшсаң сен
Жұрт алдына шыққаның.
Көкте жүрген періште
Оларға барып сөйлессең
Қайып ерендер қолтықтап,
Демеу істеп жүрген-ді.
Онан да асып ұшсаң сен
Қызыр сүйеп жүрген-ді.
Төбедегі қоңыр қаз
Көк үстінде ілсең сен,
Төр тауына қонсаң сен,
Төс етіне тойсаң сен,
Кеше сені жұртынан
Отарлап қуған Тоқтамыс
Соны быт-шыт қыларсың,
Тояттап мейірің қанарсың.

Ал жүріп кетті, бір күнде алдарынан бір ақ, бір көк шатыр көрінді. Атын он жеті досына беріп, өзі бір таз көбеген болып шатырға келді. Келіп көрсе, өзінің іздеп бара жатқан Сатемір ханның қызын Дәудің ұлы Қабантын алып келе жатыр екен. Зорлықпен айдап әкеле жатқан қырық биесі, қырық қосшысы бар екен. Бұларды көрген сол Едіге жолдастарына қайтып барды: «Ей, он жеті досым, мен іздеп бара жатқан Сатемір ханның қызын міне, Алып зорлықпен апара жатқан көрінеді. Енді мен Алыпқа қосшы болайын. Сендер осының қонған жеріне қонып, түстенген жеріне түстеніп отырыңдар. Сендердің тамақ-азықтарыңды мен әрбір шоқпыттың

түбіне жасырып қойып кетермін. Іздеп тауып алып тамақтанып келерсіңдер», – деді де, өзі қайтып келіп Алыпқа қосшы болып тұрды. Алып қырық қосшыларынан да мұны артық көрді. Едіге қырық қосшыға суды тасытып алып, айламен далаға қондырып отырды. Күн сайын жасырын бір биені сойып кейінгі жолдастарының азығы үшін шоқпыттың түбіне қойып келеді. Оны жолдастары кейіннен алып жеп келеді.

Бір күні Едіге қыздан: «Сен кімнің қызы едің?» деп сұрады. Қыз: «Мен Сатемір ханның қызы едім, осы Алып зорлықпен алып келе жатыр», – деді. Едіге: «Егерде мен осы Алыпты өлтіріп сені есен-аман жұртыңа алып барсам, әкең мені жақсы көрер ме еді?» – дейді. Қыз: «Егерде мені есен-сау жұртыма алып барсаң, әкем сені өзінен соңғы патша қылар еді», – деді. Едіге: «Олай болса, алыптың ұйықтайтұғын күнін маған сездір», – деді. Қыз: «Мен қашан сізге бауырсақ берсем, содан сезерсіз», – деді. Бір күні қыз жеті жарым бауырсақ берді. Едіге мұнан алыптың жеті күн өтіп, түс жарымда ұйқыға кететінін білді. Жеті күн өткен соң Едіге қызға бір бауырсақтың жарымын берді де айтты: «Мен жолдастарыма барып бір оғымды кезеп, бір оғымды тістеп келермін, сен алыптың төсін аша бергейсің, мен бір атайын сонда», – дейді. Үйден шығып бара жатып алыптың оқшасын көрді. Қолына алып тартып қарады: «Күші өзімдей-ақ екен, артық емес екен, бекер қорқып жүр екенмін», – деп желіп жүре берді. Қырық қосшыны суға жіберіп, он жеті серігіне келсе, бәрі де семіріп қалған екен. Жолдастарына: «Алладан тілеп тұрыңдар, бүгін бір ойын болады», – дейді. Бір оғын кезеп, бір оғын тістеп, ұйықтап жатқан Алыпқа жақын келіп қызға: «Төсін аша бер», – деді. Қарға жүнді, қозы жаурын, масақты оғымен тартып, өте шыққанда алыптың бөксесі жатып қалып, кеудесімен сермегенде тарланның құйрығы қолына түсті. Тартып еді жата қалды.

«Бал аштырғанда балгерлер ажалың өзіндей перінің қызынан туған Едігеден болар деуші еді, сол қалтақ Едіге сен болдың ба?» – деді де Алыптың жаны шықты.

Едіге манағы суға жіберген қырық қосшыға жетіп барып: «Не қылып жатырсыздар, Алыбың бәрімізді қырамын деп отыр», – деді. Қосшылардың бәрі де жылады:

Жалғызға жасақ болған,
 Жаяуға таяқ болған,
 Едігені қайдан табарсың.
 Қарны ашқанға тамақ болған,
 Аты жоққа ат болған
 Ол қайдан келер дейсің? –

деп зарлады.

Едіге бұлардан: «Егерде Едіге келіп Алыпты өлтірсе, не берер едіңдер?» – деп сұрады.

«Егерде Едіге келіп Алыпты өлтірсе, біздер әркімнің жалғызы едік, біздерге ерік берсе, біз жол батасын берер едік».

Едіге: «Олай болса, Едіге деген ер мен, Алыпты жаңа өлтіріп келдім», – деді.

Сонда қосшылар: «Біздер әркімнің жалғызы едік. Біз сізге жол батасын берейік, сіз біздерге ерік батасын беріңіз. Барып ата-анамызды қуантайық», – деді.

Едіге оларға: «Ендеше бәріңе де ерік бердім. Барыңдар. Сатемір ханға сәлем айтыңдар. Алыпты өлтіріп, қызыңды Едіге аман-есен алып келе жатыр деп сүйінші сұраңдар», – деді.

Қырық қосшының бәрі де Едігеге батасын беріп:

Жорытқанда жолың болсын,
Жолдасың қыдыр болсын, –

деді де жолдарына кетті.

Осы қырық ердің батасы тиіп, Едіге батыр болды. Қырық ер Сатемір ханға барып: «Едіге деген бір ер шығып, Алыпты өлтіріп, қызыңды алып келе жатыр», – деді. Сатемір хан қуанып: «Күнге, желге тигізбей Едігені алып келіндер», – деп алдынан үш сан қол жіберді. Үш сан қол күндік, түстік жерге келгенде:

– Жалғыз атты кедейді
Қайдан тауып аламыз,
Іздеткен хан тентек пе,
Іздеген біз тентек пе? –

деді де кейін қайтты.

Едіге бұлардың кеткенін біліп ашу қылды. «Қашан болса да сендерді бір қырмам ба», – деп серт қылды. Ел шетіне барып кірді. Алдынан хан кісі жіберіп, өз ордасының қасына түсірді. Төбел бие сойды. Төрт қырлап ошақ қазды. Сатемірдің сансыз қолының барлы-жоғын жиды. Үлкен бір той істеді. Ақ некесін қидырып, қызын Едігенің қойнына салды. Мұнан соң қыз буаз болып, айы жетіп, күні толған соң, бір ұл тапты.

Қаракеске бөлетті,
Ал Қаракес батыр деп
Бала Кеске бөлетті.
Алтыннан шүмек ойдыртты,
Күмістен түбек қойдыртты.
Беліне садақ будыртты.
Көкірегі жаулы өссін деп,
Қашқан бір жауды құдыртты.
Хан Нұралын туғанда

Сатемір хан сансыз қол
 Барлы-жоғын жидыртты,
 Төбел бие сойдыртты.
 Жалғызыма алғыс тисін деп
 Арақ пенен шарапқа
 Сонда жұртты тойдыртты,
 Үлкен бір той қылдыртты,
 Көңілін сүйтіп тындыртты.

Нұралын он екі жасқа келгенде асық атып ойнайды. Торғай аулап күн көрген бір жаман шалдың жілігін атқан асығы үздіртті. Шал мертігіп жатып: «Жүгірмек, менің жіліншігіме әлің жеткенене, жұртыңнан қуып шығарған Тоқтамыс ханнан барып, кегінді алсайшы», – дейді. Нұралын ашуланып үйіне келді. Әкесіне: «Ей, ата, сіздің көңіліңізде бұрыннан қалған ескі кек бар екен», – дейді. Атасы Едіге кегін ұмытып бара жатыр екен, есіне түсірді. Сатемір ханға білдірді, Сатемір үш сан қол берді. Бұрынғы ішкен анты барды. Едіге де қолмен аттанды.

Қырқада біткен қырық адыр
 Қырық басып жортыпты.
 Қырық күненілік шөлдерге
 Айдынды бұлақ салыпты
 Сауырлы пұт, күреңше ат,
 Пұтқа тартып мініпті.
 Екі түгей торша ат,
 Ылауға жайдақ алыпты.

Алдында шалқыған, жалтыр-жалтыр сулардан сусындап, қол кетіп бара жатыр дейді.

Жарандары сұрайды: «Бұл қандай қуы жоқ, қотаны жоқ, жигені жоқ, борығы жоқ, неткен көлдер?» – деп. Едіге айтады: «Бұл Қоғалы көл, қорлы көл, жигені жоқ, борығы жоқ, сорлы көлдер деген осы көл», – дейді. Едігенің атқа жүруіне шыдамай, қолдың бір саны қайтып кетті. Көрінген судан су ішемін деп ауру болып, бір сан қол қырылды. Су құрып қалған жерлерде түтігіп, тағы бір сан қол қырылды. Жалғыз-ақ аталы-балалы екеуі кетті. Алдында бір Қаратау көрінді. Тауға келгенде Едіге Нұралынға айтты: «Бұл Тоқтамыс ханның қарауыл қарайтын тауы, бізден күндік, түстік жерде тұр, Тоқтамыстың қарға пұтты қара кемпірі осы Қаратаудың басына торғай қонса да көретұғын. Берік болып шық», – дейді. Нұралын тауға шыға келді, қарға пұтты қара кемпір қарауыл қарап отыр екен Нұралынды көрді. Бірақ кісі екенін, қарақұс екенін, айыра алмады. Кемпір жұртына кісі шаптырды. «Тауға бір қара шықты, құс екенін, адам екенін айыра алмай тұрмын, жұрт берік болсын», – деді. Нұралын атасына: «Бір қара жамылыш алып кел, айла жасайық, кемпір не екенімді айырмай тұр», – деді. Әкелген қара жамылғышты алып киіп,

екі шетінен ұстап, құстың қанатындай қылып жайды, бір уыс топырақты алын, шашын жіберіп, таудан түсті. Кемпір жұртына қайта кісі шаптырды: «Бейбіт болсын, қара құс екен, ұшып кетті», – деп. Жұрт бейбіт болып жатқанда аталы-балалы екеуі ел шетіне кірді. Ел қорқып бөлінді. Тоқтамыс ханға хабар жіберді: «Едіге екеулеп келіп, ел шетіне жетті», – деді. Хан айтты: «Ей, жұртым. Қойларыңды сойыңдар, қол қусырып алдына барыңдар. Сендерге тимес, мен үшін бүлінбеңдер», – деді. Елдің бәрі де қойын сойып, қолын қусырып Едігеге барысты, қабыл алынды. Сонда Тоқтамыс ханның жұртынан айрылғандағы жыры:

«Едігем менің бар еді,
Едігемнің мінгені,
Аузы ақтан кер еді.
Едігемнім асу ісі сол еді,
Өзінен бір жас үлкенге,
Әзіз ағам, сіз біліңіз дер еді.
Өзінен бір жас кішіге,
Әкем, сен тұра тұр мен сөйлейін дер еді,
Ескіден кегі бар еді,
Кете алмай-ақ жүр еді,
Көре алмасы көп болды,
Көтермесі жоқ болды.
Едіге сынды батырдан
Қапыда сөйтіп айрылдым,
Сұм жыраудың айтқаны
Ақырында дүп келді, –

деп жылап тұрған жұртының алдына Сыпыра жыраудың бастап айтқан жырын айтып, тоқбақ жалды торшаны алдырды. Тоғыз көзді кіреуекені киді. Жеті кетпеннен ағыс атады екен, тоғыз көзді кіреуекесінен өтпейді екен. Қарағай найзасына сүйеніп, тоқбақ жалды торы атына мініп жұртын жиып айтқан сөзі:

Ей, жігіттер, шоралар,
Ормамбет би өлгенде,
Он сан ноғай бүлгенде,
Саназар батыр жауынан
Жаралы болып келгенде,
Алашты алаш болғанда,
Алаша хан болғанда
Аязды күнде аршындап
Арасат оты жанғанда,
Бура мұздан тайғанда,
Шыңырлаған буыршын.

Ханнан қайрат кеткенде,
Биге мәдет жеткенде
Хан қашып, би қуғанда
Хан Тоқтамыс қарланып,
Байтағым деп зарланып,
Айтып жылай жөнелді.
Ей, байтағым, байтағым,
Бастатып сені алдырттым.
Ал, аман бол, менен соң.
Байтағымның ішінде,
Он сан елім ноғайлы,
Сені тағы алдырттым.
Он сан ноғай ішінде
Үш жүз алпыс отау қазағым,
Сені тағы алдырттым.
Ал аман бол менен соң,
Он бес шорам арта алмас,
Он екі атан тарта алмас,
Байдалы туым, басты ордам,
Бастата сені алдырттым.
Ал, аман бол менен соң,
Өзенді өзен су, өзен су,
Өнектеп ордам қонған жұрт.
Өзектей соққан сом темір,
Есігіме шынжыр болған жұрт.
Жағасынан балапан торғай ұша алмас,
Басқұрдан баса қонса жапырылмас.
Балығы жылқы жусатпас,
Бақасы кісі ұйықтатпас,
Маралы бар киіктей.
Балдырғаны білектей,
Алмасы бар жүректей,
Еділ менен Жайығым,
Сені тағы алдырттым.
Ал, аман бол менен соң,
Ормамбет би өлген жұрт,
Он сан ноғай енген жұрт,
Саназар батыр жауынан,
Жаралы болып келген жұрт.
Бие сауған сүтті жұрт,
Қымыз ішкен құтты жұрт,
Атам күйеу болған жұрт,
Еңкейіп тәжім еткен жұрт,
Анам келін болған жұрт,

Иіліп сәлем еткен жұрт,
Көрікті туған сұлуым,
Алғаным келін болған жұрт,
Ақ бүркеншік салған жұрт,
Ал ендігін жаққан жұрт,
Қызыл маржан таққан жұрт,
Ақбозатқа мінген жұрт,
Жаңғызда қалқам Қадірберді,
Қадірберді сұлтан туған жұрт,
Қаплы қамқа тұтқан жұрт,
Он сан ноғай жиған жұрт,
Асырлы той қылған жұрт,
Жалғызыма алғыс тисін деп,
Қаріп пенен қасарым,
Арақ пенен парапқа
Сонда аман тойған жұрт,
Жабағылы нар тайлақ
Жардай атан болған жұрт,
Адасып қалған бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жұрт,
Ал, аман бол менен соң,
Жапырағын жайқалтқан,
Жардай атан семірткен,
Жарлыны байға теңелткен,
Суы менген жары тең,
Құлыны мен тайы тең,
Өзені мен сайы тең.
Үш алапты үлкен су,
Сені тағы алдырттым.
Ал, аман бол менен соң,
Алыс жерді көре алман,
Жуық жерге жете алман,
Жаяулық басқа түскен соң,
Алдымда қатер болған соң,
Сап-сап жүре, сап жүре
Сай азамат қосылып,
Жауды жайқай ала алман.
Қарақыпшақ Қобыландым,
Сен секілді ерден соң,
Отырушы едік жайласып,
Шалғынға бие байласып,
Құлын-тайдай ойнасып,
Иіңдесіп, сырласып,
Асылдан саба толтырып,

Тең құрдаспен отырып,
 Әзілді қымыз іше алман.
 Ноғайлы мың ауыр жұрт,
 Сен секілді елден соң
 Маңдайым күнге күймей ме?
 Табаным жерге тимей ме?
 Басқа зорлық түскен соң,
 Жалғыз да қалқам Қадірберді,
 Маңдайын иіскеп сүймедім.
 Бұл барғаннан барармын,
 Телі көлден асармын,
 Көкөлдінің көліне
 Баса барып жатармын,
 Тілеу тілеп тұрғайсың.
 Аллам ие ес берсе,
 Аруақтар дес берсе,
 Он үш жылдың жүзінде
 Қайта айналып жетермін, –

деді де жүріп кетті. Бара жатып сусады. Бір кемпірден бір аяқ ас сұрап ішті. Бара жатып алқынды. Тоғыз көзді кіреукені шешіп алып жанына бөктерді. Кіреукесі жанындағы қанжығасынан босап түсіп қалды. Сол барғаннан Төлі көлге барды. Онан қорыққан соң Көкөлдінің көлін баса барып жатты. Қалған байтағына Едіге ие болды. Тоқтамыстың екі қызы бар еді. Бірін Едігенің өзі алды, біреуін баласы Нұралынға бермек болып қойды. Нұралын Тоқтамыс ханды іздемек болды. Едіге айтты: «Ей, балам, маған қырық ерден бата тиген еді, шын іздесең, табарсың», – деді. «Тауып, Тоқтамыстың басын аларсың», – деді. Кеңестің ұлы Кекжанбай отыр еді. «Қай жағыңнан жолығар екен?» – деді. Едіге айтты: «Әйтеуір бір жағыңнан жолығар. Егер жаны үшін жалынып сөз айтса, басын ал, егер өзіңмен қарсыласып сөз айтса, бірерде тимегейсің», – деді. «Бұл қызды маған сақтап қоярсың», – деді де Нұралын жүріп кетті. Хан Тоқтамыс ас сұрап ішкен кемпірден бұ да ас сұрап ішті. Бара жатып тоғыз көзді кіреукені тапты. Үстіне киіп алды. Тағы да әрі іздеп кетті.

Көкөлдінің көлінде жатқанда Тоқтамыс ханның жүрегі дүрсілдейді, найзасы солқылдайды, жапырылады. Су толықсиды. Қызғыш құс үстінен түйіп-түйіп шығады. Хан мұның бәрінен қорқады. Зұқарланып жылайды.

Бекер тұрып туламашы, торша ат.
 Күн-түн қатсам тұрарсың.
 Бекер тұрып дүрсілдеме сұм жүрек,
 Едіге екеу, мен жалғыз
 Сайысқан жерде тынарсың.

Солқылдама, ақ найза,
Салысқан жер де сынарсың.
Бекер тұрып жапырылма, көк орай,
Бұл қатерден жан қалса,
Ноғайлының ауыр жұрт,
Басшы болып әкелсем,
Ен дәулетті байларым,
Баса қонып үстіңнен,
Төрт түлік малын жайғанда,
Қу шөп болып соларсың.
Толықсыма тұнық су
Дәулеті ен байларым,
Жылқыларын баса айдап,
Жалдатып бір суарса,
Құрым батпақ боларсың,
Қиқулама, қызғыш құс,
Даусың зарлы байғұс құс,
Қанатың қушық, мойның бос.
Баттауық толған жылқым жоқ,
Жиек толған жұмыртқаң,
Етектеп жинар ұлым жоқ.
Мен елімнен айрылдым,
Сен көліңінен айрылсаң,
Сен де мендей боларсың,
Бұл қатерден жан қалса,
Алдам ие ес болса,
Жұртымның ауыр күшіне,
Бас болғандай күн болса,
Саятшылар үстіңнен,
Алғыр қара лашынын,
Бастыра келіп сілтесе,
Сонда қорқып жымырсаң.

Қызғыштың түйіп шығып жүрген жеріне Нұралын жетіп келгенде хан ұшып түрекелді. Бір-біріне сәлем беріскен соң, Нұралын ханға «Атыңыз», – деді. Хан: «Жоқ сен ат», – дейді. Нұралын: «Жол сенікі, сен ат әуелі» – деді. Хан үш мәртебе атты. Өзінің жоғалтқан тоғыз көзді кіреукесінен өтпеді. Кезегі біткен соң: «Өз құраныма жолықтым», – деп хан басын сұна берді.

Нұралын басын кесіп, қанжығасына байлап алып жүре берді. Көз ұшында көрінген бір бәйтерекке түстік етейік деп жетіп барды. Барса, терек саясында бір адам қара арғымағын кесе қаңтарып ұйықтап жатыр екен. Өлтірейін деп ойлады да «Ұйықтағанды өлтірген қатын ісі», – деп оятты. Адам сарнай түрекелді де айтты:

Ей, Нұралын, Нұралын,
Еш бермесін мұрадың,
Тоғыз көзді кіреукем,
Оны неттің, Нұралын?
Саурығы бие сүті еді,
Байсалды жұртқа құт еді
Тоқтамыстай хан ием.
Оны неттің, Нұралын?

Сонда Нұралын айтты:

Тоқбақ жалды торыны
Тонаған жерде мінгенмін.
Тоғыз көзді кіреукең
Тоғысқан жерде кигенмін.
Саурығы бие сүт болса,
Байсалды жұртқа құт болса,
Телі көлде ізін шығарып
Көкөлдінің көлінде
Баса барып жеткенмін.
Теңкитіп басын кескенмін.
Ей, Нұралын, Нұралын,
Еш бермесін мұрадың.
Төбеге шыққан төртеуге
Төре берер күн туғай ма?
Арқада тұрған алтауға
Аға болар күн туғай ма?
Арқаға біткен Алатау,
Ер аттар күн туғай ма?
Төбедегі төрт жұлдыз,
Таң атар күндер туғай ма?
Төбел торы ат құйрығы
Төрт шалуға келгей ме?
Қалған-құтқан ел болып,
Қадірберді сұлтан хан болып,
Бұрынғыдай ел болып,
Ту желкілдеп шыққай ма?
Бізге туған осы күн
Сендерге де туатын,
Шүйделі балта қолға алып,
Иініңе мінетін,
Төбеншік көзді бабаңды
Төбелер күндер туғай ма?»

Атасы Нұралынға «Қарсы сөз айтса, ерді өлтірме» деген сөзі бар еді. Сондықтан Нұралын да тілін тартпай қасқиып тұрған жігітті өлтірмей жүре берді.

Нұралын жолға кеткен соң Кекжанбай жасырын атасы мен баласын шағыстырайын деп Едігеге жетіп келді. Келді де Едігеге: «Тоқтамыстың бір қызын қуантып, бір қызын қуартып қойғаның не?» – деді. «Бір дәуір сүргенде екеуін де өзің алсайшы, баланың ырысы өзінде емес пе», – деді. Кекжанбайдың шақыстырып отырғанын білмей, Едіге екі қызды да өзі алды. Үлде мен бүлдеге малды. Екі қолын екі қыздың үстіне салды. Бір заманда Нұралын кіріп келді. Ерні кезеріп, көзі бозарып, екі қыздың иініне қолын артып отырған әкесін көрді. Сол заман ашуы келіп, атасына «А» дегенде атасының көзі шықты. «Ма» дегенде қолы сынды. Едіге зарлап жылады:

Ей, тумағыр, тумағыр,
 Сені қайдан тудырдым?
 Сен туғанда, Нұралын,
 Төбел бие сойдырдым.
 Төрт қырлап ошақ қаздырдым.
 Сатемірдің сансыз қол
 Барлы-жоғын жидырдым.
 Жалғызыма алғыс тисін деп,
 Қаріп пенен қасірді,
 Арақ пенен шарапқа
 Сонда аман тойдырдым.
 Сен туғанда, Нұралын
 Қаракеске бөлеттім,
 Ал қаракес батат деп
 Бала кеске бөлеттім.
 Алтыннан шүмек ойдырттым,
 Күмістен түбек қойдырттым.
 Хан қасында туды деп
 Тумағыр сенің атыңды
 Хан Нұралын қойдырттым.
 Беліңе садақ будырттым,
 Көкірегі жаулы өссін деп
 Қашқан жауды қудырттым.
 Қарға қонбас қара ағаш
 Қаз қондырдың, Нұралын.
 Құзғын қонбас қу ағаш,
 Қу қондырдың, Нұралын.
 Қу қанатын сал етіп,
 Еділ, Жайық өзеннен
 Көктей өттің, Нұралын.

Қарасуға қан құйдың,
 Суды қайдан ұрттарсың?
 Қара арғымақты қатырдың,
 Атты қайдан мінерсің?
 Қара лашын қашырдың,
 Құсты қайдан шүйерсің?
 Жан дегенде жақының
 Жалғыз атаң мен едім,
 Алғаштан көзім шығардың,
 Бергештен қолым сындырдың,
 Қайда барсаң тынарсың?

Сонда Нұралын айтты:

Қарға қонбас қара ағаш
 Қаз қондырдым жұрт үшін,
 Құзғын қонбас қу ағаш
 Қу қондырттым жұрт үшін.
 Қу қанатын сал қылып,
 Еділ – Жайық өзеннен
 Көктей өттім жұрт үшін.
 Қарасуға қан құйсам,
 Сербет суын ұрттармын.
 Қара арғымақ қатырсам,
 Ат тұлпарын мінермін.
 Қара лашын қашырсам,
 Сұңқар құсты шүйермін.
 Қарулы жерге өрт қойсам,
 Шүйгін шөпті ұрттармын.
 Жан дегенде жақыным,
 Жалғыз әкем сен болсаң,
 Алғаштан көзің шығарсам,
 Бергештен қолың сындырсам,
 Тәңірім үйі – Мекені
 Үш айлансам тынармын, –

деді де жұртты қақ бөліп алып кетті. Судың екі жағында екеуі жатты. Сонда Едіге жалғыз баласын сағынады. Сағынып сарнайды:

Тірлігім алтын болмады,
 Теңім мінер болмады.
 Қан жиені бу ұлы
 Нұралын хан болмады.
 Хан болғанның несі артық?

Өзімізден соңғыға
 Жора болып қалмады.
 Алыстан қара көрінсе,
 Айналысқан мырза ұлым,
 Жуықтан қара көрінсе,
 Толғанысқан мырза ұлым.
 Жетекшісі келіссе,
 Жер жаңылмас мырза ұлым.
 Жеті дария қосылып,
 Көбіктеніп тасқанда
 Жел қайықтай омырауын
 Желге беріп қасқиып,
 Көктей өткен мырза ұлым.
 Борай да борай қар жауса,
 Керіскей кигіз мырза ұлым.
 Борасындап оқ жауса,
 Темір шымды болаттай,
 Қалқан болған мырза ұлым.

Бір күні Нұралынның қатыны баласының құйрығына болат бізді сұғып алып жылатты. Нұралын ашу қылды. Сол уақытта қатыны айтты:

«Қаракеске оратқан, алтыннан шүмек қойдырған, әлпештеп өсірген атаң сен не көрсеттің? Бұ да бізге не көрсетер дейсің», – деді. Мұнан соң айыбын біліп, Нұралын өзін бір кісіге жетелетіп, бір кісіге қамшылатып атасы Едігенің алдына барып татуласты.

Тоқтамыс ханның баласы Қадірберді сұлтан жүз кісімен қашып кеткен еді. Жанына жиналған қалған-құтқан ел болып Қадірберді сұлтан-ды хан сайлайды. Сол уақытта Қадірбердінің жылқысындағы бір құлашаны құлының да емді, тайың да емді, құнандарың да емді. Дөненін де үйретті, бестісін де жібек арқан сүйретті. Алтысында адуынды ат болды. Жетісінде жіліктеніп толды. Сегізінде серіппей құлан атты. Тоғыз жаста әбден толысты. Он жасына келгенде пат құндыздай оңысты. Он бір жасқа келгенде оқ жыландай қарғыды. Бір мезгілде Қадірберді сұлтан садағын байланды. «Жұртқа құрбан боламын», – деп жұртын үш қайтара айланды. Ақылын ішіне сақтап кіжінді. Құлашаға мініп алып жұртына сырын айтпай, Едігені іздеуге жөнелді. Талтүсте ел шетіне келіп кірді. «Едігенің ордасы қайсы?» – деп сұрады. Бір адам: «Едігенің үйі анау», – деп көрсетті. Көрсеткен үйге құлашамен желіп келіп түсті. Үйге еніп келісімен төрде жатқан Едігенің кеудесіне мінді.

«Кімсің кеудеме мінген?» – деп сұрады. Сонда Қадірберді:

Төбедегі төрт жұлдыз –
 Таң атудың кезіне,
 Төбел торы ат құйрығы –

Төрт шалуға келгенде,
Қалған-құтқан ел болып,
Қадірберді сұлтан хан болып,
Әуелгідей біздің жұрт,
Желкілдетіп ту ұстап.
Шүйделі балта қолға алып,
Төрде отырған сіресіп,
Төбеншік көзді Едігенің
Шүйдесіне мінетін,
Бізге туған ауыр күн,
Саған дағы туатын,
Төбеңдегі шүйдеңе
Төбелер кез болған-ды, –

деді де, басынан үш қайра секіріп түсіп; «Ер болсаң өлерсің, қор болсаң жүрерсің», – деді де шығып кетті. Бұл қорлыққа шыдамай Едіге мен Нұралын аталы-балалы екеуі де құсамен өлді. Қадірберді сұлтан қайтып келіп, жұртына хан болды, сөйтіп өмірін кешіріп қалды.

ФАШИСТ СҰРЖЫЛАНДАРЫНА ӨЛІМ

Қаны қарайған герман фашизміне қарсы күресіп жатқан 200 миллион совет халқын бүкіл жержүзінің азаттықты сүйгіш халықтары қостап отыр. Бұған – ССРО өкіметі мен Великобритания өкіметінің Гитлер Германиясына қарсы бірлесіп қимыл жасау туралы келісімі кепіл бола алады. Келісім тарихи маңызы аса зор документ болып саналады. Бұл документ жержүзінде тұңғыш социалистік мемлекетке Европа елдерінің қарсы «қрес жорығын» жасауы туралы фашистік сандырақты жоққа шығарды. ССРО халықтары мен Великобритания халықтарының берік одағы – фашист сұржыландарына қарсы өлтіре соққы болады.

Қазір, біздің ұлы отанымыздың батыс шекараларында, көп Ұлтты Советтер союзының ұлдары намыс үшін, азаттық үшін ұрысып жатыр. Орыстар мен украиндар, қазақтар мен белорустар және басқа халықтар бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып жексұрын басқыншыларға қарсы жұмыла аттанды. Бізде қорғауға тұрарлық дәулет, қорғау қолынан келерлік жауынгер, қорғау үшін керекті қару-жарақ дегендердің барлығы да бар. Совет патриоттары сүйікті көсемі Сталин жолдастың төңірегіне бұрынғыдан да бетер берік топтана түсуде.

Қазақстанның оқымыстылары, ССРО еңбекшілерімен тізе қосып, жауды көп ұзатпай талқандау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Демократиялық елдердің халықтары өзара одағын нығайта отырып, фашист варварларын жер бетінен құртады, көзін жояды. Бұған көп уақыт қалған жоқ.

ОТАНЫМА БОРЫШТЫМЫН

Мен өз өмірімдегі бұл аса маңызды документті – Сталиндік сыйлықтар лауреатының дипломын большевиктер партиясы мен Совет үкіметіне деген шексіз алғысқа бөленген сезіммен қабылдаймын.

Бұл документте Жезқазған ауданында мен басқарған геолог-барлаушылар коллективімен бірге істеген 15 жылдық творчестволық еңбегім қорытылып отыр. Бұл еңбектің нәтижесінде Жезқазған ауданы Қазақ республикасының аса қуатты, гүлденген индустриялық орталықтарының біріне айналды. Қазіргі Отан соғысы күндерінде, фашисттерге қарсы ерлік соғыс жүргізіп жатқан кезінде Қызыл Армияны қаруландыруда Жезқазған мысы мен Жезқазған марганецінің маңызы барған сайын күшейіп отырғанына, сөйтіп, жұмсалған еңбектің игілікті жеміс бергеніне қатты ризамын.

Жезқазғанның қойнындағы байлығын ашуда менімен бірге қажырлы еңбек еткен ескі достарымнан жалынды құттықтаулар алғанда, жүректі қуаныш кернейді. Қазір олар Ұлы Отан соғысының майдандарында, сүйікті отанымыздың намысы мен тәуелсіздігін төсін төсеп қорғауда.

Қазақстанның жер қойнындағы байлығы есепсіз мол. ССРО-да запас жағынан бірінші орын алатын мыс, қорғасын, хром, цинк, ванадия кендері Қазақстан жерінде. Мұнайдың, көмірдің, темірдің, марганецтің, никель мен қалайының, сирек кездесетін және асыл металдардың, тағы басқа толып жатқан минералдық шикізаттың запастары да орасан көп. Бұлардың бәрі де отан қорғауда, еліміздің халық шаруашылығын нығайтуда аса маңызды орын алады. Жер қойнындағы осы мол ресурстардың көп түрі қазір елімізді қорғауға жұмылдырылды, олар майданда гитлершіл шапқыншыларға қарсы снаряд, зеңбірек, танк, самолет болып жұмсалуда.

Қазақстанның ұлан-байтақ кең жері мал шаруашылығын өркендетуге, дәнді және техникалық егістер көлемін ұлғайтуға өте қолайлы. Колхозшылар аянбай еңбек ете отырып, жаратылыс байлығын игеруде, егіннен мол өнім алуда. Майданға республикамыздың ауыл шаруашылығының продуктылары үздіксіз жөнелтілуде.

Қазақстанның жабайы өсетін өсімдіктері мен айуанат ресурстарынан қосымша көп пайда шығаруға болады. Қазіргі отан соғысы күндерінде Қазақстанның ғалымдары үшін республикамыздың жер қойнындағы және жер бетіндегі есепсіз мол ресурстарын барлық жағынан зерттеп, оларды майдан керегіне тезірек жұмылдырудан ардақты, бұдан құрметті міндет жоқ.

Отанымыздың игілігі үшін, сұрқия фашист оккупанттарды жеңу күнін таянта түсу жолында қайсымыз болсақ та жұмысты барлық творчестволық күшімізді аянбай жұмсап істедік және істей береміз, барлық жігерімізбен, қажырлы қайратпен еңбек етеміз десем, мен бұл сөзім

арқылы Қазақстанның бүкіл ғылыми қызметкерлерінің, бүкіл, советтік интеллигенциясының ой-пікірін білдіремін ғой деп ойлаймын.

Бұл жоғары наградты қабылдай отырып, мен Үкіметке және Партияға мынадай сенім беремін: Ғылым академиясының мен басқарған Қазақстандық филиалының ғылыми коллективімен бірге алдағы жұмысымда да өзімнің барлық күшімді, білімімді Қазақстанның барлық жаратылыс ресурстарын майдан керегіне, жексұрын неміс-фашист басқыншыларды біржолата талқандау ісіне барынша көп жұмылдыруға аянбай жұмсаймын.

ҚАЗАҚСТАН ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ОТАН СОҒЫСЫ КҮНДЕРІНДЕ

Сталин жолдас өзінің тарихи баяндамасында совет интеллигенциясының тылдағы жұмысына зор баға берді: «Майданға көмектесу ісінде жұмысшы табы мен шаруалардан интеллигенциямыз да қалыспай келеді. Совет интеллигенциясы елімізді қорғау ісіне шын беріліп, жұмыс істеуде, Қызыл Армияның қару-жарағын, өндірістің техникасы мен ұйымдастырылуын үнемі жетілдіруде. Интеллигенциямыз өнеркәсіппен ауыл шаруашылығын өрге бастыру ісінде жұмысшылар мен колхозшыларға көмектесуде, соғыс жағдайында совет ғылымы мен мәдениетін алға бастыруда.

Мұның өзі **интеллигенциямыздың** абыройын арттыра түседі» деді.

Жоғарғы Бас қолбасшымыз, ұлы көсеміміз Сталин жолдастың совет ғалымдарының, инженерлердің, дәрігерлердің, конструкторлардың, агрономдардың, мәдениет пен искусство қызметкерлерінің соғыс күндеріндегі рөлін ыспаттайтын бұл сөздер Қазақстан интеллигенциясына да тән сөздер. Қазақстан интеллигенциясы да бүкіл Советтер Союзының интеллигенциясы сияқты барлық күш-қуатын отанының мүддесіне, жексұрын жауды талқандау ісіне жұмсап келеді. Ленин-Сталин партиясы өз отанына шексіз берілу рухында тәрбиелеген Қазақстан интеллигенциясы герман фашизміне қарсы бүкіл совет халқы жүргізген күрес күндерінде аянбай және барынша жемісті еңбек етіп келеді. Лабораториялар мен кабинеттерде, даладағы экспедиция отрядтарында, заводтардың, рудниктер мен шахталардың цехтарында, колхоз және совхоз даласында, – барлық жерде, ғалымдар мен инженерлер, агрономдар мен дәрігерлер жаңалық табушы стахановшылар Қазақстанның сан-алуан және мол резервтерін табу, пайдалану, республикамыздың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының резервтерін Қызыл Армияға көмекке жұмылдыру жөнінде отан соғысының алғашқы күндерінен бастап тынбай қимылдап, игілікті жұмыстар істеп келеді.

Қазір Қазақстанның жер қойнындағы орасан мол байлықтары түгелінен отанымызды қорғау мүддесіне жұмсалып отыр. Қазақстан қорғасын, молибден шығаруда Союздағы басты республикаға айналып, мыс қорыту жөнінен бірінші саптан орын алып отыр. Гитлершіл айуандарға ажал болып тиген оқтың оннан тоғызы Қазақстанда шығарылған қорғасыннан құйылады. Танктер мен өздігінен жүретін зеңбіректердің жартысынан көбіне жасалған броньда Қазақстанда қорытылған молибден бар. Патрондар мен снарядтар гильзасының, майдандағы армияның байланыс жасайтын аппаратурасының үштен бірінен астамы Қазақстанда қорытылған мыстан жасалған.

Қазақстанның жоғары сапалы марганец кендері уақытша жау қолында қалған Никеполь кендерінің орнын басты. Қазір бұл ССРО-ның құралды күшінің тірегі Оралдың металлургия заводтарының жұмысын

қамтамасыз етіп отыр. Стратегиялық маңызы аса зор вольфрам, қалайы, сүрме, никель және хром сияқты металдарды өндіру ісі де республикамызда өлшеусіз артты.

Қазақстанның кокстелетін көмірінің сарқылмас қоры қару шығару ісіне барған сайын көп пайдаланылуда. Ембі мұнайының аса жоғары сапалы бензині және бірінші сортты жағармайлары совет авиациясының табыстарынан көрнекті орын алып отыр.

Жұмысшылардың барлық жігерін салуы және бұған жаңалықшыл инженер, техник интеллигенциямыздың белсене қатысуы арқасында республикамыздың жер қойнауындағы байлығы осы күннің өзінде социалистік отанымызды қорғау керегіне едәуір жұмылдырылды, одан гитлершіл қандыбалақ шапқыншыларға қарсы жұмсалған зеңбірек снарядтары, танктер мен самолеттер жасалуда.

Қазақстан интеллигенциясы су және жер байлығын зерттеу, дұрыстап пайдалану, республикамыздың егін және мал шаруашылығын одан сайын өркендете беру ісіне көп еңбек сіңіріп, көп күш жұмсады.

Отан соғысы жылдарында Қазақстанның барлық облысының дерлік жер қыртысының сапасы жөніндегі карталары жасалды. Бұл карталар республикамыздың ұлан-байтақ кең жерін орынды пайдалануға ғылыми негіз жасады. Республикамыздың аса маңызды аудандарының су және мал азығы ресурстарын зерттеу жұмысы малды қыста жайып бағу ісін өркендетуде зор рөл атқарды. Академик М.М. Завадовскийдың әдісі бойынша мал өсімін күшейту жөнінде соғыс кезінде Қазақстанда кең өрістетілген іс өзінің игілікті нәтижесін берді.

Академик Лысенконың жаңа жайқалған картоп түйнегін егу, азыққа жұмсалатын картоптың ұшын егіске пайдалану, тұқымның өнімділігін ғылыми жолмен бақылау жөніндегі әдістерін өндіріске кеңінен қолдану, сонымен қатар тракторларды, ауыл шаруашылығының басқа механизмдерін сұйық отыннан жергілікті қатты отынға көшіру, желдің, судың күшімен істейтін егу жұмыстары егін шаруашылығының жалпы өнімін, оның бер жағында овощ пен техникалық егістер өнімін арттыруда колхоздарымыз бен совхоздарымызға зор көмек болды.

Осы жұмыстардың қорытындысында Қазақстан Қызыл Армия мен елімізді астықпен, етпен, қантпен, маймен, овощпен, ауыл шаруашылығының басқа продуктыларымен жабдықтауда ССРО-дағы таяныш базаларының біріне айналды. Бұған интеллигенция көп еңбек сіңірді.

Республикамыздың жабайы өсімдіктер және айуанаттар жөніндегі сан-алуан мүмкіншілігін ашу, оны іс жүзінде пайдалану жөнінде де Қазақстанның ғалымдары мен интеллигенциясы көп жұмыстар істеді. Республикамыздың маңызды суларының – Каспийдің, Аралдың, Зайсанның балық байлықтары қазір ойдағыдай меңгерілуде, жергілікті маңызы бар сулардан балық аулау жұмысы күшейтілуде. Қазақстанның өсімдіктерін тері бояйтын тағы басқа бояулар, витамин шығаратын шикізат ретінде кеңінен пайдалану қолға алынып отыр.

Ғалымдардың тікелей қатысуымен соғыс кезінде жабайы өсетін каучук өсімдіктерін – Қаратаудағы тау сағызды жаппай жинау жұмысы жүргізілді.

Қазіргі заманның соғысы тек техника мен моторлар соғысы ғана емес. Материалдық резервтерді пайдалану, техниканың сапасын арттыру істерімен қатар армия мен тылдың моральдік рухы, олардың бірлігі соғыстың шешуші факторы болып есептеледі. Фашистік қаныпезерлер Советтер Союзына қарсы соғысты бастағанда, ең алдымен, совет стройы берік емес, «Советтер Союзының халықтары арасында төбелес шығады» деп дәмеленді. Фашистік сұмырайлар совет халқының моральдік-саяси бірлігінің мықты екеніне көзі жетті.

Советтер Союзының барлық халықтары сияқты қазақ халқы сүйікті анасы – отанын қорғауға бір кісідей болып аттанды. Ұлы отан соғысының майдандарында социалистік отанының бақыты мен бостандығы үшін орыстармен, украиндармен, белорустармен, грузиндермен, өзбектермен, тәжіктермен, Советтер Союзының басқа да туысқандас халықтармен бірге қазақ халқының батыр ұлдары да жауға қарсы ерлікпен шайқасуда. Отанының намысын аянбай қорғаған бұл батырлардың ішінде совет интеллигенттері аз емес. Интеллигенцияның соғыс даласындағы ерлігіне Советтер Союзының Батыры, ғылым қызметкері және жазушы Мәлік Ғабдуллиннің ісі айқын ыспаттама болады. Ол қазақ халқының мақтаны болып отыр.

Майданға көмекті күшейте беру жөніндегі творчестволық жарыста ғалымдар мен инженерлерден, дәрігерлер мен агрономдардан Қазақстанның мәдениет және искусство қызметкерлері де қалыспай келеді. Жазушылар, қазақтың халықтық поэзиясының алыбы қарт Жамбыл бастаған адамдар соғыс кезінде қазақ халқының батыр ұлдарының бейнесін жырлайтын бірсыпыра жақсы шығармалар берді. Бұл шығармаларда Едігеден бастап XIII ғасырдағы батырлар, халық аузында жыр болған батыр Амангелді Иманов, Советтер Союзының Батырлары – Ұлы Отан соғысына қатысқан Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин тағы басқалары жырланады.

Жамбылдың Ленинград пен Сталинградты қорғаушы батырларға арнаған жалынды үндеулері Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлерін отан үшін ерлік істеуге жұмылдырды. Соғыс кезінде «Намыс гвардиясы», «Сын сағатта» пьесалары, «Абай» романы (бірінші бөлім), «Ұлы адам туралы жыр», «Қазақ концерті» кинофильмдері, тағы басқа шығармалар шықты. Бұлардың көркемдік жағына жалынды патриоттық рухы сай.

Бұл уақыт ішінде Қазақстанның тарихшылары ғылыми-саяси маңызы орасан зор жұмыс істеді – «Қазақ ССРның бұрынғы заманнан қазіргі кезге дейінгі тарихы» деген кітап шығарды. Ұлы Отан соғысының шежіресін жасау жөнінде ғылыми материалдар жинау, оны тәртіптеу жұмысы жүргізіліп жатыр.

Қазақстан интеллигенциясының отан соғысы жылдарында істеген жұмысының қысқаша қорытындысы осы сияқты. Көп жұмыс істелді. Бірақ совет интеллигенциясы соғыс әлі бітпегенін, жау әлі біздің қасиетті жерімізді таптауда екенін бір минут естен шығармауға міндетті. Қызыл Армияның жауды совет жерінен біржолата қуып шығуына, істеген жауыздықтары үшін фашистерден аяусыз кек алуына көмектесу үшін Қазақстанның советтік интеллигенциясы, сол сияқты барлық еңбекшілеріміз әлі көп күш жұмсауы керек болады.

Өнеркәсіптегі интеллигенттер Қазақстандағы рудниктер мен заводтардың, ең алдымен, отан қорғау заводтарының барған сайын артып отырған қажетін сапалы шикізатпен керегінше қамтамасыз етулері қажет. Олар отан қорғау ісіне керекті шикізаттың, әсіресе теміржолдар мен өнеркәсіп орталықтарына жақын маңдағы шикізаттың жаңа қорын табулары керек; шикізат пен металдың өндірістегі технологиялық ысрабын бұрынғыдан да кемітулері керек, қазіргі бар заводтарда шикізатты комплексті түрде өңдеудің жолдарын тауып, оны шындай берулері керек, шикізатқа жарайтын заттардың бәрін, өндіріс қалдықтарын толық пайдалану керек; Қазақстанның өнеркәсіп орындарына союздың басқа республикаларынан шикізаттар мен көмекші материалдар, әсіресе отқа төзімді материалдар, цемент, шыны, химикаттар тасылмайтын ету қамын көздеулері керек; аса тапшы стратегиялық шикізаттардың орнына қолданылатын жаңа заттар тауып, оны меңгерулері керек; кокстелетін күлі аз көмірлер және марганец жөнінде Уралдың ірі металлургия заводтарының барған сайын артып отырған қажетін қамтамасыз етулері керек; Қазақстанда ірі металлургия заводуын салуға керекті шикізат базасын зерттеу, сонымен қатар кокс-химия жасау мәселесін шешу жұмыстарын аяқтаулары керек. Қазақстанда үлкен қара металлургия жасау – республикамыздың советтік интеллигенциясының басты міндеттерінің бірі.

Қазақстанда, ең алдымен, минералдық тыңайтқыштар, сода, күкірт және тұз кислотасын жасау; автомобиль, трактор паркін және дизель жабдықтарын жергілікті қатты отынға көшіру жөнінде генераторлардың неғұрлым қолайлы түрін жасау, энергия жабдықтарының жұмысын жолға қою, олардың жұмыс графигіне анализ жасау, олардың пайдаға асатын күшін және қуатын арттыра беру; арзан электр қуатын алу үшін Қазақстанның су-энергетикалық ресурстарын анықтау, пайдалану; жаңа өнеркәсіп орындарын жабдықтаудың, техникалық, азық-түлік егістерінің көлемін ұлғайтудың қажетті базасы болып саналатын су мүмкіншіліктерін ашып, барынша толық пайдалану – міне, осылардың бәрі қазір кезекте тұрған, дереу шешілуді керек қылатын мәселелер болады. Біздің инженерлеріміз, ғалымдарымыз, геологтарымыз бұл жөнінде көп жұмыс істеулері керек.

Ауыл шаруашылығын, тамақ және жеңіл өнеркәсіпті өркендету жөнінде Қазақстанның советтік интеллигенциясының алдында мынадай

негізгі міндеттер түр: егіс өнімін, әсіресе, дәмді және техникалық егістер – бұрынғыдан да арттыра беруіміз керек; техникалық егістер үшін, ең алдымен, қант қызылшасы үшін, әсіресе суарылмай егілетін қант қызылшасы үшін жаңа жер іздеп тауып, оны меңгеруіміз керек; ауыл шаруашылығының зиянды жәндіктеріне, әсіресе оңтүстік облыстарда техникалық егістер мен жеміс ағаштарының жәндіктеріне қарсы күрес жүргізуіміз керек; жабайы өсетін шикізат өсімдіктерінің қорын неғұрлым көп пайдаланудың жолдарын табуымыз керек; мал шаруашылығын өркендете беру, оның тұқымын оңдап, продуктылығын арттыру әдістерін белгілеп, сонымен қатар Қазақстанда малды қыста жайып бағу жұмысын өркендетуге керекті табиғи жайылымдарды тауып, оны неғұрлым дұрыс пайдалану әдістерін жасауымыз керек; республикамыздың балықты суларын зерттеп, олардан балықты көп аулау жолдарын табуымыз керек.

Қазақстанның интеллигенциясы алдында тұрған кезекті нақты міндеттер, барлық күшті жұмылдыруға тиісті міндеттер осылар.

Сүйікті көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жолдастың берген зор бағасы жігерлендірген республикаларымыздың советтік интеллигенттері, дәрігерлер, инженерлер, оқытушылар, агрономдар, ғалымдар, әдебиетшілер большевиктер партиясының басшылығы арқасында барлық күші мен білімін алдымызға қойған міндеттерді ойдағыдай шешуге, Қызыл Армияның жексұрын жауды тезірек талқандауына көмектесуге жұмсайды.

АМАНКЕЛДІНІҢ БАТЫР БАБАЛАРЫ

1916 жылғы халық көтерілісінің ержүрек көсемі, Орталық Қазақстанда кеңес үкіметін орнатушылардың бірі қазақ халқының асқан ірі мемлекет қайраткері Аманкелді Иманов Қыпшақ руынан шыққан. Қыпшақ руы Кеңестер одағындағы түрік-татар тектес халықтардың ұйтқысы болған және түрік тұқымдас елдердің ішіндегі ең іргелісі және жауынгер еді.

Аманкелді батыр шыққан Бегімбет тұқымы Қыпшақ руының ең жақсы жауынгерлік салтын тура сақтап дамытып отырды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында болған Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының патша үкіметіне қарсы ірі көтерілісі кездерінде Бегімбетте екі мыңнан аса үй бар екен. Олар, қазақ халқының көп заманғы тарихының бесігі саналған Ұлытаудың төңірегінде Қараторғай, Сарыторғай өзендерінің сағасын мекендеді. Бегімбет руы өзінің көсемі Иманның (Аманкелдінің бабасы) басшылығымен Кенесары көтерілісіне алдымен қосылды; патша жендеттерінің, қырғыз манаптарының, қазақтың өз ішіндегі шонжар байларынан шыққан опасыздардың өзара ауыз жаласып, бірлесіп күш жұмсауымен көтеріліс басылған кезіне дейін, Бегімбет тұқымы сол азаттық жолындағы ұлы күрестің маңдай алдындағы жауынгері болды.

Аманкелдінің бабасы Иман батыр көтерілістің ең таңдаулы, қайратты көсемінің бірі, бүтін көтерілістің жолбасшысы – Кенесарының да ең жақын, сенімді серігі еді. Халық ауызындағы аңызды әңгімелерге және сол көтеріліске қатынасқан ақындардың поэмаларына қарағанда, Кенесары Иманның жауынгерлік өнері мен тәжірибесін аса жоғары бағалаған. Иман қатынасып, ақыл бермеген жерде Кенесары көтерілістің тәсілі мен басшылығына аса керекті жұмыстар жөнінде өздігінен белгілі бір тоқтам – билік айта алмаған. Сөз түйінін әрқашан Иман шешеді екен: сондықтан Кенесары Иман батырды қатты құрметтеп, «Иман келді – аман келді» дейді екен. Халықтың есінде сақталып келген бұл сөздердің мәнісі: көтеріліс кезінде Иман бастаған іс пен жорықтар әрқашан абыройлы, жеңісті болғанын аңдатады. Бұл тамаша тарихи мәтел сөздің кейіннен Аманкелді батырға ат болып кетуі де тегін емес. Бұл арада ел әңгімесі батыр мен оның еркіндік сүйгіш жауынгер бабасының арасындағы тарихи және рухани жақындықты айырықша атап көрсететін сияқты. Аманкелдінің өзінің фамилиясына, қазақтың көпшілігінің әдеті бойынша, туған әкесінің атын алмай, бабасы Иманның атын алуында да үлкен мән бар; осының өзінде де, Аманкелді өзінің туған халқының бостандығы, тәуелсіздігі үшін өмірін пида еткен атақты бабасын ұмытпастай есіне сақтап, оның тарихи ерлік істерін айырықша құрметтегендігі көрінеді.

Кенесары көтерілісіне Бегімбет тұқымымен бірге Иманның балалары Бердалы, Ержан, Балық, Үдербай да (Аманкелдінің әкесі) қатынасады.

Бердалы мен Ержан екеуі Иман батырмен бірге 1847 жылғы көтерілістің соңғы дәуіріндегі ауыр соғыста ерлікпен қаза табады. Балық пен Үдербай көтеріліс басылып, Кенесары мен Иман тұтқынға түсіп өлгеннен кейін, Бегімбеттің аман қалған аз ғана үйлерімен қаншама апатқа, қорлыққа душар болып Алатау алабынан өзінің туған мекені Торғай даласына қайтып келеді.

Осылардың барлығы жас Аманкелдіге көп әсер етеді. Жүре келе, оның халық намысын көздеген саяси көсем, айбынды батыр болып шығуына себепші болады. Бала күнінде Аманкелді Кенесары қозғалысына тура қатысқан өз әкесі Үдербай мен қарт ағасы Балықтан Кенесарының ерлік жорығы жайында әңгімелерді көп естіп, көп тыңдайды. Бір асқанға бір тосу деп ұғынған жас батыр Аманкелді өз елінің азаттығы үшін күрескен ерлік дәстүрін ту қылып ұстап, халқының арман тілегі үшін жанын қиятын ізгі батыр, кемеңгер басшы болып шығады.

1916 жылы өзінің батыр ата-бабаларының салтын қолданып елден бұрын дабыл қаққан, елді көтеріліске бастаған айбарлы қолбасшы осы Аманкелді болды. Аманкелді көтеріліске әзірленген елдің күш-қуатын, бір жағынан, қазақ даласына қанды шеңгелін салып, құлданып отырған патша үкіметіне қарсы жұмсаса, екінші жағынан қазақ елінің өз ішіндегі жаулары байлар мен сұлтандарға қарсы жұмсайды. Бірақ, Аманкелді батырлық салтын өзінің ата-бабасынан үйренді дегенмен, мұның ісі олардан әлдеқайда өзгеше, кең, терең жатады. Аманкелді шын кемеңгер көсем болғандықтан, өз халқының азаттық күресін енді бұрынғыдай ұлттық көлемде, от басы, ошақ қасында жүргізуден ешқандай нәтиже шықпайтынын терең ұғынады. Сондықтан ендігі жерде күреске түскен қазақ халқы өзінің ойлаған мақсатына жетуі үшін ең алдымен ұлы орыстың жұмысшы табы мен шаруасына арқа сүйеіп, солармен білек қосуы қажет деп білді. Соның үшін ол 1917 жылы қазақ халқын кеңес үкіметін жақтауға үндеді. Оған кеңес үкіметінің жұмысшы табы мен шаруа үкіметі екенін түсіндіреді. Тек түсіндірумен қанағат етіп отырмай, қазақ даласында кеңес үкіметін орнату жолында батыл күрес жүргізді.

Аманкелді Иманов өз заманының мақсатын дұрыс түсініп, қазақ халқын тарихи даму жағынан адаспайтын ең дұрыс жолға салды. Қазақ елін Ленин-Сталин партиясының ісін сүюге шақырды және Ленин-Сталин партиясының еңбекші елді құлдықтан азаттыққа жеткізетін және бүкіл адам баласының бақытты өмір сүруіне кең жол ашатын ұлы күш екеніне көзі жетті. Аманкелді қазақ елін ұлы орыс, Кеңестер одағындағы тағы басқа туысқан елдермен достық бірлігін нығайтуға шақырды. Социалистік отанды көзінің қарашығындай қадірлеп, шексіз сүйе білуге, оны қандай жаудан болса да жан аямай қорғай білуге шақырды. Халық қозғалысының батыр көсемі, мемлекет кемеңгері болған Аманкелді Имановтың шолпан жұлдызындай айырықша нұрланған бір тарихи тамаша ұлы сипаты осы.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУ

Қымбатты бөбектер! Сіздер бүгін қуанышты көңілмен бірінші рет мектеп ашып, шәкірттер партасына отырасыздар. Кешегі күні асыр салып, тек ойынның ғана соңында жүрсеңдер, бүгін Кеңестер Одағының барлық азаматтарының қатарында Отанымыздың еңбекші халқының санына кірдіңіздер. Ата-аналарыңыз бен апа-ағаларыңыз сияқты сіздер де бұдан былай уақыттарыңызды тәртіпке салып, келешекте оқымысты маман болу үшін қажет білім алуға жұмыласыздар.

Ұлы Отанымыздың толық бағалы азаматы болу үшін, сіздер бүгіннен бастап білім мен еңбекті толық сүйіп, мұғалімдеріңіздің тілін алып, ел-гезек болып, үлкендерді сыйлап, мектеп тәртібін бұлжытпай орындап, қашанда, қайда болсын әдепті, таза жүруге үйренулеріңіз керек. Бар жүрепкең сіздерге саулық, шаттық, оқуда зеректілік тілеймін.

АКАДЕМИК В.Л. КОМАРОВ – КЕҢЕС ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ БАСШЫСЫ (75 жасқа толуына)

Екі рет Сталиндік сыйлық алған, Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кеңестер Одағы Ғылым академиясының президенті – академик Владимир Леонтьевич Комаров алдыңғы қатарлы кеңес ғылымының жалпы жұрт таныған ұйымдастырушысы және басшысы. Шын мәнінде, ғылым ордасы болып отырған Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясын құру, оның жұмысын В.И. Ленин белгілеген данышпандық бағыт бойынша жүргізіп отыру міндеті орыс халқының ұлы білімпаздары ішінде В.Л. Комаровқа жүктеледі.

Ғылым академиясының жұмысын жаңа жағдайда қайта құру үшін жоғары дәрежелі ғылым иесі болумен қатар, мемлекет істерінде орамы кең адамдар керек болды. Комаров оның ғылыми ұйымдастыру жұмысына белсеніп қатысты. 1930 жылы ол Ғылым академиясының вице-президенті болып сайланды.

1934 жылы үкіметтің қарары бойынша Ғылым академиясы еліміздің астанасы Москваға көшіп келді. 1936 жылы, академик А.П. Карпинский қайтыс болғаннан кейін, В.Л. Комаров бір ауыздан Ғылым академиясының президенттігіне сайланды. КСРО Ғылым академиясының президенті қызметінде В.Л. Комаров дүниежүзіне атағы шыққан білімпаз, кеңес ғылымының басшысы және ұйымдастырушысы, сол сияқты көрнекті мемлекет қайраткері екенін айқын көрсетіп, өзінің зор талантын кең өрістетті.

Академик В.Л. Комаровтың өмірі мен ісі – кеңес елінің білімпазы мен азаматына асқан үлгі. Отаншылдық, халқына шын беріліп қызмет ету, тәртіпті берік ұстау, ғылымның өмірден алыстатылуына жол бермеу, ғылым жұмыстарын ұштастыра жүргізіп, халық шаруашылығындағы түйінді мәселелерді шешуге бағыттап отыру, жас білімпаздарды тәрбиелеп өсіру, оларға әкелік қамқорлық көрсету – академик В.Л. Комаровтың негізгі қасиеттері міне осындай.

Академик В.Л. Комаровтың Отанымыз алдындағы неше алуан маңызды еңбегі ішінде оның Кеңестер Одағындағы ұлттық республикаларда алдыңғы қатарлы кеңес ғылымының ордаларын құру, өркендету ісіндегі жетекшілігі зор орын алады.

Бірінші бесжылдық дәуірінде, бұрын артта қалған шет аймақтарда алғашқы ірі өнеркәсіп орындары салына бастаған кезде, В.Л. Комаров аса маңызды ғылыми мәселені – кездейсоқ «маусымдық» экспедициялар шығарып, зерттеу әдісі орнына жер-жерден ғылым академиясының базалары мен филиалдарын ашып, олардың жұмысын Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Ғылым академиясына қараған орталық ғылым институттарының ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастыра

жүргізу жолымен, белгілі жоспар бойынша тұрақтап зерттеу әдісін қолдану мәселесін алғаш рет алға қойып, мемлекет көлемінде шешті.

Кеңестер Одағы Ғылым академиясының алғашқы базасы 1932 жылғы мартта Қазақстанда, онан кейін 1933 жылы Тәжікстанда, Закавказияда ашылды. Екі жылдан кейін Закавказиядағы базасы Грузин, Азербайжан және Армян филиалдары болып қайта құрылды. Ғылым академиясының бірсыпыра филиалдары қазіргі уақытта ұлттық ғылым академияларына айналдырылды.

Академик В.Л.Комаров ботаника жөнінде бүкіл дүниежүзі таныған беделді білімпаз болып отыр. Елу жылдан аса ғылыми-зерттеу қызметінде В.Л.Комаров Орта Азияны, Сібірді, Қиыр Шығысты талай рет ғылыми экспедициямен аралады. Бұл экспедициялардың нәтижесі оның бірсыпыра күрделі еңбектерінде баяндалды. В.Л.Комаров 300-ден аса ғылыми еңбек жазды.

Кеңестер Одағының өсімдік байлығы туралы білімінің ұлы жинағы – көп томды «Кеңес Социалистік Республикалар Одағының өсімдіктері» деген жинақ В.Л.Комаровтың басшылығымен шығарылуда. Ғылыми зерттеудің және қорытынды шығарудың алуан-алуан және кең өрісті болуы – В.Л.Комаровтың айрықша қасиеттерінің бірі. Ол ботаникамен бірге география, геоморфология, геология, экономика мәселелерімен және басқа сондай мәселелермен шұғылданады. В.Л.Комаровтың Солтүстік Моңғолиядағы арғы заманғы мұз туралы, Камчатканың жанартаулары мен ыстық бұлақтары туралы зерттеулері – биология ғылымындағы маңызды олжа. В.Л.Комаровтың ғылыми саяхаттар кезіндегі неше алуан және мол зерттеулерін атақты Паллас экспедициясының нәтижелерімен қатар қоюға болады.

К.А.Тимирязев сияқты, В.Л.Комаров та тиянақты дарвинист. В.Л.Комаров дарвинизмді марксизм-ленинизм негіздерімен байланыстырып пропагандалайды.

В.Л.Комаровтың өмірі мен ғылыми қызметі – ұлы білімпаз бен азаматтың асыл қасиеттерінің ұштасқан үлгісі. Өзінің ғылыми қызметінің бастапқы кезінде, 1890 жылдарда, В.Л.Комаров өзінің демократияшылдық көзқарасы үшін патша полициясының бақылауында болды. Ленинград университетінің профессоры болған кезде, В.Л.Комаров 1905 жылғы революцияға белсеніп қатысып, жиындарда саяси сөздер сөйледі. Реакция жылдарында ол большевиктер партиясы Орталық Комитеті мүшелерінің бас қосуына көмектесіп жүрді. Кеңес өкіметі тұсында ол Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, кеңес ғылымының штабы – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясының басшысы.

Ұлы Отан соғысы кезінде В.Л.Комаров еліміздегі барлық байлықты жексұрын жауды неғұрлым тез жеңу жолына пайдалануды көздеген кеңес білімпаздарының, ғылым қызметкерлерінің ұлы қозғалысына өзінің беделімен, білімімен және сарқылмас жігерімен басшылық етіп келеді.

В.Л. Комаровтың басшылығымен КСРО Ғылым академиясы ұштасқан ғылыми-зерттеу әдісін шығарып, Оралдың, Қазақстанның, Батыс Сібірдің ұшан-теңіз жаңа қорларын майданның қажетіне жұмсай білді.

1942 және 1943 жылдарда В.Л. Комаров ұзақ уақыт Қазақстанда болып, республикамыздың әр алуан жаратылыс байлықтарын Отан қорғау жолына неғұрлым тез пайдалануды көздеген кең өрісті ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолма-қол басшылық етті. Академик В.Л. Комаровтың комиссиясы Қарағанды бассейнінің, Орталық Қазақстандағы мыс комбинаттарының, рудалы Алтайдағы және Оңтүстік Қазақстандағы полиметалл комбинаттарының, Ақтөбе ферросплав комбинатының, Орал-Ембі комбинатының және басқаларының өндіріс күшін арттыру әдістерін белгіледі. Мұнымен қатар комиссия Қазақстанда қара металлургия, химия өнеркәсібі, отқа төзімді материалдар өнеркәсібі сияқты маңызды өнеркәсіп салаларын орнату мәселелерін зерттеп, негіздеді.

Академик В.Л. Комаровтың комиссиясының жұмысына КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалына қараған барлық ғылыми мекемелердің қызметкерлері қатысты. Мұның өзі филиалдың және оның ғылыми мекемелерінің ғылым қызметкерлерінің білімін арттыруына, Қазақ филиалының беделінің артуына зор себеп болды.

Дүниежүзіндегі ең озат ғылымды – кеңес елінің ғылымын басқара отырып, мемлекет қайраткерінің даналығы мен дүниежүзілік білімпаздың беделін ұштастыра отырып, академик В.Л. Комаров барлық күші мен білімін Отанына қызмет ету жолына жұмсап келеді. Сондықтан да оны көп ұлтты сан миллион ұлы кеңес халқы сүйіспеншілікпен құрметтейді.

В.Л. Комаров орнатқан және тәрбиелеп өсірген Ғылым академиясының Қазақ филиалының ғылыми-зерттеу жұмыстарының көбею, сол сияқты республикамызда ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан сайын өрістетудің шұғыл міндеттері қазір филиалды Қазақстанның Ғылым академиясына айналдыру мәселесін алға қойып отыр. Кеңестер Одағында және оның жеке республикаларында ғылым жұмыстарының мән-жайын жақсы білетін академик В.Л. Комаров Қазақстан Ғылым академиясын құру жөнінде Қазақ үкіметіне өзінің мынадай қорытынды пікірін білдірді: «Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалының өркендеу қарқыны, соңғы үш жылдың ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі кеңейіп, сапасының артуы, сол сияқты Қазақстан Кеңес Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі мен Ғылым академиясы Қазақ филиалының бұл филиалға қараған ғылыми мекемелерді одан ары кеңейту және нығайту шараларын белгілеуі, Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясының президиумына 1945 жылы Ғылым академиясының Қазақ филиалын Қазақ ҚСР Ғылым академиясына айналдыру туралы мәселені алға қоюға мүмкіндік болады деп ұйғаруына негіз болады».

В.Л.Комаровтың осы беделді қорытындысы негізінде Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитеті жақын арада 1945 жылы Қазақстанның Ғылым академиясын ашуға даярлану шаралары туралы арнаулы қаулы алды.

Владимир Леонтьевич Комаровтың Қазақ КСР Ғылым академиясын ашу ісінде Қазақ үкіметіне және Ғылым академиясының Қазақ филиалының президиумына бұрынғысындай өзінің беделді кеңесімен және тыңғылықты ісімен көмектесетіндігі күмәнсіз. КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының ғылыми қызметкерлері 1945 жылы Қазақстанда өзінің заманы мен халқына лайық Қазақ Ғылым академиясын ашу үшін барлық күшімен, ынтасымен аянбай қызмет етуге даяр. Мұнымен қатар Қазақстан білімпаздары Қазақ Ғылым академиясына КСРО Ғылым академиясының Президенті – академик В.Л.Комаровтың үнемі қамқорлық көрсетіп, көмектесіп отыратындығына қатты сенеді.

Владимир Леонтьевич Комаров 75 жасқа толды. Бұл өмірінде 50 жылдан артық уақыт бойы ғылымға, Отанына қызмет етті. Дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы кеңес ғылымының одан ары өркендеуінде академик В.Л.Комаровтың өзінің жоғарғы дәрежелі қызмет орнында болып, әлі де көп жылдар бойына кеңес ғылымының одан сайын өркендеуіне қызмет етуіне тілектеспіз.

Кеңес дәуіріндегі ғылымның басшысының данышпандық сипаттарын айқын көрсеткен Владимир Леонтьевичтің әлі де сау-саламат болып, көп жасауына тілектеспіз.

КСРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ЛЕОНТЬЕВИЧ КОМАРОВҚА

Қымбатты Владимир Леонтьевич!

Ғылым Академиясының Қазақ филиалының қызметкерлері сіздің 75 жасқа келуіңізді құттықтап, мұнан былай да сүйікті отанымызға қызмет етіп, көп жасауыңызға тілектес екенін білдіреді.

Өзінің бар күшін халыққа қызмет ету жолына сарп етіп келе жатқан Сіз сияқты ардақты кеңес ғалымы – отанымыздың зор мақтанышы. Бұдан көп жылдар бұрын, Сіз Қиыр Шығыстың өсімдік қорын зерттеп, өзіңіздің аса терең ғылымдық еңбектеріңіздің арқасында жержүзі Ғылымында төрден орын алатын жаңалықтар аштыңыз. Соның арқасында Сібір мен Қиыр Шығыс ауыл шаруашылығы өркендеп көп табысқа ие болып отыр. Сіз ерте бастан-ақ ұлы отанымыздың қиыр шеттерін зерттеуге көбірек көңіл бөлген едіңіз. Мұныңыздың өзі зор қырағылық, алысты болжағандық болып шықты. Мұның жемісін міне енді, ел басына күн туған ауыр кезеңдерде татып отырмыз. Ұлт республикаларының мәдениеті мен жаратылыс байлықтарын сол елдердің өзінде жүріп зерттеу керектігін, зерттеу мекемелерінің өзін де сол жергілікті орындарда ұйымдастыру керектігін әр уақыт мойындап келгеніңіздің нәтижесінде қазірде жер-жерде Ғылым Академиясының көптеген базалары мен филиалдары ашылып отыр. Соның бірі – біздің Қазақ филиалы. Үкімет пен партияның және Сіздің өз басыңыздың үздіксіз қамқоршылығыңыз арқасында, 1932 құрылған кішкене база қазірде Ғылым Академиясының ірі филиалдарының бірі Қазақ филиалына айналып отыр. Қазақ филиалы қазірде 7 институты, 4 секторы бар, 700-дей ғылым қызметкері бар ірі ғылым орны болды, Қазақстанның ғылым ордасы болды.

Владимир Леонтьевич! Қазақстанның ғалымдары Сіздің көмегіңізбен мұнан былай да ғылым жолына бар күшін сарп етіп, өзінің дәуірі мен халқына лайықты Академия құрап алатын боламыз деп серт етеді.

Адам баласының қас дұшпаны болған Герман фашизміне қарсы ашылған Ұлы Отан соғысы кезінде кеңес ғалымдары мен кеңес халқына Сіз өте мөте жақын болып кеттіңіз. Сіз басшылық етіп отырған Ғылым Академиясы мен оның көптеген филиалдары өздерінің ғылыми жұмыстарын Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ отан қорғау ісіне бағындырды.

Отанымыздың басына ауыр күндер төніп келген кезеңде Сіз ғылым жұмысын майдан мүддесіне сәйкестеп қайта құра білдіңіз. 1941 жылдың декабрінде бүкіл Орал, Сібір, Қазақстан өлкелерінің жаратылыс байлықтарын ел қорғау жолына жұмсау мәселесін басқаратын комиссия құрдыңыз.

Ол комиссия Сіздің басшылығыңызбен іс қылып, аз уақыттың ішінде бүкіл ғылым қызметкерлерін, бүкіл өндіріс орындарымызды бірлескен жұмысқа ұйымдастырып, Шығыстың қорын ел қорғау үстіне жаратудың

жолдарын тауып берді. Осындай екпінді жұмысы үшін бұл Комиссия сталиндік премия алып отыр.

Сіздің күнделікті басшылығыңызбен, әсіресе Алматыда болған кездеріңізде көрсеткен жәрдеміңіз арқасында Комиссия қазақ жеріндегі сарқылмас мол қордың көзін тауып, оны ел қорғау ісіне қалай жаратудың нақтылық жоспарын жасады.

Соңғы жылдарда Сіз Қазақ филиалына, оның өсуіне аса көңіл бөліп келдіңіз, ұлт кадрларын дайындауды қамқорлығыңызға алып, Қазақстанда ғылыми мәдениет өрлеуіне көп себепші болдыңыз.

Сіз сияқты ғалым патриотты біз өзімізге үлгі етеміз. Ленин – Сталин сияқты кеменгерлердің жолын меңгеріп, орыстың ұлы оқымыстыларының салтын ұстап, халыққа үздіксіз еңбек ету жөнінде, Отанның ежелгі жауларына қастерін тіге біліп, оларды ойран ете білу жөнінде бізге берген ағалық кеңестеріңізді кеңес ғалымдары әр уақытта жүрегінің түкпірінде сақтайды.

Ардақты ақсақал, Владимир Леонтьевич! Сіздің алдыңғы қатарлы кеңес ғылымының өркендеуіне басшылық етіп, ұзақ жасағыңызға шын жүрегімізбен тілектеспіз.

ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы қызметкерлерінің тапсыруы бойынша

Филиалдың Президиумы:

ССРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі,
Қазақ КСР еңбегі сіңген қайраткері

Қ.И. Сатпаев

ССРО Ғылым Академиясының ақиқат мүшесі,
Қазақ КСР Еңбегі сіңген қайраткері

В.Г. Фесенков

ССРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі,
Қазақ КСР еңбегі сіңген қайраткері

Б.А. Догель

Медицина ғылымының докторы,
Қазақ КСР еңбегі сіңген қайраткері

І.Н. Удинцев

Техника ғылымының докторы

М.И. Горяев

Геология-география ғылымының кандидаты

Ө.А. Оспанов

Биология ғылымының кандидаты

И.А. Поляков

Доцент

И.В. Рушанов

А.К. Қойгелдин

СОВЕТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАМАША МЕРЕКЕСІ

Совет елі ССР Одағы Ғылым академиясының 220 жылдық мерекесін өткізіп отыр. Ресей Ғылым академиясын алғаш ұйымдастырушы ұлы Петр патша болатын. Ол өз заманының ірі ғалымы, Париж Ғылым академиясының мүшесі болған еді.

Ұлы Петр жаңа ашылатын ғылым академиясының алдына, басқа мемлекеттердегі салт сияқты, ғылымды өркендету міндетін ғана қойған жоқ. Сонымен қатар ол орыс халқынан ғылым кадрларын әзірлеп шығару міндетін де қойды. Осындай мемлекеттік мақсат тұрғысынан қарап, Петр Ғылым академиясы жанынан гимназия, университет сияқты оқу орындарын ашуды ұйғарды.

Алғашқы академиктердің бәрі де шет мемлекеттерден шақырылды. Петр оларды іріктеп алды. Ресей Ғылым академиясының алғашқы мүшелерінің арасынан кейін ғылым жөнінде даңқы жайылған Леонард Эйлер, Николай, Даниил Бернулликер, Делиль сияқты адамдар шықты. Бұлар жаңа ашылған Ресей Ғылым академиясының беделін арттырды. Петрдің Батыс Европаның мәдениет дүниесімен байланысы күшті еді. Осының арқасында, ол 19 жасар Леонард Эйлердің ұлы математик болатынын танып, жас болса да, оны Ресейге академик етіп шақырады. Сол сияқты, Петр Ресей Ғылым академиясының мүшелігіне таңдап шақырған ғалымдардың көбі жас еді. Мысалы, академик Даниил Бернулли 25 жаста, академик Гмелин 18 жаста болатын.

Петр Ғылым академиясының жемісті жұмыс істеуіне керек жағдайларға да тиісті көңіл бөлді. Ол өзінің кітапханасы мен Ресейде тұңғыш рет жасаған музейін Академияның меншігіне берді. Бірақ Петр Академияның ресми ашылуын өз көзімен көре алмай кетті. Академия 1725 жылы Петр өлгеннен кейін ашылды.

Ғылым академиясы алғашқы жылдары-ақ математика, астрономия, механика ғылымдарының саласында күрделі жұмыстар істеді, зор жаңалықтар ашты, сонымен қатар, көптеген экспедициялар шығарып, Ресейдің елін, жерін зерттеді. Ол кезде Ресей шала зерттелген «жұмбақ дала» еді. Оның жер аумағы, мемлекеттік шекарасы туралы ешқандай нақты мәлімет жоқ болатын. Академик Эйлердің басқаруымен тұңғыш рет Ресейдің географиялық бейнесі жазылды. Бұл сол кездегі белгілі білімпаздардың, сондай-ақ Британия энциклопедиясының айтуы бойынша, «неміс жерінің географиясына қарағанда, әлдеқайда дұрыс жасалған» еді.

Ресейдегі ғылыми-зерттеу орындары ұйымдастырған ғылыми экспедициялар жұмысының нәтижелері, көп реттерде, жержүзілік ғылым үшін бірден-бір зор табыс болып отырды. Бұл жөнінде біздің П.С. Паллас, Н.М. Пржевальский, В.Л. Комаров, Козлов, В.А. Обручев сияқты көптеген ғалымдарымыз жүргізген экспедициялар жұмысының нәтижесін еске түсірсек, жеткілікті болады.

Петрдің ойынша, Ғылым академиясы ғылымды өркендету, елді, жерді зерттеу жұмыстарымен қатар орыстан жас ғылым кадрларын үнемі әзірлеп шығаруға тиісті еді. Ғылым академиясы бұл міндетті жүзеге асыруда көп қиыншылық көрді. Бұл қиыншылықтар көбінесе Ғылым академиясының басшылық жұмысында алғашқы кезде немістердің отыруымен байланысты болды. Олар орыс жастарын гимназияда оқытпауға тырысты: «Орыстардың көпшілігі, үлкен-кішісі болсын, ғылымға, ынталы, табанды емес» деген сылтауларды соқты. Осының салдарынан, Ғылым академиясының қатарында 8 жыл бойы орыс ғалымынан бірде-бір мүше болмайды, ал Академия ұйымдасқаннан былайғы 30 жыл ішінде оның қатарында мүше болған орыс ғалымдарының (академик, корреспондент мүше) саны онға жетер-жетпес еді.

1742 жылы М.В.Ломоносов шет елдерде оқып, ғылыми жұмыс жүргізіп қайтады. Ол академияның мүше-корреспонденті болып тағайындалған соң, Академияның бір топ қызметкері Сенатқа ресми шағым берді. Онда «неміс басшылардың» Академиядағы түрлі жаман пиғылы көрсетілген еді: «Егерде немістерге жасалған жағдай орыстарға жасалған болса, орыстар немістердің алдында жалтақтамас еді, ендігі профессорлардың тең жартысы орыс болар еді» делінген.

Алайда, патша үкіметі сенатшыларының көбі немістер болатын. Сондықтан олар бұл шағымға құлақ қойып, жағдайды түзеу түгілі, қайта шағым берушілердің өздерін қатты жазалады: олардың кейбіреулерін дүре соғу жазасына кесті де, кейбіреулерін Ресейдің шет-шалғай өлкелеріне жер аударды. Басқасы былай тұрсын, Ломоносовтың өзі немістер жөніндегі «бейбастақтығы» үшін жарты жылдай абақтыда отырды.

Ресей Ғылым академиясының алғашқы ұйымдастырылған кездегі өмірінен алынған бұл мысал, немістердің бастан-ақ Ғылым академиясына өз адамдарын қойып, оның жұмысын өздері билеп-төстемек болған арам ниетін көрсетеді. Немістердің бұл сықылды өрі топас, әрі үмітсіз ниет, жоспары жүзеге аспады, оны орыстың жас ғалымдары күл-талқан етті.

Ұлы Петр Ғылым академиясын ұйымдастырушы болса, орыстың бұқара халқынан шыққан ұлы ғалымы Михаил Васильевич Ломоносов оны құрып, нығайтушы болды. М.В.Ломоносов балықшы шаруаның баласы еді. Ол Ғылым академиясы жанындағы гимназияға ең әуел 1735 жылы келіп кірді. Оны өте жақсы бітіріп, 5 жыл бойы шет елде болды. Онда химия, физика, тау-кен, металлургия ғылымын үйренді. Ол 1742 жылы академияның мүше-корреспонденті болып белгіленеді, ал, 1745 жылы академик болды.

Орыс ғылымы тұңғыш рет М.В.Ломоносов арқылы жержүзілік көлемде көріне бастады. М.В.Ломоносов әр алуан білімді, зор ғалым еді. Ол әрі физика, химия, әрі металлургия, геология, әрі география, тіл ғылымы еді. Ол: «Ресей жерінің астында түрлі кен байлықтарының көп екеніне ешбір шүбә жоқ. Тек оны тауып алып, пайдалана білу керек» деген

көрегендік пікірді айтқан еді. Арктика арқылы Америкаға баратын су жолын ойлап табушы да Ломоносов болды. Сонда оның «көз алдында, ешбір қауіп-қатерден қаймықпай, ұшан теңіз үстінде кетіп бар жатқан орыс «Колумбы» елестеген еді.

Ломоносовтың орыс тілі, орыс әдебиетін зерттеу жөніндегі еңбегі орасан зор. Ол – орыс тілі грамматикасының негізін салушы; ол – «орыс өлеңінің ережелері туралы» еңбекті жазушы; орыс поэзиясына жаңалық енгізуші, «үш түрлі стиль» туралы теорияны шығарушы. Орыстың халық сөздерін әдебиетте қолданудың көлемін кеңейтуде бұл теорияның зор мәні болды. М.В.Ломоносовтың орыс әдебиетіндегі алатын орнын Белинский былай сипаттады: «Біздің әдебиетіміз Ломоносовтан басталды. Ол орыс әдебиетінің атасы, тәрбиешісі болды. Ол орыс әдебиетінің ұлы Петрі болды». Орыс халқы арасында ағарту жұмысын өркендетуде де Ломоносовтың еңбегі орасан зор. Ол Москва мемлекеттік университетін ұйымдастырды, халықтан ғалымдар шығаруды арман етті.

Ломоносов – ғылыми еңбекті өз ана тілінде жазған тұңғыш орыс ғалымы. Ол кезде білімпаздардың ғылыми еңбекті латын тілінде жазуы әдет болушы еді. Ломоносов бұл әдетті бұзып, ғылыми еңбектерін орыс тілінде жазды. Ломоносов орыс тілінің ғылыми, техника жөніндегі атауларын жасауда көп еңбек етті.

Ломоносов жұртты нақты ғылымның, теориялары мен заңдарын дәл зерттеу, дәл байқау мәліметтеріне сүйенетін ғылым жолында еңбек етуге шақырды. Ол үнемі «бос уақытын қысыр қиял, жалған қисын табуға жұмсайтын, әдебиетті содан туатын қоқыр-соқырлармен толтыратын сыңар езу теорияшыларды» өлтіре сынады.

Нағыз орыс ғылымының негізін салушы М.В.Ломоносовтан кейін де орыс ғылымы мен орыс мәдениеті, патша үкіметінің керенаулығына, кедергісіне қарамай, үнемі ілгері дамуден болды. Көптеген тамаша ғылым кемеңгерлерін шығарды. Сеченовтың, Менделеевтің, Павловтың, Маррдың, Мечниковтың, Тимирязевтің, Ковалевскийдің, Докучаевтің, Карпинскийдің, Вернадскийдің тағы басқа көптеген ұлы орыс ғалымдарының аты ғылым дүниесіне әбден мәлім және ғасырлар бойы ұмытылмайды.

Орыс ғылымы, орыс мәдениеті өзінің бүкіл адам баласының көлеміне құлаш сермеген бостандық, теңдік, туысқандық жөніндегі армандары мен бұрын патша үкіметі езіп келген халықтар арасында ағарту жұмысының өркендеуіне зор әсер етті; ол халықтардың маңдай алды адамдарының Европа мәдениетінің қазынасына жетуіне көмек көрсетті. Бұған өз халқының ХІХ ғасырдағы демократ-ағартушылары – қазақтың тұңғыш ғалымы, ресейлік императорлық географиялық қоғамның мүшесі, терең білімді этнограф, Күн шығысты зерттеуші, саяхатшы, географияшы болған, Қашқарды, Тянь-Шаньның солтүстік етегін, қазақ халқының тарихын, тұрмыс-салтын зерттеп, жержүзілік ғылымға көп қазына қосқан Шоқан Уәлиханов және қазақ әдебиетінің негізін

салушы, ұлы ақын, философ, демократ-ағартушы болған, қазақ арасында орыс мәдениетінің адамгершілік ойларын белсене насихаттаған Абай Құнанбаев айқын дәлел бола алады.

Біздің елдегі ғылым дамуының ұлы белесі – Ресейде Социалистік Ұлы Октябрь революциясынан кейін, совет өкіметінің орнау кезі.

В.И. Лениннің данышпан нұсқауы бойынша, РСФСР Халық Комиссарларының Советі 1918 жылы 12 апрельде Ғылым академиясының құрылысы, жұмыс бағыты жөнінде қаулы шығарды. Бұл совет ғылымы үшін тарихи қаулы болды.

ССР Одағы Ғылым академиясының жұмысында болған бұл ұлы өзгеріс оның ғылыми жұмысының қаулап өсуін де, ол жұмыстардың ғылымдық-тәжірибелік пайдалы болуын да қамтамасыз етті. Октябрь революциясынан бұрын Ғылым академиясының қол астында шын мәніндегі ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін бірде-бір институт жоқ еді, Академияда небәрі 200 шамалы кісі қызмет істеуші еді. Қазір ССР Одағы Ғылым академиясы жержүзіндегі ең ірі ғылыми мекеме болып отыр. Оның қол астында көптеген күрделі ғылыми-зерттеу институттары бар, оларда мыңдаған ғылыми қызметкерлер істейді.

Советтер Одағы ғылымының маңызы өте-мөте Ұлы Отан соғысы жылдарында күшейді. Отан соғысы жылдарында совет ғалымдары елдің стратегиялық байлықтарын майданның қажетіне пайдалану, соғыс техникасының жаңа түрлерін ойлап шығару, ескісін ұстарту, өнеркәсіпті шығысқа көшіріп қондыру, оны жергілікті шикізаттармен жабдықтау жөнінде жүргізілген күрделі ғылыми-зерттеу жұмыстарының басқасында болып, дамытып отырды, басқаша айтқанда, совет халқының майданның қару-жарак, оқ-дәрі, азық-түлік, құрал-жабдық жөніндегі қажетін орындаудағы көптеген, сан алуан жұмысына белсене араласып, меңгеріп, басқарысты.

Совет интеллигенциясының Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаяусыз отаншыл еңбегін Советтер Одағы халықтарының сүйікті көсемі Сталин жолдас жоғары бағалады, ол өзінің 1944 жылғы 6 ноябрьдегі тарихи баяндамасында совет интеллигенциясының соғыс жылдарындағы еңбегін жауды жеңуге жұмсалған баға жетпес қазына деп көрсетті. Советтер Одағында, соғыс жағдайының қиыншылығына қарамай, ғылымның мейлінше өркендегенінің айқын белгісі – соғыс жылдарында бірсыпыра одақтас республикаларда Ғылым академияларының құрылуы болды.

Ғылымның мұндай кең өркендегенін Қазақстан өмірінде де көруге болады. ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалы өзінің құрылысы, ғылым мекемелерінің саны жағынан бір кезде шағын ғана филиал еді, қазір республиканың күшті ғылым орталығына айналды. Оның қол астында 16 ғылыми-зерттеу институты, ондаған сектор орын бар, оларда мыңға жуық қызметкер істейді. Қазақ филиалындағы жоғары дәрежелі білімі, мамандығы бар ғылым қызметкерлері қазір 500-ден асады. Оның ішінде 54 кісі ғылым докторы, профессор, 140-тан астам

кісі ғылым кандидаты, доцент. Соңғы төрт жылдың ішінде Қазақ филиалындағы докторлар мен профессорлардың саны 7 есе артты, кандидаттар мен доценттердің саны 5 есе артты. Ал, қазақтың ғылым қызметкерлерінің саны соғыстан бұрынғыға қарағанда 7 есе артты.

ССР Одағы Ғылым академиясы Қазақ филиалының бұлай қарыштап өсуі Ұлы Отан соғысы кезіндегі бүкіл Советтер Одағындағы ғылымның ерекше өсуіне байланысты. Совет ғылымының орталықта болсын, ұлт республикаларында болсын, екпінді түрде дамуы, әсіресе, ССР Одағы Ғылым академиясының Президенті, Социалистік Еңбек Ері атағы жержүзіне мәлім, ірі мемлекет қайраткері, Сталиндік ұлы дәуірдегі ғылым басшысының барлық өзгешеліктері бойында бар академик Владимир Леонтьевич Комаровтың тынбай істеген қызметінің, аталық қамқорлығының арқасында болып отыр.

Совет елі Ғылым академиясының 220 жылдық мерекесін әбден қуаттылық кемеліне келіп, толыққан кезде өткізгелі отыр. Советтер Одағындағы ғылым мерекесі, алға ұмтылған бүкіл адам баласының қас жауы – ғылымды заңнан тыс деп жариялаған герман фашизмі біржолата, толық талқандалған кезде өткізілгелі отыр. Совет ғылымының ендігі жерде дамуына даңғыл жол ашылды. Бірсыпыра басты салада совет ғылымы осы күні-ақ жержүзінде бірінші орын алып отыр. Совет ғылымының жақын арада қай салада болсын, жержүзінде бірінші орын алатынына шүбә жоқ. Совет ғылымына жол сілтейтін темір қазығы – ленинизм; негізгі ұраны – совет ғылымының кемеңгері, құрметті академик, Советтер Одағы халықтарының сүйікті көсемі ұлы Сталиннің тарихи нұсқауына сәйкес, теория мен тәжірибені ұштастырып отыру болып табылады.

КӨРКЕЙГЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясынан бергі 28 жылдың ішінде қазақ халқы ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен, Ленин-Сталин партиясының басшылығымен, өзінің тарихи дамуында үздік алға басты. Патша үкіметінің правосыз, мешеу колониясы болған Қазақстан өнеркәсібі күшті, ауыл шаруашылығы өркендеген Советтік Социалистік Республикаға айналды.

Қазақстанда Бүкілодақтық 3-таскөмір ошағы – Қарағанды көмір бассейні құрылды. Советтер Одағы мен Европадағы ең үлкен өндіріс орындары – Балқаш мыс заводы, Шымкент қорғасын заводы салынды, мұнай, түсті металл, сирек кездесетін металдар, алтын, ферросплав шығаратын ірі өнеркәсіп жаңадан құрылды. Совет өкіметі тұсында ашылған толып жатқан жоғары дәрежелі, орта дәрежелі мектептер, ғылыми-зерттеу институттары Қазақстанда ғылымның өркендеуіне жағдай туғызды. Республикамыздың шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге орасан зор еңбек сіңірген көптеген қазақ интеллигенциясы өсіп жетілді.

Көркейген қазақ халқы өз республикасының 25 жылдығында Совет Одағындағы халықтардың туысқандық одағы қатарынан көрнекті орын алды.

Капиталистік елдер жұртшылығының бірсыпырасы Орта Азия халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да тарихи және мәдениеті жоқ деп ойлайтын. Бірақ мұндай пікірдің негізсіздігін анықтау үшін кейбір тарихи фактілерге көз жіберудің өзі жеткілікті.

Қазақстанның Тараз және басқа да ескілікті қалаларының орнын қазғанда, бұл қалаларда жоғары дәрежелі мәдениеті, су құбырлары, жақсы моншалар, әр түрлі сәулетті үйлер болғаны анықталды. Бір кезде мәдениетті егін шаруашылығы болғанын ыспаттайтын су құрылыс орындары Қазақстанның көп жерінде кездесе береді.

Батысқа қарай бет алған жорығында Қазақстанды өрттей жалап, аптап өткен Шыңғысханның Моңғол шапқыншылары XII ғасырдың бас кезінде Қазақстанның бұрынғы халықтарының бұл жоғары дәрежелі мәдениетін талқандады. Сол кезден бастап XVII ғасырға дейін, Шыңғыс тұқымының үстемдігі жойылғанға дейін, Қазақстан халықтары қаратүнек дәуірді бастан өткізді, шаруашылығы мен мәдениеті нашарлады.

Қазақстанда бұрын мыс, темір, қорғасын, қалайы кендерін шығарған жерлер көп кездеседі. Әртүрлі пайдалы өсімдіктерді қазақ халқы ежелден бәрі пайдаланып келген. Өз жеріндегі неше алуан шөптерді, суды қазақ халқы мал шаруашылығы үшін шеберлікпен пайдаланып келгенін жұрттың бәрі жақсы біледі.

Қазақ халқының неше алуан және өте бай халық музыкасы бар. Қазақ халқы адамның махаббатын, ерлігін, неше түрлі жан сезімдерін бейнелейтін көп күйлер, әндер шығарған. Қазақ ауыз әдебиетінің байлығын

да жұрт таныған. Жазуы болмаса да өзінің ауыз әдебиетін, батырлар жырларын нешеме ғасыр бойына түгел сақтап келген қазақ халқының бұл жөнінде теңдесі жоқ деуге болады. Терең сырлы, нәзік лебізді, бейнелерінің айқындығы жағынан қазақ халқының «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» поэмасын дүниежүзіндегі мұндай таңдаулы поэмаларымен қатар қоюға болады.

Бұл айтылғандардың бәрі қазақ халқының даңқты тарихы және терең тамырлы рухани мәдениеті болғанын ыспаттайды.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқы Ресей қол астына қарады. Бұдан кейін қазақ даласы Ресей патшалығының отары болды. Қазақ халқының дамуына қарама-қарсы екі күш: патша үкіметінің реакцияшыл соғыс-отарлау саясаты және адамгершілік, мәдениетшілік бағыт әсер етіп отырды. Бұл бағытты ұлы орыс халқының таңдаулы адамдары, прогресшіл-демократ интеллигенциясы бастады. Патша әкімдерінің және жергілікті сұлтандардың қысымынан қазақ халқы кедейленіп, жанышталса, екінші жағынан, орыс халқының, озық ойлы интеллигенциясының әсерімен қазақ халқының таңдаулы адамдары ұлы орыс мәдениеті мен экономикасына жанасты. Қазақ халқының адал ұлдары – тамаша географ және зерттеуші Шоқан Уәлихановтың, қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың, атақты ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің және басқаларының өмірі мен ісі бұған айқын дәлел.

Барлық халықтардың бостандығын, тәуелсіздігін және туысқандығын жариялаған ұлы Октябрь социалистік революциясы Советтер Одағындағы халықтардың тарихи дамуында тамаша жаңа дәуірді бастады.

Жаңа ғана құрылған совет өкіметі 1917 жылғы 16 ноябрьде «Ресей халықтары праволарының декларациясында» халықтардың дербес мемлекет құруға дейін өз алдына ел болу праволарын жариялады ұлттық ардақтылық және шек қоюшылық атаулының бәрі жойылғанын жариялады. 1920 жылғы 4 октябрьде советтердің бүкіл қазақстандық тұңғыш съезі Қазақстанның автономиясын жариялап, Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының Конституциясын бекітті.

Содан бері 25 жыл – тарихи аз уақыт өтті, бірақ бұл уақыттың ішінде қазақ халқы үздік алға басты. Патша үкіметінің мешеу отары болған, халқының не бәрі 2 проценті ғана сауатты болған Қазақстан енді күшті мәдениетті, халқының 80 процентінен артығы сауатты республикаға айналды. Қазақстанда толып жатқан бастауыш және орта мектептер, ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке, мәдениет құрылысына керекті мамандар даярлайтын әртүрлі техникумдар ашылды.

Бұдан 25 жыл бұрын Қазақстанда бірде-бір жоғары мектеп болмаса, қазіргі уақытта республикамызда 22 жоғары мектеп, оның ішінде Қазақ Мемлекеттік университеті, Кен-металлургия институты, Медицина институты, Ауыл шаруашылық институты, Мал дәрігерлік-зоотехника институты, Мемлекеттік консерватория және басқалар бар.

Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бір ғана ғылыми-зерттеу мекемесі – Император География қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесі болды. Оның өзінің де жұмыс өрісі өте тар болды, Алтай тауларын зерттеуден ары аса алмады. Тек ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана жергілікті жерлерде ғылым ордаларын құруға не керекті жағдайдың бәрі туғызылды. Азамат соғысы және шетел басқыншыларына қарсы соғыс аяқталысымен Қазақстанда жер-жерде ғылыми-зерттеу мекемелері құрыла бастады. Олардың жұмысы жыл санап кең өріс ала берді. Қазіргі уақытта Қазақстанда еліміздің жаратылыс байлықтары мен мәдениетін қай жағынан болса да зерттеу жөнінде неше алуан күрделі жұмыстар атқарып отыратын толып жатқан ғылым мекемелері бар.

Бұл жұмыстың көлемін көрсету үшін мынадай бір мысал келтіруге болады. Қазақстанның кен байлықтарын зерттеу, ашу жөнінде ғана 1944 жылы 38 ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыс істеді, олардың жұмысына 70 миллион сомдай қаржы жұмсалды. Қазақстанның ғылыми мекемелері қатарында ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалы, Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымдар академиясының Қазақ филиалы сияқты ғылым ордалары бар.

Өткен 25 жыл ішінде Қазақстанда жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының кейбір қорытындыларын келтірейік.

Қазақстанның барлық жерінің 90 процентіне жуығы топографиялық картаға түсірілді. Қазіргі уақытта Қазақстан жерінің 86,5 проценті геология жағынан зерттелді. Мұның нәтижесінде Қазақстан жерінде неше алуан минерал кендер табылды. Хром, ванадий, калий тұзы және басқа химиялық тұздар қоры жағынан Қазақстан дүниежүзінде бірінші орын, мыс, күміс, мырыш, қорғасын, корунд, барит және басқа минералдар жағынан Совет Одағында бірінші орын алды.

Жер кендерін зерттеу нәтижесінде Қазақстанда совет өкіметі тұсында Совет Одағы түгіл, бүкіл Европада теңдесі жоқ үлкен өнеркәсіп алыптары, оның ішінде Балқаш мыс заводы, Шымкент полиметалл комбинаты, Қарағанды көмір бассейні құрылды.

Қазақстанның жер қыртысын, өсімдігін, хайуанаттарын және басқаларын зерттеу, пайдалану жөнінде де Қазақстанның білімпаздары көп табыстарға жетті. Қазақстанның барлық 16 облысының жер қыртысының картасы жасалып болды. Орталық Қазақстанның құмайт сазды жерлерінде ағаш, жеміс, жидек, овощ егудің жолдары белгіленді. Өсімдіктің үш мыңнан аса түрі, оның ішінде ғылым, халық шаруашылығы үшін аса пайдалы өсімдіктер анықталып, сипатталды. Қазақстанның жәндіктерінің атласы жасалды.

Республикамыздың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне байланысты ауыл шаруашылық ғылымдары жөнінде де Қазақстанның білімпаздары едәуір табыстарға жетті. Мәселен, республикамыздың колхоздары мен совхоздарында мақта, қызылша,

каучук өсімдіктер кеңінен егілетін болды. Қазақстанның ғылыми мекемелерінің мал шаруашылығы жөніндегі жұмысы нәтижесінде малдың (көбінесе қой мен ешкінің) жаңа тұқымдары жетістірілді. Мал басын тез өсірудің жаңа жолдары белгіленді. Республикамыздың мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы жеке аудандары мен облыстарының мал азығы және су қоры зерттелді.

Қазақстанда дәрігерлік-биология ғылымдары кең өріс алды. Әсіресе бруцеллез, безгек, энцефалит, ұра сияқты аурулардың жұғу жағдайларын зерттеуге, оларға қарсы күресу әдістерін белгілеуге ерекше көңіл бөлінді. Республикамыздың курорт жөніндегі мүмкіншіліктері зерттелуде.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда астрономия-физика, химия, техника, оның ішінде энергетика, металлургия және кен ғылымдары кең өріс алды. Республикамыздың адамгершілік ғылымдары өркендеді. Қазақ халқының мол ауыз әдебиеті жиналып, тәртіпке салынды. Мұның көлемі қазір 1800 баспа табақтан асады. Қазақ тілі грамматикасының ғылыми негіздері белгіленді. Орысша-қазақша толық сөздік жасалды. Қазақстанның тарихи маңызды жерлерінде ескі мәдениеттің мұралары қазылып, жиналуда. Қазақ халқының тарихына керекті деректер жиналып, тәртіпке салынуда.

Қазақтың халық музыкасын жинап, тәртіпке салу жұмысы кеңінен өрістетілді. Қазіргі уақытта қазақтың 1500-ден аса әні мен күйі жиналды. Бұл әндер мен күйлер қазақ халқының асқан музыкалық дарындылығына айқын дәлел. Еуропа мәдениетінің таңдаулы өкілі Ромэн Роллан қазақтың әндері мен күйлеріне зор баға берді.

1932 жылы республикамыздың ғылым ордасы – ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрылды. Содан бергі 13 жылдың ішінде Қазақ филиалы шын мәнінде республикамыздың ғылым ордасына айналды. Оның қарамағында 16 институт, 7 дербес сектор, бұлардан басқа Қазақстанның аса маңызды облыстары мен аудандарында тұрақты ғылыми-зерттеу базалары бар.

Қазақ филиалының өсуімен қатар, оның ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыптары да кеңейіп отырды. Қазіргі уақытта филиалдың ғылыми қызметкерлері шұғылданатын негізгі тақырыптар мынадай: Қазақстанның минерал қорларын терең зерттеу; Қазақстан жерінің геологиялық құрылысын, ондағы неғұрлым пайдалы кендердің орналасуын анықтау; құрылыс материалдарын жасау технологиясының мәселелерін шешу; химия өнеркәсібін өркендету мәселелерін шешу; өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қажетіне асатын су қорын зерттеу; Қазақстанның энергетика қорын анықтау және оларды неғұрлым тез және тәртіппен пайдалану жолдарын белгілеу; Қазақстанның жер қыртысын зерттеу және жер қорын есепке алу; жер қорын тәртіппен пайдалану әдістерін белгілеу; республикамыздың өсімдіктерін зерттеу; пайдалы жабайы өсімдіктерді және шет елдерден әкелінген өсімдіктерді

анықтап егу; мал басын тездетіп өсіру, мал тұқымын жақсарту, өнімін арттыру; республикамыздың жабайы айуандарын, әсіресе балық байлығын, ауланатын аңдарын, құстарын зерттеу; ауыл шаруашылық егістеріне зиянды жәндіктерді, малға ауру жұқтыратын жәндіктерді зерттеу; малдың және адамның физиологиясы мәселелерін, әсіресе зиянды өндірістердегі еңбекте денсаулық жағдайын жақсарту мәселесін шешу; әртүрлі ауру-індеттердің дамуының табиғи жағдайларын анықтау және ондай аурулармен күресу әдістерін белгілеу; еңбекшілердің, әсіресе отан соғысы мүгедектерінің денсаулығын және күш-қуатын қалпына келтіру мақсатымен Қазақстанның курорттарын және басқа жаратылыс күштерін неғұрлым жақсы пайдалану мәселелерін шешу; математика, механика, астрономия, физика, право, экономика және басқа пәндер мәселелерін шешу; Қазақстанның жері мен халқын зерттеу; оның байлықтарын және неше алуан өндіріс күштерін халық шаруашылығы үшін пайдаланудың неғұрлым тиімді жолдарын белгілеу; қазақ халқының және Қазақстандағы басқа халықтардың тарихы, тілі, әдебиеті және көркемөнері жөніндегі мәселелерді терең зерттеу.

Филиалдың ғылыми-зерттеу мекемелерінде 1944 жылы аса маңызды 150 ғылыми тақырып белгіленсе, 1945 жылы барлығы 285 ғылыми тақырып белгіленді.

Соғыс кезінде филиалдың экспедиция отрядтары өте-мөте көбейді. 1941 жылы 32 экспедиция отряды болса, 1944 жылы 102 экспедиция отряды болды. 1945 жылы 94 экспедиция отряды жұмыс істейді. Соғыс жылдарында 350-ден аса экспедиция отряды ұйымдастырылды. Бұлар республикамыздың соғыс қажетіне керек байлықтарын ашу және оны Отан қорғау қажетіне пайдалану ісіне зор көмек көрсетті.

1944 жылы филиалдың ғылыми жұмыстарының жалпы көлемі 1941 жылғыдан 6,4 есе артты.

Өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалы соңғы төрт жылдың ішінде Советтер Одағының және Қазақстанның үкімет орындары мен халық комиссариаттарына 160-тан аса пайдалы ұсыныс тапсырды. Майданға көмектесу жөнінде бұл ұсыныстардың зор маңызы болды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын біріктіріп жүргізу жөнінде Қазақ филиалы едәуір табыстарға жетті. Мұның өзі халық шаруашылығына байланысты ғылыми тақырыптарды неғұрлым толық қамтуға мүмкіншілік берді. Мәселен, оңтүстік Қазақстанда филиалдың ғылыми қызметкерлері ашқан ванадий кендерінің қорын және сапасын, сол сияқты ол кендерді неғұрлым жақсы және тез меңгеруге байланысты мәселелерді зерттеу жөнінде 1944 жылы филиал ғылыми-зерттеу жұмыстарын осындай жолмен біріктіріп жүргізді. Мұның нәтижесінде бірнеше айдың ішінде бұл кендердің құрылысы және қоры, оларды пайдаланудың технологиялық жолдары, келешектегі рудниктер мен заводты сумен, электр қуатымен қамтамасыз ету, отынмен, құрылыс материалдарымен, жұмысшы

күшімен жабдықтау, жол салу, завод, жұмысшы поселкесі, рудниктер салынатын жерлерді белгілеу мәселелері толық зерттелді. Мұның арқасында ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі жанындағы кендер қорының Бүкілодақтық комиссиясы жаңадан ашылған кендердің қорын бекітті. ССР Одағы Қара металлургия Халық Комиссариатына бұл кендерді неғұрлым тез және тыянақты түрде пайдалану мәселелерін шешуді тапсырды.

ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында 1940 жылы 276 қызметкер болса, қазір қызметкерлерінің саны мыңға жетті. Филиалдың коллективінде 5 академик және ССР Одағы Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері, 60 ғылым докторы мен профессорлар, 140-тан аса ғылым кандидаттары мен доценттер жұмыс істейді. Соғыс жылдарында филиалдың 63 ғылыми қызметкері, оның ішінде 25 қазақ ғалымы ғылым докторы немесе кандидаты атағын алуға диссертация қорғады. Қазіргі уақытта 54 адам, оның ішінде 24 қазақ қызметкері ғылым докторы атағын алу диссертациясын қорғауға, 186 адам, оның ішінде жарма-жартысы қазақ ғылым кандидаты атағын алу диссертациясын қорғауға даярлануда.

Филиалдың ғылыми қызметкерлері арасында жүздеген жас қазақ қызметкерлері, олардың ішінде, қазірдің өзінде ғылымға көп еңбек сіңірген ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен доценттер бар. Филология ғылымдарының докторлары Смет Кеңесбаев пен Нығмет Саурамбаевтың тіл зерттеу жөніндегі еңбектері, көркем-өнер ғылымдарының докторы Ахмет Жұбановтың қазақ музыкасының тарихы жөніндегі еңбектері, биология ғылымдарының докторы Кәрім Мыңбаевтың каучук өсімдіктер жөніндегі еңбектері, химия ғылымдарының докторы Әбікен Бектұровтың фосфорлы тыңайтқыштар химиясы жөніндегі еңбектері, Қазақ филиалының докторанттары, ғылым кандидаттары – Өмірбек Оспановтың шөл жерлердің топырағын зерттеу жөніндегі, Ақжан Машановтың геология құрылысын зерттеу жөніндегі, Натай Кенесариннің жерасты суын зерттеу жөніндегі, Ғани Жүнісовтің гидрология жөніндегі, Қазыкен Жандеркиннің мал шаруашылығының биология мәселелерін зерттеу жөніндегі және басқаларының еңбектері республикамыздың, көбінесе бүкіл Советтер Одағының ғылыми жұртшылығына жақсы мәлім.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, Қазақстан Халық Комиссарлары Советі, ССРО Ғылым академиясының Президиумы, әсіресе оның бұрынғы президенті Социалистік Еңбек Ері академик Владимир Леонтьевич Комаров ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалына үнемі көңіл бөліп, қамқорлық көрсетіп келеді. Академиктер И.И.Мещанинов, В.А.Обручев, И.П.Бардин, ССР Одағы Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері А.М.Панкратова, В.А.Догель, Д.В.Наливкин, С.И.Вольфкович және Совет Одағының басқа көрнекті білімпаздары Қазақ филиалына зор көмек көрсетіп отырады.

Отан соғысы жылдарында Қазақ филиалының және Қазақстандағы басқа ғылыми мекемелердің ғылыми жұмыстарын бір ізге салып өркендету, ғылыми қызметкерлерін топтастыру ісіне ССР Одағы Ғылым академиясының президенті академик В.Л. Комаров бастаған комиссиясы зор көмек көрсетті. Бұл комиссия 1941-1943 жылдарда Оралдың, Батыс Сібірдің және Қазақстанның соғыс қажетіне керекті кен байлықтарын майдан қажеті үшін комплексті жолымен пайдалану мәселелерін шешті.

Биыл Қазақстанда Қазақ ССР-ның ұлттық ғылым академиясы құрылады. Мұның өзі Қазақстанда совет үкіметі тұсында ғылымның мейлінше өркендеуінің айқын белгісі.

Өткен 25 жыл ішінде Қазақстан ғылымының негізгі табыстары қысқаша айтқанда осындай. Қазақстанның білімпаздары қол жеткен табыстарға қанағаттанбайды. Олардың алдында республикамыздың орасан мол жаратылыс байлықтарын, Қазақстандағы халықтардың рухани және заттық мәдениетін терең зерттеуге, неғұрлым жақсы пайдалануға байланысты аса маңызды көп мәселелер қойылып отыр. Өздерінің кадрларын өсіру, зерттеу жұмысын неғұрлым жақсартумен қатар, бүкіл Советтер Одағының білімпаздары сияқты Қазақстанның білімпаздары да ғылым майданында зор табыстарға жетудің күшті құралы және кілті – Ленин-Сталин ғылымының негіздерімен және идеологиясымен қаруланған.

Бүкіл совет еліндегідей, Қазақстанда да ғылымның жол көрсететін темірқазық жұлдызы – ленинизм. Ғылымның алыбы, Советтер Одағы халықтарының данышпан көсемі – Сталин жолдас көрсеткен ғылым мен тәжірибенің жарасқан бірлігі – ғылымның негізгі ұраны.

Советтік Қазақстан өзінің ғылымы мен мәдениетін өркендетудегі мұндай зор табыстарға тек ұлы орыс халқының туысқандық көмегі арқасында жетті. Бұл табыстар – Советтер Одағы халықтарының идеялық бірлігінің нәтижесі.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бергі 28 жыл ішінде қазақ халқы өзінің тарихи дамуында үздік алға басты. Бір кезде патшалы Ресейдің артта қалған отары болған Қазақстан қазір өнеркәсібі күшті, ауылшаруашылығы өркендеген Советтік Социалистік Республикаға айналды.

Толып жатқан жоғары дәрежелі, орта дәрежелі мектептер, ғылым зерттеу институттары ашылды. Мұның өзі Қазақстанда ғылымның өркендеуіне қолайлы жағдай туғызды. Өз республикасының шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге баға жетпес көп еңбек сіңірген көптеген қазақ интеллигенциясы өсіп жетілді.

ССР Одағы Ғылым Академиясының 1932 жылы ашылған Қазақ филиалы Республикамыздың Ғылым ордасы болып отыр. ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ филиалы қазіргі уақытта ғылымның неше алуан салаларының бәрін қамтитын ғылыми мекемеге айналды. Оның қарамағында 16 институт және жеті дербес секторлары бар. Бұл институттар мен секторлар ғылымның негізгі салаларының бәрін қамтиды. Оның үстіне филиалдың қарамағында Қазақ Республикасының аса маңызды облыстары мен аудандарында тұрақты ғылыми зерттеу базалары бар.

Ғылым Академиясы Қазақ филиалының өсуіне сәйкес оның ғылым жолымен зерттейтін мәселелері де үздіксіз көбеюде. Атап айтқанда, бұл мәселелер мынадай: Қазақстанның минерал байлықтарын зерттеу; Қазақстанның жер кенінің геологиялық құрылысын және пайдалы кен шығатын аса маңызды орындарды зерттеу; әртүрлі металдарды шығару, байыту және балқыту мәселелерін шешу; отқа төзімді материалдарды және аса маңызды минерал құрылыс материалдарын жасау технологиясының мәселелерін шешу; өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын сумен жабдықтау үшін Қазақстанның су қорларын зерттеу; Қазақстанның энергетика қорларын анықтап, оларды тез арада және тәртіппен пайдалану жолдарын белгілеу; Республиканың жер қорларын зерттеп, есепке алу, бұл жерлерді тәртіппен пайдалану әдістерін белгілеу; Қазақстанның өсімдіктерін зерттеп, пайдалы жабайы өсімдіктерді және шет елдерден әкелінген өсімдіктерді қолдан егу; Мал басын тез өсіру, мал тұқымын асылдандыру, мал шаруашылығының өнімін арттыру жолдарын белгілеу; Республиканың жабайы аңдарын, құстарын, балық байлығын зерттеу, ауылшаруашылық егістеріне зиянды жәндіктерді және малда болатын жұқпалы індеттерді зерттеу; айуан мен адамның физиологиясы мәселелерін, әсіресе Республиканың ауыр өнеркәсібінің денсаулыққа зиянды өндірістерінде еңбек жағдайын жақсарту мәселелерін шешу; Республикадағы әртүрлі ауру індеттердің өсуіне себеп болатын табиғи жағдайларды зерттеу және оған қарсы күрес жолдарын белгілеу; еңбекшілердің, әсіресе Отан соғысы мүгедектерінің денсаулығын жақсарту

және жұмысқа жарамдылығын арттыру мақсатымен Қазақстанның курортты орындарын және басқа да сондай жаратылыс күштерін неғұрлым жақсы пайдалану мәселелерін шешу және тағы басқалары.

1944 жылы филиалдың ғылыми зерттеу мекемелерінде 150-ден аса маңызды ғылыми тақырыптар қаралды, 1945 жылы 285-тей ғылыми тақырып зерттелді.

Соғыс жылдарында филиалдың экспедиция отрядтары ерекше көбейтілді. 1941 жылы 32 экспедиция отряды шығарылса, 1944 жылы 102 отряд шығарылды. 1945 жылы Қазақстанның әр жерінде 94 экспедиция жұмыс істейді. Соғыс жылдарында (1941-1945 жылдарда) филиал 350-ден аса экспедиция ұйымдастырды. Бұл экспедициялар Республикамыздың соғыс қажетіне асатын қорларын анықтауға және оларды отан қорғау қажетіне пайдалануға зор көмек көрсетті. 1945 жылы филиалдың ғылыми жұмыстарының көлемі 1941 жылғыдан 6,4 есе артты.

ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалы өзінің ғылыми зерттеулерінің жұмыстарының нәтижесінде соғыс жылдарында одақтық және Қазақстанның үкімет орындарымен халық комиссариаттарынан 160-тан аса пайдалы ұсыныс тапсырды. Қазақстанның майданға көмегін күшеюінде бұл ұсыныстардың зор маңызы болды.

ССР Одағы Ғылым Академиясы Қазақ филиалының соғысқа дейін 276 қызметкері болса, қазір қызметкерлердің саны 1000-ға жетті. Олардың ішінде 5 академик және ССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттері, 60 ғылым докторлары мен профессорлары, 140-тан аса ғылым кандидаттары мен доценттер бар. Соғыс жылдарында 63 ғылыми қызметкері, оның ішінде 25 қазақ қызметкері доктор немесе кандидаты дәрежесін алуға диссертация қорғады. Қазіргі уақытта 54 аспирант, оның ішінде 24 қазақ ғылым докторы дәрежесін алуға 186 адам, оның ішінде жартыға жуығы қазақ қызметкерлері ғылым кандидаты дәрежесін алуға диссертация даярлауда.

Филиалдың ғылым коллективінде жүздеген қазақ жас білімпаздары жұмыс істейді. Олардың ішінде көптеген ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлары мен доценттері бар. Бұлар қазірдің өзінде ғылымға көп еңбек сіңірді. Тіл ғылымдарының докторлары Исмет Кеңесбайұлы мен Нығмет Сауранбайұлының тіл зерттеу жөніндегі еңбектері, көркемөнер зерттеу ғылымдарының докторы Ахмет Жұбанұлының қазақ музыкасының тарихы жөніндегі еңбектері, биология ғылымдарының докторы Кәрім Мыңбайұлының каучукты өсімдіктер жөніндегі еңбектері, химия ғылымдарының докторы Әбікен Бектұрұлының фосфорлы тыңайтқыштар химиясы жөніндегі еңбектері, Қазақ ССР-на еңбек сіңірген ғылым қайраткері Рамазан Баруқайұлының кен шығатын жерлер геологиясы жөніндегі еңбектері, Қазақ филиалының докторанттары, ғылым кандидаттары Өмірбек Оспанұлының шөл даланы зерттеу жөніндегі, Ақжан Машанұлының геология құрылысы жөніндегі, Натай Кенесарыұлының жерасты суларын зерттеу жөніндегі,

Ғани Жүнісұлының гидрология жөніндегі, Қазыкен Жандаркеұлының мал шаруашылығының биологиялық мәселелері жөніндегі, Наила Базанқызының және Гүлбаһрам Тарабайқызының физиология, медицина мәселелері жөніндегі еңбектері және басқа көптеген қазақ білімпаздарының еңбектері Республикамыздың, ішінара бүкіл Советтер одағының білімпаздары жұртшылығына толық мәлім болды.

Биыл Қазақ Республикасының 25 жылдығында, заманымызға және халқымызға лайықты Қазақ ССР Ғылым Академиясының ашылуы – Қазақстанда ғылым өркендеп, өскендігінің айқын белгісі.

Бірақ Қазақстанның білімпаздары өз жұмысындағы бұл табыстарға тіпті қанағаттанбайды. Республикамыздың неше алуан және орасан мол жаратылыс байлықтарын және халқымыздың рухани, азаттық мәдениетін терең зерттеп тәртіппен пайдалануға байланысты аса маңызды ғылыми мәселелер алдымызда әлі де көп. Бүкіл Советтер одағы сияқты, Қазақстанның да білімпаздары ғылымның барлық салаларында табыстан табысқа жеткізетін жеңімпаз қаруымыз – Ленин, Сталиннің ұлы ғылымының негіздері мен әдістерін ойдағыдай меңгеруде.

СӘТБАЕВ ЖОЛДАСТЫҢ СӨЗІ (ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖОЛДАС САЙЛАУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ)

– Қымбатты сайлаушы жолдастар! Сіздердің маған білдірген зор сенімдеріңіз үшін шын көңіліммен үлкен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. Сіздер мені ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынған екенсіздер. Сіздердің бұл сенімдеріңізді өзімнің келешектегі тәжірибелі жұмыстарыммен ақтау үшін барлық күшімді, білімімді жұмсаймын!

Жолдастар! Қазақ халқы ұлы большевиктер партиясы мен оның көсемдері Лениннің, Сталиннің басшылығы арқасында және ұлы орыс халқының көмегі арқасында осы 25 жылдың ішінде даңқты тарихи жолдарды өтіп отыр. Осы аз уақыттың ішінде халқымыз өсу жолында алып адыммен ілгері басты, соның арқасында қазақ даласы мүлдем өзгерді. Совет өкіметі халық шаруашылығының мейлінше шапшаң өсуін, мәдениетінің ойдағыдай болып жоғары көтерілуін қамтамасыз етті. Қазақстан Ресей патшасы тұсындағы езілген, қараңғы, көшпелі, бытыраңқы, мешеу елден индустриялы және машинеленген ауыл шаруашылығы басым одақтас алдыңғы қатарлы республикалардың біріне айналды. Бұл табыстарға біз данышпан лениндік- сталиндік ұлт саясаты арқасында, досымыз және ұстазымыз Сталин жолдастың қажымай-талмай көңіл бөліп, қамқорлық етіп отыруының арқасында жеттік.

1941 жылы біздің елімізге фашистік Германия опасыздықпен басып кірді.

Совет адамдары Сталин жолдастың шақыруымен бір кісідей болып өзінің сүйікті Отанын қорғауға аттанды. Сталин жолдастың есімі біздің жеңісіміздің туы болды, бұл туға әрбір жұмысшы, колхозшы және Қызыл Армияның әрбір жауынгері толық сенді, олар Сталин жолдастың басшылығы арқасында совет халқы қайтсе де жеңіп шығады деп сенген. Міне, біз шынында да жеңіп шығып отырмыз.

Қазір, еліміз бейбітшілік құрылыс кезеңіне кірісіп отырғанда, Сталин жолдас бізді соғыстан түскен жарақатты неғұрлым тез жазу ісіне, соғыс кезінде тоқтап қалған құрылыс жұмысын өрістетуге шақырып отыр.

Бұл міндет бізден, барлығымыздан күшті еңбек жұмсауымызды талап етеді.

Совет халқы қазір сайлау күніне, тарихи үлкен мейрам күніне әзірленуде. Советтер Одағының барлық түпкірлерінде кандидаттар ұсынған уақытта, халық ең бірінші кандидат етіп сүйікті көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жолдастың есімін атады. Өйткені Ұлы Отан соғысының барлық майдандарындағы жеңістеріміз Сталин жолдастың есімімен байланысты. Сол сияқты, социалистік құрылыс майданындағы барлық табыстарымыз да Сталин жолдастың есімімен байланысты.

Сондықтан біз большевиктер партиясының төңірегіне, туысқан совет үкіметінің төңірегіне және көсеміміз, ұстазымыз Сталин жолдастың төңірегіне бұрынғыдан да берік, бұрынғыдан да тығыз топтала отырып, оның басшылығымен социализмнің жаңа табыстарына жете берейік!

ЖАҢААРҚА АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРЫ ҚАНЫШПЕН КЕЗДЕСТІ

Қымбатты сайлаушылар, Еліміз Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап, бейбітшілік даму дәуіріне кірісті. Еліміздің жоғарғы өкімет орнын сайлау болғалы отыр. ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы еліміздің түпкір-түпкірлерінде қызу жүргізіліп, халқымыздың белсенділік көрсетуімен өткізілуде.

Біздің социалистік елдің сайлау заңы капиталистік елдердегі сайлау заңынан мүлде басқаша. Біздің елде өкімет билігі халықтың өз қолында, халық сайлап қойған еңбекшілер депутаттарының қолында болатын болса, капиталистік елдерде өкімет билігі ат төбеліндей аз адамдардың – байлар мен шонжарлардың қолында. Бұл айырмашылықтың өзі, әрине, біздің елде мемлекет құрылысының капиталистік елдерден басқаша екендігін көрсетеді. Біздің елімізде әрбір азамат өзінің елі үшін, Отаны үшін сіңірген еңбегімен бағаланады. Советтер Одағында, кемеңгер Сталин айтқандай, еңбек абырой әперетін, даңқ шығаратын, батыр атандыратын іске айналды. Отаны үшін, халық үшін аянбай еңбек етіп даңққа ие болған адамдарды бүкіл халқымыз құрметтейді.

Мен, Отан үшін сіңірген еңбегімді зор бағалап, мені ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынған сіздерге, әсіресе «Атасу» колхозының колхозшыларына шын жүрегімнен алғыс айтамын. Менің өмірім, Ұлы октябрь революциясының жеңуі нәтижесінде терезесі тең елге айналған, күн сәулелі қазақ республикасының көркеюінің куәсі.

Құрметті сайлаушылар, мен, маған үлкен сенім білдіргендеріңізге алғыс айтумен қатар, сіздерді сайлау күніне шаруашылықты өркендетудегі – көктем егісіне үлгілі дайындалудағы, малдың қысқы күтімін жақсартудағы жаңа табыстармен баруға шақырамын.

ҒЫЛЫМИ МӘЖІЛІС

Жақында, ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Филиалы ғылыми кеңесінің Қазақ ССР Ғылым Академиясының құрылуына дайындалу жөнінде алғашқы ғылыми кеңес өтті. Мәжіліске астанадағы ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлері қатысты.

Ғылыми мәжілісте ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Филиалы Президиумының председателі Қаныш Сәтбаев жолдас «Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүшелігіне кандидаттар ұсыну тәртібі туралы» баяндама жасады.

– Республикамызда, – деді Сәтбаев жолдас, – Ғылым Академиясы құрылуы тарихи маңызы зор, саяси оқиға болып табылады. Бұрын артта қалған Қазақстан Ленин–Сталин партиясының туысқандық көмегімен ауқатты, мәдениетті, шаруашылығы мен ғылымы бірдей өркендеген, алдыңғы қатарлы елге айналды. Ғылыми институттар және ғылыми мекемелердің өсуімен қатар, ғылым кадрлары, оның ішінде, ұлт кадрлары өсті. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында филиалдың ғылым қызметкерлерінің саны едәуір артты.

Бұдан кейін Сәтбаев жолдас республикамызда әлі меңгерілмей жатқан, зерттеуді, жаңадан ашуды керек етіп отырған кен байлықтары көп екенін айтты. Осыны іске асыруда жаңа құрылғалы отырған Ғылым Академиясының маңызы зор. Сонымен қатар, Сәтбаев жолдас Академияның ашылуына байланысты алда тұрған нақты міндеттерді талдап айтып берді.

Баяндамадан кейін жарыс сөзге Филиалдың жанындағы партия ұйымының секретарі Рушанов, Қазақ ССР-нің Ғылымға еңбегі сіңген қайраткерлері Тихов, Геряев және филология ғылымдарының кандидаты Марғұлан жолдастар шығып сөйледі. Олар Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүшелігіне совет ғылымының көрнекті қайраткерлері, профессорлар мен ғылым докторлары ұсынылатынын айтты. Геология ғылымының докторы Колеколов жолдас Қазақ ССР Ғылым Академиясының Сталиндік төртінші бесжылдықтың басталуы қарсаңында ашылайын деп отырғанын айта келіп, елімізге металды, көмірді, мұнайды көп беру жөніндегі сталиндік тапсырманың ойдағыдай орындалуда жаңа ашылғалы отырған Ғылым Академиясына, Қазақстанның ғылым қайраткерлеріне үлкен міндет жүктелетініне тоқтады.

ССР ОДАҒЫ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының және халықтардың ұлы көсемі Сталин жолдастың данышпандық басшылығымен, ұлы орыс халқының жәрдемі арқасында ССР Одағы халықтарының өз экономикасы мен мәдениетін өркендету жолында жеткен аса ұлы табыстары Советтер Одағы халықтарының мызғымас берік достығының құрыштай берік моральдық-саяси бірлігінің негізі болды.

Қазақ халқы Ұлы Октябрь Социалистік Революциясынан бергі 28 жылдың ішінде өзінің тарихи дамуында орасан үлкен жолдан өтті. Өте мөте мешеу жатқан, жартылай отар болған Қазақстан қазіргі уақытта өркендеген өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы бар Советтік Социалистік Республикаға айналды.

Өз Отанының мүддесіне, Ленин-Сталин партиясының ұлы идеясына жан-тәнімен берілген, өз елінің экономикасы мен мәдениеті өркендету ісіне баға жеткісіз үлес қосып отырған қазақ интеллигенциясының кадрлары өсіп жетілді. Жоғары дәрежелі және орта дәрежелі оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының құрылуы Қазақстанда ғылымның гүлденіп көркеюіне жағдай туғызды. Республикада аса ірі ғылым орталығы – ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ филиалы болды.

ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Республикасындағы базасы 1932 жылғы март айында құрылды. 1938 жылы ол ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Филиалы болып қайта құрылды. Ғылым Академиясы Қазақ Филиалының ғылыми-зерттеу жұмыстары әсіресе, Отан соғысы жылдарында мықтап өркендеді.

Қазіргі уақытта ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Филиалы ғылымның барлық негізгі тарауларын дерлік қамтып отырған аса ірі ғылыми-зерттеу мекемесіне айналды. Филиал қазір 16 ғылыми-зерттеу институтының жұмысын біріктіріп отыр. Республиканың маңызды-маңызды аудандарында филиалдың көптеген тұрақты ғылыми-зерттеу тірек базалары бар.

Филиалдың ғылыми-зерттеу жұмыстары үздіксіз кеңейіп, көлемі артып отырды. 1944 жылы филиалдың ғылыми зерттеу мекемелерінде 150-ден астам өте маңызды ғылыми тақырыптар шешілді. 1945 жылы ғылыми-зерттеу жолымен шешілетін ғылыми тақырыптар 285-ке жетті.

Филиалдың көшпелі экспедиция отрядтарының саны соғыс жылдарында өте көбейді. 1941 жылы 32 болған болса, 1944 жылы экспедиция отрядтарының саны 102-ге жетті. 1945 жылы 94 экспедиция отряды жұмыс істеді. Соғыс жылдарының ішінде (1941–1945) филиал 350-ден аса экспедиция отрядтарын құрды, ол отрядтарының жұмысы республиканың стратегиялық қорларын табу ісінде және ол қорларды елдің отан қорғау мүдделеріне жұмсау ісінде үлкен көмек көрсетті. Филиалдың

ғылыми жұмыстарының жалпы көлемі 1941 жылғы дәрежесімен салыстырғанда, 1945 жылы 6,4 есе артты.

ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ филиалы соғыс жылдарында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Одақтық және Қазақстанның үкімет орындары мен халық комиссариаттарына зерттеп шешілген 160-тан астам ұсыныс енгізді. Майданға көмектесу ісінде бұл ұсыныстар бағалы орын алды.

1942 жылдың басында Филиал Қарағандыда металлургия заводын салу туралы мәселені шешіп, үкімет орындарының алдына қойды. Бұл завод Қазақстанда қара металлургияның болашақтағы ірі комбинатының бірінші буыны болмақ. Қазіргі уақытта бұл завод республикамызда жұмыс істеп жатқан кәсіп орындарының қатарына қосылды.

Орталық Қазақстан көлемінде мыс пен қорғасын шығатын кендер жете тексерілді, алдымен пайдалануға тапсырылатын бай кендердің учаскелері анықталды. Соның ішінде әр түрлі стратегиялық металдардың он-ондаған кендері табылды, мысалы, Орталық Қазақстанда никельдің, марганецтің кендері, сол Орталық Қазақстанда және Алтайда, молибден, вольфрам кендері, Солтүстік Қазақстанда сынап кендері анықталды. Филиал Оңтүстік Қазақстанда ССР Одағындағы аса ірі ванадий кендерін ашып, алдын ала зерттеді. Осы кеннің рудалары негізінде қазір ССР Одағындағы тұңғыш ірі ферро-ванадий заводы салынбақшы болып отыр.

Солтүстік-Шығыс Қазақстан жерінде таскөмір кендерін зерттеу жөніндегі материалдар жинақталып, ғылыми жағынан қорытылды. Бұл таскөмір кендерінде республикадағы аса бағалы отынның барлық запастарының 90 проценті бар. Осы күнде өте ірі Орал, Эмба, көмір бассейні болып қалыптасып отырған Батыс Қазақстандағы қоңыр көмір кендері де зерттеліп материалдары қорытылды. Солтүстік Қазақстанда шымтезек шығатын орындар зерттелді. Сонымен, 1943 жылдан бастап жергілікті қажеттік үшін шымтезек өндіру жұмысы басталды. Қазақстанның астанасы Алматы қаласы үшін отын базасы ретінде Келтемашат көмір кендерін тез игеру мәселесінде Филиалдың бастаған жұмысы қазір іс жүзіне асырылып отыр. Түркістан – Сібір теміржолдарының соғыс жылдарында салынған жаңа тармақтары бойынша Келтемашат көмірі қазірдің өзінде-ақ Оңтүстік Қазақстанның аудандарына, Алматы қаласына да жеткізіліп жатыр.

Соғыс кезінде жасалып болған Орталық Қазақстанның кен құрылысы картасының зор маңызы бар. Мұнан басқа Орталық Қазақстанның егжей-тегжейлі кен құрылысының картасы жасалды. Бұл карталар бойынша, республикамыздың әр түрлі кендері мол, ұлан байтақ ауданында көмір, әртүрлі металл кендерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Сол сияқты Қазақстанның келешекте көмір шығатын жерлерінің картасы жасалып бітуге жақындады. Қазақстанда көмір кенін зерттеу жұмыстарын бағыттап отыру үшін бұл картада зор маңыз бар.

Филиалдың жер қыртысын зерттеушілері Қазақстанның 16 облысының жер картасын жасап болды. Бұл карта республикамыздың жер қорларын есепке алуға және бағалауға маңызды ғылыми негіз болады. Жезқазған индустрия торабының ірі өнеркәсіп орындарын гүлдендіру және жеміс-өмешік базасын жасау үшін Орталық Қазақстанның шөлейт сортаң жерлерін пайдалану әдістері белгіленді. Қазіргі уақытта мұнда картоп пен өмешік егетін үлкен шаруашылықтар құрылды.

Филиалдың ботаниктері республикамыздың өсімдік байлығын зерттеу жөнінде көп жұмыс істеді. Мұның өзі соғыс кезінде аса маңызды жабайы өсімдіктерді – бояуды, каучукті, витаминді және басқа сондай өсімдіктерді өнеркәсіпте пайдалануға мүмкіншілік берді. Республикамыздың оңтүстік аудандарында шай ағашын егу жұмыстары жүргізілуде.

Көп жылғы селекция жұмыстары нәтижесінде Филиалдың генетиктері қазіргі уақытта арқарды меринос қоймен будандастыру жолымен жаңа және асыл тұқымды меринос қойын жетілдірді. Бұл жаңа тұқымды қой жүндес және етті келеді, оның үстіне тау арасында жыл бойы жайып бағуға бейімделген. Жаңа тұқымды жүздеген қойлар қазірдің өзінде өсіріп сынау үшін, Оңтүстік Қазақстанның таудағы колхоздарына тапсырылды.

Соғыс кезінде Филиал республикамыздың совхоздары мен колхоздарында қойлардың көп төл беруіне жағдай туғызу әдісін кеңінен қолданды. Осы әдісті шығарған академик Завадовскийдің тікелей басшылығымен жүргізілген бұл жұмыстың нәтижесінде қой малының өскелеңдігі артты.

Филиалдың технологтары отқа жанбайтын жергілікті шикі заттарды Қарағанды металлургия заводының қажетіне жарату жолдарын анықтады. Қаратау фосфоритінен термофосфат деп аталатын жаңа тыңайтқыш шығару әдістері белгіленді. Мыс айыру үшін Қазақстанның түсті металл заводтарында пайдаланылған күкірт газдарын қажетке асыру жолдары белгіленді. Қазақстанның кен шығатын маңызды орындарында жанар сланец, торфтың, көмірдің технологиялық сыйпаттары зерттелді.

ССР Одағы Ғылым Академиясы Қазақ Филиалында соғыстан бұрын 276 қызметкер болса, қазір 1065 қызметкер бар. Филиалда 5 академик және ССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, 62 ғылым докторы мен профессор, 150-ден аса ғылым кандидаты мен доценттер жұмыс істейді. Соғыс кезінде филиалдың 63 ғылыми қызметкері, оның ішінде 27 қазақ қызметкері ғылым докторы немесе кандидаты атағын алуға диссертация қорғады. Қазіргі уақытта 54 аспирант, оның ішінде 35 қазақ ғылым докторы атағына диссертация даярлауда, 186 адам (тең жартысы қазақ) ғылым кандидаты атағын алуға диссертация даярлауда.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі, сол сияқты, ССР Ғылым Академиясының президиумы, әсіресе,

оның бұрынғы президенті, Социалистік Еңбек Ері академик Владимир Леонтьевич Комаров ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Филиалына үнемі көңіл бөліп, қамқорлық көрсетіп келді және қамқорлық көрсетуде. Академиктер И.И.Мещанинов, В.А.Обручев, И.П.Бардин, ССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттері: А.М.Панкратова, В.А.Догель, Д.В.Наливкин, С.И.Вольфкович және Советтер Одағының басқа көрнекті білімпаздары Филиалға зор көмек көрсетіп отырды.

ССР Одағы Ғылым Академиясы Қазақ Филиалының және Қазақстанның басқа ғылыми мекемелерінің ғылыми жұмыстарының және кадрларының өсуіне, топталуына Отан соғысы кезінде Қазақстанда жұмыс істеген Советтер Одағының өте көрнекті білімпаздары зор көмек көрсетті.

ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақ Филиалын Қазақ ССР Ғылым Академиясына айналдыру туралы үкімет пен партияның қарары Қазақ филиалының табыстарының айқын белгісі және Қазақстан білімпаздарының қажырлы, ардақты еңбегін зор бағалағандықтың белгісі.

ССР Одағы Ғылым Академиясы Қазақ Филиалының, ал келешекте Қазақ ССР Ғылым Академиясының ғылым қызметкерлері қол жеткен табыстарына тоқмейілісіп қалмайды. Олар Қазақстанның ғылымы мен мәдениетін өркендету, республикамыздың неше алуан әсем табиғаты мен мәдениетін кеңінен және тереңінен зерттеу, Қазақстанның ұшан теңіз байлықтарын социалистік ұлы Отанымыздың халық шаруашылығын неғұрлым тез қалпына келтіріп, онан әрі өркендету жолында пайдалану мәселелерін шешу жолында келешекте де қажырлылықпен еңбек етеді.

КӨРКЕЙГЕН ҒЫЛЫМ

ССР Одағы халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің 1946–1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары совет ғалымдарының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Жоспарда көрсетілген түрлі жаңа өнеркәсіп орындары, теміржолдар, совхоздар, МТСтар, электр станциялары сияқты құрылыстардың көңілдегідей салынып бітуі, біткеннен кейін үздіксіз жұмыс атқаруы негізінен ғылым-техника қайраткерлерінің басшылығын, көмегін керек етеді.

Сталиндік жаңа бесжылдық жоспар бойынша елімізде істелетін жұмыстардың көлеміне қарағанда Қазақстан Советтер Одағында үшінші орын алып отыр. 1950 жылы Қазақстандағы өндіріс орындарының өнімі 1940 жылғы көлемінен екі жарым есе артпақ, оның ішінде көмір өндіру 134 процент, мұнай шығару 75 процент артуға тиіс. Сол сияқты, мыс өндірісі 2,6 есе, қорғасын өндірісі үш есеге жуық өспек. Республика шаруашылығының мұнан да ілгері дамуына негіз болатын қара металлургия, шойын, болат балқытатын, рельс, сым, табақ темір шығаратын үлкен заводтар салына бастамақ. Жаңа бесжылдықта Қазақстанда күрделі химия өнеркәсібі, машина жасайтын заводтар салынып, іске қосылмақ. Мойынты–Шу сияқты Қазақстанның оңы мен солын қосатын маңызды теміржолдар салынбақ. 1950 жылы республикамызда малдың саны 25 миллионнан артпақ. Егіс көлемі 7,3 миллион гектарға жететін болады. Міне, бұл күрделі міндеттерді іске асыру жолында жұмысшылар мен колхозшылар ғылым қайраткерлерімен тізе қосып, жұмыс істеулері қажет болады.

Республикамыздың ғылымы мен озат техникасының қара шаңырағы болатын – Қазақстанның Ғылым Академиясы төртінші бесжылдықта істейтін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ең алдымен, осы міндеттерге бағындырмақ. Академияның геология, кен шығару, кен балқыту, энергетика, химия институттары сияқты орындары өздерінің барлық жұмысын бесжылдық жоспарда белгіленген ғылыми-техникалық шараларды орындауға негіздеп отыр. Бұған алдымен Қарағанды, Екібастұз көмір ошақтары, кенді Алтай, Жезқазған, Балқаш сияқты түсті металл кендері, Атасу, Қарсақпай, Жезді, Аят сияқты темір, марганец металдарының кендері және олардың осылардай күрделі кен ордалары кіреді. Жердің топырағын, өсімдігін, жәндіктерін зерттейтін институттар мен мал шаруашылығын, медицина ғылымдарын зерттейтін институттар өздерінің жұмыстарында егін, мал шаруашылықтарының өнімін арттыру, республика шаруашылығына пайдалы жаңа өсімдіктер тектерін енгізу, өндірістегі жұмысшылардың денсаулық сақтау істерін нығайту жолдарын, шөл жерлерде салынған және салынатын завод, өндіріс орындарының жанынан су, астық базаларын тауып, іске қосу жолдарын және осы сияқты маңызды мақсаттарды көздеп отыр. Тіл, әдебиет, тарих, көркемөнер, экономика, заң жүйелері сияқты мәселелерді зерттейтін

институттар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын қазақ халқының және Қазақстандағы ұйғыр, дүнген халықтарының әдебиет, тіл, тарих мұраларын зерттеуге, оларды түрі ұлттық мазмұны социалистік жолмен ілгері дамыту мақсатына негіздеп отыр.

Алға қойылған мақсаттарға жету жолында Қазақстанның Академиясы өзінің институттарының санын, сапасын, ғылыми қызметкерлерін күшейтумен қатар, жаңа бесжылдықта Қазақстанның ірі облыстары мен аудандарында өздерінің тұрақты бөлімдерін (филиал, базаларын) ашып, олар арқылы инженер, агроном, дәрігер, мұғалімдер сияқты жергілікті интеллигенция қайраткерлерін ғылым академиясы жүргізетін зерттеу жұмыстарына тартпақшы, баулымақшы. Олардың ішінен шығатын талапты ғылым қайраткерлерін өзінің негізгі ғылыми институттарына жұмысқа шақырып, ғылым жолында өсуіне көмек көрсетпек.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын халық шаруашылығына басшы және көмекші етумен бірге, Қазақстанның Ғылым Академиясы терең теория ғылымдарына да кең жол беріп, бүкіл Одақ көлеміндегі зерттеу бәйгесінде Қазақстан ғылымының ілгергі дәрежелі орын алуын мақсат етпек. Бұл үшін Қазақстанның ғылыми қызметкерлері Бүкіл Одақтық Ғылым Академиясымен байланысын мұнан да гөрі күшейтіп, атақты ғалымдардан үзбей үлгі өнеге алып отырулары керек.

Осы жылдың июнінде Қазақстанның Ғылым Академиясы ашылмақ. Оған негіз болатын Одақтық Ғылым Академиясының қазақ филиалы қазіргі кезде республикадағы күшті ғылым кіндігі болып отыр. Қазір қазақ филиалында 16 ғылыми зерттеу институты, олардың көлемінде жүзден артық лаборатория, музей, база сияқты ғылыми орындар бар. Бұларда 1600-дей адам қызмет істейді. Мұның көбі қазақ ғылым қызметкерлері. Өткен заманда Қазақтан ғылым дәрежесіне ие болған бір адам жоқ еді. Қазірде коммунист партиясының, совет өкіметінің басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының ғалымдарының көмегі арқасында қазақтың ондаған ғылым докторлары, жүздеген ғылым кандидаттары шығып, жемісті еңбек етуде. Жақсы өсіп келе жатқан көптеген жас ғалымдарымыз бар. Олардың саны мен сапасы үнемі артып отырмақ.

Одақтық өкіметтің ұйғаруы бойынша, Алматы қаласында биылдан бастап Қазақстанның ғылым академиясына арналған ғылыми институттардың үйлері салынады. Мұның бәрі де республикадағы ғылыми жұмыстардың маңызы келешекте де өршіп, өсіп отыруына дәлел. Қазақстан ғалымдары мұнан былай да өздерінің бар күшін, бар білімін сүйікті Отанының күш-қуаты артып, көркейе беруіне жұмсайды.

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Балалар, 1946 жылдың бірінші июнь күні қазақ халқының тарихынан ерекше орын алатын күн болып қалады. Бұл күні сүйікті астанамыз Алматы қаласында тұңғыш Қазақ Ғылым академиясы құрылды. Июннің бірінен жетісіне дейін Қазақ Ғылым академиясының 1 құрылтай сессиясы болып өтті.

Ғылым академиясы дегеніміз не?

Біздің заманымызға дейінгі дәуірдің IV ғасырының соңғы кезінде ескі Грек елінде Платон деген атақты оқымысты болған. Оның түрлі ғылымдарды зерттеп дамытатын өз алдына мектебі болған, сол мектебін «академия» деп атаған. Содан бері «академия» деген сөз жержүзіне тарап, ғылыми мекемелерді, кейбір жоғары дәрежелі оқу орындарын «академия» деп атайтын болып кеткен. Бірте-бірте «академия» деген сөз кең ұғымға ие болды. Мәдениеті өсіп-өркендеген Европа елдерінің бірталайында XVI-XVII ғасырларда ғылымның барлық тарауларын қамтитын олардың басын қосып, дамуына жол сілтеп отыратын ғылым ордалары – ғылым академиялары ашылды. Ресейде Ғылым академиясы бірінші Петр патшаның тұсында, 1725 жылы ұйымдастырылды.

Академияны басқаруға ғалымдардан президент, вице-президент (президенттің орынбасары) сайланады. Ғылым академиясының толық мүшелері, құрметті мүшелері, корреспондент мүшелері болады.

Совет үкіметі тұсында одақтық ұлт республикаларында да өз алдына академия, немесе академияның филиалдары (бөлімшелері) ұйымдас-тырылды. Соның бірі болып 1932 жылы Қазақстанда Одақтық Ғылым академиясының филиалы құрылды.

Ұлы орыс халқы, орыс ғалымдарының туысқандық көмегінің арқасында, Ғылым академиясының Қазақ филиалы өзінің дара Ғылым академиясы болып құрылу мерекесіне зор табыстармен келді. Қазір Қазақ Ғылым академиясының 75 ғылым докторы мен профессоры, 188 ғылым кандидаты мен доценті, 187 аспиранты бар. Бұлардың көбі қазақ халқынан шыққан оқымыстылар.

Ғылым академиясының Қазақ филиалының Қазақ Ғылым академиясына айналдырылуы оның атын өзгерткендік емес. Бұл – Қазақстанда ғылымның сапасы жағынан ерекше алға басқандығы.

Балалар, бұл жаңа Академия – болашақтағы ғылым иесі сендердің академияларың. Сендер ғылымға жан-тәндеріңмен беріліп, өздеріңді ғылым адамы болуға бейімдей беруге тиіссіңдер. Өлке байлығын тексерудегі, ауа райын бақылаудағы, түрлі модельдер жасаудағы, ән-күй үйренудегі сендердің ұшқыр ақылдарың ғылымға көп пайда келтіреді. Адам қандай ғылым, қандай өнердің болса да қайраткері болу үшін, оған жастайынан бой ұрып, машықтануы тиіс.

ҚАЗАҚСТАН ПИОНЕРІНЕ

«Қазақстан пионері» газетінің қайта шығуымен байланысты оның жас тілшілері мен оқушылары – сіздерді шын көңіліммен құттықтаймын!

Сіздерде ғылым иесі болуды ойлайтындар аз емес, Сіздер жақсы қасиеттің барлығын да жастайыңыздан бойларыңызға сіңіріп, Отанымыз үшін, бақытты халқымыз үшін, коммунизм ісі үшін ержетіп, өсуді тілейсіздер. Осындай үлкен іске әзірленуде «Қазақстан пионері» көп еңбек сіңіріп, үнемі кеңесші болып отырады деп сенемін.

ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАЙЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Советтер Одағының барлық халықтарымен бірдей, қазақ халқы совет өкіметі орнағаннан бергі жылдардың ішінде өзінің тарихи дамуы жолында зор табыстарға жетті. Қазақстан өте-мөте мешеу жатқан отар өлкеден, осы күнде ауыр өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өркендеген Одақтас Советтік Социалистік Республикаға айналды.

Қазақстан жерінде көмір өндіру жағынан бүкіл Одағымызда үшінші орын алатын Қарағанды, ССР Одағы мен Европада бірінші орын алатын Балқаш мыс заводы мен Шымкенттің қорғасын заводы салынды. Мұнай, түсті металл, сирек кездесетін металл, алтын, ферросплав өндіретін ірі өнеркәсіп жаңадан құрылды.

Қазақстан Советтер Одағының Шығыстағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналды, ауыл шаруашылығы өркендеп, механикаландырылған елге айналды, қазіргі уақытта біздің республикамызда мақта, қант қызылшасы, каучук сықылды техникалық егістер өте-мөте үлкен орын алып отыр.

Көптеп мектеп салынуы, орта, жоғары дәрежелі оқу орындарының ашылуы, ғылыми зерттеу институттарының құрылуы Қазақстанда ғылымның мықтап өркендеуіне қолайлы жағдай туғызды. Өз Отанының мүдделеріне, Ленин-Сталин партиясының ұлы идеяларына жан-тәнімен берілген сан мың қазақ интеллигенттері өсіп жетілді.

Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті көркейіп өркендеді.

Көркейген қазақ халқы Советтер Одағының туысқан халықтарының достық семьясында қазірдің өзінде-ақ лайықты орын алып отыр.

180 жылдан астам уақыт қазақ халқы патшашылдықтың тепкісінде езіліп келді. Қазақтардың тарихи тіршілігіндегі осындай қиын кезеңінде, Ресей империясындағы отар халықтардың басына түскен сондай қиын дәуірге ұшыраған кезеңінде, бір-біріне қарама-қарсы екі жағдайдың ықпалы болды: біріншісі, патшашылдықтың әскери-отаршыл кертартпа саясаты еді де, екіншісі ілгері бастаушы, мәдениетті өркендеу жолына бастаған орыс халқының еңбекші бұқарасы мен ілгері бастаушы-демократияшыл интеллигенттерінің өкілдері еді. Патшашылдықтың және жергілікті сұлтандар мен байлардың екі жақтан бірдей езушілігін көрген қазақ халқы, орыс халқының ілгері бастайтын азаматтарының игілікті ықпалымен қазақ халқының алдыңғы қатарлы адал ұлдары сол қара түнек заманда Европаның ұлы мәдениетінің арналарынан сусын алды. Мұны біз қазақ халқының асқан ғалымдары – қазақтың бірінші оқымыстысы Шоқан Уәлихановтың, қазақ әдебиетінің негізін салған Абай Құнанбаевтың, көрнекті педагог, ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің тіршілігі мен өнегесінің айқын үлгілерінен көреміз.

Социалистік Ұлы Октябрь революциясы ғана, оның халықтар бостандығын орнату деген жалпы адамзатқа ортақ мүдделерді алға қоюы, халықтардың өз билігін өзіне беру, халықтар достығын орнату мүдделері ғана Советтер Одағы халықтарының, соның ішінде қазақ халқының тарихи өркендеуінде өнегелі бір үлкен жаңа үлес болып қосылды.

Біздің елімізде ғылымның өркендеуі халық шаруашылығын жалпы өркендетумен, еліміздің бүкіл мемлекеттік тіршілігінің өрлеуімен тығыз байланысты. Елді индустрияландыру мәселелері, алдыңғы қатарлы агротехниканы өркендету, деревняны машиналандыру және коллективтендіру негізінде қайта құру мәселелері, еліміздің тіршілігіндегі осы сияқты толып жатқан күрделі істер ғылымға байланысты негізгі мәселелер болып, ғылым негізінде шешілді. Біздің елімізде озат ғылымның социалистік құрылыстары негізгі мәселелермен тығыз байланысуы керек деген пікірді ұлы кемеңгер Ленин 1918 жылы айтқан болатын. РСФСР-да ғылыми-техникалық жұмыстардың жоспарының данышпандық жобаларын белгілеуде, ол елді экономика жағынан өркендету жөніндегі зор жұмыстарда ғылымның көрнекті қызмет атқаратындығын атап көрсеткен болатын.

Біздің Қазақстанда да ғылым совет дәуірінде қарыштап өркендеді. Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақтардың сауаттылары екі проценттен артық емес еді. Тарихи жағынан алып қарағанда қысқа мерзім ішінде, 28 жылда, Қазақстан Советтер Одағының басқа республикаларымен қатар, шынында да зор мәдениет революциясын жасады.

Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бір ғана ғылыми мекеме кәсіпшілікпен өмір сүрген болса, яғни Семейде императорлық географиялық қоғамының бөлімшесі болған болса, қазіргі уақытта біздің республикамызда ғылыми мекемелер он-ондап саналады.

Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелерінің арасында ССР Одағының Ғылым академиясының Қазақ филиалы көрнекті орын алады. Филиал 1932 жылы ұйымдастырылды. Бұдан 14 жыл бұрын ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақстандағы ұясы өзінің жұмысын бастаған кезде ботаника, зоология секторлары ғана болған болса, қазіргі уақытта ССР Одағының Ғылым академиясының Қазақ филиалының қарамағында 16 ғылыми-зерттеу институты, 7 секторы бар, бұл институттар мен секторлар ғылымның барлық негізгі тарауларын қамтиды.

Ғылым академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырылу қарсаңында оның қаражаты он мың сомдай ғана болып есептелсе, 1946 жылы филиалдың бюджеті 44 миллион сомнан астам болып отыр.

Ғылым академиясының Қазақстандағы базасының істеп жатқан алуан жұмыстарын, оның негізгі ғылыми-зерттеу мекемелерінің институттарының атқарып жатқан қызметін, яғни геология, кен зерттеу, химия, металлургия, кен байыту, отқа төзімді және құрылыс материалдарын шығару, энергетика, астрономия-физика, жер қыртысын зерттеу, ботаника, зоология, тәжірибе-биология, физиология, өлкелік

патология, емдеу хирургиясы, тарих-археология, этнография, тіл және әдебиет; секторлардан – математика, механика, география, экономика, заң, транспорт, көркемөнер, архитектура мәселелерін көтерудің өзі-ақ сан алуан еңбек істеліп жатқандығына айқын дәлел. ССР Одағы Ғылым академиясы Қазақ филиалының республикамыздың өте маңызды облыстары мен аудандарында көптеген ғылыми-зерттеу тараулары бар.

Бүкіл еліміз қасарысқан жауға қарсы қиян-кескі соғыс жүргізіп жатқан уақытында Қазақстан филиалының ғылыми жұмыстары өркендеуде болды. Қазақстан Отан қорғауға қызмет ететін өте ірі заводтардың көптеп көшіріліп әкелінген кезінде, Отан қорғау заводтарының үлкен бір ордасы болған кезінде, Қазақстан майданды металмен, қару-жарақпен, азық-түлікпен жабдықтаудың үлкен бір арнасына айналған кезінде, нақ сол кездерде, ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалы соғыстың осындай қиын-қыстау жылдарында, Отан қорғау өнеркәсібін өркендету жолында бар күшімен қызмет ете отырып, еліміздің Отан қорғау күшін нығайту жолында өздерінің ынта-жігерін толық жұмсады.

ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалының ғылыми-зерттеу жұмыстарының өсіп өркендеуімен қатар, оның ғылыми қызметкерлері де өсіп, өз қатарын ұйымдастырып отырды. Қазіргі уақытта Ғылым академиясының Қазақ филиалында 75 ғылым докторы мен профессор, 188 ғылым кандидаты мен доцент бар, олардың ішінде көптеген оқымысты қазақтар бар. Республиканың негізгі халқының өкілдерінен шыққан аспиранттардың тең жартысынан көбі қазақтар. Қазақ ССР Ғылым академиясының жанындағы қуатты аспирантурада осы күні 187 аспирант бар. Бұлардың бәрі ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғауға әзірленіп жатыр және доктор диссертациясын алу жөнінде 54 ғылыми қызметкер жұмыс істеп жүр. Қазақ ССР Ғылым академиясының барлық кадрлары 1200 адам, оның жүздегені – қазақтар. Республикадағы ғылым докторларының барлық санының төрттен үш бөлігі, ғылым кандидаттарының бестен үш бөлігі Қазақ ССР Ғылым академиясының қарамағындағы ғылыми-зерттеу мекемелерінде қызмет істеп жүр. Осының өзі-ақ біздің Академиямыз республиканың ғылыми мекемелері жүйесінде үлкен орын алып отырғандығын айқын көрсетеді.

Совет үкіметі тұсында Қазақстанда маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін қысқаша төмендегімен дәлелдеуге болады.

Карта-геодезия жұмыстарының орындалу нәтижесінде Қазақстанның барлық жеріндегі жұмыстардың 90 проценті дерлік 100 мыңдық, 200 мыңдық масштабта топография карталарымен толық қамтамасыз етілді.

Октябрь революциясына дейін, шамалап айтқанда, Қазақ ССР-ның барлық жер көлемінің 6 процентке жуығы ғана геология жағынан суретке түсірілген болатын. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясының геологиялық картаға түсірілуі 86,6 процентке жетті. Совет геологтары кең және

жемісті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде Қазақстанның жерінде әртүрлі минерал шикізаттардың бай қорын тапты. Бұл Қазақ республикасын хром және ванадий қоры жөнінде дүниежүзінде бірінші орынға, мыс, күміс, мырыш, қорғасын, бериллий, қайрақ тас, барит және басқа толып жатқан аса маңызды минерал шикізаттардың қоры жөнінде Советтер Одағында бірінші орынға шығарды. Қазақстанның бірқатар кен орындары, атап айтқанда, Алтай (полиметалл), Жезқазған (мыс), Ақтөбе (хром мен никель), Қаратау (ванадий мен фосфорит) кендері минералдар қорының маңыздылығы жағынан бүкіл дүниежүзіндегі сирек кездесетін металл кендерінің қатарына қосылды.

Совет геологтарының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері Қазақстанда бірқатар ірі өнеркәсіп орталықтарын құруға, ССР Одағының ғана емес, бүкіл Европада да өзінің теңдесі жоқ өндірістік қуаты бар өнеркәсіптерін орнатуға мүмкіндік туғызды. Атап айтқанда, Балқаштың мыс заводын, Шымкенттің қорғасын заводын, Ақтөбе, Жезқазған өнеркәсіп орталықтарын алсақ та жеткілікті, Қарағанды бассейнін мысалға алсақ та болады. Осылардың өзі-ақ Қазақстанның совет дәуірі кезіндегі орасан зор индустрияландыру жұмыстарының қаншалықты зор көлемде жүргізілгендігін көрсетеді. Осының нәтижесінде Қазақстан бұрын революцияға дейін артта қалған өте-мөте мешеу ауыл шаруашылығы отарынан осы күнгі қуатты индустриялы-аграрлы Советтік Социалистік Республикаға айналды.

1920 жылы Қазақстанның өнеркәсібі өнімі республикадағы халық шаруашылығының барлық өнімінің 6,3 проценті болған болса, қазіргі уақытта республиканың халық шаруашылығы өнімінің үштен екісінен артығы өнеркәсібі өнімі болып отыр.

Қазақстанның жер қыртысын үдіксіз зерттеу, пайдалану ісінде ғалымдарының сіңірген еңбегі аз емес, атап айтқанда: Қазақстанның жер қыртысын, оның жер бетіндегі өсімдіктерін хайуанатын табиғи көркемдігін, география аймақтарын тағы басқаларын зерттеу жөнінде көп еңбек сіңірді. Қазақ республикасының барлық 16 облысының жер жағдайы жөніндегі картасы миллиондық масштабта жасалып болды. Орталық Қазақстанның орман-тоғайлы, жидек жемісті, қуаң-құрғақ құм шөлдерінде овощ егудің жолдары мен әдістері толық белгіленіп жатыр; республиканың қарамағында үш мыңнан астам өсімдік түрі анықталып, қағаз бетіне түсірілді, бұл өсімдіктердің ғылым жөнінде зор маңызы бар. Қазақ республикасының өсімдіктері жөнінде үлкен атлас жасалды.

Қазақстанның білімпаздары ауыл шаруашылық ғылымдары жөнінде едәуір табыстарға жетті. Советтік Қазақстанда мақта, қызылша, әртүрлі каучук өсімдіктер сияқты жаңа техникалық егістердің көп егілу, олардың егін шаруашылығындағы табыстарының айқын белгісі. Ал каучук өсімдіктер біздің Қазақстаннан таралып отыр.

Мал шаруашылығы саласында малдың (көбінесе қой мен ешкінің) жаңа тұқымдарын өсіру, мал басының (әсіресе қойдың) тегіс көбейуіне

жағдай туғызу, республикамыздың мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы аудандары мен облыстарында мал азығының, су қорын зерттеу ісінде бірсыпыра табыстарға жеттік.

Ғылымның медицина-биология тараулары кең өрістетілді. Бұл жөнінде көбінесе бруцеллез, безгек, энцефалит, зоб сияқты ерекше аурулардың жұғу жағдайын, бұл ауруларға қарсы қолданылатын шараларды, олардың таралатын жерлерін зерттеуге, қорғасын уымен улану, силикоз сияқты ауыр өнеркәсіп орындарында болатын белгілі бір жұмысқа, кәсіпке байланысты ауруларды зерттеуге, шок және республиканың курортта емдеу мүмкіншіліктерін зерттеуге көңіл бөлінді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда ғылыми астрономия-физика, химия және техникалық тараулары, оның ішінде энергетика, металлургия және кен зерттеу ғылымы кеңінен өрістеді.

Ғылым академиясының Қазақ филиалының академик В.Г.Фесенков және ССР Одағы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Г.А.Тихов бастаған астрономия және физика институты ССР Одағының ғылыми астрономия-физика мекемелері қатарында құрметті орын алып отыр. Отан соғысы жылдарында бұл институт шын мәнінде ССР Одағындағы астрономия ой-пікірінің ордасы болды. Институт бірсыпыра күрделі ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарды.

Ғылымның химиялық салаларындағы білімпаздар республикамыздағы неше алуан және орасан мол химиялық шикізаттарды халық шаруашылығында неғұрлым тыңғылықты пайдалануды көздеген едәуір ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Әсіресе, Қаратаудағы дүниежүзілік маңызы бар фосфорит кені негізінде фосфорит тыңайтқыштар өндіру технологиясын белгілеу, көмірдің, жанар сланецтің әр түрін кокстееу мәселелерін, Қазақстан мұнайының әр алуан түрін неғұрлым үнемді түрде өңдеу мәселелерін шешу, Оңтүстік Қазақстандағы дүниежүзілік мол қоры бар кенінен ванадий мен арнаулы металдар айыру мәселелерін шешу жөніндегі жұмыстарды ерекше атап көрсету қажет.

Энергетика саласында Қазақстанның су энергетикалық және бу энергетикалық қорын зерттеу, бұл қорларды халық шаруашылығының қажетіне неғұрлым тиімді түрде пайдалану әдістерін және пайдалану кезегін белгілеу жөнінде көп жұмыс істелді. Қарағанды, Балқаш бу электр станцияларын, Ертіс су электр станциясын, Үлкен Іле, Сырдария, Қарақия және басқа сондай күрделі мәселелердің шешілуін су энергиясы саласындағы зерттеушілеріміз бен инженерлеріміз орынды мақтан етеді.

Қазақстанда кен зерттеушілер де көп жұмыс істеді. Олар Қазақстандағы дүниежүзілік маңызы бар мыс қоры мен полиметалдар кендері қорын ашу және пайдалану жолдарын белгілеу, қолдану, Қарағанды бассейнінің қалың көмір қабаттарында кокстелетін, күлі аз көмірді шығару мәселелерін шешу ісінде зор табыстарға жетті.

Түсті металлургияда ССР Одағындағы жаңа техникалық әдістерді қолдануда Қазақстан алдыңғылардың бірі болды. Түсті металдар кенін

айырудың неғұрлым өнімді жаңа әдістерін Советтер Одағында кеңінен қолдану Қазақстанда басталды. Соңғы жылдардың ішінде металлургия және кенді байыту саласындағы зерттеушілер түсті металлургия заводтарындағы шыққан күкірт газдарын пайдалану, байыту фабрикалары мен заводтарының қалдықтарынан бірсыпыра маңызды тектер айыру мәселелерін, кендегі темірді қалпына келтіру, темір, марганец кендерін, сирек кездесетін металдар кендерін, Қазақстанның маңызды кен ошақтарынан шығатын басқа металдарды байыту мәселелерін және басқа көп мәселелерді ойдағыдай шешуде.

Отқа төзімді материалдар мен құрылыс материалдарын жасау саласында Қазақстанның зерттеу мекемелері республикамыздың өнеркәсіп және мәдениет орталықтарын жергілікті құрылыс материалдарымен және отқа төзімді материалдарымен қамтамасыз ету жөнінде едәуір жұмыс істеді. Жобаланып отырған Қарағанды металлургия комбинатының құрылысын және өндірістік жұмыстарын отқа төзімді материалдармен қамтамасыз ету жөнінде істелген жұмыстарды, біріктіретін құрылыс материалдарын жасау үшін металлургия заводтары мен бу электр станцияларының шлагын пайдалану мәселелерін және басқа көп мәселелерді шешу жөніндегі жұмыстарды ерекше атап көрсету керек.

Ғылымның әлеуметтік салаларында орасан зор табыстарымыз бар. Қазақ халқының мейлінше бай ауыз әдебиеті, оның неше алуан батырлық жырлары мен лирикалық жырлары жиналып тәртіпке салынды. Жиналған ауыз әдебиеті қазірдің өзінде мың баспа табақтан асады. Қазақ тілі грамматикасының ғылыми негіздері белгіленді. Екі томдық орыс-қазақ сөздігі жазылды. Қазақ әдебиетінің төрт томдық тарихы жазылып жатыр. Қазақстанның бірсыпыра тарих жөніндегі маңызды мұралары қазылып тексерілді. Қазақ тарихының деректері жиналып, тәртіпке салынуда. Отан соғысының ең қызу кезінде, 1943 жылы, «Қазақстанның ерте заманнан қазіргі күнге дейінгі тарихы» алғаш рет жарыққа шықты.

Қазақ халқының орасан бай халық музыкасын жинау, тәртіпке салу жөнінде көп жұмыс істелді. Қазіргі уақытта қазақ халқының асқан музыкалық дарындылығын көрсететін, кезінде зор баға алған, мәселен Европа мәдениетінің көрнекті өкілі Ромэн Роллан зор баға берген 1500-ден аса қазақ әндері мен күйлері бастырылды.

Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысын көрсете келіп, соңғы жылдарда басталған қазақ халқының табиғатты зерттеу, оның халық шаруашылығының қажетіне пайдалану ісіндегі неше ғасырлық тәжірибесін белгілі бір жоспармен зерттеу жұмыстарын атап көрсету қажет. Бұл жұмыстардың алғашқы қорытындысының өзі-ақ осы жөнінде зерттеушілер алдында кең өріс ашылып отырғанын көрсетеді. Мәселен, аң-құстарды қолдан түлетудің маусымы мен мерзімін белгілі бір тәртіпке салу үшін қазақ халқы хайуанаттың бездерін ежелден бері пайдаланып келгені анықталды. Ал, бұл аса маңызды физиологиялық әдіс дүниежүзілік ғылымда тек соңғы кезде мәлім болды. Мұны

Румынияның академигі Пархону тапты деседі. Қазақ халқы мыңнан аса әртүрлі өсімдіктердің аттарын және пайдалы қасиеттерін білетіндігі анықталды. Қазақтың жер-су аттары жердің геологиялық және геоморфологиялық өзгешеліктерін көбінесе дәлме-дәл белгілейтіні зерттеушілердің бәріне жақсы мәлім. Қазақ халқының мал шаруашылығы жөніндегі неше ғасырлық тәжірибесін зерттеу ғылым мен халық шаруашылығы үшін орасан көп бағалы жаңалықтар болатыны анықталды.

Партия мен үкіметтің ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалын Қазақ ССР Ғылым академиясына айналдыру туралы қарары – совет үкіметі тұсында Қазақстанда ғылымның ерекше өскендігінің айқын белгісі. Совет үкіметінің біз үшін ерекше маңызды бұл қарары – Қазақстан білімпаздарының жанқиярлық ардақты еңбегіне лайықты баға.

Ғылым академиясының Қазақ филиалының Қазақстан Ғылым академиясына айналдырылуы тек оның атын өзгерткендік емес.

Бұл – Қазақстанда ғылымның сапасы жағынан ерекше алға басқандығы. Қазақ ССР Ғылым академиясы республикамызда ғылымның күрделі ордасы болуға тиіс.

Қазақ ССР Ғылым академиясы төртінші бесжылдық жоспарды орындауға кіріскен кезімізде ашылғалы отыр.

Халық шаруашылығын өркендетудің келешектегі ұлы жоспары сияқты, төртінші бесжылдық жоспарды орындау ісінде де Қазақстанға көрнекті орын беріледі. Жаңа бесжылдықта жұмсалатын қаражаттың көлемі жағынан Қазақстан Советтер Одағында РСКСР мен Украинадан кейін үшінші орын алады. Жаңа бесжылдықтың ішінде Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына 8,8 миллиард сом жұмсалады. Төртінші бесжылдықта Қазақстанда қара металдар мен химияның үлкен өнеркәсібі құрылады. Түсті металлургия, көмір өнеркәсібі мен мұнай өнеркәсібі мықтап күшейтіледі. Соғысқа дейінгі мөлшермен салыстырғанда мыс өнімі 2,6 есе, қорғасын өнімі 1,3 есе көбейеді. Халық шаруашылығы мен Отан қорғау үшін аса маңызды, сирек кездесетін металдар шығаратын жаңа өнеркәсіп құрылады. Төртінші бесжылдықтың аяғында Қазақстанда егістің көлемі 7,5 миллион гектарға жеткізіледі, мал саны 25 миллионнан асады. Бұл ұлы міндеттерді орындау ісінде Қазақстанда ғылым мен ғылыми мекемелерге ерекше жауапты және құрметті міндет жүктеледі. Кендер қорын табу және игеру ісінде де, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жаңа техникамен жарактандыру, тұрмысқа қолайлы жаңа социалистік қалалар салу, еңбекшілердің тұрмысы мен жұмысында денсаулыққа қолайлы жағдай туғызу, ауруға қарсы күресу, социалистік мәдениетіміздің неше алуан салаларын онан ары өркендету, яғни ғылымның барлық саласында Қазақстан білімпаздарының алдына тарихи міндеттер қойылып отыр.

Сталин жолдастың 1946 жылғы 9 февральдағы тарихи сөзінде елімізді өркендетудің ұлы жоспарын орындау ісінде, төртінші бесжылдықтың бұдан да күрделі мәселелерін шешуде ғылымның алдына қойылып отырған міндеттер онан да зор екені көрсетілген.

Біз теориялық ғылымдарды да, ең алдымен, ғылымның басқа барлық салаларын өркендетуге негіз болатын философияны, математиканы, физиканы мейлінше өркендетуге тиістіміз және өркендетеміз де. Совет ғылымының беделді болуы – Қазақстан білімпаздарының да төл ісі. Қазақстанның ғылымы жалпы одақтық ғылым майданында көрнекті орын алуына күресуіміз керек.

Қазақстанда ғылымның дұрыс жолмен ойдағыдай өркендеуі үшін оның штабы – Қазақ ССР Ғылым академиясында өз халқының мүдделеріне, өз Отанының мүдделеріне, Ленин-Сталин ғылымының ұлы мүдделеріне шын берілген қызметкерлер жұмыс істейтін болу керек.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ашылуына байланысты бүгінгі салтанатқа жеткізген Советтік Қазақстанның зор табыстары – орыс халқы білімпаздарының үнемі туысқандық көмек көрсетіп отырғандығының нәтижесі. Қазақстанда ғылымды өркендету, Қазақ ССР Ғылым академиясын құру ісінде әсіресе, ССР Одағы Ғылым академиясының, оның Президиумы мен басты-басты институттарының еңбегі зор. Қазақстанда алғашқы ғылым ошағын орнатқан Владимир Леонтьевич Комаровтың жарқын бейнесін Қазақстан білімпаздары алғыспен еске түсіріп отырады. Қазақстанның білімпаздары келешекте де ұлы орыс халқының білімпаздарымен, озат совет ғылымының Бүкілодақтық бас штабы – ССР Одағының Ғылым академиясымен байланысын онан сайын нығайта беретіндігіне күмәндануға болмайды.

Советтер Одағының, басқа барлық халықтарының табыстары сияқты, қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін өркендету ісіндегі табыстары – еліміздің халықтарының идеялық бірлігінің нәтижесі. Бұл идея бірлігіне тек бізде ғана Ленин-Сталиннің Ұлы партиясының данышпандық басшылығымен халық арасындағы шын туысқандық достықты қамтамасыз ететін даналық және әділетті принциптердің жүзеге асырылуы арқасында қол жетті.

Экономиканың, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында табысқа жетудің жеңімпаз құралы мен кілті өз қолымызда болып отырғандығы, Ленин-Сталиннің ұлы ғылымының негіздерімен және методологиясымен қаруланып отырғандығымызға кепіл.

Адамзаттың асқан прогресшіл күші – Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясы біздерді жігерлендіріп, күреске, жеңістен-жеңіске ұмтылдырып отырғандығы келешектегі табыстарымыздың кепілі. Елімізге қазіргі заманның ең ұлы стратегі және ой-пікір иесі данышпан Сталин басшылық етіп отырғандығы – біздің табыстан табысқа жетуіміздің кепілі.

Таяудағы уақыттың ішінде дүниежүзінің басқа елдерінің ғылым табыстарын басып озатын алдыңғы қатарлы совет ғылымы жасасын!

Барлық жеңістеріміздің ұйымдастырушысы және рух берушісі – Ленин – Сталин партиясы жасасын!

Сүйікті көсеміміз кеменгер Сталин жасасын!

МИХАИЛ ИВАНОВИЧ КАЛИНИН ЕСІМІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ МӘНГІ САҚТАЛАДЫ

Бүгін біз еліміздің аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі, Ленин мен Сталиннің ең жақын серіктерінің бірі – Михаил Иванович Калининнің қайтыс болғандығы жайында радио арқылы қайғылы хабар естіп отырмыз.

Жиырма жеті жыл бойы еліміздің жоғарғы органының үздіксіз басшысы болып келген М.И.Калининнің көп ұлтты Совет мемлекетін орнату ісінде атқарған жетекшілік қызметі жұрттың бәріне жақсы мәлім. Михаил Ивановичтің 1935 жылы Қазақ республикасының он бес жылдық мерекесіне Қазақстанға келгенін, сол кезде оның республика экономикасын, мәдениеті мен ғылымын өркендете беру жөнінде айтқан ақылдары мен берген нұсқауларын Қазақстан еңбекшілері қасиеттеп есте ұстайды. Сол кездің, екінші бесжылдықтың басталуы кезінің өзінде-ақ, Михаил Иванович Қазақстан еңбекшілерін жаңа талапты істер істеуге, халық шаруашылығы мен мәдениетті өркендету майданында Советтік Украинамен социалистік жарысқа түсуге шақырды. Михаил Иванович Калининнің бұл шақыруы Қазақстан жерінде біздердің түсті металдар мен қара металдардың, хромиттердің, фосфориттердің және басқа минерал шикі түрлерінің өте мол қорларын – республиканы индустрияландырудың, сол сияқты ғылым мен мәдениетті мықтап өркендетудің мол қорларын айта қалғандай көп табуымызға үлкен көмек көрсетті.

Михаил Иванович Калинин еліміздің социалистік құрылысында ғылымның айырықша маңызы бар екенін жете білетін еді. Елімізде ғылымның өте жоғары қойылатынының себебі, біз ірі социалистік өнеркәсіпті, ірі колхоздар мен совхоздарды тек ғылым негізінде ғана орнаттық деген Михаил Ивановичтің жалынды сөздері ССР Одағы Ғылым Академиясының 1949 жылы болған мерекелік сессиясына қатынасқандардың бәрінің есінде.

Михаил Иванович Калининнің есімі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ІХ СЕССИЯСЫНДАҒЫ СӨЗІ

Депутат жолдастар! Сіздердің қарауыңызға ұсынылып отырған Қазақ ССР-ның халық шаруашылығын, мәдениетін өркендетудің жоспары Қазақстан экономикасы мен мәдениетін өркендете беру жолындағы тарихи кезеңнің бірі болып табылады. Төртінші бесжылдық жоспарда Қазақ ССР-да жаңа заводтар, рудниктер, жаңа теміржолдар, тағы басқа құрылыстар жүргізілсін деп көрсетілген.

Төртінші бесжылдықтың аяғында республиканың мыс өнеркәсібінің өндірістік қуаты соғыстан бұрынғыдан 2,6 есе, қорғасын өнеркәсібінің қуаты 1,3 есе артады. Көмір және мұнай өнеркәсібінің қуаты арттырылады. Қара металлургия мен химия өнеркәсібін күшейтуге берік негіз қаланады. Қазақстанда мал саны, егіс көлемі едәуір артады. Жоспарда көрсетілген осы зор табыстарға ғалымдардың ерлік еңбегімен жетуіміз керек. Ғалымдар Қазақстанның ұлан-байтақ жерінің жаратылыс байлығын зерттеу жөнінде бұрын да көп жұмыс істеді. Шынына келгенде, Қазақ ССР-дағы жаңа бесжылдық жоспарда қаралып отырған міндеттерді алға қоюға ғалымдардың қажырлы қайратпен жүргізген барлау жұмысы заттық негіз болды.

Қазақстан мыстың, қорғасынның, мырыштың, хромның, ванадийдің қоры жағынан Советтер Одағында қазір бірінші орын алатыны, көмір мен мұнайдың, темір мен марганецтің, вольфрам мен молибденнің, сол сияқты еліміздің халық шаруашылығына қажетті минералдық шикізаттардың қоры жағынан алдыңғы қатардағы орынның біріне ие болып отырғаны жалпыға белгілі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылуы Қазақстанның ғылымы мен мәдениетінің көрнекті табысы болды. Ол 1946 жылы 1 июньде салтанатпен ашылды.

Қазақ ССР-ның жас Ғылым академиясы ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі өзінің бесжылдық жоспарын, ең алдымен, Қазақстанда төртінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау ісіне ғылымның көмегін барынша күшейтуді көздей отырып жасады. Ғылым академиясының төрт бөліміндегі 16 институт пен 13 сектордың жұмыс тақырыбында осы бесжылдық ішінде 600-ден астам аса маңызды ғылыми мәселелерді шешу көзделіп отыр. Мұның өзі халық шаруашылық және ғылыми маңызы зор 160 ірі тақырыпты қамтиды.

Мен бұл сөзімде осы тақырыптарды тегіс санап өте алмаймын, сондықтан оның негізгілеріне ғана тоқтаймын.

Қазақстанда қара металлургия мәселесі, оған негізгі шикізат базасын табу мәселесі, шикізатты табудың және өңдеудің неғұрлым нәтижелі жолдарын зерттеу, рудниктер мен заводтарды ішерлік және техникалық жұмыстарға керекті сумен қамтамасыз ету, жаңадан салынатын қалаларды архитектура жағынан жоспарлау, оңдау, оларға ағаш егу, тағы

басқа міндеттердің бәрі де Қазақ ССР Ғылым академиясының институты мен екі секторының күшімен зерттелмекші.

Түсті металлургия мәселесін зерттегенде негізгі зерттейтін жерлеріміз кенді Алтайдың және Оңтүстік Қазақстанның полиметалл кендері, Жезқазған мен Бозшакөлдің мыс кендері болмақ. Шикізат базасын молайту, кен шығарудың және өңдеудің неғұрлым жақсы әдістерін зерттеу мәселелерімен қатар төртінші бесжылдықта Қазақстанның түсті металлургиясы жөнінен зерттелетін мәселеге кеннің ішіндегі пайдалы заттардың бәрін пайдалану, өндірісті ықшамдау, жеке кәсіпорындарын бірімен-бірі байланысты істейтін ету, сумен жабдықтау, азық-түлік базасын жасау, түсті металл өнеркәсібіндегі жұмысшылар арасында болатын ауруларға (силикозға, қорғасыннан улану тағы басқаларына) қарсы күрес жүргізу мәселелері де кіреді. Түсті металлургия мәселелерін шешуге 13 ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері қатысады. Қазақ ССР Ғылым академиясының төртінші бесжылдықтағы жоспарында жанармай кенін ұлғайту, ондағы технологияны жақсарту, химия шикізатының, отқа төзімді заттардың, құрылыс материалдарының шикізат қорын молайтып, технологиясын жақсарту мәселелеріне де көңіл бөлініп отыр.

Республиканың жер қорын зерттеу, Қазақстанның хайуанаттары мен өсімдіктерін анықтау, энергетика мәселелерін, әсіресе республиканың су энергетика қорларын зерттеу жұмысы жүргізіледі. Мал шаруашылығы жөнінде мал тұқымын асылдандыру, малдың көп төлдеуін күшейту мәселесін, малды жайып бағатын маңызды аудандарда (әсіресе, Оңтүстік облыстарда) су және мал азығы мәселесін тереңірек зерттеуге баса көңіл бөлінеді.

Гуманитарлық ғылым жөнінен Қазақ ССР Ғылым академиясы қазақ тілінің толық академиялық сөздігін жасауға, қазақ тілінің грамматикасын жасауға, қазақ әдебиетінің төрт томдық тарихын жасауға, қазақтың халық шаруашылығы тарихын жасауға, Қазақ ССР-ның атазаманнан біздің заманымызға дейінгі бес томдық тарихын жасауға, Қазақстанның оңтүстігінде және орталығында археологиялық зерттеу жүргізуге, қазақ халқының правосы, этнографиясы, көркемөнері жөніндегі, сол сияқты ұйғыр және дұнған халықтарының тарихы мен мәдениеті жөніндегі бірсыпыра негізгі мәселелерді зерттеуге көңіл бөлінеді.

Ғылымның астрономия-физикалық және физика-математикалық салалары жөніндегі жұмыс едәуір ұлғайтылады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының төртінші бесжылдықта жүргізетін ғылыми жұмыстарының көлемі орасан зор. Ол Қазақстанның минералдық байлығын зерттеу, археология мәселесінен бастап, мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне дейін шұғылдану жұмыстарын қамтиды.

Ғылым академиясының лабораториялары мен институттарында қызу зерттеу жұмысын жүргізумен қатар төртінші бесжылдықта Қазақ ССР-ның жеке облыстары мен аудандарында академияның таяныш базаларын көбейту көзделіп отыр. Академияның жергілікті жерде филиалдары

мен базаларын ұйымдастырғандағы негізгі мақсат ғылымды халық шаруашылығын өркендету ісіне жақындату, зерттеу жұмыстарына интеллигенцияның талантты өкілдерін – жұмыстағы инженерлерді, өндірістегі стахановшылар мен жаңалық тапқыштарды, агрономдарды, оқытушыларды, дәрігерлерді қатыстыру мақсаты көзделіп отыр. Жер байлығын халық шаруашылығына пайдалану ісіндегі халықтың ғасырлар бойы құраған тәжірибесінің ғылыми негіздерін зерттеу, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарларының жұмыс тәжірибесін зерттеп, оны қорыту жұмыстары жүргізіледі. Академияның филиалдары мен базаларының алдына қойылатын негізгі үшінші міндет осы.

Төртінші бесжылдықта Қазақ ССР Ғылым академиясының 4-ші сессиясы өткізіледі. Оған ССР Одағы Ғылым академиясының көрнекті ғалымдары, министрліктердің және басшы партия, совет ұйымдарының және облыстар мен өнеркәсіп орталықтарының шаруашылық қызметкерлерінің өкілдері қатысады. Бұл сессияның біреуі Қарағандыда өткізіліп, ол Орталық Қазақстанның өндірістік күштерін зерттеу және пайдалану мәселесімен шұғылданады. Екінші сессия Өскеменде шақырылып, онда үлкен Алтайдың халық шаруашылығын өркендету мәселесі қаралады. Үшінші сессия Ақтөбеде немесе Гурьевте шақырылып, Батыс Қазақстанның өндірістік күштерін жақсы пайдалануға арналады. Төртінші сессия Шымкентте немесе Жамбылда шақырылып, онда Оңтүстік Қазақстанның өндірістік күштерін өркендету мәселесі талқыланады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу жөніндегі зор жоспарды іске асыруда ғылыми кадрлар даярлаудың, оларды әсіресе жергілікті халықтан даярлаудың, сол сияқты ғылыми жұмыстардың заттық базасын жақсартудың, яғни академияның лабораториялары мен институттарын зерттеу жұмысының жаңа әдебиеттерімен жабдықтаудың, ғылыми кітапхана және баспа жұмысын күшейтудің, сол сияқты Қазақ ССР Ғылым академиясына пәтер үйлер, өндірістік үйлерді салудың маңызы ерекше зор.

Үкіметтің шешімімен Алматы қаласындағы Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық үйін салуға әзірлік жұмысы биылдан бастап қолға алынды. Бұл үйдің жобасын академик Щусев жасаған. Ол Алматыдағы ең ірі және зәулім үйдің бірі болады. Ол төртінші бесжылдықтың аяғында салынып бітеді.

Академияның орталық үйін салуға және Қазақстанда жалпы ғылым жұмыстарын өркендете беруге партия және совет орындары, республикамыздың бүкіл жұртшылығы көмек көрсетеді деп сенемін. Мұндай көмек, қамқорлық бұрын да істеліп келеді.

Депутат жолдастар! Еліміздің халық шаруашылығын социалистік жолмен жүргізудің өзі ғылымды мейлінше өркендетуге жол ашады. ССР Одағының халық шаруашылығын өркендетудің төртінші бесжылдық жоспары туралы заңда елімізде ғылым мен техниканы үздіксіз өркендете беру көзделген.

1946 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЖӘНЕ 1944-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ЖАРЫС СӨЗІ

Депутат жолдастар! ССР Одағының 1944-1945 жылдардағы Мемлекеттік бюджеттің орындалуы туралы есеп және Советтер Одағының 1946 жылға арналған бюджетінің жобасы Отанымыздың халық шаруашылығы мен мәдениетінің үнемі өсіп келе жатқандығын айқын сипаттайды. Қазақстанның халық шаруашылығының, мәдениеті мен ғылымының өркендеу фактылары Советтер Одағындағы халықтардың тұрмысының тамаша гүлденгендігіне айқын дәлел болып табылады. Патша үкіметінің ең мешеу отары болған Қазақстан тарихы қысқа мерзімде, небәрі 29 жылдың ішінде гүлденген индустриялы-аграрлық одақтас советтік социалистік республикаға айналды.

Қазақ халқының сауаттылығы Октябрь революциясына дейін небәрі 2 % болса, қазір бастауыш мектептер мен орта мектептердің, сол сияқты ересектер мектептерінің ашылуы, көбейтілуі нәтижесінде 90 %-тен асты. Бұрын бірде-бір жоғары дәрежелі мектебі болмаған елде қазір 28 жоғары дәрежелі оқу орындары, 90-нан аса техникум бар. Бұл мектептерде қазақ халқының мындаған жігіттері мен қыздары оқиды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті өркендеді. Музыка көркемөнерінің ұлттық жас кадрларын даярлайтын орда – Мемлекеттік консерватория ашылды. Қазақ әдебиеті өркендеп, нығайды. Қазақ жазушыларының шығармалары ССР Одағындағы халықтардың тілдеріне аударылды. Драма, опера және балет театрлары ашылды. Бұл театрлардың репертуарына қазақ драматургтері мен композиторларының шығармаларымен қатар орыс және шет ел классиктерінің шығармалары да енгізілді.

Егер Октябрь революциясына дейін Қазақстанда тек бір ғана болмашы ғылыми мекеме – император Географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі болса, қазір Қазақстанда толып жатқан ғылыми мекемелер жұмыс істейді. 1946 жылы ашылған Қазақ ССР Ғылым академиясы бұл ғылыми мекемелердің ордасы болып табылады.

Өзінің қарамағында 16 ғылыми-зерттеу институты, ондаған лабораториялары, сол сияқты Қазақ Республикасының көп қалалары мен аудандарында тұрақты зерттеу базалары бар Қазақ ССР Ғылым академиясы – Қазақстанда ғылымның кең өріс алып өркендегендігіне айқын дәлел. Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелері ғылымның негізгі салаларының бәрін қамтиды. Қазақ ССР Ғылым академиясы астрономия мәселелерінен геология мәселелеріне дейін, химия және медицина мәселелерінен энергетика мәселелеріне дейін, кен және металлургия мәселелерінен қазақ халқының тарихы, тілі мен әдебиетінің мәселелеріне дейін – осының бәрін қамтитын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Академияның коллективінде 1500-ден аса қызметкер бар, оның едәуірі қазақ қызметкерлері. Республиканың тұрғын халқы арасынан шыққан білімпаздардың едәуірі ғылым докторы атағын алды. Әсіресе, өздерінің үздік шыққан ғылыми еңбектері үшін ғылым докторы деген жоғары дәрежелі ғылыми атақ алған қазақ әйелдерінің барлығы өте сүйсінерлік іс.

Қазақстанның білімпаздары бүкіл Советтер Одағының білімпаздарымен бірге, алда тұрған міндет – таяудағы уақыттың ішінде шет елдердің ғылыми табыстарын қуып жетіп қана қоймай, онан басып озу міндетін орындау жолында қажырлылықпен аянбай еңбек етуде.

Тыңғылықты зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ел білімпаздары Қазақстанның койнауынан әртүрлі минералдардың орасан мол қорын тапты. Мұның арқасында Қазақ Республикасы хром мен ванадий кендерінің қоры жағынан дүниежүзінде бірінші орын, мыс, қорғасын, мырыш, күміс, кадмий, корунд және басқа өте маңызды минералдар қоры жағынан Советтер Одағында бірінші орын алып отыр. Орасан мол әртүрлі металл кендері бар Алтай, орасан мол мыс қоры бар Жезқазған, хром және никель кені мол Ақтөбе, ұшан-теңіз ванадий және фосфорит кені бар Қаратау сияқты Қазақстанның бірсыпыра кенді аудандары кен байлығының молдығы жағынан дүниежүзінде сирек кездеседі.

Совет білімпаздарының зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда, өзінің өндіріс қуаты жағынан ССР Одағының басқа аудандарында теңдесі жоқ орасан ірі индустрия орталықтары құрылды. Қазақстанның индустриясының орасан кең өріс алып күшейгендігін көрсету үшін, Балқаш мыс заводын, Шымкенттің Ленин атындағы қорғасын заводын, Ақтөбе және Жезқазған өнеркәсіп аудандарын, Қарағанды көмір бассейнін атап өтудің өзі де жеткілікті. Көмір мен мұнай, вольфрам мен молибден, алтын мен ферросплав шығаратын ірі өнеркәсіп құрылды. Елімізде шығарылатын барлық қорғасынның бестен төртін, молибденнің жартыдан артығын, мыстың бестен екісін елімізге Қазақстан беріп отырады. Қарағанды көмір бассейні Дон бассейні мен Кузнецкі бассейнінен кейін Советтер Одағының үшінші тас көмір бассейні болып отыр.

Қазақстанның жер бетіндегі байлығы, су қорлары, өсімдік және хайуанат байлығы да онан кем емес.

Ауыл шаруашылық егістері өндірісінің көлемі кеңейді. Дәнді егістермен бірге Қазақстан мақта, қант қызылшасы, каучукті егістер өнімі жағынан Советтер Одағының негізгі базаларының бірі болып отыр. Егіс көлемі жағынан Қазақстан РСФСР мен Украиннан соң Советтер Одағында үшінші орын алады.

Республикамыздың ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі – мал шаруашылығын өркендетуге ерекше көңіл бөлініп келеді. 1946 жылғы 1 июндегі есеп бойынша, республикамызда мал басының өсуі 1946 жылғы 1 январьдағы есеппен салыстырғанда, сиыр малы

жөнінде 108 %, қой мен ешкі жөнінде 135 %, жылқы жөнінде 108 %. Мал шаруашылығын өркендетудің 1945 жылғы жоспарын ойдағыдай орындағаны үшін Гурьев және Ақтөбе облыстарында ССР Одағы Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл Тулары берілді, оның ішінде Гурьев облысына ауыспалы Қызыл Ту мәңгі сақтауға берілді.

Мал шаруашылығы жөнінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы қазірдің өзінде тыңғылықты нәтиже берді. 14 жыл бойына жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде биязы жүнді қойдың жаңа тұқымы өсірілді. Қазір бұл қойдың тұқымы кеңінен тарала бастады. Он жыл бойына жүргізілген жұмыстың нәтижесінде меринос қойды арқармен шағылыстыру жолымен қойдың арқар-меринос деген жаңа тұқымы өсірілді. Қойдың бұл тұқымы мериностың жақсы қасиеттерін сақтаумен бірге арқар сияқты таулық жағдайға мейлінше төзімді келеді.

Шаруашылықты, ғылым мен мәдениетті өркендету жолындағы бұл табыстарының бәрінде қазақ халқы туысқан халықтар арасындағы достықтың данышпандық және әділетті принциптерін тиянақтылықпен жүзеге асырылып отырады.

Депутат жолдастар! Советтер Одағының басқа барлық халықтары сияқты, қазақ халқы да қазіргі уақытта жаңа бесжылдықтағы ұлы жұмыстардың жоспарын орындау жолында күшті жігермен, қажырлылықпен еңбек етуде. Бұл жұмыстардың нәтижесінде, біз жарақатын жазып қана қоймай, еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетін соғысқа дейінгі дәрежесінен әлдеқайда асырып, өркендетпекпіз.

Советтер Одағының 1946 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті – жаңа бесжылдықтың бірінші жылының бюджеті еліміздің халық шаруашылығының, мәдениетінің онан ары өркендеуін, Отан қорғау күшінің онан сайын артуын қамтамасыз етеді.

Одақтас республикалардың шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге орасан көп қаражат – 65 млрд сомнан аса қаражат жұмсалады.

1946 жылдың Мемлекеттік бюджетін ойдағыдай орындау үшін өндірісті мейлінше күшейту, жаңа өндіріс орындары мен агрегаттарды белгіленген мерзімдерде іске қосу, онымен бірге мемлекет қаражатын барынша үнемдеп жұмсау керек болады.

Бұл бесжылдықтың ішінде өнеркәсіпке жұмсалатын күрделі қаражаттың көлемі жағынан Қазақстан Советтер Одағында РСФСР мен Украинадан кейін үшінші орын алады. Әсіресе түсті металлургияға көп қаражат жұмсалады. Қазақстанда түсті металлургияның негізгі кәсіпорындары – Алтай комплексінің өндіріс орындары және Жезқазған мыс комбинаты салынады.

Алтайда қорғасын мен мырыштан басқа көптеген мыс кені, асыл металдар және сирек кездесетін металдар кені бар. Алтайдың әр алуан және өте бағалы металл кендерін тиісінше халық шаруашылығының пайдасына асырып, неғұрлым тез меңгеру бірінші кезектегі өте маңызды мемлекеттік міндет болып табылады. Бірақ Ауыр индустрия

кәсіпорындары құрылыс министрлігінің «Алтайстрой» тресі өзінің жұмысын өте нашар жүргізіп келеді. Бұл трест 1946 жылдың 8 айы ішінде өзіне берілген 49,2 млн. сомнан небәрі 18,7 млн. сомды пайдаланды.

Алтайдың кен байлығын ойдағыдай меңгеруге керек электр қуатының негізгі қоры – Өскемен су электр станциясы салынып жатыр. Алтайдың әр алуан металл өнеркәсібін өркендету үшін бұл станцияның ерекше маңызы бола тұрса да, оның салынуы өте шабан. Бұл су электр станциясын салуға 1939 жылдың өзінде кіріскен болатын, бірақ содан бергі 7 жылдың ішінде барлық жұмыстың небәрі 20 %-ті ғана орындалды. Бұл станцияны бесжылдық жоспарда белгіленген мерзімде салып болу үшін, ССР Одағының Электр станциялар министрлігі оған берілетін қаражатты 3-4 есе көбейтіп, жеткілікті мөлшерде зат қорларын беру керек.

Жаңа бесжылдық жоспар елімізде мыс қорытуды 1950 жылы соғысқа дейінгідей 1,6 есе көбейтуді көздейді. Мыс қоры жағынан дүниежүзінде ең алдыңғы қатардан орын алатын, оның үстіне минерал базасы бар Жезқазған мыс комбинаты елімізге мыс беретін негізгі өндірістердің бірі болып табылады. Жезқазған кенінің Орал кенінен бір артықшылығы – онда жер астында өрт шығу мүмкіншілігі жоқ. Кеннің жаратылыс құрылысы кен шығару көлемін мейлінше кеңейте беруге мүмкіншілік береді. Сульфид кендерінің көбін байыту және айыру технологиясы қазірдің өзінде толық меңгерілді: Мұның бәрі Жезқазған комбинатының құрылысын неғұрлым тездетуді керек қылады. Солай бола тұрса да, Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінің «Казмедьстрой» тресі 1946 жылы комбинатты салу жұмыстарын өте шабан жүргізіп келеді. Құрылыс жұмыстарының жылдық жоспарын трест биылғы жылдың 8 айы ішінде небары 30,1 % орындады.

Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі «Казмедьстрой» тресіне нақтылы көмек көрсету, Советтер Одағының түсті металлургиясының Магниткасы – Жезқазған комбинаты құрылысына өзінің басшылығын жақсарту жөнінде шұғыл және тыңғылықты шаралар қолдануы керек.

Отан соғысы жылдарында, жау Донбасты уақытша басып алған кезде, Қарағандының шахтерлері мен еңбекшілері өздерінің қаһармандық еңбегімен көмір шығаруды мықтап арттырды. 1940 жылмен салыстырғанда, Қарағандыда көмір өнімі 84 % көбейді. Биыл Қарағанды көмір бассейнінің құрылыс жұмыстарына 1940 жылғыдан бес есе көп қаражат берілді. Алайда, Қарағандыда пәтер үйлер мен мәдениет-тұрмыс орындарын салу жұмысы өте-мөте артта қалып келеді. Өнеркәсіп құрылысының жалпы жоспары 1946 жылдың 9 айы ішінде 75,8 % орындала тұрса да, Отын кәсіпорындары құрылысының министрлігі пәтер үйлер салу жоспарының небәрі 30,9 % орындалуын қамтамасыз етті. Шығыс аудандарының көмір өнеркәсібінің министрлігі және Отын кәсіпорындары құрылысының министрлігі Қарағанды бассейніндегі пәтер үй құрылысына ендігі жерде толық көңіл бөлулері керек.

Депутат жолдастар! ССР Одағының 1946 жылға арналған мемлекеттік бюджеті бойынша, Қазақстанның халық шаруашылығына, ғылымы мен мәдениетіне орасан көп қаражат – 2364 млн. сом жұмсалады, яғни Қазақ ССР-ның 1945 жылғы бюджетінен 38,2 % артады. 1946 жылы республиканың халық шаруашылығына, одақтық министрліктер тарапынан жұмсалатын қаражатты есептемегенде, барлығы 586 млн. сом жұмсалады, яғни 1945 жылғыдан 58 % көп.

Қазақстан Ғылым академиясының жұмыстарына 1946 жылы 45 млн. сом беріледі. Мұның өзі ғылыми-зерттеу жұмыстарының онан әрі күшейтілетіндігін көрсетеді.

ССР Одағының 1946 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде одақтас республикалардың халық шаруашылығын, ғылым мен мәдениетін онан әрі өркендету мүдделері толық ескерілгендігіне жоғарыда келтірілген цифрлар айқын дәлел. Мұнымен бірге ССР Одағының 1946 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде бүкіл Советтер Одағының мемлекеттік мүдделері де толық көзделді. Сондықтан, мен 1944-1945 жылдардағы Мемлекеттік бюджеттердің орындалуы туралы ССР Одағының Министрлер Советі тапсырған есептерді бекітуді, сол сияқты Ұлттар Советінің бюджет комиссиясы ұсынған түзетулермен бірге ССР Одағының 1946 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекітуді ұсынамын.

ССР Одағының 1946 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бүкіл совет халқы бірауыздан мақұлдап, совет үкіметінің басшылығымен бұл бюджетті ойдағыдай орындайтыны күмәнсіз.

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ, ӘДЕБИЕТ, КӨРКЕМӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ, БАРЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ҮНДЕУ

Қымбатты жолдастар!

Коммунистік қоғам орнатуды көздейтін ұлы міндетті ойдағыдай жүзеге асыру еңбекшілердің мәдениетін арттыру жұмысын үнемі және кеңінен жүргізіп отыруды, совет халқына коммунистік тәрбие беру жұмысын күшейтуді, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын толық жою жолында қажырлылықпен күресуді талап етеді.

Жұмысшылармен, шаруалармен біте қайнасқан советтік социалистік, шын мәнінде халықтық интеллигенция еңбекші қалың бұқараға саяси және мәдени білім беру жолында қажырлылықпен жұмыс істеуді өзінің ең бірінші қасиетті міндеті деп есептейді.

Сталин жолдас алға қойған: жұмысшы табының мәдени-техникалық дәрежесін инженер-техник қызметкерлері дәрежесіне жеткізу міндеті, совет шаруаларының мәдениетін батыл күшейту міндеті совет елінің ғылым, мәдениет, көркемөнер қызметкерлерінен халқымыз арасында саяси және ғылыми білім тарату ісінде мұнан да күшті жігермен жұмыс істеуді талап етеді.

Біздің елдегідей қалың бұқара мәдениеттің табыстарына қолы жеткен ел дүниежүзінің еш жерінде жоқ. Большевиктер партиясы мен совет мемлекеті совет адамдарының саяси саналылығын, мәдениеттілігін арттыруға күнбе-күн қамқорлық көрсетіп келеді. Маркс-Энгельс, Ленин-Сталиннің жеңімпаз ұлы ғылымымен қаруланған совет білімпаздары, мәдениет қайраткерлері қолма-қол қатыса отырып, халық арасына саяси және ғылыми білім тарату ісіне мұнан да зор көмек көрсете алады.

Ғылым, мәдениет, көркемөнер қызметкерлерінің күші, еңбекшілердің саяси және мәдени білімін арттыру жолындағы игілікті мақсатты көздейтін арнаулы қоғамға біріктірілсе, халықтың мәдениетін арттыру жұмысы мұнан да күшейтіледі.

Біз саяси және ғылыми білімді таратушы Бүкіл Одақтық қоғам құруды ұсынамыз. Бұл қоғамға, халықаралық саясат, совет экономикасы, ғылымы, мәдениеті, әдебиеті, көркемөнері жөнінде көпшілік арасында лекциялар оқу жолымен, сол сияқты лекциялардың стенограммаларын бастырып, тарату жолымен ғылыми және саяси білімді кеңінен пропагандалау жұмысын ұйымдастыру міндеті жүктелуге тиіс.

Біз совет ғылымы мен мәдениетінің барлық қайраткерлерін еңбекшілердің социалистік саналылығын арттыру жолында мұнан да күшті белсенділікпен жұмыс істеуге шақырамыз. Қоғамның мүшелері өздерінің көпшілік арасындағы лекцияларында Совет мемлекетінің сыртқы саясатын түсіндіруге жаңа соғыс және шапқыншылық өртін тұтандырушы

қаскүнемдердің әрекетін батыл әшкерелеуге, буржуазиялық демократияның жалғандығын, өрісі тарлығын көрсетуге, қазіргі империалистік буржуазия және оның реформист итаршылары идеологиясының реакцияшылдық мәнін ашып көрсетуге тиіс. Лекцияларда совет елінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысының капитализмнен артықшылығын, ССР Одағында халық шаруашылығының табыстарын, совет ғылымының, әдебиеті мен көркемөнерінің табыстарын және совет халқы алдына қойылып отырған міндеттерді айқын көрсету керек. Біз социалистік Отанымыздың ұлылығын көрсетіп, совет адамдарын өздерінің советтік Отанын, қаһарман совет халқын мақтан ету сезімімен тәрбиелеуге, ССР Одағының кейбір азаматтарының қазіргі буржуазиялық мемлекет алдында бас иуіне қарсы батыл күресуге тиіспіз. Марксистік-лениндік идеологияның ең маңызды мәселелерін түсіндіру, дүниеге материалистік көзқарасты пропагандалау, қандайда болса ғылымға жат көзқарастарға, жат идеологияның адам санасындағы қалдықтарына қарсы күресу – қоғам мүшелерінің міндеті.

Көпшілік арасында лекциялар оқуға саяси және ғылыми білімінің неше алуан саласындағы көрнекті мамандарды – ССР Одағы Ғылым академиясының және одақтас республикалардың ғылым академияларының, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық Ғылымдары академиясының, ССР Одағының Медициналық ғылымдар академиясының, РСФСР Педагогика ғылымдары академиясының академиктерін және корреспондент мүшелерін, ғылыми зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлерін, ғылым докторлары мен профессорларды, жоғары дәрежелі оқу орындарының оқытушыларын, қоғам қайраткерлерін, жазушыларды, көркемөнер және мәдениет қайраткерлерін қатыстыру қолайлы.

Москвада, сол сияқты басқа қалаларда оқылатын таңдаулы лекциялардың стенограммаларын көптеп бастырып, халық арасына таратып отыру қажет.

Біз совет ғылымының, әдебиеті мен көркемөнерінің барлық қайраткерлерін біздің бұл бастамамызды қолдап, саяси және ғылыми білім таратушы Бүкілодақтық қоғам құруға және оның жұмысына белсеніп қатысуға шақырамыз.

Саяси және ғылыми білім таратушы Бүкілодақтық қоғам құрып, бүкіл елімізде оның жұмысын мейлінше өрістете отырып, біз совет халқының мәдениетін күшейтетін, оған идеялық саяси-тәрбие беретін жаңа ғылым ордасын орнатамыз.

Әрдайым өз халқына қызмет етіп келген, өзінің творчестволық күштерін өз халқы арасынан алып келген совет ғылымы мен мәдениетінің барлық қайраткерлері біздің игілікті бастамамызды мейлінше қуаттап қарсы алатындығына, оны қолдайтындығына сенеміз.

МОСКВА – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

Бүгін, 7 сентябрьде, еліміздің халықтары, сонымен қатар, бүкіл дүниежүзінің прогресшіл адамзаты, Советтер Одағының жүрегі – Москва қаласының 800 жылдығын мерекелейді.

Москва еліміздің ежелден даңқты мәдениет орталығы болып есептеледі. Бұдан төрт ғасыр бұрын, 1564 жылы, Москвада «Апостол» деген алғашқы баспа кітап жарыққа шықты. Оны жарыққа шығарған Россиядағы тұңғыш баспашы Иван Федоров еді. Бұрынғы Қытай қаласының батыс қабырғасында оған орнатылған ескерткіш мұндағы алаңға ерекше көрік беруде. Бұл тұңғыш баспа кітап бағалы ескерткіш зат есебінде Ленин атындағы көпшілік кітапханасында күміс мұқабаға салынып арнаулы сақталуда. Бұл кітаптың жарыққа шығуы Россияда кітапты көптеп шығаруға негіз болды.

Бұдан екі ғасыр бұрын, 1755 жылы, орыстың тұңғыш ғалымы Михаил Васильевич Ломоносовтың тынбай еңбек етуі арқасында Россиядағы алғашқы жоғары оқу орны – Москва университеті құрылды. Кейін бұл университет дүниежүзіндегі атақты университеттердің бірі болды. Онда еліміздің атақты ғалымдары мен халық ағартушы қайраткерлерінің көптеген ұрпақтары білім алып шықты. Мұнда Герцен, Огарев, Белинский, Лермонтов және Тургенев оқыды. Мұнда оқыған – орыстың ұлы ғалымдары Сеченев, Тимирязев, Жуковский тағы басқа да атақты ғалымдардың ұрпақтары орыс ғылымының туын жоғары көтерді. Сонымен қатар, Москвада Россиядағы тұңғыш техникалық жоғары дәрежелі оқу орны және бұрынғы Петровско-Разумовский ауыл шаруашылығы Академиясы – қазір Тимирязев ауыл шаруашылығы Академиясы деп аталатын оқу орындары құрылды.

Москва тек совет өкіметі тұсында ғана еліміздің ғылыми ой-пікірінің орталығына айналды.

Москва 1918 жылдан бастап Советтік мемлекеттің астанасы болып келеді. Міне, осы кезден бастап Москва бүгінгі күнге дейін дүниежүзіндегі ең маңызды ғылым – ғылымдардың атасы – Маркс-Энгельс-Ленин-Сталин философия ғылымының бүкіл одақтық орталығы ғана емес, сонымен қатар, бүкіл дүниежүзілік орталығы болып отыр.

Ұлы Ленин 1918 жылы қарт Кремльде «РСФСР-дағы ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының жобасын» белгіледі. Бұл жоспар келешекте совет ғылымының штабы – ССР Одағы Ғылым Академиясының жұмыстары программасының негізі болды. 1934 жылы үкіметтің ұйғаруы бойынша ССР Одағы Ғылым Академиясы Москваға көшірілді. Ғылымның бұл алып ордасы 40-тан аса ірі ғылыми институттарды және мыңдаған ғылыми қызметкерлерді қамтып отыр. Ғылымдардың бірсыпыра салалары жөнінде, мысалы, физиология, геология, жер зерттеу тағы басқа ғылымдар жөніндегі институттар қазір дүниежүзілік ғылымдардың орталығына айналды.

ССР Одағы Ғылым Академиясының мүшелерін ғылым кеменгері Иосиф Виссарионович Сталин басқарып отыр, оның мүшелігінде Вячеслав Михайлович Молотов бар. Совет ғалымдары мұны орынды мақтан етеді.

Москвада Бүкіл Одақтық Ғылым Академиясымен қатар, ғылымның басқа салаларынан 5 Академия бар. Сондықтан да, Москваның алдында әрі игілікті, әрі маңызды міндетті орындау – таяу уақыттардың ішінде шет елдердің ғылым жөніндегі табыстарын қуып жетіп, басып озу жөнінде Сталин жолдас қойған міндетті орындау мәселесі тұр.

Совет өкіметі тұсында Москвада көптеген мектептер, орта және жоғары дәрежелі оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері құрылды.

Қазір Москвада жоғары дәрежелі 89 оқу орны бар. Онда 120 мыңнан аса студент оқиды. Москваның жоғары оқу орындарынан білім алып, тәрбиеленіп шыққан оқытушылар, агрономдар, дәрігерлер, инженерлер тағы басқа ғылым иелері қазір ұлан-байтақ еліміздің түрлі өлкелерінде жемісті еңбек етуде.

Москвада 230-ден аса ғылыми-зерттеу мекемесі бар. Онда 15 мыңнан аса адам еңбек етуде. ССР Одағы Ғылым Академиясының ондаған ірі институттарымен қатар, Москвада түрлі министрліктер мен мекемелердің алуан саладағы ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істейді. Олардың игілікті зерттеу жұмыстарының арқасында халық шаруашылығын өркендетудің, мәдениетімізді көркейтудің және совет мемлекетінің қорғанымпаз күш-қуатын арттырудың маңызды мәселелері шешілуде.

Москва – дүниежүзілік мәдениет пен ғылымның орталығы. Бүкіл Одақтағы кітаптың 42 проценті Москвада шығады. Бүкіл Одақтық ғылыми қордың 25 проценті Москваның мемлекеттік кітап сақтау орындарына және ғылыми кітапханаларына жинақталған. Москваның Ленин атындағы көпшілік кітапханасында 10 миллионнан аса том кітап бар.

Москваның ғылыми орталықтары мәдениет пен ғылымды өркендету ісінде Советтер Одағының республикаларына зор көмек көрсетіп келеді. Одақтық республикаларда ССР Одағы Ғылым Академиясы құрған базалар мен филиалдардың көбі қазір өз алдына ұлт Академиялары болып ұйымдастырылды. Москва ғалымдары Қазақстанда ғылым ордасын құру ісіне де баға жетпес зор көмек көрсетті. ССР Одағы Ғылым Академиясының 1932 жылы Қазақстанда құрылған филиалы қазір Қазақ ССР Ғылым Академиясына айналды. Бұл Академия республикада ғылымның шын мәніндегі орталығы болып отыр.

Қазақстанның әрбір ғалымы өзінің ғылыми өрісін арттыруда Москваның, әсіресе, ССР Одағы Ғылым Академиясының атақты білімпаздары мен ғылыми ұйымдарының үнемі қамқорлық жасап, көмектесіп отырғанына алғыс айтады. Менің үшін 1934 жылғы 12 ноябрь өмір бойы есте қаларлық тамаша күн болып табылады. Ол күні мен,

Жезқазғанның геологі, Москвада ССР Одағы Ғылым Академиясының Қазақстан сессиясында Жезқазған ауданының геологиясы және кен байлықтары туралы алғаш рет баяндама жасап, өзімнің Жезқазған жөніндегі еңбегіме бірінші рет ғылыми баға алдым.

Москваның ғылыми-зерттеу институттары мен жоғарғы оқу орындарының жақсы жабдықталған тамаша лабораторияларында қазақ ғалымдарының көптеген жас кадрлары оқып білім алды және қазір де оқып білім алуда.

Қазақстанның ғылыми жұртшылығы Москва еңбекшілеріне, олар арқылы көп ұлтты бүкіл совет халқына орыс халқының, Бүкіл Одақ мәдениетінің алтын бесігі – Москва қаласының 800 жылдығын мерекелеумен байланысты өздерінің жалынды сәлемін жолдайды.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНА ЕКІ ЖЫЛ

Россияның бұрын артта қалған аймақтарында, қазіргі одақтас республикаларда ғылым академияларын құру – совет өкіметі жылдарында бұл республикалардың кең құлаш сермеп гүлденгендігін, лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанат құруын айқын сипаттайды.

Сталиндік бесжылдықтардың ішінде Қазақстанда алып өнеркәсіп орындары: бүкілодақтық үшінші көмір ошағы – Қарағанды комбинаты, өзінің қуаты жағынан ССРО-да және Европада ерекше маңызды орын алатын Балқаш, Шымкент металлургия заводтары салынды, мұнай, қара және басқа металдар шығаратын ірі өнеркәсіп орындары, қуатты социалистік ауыл шаруашылығы, ССР Одағының шығысында ірі мал шаруашылық базасы жасалды. Құрғақта және әуеде транспорт жолы кең өркендеді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өсуімен бірге республиканың мәдениеті де өркендеп отырды.

Осы табыстардың бәрі Қазақстанда ғылымды едәуір өркендетуге жол ашты.

Бұдан екі жыл бұрын, 1946 жылғы 1 маусымда ССР Одағы Ғылым академиясы Қазақ филиалының негізінде Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің екі жылдық өмірі ішінде аса күшті ғылыми-зерттеу мекемесі болып өсті. Академияның составында қазір 17 институт, 13 дербес секторлар бар, бұлар техника, медицина, биология, физика, математика, химия, тарих, тіл, әдебиет, искусство тағы басқа білімдер саласының сан алуан мәселелері жөнінде жұмыс істеуде.

Академияда тұрақты жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу базалары кеңінен ұйымдастырылды. Мұндай базалар Қарағандыда, Жезқазғанда, Гурьевте, Лениногорда және республиканың басқа маңызды аудандарында бар.

Қазақ ССР Ғылым академиясында 1200 ғылыми қызметкер жұмыс істейді, олардың арасында 85 ғылым докторы мен профессорлар, 246 ғылым кандидаттары бар. Академияда істейтін ғылыми қызметкерлердің жалпы саны ішінде 260 қазақ, оның ішінде 14 ғылым докторы бар. 1947 жылы академияның 57 қызметкері мен аспиранты ғылым кандидаты атағына, 6 адам ғылым докторы атағына диссертацияны ойдағыдай қорғады. 1948 жылы 20 адам докторлық диссертация (оның ішінде 7 диссертацияны қазақтың ғылыми қызметкерлері) қорғайды және 50-ден астам адам ғылым кандидаттығына диссертация қорғайды.

Академияның ғылыми кадрлары арасында доктор және ғылым кандидаты атағын алған қазақ әйелдерінің болуы өте-мөте қуанышты.

Өткен 2 жылдың ішінде Академияның ғылыми мекемелері 633 тақырып мәселені зерттеп шешті. 300 ғылыми зерттеу жұмысының қорытындысы өндірісте қолдану үшін тапсырылды. Осы мерзім ішінде

Академия 319 рет экспедиция отрядтарын ұйымдастырып жер-жерлерге шығарды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының істейтін жұмысын 1948 жылға белгіленген ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарынан айқын көруге болады. Бұл жоспарда 500-ден астам комплексті ғылыми тақырыпты зерттеу белгіленіп отыр. Мұның ішіне 200 аспиранттық тақырып қосылмайды. Осыдан 300 тақырып бірнеше жылдардан бері зерттеліп келеді, 200 тақырып мүлде жаңа мәселе болып отыр.

Бұл мақалада жүздеген осы тақырыптың бәрін жеке-жеке түсіндіріп жату былай тұрсын, оны тізіп айтып шығу да мүмкін емес. Сондықтан біз аса маңызды ғылыми мәселелерге тоқталып өтпекпіз, бұл мәселелерді шешу үшін Академия коллективі жұмыс жүргізіп жатыр.

Минерал ресурстар бөлімшесінің ғылыми мекемелері 217 мәселені зерттеп жатыр.

Геологиялық ғылыми институтының зерттеп жатқан басты тақырыптары мынандай: Қазақстандағы қара металл кендерін зерттеп, оның картасын жасау, Қазақстандағы және ССР Одағындағы мысты құмтас кендерінің геологиясын зерттеу, Қазақстанның және ССР Одағының мысты-порфир рудалары кендерін зерттеу, үлкен Алтайдың полиметалл рудалары кендерін зерттеу, тағы басқалар.

Ғылыми және практикалық маңызы бар тақырыптарымен қатар мына төмендегі терең теориялық тақырыптар да зерттелуде, атап айтқанда: Қазақстанның тектоникасы зерттеліп, Қаратаудың құрылымдық-геологиялық картасы жасалынады, стратиграфияны, палеогеографияны және магматизм мәселелерін зерттеу, Қазақстанның геоморфологиясын зерттеу, жер сілкінетін аудандарда (Алатауда) жер қыртысының өзгеріп және ауысып отыруын зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Кен институтының ғылыми қызметкерлері үстіміздегі жылы: Алтайдың полиметалл кендерін, Жезқазғанның мыс рудаларын және Қарағанды бассейнінің көмірін табу және оны шығарудың рационализация әдістерін, кенші жұмысшылардың жұмыс жағдайын жақсарту және силикозға қарсы күресу мақсатымен Алтай полиметалл рудниктерінде вентиляцияны рационализациялау мәселелерін зерттеп шешуде.

Металлургия және байыту институтында Балқаш пен Қарсақпай мыс балқыту заводтарының шлактары зерттеліп жатыр, бұл отын шығынын азайту және рудадан металды алуды көбейту мақсатында жүргізіледі, Орталық Қазақстанның және мыс рудасы бар Бозшакөлдін никель-кобальт рудаларын металл қылып қорытудың тиімді жолдары, тағы басқалар зерттелуде.

Химия институты зерттеп жатқан тақырыптардың ішінде: қышқылдықтың амфотерлік қасиеттерін физикалық-химиялық әдіспен зерттеу, катализ мәселелерін зерттеу, Орталық Қазақстанның рудаларынан металл марганецін алу үшін, мысты никельмен цементациялау үшін электрхимияны қолдану, Қаратау фосфоритін азот қышқылымен

ажырату жолымен комплексті азот-фосфор туктарын алу әдісі, тағы басқа мәселелер бар.

Энергетика институтының коллективі: Алтай мен оңтүстік Қазақстанның гидроэнергетика ресурстарын, оларды тиімді жолмен пайдалануды, ірі өнеркәсіп узелдерін (Қарағанды, Жезқазған) сумен қамтамасыз ету үшін Орталық Қазақстандағы өзендердің гидрологиясын, жалпы сеть бойынша жұмыс істейтін орта және кіші көп электр станцияларының күрделі энергетика системасын есептеу әдісін зерттейді.

Физика-математика ғылымдары бөлімшелерінің жоспарында 51 тақырып белгіленіп отыр.

Астрономия және физика институты: Күн системасындағы метеорит материясын зерттеу, актинометрия және атмосфера оптикасы мәселелерін зерттеу, галактиканың құрылысын зерттеу, Сихотэ-Алин метеоритін зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

1947 жылы жаңадан ұйымдастырылған астроботаника секторы 1948 жылы: Марста өсімдік болу мәселесіне байланысты жер бетіндегі өсімдіктердің түрлі биіктіктегі спектрлік шағылыстыру қабілетін зерттеу, өсімдіктің флуоресценциясын зерттеу, люминисценция әдісімен өсімдіктерге инфрақызыл сәуле беруді зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Бұл сектор осы ғылым саласында тек бізде ғана емес, бүкіл дүниежүзінде тұңғыш ғылыми мекеме болып табылады.

Математика және механика секторы 1948 жылы тұрақтылық теориясы мәселесін зерттейді.

Биология және медицина ғылымдары бөлімшесінің ғылыми мекемелерінің зерттеп жатқан 189 тақырыпта: миллиондық масштабта республиканың 16 облысының жер картасы жасалып жатыр, бұл ССР Одағы Ғылым академиясы әзірлеп жатқан бүкіл Совет Одағы картасының тұтас бір бөлігі болып табылады.

Қазақстанда, әсіресе Кен және металлургия өнеркәсіп орындарында физиология, өлкелік, патология, хирургия, неврология және проффессиялық аурулар мәселесі зерттеледі.

Қоғам ғылымдарының ғылыми мекемелері бөлімшелерінің 1948 жылғы жұмыс жоспарында идеология мәселелері жөнінде БК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің тарихи қаулыларында талап етілген қазіргі заманның ғылыми тақырыптарын кең зерттеу белгіленіп отыр.

Қоғам ғылымдары бөлімшесінің жоспарына енгізілген 82 тақырыптың ішінде, ең алдымен, мынадай тақырыптарды атап өту керек болады: «Ерте заманнан алып қазіргі уақытқа дейінгі Қазақ ССР тарихының» түзетілген бір томдығының екінші басылуын аяқтап баспаға әзірлеу, Қазақ ССР тарихының томдығын жасау жолында жұмыс жүргізу, қазақ тілінің академиялық сөздігінің бірінші және екінші томын бітіру, совет дәуірін қамтитын қазақ әдебиеті тарихының төртінші томын аяқтау, орыс, ұйғыр сөздігін жасау, қазақ тілінің терминология

сөздігін жасау, қазіргі заманның қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жасау, ұлы орыс халқы мен қазақ халқы достығының тарихи негіздерін анықтау жөнінде «Абай және орыс классиктері» мәселесін зерттеу.

Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективі жұмыс істеп отырған маңызды мәселелер – міне, осылар. Мұның бәрі ғылыми зерттеу жұмыстарының кең құлаш сермегенін сипаттайды, Қазақстанның жетекші ғылыми мекемесінің ғалымдары халық шаруашылығының жоспарларын орындау жолындағы, таяудағы бесжылдықтардың ішінде экономика жөнінен алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу туралы Сталин жолдастың нұсқауларын жүзеге асыру жолындағы бүкіл халықтық қозғалысқа белсене қатысып отырғандығын көрсетеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының зерттеу жұмысына бағыт беруде және оны өркендетуде партия мен үкімет тарапынан берілген көмек, басшылық шешуші роль атқарды.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті және Қазақ ССР үкіметі академияның кадрларына идеологиялық тәрбие беру және оларды өсіру мәселелері, сол сияқты оның материалдық базасы туралы маңызды қаулылар қабылдады. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 19 пленумы академияның философия, право, экономика, искусство секторларының жұмысын қанағаттанғысыз деп тауып, республикада ғылымның жалпы майданын одан әрі өркендетумен қатар қоғам ғылымдары бөлімшесінің жұмысын жақсарту керек деп тапсырды.

Академияның гуманитарлық ғылыми мекемелерінің тақырыбын қазіргі заманның талаптарына одан әрі жақындату, ғылыми еңбектердің жоғары идеалы болу – қоғам ғылымдары бөлімшесінің ең басты міндеті болып табылады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы республиканың өнеркәсібіне, ауыл шаруашылығына өндірісте қолдану үшін көп ғылыми зерттеу жұмыстарын беріп, зор көмек көрсетті. Бірақ біз бұған жайбарақаттанып отыра алмаймыз. Біз өнеркәсіппен, ауыл шаруашылығымен бұрынғыдан да тығыз байланыс жасап, оларға зерттелген жұмыстардың қорытындыларын үнемі беріп отыруымыз керек, сонымен қатар сол зерттелген материалдардың қолданылуын батыл талап етіп отыруымыз керек.

Қазақ ССР Ғылым академиясы ғылыми коллективі жұмысының жемісті болуы оның партия ұйытқысы болуына байланысты (ғылыми қызметкерлердің 37 проценті коммунистер болып отыр). Бұл коллектив қазақтар мен орыс ғалымдарының берік достығы негізінде топталған. Біз өзіміздің кадрларымызды интернационализм, халықтардың достығы рухында арымай-талмай тәрбиелейміз. Мұндай достық социализм жеңген біздің елімізде ғана болып отыр.

Біз жұмысымызға шолу жасап отырмасақ, жұмысымыздағы кемшіліктерді және қателіктерді батыл сынап, өзара сынды кең өрістетіп отырмасақ, алға басуымыз мүмкін емес. Жданов жолдас творчестволық

искусство болмаған жерде, сын және өзара сын болмаған жерде алға басу да болмайды деп атап көрсетті.

Біздің келешекте жаңа табыстарға жетуіміздің негізгі шарты болған бірден-бір ғылыми методологияны – марксизм-ленинизм методологиясын, Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің ұлы ғылымдарының негіздерін әрқайсымыз меңгеруіміз керек. Біз Сталин жолдастың тамаша сөздерін әрқашан есімізде сақтап келеміз. Ол былай деген болатын: «...Ғылымның барлық саласындағы большевиктер үшін міндетті болған ғылымның, білімінің бір саласы бар, ол – қоғам туралы, қоғамның даму заңдары туралы, пролетариат революциясының даму заңдары туралы, социалистік құрылыстың даму заңдары туралы, коммунизмнің жеңуі туралы маркстік-лениндік ғылым».

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КӨШПЕЛІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Жолдастар!

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Ғылым академиясының бұл сессиясы Батыс Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеу және пайдалану жөніндегі кейбір негізгі мәселелерді қарау мақсатын көздейді. Батыс Қазақстан дегенімізді бұл ретте үш әкімшілік облысының: Гурьев, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының жері деп түсіну керек. Бұл жердің көлемі 710 мың шаршы километрден астам немесе Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының бүкіл жерінің төрттен бірінен сәл артығырақ.

Бұл өте кең аймақ, Франция мен Германияның екеуінің жеріне тең деуге болады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстан патшалықта ең артта қалған отарларының бірі болып, шаруашылық жүйесі өте артта қалған, көшпелі мал шаруашылығы бар, бүкілдей табиғаттың апаттарына тәуелді ел еді. Еңбекші қазақтар екі жақтан бірдей – патшалықтың отарлық саясатынан және жергілікті байлар мен жартылай феодалдардың рахымсыз қанауынан қорлық көрді. Қазақстанның сауатты адамдары ол кезде жоқтың қасында – екі проценттен кем еді, оның үстіне сауатты адамдардың бәрі дерлік қала халқынан және даланың ең ауқатты жағынан шыққан адамдар еді. Қазақстан жерінде ол кезде бірде-бір жоғары дәрежелі оқу орны болған жоқ.

Россия империясының түрлі орталықтарынан кездейсоқ шығып, жол-жөнекей соғып өткен кейбір экспедициялар ғана Қазақстанның табиғаты және халқы туралы болмашы мәліметтер жинайтын. Осы экспедициялар анықтаған кейбір минералдар қоры капиталистік компаниялардың, көбінесе шетел капиталына сүйенген компаниялардың жыртқыштықпен системасыз пайдалануына түсіп отырды. Мысалы, Нобельдің жеке капиталистік компаниясы Ембінің мұнай байлығын пайдаланып келді. Қарағандының көмірін, Орталық және Шығыс Қазақстанның кейбір түсті металл шығатын жерлерін ағылшын-француз капиталы пайдаланып келді. Бұл жеке кәсіпорындарының бәрі жергілікті жұмысшылардың арзан еңбегін рахымсыз қанап және ең бай рудаларды ғана жыртқыштық әдіспен өндіріп, осының есебінен кәсіпорындарының пайдасы молайды деп, жұртты алдап келді. Шынында бұл кәсіпорындарының өнімі өскендігі емес еді. Бұл айланың арқасында тек кәсіпорындарының иелері өз акцияларының құнын көтеріп, пайдаға батып отырды.

Батыс Қазақстан совет өкіметі тұсындағы кен зерттеу жұмыстарының нәтижесінде тек Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Совет Одағы көлемінде аса маңызды экономикалық аудандардың біріне айналып келеді. Оның байлықтары пайдаланылып, өндіргіш күштері онан сайын

зерттеліп меңгерілсе, Совет Одағының қуатты индустриялы ауданына айналатындығы сөзсіз. Сонымен қатар Батыс Қазақстан республикамызда мал шаруашылығы мен балық өнеркәсібі жөнінде жетекші аймақ болып табылады. Батыс Қазақстанның өндіргіш күштерінің көбі қазірдің өзінде жеткілікті дәрежеде зерттелді, бірақ бұл күштердің бірсыпырасы енді ғана анықталып, зерттеліп жатыр. Жайық-Жем бассейнінің жер қойнындағы қоры Совет Одағында және бүкіл дүниежүзінде бірінші орын алмаса да, соған жақын екендігі белгілі. Бірақ, бұл қорларды өндіріске пайдалану, сол сияқты бассейндегі мұнай қорын өндіру қарқыны мүмкіншілікке сәйкес болмай отыр.

Меніңше, бассейнді зерттеп меңгерудің бұл қарқыны өте баяу, мұның өзі бір орында айналшықтау болып отыр. Бұл жөнінде екі пікір болмаса керек. Ембі мұнайын зерттеп, меңгеру ісінде мұнайлы жерлердің алшақтығына байланысты ерекше зор қиыншылықтар бар екенін біз білеміз. Бұл қиыншылықтарды ойдағыдай жеңу үшін ең алдымен оның себептерін терең талдау керек. Бұл қиыншылықтарды жеңу жөніндегі шаралардың жоспарын мұқият ойлап жасап, оны іске асыру үшін табанды большевиктік күрес жүргізуіміз керек.

Батыс Қазақстанда жанатын газдар, жанатын сланец, минерал тұздар және құрылыс материалдары сияқты байлықтар өте нашар игеріліп келеді, тіпті іс жүзінде зерттелмей келеді деуге болады.

Мұнайлы жерлердегі тұзды күмбездердің химиялық және минералогиялық составы толық зерттелмей отыр, ал, осы тұздарда еліміздің халық шаруашылығы үшін өте құнды химиялық заттар болуы ықтимал.

Маңғыстау түбегінің минерал байлықтарын зерттеу жұмысы өте-мөте қанағаттанғысыз болып отыр. Бұл ауданды игеру үшін мүмкіншілік көп, оның порты қатпайды және басқа тасымал жолдары бар. Балық өнеркәсібі және мал шаруашылығы сияқты, халық шаруашылығының алдыңғы қатарлы сатыларында да анықталмаған мүмкіншіліктер әлі көп.

Партия мен үкіметтің қаулысы бойынша еліміздің табиғатын қайта жасаудың бастамасы болып отырған, егінді қорғайтын ағаш егу және су қоймаларын жасау жоспарының Батыс Қазақстан үшін орасан зор маңызы бар.

Егінді қорғайтын басты-басты орман алқаптарының бірі Батыс Қазақстанның жерін кесіп өтетіндігі өздеріңізге белгілі. Мичурин-Докучаев-Вильямс ғылымының негізінде жүргізілетін басқа да негізгі агротехникалық шаралармен қатар жүргізілетін ағаш егу жұмыстары ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына аса маңызды жаңа міндеттер қоятындығы түсінікті. Энергетика, транспорт, қалалардың архитектурасы және көркейтілуі сияқты мәселелердің үлкен маңызы болады.

Батыс Қазақстанның халық шаруашылығын онан сайын өркендету қажеттігіне байланысты осы айтылған мәселелердің бәрі Ғылым

академиясының осы сессиясында ұштастырып шешу үшін талқыланады.

Бұл мәселелерді ғылым адамдары, тәжірибелі мамандар, жаңалық табушылар, халық шаруашылығының түрлі салаларының озаттары, басшы партия және совет орындарының қызметкерлері, сол сияқты тиісті министрліктердің өкілдері бірлікте талқылайтын болады, мұның өзі Батыс Қазақстанның өндіргіш күштерін онан сайын зерттеп игеруге байланысты аса маңызды мәселелердің бәрін шешудің ең дұрыс жолдары мен әдістері табылатындығына жеткілікті кепіл болады.

Бізді, совет адамдарын Маркс–Энгельс–Ленин–Сталиннің ұлы ғылымы жігерлендіріп, жөн сілтеп отырғандығы жұмысымыздың табысты болатындығына кепіл болады.

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы – ұлы Ленин – Сталин партиясы жасасын!

Ұлы ғалым және сүйікті ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталиннің даңқы арта берсін!

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ АКАДЕМИК СӘТБАЕВ ЖОЛДАСТЫҢ СЕССИЯНЫ ЖАБАР АЛДЫНДАҒЫ СӨЗІНЕН

Жолдастар!

Көшпелі сессиямыз аяқталып келеді, сессияға қатысушылар Батыс Қазақстанның өндіруші күштерін зерттеуге және игеруге байланысты негізгі мәселелерді қарап, 6 күн бойы қажырлы жұмыс істеді. Осы алты күннің ішінде сессияның кең мәжілісінде және секциялардың мәжілістерінде 70-ке жуық баяндама тыңдалды. Әрине, бұл 70 баяндама бір-бірін қайталау емес, әрбір баяндама Батыс Қазақстанның өндіруші күштерін өркендетудің негізгі мәселелеріне арналды. Өткен 6 күннің ішінде сессиямыздың қандай күрделі мәселелерді қарап шыққандығын баяндамалардың санының өзі көрсетеді. Бұл мәселелерді қарап талқылауға Батыс Қазақстанның 3 облысының көрнекті инженер-техник қызметкерлері, өндірістің жаңалық табушы озаттары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш облыстың партия, совет және өндіріс орындарының басшы қызметкерлері қатынасты. Баяндамаларды талқылауға одақтық және республикалық министрліктердің өкілдері қатынасты.

Сөйтіп, сессияға қатынасушылардың составы сессияның осы күрделі мәселелер жөнінде қабылдаған қаулыларының терең ғылыми маңызын, екіншіден, зор практикалық маңызы бар екенін, сессия қаулыларын іске асыру үшін берік негіз бар екендігін көрсетеді.

Бұл сессияда Батыс Қазақстанның ғылыми және инженер-техник қызметкерлерінің өскендігі айқын көрінді.

Біз Батыс Қазақстанның өнеркәсіп қызметкерлерінің, ғылыми-зерттеу мекемелері қызметкерлерінің бірсыпыра терең мағыналы баяндамаларын тыңдадық. Водорезов, Куразова, Калинин, Неволин, Беньковский жолдастардың және Батыс Қазақстанның басқа да ғылым, техника қызметкерлерінің баяндамалары орталық қалалардың қандай болмасын трибунасынан айтуға лайықты баяндамалар болды.

Сессия Батыс Қазақстанның кейбір өнеркәсіп орындары басшыларының – Кемпірсай руднигінің директоры Поклонский жолдастың, Донской руднигінің директоры Шлыков жолдастың, Қазақстан мұнай бірлестігінің бастығы Федоров жолдастың, Ендер борат руднигінің директоры Земляков жолдастың және басқалардың өте мазмұнды баяндамаларын тыңдады. Бұл баяндамалар осы басшылардың өздері басқаратын өндіріс салаларының техникасын егжей-тегжейіне дейін толық білетіндігін көрсетті.

Бұл сессияда республиканың жергілікті халқының өкілдері терең мазмұнды ғылыми баяндамалар жасады, мұның өзі өте қуанышты нәрсе. Қарымсақов, Шөкеев, Имашев және басқа жолдастардың баяндамаларының ғылыми дәрежесі өте жоғары болды.

Баяндамаларды сессияның мұқият талқылауы негізінде, мәселені толық қамтитын және нақтылы ұсыныстар қабылданды, бұл ұсыныстарды комплексті түрде негізгі бөлімдерге айырып, біз қазір ғана сессияның қарары ретінде қабылдадық. Сессиямызда қабылданған ұсыныстардың іске асырылуы Батыс Қазақстанның барлық облыстарының экономикасы мен мәдениетін онан сайын өркендетуді қамтамасыз ететіндігі сөзсіз.

Бұл қаулылардың Батыс Қазақстан экономикасын онан сайын өркендетуде айтарлықтай маңызы болады деп үміттенеміз. Бұл қаулылардың ойдағыдай іске асуы біздің мұнан былайғы күнделікті жұмысымызда ғылым мен практиканың ұштасып отыруына байланысты болады.

Жолдастар! Біздің бұл сессиямыз өте маңызды тарихи кезеңде, еліміз соғыстан кейінгі жаңа бесжылдық жоспарды орындап шығатын жылда шақырылды. Ленинградтықтардың шақыруы бойынша еліміздің, оның ішінде Қазақстанның еңбекшілері соғыстан кейінгі бесжылдықты төрт жылда орындауға міндеттенгендігі өздеріңізге белгілі. Сөйтіп, 1949 жылы соғыстан кейінгі жаңа бесжылдықтың аяқталатын жылы болып отыр. Бұл жылы еліміздің халық шаруашылығын онан сайын өркендету жоспарын екінші бесжылдыққа сәйкестеп жасауға байланысты мәселелер күн тәртібіне қойылып отыр.

Сондықтан екінші бесжылдықта істелетін жұмыстарды жоспарлаумен қатар, біз Батыс Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетудің таяудағы үш бесжылдық ішіндегі шеңберін еске алдық.

Сессиямыздың жұмысы осы ерекше кезеңге толық сәйкес болды. Біз өзіміздің қаулыларымызда халық шаруашылығын өркендетудің бір бесжылдық ішінде аяқталмайтын бағыттарын Батыс Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетудің негізгі жоспарына сәйкес белгіледік. Жоспарлаушы ұйымдарымыз Батыс Қазақстанның халық шаруашылығын өркендету жөнінде екінші бесжылдықта, сол сияқты онан соңғы бесжылдықтарда да істелетін жұмыстың көлемін белгілегенде осы сессияның материалдарын пайдаланады деген үміт бар. Сонымен қатар Гурьев облысы үшін 1949 жылдың ерекше маңызы бар, өйткені Ембі мұнайшылары 1949 жылы өз өндірісінің 50 жылдығын мерекелейді. Ембіде мұнай 1899 жылы табылған болатын. Батыс Қазақстанның еңбекшілері, әсіресе, мұнайшылар коллективі бұл мерекені лайықты табыспен қарсы алады, мұның өзі Батыс Қазақстан облыстарының халық шаруашылығын өркендете түсуге нақтылы мүмкіншілік туғызады деп сенеміз.

Ембі мұнайшыларының өз мерекесін лайықты табыспен қарсы алатындығына біздің күмәніміз жоқ, өйткені Гурьев облысының жұртшылығы өзінің ұйымшылдығымен күшті екендігіне біздің көзіміз жетті. Қазақ ССР Ғылым академиясының бұл сессиясының жұмысы мұндай жақсы өтуінің бір себебі, Гурьев облысының басшылары мен еңбекшілері сессияны ұйымдастыру жөнінде бізге үлкен көмек көрсетті. Осыған

байланысты мен Қазақ ССР Ғылым академиясының атынан облыстық партия комитетінің секретары Ғалиев жолдасқа, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің председателі Шарипов жолдасқа, облыстың бүкіл жұртшылығына алғыс айтамын.

Жолдастар, біз Батыс Қазақстанның, оның ішінде Гурьев қаласының экономикасы мен мәдениетінің қаншама өскендігін көріп отырмыз. Мұнда мәдениет бұқараның игілігіне айналып отыр. Осыған байланысты XIX ғасырда Қазақстанды зерттеген ғалымдардың бірі Григорий Силыч Карелиннің Гурьев туралы жазғаны есіме түседі. Ол Гурьевте көп жыл тұрып, осында жерленген. Карелин: «Гурьев – шалғай жатқан шөл дала, барып тұрған надан түкпір», – деп жазған. Гурьев 1917 жылға дейін осылай болып келді. Бір кезде «барып тұрған надан түкпір» болып келген Гурьев қазір Батыс Қазақстанның ірі мәдениет және өндіріс орталығы болып отыр. Гурьевтің мұндай тез өркендеуі біз үшін ерекше, таңғаларлық нәрсе емес. Кең байтақ Отанымыздың қай жерінде де мұндай өсу – дағдылы нәрсе. Маркс – Энгельс – Ленин – Сталиннің данышпандық ғылымы, Ленин-Сталин партиясының данышпандық басшылығы совет халқының экономикасы мен мәдениетін тез өркендету үшін барлық қажетті жағдайларды туғызып отыр.

Ленин-Сталин партиясының данышпандық басшылығымен біз алдағы уақытта да жаңа табыстарға жете береміз!

Ленин-Сталиннің ұлы партиясы жасасын!

Сүйікті көсеміміз ұлы Сталин жасасын!

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының III съезінен IV съезіне дейінгі уақыттың ішінде Қазақстанда ғылым айрықша зор табыстарға жетті. 1946 жылғы 1 июньде құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақстанның толып жатқан ғылыми-зерттеу орындары қатарында ең көрнекті орын алады. Қазақ ССР Ғылым академиясы республикамыздағы ғылыми ойдың ордасы болып отыр. Қазақстанның ғылыми-зерттеу орындары қатарында В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық ғылымдары академиясының Қазақ филиалының зор маңызы бар. 1941 жылы құрылған бұл филиал республикамыздың ауыл шаруашылығын өркендетуге байланысты агробиология ғылымына басшылық етіп отыр.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының III съезінен IV съезіне дейінгі уақыттың ішінде республикамызда ғылымның қандай өскендігін азды-көпті көрсету үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының өркендеуін сипаттайтын кейбір мысалдар келтірейік.

1938 жылы ССР Одағы академиясының Қазақ филиалында 67 ғылыми қызметкері бар 5 сектор ғана болса, қазіргі уақытта Қазақ ССР Ғылым академиясының қарамағында 47 ғылыми мекеме, оның ішінде 17 үлкен ғылыми-зерттеу институты, институтпен теңдес 15 сектор, 10 жергілікті база, республикалық екі музей, республикалық ботаника бағы және басқалары бар. Бұларда аспиранттарды қосқанда, 1400-ден аса ғылыми қызметкер зерттеу жұмысымен шұғылданады.

Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінің өсуімен бірге олардың материалдық базасы да өсті. Ғылым академиясының бюджеті бұған айқын дәлел. 1941 жылы академияның бюджеті 3,7 миллион сом, ал соғыстың ақырғы жылында 21,9 миллион сом болды, 1949 жылы 52 миллион сомнан асады.

Ғылыми кадрлардың өсуі де республикамызда ғылымның өркендеуіне неғұрлым айқын дәлел болып табылады. Қазақстан большевиктерінің III съезінен IV съезіне дейінгі уақыттың ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының системасында ғылыми қызметкерлер 14 еседен аса көбейді, оның ішінде ғылым докторы атағын алған ғалымдар 28 есе (үш адамнан 86 адамға жетті), ғылым кандидаты атағын алған ғалымдар 32 есе (8 адамнан 257 адамға жетті) көбейді.

1938 жылы бізге қазақтан бірде-бір ғылым докторы болмаса, қазіргі уақытта Қазақ ССР Ғылым академиясында ғылым докторы атағын алған 15 қазақ ғалымы жұмыс істейді, олардың ішінде 10 адам Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері, корреспондент-мүшелері.

1939 жылы қазақтан небәрі 3 ғылым кандидаты болса, қазіргі уақытта академияда ғылым кандидаты атағын алған 70-тен аса қазақ ғалымдары жұмыс істейді. Академияның ғылыми кадрлары қатарында қазір ғылым докторы, ғылым кандидаты атағын алған қазақ әйелдері де аз емес. Мұның өзі қатты сүйсінерлік іс.

1938 жылы ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалында аспирантура жоқ еді, қазір Қазақ ССР Ғылым академиясында 388 аспирант, оның ішінде 144 қазақ аспирант жұмыс істейді.

Ғылым академиясында мұндай көп ғылыми кадрларды ең алдымен ҚК(б)П Орталық Комитетінің және Қазақ ССР Министрлер Советінің Қазақстанда ғылымды өркендетуге көрсеткен қамқорлығы арқасында, Бүкілодақтық Ғылым академиясының үнемі көмектесуі нәтижесінде тәрбиелеп өсірдік.

Ғылыми кадрлардың өсуіне сәйкес Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі де барған сайын ұлғаюда. 1938 жылы ССР Одағы Ғылым академиясы Қазақ филиалының қарамағында небәрі 12 экспедиция отряды жұмыс істесе, 1948 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының 148 экспедиция отряды жұмыс істеді. 1938 жылы ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалында небәрі 25 ғылыми тақырып талданса, 1948 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясында 562 ғылыми тақырып талданды.

Елімізде, оның ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясында ғылым Отанымыздың халық шаруашылығының, мәдениетінің және бүкіл мемлекеттік тұрмысының өркендеуімен бірге өсіп, гүлденуде. Индустрияландыру, социалистік ауыл шаруашылығын өркендету, мәдениетті және ағарту жұмысын күшейту мәселелері, сол сияқты, халқымыздың денсаулығын сақтау және әл-ауқатын арттыру мәселелері ғылыммен тығыз байланысты болып, ғылыми негізде шешілуде.

Ұлы Ленин 1918 жылдың өзінде-ақ «РСФСР-дағы ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының жобасы» деген даналық шығармасында озат советтік ғылымды социалистік құрылыстың негізгі мәселелерімен тығыз байланысты етудің іргесін қалады. Бұл шығармада – еліміздің халық шаруашылығын, мәдениетін социалистік негізде қайта құрудың ұлы жоспарында ғылымға жетекшілік қызмет жүктеуді көздеді.

Қазақстанның ғалымдары республикамыздың халық шаруашылығын өркендетуге көп еңбек сіңірді. Мәселен, совет геологтарының еңбегі арқасында Қазақстан хром мен ванадий қоры жағынан қазір дүниежүзінде бірінші орын; мыс, қорғасын, мырыш, күміс, фосфорит және басқа бірсыпыра аса маңызды кендер жағынан Одақта бірінші орын, темір рудаларының қоры жағынан да Одақта алдыңғы қатардан орын алып келеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясы ғалымдарының геология, кен жұмысы, металлургия, энергетика, химия және басқа ғылым салаларындағы зерттеулерінің нәтижелері Қазақстанның индустриялық қуатының өсуіне, республикамыздың бірсыпыра негізгі өнеркәсіп орталықтарының өндіріс жұмысын жақсартуға көмектесті.

Қазақстанның неше алуан және мол байлықтарын – оның жер қыртысын, өсімдіктерін, хайуанатын үнемі зерттеу, пайдалану ісінде де Қазақстанның ғалымдары зор табыстарға жетті. Олар Орталық

Қазақстанның құмды-сазды шөл далаларында ағаштар, жеміс-жидек, овощ егістерін өсіру, өнеркәсіп орталықтарының жергілікті азық-түлік базасын жасау, ағаштар егу жолдарын зерттеп белгіледі, малдың және жабайы хайуанаттың көптеген жұқпалы ауруларына қарсы күресу әдістерін белгіледі. Ондатра сияқты бірсыпыра бағалы аңдарды жергілікті жағдайда бейімдеп өсірді.

Қазақстанның ғалымдары ауыл шаруашылық ғылымдары саласында едәуір табыстарға жетті. Мәселен, егін шаруашылығында мақта, қызылша, әртүрлі каучук өсімдіктер сияқты жаңа техникалық егістерді Қазақстанда өсіру жақсы нәтиже берді. Советтік каучук өсімдіктерінің шыққан жерінің өзі Қазақстан болды.

Мал шаруашылығында Қазақстанның ғалымдары қазақ биязы жүнді қойы және арқар-меринос сияқты қойдың неғұрлым мол өнімді, жаңа тұқымдарын өсірді.

Қазақстанда, оның ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясында медицина ғылымдары да көп өрістетілді. Қазақ ССР Ғылым академиясында зерттеушілер, әсіресе республикамыздағы бірсыпыра жұқпалы ауруларды және жұқпайтын ауруларды зерттеуге, бұл ауруларға қарсы күресу шараларын табуға, сол сияқты, республикамыздың курортология мүмкіншіліктерін, кейбір неғұрлым қауіпті жұқпалы аурулардың табиғи ошақтарын зерттеуге баса көңіл бөлді.

Қазақстанда қоғамдық ғылымдар әсіресе соңғы 10 жылда мықтап өркендеді. Бұл ғылымдардың өркендеуі қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениетінің құрылуына тығыз байланысты болды. Тарих институты Москваның және Ленинградтың басты-басты ғалымдарымен бірге соғыс жылдарында «Қазақ ССР-нің ескі заманнан қазіргі уақытқа дейінгі тарихын» шығарды. БК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша «Қазақ ССР тарихы» екі том көлемінде түзетіліп, толықтырылып екінші рет бастыруға даярланды. Мұның бірінші томы Қазақстан К(б)П IV съезінің ашылу күніне басылып шығады. Осы негізгі міндеттен басқа бұл жылдарда Қазақстанның тарихына арналған бірсыпыра монографиялар мен жинақтар басылып шықты.

Қазақтың тілі мен әдебиетін зерттеуде Қазақстанның ғалымдары ғылыми грамматиканың негіздерін белгіледі, орыс графикасы негізінде қазақ тілінің алфавитін жасады, бастауыш, орта дәрежелі мектептер және жоғары дәрежелі оқу орындары үшін қазақ тілі мен әдебиетінің тұрақты оқу кітаптарын жазды. Қазақ әдебиеті тарихының I томы жазылып болды, бұл том да Қазақстан К(б)П IV съезінің ашылуына жарыққа шығады.

Республикамыздың экономика жағынан неғұрлым маңызды аудандарында Ғылым академиясының көшпелі сессиялары өткізілді. Бұл сессияларға Совет Одағы мен Қазақстанның көрнекті білімпаздары, жоғары дәрежелі оқу орындарының, ғылыми-зерттеу және жобалау

институттарының, өнеркәсіп орындарының, министрліктердің, совет, жұртшылық және партия ұйымдарының өкілдері қатысты. Мұның өзі ғылымды еліміздің халық шаруашылығының қажетіне неғұрлым жақындастырудың ең тиісінше түрлерінің бірі болып табылады.

1947 жылы Өскеменде Ғылым академиясы мен ССР Одағы түсті металлургия министрлігінің біріккен сессиясы өткізілді. Бұл сессия Үлкен Алтайдың неше алуан және мол өндіріс күштерін зерттеудің, пайдаланудың алдағы жолдарын белгіледі.

1949 жылғы январьда республикамыздың мұнай өнеркәсібінің орталығы – Гурьев қаласында көшпелі сессия өткізілді. Бұл сессия Батыс Қазақстанның өндіріс күштерін зерттеу, меңгеру мәселелеріне арналды.

Гурьевтегі сессияда Батыс Қазақстанның өндіріс күштері қаралып, толық зерттелді, геологияны және пайдалы кендерді онан әрі зерттеу мәселелері, Батыс Қазақстанда мұнай шығаруды күшейту мәселелері, химия өнеркәсібін, қара металлургия мен түсті металлургияны, құрылыс материалдары өнеркәсібін күшейту мәселелері, Батыс Қазақстанның көмір, жанғыш сланец кендерін шығарудың келешегі, балық байлығы, жерасты суын пайдалану, энергетика және транспорт мәселелері, мал шаруашылығын, ауыл шаруашылығын өркендетудің және Батыс Қазақстан халық шаруашылығының басқа да сондай маңызды мәселелері қаралды. Биыл Қарағанды қаласында да Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы өткізіледі. Онда Орталық Қазақстанның неше алуан өндіріс күштерін зерттеудің, меңгерудің тиімді мәселелері барлық жағынан толық қаралады.

Қазақстанда ғылымның алдына республикамыздың неше алуан және мейлінше мол жаратылыс байлықтарының бәрін мұнан былай да тездетіп зерттеуге, бұл байлықтарды халық шаруашылығының қажетіне асырудың неғұрлым тыңғылықты әдістерін белгілеуге, сол сияқты еліміздің социалистік экономикасы мен мәдениетінің жалпы өркендеуіне байланысты зор тарихи міндеттер қойылып отыр.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Бұдан кейін Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті академик Қ.И.Сәтбаев сөйледі.

Қазақстан большевиктер партиясының съездері арасындағы есеп беріліп отырған уақыт ішінде, – деді ол, – халық шаруашылығы мен мәдениеттің өркендеуімен қатар республиканың ғылымы да өркендеді. 1946 жылы құрылған Қазақ ССР Ғылым Академиясы осы күні республиканың аса ірі комплектісі ғылыми мекемесі болып отыр, онда 1300 ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлер мен аспиранттар жұмыс істеп жатыр. Өткен 9 жыл ішінде ғылым докторы дәрежесінде білімі бар Академия қызметкерлерінің саны 28 есе, ал кандидаттардың саны 32 есе артты. Қазір бізде ғылым докторлары – 15 қазақ бар. Әсіресе, қуанарлық нәрсе академия коллективі ғылым докторы және кандидаты дәрежесін алған қазақ әйелдерімен жылма-жыл толықтырылып келеді. Академияның өндірістік базасы өсті, институттармен, лабораториялық жабдықтармен, бағалы аппаратуралармен толықтырылды. Осының бәрі ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі мен тақырыптарын едәуір кеңейтіп, тереңдетуге мүмкіндік берді. Егер, 1939 жылы Академияда тек қана 50 тақырып жасалатын болса, өткен жылы – республиканың ғылымы мен халық шаруашылығының негізгі тарауларының бәрін қамтитын 560 тақырып жасалынды.

Республикада ғылымның қарқынды өскенін сипаттайтын Академия жұмысындағы негізгі көрсеткіштерді сипаттай келіп, мұның өзі Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті тарапынан үнемі көрсетілген көмектің нәтижесі екенін айтты. Сәтбаев жолдас бұдан кейін ғылыми-зерттеу мекемелерінің міндеттеріне тоқтады, Қазақстанның халық шаруашылығын барлық жағынан бұдан да дамыту мәселесі көбінесе осы міндеттің ойдағыдай шешілуіне байланысты екенін айтты.

Қорытындысында, Сәтбаев жолдас республиканың марксистік–лениндік теориямен қаруланған ғалымдары Сталин жолдастың – таяу уақыт ішінде біздің Отанымыздан басқа жердегі ғылым табыстарын қуып жетіп, одан анағұрлым басып озу керек деген тапсырмасын орындау ісіне өз үлесін қосатындығына Ғылым Академиясы коллективі атынан сенім берді.

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ 30 ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Совет Одағындағы халықтардың тарихи өркендеуіне жаңадан жол ашты. 1917 жылдың 16 ноябрінде жаңа құрылған Совет үкіметі «Россия халықтарының правосы жөніндегі Декларацияны» халыққа жариялады. Бұл Декларацияда әрбір халықтардың өз билігін, өз тізгінін өзіне емін-еркін беру правосы жарияланды. Онымен қатар әрбір ұлттарға берілген артықшылықтар мен шек қоюшылықтардың қандайы болса да біржола жойылды.

Содан бері 30 жыл өтті. Бұл уақыттың ішінде, Совет Одағының басқа халықтары сияқты, қазақ халқы да өзінің экономикалық жағымен мәдени жағынан әлдеқайда алға басты.

Артта қалған, «бұратана», отар елдің бірі болған Қазақстан, енді гүлденген индустриялы-аграрлы советтік социалистік республикаға айналды. Қазақстан жерінде бүкілодақтық маңызы бар үшінші көмір ордасы – Қарағанды бассейні құрылды.

Балқашта мыс қорытатын, Шымкентте қорғасын қорытатын заводтар салынды. Бұл заводтар күш-қуат жөнінен ССР Одағында бірінші орынды алады. Темір, болат, сирек кездесетін металдар, алтын және тағы басқа сол сияқты бағалы заттарды өндіретін ірі-ірі өнеркәсіп орындары жаңадан құрылып іс жүзіне асырылып отыр.

Қазақстан, ССР Одағының шығыста мал өсіретін негізгі базасы болып есептелініп, алға басқан және механикаландырылған ауыл шаруашылығы мол елге айналды.

Бұрын Қазақстанның бүкіл халқының 2 проценті ғана сауатты, артта қалған ел еді, енді Қазақстан халқының бәрі жаппай сауатты республикаға айналды.

Өткен 30 жылдан ары Қазақстан көлемінде ешбір жоғары дәрежелі немесе арнаулы орта дәрежелі оқу орындары болмаған еді, қазір республикамызда 90 техникум, 23 жоғары дәрежелі оқу орындары бар.

Октябрь революциясына дейін Қазақстан жерінде тек бір ғана көлемсіз ғылыми-зерттеу мекемесі болды. Ол император география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесі еді. Бұл мекеме өзінің шамалы ғылыми-зерттеу жұмысын тек Семей облысының көлемінде ғана жүргізген. Қазақстанның жер үстіндегі және жер астындағы кен байлықтары мен жергілікті халықтарының рухани және заттық мәдениеті жөніндегі шала мәліметтер совет дәуірінен бұрын Россия империясының орталығынан анда-санда шығатын экспедициялардың қорытындысынан ғана алынып отырған.

Октябрь дәуірінен бұрынғы жүргізілген экспедиция жұмыстарының бәрі де тек маршрутты шолу түрде ғана жүргізіп отырған. Сондықтан олар Қазақстанның жер үстіндегі және жер астындағы байлықтары туралы, Қазақстанның халықтары жөніндегі мәліметтерді табанды, түсінікті түрде етіп, толық бере алмаған.

Тек Ұлы Октябрь революциясынан кейін, ел билігі халықтың өз қолына берілгеннің соңында ғана, ғылымды толық дамытуға барлық мүмкіндіктер туды.

1918 жылы В.И. Лениннің жасаған «РСФСР ғылыми-техникалық жұмыстарының жоспарындағы» көрсеткен данышпандық бағытынан кейін ғылыми-зерттеу жұмыстары елімізде күрделі және мақсатты түрде етек алды. Азамат соғысы мен интервенттер соғысы тоқталысымен-ақ дерлік: әсіресе бірінші бесжылдықтардың дәуірінде, Совет Одағының басқа республикаларымен қатар Қазақстанда да ғылыми-зерттеу орталықтары жаңадан құрылып өркендеді. Бұл мекемелердің ғылыми жұмыстары жылдан-жылға етек алып, өрістей берді. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің құрылуына негіз болған, жас совет өкіметінің бұрын артта қалған, Қазақстан сияқты ұлт өлкелерін, екпінді түрде индустрияландыру саясаты болды.

1926 жылы Жезқазғанда «Атбасар түсті металл тресінің» геологиялық барлау бөлімі ұйымдастырылды. Бұл Қазақстанда жергілікті геологиялық зерттеу қызметінің ең алғашқы «тұңғышы» еді. Бұл бөлім Орталық Қазақстанда геологиялық зерттеу жұмыстарын кең түрде қолға алып, алдымен Жезқазған ауданының геологиялық құрылыстары мен кен байлықтарын зерттеуді күшейтті.

1931 жылы «Алтайполиметалл» тресінің жанынан геологиялық разведка бөлімі ұйымдастырылды. Бұл бөлім геолог П.П. Буровтың басшылығымен Кенді Алтайдың полиметалл байлығын ашу жолында тамаша жұмыстар жасады. Сол жылы Қазақтың геологиялық барлау тресі, Қарағанды көмір тресінің жанынан геологиялық барлау бюросы, Қазполиметалл тресінің жанынан геологиялық барлау бөлімі және Балқашстрой тресінің жанынан геологиялық барлау бөлімі ұйымдастырылды. 1931 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру институты құрылды. 1932 жылы ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы ұйымдастырылды да, ол 1938 жылы ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалына айналды. 1933 жылы Ақтөбе никель тресінің жанынан геологиялық барлау қызметі ұйымдастырылды. 1934 жылы Ембі мұнай тресінің жанынан Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясы (ЦНИЛ) ұйымдастырылды. 1941 жылы Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық Ғылым академиясының Қазақстандық филиалы ұйымдастырылды.

Қазіргі уақытта Қазақ республикасында ғылыми мекемелердің түрлі тараулары бар. Ол ғылыми мекемелерге мұрындық болып басшылық көрсетіп отырған, 1946 жылы 1 июньде ашылған, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Ғылым академиясы.

Совет дәуіріндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының қарқыны тұрасында біраз түсінік болу үшін, мысалға, Қазақстан көлемінде тек геологиялық зерттеу мен оның жер қойнауындағы байлықтарын ашу жұмыстарында ғана қазір дербес қырықтан аса геологиялық және

геологиялық-разведка ұйымдары жұмыс істеп жатқанын айта кетелік.

Әрине, менің бұл сөзімде Қазақстандағы жас совет ғылымының жетістіктерінің бәрін бастан-аяқ баяндап, айтып беру түгіл, тіпті оның әрбір жетістіктерінің өзін атап өтуге де уақыт жетпейді. Сондықтан мен соңғы 30 жылдың ішінде Қазақстанда жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының тек кейбір жинақтарын ғана шолып өтпекпін.

Совет дәуірінде картография-геодезия жұмыстары толық жүргізілуінің нәтижесінде, қазір де Қазақстан көлемі екі жүз мыңдық және жүз мыңдық масштабы топографиялық карталармен жеткілікті түрде қамтамасыз етілді. Бұл жұмыстың сондай көлемді екендігін мына мысалдан көруге болады. Қазақстанның жер көлемі 2,7 миллион шаршы километрден астам, бұл көлем бүкіл Германияның, Англияның, Италияның және Жапонияның жерлерін қосып есептегендегіден әлдеқайда артық жатыр. Қазақстанның геодезистері совет уақытында 23 мыңнан астам триангуляциялық пункттерді өлшеді, жер эллипсоидының мөлшері мен бетін дәлдеп білу жөнінде Қазақстан геодезистерінің жұмыстары – бүкіл әлемдік маңызы бар ғылыми еңбектер.

Октябрь революциясына дейін Қазақстанның барлық жер көлемінің шаршысының тек алты проценті ғана маршрутты әдіспен геологиялық съемкаға алынған болатын, бұл жерлердің өзінде тек Қазақстанның шет-бұшақтары болатын.

Қазақстанның геологиялық структурасы Октябрь революциясынан бұрынғы уақытта мейлінше тұрпайы түрде шамаланатын. Бұған, «Россия Географиясының» XVIII томы үшін Сидельниковтың жасаған «Қырғыз өлкесінің геологиялық картасы» айқын айғақ бола алады. Бұл картада Солтүстік және Орталық Қазақстан жерлері үш түрлі бояумен ғана боялған, бұл бояулар тек девон мен третичный дәуірлерін және жасы белгісіз отты тау жыныстарын ғана көрсететін.

Бұрын маршрутты әдіспен зерттеліп келген Қазақстан жерінде 1920 жылдан бастап жоспарлы түрде көлемді геологиялық съемкалау жұмыстары басталды. Басында бұл зерттеу жұмыстары Орталық геология комитетінің күшімен жүргізілді де, кейіннен Қазақстанның өзінің жергілікті геологиялық мекемелерінің қолына көшті.

Қазіргі уақытта Қазақстанның геологиялық зерттеу орындары, одақтас республикалардың ішіндегі ең күштілерінің бірі болып есептелінеді. Олардың қарауында геология және геологиялық разведка жұмыстарына өте маманданған жоғары дәрежелі білімді жүздеген мамандар бар.

Совет дәуіріндегі геологиялық зерттеу жұмысының бір негізгі сипаты – бұл жұмыстың жоспарлы түрде жүруі, тоқтаусыз өсуі және социалистік мемлекеттің мүдделеріне толық қызмет ету.

Совет дәуіріндегі геологиялық зерттеу жұмысының екінші негізгі сипаты – геологиялық зерттеу жұмыстарына ғылымның жаңа методтарын әрі кең, әрі терең түрде қолдану, мысалы, геофизика, оптика,

радиология, спектралдық тағы басқа методтардың кең түрде қолданылуы.

Қазіргі уақытта Қазақстан жерінің 90 проценттен артығы геологиялық картаға түсірілді. Республикамыздың жерінің барлық көлемінің жартысынан артығы геологиялық съемкаға салынып отыр. Қазақстанда геологиялық жолмен зерттелмей, картаға түспей қалған, былайша айтқанда, «мәлімсіз» жерлер Октябрь революциясына дейін 94 процент болатын болса, қазірде 10 процентке ғана түсті деуге болады. Советтік Қазақстанның соңғы 30 жылдың ішінде ірі масштабты геологиялық съемкаға алынған жерлерінің көлемі Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы осы масштабты съемкаға алынған жер көлемдерінен 500 есе артық. Егер Октябрь революциясынан бұрын Қазақстан жері тек қана девон және третичный дәуірлерінің және аздаған карбон және мезозой дәуірлерінің тау жыныстарынан құралған деп шамаланса, Қазақстан жерінің қазіргі геологиялық картасының бетінен осы заманғы геология ғылымына белгілі археозойдан бастап, ең соңғы дәуірге дейінгі барлық системалар мен дәуірлерде жаралған тау жыныстарын көрсететін неше алуан бояуларды табасыз.

Совет геология қызметкерлерінің қамти және жемісті түрде жасалған еңбектерінің арқасында Қазақстанда совет дәуірінде есепсіз мол кен байлықтары ашылады. Соның нәтижесінде Қазақстанды қазіргі кезде кейде Совет Одағының «қазынасы», қоймасы деп атап жүреді. Бұл көркем теңеудің орындалуын мына мысалдардан көруге болады: рудалы және рудасыз кен байлықтары жөнінен Қазақстан қазір жержүзінде бірінші орын алады.

Қазақстанның жерінде көмір байлықтары мол. Бұлардың көпшілігі – тас көмір. Орталық Қазақстандағы Қарағанды көмір алабы қазір Донбасс пен Кузбастан кейінгі Бүкілодақтық үшінші көмір ордасы болып саналады. Ол тек Қазақстан емес, Орта Орал мен оңтүстік Оралдың да күрделі индустриялық орталықтарының отын базасы болып отыр.

Мұнай (нефть) байлығынан да Қазақстан айтарлықтай дәрежелі орында. Октябрь революциясына дейін Қазақстанның Гурьев облысында тек екі промысел ғана шала жұмыс істесе, қазірде мұнайдың шамасы мен өнімі жөнінен Қазақстан Одақта Азербайжан мен РСФСР-дан кейінгі үшінші орынды алып отыр.

Түсті металдар жөнінен Қазақстанды Совет Одағының «қазынасы» деп айту дұрыс сөз.

ССР Одағында, оның бер жағында Қазақстанның өз ортасында мыстың аса күрделі кені – Жезқазған. Жезқазған кендеріне негізделіп, 1928 жылы түсті металдың республикамыздағы тұңғышы – Қарсақпай заводы салынды.

Мыс кені жөнінде Қазақстанда екінші орында тұрған Қоңырат. Бұл кен 1928 жылы ғана табылды. Қазір Қоңырат кенінің мыс байлығына негізделіп құрылған Балқаш заводы, өндіріс көлемі бойынша ССР Одағында ең бірінші орында.

Совет геологтары еңбектерінің арқасында кенді Алтайда сирек кездесетін полиметалл, қорғасын, мырыш шығатын күрделі кендер табылды. Кенді Алтайдың орасан толып жатқан кен байлықтарының негізінде, қазір бірқатар рудниктер мен заводтар жұмыс істеп жатыр.

Совет өкіметінің кезінде зерттеліп ашылған қорғасын кендеріне негіз болған Оңтүстік Қазақстандағы Шымкент заводы өндірістік күш-көлемі жөнінен ССР Одағында бірінші орында.

Екінші бесжылдықтың тұсында Батыс Қазақстаннан хромит пен никельдің күрделі кендері табылды. Қазірде Қазақстан никель байлығы жөнінен ССР Одағындағы алдыңғы орындардың бірін алды. Бұл кендер қазір толық пайдаға асырылып тұр. Мұның арқасында Қазақстан ССР Одағындағы қорытылатын феррохром мен никельдің көлемінде көрнекті орын алып отыр.

Сонымен бірге, Қазақстанда сүрме, қалайы, күміс, висмут, индий және басқа да осы сияқты сирек кездесетін қымбат металдардың кені табылып, кең пайдаланылып жатыр.

Совет өкіметі уақытында Қазақстанда алтын шығаратын ірі өнеркәсіп орындары құрылды.

Отан соғысы жылдарында Қазақстаннан табылған ванадий кендері сан жағынан да, сапа жағынан да Советтер Одағында бірінші орын алды. Мұның жержүзілік маңызы бар.

Марганец байлығы жағынан Қазақстан Советтер Одағында Украина мен Грузиядан кейінгі үшінші орынды алады. Отан соғысының қиынқыстау жылдарында Совет өкіметі уақытында ашылып, зерттелген Жезді марганец Магнитогор металлургия комбинатының жұмысында, Никополь марганецінің орнын толық жабуға шамасы келді де, Совет Одағының Отан қорғау өнеркәсібінің негізгі болатын Магнитогор комбинатының жұмысында соғыс кезінде ешбір олқылық болмаушылығына зор себеп болды.

Совет өкіметі уақытында Қазақстанда табылған темір кендерінің ірі байлықтары тек Қазақстанның негізгі базасы ғана болып отырған жоқ, Өзбекстан жерінде жұмыс істеп жатқан металлургия заводтарында негізгі кен базасы болып отыр.

Химия өнеркәсібінің барлық негізгі салаларын өркендету жөнінде Қазақстан керек шикізаттарға өте бай. Қазақстанда егістік өнімін молайтатын заттардың күрделі кені – Қаратау фосфориттері табылды. Қаратау фосфориттер қоры көптік жағынан және сапа жағынан болсын атақты Хибин апатиттерімен барабар. Бор сияқты қымбатты зат Совет Одағында тек қана Батыс Қазақстандағы Индер көлінен шығады. Қазақстанның тұз байлығында есеп жоқ, бұлардың ішінде ас тұз, глаубер тұзы, мирабиллит тағы басқа неше алуан тұздардың заттары бар. Ол Қазақстандағы Семізбұғы руднигі.

Қазақстан геологтары республикамыздың су байлығын зерттеу жөнінде де зор табыстарға ие болды. Қазақстандағы өнеркәсіп

орындарының барлығы және де келешекте салынбақшы болған өнеркәсіп орындары, сонымен қатар республикамыздың барлық күрделі ауыл шаруашылық аудандары, су қажеттілігі жағынан қазір де қамтамасыз етілді деуге болады.

Совет өкіметінің 30 жылдық мерекесінің қарсаңына совет геологтарының Қазақстан жерінен тапқан минерал байлықтар жөніндегі табыстарының қысқаша қорытындысы осы. Бұл байлықтарды пайдалана бастаудың арқасында Қазақстан қазір қуатты индустриялық-аграрлық Советтік Социалистік Республиканың біріне айналып отыр.

Қазақстанның жер бетін, оның топырағын, өсімдіктері мен аңдарын зерттеу және пайдалану жөнінде де Қазақстанның ғылыми қызметкерлері совет дәуірінде зор табысқа ие болып отыр.

Қазақстанның топырақ зерттеуші ғалымдары қазірде Қазақ республикасының барлық 16 облыстарының да миллиондық масштабты топырақ қарталарын жасап бітірді. Қазірдің өзінде-ақ Орталық Қазақстанның шөлінде орын алған бірқатар ірі индустриялық Жезқазған, Балқаш сияқты орталықтар өз жандарынан ағаш, жеміс және овощь шығару жақтарынан қамтамасыз етілу жолында көп табыстарға жетіп отыр.

Қазақстанда жаңадан құрылған ғылымның жас саласы топырақ микробиологиясының да бірқатар тамаша ғылыми табыстары бар.

Қазақстанның ботаниктері мыңдаған өсімдік шөптердің түрлерін зерттеп, олардың іштерінен көптеген бұрын ғылымға мәлімсіз өсімдіктердің жаңа түрлерін тапты. Осындай Қазақстанда бірінші табылған ғылымға жаңа өсімдіктердің бірі, қазір де бүкіл ССР Одағында, резина өндірісіне негіз болып отырған көксағыз бен таусағыз, онымен қатар Қазақстанның тағы флора өсімдіктерінің ішінен көптеген шаруаға пайдалы өсімдіктер табылды: бояу болатын, тері илейтін, дәрі-дәрмекке жарататын, тамақ болатын, витамин беретін, сабын шығаратын және солар сияқты басқа өсімдіктер.

Қазақстанның өсімдік картасы жасалды. Қазақ ССР Ғылым академиясының ботаника институтының гербарийінде қазірде 50000-нан артық өсімдік жинақтары бар; мұның ішінен республикамыздың жеріндегі барлық өсімдік түрлерінің 75 процентін табуға болады. Бұл гербарий – Қазақстан жерінен табылған жаңа өсімдіктердің тұңғыш рет ғылым жүзіне түскен, зерттелген және сақталған «қарашаңырағы».

Қазақ ССР Ғылым академиясының Ботаника институтының ғалымдары қазірде бірталай пайдалы тағы өсімдіктерді егілетін етіп, онымен қатар ССР Одағының басқа республикаларында, тіпті дүниежүзіндегі басқа елдерден өсетін көптеген пайдалы өсімдіктерді Қазақстанға әкеліп, халық шаруашылығына жарату жөнінде көп жұмыс жүргізіп жатыр. Қазақстан Академиясының Алматы қаласындағы Ботаника бағы ССР Одағымен және бүкіл дүниежүзіндегі 400-ден аса өсімдіктерді зерттейтін ботаника мекемелерімен қазірде үнемі ғылыми байланыс жасап, түрлі өсімдіктердің тұқым қорын алмастырып тұрады.

Қазақстанның көп түрлі хайуанаттарын (фаунасын) зерттеу жұмысын зоологтеріміз күрделі түрде қолға алды. Олар қазір республикамызда ауланатын аңдар мен құстардың атлас картасын жасады. Қазақстанның балықтар мен паразит фаунасы көңілдегідей зерттелуде, сонымен қатар Қазақстанда өткен дәуірлерде мекен еткен, қазір мүлде жоғалған хайуанаттарды (палеозоология) зерттеу қолға алынды.

Қазақстанның ауыл шаруашылық жөніндегі ғылыми жұмыстары да едәуір табыстарға ие болды. Бұған дәлел, республикамызда қазір өсіп-өніп тұрған мақта, қызылша, каучук тағы сол сияқты түрлі техникалық өсімдіктер. Қазірде советтік Қазақстан осы өсімдіктерді өсіріп өндірудің жолында. Бұл жөнінде диханшылықты күшейтіп, молынан өнім алуға. Каучук өсімдіктерінің туған жері біздің Қазақстан екенін жоғарыда айтқанбыз.

Мал шаруашылығы жөнінде, әсіресе малдардың жаңа тұқымдарын шығаруда (алдымен қой мен ешкі тұқымдары), мал басын өсіру жөнінде, оның ішінде қой малының басын өсіруде, онымен қатар республикамыздың мал шаруашылығын өркендету жолындағы маңызды аудандар мен облыстардың жеріндегі азық шөп қоры мен су байлығын зерттеу жұмысында, Қазақстанның ғалымдары көзге түсерлік табыстарға ие болып отыр. Қазақстанның миллиондаған малының басы қазірде социалистік құрылысының негізіне сәйкес асылдану жолында мейлінше етек алулы.

Қазақстанда ғылымның медицина-биологиялық саласы да қазір кеңінен өріс алып отыр. Бұл салаларда көбінесе зерттеліп жатқан бруцеллез, безгек, бұғақ кеселі, энцефалит сияқты аурулар. Қазақстанда кездесетін аурулармен күресті мейлінше күшейтудеміз. Бұлармен қатар өндіріске байланысты силикоз, қорғасын интоксикациясы сияқты аурулармен, тағы басқа аурулармен күресу шаралары қазір қолға қатты алынып отыр.

Қазақстанда қазір астрономия, физика ғылымдары да көрнекті түрде дамуда. Бұған Қазақстанның ауа райының оптикалық қасиеттерінің тұрақтылығы, бұлттың аздығы және бұлтсыз ашық күндерінің көптігі, әсіресе Оңтүстік Қазақстанның таулы аудандарында Күн көзінің көбінесе ашық болуы, түнгі аспанның тереңдігі сияқты өте қолайлы түрлі табиғи жағдайлар да зор себеп болып тұр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академик В.Г. Фесенков пен Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі Г.А. Тихов басқарған Астрономия және физика институты қазір ССР Одағының астрофизика мекемелерінің ішінде құрметті орын алып отыр. Ұлы Отан соғысының кездерінде бұл институт Совет Одағындағы астрономия ғылымының орталығы болды деуімізге болады. Әлем құрылысының теориясын, атмосфераның негізгі оптикалық қасиеттерін, Күн мен планеталардың, әсіресе Марстың, астрофизикалық қасиеттерін зерттеу жөнінде институт бірсыпыра көрнекті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасады. Марс

планетасындағы болжанатын өсімдіктер мәселесіне байланысты, жер бетіндегі өсімдіктердің кейбір арнаулы қасиеттерін зерттеу жөніндегі Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі Гавриил Андрианович Тиховтың еңбегі, шынында, дүниежүзіне жаңа ғана туғалы отырған астроботаника ғылымының негізі, іргесі есебінше. Бұл жаңа ғылым, сонымен біздің Қазақстаннан туып отыр. Қазір Ғылым академиясының Астрономия және физика институтының ғылыми қызметкерлері, сол институт директоры академик Василий Григорьевич Фесенковтің басшылығымен атақты Сихотэ-Алин метеоритін іздеп табу, зерттеу жұмысында да күрделі еңбек жасады.

Қазақстандағы су энергетикасы мен бу энергетикасының байлықтарын зерттеуде, сол байлықтарды халық шаруашылығына пайдаланудың тиісті әдістерін анықтау жолдарында да Қазақстанда бірсыпыра жұмыстар жасалды. Қарағанды бу электрстанциясы мен Балқаш бу электрстанциясы, Ертістегі салынып жатқан су электрстанциясы қазір терең түрде зерттелініп жатқан үлкен Алтай, Іле, Сырдария сияқты маңызы зор энергетика проблемалары – Қазақстан энергетиктерінің айтарлықтай маңызды еңбектерінің бірі.

Қазақстанда кен шығару өндірісін дамыту жолындағы ғылыми зерттеушілердің де бірсыпыра айтарлықтай табыстары бар. Орталық Қазақстанның мыс кендерін, Алтайдың полиметалл кендерін, Қарағанды көмір алыбын нәтижелі жолмен ашуда, пайдалы системалармен кенді жер бетіне шығаруда, Қазақстанның кен зерттеуші ғалымдары көп еңбек сіңірді.

Қоғамдық ғылымдар жөнінде де Қазақстанның қазірде айтарлықтай жетістіктері аз емес. Қазақстанның тіл және әдебиет ғалымдарының басшылығымен орыс графикасына негізделінген қазақтың жаңа алфавиті жасалды. Қазақ халқының орасан бай фольклоры, оның толып жатқан неше алуан батырлық және лирикалық эпостары да жиналып, зерттелуде. Совет өкіметінің кезінде ғана халық творчествосының қайнар бұлағының көзі ашылып, Жамбылдың және басқа халық ақындарының жаңа күшпен шырқаған әсем өлеңдері бүкіл Совет Одағына тарады. Қазақ тілі грамматикасының ғылыми негізі жасалды; орыс-қазақ сөздігі басылып шықты. Тарихи маңызы бар жерлерде, әсіресе, оңтүстік және Орталық Қазақстанда археологиялық ескілік мұраларды қазып зерттеу жұмыстары да жүргізілді.

Қазақстанның бай музыкалық фольклорын жинау және оны ғылыми зерттеу жөнінде де көп жұмыстар істелді. Қазақ халқының 1500-дей өлеңдері мен күйлері тек совет заманында ғана бірінші рет баспада басылып шығып отыр. Дүниежүзі мәдениетінің аса көрнекті өкілі Ромэн Роллан сияқты атақты адамдар қазақ өлеңдеріне ерекше маңыз берді. Қазақтың музыкалық фольклорына негіздеп, Қазақстанның композиторлары «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Біржан-Сара» және тағы солар сияқты опералар мен көптеген музыкалық басқа шығармалар жазды.

Отан соғысының қызу кезінде – 1943 жылдың өзінде-ақ Қазақстан тарихшылары «Ерте замандардан бастап бүгінгі уақытымызға дейінгі Қазақстан тарихы» атты үлкен көлемді кітаптың айналасында еңбек етіп, кітап жарыққа шықты. Бірақ кітаптың бастапқы басылуында идеологиялық, методологиялық және ұлтшылдыққа бұрмалау қателерімен шықты. Бұл қателерді ҚК(б)П Орталық Комитеті көрсетті. Қазір кітаптың екінші басылуында ҚК(б)П Орталық Комитеті мен қазақстандық партия баспасөздерінің көрсеткен қателері жөнделіп, әбден дұрысталып, баспаға даярланды.

Қазақстанда совет ғылымының өсуі мен гүлденуінің ең айқын белгісі қазір республикамыздағы ғылымның орталығы болып отырған 1946 жылғы 1 июньде ашылған Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Ғылым академиясы.

Қазақ ССР Ғылым академиясының қарамағында қазіргі уақытта 42 ғылыми-зерттеу мекемелері бар. Бұл мекемелер осы заманғы ғылымның негізгі тарауларының бәрін де қамтиды. Қазақ ССР Ғылым академиясында 17 ғылыми институт бар. Олар: геология, кен шығару, химия, металлургия, отқа шыдамды заттар мен құрылыс заттарын зерттеуші, энергетика, астрономия және физика, топырақ зерттеу, ботаника, интродукция және шөл даланы меңгеру, зоология, эксперименттік биология, физиология, өлкелік паталогия, эксперименттік және клиникалық хирургия, тарих, археология және этнография, тіл және әдебиет институттары; бұлардан басқа Қазақ ССР Ғылым академиясында 10 сектор бар. Олар: философия, математика және механика, география, астро-ботаника, экономика, право, көркемөнер тану, архитектура, транспорт, микробиология және вирусология, кәсіпке байланысты ауруларды зерттеумен гигиена, антисейсмика (жер сілкінуге), берік құрылыс жолдарын зерттеу секторлары; бұл секторлар да келешекте өз алдына жеке институттарға айналмақшы. Академияның қарамағында Алматыдағы Республикалық ботаника бақшасы мен геологиялық музей бар. Бұлардан басқа Академияның жер-жерге таралған стационар, ғылыми-зерттеу 10 базалары бар. Олар Қазақ республикасының Қарағанды, Жезқазған, Гурьев, Лениногор және басқа солар сияқты аудандарда ғылыми зерттеу жұмысын жүргізіп отыр.

ССР Одағы Ғылым академиясының қазақ филиалының негізінде құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясының жұмысы мен кадрлары кейінгі алты жылда, әсіресе Отан соғысы жылдары мен соғыстан кейінгі жылдарда қарқынды түрде өскендігін айтып кетуге тура келеді.

Соңғы 6 жылдың ішінде Қазақстанның Ғылым академиясының ғылыми кадрлары 7,8 есе, оның ішінде ғылым докторлары мен профессор кадрларының саны 10,5 есе, ғылым кандидаттары мен доценттердің саны 8 есе, аспиранттардың саны 9 есе өскендіктерін көреміз.

Республикамыздың жергілікті халқы – қазақ ғылыми кадрларын даярлау жөнінде көп жұмыс істелді. Өткен 6 жылдың ішінде

Академиядағы ғылым докторы мен ғылым кандидаты деген атағы бар қазақтардың саны 16,4 есе, аспирант қазақтардың саны 19 есе өсті.

Сонымен бірге, Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми кадрларының арасында қазірде ғылым жолын ойдағыдай меңгеріп алған қазақ әйелдері де бар, үйткені Академияның барлық кадрларының 24,8 проценті әйелдер. Сондықтан бұл да айтарлықтай қуанышты істің бірі. Қазақ ССР Ғылым академиясында қазірде қызмет істеп жүрген ғылым докторлары мен кандидаттардың жалпы санының 42,8 проценті БК(б)П мүшесі, яки кандидаты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективінің көпшілігі партияның және халықтың жолына шексіз берілген таза адамдар деп айта аламыз. Олар өздерінің барлық білімдері мен күш-қуаттарын Отанымыздың коммунизм құру ісіне аянбай беретін адамдар деп білемін.

Keң байтақ жері бар, табиғи байлықтары мол, әлі де жете зерттелмеген Қазақстан сияқты республикада ғылым жұмыстарын барынша өрістетуге жалпы мәдениеттік іс бола тұрса да, ССР Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының аз жылда осындайлық өсіп-өркендеуіне көбінесе себеп болған Академияның өзінің жұмыстарын дұрыс бағытқа қоя алғандығы. Бұл жылдардағы Академияның ұстаған бағыты Қазақстанның түрлі табиғи байлықтарын күрделі түрде зерттеу, сонымен соғыс жылдарындағы майдан мұқтаждарын қамтамасыз ету, соғыстан кейін жаңа бесжылдық кезінде, Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендету шараларын зерттеу негіздері болды.

Қазақстанның Ғылым академиясының коллективі бүкіл совет ғылымымен бірге аяқ басып келуде, Бүкілодақтық Ғылым академиясының президенті академик С.И.Вавиловтың сипаттауы бойынша, «совет ғылымының негізгі ерекшеліктерінің бірі, ғылымды социалистік мемлекетіміздің керегіне жұмсау, бейімдеу. Соғыс пен сталиндік бесжылдықтардың заманы, – дейді академик Вавилов, ғалымдардың жаңа мектебі болып табылды. Олар, ең маңыздыны – екінші дәрежедегіден, мемлекеттік тапсырманы «таза ғылым» дейтіннен айыра алудың керектігін үйретті».

БК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақстан большевиктерінің коммунистік партиясы Орталық Комитетінің және ССР Одағы Министрлер Советі мен Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Министрлер Советінің үнемі жасалған қамқорлық басшылықтарының арқасында, Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми жұмыстары тура бағыт алып өсуде. Академияның кадрларын идеологиялық тәрбиелеу және оның материалдық базасын нығайту мәселелері жөнінде Қазақстан большевиктерінің Коммунист партиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР үкіметі талай рет маңызды қаулылар алды. Бұл қаулылардың іс жүзіне асырылуы Қазақ ССР Ғылым академиясының өркендеу жұмысына зор көмек көрсетті және көрсетуде.

Республикамызда Ғылым академиясымен тетелес келе жатқан ірі және күрделі ғылыми-зерттеу мекемесі – Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық ғылым академиясының қазақстандық филиалы. Ол 1941 жылы құрылды. Осы күні оның системасында: Қазақстан территориясына тең бөлінген 11 тәжірибе станциясын, 10 тәжірибе даласын, 17 тәжірибе пунктін және эксперименттік 6 базаның басын құраған – жер шаруашылығы, мал шаруашылығы, мал дәрігерлік және ауыл шаруашылық атты 4 институты бар. ВАСХНИЛ филиалының кадры қазірдің өзінде бірнеше жүзге жетті; олардың көпшілігі доктор, кандидат деген ғылыми дәреже алған оқымыстылар. Ғылыми қызметкерлердің ішінде доктор, кандидат дәрежесін алған қазақтар саны да басым.

Республикамыздың ірі ғылыми-зерттеу мекемелерінен басқа Қазақстанда зерттеу жұмыстары қазір де тағы көп орындарда жүріп жатыр. Ол орындар: жоғары дәрежелі оқу орындары, көптеген геологиялық партиялар мен Одақтық және республикалық министрліктер мен мекемелердің кәсіпорындарының заводтық лабораториялары. ССР Одағы Ғылым академиясының басшы институттарының шығаратын экспедициялары, Бүкілодақтық Ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу институттарының тәжірибе станциялары мен сорт сынау участкелері солармен қатар, социалистік Қазақстанның өнеркәсібінің ауыл шаруашылығы мен мәдениетінің көптеген озаттары мен жаңалық бастаушылары.

Техникада, агрономиялық ғылымдарда, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында жаңа жол салған, кен комбайнын шығарған Макаров, тарыдан дүниежүзіндегі ең көп түсім алған Шығанақ Берсиев, егіннен ең жоғары түсім алу ісінде жаңа жолдар салушы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Ыбырай Жақаев пен Ким Ман-Сам, Социалистік Еңбек Ері Герасимов сияқты атақты озат адамдарын Қазақстан қашанда болсын мақтаныш етеді.

Совет өкіметінің 30 жылдық даңқты мерекесінің құрметіне Қазақстанда ғылымның барысы жөніндегі кейбір табыстарымыздың қысқаша қорытындысы, міне, осындай.

Әрине, Қазақстанның ғалымдары қолы жеткен қазіргі табыстарға ғана ие болып, жылжымай тұрып қалмайды. Алдымызда кезек күттірмейтін, республикамыздың толып жатқан табиғи қорларын терең түрде зерттеуді, сол байлықтарды орын-орнымен пайдалануды талап ететін міндеттер тұр. Сонымен қатар, онда тұрушы халықтардың рухани және заттық мәдениетін бұдан да ары өркендетумен байланысты көптеген ғылыми-зерттеу проблемалары тұр. Ал жаңа бесжылдықты төрт жылда орындау мақсаты да Қазақстан ғылымдарынан күш, қайрат, еңбек талап етеді.

Еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетін бұдан былай да зор дәрежеге өркендете беруіміз керек екендігі айқын. Аянбай жасаған бұрынғы еңбегінің үстіне әлі де творчестволық батыл еңбек жасаудың

ерекше маңызды және аса қажет екендігін Қазақстанның ғалымдары мен бүкіл интеллигенциясы толық түсінеді.

Біздің ғалымдарымыздың Советтік Қазақстанның өркендеуіне сіңірген еңбектері қазірдің өзінде де аз емес. Қазақстанның ғалымдары мен бүкіл интеллигенциясы келешекте де өз республикасының Совет Одағының халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендетіп, жаңа шыңдарға шығару ісіне барлық күш-қайраты мен білімін беретіндігі айқын.

Жолдастар! Советтік Қазақстанның ғылым мен мәдениет жолында өткен 30 жылдың ішіндегі тамаша табыстары коммунистік партияның данышпан басшылығының, орыс халқы ғалымдарының Қазақстанға үнемі берген туысқандық жәрдемінің нәтижесі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми жұмысын өркендету, өрістету жөнінде ССР Одағы Ғылым академиясының орны ерекше зор. Қазақ ССР Ғылым академиясын құруға көп көмегін тигізген академик Владимир Леонтьевич Комаровтың жарқын бейнесін Қазақстан ғалымдары қашанда болсын естен шығармайды. Қазақстан ғалымдары совет ғылымының маңдай алды бас штабы – Одақ Ғылым академиясымен келешекте де тығыз байланыс жасап отырмақ.

Қазақ халқының экономика мен мәдени табыстары, Совет Одағының басқа халықтарының табыстары сияқты, Совет Одағындағы халықтардың идеялық беріктігінің нәтижесі. Бұл Ленин мен Сталиннің кемеңгер басшылығы арқасында халықтар арасында мызғымас туысқандық, достық орнатқан дана ұлт саясатының жемісі екендігі айқын.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА БОЛҒАН КӨШПЕЛІ ҒЫЛЫМИ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН КІРІСПЕ СӨЗІ (16 июнь күнгі пленарлық мәжіліс)

Кеше, Қарағандыда Қазақ ССР Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы өзінің жұмысын бастады. Сессия Орталық Қазақстанның өндірістік күштерін зерттеп, оны меңгеру мәселелеріне арналған.

Сессияның жұмысына Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттері мен ғылыми қызметкерлерінен басқа, Москваның, Ленинградтың, Свердловскінің және Совет Одағының басқа да өнеркәсіп орталықтарының ғалымдары, республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының басшы қызметкерлері қатысуда. Сессияның жұмысына қатысушылардың ішінде ССРО-дағы Ғылым Академиясының вице-президенті академик И.П.Бардин және ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретары Ғ. Қаржаубаев жолдастар бар.

Сессияны Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті академик Қ.И. Сәтбаев кіріспе сөз сөйлеп ашты.

– Біздің ұлы Отанымыз, – деді президент Сәтбаев жолдас, – соңғы отыз жылдың ішінде өзінің экономикасы мен мәдениетін өркендетуде алып адыммен алға басты. Царизмнің кешегі артта қалған отарлары қазір гүлденген республикаларға айналып отыр. Мұндай республикалардың қатарына индустриялы-аграрлы елге айналған біздің Қазақстан да қосылады. Бұл сияқты ұлы өзгерістерді Орталық Қазақстанның аудандары үлгісінен ерекше айқын көруге болады. Өйткені, мұнан аз-ақ уақыт бұрын Орталық Қазақстан тіпті айқын түсірілген карталардың өзінде белгісіз бір нүкте болып қана көрінетін еді, тек орыс зерттеушілері мен ғалымдарының бірлі-жарым маршрутты саяхаттарынан ғана көрінетін еді. Қазір сол Орталық Қазақстан – Совет Одағының, тек ұшан-теңіз потенциалды күш-қорлары ғана емес, сонымен қатар социализмге қызмет ету жолына қойылып отырған байлықтары бар ірі өнеркәсіп орталығы болып отыр. Біз қазір сіздермен бірге Совет Одағындағы ең жас облыстық қала – Қарағандыда бүкіл совет жеріне даңқы шыққан қалада жұмыс істеп отырмыз, бұл біз үшін үлкен абырой.

Алайда, Орталық Қазақстан аудандарының бұл күмәнсіз, орасан зор табыстары, оның байлықтарын біздің әлі де болса толық зерттеп біле алмай отырғанымызды бүркеп қала алмайды. Біз қазір осы аудандардың жаңадан қуатты жолмен өркендей бастаған дәуірінде, көсеміміз Сталин жолдастың 1946-жылғы 9 февральда Москваның сайлаушылары жыйылысында сөйлеген тарихи сөзі туғызған өркендеу дәуірінде отырмыз деп айтуға болады, ұлы көсеміміз бұл сөзінде Совет Одағының экономикасын онан әрі дамытудың ұлы жоспарын жасап берген болатын.

Қазіргі негізгі міндет – осы айтылған міндеттерді орындау үшін ғылым адамдары мен тәжірибелік іс адамдарының барлық күшін біріктіре

жұмсау болып табылады. Біз Орталық Қазақстанды дамыту проблемасын комплексті жолмен талдап зерттегенде ғана, ғылым мен практиканың және өндірістің күшін біріктіргенде ғана өндірістік күштерді онан әрі қарыштап өркендету міндеттерін ойдағыдай шеше аламыз. Орталық Қазақстан шойын мен болат жөнінде қазір Совет Одағының ең қуатты базасына айналып отырғанын естен шығармау керек. Орталық Қазақстанның түсті металл мен көмір шығару жөніндегі қоры жұртқа мәлім.

Осы айтылған орасан зор міндеттерді шешу ісіне біздің жұмысымыз үлкен үлес қосады деген сенім білдіріп, Орталық Қазақстанның өндірістік қуатын зерттеп, оны меңгеру мәселелеріне арналған Қазақ ССР Ғылым Академиясының көшпелі сессиясын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының вице-президенті С.К. Кеңеспаевтың сессияның құрметті президиумына көсеміміз және ұстазымыз, ғылым корифейі И.В. Сталин жолдас бастаған БК(б)П Орталық Комитеті Саясаттық бюросының мүшелері сайлау туралы жасаған ұсынысын Сессияға қатысушыларды қол шапалақтаумен қарсы алды.

Қазақстан К(б)П Қарағанды облыстық комитетінің секретары Т.И. Абабков жолдас «Орталық Қазақстанның өндірістік күштері және оны зерттеп, меңгеру мәселелері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Орталық Қазақстанға алты облыс – Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары кіретіндігін көрсете келіп, баяндамашы сессияға қатысушыларға бұл орасан зор көлемді аудан солтүстіктен оңтүстікке қарай 1000 километр, батыстан шығысқа қарай 1400 километр жерді қамтитындығын айтты. Осындай орасан зор көлемді жерде қазақ халқы ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен большевиктік партияның басшылығы арқасында қуатты индустриялы орталықтар жасады. Орталық Қазақстанның өндірістік күштерін дамыту ісі оны қазіргісінен әлденеше есе арттыру міндетін алға қою дәрежесіне жетіп отыр.

Қазіргі қолда бар материалдық-техникалық база мен отын қоры өндірістік күштерін мұнан былай да дамыту жолымен шапшаң алға басуымызға мүмкіндік береді.

Баяндамашы көмір, темір, мыс рудаларының, полиметалл мен сирек кездесетін және басқа металдардың кейбір кен орындарын сипаттай келіп, бұлардың зерттеліп, ашылған запасының іс жүзінде өте бай екендігін дәлелдеп көрсетті. Егер бұған қуатты энергетиканың қайнар бұлағын және жергілікті жердің өзінен тауып алуға болатынын құрылыс материалдарының бай резервтерін қосатын болсақ, онда Орталық Қазақстан аудандарының индустриясын шапшаң өркендетуге барлық объективті жағдай бар деуге болады. Егер Сибирь магистралының Павлодарға келіп тірелетін кішкене бір тарауын қоспаған болсақ, онда Орталық Қазақстанда бұрын теміржол атымен болмаған еді, ал, қазір теміржолдың жалпы көлемі 2500 километрге жетіп отыр. Мұның өзі

Орталық Қазақстан аудандары мен республиканың басқа облыстары арасында және бүкіл Совет Одағымен бірге берік және сенімді транспорт байланысын жасауға жол ашып отыр.

Сонымен қатар, Орталық Қазақстанның ауыл шаруашылығын да онан сайын өркендете беру үшін берік индустриалды-техникалық база жасалып отыр.

Міне, осының бәрі, тұтас алғанда, ғылым адамдары мен тәжірибелік іс қызметкерлерінің алдына көмірді, болатты, мысты, астықты неғұрлым жедел көбейту, мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау міндетін қояды. Баяндамашы жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өнімдерін молайту, бұрынғы шөлді облыстар аталған жерде пайда болған индустриалды Орталықтардың төңірегінен огород-жеміс егістерін жасау қажет екендігін атап көрсетті.

Бұдан әрі баяндамашы қазір шешуді күтіп отырған және Қазақ ССР Ғылым Академиясының ерекше назарын аударатын негізгі мәселелерді айтты.

Мұнан кейін, Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі, қарт геолог Н.Г.Кассин «Орталық Қазақстанның геологиясын зерттеудің жайы және оның негізгі мәселелері туралы» деген тақырыпта баяндама жасады.

Геология-минералогия ғылымдарының докторы А.И.Егоров «Орталық Қазақстанның көмір қоры және ССР Одағының халық шаруашылығын өркендетудегі оның орны» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамашы көмір кендерінің запасы жөнінде Қазақстан қазір Совет Одағында (РСКСР-дан кейін) екінші орын алады деді. Қазақстанда көмірді жер бетінен ашық әдіспен өндірудің ара салмағы таяу жылдардың ішінде шұғыл артқалы отыр. Мұның маңызы айрықша зор. Өйткені, көмірді ашық әдіспен қазып алу анағұрлым арзанға түседі және оны қазуда көп жеңілге түседі. Сонымен қатар мұның өзі көмір өнімін шапшаң арттыруға мүмкіндік береді.

Баяндамашы Орталық Қазақстанның көмір мәселесін комплексті жолмен шешудің қажеттігін баса айтты. Таяудағы жылдардың ішкі көмір өнімін шұғыл арттыру ісіне байланысты, күрделі комплекс жұмыстар Қазақстан геологтары мен кеншілері тек ұйымдасып, келісіп істегенде ғана орындалады.

Мұнан соң, Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрі А.Д.Дауылбаев «Орталық Қазақстан көлемінде егін кәсібін өркендету жұмысының жайы және оның болашағы» деген тақырыпта баяндама жасады.

Геология-минералогия ғылымдарының докторы У.М.Ахмедсафин «Орталық Қазақстанның жер астындағы сулары» деген тақырыпта баяндама жасады.

Сессия өзінің жұмысын жүргізуде, бүгін оның секцияларының мәжілістері болады.

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ АЙБЫНДЫ МІНДЕТТЕРІ

Жолдастар! Көшпелі сессиямыз өзінің жұмысын аяқтап отыр.

Осыдан үш-ақ жыл бұрын құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясы республикамыздың аса маңызды аудандарының өндіргіш күштерін зерттеп, игеру мәселелеріне арналған өзінің көшпелі сессиясын осымен үшінші рет өткізіп отыр.

Жас Ғылым академиясы мұндай көшпелі сессияларды өткізгенде, оны неге сүйеніп өткізбек болды? Бұл сессияларды өткізгенде, оның ұстаған аса маңызды жолы – И.В.Сталин жолдастың 1946 жылғы 9 февральда сөйлеген сөзінде берген тарихи нұсқауы болды. И.В.Сталин өзінің бұл сөзінде капиталистік елдерді ең таяу жылдардың ішінде экономика жағынан басып озу үшін елімізді онан әрі дамытудың негізгі міндеттерін белгілеп берді. Сөйтіп, бүкіл совет халқының алдына еліміздің халық шаруашылығын бұрын-сонды болмаған дәрежеде дамыту міндеті қойылды.

Бұл сессияларды шақыруда ұстаған екінші бір жол – И.В.Сталин жолдастың: «ғылым өзінің зерттеулерінің негізгі күшін ең маңызды халық шаруашылығының міндеттерін шешуге бағыттағанда ғана нағыз творчестволық ғылым, нағыз ғылым бола алады» деген және «еліміздің ғылымы мен халық шаруашылығын өркендетудің табысты болуы теория мен практиканың бірлігінде» – деген тамаша данышпандық нұсқауы болды.

Көшпелі сессияларды шақыруда ұстаған үшінші жолымыз – барлық құбылыс пен өмір және табиғат өзара байланысты, бір-бірімен шарттас деп үйрететін диалектикалық материализмнің методологиясы болды. Халық шаруашылығының қандай саласын болсын, қандай құбылысты болсын айналадағы өмірден бөлек алып қарауға болмайды. Диалектикалық әдістің осы негізгі қағидасы бойынша, қай ауданның болсын халық шаруашылығын өркендету мәселелері, тек біз оның барлық элементтерін комплексті түрде алып қарайтын болсақ ғана толық түсінікті болады да, ол дұрыс шешіледі.

Міне, академиямыздың көшпелі сессияларын өткізуді қажет деп білгізген осы үш жол болды. Бұл сессиялардың алдына қойған мақсаты – халық шаруашылығының қазіргі жайын қарастырып, оны комплексті (бір тұтас) әдіспен онан әрі дамытудың неғұрлым дұрыс, неғұрлым нәтижелі жолдарын белгілеу болды.

Қарағандыда өткізіліп отырған көшпелі сессияға Қазақ ССР Ғылым академиясының ең негізгі күштері қатысты. Сессияға қатысушылардың басым көпшілігі, әрине, Қарағанды интеллигенциясының, партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің өкілдері болды. Сессияға ССР Одағы Ғылым академиясының вице-президенті, академик Иван Павлович Бардин бастаған ССРО Ғылым академиясының делегациясы қатысты.

Сессияның жұмысына 460 адам қатысты, оның ішінде бүкілодақтық және Қазақ ССР Ғылым академияларының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінен 18 адам, ғылым докторларынан 21 адам, 50-ден аса ғылым кандидаттары, кәсіпорындарының 203 басшы, инженер-техник қызметкерлері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының 15 стахановшысы мен табушылары, республиканың және Орталық Қазақстанның барлық облыстарындағы партия, совет ұйымдарының 94 өкілі, жалпыодақтық және республикалық маңызы бар министрліктердің 15 өкілі, республикамыздың Ғылым академиясы системасына кірмейтін ғылыми институттардың 36 өкілі бар. Сессияға қатысушылардың ішінде 7 Социалистік Еңбек Ері, 16 Сталиндік сыйлықтың лауреаты, 172 орденділер бар.

Секциялардың жұмысына 700-ден аса адам қатысты. Мұнда жарыс сөзге 100-ден аса адам шығып сөйледі. Секциялардың құрылысы, онда жасалған баяндамалардың және оған қатысқан адамдардың саны бұл көшпелі сессияның алдына орасан көп мәселе қойылғанын көрсетеді. Секциялардың қараған жұмыстары жөнінде кеңейтілген қарарлар қабылданды, оларда мәселелердің қазіргі кезеңдегі жайының талдап көрсетілуімен қатар, халық шаруашылығының әрбір саласын мұнан әрі өркендетудің нақтылы жолдары да көрсетілген.

Мен бұл сессияда жасалған баяндамалар мен қабылданған қарарлардың бәрі де Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумында қаралып, олар тиісті тәртіп бойынша жарияланатын болады деп ойлаймын.

Сессияда қаралған материалдарға қарағанда, Орталық Қазақстан ССР Одағы халық шаруашылығын дамыту ісінде мұнан былайғы жерде де ең негізгі аудан болып қала беретіні ешбір даусыз көрінді. Сол сияқты, тас көмірді онан әрі дамыта беру жөнінде де барлық мәліметтер табылып отыр.

Сессияның бұл қарарларының ойдағыдай болып орындалуы, ең алдымен, біздің өзімізге, ғылым адамдарының ғылым жаңалықтарын өндіріске қалай енгізе білуіне байланысты. Бұл істің табысты болуы, сонымен қатар, ғылым жетістіктерін өндіріске іс жүзінде енгізуге тиіс болған шаруашылық орындарының жұмыстарына да байланысты.

Мен, республикамыздың ғалымдары, инженерлері мен техниктері және халық шаруашылығының барлық саласының мамандары Қазақ ССР Ғылым академиясы сессиясының қарарларын жүзеге асыра отырып, Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін бірсыпыра жоғары сатыға көтеретін болады деп ойлаймын. Бұған Қазақстан ғалымдарының әрқашан да орыс ғалымдары тарапынан тиісті көмек алып отыратындығы кепіл бола алады.

Совет халықтарының тең праволы достық семьясындағы ең үлкен ағасы – ұлы орыс халқы жасасын!

Совет халықтарының мызғымас достығы жасасын!

«Ұлы көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдас жасасын!»

ҒЫЛЫМ – ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ

Әрбір жаңа жылда советтік өскелең ғылым саласы да жаңа табыстар, күрделі жаңалықтарға толы болып келеді. Ол өзінің ғылым саласындағы сараланған үздік жаңалықтарын социалистік шаруашылық пен мәдениетке, өнеркәсіпке ұсынады, халықтың қазіргі және болашақтағы игілігіне арнайды.

Өткен, 1949 жыл – Қазақ ССР Ғылым академиясының жастығына қарамастан ғылым зерттеу саласында бірнеше келелі табыстарға жеткен, ғылыми істердің маңызды саласын идеология жағынан тереңдете отырып, оның сапасы мен санын байыта түскен жыл болды.

Ғылымның зерттеу ісін жүргізетін, оның тәжірибесін қорытып, жинақтайтын, өндіріске ұсынып, халық шаруашылығында, идеология майданында іске асыруда, халық ісінің игілігі етудегі басты фактор – кадр. Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми кадрлары жылма-жыл өсіп келеді. Өткен жылдың өзінде 2 адам докторлық, 58 адам кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми атақ алды. Ал, академияның аспирантурасында 211 адам оқиды.

Өткен жыл ішінде жалпы көлемі 720,5 баспа табақ үлкенді-кішілі 88 ғылыми еңбек басылды. Мұның ішінде Қазақ ССР тарихының 1-томы, Қазақ ССР Ғылым академиясының Алтайда өткізілген сессиясының 3 томдық материалдары, академияның Октябрь революциясының 30 жылдығы құрметіне арналған III сессиясының материалдары, Қазақ совет әдебиетінің очерктері, халық ақындарының Ленин-Сталин туралы өлеңдерінің жинағы, Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері Тихов, Фесенков, Горяев, Галузоның бірнеше томдық еңбектері жеке-жеке басылып шықты. Қазақ ССР тарихының совет дәуірін зерттейтін II томы баспаға әзірленіп, берілді.

1949 жыл ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективі өндіріске, ауыл шаруашылығына үлкенді-кішілі 152 жаңалық ұсыныстар жасады. Бұлардың көпшілігі ғылыми жағынан жете зерттеліп, тәжірибеде сыналғандығын көрсетіп отыр. Мәселен, архар-меринос тұқымды қой өсіру ісі зерттеу жағынан толық шешіліп, ендігі жерде оның тұқымын жаппай өсіру жұмысы қолға алынып отыр. Сондай-ақ алмаға түсетін күйеге қарсы күрес, қотырды, шоқты, өндірісте болатын жарақатты емдеу, ағаш егу, оны өсіру ісіндегі жаңалықтар өзінің жақсы нәтижесін көрсетіп отыр. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.М. Ғаббасов Қазақстанда суарылмай өсетін бидайдың жаңа тұқымын тапты. Бұл сорт егіліп, өзінің дұрыс нәтижесін берді.

Қазақстанда Мичуриндік ғылымды насихаттау, оны ауыл шаруашылығында батыл қолдану жолдарына нұсқаған ғылыми ұсыныстар өзінің өмірге бейімділігін анық көрсетті.

Өткен жылда бұдан да басқа атап айтуға болатын жаңалықтар көп.

Жаңа жылда академияның әрбір институты зерттеуге тиісті ғылыми жұмыстардың жоспарын жасайды. Осы жоспарға сәйкес академиялық жоспар белгіленеді. Бұл жобалар бойынша 1950 жылда Қазақстанның кен байлықтары, қара, түсті металл, көмір, мұнай запастары зерттеледі. Қарағандыны бұдан да өркендету мәселесі алға қойылып отыр. Сондай-ақ Қазақстанның Батыс облыстарын өзінің жергілікті отын қорымен қамтамасыз ету мәселесі шешіледі.

Жалпы айтқанда, 1950 жылы 331 тақырыпта 84 комплексті проблемаларды қарайтын ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Мұның ішінде тау-кен, геология, география, тарих, тіл, әдебиет, искусство, медицина, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, әсіресе биологиядағы мичуриндік озат бағытты насихаттайтын зерттеулер болады. Бұл зерттеулердің негізі өткен жылы мыңнан аса адам қатысқан 165 экспедицияның материалдары болмақ. Осы материалдар қорытылады, нәтижелері жүзеге асырылады. Қазақстанның далаларын суландыру, ағаш өсіру, кендір егу жұмыстарына ғылыми көмек көрсету – академия коллективі алдындағы аса маңызды міндеттердің бірі.

Жаңа жылда ғылыми-зерттеу жұмысын комплексті түрде жүргізуге, институттар мен институт арасындағы ғылыми байланысты, бірлестікті күшейту ісіне айырықша көңіл бөлінеді. Мәселен, кен, геология институттары бір өндірістің еңбек өнімін арттыру ісін зерттегенде, оны қоғамдық ғылымдар саласынан, атап айтқанда, экономикалық жағынан зерттеудің пайдалылығы бұрыннан сыналған практика.

Екіншіден, зерттелген, сыннан өткен ғылым табысын өндіріске, ауыл шаруашылығына жаппай ұсыну, оны жеткізе білу, бүкіл халықтың игілігіне айналдыру ісі ғалымдардың алдына қойып отырған социалистік өмірдің, партия мен үкіметтің ең зор талабы болып саналады.

Большевиктік партияның, көсеміміз, совет ғылымының досы, ұстазы Сталин жолдастың басшылығымен совет ғылымы жаңа жылда өз жұмысына жаңа мазмұн, жаңа табыс енгізіп, жаңа сатыға көтеріледі, оны бүкіл совет халқының бүгінгі және ертеңгі игілігіне айналдырады.

СӨЗІМДІ СЕНДЕРГЕ АРНАЙМЫН

Қымбатты жас достар!

Сіздерді жаңа жылмен құттықтай отырып, сөзімді сіздерге арнаймын.

Болашағымыз жастар, сіздер, қай дәуірдің адамдары екендеріңізді өздеріңіз де білесіздер.

Социалистік дәуірдің тарихында сіздер араласпаған сын кезеңдер, қиын белестер еш уақытта да болған емес.

Адамзаттың асқан ойшылдары, тарихта аты қалған ұлы адамдар, ғалымдар жалынды сөздерін жақсы тілектерін жастарға – сіздерге арнайды.

Жас адам өмір сүргенде, сол өмірді бос өткізуге тиісті емес. Ол біріншіден, Отанына пайдалы азамат болуды, екіншіден, өз заманының, өз дәуірінің мәдениетті, білімді және алдыңғы қатарлы адамы болуды ойластыру керек. Ол үшін жас күніңізден-ақ адамгершілікке баулыңыз.

Ісіңізге, еңбегіңізге, нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер. Не нәрсені болсын нағыз коммунистік адамгершілікпен түсіне біліп, жасай білесіздер. Бұдан сіздердің отаншылдығыңыз бен асқан патриоттық сезіміңіз айқын көрінер еді. Сіздердің мінез қасиетіңізде адамгершілік бірінші болып орын алса, шыншыл, батыл, тиянақты, жігерлі және кішіпейіл адам болған болар едіңіздер.

Жеткен жетістік пен табысқа мақтану, масаттану сіздер үшін қасиет емес. Бүгінгі табыстан келер таңдағы міндеттер үлкен. Сол міндеттерді орындауға ұмтылыңыз. Бүгінгі білгеніңізден ертеңгі күнде білетініңіз көп. Сол білетініңізді білуге асығыңыз. Сонда ғана сіздер Отаныңызға пайдалы азамат боласыздар. Білімді, мәдениетті адам болып өсесіздер. Білімді болу, ғалым болу өмірді танудан, көп оқып, көп ізденуден, шаршамай, талмай еңбек етуден болады.

Сіздерді патриоттық рухта тәрбиелеп өсіруді, білім, үлгі өнеге беруді ғалымдар өзінің ең құрметті міндеті деп санайды.

Жаңа жылда жаңа табысқа жете беріңіздер, жолдастар!

ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДОСТЫҒЫ

Туысқан өзбек және қазақ халықтарының ежелгі достығының тарихи терең тамырлары бар. Бұл екі халықтың тарихи тағдырының бірлігіне негізделген ежелгі экономикалық және мәдени байланыстары бар.

Совет археологтарының Хорезм және Топырақ қала ауданында тапқан тамаша ғылыми жаңалықтары Орта Азия мен Қазақстанның бұрынғы халықтарының өзіне тән мәдениеті болғанын, олардың мәдениеті бұрын дүниежүзілік мәдениетте зор орын алғанын дәлелдейді. Бұл тамаша ескерткіштер Орта Азия мен Қазақстан жерін алғаш мекен еткен халықтардан қалған. Шетелдік шығыстың тарихты бұрмалаушылары Орта Азия халықтарының бұл орасан бай мәдени мұрасын арабтар мен парсылардікі деп көрсетуге тырысады. Бірақ олардың бұл әрекетінің ешқандай ғылыми негізі жоқ екені қазір әрбір адамға айқын.

Қазақ және өзбек халықтарының ежелден бері мәдени байланысы болып келеді. Патриархал-феодалдық қатты езушілік жағдайында бұл халықтардың таңдаулы адамдары өз халқының бақытты болашағын арман етті. Сонау өткен заманның өзінде қазақ халқы өзбек халқының ұлы ақыны және ойшылы – Әлішер Навоидің шығармаларын сүйіспеншілікпен аса қадірлейтін. Адамгершілік пен бостандықты арман еткендіктен жазылған шығармалар – «Ләйлі-Мәжнүн» мен «Фархад-Шырын» өлеңдері қазақтың кең даласында ежелден бері әнге қосып айтылатын.

Қазақ халқы өзбек халқымен шаруашылық жағынан да қатты байланысты болды. Орталық Қазақстанда алғаш рет бақша дақылдарын еккен қыпшақ руының Сейтқұл деген қазағы еді. 1800 жылы ол Орта Азияның отырықшы аудандарында болды, онда өзбек диқандарының кәсібімен танысты, өзбек достарының қолынан жүгерінің, қарбыздың, қауынның, жүзімнің, өріктің ұрықтарын алды. Тарихи деректерге қарағанда, Сейтқұлдың өзінің туған жері Орталық Қазақстанда жүзім мен өріктен басқа әкелген дақылдарын өсіру тәжірибесі ойдағыдай нәтиже берген.

Кейіннен Қазақстанның оңтүстігінде мақта егуді меңгергенде, қазақ халқына өзбек мақташыларының мол тәжірибесі орасан зор көмек көрсетті.

Өзбек және қазақ халықтары өздерінің неше ғасырлық тарихында сыртқы жауларға қарсы күресте теңдесі жоқ батырлық, ерлік көрсетіп келеді. Жоңғар қалмақтарының апатты жорықтары кезінде жерінен, мал-мүлкінен айырылған қазақтар талай рет өзбек жеріне келіп паналады. Өзбек және қазақ халықтары өздерінің ортақ жауларына – Қоқанд хандарына және басқа хандар мен бектерге қарсы күш біріктіріп күрескенін дәлелдейтін тарихи фактылар көп.

Қазақтың кемеңгер ойшылы және ағартушысы, қазақ халқының ұлттық мақтанышы – Абай Құнанбаев орыстың алдыңғы қатарлы демократиялық мәдениетінің жаршысы бола отырып, мұнымен бірге өзбек халқының талантына да зор баға берді, оның еңбек сүйгіштігіне,

адалдылығына, ақ ниеттілігіне сүйсінді. Өзінің кейінгі ұрпаққа ғибрат етіп қалдырған даңқты «Ғақлия» деген әңгімелерінде ол былай деп жазды: «Өзбек өсіре білмейтін дақыл жоқ екенін мен енді көріп отырмын. Өзбек істей алмайтын зат жоқ. Бұрын бізге тірі адамға керек киім, өлі адамға керек кебін тек солардан ғана келді... Сыпайыгершілік, тазалық, кішіпейілділік – бәрі де өзбекте».

Қазақстан мен Орта Азияның Россияға қосылуы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихындағы аса маңызды жаңа бет алыс болды. Өзбек және қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы демократияшыл өкілдері – Абай, Шоқан, Мұқыми, Фурқат – Россияның алдыңғы қатарлы демократиялық мәдениетіне жанасуды өз халықтарының мешеші халден құтқарудың тура жолы деп білді.

XIX ғасырдың 90-жылдарында ең революцияшыл тап – орыс пролетариаты тарихи майданға шықты. Бұған байланысты XX ғасырдың басынан бастап Орта Азия мен Қазақстан халықтарының азаттық күресі өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Кейіннен Октябрь революциясын жасау жолындағы және азамат соғысы жылдарындағы революциялық ұрыстарда, ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен қазақ және өзбек халықтары күш біріктірген күресте өздерінің советтік мемлекетін құрды және социалистік ұлт болып бірікті.

Советтік социалистік мемлекетте совет қоғамының қозғаушы күші – халықтар достығы туды. Бұл достық айырылмастық болып біте қайнасты. Бұл достық халықтардың прогрестік дәстүрлеріне, ССРО туысқан халықтарының социалистік интернационализміне сүйенді. Бұл достық ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында өздерінің социалистік Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалған көп ұлтты совет жауынгерлерінің қанымен қайнасты.

Халықтар достығы, интернационалистік рухпен тәрбиеленген Советтік Орта Азия халықтары – өзбек, қазақ, түрікмен, тәжік, қырғыз өздерінің тарихи дамуында орасан зор жолдардан өтті.

Жаңа тұрмыс, жаңа мәдениет орнатуға қайтпас жігермен ұмтылып отырған советтік Орта Азия халықтарының қуанышты, шабытты, қажырлы еңбегі тамаша жеңістер берді. Қазақстанды мысалға алайық. Мұнан тарихи аз уақыт, небәрі отыз жылдай уақыт бұрын Қазақстан патша өкіметінің мейлінше артта қалған отары болатын, шаруашылығы ежелден бері келе жатқан көшпелі қалпында болатын. Қазір Қазақстан тамаша болып көркейді. Ол Совет Одағындағы гүлденген қуатты индустриялы-аграрлық одақтас республикалардың бірі болып отыр. Қазақ халқы түгелінен сауатты, мәдениетті халыққа айналды. Қазір Қазақстанның 8494 мектебінде миллионнан астам бала оқиды. Бұрын бірде-бір техникум болмаған Қазақстанда қазір 24 жоғары дәрежелі мектеп, 90-нан аса техникум, оның ішінде Мемлекеттік университет пен Консерватория бар. Бұрын іс жүзінде бірде-бір ғылыми-зерттеу мекемесі болмаған Қазақстанда ер жетіп есейген Ұлттық ғылым

академиясы бар. Бұл академия өзінің жұмысында ғылымның барлық салаларын қамтып, республикадағы озат советтік ғылымның ордасы болып отыр. Қазақстан Совет Одағының түсті металлургиясының негізгі орталығына, ССРО-ның шығыс аудандарындағы мал шаруашылығының негізгі базасына айналды. Қазақстанда Совет Одағының көлемі жағынан үшінші көмір бассейні – Қарағанды бар. Советтік техниканың көркі және мақтанышы – Үлкен Алтайдың, Үлкен Жезқазғанның кәсіпорындары, ССРО түсті металлургиясының магниткалары – Қоңырат руднигі, Балқаш және Шымкент заводтары салынды. Қазақстанның ұлан байтақ кең даласында ұзына бойға және көлденең айқыш-ұйқыш теміржолдар салынды. Кешегі көшпелі ауылдың қойнауынан индустриялық жұмысшылардың, интеллигенцияның, ғалымдардың сан мың кадрлары өсіп жетілді.

Совет Одағының басқа халықтарының да сондай тамаша табыстары бар екенін біз жақсы білеміз. Оның ішінде біз туысқан советтік Өзбекстанның өзінің халық шаруашылығы мен мәдениет құрылысының барлық салаларындағы орасан зор табыстарын мақтан етіп қуанамыз. Өзбек ғалымдарының және олардың ғылыми ордасы – 1948 жылы біз бесжылдығын шаттықпен мерекелеген Өзбекстан Ғылым академиясының үздік табыстары жалпы жұртқа мәлім. Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университеті Советтік Орта Азия республикаларындағы тұңғыш жоғары дәрежелі мектеп болды. Өзбекстанның ғана емес, Қазақстанның да және Орта Азиядағы басқа республикалардың да көптеген мемлекет және ғылым қайраткерлері осы университетте жоғары дәрежелі білім алды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуінен кейін, еңбек сүйгіш өзбек халқы өзінің туған өлкесін советтік шығыстағы мақта шаруашылығының ең мол базасына айналдырды.

Кешегі құлазыған шөл дала өзбек халқының жемісті ерлік еңбегі арқасында қазір мақталы және гүлденген бау-бақшалы жасыл алқаптарға айналды.

Өзбекстанды электрлендірудің негізі – Фархад су электр станциясы, Өзбекстанды индустрияландырудың негізі – Беговат металлургия заводы салынды.

Мұның бәрі – еңбек сүйгіш өзбек халқы өзінің бұрын артта қалған, езілген елін мейлінше қысқа мерзімде социализмнің гүлденген өлкесіне, маңдай алды өнеркәсібі, өркендеген ауыл шаруашылығы, гүлденген мәдениеті бар елге айналдырғандығына айқын дәлел. Ал Қазақстан мен Өзбекстанның және Орта Азиядағы басқа республикалардың тарихи тағдырындағы бұл күрделі өзгерістердің бәрі небәрі жиырма бес-отыз жылдың ішінде, бір ұрпақтың өмірі ішінде жасалды. Мұншама қысқа мерзімде тарихтың нешеме ғасырларын батыл, сеніммен аттап өтіп, халықтардың бақытты өмірді көксеген нешеме ғасырлық арманын жүзге асыруымызға қандай алып күш көмектесті? Жақын арада Сталин

жолдастың жетпіс жылдығы күні оны өзбек халқы атынан құттықтағанда, бұл сұраққа Өзбекстан партия ұйымының басшысы Усман Юсупов жолдас тамаша бейнелі жауап берді.

«Біздер үшін, Сталин жолдас, Сіз, – деді ол; – Лениндей тау қыранысыз, Лениндей тұрпатты ержүрек данышпан басшысыз. Орта Азия халықтары тау қыранының балапандарын қалай ұшуға үйреткені туралы аңызды сүйіп тыңдайды. Оның балапандарын барлық жерде қауіп ториды: айналаның бәрі өткір жартастар, төменде сарқыраған тасқын. Бірақ алып қыран өзінің балапандарын қорғайды, олардың әрбір қимылын қырағы бақылап отырады, олардың ұшуын шебер, сақтықпен бағыттайды.

Дәл сол сияқты, Сталин жолдас, Сіз барлық халықтардың алға басуына көмектесіп отырасыз, оларды қателесуден сақтап, қауіп-қатерді алдын ала ескертіп отырасыз. Сіз бейбітшілік жолындағы, демократия жолындағы, барлық еңбекшілердің бақытты өмірі жолындағы күрескерлердің қуатты ұрпағын тәрбиеледіңіз. Олар барлық жерде, олардың санының есебі жоқ...».

Совет Одағындағы барлық халықтардың, оның ішінде өзбек және қазақ халықтарының күрделі тарихи табыстарының негізі – Сталиннің данышпандығында, мәңгі жасайтын Ленин және Сталин тәрбиелеп өсірген қуатты большевиктік партияның даналылығында, олар орнатқан халықтардың туысқандық достығының мызғымас бірлігінде екенін қазір бүкіл адамзат жақсы біледі.

Бүкіл қазақ халқы сияқты Қазақстанның ғалымдары мен интеллигенциясы да советтік Өзбекстанның даңқты 25 жылдығы күні өзбек халқына шын жүректен сәлем жолдап құтты болсын айтады. Советтік Өзбекстанның социалистік экономикасы мен мәдениеті құрылысында оның мұнан былай да тамаша табыстарға жетуіне шын тілектестігін білдіреді.

Еңбек сүйгіш өзбек халқы Совет Одағындағы барлық туысқан халықтармен бірге, сүйікті көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдастың данышпандық басшылығымен коммунизмнің жарқыраған шыңдарына қуатты қанат серпіп жететіндігіне сенеміз.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ СЕССИЯСЫ

10 сентябрь күні Қазақ ССР Ғылым Академиясының конференц залында Қазақ ССР Ғылым Академиясы жалпы жиналысының кезекті сессиясы басталды. Сессияны Ғылым Академиясының президенті Қ. Сәтбаев ашты.

Сессияға қатынасушылар зор өрлеу үстінде құрметті президиумға И.В.Сталин жолдас бастаған БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросын сайлады.

– Қазақ ССР Ғылым Академиясы жалпы жиналысының, – деді өзінің сөзінде Сәтбаев жолдас, – бұл сессиясы Ғылым Академиясының құрылғанына бес жыл толу күніне тура келіп отыр. Ғылым Академиясы қазір республикамыздың ең ірі ғылыми базасына айналды. Академияның құрамында төрт бөлім бар, олар 20 ғылыми-зерттеу институтын, 12 секторды, жергілікті орындардағы 8 ғылыми-зерттеу базаларын, обсерваторияны, екі музейді, үш аймақтық-ботаникалық бақтарды – барлығы 46 ғылыми мекемені басқарады.

Сталин жолдас 1946 жылғы 9 февральдағы тарихи сөзінде коммунизм құрылысының данышпандық жоспарын көрсетіп берді. Міне Ғылым Академиясы Сталин жолдастың осы нұсқауына байланысты Қазақстанның алдына қойылған программалық міндеттерді шешу жолында қызмет етіп келеді.

Сәтбаев жолдас ғылыми мекемелердің жұмысына қорытынды жасай келіп, Қазақ ССР Ғылым Академиясының республиканың халық шаруашылығы мен мәдениеті үшін теориялық қана емес, практикалық та зор маңызы бар мыңнан аса ғылыми тақырыптар дайындағанын айтты. Академияның көптеген ғылыми табыстары өнеркәсіпте, колхоз, совхоз өндірісінде ойдағыдай қолданылуда. Ғылым Академиясы институттарының өнеркәсіп орындарымен байланысы күшейіп және нығайып келеді. Институттар жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарына түрлі министрліктер тарапынан жыл сайын он миллиондаған сом қаражат алып тұрады. Ғылыми институттардың байланысы, әсіресе түсті металлургия, қара металлургия; көмір өнеркәсіп, мұнай өнеркәсіп министрліктерімен күшейе түсуде.

Академияның ғылыми кадрлары ойдағыдай өсуде. Ол ұйымдастырылған кезде ғылыми атағы бар 195 қызметкер болса, қазір мұнда 339 ғылым докторлары мен кандидаттары жұмыс істейді. Академияның ғылыми кадрлары ішінен соңғы бесжылдың ішінде 35 адам докторлық және 294 адам кандидаттық диссертация қорғады. Соның ішінде қазақ докторлар мен кандидаттардың саны үш есе өсті. Қазір академияда партияның 475 мүшелері мен кандидаттары және 140 комсомолец бар. Совет үкіметі Қазақстан ғалымдарының еңбегін жоғары бағалады. Академияның 25 ғылыми қызметкеріне Сталиндік сыйлық берілді. 26

ғалымға ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек сіңіргені үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Қазақ ССР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері деген атақ берілді.

Бұдан кейін Сәтбаев жолдас ғылыми мекемелердің жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды. Республиканың халық шаруашылығы және мәдениеті үшін өте маңызды металлография, металлофизика, металлообработка, машина құрылысы, механика, гигиена, вирусология жөнінде ғылыми жұмыстар жүргізілмей келді.

Кейбір институттардың өндіріс орындарымен байланысы жеткіліксіз. Ғылыми табыстарды тәжірибеде қолдану жөніндегі күрес ойдағыдай емес. Ғылымның кейбір маңызды салаларында істейтін ғылыми кадрлардың өсу дәрежесі нашар. Соңғы бес жылдың ішінде тіл білімі жөнінде үш-ақ адам, философия жөнінде бір адам, искусство саласында бір адам, архитектура жөнінде бір адам ғана диссертация қорғады. Ғылыми мекемелерде сын және өзара сын дәрежесі төмен.

– Академияда, – деді Сәтбаев жолдас, – елеулі қателіктер мен кемшіліктерге жол берілді. Бұдан кейін ол ҚК(б)П Орталық Комитетінің Тіл және әдебиет институты жұмысындағы саяси өрескел қателер жөніндегі қаулысына толық талдау жасады. ҚК(б)П Орталық Комитетінің екінші бір қаулысында, – деді ол, кадрларды іріктеу, әзірлеу және жұмысқа орналастыру ісінде Академияның елеулі қателіктер жіберілгені көрсетілді. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті хан Кенесары Қасымов көтерілісінің феодалдық-монархиялық сипаты буржуазиялық-ұлтшылдық тұрғыдан бағаланып келгені жөніндегі өрескел қатені ашып көрсетті.

– Ғылым Академиясы, – деді Сәтбаев жолдас, – партия алдында, халық алдында әлі де үлкен борышты. Қоғамдық ғылым бөлімінде тарих және әдебиет саласында жіберілген буржуазиялық-ұлтшылдық идеологиялық қателер, сол сияқты қазақ тіл білімін дамытудағы тұрпайылық – марршылдық қателер әлі жойылып болған жоқ. Бұл кемшіліктерді тез жоюымыз керек.

Сессияның жұмыс программасы бекітілді (ҚазТАГ).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Жолдастар!

Сталиндік бейбітшілік саясаты бүкіл прогресшіл адамзаттың сүйіспеншілігіне бөленді. Бейбітшілік жолындағы, жаңа соғысқа қарсы ұлы қозғалыс, өзінің көлемі жағынан адамзаттың бүкіл тарихында болып көрмеген қозғалыс бұған толық дәлел.

Прогресшіл адамзаттың бейбітшілікке талпынған бірауызды талабы америка-ағылшын империалистерінің лагерін жанталастырып ызаландыруда. Олар халықтардың бейбітшілігі мен тәуелсіздігін сақтауға бағытталған барлық халықаралық келісімдерді ашықтан-ашық бұзуға кірісті. Батыс Германия мен Жапонияда фашистік милитаризмді қалпына келтіруде, әртүрлі агрессияшыл одақтар құруда. Олар Совет Одағының, халықтық демократия елдерінің, ұлы Қытай Республикасының және Герман Демократиялық Республикасының барлық бейбітшілікті сүйгіш ұсыныстарын қабылдамай келді және қабылдамай отыр. Сан-Францискода сепараттық «бітім» договоры дейтінге қол қою комедиясының ойналуы Америка мен Англияның билеп-төстеуші топтарының жанталаса соғысқа әзірленіп жатқандығының жаңа дәлелі болып табылады. Америка агрессорларының Кореядағы келіссөздердегі провокациялық қылығы, бейбіт корей халқын айуандықпен бомбалауы бейбітшілік жауларының дүниежүзілік жаңа соғыс ашуға барлық амал-айлалармен тырысатындығын, адамзатты жаңа апаттардың тұңғиығына түсіруге тырысатындығын тағы да айқын көрсетеді.

Міне сондықтан бейбітшілікті жақтаушылардың бәрі қазір бейбітшілік жолындағы күресті барынша өрістете берулері керек. «Соғыс өртін тұтандырушылардың қылмысты құлық-сұмдықтарын әшкерелеудің құралы ретінде бейбітшілікті сақтау жолындағы кең науқанның қазір бірінші дәрежелі маңызы бар» – деген Сталин жолдастың нұсқауы біз үшін жарық шамшырақ болуға тиіс.

Бейбітшілік сүйгіш халықтар соғыс өртін тұтандырушы сұрқияларды ауыздықтай алады, өйткені Совет Одағы, бейбітшіліктің туын көтеруші социализм мен демократия лагері империалистердің лагерінен анағұрлым күшті.

Бейбітшілік жолындағы күресте совет ғалымдары зор рөл атқаруда, өйткені бүкіл дүниежүзілік прогресшіл ғылыми ой-пікірдің бастаушысы қазір совет ғалымдары болып отыр. Совет ғалымдарының борышы, ең алдымен, бүкіл дүниежүзі ғылымының прогресшіл күштерін топтастыру, сөйтіп «адамдардың өздері тауып, бағындырған табиғат күштерін, адамдардың өздерін құртуға жұмсалуына» жол бермеу болып табылады; Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Председателі, ССРО Ғылым академиясының құрметті мүшесі, Халықаралық

Сталиндік сыйлықтың лауреаты профессор Ф. Жолио-Кюри бейбітшілік жолындағы күрескерлердің міндетін осылай тұжырып айтып берді.

Бұл барлық шын ғалымдардың, барлық ғылым қызметкерлерінің қасиетті міндеті. Өздері сатылған және дүниежүзілік ғылымның оларға жатпайтын табыстарын прогресшіл еңбекші адамзаттың жауларына Уолл-Стриттің және лондондық Ситидің билеп-төстеушілеріне сатып жүрген буржуазия оқымысты малайларды біз масқаралап, жексұрын атаймыз.

Большевиктік партия шыңдап шығарған, дүниежүзіндегі ең ізгі, ең адамгершіл совет ғылымы қазір бүкіл дүниежүзілік ғылымның алдыңғы қатарында келе жатыр. Совет ғылымының мақсаты адамгершіліктің және прогрестің жоғары мақсаттарына қызмет ету, табиғат заңдарын адамның мақсатына бағындыру болып табылады.

Советтік Қазақстан социализмнің Шығыстағы тірегі, олай болса жер бетінің осы кең байтақ бөлегінде бейбітшіліктің де тірегі. Советтік Қазақстанда еңбек сүйгіш және дарынды қазақ халқының барлық күштері ғажап құлаш жайды, оның ғылымы мен мәдениеті өркендеді. Республиканың барлық еңбекшілерімен бірге, Қазақстан ғалымдарының көп санды отряды өздерінің бар күші мен білімін бейбітшілік ісіне, бүкіл прогресшіл адамзаттың прогресі мен игілікті ісіне толық жұмсайтындығына күмән жоқ.

Біздің республикамыз коммунизмнің ұлы құрылыстарына белсене қатысуда. Қазақ ССР Ғылым академиясының Каспий бойындағы комплексті экспедициясы биылғы жылдың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Гидрогеологиялық экспедиция 1,8 миллион гектардай жерді зерттеді, жүздеген скважиналар бұрғылады, мыңдаған анализдер жасады, топырақты, жерасты суын, жер қыртысын зерттеді, сөйтіп, бұл зерттеулер Сталинград каналының төңірегіндегі магистрал суару каналдарын жобалау үшін негіз болды. Жер қыртысын зерттеушілер 4 миллион гектар жердің жер қыртысы суреттерін түсіріп алды.

Осы мәліметтердің негізінде жер қыртысы – мелиорациялық аудандау карталары, жерді суландыру, суару жобалары жасалады, бұл карталар мен жобалар агрономдардың, ирригаторлардың күнбе-күнге жұмысында бағалы жетекші құрал болады. Геоботаниктер, зоологтар зор көлемді жұмыс істеді. Геологиялық отрядтар Сталинград каналы салынатын жолдың бойын тегіс аралап өтті, олар өнеркәсіпке жарамды тастың, құмның, уақ тастың үлкен запасын тапты. Жол отряды сол жерлерге жол төсеу түрлерін тапты.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Түркменнің Бас каналы аймағындағы экспедициясы негізгі Тахиа-Таш гидроузелінің жергілікті құрылыс материалдары қамтамасыз ететіндей құм мен тастың, гипс пен топырақтың түрлерін тауып, пайдалануға тапсырды.

Қазақстанның ғалымдары коммунизмнің ұлы құрылыстарына көмек көрсету үшін өздерінің жұмысын барынша күшейтуде.

Бейбітшілік сақталады, өйткені халықтар соғысты тілемейді және олар бейбітшілікті сақтау ісін мықтап өз қолдарына алуда. Соғыс өртін тұтандырушылардың барлық арам ойлары сөзсіз күйрейді, өйткені адамзаттың данышпаны бейбітшіліктің туын сенімді көтеруші ұлы совет халқы, бүкіл прогресшіл адамзат бейбітшіліктің туын өздерінің мықты қолымен жоғары көтеріп келе жатыр!

ҒЫЛЫМ БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Совет үкіметінің бейбітшілік саясаты бүкіл прогресшіл адамзаттың сүйіспеншілігіне бөленді. Бейбітшілік жолындағы жаңа соғысқа қарсы ұлы қозғалыс, өзінің көлемі жағынан адамзаттың бүкіл тарихында болып көрмеген қозғалыс, бұған толық дәлел.

Прогресшіл адамзаттың бейбітшілікке талпынған бірауызды талабы америка-ағылшын империалистерінің лагерін жанталастырып ызаландыруда. Олар халықтардың бейбітшілігі мен тәуелсіздігін сақтауға бағытталған барлық халықаралық келісімдерді ашықтан-ашық бұзуға кірісті. Батыс Германия мен Жапонияда фашистік милитаризмді қалпына келтіруде, әртүрлі агрессияшыл одақтар құруда. Олар Совет Одағының, халықтық демократия елдерінің және Герман Демократиялық Республикасының барлық бейбітшілікті сүйгіш ұсыныстарын қабылдамай отыр. Сан-Францискода Жапониямен сепараттық «бітім» договоры дейтінге қол қою комедиясының ойналуы, Америка мен Англияның билеп-төстеуші топтарының жанталаса соғысқа әзірленіп жатқандығының жаңа дәлелі болып табылады. Америка агрессорларының Кореядағы келіссөздердегі провокациялық қылығы, бейбіт корей халқын хайуандықпен бомбалауы бейбітшілік жауларының дүниежүзілік жаңа соғыс ашуға барлық амал-айлалармен тырысқандығын, адамзатты жаңа апаттардың тұңғығына түсіруге тырысқандығын тағы да айқын көрсетеді.

Міне, сондықтан, бейбітшілікті жақтаушылардың бәрі қазір бейбітшілік жолындағы күресті барынша өрістетіп берулері керек. Бейбітшілік сүйгіш халықтар соғыс өртін тұтандырушы сұрқияларды ауыздықтай алады, өйткені Совет Одағы бастаған социализм мен демократия лагері империалистердің лагерінен анағұрлым күшті.

Бейбітшілік жолындағы күресте совет ғалымдары зор рөл атқаруда, өйткені бүкіл дүниежүзілік прогресшіл ғылыми ой-пікірдің бастаушысы қазір совет ғалымдары болып отыр. Совет ғалымдарының борышы, ең алдымен, бүкіл дүниежүзі ғылымының прогресшіл күштерін топтастыру, сөйтіп адамдардың өздері тауып, бағындырған табиғат күштерін адамдардың өздерін құртуға жұмсауына жол бермеу болып табылады. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Председателі, ССРО Ғылым академиясының құрметті мүшесі Ф. Жолио-Кюри бейбітшілік жолындағы күрескерлердің міндетін осылай тұжырып айтып берді.

Бұл – барлық шын ғалымдардың, барлық ғылым қызметкерлерінің қасиетті міндеті. Өздері сатылған және дүниежүзілік ғылымның табыстарын прогресшіл еңбекші адамзаттың жауларына – Уолл-Стриттің және лондондық Ситидің билеп-төстеушілеріне сатып жүрген буржуазиялық оқымысты малайларды біз мысқылдап, жексұрын атаймыз.

Дүниежүзіндегі ең ізгі, ең адамгершіл совет ғылымы қазір бүкіл дүниежүзілік ғылымның алдыңғы қатарында келе жатыр. Совет

ғылымының мақсаты адамгершіліктің және прогрестің жоғары мақсаттарына қызмет ету, табиғат заңдарын адамның мақсатына бағындыру болып табылады.

Советтік Қазақстан социализмнің Шығыстағы тірегі, олай болса, жер бетінің осы кең байтақ бөлегінде бейбітшіліктің де тірегі. Советтік Қазақстанда еңбек сүйгіш және дарынды қазақ халқының барлық күштері ғажап құлаш жайды, оның ғылым мен мәдениеті өркендеді. Республиканың барлық еңбекшілерімен бірге, Қазақстан ғалымдарының көп санды отряды өздерінің бар күші мен білімін бейбітшілік ісіне, бүкіл прогресшіл адамзаттың прогресі мен игілікті ісіне толық жұмсайтындығына күмән жоқ.

Біздің республикамыз коммунизмнің ұлы құрылыстарына белсене қатысуда. Қазақ ССР Ғылым академиясының Каспий бойындағы комплексті экспедициясы биылғы жылдың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Гидрогеологиялық экспедиция 1,8 миллион гектардай жерді зерттеді, жүздеген скважиналар бұрғылады, мыңдаған анализдер жасады, топырақты, жер астындағы суды, жер қыртысын зерттеді, сөйтіп, бұл зерттеулер Сталинград каналының төңірегіндегі магистрал суару каналдарын жобалау үшін негіз болды. Жер қыртысын зерттеушілер 4 миллион гектардай жердің жер қыртысы карталарын түсіріп алды.

Осы мәліметтердің негізінде жер қыртысын мелиорациялық аудандау карталары, жер суландыру, суару жобалары жасалады, бұл карталар мен жобалар афономдардың, ирригаторлардың күнбе-күнгі жұмысында бағалы жетекші құрал болады. Геоботаниктер, зоологтар зор көлемді жұмыс істеді.

Қазақстанның ғалымдары коммунизмнің ұлы құрылыстарына көмек көрсету үшін өздерінің жұмысын барынша күшейтуде.

Бейбітшілік сақталады, өйткені халықтар соғысты тілемейді және олар бейбітшілікті сақтау ісін мықтап өз қолдарына алуда. Соғыс өртін тұтандырушылардың барлық арам ойлары сөзсіз күйрейді, өйткені бейбітшіліктің туын сенімді көтеруші совет халқы, бүкіл прогресшіл адамзат бейбітшіліктің туын өздерінің мықты қолымен жоғары көтеріп келе жатыр.

БЕЙБІТШІЛІК БЕРІК ҚОЛДА

Европа елдерінің Москва кеңесінде қабылданған Декларациясы – халықаралық ерекше маңызы бар ұлы документ болып табылады. Онда бірсыпыра Батыс Европа елдерінің Лондон және Париж келісімдеріне байланысты Европада туып отырған жағдайға талдау берілген және бүкіл дүниежүзінің бейбітшіл халықтарына өлім оғын кезеп отырған империалистік жыртқыштарға өте орынды қатаң ескерту жасалған.

АҚШ-тың билеп-төстеушілері бастаған империалистік топ соңғы жетпіс жылдың ішінде дүниежүзін үш рет қанға бояған, дүниежүзілік екі соғыстың өртін тұтандырған милитаризмін қайта жандандыруға әрекет жасап отыр. Бұл – адамзаттың асыл-ақыл ойының тарихи мұраларын жоюдың, адамдарды қырғынға, қайыршылыққа ұшыратудың құралы.

Жоқ. Бұған жол берілмейді. Империалистердің есуастығы тек бұл емес, олар бейбітшіл халықтарға талай рет өлім оғын кезеген. Соның бәріне халықтар қаһарлана қарсы тұрып, тойтарып тастаған. Алдағы уақытқа да солай болады.

Москва Кеңесінің Декларациясын бүкіл халқымызбен бірге Қазақстанның ғалымдары да зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Республикамыздың ғалымдар армиясы бейбітшілік үшін, Отанымыздың күш-қуатының арта беруі үшін жемісті еңбек ете береді. Өйткені адамға ауа қандай керек болса, бейбітшілік те сондай керек. Бейбітшілікті біз қадірлейміз, оны көздің қарашығындай сақтаймыз. Бейбітшілік берік қолда.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ 1955 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ЖАРЫС СӨЗІ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің осы сессиясында қаралып отырған бюджеттің жобасы республикамыздың халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларының өлшеусіз өркендеуін бейнелейді. Ғылым мен мәдениеттің қайраткерлері Қазақстанның бүкіл еңбекшілерімен бірге өздерінің творчестволық еңбегімен республиканың алдында тұрған міндеттерді орындауға белсене қатысуда.

Халық шаруашылығын өркендетудің негізі ауыр өнеркәсіп болып табылады. Ал ауыр өнеркәсіптің өркендеуі шикізат базасына, минерал ресурстардың қаншалықты ашылғанына байланысты.

Қазақстанның ұлан-байтақ аумағы Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін өте нашар зерттелді. Оның табиғи байлықтарын орыстың, сол сияқты шетелдің капиталистері жыртқыштықпен пайдаланды. Республиканың кен байлықтарын жоспарлы түрде зерттеу тек бірінші бесжылдықтан бастап қана қолға алынды.

Жыл сайын кеңі және үздіксіз дами отырып, өткен дәуір ішінде Қазақстанның геологиялық зерттеу жұмыстары үздіксіз өсе берді. Егер елімізді индустрияландырудың алғашқы жылдарында Қазақстанда геологиялық зерттеу жұмыстарын бізге алыстағы орталықтардан, соның ішінде Ленинградтан келген маусымды экспедициялар жүргізген болса, қазіргі уақытта Қазақстанның геологиялық зерттеу жұмыстары Бүкілодақтық геологиялық зерттеу жұмысының күшті отрядтарының бірінен саналады. Өндірісте геологтардың көптеген кадрлары өсті, геолог-ғалым кадрлары құрылып, нығайды.

Кеңінен жүргізілген өндірістік зерттеудің нәтижесінде Қазақстанда өте зор көлемде қисапсыз көп табиғи байлықтар ашылды.

Ірі көмір кені мен соңғы жылдар ішінде ашылған темір рудасы запасының ұштасуы Қазақстанда Совет Одағындағы қуатты көмір-металлургия базаларының бірін салу мәселесін алға қояды. Қазақстан түсті металдардың – мыстың, қорғасынның, қалайының және басқалардың қоры жөнінен еліміздің бай қоймасы деп заңды түрде аталады. Қазақстанның түсті металлургиясы үздіксіз өсіп келеді және республикамыз таяудағы уақыттың ішінде түсті металдар қорытудың негізгі, шешуші орталығына айнала алады. Қазақстанда мұнайдың бай қоры бар. Фосфориттердің дүниежүзілік запасы бар, республиканың ауыл шаруашылығы тез қарқынмен өркендеуіне байланысты, оны кең түрде қолдану күн тәртібіне қойылып отыр. Калий және басқа тұздардың да қоры мол.

Депутат Қ.И. Сәтбаев геологиялық зерттеулерді жүзеге асыру, олардың көптеген ұйымдарға бөлшектеніп кеткендігінен бөгеліп отырғандығын атап көрсетті. Бұл ұйымдардың бірсыпырасы Новосибирскіде,

Ташкент пен Свердловскіде, мұның өзі жұмыстың қорытындысын шығаруды қиындатады және жүргізілетін істің қарқынын төмендетеді. Қазақстанда, – дейді Қ.И. Сәтбаев, – Геология және кен қорғаудың республикалық министрлігін құратын уақыт жетті.

Қазақ ССР Ғылым академиясының геология ғылымдары институты ғылыми ірі орталық болып саналады. Бірақ оның өндірістік базасы жеткіліксіз. Қ.И. Сәтбаев геология институты мен геология музейінің жаңа үйлерін салу және осыған байланысты бюджетте тиісті қаржы болу қажет деп есептейді.

Республикамыздың геологтары, – деді Қ.И. Сәтбаев сөзінің қорытындысында, – Қазақстанның кен байлықтарын үздіксіз аша беру үшін барлық күш-жігерін жұмсайтындығында ешбір күмән жоқ.

БІЗ БЕЙБІТШЛІКТІ ЖАҚТАЙМЫЗ

Дүниежүзілік екінші соғысты бастап, миллиондаған адам өмірін жойған, мәдениеттің өлшеусіз көп қазынасын от пен қанға малып қиратқан фашистік жексұрындарды Совет Армиясының ержүректікпен талқандағанына он жыл ғана уақыт өтті. Бұдан он жыл бұрын, негізінен Совет Одағы халықтарының ерлік күші арқасында, герман милитаризмі – дүниежүзілік екінші соғыстың өртің тұтандырушылардың осы қауіпті ұясы қиратылды.

Содан бергі уақыт ішінде тарихтың айнымас заңына орай дүниежүзінде зор өзгерістер болды. Совет халқы өзінің әлеуметтік-экономикалық құрылысының барлық баға жетпес артықшылықтарын пайдалана отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің дана басшылығы арқасында соғыс салған ауыр жараны тез жазды. Қазір совет халқы елімізде коммунизм орнатудың игілікті ісі үшін зор жігермен еңбек етуде.

Өз жерлерінде бейбіт жолмен социализм орнатып жатқан, халық демократиясы елдері де – осы соңғы он жылдың жемісі. Олар империализм қанауын жойып, қуатты социалистік мемлекет құруда. Жақында ғана Бандунг қаласында өткізілген Азия мен Африканың 29 елінің конференциясы отаршылдық пен империализм дәуірінің тез және қайтып оралмастай жоғалуы үшін халықтардың ынтымақты күресі аса қажет екенін және мұндай күрестің күні туғанын салтанатты түрде жария етті.

Дүниежүзілік империализм елдерінің өз ішінде де халық бұқарасының санасы оянып, бейбітшілік пен әлеуметтік әділеттілікті талап етуде. Жүздеген миллион қарапайым адамдардың, адамзат үшін бейбітшілік пен игілікті өмірді талап етушілердің қуатты күші, социализм лагерінің күн санап өсе түсіп отырған табыстары мен беделі құтырылған капитализм лагеріне қанішерлік пен қаныпезерлік сезім тудыруда.

Империализмнің билеп-төстеушілері өздерінің тарихи тағдыры бітуі сөзсіз екенін сезіп, көзсіздікпен өршеленуде, адамзатты тағы да қанды соғысқа киліктіруге барлық шараларды қолдануда, атом соғысын жалаңдатуда, кешегі неміс-фашист милитаристерінің сілімтіктерін қайта қаруландыруға тырысуда. Бірақ империалист мырзалар босқа арамтер болады. Олар тарихтың дөңгелегін кері айналдыра алмақ емес. Тарих қазір адамзаттың жаңа қоғамы өсіп, толысуы үшін қызмет етуде. Бұл қоғам барлық адамдардың мүдделерін социализм, жалпыға бірдей игілікті өмір және көркею жолымен ұштастыруға негізделген.

Біздің Қазақстан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін артта қалған өлке болатын. Оның шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығына негізделіп, табиғаттың дүлей күшіне толық бағынышты еді. Халқының көпшілігі дерлік сауатсыз болды және патшалық отаршылар мен жергілікті бай-феодалдардың екі жақты қанауында езіліп жаншылды.

Қазақстан бай өлке. Оның қойнауы қазыналы екенін бұрынғы кездің өзінде-ақ россиялық және шетелдік капитализмнің жыртқыштары да сезген болатын. Бірақ, олар бұл байлықты дұрыстап ала білмеді, бұған олардың күші де жетпеді. Олар Успенскіден, Риддерден, Жезқазғаннан, Қарағандыдан жергілікті кен байлықтарының тек ұшығын ғана жырымдап алып отырды. Неғұрлым байи түсу мүддесі билеген капиталистік система жағдайында бұдан басқаша болуы мүмкін де емес.

Бұдан отыз жыл бұрын Қарағанды мен Жезқазған бытыраңқы ұсақ рудниктер ғана еді. Ал қазір Қарағанды үлкен өнеркәсіпті қалаға айналды. Мұнда ССРО-да көлемі жағынан үшінші орын алатын қуатты көмір бассейні орнап, жұмыс істеуде. Жезқазған ССРО түсті металлургиясының Магнитогорскісі делініп өте орынды аталады. Бүгінгі таңда Қазақстанның ұзыны мен көлденеңін айқыш-ұйқыш теміржолдар кесіп өтіп жатыр. Қазір Москва-Жезқазған, Москва-Балқаш, Алматы-Жезқазған теміржол қатынастары бар. Кешегі көшпелі қазақ ауылынан индустриялы жұмысшы мен интеллигенцияның көбі, мыңдаған кадрлары өсіп шықты. Қазір қазақ халқы өзінің жоғары мәдениеті бар, бүкіл адамзат мәдениетінің қазынасына көп үлес қосып отырған өзінің интеллигенциясы, жазушылары, ғалымдары бар социалистік ұлт болып отыр.

Мұндай керемет өндірісті кім жасады, қазақ халқының осыншалық қысқа уақыт ішінде тарихтың жүздеген жылдарын аттап өтуіне қандай қуатты күш көмектесті, оны еңбектегі мұндай ерлікке кімнің даналығы рухтандырып отыр? Мұның жауабы айқын да, түсінікті де. Мұндай тамаша тұрмысқа Коммунистік партия мен Совет үкіметінің лениндік данышпан ұлт саясаты ғана, қазақ халқына ұлы орыс халқы тарапынан, бүкіл дүниежүзі білетін ойы және ізгі жанды халықтың тарапынан қалтқысыз көрсетілген көмек пен достық қана жеткізіп отыр.

Қазақстанда шын мәнісіндегі мәдени революция жасалды. Қазір оның өз Ғылым академиясы, ондаған жоғары оқу орындары, жүздеген орташа және мыңдаған бастауыш мектептері, әртүрлі арнаулы оқу орындары бар. Советтік Қазақстан жаппай сауатты республикаға айналып отыр. Жетіжылдық білім алу толық жүзеге асырылып, қазіргі уақытта жаппай орта білім алу жүргізілуде. 9 мыңнан аса бастауыш, жетіжылдық және орта мектептерде 1 миллион 300 мың бала оқып жүр. Қазақстанда революцияға дейін жоғары оқу орындары болмаған еді, қазір 26 жоғары оқу орындары бар, оларда 27496 студент оқиды. 116 техникумда 50 мыңға тарта оқушы білім алуда. Қазақстан еңбекшілері өзінің Ғылым академиясын және оның көптеген ғылыми-зерттеу мекемелерін орынды мақтан етеді.

Республикада мәдени-ағарту мекемелерінің, киноустановкаардың саны күн санап көбейе түсіп келеді. Қазақстанның 25 театрында ондаған талантты артистер қызмет етеді. Совет үкіметі жылдарында қазақ совет әдебиеті негізі қаланып, нығайды.

Совет ғалымдарының қажырлылықпен жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде, Қазақстанда жер қойнындағы сарқылмас кен байлықтардың көзі ашылды. Қазақстанды қазір Совет Одағының «маржаны» деп өте әділ бағалайды. Ол қазір хром мен ванадийдің қоры жөнінде дүниежүзінде бірінші орын, ал темірдің, мыстың, қорғасынның, мырыштың, күмістің, кадмийдің, бордың, калий тұздарының, сондай-ақ басқа да бірқатар минерал шикізат түрлерінің қоры жөнінде Совет Одағында бірінші орын алады. Қазақстан марганец рудасы, көмір мен мұнай, фосфорит және сирек кездесетін металдардың сан алуан түрі жөнінде алдыңғы қатарлылардың бірі болып есептеледі.

Бұлар – Қазақстан қойнауының мол байлығын сипаттайтын кейбір мәліметтер ғана. Советтік Қазақстанның кең даласында әлі де толық ашылмай жатқан, зерттеуді және игеруді керек ететін табиғи байлықтар ұшан-теңіз. Бұл табиғи қазынаны тез ашу, оларды игілікті іске толық пайдалану – нағыз бүкілхалықтық міндет.

Қазақстанда бірқатар тұтас ірі индустриялы орталықтар құрылды. Олар өздерінің өндірістік қуаты жағынан тек ССРО-да ғана емес, сонымен бірге бүкіл Европада теңі жоқ индустриялы орталықтар. Совет үкіметі тұсында Қазақстанда жүргізілген зор көлемді индустрияландыру жұмысының дәрежесін Балқаш заводу, Шымкент түсті металл комбинаты, Ақтөбе, Алтай, Жезқазған индустриялы тораптарын және Қарағанды бассейнін айту арқылы толық көруге болады. Осылардың нәтижесінде Қазақстан қуатты индустриялы-аграрлық Советтік Социалистік Республикаға айналып отыр.

Қазақстан ауыл шаруашылығының табыстары да мол. Қазақстанның колхоздары, МТС-тері мен совхоздары өткен жылы 8 миллион гектардан астам тың және тыңайған жер игерді. Бұл осы жылға арналып белгіленген тапсырмадан 1700 мың гектар артық.

Осынша көлемді және маңызды міндетті жүзеге асыруда Қазақстан еңбекшілеріне Совет мемлекеті және Совет Одағындағы туысқан республикалардың халықтары өлшеусіз көп көмек көрсетті. Өткен көктемде тың және тыңайған жерлерге егілген егіннен күзде мол өнім жиналды. Мұның өзі республикамыздың мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, елімізге 242 миллион пұт астық беруіне мүмкіндік туғызды. Бұл өткен жылдардың қайсы мыңдағыдан болса да анағұрлым көп.

Соңғы екі жыл ішінде ғана республикамыздың тың және тыңайған жер игерілетін аудандарда 340-тан астам жаңа совхоздар ұйымдастырылды. Бұл астық өндіруді және мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттыруда үлкен рөл атқарады. Тың және тыңайған жер игерудің нәтижесінде Қазақстанда 1956-жылы жалпы егіс көлемі 28 миллион гектарға жететін болады.

Қазақ халқының өз бақыты үшін және Ұлы Социалистік еліміз үшін зор ынта-жігермен жүргізіп жатқан жұмысының кейбір негізгі

қорытындылары осындай. Бұл – бейбіт творчестволық еңбектің шын айғағы. Міне сондықтан да қазақ халқы Совет Одағындағы барлық халықтар сияқты, бүкіл прогресшіл адамзат сияқты, дүниежүзінде баянды бейбітшілік болуын жан-тәнімен қалайды. Бейбіт өмір біздің қажырлы еңбегімізге және творчестволық жұмысымызға шексіз кең жол ашады. Міне сондықтан да қазақ халқы Совет Одағындағы барлық халықтармен бірге, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом соғысының қатеріне қарсы Үндеуіне бір кісідей қол қойды. Қазақ халқы, бүкіл прогресшіл адамзат сияқты, бейбітшіліктің соғысты жеңуін, ақыл-ойдың есуастықты жеңуін қамтамасыз ету үшін өзінің барлық күшін жұмсайды.

Бүгін – Жеңіс мейрамы. Бұл күн – совет халқының өміріндегі тарихи маңызы зор күн. Сонымен бірге бұл күн бүкіл адамзатты фашистік құлдыққа түсу қаупінен қорғап қалған күн болып табылады.

Бұл күн совет халқына қымбатқа түсті. Біз Жеңіс күніне жету үшін төгілген қанды, құрбан жанды ешқашан да естен шығармаймыз. Біз бүкіл жер шарындағы қай халықтың болса да соғыс апатына ұшырамауын тілейміз. Біздің бүкіл сыртқы саясатымыздың өзі де осы игі мақсатқа – адамзаттың өмірін, бақытын қорғауға негізделген. Көп тілегін қолдап, көптің ойын білдіріп отырған саясат, әділ іс саясаты әрқашан да жеңеді.

Совет халқы ешқандай да агрессордан қорқып көрген емес және қорықпайды да. Егер жау соқтықса, ол сөзсіз құриды. 1941 жылы Отанымызға арсыздықпен басып кірген гитлершілдер күл-талқаны шығып, қиратылған болатын. Басқалардың да солардың кебінін киетіндігі сөзсіз.

ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ТІЛЕЙМІН

Қазақстан мектептерінің оқушылары мен мұғалімдерін бүгін басталған жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын. Олардың жаңа жылда білімнің жаңа шыңдарына өрлеу жолындағы табанды да шабыттты еңбектерінің ойдағыдай ілгері баса беруіне тілектеспін.

Мен бастауыш, орта мектептердің оқушыларының жаңа жылда өздерінің туған өлкесінің табиғаты және өмірімен таныса түсуін, өлкетану үйірмелерінің жүйесін кеңейте беруін, геологиялық, геоботаникалық, тағы басқа сан алуан рейдтермен жорықтарды жиірек өткізуден, өз ауданындағы өсімдіктердің, жәндіктердің, тау жыныстар мен минералдардың барлық түрлерін жинап, олардың коллекцияларын жасауын, аудандағы ежелгі руда өндіру орындары, археологиялық ескерткіштер туралы мәліметтер жинап, оларды белгілей жүрулерін тілеймін. Қазақстандағы барлық бастауыш және орта мектептердің коллективтерін түгел қатыстырған күнде бұл секілді жалпы көпшілікті қамтыған өлкетану жұмысының ғылымға, туған өлкедегі алуан түрлі табиғат байлығының бәрін толық ашу ісіне тигізетін пайдасы, сөзсіз, орасан зор болар еді. Бұл секілді шын мәніндегі мемлекеттік және игілікті бастаманы қолдауда Қазақстан мектептерінің жас натуралистеріне Қазақ ССР Ғылым академиясының институттары қажет ғылыми көмек көрсете алады.

Жаңа жылда Қазақстанның барлық бастауыш және орта мектептерінің усадьбаларында мичуриндік үлгі-тәжірибе учасоктері жүйесінің өсіп, кеңейе беруін, бұларда аудан көлеміндегі, ауыл шаруашылық, техникалық, жеміс-жидектік және басқа дақылдардың, әсіресе, жүгерінің егіліп келген немесе егіп шығаруға әбден болатын жоғары түсімді барлық сорттарының өсірілуін, олардың өсуіне және түсімін арттыруға керек аса қолайлы агробиологиялық жағдайлардың зерттелуін тілеймін. Қазақстан мектептері жас мичуриншілерінің бұл секілді аса маңызды бастамасын қолдауда да В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымдар академиясының Қазақ филиалы институттары қажет ғылыми көмек көрсеткен болар еді.

Жаңа жылда Қазақстанның барлық мектептерінде шын мәніндегі политехникалық оқудың жүзеге асырылуын тілеймін. Бұның мақсаты – оқушыларды еңбек дағдысына, басқаша айтқанда, әрбір азамат үшін және біздің бүкіл еліміз үшін ілгері басу мен бақыттың айбынды негізгі болып табылатын күшке баулу.

Бұл секілді нағыз бүкіл халық ісінде ең шешуші орындардың бірі алтын кадрларды даярлайтын совет мектебінің үлесіне тиеді. Сондықтан да мен Қазақстанның барлық бастауыш және орта мектептерінің сан мыңдаған мұғалімдерінің басталғалы тұрған жаңа жылда шын мәніндегі ілгері басқан әрі игілікті еңбектері үстінде аса көрнекті жаңа табыстарға жетуіне шын жүректен тілектестік білдіремін.

ЗОР БОЛАШАҚ

Қымбатты жастар! Бүгін жаңа – 1956 жыл басталып отыр. Мұндай қуанышты кезеңдерде барлық совет адамдары өткен жылғы қарапайым да жемісті еңбектерін қорытындылап, болашағын болжайды.

Міне, бүгін біз де өз республикамыздың өткен күндері мен болашағына көз жіберейік. Жастар республика өміріндегі болған ұлы өзгерістер мен оның зор болашағын айқын білулері қажет. Сонда ғана олардың жігер-мақсаты іске жұмсалады, өзінің өмірден келісімді орнын табады.

Қазақстан Совет өкіметі жылдары Россияның артта қалған өлкесінен СССР-дың гүлденген, индустриялы-аграрлық одақтас республикасының біріне айналды. Туған республикамыздың өндірісі мен ауыл шаруашылығын өркендетуге Қазақстанның еңбекшілерімен бірге ғылыми қызметкерлері де өз үлестерін қосты. Ғылыми қызметкерлер республикамыздың бұған дейін белгісіз жатқан аса бай табиғи байлықтарын зерттеп қайтты. Қазақстан жер қыртысы минерал шикізаттардың маңызды түрлеріне өте бай. Мұнда геологиялық жағынан әлі толық зерттеліп жетпеген осы күнгі дәрежесінің өзінде Қазақстан ванадий мен хромның қорынан дүниежүзінде бірінші орын алғанын, ал темір, мыс, қорғасын, мырыш, кадмий, вольфрам, бор, түрлі минерал тұздардың қорынан СССР-да бірінші орынға шыққанын атап айту керек. Сондай-ақ көмірдің, марганецтің, алюминийдің, молибденнің, никельдің, фосфордың қоры да өте мол.

Қазақстанның жер байлығын зерттеу жыл сайын пайдалы қазбалардың елеулі қорын ашады. Шындығында, Қазақстаннан Менделеевтің системасындағы элементтердің барлығы табылады. Қазақстанның минерал байлығы соншалықты зор – оны толық зерттеп табу үшін әлі көптеген жыл қажырлы еңбек ету керек.

Қазір республикамыз өзінің ауыр өнеркәсібін өркендетудің тамаша перспективаларын шешуде. Бұл негізінен алдымыздағы алтыншы бесжылдықта жүзеге асырылмақшы.

Жас достар! Міне, бүгін басталып отырған алтыншы бесжылдықта республикамыздың өндірісінде қандай өзгерістер болатындығына көз жіберіп байқайық.

Алтыншы бесжылдықта ең алдымен республикамызда электрлендіру қарыштай дамиды. Қазірдің өзінде энергетикалық ресурстың қуатты базасы ашылды. Бұл Солтүстік және Орталық Қазақстанның тас көмірі, қоңыр көмірімен бірге Қазақстанның таулы аудандарынан басталатын толып жатқан өзендер суының қуаты. Осы энергетикалық ресурстар қазірдің өзінде кеңінен пайдаланыла басталды. Бұл – Қарағанды және басқа индустриялы орталықтардың жылу электр станциялары мен Өскемен және Бұхтарма су электр станциялары. Әйткенмен мұның бәрі республикамыздың орасан зор энергетикалық ресурстарын жоспарлы түрде пайдаланудың бастамасы ғана.

Алдымыздағы уақытта Екібастұздың, Майкөбенің, Қарағандының, Құсмұрынның ашық шахталарының көмірімен жұмыс істеп, арзан электр қуатын беретін станциялар салынуға тиіс. Сондай-ақ Қазақстанның Батыс, Солтүстік және Орталық облыстарында ауыл шаруашылығының мұқтаждығы үшін жел қуатын пайдалану едәуір артады.

Революцияға дейінгі жылдарда Қазақстанда қара металлургияның қоры жоқ деп есептеліп келді. Ал, қазір ауыр өнеркәсіптің бұл базасының қоры жағынан республикамыз Совет Одағында бірінші орынға шығып отыр. Алдымыздағы алтыншы бесжылдық – Қазақстанда «үлкен қара металлургияның» туу бесжылдығы болады. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты және аса ірі Қарағанды металлургия заводы салынып бітеді.

Түсті металлургия химиялық және басқа өнеркәсіпті өркендету жағынан республикамыздың мүмкіндіктері әлі де зор.

Қазақстан комсомолының жуырда болып өткен съезінде делегаттар тың және тыңайған жерлерді игерудегі жастардың ерлік істерін сүйсіне айтты. Кездескен қиыншылықтарды жан-жақты талқылап, оны жеңіп шығу жолдарын сөз етті. Табиғаттың долы күштерін жеңіп, оның санынсыз байлығын халық игілігіне жұмсауға да ғалымдар өз үлестерін қоса береді. Топырақ зерттеушілердің болжаулары су ресурстары ашылған кезде қазіргі құнарсыз жерлерді гүлденген егістік аудандарға айналдыруға болатындығын көрсетеді. Бұл іске Ертіс, Обь және басқа өзендердің мол суы да пайдаланылады. Бұл қазіргі кезде кейбіреулерге тәтті қиял да болып көрінуі мүмкін. Бірақ, совет адамдары бұл қиялды сөзсіз жүзеге асырады. Сібірдің қуатты өзендерінің суы Орталық Қазақстанға келіп, бұл облыстар гүлденген оазиске айналады.

Қазақстан жерлерін зерттеу ісі әлі аяқталған жоқ. Зерттеулердің қорытындылары болашақта бұдан да зор міндеттер тудыруы мүмкін.

Советтік геологтардың атасы академик Обручев өзінің жастарға жазған үндеуінде, оларды ғылымға көмекке келіп, жаңа күшпен алға басуға шақырған еді. Мен академик Обручевтің бұл үндеуін сіздерге тағы да қайталап айтқым келеді. Ғылым алға қарай үздіксіз дами беру үшін, оның қатары қабілетті кадрлармен толықтырылып отырылуы керек. Біздің елімізде теория практикамен тығыз байланысты. Ол өзінің қорытындыларын практикадан алып, практикамен байып отырады. Қазіргі тың жерлерді игеруде, рудниктерде, фабрикаларда, заводтарда тамаша өндірістік көрсеткіштерге ие болып, жаңашыл ұсыныстар енгізген жастар – болашақ ғалымдар. Тек біздер солардың білім алуына, өсуіне қамқорлық жасап, бойындағы асыл қасиеттерін байыта білуіміз керек.

Бізде кейбір жағдайларда ғылыми мекемелерге мектеп қабырғасынан жаңа шыққан, өмірді білмейтін кездейсоқ адамдар алынады. Мұндай адамдар ғылымды алға қарай дамытуға үлес қосудың орнына, оған кедергі болады. Сондықтан ғылыми қызметкерлердің қатарын

кездейсоқ адамдармен емес, творчестволық өрісі кең жастармен толықтырып отыру – бүгінгі күннің ең маңызды талабы.

Қазақстан байлықтарын ашқан үстіне аша беруге республика жастары да ат салысу керек. Әсіресе, бұл абыройлы іске мектептердің мыңдаған оқушылары айтарлықтай жәрдем ете алады. Барлық мектептерде туған өлкені зерттеу үйірмелері құрылса, олар жазғы демалыс кезінде өз өлкелерінің өсімдік, жәндік дүниесін, жер қыртысы мен жер байлықтарын зерттесе, қандай зор істер істелген болар еді. Солай болған күнде ғылыми мекемелер де оларға тиімді ақыл-кеңес бере алады. Жастар мұны әр кез ескеруі керек.

Біз жоғарыда республикамыздың ауыр өнеркәсібін өркендетудің перспективаларына тоқталдық. Міне, осы орасан зор міндеттерді іске асыратын сіздерсіздер.

Міне, осындай жауынгерлік дәстүрде тәрбиеленген сіздер, оны алға дамытып, байыта түсулеріңіз керек. Сіздердің әрқайсыларыңыз өнеркәсіп орындарында болсын, ауыл шаруашылығының егіс даласында болсын, бар мүмкіншіліктерді сарқа пайдаланып, еңбектегі табыстарыңызды еселеп арттыра берулеріңіз керек. Сонда ғана ұлы іске үлес қосасыздар.

Жаңа жылда жаңа табысқа ие болыңыздар!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ VIII СЪЕЗІ

Жолдастар! КПСС XX съезі Директиваларының жобасынан көрініп отырғанындай, алтыншы бесжылдық еліміздің өміріндегі аса маңызды тарихи кезең болады. Бұл бесжылдықта республикамыздың алдына қойылған аса зор міндеттерді жүзеге асыру күресінде ғылым мен техниканың қайраткерлері маңызды орын алады. Қазіргі заман ғылымның барлық негізгі салаларын қамтитын 20 зерттеу институты бар Қазақ ССР Ғылым академиясы республиканың ғылыми ойының зор орталығына айналды. Биыл өткізілетін өзінің он жылдығына Қазақ ССР Ғылым академиясы бірсыпыра аяқталған зор ғылыми еңбектермен келеді. Бұл еңбектердің аса маңыздылары – Орталық Қазақстанның, кенді Алтайдың темір, марганец, мыс, қорғасын, молибден, вольфрам, қалайы, титан және көмір кендерін көрсететін металлогениялық прогноз карталары. Бұл карталар, алтыншы бесжылдықта мұнан да күшті қарқынмен жүргізілетін геологиялық-іздеу жұмыстарын дұрыс бағыттауға теориялық база болады.

Қазақстан еліміз үшін зор маңызы бар, қуатты көмір, қара және түсті металдар базасы. Мұнымен қатар геологтар өздерінің зерттеулерінде Қазақстанның қойнауында, сирек кездесетін және бытыраңқы көп элементтердің – индийдің, бериллийдің, германийдің, таллийдің, теллурдің, селеннің және атомдық техникада, электроникада, радиотехникада аса зор маңызы бар, басқа сондай элементтердің мол запастары бар екенін анықтады.

Қазақстандағы артезиан суының прогноз карталарын жасау аяқталды. Көкшетау, Ақмола, Ақтобе, Павлодар, Қарағанды облыстарының тың жерлерді игеруші аудандарында 1954-1955 жылдарда академияның жер кендерін, жер қыртысын, өсімдіктерді зерттейтін 69 экспедициялық отряды жұмыс істеді. Бұлар жер қыртысының, өсімдіктердің, су көздерінің карталарын жасады, саз, құм, әк, гипс және басқа құрылыс материалдарының көптеген кендерін ашты.

Академия ғалымдарының көмегімен Текеліде, Быструшин және Сокольный рудниктерінде кенді блоктап құлатудың прогрестік системалары өндіріске енгізілді, Жезқазғанда руда шығарудың бірсыпыра жаңа әдістері енгізілді. Балқаш заводының жылдық балансы жасалды, мыс рудаларын қорытудың ССРО-дағы жаңа циклондық әдісі белгіленді, мұның өзі Жезқазған мен Балқаштың металлургия заводтарының жұмыс өнімдігін мықтап арттырады.

Академияның ғылыми қызметкерлері қазақ арқар-меринос қойы, қазақтың биязы жүнді қойы сияқты, малдың жаңа бағалы тұқымдарын жетілдірді.

Гуманитарлық ғылымдар институттарының қызметкерлері Қазақ ССР тарихының бірінші томын жазуды аяқтап келеді, қазақ әдебиетінің классиктері – Абайдың, Алтынсариннің, Жамбылдың шығармалары

бастырылды, қазақ және ұйғыр тілдерінің грамматикалары шығарылды, орысша-қазақша және орысша-ұйғырша сөздіктер жасалды.

Ғылым академиясы өзінің жұмысында өндірістік ұйымдармен тығыз байланыс жасай отырып, практикалық маңызды тақырыптарды шешу принципін қолданып келді. Академия жер-жерлерде көптеген ғылыми ұялар ашты, олардың негізінде жаңадан екі институт – Өскеменде Алтай кен-металлургия институты, Гурьевте мұнай институты ұйымдастырылды. Зерттеулер тақырыптарының маңызын арттыру және республиканың аса маңызды экономикалық аудандарының қажетімен жер-жерлердің өзінде танысу үшін, Ғылым академиясы, одақтық және республикалық министрліктердің, партия, совет, шаруашылық ұйымдары өкілдерінің және кәсіпорындарын мамандарының қатысуымен көшпелі сессиялар шақыруды әдетке айналдырды. Қазақ ССР Ғылым академиясы келешекте де өзінің жұмысында тақырыптардың практикалық маңыздылығы, ғылыми-зерттеулердің комплекстілігі және коллективтілігі принципін басшылыққа алып отырады.

Ғылым академиясы институттарының жұмысында көптеген кемшіліктер бар. Бірсыпыра институттардың кадрлармен толықтырылуы, құралдармен жабдықталуы әлі де ғылымның алдында тұрған зор міндеттерге сай келмейді. Академияның маңызды практикалық ұсыныстарды жартылай өнеркәсіптік сыннан өткізуге керек эксперименттік базасы жоқ. Көптеген ұсыныстар өндіріске баяу енгізіледі. Мысалы, Metallургия және байыту институты 1950 жылдың өзінде Кемпірсайлық қышқылданған рудалардан никель және кобальт айырудың жаңа технологиялық әдісін белгіледі. Бұл әдіс никель мен кобальтты айыру процентін әлдеқайда арттыруға мүмкіндік береді. Оның үстіне бұл әдіс әдетте тасталатын шлактар орнына, ауыл шаруашылығында бағалы тыңайтқыш ретінде толық пайдаланылатын фосфат-шлак алуға мүмкіндік береді. Мұның қорытындысында пайдалану шығындары азаяды, өндіріс технологиясы оңайланады. Бұл жұмыстардың нәтижелері 1951 жылдың басында СССР Түсті металлургия министрлігіне мәлімделді. Бұл министрлік Орск никель заводына жаңа әдісті заводтық жағдайда тексеруді ұсынды. Содан бері бес жыл өтті, ал принциптік маңызды бұл жаңа әдіс тексерілген жоқ.

Академияның жеке институттарында әлі де кездейсоқ, ғылымға пайдасыз адамдар жұмыс істейтінін біз жасырғымыз келмейді. Ғылымымызды мұндай пайдасыз адамдардан арылту үшін, жоғары оқу орындарында жақсы нәтиже берген, қызмет орындарына конкурспен алу системасын біздің академиямызда да қолдану керек.

Алтыншы бесжылдықта республиканың халық шаруашылығының шапшаң қарқынмен өркендетілуі академияның жұмысын батыл жақсартуды, оның кадрларын өсіріп, өндірістік базаны нығайтуды талап етеді. Республикадағы барлық ғылыми-зерттеулерде бір ізге салып отыратын бір орталық жасайтын уақыт жетті.

Сөзімнің қорытындысында мен КПСС XX съезі Директиваларының жобасына, Қазақ ССР-іне жататын бөлімі бойынша кейбір толықтырулар ұсынғым келеді.

Директивалардың жобасы бойынша, 1960 жылы елімізде 68,3 млн. болат өндірілуге тиіс. ССРО-да Қара металлургияны өркендетуді тездету қажет. Қазіргі уақытта Совет Одағындағы, мүмкін, тіпті бүкіл дүниежүзіндегі ең ірі Аят және Лисаков кендерінің рудалары пайдаланылмай отыр. Бұл рудалар саяз, оларды ашық әдіспен шығаруға болады. Аят және Лисаков рудаларынан айырылатын әрбір мың тонна шойыннан 900 т. болат, феррованадий және 180 тоннадай фосфат-шлак алынады. Бұл шлактағы фосфат, Қаратау фосфориттерінен алынатын Жамбыл және Қоқан суперфосфаттарындағыдан бір жарым есе көп. Мұны есте тұтып, КПСС XX съезі Директиваларының жобасын алтыншы бесжылдықта Лисаков-Аят кен-байыту комбинаты құрылысының барлық жобалау және әзірлік жұмыстарын орындауды міндеттейтін пунктпен толықтыруды ұсынамын.

Орталық Қазақстанда өнеркәсіптің зор көлемде өркендетілуі табиғат ресурстары ерекше көп бұл ауданның проблемаларын түбірінен толық шешу туралы мәселені алға қояды. Ертіс өзені – Орталық Қазақстанды суландырудың мол су қоры. Энергетика институтының зерттеулері, Ертістің суын Орталық Қазақстанға бағыттау үшін, ұзындығы 800 км, суды 300 м жоғары көтеретін механикалық көтергіштері бар канал жасау керек болатынын көрсетті. Бұл аса зор су құрылысын жасау зор көлемді жобалау-зерттеу жұмыстарын алдын ала жүргізуді керек қылады. Осы зерттеу жұмыстарын үстіміздегі бесжылдықта аяқтап, келесі бесжылдықта бұл каналды жасауға кірісетін болу керек. Директивалардың жобасын Ертіс-Орталық Қазақстан каналы жөніндегі жобалау-зерттеу жұмыстарын бесжылдықтың аяғына дейін аяқтау туралы пунктпен толықтыруды ұсынамын.

Республиканың халық шаруашылығында атом қуатын қолдануды зерттеу жұмыстарын кең өрістетуге қажеттігін ескеріп, КПСС XX съезі Директиваларының жобасына алтыншы бесжылдықта Қазақ ССР Ғылым академиясының эксперименттік атомдық реакторы құрылысын енгізуді өтінемін.

Жолдастар! КПСС XX съезі Директиваларының жобасында белгіленген, еліміздің шаруашылығын өркендетудің аса зор программасы халықты жігерлендіріп, еңбек майданындағы жаңа ерлік істерге жұмылдырады. Қазақстанның ғылым қайраткерлері алтыншы бесжылдықтың ұлы жұмыстар жоспарын ойдағыдай орындауға өздерінің барлық күші мен білімін аянбай жұмсайтындығына Қазақстан Коммунистік партиясының VIII съезі мен КПСС Орталық Комитетіне сенім беруге рұқсат етіңіздер.

ОТАН АЛДЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ БОРЫШТЫ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАЙЫҚ

Қазақстанның еңбекшілері, бүкіл совет халқы сияқты, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің орасан зор қамқорлығын әрдайым сезіп отырады. Тек осы қамқорлықтың арқасында ғана Қазақстан тарихи қысқа мерзімнің ішінде ұлы Совет Одағының көркейген республикаларының біріне айналды. Бір ұрпақтағы адамдардың өмірі тұсында ғана Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті танымастай болып өзгерді. Елімізді түсті, сирек кездесетін және қара металдармен, көмірмен, астықпен және мал шаруашылығының өнімдерімен қамтамасыз етуде Қазақстанның рөлі өлшеусіз өсті. Қазір Қазақстанда өз Ғылым академиясы, ондаған жоғары оқу орындары, озық әдебиет пен өнер бар.

Қазіргі уақытта Қазақстан Совет Одағының сарқылмас «қоймасы» ретінде жаппай танылып отыр. Ол хромның, ванадийдің, мыстың қорлары жөнінде дүниежүзінде алдыңғы орындардың бірін темірдің, қорғасынның, мырыштың, күмістің, кадмийдың, молибденнің, вольфрамның қоры жөнінде СССР-де бірінші орын алады; Республиканың жер қойнауында марганецтің, никельдің, титанның, алюминийдің, көмірдің, мұнайдың, фосфориттің және радиотехникада, электроникада, машина жасау өнеркәсібінде зор маңызы бар сирек кездесетін әртүрлі және бытыраңқы деп аталатын металдардың бай қоры бар. Геологиялық болжаулар мынаны көрсетеді: Қазақстанның ұшы-қиырсыз далаларында бұдан былай да мейілінше әртүрлі минералды шикізаттың сан алуан жаңа тау жыныс орындары ашылатын болады.

Мұның бәрі бізді алтыншы бесжылдықта болсын, сол сияқты бұдан былай да СССР-дің шығысындағы ең қуатты индустриялы республика ретінде, Совет Одағының аса ірі астықты алқабы ретінде Қазақстанның даңқы одан әрі арта түсетін болады деген сенімге бөлендіруде.

КПСС XX съезінің директиваларын ойдағыдай жүзеге асыруда советтік озат ғылым маңызды рөл атқарады. Қазақстан ғалымдары өздерінің назарын аса бай табиғи ресурстарды одан ары анықтауға, оларды елімізде коммунистік құрылыс игілігіне неғұрлым тез және тиімді пайдалануға баса назар аударып отыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясы мен ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы жаңа жерлерді зерттеу және іріктеу жөнінде, олардың құнарлылығын, сумен және жергілікті құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілуін зерттеу жөнінде көп жұмыс жүргізді. Ғалымдар қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы саласында ірі зерттеулер жүргізіп жатыр.

Қазір ғылыми қызметкерлер 43 миллион гектар жайылымдық жерді суландыру, жүгеріні Қазақстанның солтүстігіне қарай одан әрі жылжыту мәселелерін, егіншіліктің және ауыспалы егістің неғұрлым тиімді жүйелерін зерттеуде. Қазақстанның ғалымдары мемлекетке кемінде

бір миллиард пұт астық тапсыру ісінде республика селоларының еңбекшілеріне барынша көмек көрсетеді.

Ғылым академиясы Қазақстанның барлық ғалымдары озат ғылымын дамыту және еліміздің социалистік халық шаруашылығының техникалық прогресінде оның рөлін күшейту саласында, тарихи программаны жүзеге асыру үшін бұдан былайғы жерде де тынбастан еңбек етеді. Олар совет ғылымы атына білдірілген жоғары сенім мен алғысты ақтау үшін өздерінің барлық творчестволық күшін жұмылдырады!

ҒЫЛЫМ – ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Үстіміздегі бесжылдық республикамыздың экономикасы мен мәдениетін жаңа белеске шығаратын бесжылдық болмақ. КПСС XX съезінің директиваларында: елдің шығыс аудандарының бай табиғи байлығын игеру тездетілсін, батыс және шығыс Сібір аудандарында, Қазақ ССР-інде күрделі құрылыстың СССР бойынша тұтас алғандағыдан неғұрлым жоғары қарқынмен салынуы қамтамасыз етілсін делінген.

Расында да, республиканың байтақ жерінің қойнауы сансыз байлыққа толы. Қазір Қазақстан хром мен ванадий кенінің қоры жөнінде бүкіл дүниежүзінде алдыңғы орындардың біріне ие болып, мыс пен мырыш, қорғасын мен молибден, кадмий мен вольфрам және басқа кен байлығы жөнінен СССР-де бірінші орын алады. Сол сияқты бізде темір мен көмірдің, мұнай мен марганецтің, фосфориттердің, сирек және шашыранды металдардың сарқылмас қоры бар. Совет халқы Қазақстанды «еліміздің қазына қоймасы» деп орынды айтады.

Міне осы мол қазынаны игеруге үстіміздегі бесжылдықта 78 миллиард сом қаржы жұмсалмақ. Бұл республиканың күрделі құрылысына алдыңғы үш бесжылдықта жұмсалған қаржыдан әлдеқайда көп. Республика алдында тұрған осындай ұлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда ғылым елеулі рөл атқарады. Қазақстанның зор минерал байлығын тапқан үстіне таба түсуге, оларды таяу уақытта пайдалану жолдарын іздестіруге айрықша көңіл бөледі. Ең алдымен, ғылымның кең өрісті теориялық және практикалық маңызы бар проблемалары зерттеледі.

Алтыншы бесжылдықта Қазақстанда энергетиканы дамыту ісі бұрын болып көрмеген дәрежеде өркендетіледі. Өйткені өнеркәсіптің қай саласы болса да энергетикасыз өркендей алмайды. Жаңа бесжылдықта республикамыздың энергетикалық базасының қуаты 2,5 еседен астам өседі. Энергетиканы дамытуда тап осындай кең құлаш сермеу біздің энергетик ғалымдарымыздың алдына зор міндеттер жүктейді. Бұл салада техникалық прогресті күшейтуді талап етеді.

Қазір энергетикалық базаны жоспарлы түрде дамытудың ең тиімді әдісі бірыңғай энергетикалық жүйе жасау болып табылады. Республикамыздың ұлан-байтақ жерін тап қазір бірыңғай энергетика жүйесімен қамту мүмкін емес. Ал Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын қамтитын энергетикалық жүйе құру ісін толығымен жүзеге асыруға болады. Ол Алтай мен Семей, Павлодар мен Қарағанды, Ақмола мен Қостанай, Көкшетау мен Петропавл энергия тораптарын біріктіретін болады. Бұл жүйе республиканың ең негізгі өнеркәсіпті аймағын, тың игерген аудандарды электр энергиясымен қамтамасыз ету керек. Алдағы жетінші бесжылдықта бұл міндетті орындауға толық жағдай жасалады, өйткені ол кезде Ертісте Бұқтарма мен Шульба электр станциялары салынады. Павлодар мен Қостанайда аса қуатты энергетика тораптары

жасалады. Демек, үстіміздегі бесжылдықта республиканың энергетика ғылымының ең басты шешуші міндетінің бірі – Қазақстанның солтүстік-шығысында бірыңғай энергетикалық жүйе жасаудың ғылыми негізін зерттеу ісі болып табылады.

Жаңа бесжылдықта Қазақстанда Бұқтарма, Шульба ГЭС-і мен Іле өзенінде Қапшағай су-электр станциясын салуға байланысты, біздің ғалымдарымыз Қазақстан жағдайында су-электр станцияларын салу тәжірибесін қорытындылау керек. Сонымен қатар республиканың су энергиялық қорын онан ары жоспарлы түрде зерттей беруге тиіс.

Республикамыздың табиғат жағдайының ерекшелігіне сәйкес Қазақстанның 11 облысында тек жылу электр станцияларын салуға ғана мүмкіндік бар. Міне, сондықтан да жылу электр станциялары техникалық прогресс мәселелерін зерттеу – ғалымдарымыздың маңызды міндеттерінің бірі. Бұл салада біздер электр станцияларын блок схема бойынша комплексті түрде автоматтандыруға айрықша көңіл бөлуіміз керек.

Республиканың өнеркәсіпті аудандары, шикізат пен отын базасы Орталық Қазақстанда орналасқан. Тың игерген негізгі аудандар да осында. Бірақ мұнда су жетіспейді. Міне осыған орай Қазақ ССР Ғылым академиясының ғалымдары жергілікті су қорын зерттеумен қатар, Ертіс суының бір бөлегін Орталық Қазақстанға жеткізу проблемасын шешу үстінде. Алтыншы бесжылдықта бұл мәселені зерттеу ісі аяқталып, келесі бесжылдықта жүзеге асырылуға толық даярлануы керек.

КПСС XX съезінің алтыншы бесжылдық жоспар жөніндегі Директиваларында Қарағанды бассейні мен Екібастұз, Орал, Ембі бассейндерін одан ары дамыту, Торғай ойпатындағы қоңыр көмір байлығын ашып, игеру міндеттері қойылған. Бұл міндеттер біздің көмірші, мұнайшы ғалымдарымыздан, геологтарымыздан айрықша еңбек етуді керек етеді.

Орал-Ембі бассейнін барлау, зерттеу жұмыстарын күшейтіп, оның байлығын пайдалану қажет. Әсіресе оның солтүстік жағына – Шұбарқұдық пен Ақтөбе маңына айрықша назар аудару керек. Өйткені бұл жерлерде мұнай өндірудің өзіндік құны бассейнің басқа жерлеріне қарағанда біраз төмен. Сонымен қатар бұл бассейннен жанғыш газдарды іздеуге де көңіл бөлген жөн. Қазақстанның оңтүстік-шығысынан, Іле маңы тау аралығындағы ойпаттардан мұнай іздеуді кеңейту қажет.

Қазақстанның ауыр өнеркәсібін дамыту металлургиялық және энергетикалық көмір байлығын кеңейтуге және игеруге байланысты. Қарағанды көмір бассейні үшін негізгі міндет бұрынғыдағыдай кокстелетін көмір қорын ұлғайта түсу болып табылады. Бұл міндет геологтар мен көмір химиктерінің, байытушылардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде ғана шешіледі. Бұл үшін Қарағандыда көмірді циклондық байытудың тиімді әдісін қолданған жөн болар еді.

Жаңа бесжылдықта Павлодар облысындағы Майкөбе қоңыр көмір ауданын геологиялық жағынан зерттеу, ашу, пайдалану ісін жүзеге

асыруымыз керек. Бұл ауданның көмір қоры миллиардтаған тонна болып есептеледі. Сонымен қатар Қостанай облысындағы қоңыр көмір қорын игеруге назар аудару қажет.

Шығыс, оңтүстік-шығыс Қазақстанның өзіндік отын энергетикалық базасын жасаудың айрықша маңызы бар. Өйткені бұл аймақтарда да экономикалық жағынан дамыған, халқы тығыз Шығыс Қазақстан, Семей, Алматы, Жамбыл, Талдықорған облыстары бар. Сондықтан өндірістік және геологиялық ғылыми мекемелер Шығыс пен оңтүстік-шығыс Қазақстанның көмір шығады-ау деген жерлерінің бәрін мұқият зерттеу қажет. Әсіресе Бетпақдала мен Балқаштың батыс жағын, Алакөл ойпатын, Қаратау мен Аякөз аудандарын, Кеңдірлік пен Ертіс маңын барлауға, ақтара қарауға зер салу керек.

Қара металлургия саласында алтыншы бесжылдықта Қазақстан жерінде салынатын алып құрылыстар бүкіл елімізге мәлім. Бұл – Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты. Қазір оның құрылысы кең өрістеген. Алтыншы бесжылдық алыбын салу үшін еліміздің тұс-тұсынан бұған мыңдаған адамдар келуде. 1960 жылы бұл комбинат елімізге 5,6 миллион тонна дайын руда беретін болады.

Қазақстан Магниткасын – Қарағанды металлургия заводы республика еңбекшілері мақтанышпен атайды. Оның жылына 1,35 миллион тонна шойын өндіретін 2 домна пеші болады. Сол сияқты Павлодар ферросплав заводы салынады.

Атасу рудниктерінің құрылысы өрістетіледі. Ақтөбе ферросплав заводы кеңейтіле түседі. Бірақ мұның бәрі Қазақстанның қара металлургиясын дамытудың алғашқы адымдары болып қана есептеледі.

Болашақта біздің республикамызда мұнан да зор металлургия заводтары салынады.

Қазақстан түсті металдар өндіруде еліміздің негізгі базасы болып табылады. Алтыншы бесжылдықта Үлкен Жезқазған комбинатымен бірге, Бозшакөл мен Николаев мыс комбинаттарының құрылысы жүзеге асырылады. Балқаш мыс комбинаты онан ары кеңейтіледі. Республикамызда қара мыс шығару 1,9 есе артады.

Қазір бүкіл әлемге атағы жайылған Торғай боксит руднигінің негізінде Павлодарда еліміздегі екі ірі алюминий заводы салынады. Біздің ғалымдарымыз республикамыздағы жаңадан пайда болған өндірістің бұл саласын ойдағыдай дамыту үшін боксит өңдеудің тиімді әдістерін табу керек. Сол сияқты сирек және шашыранды металдарды табу ісіне баса көңіл бөлген дұрыс болады.

КПСС XX съезінің Директиваларында Қазақстан жерінде бірқатар химиялық заводтар салу көзделген. Сонымен бірге коксхимиялық өнеркәсіп дамытылады. Бұл ғалымдарымызға елеулі міндет жүктейді. Осындай міндеттердің бірі – тыңайтқыштар өндіруді арттыру.

Қазір ауыл шаруашылығында фосфор тыңайтқыштар орасан көп қолданылады. Өйткені бұл егін шығымдылығын еселеп арттырады.

Республиканың химия өнеркәсібі ауыл шаруашылығының тыңайтқышқа деген қажетін өтей алмай отыр. Бізде әрбір гектар егістікке 10 килограмм фосфор тыңайтқышы енгізіледі. Ал Батыс Германияда және басқа бірқатар елдерде әр гектарға 50-100 килограмм фосфор тыңайтқышы енгізіледі екен.

Қазақстанда фосфориттер байлығы өлшеусіз көп. Қазір одан суперфосфат өндірілуде. Үстіміздегі бесжылдықта Қазақстан ғалымдары Қаратау фосфориттерін қышқылсыз әдіспен өндіру жолдарын табу керек. Бұл фосфор тыңайтқыштарын кең көлемде өндіруге жағдай жасайды. Бұл салада біздің химиктеріміз жемісті еңбек етуде. Мәселен, Қазақ ССР Ғылым академиясында термофосфат атты жаңа фосфор тыңайтқышы жасалды. Бұл қазір өндірісте сынақтан өткізілуде, оған Совет Одағының жер-жеріндегі 40 ауыл шаруашылық тәжірибе станцияларында агрономиялық байқау жүргізілуде.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі еліміздің ауыл шаруашылығын өркендетуге айрықша зер салып, тарихи қаулылар қабылдады. Бұл қаулы игі нәтижесін берді. Соңғы үш жылда республика жерінде жүзеге асырылған ұлы істер ауыл шаруашылығының ойдағыдай алға басқандығының айқын дәлелі. Бізде 19,5 миллион гектар тың және тыңайған жер игерілді. Республикамызда жаңадан 337 астық совхозы ұйымдастырылды. Қазір республика еңбекшілері биыл бітік егіннен 1 миллиард 400 миллион пұт астық жинау үшін күресуде.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыруда, тың және тыңайған жерлерді игеруде ғалымдарымыз зор көмек көрсетті. Республика ғалымдары соңғы екі жылдан аса уақыт ішінде 15 миллион гектардан аса жаңа жерлерді зерттеп, астық совхоздарының жайлы жерлерге орналасуына тікелей көмектесті.

Республиканың ауыл шаруашылығын бұрын болып көрмеген дәрежеде өркендету үшін, КПСС XX съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру үшін Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелері орасан зор міндеттерді атқаруға тиіс. Дәнді дақылдардың түсімін арттыру, мал шаруашылығы өнімдерін молайту, топырақ өңдеу, ауыспалы егіс жүйесін батыл енгізу, тұқым қорын жақсарту сияқты мәселелер ерекше назар аударуын талап етеді.

Алайда, республика ауыл шаруашылығының аса маңызды мәселелері әлі тиянақты шешілмей отыр. Тың және тыңайған жер игерілген аудандардағы егіншілік системасының көп мәселесі әлі жеткілікті зерттелген жоқ. Сол сияқты мал шаруашылығында да елеулі кемшіліктер бар. Рас, соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанда қазақтың ақбас сиыры, Алатау және Әулиеата сиыры, қазақтың биязы жүнді және арқар-меринос қойы сияқты малдың асыл тұқымдары шығарылды. Алайда, малдың бұл тұқымдарын бағу-күту, шаруашылықтарға тарату ісі қанағаттанғысыз болып отыр.

Қазақстан жерінің 40 миллион гектардан аса кең жайлаулары мен шұрайлы шабындығын игеру, пайдалану нәтижесінде республикамызда

мал шаруашылығын, әсіресе қой шаруашылығын өркендетудің күрделі шараларын жүзеге асыру алға қойылып отыр. Колхоздар мен совхоздардың, машина-трактор станцияларының экономикасын зерттеу, олардың келешегіне сай жобалар жасауына көмектесу, жоғарыда айтылған жайылымдар мен шабындықтарды игеруге ат салысу – ғалымдарымыздың үлкен міндеттерінің бірі.

Қазақстан табиғаты сан алуан. Мұнда құнарсыз шөлдер де, қара топырақты орманды далалар да, көк шалғынды шабындықтар да, қалың ағаш басқан таулар да кездеседі. Мұның бәрі республикада ауыл шаруашылығы ғылымын өркендете түсуді талап етеді.

Біздер ғалымдар мен өндіріс қызметкерлерінің бірлесе отырып шешкен зерттеу жұмыстарының қорытындысын экономиканы және мәдениетімізді өркендетуге пайдалану ісін қолға алуымыз қажет.

Бұл жөнінде Орталық Қазақстан мен Алтайдың бір миллион шаршы километрге жуық жерінен темір мен марганец, мыс пен қорғасын, қалайы мен молибден, вольфрам және басқа металдар бар жерді болжап, біздің академияның ғылыми қызметкерлері жасаған картаны кеңінен пайдалануымыз керек.

Қазақ ССР Ғылым академиясы ұсынған кен қазудың жаңа әдістерін металлургия өнеркәсібінде кең пайдалану жұмыс өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік бағасын арзандатуға көмектесетіні даусыз. Сол сияқты біздің ғалымдар ұсынған металл қорытудың жаңа әдісі өндірістің өнімділігін арттырып, көлденең шығындарды азайтуға бағытталған.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғалымдары көп жыл бойы зерттеп, өндіріске қолдануға ұсынған жаңа табыстың бірі – тотыққан никель рудасын қорытудың әдісі металдың шлакта қалуын он есе кемітеді. Бұл әдісті қолдану – қоры азая бастаған никель рудниктерінің жұмыс сапасын арттыра түседі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметкерлері өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында КПСС XX съезінің тарихи нұсқауларына сүйене отырып, қоғамдық ғылымдарды дамытуға айрықша назар аударады. Әсіресе біздің экономистеріміздің алдында тұрған міндет орасан зор. Олар республика халық шаруашылығының маңызды салаларын өрге бастыруға, олардың дамуын белгілеп, жер-жерге орналастыруға тиянақты көмек көрсету керек. Олар, ең алдымен, республика шаруашылығының түсті және қара металлургия, көмір өнеркәсібі, энергетика, машина жасау сияқты салаларын дамыту мен орналастыру мәселесін зерттеуге ерекше зер салу тиіс.

Академияның Тарих, археология және этнография институты қазақтың атақты ғалымы Шоқан Уәлихановтың қолжазбаларын жинап, зерттеу нәтижесінде оның көп томдық еңбектерін шығармақ. Педагог-ағартушы ақын Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы шығармаларын орыс тілінде жариялау жұмысы қолға алынып отыр. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, туысқан орыс халқымен достықтың жаршысы Абай

Құнанбаевтың шығармаларының толық жинағы орыс тілінде шығарылады.

Біздің тарихшыларымыз Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығына дейін Қазақ ССР тарихының 2 томын басып шығару керек. Сонымен қатар Қазақстандағы қоғамдық пікірлердің дамуы, революциялық және ұлт-бостандық қозғалысының тарихын айқындайтын документтерді жеке жинақ етіп әзірлеу қажет.

Филология ғылымы саласында қазақ тілінің грамматикалық құрылымы, лексикасы мәселелеріне, оның тарихы мен диалектологиясына баса назар аударылуға тиіс. Сол сияқты қазақ халқының ауыз әдебиетін, жазбаша әдебиетін зерттеу мәселелерін күшейту қажет. Академиямыздың қоғамдық ғылым саласында қызмет етіп жүрген ғалымдары КПСС XX съезінің тарихи шешімдерін терең зерттеу арқылы тарих, әдебиет, тіл ғылымы саласында болып келген олқылықтарды тез арада жоюға, жаңа қомақты еңбектерімен халық алдындағы абыройлы борышын ақтауға міндетті.

КПСС XX съезі қабылдаған халық шаруашылығын өркендетудің алтыншы бесжылдық жөніндегі Директивалары барлық совет ғалымдарын, сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективін ғылымда жаңалықтар ашуға күш-жігерін жұмсауға шақырады.

Қазақстан ғалымдары республикамыздың кен байлығын зерттеп, оларды пайдаланудың ұтымды жолдарын табуға ерекше көңіл бөлетін болады. Кен байлығының жер қойнына орналасу заңдылығын зерттейтін теориялық жұмыстар күшейтіле түседі. Сирек кездесетін және шашыранды металдарды зерттеу, олардың кенін ашу нәтижесінде титан, германий, тантал, скандий сияқты аса құнды металдар шығаратын шикізат базаларын ұйымдастыру жолында еңбек етеді.

Ғылым мәселелерін өркендетуде ғылыми проблемаларды талқылаудың, ғылыми жұмыстағы кемшіліктерді ашатын сын мен өзара сынның айрықша маңызы бар. Алайда, бірсыпыра ғылыми мекемелерде ғылым проблемаларын ойдағыдай талқылауға жағдай жасалмаған. Бізде туысқан республикалардағы ғылым мен техниканың жетістіктері жеткілікті пайдаланылмайды. Шетелдік тәжірибе мен ғылым табыстарын үйрену ойдағыдай емес.

Біздің кейбір ғылыми-зерттеу институттарымыз ғылыми жұмыстарды өндіріспен ұштастыра білмейді. Бір уақытта зерттелген мәселелермен қайта шұғылдану орын алып келеді. Республика жоғары оқу орындарының көбінде ғылыми жұмыс нашар өрістетілген. Профессорлар мен оқытушылардың көпшілігі ғылыми-зерттеу жұмысына атсалыспайды. Мемлекет мүддесі, халық шаруашылығын өркендету міндеті – ғылыми мекемелердің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жедел жоюды талап етеді.

КПСС XX съезінің ғылыми мекемелерді өндіріске жақындату, ғылым мен халық шаруашылығының байланысын арттыру ісіне айрықша

көңіл бөлді. Шынында да, өндіріссіз, практикасыз ғылым әрі құнарсыз, әрі нәрсіз болмақ.

Совет Одағының басқа да туысқан республикаларындағы сияқты, біздің республикамызда да ғылым мен техниканың алдына қойылған міндеттерді орындай алатын ғылым кадрлары жеткілікті. Соғыстан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда, Қазақстанда жоғары дәрежелі білімі бар кадрлар саны 3,8 есе, ғылыми қызметкерлер саны 2,5 есе артты.

Республикамызда Қазақ ССР Ғылым академиясы, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалы жұмыс істейді. Бұлар ондаған ғылыми мекемелерді біріктіреді. Қазір бізде 25 жоғары оқу орны, 127 ғылыми-зерттеу мекемесі, 35 ғылыми-зерттеу институты бар. Бұларды 3300 ғылыми қызметкер зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Олардың 148-і ғылым докторы, 1400-дейі ғылым кандидаты, 1940 жылмен салыстырғанда, республикамызда ғылым докторларының саны 12 есе, кандидаттар саны 25 есе көбейді. Міне, бұл цифрдан Қазақстанның ғылым мен мәдениеті гүлденіп, өскендігін айқын көруге болады.

КПСС XX съезінің трибунасынан партиямыз совет ғалымдарына алғыс жариялады. Біздің ғалымдарымыз мұны мақтаныш тұтады. Олар КПСС XX съезінің тарихи қарарларын жүзеге асыру үшін, халықтың игілігі үшін жемісті қызмет етеді.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ МИТИНГІСІ

Мемлекет қоймаларына бір миллиард пұт астық өткізу жөнінде республика қабылдаған социалистік міндеттемелердің табысты орындалуымен байланысты, менің Ғылым академиясының коллективі және барлық ғылыми қызметкерлер атынан республикамыздың еңбекшілеріне, әсіресе ауыл шаруашылығының еңбекшілеріне шын жүректен сәлем жолдауыма және оларды құттықтауыма рұқсат етіңіздер.

Бүкіл совет халқы алдында, ұлы Коммунистік партия мен Совет үкіметі алдында қабылданған құрметті социалистік міндеттемелерді Қазақстан толық орындап шықты, бұл аса көрнекті оқиға әрбір еңбекшінің, бүкіл еліміздің әрбір азаматының қуаныш пен қанағат сезімін сөзсіз тудырады.

Қазақстан еңбекшілері шын мәнісінде аса көрнекті тарихи оқиға болып табылатын бұл күнді тойлап отырғанда, біздердің назарымыз бен ойымыз бірден еңбекшілерге – тың батырларына, жүректің әмірі бойынша, партияның шақыруы бойынша Совет елінің түкпір-түкпірінен Қазақстанға ерлік еңбек етуге келген көптеген мың жас жігіттер мен қыздарға, кемеліне жеткен қайраткерлер мен ұйымдастырушыларға аударылады. Қазақстан еңбекшілерімен тығыз достықта ынтымақтаса отырып, тек солар ғана небәрі үш жыл ішінде республикада ғасырлар бойы қимылсыз жатқан 20 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде шын мәнінде алып жұмыс атқарды, енді бұл жерлерде бітік егін өсірілді.

Жолдастар! Қазақстанның тың алқаптарына жасалған бүкіл халықтық шабуылға ғылыми қызметкерлердің де қосқан көптеген еңбек үлесі бар. Ғалымдар – топырақ зерттеушілер, агрономдар мен геоботаниктер тың және тыңайған жерлердегі көптеген алқаптарды таңдап алу ісіне кеңінен және белсенділікпен қатысты. Геологтар мен технологтар тың жерлер аймағындағы жаңа совхоздарды, МТС-терді және астық қоймаларын жергілікті құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуде жақсы көмек көрсетті. Гидрогеологтар мен гидрологтар жаңа ұйымдастырылатын совхоздар мен МТС-терді сумен қамтамасыз ету үшін игерілетін тың жер алқаптарындағы су ресурстарын зерттеді. Ғылым академиясының көптеген қызметкерлері, республиканың басқа да ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарының қызметкерлері сияқты биыл тың жерлерде өсірілген мол астықты жинау жұмысына тікелей қатысты.

Қазақстан ғалымдары, республикамыздың барлық еңбекшілері сияқты, қол жеткен табыстарға қанағаттанып қоймайды. Олар шын мәніндегі шексіз, табиғи байлықтар, Қазақстанның жер қыртысындағы және жер үстіндегі байлықтарының мол жағдайында өздерінің алдында мемлекеттік маңызы бар міндеттер тұрғанын жақсы түсінеді, ол міндеттер егіс көлемін одан әрі кеңейту, дақылдардың, ең алдымен бидай мен мақтаның өнімділігін қалтқысыз арттыру, республикада ауыл

шаруашылығын, ең алдымен, қой мен сүт малын жан-жақты өркендету, республиканың жер қыртысындағы минерал байлықтарды жоспарлы түрде онан әрі ашу және оларды елімізге молшылықты нығайту ісіне толық және тез пайдалану болып табылады.

Қазақстан ғалымдары республиканың барлық еңбекшілерімен, бүкіл совет халқымен қоян-қолтық еңбек ете отырып, алға қойылған тарихи міндеттерді табысты орындауға қажеттінің бәрін істейді деп сіздерді сендіруге рұқсат етіңіздер!

ҮЛКЕН ТАЛАНТ ИЕСІ

«Абай» романы – бүкіл совет әдебиетінің ірі табыстарының бірі. Бұл тамаша романның авторы Мұхтар Әуезов өзінің творчестволық өмір жолының көптеген жылдарын қазақтың дана ақыны Абай Құнанбаев, оның төңірегіндегі адамдар және ұлы ақын өмір сүрген заман турасында бай материал жинап, зерттеп, әдеби қорытынды жасауға арнады. Қажымай, талмай еңбек етуінің арқасында, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен салтын жан-жақты қамтыған түбегейлі энциклопедиясы болып есептелінетін аса көркем роман – «Абай» жарыққа шықты.

Бұл кітапта қазақ өміріндегі феодалдық құрылыстың аса бағалы мәліметтері бар. Билеп-төстеуші ат төбеліндей байлар мен феодалдардың қыспағында езілген еңбекші халық тұрмысының шын суреттері жасалған. Қалың бұқараның жер үшін, жайылым үшін бітіспес күресі, ел өмірінің және де басқа сан сала тіршілігі романда шебер сипатталады.

Жазушы романда жағымсыз кейіпкерлер мен оған қарама-қарсы прогресшіл адамдардың образын есте қаларлықтай жарқырата суреттеп, қазақ елінің бұрынғы ауыр өмірін көз алдымызға елестетеді. Егер Абайдың әкесі аға сұлтан Құнанбай өзінің халыққа жасаған қаталдығымен зығырданыңды қайнатса, Майбасар, Тәкежандар оқушыны жирендірсе, романның «болашақ буындары» деп атауға болатын бүкіл бір топ саңлақ кейіпкерлері қазақ халқының адал ұландары ретінде жадымызда қалады. Абайдың әжесі Зере, шешесі Ұлжан, шебер мүсінделген Тоғжан мен Әйгерім және Абайдың достары мен жақтаушылары – Ербол, Базаралы, жатақ қарттар, ақындар – халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын осындай кейіпкерлер есепті.

Романда XIX ғасырдағы Россия сипаты: қазақтың билеп-төстеушілерімен ауыз жаласқан патша чиновниктерінің Россиясы – отаршыл Россия және еңбекші халықтың бақыты мен бостандығы үшін күрескен, жер аударылған революционерлердің Россиясы болғаны көркем суреттеледі.

Ұлы орыс әдебиеті өзінің ұлттық батыр революционерлеріне арналған көркем шығармаларға бай. Мұхтар Әуезовтің еңбегі осы тақырыпқа үндесіп, жаңа стильмен, өзіне тән ерекшелікпен бізге орыс революционерлерінің игі әрекетін қазақ өміріне байланыстыра әңгімелеп береді. Бұл әрекетті автор романда сондайлық ыстық сүйіспеншілікпен көрсетеді. Сол уақыттағы алдыңғы қатарлы талантты қазақтар, мысалы Абай, айдауда жүрген орыс революционерлерінің әсерімен орыс мәдениетінің мол айдынынан сусындап, орыстың ұлы ойшылдары, жазушы-ақындарымен танысқанын көреміз. Абай Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты, Толстойды, Салтыков-Щедринді, Чернышевскийді оқиды. Осы оқығандарын қазақшаға аударып, достарына әңгімелегені, Абайдың өте шебер аударған «Татьянаның әні» ауылдан ауылға, рудан руға қалай тез

тарағаны романда шындық тұрғыда сипатталған. Оқушы қауым орыс ұлтының дана өкілдерінен Абайдың алған әсерлі ойы қазақтың шексіз кең даласында тармағы мол тас бұлақтай болып аққанын сезінеді. Осы кітаптың бас кейіпкері – Абайдың отыз жастан бастап, егде тартқан жасына дейін, оның творчестволық алып күшінің гүлденуіне дейін бар ынтасымен бақылайды. Абайдың алып талантының қалыптасуы мен өсу жолының барлық кезеңін автор өте шебер суреттеген. Романның тіл байлығы, шынында, таң қаларлық. Романдағы Абайдың өз тілі ықшамды, күшті, мәнерлі және кей жерлерде халық даналығының өлмейтін нақыл сөздері араласқан нағыз афоризм формасына айналады. Автор өзі туып-өскен қазақ даласының табиғатын зор талантпен төгілте суреттейді. Дала ажары, табиғат көркі кейіпкердің жан дүниесіне үндесе құбылып, кейде ашық аспан жадырай күліп, (Абайдың өзі туған аулына қайта оралғанда), кейде жел ызғырақтап, дала шаңытып (ру тартысы кезінде), кей тұста күн суытып, бұлыңғырланып (Абайдың әкесімен тартысы кезінде), енді бірде көңілді шуақ жаз туғандай самал леп есіп (сүйіспеншілік, ақындық шабыты кезінде), көркем тіл домбыра сазындай төгіліп отырады.

Мұхтар өзінің «Абай» романымен үлкен көркем шығарма жазып қана қойған жоқ, сонымен бірге аса құнды ғылыми еңбек жасады. «Абай» романы ғылымның әр саласындағы мамандардың назарын ұзақ жылдар бойы өзіне аударатыны аян. Қазақ халқының басынан кешірген дәуірін зерттейтін бірде бір тарихшы бұл кітапты оқымай қоймайды. Филолог ғалымдар мұнан қазақтың әдеби тілінің құрылуы мен қалыптасуы жөнінен бай материал табады. Этнограф ғалымдар бұл арқылы қазақ ұлтының ежелгі салт-сана, әдет-ғұрпына қанады. Экономист ғалымдар ХХ ғасырдағы Қазақстанның мал шаруашылығы жөнінде, тап тартысы мен ру тартысы жөнінде, қысқасы, сол замандағы қазақ ұлтының бар тіршілігі турасында мағлұмат алады. Юрист ғалымдар қазақ даласында бел алған ежелгі ата дәстүрі, заң-жосығы жайында бай дерекке қанады.

Совет адамдары алға баса беруді, жаңа табыстар мен жеңістерге жете беруді ғана дәстүр етеді. Қалың оқушы қауым Мұхтарға, жасы алпысқа толған қуанышты тойы күні ұзақ өмір тілеп, мұнан былай да халық игілігі үшін творчестволық зор жұмыстар істей беруіне тілектестік білдіреді. Және үлкен тілекке үлкен талант иесі жаңа көркем шығармаларымен жауап беретіндігіне кәміл сенеміз.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗЫНАСЫ (Октябрьдің 40 жылдығына)

1. Кейбір жалпы географиялық мәліметтер

Қазақстан жер шарының екі үлкен бөлігінің: Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан. Оның құрамына кіретін 16 облыстың екеуі Еуропада, он төрті Азияда жатыр. Қазақстанның территориясы 2,8 млн. шаршы километрге жуық. Бұл Батыс Еуропадағы 15 капиталистік елдің, оның ішінде Францияның, Англияның, Италияның, Батыс Германияның т.б. мемлекеттердің аумағын қосқандағыдан артық, Индияның территориясына немесе Австралия континентінің жартысына тең.

РСФСР-ды қоспағанда СССР-дың құрамына кіретін барлық одақтас республикалар Қазақстан территориясының тек 86 %-не ғана тең.

Қазақстан территориясы үш көлемді ендік зонада: Солтүстік – ойпат, ылғалды зона, Орталық – қырат (жоталы), шөлді зона және Оңтүстік – биік таулы, сулы зонада жатыр. Қазақстанның солтүстігіндегі ұлан-байтақ жазық далаларда соңғы үш жылдың ішінде астық шаруашылығының әсіресе жаздық бидайдың аса қуатты базасы құрылды.

Жоталы, аласа таулы, шөлді климатты болып келетін Орталық Қазақстан зонасы сарқылмас кен байлығы бар, шарықтап дамыған кен өнеркәсібінің, мал шаруашылығының, әсіресе, қой шаруашылығының аренасы болып табылады.

Республиканың оңтүстігі мен шығысын өзінің мұздықтары, орасан зор потенциалдық су қуатының сарқылмас қоры болып табылатын ағынды тау өзендері, көк майса жайылымдары бар Алтай мен Тянь-Шаннің тау жоталары қоршап жатыр. Мұнда аса қуатты түсті металл өнеркәсібі құрылып, су қуатын пайдалану құрылысы етек алып отыр. Альпілік көк майса шалғындарда қойлар мен ірі қара малдар жайылады. Тауаралық және тау етегіндегі жазықтарда қант қызылшасы, темекі, жеміс-жидек өсіріледі.

Республика территориясының оңтүстік-батысын балыққа бай Каспий және Арал теңіздері алып жатыр. Каспий теңізінің солтүстігі мен шығысында республиканың мұнайлы кен өлкесі, сонымен қатар калий, бор, тас тұздарының дүниежүзілік қоры бар жерлер жатыр.

Қазақстанның географиялық жағдайында қарама-қайшылық өте көп: мұнда ССРО-дағы ең биік тау жоталарымен қатар ССРО-дағы ең ойпат жерлер кездеседі; Қазақстанда үлкен-үлкен шөлдермен бірге ұлан-байтақ құнарлы жерлер бар; Қазақстанның солтүстігіне Сібірдің суық климаты, ал оңтүстігіне, кейде тіпті субтропик климатқа жақын келетін жылы климат тән.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстан жері мүлде зерттелмеген болатын. Жоспарлы түрде зерттеу жұмыстары тек Совет

өкіметінің тұсында ғана, әсіресе бірінші бесжылдықтан кейін басталды. Совет зерттеушілерінің алдыңғы сапында геологтар болды. Алғашқы кезде Отанымыздың орталық ғылыми мекемелерінің экспедициялары жүргізген зерттеулер кейіннен тұрақты зерттеу орындарына айналды.

Қазіргі күнде республиканың ұлан-байтақ аумағының табиғи байлықтарын жеткілікті түрде зерттеп, масштабтарын белгілеп, оларды комплексті және жоспарлы түрде игерудің мерзімін тағайындауға мүмкіндік беретін әртүрлі топографиялық, аэрофотографиялық, географиялық, геологиялық, гидрогеологиялық, металлогениялық, геоботаникалық, зоогеографиялық, жер қыртысының т.б. карталары бар.

2.Қазақстан жер бетінің табиғи байлықтары

Қазақстан жерінің табиғи байлықтары мол және әртүрлі болып шықты. Бұған алдымен республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығысында жатқан таулы облыстарындағы өзендердің су қуатының қоры кіреді.

Орта есеппен алғанда, Алтай, Жоңғар және Іле Алатауы жүйелеріндегі Ертіс, Іле, Қаратал және т.б. өзендердің потенциал қуатының қорлары 20 млн. киловаттан кем емес екендігі анықталды, бірақ қазір осының тек 2 %-ін ғана пайдаланылып отыр.

Сонымен қатар Қазақстанда жел күшінде, Күн сәулесінде де қуаттың үлкен көздері бар.

Қазақ ССР Ғылым академиясындағы жел қуатын зерттеушілердің еңбектері республика территориясының үштен бірінде, әсіресе оның солтүстігі мен батысында күші 1 секундта 5-6 метрге тең жел орта есеппен жыл бойында 9,5 айдан артық соғып тұратындығын көрсетеді. Бұл энергия жел электр двигательдерінің қазіргі күнде жұмыс істеп жүрген конструкциясын пайдаланғанда, олардың әрбіреуінен 6-8 кВт электр қуатын береді, ал олардың санын, әрине, қанша болса да өсіре беруге болады.

Республика территориясының 60 %-ті шөл және шөлейт дала болып табылады, мұнда Күн сәулесінің қуатын шала (жартылай) өткізгіш фотоэлементтер арқылы пайдаланып, арзан электр қуатын алудың барлық мүмкіндіктері бар. Қазір пайдаланылмай отырған Күн сәулесі қуатының қаншалықты орасан зор екендігін көрсету үшін, германий фотоэлементтерін қолдану арқылы шөлдің әрбір гектарынан 100 кВт электр қуатын алуға болатындығын, ал кремний фотоэлементтерін қолданғанда, 1-ден тіпті 1000 кВт қуат алуға болатындығын атап өтсе де болады. Егер осындай құрылыстар Қазақстан территориясының тек 1 % жерінде ғана орнатылған болса, соның өзінде де біз ондаған млн. кВт потенциал электр қуатын алар едік.

Қазақстанда 40 млн. га-дан артық жыртуға келетін, тіпті суаруды тілемейтін жер бар екендігі анықталды; мұның 27 млн. гектары іс жүзінде пайдаланылып отыр, әсіресе соңғы үш жылдағы үлкен еңбектің

нәтижесінде 20 млн. га жер көтеріліп, бидай және басқа дақылдар өсіру үшін пайдаланылып отыр.

Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы суармалы жерлерде Октябрь революциясына дейін мүлде болмаған күріш, мақта, қант қызылшасы, сонымен қатар әртүрлі жемістер өте көп өсіріледі. Бұлардың ішінде бүкіл дүниежүзіне таныс Алматы апортын атап көрсетуге болады.

Осындай мәдени сорттармен бірге Қазақстанның оңтүстік тау жүйелерінде әлі толық пайдаланылмай жүрген жабайы жеміс-жидек ағаштары өте мол. Тек Іле Алатауының өзінен ғана жылына 20000 тоннадан артық жеміс-жидек жинап алуға болады, бірақ бұлар осы күнге дейін іс жүзінде пайдаланылмай отыр.

Қазақстанда әлі толық пайдаланылмай жүрген эфир, май, тері илеуге керек заттар, сабын, витаминдер, дәрі-дәрмектер, алколоид т.б. алуға болатын көптеген пайдалы өсімдіктердің ұшы-қиыры жоқ тоғайлары бар.

Қазақстан – каучукті өсімдіктердің отандық сорттарының, аса маңызды медициналық препарат сантонин алатын дүниежүзіндегі жалғыз ғана шикізат болып табылатын цитвар жусанының шыққан жері.

Қазақстан өте бағалы целлюлоза, құрылыс, жем-шөп шикізаты болып табылатын қамыстан ССРО-да бірінші орын алады.

Алтай мен Жоңғар Алатауы жүйелерінде ағаш шаруашылығына зиян келтірмей-ақ жылына 2-3 млн. м³ ағаш дайындауға болады.

Қазақстанда мал шаруашылығын, әсіресе қой шаруашылығын өркендетуге қажет көз жетпейтін кең байтақ табиғи жайылымдар бар. Сондықтан Қазақстанның таяу арада Австралияны қуып жетіп, жүн мен қой етін өндіруден дүниежүзінде бірінші орынға шығуына барлық мүмкіндіктері бар.

Қазақстанның жануарлар дүниесі де бай және алуан түрлі. Мұнда ондатра, бұлғын т.б. өнеркәсіптік маңызы зор аңдар бар. Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауларында, Арал теңізінде, Балқашта, Зайсанда және республиканың тағы да басқа ішкі суаттарында неше түрлі бағалы балықтар мен әлі күнге дейін толық пайдаланылмай келе жатқан теңіз аңдары өте мол.

Қазақстанда ас тұзының, табиғи соданың, сульфаттардың және әртүрлі басқа минерал тұздардың жыл сайын орасан зор тұнбасы түзіліп отыратын көптеген көлдер бар.

Соншалықты зор қарқынмен индустрияланып келе жатқан шөлді Орталық Қазақстандағы жер беті суының жалпы пайдалы ағыны 1 секундте 18-20 текше метр болып есептеледі. Орталық Қазақстандағы ірі ауыр өнеркәсіптің барлық салаларын техникалық сумен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Ғылым академиясының ғалымдары Ертіс-Орталық Қазақстан каналын салудың схемасын жасады.

Қазақстанның жер бетінің басты-басты табиғи байлықтары қысқаша осындай.

3. Қазақстанның табиғи кен байлықтары

Қазақстан геологтары қазір Отанымыздың геологтар армиясының ең қуатты отрядының бірі болып отыр. Қазақстанда қазір одақтық-республикалық Геология министрлігі және Қазақ ССР Ғылым академиясы жүйесінде геологияға қатысты институттар сияқты күшті ғылыми орталық бар.

Тез араның ішінде зерттегенде, Қазақстанның геологиясы өте күрделі және бай болып шықты.

Революциядан бұрынғы зерттеулердің жорамалдағанындай тек девон, карбон және үштік дәуірлерінің қабаттары ғана емес, Қазақстанда тау жыныстардың барлық стратиграфиялық спектрі бар екендігі анықталды.

Орал мен Кавказ сияқты түзу қатарлы құрылыстардың орнына мұнда жан-жақты мозаикалық құрылыстар бар болып шықты.

Қазақстанда осы күнгі ғылымға белгілі барлық геологиялық мерзімдердің (дәуірлердің) қабаттары, барлық жер бетіндегі белгілі магмалық және шөгінді тау жыныстар бар екендігі айқындалып, Менделеев таблицасындағы элементтердің барлығының дерлік шығатын жерлері табылып отыр.

Геологиялық зерттеудің нәтижесінде Қазақстан жерінде әртүрлі пайдалы кендердің соншалықты мол екендігі, бұл жөнінен оны Одақтың және бүкіл дүниежүзінің белгілі кенді аудандарының ешбірімен салыстыруға болмайтындығы анықталды. Тіпті қазір, әрі толық зерттеліп бітпеген уақыттың өзінде, Қазақстан хромның, ванадийдің, темірдің, мыстың, қорғасынның, вольфрамның, фосфориттің қоры жағынан дүниежүзінде жетекші орын алады.

Қазақстан марганецтің, молибденнің, көмірдің, калий және басқа да минерал тұздардың, жаңа техникада өте маңызды рөл атқаратын никельдің, титанның, кадмийдің, индийдің, сол сияқты тағы басқа толып жатқан элементтердің қоры жағынан да ССРО-да алдыңғы қатарлы орындардың бірін алып отыр.

Қазақстанның мұндай минерал байлықтарын сипаттауға толығырақ тоқталып өтейік. Әрине, көмір байлықтарынан бастайық.

Көмір. Қазіргі уақытта Қазақстанда әртүрлі көмір: тас және қоңыр, металлургиялық және энергетикалық көмірлер шығатын екі жүзден артық жер бар; олар облыстардың барлығында бар десе де болады. Қазақстандағы көмір шығатын басты орындар.

Қарағанды. Мұнда юра және таскөмір дәуіріне жататын көмірдің 55 қабаты бар, оның көлемі 1000 шаршы километрден артық жерді алып жатыр. Бұл көмірлерге тән қасиеттер кокстенушілік және көмір қабаттарының көпшілігін жақсы байытушылығы, құрамында фосфор мен күкірттің өте аз болуы. Мұның өзі көмірден бағалы металлургиялық кокс алуға мүмкіндік береді. Қарағанды бүкілодақтық үшінші отын қоймасы,

республиканың аса маңызды өнеркәсіп және мәдениет орталығы болып саналады.

Екібастұз. Павлодар индустриялық торабының шегінде орналасқан. Мұндағы барлық қабаттарды қосқанда 93 метр. Көмір жер бетінде жатқандықтан, ашық өндіруге мүмкіндік бар. Осылай алынатын арзан көмір, арзан электр қуатымен жақын жердегі, ССРО-дағы, аса ірі Павлодар индустриялық торабын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екібастұздағы көмір кенін өңдеу барған сайын күшейтілуде.

Торғай (Қосмұрын) бассейні. Мұнда ашық өндіруге болатын қоңыр көмірдің мол қоры табылған. Бұл аса қуатты Қостанай кен торабының отын-энергетика базасы болады.

Майкөбен. Екібастұздың жанында орналасқан күлі аз және ұшпа заттармен байыған қоңыр көмірдің мол қоры бар. Көмір онша тереңде жатпағандықтан, ашық өндіруге келеді және өте бағалы энергохимиялық шикізат болып табылады.

Кендірлік. Алтай индустриялық торабының шегінде жатыр. Мұнда тас көмір мен қоңыр көмірлердің, күкірт аз жанғыш сланецтердің ірі қоры бар. Кенді Алтайдың түсті металл өндірісі мен ауыл шаруашылығын қатты және синтетикалық сұйық отынмен қамтамасыз ете алады.

Басқа көмір кені орындарының ішіндегі бастылары Қияқты-Жезқазған индустриялық торабы ауданында, Орал-Ембі, Қаратау көмірлері – Оңтүстік Қазақстан түсті металл және тыңайтқыш-химиялық торабы ауданында, Пекин-Москва достық теміржол бойында орналасқан Сұлужал мен Алакөл, Маңғыстау түбегінің көмірлері, күлінде германий бар лигниттердің Жыланшық бассейні, Орал қаласының маңындағы жанғыш сланец шығатын орындары т.б.

Мұнай. Мұнай қазір Орал-Ембі бассейнінің аудандарында шығарылады. Бұл жердің мұнайында күкірт өте аз және мұнда жоғары сапалы майлар мен бензин бар. Бұл жерлерде мұнай тұз күмбездерімен ұштасып жатыр. Орал-Ембі маңындағы геофизика анықтаған 1500 тұз күмбезінің тек бірнешеуі ғана (ондаған) барлау жұмысына енгізіліп, зерттелуде. Ақтөбе маңындағы Оралдың етегінде башқұрт мұнайы типтес мұнай бар екендігін дәлелдейтін геологиялық кейбір белгілер анықталды.

Орал-Ембі, Фурманов, Ақтөбе маңынан жанғыш газдар табылды.

Мұнайлылық жөнінен Маңғыстау түбегінің, Арал маңының, Іле, Алакөл, Зайсан, Сарысу депрессияларының геологиялық болашағы зор.

Көмір қоры жөнінен Қазақстан РСФСР мен Украинадан кейінгі үшінші орында, мұнай қорынан РСФСР мен Азербайжаннан кейінгі үшінші орында тұр.

Металдар. Темір кендері. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстанда темір кендерінің шығатын жерлері белгілі болмаған. Ал қазір Қазақстан темірдің қоры жөнінен дүниежүзінде және ССРО-да алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр. Мұнда өнеркәсіптік

маңызы бар темір кендерінің дүниежүзіне белгілі барлық негізгі типтері табылды:

а) магнетит-гематит кендер Швеция және Магнитканың кендері типтес болады; мұның ішінде әсіресе Қостанай торабында жатқан Соколов-Сарыбай тобының маңызы зор. Бұлардың қоры млрд тонналармен есептеледі. Бұл ССРО-дағы темір кенінің ең ірі қоры болып табылады; салынып жатқан Қарағанды металлургия заводының кенді базасы болып табылатын Атасу, Орталық Қазақстандағы Атансор, Кентөбе кен орындары да осы топқа жатады;

ә) Кривой Рог типтес темірлі кварциттер – күкірт пен фосфор қосылыстарынан таза, гематит кендер. Бұған млрд. тонналармен есептелетін ірі қоры бар Қарсақпай тобы жатады;

б) ванадий қосылған Лотарингия типтес оолит кендері. Бұған теңіз лагуналарының түбінде пайда болған миллиардтаған тонна қоры бар жасы жоғары бор Аят кендері, көлдер мен кең өзендер торабында пайда болған, қоры да миллиардтаған тоннамен есептелетін Лисаковск, Ертіс маңының (Қызылқак), Арал маңының кендері жатады;

в) Бокал типіне жатататын сидерит кендері. Бұған ондаған млн. т. қоры бар Қаратау тобы (Абайыл т.б.), Маңғыстау түбегіндегі Бескемпір тобы жатады;

г) Ақтөбе облысындағы никель мен кобальт қосылған Кемпірсай типтес қоңыр темір кендері. Осы жерде өндірілетін никельдің табиғи негізі болып саналады.

Марганец кендері. Қазақстанда марганец кендерінің төмендегідей түрлері табылды:

а) фосфор мен күкірттен таза браунит-псиломелан кендері. Бұған Жезді кен орындары (1942 жылы Магнитогорск металлургиялық комбинатының бүкіл марганец базасы Никопольден неміс-фашист оккупанттарының салдарынан бөлініп қалған кезде, оны осы Жезді кенімен қамтамасыз етіп отырған), Атасу, Мұржық, Есіл маңы, Арқалық, Мұғалжар кендері жатады. Бұл кендерде Никополь мен Чиатуридін кендеріне қарағанда, 1 т. марганецте фосфор 5 есе кем, сондықтан бұл ферромарганец өндіру үшін бірінші дәрежелі шикізат болып саналады;

ә) негізгі пиролюзит кендері. Бұған Никополь бассейніндегі кендерге ұқсас Маңғыстау түбегіндегі Қазақстанда ең ірі, ССРО-да үшінші орынға ие болып отырған Шақырған кен орындары жатады;

б) Шайтантастағы, Ешкіөлместегі, Торғайдағы және т.б. жерлердегі қоры әлі анықталмаған кобальт қосылған вад-асболан кендері;

в) Қаратау, Қарағанды және т.б. жерлердегі агрономиялық маңызы зор фосфоры мол темірлі-марганец кендері. Бұл кендер қант қызылшасы, мақта және басқа да мәдени өсімдіктер мен ағаш өсімдіктерін өсіру үшін жер өңдеуге пайдаланылады.

Марганец қоры жөнінен Қазақстан ССРО-да Грузия мен Украинадан кейінгі үшінші орында тұр.

Мыс. Тіпті қазір, зерттеу ісі әлі толық бітпеген жағдайдың өзінде, Қазақстан мыс қорынан ССРО бойынша бірегей орынға, ал дүниежүзінде алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр.

Қазақстанда морфогенезісі жөнінен мыс рудаларының дүниежүзіне белгілі барлық түрлері анықталды.

Бұлардың ішінде бірінші орында мыналар:

а) қоры өте мол және кен құрамында таза мыстың мөлшері өте көп, бағалы түрлердің бірі болып отырған қазір дүниежүзіндегі бірінші орындардың біріне ие болған мысты құмтастар шығатын орындар. Бұл түрге ССРО-да бірегей орын, дүниежүзінде алдыңғы орындардың бірін алып отырған Жезқазған мысал бола алады. Жезқазғандағы кеннің орасан зор қорымен қатар мынадай техникалық-экономикалық артықшылықтары бар:

1) қазір белгілі кен қорларының 40 %-ін ашық карьерлермен оңай алуға болады; 2) кен қабаттарының бірінің үстінде бірі жатқандығының арқасында, оларды сол азғантай шахталардың өзінен-ақ шығарып алуға болады; 3) кен жатқан жер қыртысының қаттылығы оны бекітпей-ақ шығара беруге мүмкіндік жасайды; 4) кеніш суының аздығы суды ағызуға кететін қаражатты аз тілейді; 5) «эксплуатация коэффициентінің» шексіздігі кен шығарудың мөлшерін керек шамаға дейін өсіруге мүмкіндік береді; 6) шығарылып отырған кендегі металдың орташа мөлшерін реттеп отыру мүмкіндігі; 7) осы жердегі мыс қорының 95 %-ті болатын, флотация және металлургиялық өңдеу арқылы бүкіл мыстың 95 %-тін алуға мүмкіндік беретін күкіртті мыс кендерінің технологиялық қасиеттерінің жоғары болуы.

Жезқазғанның кендерінде мыстан басқа қазір шығарылып отырған қорғасын, күміс, күкірт, әлі пайдаланылмай келе жатқан мырыш, кадмий, кобальт, висмут, молибден, селен, теллур, германий, рений және тағы басқа қосылыстар бар.

Осы түрге Қазақстандағы әлі толық зерттелмеген Кенқазған, Успенск, Ақшоқы және тағы басқа кен орындар жатады.

Жезқазған өзінің кендерімен Қазақстанның және Оралдың көптеген мыс заводтарын қамтамасыз етеді. Қазіргі салынып жатқан, ССРО-дағы ең қуатты, дүниежүзіндегі ең ірі мыс қорытатын орталықтардың бірі болатын Үлкен Жезқазған комбинатының базасы осы кендер болмақ;

ә) Америка Құрама Штаттарында кең көлемде шыққан мысты порфир кендері. Бұл кендерді шыққан жерінде ашық өңдеуге болады. Мұнда мыстан басқа молибден, рений, күміс, серицит, андалузит т.б. пайдалы қосылыстар бар. Мыс кендерінің бұл түрлері Қазақстанда мынадай жерлерде кездеседі: Қоңырат – ССРО-дағы ең ірі Балқаш заводының кен базасы, Бозшакөл, Көктасжал, Бесшоқы;

б) Оралда кездесетін мыс-колчедан түрі. Қазақстандағы бұл сияқты кендерді, Оралдағыдай емес, ашық өндіруге болады. Кейбір жерлердегі

кендерде, Орал кендеріндей емес, мыстың шамасы көбірек. Мыстан басқа бұл кендерде мырыш, алтын, күміс, кадмий, күкірт, германий т.б. металдар бар. Бұл түрге Алтайдағы Николаев кенорны жатады. Сонымен бірге осы түрге 1957 жылы ашылған Шыңғыс жотасындағы мыс-колчедан кендері, Майқайың тобы т.б. кіреді.

в) «скарн» типтес кендер. Бұған ішінде мыстан басқа темірдің, кей жерлерде кобальттың және басқа металдардың бірсыпыра қоры бар Саяқ, Ешкіөлмес кен орындары жатады.

Қорғасын, мырыш. Қазақстан қорғасын мен мырыштан ССРО бойынша монополиялық орын алады, өйткені ССРО-дағы барлық қорғасын қорының үштен екісі, ал мырыштың жартысына жуығы осы Қазақстанда. Мұның басты-басты шығатын жерлері:

а) Кенді Алтай (Зырян, Лениногорск, Ертіс маңындағы кен орындар);

ә) Оңтүстік Алтай (Никитинск тобы);

б) Орталық Қазақстан (Алаайғыр, Қарағайлы, Ақсоран, Ақжал, Жезқазған, Кенқазған т.б.);

в) Қаратау (Мырғалымсай, Ащысай, Байжансай т.б.);

г) Жоңғар Алатауы (Текелі, Суықсу т.б.);

Өндірістік қуаты жөнінен ССРО-да бірінші, ал дүниежүзіндегі ең ірі заводтардың бірі болып саналатын Шымкент, Лениногорск, Өскемен заводтары осылардың бірқатарының кендерін пайдалану үшін жұмыс істейді.

Никель, кобальт. Қазақстанда никельдің тотыққан силикат кендері көп тараған. Олар шығатын ірі кен орындар:

а) Батыс Қазақстан (Кемпірсай тобы);

ә) Орталық Қазақстан (Бөкембай, Шайтантас, Ешкіөлмес, Тектұрмас, Петан, Шалқия кен орындары);

б) Шығыс Қазақстан (Шар тобының кен орындары);

Бұл кендерде никельмен бірге кобальт те кездеседі. Бұлардың барлығын ашық карьерлер арқылы шығаруға болады. Осы кендер құрамында өте бағалы қоңыр темір болады. Осы кендер құрамында өте бағалы қоңыр темір қосындылары да бар. Кемпірсай тобының кендерін пайдаланып, Орск никель комбинаты жұмыс істейді.

Алюминий. Қазақстанда бірінші дәрежелі бокситтердің ірі қоры бар. Олардың табылған жерлері: Торғай (Аманкелді, Мұғалжар, Құсмұрын), Орталық Қазақстан (Ақмола тобы) және Қаратау.

Алюминий, силумин, натрий сульфаты, калий т.б. өндірудің өте бағалы комплексті шикізаты болып саналатын диаспордың, алуниттің, кианиттің, андалузиттің, серициттің өте ірі қоры Кенді Алтайдағы туынды кварциттер деп аталатындардың құрамында өте мол.

Аманкелді тобындағы бокситтердің базасы негізінде Орталық Қазақстанда аса ірі алюминий комбинаты салынуда.

Магний. Қазақстанда Маңғыстау түбегіндегі көлдердің (Қарақия) жиектерінен және Павлодар облысынан алуға болады. Сонымен қатар

оны Көкшетаудағы, Балқаштағы, Жезқазғандағы доломиттердің ірі қорынан да алуға болады.

Ванадий бізде Оңтүстік Қазақстанда (Кендіктас, Жабағылы, Қаратау), Орталық Қазақстанда (Жезқазған, Шыңғыс, Есіл маңы, Бетпақдала) кембрийдің көмірлі-кремнийлі сланецтерінің қабаттарында кездеседі.

Бұл сланецтерде ванадиймен қатар молибден, қорғасын т.б. толып жатқан металдар бар. Ванадийдің қоры жөнінен Қазақстан ССРО бойынша да, бүкіл дүниежүзі бойынша да бірінші орын алады. Оның кендері көптеген жерлерде ашық өндіруге келеді.

Хром. Ақтөбе облысындағы ультрабазиттердің Кемпірсай комплексінде хромит қабаттары бар. Осылардың базасы негізінде СССР-дағы өте ірі Ақтөбе ферросплав заводы жұмыс істейді. Хромиттердің қоры жөнінен Қазақстан ССРО-да, дүниежүзінде бірінші орын алады. Мұның кендері Қазақстанда ашық өндіру жолымен алынады.

Молибден. 1955 жылы Орталық Қазақстанда Батыстау, Жанет, Кенқұдық және т.б. штокверк типтес аса ірі кен орындар ашылғаннан кейін, Қазақстан молибден қоры жөнінен ССРО-да бірінші орынға шықты. Қазақстанда молибденнің көптеген кен орындары ең оңай ашық жолдармен шығарылды.

Вольфрам. 1954 жылы Орталық Қазақстандағы ерекше маңызы бар, Жоғары Қайрақты кен орындары ашылғаннан кейін, Қазақстан вольфрам қоры жөнінен де ССРО-да бірінші орынға шықты. Вольфрамның бұдан басқа шығатын жерлері Ақшатау т.б. Жоғары Қайрақтының кендері ашық өндіруге келеді.

Молибден мен вольфрам Қазақстанда Ұлы Отан соғысы кезінде шығарыла бастады, қазір бұларды өндіру ісі күннен-күнге артуда.

Титан. 1955 жылы Үлкен Торғай ауданындағы Шабынды, Жыланшық кен орындары ашылғаннан кейін, Қазақстан титанның қоры жөнінен ССРО-да алдыңғы орындардың біріне ие болды.

Рений, сурьма, кадмий, индий, таллий, селен, теллур, висмут, галлий, гафний Кенді Алтайдың, Орталық және Оңтүстік Қазақстанның мыс пен полиметалл кендеріне қоспа болып кіреді. Осы металдардың қоры жөнінен Қазақстан ССРО-да алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр.

Скандий, германий, тулий, церий және т.б. Қазақстанның темір және полиметалл колчеданы кендерінде, көмірлердің күлінде, Қазақстан фосфориттерінің құрамында бар.

Алтын, күміс. Бұлардың негізгі және көптеп шығатын жерлері Кенді Алтай, Қалба, Солтүстік Қазақстан (Майқайың) және Батыс Қазақстан (Жітіқара). Бұл асыл металдардың қоры жөнінен Қазақстан ССРО-да алдыңғы орындардың бірінде тұр. Әсіресе, Кенді Алтайдың полиметалл және микрокварцит шығатын жерлері алтын мен күміске өте бай.

Химиялық шикізат жөнінен де Қазақстан ССРО-да алдыңғы орындардың бірін алып отыр:

а) **фосфориттер.** ССРО-да Хибиннен хейінгі фосфор кенін беретін екінші орынды Қаратау алады. Фосфориттер бұдан басқа Көкшетау, Ақтөбе, Қазалы, Жезқазған, Маңғыстау т.б. жерлерде табылды;

ә) **калий** т.б. минерал тұздар. Бұлардың ірі-ірі қоры Індер, Аңдыбұлақ, Ақтөбе кен орындарынан табылды. Тұздардың қоры жөнінен де Қазақстан алдыңғы орындардың бірінде;

б) **бор тұздары.** Бұлардан Қазақстан ССРО-да бірінші орын алады. Бор тұздары Індер, Шалқар, Орал-Ембі бассейні кен орындарында бар; турмалин Одақ, Кеншоқы т.б. кен орындарда табылды. 1956 жылы Орталық Қазақстандағы Ақжал полиметалл кен орындарында, ал 1957 жылы сол Орталық Қазақстандағы Батыстау т.б. кен орындарында да толиттердің қабаттары табылды. Бор алудың шикізаты ССРО-да тек Қазақстанда ғана шығады;

в) **күкірт қышқылын өндіруге керекті шикізаттардың** қоры жөнінен (түсті металлургия заводының газдары, пирит) Қазақстан ССРО-да алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр. Басты кен орындары – Жезқазған, Кенді Алтай, Майқайың, Текелі, Мұғалжар т.б.

г) **тұз қышқылы мен соданы өндіруге керек шикізаттар** – ас тұз, әктас, сульфат т.б. Орал-Ембі бассейнінде, Орталық және Оңтүстік Қазақстанда өте көп. Олардың қоры жөнінен де Қазақстан ССРО-да алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр;

д) **азот қышқылын,** әртүрлі пластмассаларды, жасанды каучук, органикалық химияның басқа да өнімдерін өндіруге қажет шикізаттар Қазақстанда өте мол. Олар ең алдымен коксохимия мен қоңыр көмірдің жартылай кокстенуінің нәтижесі. Бұлар жөнінде де Қазақстан ССРО-да алдыңғы орындардың бірінде тұр.

Қазақстанда әртүрлі минерал құрылыс материалдары шығатын кен орындар өте көп:

а) **цемент жасауға керек шикізаттар** шығатын жерлердің бастылары – Топар, Астаховка, Ново-Таубинка, Састөбе-Түлкібас, Жезқазған, Қаскелең, Бұқтырма т.б.;

ә) **шыны алынатын бірінші дәрежелі сапалы құм** Көкшетау, Екібастұз, Мұғалжар, Шымкент, Іле т.б. жерлерде өте көп;

б) **таза гипс қабаттарының мол** қоры Жамбыл, Жезқазған, Орал-Ембі т.б. аудандарда бар.

в) **шыны және тыңайтқыш** өнеркәсібіне қажет сульфаттардың мол қоры Арал маңында, Балқашта, Орал-Ембі, Шөладыр (Қарақия) т.б. жерлерде табылады;

г) арктик тыңайтқышының орнына қолданылатын тығыз және жабысқақ сеноман **әктастары** Маңғыстау және Усть-Урт аудандарында мол кездеседі;

д) **пемза** және басқа да жеңіл құрылыс материалдарын алатын шикізат болып саналатын **витрофирлер мен перлиттер** Малайсары, Семейтау, Селетті аудандарында табылды. Бұлардан этаж аралықтарына салынатын бағалы материалдар жасалады.

Асбест қоры жөнінен Қазақстан ССРО-да алдыңғы орындардың бірін алады. Мұның көп шығатын жерлері Жітіқара, Ешкіөлмес, Шайтан-тас т.б.

Фарфор-фаянс алудың бірінші дәрежелі шикізаты және отқа өте берік материалдар Аманкелді ауданында (отқа өте берік балшық), Ақсоранда (далашпаттар), Шешенқарада (андалузит), Сораңда (пиррофилиттер) т.б. жерлерде табылған.

Осылармен қатар Қазақстанда бірінші дәрежелі декоратив тастардың неше түрлілерінің ірі-ірі қоры бар, бұлар – Балқаштың солтүстік-батысындағы жасыл амазониттер, Қаскелеңнің, Гүлшаттың, Ертіс маңының, Қарсақпайдың әр түсті мраморлары, Жаңа Арқаның ақ мраморы т.б.

Қазақстанда көптеген тұщы сулы ірі-ірі артезиан бассейндері бар. Олардың көп кездесетін жерлері – Алатаудың етегі, Шу өзенінің аңғары, Мыңбұлақ, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Ембі, Доңызтау, Маңғыстау т.б.

Жалпы айтқанда Қазақстанның жер беті мен жер қыртысының анықталған табиғи байлықтарының шамасы осындай. Бірақ бұлар ұлан-байтақ республиканың барлық мүмкіндіктерін тауыса сыпаттай алмайтындығын ескеру қажет.

Жоспарлы түрде жер қыртысының барлық байлықтарын толық ашу үшін Республикадағы геологиялық жұмыстардың қарқынын одан сайын арттыру керек.

Қазақстанның геологтары Республика Ғылым академиясының ғылыми басшылығымен Орталық Қазақстанның, Кенді Алтайдың темір, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, молибден, вольфрам, қалайы, титан, цирконий кендерінің, сонымен қатар көмірдің, артезиан суының, металлогениялық прогноз карталарын жасады. Осы картада көрсетілген (ұсынылған) прогноз аудандарында қазірдің өзінде әртүрлі металдардың, көмірдің ірі-ірі қорлары табыла бастады.

Қазіргі уақытта алтын, никель, кобальт т.б. кейбір металдарға металлогениялық прогноз карталары жасалып жатыр. Алдағы уақыттарда Қазақстанда неше түрлі пайдалы кендердің ашылып отыратындығына күмәндануға болмайды. Тіпті қазірдің өзінде-ақ Қазақстан тек республиканың ғана емес, сонымен қатар бүкіл еліміздің ауыр өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының барлық салаларын дамытуға қажет табиғи шикізаттардың барлығының қуатты және сарқылмайтын арсеналына айналды.

Қазақстан жағдайларында ғылым мен практиканың алдындағы міндет – Қазақстан жер бетінің және жер қыртысының таусылмас қорын, бірінен соң бірін жоспарлы түрде ашу.

4.Қорытынды

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен бері тек қырық жыл ғана уақыт өтті, осы тарихи қысқа мерзімнің, яғни бір ұрпақтың өміріне тең уақыттың ішінде Қазақстан патриархалдықтан социализмге қарай таң қаларлық тарихи қадам жасады. Қазақстан іс жүзінде бүтіндей сауатты елге айналды.

Мұнда мыңдаған бастауыш, жүздеген орта мектептер, ондаған жоғары оқу орындары, мыңдаған ғалымдар еңбек етіп жатқан күшті Ғылым академиясы бар. Қазақтың ұлдары мен қыздарынан көптеген ғылым докторлары, профессорлар, академикгер шықты.

Қазақстан ССРО-ның қуатты және гүлденген индустриялы-аграрлық республикалардың біріне айналды. Оның жерінде ССРО мен Еуропада теңдесі жоқ Балқаш мыс, Өскемен және Шымкент қорғасын заводтары, Қоңырат, Жезқазған рудниктері сияқты индустрия алыптары салынып жұмыс істеуде. Сонымен қатар Үлкен Жезқазған, Үлкен Алтай, Үлкен Торғай, Павлодар индустриялық тораптары ұйымдастырылып, жүзеге асырылуда. Көмір мен түсті металдар өндіру ісінен Қазақстанда қазірдің өзінде қуатты ауыр өнеркәсіп жасалды. Қазақстан астық өсіру жөнінен еліміздегі ең қуатты өлкенің біріне айналды.

КПСС XX съезінің қауылыларына сәйкес, алтыншы бесжылдықта Қазақстан өзінің экономикасы мен мәдениетін бұрынғыдан да өркендетуде. Алтыншы бесжылдықта көмір, түсті және сирек металдар өндіру ісін дамыта берумен қатар, аса қуатты қара металлургия, химия және машина жасау өндірісі құрылмақ. Алтыншы бесжылдықта Қазақстанның өнеркәсібін дамыту үшін 60 млрд. сомнан артық қаржы бөлінді, бұл барлық өткен бес бесжылдықтар кезінде республикаға бөлінген қаржыны қосқандағыдан артық.

Қазақстанның, сонымен қатар бүкіл еліміздің мәдениетінің дамуындағы бұл орасан зор жетістіктер – халқымыздың ерен еңбегінің, қажымас қайратының нәтижесі.

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҒЫНА

Қазақстан Октябрьге дейінгі дәуірде

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстан патша үкіметінің ең артта қалған отар елдерінің бірі еді. Халқының екі проценттейі ғана сауатты болатын. Негізгі шаруашылығы – табиғаттың мылқау күшіне бүтіндей бағынған көшпелі мал шаруашылығы болды. Аздаған ғана отырықшы жұрты Қазақстанның сыртқы шекарасын қоршап, шашырай қоныстанып отыратын. Оның орталығы, аумағы бір млн. квадрат километрден астам, бос жатқан кең-байтақ жер еді. Бұл шетсіз, шексіз кең жазықтар өзінің қойнына сансыз минерал қазыналарын тығып жатты. Сонау ежелгі заманда, бұдан 3 мың жылдан да гөрі ертеректе, мұндай кендердің үстіңгі қабаттары өндіріліп, мыс, қалайы, түрлі салтты білдіретін бояулар жасалған. Кейінірек, патша үкіметі тұсында, оған қанішер-капиталистер ашқарақтана қол созды. Олар бұл жерлердегі сыры ашылмай жатқан минерал байлықтарының аса бағалылығын сезді, бірақ оны зерттей біліп, айтарлықтай дәрежеде керегіне жарата алмады. Сарқылмас қазба байлықтарының қаймағын ғана ешбір жоспарсыз, ысырап етіп алумен тынып отырды. Бұның есебіне еңбекші бұқара адам айтқысыз қанауға ұшырайтын. Әсіресе мықтап жапа шеккен еңбекші қазақ халқы болды. Ол екі жақты қысымға – байлардың, сұлтан-дардың, тағы басқа жергілікті феодалдар мен жартылай феодалдардың және патша чиновниктері мен отаршыларының езгісіне түсті.

Советтік Қазақстан дамуының негізгі кезеңдері мен қорытындылары

Ұлы Октябрь социалистік революциясы ескі капиталистік дүниенің іргетасын күл-талқан етті де, ССРО халықтарының тарихында жаңа заманның бастамасын салды. 1917 жылдың 15 ноябрінде жаңа ғана орнаған Совет мемлекетінің жоғарғы органы – Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті «Россия халықтары правосының декларациясын» жариялады. Бұның негізгі принциптері – Россияның барлық халықтары арасындағы теңдік пен дербестігі баяндалғанды.

1920 жылдың 26 августында Қырғыз (Қазақ) Советтік Социалистік Автономия Республикасын құру туралы декрет жарияланып, оны Қазақстан еңбекшілері зор қуанышпен қарсы алды.

1920 жылдың 4 октябрінде Советтердің Бүкілқазақтық бірінші Құрылтай съезі ашылып, Қазақ Советтік Социалистік Автономия Республикасының Конституциясы мен еңбекшілер правосының декларациясы қабылданды.

Октябрь революциясы орнағаннан бері небары қырық жыл өтті. Осы азғантай тарихи мерзім ішінде Қазақстан адам айтқысыз болып өзгерді. Мейлінше артта қалған, мешеу дамыған мал шаруашылықты елден ол ең озат техникамен жабдықталған, аса ірі өнеркәсіп орындары бар индустриялы-аграрлық республикаға айналды. Қазақстанның халықтық табысының 77 %-тін бұл күндері оның қуатты әрі көп салалы социалистік өнеркәсібі өндіреді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы колхоз, совхоз өндірісі болып алды. Мал шаруашылығы саласында жергілікті мал тұқымдарының сапасын арттырып, санын көбейтумен қатар, малдың шаруашылық тұрғысынан анағұрлым тиімді жаңа тұқымдарын шығару кең өріс алып отыр. Егін шаруашылығы саласында дәнді дақылдардың сорттық сапасы жақсартылып, егістік жер көлемі ұлғайтылумен бірге, мақта, қызылша тәрізді бағалы техникалық дақылдар да егіле бастады.

Еліміздің географиялық бейнесінде түбірлі өзгерістер болды. Бұрынғы бос жатқан кең байтақ жер Орталық Қазақстанның жүрегінде қазір пәрменді индустрия өмірі қайнайды. Бұнда бүкілодақтық үшінші отын қоймасы – Қарағанды бассейні орнады. ССРО-дағы аса ірі Балқаш заводы, Қоңырат руднигі мен Жезқазған комбинаты салынды. Орталық Қазақстанның кең жазықтарын бұл кезде болат жолдар айқыш-ұйқыш тіліп өтеді.

Советтік Қазақстанның ғылымы мен түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет орнату майданындағы табыстары да сүйсінерлік. Қазір Қазақстан халқы жаппай сауатты республика болды. Қазақ ССР Оқу министрлігінің бастауыш және орта мектептерінің өзінде ғана бір миллионнан астам бала оқиды. Бұған қоса республиканың барлық ересек азаматтары көптеген үйірмелер мен курстар жүйесі арқылы белгілі бір жалпы немесе арнаулы даярлық оқулардан өтеді және өтіп те жатыр. Өткен қырық жыл ішінде Советтік Қазақстан алып оқу комбинаты тәрізді болды, онда республиканың барлық әйел және ер азаматтары оқып білім алды десек, ешбір асырып айтқандық болмайды.

Революцияға дейінгі Қазақстанда бір де бір жоғары, тіпті, орта арнаулы оқу орны болған жоқ. Совет үкіметі жылдарында, әсіресе бірінші бесжылдықтан бастап, Қазақстанда техникумдар мен жоғары оқу орындарының кең жүйесі орнады. Қазір олардың саны 110-нан асады. Республиканың 26 жоғары оқу орындарында жыл сайын 25 мың студент оқиды, олардың 10 мыңнан астамы қазақ жастары.

Мыңдаған жас жігіттер мен қыздар еліміздің Москва, Ленинград және басқа қалаларында оқып, жоғары білім алуда.

Тамаша табыстарға ие болған қазақ әдебиетінің жетістіктері сан рет Отанымыздың астанасы Москвада өткізілген қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасы күндерінде жұртшылыққа таныстырылды. Мұхтар Әуезовтің «Абай» романына сыйлық берілді. Қазақстанның С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов,

Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин тәрізді талантты жазушылары Одағымыздың барлық халықтарына таныс. Мәңгі өшпейтін Жамбылдың ақындық дарыны гүлденіп, кемеліне келе шарықтады.

Қазақ халқының көп жанрлы өнерінің іргесі қаланды. Қазақстанның Академиялық опера және драма театрларында, сондай-ақ республикамыздың басқа да профессионал театрларында Қазақстан драматургтері мен композиторларының аса көрнекті шығармаларымен қатар, орыс және бүкіл дүниежүзі классиктерінің пьесалары мен опералары, қазақ әдебиеті мен өнерінің ең таңдаулы дастандары қойылады. Қазақстан өнерінің кемеліне келгеніне көркемөнер өкілдерінің аса көрнекті бір тобына берілген сыйлықтар айғақ бола алады. ССРО халық артисткасы, таяуда мезгілсіз қайтыс болған Күләш Байсейітованы, М. Төлебаевты, Е. Брусиловскийді, Қ. Қожамьяровты, Қазақ ССР-ның халық артистері: А. Жұбановты, Қ. Қуанышбаевты, С. Қожамқұловты, Ш. Аймановты, Ж. Омарованы, Шараны, қазақ өнерінің тағы басқа талантты шеберлерін Қазақстанның еңбекшілері орынды мақтаныш етеді.

Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарының тууы және дамуы

Қазақстан ғылымы асқан шапшаңдықпен өсіп дамыды. Бұның өзі социалистік экономика мен мәдениетті орнату жолында Қазақстанның басынан өткен және әлі де өтіп жатқан айбынды істер тұрғысынан қарасақ, әбден түсінікті және заңды да.

Бұдан небары 40 жыл ғана бұрын Қазақстанның ғылымы туралы мәселе қозғаудың өзі де мүлде қисынсыз еді, өйткені революцияға дейінгі Қазақстанда Орыс география қоғамының бірнеше шағын ұяларынан басқа бірде-бір тұрақты ғылыми орталық болған жоқ.

Қазақстанның адам аяқ баспаған, ұшы-қиыры жоқ кең жазық далаларының алуан сырлы бай табиғаты Октябрьге дейінгі дәуірде Россияның орталығынан келетін бірен-саран ғалымдардың тарапынан тек маршруттық экспедициялық жолмен ғана зерттелетін. Қазақстан жерін зерттеудің инициаторы Петр I болды. Ол 1715 жылдан бастап Қазақстанға түрлі геологиялық экспедициялар жібере бастады.

Революцияға дейінгі дәуірде Қазақстанды зерттеушілердің ішінде орыстың көптеген аса ірі оқымыстылары болды, олар Қазақстанның табиғаты мен халқы туралы бағалы еңбектер қалдырды. Біз аса көрнекті географтар П.П.Семенов-Тяньшанский, Ш. Уәлиханов, Г.Н.Потанин, И. Рычковтардың, геологтер И.В.Мушкетов, Г.Д.Романовский, А.А.Краснопольский, А.К.Мейестер, А.А.Козырев, В.А.Обручев, Н.Г.Кассин, М.П.Русаков, В.Н.Вебер, М.А.Усов, А.Д.Архангельскийлер, жер қыртысын зерттеушілер С.С.Неустроев, Л.И.Прасолов, А.И.Бессоновтар, ботаниктер Г.С.Карелин, А.И.Шренк, Б.А.Федченко, И.М.Крашениковтардың, зоолог П.А.Северцовтың, гельминтолог К.И.Скрябиннің,

натуралист А. Леманның, тарихшы И. Левшиннің, шығысты зерттеуші В.В.Радловтың, революцияға дейінгі Қазақстанның табиғаты мен халқын зерттеу арқылы отандық және дүниежүзілік ғылымды байытқан тағы басқа көптеген ғалымдардың есімін асқан сүйіспендікпен атаймыз.

Қазақстанды зерттеудің маршруттық-экспедициялық әдісі республикамыздың халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамытудың алғашқы дәуірінде де қолданылды. Соңынан жергілікті ғылыми-зерттеу орталықтарының жүйесі құрылып, ол қаулап өсе бастады. Алғашында бұлар салынып жатқан ауыр өнеркәсіп орындарының жанындағы геологиялық-барлау, химиялық-лабораториялық тағы басқа ұялар, тұңғыш жоғары оқу орындары мен техникумдардың кафедралары мен кабинеттері, территориялық геология және геодезия қызметінің мекемелері, жер шаруашылығы органдарының жүйесіндегі зоналық тәжірибе станциялары т.б. түрінде болды.

Қазақстанда ғылыми мекемелердің туып, өріс алуы республиканың социалистік құрылысының жалпы даму қарқынымен тығыз байланысты еді. Қазақстанның жас советтік ғылымының туын, қалыптасуына тән ерекшелік мынадай негізгі және спецификалық екі белгіде болды: а) социалистік құрылыстың барысында алға қойылған ғылыми проблемалардың нақтылығы және сол кез үшін практикалық зор маңыздылығы; б) ғылымға бөгет болатын «академизм» дәстүрі, схоластика және басқа революцияға дейінгі дәуірдің зиянды құбылыстарының болмауы. Осы спецификалық белгілер алғашқы күндерден бастап-ақ ғылым мен практика арасындағы органикалық байланысты қамтамасыз етті.

Қазақстанда ірге теуіп, өркендеген ғылым өзінің даму жолында үнемі прогреске ұмтылған әрі ешбір жеңіліске ұшырамайтын нағыз жаңа күннің өзі еді. Маркстік диалектиканың осы заңын шындыққа шығаратын айқын дәлел Қазақстанның жас ғылымының шарықтап өсуі болып табылады. Қазір бұл ғылым Қазақ ССР Ғылым академиясы бастаған қуатты әрі көп тармақты ғылыми мекемелер жүйесі арқылы өзін танытып отыр.

ССРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы мен Қазақ филиалы

1932 жылы ССРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы – болашақ Қазақ ССР Ғылым академиясының негізі құрылды.

ССРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасында алғашында екі сектор: Зоология және Ботаника секторлары болды. Сол 1932 жылы Алматы қаласында Ботаника бағының іргесі қаланды.

1935 жылы Геология және Тарих секторлары құрылып, Балқаш, Лениногорскі қалаларында ботаника бақтары отырғызылды. Келесі 1936 жылы тағы да жаңадан екі сектор: Қазақ тілі мен әдебиеті және Халық творчествосы секторлары ашылды.

1938 жылы База ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалына айналдырылды. Бұдан бір жыл кейін, 1939 жылы Филиалдың құрамында Жер қыртысын зерттеу және География секторлары құрылып, Қарағанды қаласында ботаника бағы отырғызылды.

ССРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасына, кейінірек Қазақ филиалына ССРО Ғылым академиясы Президиумының жанындағы филиалдар мен базалар жөніндегі Совет үлкен көмек көрсетті. Осы Советтің инициативасымен ССРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы Москва қаласында Үлкен Алтайды, Үлкен Жезқазғанды, Қарағанды мен Жемді өркендету мәселелері жөнінде көшпелі сессиялар өткізді.

Алайда Қазақстанда ғылымды дамытудың аса маңызды кезеңі Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Бұл кезде майдан талабы, Отан қорғау қажеттігі Қазақстанда ғылымның өсу, жетілу қарқынын үдете түсті және қысқа мерзімнің – небары бір бесжылдықтың (1941-1946) ішінде Қазақ филиалын өз алдына дербес Қазақ ССР Ғылым академиясына айналдыруға ықпалын тигізді.

Әңгіме мынада, 1941 жылға дейін ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрылысы жағынан едәуір өскендігіне қарамастан, іс жүзінде шағын ғана ғылыми мекеме болып келді. Оның небары 100 адамға жуық ғылыми қызметкерлері болды, олардың ішінде ғылым кандидаттары 14 адам, ғылым докторлары 3 адам ғана еді. Бұның өзі алғашқы үш бесжылдықты ойдағыдай жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанның бірінші дәрежедегі ауыр индустрияға ие болған, ауыл шаруашылығы көп салаланып жетілген, әрі механикаландырылған кезеңі болатын. Сондықтан Қазақстанда ғылымның халық шаруашылығын дамыту қарқынынан кенжелеп қалуын барынша тездетіп жою аса маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі болды.

Болып жатқан Ұлы Отан соғысы еліміздің материалдық және рухани мүмкіндіктерін майдан мұқтажына, күшті де рақымсыз жауды жеңу ісіне жұмылдыруда ғалымдардың атқаратын рөлін бұрынғыдан да гөрі арттыра түсті. Майданды металмен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен қамтамасыз етуші қуатты арсенал болған Қазақстанның ғалымдары атқаратын рөл ерекше жауапты болды. Сол себепті, соғыс басталған күннен бастап, филиалдың соғысқа дейінгі бүкіл тақырыптық жұмыс жоспары қайта қаралып, ғылыми күштердің бәрі түгелдей Қазақстанның алуан сырлы ресурстарын тауып, оларды іске қосуға, жауды жеңуге бағытталған практикалық маңызы зор проблемаларды шешуге жұмылдырылды.

1941 жылдың өзінде-ақ филиал Отан қорғау және халық шаруашылығы үшін маңызды 40-қа жуық практикалық ұсыныстар енгізді. Ол ұсыныстар Қазақстан марганецін еліміздің қорғанымпаздық қуатының тірегі Магнитогорск комбинатының мұқтажына пайдалану, Теміртауда болат балқытатын тұңғыш завод салу, республикада түсті металдар қорытуды арттырудан бастап, мата бояу үшін басқа жақтан әкелінетін

анилин бояуларының орнына жергілікті өсімдік бояуларын пайдалануға шейін көптеген мәселелерді қамтиды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Халық комиссарлары Советінің көмегі және ықпалымен бұл ұсыныстар жүзеге асырылды. Осымен байланысты филиалдың іскерлік қабілетіне өндіріс орындары мен жұртшылықтың сенімі арта бастады. Ертеректе құрылып, кейін Қазақстанға эвакуацияланған өнеркәсіп орындарының, республиканың социалистік ауыл шаруашылығы мен мәдениетінің филиалдан көмек көрсетуді және кеңес беруді сұраған талап-тілектері де өсе берді. Алайда филиалдың қолда бар күші өмір қажеттерімен салыстырғанда мейлінше аз еді. Кадрларды өсіру және филиалдың бүкіл жұмысын көтеру күн тәртібіне қойылды. Сөйтіп, сол 1941 жылдан бастап филиал зор қарқынмен өсе бастады.

Өсу үшін жаңадан кадрлар тарту (күн санап көбейе беретіндей етіп), олардың жұмысын ұйымдастырып, ғылыми дәрежесін көтеру, жаңадан ашылатын лабораториялар мен институттарға жабдықтар мен материалдар алу, оларды орналастыратын орындар, жаңа шақырылған ғылыми кадрлар үшін тұрғын үйлер іздестіру қажет болды.

Қажетті ғылым кадрлары КПСС Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің көмегімен, ең алдымен, Алматыдағы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамынан, өндіріс мамандары есебінен, жоғары оқу орындарын бітірушілер есебінен, ССРО-ның басқа орталықтарынан келген мамандар есебінен және ішінара жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясы қатарынан қайтқандар есебінен шақырылды. ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің арнаулы қаулысы бойынша 1942 жылы филиалдың жанынан қуатты аспирантура ашылуы да ғылым кадрларының өсіп, нығаюына жаңадан кең мүмкіндіктер ашты.

Қажет жабдықтар мен материалдарды, ең алдымен, жоғары оқу орындарының лабораторияларынан іздестірдік, ішінара Республиканың және ССРО-ның басқа да аудандарының өндіріс орындарына тапсырыс берілді немесе солардан алынды.

Зерттеу жұмыстарының көлемі кеңеюмен байланысты, филиалдың құрылымы да өзгере берді. Егер 1941 жылдың басында ССРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының құрамында небары жалғыз ғана Геология ғылымдарының институты (ол қалыптасу сатысында болатын), 7 сектор, 2 лаборатория болған болса, одан бір жыл өткеннен кейін, мұнда 3 институт: Геология, Астрономия мен Физика; Тіл, әдебиет және Тарих институттары болды. Сол 1942 жылы Геология институтының Технологиялық лабораториясы мен Биология лабораториясының негізінде төртінші – Химия-металлургиялық институт құрылды. 1943 жылы Жер қыртысын зерттеу және Ботаника институты, ал 1944 жылы тағыда екі институт – Жергілікті патология және Зоология институттары ұйымдастырылды.

Ұлы Отан соғысының қиын жағдайларына қарамастан, ғылыми жұмыс еліміздің өскелең талаптарынан қалыспай дамыды және ғылыми

мекемелер, оның ішінде ССРО Ғылым академиясы, ғылым мен өндіріс саласындағы жаңашылдар қозғалысы ғылымның орталығына айналды. 1944 жылдың 18 августында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің «Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырудың әзірлік шаралары туралы» қарары қабылданды. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің «ССРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының жаңа құрылымы мен штаттары туралы» деген 1944 жылдың ноябрь айында қабылданған қаулысында Қазақ филиалының құрамында 15 институт және 7 сектор құру қаралды. Жаңа институттар Қазақ филиалының сол уақыт ішінде іріленіп алған комплексті институттарын табиғи жолмен бөлшектеу есебінен құрылды. Мысалы, Химия-металлургия институттың негізінде: Химия, Metallургия және байыту, Отқа төзімді және құрылыс материалдарының 3 институты; Жер қыртысын зерттеу және Ботаника институтының негізінде 2 институт – Жер қыртысын зерттеу мен Ботаника институты; Зоология институтының негізінде 2 институт – Зоология мен Эксперименттік биология институты ұйымдастырылды. Қазақ ССР Үкіметінің бұл қаулысы іс жүзінде болашақ Қазақ Ғылым академиясының құрылымын әзірлеп берді.

Айрықша атап көрсететін нәрсе, мейлінше қысқа мерзімнің, небары бес-ақ жылдың ішінде филиалдың, ал кейінірек Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми базасы мен құрылымын шұғыл өсіріп, 1941 жылғы бір институтты 1945 жылы 15 институтқа жеткізу үлкен жетістік болды.

Филиалдың жаңа институттары мен лабораторияларын орналастыру үшін ең алдымен жоғары оқу орындарының оқитын үйлері мен лабораториялары, филиалдың өз үйі және Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің нұсқауы бойынша Алматы қаласының онсыз да жетіспей жатқан коммуналдық қорынан бөлінген үйлер сифанынша тығыздалып пайдаланылды.

Алайда ұйымдастыру жұмыстарындағы осы орасан зор қиындықтарға қарамастан, филиалдың ғылыми өмірі өсіп, өркендей отырып, ол өз жұмысында практикалық және теориялық маңызды аса құнды нәтижелерге ие болды. Филиалдың шапшаң қарқынмен өсе бастаған алғашқы күндерінен бастап-ақ оның зерттеу жұмыстарының дұрыс бағытқа түсіп, қажет методологиялық бағдар таба білуі көбінесе еліміздің аса ірі ғалымдарының туысқандық көмегіне байланысты еді. Мысалы, ССРО Ғылым академиясының Президенті академик В.Л. Комаров, академиктер И.П. Бардин, А.А. Байков, В.А. Обручев, А.А. Скочинский, П.В. Цицын, Д.Н. Прянишников бастаған көптеген ғалымдар Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда жиі-жиі болып және ұзақ уақыттар бойы осында тұрып, қызмет істеп, республикамыздың табиғи ресурстарын майдан керегіне жаратуға барынша көмектесті.

Филиалдың ғылыми тақырыптарындағы түбірлі мәселелерден, практикалық ұсыныстарды жүзеге асыру мәселелерінен бастап,

ғалымдардың күй-тұрмысы, азық-түлігі жөнінде жасалатын қамқорлықтарға дейінгі барлық жұмыстар ҚКП Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің күнделікті басшылығы, көмегі бойынша жүріп жатты.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап филиалдың жұмыс тақырыбы еліміздің кезек күттірмейтін практикалық мұқтажына бүтіндей бағындырылды. Бұның өзі Қазақ ССР-ында ғылымның қаулап өсуін қамтамасыз еткен игілікті жай болды. Соның нәтижесінде барынша қысқа мерзімнің – небары 5 жылдың ішінде ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы 1941 жылға дейінгі шағын ғылыми мекемеден өсіп жетіліп, қарамағында ғылымның барлық негізгі салаларын түгелге жуық қамтитын күшті 15 ғылыми-зерттеу институты бар озат ғылымның Қазақстандағы шын мәніндегі қуатты орталығына айналды. 1946 жылдың бірінші июні күні ол орынды түрде Партиямыз бен Үкіметіміздің қаулысы бойынша кемелденіп жетіскен Қазақ ССР Ғылым академиясы болып қайта құрылды.

Төменде келтірілген кесте филиалдың бес жыл ішіндегі жұмыстарының нәтижесін айқын көрсетеді:

Рр/с	Ғылыми жұмыстардың көрсеткіштері	1941 ж.	1948 ж.	1941 жылмен салыстырғанда өсу дәрежесі
1	Ғылым кадрларын даярлау (адам саны):			
	а) ғылым докторлары	3	57	19 есе
	б) ғылым кандидаттары	14	184	13,1 есе
	в) ғалымдық дәрежесі жоқ ғылыми қызметкерлер	72	503	7 есе
	г) өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттар	22	128	5,8 есе
2	Ғылыми кадрлардың жалпы саны	111	872	7,8 есе
	Ғылыми-зерттеу жұмыстарына бөлінген қаржының мөлшері (млн. сом)	3,9	45,2	11 есе
3	Зерттеліп жатқан ғылыми тақырыптар	60	368	6,1 есе
4	Далалық экспедиция отрядтары саны	23	141	6,1 есе
5	Ғылыми-зерттеу институттарының саны	1	15	15 есе

Бұл цифрлардың айқындығы сонша, тіпті, ерекше түсіндірулерді қажет те етпейді.

Бұнымен қатар Қазақ ССР-інде ғылымның мұншалықты өрлеп дамуы ешбір қайшылықсыз, қатесіз де болмағанын атап өту қажет. Алайда бұл кемшіліктерді жалпы табыстарымызбен, атап айтқанда, небары

бір ғана бесжылдықтың ішінде Қазақстанда зор советтік ғылымның негізін қалауға керек жағдай туғызған, өзінің дәрежесі жағынан еліміздегі социалистік халық шаруашылығы мен мәдениетті дамытудың алып екіпініне тең, шын мәніндегі тарихи тамаша нәтижелермен салыстыруға мүлде болмайтын.

Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылуы және дамуы

Қазақ ССР Ғылым академиясы 1946 жылы 1 июньде ССРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының негізінде құрылды. Ондағы ғылыми жұмыстар үздіксіз дами берді, себебі олар республиканың күшті қарқынмен өсіп-өркендеп келе жатқан халық шаруашылығы мен мәдениетінің түбірлі мүдделерімен шарттас еді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының 1946-1957 жылдар арасындағы қызметі кестеде бейнеленген.

Бұл кестені талдағанда, Қазақ ССР Ғылым академиясының өткен он жыл ішінде шапшаң қарқынмен өсе бергенін көреміз. Бұл уақыт ішінде кадрлардың саны үш еседен артты. Ғылым докторлары 1,3 есе, ғылым кандидаттары 2,6 есе, ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ жоғары білімі жөнінде дипломы бар ғылыми қызметкерлердің саны 3,7 есе көбейді. Ғылыми зерттеулердің көлемі екі еседен артық, ал экспедиция отрядтарының саны 1,5 есе артты. Дегенмен бұнда зерттелетін ғылыми тақырыптардың саны артпағаны былай тұрсын, қайта 1946 жылға қарағанда олардың біраз қысқарғаны байқалады. Бұның өзі тақырыптың өрістеу барысындағы қажеттілікке байланысты ұсақ тақырыпшалардың санын көбейтетін жан-жақты «іздену» фазасының аяқталып, оның орнын екінші фазаның басқанын көрсетеді. Бұл кезде Академияның тақырыптары бұрынғыдан анағұрлым терең әрі егжей-тегжейлі зерттеуді керек ететін белгілі бір маңызды және комплексті проблемалардың төңірегіне шоғырлана түскен. Мұның есесіне 1946 жылға қарағанда ғылыми кадрлардың, бөлінген қаржылар мен экспедициялардың саны мықтап өсті.

Өткен он жылдың ішінде 1 институт (Шөл далаларды зерттеу және игеру) құрылып, кейін айтарлықтай себебі болмаса да таратылып жіберілді, 1 институт (Эксперименттік биология) Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы академиясының қарамағына көшірілді және жаңадан 6 институт (Кен істері, Экономика, Алтайдағы кен-металлургия, Мұнай, Микробиология мен вирусология, Ядролық физика) құрылды.

Рр/с	Ғылыми жұмыстардың көрсеткіштері	1946 ж.	1957 ж.	1946 жылмен салыстырғанда өсу дәрежесі
1	Ғылым кадрларын даярлау:			

	а) ғылым докторлары	57	88	1,3 есе
	б) ғылым кандидаттары	184	480	2,6 есе
	в) ғылыми дәрежесі жоқ ғылыми қызметкерлер (жоғары оқу орнының дипломы бар)	503	701	1,3 есе
	г) өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттар	128	135	1,05 есе
	Ғылыми кадрлардың жалпы саны	872	1404	1,6 есе
2	Қаржының мөлшері (млн. сом)	45,2	91,9	2 есе
3	Зерттеліп жатқан ғылыми тақырыптардың саны	368	341	—
4	Экспедиция отрядтарының саны	141	220	1,5 есе
5	Ғылыми-зерттеу институттарының саны	16	21	1,3 есе

Қазіргі уақытта Қазақ ССР Ғылым академиясы аса ірі және комплексті ғылыми ассоциацияға айналып, Республикадағы ғылымның шын мәніндегі орталығы болып алды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылымы мен кадрлары

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінің құрылымы олардың зерттейтін проблемаларының тұтастығына қарай комплекстеу принципіне негізделген. Мысалы, минерал ресурстар қорының толып жатқан түрлерінің бары және олардың атқаратын рөлінің тек Қазақстан экономикасы емес, бүкіл Совет Одағы үшін де күн санап өсіп келе жатқаны ескеріліп, минерал шикізатты зерттеуге, игеруге қатысты бар ғылыми мекемелердің бәрі «Минерал ресурстар бөлімі» болып біріктірілген. Бұндай бөлім ССРО Ғылым академиясы жүйесінде де, басқа Одақтас республикалардың Ғылым академияларында да жоқ. Қазақ ССР Ғылым академиясында құрылған бұл бөлімнің өзін-өзі толық ақтайтынын тәжірибе көрсетіп отыр. Жер қыртысын зерттеу институтының егіншілік мәселелерін шешуде үлкен пайдасы бары ескеріліп, ол Ботаника институтымен және ботаника бақтарымен қоса «Биология ғылымдары бөлімінің» құрамына енгізілді. Егер ССРО Ғылым академиясының Жер қыртысын зерттеу институты 1950 жылға дейін «Геология-география ғылымдары бөлімінің» құрамында келгенін ескерсек, бұның да өз кезіндегі жаңалық шаралардың бірі болғанын байқаймыз.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология институты ішіндегі секторлар мен бөлімдердің құрамы да формалық классификация жолымен жүйелене салмай, комплекстік-өндірістік негізге сүйене жасалған. Ал ССРО Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтында әлі күнге формалық классификация орын алып келеді.

Мал шаруашылығы мен өсімдік ресурстарының мәселелерімен шұғылданатын институттардың құрамында Қазақстанның социалистік мал және егін шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін зерттеп, қорытатын бөлімдер ашылды. Тек Қазақ ССР Ғылым академиясына ғана тән жаңа ғылыми мекемелердің қатарына: бұл күнде таратылып жіберілген Шөл далаларды зерттеу және игеру институтын, Астроботаника секторын, Геологиялық ғылымдар институтының микрохимиялық лабораториясын қосуға болады. Соңғы аталған лаборатория өзінің зерттеу әдісінің ерекшелігі, шеберлігі жағынан ССРО-да сирек ұшырасатын ғылыми мекеме болып отыр. Төменіректе Жер қыртысын зерттеу институтының Топырақ микробиологиясы лабораториясына да тоқтала кеткен жөн.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелері құрылымына енгізілген бұл жаңалықтардың дұрыс ойластырылған шаралар екені тәжірибеде анықталып отыр. Олар ғылыми тақырыптарды тиімді етіп комплекстендіре, маңызын арттыра түседі, соның нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмыстардың қорытындыларының халық шаруашылығындағы құны айтарлықтай жоғарлады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінің құрылымы қазіргі уақытта былайша қалыптасқан:

Минерал ресурстар бөлімінде 10 ғылыми мекеме, оның ішінде 8 институт бар. Олар – Геологиялық ғылымдардың, Кен істерінің, Металлургия және байыту, Отқа төзімді және құрылыс материалдарының, Энергетика, Мұнай (Гурьев қаласында), Химия ғылымдарының, Алтайдағы кен-металлургияның (Өскемен қаласында) институттары мен География секторы және Республикалық геология музейі.

Физика-математика ғылымдарының бөлімі құрамында 8 ғылыми мекеме, оның ішінде 2 институт бар. Олар – Астрономия мен астрофизика, Ядролық физика институттары; Математика мен механика, астроботаника, есептеу математикасының 3 секторы; Астрофизика обсерваториясы, Биіктаудағы күн тұтылысын және космос сәулелерді зерттейтін станциялар.

Биология және медицина ғылымдарының бөлімінде 12 ғылыми мекеме, оның ішінде 7 институт бар. Олар – Жер қыртысын зерттеу, Ботаника, Зоология, Физиология, Жергілікті патология, Клиникалық және эксперименталды хирургия, Микробиология мен вирусология институттары; Алматы, Қарағанды, Лениногорск қалаларындағы Ботаника бақтары; Жезқазған мен Бақанастағы (Іле өзені бойындағы) эксперименттік базалар.

Қоғамдық, ғылымдар бөлімінде 6 ғылыми мекеме, оның ішінде 3 институт бар. Олар – Тіл мен әдебиет, Тарих, археология және этнография, Экономика институттары; Искусство, Философия мен право, Шығыстану секторлары.

Бұған қоса Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының жанында Редакция-баспа Советі, Республиканың өндіргіш күштерін зерттеу

жөніндегі Совет, Силикозаға қарсы күрес Комитеті, Табиғатты қорғау комиссиясы, Ғылым мен техниканың тарихы жөніндегі комиссия бар.

Қазақ ССР Ғылым академиясының іргелі ғылыми кітапханасында сегіз жүз мыңға жететін томдар, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың үлкен қоры бар.

Қазіргі уақытта Академияның құрамында 42 ғылыми мекеме жұмыс істейді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы ай сайынғы ғылыми орган – «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысын» шығарып отырады, ғылымның негізгі салалары бойынша мезгіл-мезгіл «Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабарларының» сериялы томдары, сондай-ақ орыс және қазақ тілдерінде монографиялар мен ғылыми-көпшілік кітаптары шығып тұрады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективінде қазіргі уақытта 31 академик, 27 мүше-корреспондент, 88 ғылым докторы, 480 ғылым кандидаты, өндірістен қол үзіп оқитын 135 аспирант, ғалымдық дәрежесі жоқ, бірақ жоғары білімі жөнінде дипломы бар 652 ғылыми қызметкер, 1176-дан астам лаборанттар мен түрлі ғылыми-техникалық қызметкерлер жұмыс істейді. Бұған қоса 200-ден астам өндіріс мамандары Ғылым академиясы жанындағы аспирантура курстарында сырттан оқиды. Ғылым академиясы жүйесіндегі қызметкерлердің жалпы саны қазір 3331 адамнан асады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының үлкен коллективінде туысқандық ынтымақтастықпен Совет Одағындағы көптеген ұлттардың өкілдері жемісті еңбек етіп жүр. Академияның ғылыми кадрларының ішінде жергілікті ұлттың – қазақтардың жүздеген өкілдері бар. Бұл күндері олардың арасынан шыққан академиктер, мүше-корреспонденттер, докторлар, профессорлар, ғылым кандидаттары аз емес. Қазақ ғалымдары өздерінің творчестволық еңбегімен советтік озат ғылымның қазынасына елеулі үлес қосуда.

Ғылым академиясында бағалы ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген жас ұйғыр, дүңген ғалымдары да бар. Олар өз халықтарының тарихы мен тілін ойдағыдай зерттеп келеді. Бұның достас Қытай Халық Республикасындағы Қазақстанға көршілес провинциялардың мәдениетін дамытуда маңызы зор.

Қазіргі кезде Қазақстанның ең көрнекті деген ғалымдарының атын атап шығудың өзі мүмкін емес, себебі, ол үшін ұзақ тізім жасау қажет болар еді. Сондықтан біз Советтік Қазақстандағы ғылымның кейбір басты жетістіктеріне ғана тоқталып өтуге мәжбүр болдық. Бұл күнде Қазақстанда ғылымның кемелденгенін көрсететін бірсыпыра фактілерді – Республиканың бір топ ғылым қайраткерлеріне сыйлықтар берілуін, сол сияқты көптеген ғалымдарға «Қазақ ССР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» деген атақ берілуін атап өтпекпіз. Қазақ ССР Ғылым академиясының бірсыпыра институттарына докторлық және кандидаттық

диссертациялар қабылдау правосының берілуі де олардағы Ғылыми советтердің қабілетіне Совет өкіметінің үлкен сенім білдіретінін көрсетеді. Мысал ретінде Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми кадрлары құрамында 14 лауреат, Қазақ ССР ғылымына еңбегі сіңген 32 қайраткер барын айта кетейік. Қазақ ССР Ғылым академиясы институттарының ғылыми советтері геология-минерология және филология ғылымдарының тарауларынан докторлық диссертация қабылдауға праволы, ал кандидаттық диссертациялар Академия зерттеп келе жатқан ғылымдардың көптеген салалары бойынша қабылданады.

Қазақстан жас ғылымының табыстары, шын мәнінде, айдыны зор, әрі көлемді. Қазақстанда совет ғалымының творчестволық еңбегінің белгілі дәрежеде ізі қалмаған бірде-бір рудник, фабрика немесе завод жоқ. Оның үстіне Қазақстанның ұлан-байтақ аумағының жақында ғана бос жатқан жерлерінде сол өндіріс орындарының пайда болуының өзі, көпшілік реттерде, зерттеуші ғалымдардың табанды еңбегімен тығыз байланысты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми зерттеулеріне негіз болған басты методологиялық принциптер

Жетекші методологиялық принцип проблемаларды комплексті түрде зерттеу болып табылады. Бұнда негізінен мәселенің практикалық маңыздылығына және халық шаруашылығы үшін тиімділігіне көңіл бөлінеді. Жұртқа мәлім, бұл принцип алғаш рет 1918 жылдың апрелінде «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының желісінде» белгіленген болатын. Бұл тарихи документтің толық тексті төменде.

«Россияның табиғи өндіргіш күштерін білу және зерттеу» жұмысын системалы түрде бастаған Ғылым академиясына Халық шаруашылығының Жоғарғы Советінен дереу мыналарды тапсыру керек:

Россияның өнеркәсібін қайта құру және экономикалық өрлеу жоспарын мүмкіндігінше тез жасау үшін мамандардан бірқатар комиссиялар құрылсын.

Бұл жоспарға мыналар кірсін:

Шикізаттың жақындығын және шикізатты өндіруден бастап, жартылай фабрикаттарды өңдеудің дайын өнім алғанға дейінгі барлық содан былайғы сатыларына көшерде мүмкін қадерінше еңбектің неғұрлым аз жұмсалып жағын қарастыра отырып, Россияда өнеркәсіпті қолайлы етіп орналастыру.

Өндірістерді ең жаңа анағұрлым ірі өнеркәсіптің және әсіресе, трестердің тұрғысынан қарағанда қолайлы болатын етіп азын-аулақ аса ірі кәсіпорындарға қосу және шоғырландыру.

Қазіргі Россиялық Советтік республиканы (Украинасыз және немістер басып алған облыстарсыз) шикізат пен өнеркәсіптің **барлық** басты-басты түрлерімен өзін-өзі **дербес** жабдықтау мүмкіншілігін барынша қамтамасыз ету.

Өнеркәсіп пен транспортты электрлендіруге және электрді егіншілікке қолдануға айрықша көңіл бөлу. Жанармай шығару және оны тасымалдау шығындарын мүмкін қадерінше азайта отырып, электр қуатын алу үшін, отындардың бірінші дәрежелі емес сорттарын (торф, нашар сортты көмір) пайдалану.

Жалпы су күштері мен жел двигательдері және оларды егіншілікке пайдалану¹. Бұл принцип Отан соғысы жылдарында да, одан кейінгі уақыттарда да жүзеге асырылып келеді.

Академияның ғылыми мекемелерінің тақырыптары ішінде Қазақстанның жекелеген аса маңызды экономикалық, оның өзінде де бірінші кезекте өнеркәсіпті аудандарын жан-жақты дамыту мәселелерін зерттеуге бағытталған ірі және комплексті халық шаруашылық проблемалары жылдан жылға молая берді.

Бұл тәрізді комплексті зерттеулердің қорытындылары белгілі бір шаруашылық маңызы зор аудандарды экономикалық жағынан өркендетудің ең тиімді бағытын белгілеуге, сөйтіп бүкіл минерал, су, топырақ, өсімдік, тағы басқа табиғи-өндіргіш күштерді өзара байланыстыра әрі сарқа пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақ ССР Ғылым академиясы бұндай комплексті зерттеулерді Үлкен Алтайдың, Үлкен Жезқазғанның, Қарағандының, Балқаштың, Екібастұз-Бозшакөлдің, Жемнің бойында, Іле, Сырдария өзендерінің сағаларында, Қазақстанның шаруашылық маңызы күшті тағы басқа аудандарында жүргізді. 1954-1956 жылдары тың және тынайған жерлерді игеріп жатқан аудандарда жүргізілген жұмыстар да мазмұны жағынан комплексті болды.

Осы айтылғандай белгілі мақсат көздеп жүргізілген комплексті зерттеулер халық шаруашылығы үшін ғана маңызды болып қоймайды, сонымен бірге олар, әдетте, ғылымға керек аса бай материалдар тауып береді. Комплексті зерттеулердің материалдарын талдап, қорыту арқылы геологиялық құрылыстың негізгі заңдылықтарын белгілеуге, табиғаттың жаңа ерекшеліктерін ашуға, сөйтіп табиғи өндіргіш күштердің барлық түрлерін білуге, оларды шаруашылықта пайдаланудың ең тиімді әдістерін ойлап табуға болады.

Өткен уақыт ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінде дамып, жетіліп келген ғылымның іргесін қалаудағы негізгі методологиялық принциптер осылар болды. Бұл принциптер ғылыми зерттеулерді жолға қоюда, Қазақстанды және СССР-ді өркендетудің қазіргі тарихи жағдайларына сәйкес ғылымның табыстарын ең күрделі халық шаруашылық проблемаларды шешуге бағыттауда комплексті жолмен көптеген мәселелерді қамтып келгенін оңай байқауға болады.

1947-1957 жылдар арасында Қазақ ССР Ғылым академиясы республиканың аса маңызды экономикалық аудандарының әкімшілік

¹ В. И. Ленин. Шығ. 27-т. 316-318 бб.

орталықтарында: Өскеменде (1947), Гурьевте (1949), Қарағандыда (1949), Қостанайда (1957) көшпелі сессиялар өткізді. Бұндай сессиялар халық шаруашылығының аса күрделі проблемаларын комплексті түрде зерттеудің маңызды бір бөлшегі болып табылады. Сонымен қатар бұл сессиялардың материалдары жоғарыда аталған аса маңызды экономикалық аудандарда кездесетін табиғи өндіргіш күштердің зерттелу жайы мен пайдаланылу дәрежесі туралы ғылыми мәлімет беретін энциклопедияға ұқсайды.

Көшпелі сессиялардың программаларында белгілі бір ауданның барлық негізгі табиғи ресурстарын комплексті зерттеу және оларды елімізде коммунизм орнату үшін барынша тиімді етіп пайдаланудың жолдарын анықтау қаралған болатын.

Программаны жасауға, сондай-ақ Академияның көшпелі сессиясының жұмысына еліміздің, республиканың тиісті жоспарлау, ғылыми және шаруашылық ұйымдарының өкілдері, жергілікті мамандар, өндірістің жаңашылдары мен озаттары, инженер-техник қызметкерлер жаппай атсалысты.

Белгілі бір экономикалық ауданның өндіргіш күштерін комплексті жолмен өркендетудің негізгі мәселелерін талдап шешудегі бұндай тәртіп өзінің қорытындысында өндіргіш күштердің зерттелуі жайы туралы қажет білімдерді түгел игеруге, осының негізінде сол күштерді зерттеудің және пайдаланудың ең тиімді әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл көшпелі сессиялардың бәрінің материалдары, әдетте, республиканың тиісті экономикалық ауданын комплексті жолмен одан ары өркендету жоспарын жасағанда табан тірейтін негіз болып алды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы құрған жергілікті ғылыми-зерттеу базаларының негізгі мақсаты да ғылымды республиканың ең басты экономикалық аудандарының халық шаруашылығына жақындату болып отыр. Қазіргі кезде Қазақ ССР Ғылым академиясының Батыс Қазақстанда (Гурьевтегі мұнай институты), Шығыс Қазақстанда (Өскемендегі Алтай кен-металлургия институты), Орталық Қазақстанда (Жезқазған), Шығыс Қазақстанда (Іле өзені бойындағы Бақанас поселкесі) ғылыми-зерттеу базалары бар. 1958 жылы Орталық Қазақстанның Қарағанды қаласында Ғылым академиясының филиалын құру жоспарланып отыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми жұмыстарындағы негізгі бағыттар

Қазақ ССР Ғылым академиясы жүргізетін ғылыми жұмыстардың негізгі мазмұны елімізде коммунизм орнату жолында Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін дамытумен байланысты алға қойылған проблемаларды терең және комплексті түрде талдап шешу болып табылады.

Минерал ресурстар бөліміне қарайтын ғылыми мекемелердің жұмыстары республиканың кен, су және энергетика ресурстарын зерттеп біліп,

оларды еліміздің халық шаруашылығында пайдаланудың қолайлы технологиялық әдістерін табуға бағытталады. Институттар мен секторлардың ең басты көңіл бөлген нәрсесі – қара, түсті, сирек кездесетін және шашыраңқы металдардың кенін, көмір, мұнай, республиканың және басқа қазба байлықтарын зерттеу болды. Орталық Қазақстанның негізгі өнеркәсіп аудандарын сумен қамтамасыз ету, кен шығару әдістерін жетілдіру, сондай-ақ кенді байыту және металлургиялық қорыту; республиканың энергетика шаруашылығын өркендету, жергілікті шикізаттан отқа төзімді және құрылыс материалдарын өндіретін өнеркәсіп орнату мәселелері.

Аталған зерттеу жұмыстары республиканың аса маңызды экономикалық аудандарының бәрінде: Үлкен Алтайда, Үлкен Торғайда, Орталық, Батыс және Оңтүстік Қазақстанда жүргізіліп жатыр.

Отын өнеркәсібі саласында Қарағанды тас көмір бассейнін, Екібастұзды, Майқайыңды, Жемді, Кендірлікті, Орталық, Шығыс, Оңтүстік және Батыс Қазақстанның бірсыпыра ұсақ, бірақ өнеркәсіптік тұрғыдан маңызды көмір, мұнай және сланец кендерін одан ары өркендете беруге байланысты мәселелер зерттелді.

Жоғарыда аталған мәселелермен қатар, Бөлімнің ғылыми мекемелерінің жұмыстарында химия өнеркәсібін, энергетика базасы мен су ресурстарын одан ары өркендету, сондай-ақ республиканың экономикалық аудандарының және оларды комплексті дамыту мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді.

Бұндай өмірлік маңызы зор міндеттерді шешкенде теория, методология мәселелері жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ғылым тұрғысынан кеңінен қорыту жұмыстарымен қатар талданды. Мысалы, жұмыстың мұндай түріне өңірлік геология, минералогия және петрография жөніндегі жұмыстарды қосуға болады. Олар практикалық геологияны одан ары дамытудың, геологиялық құрылым, металлогения және прогноз карталарын жасаудың, палеографиялық, стратиграфиялық, геоморфологиялық зерттеулер жүргізудің, физикалық-химиялық анализ әдістерін жетілдірудің, электртехника процесі, катализ теориясының, кен-металлургия, силикат өнеркәсібінің технологиялық процестері жөніндегі мәселелерді талдап шешудің теориялық базасы болып табылады.

Физика-математика ғылымдарының бөлімінде астрономияның, астрофизиканың, физика мен математиканың негізгі проблемалары зерттеледі.

Қазақстанда астрофизика мен астрономия саласындағы жұмыстар үшін аса қолайлы жағдайлар бар. Атмосфераның оптикалық қасиеттерінің жағдайлары, бұлтсыз ашық күндердің көп болатындығы, түнгі аспан әлемінде жарықтың әлсіз сәулеленуі, міне, осы және басқа факторлардың бәрі де бізге Күн радиациясының, космостық сәулелердің құбылыстары, атмосфераның негізгі қасиеттері, планеталардың, Күннің, жұлдыздардың физикалық қасиеттері, тағы басқа астрофизикалық проблемаларды зерттеп білуге мүмкіндік береді.

Бөлімнің жұмысындағы негізгі бағыттардың бірі Күнді және оның жердегі процестерге әсерін зерттеу, планета аралық және жұлдыз аралық өтпелі шаң орталарын, галактиканы, жұлдыздардың шығу проблемасын, жер атмосферасының оптикалық қасиеттерін зерттеу, күннің құрасуын т.б. зерттеп білу болып келді.

Физика саласында, негізінен, республиканың өнеркәсібімен тығыз байланысты спектрлік анализ проблемасы, сондай-ақ космос сәулелерінің, металлофизиканың, ядролық физиканың, автоматиканың, кристаллооптиканың және кристаллохимияның проблемалары зерттелді.

Математиктердің негізгі көңіл бөлгені қозғалыстың тұрақтылығы туралы теорияны шешу болды. Бұл жөнінде біздің Академияның математика секторы орыстың ұлы математигі, академик Ляпуновтың жұмыстарын одан ары жалғастыра түсті. Машинамен есептеу математикасының республикалық орталығын құру ісінің негізі қаланды, геологиялық проблемаларды шешуде математиканы қолдану мәселелері зерттеліп жатыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Астроботаника секторы аспан әлемінде тіршіліктің бары-жоғын зерттейтін Совет Одағындағы және дүниежүзіндегі жалғыз ғылыми мекеме болып табылады. Ол Марс және Шолпан планеталарындағы тіршілік проблемасымен байланысты жер бетіндегі кейбір өсімдіктердің оптикалық қасиеттерін зерттеумен шұғылдануда.

Биология және медицина ғылымдары бөлімінің тақырыптық жоспарында қаралған нәрсе ең алдымен Қазақ ССР Халық шаруашылығына жан-жақты көмек көрсету және биологиялық, медициналық мекемелердің жұмысын социалистік өндіріс пен республика еңбекшілерінің практикалық қажеттері мен тілегіне барынша жақындату болып отыр.

Жер қыртысын зерттеу институты география, картография және Қазақстан топырағын классификациялау мәселелерімен шұғылданумен қатар, топырақ жасайтын процестің динамикасы микробиология және топырақты мелиорациялау (әсіресе, республиканың шөлді, жартылай шөлді зоналарында) мәселелерін де зерттеуде.

Ботаника институты Қазақстан флорасын үнемі зерттеумен қатар халық шаруашылығы үшін практикалық маңызы зор бірсыпыра тақырыптарды зерттеді. Олар – бояулы өсімдіктерді, цитвар жусан дақылдарын зерттеп білу, Қазақстанның жеке облыстары бойынша жер бетіндегі өсімдіктер мен мал азығы ресурстарының картасын жасау, т.б.

Бұл бөлімнің бірсыпыра мекемелері Ботаника институтының бастауымен түрлі пайдалы өсімдіктерді Қазақстанға жерсіндіру проблемасымен айналысып келеді. Бұндай комплексті проблемамен қазір Ботаника институты, Алматының Ботаника бағы, Академияның жергілікті жерлердегі ботаника бақтары мен базалары шұғылдануда. Олардың зерттеу жұмыстарының міндеті ағаштарды, сәндік, жемістік, жидектік, дәнді, дәрі-дәрмектік, жіп талшықты, гүлдік, шаруашылыққа пайдалы тағы басқа өсімдіктерді жерсіндіру болып отыр.

Зоология институты жер бетіндегі жабайы омыртқалы жануарлар, насекомдар, Қазақстандағы кенелер мен балықтар фаунасын зерттеумен қатар, республика фаунасының табиғатын өзгерту проблемасын іздестіріп, паразиттер фаунасын, ауыл шаруашылық және жеміс дақылдарының түрлі зиянкестерін зерттеп, оларға қарсы күрес шараларын табуда.

Институттың жұмысында адамдар мен ауыл шаруашылығы жануарларының түрлі жұқпалы ауруларын зерттеуге де үлкен көңіл бөлінеді. Бұндай аурулардың қоздырғыштары жабайы хайуандар мен паразиттердің организмінде болады.

Академияның генетиктері мен селекционерлері ауыл шаруашылығы жануарларының, ең алдымен қой мен ешкінің, жоғары өнім беретін жаңа тұқымдарын шығару проблемасын қарастыруда.

Медицина бағыттағы институттар бруцеллез, силикоз, өнеркәсіптік травматизм сияқты кәсіпке байланысты және көпшілік арасында жиі таралатын аурулардың ерекшеліктері мен оларға қарсы күрес шараларын зерттеуге күш салды.

Физиология институты вегетация процестерінің эволюциясы саласындағы зерттеулерін одан әрі жүргізді. Бұның өзі орыстың ұлы физиологы академик Павловтың жұмыстарының жалғасы болып табылады.

Қазақстанның түрлі зоналарындағы климаттық факторлардың сау және ауру адамдардың организмне ықпалы, сондай-ақ республиканың курортология ресурстары, алуан түрлі өсімдік шикізатының дәрі-дәрмектік қасиеттері, т.б. зерттелді.

Медицина, ауыл шаруашылық және өнеркәсіп микробиологиясының, вирусология мен антибиотиктердің проблемалары зерттелді.

Қоғамдық ғылымдар бөлімінің ғылыми мекемелерінде тіл, әдебиет, тарих, археология, этнография, архитектура және қазақ, ұйғыр-дүңген халықтары өнерінің негізгі мәселелері, сол сияқты Қазақстанның философиясы, правосы мен экономикасы туралы мәселелер зерттелуде.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми жұмыстарының басты қорытындылары

1946 жылдан 1956 жылдың аяғына шейін, демек, өзі өмір сүрген 11 жыл ішінде, Қазақ ССР Ғылым академиясы жалпы саны 1939 ғылыми тақырыпты зерттеп бітірді. Оларды орындалған уақытына және ғылымның жекелеген салаларына қарай бөлгенде төмендегі кестеде көрсетілгендей болады:

Бұл зерттеулердің нәтижелері еліміздің ғылым салаларының жалпы қазынасына қосылған белгілі үлес болып табылады және республикамыз бен еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетін одан әрі әрге бастыру ісінде маңызды практикалық қызмет атқарады.

Р/с	Бөлімдердің аты	Зерттеліп біткен тақырыптардың саны			
		1946-1950	1951-1955	1956	Барлығы
1	Минерал ресурстар	415	307	67	789
2	Физика-математика ғылымдары	131	91	4	226
3	Биология және медицина ғылымдары	397	225	45	667
4	Қоғамдық ғылымдар	133	102	22	257
	Барлығы	1076	725	138	1939

Бір мақаланың көлемінде зерттелген тақырыптардың ең негізгілерін атап шығудың өзі де мүмкін еместігі белгілі. Сондықтан мен олардың ішіндегі ең бастыларына ғана қысқаша сипаттама бермекшімін.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми зерттеулерінің ішінде геологиялық жұмыстар көрнекті орын алады. Олардың нәтижелері қазіргі заманда адам баласы пайдаланып жүрген қазба байлықтардың барлық түрлерінің аса бай, кейде, тіпті, сирек кездесетін кендерін ашуға себеп болды.

Қазақстан хром мен ванадийдің қоры жағынан дүниежүзінде бірінші орын алса, темірдің, мыстың, қорғасынның, мырыштың, күмістің, кадмийдің, вольфрамның, ренийдің, бордың, калий тұздарының, тағы басқа көптеген минерал шикізаттарының запасы жағынан Одақ бойынша бірінші орын алады. Марганецтің, молибденнің, титанның, алюминийдің, көмір мен мұнайдың, фосфориттің запастары жағынан да Қазақстан Одақ бойынша алдыңғы орындардың біріне ие болып келеді.

Қазақстандағы геологиялық зерттеулер республиканың геологиялық құрылымындағы негізгі заңдылықтарды және қазба байлықтардың басты түрлерінің кені орналасқан жерлерді тауып, белгілеудегі аса маңызды фактор болды. Қазақстан геологтары комплексті методология негізінде СССР-да тұңғыш рет Орталық Қазақстан мен Алтайдың, ең басты пайдалы қазбалар – темірдің, марганецтің, мыстың, қорғасынның, мырыштың, вольфрамның, молибденнің, титанның, тағы басқа металдардың прогноздық, металлогениялық картасын, сонымен бірге Орталық Қазақстандағы көмір қорының прогноз картасын жасады. Бұл карталарға өндірістік ұйымдар жоғары баға беріп, қазір олар ойдағыдай қолданылып келеді.

Жер бетіндегі, сондай-ақ жер астындағы су ресурстарын зерттеу жөнінде, әсіресе, тың және тыңайған жерлерде, гидрогеологтар мен гидрологтарымыз үлкен жұмыстар істеді.

Академияның кеншілері кен қазудың жоғары өнім беретін жаңа әдістерін зерттеп тауып, өндіріске енгізді. Олар: руданың еріксіз және блок арқылы қопарылуы, орталық разрез траншеясы арқылы руданы жер

астында өңдеу жүйесі және т.б., скважиналарды бұрғылаудың өнімді тәсілдері мен қатты кендерді қазу жұмыстарын механикаландыру жолдары зерттеліп, өндіріске енгізілуде.

Балқыту процесін жылдамдатып, мыс қорытатын пештердің өнімділігін арттыру жолында Академияның металлургтері үлкен жұмыстар істеді. Бұл жаңалық Балқаш мыс заводында ойдағыдай қолданылып, мыс алыбының жобадағы қуатын екі есе арттырды.

Металлургтер тотыққан-силикат, никель-кобальтты рудаларды қайта өңдеудің мүлде жаңа фосфидты әдісін тапты. Ұнтақ хром рудаларын агломерациялау әдісі белгіленді, қорғасын заводтарындағы бағалы қоспалары бар шаңдарды комплексті жолмен бөліп алудың, индий, сүрме, таллий, тағы басқа сирек және шашыраңқы металдарды бөліп алу технологиясын жетілдірудің, балқытылған фосфат алудың технологиялық схемалары жасалды.

Академияның химиктері металлургтермен бірлесіп, күкірт қышқылын қолданбай-ақ агломерациялық тәсілмен тыңайтқыштың жаңа, тиімді түрі – термофосфат алу әдісін ойлап шығарды. СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің зоналық станциялары жүйесінде кең көлемде жүргізілген агрохимиялық сынаулардың нәтижелері жөніндегі мәліметтер Украина, Сібір, Орта Азия мен Қазақстан сияқты маңызды аудандардың жағдайында техникалық және дәнді дақылдардың түсімін жоғарылату үшін термофосфаттың пайдасы мол екенін көрсетеді.

Химиктер цементация, амальгама металлургиясы, амперметрлік анализ және катализ теориясын жасау саласында да елеулі нәтижелерге ие болды. Олар өндіріс мамандарымен бірлесе отырып, жаңа электролиздер жасап, оны сынаудан өткізді. Бұның көмегі бойынша мырыш өндіру жұмысын жоғары тоқ қысымы кезінде де жүргізе беруге болады.

Академияның энергетиктері аса маңызды қорытынды еңбек жазып бітірді. Бұнда энергетикалық ресурстарға, қазіргі кездегі энергетика шаруашылығының жағдайына және республиканың халық шаруашылығын электрлендіру жөніндегі ұлы жоспардың ғылыми-методикалық негіздеріне сипаттама беріледі.

Академияның энергетиктері, геологтары және гидрологтары шапшаң қарқынмен индустрияланып жатқан Орталық Қазақстанның шөлді аймақтарына Ертіс өзені тарауларының бір бөлігін бұрып ағызу жөнінде комплексті үлкен жұмыс жазып шықты.

Гидротехника ғылымдарының аса ірі өкілі, СССР Гидропроектісінің бастығы және бас инженері академик С.Я.Жук өзінің 1956 жылғы 18 октябрьде жазған хатында Академия орындаған жұмыстарға жоғары сипаттама береді. Ол былай деп жазды: «Орталық Қазақстанға Ертіс өзенінің суын жіберу жөніндегі материалдармен танысқанда, халық шаруашылығы үшін бұл проблеманың сөзсіз толғағы жеткен, аса үлкен мемлекеттік маңызы бар міндет екенін көреміз. Қарағанды қаласының аймағына магистраль каналмен Ертістен су жіберу проблемасы туралы

Қазақ ССР Ғылым академиясы белгілеген шешімді Гидропроект дұрыс деп есептейді».

Академияның энергетиктері мен металлургтері зерттеп тапқан мыс концентраттарын қорытудың бүтіндей жаңа циклонды металлургиялық процесі мейлінше перспективалы нәрсе болып табылады. Балқытудың бұндай тәсіліне сүйенгенде, аз габаритті балқыту агрегатын жасап алуға мүмкіндік туады. Оның беретін өнімі балқыту пешімен бірдей бола тұра, көлемі одан бірнеше есе кіші болады. Сонымен қатар циклон арқылы балқытқанда, отынның 40-50 %-тің үнемдеуге болады, ал күкірті көп концентратпен балқытатын болса, отынның мүлде қажеті де болмайды.

Құрылыс және құрылыс материалдары саласында Академия орындаған аса елеулі жұмыстардың қатарына республикадағы отқа төзімді және құрылыс материалдарының технологиялық қасиеттеріне жүргізілген зерттеулерді, металл балқытатын пештердің қақпақтарының төзімділігін арттыруға байланысты зерттеу жұмыстарын қосуға болады.

Батыс және Оңтүстік Қазақстан жеріндегі мұнай газының көлемін, газды судың қысымын қолдану әдісімен мұнай өндіруді шапшаңдату жолдарын зерттеуге де едәуір көңіл бөлінді. Мұнай эмульсиясын бұзудың жаңа әдістері, сондай-ақ мұнай трубаларын қатерден сақтаудың экономикалық шаралары табылды.

Академияның астрофизиктері ұзақ уақыт бақылаулар жүргізудің нәтижесінде газ-тозаң тұмандары арасынан жұлдыздар тіркесін байқаған. Аспан әлемінде жұлдыздар жасайтын нақты механизмдердің бірі де осылар болуы ықтимал. Галактиканы зерттеуде фотометр карталарын жасай отырып, құс жолына жүргізілген фотометрлік өлшеулердің де маңызы зор.

Қазіргі уақытта Академиямыздың астрофизиктерінің бір бөлігі академик В.Г. Фесенковтың бастауымен дос ниетті Египет елінің Ассуан қаласы аймағында халықаралық геофизика жылының программасы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Академиямыздың физиктері де бірсыпыра маңызды жұмыстарды аяқтады. Бұлардың қатарына кварц спектрографына арналған спектр сызықтардың атласын жатқызуға болады. Ол баспадан шыққаннан кейін тек СССР-де емес, сонымен бірге Қытайда, Кореяда және басқа халық демократиясы елдерінде кеңінен таралды. Бұған қоса темірдің доғалы және ұшқынды спектрінің, әйнек спектрографтың спектр сызықтарының атластары жасалып бітті, түсті металдарды тазартатын спектрлік анализдер жөніндегі зерттеулер де аяқталды. Стратосферада және биіктаудың жағдайында кездесетін ауыр бөлшектердің қуатын зерттеуде космос сәулелерінің лабораториясы елеулі нәтижелерге ие болды. Физика-техникалық өрісі кең, жаңа ядролық физика институтын салу ісі қолға алынды.

Астроботаника секторы қызыл және инфрақызыл сәулелер кейбір өсімдіктердің түсін бояйтынын анықтады. Бұның өзі өсімдікте ішкі

жылудың артық қуатын жинап, оны атмосфера арқылы сыртқа тарататын арнаулы аппарат барын дәлелдейді.

Бұл фактының астрофизика үшін қаншалықты маңызы барына қарамастан, аталған құбылысты бұдан былай да зерттей түсу арқылы өсімдіктердің қасиеттерін ашып, оларды суыққа, шөлге төзімділігіне, тағы басқа биологиялық белгілеріне қарай топтастыруда біздің ботаниктерімізге әжептәуір көмек көрсетуге болады.

Жер қыртысын зерттеу саласында практикалық тұрғыдан маңызды бірсыпыра жұмыстар орындалды. Бұның қатарына СССР топырағының көлемі миллиондаған парақ мемлекеттік картасының Қазақстандық бөлегін жасау, топырақтың құнарлылығын арттыру және Қазақстанның алуан түрлі топырағы мен климаты жағдайында жергілікті бактериялық тыңайтқыштарды қолдану жөнінде жүргізілген зерттеулерді қосуға болады. Біздің жер қыртысын зерттеушілеріміз республиканың тың және тыңайған жерлерін зерттеу жөнінде де үлкен жұмыстар жүргізді.

Академияның ботаниктері «Қазақстанның флорасы» атты көлемді еңбекті аяқтап келеді. Олар тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан аудандардағы геоботаникалық зерттеулерді бітіріп, шөл жерлер зонасындағы Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Балқаш сияқты өнеркәсіп орталықтарын көгалдандырды, жеміс-жидектік, сәндік ағаштар мен бұталардың, көпжылдық және біржылдық гүлдердің, бау-бақша дақылдарының ассортименті, сондай-ақ оларды өсіру агротехникасы туралы кеңестер берді.

Қазақстан жағдайында ормандарды қалпына келтіру және орман өсірумен байланысты бірсыдырғы жұмыстар жүргізілді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жер қыртысын зерттеу, Ботаника институттары мен Мұнай институты СССР Ғылым академиясының институттары және мекемелерімен бірлесе отырып, Оралдағы мемлекеттік орман алқабының құрылысына қатысты.

Агробиология, физиология және өсімдік биохимиясы саласында каучукті өсімдіктердің, бидайдың, темекінің, картоптың түсімін арттыруға бағытталған зерттеулер жүргізілді, республикадағы эфирлі, алкалоидты, сантонинды және басқа жабайы өсімдіктердің құрамы мен пайдалы қасиеттері зерттелді. Биохимиктердің ең маңызды жұмыстарының қатарына Қазақстанда өсірілетін барлық бидай сорттарының биохимиялық және тағамдық қасиеттері туралы монографияны жатқызуға болады. Физиологтардың елеулі зерттеулеріне Оңтүстік Қазақстанның бұрынғы Бостандық ауданы жағдайына сәйкес шай дақылын жерсіндіру туралы, Қазақстанның оңтүстігі жағдайында қант қызылшасының қанттылығын арттыру жөніндегі жұмыстар қосылады.

Өсімдік генетиктері мен селекционерлерінің басты көңіл бөлген мәселесі, Орталық Қазақстанның шөл зонасында белгілі бағыттағы және ең алдымен суармалы емес өсімдік шаруашылығын жасау болды.

Бидайдың дүниежүзіндегі көптеген сорттарын сынау және будандастыру арқылы қазір Қазақстанның шөлді жерлерінде өсіруге болатын, қуаңшылыққа төзімді, жаңа сортты бидай тұқымын шығару жұмысы аяқталып келеді. Бұл сорт суармалы егісі жоқ колхоздардың өзінде азғантай тұқымнан гектарына 6-8 центнерден түсім береді.

Академияның геоботаниктері Қазақстандағы бұл күндері игерілген тың және тыңайған жерлердің орасан үлкен бөліктерін іріктеп пайдалану ісіне қызу кірісті.

Ботаника институтының аса құнды «Гербарийінде» республика флорасының үш мыңнан астам түрі бар. Олардың көпшілігі ғылымда сол Қазақ ССР Ғылым академиясы Ботаника институтының гербарийінде сақталған нұсқасы бойынша сипатталады.

Академияның зоологтары Қазақстанның жануарлар дүниесін зерттеп бітіп, республикадағы аңшылық кәсіпшілікке жарамды аңдардың өсіп-өнуін, санын анықтау жөнінде маңызды жұмыстар істеді. Зоология институты шаруашылық ұйымдарының қатысуымен Оңтүстік Қазақстанға ондатрды жерсіндірді, олар қазір алтын есебімен миллиондаған сом табыс береді. Сондай-ақ Алтай ормандарына бұлғын, Орталық Қазақстанның қалың қарағайы ішіне ақ тиін жерсіндірілді. Ихтиологтер республиканың өзен-көлдеріндегі балықтардың құрамын өзгертіп, олардың шаруашылық үшін бағалы жаңа тұқымдарын өсірудің жолдарын биологиялық тұрғыдан негіздеп шықты. Мысалы, Зайсан көлінде сазан, Балқаш көлі мен Іле өзенінде көк серке мен Аралдың қылқанды балықтарын өсіру белгіленіп отыр. Адамда және ауыл шаруашылығы жануарларында болатын жұқпалы аурулардың табиғи ұясы жөніндегі проблема кеңінен зерттелген.

Академияның генетиктері арқар мен меринос қойды будандастыру арқылы қойдың жаңа тұқымын – қазақтың арқар мериносын өсіріп шығарды. Бұл таулы жердегі жаңа қой тұқымы күтімді онша көп қажет етпейді, жүні бағалы. Осының арқасында таяудағы жылдар ішінде ол тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге Кавказда, Карпатта, биіктаулы мал жайылымы бар тағы басқа аудандарда көптеп өсірілетін болады. Бұдан басқа республиканың шөлді жерлеріне бейімделіп, жаңадан биязы жүнді қой тұқымы, жүні қалың ешкі тұқымы, үй шошқасы мен жабайы қабанды будандастыру арқылы еті де, майы да көп жаңа шошқа тұқымы шығарылды.

Микробиологтер, бактериялы ашытқы қосып, мал азығын сүрлеудің жаңа тәсілін тапты. Бұның мал шаруашылығы үшін маңызы күшті болды. Қазір бұл тәсіл республиканың колхоздарында кеңінен қолданылуда.

Физиологтер талықсыған организмге қуат беретін сұйық дәрі жасап, емдеудің жаңа әдісін зерттеп тапты. Ол аса жоғары клиникалық бағаға ие болды. Қазір бұл әдіс те Қазақстанның және СССР-дің клиникалары мен ауруханаларында ойдағыдай қолданылуда.

Ерекше дәрі-дәрмектің көмегімен эксперименттік силикозды профилактикалаудың физиологтер зерттеп тапқан жаңа әдісі де аса үлкен үміт күттіруде. Қан айналымын дұрыстау, тағы басқа вегетативтік процестерді шешуде де физиологтер елеулі нәтижелерге жетті.

Академияның патологтері жаңа қазақстандық лептоспир штамын практикада қолдана бастады. Бұл күндері жаңа штамды Совет Одағының көптеген емдеу мекемелерінде диагностика үшін пайдаланады. Республиканың курортқа лайықты бай мүмкіндіктерін емдеу мақсатына пайдалану жөнінде патологтер бағалы ұсыныстар енгізді.

Хирургтер алқымның ісік ауруын және өндіріске байланысты зақымдарды емдеу әдістерін ойдағыдай зерттеді.

Қоғамдық ғылымдарды дамыту саласында да елеулі табыстарға қол жетті. Республиканың өнеркәсібі, транспорты, ауыл шаруашылығының экономикасы жөнінде бірсыпыра еңбектер жазылып бітті. «Қазақ ССР тарихының» ерте заманнан 1917 жылға дейінгі I томы жарыққа шықты, қазіргі Қазақстанға арналған II томы жазылып бітуге жақын. Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің тарихы жөніндегі зерттеулер аяқталды. Қазақтың халық творчествосын, қазақ әдебиетін, қазіргі қазақ тілінің грамматикалық құрылымын, лексикасын, қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттеу жолында үлкен жұмыстар істелді. Орысша-қазақша және Орысша-ұйғырша сөздіктер, қазақ тілінің грамматикасы жарияланды, ал Абай, Жамбыл, Алтынсарин, тағы басқаларының академиялық жинақтары жарыққа шықты.

Правоны, философияны, өнерді зерттеушілер право тарихы, қоғамдық ой-пікірдің даму тарихы, қазақ халқының музыкасы мен өнерінің тарихы жөнінде маңызды жұмыстар орындады.

Республиканың басқа ғылыми мекемелеріндегі ғылыми зерттеулер

Республикадағы Қазақ ССР Ғылым академиясынан кейінгі ірі ғылыми орталық – В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық академиясының қазақ филиалы. Ол 1940 жылы құрылды, енді таяу уақытта Қазақ ССР-інің Ауыл шаруашылық академиясына айналмақшы. Қазір ол 9 ғылыми-зерттеу институтының, 11 зоналық тәжірибе станциясының және 30-ға жуық тәжірибелік егіс далалары мен эксперименттік базалардың жұмысын басқарады. Қазақ филиалының құрамында ауыл шаруашылық ғылымдарының бүкіл комплексін қамтитын небары 50-ге жуық ғылыми мекемелер бар. Олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын институттардың аттарына қарап та білуге болады, атап айтқанда: Егіншілік, Астық шаруашылығы, Мал шаруашылығы, Мал азығы мен мал жайылымдары, Ветеринария, Механизация және электрлендіру, Су шаруашылығы, Орман шаруашылығы, Экономика. Қазақ филиалының ғылыми коллективінде 1500-ден астам

ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлер бар, олардың 130-ға жуығы ғылым докторлары мен кандидаттары.

Республикада түрлі ведомстволарға қарайтын ғылыми-зерттеу ұйымдары да аз емес. Мысалы, солардың қатарына Өскемендегі түсті металдар институты, Қарағандыдағы көмір институты, Алматыдағы минерал шикізаттар институты, Гурьевтегі Орталық ғылыми мұнай лабораториясы, Алматы облысындағы Магарач жүзім шаруашылығының тәжірибелік ғылыми-зерттеу станциясы т.б. қосылады.

Бұған қоса Қазақстанда орасан зор ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін СССР Ғылым академиясының экспедициялары, одақтық түрлі ғылыми орталықтар, кафедралар, көптеген одақ және республика ведомстволарының, әсіресе, Геология және кен сақтау министрлігінің, Картография мен геодезия, Ауыл шаруашылығы Бас басқармаларының территориялық ұйымдары бар.

Қазақстан СССР-де бірінші болып түсті металл өнеркәсібінде ең прогресшіл технологиялық әдістер енгізуді бастады. Мысалы, оған сульфид рудаларды флотация арқылы байытуды, тотыққан рудалардың гидрометаллургиясын, жарқырауық пештерде концентраттарды балқытуды атауға болады. Қазақстан жаңашылдары колхоз шаруашыларының талантты өкілдері – тарыдан (Шығанақ Берсиев), күріштен (Ыбырай Жақаев, Ким Ман Сам), қант қызылшасынан (Ольга Гонаженко), жоғары рекордтық түсім алып, дәнді дақылдардың (М. Кузьмин), мақтаның (Х. Муратов) т.б. мол өнімді жаңа сорттарын шығарды.

Республика еңбекшілері социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары – Турксибтің атақты машинисі Мұқтар Қаптағаевтың, кен комбайнын ойлап тапқан С. Макаровтың, өнертапқыш А. Егоровтың, атақты қой өсіруші, Социалистік Еңбек Ері М. Мүсірәлиевтің, тағы басқаларының өндірістегі аса көрнекті табыстарын занды мақтаныш етеді. Осы және басқа да көрнекті өндіріс жаңашылдарының еңбектегі өнімді әдістері мен практикалық тамаша табыстары ғылымға қосылған аса бағалы үлес болып табылады.

Қорытынды

Ұлы Октябрьдің 40 жылдығы қарсаңында Қазақстанда ғылымның гүлденуін атап көрсету үшін кейбір тарихи салыстырулар жасай кеткен жөн.

1917 жылы император Ғылым академиясының құрамында 13 ғылыми мекеме, оның ішінде 1 институт, 5 лаборатория, 5 музей, 2 обсерватория болды. Оларда небәрі 212 ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкер жұмыс істеді. 1917 жылы Қазақстанда іс жүзінде бірде-бір тұрақты ғылыми мекеме болған жоқ.

Қазір тек Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында ғана 42 ғылыми мекеме, оның ішінде 21 институт бар. Бұларда 2396 ғылыми және

ғылыми-техникалық қызметкер жұмыс істейді. Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктерінің, мүше-корреспонденттерінің, ғылым докторлары мен кандидаттарының ішінде 310-ден астам қазақ мамандары бар. Олар математика, физика, геология, металлургия, химия, энергетика, техника, жер қыртысын зерттеу, биология, қоғамдық және басқа ғылымдар саласында аса маңызды ғылыми проблемаларды шешуде. Олардың көпшілігі Қазақ ССР Ғылым академиясының ірі ғылыми-зерттеу мекемелерін басқарады.

Ескі император Ғылым академиясы ең шарықтап көтерілген жылдарының өзінде 600 баспа табаққа жуық қана еңбек шығаратын. Ал Қазақ ССР Ғылым академиясы 1956 жылы ғана 1233 баспа табақ ғылыми еңбек берді.

Бұл цифрлардан Қазақ ССР Ғылым академиясының патшалық Академиядан ғылыми мекемелерінің саны жағынан 3 еседен артық, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлерінің саны жағынан 9 еседен артық, ал жарыққа шыққан ғылыми еңбектерінің саны жағынан 2 еседен артық озып кеткенін көруге болады.

Қазақстан ғалымдары қол жеткен табыстарға қанағат етіп қалмайды. Алдымызда әлі де республиканың алуан сырлы табиғи ресурстарын терең зерттеп, тиімді пайдаланумен, қазақ халқының бай рухани мәдениетін өркендетумен байланысты шешілмеген міндеттер көп.

КПСС XX съезінің қаулылары және соған байланысты алтыншы бесжылдықта Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетудің ұлы жоспары республика ғалымдарының творчестволық қызметіне кең өріс ашады. Республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын өркендетудің негізгі проблемаларын шешуде халық шаруашылығына көмекті анағұрлым күшейтуіміз керек. Ғылым мен өндірістің байланысын бұдан әрі нығайту да ғалымдардың аса маңызды міндеті болып табылады. Пайдалы қазбалар кенін іздеудің және игерудің жаңа тиімді жолдарын меңгеруге, қара, түсті және сирек металдар рудаларын қорыту технологиясының жаңа әдістерін табуға, энергетика, химия, құрылыс және құрылыс материалдары, астрофизика, ядролық физика, математика, т.б. проблемаларды зерттеуге баса көңіл бөлінеді.

Ауыл шаруашылығы саласында ғалымдарымыз Қазақстанның жер, су және өсімдік ресурстарын одан әрі зерттеу жолында жұмыс істейді, топырақтың құнарлылығын, егіннің түсімділігін арттырудың ғылыми негіздерін, мал шаруашылығын өркендетудің проблемаларын зерттейді.

Ғалымдар егістік жер көлемін ұлғайтуда, егіннің түсімін арттыруда, ет, сүт және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді көбейтуде ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне практикалық көмек көрсету мәселесіне айрықша көңіл бөледі.

Республиканың ғылыми мекемелеріне жүктелген маңызды міндеттердің бірі Қазақстанның экономикасы мен халық шаруашылығының

жетекші салаларын, әсіресе, ауыр өнеркәсіпті одан әрі өркендету, социалистік өндірісті тиімді орналастырудың және оны дамытудың мәселелерін зерттеу болып отыр.

КПСС XX съезі мен КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының тарихи қаулыларын орындай отырып, бейбітшілік сүйгіш халық асқан зор ын-тамен елімізде жаңа дүние орнату ісін жүзеге асырып келеді. Бұл істе ғылымның және ғалымдардың атқаратын рөлі зор да жауапты.

Keң байтақ территориясы, қойнауында сансыз минерал қазыналарды тығып жатқан, сыры ашылмаған құланжазық далалары, жануарлар мен өсімдіктердің алуан түрлерінің қаулап өсуіне аса қолайлы бай табиғаты, шарықтап дамыған социалистік шаруашылығы мен мәдениеті тесіле зерттеген адамға шабытты еңбек пен батыл творчестволық ізденулердің кең жолын ашатын Қазақстанның ғалымдары алдында мейлінше құрметті міндеттер тұр.

Осындай айбынды әрі тамаша міндеттердің тұрғысынан қарағанда Қазақстанның жас ғылымының қазіргі күмәнсіз жетістіктері алдағы бұдан да көлемді, бұдан да зор табыстардың кіріспесі ғана болып табылады. Республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетін бұдан былай да шұғыл өркендету ісінде үнемі бастамашы әрі белсенді күрескер болып отыру үшін Қазақстанның ғылымы үздіксіз дамып, күннен-күнге жаңа табыстарға жете бермекші.

ҚАЗАҚСТАН ЕҢБЕКШІЛЕРІ – АЗИЯ МЕН АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АДАЛ ДОСЫ

Империализмнің отарлық системасы құлдырап, кері кетуде, ал 950 миллионнан аса адамды біріктіріп отырған социалистік мемлекеттердің туысқандық ынтымағы нығайып, қуатты күшке айналууда.

Империализмнің отарлық бұғауын жұлып тастап, азаттық алған бұрынғы отар елдердің халықтары бейбітшілік үшін, бүкіл адамзаттың жарқын болашағы үшін күрестің ұлы армиясына қосылып отыр. Жер шарының картасында 25 жаңа мемлекет пайда болды.

Азия мен Африка халықтарының тағдырын ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүниежүзінің саяси жағдайын түбірінен өзгерткен, жер шарының осы бөліктерінде болған тарихи оқиғалардың айқын көрінісі – Бандунг конференциясы болды. Бұл конференция таяуда ғана тәуелді болған және езілген халықтардың бірлігін нығайтудың, баянды бейбітшілікті сақтаудың рухын баяндап берді. Конференция қарарын Совет Одағы қолдады және барлық бейбітшіл адамзат мақұлдады. Осы жылғы 26 декабрьде Каирде Азия мен Африка елдерінің конференциясы ашылады. Осымен байланысты қазір Азия және Африка континенттеріндегі барлық елдер бұл конференцияға қызу әзірленіп жатыр.

Азия мен Африка халықтары ынтымағының апталығын Совет Одағында өткізу, Совет Одағы халықтарының Азия мен Африканың бейбітшіл халықтарымен туысқандық ынтымағын одан күшейтуге жағдай жасайды.

ҒЫЛЫМ ӨРІНЕ

Біз өткен жылды жемісті жыл, жеңісті жыл есепті шығарып салып, бүгінде шаруашылық саласындағы шексіз мол табыстарымыздан, мәдени болмысымызда, рухани тірлігіміздегі ілгерілеуден ертеңгі күніміз бен айымыздың, әрі ассақ жылымыздың кең келешегін көріп отырмыз.

Еліміздің экономикасының мықты қарқынмен алға басуына ғылымның қосқан және қосатын үлесі зор. Өйткені совет ғылымының барлық жетістіктері тек Отан игілігіне, партияға, халыққа қызмет ететіні еңбекшілерге мәлім.

Советтік озат ғылымның үлкен бір отряды – Қазақ ССР Ғылым академиясы да 1956 жылы елеулі еңбектер беріп, бірқыдыру жұмыстар істеді. Оның бәрін бір жіпке тізіп, айтып жатпай-ақ, кейбір жеке еңбектерді еске алсақ, біз «Орталық Қазақстанның металлогеникалық және болжау (прогноз) карталарын» жасағанымызды, мыс қоспаларын қорытуда циклондық энергометаллургиялық тәсілін тапқанымызды жұртшылыққа жария еткіміз келеді. Екеуінің де ғылымдық, практикалық маңызы қуантарлықтай. Соңғысы біздің елдің түсті металлургия кәсіпорындарынан ғана емес, шет мемлекеттердің кәсіпорындарынан да өзінің қызу қолдауын тапты.

Академия баспасынан кітап боп шыққан ғылыми еңбектер үлкен творчестволық коллективтің қажырлы, қарқынды ісінің айғағы. (Бұл ретте «Қазақстан флорасы» деген үлкен ғылыми еңбектің бірінші томының жарыққа шыққанын ерекше атап өткен жөн).

Академияның ғылыми-зерттеу мекемелерінің саны артып, көлемі ұлғайып келеді. Бұған былтырғы Батыс Қазақстанда мұнай, Алматыда микробиология және вирусология институттарының ұйымдасқанын, бірсыпыра жаңа лабораториялар мен секторлардың, бөлімдердің ашылғанын айтсақ та жеткілікті. Ғалымдарымыз көптеген халықаралық конференциялар мен конгрестердің жұмысына белсене қатысты. Бұл дағы Қазақ ССР Ғылым академиясының одақ көлеміндегі, халықаралық ғылыми аренадағы беделін бейнелейтін секілді.

КПСС XX съезінің тарихи қарарларын жүзеге асыру бағытында алдымызда жауапты да ардақты міндеттер көп. Академия 1957 жылы геология-география, техника, химия, физика, математика, биология, медицина және қоғамдық ғылымдар саласынан жүзден астам комплексті проблемаларды шешуді ұйғарып отыр.

Осы комплексті проблемалар республикамызда түсті және қара металлургияны, көмір, мұнай, химия өнеркәсіптерінің дамуымен байланысты, энергетика, электрлендіру мәселесін дұрыс шешу, ғылымның басқа да көптеген сырларын ашу міндеттерін қамтиды. Онда Орталық Қазақстан шегіндегі көмір, титан, цирконий, кенді Алтай мен Қалба тауларының баурайындағы полиметалл мен сирек кездесетін металдардың болжау карталарын жасауды аяқтауы да көзделген. Астрономия,

астрофизика, математика, механика салаларында да, сол секілді биология, медицина ғылымдарының сан қилы тарауларында да зерттеу жұмыстары жүргізіле бермек. Қоғамдық ғылымдар саласында советтік Қазақстан тарихын, қазақ тілін, әдебиетін жан-жақты терең зерттеу міндеті де үстіміздегі жылғы ғылыми жұмыстардың төрінен орын алады.

Қазақстан ғалымдары осындай күрделі проблемаларды абыроймен орындап шықса, ел сенімін ақтап, жұрт құрметіне бөленбек.

Жаңа жыл ғылым өріне бастайтын, тағы да ғажайып жеңістерге жетктейтін жыл болсын!

АЛТЫАЯҚОВ БАЙМАНҒА ХАТ

«Байман ұста Алтыаяқ ұлына. Құрметті Байеке! – деп басталған хат сөзі, – сіздің Аманкелді батырдың өзі және сарбаздары ұстаған қаруларының түпнұсқасын жаңадан жасап жібергеніңізге Қазақ ССР Ғылым академиясы зор алғыс айтады. Бұл қару-жарақтар белгілі бір тарихи дәуірдегі қазақ халқының жауынгерлік мәдениет үлгісін бейнелейді. Мұның қазіргі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі маңызы да үлкен.

Осы іске сіз бұдан былай да ат салысады деп сенеміз. Академия сізбен байланыс жасап тұрады.

Сәлеммен – Қ.И. СӘТБАЕВ».

БІР ТОП СОВЕТ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ЖӘНЕ ОНЫ СЫНАУҒА ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ

СССР Ғылым академиясының, әртүрлі ғылыми коллективтердің және жеке совет ғалымдарының соңғы жылдары жұрт алдында сөйлеген сөздерінде ядролық қаруды жинақтауға және бұл қаруды онан әрі сынап беруге совет ғылыми жұртшылығының теріс қарап отырғаны туралы сан рет мәлімдеме жасалды.

Совет ғалымдары радиацияның адамға және бүкіл жанды тіршілікке жасайтын әсерінің зардаптарын зерттеу саласында айқын мақсатпен жұмыс істеп, өздерінің қоғамдық қызметінде атом энергиясын соғыс мақсаттарына қолдануға жол бермеу ісіндегі зор жауапкершілікті түсіну сезімін өздерінің туған елінде және одан тыс жерлерде адамдардың мүмкіндігінше ең қалың топтарына ұғындыруға ұмтылып келеді.

Ғылым адамдарының қоғамдық борышы басқа елдердің ғалымдарына біздің үн таратуымызға, сөйтіп ядролық соғыстың қатерін болдырмау жөнінде олармен бірлескен неғұрлым батыл қимылдар жасаудың шұғыл қажет екені туралы тағы да ашықтан-ашық мәселе қоюымызға негіз болып отыр.

Атом соғысының қатері арта түсуде, жанталаса қарулану және жаппай қырып-жоятын қаруды жинақтау барған сайын шапшаң қарқынмен жүргізілуде, атом қаруын өндіре алатын державалардың саны көбеюде; ядролық қарулы сынау барған сайын зор көлемде өріс алуда. Сонымен, атом энергиясын соғыс мақсаттарына пайдаланудан адамзатқа төнетін хауіп соңғы уақытта кемімегені тіпті былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, арта түсті.

Бүкіл жер шарындағы ғалымдардың төніп отырған хауіптің, адамзаттың өмір сүріп отырған ұрпақтарының ғана емес, сонымен бірге болашақтағы ұрпақтарының да денсаулығына қатерлі хауіптің шын көлемі туралы айтып, барлық адамдарды сақтандыруы мейлінше қажет болып отыр.

Біздің Үкіметіміз атом қаруына толық тыйым салу жолындағы бірінші қадам ретінде оны сынауды дереу тоқтату туралы сындарлы ұсыныстар енгізгенін біз аса қанағаттанған сезіммен атап өтеміз. Бұл қарапайым және айқын ұсыныстар ешбір кешіктірілмей жүзеге асырылатын болуға тиіс. Бұл ұсыныстар бүкіл адамзаттың мүдделеріне сай келеді.

Өз елдерінің үкіметтерін және бүкіл дүниежүзінің жұртшылығын ядролық қаруды қолдану қатерінен сақтандырып, бұл қаруға тыйым салуды және оны сынау әрекеттерін тоқтатуды талап етіп отырған біздің ержүрек әріптестеріміздің қимылдары барған сайын арта түскенін совет ғалымдары тынбастан зер салып, қадағалап келеді.

Эйнштейннің, Расселдің, Жолио-Кюридің және басқа көрнекті ғалымдардың жұртқа белгілі мәлімдемесінде ядролық қарудың

жасалуымен және дүниежүзілік жаңа соғыс шыға қалған күнде бұл қарудың кең көлемде сөзсіз қолданылуы ықтимал екендігімен байланысты адамзатқа төнген елеулі хауіпке назар аударылды. Осы мәлімдемеде дүниежүзінің ғалымдарына үн таратылып, бұл хауіптің шын көлемін ғылыми дәлділікпен бағалауға және мұны барша жұртқа хабарлап жеткізуге шақырылды. Соңғы уақытта Жапония ғылыми советінің сессиясы, екі мың екі жүз америкалық ғалымы, 256 ағылшын ғалымы, 230 француз ғалымы, 18 көрнекті неміс физигі, Қытайдың, Чехословакияның, Индияның, Швецияның және басқа елдердің көптеген ғалымдары атом қаруын сынау үшін жаруды дереу тоқтату туралы коллектив болып және жеке-жеке мәлімдемелер жасады.

Осы жылғы июньде америкалық ғалымдарының федерациясы өзінің 2500 мүшесі ағынан мәлімдеме жариялап, Америка Құрама Штаттарының үкіметін ядролық қарулы онан әрі сынауға тыйым салуға Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы әрекет істеуге шақырды.

Ядролық қаруға тыйым салуға ұмтылған талабында әртүрлі елдер ғалымдарының бұл мақсатқа жетуге түрліше қарауы мүмкін екенін, олардың бұл проблемаға көзқарасындағы алшақтықтың олардың дүниеге көзқарасындағы айырмашылықтан туып отырғанын және көбінесе өз мемлекеттерінің билеуші топтарының саясатына тікелей байланысты болып отырғанын біз айқын түсінеміз.

Бірақ бұл, біздің пікірімізше, ядролық соғысты болдырмау сияқты барлық адамдар үшін өмірлік маңызы зор істе әртүрлі елдердің ғалымдарын халықтардың бейбітшіл талабына сай келетін ортақ позицияға жеткізбейтіндей кедергі-бөгет болмауға тиіс.

Біздің пікірімізше, радиацияның зияндылығымен және атом энергиясын соғыс мақсаттарына қолдану қатерімен байланысы ғалымдарды мазасыздандырып отырған проблемаларды іскерлікпен талқылау үшін ғалымдардың кең көлемді халықаралық кездесулерін өткізу қажет. Осы жылғы июльде Пагуошта (Канада) шақырылған кеңес бұл бағытта жасалған пайдалы қадам болды, осы кеңеске Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Совет Одағының, Қытайдың, Австралияның, Жапонияның және басқа елдердің кейбір көрнекті ғалымдары қатысты. Пагуоштағы кеңес атом энергиясын соғыс мақсаттарына қолданудан туатын хауіп туралы мәселе жөніндегі мәлімдемені әзірлеп, бекітті.

Біз атом қаруына тыйым салу туралы мәселе жөнінде конференция шақыру қажет деген идеяны қолдаймыз. Мейлі ғылымның ең көрнекті өкілдерінің кең көлемді халықаралық жиналысында барлық елдердің атомшы ғалымдары ғана емес, сонымен бірге ғылымның басқа салаларының өкілдері: биологтар, медиктер, барлық бағыттағы философтар, экономистер, тарихшылар, социологтар, педагогтар және басқалар да өздерінің байсалды сөзін айтатын болсын.

Атом энергиясын соғыс мақсаттарына қолданудың мүмкін екендігімен байланысты адамзатқа төніп отырған хауіп барлық елдер үшін,

олардың саяси және экономикалық құрылысы қандай екеніне қарамастан, ортақ хауіп болып табылады. Сондықтан біз барлық елдердің ғалымдары адамзатқа қатер төндіріп отырған хауіп жайында жаппай мазасызданып отырғанын көрсетуге; сөйтіп ядролық қаруға және оны сынауға дереу тыйым салу, соғысты болдырмау жолындағы күресте өздерінің күш-жігерін біріктіруге тиіс деп санаймыз.

Біз, совет ғалымдары, қандай елдің болса да ғалымдарымен бірлескен қимылдар жасауға, атом соғысын болдырмауға, бүкіл адамзаттың бейбітшілігі мен тыныштығын қамтамасыз етуге бағытталған қандай ұсыныстарды болса да талқылауға өзіміздің толық әзір отырғанымызды білдіреміз.

КӨРКЕЙГЕН МӘДЕНИЕТ, ӨСКЕН ҒЫЛЫМ

Бұрын сауаты кем, мәдениеті кенже болып келген қазақ халқы Совет өкіметі жылдарында экономикалық және мәдени дамудың асқар асуларына көтеріліп, озық елге айналды. Кәзір республиканың ғылымы, мәдениеті, искусствосы мен әдебиеті көркейген, кемеліне келіп толысқан шағында, өрлеп өркендеу үстінде.

Ғылымның сан салада қаулап дамуы қазақ халқының социалистік мәдениетінің аса зор салтанаты болып табылады. Кәзір бізде Қазақ ССР Ғылым академиясы, Ауылшаруашылық ғылым академиясы, 110-нан астам ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станциялары бар. Бүкіл еліміздің, қала берді республикамыздың өндіргіш күштерін онан әрі өркендетуде бұл ғылыми орындардың атқарып отырған ролі, жүргізіп жатқан жұмысы орасан зор.

Ғылыми-зерттеу, геология ұйымдары мен өнеркәсіп орындарының қажырлы еңбегі, творчестволық ынтымағы нәтижесінде Қазақстан шын мәнісіндегі кен қоймасына айналып отыр. Кәзір біздің республика хром мен ванадийдің зерттеліп табылған запасы жөнінде дүниежүзінде бірінші орында, ал мыстың, қорғасынның, мырыштың, күмістің, кадмийдің, вольфрамның, басқа да бірқатар минералдық шикізаттың запастары бойынша ел көлемінде бірінші орынға ие. Советтік Қазақстан темір, марганец, молибден, көмір, мұнай, фосфорит сияқты басқа да бағалы пайдалы қазындылардың запасы жөнінде Одақ бойынша алдыңғы қатарлы орынға шығып отыр.

Міне, осы фактілердің өзінен-ақ туған республикамыздың өскендігін, оның алып адыммен алға басу жолында екендігін көреміз. Осындай мол кен байлықтың негізінде социалистік бесжылдықтар кезінде Шымкент қорғасын заводы, Балқаш мыс балқыту заводы, Лениногор, Өскемен, Текелі қорғасын-мырыш комбинаттары сияқты металлургия алыптары, Қарағандының шахталары мен Ембінің кәсіпшіліктері пайда болды; кәзір Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты, Қарағанды металлургия заводы, Павлодар комбайн заводы, Бұқтарма су-электр станциясы сияқты ауыр индустрия алыптары салынып жатыр.

Сөйтіп, бір кезде сүреңсіз меңіреу сар дала атанған Қазақстан жерінде Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі табылып отыр. Бір шеті сонау кенді Алтай, Орталық Қазақстан, Торғай алқабы, екінші шеті Қаратау, Ембі, Орал бойы – тұтасқан бай қазына. Мысалға бір ғана Жезқазған мыс кенін алайық. Дүниежүзінде теңдесі жоқ бұл кеннің рудаларында мыстан басқа қорғасын да, мырыш та, күміс те бар. Үлкен Жезқазған комбинаты салынып біткеннен кейін Совет Одағында өндірілетін мыстың басым көпшілігін сол беретін болады.

Ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай жатқан бай кенді ашып, игеруде, оны ол игілігіне жаратуда республика ғалымдарының сіңірген еңбегі аса елеулі. Қазақстан геологтары жер байлығын жан-жақты, комплексті

түрде зерттей отырып, тұңғыш рет Орталық Қазақстанның металлогениялық және болжау картасын жасады.

Қазақстан ғалымдарының алдына қойып отырған мақсаты көп те күрделі. Мәселен, гидрогеологтар мен мелиораторлар солтүстік және Орталық Қазақстанның, Каспий, Балқаш төңірегiнiң, Маңғыстау жартыаралының әралуан кенге бай аудандарында су ресурстарын iздестiрiп жатыр. СССР Ғылым академиясы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Торғай алқабын игеру жөнiндегi бiрлескен сессиясы су мәселесiне айрықша назар аударды. Кәзiр Қазақстан ғалымдары кәрi Ертістің арнасын батысқа қарай бұрып, ғасырлар бойы игерусіз жатқан миллиондаған гектар шұрайлы аймақты суландыру мақсатын алға қойып отыр.

Совет өкіметі тұсында ғана өнер-білімге қолы жеткен қазақ халқы кәзiр өз арасынан мыңдаған озық ойлы ғалымдарды, талантты жазушыларды, композиторларды, шебер суретшілердi, тамаша дәрігерлердi, педагогтарды шығарып отыр. Бір ғана Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында 3.300-ден астам қызметкер бар. Олардың едәуір бөлігі – қазақ мамандары. Қазақстанда 25 жоғары оқу орындары бар.

Кешегі көшпелі қазақ елінің техникалық прогресс, мәдениет пен ғылым саласындағы асқар асуы міне осындай. Сондықтан да қазақ халқы бақытқа қолын жеткізген туысқан Коммунистік партия мен Совет үкіметіне, өзінің алтын ғасырына шын пейілмен шексіз риза.

ЖАҢАДАН ӨРГЕ БАСА БЕРЕМІЗ

Қазақстанның ғалымдары Н.С.Хрущев жолдастың «СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959-1965 жылдарда арналған бақылау-цифрлары» туралы жасайтын баяндамасының тезистерін белсенділікпен талқылауда. Барлық совет адамдары сияқты олар да жан басына өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жөнінде неғұрлым алда келеді деген капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу саласында партия қойған тарихи міндетті тез орындау ісіне өздерінің лайықты үлесін қосуға деген жігерлі талабын білдіріп отыр.

Алдағы жетіжылдықта бақылау цифрлары бойынша Қазақстандағы халық шаруашылығын өркендетудің қарқыны бүкіл елдегі қарқыннан орта есеппен едәуір артық болуға тиіс. Жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері 116-119 миллиард сом болады, немесе мұның алдындағы жеті жыл ішінде жұмсалған қаржыдан екі еседен аса артық. 1965 жылға дейін жалпы өнім шығару шамамен 2.7 есе артады.

Қазақстанның ғалымдары халық шаруашылығының негізін – ауыр индустрияны өркендетудің республика алдына қойылып отырған орасан келелі мәселелерін шешуді, ең алдымен, түсті және қара металдар өндіруді едәуір арттыру міндетін шешуді өздерінің басты міндеті деп біліп отыр.

Қазақстан Оғанға кәзірдің өзінде елде өндірілетін қорғасынның, мыстың және мырыштың көпшілік бөлігін береді. Жетіжылдықтың аяғына дейін мыс рудасын екі еседен, қорғасын-мырыш рудасын 1,7 есе көп шығару, тазармаған мысты екі еседен аса, рафинацияланған мысты 3,2 есе, қорғасынды 1,3 есе, мырышты 1,7 есе көп өндіру керек болады. Шойын, алюминий өндіру ұйымдастырылады, болат қорыту 15 есе арттырылуға тиіс.

Еліміздегі аса ірі Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты іске қосылады. Ол жылына 19 миллион тонна темір рудасын береді. Ермак ферросплав заводы, Лисаков және Қашар кен байыту комбинаттары, үлкен Жезқазған, тағы басқа кәсіпорындар салынады.

Осының бәрі геологиялық зерттеу жұмыстарының көлемін ұлғайтып, минерал қорларын онан әрі іздеп табу мен зерттеу жөнінде көп еңбек етуді, оларды тезінен пайдаланудың неғұрлым ұтымды шараларын белгілеуді талап етеді.

Қазақстан ғалымдары республика территориясында пайдалы кендерді кеңістікте орналасу заңдылықтарын анықтады, орталық Қазақстан мен кейбір басқа да аудандардың темір, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, молибден, вольфрам, титан, цирконий, көмір кендерін қамтыған болжам және металлогеника карталарын жасап, оларды жетілдіре түсуде.

СССР, Қазақ ССР Ғылым академияларының, геология және кендерді қорғау жөніндегі одақтың және республикалық министрліктердің

8 декабрьде Алматыда шақырылатын біріккен ғылыми сессиясы тәжірибе қорытуға және металлогеникалық карталар мен болжам карталарын жасаудың неғұрлым тиімді әдістерін белгілеуге арналады.

Алдағы жетіжылдықта кен породадарын қопару, руда, мұнай және көмір кендерін пайдалану жөнінде Қазақстан ғалымдары белгілеген, тиімді жаңа әдістер өндіріске енгізіледі.

Олар белгілеген мыс концентраттарын қорытудың циклондық энерго-металлургиялық әдісі көрнекті роль атқармақ. Оны қолдану Балқаш кен металлуогия комбинатында салынған жартылай өнеркәсіптік циклон пешінде жүзеге асырылды. Мұның өзі қорыту агрегатының өнімділігін отражатель пешінде қорытумен салыстырғанда, 30 еседен аса, ал шахтадағы ең жедел қорытумен салыстырғанда, 10 еседен аса арттыруға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Республиканың ғалымдары химия саласындағы зерттеулерін едәуір ұлғайтады. Республиканың химия өнеркәсібін өркендетуге алты миллиард сом жұмсау жобаланады, оның жалпы өнімі 4 есе арттырылады.

Қазақстанның ядролық физика, астрофизика, метеорология саласындағы жаңа міндеттерді шешуде атқаратын ролі арта түседі. Таяу жылдарда атом реакторы іске қосылады. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының ядролық физика институтында жұмыс істемек. Машиналық есеп математикасының республикадағы тұңғыш лабораториясында жабдықты монтаждау жұмысы басталды.

Жетіжылдық жоспардың жобасы ауыл шаруашылығын өркендету саласында жүргізілетін ғылыми жұмысқа жаңа өріс ашады. Биыл Отанға 950.200 мың пұт астық тапсырған Қазақстан еліміздің екінші астықты республикасына айналған жағдайын баянды етті. Тың жердің құнарлылығын сақтап, молайта беру, мақтаның шығымдылығын, қант қызылшасының қанттылығын арттыру, бау және жүзім шаруашылықтарын өркендету ісінде колхоздар мен совхоздарға көмектесу, мал шаруашылығын, әсіресе қой шаруашылығын қарыштаған қарқынмен жаңадан алға бастыру үшін ғалымдардың көп еңбек етуіне тура келеді.

Совет халқының тұрмысындағы жаңа дәуір – коммунистік құрылысты өрістетіп жүргізудің дәуірі Қазақстанның ғылыми мекемелерінің алдына қоғамдық ғылымдарды творчестволықпен онан әрі дамытудың, маркстік-лениндік философияның, тарихтың, көркемөнердің, тіл мен әдебиеттің археология мен этнографияның келелі мәселелерін шешудің міндетін қойып отыр.

КПСС ХХІ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Жолдастар! Никита Сергеевич Хрущевтің партиямыздың ХХІ съезінде жасалған терең мағыналы және барлық жақты түгел қамтитын баяндамасы коммунизмнің сәулетті шыңына қарай қарыштаған адыммен алға басқан совет халқының бүкіл өмірін лениндік идеялардың жарық сәуле-сімен нұрландыруда. Бұл баяндама және жетіжылдық жоспардың тамаша цифрлары ғылымның барлық салалары алдында маңызды творчестволық міндеттер қойып, бүкіл халқымыз сияқты, совет ғалымдарын да жаңа ерліктер, батыл істерге жігерлендіріп отыр.

Партиямызбен оның Орталық Комитеті бұлжытпай жүргізіп лениндік дана ұлт саясаты барлық халықтардың экономикасымен мен мәдениетін өркендетуге орасан зор мүмкіндік тудырып келеді.

Совет Одағы халықтарының туысқан семьясында Қазақстанның да қол жеткен ірі табыстары бар. Республиканың өнеркәсібі күшті қарқынмен өркендеуде. Сан миллиондаған гектар тың жерді игеру нәтижесінде Қазақстан елімізде товар астық өндіру жағынан екінші орынға берік ие болды. Қазақ халқының ғылымы мен социалистік мәдениеті көркейіп өсті. Қазақстан, әсіресе, соңғы жылдардың ішінде, Орталық Комитеттің тарихи сентябрь Пленумы мен партияның ХХ съезінен кейінгі уақытта тамаша табыстарға жетті. Бұл кезде Совет Одағының Коммунистік партиясы Қазақстанның негізгі өндіргіш күштерін шұғыл өсіріп, қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін үдете дамыту жөніндегі іргелі шараларды кемеңгер көрегендікпен, қажырлы жігермен жүзеге асырды.

Міне, осының барлығы үшін кемеңгер Коммунистік партияға, оның лениндік Орталық Комитетіне, Орталық Комитеттің Президиумының мүшелеріне, бұл жылдар ішінде Қазақстанда екі рет болып, қазақ халқына өзінің экономикасы, ғылымы мен мәдениетін қаулатып өсіру ісінде баға жетпес көмек көрсеткен Н.С.Хрущев жолдастың өзіне қазақ халқының атынан шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер.

Жолдастар! Қазақстанның минерал байлықтары туралы партияның съезіне қысқаша баяндап өтуіме рұқсат етіңіздер.

Қазақстанда геологиялық зерттеу жұмыстарын жоспар бойынша жүргізу тек совет өкіметі жылдарында ғана басталды. Революциядан бұрынғы уақытта тіпті ғылымның корифейі Семенов-Тяньшанскийдің өзі де Қазақстанды «бәрінен гөрі тұзы көбірек өлке» деп сипаттаған болатын. Россиядағы «руда кендерінің» революцияға дейінгі тұңғыш бағытын белгілеуші профессор Богданович Қазақстанда темір рудалардың болуы мүмкін емес деген еді. Қазір мұндай аңғырт ұғымның ізі де қалған жоқ.

Совет геологтары Қазақстанда көмірдің 200-ден астам кенорнын тапты, оның ішінде көмір қоры жүздеген миллиард тонна болатын Қарағанды, Майкөбе, Құсмұрын және басқалары сияқты көмір алыптары бар. Екібастұздың жер бетіне жақын жатқан тұтас біткен көмір қатпарының қалыңдығы 100 метрге жуық, мұндай көмір дүниеде сирек кездеседі. Бұл осы жерде ССРО-дағы ең арзан энергетика көмірін беті ашық жерден шексіз көп шығаруға мүмкіндік береді.

Орал-Ембі бойында мұнай мен газдың 1500-ден астам қолайлы кендері бар екені анықталды, бұдан қазіргі уақытта небәрі 40 кен ғана зерттелді. ССРО-ның бұрынғы мұнай өнеркәсібі министрлігі тарапынан Орал-Ембі

бойындағы кеннің маңызы жете бағаланбағандығы осы өңірдегі кендерді ашудың өте баяу қарқынмен жүргізілуіне себеп болды. Ал оның бер жағында бұл кеннің мұнайында күкірт аз болады, бұл мұнайдан еліміздегі ең жақсы жанармай мен өте сапалы бензин алынады. Сондықтан үстіміздегі жеті жылдың ішінде осы жерде мұнай мен газ іздеу, геологиялық-геофизикалық барлау жұмыстарын үдете өрістетуге қажет.

Қазақстан темір рудасының қоры жағынан қазір Одақта алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр. Қазақстан жерінде Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, халқымыз «Қазақстан Магниткасы» деп атаған Қарағанды металлургия заводы қазірдің өзінде салынып жатыр. Мұның өзі республикада үлкен қара металлургияның жасала бастағанын көрсетеді. Бұл металлургия Қарағандының кокстелетін көмірінің сан миллиардтаған қорын пайдалана отырып, еліміздің Шығысындағы үшінші металлургия базасының құрамындағы маңызды буынға айналуға тиіс.

Республикада құрыла бастаған үлкен қара металлургияның мұқтажын толық қамтамасыз ететін марганец рудаларының ірі кендері Қазақстанның өзінде бар. Қазақстанда сонымен бірге хромиттің, ванадий рудасының, мыстың, қорғасын мен мырыштың ірі кендері де бар.

Жезқазған мыс қоры жағынан еліміздің шын мәнісіндегі бай өлкесі болып табылады. Соның өзінде Жезқазғанның тағы бір ерекшелігі сол, оның мыс қоры орасан көп болумен қатар өзінің техникалық-экономикалық ерекшелігі жағынан да өте тиімді. Шынында да, оның рудасында кремнийі көп болғандықтан, рудникте өрт шығу мүлде мүмкін емес; жерасты суы аз ағады, сондықтан суды сыртқа айдап шығаруға қаржы мүлде аз жұмсалады: кенденген тау жыныс өте берік болғандықтан, кені қазылатын жерді тіреу қойып бекітудің тіпті қажеті жоқ; руда денелерінің бітімі жайпақ, олар көбінесе бір-бірінің үстіне орналасқан, сондықтан оны қандай мөлшерде болса да шығару үшін нендей бір табиғи шек қойылмайды, оның үстіне руданың бірнеше қатпарын белгілі бір шахталарда шығаруға мүмкіндік туады; руда денелерінің едәуір қалыңдығы және онша терең еместігі руда шығарудың неғұрлым өнімді әдісін қолдануға, соның ішінде беті ашық жерден шығаруға мүмкіндік береді. Жезқазғанның кен қойнауындағы мыстың көптігі Америка Құрама Штаттарының негізгі мыс рудниктеріндегіден екі есе дерлік артық. Мыс қорының 90 %-тен астамы сульфит рудасында болады, мұның өзі мыстың 94 %-ке дейін концентрат түрінде айырып алуға мүмкіндік береді. Жезқазған рудаларында мыспен қатар күкірттің, қорғасынның, күмістің, молибденнің, басқа да сирек кездесетін маңызды металдардың ірі қоры бар. Бұл кеннің осындай артықшылықтары Жезқазған рудаларынан ССРО-дағы ең арзан мыс өндіруге мүмкіндік береді.

Осының бәрі Жезқазғанның байлығын тезірек игерудің өте маңызды екенін көрсетеді. Міне бұл мақсатпен үлкен Жезқазған комбинатын – еліміздің түсті металлургиясының осы шын мәнісіндегі «Магниткасын» салуды комсомолдың қамқорлыққа алуы неғұрлым дұрыс болар еді.

Қазақстанда Балқаш заводының руда базасы – Қоңырат, Бозшакөл, Николаев сияқты тағы басқа көптеген ірі мыс кендері бар. Қазақстанның жер қойнауында мыс қоры әлі де орасан көп. Тек Орталық Қазақстанның өзінде ғана мыс рудасының 1500-ден астам кенорны бар, бұл кендерді зерттеу үшін геологиялық барлаушылар әлі де еңбек етуге тиіс.

Тіпті таяудағы уақытқа дейін Шығыс Қазақстан облысындағы рудалы Алтай ғана қорғасын мен мырыштың қоры жағынан Одақтағы ең ірі база деп саналып келген еді. Ал енді совет геологтарының күш салуы арқасында Орталық Қазақстан бұл металдар рудасының қоры жағынан қазірдің өзінде Алтаймен теңесіп отыр. Оңтүстік Қазақстанда қорғасын мен мырыштың орасан көп қоры барланып, пайдаға асырылуда.

Республикада бокситтің үлкен қоры табылып, соны пайдалану үшін Павлодар алюминий заводы салынуда. Батыс Қазақстандағы никель рудасының ірі кендері еліміздің халық шаруашылығында қазірдің өзінде кеңінен пайдаланылуда. Қостанай облысы мен Орталық Қазақстанда да никель рудасының орасан мол қоры бар.

Республикада вольфрам мен молибден сияқты сирек кездесетін маңызды металдардың қоры мол. Бұл металл кендерін беті ашық жерден өндіріп алуға болады. Осы рудалардан сонымен бірге молибден, висмут, мыс, қорғасын және пирит металдарын да өндіруге болады. Әртүрлі металдардың, жанатын кендердің, минерал тұздың кендерінде шашыранды элементтердің бағалы түрлері көп.

Қазақстан елімізде химия өнімдерін шығаратын маңызды аудандардың бірі бола алады. Қарағанды заводының кокс-химия цехының, мұнай айыратын заводтардың газдары мен сұйық өнімдері, ал келешекте – Орал-Ембі кенінің жанатын газы негізгі және органикалық синтез, оның ішінде пластикалық заттар мен жасанды торқа өнеркәсібін құруға негіз болады.

Өскемен және Балқаш заводтарына жыл сайын орасан көп күкірт келіп түсуде, бірақ бұл күкірт ұсталып қалынбай, іс жүзінде түгел ауаға ұшып кетуде. Бұл заводтарда күкіртті толық ұстап қалған күнде жыл сайын талай жүздеген мың тонна күкірт қышқылын өндіруге болар еді. Ал республикадағы гидрометаллургияға және минералды тыңайтқыш өндіруге күкірт қышқылы өте қажет.

Батыс Қазақстан, Павлодар, Балқаш аудандарында сульфаттың, калий, магний тұзының, ас тұз және басқа минерал тұздың орасан көп қоры бар, мұның өзі неорганикалық химия өнеркәсібі үшін сарқылмас мол база болып табылады. Оңтүстік Қазақстанда өте сапалы фосфориттің миллиардтаған қоры бар, осының негізінде минерал тыңайтқыш шығаратын ірі өнеркәсіп ұйымдастыруға болады.

Республикада асбестің, химия және мұнай өнеркәсібі үшін өте бағалы шикізат болып табылатын бариттің ірі кендері бар. Аманкелді боксит кендерінде шамот бұйымдарының ең сапалы түрлерін шығаруды қамтамасыз ететін отқа төзімді өте шымыр заттарды ондаған млн. тонналап өндіруге болады. Батыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда доломит пен гипс қорының мол кендері бар екені мәлім.

Республикада цемент, шыны, тағы басқа минерал құрылыс материалдарын шығару үшін шикізат қоры сарқылмас мол.

Осының бәрін айта келгенде Қазақстан өзінің геологиялық жағынан әлі де толық зерттелмегеніне қарамастан, қара, түсті металдардың, сирек кездесетін көптеген металдар мен шашыранды элементтердің қоры жағынан қазір елімізде және дүниежүзінде алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр. Қазақстан халық шаруашылығында маңызы зор

марганецтің, никельдің, көмірдің, асбестің, минерал тұздың, тағы басқа бірқатар қазба кендердің қоры жағынан елімізде ең маңызды орындардың бірін алып отыр. Қазір Менделеев кестесінде Қазақстанның жер қойнауынан табылмайтындай бірде-бір элемент қалған жоқ деуге болады.

Мұның бәрі Қазақстан өзінің минерал-шикізат байлығы жағынан еліміздегі құрылыстарда жетекші және тірек аудандардың бірі болып отырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ мұның өзі Никита Сергеевич Хрущевтің 1957 жылғы ноябрьде СССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясында жасаған өзінің баяндамасында Қазақстанды – Совет Одағының табиғат байлықтарының сарқылмас қоры деп сипаттауы өте дұрыс болғанын көрсетеді.

Еліміздің бүкіл геологтар армиясы сияқты, Қазақстанның геологтары бұл үздік табыстарға елімізде кен зерттеу, шикізат қорларын іздеу және барлау, ұлы Отанымыздың ұлан-байтақ кеңістігінің қойнауындағы барлық минерал байлықтарын толық ашу жұмыстарын белгілі жоспар бойынша кең өрістетуге бағытталған саясат арқасында жетті.

Орасан мол минерал байлықтарды барған сайын молынан пайдалану арқасында Қазақстан қазірдің өзінде Совет Одағының көркейген индустриялы-аграрлық республикаларының біріне айналды.

Жолдастар! Никита Сергеевич Хрущев өзінің баяндамасында Орталық Қазақстанда су мәселесінің пісуі жеткендігіне мезгілінде көңіл бөлінген. Шынында да, Орталық Қазақстанның аса мол минерал қорларын онан әрі кеңінен пайдалану үшін, бұған су қорының тапшылығы қазірдің өзінде бөгет болып отыр. Гидропроектінің мәліметі бойынша, қазіргі кәсіпорындарға, сол сияқты жаңа жетіжылдықта салынатын өнеркәсіп орындарына секундына 12 текшеметр ағын су керек болады. Қазіргі уақытта пайдалануға болатын су қоры секундына 8 текшеметрден келеді.

Судың мұндай тапшылығы осы жетіжылдықтың ішінде Ертіс-Қарағанды каналын шұғыл салуды талап етеді. Тек осы канал ғана Орталық Қазақстанның өсіп келе жатқан ауыр өнеркәсібін өндірістік сумен толық қамтамасыз ете алады.

Республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының шапшаң қарқынмен өркендеуіне байланысты теміржол арқылы тасымал қатынасы мейлінше тез өсуде. Қазақстандағы негізгі үш теміржол магистралы республиканың орталық, неғұрлым өнеркәсіпті бөлігінде бір-бірімен мүлде жалғаспайды. Осының салдарынан жүк көбіне бейберекет және алысқа тасымалданады.

Жезқазғанның, Теміртаудың, Қарағандының өнімін ең қысқа жолмен шығарып, Қияқты көмір кенін және Арал бойындағы үлкен темір рудасы бассейнін игеруге мүмкіндік туғызатын Жезқазған-Арал теңізі теміржолын салу керек. Сондай-ақ республиканың орталық өнеркәсіпті ауданының аса мол минерал байлықтарының қақ ортасындағы Қарқаралы арқылы Қарағанды-Ақтоғай теміржолын салу керек.

Соңғы жылдарда Орталық Қазақстанда табылған қорғасын мен мырыш, вольфрам мен молибден, сол сияқты басқа түсті, сирек кездесетін және бытыраңқы металдардың мол қорын кеңінен пайдалануға кірісу керек.

Қазақстандағы рудалардың комплексті құрамы барлық байыту және металлургия кәсіпорындарын, рудадағы барлық бағалы шикізаттарды

толық пайдалануды қамтамасыз ететін тозаң тұтқыштары және басқа техникалық буындары болатын етіп жобалауды және салуды міндеттейді.

Никита Сергеевич Хрущевтің КПСС XXI съезіндегі баяндамасының тезистері тұрғысынан Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін өркендету жолдарын талқылау үшін 1958 жылдың аяғында Қарағандыда өткізілген біздің Ғылым академиямыздың арнаулы сессиясы бір ауыздан осындай қорытындыға келді.

Қазақстанда бұл жеті жылдың ішінде күрделі құрылысқа 116-119 млрд. сом жұмсалады, ал жалпы өнім шығару шамамен 2,7 есе ұлғаяды. Сөйтіп жетіжылдық жоспар Қазақстанның халық шаруашылығын бүкіл еліміздегі орташа қарқыннан анағұрлым шапшаң қарқынмен өркендетуді көздейді.

Коммунистік партияның оның Никита Сергеевич Хрущев бастаған лениндік Орталық Комитетінің даналығы арқасында және оның бастауымен күні кеше ғана ғасырлар бойы меңіреу жатқан ұлан байтақ тың жерлер жыртылып, өмір игілігіне айналдырылды. Қазіргі жетіжылдық Қазақстанның онан да зор руда тыңын – сарқылмас минерал байлықтарын бұрынғыдан да толық пайдаланудың бастамасы болады.

Жолдастар! Октябрь революциясына дейін бірде-бір ғылыми-зерттеу институты, бірде-бір жоғары оқу орны болмаған Қазақстанда қазір Ғылым академиясы, Қазақ Ауыл шаруашылық ғылым академиясы, Құрылыс және архитектура академиясының Қазақ филиалы, 26 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Қазақ Ғылым академиясының жанында Ядролық физика институтының құрылуы – партия мен үкіметтің қамқорлығының айқын белгісі.

Қазақстанның Ғылым академиясының ғалымдары өздерінің зерттеу жұмыстарын көбінесе республикада ауыр өнеркәсіпті өркендетумен тығыз байланысты мәселелерді шешу бағытымен жүргізіп келеді. Сондай-ақ Қазақстанның Ғылым академиясы өзінің бұл жеті жыл ішіндегі зерттеу жұмыстарында республиканың әр алуан минерал байлықтарын ашып, нәтижелі пайдаланумен байланысты проблемаларға көрнекті орын береді.

Қазақстанның өнеркәсібі мен бүкіл халық шаруашылығының мейлінше шапшаң өркендеуі ғылымның алдына аса зор міндеттер қоятынын айту қажет. Мұнымен байланысты Ғылым академиясының және республиканың басқа да ғылыми орталықтарының материалдық-техникалық базасын мықтап нығайтумен бірге Совет Одағының орталық қалаларындағы бірсыпыра салалық ғылыми және жобалау институттарын Қазақстанға көшіру керек. Қазақстанның ғалымдары, сондай-ақ бүкіл қазақ халқы бұл институттардың қызметкерлерін өз туысындай құшақ жайып, шын ықыласпен қарсы алады.

Жолдастар! Бүкіл еліміздің ғалымдары сияқты, барлық совет халықтары сияқты, Қазақстанның ғалымдары да елімізде коммунизм орнатудың шешуші кезеңі болатын жетіжылдық жоспардың барлық ұлы тапсырмаларын ойдағыдай орындау жолында өздерінің барлық күші мен білімін аянбай жұмсайды деп партияның XXI съезін сендіруге рұқсат беріңіздер.

ҒАЛЫМДАРДАН БІР ТІЛЕК

(Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің
IV пленумында сөйлеген сөзінен)

Жолдастар! Сіздер өз пленумыңызда партиямыздың тарихи ХХІ съезі қарарларына байланысты Қазақстан комсомолының алдында тұрған міндеттерді талқылап отырсыздар. Шынында да, бұл міндеттер орасан зор екені рас, сондықтан да комсомол өзінің шексіз патриоттығымен, жастық жігерімен осы міндеттерді жүзеге асыруда көп игі істер істей алады.

Кенжебаев жолдастың баяндамасында осы міндеттерді табысты орындау жолында республика комсомол ұйымдарының не істеп, не қоюы керектігі жақсы айтылды. Мен де осы мәселеге байланысты өз пікірімді ортаңызға салмақпын.

Біріншіден, партиямыздың ХХІ съезінің қарарларын жүзеге асыруда зор да құрметті рөлді біздің ғылымымыз атқаруы керек. Қазақстан ғылымы республикамыздың өзі сияқты, сіздер сияқты – жас. Қазір республикамыздың Ғылым академиясы шаруашылығымыздың алуан саласының байлықтарын өркендетуге байланысты мол мәселелерді шешу үстінде. Ғылым академиясының 24 институты қазақ халқының материалдық және рухани байлығын бұрынғыдан да шалқыту жолында қажырлылықпен жұмыс істеуде. Алдағы жеті жылдықта, біздің Қазақ Ғылым академиясы да өрге өрлемек. Ғылыми кадрларымыздың саны бұл жылдары екі есе көбейеді. Лабораторияларымыз, аппаратураларымыз алты есе көбейеді. Тек биылғы 1959 жылы, Ғылым академиясы тарапынан салынатын құрылыстарға жұмсалатын қаржы мөлшері академияның құрылғаннан бергі жұмсалған қаржыға тең келеді. Жетіжылдық жоспарды жүзеге асыру жолында ғылымымыздың алдында осындай зор да жауапты міндеттер тұр.

Біздің ғылыми-зерттеу институттарымызда, олардың көптеген лабораториялары мен экспедицияларында көптеген жастар істейді. Қазір біздің академияда жүздеген комсомолецтер бар. Олардың саны алдымыздағы жеті жылда одан да көбейеді. Мен комсомолдың Орталық Комитетінің осы пленумының шешімдерінде мәселенің осы жағына да көңіл бөлуді атап көрсетсе екен деймін. Атап айтқанда, республика комсомолдары Қазақ ССР Ғылым академиясын қабілетті, талантты жастармен толықтыра түссе екен деймін. Біздің Ғылым академиямыздың институттарында, лабораториялары мен экспедицияларында, өнеркәсіпте, құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеген, өмірден тәжірибесі бар жастар көбірек істесе екен деймін.

Мен партиямыздың ХХІ съезінде сөйлеген сөзімде Ленин комсомолының Үлкен Жезқазған комбинатын қамқорлыққа алуын сұраған едім. Мен сол тілегімді республика комсомолы Орталық Комитетінің осы пленумында да білдіремін. Енді осы Жезқазған туралы айтып кетейін.

Жезқазған комбинаты – жаңа құрылыс емес, Жезқазған комбинаты Қазақстанның түсті металлургиясының алғашқы көзінің бірі. Оның құрылысы бұдан 33 жыл бұрын, яғни 1925 жылы басталды.

Қазір Жезқазған торабы республикамызда ғана емес, бүкіл елімізде ерекше орын алады. Оның кен қоры сарқылмастай бай. Жезқазған кені бүкіл халық шаруашылығын өркендетуде ерекше маңызды орын алады. Партиямыз бен үкіметіміз алдағы жетіжылдықта Жезқазған комбинатын, оның қуатын бұрынғыдан әлдеқайда кеңейтуді, өркендетуді алға қойып отыр. Жезқазғанның бізге үшінші Магниткадай маңызы бар. Бұл комбинаттың құрылысы қазір ерекше қарқынмен жүргізілуде. Ал, талантты жастарға өзінің барлық қабілеті мен іскерлігін көрсете алатындай кең өріс осы құрылыста бар. Сондықтан да бұл комбинатқа ең алдымен білімді, сауатты жастар керек. Міне, республика комсомолы өздерінің таңдаулы өкілдерін осы комбинаттың құрылысына жібере алады, оны комсомолдық құрылыс деп өз қамқорлығына ала алады.

Республикамыздың Ғылым академиясы бұл өңірді зерттеуге ерекше мән беріп, оған жастарымыздың алдыңғы отряды – комсомолдың қамқорлық жасауын тілер еді.

ОРАЙЛАС ОЙЛАР

«Абай» романы – бүкіл совет әдебиетінің ірі табыстарының бірі. Бұл тамаша романның авторы Мұхтар Әуезов өзінің творчестволық өмір жолының көптеген жылдарын қазақтың дана ақыны Абай Құнанбаев, оның төңірегіндегі адамдар және ұлы ақын өмір сүрген заман тұра-сында бай материал жинап, зерттеп, әдеби қорытынды жасауға арна-ды. Қажымай, талмай еңбек етуінің арқасында, ғасырдың екінші жар-тысындағы қазақ халқының өмірі мен салтын жан-жақты қамтыған тү-бегейлі энциклопедиясы болып есептелетін аса көркем роман – «Абай» жарыққа шықты.

ТЕЛЕГРАММА

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президенті, академик Қ. Сәтбаев Греция королінің атына Манолис Глезосқа азаттық берілуіне батыл араласуға шақырған телеграмма жолдады. Жазушы Ғ. Мүсірепов осын-дай мазмұндас телеграмманы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас сек-ретарына жіберді. Бейбітшілікті қорғаудың қазақстандық комитеті Манолис Глезосты қорғау жөніндегі Париждегі халықаралық комитет-ке, Қазақстан Жазушылар одағы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К.Е.Ворошилов жолдасқа, Алматының бір топ юристері Манолисті соттайтын соттың атына телеграммалар жіберді.

Қазақстан ғалымдарының атынан Грецияның короліне Қ. Сәтбаев жолдаған телеграммада былай делінген:

«Қазақстан ғалымдарының атынан мен Сізден грек халқының бос-тандық жолындағы күресінің аса көрнекті күрескері Манолис Глезостың өмірін сақтауды және оған азаттық әперуді сұраймын. Гитлердің бас-қыншылық кезіндегі Манолис Глезостың ерлігіне бүкіл әлем таңырқады. Оның ерлігі халықтарды фашизмге қарсы күреске көтерді. Глезостың есімі – Грецияның ұлттық мақтанышы. Біз грек халқының игілігі үшін сол батырдың өмірі сақталады деп сенеміз».

ҰЛЫ ҚЫТАЙ ХАЛҚЫ ЗОР ШАБЫТПЕН СОЦИАЛИЗМ ОРНАТУДА

1958 жылдың сентябрь айында Қытай Халық республикасының астанасы Пекин қаласында геологтардың Бүкілқытайлық бірінші конференциясы болды. Бұл Қытай халқының отаршылдық пен капитализм бұғауынан босанғаннан кейінгі Қытай геологтарының тұңғыш конференциясы еді. Конференция бұл уақыттың ішіндегі болған тамаша табыстардың қорытындысын шығарды. Маған осы конференцияға қатысып, баяндамашылардың бірі болуыма тура келді. Совет делегаттарын таңқалдырған бір нәрсе қытайлық жолдастардың еңбек сүйгіштігі мен тамаша ынталылығы болды. Конференция он күн бойы таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеді және бұл аралықта конференция залы халыққа үнемі лық толып отырды.

Қытай Коммунистік партиясының даналық басшылығымен социалистік құрылыста бүкіл қытай халқымен біте қайнаса еңбек етіп жатқан жас геологтардың жер асты байлықтарын ашудағы еңбек қарқыны да бізді үлкен қуанышқа бөледі.

Халықтық Қытайдың әсіресе геология саласындағы табысы өте қуанарлықтай. Мұны ең алдымен геолог кадрлардың өсуінен көруге болады. Егер, ескі гоминдандық Қытайда қытай геологтары бірен-саран ғана болса, қазіргі Халықтық Қытайда көптеген жас геологтар тобы бар және олардың қатары күн санап арта түсуде, Пекин кен-барлау институты тәрізді жаңадан құрылған жоғарғы оқу орындары жан-жақты дайындығы бар көптеген геолог мамандар дайындау ісінде ірі орталыққа айналып отыр. Ондаған геологтар мен геофизиктер, геохимиктер СССР жоғарғы оқу орындарында дайындалған және қазірде дайындалып отыр.

Қытай геологтары дүниежүзіне әйгілі атақты ғалым, Қытайдың геология министрі және Қытай Халық республика академиясының вице-президенті академик Ли Сы-гуанның басшылығымен жұмыс істеуде.

Қытайды комплексті геологиялық картаға түсіру жұмыстары өте шапшаң қарқында жүргізіліп жатыр. Қытайдың қайта жөнделген үш миллион геологиялық картасы баспадан шықты. Халықаралық кестеде түсірілген геология картасының бірнеше миллион беттері қазірдің өзінде баспаға дайын.

Пайдалы қазбаларды барлау және іздеу жұмысындағы жетістіктер де көңіл толарлық. Қытай коммунистік партиясының «Геология— барлық халық пен партия ісі» деген ұранын барынша кең көлемде таратудың арқасында пайдалы қазбаларды іздеу жұмысына барлық провинция мен уездерден, болыстардан, сондай-ақ, қалалар мен селолардан ұйымдасқан түрде жүздеген миллион адам тартылды. Солардың көмегі мен Қытай республикасының территориясы түгел тексеріліп шықты. Осының нәтижесінде аз ғана-ақ уақытта пайдалы қазбалардың барлық түрінен дерлік 40000 нан астам пайдалы қазба орындары мен кен

белгілері ашылды. Қытайда бұрыннан белгілі көмір, вольфрам, сүрме және сынаптан да басқа темір, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, молибден, алюминий, фосфорит, мұнай, сирек, бытыранды элементтер және құрылыс материалдары, тағы басқа да толып жатқан кен қорының бар екені анықталды.

Мұндағы қызғылықты және үйренуге тұрарлықтай бір жағдай – осы жаңадан ашылған ондаған мың кен орындарын пайдалану жұмысы, партияның экономика мен мәдениетті дамытуда «зор қадамдар» жасау қажет деген ұранын орындау жолында, «барлық күш-қуатты аямай әрі көп, әрі тез, әрі үнемді жолмен әрі жақсы өндіру» принциптері негізінде істелуде.

Қытай Халық республикасы Ғылымдар академиясының геология институты Қытайдағы геология ғылымының орталығы болып саналды. Қытай Ғылым академиясы Геология институтының филиалдары Лань-Чжоуда (Гань-су провинциясы), Гиринде (Чан-чун провинциясы) Сианиде (Шань-си провинциясы), Хань- Чжоу (Чже-цзян провинциясы), Цин-хае мен Үрім- шіде (Син-цзянь) орналасқан.

Пекиндегі Геология ғылымдары институтында минералогия, пайдалы қазбалар, тұнба жыныстар, геологиялық құрылымдар, стратиграфия, гидрогеология мен инженерлік геология, ширек шөгінділер, аналитикалық химия лабораториялары жұмыс істейді.

Институттың 1958 жылғы жұмыс жоспары мынадай болған:

- 1) Қытайдың 1: 4.000.000 масштабты тектоникалық картасын жасау;
- 2) Кейбір структуралы аудандар бойынша стратиграфиялық колонкалар жасау;
- 3) Цинхай, Хинган, Усури және т. б. аудандарды региональды геологиялық картаға түсіру жұмыстарын жүргізу;
- 4) Хром, никель, марганец, фосфор, алюминий кен орындарының пайда болу заңдылықтарын зерттеу;
- 5) Ганьсу провинциясына қарасты аймақтағы мұнай геология проблемасы;
- 6) Сирек металды кен орындарының пайда болу заңдылықтарын зерттеу;
- 7) Юн-нань провинциясындағы полиметалл кен орындарының пайда болу заңдылықтарын зерттеу;
- 8) Ян-цзы өзеніне үш жерден көпір және Тао-хе өзеніне тоған, сужима каналдарының салынуымен байланысты бұл жерлерде гидрогеологиялық және инженерлік геология жұмыстарын жүргізу;
- 9) Орман проблемасы.

Өндірістік құрылыстарға, ауыл шаруашылығы мен және шөл даланы суландыру мәселесіне байланысты Цин-хай, Гань-су провинцияларының және ішкі Моңғолияның өндіргіш күшін анықтау мақсатымен СССР Ғылым академиясы экспедициясымен бірлесе отырып, комплекстік зерттеу жұмыстарын жүргізу ең жақын мерзімдегі мақсат болып отыр.

Геология ғылымдары институтында және институттан тыс жұмыстарды қоса есептегенде, мыңнан астам адам істейді. Мұның ішіндегі 400 инженер мен техниктердің қақ жартысы жоғарғы білімді геологтар. Институтта 20 адам аспирантурада оқиды. Жалпы Қытайдағы тәртізді, институт қызметкерлеріне ғылыми дәреже немесе атақ беру тәртібі қолданылмайды. Ондағы қызмет түрлері мынадай жүйеге салаланады: 300 юан (1800 сом шамасы) айлығы бар аға лаборант, 200 юан айлығы бар кіші лаборант және 100 юан айлығымен практиканттар істейді. Лаборатория меңгерушісі — аға лаборанттар, айына 300 юан жалақы алады.

Институтта 1958 жылы 20 дала экспедициясы ұйымдастырылған. Геология ғылымдары институтының 1958 жылғы бюджеті 2 млн. юанға жетті, оның 600-700 мың юаны экспедиция жұмыстарына, ал 800 мың юаны түрлі жабдықтар сатып алуға жұмсалған.

Қытайдың геолог кадрлары Пекин, Нанкин және Терістік-батыс (Сиани қаласындағы) университеттерінің геологиялық факультеттерінде даярланады. Соңғы жылдар ішінде 3 геология-барлау институты құрылды. Оның ең ірісі — Пекин геология-барлау институты.

Қытай Ғылым академиясының Геологиялық институты мен Қытай геология министрлігінің жұмыстарын Мемлекеттік Советтің жанындағы ғылыми жоспарлау Комитеті ұштастырып отырады. Геологиялық ғылымдар институты өзінің ғылыми еңбектерін Қытай Халық республикасы Ғылым академиясының ғылыми әдебиеттер баспасы арқылы жарыққа шығарады.

Жоғарыда көрсетілгендей, 1958 жылдың май айында Қытай Коммунистік партиясының Орталық Комитеті «Геология — барлық халық пен провинциялары мен уездерінде пайдалы қазбалар іздеу мақсатымен бүкіл халықтық қозғалыс басталды. Бұл қозғалысты жергілікті партия және халық Комитеттері басқарды. Іздеу жұмыстарының міндеті мен әдісі жайында хабар беріп отырудың қысқа мерзімді жүйесі белгіленді. Содан кейін жүздеген миллион адам ұйымдасқан түрде пайдалы қазбалар іздестіру жұмысымен дала кезуге шықты. Қытайдың барлық территориясы бірнеше шаршыға бөлініп, олардың әрқайсысын халық іздеушілері бірін қалдырмай «ақтарып» шықты. Осының нәтижесінде 1958 жылдың бірнеше айының ішінде-ақ пайдалы қазбалардың толып жатқан түрлері бар 40 мыңнан астам кен орны табылды. Темір рудасы, тас көмір, мұнайдан басқа мыс, қорғасын, алтын, хром, фосфорит, никель, сирек металдар және осы сияқты көптеген кен рудалары ашылды.

Осыншама кен орындарының ашылуымен қатар, Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Қытай үкіметі барлау жұмыстарының әбден аяқталуын күтпей-ақ «жаңадан табылған кен орындарында тез арада жұмыс жасай басталсын» деген ұран тастады. Бұдан кейін барлық жерде тұрғылықты елдің өз күшімен жаңадан ашылған кен

орындарынан руда өндіру ісі қолға алынды. Осы жұмыстардың негізінде Қытайдың әрбір елді пункттерінде шойын қорытатын шағын домна пештері және болат қорытатын кішірек келген тигельді «қалта» пештері салына бастады. Қорыту жұмысы халықтық әдіспен кокссыз, жай қоңыр болмаса тас көмірмен жүргізіледі. Әрбір домна пештері тәулігіне 200 килограмнан 1 тоннаға дейін шойын қорытады. Қорыту жұмысын мұғалімдер мен оқушылар коллективі, ауыл шаруашылық коммуналарының мүшелері, қызметкерлер, дүкеншілер, қысқасы – тұрғылықты елдің барлығы жүргізеді. 1958 жылдың күзіне Қытайда осы тәріздес домна пештерінің саны 800-900 мыңға жетті. Осылардың нәтижесінде 1958 жылы Қытай Халық республикасында жалпы алғанда 11,7 миллион тоннадан астам болат, 16 миллион тоннадан астам шойын қорытылды. 1959 жылғы жоспар бойынша бұл бастама одан әрі дамытылмақ. Сөйтіп, Қытай Халық республикасы шойын және болат қорыту жөнінен Англияны бұрынғы мөлшерленген 12 жыл ішінде емес, айналасы екі-ақ жылда басып озбақ. Жоғарыда аталған майда өндіріс түрлерінен басқа, соңғы жылдардың өзінде Қытай Халық республикасында Аньшан, Ухан металлургия заводтары тәрізді жоғары сапалы техникалық жабдықтары бар, дүниежүзінде ең ірі болып саналатын металлургиялық комбинаттары іске қосылып жұмыс істей бастады. 1958 жылдың сентябрь айында Ухан комбинатында тәулігіне 2500 тонна шойын қорытатын дүниежүзіндегі ең ірі домна пеші пайдалануға берілді. Бұл пеш небәрі 7 айда салынып бітті. Қытайдың басқа да индустриялы өзектерін салудағы сияқты, совет халқы бұл ірі металлургия орталықтарын салуда да орасан көмек көрсетті.

Әсіресе, темір рудасы, көмір, фосфорит, вольфрам, молибден, сүрме, сынап және басқа пайдалы қазбалардың көптеген түрінің, сондай-ақ маңызды сирек металдар мен бытыраңқы металдардың бірсыпыра түрінің қоры жөнінен Қытай Халық республикасы дүниежүзінде алдыңғы орындардың бірін алып отыр. Пайдалану жағынан фольфрам, сүрме, темір, көмір және фосфорит қорлары тиімдірек болып шықты. Фосфориттер үш түрлі комплекске сабақтасқан: 1) докембрия шөгіндісіне (Терістік Қытайда); 2) төменгі кембрияға (синий шөгінділерінен жоғары); 3) перми шөгіндісіне (Оңтүстік Қытай). Қоры жағынан кембри фосфориті өте жоғары бағаланады.

Жер қойнауына ұлы жорық жасалған тұста және кішігірім өндіріс күшімен шойын мен болат қорытуды жан-жақты дамыту кезінде Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ұйғаруымен қалалар мен провинцияларға химиялық өндіріс саласындағы жоғарғы оқу орындары мен техникумдардан 10 мың нан астам профессорлар мен оқытушылар және геология-барлау жоғарғы оқу орындары мен техникумдарынан да 10 мыңнан астам профессорлар мен оқытушылар және оқушылар жіберілді. Осындай алысқа бір топ профессорлар мен студенттердің жүрер алдында Пекин университетінде Чжоу Энь-лай мен

Пекин қалалық партия Комитетінің бірінші секретары Пын-жен жолдастар сөз сөйледі. «Сіздердің өмірлеріңіз — деді өзінің сөзінде премьер Чжоу Энь-лай,— бақытты өмір, сіздер Мао Цзэ-дунның ұлы заманында өмір сүріп жатырсыздар. Сіздерге ерекше қызыға қараймын: біз сіздерден 30-40 жыл бұрын туып, буржуазиялық білім болмысының әсеріне душар болдық. Сондықтан аға буын коммунистер, біздер өзімізді идеологиялық тұрғыда қайта тәрбиелеп шығуға тиіспіз. Сіздер социалистік білім нұсқаларын саналарыңызға жастайыңыздан-ақ еге бастайсыздар. Бірақ буржуазия идеологиясының шарпуы сіздерге де тимей қоймайды. Сондықтан алдарыңызда тұрған сын сағатта, еңбекте сіздер де идеологиялық тұрғыда өздеріңізді қайта тәрбиелеп шығуға көңіл бөледі деп сенемін».

«Болат пен шойын өндіру майданына аттанып бара жатқан сіздердің алдарыңызда, — деді Пын-чжен, — екі түрлі міндет тұр: бірінші міндет — болат пен шойын өндіруші армия қатарына өту, нақтылы көмек көрсету. Бұл — кендерді барлау, пайдалану және байыту жұмыстарымен, химиялық тексеру және т. б. жұмыстармен байланысты; екінші міндет — теория мен практиканы ұштастыра білу, өндіріс ерекшеліктерін меңгеру және өз бойларыңызға жұмысшы табының идеологиясын шындай беру».

Партияның тапсыруымен алысқа аттанушылардың бірі, Пекин геология-барлау институтының студенті Ван Чжао-дзи өзінің сөйлеген сөзінде былай деді: «Пекин геология-барлау институтының төрт мыңнан астам профессорлары мен студенттері 1958 жылдың июль-август айларында жер қойнауына жасалған халықтық жорыққа қатысып, 15 миллиард тоннадан аса қоры бар темір руда кенін ашты. Бұл ашылған темір рудасының қоры Англия темір рудаларының қорынан 7 есе көп. Олар бұдан басқа 4 миллиард тоннадан аса қоры бар көмір кенін ашты және геология саласы бойынша практикалық жұмысқа жергілікті адамдардың арасынан 40 мың жұмысшы мен геологиялық-барлау жұмыстары жөнінен білімі бар 170 мың адам дайындап шығарды». Ван-Чжао-дзи партияның шақыруымен кетіп бара жатқан біздер партия қойған міндетті асыра орындап шыққанға дейін Пекинге қайтып оралмаймыз деп сендірді.

Қазіргі күнде Қытай жұртшылығына тән бүкілхалықтық ықласты осы фактінің өзінен-ақ айқын көруге болады. Қытай еңбекшілері рухтанып отырған бұл ықлас Қытай халқының өміріне кеңінен тарап, етек ала түсуде. 1958 жылы Қытайда 330 су қоймасы мен ірі каналдардың салынуы 30 миллиард кубометр суды тоқтатып, оны 10 миллион гектар тың жерді суландыруға мүмкіндік берді. 1959 жылдың жоспары бойынша 7 мыңнан астам су қоймалары мен каналдар салу жұмысы жүргізілмек. Бұл тағы да 17 миллион гектар жерді суландыру және бұған қосымша 2,3 миллион киловаттан астам гидроэнергетика қуатын алу мүмкіндігін туғызады.

Харбинде 1200 ш. метр көлемді 3 этажды үй, цементсіз, ағашсыз және кірпішті де пайдаланбағанның өзінде, небәрі 7 күннің ішінде салынып бітті. Бұл үй силикат кірпішінен, силикат бетондарынан жасалған дайын блоктардан салынды. Силикат блоктарының күйдірген кірпішке қарағанда 3-4 есе берік екендігі анықталды. Осы тәріздес құрылыс қарқынын Қытай Халық республикасының көптеген провинциясынан көруге болады. Мұндай жедел қарқынды құрылыс ондап-жүздеп кездеседі. Қытайда жеке объектілер салу жұмысын бірнеше жылға созуды ақылға қонбайтын іс ретінде санайды.

Қытай «зор қадамдар» жасау мақсатын жүзеге асырудың нәтижесінде 1958 жылы 23 миллиард пұт астық жинады. Сөйтіп астық жинау жөнінде дүниежүзінде бірінші орынға шықты. Қытайдың көптеген ауыл шаруашылық коммуналары 1958 жылы күріштің гектарынан 300-400 центнерге дейін, ал кейбір жерлерде тіпті гектарынан 650 центнер өнім жинаған.

Бұл — тек дене еңбегінің ғана нәтижесі емес, сонымен қатар нағыз терең ғылыми негізді агрономияны пайдаланудың нәтижесі (бактериялы тыңайтқыштар өндіру жөнінде көптеген халық коммуналарының өзінде колхоз лабораториялары бар). Барлық дүниежүзіндегі суарылмады жердің 57 процент қазір Қытайда.

Биологиялық ғылымдар, әсіресе медицина ғылымы және оның Қытай халқының игілігіне қызмет атқару ісі шұғыл өрлеу үстінде. Ерекше айқын жетістіктер дәстүрлі Қытай медициналарының даму саласында кездеседі, оны пайдалану энцефалит тәрізді ми ауруларын емдеп жазуды 96-97 процентке жеткізді, ал гипертония, қан азаю, силикоз т.б. қауіпті аурулар мен күресуге айтарлықтай мүмкіндік жасап отыр. Шанхай дәрігерлері ине терапиясын қолдану нәтижесінде 300 адам саңырау-мылқауды емдеп, оларды еститін әрі сөйлейтін қабілетіне жеткізді. Дәстүрлі қытай медицинасын қолдану негізінде, осы күнгі европа медицинасында «адам болмайды, өледі» деп есептелетін, дененің сыртқы 85 проценті күйген қауіпті аурулар да емделіп жазылады.

Қытайда халықтың сауатсыздығы іс жүзінде толық жойылып келеді. Бұған соңғы жылдардағы «Жүрегіңді партияға, біліміңді халыққа бер!» — деген ұранның арқасында, әрбір сауатты қытай азаматы хат танымайтын адамдарды топ-тобымен оқыту нәтижесінде ғана жетті. Кәзіргі уақытта Қытай елі жақын арадағы 15 жылдың ішінде жалпы халыққа жоғарғы білім беру ісін жүзеге асырумен шұғылдануда. Қытайдың жоғарғы оқу орындарының үш түрлі бағыты байқалады: 1) барлық оқу мерзімінде оқитын жоғарғы оқу орындар; 2) студенттер оқу мерзімінің жартысында оқып, ал қалған жартысында өндірісте жұмыс істейтін жоғарғы оқу орындар және 3) студенттер негізінен өндірісте жұмыс істеп, жұмыстан бос уақытында оқитын жоғарғы оқу орындар. Үшінші бағыттағы жоғарғы оқу орындары ауыл шаруашылық аудандарда, негізінен халық коммуналары жанынан құрылмақ болып жоспарлануда.

Қытайдың әрбір жоғарғы оқу орындарында жақсы жабдықталған оқу — өндіріс цехтар мен шеберханалар бар, олардың өнімі жоспарланады және елдің материалды-техникалық балансында есептеледі. Геологиялық, геофизикалық приборлар, бақылау-өлшеу аппаратуралары мен көптеген басқа бұйымдарды жоғарғы оқу орындарының шеберханалары жасап шығарады.

Қытайдың ғылыми орталығы — Қытай Халық республикасының жас Ғылым академиясы, оның президенті — көрнекті ғалым, қытай тарихшысы, әрі тамаша ақын, академик Го Мо-жо.

Қытай Халық республикасындағы Ғылым академиясының 1958 жылдың басында жиырмадан астам ғылыми-зерттеу институттары болды. «Зор қадам» саясатына байланысты Қытай Ғылым академиясы институттарының саны күшті қарқынмен өсіп 1958 жылдың сентябрінде олардың саны жүзге жетті. Бұл жаңа институттар, ең алдымен, Қытайдың шет өңірлеріндегі жеке провинцияларынан ашылды, бұл жерлерден Қытай халық республикасы Ғылым академиясының өнімді филиалдары құрылып жатыр. 1958 жылдан бастап Қытай Ғылым академиясының жанынан ғылыми кадрлар дайындайтын университет құрылды. Ғылым академиясы жанындағы бұл университетке түсу үшін деп түсіндірді, — Қытай Ғылым академиясының президенті Го Мо-жо жолдас, — абитуриенттің орта мектепті бітіргендігі туралы дипломымен бірге ғылыми жұмысқа икемділігі жөнінде қоғамдық ұйымдардың берген жағымды мінездемесі болуы міндетті. Университеттің бірінші курсына деп белгіленген алғашқы жоспардағы 500-дің орнына 1000-нан аса студент қабылданды.

Қытай Ғылым академиясында «академик» және «мүше-корреспондент» деген ғылыми атақ жоқ, сондай-ақ барлық Қытайдағыдай доктор және ғылым кандидаты деген ғылыми дәреже де жоқ.

Қытай ғылым академиясының бірнеше жүз адамнан құралған президиумы бар, оның ішінде 18 адам геолог. Президиумның барлық мүшелері Ғылым академиясында жұмыс істемейді. Президиумның мүшелері Академияның бөлімдеріне бөлшектенген.

Академияның бөлімдері төмендегі түрде аталады:

Геологиялық ғылымдар бөлімі.

Биологиялық ғылымдар бөлімі.

Техникалық ғылымдар бөлімі.

Қоғамдық ғылымдар бөлімі.

Математика және физика бөлімі.

Химия бөлімі.

1958 жылы, сентябрьде Қытай Ғылым академиясының ядролық физика институтының атом реакторы I салтанатты жағдайда пайдалануға берілді.

Геологиялық ғылымдар бөлімін басқаратын Ен-Цан-чун жолдас Пекиннің Геология-барлау институтының директорлық қызметін де қоса атқарады.

Ауыл шаруашылығы Қытай ауыл шаруашылық ғылым академиясы атынан жеке ғылым болып ұсынылады.

Қытайдағы ғылым майданының барлық дамуы мемлекеттік масштабта жоспарланады және Мемлекеттік Советі жанындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау жөніндегі арнаулы комиссия арқылы ұштастырылып отырады.

Ғылыми қызметкерлердің 1958 жылы шақырылған Бүкіл қытайлық бірінші конференцияда ғылыми зерттеулерді жоспарлау жөніндегі комиссияның бастығы Қытай Халық республикасының Мемлекеттік Советі председателінің орынбасары, Коммунистік партияның Орталық Комитетінің мүшесі, маршал Не Жунь-чжен баяндама жасады. «Екінші бес жылдықтағы біздің мақсатымыз, — деді ол өзінің баяндамасында, — мүмкін болғанша, ғылым мен техниканың асқар шыңын тез араның ішінде меңгеру, өнеркәсіпті дамыту үшін ғылым мен техника саласындағы дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерін қуып жету, біздің еліміз дүниежүзіндегі ең алдыңғы қатарлы елдердің бірі болу үшін өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығы мен медицинадағы бай тәжірибені біздің елімізге тән үлгімен қорытындылау және дамыту болып табылады. Міне сондықтан да Қытайдағы ғылым мен техниканы шын мәнінде негізінен өзгерту үшін, ғылым мен техниканы дамытудағы он екі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін және 1962 жылы Қытайдағы ғылым мен техниканы дүниежүзінде алдыңғы дәрежеге жеткізу үшін үш жылдың ішінде күш сала күресуіміз керек.

Біздің еліміздегі ғылым мен техниканың даму жолы, — деді маршал Не Жунь-чжен сөзін әрі қарай жалғастырып, — буржуазиялық елдердегі ғылыми жұмыстардың жолына негізінен қарама-қарсы. Біздің жолымыз ғылыми жұмыстардағы партия тарапының басшылығын өмірге енгізуді мұқият талап етеді.

«Маршалдың орнына саясат қою», ғылыми жұмыстар да коммунистік рухты дамыту, ғылыми зерттеулердегі буржуазиялық дәстүрді қатаң сынау, барлық жағынан ғылымды буржуазия әсерінен тазарту болып табылады.

Мұндай жол мына бағыттарда жұмыс жүргізуді керек етеді:

1) Ойды «тұмылдырықтан» босату және соқыр сенімді жою; 2) іске социалистік құрылыстың міндеті тұрғысынан қарау; 3) әржақты жоспарлауды жүзеге асыру және 4) «көпшілік бағытын» жете тереңдету.

Бірінші бағыт өжет арман, батыл пікір айту мен батыл әрекетті мадақтайтын, «Жүз пікір талассын да, жүз түрлі гүл шешек атсын!» — деген ұранға сәйкес, ойды соқыр сенімнен босату жөніндегі Мао Цзэ-дунның нұсқауынан келіп шығады. Мұның социалистік революция мен социалистік құрылыс ісінде орасан зор маңызы бар.

Біздің өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым мен техника саласындағы жетістіктеріміз бен табыстарымыз шет елдердің қуатты күшіне

табынуды және ғасырлар бойы қор санауды жүрегіне ұялатқан біздің халықтағы, соның ішінде, империализм, феодализм және бюрократтық капитализмнің аяусыз қаналуына ұшыраған интеллигенциямыздағы соқыр сенімді талқандаудың нақтылы шындық фактісі болып табылады.

Екінші бағыт: ғылым мен техника өндіріс пен социалистік құрылыстың тілектеріне байланысты дамиды деген позициямыздағы материалдық прогрестің міндеттерінен келіп шығады. Ғылым мен өндірістің байланысы дегеніміз — теория мен практиканың байланысы.

Ғылыми-техникалық жұмыстарды әржақты жоспарлауды, — деді Не Жунь-чжень, — буржуазияшыл ғалымдар олардың «еркін творчествосына» кедергі жасайды деп есептейді. Мұндай көзқарасты біз қате деп санаймыз. Социалистік қоғамда ғылыми-техникалық зерттеулер міндетті түрде жоспарланып жүргізілуі керек.

«Әржақты жоспарлау және басшылықты күшейту» туралы Мао Цзэдунның 1956 жылғы нұсқауына сәйкес біздің елімізде 1956-1967 жылдардағы ғылым мен техниканы дамытудың перспективтік жоспары жасалды. 1957 жыл мен 1958 жылы біз тағы да ғылыми жұмыстардың жылдық жоспарын айқындай түстік. Бұл жоспарлар кейбір кемшіліктеріне қарамастан, алған жоба мен бағыттың дұрыс екендігін тәжірибе көрсетіп отыр, бұл жоспарлар негізінен социалистік құрылыстың талабына сайма-сай. Бұл жоспарлар елімізде ғылым мен техниканы шұғыл дамытуға айтарлықтай жәрдемін тигізді. Жоспардың және соның ішінде ғылым мен техниканы дамыту жоспарының икемді болуы табиғи нәрсе. Бірақ «икемділік» деген ұранға сүйеніп, жоспарды жоққа шығаруға болмайды.

Төртінші бағыт: «көпшілік бағыты», — деді Не Жунь-чжен сөзін одан әрі жалғастыра түсіп, — біздің партиямыздың барлық жұмыстарының нәтижесіне түйін негізгі метод болып табылады. Буржуазия тек «мамандардың бағытын» ғана қолдайды және ғылым таза академиялық іс, егер оны көпшіліктің қолына берсе, тәртіпсіздік болады, іс бүлінеді деп есептейді. Бірақ, тек халықтың, қарапайым адамдардың ғана жаңа заттар ойлап тапқанын көптеген фактілер көрсетіп отыр, олардың көбінің елеулі теориялық маңызы бар. Ескі ғалымдар ұрпағының пікіріне кей кезде қайшы келіп қалатын көптеген ғылыми ұйымдардағы жастардың ашқан жаңалықтары аз емес. Бұл жақсы жеміс берді және біздегі ғылымның дәрежесі төмендеген жоқ, қайта жоғарылай түсті. Біздің барлық тәжірибеміз мынаны көрсетеді, — деп сөзін жинақтады Не Жунь-чжен, — ғылым мен техниканы дамытуда бір уақыттың ішінде оның орталықта да, провинцияда да біркелкі даму принципін көздеу қажет, отанды және халықаралық ғылымдардың жетістіктерін тиімді түрде пайдалану, арнаулы ғылыми мекеменің қызметіне көпшілікті тарту, ғылыми білімді тарату мен оның дәрежесінің артуына назар аудару және өндірістік ұйымдардың қызметін үйрену, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен үйлестіру.

Осылардың бәрі және басқа да айқын фактілер қандайлық еңбекпен, творчестволық ынтамен, қандайлық жоғарғы патриотизммен алты жүз алпыс миллион Қытай халқының рухтанғандығын дәлелдей түседі. Бұл қытайлықтардың айтқанындай, Қытай Коммунистік партиясының дана, әрі қайраткер басшылығының арқасында ғана мүмкін болды. Ертеде европалықтар бізді басы бір бірікпейтін борпылдақ құмға теңеді, ол кезде бұл теңеудің белгілі мөлшерде шындығы бар еді, өйткені сол уақытта да, қытайлықтар көп болғанымен, үгілмелі құрғақ құм сияқты ешқайсысы бір-бірімен байланыс жасай алмады. Біздің территориямыздың кез келген бөлігін бір уыс борпас құмдай көп қиналмай-ақ бөліп алып, лақтырып жіберуге болатын еді. Қазір, - дейді қытайлықтар, — біз бөлінбейтін тұтас гранитке айналдық, оның мызғымас берік цементі Қытайдың ұлы Коммунистік партиясы.

Қытайдың Коммунистік партиясы халық арасында тәрбиелік жұмысты талмай жүргізіп келеді және әлі де жүргізе бермек. Ол «жұмыс стилін тәртіптеу жөнінде» төмендегідей негізгі кезеңдер мен ұрандарға сәйкес қажымай жүйелі күрес жүргізіп келеді.

1. Кең түрде өз пікірі мен көзқарасын білдіру, бәсекеге кең жол беру, «Жүз пікір талассын, жүз түрлі гүл шешек атсын!»

2. Оңшыл элементтермен күрес;

3. «Үш залалға» — бюрократизм, субъектизм және сектанттыққа қарсы, «залалды бес әруаққа» — чиновниктер аруағы, пассивтік, кербездік, тәкаппарлық, жағымпаздыққа қарсы, және консерватизм мен ысырапшылдыққа қарсы күрес жүргізу.

4. Кең дискуссия, батыл тәртіптеу ісі мен қатені батыл түзете білу.

5. «Жүрегіңді — партияға, біліміңді, — халыққа бер!»

6. Халық шаруашылығының дамуына зор қарқын туғызу; «Күшінді сарқа шыңға салып, көп, тез, үнемді, жақсы шығаруға ұмтыл!»

«Геология — бүкіл партия мен халықтық іс!», «Соқыр сенімнен без, ескі дәстүрді жой, социализм құрылысының сәулелі айқын жолымен, батыл рухтанып ғылым шыңына шығуға күрес!»

Қазір 660 миллион адамға жетіп, халықтың жыл сайынғы өсімі 15 миллионнан артып отырған шын ұлы әрі еңбек сүйгіш қытай халқының сыннан өткен Қытай Коммунистік партиясының дана басшылығы арқасында бұдан былай да тамаша жаңа табыстарға жететіндігіне және құрылыстың, ауыл шаруашылығының, сондай-ақ ғылым мен мәдениет салаларының барлық майданында да сөзсіз жаңа жеңістер болатындығында ешқандай күмән жоқ.

Халықтық Қытайдың ұлы жетістіктерінде Совет Одағының баға жетпес үлесі бар. Біздің Ұлы Отанымыздағы халықтардың мызғымас ұлы достығын қытайлықтар бәрінен де жоғары бағалайды.

Коммунизм құрылысы жолында 660 миллион ұлы Қытай халқының бұдан былай да жарқын табыстарға жетуіне тілектеспіз.

ҚАЗАҚСТАНДА АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫМЕН ДОСТЫҚ СОВЕТ АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ БӨЛІМШЕСІ ҚҰРЫЛСЫН

Бұл күндерде дүниежүзінің жұртшылығы Африкада болып жатқан оқиғаларға бұдан бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым зор ын-тамен зер салып, назар аударып отыр. Африка халықтарының әділетті және игілікті күресте жеткен табыстарына бүкіл совет халқы сияқты Қазақстанның еңбекшілері де барынша тілектестік сөзімен көз тігіп, Африканың ұлттық тәуелсіздік алған жаңа мемлекеттері құрылып жатқанда барлық игі ниетті адамдармен бірге шын ықыласымен қуануда.

Қазақстанның қалың жұртшылығы Африка халықтарының күнделікті тұрмысын, олардың өмірін, ежелден бері келе жатқан және қазіргі заманғы өздеріне тән мәдениетін біліп отыруға үнемі ынта білдіруде.

Соңғы жылдар ішінде Қазақ ССР мен Африка елдері халықтарының арасында өзара мәдени байланыстар орнатылып, олар бір-біріне делегациялар жіберуде. Қазақстанда Африканың тәуелсіз мемлекеттерінің күні өткізіледі, мерекелік және еске түсіру күндері атап өтіледі, Африка фильмдеріне жұртшылық байқаулары ұйымдастырылады. Осының бәрі Африка континенті халықтарының тұрмысымен және мәдениетімен Қазақстан еңбекшілерінің танысып отыруына мүмкіндік береді.

Совет Одағы мен Африка халықтарының арасындағы достықты, өзара ұғынысушылықты және ынтымақты барлық жағынан бірдей нығайту ісіне көмектесу мақсатымен 1959 жылғы апрельде Африка халықтарымен достықтың Совет ассоциациясы құрылды.

Республика еңбекшілерін Африка халықтарының өмірімен, тұрмысымен және мәдениетімен неғұрлым жақынырақ таныстыру үшін біз Қазақстанда Африка халықтарымен достықтың Совет ассоциациясының Қазақ бөлімшесін құру қажет деп санаймыз және республиканың кәсіпорындары, совхоздары мен колхоздары коллективтерін, қоғамдық ұйымдарды, ғылыми және мәдени мекемелерді біздің ұсынысымызды қолдауға шақырамыз.

ЛЕНИН

Осынау ұлы адам не бәрі 54 жыл өмір сүрді. Сол аз уақыттың өзінде оның адамзатқа жасаған жақсылығы соншама, қазір күллі әлемде Ленин есімін білмейтін бірде-бір мекен-жай таба алмайсыз.

Бұл есім бүкіл адал ниетті адам баласының жол нұсқар жарық жұлдызына айналды. Ол адамзат тарихында мәңгі бақи өмір сүріп, жасай береді. Ол барша жанды туысқандық пен достыққа, коммунизм салтанатына шақырып, әрдайым жар салып тұр.

Ленин – адамгершілік асыл қасиеттердің биік шыңы, асқар шынары. Сол биіктен ол әлі де бейбітшілік дабылын қағады. Ұлы Октябрьдің алғашқы күндерінде Совет үкіметінің басшысы В.И. Ленин қол қойған тұңғыш декрет бейбітшілік туралы болды. Бүкіл дүниежүзінде бейбітшілік орнату жолындағы лениндік күрес дәстүрі мен қисынды қағидаларын адал лениншіл, бейбітшіліктің табанды күрескері Н.С. Хрущев бастаған Коммунистік партия мен Совет үкіметі бұлжытпай жүзеге асырып келеді.

Ленин жер шарын мекендеген барлық халықтардың тең праволылығы жөніндегі ілімді ашып, адамдарды нәсіліне, түсіне қарап кемсітуге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізген болатын. Қазір біз – осы ұлы ілімнің әлемдегі езілген елдердің бәрін бостандық жолындағы ұлы шайқасқа ду көтеріп, атой салып келе жатқандығының кепіліміз. Отар және жартылай отар елдердің езілген халықтарының осынау қасиетті күресі біздің заманымызда империализм мен отаршылдық саясатының қақырай қабырғасы сөгіліп, көп елдерде құлдырай күйреуіне әкеліп соқты. Халықтардың теңдігі мен достығының идеологиясы біздің СССР мен социалистік лагерь елдерінде толық салтанат құрып, бұрын артта қалған мешеу елдер қазір терезесі тең, кемеліне келген социалистік ұлттар дәрежесіне көтерілді. Осы ақиқаттың айқын дәлелінің бірі Советтік Қазақстан болып табылады.

Бүгінгі Қазақстан – Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрамындағы терезесі тең он бес отаудың, жарқыраған он бес жұлдыздың бірі болып саналады. Ленин көрегендікпен атап көрсеткеніндей, Қазақстан өзінің кен байлығы мен өнеркәсіп қорларына қарағанда еліміз бай өлкелердің, «Отанымыздың таусылмас кен қазыналарының» бірі болып шықты. Қазақстан байлықтарын социализм мен коммунизм құрылысына барынша мол пайдалану Советтік Қазақстан ғана емес, сонымен бірге бүкіл еліміз үшін ең жарқын, ең тамаша кезең болып саналады. Республика халық шаруашылығының қауырт өркендеуі арқасында бізде еліміздегі ең ірі түсті металлургия, көмір, қара металлургия, химия, құрылыс, машина жасау және энергетика салалары құрылды. Қазақстан ең ірі, ең қуатты индустриялы аудандардың біріне айналды.

Атамзаманнан бері ат тұяғы баспаған ұлан-байтақ тың жерлерді игеру арқасында Қазақстан жоғары механикаландырылған егіншілігі бар

ел болды. Ол товарлы астық өндіру жөнінен Отанымызда екінші орын алады. Қазақстан – еліміздің шығыстағы аса маңызды мал шаруашылықты ауданы.

Республикада нағыз мәдени революция жасалды. Кешегі жаппай сауатсыз ел бүгін жаппай сауатты, мәдениетті, рухани, интеллектуалдық дәрежесі жоғары, творчестволық өнер өрісі ешбір батыс елдеріне беріспейтін өнегелі аймаққа айналды. Қазақстанда мыңдаған бастауыш және орта мектептер, ондаған жоғары дәрежелі оқу орындары жұмыс істейді, онда ондаған мың маман кадрлар даярланады. Қазақстанның әдебиеті мен көркемөнері қаулай өсті. Көптеген қазақ жазушылары, музыканттары, артистері қазір өз еліміз түгіл, бүкіл дүниежүзіне әйгілі. Күн сәулелі Қазақстан – советтік озық ғылымның ірі орталықтарының бірі. Ол ғылым әлеміне тамаша жаңалықтар ашқан талай оқымыстыларды берді.

Лениннің ұлы қаһармандығы, оның дүние кеңістігін жұдырықтай жүрегіне жинаған ғажайып кемеңгерлігі, адам деген ұлы атақты биік құзарға көтерген тамаша адамгершілігі, әлемдегі қарапайым адамдардың бәрін бақыт пен тыныш өмірге жеткізу үшін күрескен ұлы көсем, данышпан кемеңгер қасиеттері барша адам баласының көкірегінде мәңгі сақталады. Оның дана өсиеттері мен әлемді шарлаған ғажайып даңқы ғасырдан ғасырларға, ұрпақтардан ұрпақтарға қанат сермеп, қаһармандық ерлікке, адамгершілік ізгілікке, жасампаз еңбекке, рухани адалдыққа әр уақыт бастап, шақырып тұратын болады.

ИГІ ТІЛЕКТЕР, ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР

Қазақстанның ұшы-қиырсыз кең байтақ даласында, оның жер қойнында табиғаттың талай-талай тамаша байлықтары бар...:

Қазіргі күнде Қазақстан Советтік Социалистік Республикалар Одағындағы алдыңғы қатарлы, Ленин орденды республиканың бірі болып отыр.

Республикамызды келешекте одан да әрі дамытар – біздің жас ұрпақтарымыз. Олар біздің келешегіміз, біздің үмітіміз.

Бүгінгі жастар – ертеңгі коммунизм құрушылары.

Сол себепті совет жастарын тәрбиелеуші халық мұғалімдерінің елімізде коммунизм орнатудағы міндеті аса зор, олардың алатын орны ерекше.

Қазақстан мұғалімдері совет жастарын сүйікті Отанымызға, халқымызға, ардақты Коммунистік партиямызға жан-тәнімен берілгендік рухында тәрбиелейді, еңбекке, шындыққа баулиды деп біз қатты сенеміз. Тамаша совет мұғалімдері өсірген біздің жас ұрпақтарымыз елімізде коммунизм орнатудың ізгілікті ісін ағаларының қолынан алып, лайықты түрде ілгері дамытады деп сенеміз.

ҒЫЛЫМ МЕН МЕКТЕП – ЕГІЗ

Жолдастар! Қазақстан мұғалімдерінің III съезінің қымбатты делегаттары! Республика Ғылым академиясының атынан сіздерге – осы съезге қатысушыларға шын жүректен жалынды сәлем жолдаймын.

Халық мұғалімі бізде барша халық қамқорлығына және сүйіспеншілігіне бөленген. Совет мектебі – алтын бұлақ, одан біздің Отанымыз көптеген тамаша кадрлар алады.

Совет ғылымының, техникасының, жаңалық ашу ісінің ілгері басуын, әлем кеңістігін жеңу ісінің тағдыры бүгін мектеп партасында отырғандардың қолында.

Оқушыларға қоғамның ең пайдалы мүшесі боларлық ғылым саласына жөн-жоба сілтеу – мұғалімнің бірінші парызы. Тек ұстаз ғана олардың жүректерінде мәңгілік жалын отын тұтата алар болар, тек мектеп қана адамның қоғамдағы орнын анықтап, оның талантын ашып, дамыта алар болар.

Қазақстан мұғалімдерінің бұл съезі республикамыздың 40 жылдық тамаша мерекесі қарсаңында өтіп отыр. Осынау 40 жыл ішінде Қазақстан өзінің дамуында аса бір зор қадам жасады. Ол өзінің даму барысында шетелдік шығыстың барлық елін әлдеқашан басып озды.

Қазақстанның табиғи байлықтарын зерттеп, игеруде орасан мол жұмыстар жүргізілді. Қазақстан қазір шырқауға көтерілген өнеркәсібі, құнарлы аса мол өнім берер ауыл шаруашылығы бар еліміздің ең ірі экономикалық аудандарының бірі болып отыр.

Қазір Қазақстан бағалы металл өндіру жөнінен елімізде алдыңғы орында. Дәнді дақыл және шаруашылығы өнімін өндіруде де Қазақстанның алар орны зор. Қара металлургия мен энергетиканың қуатты өнеркәсіп орындары салынууда. Республикада ірі химия өндірісін және де өндірістің басқа да салаларын жасауға барлық жағдай бар.

Республикада Ғылым академиясы, Ауыл шаруашылық академиясы, СССР құрылыс және архитектура академиясының қазақ филиалы, әр алуан ғылыми-зерттеу институттары, 27 жоғары оқу орны, көптеген техникумдар және басқа да арнаулы оқу орындары құрылып, жемісті жұмыс істеп отыр.

Тек бір ғана республика Ғылым академиясының қабырғасында 25 ірі және комплексті ғылыми-зерттеу институттары істейді, олар осы заманғы білімнің барлық саласын қамтиды.

Ғылым академиясы негізгі зерттеулерді республиканың әр алуан тарихи байлықтарын мұнан ары да аша беруге, республикада техникалық прогресті, ғылыми жұмыстардың бүкіл майданын әр жақты дамытуға бағыттамақ.

Ғылым академиясының ірі ғылыми баспасы бар. Академияның бұл бастысы әрбір екі күнде көлемі 10-15 баспа табақ бір ғылыми кітап шығарады. Оның бұл ғылыми еңбектері тек біздің елімізге ғана емес, шет

елдерге де кеңінен тарап отыр. Академия 250-ден астам ғылыми мекемелермен ғылыми кітаптар алмасып тұрады.

Жолдастар, Академия өзінің «Хабаршылар» сериясын шығарды, олар республиканың ғылымы мен шаруашылығының жеке салаларындағы ғылым жетістіктеріне арналған, көптеген монографиялық еңбектер шығарады. Республиканың өмірін және табиғи байлықтарын зерттеудегі соңғы жаңалықтар жазылған Академияның осы еңбектері, мектептерінің барлық кітапханаларында болса екен деген тілек білдіргім келеді. Жолдастар, Қазақстандағы ғылымның барлық табыстарында бастауыш және орта мектептердің алар орны өте-мөте зор.

Мектеп пен ғылымды әсіресе біздің республикамыз жағдайында бір-бірінен бөліп алуға болмайды, өйткені біздің республикамызда табиғи ресурстары мен мәдениеті жөнді зерттелмей жатқан жерлер әлі де көп. Осы аудандарда істейтін біздің советтік мұғалімдеріміз әртүрлі өлкетану жорықтарын ұйымдастыру арқылы көптеген игі жұмыстар істеген болар еді. Солардан жинаған материалдар негізінде өлкетану музейлері мен кабинеттерін құруға әбден болады.

Ғылым академиясының ғылыми мекемелері, атап айтқанда, биология, ботаника, зоология, жер қыртысын зерттеу, әдебиет, тіл және басқа да институттары мұндай мектептерді өзінің ғылыми көмегіне алған болар еді. Бұл мектептің ғылым мен творчестволық байланысының нақты да маңызды формаларының бірі болары сөзсіз. Мұндай жұмыс мектепке де, ғылымға да көп пайда келтірер еді, мектепті қоршаған ауданның таяудағы шаруашылық және мәдени дамуының перспективаларын айқын көрсеткен болар еді.

Жолдастар! Өткен жылы ССРО Жоғарғы Советі мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы заң қабылдады, осы съезде бұл заңның жүзеге асырылуының алғашқы қорытындыларын шығарып отырсыздар.

Бұл заңның ғылымның дамуына ықпалы зор. Өйткені мұны табыспен жүзеге асыру өмірді білетін талантты творчестволық күштердің ғылымға лек-легімен келуін күшейте түсері даусыз. Балалар мен жастарды тәрбиелеу туралы мәселе Отанымыздың тарихында мұндай терең де өрісті жолмен ешқашан қойылмаған болар. Қазақстан ғалымдары, республиканың барлық еңбекшілері сияқты, республикамыздың барлық мәдени көштерінің авангарды Қазақстан мұғалімдерінің көп мыңдаған армиясы жас ұрпақты тәрбиелеуді абыроймен жүзеге асырады деп сенеді. Қазақстан мұғалімдерінің III съезіне қатысушыларына, ал солар арқылы республикамыздың барлық мұғалімдеріне еліміздің болашақ белсенді құрылысшыларын тәрбиелеу ісіне, ұлы Отанымыздың бақытты және мұнан былай да гүлдене беруіне бағытталған олардың ізгі еңбектерінің үздік творчестволық табыстарға жетуіне шын жүректен тілек білдіремін.

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТАРТУЫ

Октябрьден бұрынғы дәуірде Қазақстан патшалық Россияның ең артта қалған шет аймақтарының бірі еді. Оны В.И. Лениннің «жартылай тағылық және нағыз барып тұрған тағылық үстемдік еткен» өлкелердің қатарына қосуы заңды болатын. Октябрьге дейінгі Қазақстанның негізгі экономикасы көшпелі шаруашылық болып келді; халқының сауаттылығы небәрі 1,5-2 проценттей ғана еді.

Тек совет өкіметі тұсында ғана Қазақстан тамаша табыстарға жетті, гүлденді. Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі асқан дәйектілікпен жүзеге асырып келе жатқан Лениннің дана ұлт саясатының арқасында және ұлы орыс халқы мен СССР-дегі басқа да халықтардың туысқандық көмегіне сүйенген Советтік Қазақстан өзінің даңқты 40 жылдығын аса қуатты, гүлденген индустриялық-аграрлық Советтік одақтас республикалардың бірі болып мерекелегелі отыр.

Қазақстанда Балқаш мыс заводы, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты мен Шымкент қорғасын заводы, Қоңырат пен Жезқазған мыс рудниктері, Совет Одағында үшінші көмір кочегаркасы атанған Қарағанды бассейні, Оңтүстік Оралдың алып қара металлургиясының кен қоймасы – Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Ақтөбе ферросплав заводы сияқты өнеркәсіп орындары салынды.

Халқымыз «Қазақстан Магниткасы» деп мақтаныш етіп атайтын Қарағанды металлургия заводының бірінші домнасы іске қосыла бастады. 1954 жылдан бастап 23 млн. гектардан астам тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде Қазақстан товар астық өндіруде СССР-де екінші орынға ие болып отыр.

Советтік Қазақстанның ғылымы мен мәдениеті де қарыштап гүлденуде. Қазір мұнда бұғанасы бекіген республика Ғылым академиясы, Ауыл шаруашылық ғылымдарының академиясы, СССР Архитектура және құрылыс академиясының филиалы, халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларына арнап мамандар даярлайтын 27 жоғары оқу орны бар. Бұл күндерде Қазақстан ғалымдарының зерттеу жұмыстарының шеңбері мейлінше кеңейе түсуде; космогония мен жұлдыздардың жаралу проблемасынан бастап, электроника негізінде материяның ең ұсақ бөлшектерін, вирустар мен микробтарды зерттеуге дейінгі барлық салаларын Қазақ Ғылым академиясы қазір түгел қамтиды.

Үстіміздегі жетіжылдық ішінде Қазақстанды өркендетудің программасы тіпті зор. Республикамыздың халық шаруашылығына 119 млрд сом қаржы жұмсалғалы отыр. Жаңадан қара, түсті, жеңіл және сирек кездесетін металдардың металлургиялық күшті орталықтары салынып жатыр. Индустриялы Орталық Қазақстанның өміршең ұлы артериясы – Ертіс-Қарағанды каналының құрылысы салынып бітпек. Қазақстан егіншілікпен қатар, мал шаруашылығы мен техникалық дақылдар өсіру жөнінде

де СССР бойынша алдыңғы қатардағы орындардың біріне шықпақшы. Социалистік құрылыс практикасының қажеттерін толық түрде орындауға міндетті ғылымымыз да бұдан әрі өркендеп гүлдене бермекші.

Қазақ ССР Ғылым академиясы жұмысының жайы мен кейбір негізгі қорытындылары

Қазақ ССР Ғылым академиясының 1957 жылы шығарған, «Совет үкіметінің қырық жыл ішінде Қазақстанда ғылымның өркендеуі» деп аталатын жинақтағы менің мақаламда Қазақ ССР Ғылым академиясының Совет өкіметі орнап, тұңғыш ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіле бастаған уақыттан 1957 жылға дейінгі уақыт ішінде істеген жұмыстарының негізгі кезеңдері баяндалған. Төменде біз ол мақаланың мазмұнын қайталамай, Қазақ ССР Ғылым академиясының соңғы үш жыл ішінде жүргізген түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарына ғана тоқталып өтпекбіз.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің үнемі аталық қамқорлық жасауы арқасында Қазақстанның Ғылым академиясы республикамыздың 40 жылдығына қарсаңында еліміздің маңызды ғылыми орталығына айналды.

Ол әсіресе, КПСС-тің тарихи XX съезінен кейін 1956 жылдан бастап орасан зор күшті қарқынмен дами бастады. КПСС-тің XX съезінен кейінгі мерзім ішінде Академияның кадрлары екі есе өсті, ал институттардың өндірістік базаларын ұлғайту үшін және ғалымдарға арнап тұрғын үйлер салу үшін құрылыстық қаражаттар бес есе өсті.

Қазақ ССР Ғылым академиясы зерттеулерінің өрісін оның ғылыми мекемелерінің қазіргі құрылысынан айқын көруге болады. Ол мынадай

Минерал ресурстар бөлімі

Геология ғылымдар институты. Оның жанында геологиялық музей бар.

Кен істері институты. Бұл институттың Лениногорск, Жезқазған, Соколов-Сарыбай комбинаттарында бөлімшелері бар.

Металлургия және байыту институты. Бұның жанында ірілендірілген эксперименттік базасы бар.

Энергетика институты. Бұл институттың Өскемен, Қарағанды қалаларында бөлімшелері; Алматы облысының «Талапкер» колхозында жел энергетикалық эксперименттік базасы және ірілендірілген циклон эксперименттік базасы бар.

Химия ғылымдарының институты. Мұның Шымкент қаласында алколоид және гидролиз лабораториялары бар.

Алтайдың кен-металлургия институты. Оның Зырян қаласында бөлімшесі бар.

Гурьевте Геология және геофизика институты.

Гурьевте Мұнай химиясы мен табиғи тұздар институты.
Қарағандыда Химия-металлургия институты. Мұның Теміртау қаласында органикалық синтез және полимерлер лабораториясы бар.
География секторы.

Физика-математика ғылымдарының бөлімі

Астрофизика институты. Бұл институттың обсерваториясы және Күн нұрын зерттейтін станциясы бар.

Физика институты. Мұның Космос сәулелерін зерттейтін станциясы бар.

Математика және механика институты.

Есептеу математикасының секторы.

Астроботаника секторы.

Ионосфера секторы.

Биология және медицина ғылымдарының бөлімі

Ботаника институты. Мұның Іле мен Жезқазғанда бөлімшелері бар, Алматыда және Алтай мен Қарағандыда ботаника бақтары бар.

Топырақтану институты. Мұның топырақ эрозиясын зерттейтін Павлодар облысында бөлімшесі бар.

Зоология институты. Бұл институттың паразитологиялық бөлімшесі және Табиғат музейі бар.

Физиология институты.

Өлкелік патология институты. Мұның Өскемен қаласында Еңбек гигиенасы және кәсіптік сырқат жөніндегі клиникалық бөлімшесі бар.

Клиникалық және эксперименттік хирургия институты.

Гурьевте Ихтиология және балық шаруашылығы институты. Бұл институттың Арал теңізі, Балқаш көлі, Бұқтарма және Жезқазғандағы жасанды көлдерде бөлімшелері бар.

Қоғамдық ғылымдар бөлімі

Тарих, археология және этнография институты.

Экономика институты.

Тіл білімі институты.

Әдебиет және өнер институты.

Философия және право институты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы жанында миллион данадан астам кітап қоры бар Орталық ғылыми кітапхана, жыл сайын 2 мыңнан артық баспа табақ ғылыми әдебиет басып шығарып отыратын күшті Академия баспасы мен баспахана жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Ғылым академиясының құрамында 29 ғылыми-зерттеу институты мен секторлары, 2 музей, 3 ботаника бағы, республикамыздың түрлі өнеркәсіптік орталықтарында бірсыпыра институттардың 19 ғылыми-зерттеу бөлімшелері мен лабораториялары – барлығы 55 ғылыми мекеме бар.

Академияның ғылыми мекемелерінде Қазақ ССР Ғылым академиясының 39 академигі (олардың екеуі СССР Ғылым академиясының толық мүшелері), 35 мүше-корреспонденті, 98 ғылым докторы және 517 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Академия кадрларының жалпы құрамы 500 адамға жуық, олардың ішінде 1700-ден астамы ғылыми қызметкерлер.

Республикамызда ғалым ұлт кадрларының өсіп жетілуі Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының даналығының айқын айғағы. Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылым докторы және ғылым кандидаты дәрежесіндегі қызметкерлерінің 30 проценттейі қазір қазақ ғалымдары. Олардың ішінде СССР Ғылым академиясының 1 толық мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясының 29 академигі мен корреспондент-мүшесі, 27 ғылым докторы және 153 ғылым кандидаты бар.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары КПСС пен ҚКП-нің съездері мен пленумдарының СССР және Қазақ ССР үкіметтерінің республикамыздың экономикасы мен мәдениетін өркендету жөніндегі шешімдеріне сәйкес жасалады. Академияның жүргізетін ғылыми жұмысының негізгі мазмұны республикамыздағы алуан түрлі табиғи байлықтарын зерттеу және игеру проблемаларына арналған. Сондықтан академияның ғылыми күштері мен материалдық қаражаттарының дені осы мақсатқа жұмсалады.

Академия жыл сайын ірі экспедициялық зерттеулер жүргізіп отырады. 1959 жылы Қазақстан даласында 204 экспедиция отряды жұмыс істеді, 1960 жылы 250-ден аса экспедиция отряды жіберілді.

Академияның ғылыми ірі табыстарға ие болғандығына және оның кадрларының ғылым жолында өсуіне оларға В.И. Ленин, И.В. Сталин атындағы сыйлықтар беріліп, Қазақ ССР-не еңбек сіңірген ғылым қайраткері деген құрметті атақтың берілуі айғақ болады. Қазір академия ғалымдарының ішінде Лениндік сыйлықтың 10 лауреаты, Сталиндік сыйлықтың 14 лауреаты, Қазақ ССР-не еңбек сіңірген 33 ғылым қайраткері бар.

Академияның өндіріс орындарымен, СССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелерімен және Одақтас республикалардың Ғылым академияларымен өзара творчестволық байланысы күн санап ұлғайып келеді. СССР Ғылым академиясының біздің академиямызға үзбей көрсетіп келе жатқан үлкен көмегін айрықша айтуымыз қажет. Мысалы, 1959 жылдың аяғында СССР Ғылым академиясының вице-президенті академик А.В. Топчиев бастаған аса көрнекті ғалымдар Қазақстанға келіп, Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми жұмысымен жете танысып,

бірсыпыра ұсыныстар жасады. Республикамызда өндіргіш күштерді дамыту, техникалық прогресті күшейту Советтік Қазақстанның мәдениетін өркендету жолында Қазақ ССР Ғылым академиясы теориялық, практикалық маңызы зор ірі ғылыми жұмыстар атқарып келеді. Төменде солардың тек кейбіреулерін қысқаша сипаттап өтпекшіміз.

Академияның *геологтары* республикамыздың ұлан-байтақ территориясының геологиялық құрылысы мен минерал байлықтарының жаралу ерекшеліктерін зерттеу үстінде. Қазақстан мен СССР көлемінде басты орын алатын Жезқазған, Қоңырат сияқты көптеген ірі кен орындарды алғаш ашқан және оларға дұрыс өндірістік баға бергендер де солар.

Қазақстанның геологтары геология ғылымының жаңа саласы – кен ошақтарының Орталық Қазақстанда жаралу, орналасу заңдылықтарын ашатын металлогениялық карта жасады. Бұл кен іздеу, кен зерттеу жұмыстарын дұрыс бағытта ұтымды түрде жүргізу үшін аса маңызды ғылыми еңбек болып шықты. Осы жұмысты орындаған Қазақстан геологтарының бір тобына Лениндік ғылыми сыйлық берілді.

Осы металлогениялық картаны пайдалану арқылы Орталық Қазақстанда темір, қорғасын сияқты қара, түсті және сирек кездесетін белгілі көптеген кен орындар табылды, бұрынғы көп кен орындардың өндірістік перспективасы қайта қаралып, дұрыс бағаланады.

Академияның геофизиктері Жезқазғанның аса тереңдіктегі құрылысын зерттеу, Орталық Қазақстан жерінде 20-30 километр тереңдікте жатқан Мохоровичич шегіне дейін жер қабығы құрылысына терең сейсмикалық зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Осы ұлан-байтақ аудандарда жатқан түрлі металл кендерінің орналасу заңдылықтарын ашуда, олардың прогнозын жасауда бұл жұмыстың маңызы өте зор.

Республикамыздағы аса маңызды өндіріс орындарының және күрделі ауыл шаруашылық аудандарының жерасты суын зерттеу жолында академияның гидрогеологтары көп жұмыс жүргізді. Қазір игерілген ұлан-байтақ тың және тыңайған жерлердегі жерасты суының карталары жасалды, Каспий бойының, Маңғышлақтың, Сырдария өзенінің төменгі сағаларының, Жезқазған, Павлодар төңірегінің, Балқаш маңайының т.б. аудандардың су ресурстары зерттелді. Қазақстандағы артезиан суының прогноздық картасы жасалды. Мұның масштабы – 1:1500000.

Академия *кеншілерінің* өндіріс адамдарымен бірігіп жүргізілген зерттеулерінің арқасында ықтиярсыз және табиғи жолмен кен қопарудың жаңа жүйелері жасалып, оларды қолдану себепті еңбек өнімділігі 2-2,5 есе артты.

Өндіріс адамдарымен бірлесе отырып, бұрғылаудың өнімділігін төрт есе арттырып, жұмыстың өзіндік құнын 2 есе кемітетін жаңа бұрғылау агрегаты жасалды.

Жезқазғанның өндіріс мамандары жобалау мекемелерімен бірлесе отырып, жер астынан кен шығарудың жаңа технологиясын жасады. Бұл технология бойынша өндіріс процесінің барлық буындарында өздігінен

жүретін аса өнімді механизмдер қолданылады. Жаңа технология қазір Жезқазған руднигінде іске асырылуда. Жаңа технологияға көшу арқылы Жезқазған руднигі жер астындағы жұмысшылардың еңбек өнімділігін үш есе арттырып, кен қазуға жұмсалатын негізгі қаржыны 400 миллион сом мөлшерінде кемітпекші, рудникке жыл сайын 100 миллион сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік бермекші. Келешекте жер астынан кен шығарудың бұл жаңа технологиясы Қазақстан мен СССР-дің барлық ірі рудниктерінде қолданылмақ. Сөйтіп, үкімет қаржысы көп үнемделмек.

Жезқазған рудаларының құрамындағы барлық бағалы заттарды толық түрде пайдалану проблемасын шешуде Академияның *металлургия* жасап жатқан кенді коллективтік флотациялау, одан кейін концентраттарды гидрометаллургиялық жолмен өңдеу схемасының маңызы зор. Бұл схема Жезқазған рудаларындағы барлық пайдалы заттарды айырып алумен қатар, елімізге ең арзан электролиттік мыс өндіруге мүмкіндік береді.

Өндіріс мамандарымен күш қоса отырып Шымкент қорғасын заво­дында және Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында кадмий, талий, селен сияқты пайдалы заттарды айырып алу ісі жүзеге асырылды.

Никель және кобальт өндірісін дамытуда кенге фосфорит қосып кс­лородпен үрлеу сияқты жаңа тәсіл жасалды. Жаңадан табылған бұл тәсіл кен балқытудың қазір қолданылып жүрген әдістерімен салыстырғанда, кендегі никель мен кобальтты айырып алу ісін анағұрлым өнімді етеді. Сонымен қатар керексіз шлактардың орнына фосфатшлак сияқты егіндік жерді тыңайтқыш зат өндіруге мүмкіндік береді.

Донское кеніндегі хромит рудаларының ішінде ұнтақтары болатын. Олар осы кезге шейін пайдаланылмай келетін. Бұл ұнтақ кендерді агломерациялау арқылы пайдалануға болатыны дәлелденді және оларды өндірудің металлургиялық схемасы жасалды. Бұл схема электр пештерінің өндірістік күшін арттыра отырып, Ақтөбе ферросплав заво­дында феррохромның сапа жақтарын көтеруге мүмкіндік береді.

Торғай бокситінен алюминий тотығын (глинозем) айырып алудың жаңадан жасалған сульфид-каустикалық схемасы қазір қолданылып келе жатқан әрі қымбат, әрі қиын процестердің кейбірін қажетсіз етеді. Бұл жаңа схема Павлодарда салынып жатқан алюминий заво­дына жұмсалатын қаржыны 100-150 млн. сом кемітуге және қосымша өнім есе­бінде көптеген ұнтақ темір шығаруға мүмкіндік береді.

Академияның *химиктері* мен *металлургия* тыңайтқыштың жаңа түрін – термофосфатты агломерация жолдары арқылы өндірудің тиімді әдісін тапты. Жаңа тыңайтқышта жай суперфосфатқа қарағанда, фосфор қышқылы көбірек. СССР-дің көптеген зоналық ауыл шаруашылық станцияларында осы жаңа тыңайтқыштың агрохимиялық дәрменін білу үшін жүргізілген сынақтарда термофосфат бірсыпыра ауыл шаруашылық аудандарда суперфосфаттан асып түсетіні анықталды. «Ленгипрохимнің» есебі бойынша, агломерациялық термофосфаттағы фосфор

қышқылының тоннасы жай суперфосфаттағы осындай қышқылдың тоннасынан 310 сом арзанға түспек.

Академияның *химиктері* өндіріс мамандарымен бірлесе отырып, күкіртті натрийді үздіксіз алып отырудың тәсілін тапты және оны Балқаштың мыс балқыту зауытына өндіріс процесіне толық енгізді. Академияның химиктері мен металлургтері өндіріс мамандарымен бірлесе отырып, Қазақстан Магниткасына қажет металлургия коксын Қарағанды бассейніндегі аса қалың «Верхняя Марианна» дейтін көмір қабатынан өндіру жөніндегі зерттеулерді ойдағыдай аяқтап шықты. Олар СССР Министрлер Советінің Қазақстан Магниткасын кокспен қамтамасыз ету үшін Қарағанды көмірінің әртүрлі маркаларын іріктеу және шихталау жөніндегі тапсырмасын да ойдағыдай орындап шықты.

Мыс пен қорғасынды шойынмен цементациялау жөнінде де елеулі нәтижелерге қол жетті. Осының арқасында ол металдарды түсті металлургия заводтарының шлактарынан айырып алу жолдары анықталды. Тазартылу сапасы аса жоғары металдар алуға мүмкіндік беретін амальгам химиясының әдістері де ойдағыдай зерттеліп жатыр.

Қазақстанның бетонит саздарынан әзірлеген мұнай крекингінің жоғары сапасы және тұрақты (стабильді) катализаторлары Гурьевтің мұнай айыру зауытында өнеркәсіптік сыннан ойдағыдай өтіп жатыр.

«Лавсан» дейтін төзімділігі аса жоғары синтетикалық заттар шығаруға, сондай-ақ жылуға төзімді пластмассалар үшін бірсыпыра азотты мономерлер жасауда негізгі шикізат болып есептелетін терефтал қышқылын өндірудің жаңа әдістері табылды. Жер астындағы мұнай және газ трубаларын қаптағанда, оларды тозудан сақтайтын полихлорвиниль атты жаңа материалдар өндірістік сыннан өтті. Жем мұнайының смолалы қалдықтарынан арзан аккумулятор бактарын, су өткізбейтін материалдар және линолеумдер жасауға болатын жаңа полимер өнімдер табылды.

Қазақстанның өсімдік шикізаттарының өндірістік және шипалық қасиеттерін зерттеуге, осының негізінде физиологиялық күшті бірсыпыра дәрі препараттарын жасауда елеулі жұмыстар жүргізілді.

Академияның *энергетиктері* өзендердің және егін суаратын каналдардың гидроэнергетикалық күштерін есептеудің жаңа әдістерін тапты, өзендерді толық түрде пайдалану жолдары, олардың су-энергетикалық кадастрлары жасалды. Су электр станцияларының ең тиімді параметрлерін бағалау әдістері белгіленді.

Академияның энергетиктері мен геологтары Москвадағы С.Я.Жук атындағы «Гидропроект» институтымен біріге отырып, Ертістің бір тарауын Орталық Қазақстанға бұрып ағызудың ғылыми негіздерін зерттеп шықты. Осы зерттеу арқасында Ертіс-Қарағанды каналының құрылысы жүзеге асырылмақшы.

Академия энергетиктерінің зерттеулері негізінде Іле өзенінде республикамыздың астанасы Алматы қаласының болашақ энергетикалық

базасы – Қапшағай су-электр станциясын салу мәселесі ұсынылып отыр.

Академияның энергетиктері мен металлургтері өндіріс мамандарымен бірлесе отырып жаңадан ашқан циклонды энергометаллургиялық процестің халық шаруашылығы үшін маңызы орасан зор. Қазір бұл жаңа әдіс Балқаштың кен-металлургия комбинатында сульфид мыс концентраттарын балқыту жолында өндірістік сыннан ойдағыдай өтті. Қазіргі кезде Балқаш заводының мыс балқытатын пештеріне осы жаңа әдісті пайдаланудағы өндірістік жобалар аяқталып келеді. Полиметалл рудаларының концентраттарын қорыту, цемент клинкерін жасау, фосфорит тау жынысынан магнезиал фосфаттар алу үшін де циклон әдісінің аса тиімділігі лабораториялық зерттеулерден көрініп отыр.

Академияның энергетиктері индустриялық электромикромметр дейтін жаңа аспап жасап, оны Балқаштың түсті металдар прокаты заводында іске қосты. Бұл аспап металды жұқалайтын прокат станоктарына орнатылып, лентаның қалың-жұқалығын автомат түрде үздіксіз бақылап отырады.

СССР-дің Европалық бөлігінің, Сібір мен Орта Азияның бірыңғай энергетика системаларының арасын қосатын Қазақстан ЕЭС-нің алғашқы жобасы жасалып бітті. «Қазақстанның энергетикасы» деген монография басылып шықты, онда республикамыздағы энергетика ресурстарының саны мен сапасы сипатталған және осыған сәйкес бүкіл Қазақстан энергетикасын дамытудың ғылыми негіздері көрсетілген.

Мұнай өндіру ісін күшейту жолында су-газ репрессиясы дейтін жаңа әдіс табылды. Бұл әдіс жер қыртысының мұнай шығарғыштығын 15 процент арттырады. Сондай-ақ мұнай скважиналарынан атқылап жатқан газ фонтандарының қуатын пайдалану, скважиналарды бұрғылау техникасын тездету т.б. жолдарда түрлі әдістер табылды.

Космогония проблемаларын шешуде газ-тозаң тұмандықтарының, олардың структуралары мен физикалық жағдайларын, атмосфера оптикасын зерттеуде, Жердің жасанды спутниктерін бақылау және фотоға түсіруде академияның астрофизиктері зор табыстарға жетті.

Академияның физиктері ядро спектроскопиясы, ядро резонансы, космос сәулелері және рудалардың спектроскопиясы салаларында құнды зерттеулер жүргізіп жатыр. Физиктер жарыққа шығарған «Элементтердің спектр линияларының атласы», «Темірдің жабайы және ұшқынды спектрінің атласы» тағы басқа кітаптары тек СССР-де ғана емес, шетелдерде де кеңінен мәлім болды.

Академияның математиктері мен механиктері шахталардағы тас жарқабақтарының тұрақтылық шарттарын, кен тастарының кернелу динамикаларын зерттеу жолында практикалық мәні бар жұмыстар істеді.

Тың және тыңайған жерлерді зерттеп, игеру жөнінде академияның топырақтану мамандары зор ғылыми жұмыстар жүргізді. Қызылорда

алқаптарын суландыру және Сырдарияның төменгі сағаларын игеруді жобалауда да олардың еңбектері көп.

Академияның топырақ зерттеуші ғалымдары республиканың ауыл шаруашылығын әр ауданның табиғи жағдайларына сәйкес жүргізудің жолдарын жасауға белсене қатысуда. Қазіргі кезде игеріліп болған жерлерді дұрыс пайдалану, оның құнарлылығын арттыру тәсілдері жөнінде, топырақты эрозиядан қорғау, сортаң жерлерді мелиорациялау жаһында тұрақты зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Академияның ботаниктері Қазақстандағы өсімдіктердің гербарийін жасады. Бұл СССР-дегі ең ірі гербарий қорларының бірі болып шықты. Қостанай, Қызылорда облыстарының, Бетпақдала шөлінің, Каспий ойпатының және Қарағанды облысының геоботаникалық карталары жасалды. Гурьев, Батыс Қазақстан, Алматы және Қызылорда облыстарының малға азық болатын шөптерінің карталары жасалды. «Қазақстан флорасы» деп аталатын монографияның үш томы баспадан шықты.

Қазақстанда бидайдың жаңа сорттарын жасау және басқа да түрлі дақылдардың өнімділігін арттыру, олардың қуаңшылыққа және сортаң жерге төзімділігін күшейту саласында да елеулі нәтижелерге қол жетті. Жаздық бидайдың «Джезказганка» деп аталатын қуаңшылыққа төзімді жаңа сорты шығарылды. Қазір ол мемлекеттік сорт сынағынан ойдағыдай өтуде.

Ботаниктер республикамыздың түрлі аудандарында өсіру үшін ағаш-бұталардың 450-ден астам жаңа түрлерін, гүлді өсімдіктердің 500-ден астам түрлері мен сорттарын, жеміс өсімдіктердің 150-ден астам түрлері мен сорттарын ұсынып отыр.

Академияның зоологтары Қазақстанда ондатраны жергілікті жердің ауа райына бейімдеп өсіру жөнінде зор жұмыстар істеді. Бұл аңның терісінен алынатын пайда қазір республикамызда дайындалатын басқа аңдардың терілерінен әлдеқайда артық. Балқаш көлінде Аралдың бекіресі, көксеркесі, табан балығы, Зайсан көлінде, Қарағанды мен Жезқазғанның жасанды көлдерінде сазан, тағы басқа бағалы балықтар өсіріле бастады. Адам мен малға зиянды паразиттерді, олардың табиғи ошақтарын зерттеу де, адамдар мен малдардың гельминттен, бруцеллезден, энцефалиттен т.б. аурулардан сақтану және сауықтыру жолдарында да елеулі табыстар бар.

Академияның микробиологтары «актиномицин К» деп аталатын жаңа антибиотик тапты. Мұны жамандат ауруын емдеуге және түрлі тері ауруларына қарсы қолдануға болады. Жаңадан бактериялы сүрлем ашытқылары ұсынылып, олар қазір республикамыздың бірсыпыра колхоздары мен совхоздарында қолданылып келеді. Картоптың фузариоз салдарынан солуына және шіруіне, капустаңның шырышты бактериозына қарсы күресудің микробиологиялық әдістері табылып, ол егіс даласы жағдайында сынақтан өтті. Өсімдіктердің вирустік ауруларға шалдығуын зерттеу жұмыстары басталды.

Академия физиологтары қанның денеде айналысы жөнінде жүргізген зерттеулерінің мәні зор. Біздің физиологтар тапқан шок науқасты адамға беретін жаңа дәрісі қазір Совет Одағы мен шетелдердің клиникаларында кең қолданылып келеді.

Академия физиологтары тапқан силикозға қарсы қолданылатын комплексті әдісі де болашағы зор жаңалық болып отыр. Бұл әдіс қазір Қазақстанның рудниктерінде клиникалық сыннан өтуде. Малдардың асқазаны мен емшек бездерінің физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу жөнінде де елеулі нәтижелер табылды.

Академияның ғалым-медикитері өлкелік патология жөнінде, атап айтқанда, бруцеллезді, лептоспирозды, силикозды, қорғасыннан улануды, өндірістік зақымдануды, зоб ауруларын емдеу жөнінде маңызды зерттеулерін аяқтады. Академия медикитері әзірлеп шығарған лептоспир штамдары қазір СССР-де жаппай қолданылып отыр.

Республикамыздың курорт ресурстары да зерттелуде. Сарыағаш, Аяққалқан минералды суларының басына курорттар салу жайында ұсыныстар енгізілді. Рак ісіктері, сүйек және без туберкулездерін емдеу саласында да зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Академия ғалымдары қоғамдық ғылымдар саласында да көлемді жұмыстар істеді. Оның ішінде «Қазақ ССР тарихының» I және II томдары сияқты маңызды еңбектерді атап өтуге болады. Бұл еңбек Қазақстанның ерте замандардан бастап, КПСС-тің XXI съезін қоса, біздің заманымыздағы дәуірді қамтиды. Бұл еңбектің Советтік Қазақстанның тарихын қамтитын II томы – еліміздегі Одақтас Советтік Республикалардағы социализм орнату тарихын зерттеу жолында СССР-дегі алғашқы тәжірибелердің бірі. Академия қазақтың атақты ғалым-ағартушылары Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің «Таңдамалы шығармаларының» тексерілген текстерін басып шығарды. Қазақстанның тұңғыш Археологиялық картасы баспаға әзірленді.

«Қазақ эпосы» орыс және қазақ тілдерінде шыққан, «Қазақ ертегілері», «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі», атақты ақындар Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин тағы басқалардың шығармалары жеке кітаптар түрінде жарияланды. Қазақстандағы әдебиет танудың, тіл білімінің, философияның, правоның, экономиканың, өнердің түрлі проблемалары жөнінде бағалы еңбектер жарияланды. Олардың кейбіреулері қазір қытай тілінде, социалистік лагерь елдерінің басқа халықтарының да тілінде жарыққа шықты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының соңғы жылдар ішіндегі өмірінің кейбір негізгі қорытындылары осылар. Мұның бәрі біздің республикамыздың жағдайында совет ғылымын ілгері дамыту жолында Қазақстан Ғылым академиясының орындаған жұмыстарының айқын айғағы екені сөзсіз. Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясы еліміздегі күн санап өсіп келе жатқан одақтас республикалар академиялары ішінде құрметті орынға ие болып отыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының келешектегі жұмысының бағыты мен міндеттері

Үстіміздегі жетіжылдықта Қазақ ССР Ғылым академиясын дамытудың жоспары Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезінің шешімдеріне сәйкес жасалды. Қазақстанда өндіргіш күштерді дамытудың съезд белгілеген қарқыны орта есеппен СССР бойынша белгіленген мөлшерден анағұрлым жоғары екені мәлім. Өнімдердің аса маңызды түрлерін, әсіресе, түсті және қара металды, сирек және шашыраңқы элементтерді, көмір мен мұнайды, химия мен энергетиканы, астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде, металл өндіру мен машина жасауда Қазақ ССР-нің үлесі жылдан-жылға өсе бермекші.

Республика экономикасының алдағы уақытта алып адыммен өрге басуы Ғылым академиясының алдына халық шаруашылығының барлық саласында техникалық прогресті қамтамасыз ету жолында әрі үлкен, әрі жауапты міндеттер қояды. Академия Қазақстанның табиғат байлықтарын зерттеу қарқынын бұдан былайғы уақытта да шұғыл күшейте отырып, ол байлықтарды дұрыс пайдаланудың тиімді жолдарын табуға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің ХХІ съезден кейін өткен пленумдары техникалық прогрестің негізгі мақсаты өндірістік процестерді комплексті түрде механикаландыру мен автоматтандыру болу керек деп атап көрсетті. Осымен байланысты академия, ең алдымен ауыр өндірісті комплексті түрде механикаландыру мен автоматтандыру жөнінде зерттеу жұмыстарын мықтап қолға алмақшы. Бұл зерттеулер физиканың, математиканың, механиканың, сондай-ақ техникалық ғылымдардың жаңа тараулары болып табылатын радиотехниканың, автоматиканың, электрониканың, тағы басқаларының табыстарына сүйене отырып жүргізілмекші. Геология, кен істері, байыту және металлургия, химия әсіресе полимерлер химиясы, геохимия, энергетика, геофизика мен сейсмология, биология мен медицина, гуманитарлық ғылымдардың Қазақстан жағдайында өндіріс, мәдениет және коммунистік құрылыс орнату проблемаларын зерттейтін тараулары да одан ары дамытыла бермекші.

Қазақ ССР Ғылым академиясының үстіміздегі жетіжылдық ішіндегі жұмысының аса маңызды ғылыми бағыты мен проблемалары.

Физика-математика ғылымдары саласында: ядролық физика; реактордегі эксперименттік зерттеулер; физикада, техникада, геологияда, химияда, биологияда, медицинада изотоптарды қолдану проблемалары; жоғары энергиялы бөлшектер физикасы, спектроскопия, қатты денелер физикасы, астрофизика, есептеу техникасы, математика мен механика.

Геология ғылымдары саласында: республика жерінің геологиялық құрылымының заңдылықтары, металлогения, басты кендердің прогноз карталарын жасау; тереңдіктегі құрылымдар мен кен шығатын негізгі

аудандарды геофизика әдістерімен зерттеу; мұнайдың, табиғи газдардың, кен байлықтарының геологиясы; гидрогеология мен инженерлік геология, геофизика мен сейсмология.

Техника ғылымдары саласында: ауыр өнеркәсіптің өндірістік процестерін механикаландыру және автоматтандыру, кен қазбаларды игеру, кендерді байыту және қорыту жолдарының пайдалы тәсілдерін табу; руда шикізатының құрамындағы барлық бағалы қоспаларды толық түрде айырып алып, энергетиканы дамытудың ғылыми негіздері.

Химия ғылымдары саласында: жоғары молекулалы қосылыстар, республикамыздағы мұнай, табиғи газдар, коксхимия және өсімдік шикізаттарынан алынатын мономерлер; полимерлердің құрылысы мен қасиеттері; түсті және сирек кездесетін кендерді алудың электрхимиялық әдістері; фосфорит, борат сияқты минерал тұздарды зерттеу және пайдалану әдістері; биологиялық жағынан активті табиғи қосындылардың химиясы; катализ және физикалық-химиялық анализдің негіздері.

Биология және медицина ғылымдары саласында: топырақтың шұрайлылығын сақтау және оның құнарлылығын одан ары арттыру; эрозияға және топырақтың сортаңдануына қарсы күрес; сортаң жерлерді пайдалану; фотосинтез; табиғаттағы микроорганизмдер; оларды табудың және халық шаруашылығында пайдаланудың жолдары; адамда, малда және өсімдіктерде болатын вирусты аурулары; адам мен малдың физиологиясы, өлкелік, кәсіптік аурулар және олармен күресу шаралары, курортология, радиобиология, радиомедицина.

Қоғамдық ғылымдар саласында: социализмнен коммунизмге өту заңдылықтары; Қазақстан халық шаруашылығының түрлі салаларын орналастырылу, даму жолдары; еңбек өнімділігін арттырудың, халық шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын арзандатудың жолдары; Қазақстанда социалистік және коммунистік құрылыс орнатудың тарихы; әдебиеттің, тілдің, өнердің, правоның проблемалары.

Қазақ ССР Ғылым академиясының барлық ғылыми күштері мен қаржысының жартысынан көбі үстіміздегі жетіжылдықта ауыр индустрияға, әсіресе кен өндіру, металлургия, химия, отын өнеркәсібі мен энергетика саласында республикамыздың алдында тұрған міндеттерді дұрыс шешу мақсатына пайданылмақшы.

Академия геологтарының күш-жігері республика территориясының геологиялық құрылысын зерттеп білуге, ауыр өнеркәсіпке қажет минерал шикізат базасын ұлғайту мақсаты мен кен қазбалардың жаралу заңдылықтарын анықтауға жұмсалады.

Академияның гидрогеологиялық зерттеулерінің де маңызы зор. Астық және мал өсіретін совхоздар қоныстаған, кен шығарылатын ірі өндірісі бар аудандардағы жерасты суының картасы жасалады.

Ғылым академиясы республиканың кен және көмір өндірісін одан ары өркендетуге байланысты елеулі зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр. Бұлардың ішінде кен қазуда жоғары өнім беретін жаңа системалар

мен құрал-жабдықтарды табу, оларды өндіріске енгізу, кен шығарудың ең прогрессив әдістерін табу, кен жұмысшыларының денсаулығына қолайлы жағдайлар туғызу мәселелері бар. Жезқазған шахталарында өздігінен жүретін бұрғы қареткасы, экскаватор, транспорт машиналарын қолдану арқылы кен өндіруде жоғары өнім беретін жаңа әдістер жүзеге асырылмақшы.

Кенді ашық карьерлерден шығару жолындағы зерттеулер де үлкен орын алмақ. Көмір шығаруда, темір және мыс рудаларын қазып алуда (Екібастұз көмір бассейні, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты; Үлкен Жезқазған т. б.) кенді ашық карьерлер арқылы шығару жолы қазірде де кеңінен қолданылып келе жатқан тәсіл.

Жемнің мұнайын игерудің тиімді әдістерін табу, мұнай скважиналарын бұрғылаудың әдістерін жетілдіру жолдары да жоспарда бар.

Металлург-ғалымдарымыз полиметалл, мыс және темір рудаларындағы барлық бағалы қоспаларды комплексті түрде айырып алу жолдарына, өндіріске жаңа техниканы көбірек ендіруге баса назар аудармақшы. Басты бағыттардың бірі Қазақстан рудаларын байытудың дұрыс схемасын жасау болып отыр. Бағалы қоспаларды ешбір ысырапсыз айырып алуды түсті, сирек кездесетін металл рудаларын ең тиімді жолмен өңдеуді қамтамасыз ететін жаңа схемалар жасау жобаланып отыр. Түсті және қара металдар, сирек және шашырыңқы элементтерді айырып алудағы гидро-, пиро-, электрметаллургиялық процестерді жетілдіру жөніндегі зерттеулер ғылыми жұмыстардың жоспарында көрнекті орын алады.

Қостанай облысындағы Лисаков пен Аяттың темір кені де айрықша назар аударарлықтай. Бұлардың қорының молдығы сонша, олар бірнеше ірі заводты шикізатпен қамтамасыз ете алады. Бұл рудалардан шойын және болат қорытып алудың ең тиімді әдісін таңдап ала білу біздің ғалым-металлургтеріміздің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Болатты асылдандыратын металдарды игеру жөніндегі зерттеулерге де айрықша көңіл бөлінуде. Бұлардың, әсіресе ванадийдің, вольфрамның, хромның Қазақстандағы қоры өте мол.

Химия саласындағы зерттеулер химия өнеркәсібін дамытуға, әсіресе синтетикалық материалдарды мол шығаруға бағытталуда. Мұндай материалдардың шикізаты есебінде мұнай айыру заводтарының, Қарағанды металлургия комбинатының қосымша өнімдерін, қоңыр көмірді, жанғыш сланецті, Урал-Жем мұнай-газ бассейнінің табиғи газдарын пайдалануға болады.

Академияның химиктері орындайтын жұмыстардың басты бағыттарының бірі минерал тыңайтқыштардың жаңа түрлерін табу, сол сияқты магний, сульфат т.б. табиғи тұздарды пайдаланудың ұтымды әдістерін зерттеу. Мұнай мен тұздар республикамыздың территориясынан көптеп табылады. Мұнай смолаларының құрылысын және сол смолалардан әралуан пластмассалар өндіруге қажет заттар алуды зерттеу жұмыстары

да едәуір ұлғайтылмақшы. Сонымен қатар, арзан көмірлерден металлургия мен энергетикаға жарамды отын дайындаудың, Қарағанды көмірін Майкөбе мен Құсмұрынның қоңыр көмірлерімен араластырып, солардың қоспасынан металлургияға жарамды кокс алудың, кокстелетін немесе жартылай кокстелетін көмірдің сұйық және газ түріндегі өнімдерінен әралуан құнды синтетикалық материалдар жасау жолындағы мүмкіндіктері де зерттелмек.

Энергетика жолында ең ірі ғылыми проблемалардың бірі – Қазақстанның бірыңғай энергетикалық системасының ғылыми негіздерін жасау. Бұл система энергетика ресурстарының алуан түрлерін есепке алады, қамтиды, сол арқылы электр қуатын молайтып, республикадағы энергетикалық базаларда толық, икемді және үнемді түрде пайдалануға жол ашады.

Сібір өзендерін батысқа бұрып Қазақстанды сумен қамтамасыз ету жөнінде де кең зерттеулер жүргізілмекші. Республикамыз үшін бұл жұмыс өте қажет, өйткені Қазақстанның кейбір аудандары минерал ресурстарға өте бай бола тұрса да, су ресурстары өте тапшы. Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясы мен С.Я.Жук атындағы «Гидропроект» институты жасаған жобасы негізінде Ертіс-Қарағанды каналын салу мәселесі іс жүзіне асырылады.

Академияның экономистері алдында да зор жұмыстар тұр. Олар жаңа ауыр өнеркәсіп орындарының құрылатын жерлерін жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізудің экономикалық ең тиімді жолдарын, өндірістегі резервтерді табу т.б. жұмыстарды орындамақшы.

Қазақ ССР Ғылым академиясының физика-математика, медицина, биология және гуманитарлық ғылымдарының зерттеу жұмыстары жоғары өрістетіле бермекші. Әсіресе, ядролық физика, электроника, автоматика сияқты ғылымның тараулары күшті қарқынмен дамымақ.

Келешекте де Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің зерттеулерін бұрынғы салт бойынша Қазақстанның өнеркәсіп орындарында істейтін инженер-техниктермен, озат жұмысшылармен тығыз байланыста отырып жүргізбекші. Республикамыздың экономикалық маңызды аудандарындағы негізгі өндіргіш күштерді дамыту проблемаларын талқылауға арналған сессияларын академия мұнан былай да халық шаруашылық советтерімен бірлесе отырып жүргізбекші. Осының бәрі ғылым мен өнеркәсіп орындарының арасындағы байланысты күшейтіп, ғалымдар ұсынған түрлі жаңалықтар республикамыздың халық шаруашылық советінің жүйесінде іс жүзінде тез орындалу жағдайын жеңілдетеді. Советтік Қазақстанның 40 жылдық мерекесі кезеңінде, Қазақ ССР Ғылым академиясының кейбір басты табыстары мен міндеттерінің жайы қысқаша айтқанда осылар.

* * *

СССР Жоғарғы Советінің 1957 жылғы ноябрьде болып өткен мерекелік сессиясында жасаған баяндамасында Н.С.Хрущев жолдас Қазақстанға «Совет Одағындағы табиғат байлықтарының таусылмас қазынасы» деген атақ берген еді.

Бұл атақтың дұрыстығын мынадан көруге болады: геологиялық тұрғыдан әлі толық зерттеліп жетпеген қазіргі күннің өзінде де Қазақстан мыстың, қорғасынның, мырыштың, кадмийдің, күмістің, хромның, ванадийдің, вольфрамның, молибденнің, фосфориттің, минерал тұздардың және басқа көптеген сирек, бытыраңқы түрде кездесетін металдардың запасы жағынан СССР бойынша ең жоғары орын алды. Темірдің, алюминийдің, никельдің, кобальттың, марганецтің, көмірдің, асбестің және тағы басқа пайдалы кендердің запасы жағынан Қазақстан Совет Одағы бойынша алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр. Мұнай, табиғи газ, жанғыш сланец ресурстарының потенциалы да мейлінше зор.

Орасан зор минерал байлықтарды екпінді түрде пайдаланудың нәтижесінде Қазақстан қазірдің өзінде еліміздегі ең қуатты индустриялы орталыққа айналып отыр. Мұндай ұлы тарихи өзгерістерді жасауға Қазақстан ғалымдарының да сіңірген еңбегі зор.

Қазақстан ғалымдары, Қазақ ССР Ғылым академиясы өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын әрқашан республикамыздың табиғи байлықтарын зерттеуге, оларды өндіріс жүзінде толық пайдаланудың жолдарын ашуға, сондай-ақ ғылым мен өмірдің өзара байланыс жасап, ұласатын мәселелеріне арнап жүргізіп келеді. Бұл жұмыстардың арқасында республиканың өндіріс өміріне беретін үлесімен қатар, Қазақстан ғалымдары ғылымға да мол табыс қосып келе жатыр.

Республикамыздың сарқылмас табиғат байлықтарын одан ары аша беру, оларды коммунизм орнату ісіне ұтымды түрде пайдалану үшін ең алдымен ғалымдар, жұмысшылар, инженерлер – ой еңбегі мен қол еңбегінің қайраткерлері бірлесіп, ынта-жігерін аямай жұмыла бірлесіп өнімді жұмыс етуі тиіс.

Бұл істе, әсіресе Қазақ ССР Ғылым академиясы ғалымдарының атқаратын рөлі өте зор, өйткені біздің академия республикамыздағы советтік озат ғылымның жауапты штабы, кіндігі.

Қазақстан ғалымдары Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Совет үкіметінің дана басшылығына, күнделікті қамқорлығына және көмегіне сүйене отырып, алдарына қойылған зор тарихи міндеттерді абыроймен орындап шығатынына сенім зор.

ЕҢБЕКТЕ ШЫҢДАЛ

Мен КПСС XXI съезінде сөйлеген сөзімде еліміздің жігерлі де еңбекшіл жастарын біздің Қазақстанның қыруар қазынасына қол салып қопарып, ел игілігіне жұмсауға шақырған едім. Шынында, біздің республикамыздың геологиялық картасынан Менделеев таблицасындағы барлық элементтерді кездестіруге болады.

Бір ғана Жезқазғанды алайықшы. Дүниежүзінде ондағы мыс кеніне сапа жағынан да, қор жағынан да еш теңдесі жоқ.

Міне, осы қазынаны игеруге Қазақстанға Ленин комсомолының жалынды ұлдары мыңдап, он мыңдап келіп жатыр. Жетіжылдықтың алып құрылыстары қанат жайды, жаңа заводтар түтін түтетті. Сол жас жұмысшылардың, құрылысшылардың ішінен республикамыздың ұл-қыздарын, қазақ жастарын көбірек көрсек деген тілегіміз бар. Өйткені, бүгінгі ұрпақ үшін завод цехындағы, шахта лавасындағы, құрылыс алаңындағы еңбек – шапшаң да шынайы шынықтыратын мектеп. Біздің ғылым да өзіне қажет нәр-сәлді завод, рудник, құрылыс ортасынан табады, өзінің кадрларын еңбекте шыныққан, өндірісті басынан кешірген адамдардың арасынан алады. Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін керек, қол мен ой қимылы қажет.

Менің сендерге айтарым: біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр. Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.

ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ИГІЛІКТІ БОРЫШЫ

Совет интеллегенциясы бұқарамен тығыз байланыс жасай отырып, Отанымыздың дамуына шексіз беріле қызмет етуде, жаңаның бәрін сергек және қызу сезімталдықпен қабылдау ісінде әрдайым көзге түсіп келді және қазір де осы қасиетімен көзге түсуде. Ғалымның тапқыр ойын, композитордың, жазушының, суретшінің творчестволық ізденулерін қоғамдық игілікті мақсаттар жігерлендіріп отыр. Дүниежүзіндегі ең озат советтік ғылымның табыстарын еселей түсу, еңбекшілердің күнделікті қаһармандық істерін көркем жарқын бейнелер арқылы суреттеу, замандастарымызды Отанымыздың даңқын арттыра түсу мақсатында жаңа істерге шақырып отыру – біздің еңбегіміздің жоғары дәрежелі мазмұны мен міндеті нақ осында болып отыр.

Ғылыми және творчестволық интеллигенция жас ұрпақты өмірге, еңбекке даярлау, жас ұрпақтың дүние тану көзқарасын, мәдениетін, оның эстетикалық талғамдарын қалыптастыру ісінде аса зор рөл атқара алады және атқаруға тиіс те деген ой – міне осы ой республика мұғалімдерінің үшінші съезінің мінбесінен барынша пәрменді естілді. Ғалымдар, жазушылар, актерлер, музыканттар, суретшілер балаларды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде мектепке күнделікті көмек көрсете алады және көрсетуге тиіс те.

Жолдастар, біздің мектепке деген жолымыз – мұның өзі әсемдіктің, сәулеттінің, ақылға сыйымдының бәріне құштарлана ұмтылып отыратын балалардың ақыл-ойы мен жүрегіне бастайтын жол. Біз педагогтармен бірлесе отырып, кемеліне келе жетілген, тереңнен ойлайтын, өмір құбылыстарын талдай және қорыта білетін, өмір мен өнердегі асыл нәрселерді бағалап, оларға құмарта білетін жан-жақты дамыған адамды тәрбиелейтін боламыз.

Мектеп біздің алдымызға қызмет ету арнасын кең ашып отыр. Көпшілікке арналған ғылыми тақырыптарға лекциялар оқу, көркемөнерпаздар үйірмелеріне басшылық ету, тақырыптық кештер ұйымдастыруға көмек көрсету, ғылымның ең жаңа жетістіктерін, әдебиет пен өнердің таңдаулы шығармаларын насихаттау, жастарды шын мәнісіндегі әсемдікті үстірт және жалған көріністерден ажырата білуге үйрету – міне, осы жұмыстардан қызықты, бұдан игілікті не бар?

Сіздерге осы үндеуді жолдай отырып, біз қазірдің өзінде бастама істеліп, алғашқы қадамдар жасалғанын қанағаттанып атап өтеміз. Мысалы, Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтының коллективі Алматының № 40 және № 42 мектептеріне қамқорлық жасауда. Ғылыми қызметкерлер оқушылардың туған өлкенің шексіз байлықтарын тереңірек білуіне көмектесіп, балаларға тарту ретінде мектептің геология музейін әзірлеуде, бұл музейге республикамыздың пайдалы қазбаларының үлгілері қойылатын болады.

Қазақстан Суретшілерінің одағы астанадағы № 14 мектепте бейне-леу өнерінің үйірмесін ұйымдастыруда және мектептің программасына байланысты лекциялар циклін белгілеп, пионерлер үйі жанынан бейне-леу студиясын ашуға, мектептердің сурет галереясын ұйымдастыруына жәрдем көрсетуге ұйғарып отыр. Композиторлар одағы мен Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерватория № 12 және 25 мектептермен, № 1 және № 2 мектеп-интернаттармен байланыс орнатты. Хор факультетінің студенттері осы мектептердің оқушыларымен ән сабақтарын өткізуде. Консерваторияның оқытушылары оқып жүрген музыка теориясы жөніндегі лекциялар жоғары класс оқушылары мен мұғалімдер арасында зор сүйіспеншілікке ие болып отыр.

Балаларға өз білімдерімізді жомарттықпен бере отырып, біз сонымен бірге мектептен өзіміз де творчестволық жұмыстың жаңа қайнар көзін табамыз, адамның мінез-құлқын шыңдаушылардың, еліміздің болашағын, ұрпақтың тағдырын өз қолына алып отырғандардың ғажап еңбегін – мұғалімдердің еңбегін мейлінше толық көріп білеміз.

ҚАЗЫНА ҚОЙМАСЫ – ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Ұлы Октябрь революциясына дейін патшалық Россияның ең артта қалған шет аймақтарының бірі еді. Қазақтар көшпелі өмір сүретін, оның экономикалық және мәдени даму дәрежесі өте төмен болды. Жергілікті өнеркәсібі қолөнермен шұғылданатын ұсақ мекемелерден құрылған. Ал, ауыл шаруашылығында жұмыс жабайы, қарапайым әдістермен атқарылып, оның өнімділігі мардымсыз болатын. Қазақстанның Франция, Германия, Англия, Италия және Япония жерлері кеңінен сиып кететін 2,7 миллион шаршы метрдей көлемді территориясында қатынас транспорты – тек қана жылқы мен түйе болып саналды. Пролетариаттың ұлы көсемі В.И. Лениннің жазғанындай, осынау кең байтақ өлкеде патриархалдық, жартылай тағылық және нағыз барып тұрған тағылық үстемдік етті.

Бұрын бұл өлкені жақсы білем деген адамдардың өздері мұндағы қазба байлықтар қорының қаншалықты зор екендігі жайынан мүлдем бейхабар еді. Геологтардың қажырлы еңбегі игілікті нәтиже берді, олар байтақ қазақ даласында мол минералдық шикізат қорының қыруар көзін ашты. Қазақстанды қазір халқымыз еліміздің сарқылмас байлық қоймасы деп атайды. Менделеев таблицасындағы элементтердің бәрі дерлік біздің жерімізден табылады!

Қазақстан темір, ванадий, қорғасын, мырыш, күміс, кадмий, молибден, вольфрам, калий тұздарының және басқа көптеген кен байлықтардың қоры жөнінен Советтер Одағында көрнекті орын алып отыр. Республикамыздың жер қойнында марганецтің, никельдің, титанның, алюминийдің, көмірдің, мұнайдың, фосфориттің және радиотехникада, электроникада, машина жасауда маңызы зор, сирек және асыл металдардың мол қоры бар.

Бізде темір рудасының Урал мен Украинадан да бай қоры табылды. Олардың бәрі дерлік басты көмір бассейндеріне жақын, негізінен, Қостанай мен Қарағанды облыстарында. Торғай ойпатындағы Аят, Лисаков, Қашар, Қоржынкөл, Соколов-Сарыбай кендерінің дүниежүзілік маңызы зор.

Республикамызды түсті металдар қазынасы деп орынды атайды.

Советтік дәуірде Қазақстан адам танығысыз дәрежеде дамыды. Коммунистік партияның даналық ұлт саясатының нәтижесінде, ұлы орыс халқының және Совет Одағының басқа халықтарының туысқандық көмегімен, қазақтар тарихи қысқа мерзімде өзінің мемлекетін және мәдениетін құрды. Халық шаруашылығының барлық салалары нағыз революциялық түрде өзгертілді. Бұрынғы артта қалған, мешеу, кедей өлке енді, міне, Одақтың гүлденген ең ірі индустриалды-аграрлы республикасы ретінде өзінің даңқты 40 жылдық мерекесін қарсы алып отыр.

* * *

Қазақстан – қазір Советтер Одағындағы ең басты түсті металдар ауданының бірі және Отанымыздың үшінші көмір базасы. Мұнда ауыл шаруашылығын дамытуда да зор табыстарға қол жетті. Талай миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлер көтерілді. Ал, патшалық Россияның кезінде әрбір жүз адамның екеуі-ақ оқып, жаза алатын болса, қазір республика халқы түгелдей сауатты. Қазақстанның екі Ғылым Академиясы, бірнеше ондаған жоғары оқу орындары, жүздеген орта және мыңдаған бастауыш мектептері бар.

40 жыл бойы республикамыздың құлазыған далалары мен таулы аудандарына ірі өндіріс орындары, үлкен-үлкен қалалар салынды. Балқаш, Шымкент, Жезқазған, Қарағанды және Теміртау сияқты жаңа өнеркәсіп алыптары құрылды.

*1925 жылы июльде СССР үкіметі азамат соғысы кезінде жабылып қалған Риддер кенін қайта ашуға қарар жасады. Аса бай полиметалл кен орны іске қосылып, Риддер комбинаты салына бастады. 1927 жылы советтік Риддер алғаш өнім берді.

*1925 жылы Қарсақпай мыс қорыту заводы, Байқоңыр көмір кені, Жезқазған руднигі алғаш қолға алына бастады. Теміржолдан 400 км қашық жатқан кең далада индустрияның екінші бір ошағы орнады. Завод 1926 жылы іске қосылды.

*1925 жылы Ембінің ескі кәсіпшіліктері іске қайта кірісті. Степняк алтын кені өнім бере бастады.

Міне, Қазақстан индустриясының тұңғыш қарлығаштары осылар болатын.

*1927 жылы апрельде Түрксиб теміржолы салына бастады. Бір шеті Семейге, екінші шеті Луговая станциясына тірелетін жолдың ұзындығы 1500 километр еді. Жол салуға берілген мерзім – 5 жыл еді, ол үш жылдың ішінде салынып шықты.

*1930 жылы 28 апрельде Айнабұлақ станциясында екі жол тоғысты.

*1931 жылы 1 майда Түрксиб теміржолында тұрақты жол қатынасы ашылды.

* * *

*1929 жылы Қазақстанда тұңғыш бес МТС құрылды.

Олар – Қостанай облысындағы Жаркөл, Магнай, Озерная, Солтүстік Қазақстандағы Интернационал, Полудин, Алматы облысындағы – Еңбекші қазақ МТС-тері еді.

* 1929 жылы Қазақстанда ең алғашқы совхоздар ұйымдасқан. Олар Қостанай өңіріндегі Федоров, Қарабалық және Кеңарал, Солтүстіктегі – Шағлы, Оңтүстіктегі Мақтарал совхоздары.

* * *

* 1930 жылы Қазақстанда Осы уақытта Ақтөбе химия комбинатының, Шымкент қорғасын заводының, Балқаш мыс комбинатының құрылысы басталды.

* 1931 жылы 15 августа орталық партия Комитеті Қарағанды бассейнін өркендету туралы қаулы шығарды. Сол жылы-ақ 23 шахтаның іргесі қаланып, оның 17-сі көмір бере бастады.

Сөйтіп, Қарағанды қайта туды. Бір жылда бассейн 293 мың тонна көмір өндірді. Бұл капиталистердің 60 жыл бойы өндірген көмірінен 13 мың тонна артық еді!

1931 жылы Петропавл – Қарағанды теміржолы (716 км) салынып бітті.

1934 жылы 20 январь күні Шымкент заводы бірінші қорғасын берді.

1934 жылы еліміздегі ең ірі кәсіпорындардың бірі – Семей ет комбинаты, Гурьевте аса қуатты балық-консерв комбинаты. Жамбылда, Меркеде, Талдықорғанда алғашқы қант заводтары іске қосылды.

1935 жылы Қарағанды – Бертис (Балқаш жағасы) теміржолы салынды.

1938 жылы 24 ноябрьде Балқаш заводы тұңғыш рет мыс берді.

1939 жылы Ақмола – Қарталы теміржолы (805 км) бір жылда аяқталып, іске қосылды.

1939 жылы Қандағаш – Гурьев жолы (517 км) салынды.

1943 жылы 20 январьда Ақтөбе ферросплав заводы іске кірісті.

1944 жылы Алматы ауыр машина жасау заводы; Жезді марганец руднигі өнім берді.

1944 жылы 31 декабрьде – Теміртаудағы қазақ металлургия заводы іске қосылды.

1946 жылы Қаратау химия комбинатының алғашқы кезегі іске кірісті.

1948 жылы Ақмола – Павлодар теміржолының (440 км) құрылысы аяқталды.

1952 жылы декабрьде Қазақстандағы тұңғыш Өскемен ГЭС-і салынып бітті.

1953 жылы Қазақстанды кесіп өтетін Мойынты-Шу (438 км) теміржолы іске қосылды.

1958 жылы июльде Соколов-Сарыбай кені Уралға алғаш руда жөнелтті.

1960 жылы 3 июльде Қазақстан Магниткасының бірінші домнасы алғаш шойын өндірді.

1960 жылы 14 августа Бұқтарма ГЭС-інің алғашқы агрегаты ток берді.

Жезқазғанның мыс рудалары Қарсақпай мен Балқаштың және Уралдың мыс заводтарында қорытылады. Қазіргі салынып жатқан Жезқазған комбинаты біткен кезде, Қазақстан елімізді мыспен қамтамасыз етуші негізгі орталық болмақ.

Батыс Қазақстанда табылған өте сирек кездесетін аса бағалы хром рудасының негізінде Ақтөбе ферросплав заводы істейді. Осы жетіжылдықта Павлодарда да жаңадан ферросплав заводы пайдалануға беріледі.

Республикамызда химия өнеркәсібінің барлық басты салаларын дамытуға қажетті шикізаттар да мол. Қазірдің өзінде минералдық тыңайтқыш жасау үшін жоғарғы сортты Қаратау фосфориті кең пайдаланылуда. Ол – Советтер Одағындағы фосфорит шығатын жерлердің ең ірісі. Осы жетіжылдықта Қаратау рудниктері мен Жамбыл суперфосфат заводының өндірістік қуаты едәуір өседі. Сондай-ақ мұнда күкірт қышқыл өнеркәсібі өрістетіледі.

Біздің республикамызда цемент, шыны және басқа маңызы зор құрылыс материалдарын жасауға керекті минералдық шикізаттар мен асбестің де мол қоры ашылды.

* * *

Бұл сияқты ұшан-теңіз қазына-байлыққа негізделген Советтік Қазақстанның ғылымы да қазір қаурыт өрлеу үстінде. Республика бойынша Ғылым Академиясы, дербес ауылшаруашылық Академиясы, СССР архитектура және құрылыс Академиясының филиалы, 27 жоғарғы оқу орны жұмыс істейді. Қазақстан ғалымдарының зерттеу құлашы кең, бүгінгі заманның барлық ғылым салаларын түгел қамтиды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамына 29 ғылыми-зерттеу институты мен сектор 2 музей, 3 ботаникалық бақ, 19 ғылыми-зерттеу бөлімі мен лабораториялар, орталық ғылыми кітапхана – небәрі 55 ғылыми мекеме кіреді. Академияда республика Академиясының 39 академигі (олардың екеуі СССР Ғылым Академиясының толық мүшесі), Қазақ ССР Ғылым академиясының 35 мүше-корреспонденті, 98 доктор, 517 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Жалпы қызметкерлер құрамы бес мыңға тарта.

Академияның ғылыми жұмысының негізгі өзегі – республикамыздың жан-жақты жаратылыс байлығын зерттеп, игеру мәселелері болып табылады. Геологтар жеріміздің геологиялық құрылысының ерекшеліктері мен минералдық байлықтарын зерттейді. Жезқазған, Қоңырат, Бозшакөл сияқты түсті металдар өндірілетін белгілі бір кен қоймаларының ашылуы, негізінен, осы геологтардың табысы. Кен барлау мен іздеу бағыттарын дәлірек белгілеуде маңызы зор геологияның жаңа саласы – металлогения туды. Ол минералдық шикізаттардың пайда болу заңдылығы мен табиғатта таралуын зерттейді. Қазақстан геологтарының бір тобына осы еңбектері үшін Лениндік сыйлық берілді. Металлогениялық болжау карталары қара, түсті және сирек кездесетін металдардың көптеген жаңа көздерін ашуға үлкен себін тигізді.

Геофизиктер жер қыртысы мен түрлі металл қабаттарының орналасу ретін, ал гидрогеологтар өндірістік, ауыл шаруашылық маңызы зор жер асты суларының қорын зерттеу үстінде.

Академияның кен институты енгізген кенді жерлерді табиғи және күштеп жару әдісі нәтижесінде, еңбек өнімділігі екі жарым есе көбейді. Ал, терең скважиналар үшін жасалған жаңа бұрғылау агрегаттары арқасында еңбек өнімділігі төрт есе өсіп, өнімнің өзіндік құны екі есе төмендеді. Ғалымдар ұсынған өзі жүретін машиналар мен экскаваторлар арқылы жер астында кен өндірудің жаңа технологиясы техникалық прогрестің ең соңғы табысы боп саналады. Жезқазған руднигінде бұл жаңа технологияны пайдалану жер астында еңбек ететін жұмысшылардың еңбек өнімділігін үш есе өсіреді.

Никельді, кобальтті, алюминийді және сирек кездесетін металдарды өндіруде металлург – ғалымдардың жаңа зерттеулері өте маңызды. Химик ғалымдармен бірігіп, олар өте пайдалы фосфор тыңайтқыш термофосфат алудың жаңа әдісін ойлап тапты.

Балқаш кен-металлургиялық комбинатында химиктердің ұсынысы бойынша, күкіртті, натрийді тоқтаусыз өндіретін жаңа әдіс енгізілді. Өскеменде қорғасын өндіру процесін едәуір тездететін жаңа электролиздер жасалды. Қазақстан Магниткасын қажетті металлургиялық коксті оңай алу әдісін зерттеу мәселесі де аяқталды. Сондай-ақ, көптеген таза металдар алуды жеңілдетуге мүмкіндік беретін, жоғары сапалы синтетикалық талшық лавсан мен жылу ұстағыш пластмассалар дайындауға керекті шикізаттарды өндіруге қажет амальгамды химияның зерттеу тәсілдері де сәтті жүргізілуде. Айта берсе толып жатыр...

Қазір іске кірісе бастаған Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Қарағанды металлургия заводуын былай қойғанның өзінде, алдағы уақытта Павлодарда алюминий, ферросплав және машина жасау заводтары, Петропавловскиде прокат жабдықтары заводы, көптеген машина жасау заводтары пайдалануға берілуі тиіс.

Ұлы жұмыстар жоспары осылармен ғана бітпейді. Қарағанды, Екібастұз және Торғай көмір бассейндері бұдан былай да кеңейтіле беріледі. Торғайда боксит рудниктері салынады. Екі мұнай өңдеу заводы іске қосылады. Жол қатынас құрылыстарын салу ісі кең өріс алады. СССР мен Қытай Халық Республикасының қатынасын қамтамасыз ететін Ақтоғай – Госграница теміржолы пайдалануға беріледі.

Қазақстан халық шаруашылығына энергетиканың аса қуатты базасы керек екендігі белгілі. Өткен бесжылдықта Өскемен гидростанциясы іске қосылған. Жуырда ғана Бұқтарма ГЭС-нің бірінші агрегаты пайдалануға берілді. Сондай-ақ, тағы да үлкен екі гидростанция құрылысы басталды. Олар Алтайдағы Шульба және Алматыға жақын жердегі Қапшағай гидростанциялары. Бұл ГЭС-тер Алтай мен Оңтүстік Қазақстандағы өндіргіш күштер жұмысын сөзсіз жеңілдетеді.

Біз істейтін жұмыстардың барлығын айтып бітіру мүмкін емес. Қазақстанның әрбір облыстарында құрылыс жұмысы қазір кең құлаш сермеген. Бірақ, байтақ территориясына, ұшан-теңіз қазына-байлығына қарағанда, халқының аздығынан біздің республикамызда кадрлар

жетіспейді. Бізде жас жігіттер мен қыздар жан аямай барлық ынта-жігерімен жұмыс істейтін жерлер орасан көп.

Біз, қазақтар, Қазақстанның Социалистік республика болып дамуы, өркендеп өсуі үшін орталықтағы өнеркәсіп аудандарынан көмекке келіп, Түрксиб пен Балқаш мыс заводы, Қоңырат руднигі мен Қазақстан Магниткасы, Өскемен, Бұқтарма ГЭС-і мен Қарағанды шахталары сияқты басқа да көптеген құрылыстарда қажырлылықпен, табандылықпен еңбек еткен жас патриоттар мен комсомолецтерді ешуақытта ұмытпаймыз. Коммунистік партияның шақыруымен, Ленин комсомолының жолдамасымен ғасырлар бойы бос жатқан тыңды көтеруге келген, ондаған мың жастардың коллективтік ерлік еңбектерін де естен шығармаймыз.

Кәзір біздің республикамызда орасан мол табиғат байлығын тез арада игеріп алу күресі кең өріс алуда. Қазақстанның жер асты, жер үсті қазынасын жүйелі пайдаланудың алып программасы КПСС ХХІ съезінің шешімдерінде толық көрсетілген.

Ендігі міндет – бүкіл республика еңбекшілері – жұмысшылар мен шаруалар, ғалымдар мен инженерлер болып, Ленин комсомолының жас түлектерімен бірлесе отырып, қазына қоймасы – Қазақстанның шексіз байлығын толық игере түсу, оны совет халқының игілігіне жұмсау!

ӨРКЕН ЖАЙҒАН ҒЫЛЫМ

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы уақытта Қазақстан патшалығы Россияның шалғай қиырда жатқан, ең артта қалған мешеу отарының бірі болатын. Кемеңгер көсеміміз В.И.Лениннің бейнелі түрде атағанындай, шетсіз де шексіз бұл байтақ өлкені «шала тағылық немесе барып тұрған тағылық» жайлаған еді. Ол кезде қазақ халқы табиғатқа қарап телмірген көшпелі тіршілік кешіп, мал өсіру кәсібімен ғана айналысатын. Әрбір жүз адамның екеуі ғана шала хат танитын.

Совет өкіметі тұсында Қазақстан адам нанғысыз гүлденіп өсті. Лениндік дана ұлт саясаты негізінде, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің кемеңгер басшылығы арқасында әрі ұлы орыс халқының және Совет Одағын мекендеген басқа да бауырлас халықтардың туысқандық жәрдемімен Советтік Қазақстан еліміздегі өнеркәсібі мейлінше күшті, мәдениеті шарықтап өскен республикалардың біріне айналды. Өзінің қырық жылдық мерекесін ол осылайша кемеліне келген шағында қарсы алып отыр.

Советтік Қазақстанның ғылымы да әбден өркен жайып, алға басты. Қазір республикада Ғылым академиясы, Ауылшаруашылық Ғылым академиясы, СССР архитектура және құрылыс академиясының филиалы, 27 жоғары оқу орны бар. Қазақстан ғалымдарының зерттеу еңбектерінің шеңбері кең, әрі осы заманғы ғылымның бар саласын қамтиды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында 29 ғылыми-зерттеу институты мен секторлар, екі музей, үш ботаника бағы, 19 ғылыми-зерттеу бөлімі мен лаборатория, орталық ғылыми кітапхана бар. Осындай ғылыми мекемелердің жалпы саны – 55. Мұнда республикалық академияның 39 академигі қызмет істейді. Олардың екеуі – СССР Ғылым академиясының толық мүшесі. Бұдан басқа Қазақ ССР Ғылым академиясының 35 корреспондент-мүшесі, 98 ғылым докторы мен 517 ғылым кандидаты бар. Тұтастай алғанда академияда бес мыңдай адам қызмет істейді.

Академияның 5 институты республикамыздың Өскемен, Қарағанды, Гурьев сияқты аса ірі өнеркәсіпті қалаларында орналасқан. Академияның әртүрлі институттарының жиырма шақты бөлімі мен лабораториясы Жезқазған, Теміртау, Соколов-Сарыбай, Лениногор, Зырян, Текелі тәрізді ірі-ірі заводтар мен рудниктерде тікелей ғылыми жұмыс жүргізуде.

Академияның ғылыми қызметінің негізгі бағыты республиканың аса бай табиғи қорларын зерттеу және игеру проблемаларына байланысты. Геологтар республикамыздың минералдық байлықтары мен геологиялық түзілістің ерекшеліктерін зерттеуде. Жезқазған, Қоңырат, Бозшакөл тәрізді және басқа да түсті металдар кенінің қоры орналасқан жерлерді тұңғыш рет барлап тауып, өнеркәсіптік тұрғыдан дұрыс баға берген де – солар. Геология ғылымының – металлогения аталатын жаңа

саласы туды. Ол минералдық шикізаттың әр алуан түрлері мен қорларының табиғатта қалай таралып орналасқанын және соның заңдылықтарын зерттейді. Барлау мен іздеу жұмыстарын өнікті бағытта жүргізу үшін мұның маңызы айрықша зор. Осындай еңбегі үшін Қазақстанның бірсыпыра ғалымдарына Лениндік сыйлық берілді. Геологтар жасаған металлогениялық болжау картасы арқасында Орталық Қазақстанда темір, мыс, қорғасын, мырыш сияқты түрлі металдар шығатын жаңа кендер ашылды, бұрыннан мәлім кендерге жаңадан дұрыс өндірістік баға берілді.

Геофизик-ғалымдар Қазақстан жерінің аса тереңдегі геологиялық құрамын сейсмикалық әдістер арқылы зерттеуде. Ал мұның Қазақстан даласындағы көптеген табиғи байлықтардың жасалу заңдылығын ашуда зор маңызы бар. Гидрогеология мамандары ірі-ірі өнеркәсіптік, әрі ауылшаруашылық аудандар орналасқан жерлердің астындағы су көздерін зерттейді.

Академияның ғалымдары республика кендерінде руда шығарудың тиімді жаңа әдістерін тапты. Терең скважиналарға арналып жаңадан бұрғылау саймандары жасалды. Бұлардың нәтижесінде Қазақстандағы бірсыпыра түсті металл рудниктерінде еңбек өнімділігі үш-төрт есе артты, ал шығарылатын руданың түсер құны екі есе кеміді. Академия ғалымдарының үлкен бір табысы – Қазақстан рудниктеріндегі жер асты жұмыстарына арнап, өздігінен жүретін аса жоғары өнімді машиналар жасап шығарғандығы. Мыс рудасын шығару жағынан елімізде бірінші орын алатын Жезқазған кенінде осы машиналар тәжірибе жүзінде қолданылып жүр. Соның нәтижесінде Жезқазғанда жер астында істейтін жұмысшылардың еңбек өнімділігі екі-үш есе артпақшы.

Академияның металлург-ғалымдарының жаңа зерттеулері арқасында Қазақстанда мыс, қорғасын, мырыш, алюминий және басқа сирек кездесетін металдар өндірісі мейлінше дами түспек. Академияның химиктерімен бірлесе, тізе қоса отырып, олар Қаратау кенінен шығатын фосфориттерден жер тыңайтқыш термофосфаттар және малға азық болатын фосфаттар алудың жаңа әдістерін тапты.

Химиктердің ұсынысы бойынша Балқаш комбинатында күкіртті натрий алудың үздіксіз тәсілі іске қосылды. Өскемендегі мырыш заводының өнімділігін анағұрлым ұлғайтарлық жаңа электролиздер де жасалды. Қазақстан Магниткасының қажеті үшін металлургиялық кокс дайындау әдісі табылды. Жаңа техникаға керекті таза металдарды амальгамдық химияның тәсілдері арқылы алу жолдары игерілді. Түсті металлургия заводтарының түтіні мен тозаңынан және басқа да қалдықтарынан түсті металдарды айырып алудың жолдары табылды. Полимерлік химияның жаңа әдістері бойынша жасанды мата жасайтын, жер астындағы мұнай мен газ жүретін құбырларды тотығудан сақтайтын және линолеум сияқты аса қажет заттарды жасайтын жаңа пластмассалар табылды.

Жердің қыртысын, топырағын, өсімдіктерді және жер астындағы суларды зерттейтін ғалымдарымыз Қазақстандағы ұлан-байтақ тың жерлерді игеру жолындағы тарихи іске өздерінің лайықты, татымды үлесін қосты.

Қазақстанның телегей-теңіз табиғи байлықтары, өсімдік қорлары совет адамының игілігіне жарап, кәдеге асуда. Қазақ жерінде ондатра, жанат, тиін сияқты терісі аса бағалы аңдар өсіп өнуде. Бұлардың халық шаруашылығына келтіретін пайдасы зор. Осы орайда академияның зоолог-ғалымдарының еңбегі айрықша екенін атап айтқан жөн.

Республикамыздың энергетик-ғалымдары өзендердің су қорларын барынша мол пайдалануға байланысты проблемалармен шұғылдануда. Москвадағы Гидропроект аталатын одақтық жобалау институтының геологтарымен, мамандарымен тізе қоса отырып, олар Ертіс өзенінің суын Орталық Қазақстанға әкелудің жолын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Осының негізінде Ертістен Қарағандыға дейін тартылатын су каналы үстіміздегі жетіжылдықта салынып бітпекші.

Академияның энергетик-ғалымдары мен металлургтері өндіру мамандармен бірлесе отырып, кен қорытудың циклондық процесстің аса өнімді әдісін тапты. Бұл әдістің өнімділігі Балқаш заводы зерттеліп айқындалды. Кәзіргі уақытта бұл әдіс сол заводта іске асырылуда.

Біздің академияның мұнай зерттеуші ғалымдары мұнай шығаруды 15 процент арттыратын және тереңнен атқылайтын мұнай скважиналарында ұшырасатын газ қуатын өндіріске пайдаланатын және бұрғылау техникасын жеделдететін жаңа тәсілдер тапты.

Аспандағы жұлдыздарды, тұмандықтарды зерттеу, жердің жасанды спутниктерін суретке түсіріп, зерттеу саласында академияның астрофизиктері аса бағалы ғылыми жұмыс жүргізді.

Күн сәулесін зерттеу және ядролық резонанс саласында, кен жыныстарын спектральдық жолмен зерттеуде академияның физиктері көрнекті табыстарға жетті. Біздің физиктер жасаған элементтердің спектральдық желілерінің атласы бүкіл Одаққа және шетелдерге де мәлім.

Осы сияқты күрделі де көрнекті жұмыстарды академияның математика, механика, физиология, микробиология, медицина саласындағы ғалымдары да атқарып отыр.

«Қазақ ССР тарихының» екі том болып басылып шығуы – республиканың мәдени өміріндегі елеулі оқиға. Бұл еңбекте Қазақстанның ерте замандардан бастап осы кезге дейінгі, яғни партиямыздың кезектен тыс XXI съезіне дейінгі аса ұзақ тарихы баяндалған.

Қазақстанның өндіргіш күштерінің жетіжылдықтағы даму қарқыны Одақты тұтас алғандағы орта мөлшерден едәуір жоғары. Республикамызда шойын, болат, мыс, қорғасын, мырыш сияқты металдарды өндіру, көмір мен мұнай шығару, химия мен энергетиканы дамыту, машина жасау, егін мен мал шаруашылығын өркендету ісі жыл сайын өсіп, өрлеп, ұлғайып отырмақ. Мұның бәрі академияның алдына халық

шаруашылығының бар саласында техникалық прогресті қамтамасыз етуді, республиканың табиғат байлықтарын бұрынғыдан да мол әрі өнімді зерттеп пайдалануды маңызды міндет етіп жүктейді.

Осыған байланысты үстіміздегі жетіжылдықта ғылым академиясы, ең алдымен, республиканың ауыр өнеркәсібі жұмыстарын жаппай түгел механикаландыруға және автоматтандыруға қажет жұмыстармен шұғылданбақшы. Академияның геологтары республиканың ұлан-байтақ жерінің геологиялық құрылысын, ондағы кен байлықтарының орналасу заңдылықтарын зерттеу ісін кеңейте, күшейте түседі. Бұл ауыр өнеркәсіптің минералдық-шикізаттық базасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Гидрогеологиялық зерттеу жұмыстарының да шеңбері кеңейе түспек. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы жаңадан мықтап өркендей бастаған, ірі-ірі өнеркәсіп орындары орналасқан жерлердің су қорларының картасы жасалмақ, жаңа су көздері зерттеліп барланбақ.

Кен ісі ғалымдарының алдындағы күрделі міндет Қазақстан кендерінің барлығында да техникалық прогреске кеңінен жол ашу, өздігінен жұмыс істейтін кен машиналарын молынан пайдалану, жер астында еңбек ететін жұмысшылардың денсаулық жағдайларын жақсарту, олардың еңбек өнімділігін арттыру ісіне байланысты шараларды жүзеге асыру.

Соңғы уақытта руда шығару тәжірибесінде ең өнімді жол – руданы жер астынан шахта арқылы шығармай, жер бетінен қазылған орлар арқылы өндіру барған сайын кең етек алып келеді. Бұл тәсіл Қазақстанда Екібастұз көмір бассейнінде, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатында, үлкен Жезқазғанда және басқа да бірсыпыра кендерде қолданылып келеді.

Республиканың мұнай және газ байлықтарын болашақта кеңінен игеру, Ембідегі мұнай қорын пайдалануды ұлғайта, жетілдіре түсу және барлау жұмыстарын жеделдету, оның жаңа тәсілдерін табу жолында да күрделі зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Полиметалл, мыс және темір кендерінен ең бағалы, өмірге қажетті заттардың бәрін комплексті түрде айырып алу тәсілдерін табу, түсті және қара металдарды, сирек және шашыранды элементтерді өндіру процесін жетілдіру – металлург-ғалымдар баса назар аударатын келелі мәселелердің бірі.

Қостанай облысындағы Лисаков, Әйет кендерінің қоры да өте-мөте бай. Олар болашақта талай-талай жаңа заводтарды шикізатпен қамтамасыз ете алады. Сондай-ақ, ванадий, вольфрам, хром сияқты металдардың кен қорларын игеруге байланысты да күрделі зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл асыл металдардың қоры жағынан Қазақстан ең бай өлкелердің бірі болып отыр.

Химия ғалымдары өздерінің қызметін химия өнеркәсібін дамыту мәселелерін шешуге, әсіресе синтетикалық материалдар өндіру ісіне байланыстыра жүргізбек. Бұл ретте олар Қарағанды металлургия

комбинаты мен мұнай өңдейтін заводтардың қосалқы өнімдерін, ал таудағы уақыттың ішінде Орал-Ембі бассейнінің табиғи газын кенінен, пайдаланады. Минералдық тыңайтқыштардың жаңа түрлерін табу, табиғи тұзды пайдалану тәсілдері де зерттелуде. Бұлардың қоры республикада тіптен мол.

Сапасы нашар көмірден металлургиялық және энергетикалық отын алу, Қарағанды және Құсмұрын көмірлерінің қосындысынан металлургиялық кокс алу, сондай-ақ сұйық және газ тектес өнімдерді жасанды материалдар жасауға пайдалану мүмкіндіктері зерттелмекші.

Энергетика ғылымының алдында тұрған ең басты, түбегейлі проблема — Қазақстанның Біртұтас энергетикалық жүйесін жасаудың ғылыми негіздерін талдап зерттеу. Бұл энергетика қорларының алуан-алуан түрін халық шаруашылығының мұқтажына емін-еркін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстанды сумен қамтамасыз ету үшін Сибирь өзендерінің суын пайдалану жобасы да бар. Республика үшін мұның маңызы ерекше зор. Өйткені, минералдық қорларға аса бай кейбір аудандарымызда су соншалықты тапшы.

Академияның экономистері ауыр өнеркәсіпті тиімді орналастырып, мамандандыруға және жаңа техника мен озат технологияны енгізудің экономикалық тиімділігіне байланысты мәселелермен шұғылдануда.

Физика, математика, медицина, биология және гуманитарлық ғылымдар да қанат жайып, дами бермек. Әсіресе ядролық физика, электроника, автоматика сияқты ғылымның жаңа, жас салалары қарыштап өспек.

Қоғамдық ғылымдар саласында социализмнен коммунизмге өтудің заңдылықтары, халық шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кеміту жолдары, социалистік және коммунистік құрылыстың тарихы, әдебиет пен тілдің, өнердің күрделі мәселелері онан әрі зерттелетін болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің аса маңызды зерттеу жұмыстарын өнеркәсіп орындарымен тығыз ынтымақта жүргізеді, республиканың экономикалық аудандарының Халық шаруашылығы советтерімен тізе қосып, көшпелі сессияларды үнемі өткізіп отырады. Ондай сессияларда сол аудандардың өндіргіш күштерінің даму проблемалары талқыланады.

СССР Жоғарғы Советінің 1957 жылғы ноябрьдегі мерекелік сессиясында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығы туралы жасаған баяндамасында Н.С.Хрущев жолдас Қазақстанды Совет Одағының табиғи байлықтарының сарқылмас қоймасы деп атады. Тіпті, кәзір геологиялық жағынан әлі толық зерттеліп болмаған кездің өзінде Қазақстан мыстың, қорғасынның, мырыштың, кадмийдің, күмістің, хромның, ванадийдің, вольфрамның, молибденнің, фосфориттердің минералдың тұздар мен талай-талай асыл да сирек, әрі шашыраңды

металдардың қоры жағынан елімізде ең алғы, жетекші орында. Темір алюминий, никель, кобальт, көмір, асбест және басқа да табиғи байлықтардың қоры жағынан да Қазақстан Одақта көрнекті орын алады. Сонымен бірге Қазақстан жерінде табиғи газ бен мұнайдың қоры да сарқылмас мол.

Республиканың аса зор минералдық байлықтарын жоспарлы, жүйелі түрде пайдаланудың арқасында Қазақстан кәзірдің өзінде-ақ еліміздің ең қуатты индустриялы аудандарының біріне айналды.

Егін шаруашылығын, техникалық және жеміс дақылдарын, мал шаруашылығын өркендетуде де Қазақстанның қолда бар мүмкіндіктері ұшан-теңіз. Осынау ұлы да тарихи іске Қазақстан ғалымдарының қосқан үлесі аз емес.

Қазақстан ғалымдары алдағы уақытта да елімізде коммунистік құрылысты кең өрістету программасын белгілеген КПСС ХХІ съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, ұлы жетіжылдық жоспар алға тартқан абзал тарихи міндеттерді асқан жігермен, абыроймен орындап шығуға өзінің күш-жігерін, білімін аямай жұмсайды.

ҒЫЛЫМ ПРАКТИКАМЕН КҮШТІ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Елімізде ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіруді жақсарту жөніндегі шаралар және СССР Ғылым академиясының жұмысы туралы» қаулысы, деді баяндамашы, сол сияқты ғылым қызметкерлерінің бүкілодақтық бірінші кеңесі совет ғалымдары жетістіктерінің қорытындыларын шығарып, кемшіліктердің бетін ашты және ғылыми жұмысты онан ары дамытудың жолдарын көрсетіп берді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі ғылыми қызметкерлердің Бүкілодақтық кеңесіне жолдаған құттықтауында ғылымның техникамен, өндіріспен аса тығыз қарым-қатынаста және өзара байланысты болуының маңыздылығын, ғылымның өмірмен және халықтың жасампаз еңбегімен құрыштай берік байланысты болу керек екенін атап көрсетіп, еліміздің ғылыми қызметкерлері қол жеткен табыстарды баянды етеді, сөйтіп отандық ғылым мен техниканы жаңа ірі жетістіктермен және жаңалықтар табумен байытады деп кәміл сенетінін білдірді.

Таным және танылғанды пайдалану, теория мен практика әрдайым тығыз бірлікте, қоян-қолтық болып келді. Ғылымдағы осы екі бастапқы негізді шексіз дамыту үшін, оларды бір-бірімен неғұрлым үйлесімді ұштастыру үшін, деп атап көрсетті Қ.И. Сәтбаев, еңбек пен творчестволық даналылық адамның адамды қанауы бұғауынан толық азат етілген, қоғам мүшелерінің әміріндегі анархия мен бәсекелестікті адамдардың еңбектегі және творчестволық өзара қарым-қатынасындағы жоспарлық ауыстырған социалистік қоғамда ғана неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалуы мүмкін болады. Жоғары білімі бар мамандар даярлап шығару жөнінде, өзінің көптеген аса маңызды салаларын дамыту дәрежесі жөнінде дүниежүзінде бірінші орын алып отырған біздің елімізде ғылымның шын мәнісінде қауырт қарқынмен өріс алуы осының тамаша айғағы болып табылады.

Ракета техникасы және атом энергиясын бейбіт мақсаттарға пайдалану саласындағы жетістіктер – совет ғылымының шын мәнісіндегі салтанаты. Нақ біздің елімізде дүниежүзіндегі тұңғыш космонавт, Совет азаматы, коммунист Юрий Алексеевич Гагариннің Жердің төңірегіндегі орбита бойымен ұшуы ойдағыдай жүзеге асырылды, мұның өзі адамзат мәдениетінің тарихында жаңа дәуірді ашып берді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің дана басшылығы арқасында елімізде ғылым өз кадрларының құрамы жағынан болсын, сол сияқты зерттеулерінің мағынасы жағынан да шын мәнісінде жалпыхалықтық іске айналды. Партияның лениндік данышпан ұлт саясатын жүзеге асырудың нәтижесінде, ғылымға барлық социалистік ұлттар өкілдері қамтылып отыр. Патшалық Россияның бұрынғы шет аймақтарында ұлт ғылымының өріс алып, көркейгендігін Советтік Қазақстанның мысалынан айқын көруге болады, осыдан небары қырық жыл бұрын

мұндағы көлемді аймақтар В.И. Лениннің бейнелеп анықтауы бойынша, жартылай тағылық және барып тұрған тағылық жайлаған аймақ еді.

Қазіргі Қазақстан қуатты индустрия мен игерілген тың өлкесі ғана емес, ол сонымен бірге ғылымы мен мәдениеті де көркейген өлке болып табылады. Мұндағы 28 жоғары оқу орнында халық шаруашылығы мен мәдениеттің көптеген салалары жөнінде мамандар даярлануда, ал 128 ғылыми мекемеде осы заманғы ғылымның барлық негізгі салаларының проблемалары зерттелуде. 1960 жылы Қазақстанда 9600 ғылыми қызметкер, соның ішінде 200-дей ғылым докторы мен 2000-нан аса ғылым кандидаты жұмыс істеді. Қазақ ССР Ғылым академиясы, ауыл шаруашылық ғылыми мекемелерінің жүйесі, СССР Құрылыс және архитектура академиясының филиалы, халық шаруашылығы советтерінің, министрліктер мен ведомстволардың бірқатар салалық ғылыми-зерттеу институттары құрылып, жемісті жұмыс жүргізуде.

Республиканың Ғылым академиясы еліміздегі ірі және алуан салалы ғылыми орталықтардың бірі болып табылады. Академияның 55 ғылыми мекемесінде, соның ішінде 25 ғылыми-зерттеу институтында Қазақ ССР Ғылым академиясының 39 академигі, соның ішінде СССР Ғылым академиясының екі толық мүшесі, республика Ғылым академиясының 34 корреспондент мүшесі, 90-нан аса ғылым докторы және 550-ден аса ғылым кандидаты, барлығы 6100-ден аса ғалым қызметкерлер жұмыс істейді.

Ғалымдардың жетік маманданған ұлт кадрларынан даярлануы Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының салтанат құрғандығының айқын дәлелі болып табылады. Ғылым докторы мен кандидаты ғылыми дәрежесі бар ғылыми қызметкерлердің 30 проценті қазақтар болып отыр.

Қазақстанның совет ғылымы, – деді бұдан соң баяндамашы, – әуел бастан-ақ республиканың сан алуан табиғат байлықтарын зерттеу проблемаларына, осы байлықтарды еліміздің социалистік халық шаруашылығының қажеті үшін неғұрлым шапшаңдатып және тиімді пайдалануға баса көңіл бөлді. Мұны Қазақ ССР Ғылым академиясы жұмысының мысалынан көруге болады. Мұнда практикалық өте келелі ірі проблемаларды теориялық жоғары дәрежеде зерттеу жұмысын жан-жақты жүргізу және бұл зерттеулерді орындау ісіндегі коллективтік академияның ғылыми жұмысын ұйымдастырудың негізгі принциптері болып келді және қазір де негізгі принциптері болып отыр.

Біз, әдетте, өзіміздің зерттеу жұмыстарымызды өндіріс мамандарымен тығыз қарым-қатынас жасап, ынтымақтаса отырып жүргіземіз. Зерттеулердің ғылыми тақырыбы Академияның көшпелі ғылыми сессияларында ұдайы нақтыланып отырады, мұндай сессиялар экономикалық ірі аудандарда үнемі шақырылып тұрады. Бұл сессиялардың жұмысына жергілікті ғылыми, инженер-техник және партия, совет жұртшылығы, жалпы одақтық орталықтардың ғалымдары мен мамандары,

республиканың басшы және жоспарлаушы органдарының өкілдері кеңінен қатысып отырады.

Осының нәтижесінде көптеген теориялық ірі зерттеулер басты өндіріс орындары мен министрліктердің, материалдық-финанс жағынан кеңінен қатысуы жағдайында жүргізіледі. Геология ғылыми институтының тіпті стратиграфия, тектоника, геоморфология, минералогия, геофизика, геохимия және металлогения проблемалары сияқты теориялық зерттеулер жөніндегі ғылыми зерттеулерінің өзі негізінен өндіріс ұйымдарының қаржысымен атқарылуда. Қорытындылар мен ұсыныстардың практикалық өте тиімді болуы нәтижесінде бұл ұйымдардың жұмсаған шығындары еселеп өтеледі.

Соңғы жылдарда республиканың ірі өнеркәсіпті орталықтары көлемінде Өскеменде түсті металлургияның Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты, Алтай кен-металлургия институты, энергетика, ихтиология және микробиология институттарының бөлімдері; Лениногор мен Зырянда Алтай кен-металлургия институтының бөлімдері; Қарағандыда химия-металлургия және көмір ғылыми-зерттеу институттары, кен машиналарын жобалап-конструкциялайтын және тәжірибе жасайтын институттары, кәсіп гигиенасы мен кәсіптік аурулар институты; Теміртауда химия-металлургия және энергетика институттарының бөлімдері; Гурьевте химия, мұнай және табиғи тұз, геология мен геофизика, ихтиология және балық шаруашылығы институттары; Жезқазғанда, Рудныйда, Текеліде кен ісі институтының бөлімдері; Жезқазған мен Павлодарда металлургия институтының бөлімдері; Шымкентте химия институтының бөлімі және басқа ғылыми-зерттеу мекемелері құрылды.

Ғылымды өндіріске осылайша тікелей жақындатудың ғылыми-практикалық маңызын мына мысалдан көреміз. Теміртауда синтетикалық каучук заводының құрылысы аяқталып келеді. Қазірдің өзінде едәуір көлемі жүзеге асырылған оның техникалық жобасында синтетикалық каучук алынатын негізгі өнім – ацетальдегид өндіру үшін денсаулыққа өте зиян, улы және тапшы металл – сынапты қолдану және көп мөлшерде жұмсау белгіленген. Осында 1959 жылы академияның ғылым кандидаты Е.Н.Әзірбаев басқарған химия-металлургия институтының бөлімшесі құрылды. Осы бөлімше өндіріс мамандарымен тығыз ынтымақтаса отырып, жұмыс істеп, ацетальдегидті мүлдем сынап қолданбастан өндірудің жаңа технологиялық схемасын ұсынды. Бұл схема еңбек жағдайын түбегейлі жақсартумен бірге кәсіпорынның жыл сайын жаңа бағамен есептегенде кемінде бір миллион сом қаржы үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Қ.И.Сәтбаев бұдан кейін ғылымның жеке салаларының жұмыс жайы мен принциптік бағыты туралы баяндады. Геолог ғалымдар өндірісшілерімен тығыз творчестволық ынтымақ жасай отырып, Қазақстанның мемлекеттік геология картасындағы ақ таңдақтарды жою, оның аса көлемді жерінің геологиялық құрылымының негізгі заңдылықтарын ашу,

жер қойнауындағы есепсіз көп байлықтарды анықтау жөнінде аса көлемді жұмыс істеді. Геологтар жасаған Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталары кейде кейіннен тұнған әжептәуір қалың жұмсақ қабаттар астында жатқан түрлі-түсті, қара және сирек кездесетін металдардың, көмірдің, басқа да пайдалы қазба байлықтардың көптеген көздерін табуға немесе өнеркәсіп тұрғысынан қайтадан дұрыс бағалауға жеткізді.

Біздің ғалымдарымыз «Гидропроект» институтының қызметкерлерімен ынтымақтаса отырып, минерал ресурстарға бай Орталық Қазақстанды онан ары индустрияландыру үшін өмірлік маңызы бар каналды – Ертіс-Қарағанды каналын салу керектігін дәлелдеп берді. Қазақстанның аса бай минерал ресурстарын және олардың геологиясы негіздерін анықтауда үздік еңбек сіңіргені үшін республикамыздың 24 геологына Лениндік сыйлық берілді. Қазақстанның кеншілері республиканың аса ірі рудниктерінің ерекшелік жағдайларын жете зерттеп, біліп алып, ғылым мен практиканың маңызды көптеген принциптік мәселелерін ойдағыдай шешуде. Олар металл және көмір кендерінде өнім шығарудың неғұрлым тиімді болатын әдістерін қолдану – руданы ашық карьерлерден шығару жұмыстарының көлемін барынша ұлғайту жөнінде жұмыстар істеп жатыр. Рудалы Алтайда Сокол полиметалл руднигінен руданы блоктап күшпен құлату арқылы шығарудың өте тиімді жаңа жүйесіне көшіру міндеті ойдағыдай шешілді. Осы үздік еңбегі үшін Қазақстанның ғалымдары мен өндірісші-кеншілерінің бір тобына Лениндік сыйлық берілді. Жезқазған мыс руднигінде ғалымдар өндірісшілермен және жоба жасайтын «Гипроцветмет» институтымен ынтымақтаса отырып, руданы жер астынан қазып шығаруды барлық жағынан бірдей механикаландыруды енгізуде.

Біздің энергетиктеріміз Қазақстанға арналған біртұтас энергетика жүйесінің схемасын жасады, оны жоспарлау органдары қабылдады. Бұл жүйе Сібір мен СССР-дің европалық бөлігінің біртұтас энергетика жүйелерін жалғастыратын буын болады.

Топырақ зерттеушілер және ауыл шаруашылығының ғылым мекемелері мен ғалымдары топырақ ресурстарын зерттеп, дәнді және техникалық дақылдардың шығымдылығын арттыруға, тың жерлерді іріктеп алып игеруге белсене қатысты.

Біздің астрофизиктеріміз, механиктеріміз, физиктеріміз, математиктеріміз космогонияның, ядролық физиканың, космос сәулелерінің, қозғалыстың тұрақтылығы мен құрылыстардың беріктігі теориясының, металдар физикасының, спектроскопияның маңызды проблемаларын зерттеуде. Таяу уақытта республика Ғылым академиясының ядролық физика институтының құрылысы аяқталады.

Қ.И. Сәтбаев тарихшылардың, филологтардың, философтардың, право зерттеушілердің, қоғамдық ғылымдардың басқа да өкілдерінің еңбектері туралы айтты. Бұл еңбектердің қатарындағы аса маңыздысы – «Қазақ

СССР-інің ерте замандардан бастап КПСС ХХІ съезіне дейінгі аралықтағы тарихы» болып табылады. Бұл еңбек – коллективтік еңбек. Оның екінші томы түгелдей советтік Қазақстанның тарихына арналған және СССР құрамындағы жеке одақтас республика жағдайында социализм жеңісін зерттеудің елдегі тұңғыш тәжірибесі болып табылады.

Баяндамашы бұдан кейін Қазақстандағы ғылымның міндеттеріне тоқталды. Н.С.Хрущевтің орынды айтқанындай, Қазақстан СССР табиғат байлықтарының сарқылмас мол қазынасына айналды. Бұл байлықтарды игеру ісі қарыштап алға басып отыр.

Қ.И.Сәтбаев республика экономикасының түрлі салаларының өркендеу қарқынын сипаттай келіп, ғалымдардың жұмысы табиғи өндіріс күштерінің барлық түрлерін толық ашып, оларды коммунистік қоғам орнату ісіне неғұрлым толық және үйлесімді пайдалану проблемаларын шешуге жұмылдырылуы тиіс екенін айтты.

Баяндамашы еліміздегі әрбір республика, әрбір экономикалық ауданда ғалымдардың алдына ғылымды дамытудың сол жерге лайықты мәселелері қойылып отырғанын атап көрсетті. Ол Қазақстанның ғылыми мекемелері алдында тұрған өте маңызды міндеттерді айтты, республика жерінің, геология құрылымының негіздерін онан сайын тереңдетіп анықтауға, пайдалы қазба байлықтардың орналасу заңдылықтарын анықтауға ғалымдар баса көңіл бөлуге тиіс. Таяу жылдарда Оңтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстанда Мұғалжар таулары мен Торғай ойпатына арналған комплексті металлогениялық карталар жасау керек.

Руда, бейруда, жанармай және басқа пайдалы қазба байлықтардың қорын барынша көбейте берген жөн. Қазақстанның пайдалы қазба байлықтарын толықтыра түсіп, бұлардың жаңа түрлерін табу, республика жерінің мұнай газ қорының келешегін тезірек анықтау керек болады. Жерасты суының, әсіресе тың өлкесіндегі өнеркәсіпті аудандар аймағының жерасты су қорын барлық жағынан бірдей зерттеп, анықтау, республикадағы құрылыстың сейсмикалық және инженерлік-геологиялық жағдайларын зерттеу міндеті тұр.

Кен ғылымы саласында руда, жанармай, бейруда қазба байлықтар шығарудың үсті ашық жерден қазып алу сияқты неғұрлым үнемді әдісін рудниктерде кеңінен енгізіп жетілдіре беру проблемасы тұр.

Мұндай әдістер қолданылған жұмыста техникалық прогреске бұрғылау, тиеу және тасымалдау жабдығын жетілдіру есебінен, сондай-ақ қопару жұмыстарын жетілдіру есебінен қол жетеді. Осы негізгі элементтердің бәрі олардың техника-экономикалық көрсеткіштерін күрт жақсарту мақсатымен егжей-тегжейлі зерттелуге тиіс.

Байыту және металлургия саласында, – деді бұдан кейін баяндамашы, – ғалымдардың барлық күш-жігері рудадан барлық бағалы компоненттерді комплексті түрде алып отырудың прогресті әдістерін жасауға, өндірісте жаңа техниканы орналастыру және үнемі енгізіп отыру мәселелеріне жұмсалуды тиіс.

Қазақстанда руданы байыту саласындағы теориялық жұмыстардың елеулі түрде артта қалып отырғанын Сәтбаев жолдас мойындады. Байытудың жаңа стимуляторлары мен схемаларының принципті түрлері мүлде жеткіліксіз жасалуда, егер бұл жолға қойылған болса, руданың құрамындағы барлық пайдалы компоненттерді неғұрлым толық алып отыру қамтамасыз етілер еді. Қазақстанның түсті металл рудалары комплексті болып табылады. Ғалымдардың-байытушылардың, металлургия мен химиктердің алдында руданы өндеудің жаңа әдістерін жасау, сөйтіп оның құрамындағы барлық бағалы заттарды пайдаланудың дәрежесін шұғыл арттыру сияқты аса зор міндет тұр.

Қазақстанда үлкен химия жасауға қажет мол ресурстар бар. Жергілікті шикізаттар базасында өнеркәсіп үшін бағалы жаңа полимерлер мен мономерлер алудың көмірден, мұнайдан, табиғи және кокс газдарынан смоланың әр түрлерін, тыңайтқыштардың флотореагенттерін, гербицидтерді, медициналық дәрі-дәрмектерді және басқа өнімдері алу аса маңызды проблема болып табылады.

Катализдің жаңа тиімді әдістері және жергілікті шикізаттардан арзан толық бағалы катализаторлар белгіленуі тиіс.

Коммунистік құрылыстың программасында, – деді Сәтбаев жолдас, – елімізді жаппай электрлендіру міндеті басты орын алады. Бұл міндетті шешудің табысты болуы ең алдымен энергияның ең арзан көздерін пайдалану ісімен байланысты шешіледі. Республиканың орасан зор энергетика ресурстарын зерттеу және оларды халық шаруашылығына тиімді түрде пайдалану энергетиктердің бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Энергетикалық базаны дамытудағы ең басты бағыты – бірсыпыра ірі электрстанцияларын салу және оларды Қазақстанның бірыңғай энергетика жүйесі түрінде сақиналандырып жалғастыра отырып, Совет Одағының бірыңғай энергетика жүйесінің бір тармағы ету болып отыр. Күн сәулесі мен желдің қуатын пайдалану, ірі бу және су электр станцияларын салу жөніндегі зерттеу жұмыстарын ұлғайта түсудің маңызы зор.

Физика-математика саласында Қазақстанда есептеу жұмысының ірі орталығын құру міндеті алға қойылып отыр. Ғылымның барлық саласында математика әдістерін кеңінен қолдану қажет. Теориялық және нақтылы механика жөніндегі зерттеулерді күшейтіп, бұл зерттеулердің мақсаты ең алдымен машина жасау, құрылыс және кен ісінің талаптарын қанағаттандыру болуға тиіс.

Ядролық физика және космос сәулелерінің табиғаты жөніндегі жұмыстарды ұлғайтумен қатар, активациялық, рентген-структуралық талдау, спектроскопия вакуумдық және жартылай өткізгіштер физикасы, металдар мен олардың балқымаларының физикасы жөніндегі зерттеулерді күшейте түсу керек.

Биологиялық ғылымдарды партияның XXI съезінің: «Медицина және ауыл шаруашылық ғылымдарын өрге бастыру үшін қажет болатын

теориялық алғышарт биологияны дамыту болып табылады» – деген маңызды нұсқауы негізінде өрістете беру керек. Биолог-ғалымдардың аса маңызды міндеттері – топырақтың құнарлылығын арттыру, ауыл шаруашылық дақылдарының мол өнімді жаңа сорттары мен жаңа мал тұқымдарын өсіру, табиғи-экономикалық аймақтар бойынша ауыл шаруашылығын жүргізудің неғұрлым тиімді системаларын белгілеп, өндіріске енгізу болып табылады.

Ауыл шаруашылығын қуатты қарқынмен өрге бастыру жөніндегі аса маңызды проблемаларды шешу ісінде ғылымға зор рөл жүктеліп отыр. Топырақ құнарлылығын арттырудың пәрменді әдістерін белгілеп, практикаға енгізу, ауыл шаруашылығын жүргізудің неғұрлым тиімді системасы туралы ұсыныстар жасап беру керек болып отыр. Әсіресе, ауыл шаруашылық дақылдарының, ең алдымен, тың игерген аудандар үшін бидай мен жүгерінің шапшаң пісетін, қуаңшылыққа төзімді және мол өнімді жаңа сорттарын өсіруге, топырақтың жел ұшырып әкетуіне және суға шайылуына қарсы күрес жүргізуге ерекше көңіл бөлу керек.

Қазақстанда сортаңданған жерлердің көлемі орасан зор болып отыр. Мал шаруашылығы мен егіншіліктің жемшөп базасын ұлғайту мақсатымен сортаң жерлерді мелиорациялау жұмысы ауыл шаруашылық ғылымының елеулі міндеттерінің бірі болып табылады. Малдың тұқымын жақсарту, малдың ауруына қарсы алдын ала шараларды белгілеу және малдың ауруына қарсы күрес жүргізетін неғұрлым тиімді құралдарды табу мал шаруашылығы өнімін өндіруді арттырудың маңызды резерві болуға тиіс.

Партия, – деді Сәтбаев жолдас, – коммунистік құрылыстың теориясы мен практикасының кезек күттірмейтін мәселелерін белгілеген кезде қоғамдық ғылымдардың аса зор маңызы бар екенін әрдайым көрсетіп келеді. Әсіресе, экономика ғылымына ерекше зор талаптар қойылып отыр. КПСС Орталық Комитеті мен Н.С.Хрущевтің өзі бұл ғылым саласының өмірдің талаптарынан артта қалып отырғанын талай рет атап өтті. Республика экономистерінің жұмысында да ірі олқылықтар болып отыр.

Олардың зерттеулерінің көпшілігі тарихи шолу сипатында болып, социалистік құрылыстың практикасы үшін әзірге айтарлықтай пайда беріп отырған жоқ. Экономистер өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында еңбек қоры мен басқа да материалдық қордың пайдалануына тереңірек талдау жасап, еңбек пен қаржыны неғұрлым үнемдеуге мүмкіндік беретін әдістер мен бағыттарды белгілеп отыруға тиіс.

Коммунизм орнатудың теориялық проблемалары экономистерді ғана емес, сонымен бірге философтарды, заң зерттеушілері мен тарихшыларды да біздің қоғамымыздың дамуын, осы орасан зор тарихи процестегі жаңа құбылыстарды неғұрлым терең зерттеуге міндеттейді. Қоғамдық ғылымдардың барлық саласындағы ғалымдар заманымыздың келелі проблемаларын неғұрлым жақсы зерттеп, буржуазиялық

идеологияны мейірімсіз әшкерелеп, маркстік-лениндік теорияның тазалығы жолында күрес жүргізуге тиіс.

Баяндамашы ғылымдағы кемшіліктерді сипаттап берді. Қазақстан күрделі құрылыстың қарқыны, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса маңызды түрлерінің көлемі жөнінен еліміздегі ең алдыңғы қатарлы орындардың бірін алады, алайда, оның ғылыми мекемелері мен олардың кадрлары едәуір дәрежеде аз болып отыр. Ондағы республиканың экономикасы мен ғылымының жағдайының дәрежесі және оларға қойылып отырған талаптардың арасындағы зор алшақтықтар кадрлардың саны арту қарқынын үнемі шапшаңдатып отыру жолымен, әрі ғылыми мекемелерді көбейтіп отыру жолымен шешілуі керек. Бұл республикадағы ішкі мүмкіндіктерді пайдалану және еліміздің басқа аудандарынан ғылыми коллективтер мен жекелеген ғалымдарды республикамызға тұрақтандыру есебінен жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстанда машина зерттеу, радиоэлектроника, радиотехника, автоматика, механика саласындағы ғылыми мекемелер мен жоғары мамандықты ғылыми кадрлар мүлде жоқ, физика-математика және техника ғылымдары мөлшерден мейлінше аз дамытылып келеді. Ғылым докторларының тең жартысынан астамы – медицина ғылымының, ауыл шаруашылығы және биология ғылымдарының өкілдері, олардың 11,5 проценті – геология-география ғылымының, 10,9 проценті – қоғамдық ғылымдардың, 9 проценті – техника ғылымының, 4,9 проценті – химия ғылымының, ал 4,5 проценті – физика-математика ғылымының өкілдері. Ғылымның жоғары білімді кадрларының ара қатынасының мұндай құрылымы республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетінің тілектеріне мүлде лайық келмейді және ел жоспарлы түрде түзетілетін болуы тиіс.

Республикамызда ғылыми кадрларды іріктеп алу, даярлау және оларды орналастыру ісіндегі кемшіліктер де аз емес. Бұл кемшіліктерді жою үшін ғылыми кадрларды даярлаудың және іріктеп алудың жақсы ойластырылған перспективалы жоспарын жасаған жөн.

Өндірісте жұмыс істейтін мамандарды ғылыми жұмыстарға тарту ісін шұғыл күшейту қажет. Ғылымға деген негізгі жол өндіріс арқылы өтуге тиіс. Диссертациялардың тақырыптарын бұл диссертациялар аспиранттардың өндірістегі жұмысынан шығатындай етіп таңдап алу, оның нәтижелерін ғылыми тұрғыдан қорытындылау керек, сөйтіп ғылым үшін де, практика үшін де пайдалы болатындай етіп құру қажет.

Ғылыми мекемелерде ешбір қабілеті жоқ және ғылымда кездейсоқ жүрген адамдар да бар. Аттестациялар және конкурстар өткізудің жүйесі бұл адамдарды өздерінің кездейсоқтықтан отырып қалған орнынан босататындай етіп және оларды неғұрлым пайдалы болатын жерлерге жіберетіндей етіліп құрылатын болуы тиіс.

Жоғары оқу орындарының проблемалық лабораторияларын, ғылыми-зерттеу және тәжірибе жасайтын базаларын негізінен нығайту

қажет. Ғылыми қызметкерлердің еңбегінің құндылығының ең басты шарты оның мемлекетке және халыққа қандай нақтылы пайда беріп отырғандығы тұрғысынан бағалануы тиіс. Ғылыми кадрларды тәрбиелеу ғылымының маңызды мәселелерін байсалды түрде творчестволықпен талқылау жолымен өтуі, кемшіліктерді еркін сынау және өзара сын жағдайында өтіп отыру тиіс.

Халық шаруашылығының жоспарында ғылымды жеке, дербес құрылыс ретінде қаржыландырып, оған қаржы бөлу жөніндегі мәселе әбден мезгілі жетті. Ғылым объектілерінің құрылысы бірінші кезекте ескеріліп отырылуы және үздіксіз жүзеге асырылып отыруы тиіс. Олар қажет қаражатпен, материалдармен, жабдықтармен, приборлармен, реактивтермен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет.

Ғылымды жоспарлаудағы және бір жүйеге келтірудегі кемшіліктер кейбір маңызды емес тақырыптарға бой ұруға, жоспардың көп тақырыпты болуына, ғылыми күштердің шашырап кетуіне, олардың күшін аса маңызды тақырыптарды зерттеуге тиісті дәрежеде шоғырландыра алмаушылыққа, олардың комплексті түрде орындалмауына әкеліп соғады, сөйтіп мұндай жағдай қазір байқалып жүргеніндей өзін-өзі ақтамаған параллелизмге және ғылыми еңбектердің көшірмеге айналуына соғады. Елеулі кемшілік – біздегі жоспарларда ғылыми зерттеулерді үздіксіз жүргізу ісінің болмаушылығы, аяқталған еңбектерді халық шаруашылығына енгізіп отыру ісінің нашарлығы болып табылады.

Қазіргі уақытта кейбір институттарда байқалып отырған, тіпті мейлі жаман болса да, оның есесіне «өздерінің» лабораториялық және басқа да көмекші ұяларының жұмысын шамадан тыс ұлғайту тенденциясы, сөйтіп, осының салдарынан зерттеулердің жалпы ғылыми дәрежесін нашарлатып, мемлекеттің ғылымға жұмсаған шығындарын тым қымбаттатып жіберу, жоспарлау ісіндегі бір кемшілік болып табылады. Осыған байланысты Алматыда қаладағы барлық көптеген биология ғылымының және жоғары оқу орындары мекемелерінің барлық мұқтаждары үшін бірыңғай орталық вивария құру туралы мәселені ойластыру және шешу, сондай-ақ Алматының барлық ғылыми және өндірістік мекемелерінің жаппай спектрлік және химиялық анализдегі мұқтаждарын өтеу жөніндегі бірыңғай орталық құру жөніндегі мәселені шешкен жөн.

Республиканың ғылыми мекемелерінің географиялық орналасуындағы кемшіліктер, ғылымның Алматыда шамадан тыс шоғырланып отыруы сияқты кемшіліктер жоспарлы түрде жойылуы қажет және солай етілуі тиіс те. Республикамыздың Қарағанды, Алтай, Тың өлкесі, Батыс Қазақстан сияқты маңызды экономикалық аудандарында ғылымды дамытудың ойластырылған перспективалы жоспарын жасау қажет.

Коммунистік партия ғалымдардың алдына орасан зор міндеттер қойды. Ғылым біздің еліміздегі коммунистік құрылыстардың ұлы жоспарын жүзеге асыруға зор үлес қосуы тиіс.

ҒЫЛЫМ ҚАНАТЫ

Совет елі тағы да бір салтанатқа кенелді. Герман Титов аспан әлемінде 25 сағаттан астам болып, жер шарын 17 рет айналып келді. Көпұлтты Совет Одағының халықтары қандай зор істерге қолы жеткенін дүниежүзі тағы да көрді.

Жер шарын тұңғыш рет айналып шыққан Магеллан, қала берді Американы ашқан Колумбының бұған жылдар сарп еткені мәлім. Ал, Юрий Гагарин мен Герман Титов совет ғылымының озық нәтижесін әлемге паш етіп, ол жолды сағаттар ішінде айналып шықты.

Бұл – біздің Отанымыздың өскендігінің, өркендегендігінің нәтижесі, халықтар достығының куәсі. Расында, осыдан жарты ғасыр бұрын, Қазақстанды былай қойғанда, Россияның өзі қандай еді? Артта қалған, мешеу аграрлы ел болатын. Шетелдің жылтырақ мәдениеті патша сарайларында ғана көрінсе, Россияның қалған ұлан-байтақ даласы қараңғы қапаста мүлгіп тұратын. Озық ой, прогресс дегендердің бәріне тежеу, тұсау, кісен салынған-ды. Ғылым өркендеген жоқ. Дүниежүзінде тұңғыш рет паровозды ойлап тапқан И. Ползуновтың еңбегін патшалы қауым аяққа басты. Радионың атасы А. Попов және қазіргі планетааралық ғылымның негізін салушы Э. Циолковский мүлдем белгісіз адам болып қала берді. Д. Менделеевтің ұлы табысы өнеркәсіпте пайдаланылмады. Бүкіл ғылым артта қалды.

Сол Россия жерінде қазір Ленин күні жарқырап тұр. Бір күн бір күннен асып түскен жаңалық әкеледі. Әр сағат, әр минут халықтың әл-ауқатына мол қазына береді. Оның бәрі – еңбекші халықтың бақытты замандағы еңбегінің нәтижесі, жемісі.

Кеше ғана Совет Одағы Коммунистік Партиясының XXII съезіне арналған программасының жобасын оқып едік, еліміздің алдағы жылдар ішінде коммунизм сияқты сәулетті қоғам орнататынын көріп, сеніп едік, енді бүгін сол программаның жеңісін көрсеткен, аспанға «Восток-2» кораблі барып қайтты. Ал, кешінде, үкіметіміз бен партиямыздың басшысы Никита Сергеевич Хрущев радиодан тамаша сөз сөйледі. Мұның барлығы совет халқы мен Коммунистік партиямыздың тамаша салтанаты болды.

Мұндай зор оқиғаға Қазақстан ғалымдары да үлес қосты. Оған, Қазақ ССР Ғылым академиясының физика, химия және металлургия, астрономия ғылымдарын зерттейтін институттарының еңбегі дәлел. Партиямыздың жаңа программасы Қазақстан жеріндегі әлі сыры белгісіз ұшан-теңіз қазба байлықтарды ашу, оны тиімді түрде халық шаруашылығына пайдалану міндетін қойып отыр. Біздің ғылымдарымызға бұл үлкен игі тапсырма. Мәселен қазір, академияның құрамында 51 ғылыми мекеме, 25 күрделі ғылыми-зерттеу институттар осы программаға сай жұмыс істеуде.

Қазақ жерінің қойны толған қазына. Мұнда шықпайтын кен жоқ. Оның болашағы өте жарқын, сәулетті. Ал, партиямыздың жаңа программасы осы даланы бұрынғыдан да бетер нұрландыра бермек.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨНДІРГІШ КҮШТЕРІ

Ұлы дәуір документі – КПСС жаңа Программасының жобасында еліміздің таяудағы жиырма жыл ішінде қызу қарқынмен өркендеу жолы айқын бейнеленген. Осы уақыт ішінде «Уралдың шығысына таман жатқан», яғни сарқылмас мол табиғат байлығы, кең-байтақ жері бар Қазақстан мен Сібірдің өндіргіш күштері мықтап өркендетіледі.

Еліміздің өндіргіш күштерін мықтап өрге бастыруда шешуші факторлардың бірі ғылым болмақ. Қазақстанның қызу өскен ғылымы өзінің басты назарын ірі, практикалық бағалы ғылыми проблемаларды комплексті және коллективті шешу ісіне аударып келеді. Қазақстан Ғылым академиясы өзінің көптеген зерттеулерін өнеркәсіптің тапсыруы бойынша және соның қаржысымен жүргізуде. Бұл істі ол өндірісшілермен творчестволық тығыз ынтымақтастық жасай отырып іске асыруда. Республиканың ірі экономикалық аудандарында жұмыс істейтін, академияның жергілікті жерлердегі ғылыми мекемелерінің саны үздіксіз көбейіп отыр. Өзінің зерттеу жұмыстарын көкейтесті мәселелерге бағыттай отырып жүргізу нәтижесінде, Қазақ ССР Ғылым академиясы республикамыздың алуан түрлі өндіргіш күштерін ашу және оларды игеру ісін тездетуге зор көмек көрсетіп келді.

Академияның геологтары аса маңызды жұмыстарды орындауда. Олар өндіріс геологтарымен ынтымақтаса отырып, Қазақстанның геологиялық картасындағы ақ күйінде тұрған жерлерді барынша азайтып келеді, сөйтіп Қазақстанның жер қойнауындағы асылдар байлығын барған сайын молынан ашуда. Дұрысын айтсақ, Қазақстанның ғалым және өндіріс геологтарының жемісті еңбегі республикамызды минерал байлықтардың сарқылмас мол қоймасына айналдырды. Мұның негізінде ауыр өнеркәсіптің аса ірі кәсіпорындары салынды және салынып жатыр. Бұлар Қазақстанның экономикалық бейнесін түбірінен өзгертіп, оны СССР-дегі қуатты, гүлденген, индустриялық-аграрлық республикаға айналдырды. Бұл ретте Н.С.Хрущев жолдастың Москвадағы Қызыл Алаңда, СССР космонавты Г.С.Титовты қарсы алуға байланысты болған салтанатты митингте сөйлеген сөзінде барлаушы-геологтар туралы айтқан жүрекке әсерлі мына сөзін қалай еске түсірмесің.

«Барлаушы-геологтар бірінші болып сүрлеу салады. Бұл сапарға бару қиын, бірақ оның есесіне олар үшін өз еңбегінің жемісін көру өте тамаша болады. Нақ осы сияқты біздің халқымыз, біздің Коммунистік партия бірінші болып коммунизмге жол салуда», – деді Н.С.Хрущев. Барлаушы-геологтар армиясының еңбегіне берілген бұл жоғары әрі әділетті баға оларды рухтандырып, творчестволық жаңа ерлікке жігерлендіруде.

Қазірдің өзінде-ақ Қазақстанда Менделеев системасының материалдық өмірде қолданылатын элементтерінің ашылмаған бірде-бірі қалған жоқ. Олардың көпшілігінің қоры жөнінен Қазақстан қазір СССР-де және

дүниежүзінде бірінші орынға шықты. Әсіресе металл шикізатының барлық түрлері жөніндегі қор туралы осыны айтуға болады. Сонымен бірге, Қазақстанда әлі де минерал байлықтардың көптеген жаңа қоры мен түрлерін ашуға болады. Мұның өзі республикамыздың индустриялық мүмкіндіктерін одан ары кеңейтуге жақсы жағдай жасайтыны сөзсіз.

Күні кеше Торғай даласы болашағы шамалы, иен жатқан жер деп есептелуші еді. Қазір мұнда темір рудаларының, көмірдің дүниежүзілік қоры ашылды. Осының негізінде ірі рудниктер мен заводтар салынып жатыр. Маңғыстау түбегі де зерттеусіз жатқан «геологиялық тың» еді. Қазір бұл арада мұнайдың, газдың, түрліше металдардың және минерал тұздардың қоры ашылды. Қазақстанда алдағы кезде де талай жаңа кен аудандарының ашылуына күмән жоқ. Осындай байлықтарды ашу ісін неғұрлым тездету республиканың ғылым және өндіріс геологтарының міндеті болып табылады.

Қазақстан түсті металлургияның еліміздегі шешуші базасы болып келеді. Совет өкіметі жылдарында біздің республикамызда бірінші дәрежелі рудниктер мен заводтар құрылды. Бұл табысқа да, негізінен алғанда, ғалымдар мен өндірісші кеншілердің, металлургтердің творчестволық еңбектерімен зор үлес қосқандықтарын атап айту керек. Мысалы, кенді Алтайдың кеншілері руда қазудың жаңа системасын тауып, оны өндіріске енгізді. Мұның өзі кеншілердің еңбек өнімділігін үш-төрт есе арттыруға, кен жұмыстарын механикаландыру дәрежесін 97 процентке дейін жеткізуге мүмкіндік берді. Олар Жазқазған руднигінде руданы жер астында қазу жұмыстарын комплексті механикаландыратын системаны жасап, өндіріске енгізді. Осы система кеншілердің еңбек өнімділігін үш-төрт есе өсіруді қамтамасыз етті. Қазақстанның ғалымдары мен өндіріс кеншілерінің бұл сияқты зерттеулері кен жұмысшыларының еңбек өнімділігін арттырып, Америка Құрама Штаттарынан озып шығу үшін негізгі жолдардың бірі болып табылады.

Қазақстан кеншілерінің алдында жаңа міндеттер – республика рудниктерінде неғұрлым өнімді, руданы ашық әдіспен өндіру ісін қолдану міндеті тұр. Мұны бұрғылау, тиеу және тасымалдау жабдықтарын жетілдіру арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін екені мәлім. Мысалы, қазір қолданылып жүрген арқанның салмақты серпінмен бұрғылаудың орнына, кенді шарошкалық әдіспен бұрғылау бұрғышылардың еңбек өнімділігін екі-үш есе, ал термалық бұрғылауға көшу еңбек өнімділігін 6-7 еседен де астам арттырар еді. Республикадағы аса ірі, көптеген руда және көмір кендерін ашық әдіспен қазуға көшу көзделініп отыр. Жер астындағы жұмыстарда кеннің ірі блоктарын табиғи күшпен немесе еріксіз құлату сияқты кен қазудың прогрестік жүйелері өндіріске кеңінен енгізіледі. Рудниктер мен шахталарда комплексті механикаландыру және автоматтандыру үшін жаңа, жоғары өнімді кен машиналары жасалуы тиіс.

Қазақстан ғалымдары мен өндіріс металлургтарының зерттеуі еліміздегі түсті металлургияның алыбы Балқаш заводының өндірістік қуатын

едәуір ұлғайтуға және полиметалл рудалардың ішіндегі түрлі металды толық пайдалану ісін жедел арттыруға мүмкіндік берді. Металлургтар мен энергетиктер ойлап тапқан мыс балқытудың жаңа тиімді әдісі металлургиялық процестің қарқынын жедел арттырып, руда шикізаттағы барлық бағалы заттарды түгелімен айырып алуға мүмкіндік беріп келеді. Алайда, республиканың түсті металлургиясының кәсіпорындарында металдардың ысырабы әлі де көп болып отыр. Мәселен, мыстың 20-25 проценті, қорғасын мен мырыштың 30-40 проценті ысырап болуда. Қазір Алтай рудаларындағы 19 бағалы заттың он екісі ғана, Шымкент қорғасын заводында 12 бағалы заттың жетеуі ғана айырып алынады. Сондықтан республика байытушылары мен металлургтарының алдында тұрған міндет өте зор. Олар руда шикізатындағы барлық бағалы заттарды түгел айырып алуға мүмкіндік беретін ең тиімді әдістерді батыл қолдануға тиісті. Республика түсті металлургиясының барлық саласында тиімді әдісті өндіріске кеңінен енгізу, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда қазір қара металдар мен ферросплавтардың қуатты өнеркәсібі өркендетілуде. КПСС жаңа Программасында елімізде болат балқытуды жылына 250 миллион тоннаға жеткізу көзделінген. Осымен байланысты, бүкіл еліміздегі руда базасын едәуір кеңейту қажет болады. Осы тұрғыдан қарағанда, Қостанай облысындағы Лисаков пен Аят темір рудасы базаларының бүгінгі таңдағы маңызы орасан зор. Өйткені бұл кендер теміржол магистралінің дәл үстінде, сонымен қатар бұларда миллиондаған тонна оолит темір рудасы жер бетіне таяу жатыр. Осы руданы қуатты карьерлермен қазып алуға болады. Лисаков пен Аят кендерінің рудаларында фосфор және ванадий қоспалары бар. Осы бассейндердің рудаларын комплексті жолмен пайдаланудың экономикалық тәсілдерін жасау, сөйтіп болатпен бірге фосфор тыңайтқышын және ванадийді көп мөлшерде алу қазір біздің металлургтар алдында тұрған ең бірінші кезектегі міндет болып табылады. Лисаков пен Аят базаларында бірнеше ірі металлургия комбинаттарын салуға мүмкіндік бар. Бұл комбинаттар еліміздегі ең арзан, миллиондаған тонна болат, сондай-ақ қосымша өнім ретінде мыңдаған тонна ванадий балқымаларын, миллиондаған тонна фосфат шлактарын беретін болар еді. Ал фосфат шлагы Қостанай облысында және бүкіл Тың өлкесінде қазір игерілген орасан көп көлемдегі тың жерлер үшін аса бағалы минерал тыңайтқыш екені мәлім.

Қазақстан ферросплав өнеркәсібінің кәсіпорындарында барлық бағалы заттарды пайдаланудың технологиясын жақсарту және комплекстілігін арттыру жөнінде көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізуге тура келеді. Павлодар облысында салынып жатқан жаңа Ермак ферросплав заводы Орталық Қазақстандағы Жезді мен Атасу марганец кендерінің рудасымен жұмыс істемек. Бұл кендердің рудаларында марганецпен бірге қорғасын, калий сияқты басқа да қосымша элементтер бар. Қазіргі жобада

осы рудниктердің жанынан арнаулы байыту фабрикаларын салу көзделген. Мұның бер жағында, біздің Академияның металлургиялық лабораториялық зерттеу жасап, осы көздердің рудаларын тікелей ферросплав заводтарында пайдалануға болатынын, бірден бүкіл бағалы компоненттерді айыруға болатынын дәлелдеп көрсетті. Бұдан алынатын негізгі өнім – силикомарганец кеннің негізін құрайтын марганец пен кремний балқымасы болмақ. Біздің металлургияның жаңа схемасы бойынша, руданы алдын ала байытудың қажеттігі болмайды. Сонымен қатар барлық руданы ешбір қалдықсыз толық пайдалануды қамтамасыз етеді. Осы сияқты зерттеулердің бәрі де салынып жатқан Ермак ферросплав заводының техникалық іс бағытын анықтап беруге көмектеседі.

Республикамызда қоры ұшан-теңіз көп ванадай, хром, вольфрам, молибден, титан және басқа металдар кенін таяудағы уақыт ішінде игеру үшін қарқынды және комплексті зерттеу жұмыстары жүргізілу керек.

Шикізат базасы іс жүзінде бай бола тұрғанымен, Қазақстанда химия өнеркәсібі әзірге нашар өркендеп отыр. Республикада химиктерінің алдында фосфориттің, калийдің, магнийдің және басқа табиғи шикізаттардың бай кендерін зерттеу және бұлардан минерал тыңайтқыштар, химиялық аса маңызды өнімдер алудың міндеттері тұр. Бағалы полимерлер, мономерлер, флотореагенттер, тыңайтқыштар, гербицидтер, медициналық препараттар алудың, мұнайдан, газдан, көмірден, жанар сланецтен, өсімдік шикізатынан химиялық өнімдер өндіру, сондай-ақ республика өнеркәсібінің металлургия, мұнай өңдеу, гидролиз сияқты тағы басқа салаларынан қосалқы өнімдер өндіру мүмкіндіктері зерттелетін болады.

Қазақстанда көмір, мұнай, газ, су және жел қуаттары сияқты энергетиканың үлкен ресурстары бар, сондай-ақ Күн шұғыласының энергиясы, әсіресе кең-байтақ шөл далаларда бұл энергия мол екенін атап айту керек. Жаппай электрлендіру мақсатын көздеп, осы ресурстарды зерттеу, тиімді пайдалану – республика энергетиктері алдында тұрған ең негізгі міндет. Республиканың энергетикалық базасын одан ары өркендету үшін ірі бу және су-электр станциялары салынып, бұлар Совет Одағының біртұтас энергетикалық жүйесінің үлкен бөлімі болып табылатын Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесіне қосылады. Мұның өзі алуан түрлі энергетикалық ресурстарды барынша жақсы ұйымдастырып отыруды, бүкіл республика халық шаруашылығының энергетикалық базасын ретті және үнемді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда кең байтақ ауыл шаруашылық жерлері бар. Бұларды халық шаруашылығының игілігі үшін игеру нәтижесінде Қазақстан қазірдің өзінде-ақ товар астық өндіру жөнінен СССР-де екінші республикаға, еліміздің Шығысындағы мал шаруашылығының негізгі базасына айналды. Біздің республикамыз мақта, қант қызылшасын және басқа техникалық, ауыл шаруашылық дақылдар өндіруде. Міне, осы тамаша табыстарға да республиканың ғалымдары үлкен үлес қосты.

Мысалы, топырақ зерттеушілер мен агробиологтар тың жерлерді іріктеп алу және оларды игеру ісіне, бұларда дәнді, техникалық дақылдардан өнімді мол алу жолындағы күреске белсене қатысты. Ботаниктер мен зоологтар өсімдік пен хайуанаттар дүниесін, азық-түлік, жемшөп ресурстарын, республикамызда шаруашылыққа аса пайдалы өсімдіктің жаңа түрлері – флора мен фаунаны байыту жолында көп жұмыстар істеді. Микробиологтар мен вирусологтар жемшөпті сүрлеуге қажет микробтар мен вирустардың жаңа түрлерін өсірді.

Республиканың ауыл шаруашылығын онан ары өркендету үшін ғылымның алдында тұрған аса маңызды міндеттер: топырақтың құнарлылығын үздіксіз арттыру, ауыл шаруашылық дақылдары мен малдың бағалы жаңа сорттарын және тұқымдарын өсіру, республиканың әрбір табиғи экономикалық аймағына қарай егіншілік жүйесін тиімді пайдалану, топырақ эрозиясына (дефляциясына) қарсы күрестің ең сенімді құралдарын табу, өсімдіктің, хайуанаттардың жаңа бағалы түрлерін шығарып отыру болып табылады.

Тұрақты жемшөп қоры мен тиянақты суаттар республика мал шаруашылығын одан ары өркендету үшін де ең маңызды шарт. Малды жемшөппен қамтамасыз етуде басты рөл атқарып отырған жүгерімен бірге, табиғи жайылымдардың, шабындықтардың өнімділігін де барынша арттыру қажет. Қазақстанда сортаң жер көп екені мәлім. Осы жерлерді жақсарту мал шаруашылығына қажет жемшөп базасын ұлғайту үшін, сондай-ақ егіншілік үшін үлкен маңызы бар. Республикада су шаруашылығын тәртіпке келтіру қазір мемлекеттік үлкен проблема екенін атап айту керек. Осы мақсат үшін республикада су шаруашылығы проблемаларымен комплексті түрде шұғылданатын біріккен ғылыми-зерттеу институтын құру қажет. Бұл институт жер бетіндегі және жер астындағы суды зерттеп, республиканың халық шаруашылығына су молшылығын жасап және оларды тиімді етіп пайдалану жөнінде қажет ғылыми-техникалық шараларды жасауға тиіс.

Шөл далаларды зерттеп, оларды халық шаруашылығы үшін игерудің жолдарын табу ғылыми-зерттеу мекемелерінің ең абыройлы борыштарының бірі. Қазақстандағы шөл және шөлейт жерлер республика территориясының 60 процентін алып жатқаны мәлім. Мұндай жерлердің қойнауында алуан түрлі байлықтар, атап айтқанда, түсті кен және сирек кездесетін металдар, мұнай мен газ жатыр. Дегенмен, осы шөлейт жерлердің ауыл шаруашылығына пайдаланылуы әлі күнге жеткіліксіз болып келеді. Мұның бер жағында, бұл шөлейт жерлердің топырағы құнарлы, өйткені олар калиймен және микроэлементтермен байыған, бұларға Күн шұғыласы жеткілікті, тек су тапшылық етуде. Екінші жағынан, республика зерттеушілері жер қойнауында терең шыңырауда жатқан су мол екенін анықтады, бұл су кейде тұщы келеді. Осы жерасты теңізі қазір оңтүстік Балқаш, Шу-Сарысу, Торғай, Үстірт, Арал, Маңғышлақ алаптарынан, Қарақұм, Мойынқұм, Борсық құмдарынан, тағы басқа

жерлерден табылып отыр. Демек, бұл шөл далаларды халық шаруашылығына пайдалану үшін толық мүмкіндіктер бар. Бұл үшін, ең алдымен, тек электр энергиясы қажет. Мұндай энергияны желдің күшінен, немесе Күн шұғыласының қызуын пайдалану арқылы алуға, немесе жақын жердегі өндірістен әкелуге болады. Электр энергиясын тиімді пайдалану арқылы, шөл далаларды кеңінен суландыруға толық мүмкіндік бар. Мұның өзінде электр энергиясын пайдалана отырып, ащы суды тұщы ету үшін техникалық жағынан ешқандай қиындық жоқ. КПСС жаңа Программасының жобасында белгіленгеніндей, алдағы кезде бұл шөл далаларға солтүстіктегі ұлы өзендердің мол суы келетін болады. Осының бәрі Қазақстанның елсіз шөл далаларын гүлденген, жемісті далаға айналдыратын, оларда астық, овощ, жеміс өсіретін, ет өндіретін күндер де жақын екенін дәлелдейді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Алматы маңында салынып жатқан Ядролық физика институтының және ірі есеп орталығының құрылыстарын таяудағы уақыт ішінде аяқтау республика өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының ғылымы мен техникасының барлық негізгі салаларына математика мен физика жетістіктерін енгізуді жүзеге асыру үшін зор мүмкіндік туғызады. Атап айтқанда, республиканың кен-металлургия, химия, машина жасау өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, геологияда, биологияда, медицина, халық шаруашылығы мен мәдениеттің тағы басқа салаларында түрліше сәулелер мен изотоптарды кеңінен қолдану ісіне көмектеседі.

Өндіргіш күштерді өркендетуде экономика ғылымы ерекше жауапты рөл атқарады. КПСС Орталық Комитеті және Н.С. Хрущев жолдастың өзі экономикалық ғылымның өмір талаптарынан жалпы артта қалып келе жатқандығын әлденеше рет атап көрсеткен болатын. Амал не, бұл кемшілік біздің республикамыздың экономистерінің жұмысында да орын алып келеді. Олардың зерттеулері оншама нақтылы болып шықпайды, олар республикадағы социалистік құрылыс ісіне ойдағыдай көмектесе алмай отыр. Қазақстан экономистерінің алдында республика өнеркәсібін неғұрлым тиімді орналастыру, мамандандыру және кооперациялау мәселелерін шешу, бұларда еңбек және материалдық ресурстарды пайдалануды талдау міндеттері тұр. Экономистердің еңбегі республика халық шаруашылығының басты салаларын өркендетуде негізгі көрсеткіштер мен пропорцияларды дәлелдеуге тиісті.

Мен осының бәрінің қорытындысында республикадағы ғылымның кейбір әлсіз жерлері мен толғағы жеткен мәселелеріне тоқталғым келеді.

Қазақстанда қазір ғылымның өсуі мен оған республиканың қызу өркендеп отырған өнеркәсібінің және ауыл шаруашылығының тарапынан қойылатын талаптардың арасында елеулі алшақтықтар бар. Бұл алшақтықтар ішкі мүмкіндіктерді пайдаланумен қатар, еліміздің басқа ғылыми орталықтарынан ғылыми коллективтерді, жеке ғалымдарды Қазақстанға келтіру жолымен тез жойылуға тиіс.

Өмірдің талабына сәйкес, қазір Қазақстанда бірсыпыра жаңа ғылыми-зерттеу институттарын ашу керек. Олар мыналар: Қарағандыда кара металлургия, ферросплавтар мен көмір, Теміртауда органикалық химия, Өскеменде электр химиясы мен электр металлургиясы, Шымкентте биологиялық қуатты заттардың химиясы, Алматыда циклондық автоматтандыру және механикаландыру, биофизика, физика-техника, генетика және хайуанаттарды гибридтендіру, биохимия физиологиясы және өсімдіктердің селекциясы институттары. Сондай-ақ қазір Қазақстанда су шаруашылық және транспорт проблемаларын зерттейтін институттар ұйымдастыру, шұғыл міндеттердің бірі болып отыр. Бұл институттар біздің республикамыздың географиялық жағдайларына сай өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қоса қабат өркендету үшін аса қажет. Бұрын республика академиясында жемісті жұмыс істеген және бұдан бірнеше жыл бұрын орынсыз ажыратылған шөлейттерді зерттеу және игеру институтын қайта ұйымдастыру қажет.

Республикадағы ғылыми мекемелердің өндірістік және материалдық-техникалық базаларының жетіспеушілігі қазір төзгісіз жағдай болып отыр. Мұның өзі тұжырымдалынған, көптеген ғылыми жұмыстарды аяқтап, өндіріске енгізуге зор кедергі келтіріп келеді. Мұны тез жою үшін республикадағы ғылымның өндірістік, эксперименттік базаларын салуды шапшаң қарқынмен жүргізу қажет. Бұл құрылыстарды қажет қаржымен, материалдармен, жабдықтармен, аспаптармен қамтамасыз ету керек. Мемлекеттік бюджетте дербес статья ретінде ғылымға қаржы бөліп отыру туралы мәселені шешетін уақыт жетті.

Осы кемшілікті тезінен жою Қазақстанның өндіргіш күштерін қауырт өркендетуде ғылымның рөлін шын мәнінде бұрынғысынан да арттыратын болады. Бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанның да ғалымдары КПСС жаңа Программасының жобасында алға қойылған ұлы міндеттерді, ұлы мақсаттарды толық және тезінен жүзеге асыру ісіне өздерінің күшін, білімін аямай жұмсайды.

М.О. ӘУЕЗОВТІ МӘҢГІ ЕСТЕ ҚАЛДЫРУ ТУРАЛЫ

Аса көрнекті совет жазушысы Лениндік және Сталиндік сыйлықтардың лауреаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, бейбітшілікті қорғаудың совет комитетінің мүшесі, СССР және Қазақстан совет жазушылар одағы президиумының мүшесі М.О.Әуезов Қазақ ССР Ғылым академиясы ұйымдасқан күннен бастап оның академигі болып келді. Ол академияның гуманитарлық ғылыми мекемелерін нығайтып, алға бастыруға барлық күші мен қабілетін жұмсады, келелі ғылыми-зерттеу еңбектерін жазуға қолма-қол қатысты, жас ғылыми кадрларды үздіксіз тәрбиелеп-өсіріп отырды. Ғылым академиямыздың әдебиет пен өнер жөніндегі жаңа ғылыми институтын ұйымдастыруға бастаушы болған және ұйымдастырған М.О.Әуезов еді. Сондықтан да осы институтты академик жазушы М.О.Әуезовтің есімімен атау туралы және академия системасында әдебиет ескерткіш музей-үй ашу туралы үкіметтің шешімін Ғылым академиясы зор алғыс сезіммен қарсы алды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумы М.О.Әуезовтің совет әдебиеті мен мәдениетіне, республикада филология ғылымына сіңірген зор еңбегін атап көрсетіп, арнаулы қаулы қабылдады. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтына совет заманының аса көрнекті жазушысы болған академик М.О.Әуезовтің өмірі мен творчествосы туралы тақырыпты белгілеп зерттеуді міндеттеді.

Қаулыда ұйымдастырылғалы отырған М.О.Әуезов атындағы музей-үй аса көрнекті совет жазушысы М.О.Әуезовтің өмірі мен творчествосын кеңінен көрсетіп, насихаттауға және зерттеуге, оның дүниежүзіндегі көптеген халықтар тілдерінде басылып шыққан кітаптарын, сондай-ақ қолжазбаларын, өз мүліктерін, фотосуреттері мен басқа да материалдарды көрсетуге, оның басылмаған көркем және ғылыми еңбектерін халыққа мәлім етуге міндетті екені атап көрсетілді.

Ғылым академиясының президиумы таяу жылдарда жазушының шығармалар жинағын академиялық басып шығаруды жүзеге асыруды ұйғарды. Бұл үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі С.Б.Бәйішев бастаған арнаулы комиссия құрылды. Комиссияның құрамына Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері А. Жұбанов, С. Кеңесбаев, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, академияның корреспондент мүшесі Е. Ысмайылов, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының директоры М. Базарбаев, ғылым кандидаттары Е.В.Лизунова, Л.М.Әуезова енді.

Ғылым академиясы М.О.Әуезовті жақсы білген барлық адамдардан өздерінде бар материалдар туралы (хаттар, рецензиялар, кітапқа немесе қолжазба жөніндегі пікірлер, сый ретіндегі жазулар, тағы басқалар) М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтына хабарлады және мүмкіндігіне қарай олардың түп нұсқасын немесе көшірмесін М.О.Әуезовтің музей-үйіне табыс етуге арнап институтқа жіберуді өтінеді.

ЗОР БОЛАШАҚ

Қазақ ССР Ғылым академиясы жалпы жиналысының сессиясы

СССР бойынша орташа дәрежеге қарағанда, Қазақстан үшін дамудың неғұрлым шапшаң қарқыны белгіленіп отыр. Егер таяудағы жиырма жылдың ішінде елімізде өнеркәсіп өнімінің көлемі алты есе артса, ол Қазақстанда – 12,7 есе артады. Есеп мынаны көрсетіп отыр: республика жыл сайын 120-130 миллион тонна темір рудасын, жүз миллион тоннаға жуық мұнай, 150 миллион тонна көмір шығара алады, 35 миллион тонна болат өндіріп, 200 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді, елімізге орасан көп мөлшерде мыс, қорғасын, мырыш, басқа да түсті және сирек кездесетін металдар бере алады. Сондай-ақ товарлы астық, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді мықтап арттыру белгіленген.

Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау, - делінді сессияда, ғылымды шұғыл өркендетуді, ғылыми күштер мен құралдарды оның аса маңызды бағыттарына шоғырландыруды талап етеді.

Сессия партияның Программасы белгілеп берген кезеңнің ішінде Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыты мен міндеттерін белгіледі.

Математика мен физика жөніндегі зерттеулер мықтап күшейтіледі. Республикада аса ірі есептеу орталығы құрылады. Өндірістің қажеттерін ескере отырып, теориялық және қолданбалы механика жөнінде зерттеулер ұйымдастырылады. Тіпті алдағы жылдың өзінде Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің өндірістік процестерді комплексті механикаландыру және автоматтандыру институтын құру жөнінде шешім қабылданды.

Ядролық және техникалық физика, космос сәулелерінің табиғаты, жартылай өткізгіштер физикасы, сондай-ақ күн ілгері белгіленген техникалық қасиеттері бар материалдар жасауға арналған металдар мен пластмассалардың физикасы жөніндегі ғылыми жұмыстар шапшаң қарқынмен дамытылады. Автоматика, телемеханика және электроника саласындағы зерттеулер әбден өрістетіледі.

Қазақстан таяудағы жылдардың өзінде-ақ мол мұнайлы және қуатты газ өнеркәсібі бар республикаға айналуы тиіс, - делінді сессияда. Жер қабатының терең және аса терең бөліктерін зерттеуге тура келеді. Құрғақшылық аудандарындағы өнеркәсіп орталықтарын сумен қамтамасыз ету мәселесін бірінші кезекте шешу үшін гидрогеология және инженерлік геология саласында атқарылатын жұмыстар анағұрлым ұлғайтылады.

Қазақстан ғалымдарының кен ісі саласындағы ең басты міндеті – өндірістік процестерді комплексті механикаландыру және автоматтандыру негізінде пайдалы қазба байлықтарды жер астынан шығару және

әсіресе ашық әдіспен өндіру ісін одан ары жетілдіру. Кен қабаттарын құлатудың жаңа әдістеріне – термалық, ультрадыбысты және электр-гидравликалық тиімділіктің көмегімен құлатудың әдістеріне айрықша зор назар аударылады.

Қара және түсті металлургияны таяудағы жылдардың ішінде неғұрлым шапшаң қарқынмен дамыту үшін жүзеге асырылуы тиіс болатын ғылыми зерттеулердің өте көлемді екендігі сессияда ерекше атап көрсетілді.

Совет ғылымы мен техникасының жетістіктерінің осы заманғы дәрежесі, деп атап көрсетілді сессияда, құрғақшылық аудандарды игеру ісінің күрделілігі жағынан аса қиын болып келетін комплексті проблемаларын ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді. Бұл проблемалардың халық шаруашылығында зор маңызы бар. Қазақстанда 180 миллион гектар жер немесе республиканың барлық жерінің үштен екі бөлігінен астамы шөл мен жартылай шөлейт жерлер. Совет Одағындағы шөлдердің жалпы көлемінің 58 проценті Қазақстанның үлесіне тиіп отыр. Осы орасан зор көлемді жердің табиғи ресурстары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытудың ірі резерві болып табылады. Соңғы уақыттарда Маңғыстау түбегі ауданында мұнайдың миллиардтаған тонна қоры табылды. Осы шөлді аудандарда түсті, қара және сирек кездесетін металдардың, көмірдің және басқа да қазба байлықтардың кен орындары табылды. Мұнда ауыл шаруашылығын өркендету үшін де қисапсыз мол мүмкіндіктері бар.

Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, Қазақ республикасында әзірше түгелдей бос жатқан, бірақ суаруға толық жарайтын 40-50 миллион гектар жер бар. Бұған қосымша мұнда 70 миллион гектарға жуық топырағы сортаң болып келетін жерлер жатыр, ал бұларды тиісті агротехника қолданған жағдайда шаруашылық айналымына қосуға болады. Бұл шөлдердің топырағы минерал тыңайтқыштарға, атап айтқанда, калийге, микроэлементтерге бай, оларда Күн шуағы да мол, бұларға тек бір ғана нәрсе ылғал жетіспейді, осы орасан мол көлемді жерлер бос жатпау үшін шын мәнінде тек ылғал керек.

Гидрогеологтардың зерттеу жұмысы мынаны анықтап берді: осы шөлдердің орасан зор көлемді жерлерінде түрлі тереңдікте жер астында қалып қойған судың, кей кездерде тұщы судың, ал көбінесе минералданған судың мол қоры бар. Міне, сондықтан да бұл бос жатқан жерлерді халық шаруашылығына кеңінен пайдалану толық нақтылы іс болып табылады және ол Қазақстанның ғылымы алдында тұрған аса маңызды әрі бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып табылады.

Осы комплексті проблемаларды шешу ісіне Қазақстанның ғылыми мекемелері кеңінен тартылады. Сондай-ақ шөлдер мен шөлейт жерлердің минерал, су, энергетика, жер және өсімдік ресурстарын зерттеу жөнінде және бұларды барлық жағынан бірдей пайдалану жөнінде зерттеу жұмыстарын онан ары ұлғайту көзделіп отыр. Жерді игеру және

жайылымдардың құнарлылығын арттыру жөнінде тәжірибелік зерттеулер жүргізіледі.

Шөлдердің өзіндегі, әсіресе олардағы Күн жылуы мен аңызак жел қуатының энергетикалық ресурстарын пайдалану жөніндегі жұмыстарды кең көлемде жүргізу қажет. Энергияның бұл түрлерін пайдалану әзірше кеңінен өрістетілмей отыр. Алайда, жартылай өткізгіштерді ойдағыдай қолдануға байланысты, Күн энергиясының қисапсыз көп ресурсын игерудің перспективалары ашылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы 49 негізгі комплексті теориялық және ғылыми-шаруашылық проблемаларды жеке бөліп алды. Оларды бір-бірімен үйлестіріп отыру жөніндегі ғылыми совет құрылды.

Академияның ғылыми қызметкерлерінің санын 10 мың адамға жеткізу, кемінде 300 ғылым докторын және 2600 ғылым кандидаттарын даярлау, ғылымға жас талантты күштердің көп қамтылуын қамтамасыз ету шаралары белгіленді.

Академияның жүйесінен 41 жаңа ғылыми-зерттеу институттарын құру көзделіп отыр. Жаңа ғылыми мекемелер негізінен алғанда Қазақстанда ауыр индустрияны дамыту міндеттеріне байланысты болады. Бұл институттардың тең жартысы өнеркәсіп орталықтарында ашылады.

Қарағандыда академияның Орталық Қазақстандағы бөлімшесін ұйымдастыру жоспарланды, оның 12 ғылыми-зерттеу институты болады, бұл институттар Қарағандыда, Теміртауда, Целиноградта, Павлодарда, Рудный және Ермакта орналасады. Академияның екінші бөлімшесі – Шығыс Қазақстан бөлімшесі Өскеменде ашылмақшы болып отыр. Оның құрамында жеті институт болады. Ал Гурьевте құрамында төрт ғылыми-зерттеу институты бар академияның Батыс Қазақстан бөлімшесі ұйымдастырылады.

ҒЫЛЫМНЫҢ КЕҢ ӨРІСІ

I

«Барлығы адам үшін, барлығы адамның игілігі үшін», – деп партиямыздың Программасында жарияланған тамаша қағида қазірдің өзінде біздің еліміздің халықтары арасында, сол сияқты шет елдердегі достарымыз арасында да, адамгершіліктің – гуманизмнің нағыз жырындай болып шертіледі. Коммунизм орнатудың партия жасап берген бұл ұлы Программасындай документтің әрбір қағидасы нақты өмірге, ғылыми дәлелге негізделген, оның мүлтіксіз жүзеге асуына бүгінгі социалистік заманымыздың теңдесі жоқ табыстары мен жеңістері даңғыл жол ашып, мол мүмкіндіктер жасай алады.

Программада ерекше аталған міндет алдымен, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасап, 1970 жылдары Совет Одағында өнім өндірудің көлемін халықтың әрбір жан басына шаққанда капиталистік дүниенің ең қуатты деген елінен – АҚШ-тан асыру көзделіп отыр. Мұның өзі екі түрлі әлеуметтік системалардың тарихи жарысындағы шешуші қадам болып табылады.

Осындай ұлы жолдағы істерде, еліміздің өндіргіш күштерін дамытуда, қоғамның техникалық және мәдени өмірінің барлық қадамдарында ғылымның алатын рөлі, оның көтеретін жүгі, қосар үлесі аса үлкен де, абыройлы. Программада советтік ғылым дамуының аса маңызды бағыттары белгіленген, оның қоғамның өндіргіш күші ретінде маңыз алатыны, өмірмен, коммунистік қоғамның күнделікті ісімен тығыз байланыста ғана ғылымның жемісті болатыны, халыққа ойдағыдай қызмет ететіні көрсетілген.

Коммунистік партия совет ғалымдарының алдына дүниежүзілік ғылымда жетекші орында болудың ардақты міндетін қойды.

Партияның лениндік Орталық Комитетінің еліміздің ғылымын дамыту ісіне қажымай, талмай көңіл бөліп, күнбе-күнгі көмек көрсетіп отыруының арқасында совет ғылымы аса маңызды салаларда озық ғылыми жаңалықтар ашты, сөйтіп жеткен табыстары, шыққан белестерімен совет ғалымдары өз Отанымыздың даңқын көтерді. Мәселен, біздің ғылымымыздың адам баласы тарихында тұңғыш рет космос кеңістігіне жол салуын сондай салалардың бірі дейміз. Сондай-ақ, біздің ғалымдарымыз атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану ісінде бүкіл дүниежүзі алдында бірінші болып үлгі көрсетті.

II

Совет ғалымдарының озат та, аса қуатты да отрядтарының қатарында Қазақстан ғалымдары да бар. Қазіргі уақытта біздің республикамызда

128 ғылыми мекеме және 38 жоғары оқу орны бар. Оларда ғылымның 200-ден астам докторы, 2000 кандидаты жұмыс істейді. Қазақ ССР Ғылым академиясының жүйесінде ғана, партияның XX съезінен бергі дәуір ішінде, ғылыми кадрлар саны 2,2 есеге өсіп, ғылыми жұмыстар жүргізетін өндіріс базасы 6,8 есеге кеңейіп, ғылыми жабдықтармен құралдануы 8 есе молайды. Бұл мерзімнің ішінде жаңадан сегіз институт іске кірісті, солардың төртеуі жергілікті орындарда құрылды, түрлі салада ғылыми-зерттеу қызметімен шұғылданатын жаңадан 220 бөлім, сектор мен лаборатория құрылды.

Бұл мерзімнің ішінде ғылымның есептеп шығару математикасы, ядро спектроскопиясы, полимер химиясы, радиация медицинасы сияқты салаларында маңызды зерттеулер басталды.

Ғасырлар бойы мешеулік ұйқысында мүлгіген біздің кең байтақ жерімізді совет өкіметі жылдары ішінде Коммунистік партияның дана басшылығы мен лениндік ұлт саясаты, дарынды халқымыздың жанқиярлық еңбегі гүл бақшаға айналдырды, советтік озат ғылымның нұр сәулесі ел өміріне, жер бетіне шұғыласын еркін төкті. Бұл шұғыла талай ғасырлар өз бойындағы қазынасын жұмбақ сақтаған жеріміздің қойнауларына да сәуле түсірді, соның арқасында шексіз кең жеріміздің бетіндегі байлығы да, терең қойнауындағы байлығы да ел игілігіне жұмсалып, ұлы заманымыздың, ұлы қоғамымыздың керегіне жарады.

Өткен заманда өз елінің тағдырына ерекше зейінмен, шынайы жетістікпен көз жіберген, туған халқының мұңын мұндап, жырын жырлаған біздің ұлы ағартушыларымыз Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин қараңғылық қиырында жарық беріп өткен жалғыз-жарым жалау сияқты еді. Ол шындықты ұлы ақын Абай: «Шәкіртсіз ғалым тұл», – деп терең мұңмен түйген. Қазір ше?

Қазір Қазақстан – өркен жайған, шешек атқан ғылымның елі, ғылымның докторлары мен кандидаттарының, академиктердің елі. Мұнда әр саладан ілім тоқып, білім құған ғалым да, оның соңына ерген шәкірті де көп. Қазақ ССР Ғылым академиясының штаттағы ғылыми кадрларының саны 7600 адам, солардың ішінде ғылымның 91 докторы мен 560 кандидаты, республика академиясының 39 академигі, 33 корреспондент-мүшесі бар, бізде СССР Ғылым академиясының екі толық мүшесі жұмыс істейді.

Коммунистік партия, совет үкіметі біздің ғылымның барлық салада алға басып, өркендеуі жолындағы ұлылы-кішілі істерден күш те, қаражат та аямайды. Ғылыми мекемелердің зерттеу жұмыстарын өрістете алатын сәнді сарайлары, тәжірибе алаңдары, жабдықты үйлерге орналасқан лабораториялары пайда болды. Республикада Ғылым академиясының тамаша үйлері, патология-зоология институттарының, бірнеше тәжірибелік базалардың, ядро физикасы, химия ғылымдары институттарының, ионосфера станцияларының жаңа үйлері салынып, ірге қалап, шаңырақ көтеруде.

Бұлардың бәрі – тамаша ғылым ордалары, бірақ ғалымдар өз жұмысын сол үйлердің ішінде отырып қана тындырып отыр деп ешбір де ойлауға болмас еді, әрбір ғалымның кең ордасы, қанат жаяр, гүл шашар шынайы өрісі – өмірдің өз ортасы еңбек адамдарының арасы, өнеркәсіптің, колхоз бен совхоздың қайнаған өндірісі. Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғалым ғана өз дәрежесінде, заман талабының өрісінде болады. Партия бізді әрқашан осыған шақырып келеді. Ғалымға азық берер қайнар көз кітап бетімен, лаборатория аймағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады. Сондықтан да партия, оның лениндік Орталық Комитеті ғылымның әрбір қайраткерін ел өмірімен, өндіріспен, халықтың жасампаз, тарихи істерімен әрқашан тығыз байланысты болып отыруға үйретеді. Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі.

Тамшы тасты жарады,
Күшпен емес, көп тамып,
Адам ғалым болады,
Күшпен емес, көп танып.

Осы бір ежелден келе жатқан латын мәтелі бұл күнде де өз күшінде.

III

Партия мен совет халқы ғылымға кең өріс ашып, оның алдына ел өмірінің келелі қажетінен туатын аса маңызды міндеттер қойып отыр. Қазақстанның ғылым майданында да шешіліп, іске қосылуы тиіс қыруар істер бар. Қазіргі уақытта металлогения, жерасты кен қазу жұмыстарын комплексті механизациялаудың ғылыми негізі, астрофизика, түсті металл кендерін ұқсатудың циклондық және гидрометаллургиялық тәсілдері, жем-шөптің микробиологиясы сияқты халық шаруашылығы үшін аса үлкен маңызы бар ғылыми-зерттеу салаларында Қазақстан ғылымы Отанымызда жетекші орында.

Біздің академия ғалымдарының бірнеше еңбегіне Лениндік сыйлықтар берілгені жұртшылыққа мәлім, бізде 12 ғалым Лениндік сыйлықтың лауреаты.

Қазақстанда ғылым дамуының осыншалықты жоғары қарқынға өрістетілуі ең алдымен біздің жер қойнауларымыздың байлығына, жеріміздің елімізге берер қазынасының соншалықты көптігіне байланысты болып отыр. Жеріміздің бетін алсақ, аса ірі астық шаруашылығына және түлік-түлік мал шаруашылығына мекен болатындай құнарлы өлке де, шөбі шүйгін, топырағы майлы, қырлы өңір де бізде мол, республикамыз

тың даланы игеру жолындағы ұлы жорықтың туған мекені, молшылық көзі болып отыр. Жеріміздің бетін қойып, астын алсақ, қойнауын сөз етсек, ол – осы заманғы индустрияның барлық саласын дамытуға да қажет әр алуан пайдалы кендердің қоймасы. Бұл – ғалымның ойына өріс, талабына қоныс, ізденсе ілігер байлық бар, «менің көзімді аш та, халыққа бер, керегіңе жарат», – деп кен байлығы, ел байлығы бел асқан сайын жырлап тұрғандай.

Сондықтан да партия Программасында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы істерде еліміздің шығыс аудандарының, соның ішінде Қазақстанның рөлі ерекше аталған. Қазақстан – табиғат байлықтарының таңғажайып қоймасы екені даусыз. Егер СССР бойынша, тұтас алғанда, өнеркәсіп өнімінің таяудағы он жыл ішінде өсуінің дәрежесі 2,5 есе, ал коммунистік құрылыстың жиырма жылы ішінде алты есе артуы көзделсе, ал Қазақстанда сол уақыттың ішінде өнеркәсіп өнімінің келемі 12,7 есе арттырылуы көзделген, яғни бүкіл ел бойынша орта есеппен 2 еседен астам артық. Осыған орай республикамызда ғылым да еселеп өркен жаятыны сөзсіз, өйткені өнеркәсіптен, ауыл шаруашылығынан, халық игілігіне қызмет етуден сырт жатқан, өз қауашағының шеңберінде ғана жатқан ғылым бізде болмайды. Ғылымның тапқанының бәрі өндірісте шешек атады, ғалым атаулы тек өмірде шындалып өседі.

IV

Осы тұста ғылымның алдында тұрған аса бір маңызды және аса қызықты бір міндеті – жер қойнауларын зерттеу, жердің астына тереңдей ғылым сәулесін түсіру міндетін айта кетелік. Біздің совет ғылымы басқа елдердің ғылымынан бұрын, бірінші болып, жер үстінен ең биікке көтерілді, көтерілгені сол біздің еліміз космос кеңістігіне тұңғыш жол ашты, сол сияқты біздің совет ғылымы ең тереңге де барады, жердің сонау терең қат-қабатында, алыс қойнауларында қандай асыл қазына, қандай кеннің түрі болса, соның бәрінің көзін ашып, ел керегіне жаратуы, халық қажетіне беруі міндет. Ұлы Ломоносовтың: «Ғылым халыққа пайдасын тигізсе ғана қызық» – деп айтқаны әлі де мағыналы.

Осы ретте, мәселен, республика геологтарының – жер қойнауын барлаушылардың ісі бізде әрі көлемді, әрі қиын және қызық. Геологиялық ғылымның барынша алға басып, барынша дамуын Қазақстанның шапшаң да, көлемді өркендеп отырған ауыр индустриясы керек етіп отыр. Геологтардың ғылыми күші Қазақстан территориясының геологиялық құрылымының негізін ашу және аса маңызды пайдалы қазба кендерінің шығатын орындарының орналасуындағы объективті заңдылықтарын айқындау, сөйтіп республиканың минерал-шикізат базаларын кеңіте түсу мақсатына қызмет ету жолындағы істерге шоғырландырыла жұмылдырылуы қажет.

Ғалымдардың жұмысы кен қорының арта беруіне, қазба байлықтардың көзін ашуға, соның өзінде бұл істерді тезірек игеруге болатын қолайлы аудандарда алдымен де, шоғырландырыла да жүргізілуіне тиімді көмегін тигізерлік бағытта қолға алынуы керек. Минерал шикізат көздерін ашуда металлогения ғылымының жетекші рөл атқаратынын ескеріп, осы тұрғыдағы істердің қатарында Қазақ ССР-нің барлық территориясы үшін бірыңғай орта масштабты металлогения болжам (прогноз) карталарын, сол сияқты республиканың басты кенді аудандарын болжамға алатын өте-мөте нақты карталар жасау міндеті алдымызда тұр. Осындай карталарды жасау жолындағы көп жылдық ғылыми-зерттеу істерімізді жинақтап, Қазақстан металлогениясы туралы фундаментті еңбек әзірлеп, басып шығару міндеті және бар.

Жер астының бір байлығы – мұнай. Таяу жылдар ішінде Қазақстан үлкен мұнай, қуатты газ өнеркәсібінің республикасы – еліміздің үшінші Бакуы болмақ. Осыған байланысты геолог ғалымдардың алдына мұнай-газдар қоры бар жаңа аудандарды ашу, ең алдымен, Маңғыстау, Каспий ойпаты маңын және басқа да мұнай-газ қойнаулы жерлерді зерттеп, ғылыми тұрғыдан байлығын анықтау істерінің аса күрделі комплексті ғылыми проблемаларын шешу бағытында жұмыстар жүргізу міндеті қойылып отыр.

Қазба байлығы бар өңірлерге ғылыми болжам жасау тәсілдерінің бұдан былай да жетілдірілуі үстінде жер қат-қабаттарының терең де, аса терең де горизонттарын бойлай зерттеу, іздеу істері алға қойылады. Бұл істер алдымен геофизиканың, геохимияның, сол сияқты тіректі құрылымда бұрғылаудың жаңа әдістерін қолданумен жүзеге асырылуы көзделеді. Бұл жолда геология ғылымының негізгі тармақтарының бәрін де, соның ішінде: стратиграфияны, тектониканы, петрологияны, литологияны, минералогияны, металлогенияны, геохимияны, геофизиканы, палеогеографияны, геоморфологияны, тағы басқаларын жетілдіру, дамыту үстінде қолдану көзделінеді. Кен тау жыныстарды, кендерді, минералдарды, лабораториялық зерттеудің, дәл де, нәзік те әдістері дамытыла береді, кенді өңірлердің заттық құрамы мен құрылымын нақты зерттеу, тәжірибелерден өткеру және сұрыптау істері қолға алынып шешіледі.

Алдағы жиырма жыл ішінде республиканың кен өнеркәсібінің күрт өркендеуіне кең жол ашылады, қара және түсті металдар кенін алу, көмір, мұнай өндіру бірнеше есе артады. Әр алуан пайдалы қазба кендерінің көптеген жаңа мекендері игеріледі және кен қазбаларын алатын ірі-ірі кәсіпорындары пайда болады. Солардың қатарында, мәселен, қара металлургияның Лисаков пен Қашардағы кен байыту комбинаттары мен басқа да кәсіпорындары шаңырақ көтереді, түсті металлургияның Николаев, Бозшакөл, Саяқ комбинаттары мен басқа да кәсіпорындары құрылады, сол сияқты, көмірді, фосфоритті, минерал тұздарды және сондай қазбаларды керекке жарататын кен өнеркәсіп орындары іске қосылады.

Халық шаруашылығын дамытудың осындай аса маңызды бағытында өз еңбектеріне өріс табатын кен саласындағы ғалымдарымыздың басты міндеті де пайдалы кендерді жерасты жабық әдіспен де, әсіресе жербеті ашық әдіспен де алудың, ұқсатудың жолдарын бұдан былай да зерттеп, жетілдіре түсу болмақ. Бұл жұмыстардың бәрін де өндірістік процестерді тұтастай механизациялау және автоматтандыру негізінде орындалатындай етіп ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан жан-жақты шешіп отыру қажет. Соның өзінде қазба байлықтардың қай-қайсы түрін де күшпен қаражатты неғұрлым аз жұмсап, кенді неғұрлым мол ұқсатуды қамтамасыз етудің жаңа тәсілдері мен жолдарын тауып, өндіріске ендіріп отыру бағытында орындауды көздеуіміз керек. Осы тұста республиканың қазба байлықтарын ұқсату барысында бірсыпыра жерде, мәселен, Қарсақпайда және басқа да кен орындарда кен ысырабы тым көп болып отырғанын елеулі кемшілік ретінде айта кетуге тиіспіз.

Кенді ашық әдіспен қазып алу, бұл істі бұрғылаудың жаңа техникасы және тиеу-тасымал жабдықтарының қуатты жаңа түрлерін іске жегу негізінде жүргізу жолдарын кеңінен зерттеп, жетілдіре беру керек. Бұл міндетті ең алдымен қара металлургия кендерінің Лисаковтегі, Қашардағы, Аяттағы, ал түсті металлургия кендерінің Бозшакөлдегі, Николаевтегі, Саяқтағы және басқа да ірі кәсіпорындарында жүзеге асырған дұрыс.

Сол сияқты тау жыныстарды қопарудың физиканың ең жаңа табыстарына негізделген, ең тиімді термалық, ультрадыбысты, электр гидравликалық әдістерін қолдану жөніндегі ғылыми жұмыстарды дамытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Қара металлургия, түсті металлургия салаларындағы сияқты, республика үлкен химия өндірісін жасау энергетика салаларында да ғылыми мекемелеріміз бен оның кадрларының алдында сан қилы қиын да, қызықты міндеттер шешуді күтіп тұр, ғалымдарымыздың алдында бұл салаларда да ашылып отырған кең өріс жемісі, мол өнімді іс баршылық.

V

Өнеркәсіп саласындағы сияқты, ауыл шаруашылығы саласында да ғылымның шешіп беруді күтіп отырған келелі мәселелер бар. Сол мәселелердің ең бір жоталысы Қазақстанның шөлейт аймақтарының табиғат байлықтарын тұтастай зерттеп, игеру ісі болмақ. Совет ғылымы мен техникасының қазіргі жетістіктері шөлейт өңірлерді игеру мақсатында суландыру проблемасын комплекссті шешуге мүмкіндік беріп отыр. Су шаруашылығын ғылыми жағынан шешіп, жолға қоюдың қаншалықты біз үшін маңызды екені мынадан да байқалады: Қазақстанда шөл және шөлейт өңірдің жалпы көлемі 180 миллион гектар, яғни бұл республиканың бүкіл территориясының 65,6 проценті. Мұншама көлемді аймақтың табиғи ресурстары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын

өркендетудің резерві болып табылады. Мұның мысалын мынадан да аңғарамыз. Соңғы уақыт ішінде шөлейт өңір саналатын Маңғыстау қойнауында мұнайдың миллиондап есептелетін мол қоры бар екендігін ғылым анықтай алды. Республиканың шөлейт аудандарында түсті, қара және сирек металдардың, көмірдің және басқа да пайдалы қазба кендерінің аса мол көздері бар. Сол сияқты бұл өңірлер егіншілік пен мал шаруашылығын өркендету үшін де қолайлы қоныстар болу тиіс. Бұл тұста Орталық Қазақстанның және Арал-Каспий жазығының және онымен іргелес жатқан Қазақстан мен Орта Азияның кең көлемді шөлейт өңірлеріне су берудің ерекше маңызы болып отыр.

Шөлейт өңірлер ауыл шаруашылығында қазір өте жеткіліксіз пайдаланып келеді. Ал, осы шөлейт өңірдің жерлерін егіншілік пен мал шаруашылығына пайдалану – қаншалықты тиімді болар еді, ол жерге жетпейтіні – бір ғана су. Ғылыми-зерттеудің көрсетіп отырғанына қарағанда, бұл шөлейт өңірлердің топырағы минерал тыңайтқыштарға бай, топырағында калий, микроэлементтер жеткілікті, Күн сәулесі еркін қыздырады, тек сусыз болғандықтан ғана осы бір көлемді де, құнарлы да өңір әзірге шөлейт атанып келді. Ал осы су дегенімізден де бұл шөлейт өңірлер тым құр алақан емес екен. Зерттеу жұмыстарының қорытындысына қарасақ, шөлейт өңірлердің аса мол көлемінің тереңінде жерасты суы бар, онда тұщы да, ащы да су қоры барлығы байқалады. Сондықтан Қазақстан ғылымының алдында тұрған келелі міндеттің аса бір маңыздысы да аса көлемдісі шөлейт өңірді суландыру, шөлейт жерді құнарлы жерге айналдыру мәселесін жан-жақты шешудің жолдарын тауып, шаруашылық керегіне жұмсауға көмектесу болып отыр.

Ең алдымен бұл өңірлерді суландыру ісін шешу үшін қажетінше электр қуатын пайдалануды жолға қоюдың маңызы бар сияқты. Бұл маңдарда мейлінше молшылық болып отырған Күн сәулесінің қуатын пайдалану, жартылай желілі негізде фото және термоэлементтерін іске қосу жолымен электр қуатын алуға болар еді. Сол сияқты таяу маңдағы өнеркәсіп орталықтарынан да бұл өңірлердің едәуір жеріне электр қуатын жеткізуге мүмкіндік бар. Осындай жолдармен электр қуатын пайдалану мәселесі шешілген күнде, шөлейт өңірлерді өзінің тереңдегі мол қор суын керекке жарату арқылы да кеңінен суландыра бастауға болады. Қазіргі заманғы электр қуатының күшімен керек еткен жерде ащы суды тұщыландыруға да болады. Екіншіден, келешекте бұл шөлейт саналып келген аудандардың үстіне солтүстіктің үлкен өзендерінің мол суы да әкелінетін болады. Осының бәрінің нәтижесінде шөлейтіміздің өзі күні ертең баулы, бақшалы, ну өсімдікті өңірге айналып, астықтың, май мен еттің, мақта мен жемістің молшылық көзіне айналатын кезі де алыс емес.

Шөлейт жерлерді игеру дегеніміз, негізінде су мәселесіне тіреліп отырғандықтан, академияның құрамында қазіргі түрлі шағын секторлардың, бөлімдердің негізінде су проблемасының комплексті ғылыми

мәселелерін шешіп отыратын ірі институт құру қажеттігі де алға қойылып отыр.

Мұнымен бір мезетте шөлейт өңірлерді суландыру мақсатында Күннің, желдің күшіне негізделген электр қуаттарын іске қосу үшін, фото және термоэлементтер арқылы да жартылай желілі жолмен электр қуатын пайдалану үшін, бұл салаларда комплексті проблемаларды шешіп отыратын ғылыми мекемелер керек. Алдағы уақытта Жезқазғанда гелиоэнергетика мен гелиотехника институтын ұйымдастыру көзделіп отыр. Сол сияқты шөлейт территорияларды игеру жолындағы үлкен істерде алдағы кезде құрылғалы отырған транспорттың комплексті проблемалық институтының атқарар ісі де аса көп және тым игілікті болмақ.

Қазақстанның шөлейт және шөл далаларының аса зор потенциал мүмкіндіктерін жоспарлы түрде, белгілі жүйемен зерттеп, игеру жолындағы әр саламен, әр тармақпен қолға алынатын барлық ғылыми проблемаларды сәйкестеп, біртұтас бағытта жүргізіп отыратын арнаулы комитет немесе тіпті Қазақ ССР Ғылым академиясы жанынан институт құру тиімді болады деп санаймыз.

Ауыл шаруашылығының басқа да салаларында өте-мөте қажет жерлерді игеру жолындағы ұлы істерде ғылымның алдына қойылып отырған міндет үлкен. Астықты, етті, сүтті, басқа да азық-түлікті молайта беру жолындағы жорықта тың жерлер – алдыңғы шеп. Бұл ретте республика ғалымдарының атқарар жұмысы, қосар үлесі аса зор да, аса абыройлы. Сол ұлы істердің қатарында егіншілік мәдениетін көтеру, топырақтың құнарлылығын арттыру, пішендік, жайылымдық, аса көлемді қосымша жерлерді суландыру, дақылдың жоғары өнімді жаңа сорттарын тауып, өндіріске ендіру, жел эрозиясына (дефляциясына) қарсы күресу сияқты проблемалар бар.

Қазақстан ғалымдары биология, медицина салаларында да, қоғамдық ғылымдар саласында да, көптеген жаңа проблемаларды шешіп, халық игілігіне айналдыру жолындағы әр алуан істерге бар күшімен, барлық білімімен, талантымен бүгінгі таңда қашанғыдан да бекем жігермен жұмылып отыр.

Қандай істің болса да тағдырын кадр, адам шешетінін партия Программасы атап көрсеткен. Маман, білімді ғалым кадрлары – біздің негізгі күшіміз, ғылымдағы басты тұлға. 1980 жылы біздің академиямыздың жүйесінде істейтін ғалымдар саны қырық мың адамға дейін жеткізілуі жоспарланған. Сол мерзімнің ішінде бізде ғылым докторының саны 400-дей адам болу керек, соның ішінде 150 ғылым докторы, алғашқы он жыл, 250 ғылым докторын одан кейінгі он жыл ішінде даярлау міндеті қойылып отыр. Сол мерзімнің ішінде бізде, республиканың Ғылым академиясының жүйесінде ғылым кандидаттарының саны алғашқы он жыл ішінде 700, одан кейінгі он жыл ішінде 1900, жиырма жыл бойында барлығы 2600 адам даярлау көзделген. Соның өзінде техникалық ғылым саласында кадрлар даярлауға баса көңіл бөліну тиіс.

Біздің ойымызша, таяу жылдар ішінде Қазақ Мемлекеттік университеті жанынан қатты дене физикасы, астрофизика, ионосфера физикасы, ядролық физика кафедраларын ашу, сол сияқты политехникалық институтта жаңадан машина құрылысы және өндірісті автоматтандыру факультеттерін ашу орынды сияқты.

Жиырма жыл ішіндегі ғылыми өмірімізге көз жіберсек, Қазақ ССР Ғылым академиясында бірнеше жаңа институттар ашылатынын, ал бұрынғыларының барынша дами түсетінін аңғарамыз.

Біздің ғылыми мекемелеріміздің, олардың мың санды армиясы – қарт та, жас та ғалымдарымыздың мақсаты айқын, міндеттері түсінікті, өрістері кең. Олар өз еңбегімен, тамаша ізденулерімен, ашқан жаңалықтарымен ұлы советтік Отанына, Коммунистік партияға, халқымызға сенімді көмекші бола алады, елімізде коммунизм орнату ісіне өз үлестерін қосады.

БАРЛАҢДАР, БАҒДАРЛАҢДАР

Жас достарым, сендер жазғы демалыс кезінде өлке тану саяхаттарына, түрлі жорықтарға шығасыңдар. Сонда сендер көздеріңе түскен тастарға, сан алуан минералдарға жіті зер салып, бағдарлаңдар, барлаңдар. Табиғатта тастар неше алуан формада, неше алуан түрлі-түсті болып келеді.

Тас жарықшақтарында кездесетін өзге түсті жолақтарға назар аударыңдар. Тастың салмағы, түсі, формасы ерекше болса, оған міндетті түрде тоқталыңдар. Қымбат қазыналардың бәрі осы тастан табылады.

Мүмкін, сендердің бәрің бірдей кен таба бермессіңдер, бірақ сендердің жорықтарыңнан, зерттеулеріңнен геологтарға көп пайда тиеді. Назар аударатын ерекше тастар болса, барлаушыларға табыс етіңдер.

Биыл Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті мен Геология және кен қорғау министрлігі жастардың жаппай геологиялық жорығын жариялап отыр. Бәрің де сол жорыққа қатысады деп үміттенемін.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗЫНАСЫ – КОММУНИЗМ ИГІЛІГІНЕ

Алдымызда шағын кітапша – сүйікті партиямыздың программасы жатыр. Оның әрбір бетінде, әрбір сөйлемінде ғасырлар бойы адамзат арманы болған сәулетті өмірдің бейнесі анық көрінеді. Ол – жоспар. Ол – коммунизмге тура бастайтын маяк. Осыны орындап қазіргі ұрпақ коммунизмді көреді, коммунизмде өмір сүреді.

Ұлы программаны оқып отырғанда, ең алдымен, әркім «осыны орындау үшін не керек, мен қандай үлес қосамын, менің коллективім, ауылым, облысым, республикам қандай үлес қосады», – деп ойланады. Әрине, сәулетті өмірді құруда қазба байлықтардың, табиғат қазынасының үлкен роль атқаратыны анық. Осы жағынан алғанда біздің республика коммунизм сарайына қандай кірпіштер қалай қалады екен? Коммунизм дастарқанына қанша байлығын сала алады екен?

Бірден айтайық, Қазақстан – коммунизм үшін күрестің алдыңғы шебі. Қазақстан – коммунизмнің алып құрылыс алаңы, жайқалған егін даласы, мыңғырған малдың жайлауы. Программаның өзінде де еліміздің Оралдың шығыс бетіндегі аймағы ерекше қарқынмен дамиды, – деп көрсетілген ғой. Өйткені, коммунизм үшін партия табиғи байлықтары әрі мол, әрі шапшаң да оңай игерілетін аймақтарды барынша пайдалану жоспарын қойып отыр. Міне, біздің Қазақстан – дәл осындай аймақ.

Бәрімізге белгілі Қазақстанды әрдайым еліміздің қазба байлығының қоймасы деп атайды. Шынында, біздің республикамыздың жер қойнында Менделеев кестесіндегі элементтердің кездеспейтіні жоқ. Тек қана кездесіп қоймайды, 102 элементтің 60-тан астамын Қазақстан өндірістік жолмен өндіріп те береді. Біздің республикада еліміздегі күміс қорының төрттен үші, қорғасынның, мыстың, мырыштың жартысынан астамы жатыр. Қазақстан көмір мен мұнайдың қоры жөнінен одақта үшінші орын, темір рудасының анықталған қоры жағынан екінші орын алады. Әр түрлі тұздар, құрылыс материалдары, сирек және шашыранды металдар тіптен де толып жатыр. Санап тауыса алмайсың. Осының бәрі коммунизм құрудағы игілікті іске жұмсалынбақ.

Айталық, елімізде 1980 жылы 250 млн тонна болат қорытылады екен. Оның миллиондаған тоннасын бір ғана Қазақстан Магниткасы қорытады. Алайда, соңғы 1945 жылға шейін Қазақстан темір қоры жағынан кенде болып келгені рас. Осы жылдары ашылған аты әлемге аян Соколов-Сарыбай, Аят, Лисаков, Қашар темір кендері, Қарсақпай, Қарқаралы, Атасу маңынан табылған темір рудасының мол қоры – темір запасы жағынан Қазақстанды елімізде 2-орынға шығарды. Міне, осылардың және марганец рудасының негізінде салынып жатқан Павлодардағы Ермаков ферросплав заводы, басқа жаңа заводтар іске қосылады.

Марганец кенінің қоры жағынан Қазақстан Украина, Грузиядан кейін үшінші орында тұр. Бұрыннан аты әйгілі Атасу, Жезді ауданымен қоса марганецтің мол қоры Батыс Қазақстандағы Маңғышлақтан да

табылды. Сөйтіп, республикамыз темір, хром, ванадий, марганец сияқты рудалардың көптігінен СССР түгіл, дүниежүзінде алдыңғы қатарға шықты.

Ал, Қазақстанды түсті металлургия ордасы десек те болғандай.

Алюминийді бір кезде Чернышевский социализмнің металы деп атаған екен. Ол енді коммунизмнің де металы болмақ. Программада алюминийге арнаулы сөйлем берілген. Ол өндірісте, тұрмыста барынша кенінен қолданылады екен. Ал, Қазақстан алюминий де бере алады. Торғай бокситі биылдың өзінде Отанға жөнелтіле бастайды. Осының негізінде Павлодарда ірі алюминий заводы салынып жатыр.

...Коммунизмнің жаңа металдары ішінде титан ерекше орын алады. Өткен ғасыр темір ғасыры болса, ендігі ғасыр титан күдіретінің ғасыры болмақшы. Осы титан да Қазақстанда бар. Шығыс Қазақстанда жаңадан титан-магний комбинаты салынып жатыр.

Коммунизм – жаңа химиялық материалдар заманы болады. Пілдің сүйегінен қымбат, болаттан мықты, ағаштан жеңіл жаңа пластмассалар шығарылады. Каучук, бояу заттар, дәрілер – осының бәрін адам ғылымының қолымен жасайды. Киім де, тіпті, кейін тамақ та осы химиядан табылады. Қазақстан бұдан да кенже қалмапты. Теміртаудағы химия заводы синтетикалық каучук, ал Қостанай заводы синтетикалық торқаны қазірдің өзінде шығара бастады. Алдағы 20 жылдың ішінде химия республиканың бүкіл аймағында қаулап өседі. Ембінің мұнайы, Ақтөбенің газы, Қарағандының көмірі енді отын болып жанбайды, мата, аяқ киім, дәрі мен бояу болып адам игілігіне жұмсалады.

Бір кезде республикамыз мұнай мен табиғи газға кедейлеу болатын. Қазір Батыс Қазақстан осы байлықтың ордасы болып отыр. Маңғышлақта, Оңтүстік Ембіде табылған мұнай өзінің сапалылығы, қоры жағынан Бакудікінен кем түспейді. Ал, Ақтөбе даласында табиғи газдың мол қоры жатыр. Сөйтіп, Қазақстан таяу арада газ, мұнай өндіру жөнінен СССР-да алдыңғы қатарға шығады.

Өндірістің наны – көмір қоры жағынан біз ешкімнен кем түспейтінімізді әркім айтпай-ақ түсінер. Республикамызда кейін ашылған аудандардағы көмір қоры және сапасы жағынан Одақтағы үшінші «кочегарка» Қарағандыдан да асып кетеді десек, артық айтпағанымыз.

Ал, коммунизм базасының негізгі үш тірегінің – энергияның, материалдың және машинаның даму барысына да көз салсақ, Қазақстан мұнда да өзінің мол үлесін, мол салмағын көрсетіп жатады. Жұртқа белгілі, енді 20 жылдан кейіп СССР жылына 3000 миллиард киловатт-сағатқа дейін электр қуатын өндіріп, дүниежүзіндегі ең қуатты елге айналмақшы. Қазақстанда бұл дәуірде бір тұтас энергетикалық жүйе орнамақ. Жаңадан әрбір облыс орталығында да өнеркәсіп ошағында өзінің қуатын өндіретін өз электр станциясы болмақ. Екібастұздың, Майкөбенің, Обаған мен Құсмұрынның, Ленгер мен Алакөлдің көмірлері электр қуатына айналады. Программа Қазақстан мен Сібір секілді

арзан отыны мол су ресурстары бар аймақта арзан энергия алу барынша жолға қойылады деп атап көрсеткен.

Ал, біздің Ертісіміз ұлы Волга секілді өзінің бойында орнайтын жаңа су электр станцияларынан жерімізге нұры мен қуатын жіберіп тұрады. Новошұльба ГЭС-і, оған ілесе Іле бойындағы Қапшағай ГЭС-і коммунизмнің шырақтарын жағады.

Міне, осы айтылған қазынаны игеріп, коммунизм құрылысына жұмсауда республикамыздың ғалымдары мен инженер-техниктерінің үлесі де болмақ.

Ғалымдарымыз республикамыздың мал, астық байлығын арттыруды да ұмыт қалдырған жоқ. Осы 20 жылдың ішінде ірі қара малдың және қой тұқымын жақсартудың да жолдарын белгіледі.

Олардың алдында республикамыздың шөлейт аудандарын суландыруға қажет жер асты суын игеру проблемасы тұр. Сонымен қатар, ендігі бір міндет республикамыздың жерінен мұнай мен табиғи газ көздерін көптеп ашу болып саналады. Ал, осы жылдары республикамыздың негізгі көрсеткіші деп саналатын тау-кен жұмысына да біраз өзгерістер еңбекші. Әсіресе кенді ашық шахтамен өндіру әдісі осы 20 жыл ішінде мықтап қолға алынады.

ҒЫЛЫМ АЛДЫҒЫ ШЕПТЕ БОЛСЫН (Академик Қ.И. Сәтбаевтың баяндамасынан)

Біздің еліміз қазіргі кездің аса ұлы оқиғасы – КПСС XXII съезі тудырған жаңа, қуатты творчестволық өрлеу жағдайында болып отыр. Партия, Н.С.Хрущев бастаған оның лениндік Орталық Комитеті Сталиннің жеке басына табынушылықтың зардаптарын батыл және дәйектілікпен жойып, партия тұрмысының лениндік нормаларын қалпына келтірді және осы арқылы халық бұқарасының творчестволық инициативасына даңғыл жол ашып беріп, елімізде халық шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті, шын мәнісінде, аса күшті қарқынмен өркендетуді қамтамасыз етті.

Партияның жаңа Программасында ғылымның коммунистік құрылыстағы рөлін мейлінше арттыру керек екені атап көрсетілді. Совет ғалымдары алдына негізгі барлық бағыттар жөнінен дүниежүзілік ғылымда басты жағдайға ие болу жайында зор және жауапты міндет қойылды. Халық шаруашылығын өркендетіп, ғылымды өмір талаптарына одан ары жақындата түсу, аяқталған ғылыми еңбектердің нәтижелерін практикаға неғұрлым шапшаң енгізу үшін зор маңызы болатын теориялық зерттеулерді күшейтуге ерекше маңыз беріп отыр.

Партияның XX съезінен кейінгі уақытта, Қазақстанда ғылым қауырт қарқынмен дамып отырды. Республика ғалымдарының атқарған зерттеулері совет ғылымын байытты және бұл зерттеулердің халықшаруашылығына зор маңызы болды. Ғылымның металлогения және пайдалы қазбаларды болжау, жер астындағы кен жұмыстарын түгел механикаландыру, амальгамдық металлургия, циклонды және гидрометаллургиялық процестер, астрофизика, жемшөп микробиологиясы, лимфа жүйенің физиологиясы, бруцеллез және басқа бағыттары жөнінен республиканың Ғылым академиясы қазір елімізде басты орындардың бірін алып отыр. Ғылымның машиналық есептеу математикасы, ядролық спектроскопия, полимерлер химиясы, изотоп әдістерді қолданып геологиялық формациялар мен рудалы кен орындардың нақты уақытын анықтау, топырақтың эрозиясы, микроэлементтер, радиациялық медицина сияқты және басқа жаңа, әрі маңызды бағыттары жөнінде зерттеулер ұйымдастырылды.

Өткен жылғы мартта КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары және СССР Министрлер Советінің Председателі Н.С.Хрущевтің Қазақ ССР Ғылым академиясында болуы, республика ғалымдарының өміріндегі жарқын және ұмытылмайтын оқиға болды. Никита Сергеевич академияның жұмысымен егжей-тегжейлі танысып, ғалымдармен арадағы ұзақ әңгіме үстінде көптеген бағалы кеңестер берді.

1956-1961 жылдар ішінде, минерал қорлар, физика-математика ғылымы, биология және медицина ғылымдары бөлімшелерінің ғылыми мекемелері 500-ден аса ғылыми еңбектерді аяқтап, оның нәтижелерін

өндіріске енгізді немесе өндіріске енгізу үшін табыс етті. Қоғамдық ғылымдар Бөлімшесінің мекемелері 125 ғылыми еңбек жөніндегі зерттеулерді аяқтады. Осы жылдардың ішінде екі институт қайта құрылып, жаңадан 9 ғылыми-зерттеу институты – ядролық физика, философия және право институттары (Алматыда), химия-металлургия институты (Қарағандыда), ихтиология мен балық шаруашылығы институты, мұнай мен табиғи тұздар химиясы, геология мен геофизика институты (Гурьевте) құрылды. Өткен жылы тіл мен әдебиет институты екі институт болып – Тіл білімі институты мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты болып қайта құрылды. Үстіміздегі жылы эксперименттік биология институты құрылды.

Өткен жылдардың ішінде академияның системасында 224 жаңа лаборатория, бөлім мен сектор құрылды. 1955 жылғымен салыстырғанда лабораториялардың, бөлімдер мен секторлардың саны екі жарым еседен аса өсті.

Ғылыми мекемелер жүйесін ұлғайтқан кезде, академия бұл мекемелердің жұмысын өндіріс талаптарына мейлінше жақындата түсу міндетін басшылыққа алды. Сонымен бірге кәсіпорындармен және ұйымдармен договор жасасу бойынша атқарылатын ғылыми жұмыстың дамытылуы да өндіріспен арадағы байланыстарды нығайтуға көп көмектесті. Қазіргі уақытта минерал қорлар Бөлімшесінің ғылыми мекемелері тақырыптарының шамамен 50 проценті осындай договорлар бойынша атқарылып, бұл еңбектерді министрліктер немесе халық шаруашылығы советтері толық қаржыландырып отыр.

Бұдан соң президент ғылыми кадрлар даярлау туралы айта келіп, қазіргі уақытта академияның ғылыми қызметкерлері коллективінде туысқандықпен ынтымақтаса отырып, СССР-дегі 41 ұлттың өкілдері жұмыс істеп жүргенін, 546 ғалымның КПСС мүшесі болып табылатынын хабарлады. Академияда барлығы 900 партия мүшесі және бір жарым мыңдай комсомолецтер жұмыс істеуде. Коммунистік партия мен Совет үкіметі біздің ғалымдарымыздың творчестволық еңбегін жоғары бағалады. Соңғы алты жылдың ішінде Академияның 12 ғалымына В.И.Ленин атындағы сыйлық берілді, 93 ғалым СССР ордендерімен және медальдарымен наградталды. 34 ғалымға «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді. Осы мерзімнің ішінде 165 ғалым Қазақ ССР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен және Грамоталарымен наградталды.

Бұдан соң Сәтбаев жолдас ғылыми зерттеулердің материалдық-техникалық базасын жасау туралы көңіл бөлерліктей деректерді хабарлады. Өндірістік және тұрғын үйлер құрылысына жұмсалған күрделі қаржылардың едәуір өсуіне қарамастан, – деді ол, ғылыми мекемелерді орналастыру және ғылыми қызметкерлерді тұрғын үйлермен қамтамасыз ету жағдайы әлі де болса мүлде қанағаттанғысыз болып келеді. Ғылыми институттардың жаңа ғылыми құрал-жабдықтармен және

приборлармен жарақталу дәрежесі шұғыл артты. Өткен жылы басылып шығарылған ғылыми еңбектердің көлемі 1955 жылғымен салыстырғанда екі еседен аса артты. Басылып шыққан еңбектердің полиграфиялық бейнеленуі жақсарды. Әртүрлі сегіз сериямен «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы» мен «Қазақ ССР Ғылым академиясының Известиялары» ұдайы шығып тұрады. Академияның Орталық ғылыми кітапханасындағы кітаптар мен қолжазбалардың қоры молайды. Бұл кітаптар мен қолжазбалардың саны қазірдің өзінде 1300 мыңнан асып отыр. Академияның халықаралық байланыстары одан әрі дамыды.

Президент бұдан соң академия өміріндегі кемшіліктерге егжей-тегжейлі тоқталды. Институттар, академия, жоғары оқу орындары және Қазақстанның жерінде зерттеулер жүргізетін басқа да ғылыми мекемелер арасындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіру ісі әлі де жолға қойылған жоқ. Металлофизика, электроника, автоматика, механика, ашық кен жұмыстары, рудалардағы барлық бағалы қоспаларды комплексті айыру, су-электр станциялары, полимерлер химиясы сияқты және басқа маңызды бағыттардағы зерттеулер өте жеткіліксіз жүргізілуде, – деді ол.

Қазақстанның аса бай өсімдіктері мен хайуанаттарын қайта жетілдіріп, пайдалану мәселелері жеткілікті зерттелмей келеді. Өндіріс резервтерін зерттеу жұмыстары нашар жүргізілуде.

Аяқталған ғылыми жұмыстардың нәтижелері өндіріске өте баяу енгізілуде, – деді президент. Ал осы жұмыстардың көбі халық шаруашылығы үшін өте маңызды екені сөзсіз. Академияның Қаратау фосфоритінен күкірт қышқылын қолданбай-ақ фосфаттың жаңа түрлерін өндіру сияқты ғылыми жұмыстар, үймедегі шлактан мыс пен темір айырып алу әдістері, бокситті қайта өңдеудің гидрохимиялық тәсілі, бактериялық тыңайтқыштарды ауыл шаруашылығында қолдану және басқа әдістер өндіріске осы уақытқа дейін нашар енгізілуде.

Жұртқа белгілі объективті қиыншылықтармен қатар, кейбір ғалымдардың және ғылыми мекемелер басшыларының сөздері де ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізуде ойдағыдай қажырлы табандылық көрсетпей келеді. Президент ғылыми жұмыстарды үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитеттердің құрылуына байланысты аяқталған зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізуді тездетуде тиісті бетбұрыс жасалады деп үміттеніп отырғанын білдірді. Біз, – деді ол, ең алдымен Қазақ ССР Министрлер Советінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік комитет тарапынан көмек күтіп отырмыз.

Қазір академияның ғалымдар коллективі алдында тұрған негізгі міндет КПСС XXII съезінің шешімдері мен партияның Программасы талап етіп отырғанындай, бүкіл ғылыми жұмыспен ғылыми-ұйымдық жұмыстың дәрежесін жоғары көтеруде болып отыр. Біз ғылыми-зерттеулердің теориялық дәрежесі мен комплекстілігін арттырып, бұл жұмыстарды аса маңызды бағыттар мен объектілерде басымырақ жүргізуге,

еліміздегі коммунистік құрылыстың маңызды міндеттерін орындау ісіне академияның бүкіл жұмысын одан ары ұдайы жақындатып отыруға тиіспіз.

Осы сессияның барысында біздің академиямыз жаңа академиктермен және корреспондент мүшелермен толығыады, ал мұның өзі көптеген ең маңызды бағыттар мен объектілер жөніндегі ғылыми жұмысты таяудағы уақытта күшейтуге сөзсіз көмектеседі.

Президент кезек күттірмейтін міндеттің – КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдеріне сәйкес ғылыми-зерттеулерді күшейту міндетінің ерекше маңызды екенін атап көрсетті. Мұның биология мен медицина ғылымы Бөлімшесінің ғылыми мекемелеріне ғана емес, сонымен бірге академияның барлық ғалымдарына да түгел дерлік қатысы бар, – деді ол. Сессияда талқылауға қойылған ғылыми баяндамалардың толығымен Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендету мәселелеріне арналуы тегін емес. Мұнымен бірге академияның академиктері мен корреспондент-мүшелерінің қатары осы сессияда ауыл шаруашылығы саласындағы аса көрнекті жаңа ғалым-мамандармен толықтырылады. Осының бәрі республика мен бүкіл елдің халық шаруашылығының өте маңызды бұл саласын одан ары шұғыл өрге бастыру ісіне академияның қосатын нақты үлесін арттыруы тиіс.

Ғылымның алдында тұрған келелі мәселелер комплексі арасында ең басты және маңызды мәселелерді шешуге академияның ғылыми күштері көбірек жұмылдырылуға тиіс. Академияның зерттеу жұмыстары ең алдымен өнеркәсіпті де, ауыл шаруашылығын да өсіріп, көркейтудің негізгі қайнар бұлағы болып табылатын Қазақстанның орасан мол табиғи ресурстарын ашып, тиімділікпен игеруге, бұрынғысынша бағытталып отыруы тиіс. Еңбек өнімділігін арттыруға, өндірісті түбегейлі жақсартуға көмектесіп, тікелей өндіріс күші болып табылатын ғылымның рөлін үнемі арттыра беретін зерттеулерді де дамытып отыру қажет. Сәтбаев жолдас КПСС XXII съезінің тарихи шешімдерімен, партияның жаңа Программасымен, КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерімен қаруланған Қазақстан Ғылым академиясының ғалымдары елімізде коммунизм орнату ісіне лайықты үлес қосады деп сенетінін білдірді.

ӨНДІРІСТІҢ БАРЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРІ ЖЕТІЖЫЛДЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ ЖҰМЫЛДЫРЫЛСЫН

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президенті, академик Қ.И. Сәтбаев республикалық экономикалық конференцияның аса зор маңызын атап көрсетті. Республикадағы аса зор жасампаз жұмысқа ғалымдардың үлкен отряды қатысуда. Олардың күш-жігері Қазақстанның алуан салалы және аса мол өндіргіш күштерін неғұрлым тезірек және толық ашып беруге, бұл күштерді еліміздің халық шаруашылығын дамыту мүддесіне толық пайдалануға бағыттталып отыр. Ғалымдар зерттеулерін, әдеттегіше, өндірістік және жобалау ұйымдарымен тығыз ынтымақтаса отырып жүргізуде. Қазірдің өзінде жүздеген ғылыми-негізделген ұсыныстар халық шаруашылығының көптеген салаларына енгізу үшін табыс етілді.

Қазақстанның түсті металлургиясы, – деді Президент, – елімізде жетекші орын алып отыр. Республикамыздың түсті металдар рудасы шығатын барлық орындар, олардың ішінде неғұрлым ірілері күрделі, көп компонентті болып отыр. Амал қанша, осы аса бағалы компоненттердің үлкен диапазонынан болмашы ғана бөлегі алынып отыр. Көптеген пайдалы шикізат жойылып, қалдықтарға кетуде. Алтайда жартылай металды рудаларды шығарған кезде жер астында тең жартысына жуығы қалып отырады, ал Жезқазғанда барлық металдың үштен бір бөлегі қалып қоюда. Мұның өзі өте-мөте көп шығын, бұл шығынға жол бермеу қажет.

Өндірістегілермен творчестволық ынтымақ жасай отырып, ғалымдар ұсынған кен өндірудің жаңа, жоғары өнімді системасы Лениногор мен Жезқазған комбинаттарының жер астындағы барлық руда запасын үнемді және мемлекеттік тұрғыдан тиімді шығаруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл системаларды өндіріске енгізу көптеген қажет механизмдердің рудниктерге берілмей отыруы салдарынан тежеліп келеді.

Сыртқа шығарылған рудаларды техникалық өңдеу ескірген әдіс бойынша жүргізіледі. Минерал шикізатты флотациялау сатысында біз қорғасынның 10 проценттен астамын, мыстың 8 процентін, сирек кездесетін және шашыраңқы металдардың 50-80 процентін ысырап етеміз. Алтын мен күмістің тең жартысына жуығы жойылады. Осы ысыраптарды жою – металл өндіруді арттырудың қайнар көзі. Осыған байланысты ол түсті металдар рудасын өңдеу жөнінде ғалымдар ұсынған жаңа әдістің маңызды екенін, оларды өндіріске неғұрлым тезірек енгізу қажет екенін атап көрсетті.

Қазақстанда балқытудың циклондық әдісі жасалды. Мұндағы негізгі идея – түсті рудаларда болатын барлық шикізаттарды комплексті тұтыну. Циклондық процесс – өте тиімді және қандай да болсын басқа балқыту қондырғыларына қарағанда бірнеше есе жоғары процесс. Табиғаттағы барлық түсті металдар сульфид-күкіртпен қоспа түрінде кездеседі. Циклондық балқыту біздің осы күкіртті тұтынуымызға мүмкіндік береді, ал балқытқан кезде сәуле түсіргіш пештерде күкірт жойылып кетеді.

Бұл әдіс өндірістік қондырғыларда тексерілген, бірақ мұндай маңызды іс кідіріп отыр.

Сәтбаев жолдас ғылым жетістіктерін өндіріске енгізуге республикада әлі де болса жеткілікті назар аударылмайтынын айтты. Толық правослы және материалдық құралдары бар беделді орталық керек, бұл орталық осы іспен жүрдім-бардым емес, мейлінше терең, қаламсапты қолға алып мұқият айналысатын болу керек. Өйтпейінше резервтер алдағы уақытта да пайдаланусыз қала беретін болады.

ЖҰЛДЫЗДАРҒА ЖОЛ

Совет халқы тағы бір қаһармандық іс атқарды – бортында адамы бар «Восток-5» космос кораблі жер спутнигінің орбитасына шығарылды! Ұшқыш-космонавт подполковник Валерий Федорович Быковский жұлдыздарға жол салып отырған қуатты Отанының даңқына даңқ қосып, біздің планетамыздың төңірегін айнала ұшуда. Космосты игеруде жер шарында бәрінің алдында келе жатқан туған Отанға, советтік ғылым мен техникаға деген ұлы мақтаныш жүрегінді кернейді.

Ядролық соғысты болдырмауға, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне бағытталған Совет Одағының бейбіт талаптары, Совет үкіметінің басшысы Никита Сергеевич Хрущевтің тыным алмай орасан күш жұмсап отырғаны бүкіл адамзатқа мәлім. Бейбіт зерттеу мақсаттарымен жұлдыз аралық кеңістікке совет елі елшісінің кезекті сапар жасауы – осының тағы бір айқын да сенімді дәлелі.

Космосты зерттеу – тартымды проблема, қазіргі ғылымның барлық құралдарын пайдалана отырып өзінің шешілуін талап ететін проблема: теориялық астрофизиканың жоғары дәрежеде дамуын және жасанды спутниктерге, космос корабльдерге және автоматты планета аралық станцияларға байланысты бұрын болып көрмеген эксперименталды мүмкіндіктерді пайдалануды талап ететін проблема.

Алматы астрономдары Жердің жасанды серіктерінің қозғалысын фотографиялық дәлді байқауға үлкен көңіл бөліп отырады. Бұл байқаулар тиісті өңдеулер жасалғаннан кейін олардың траекториясын дәл білуге мүмкіндік жасайды.

Осымен қатар Күн жүйесінің, ең алдымен Ай мен Марстың табиғи денелеріне астрофизикалық байқаулар жүргізілуде. Айдың үстіңгі қабатының оптикалық қасиеттері зерттелуде. Айдың үстіңгі қабатының уақ тесікті сипаты барлығы туралы радио астрономиялық қорытындылар жақында расталды. Ай кратерлерін қоршаған сәулелі жүйелердің табиғаты туралы жаңа мәліметтер алынды.

Алматыда қызыл сәулелі сүзгіш арқылы телескоп жәрдемімен алынған Марстың суреттерінде бұл планетаның үстіңгі қабатының ұсақ көріністері өте айқын көрінеді. Сонымен қатар көк сәулелі сүзгіш арқылы алынған суреттерде сәулелі поляр төбесінен басқа Марстың үстіңгі қабатының ерекшеліктері көрінбейді. Бірақ, оның керісінше планетаның шығыс және батыс шеттерінде кей кезде экваторды бойлап кеткен жарық жолақпен ұштасатын жарық буалдыр таңдақ дақ байқалады.

Қазақстан ғалымдары қазірде спектограммен алынған мәліметтерді зерттеу осы планетаның ең қызықты жұмбақтарының бірінің шымылдығын ашуға мүмкіндік береді деп сенуде.

Қазақстан астрономдары әлемнің шыңырауын зерттеу үшін эталондар санын көбейтті. Астрофизикалық институт кейбір жұлдыздардың үздіксіз спектрлеріне энергияны орналастыруын зерттеді. Осының

нәтижесін де он алты жұлдызды қамтитын абсолютті энергетикалық өлшемдерде энергияның спектральдық орналастырудың каталогын жасады. Зерттелген жұлдыздарды әр алуан, әр түрлі астрофизикалық және геофизикалық еңбектерде спектрофотометрикалық стандарттар есебінде пайдалануға болады.

Совет Одағында космостық метеорология Жердің айналасындағы кеңістік жағдайын зерттеп, кең түрде байқау жүргізуде. Бұл маңызды іске Қазақстан ғалымдары өз үлесін қосуда. Республика зерттеушілері Алматы маңында космостық сәулелердің интенсивтілігін үздіксіз бақылауды ұйымдастырып отыр.

Қазақстан ғалымдары космос «райын» барлаумен бірге космос сәулелерінің асқан энергиясының түрлі атом бөлшектерін ядролық ыдыратуын зерттейді.

Совет адамы космоста да, Жерде де табиғатты бағындыру үшін, оны коммунизм құрылысының мүддесіне, жер шарындағы барлық халықтардың мүддесіне пайдалану үшін табиғатқа жоспарлы түрде шабуыл жасауда.

ҒЫЛЫМНЫҢ ӨНДІРІСПЕН БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЙТЫЛСЫН

Қазақ ССР Ғылым академиясы жалпы жиналысының сессиясы Алматыда үш күн жұмыс істеді. Сессия республикада ғылымның одан ары прогреске жетуі, елімізде орнатылып жатқан коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісіне оның қосатын үлесін арттыру жөніндегі аса маңызды мәселелерді талқылады. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президенті, академик Қ.И. Сәтбаев академияның жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы баяндама жасады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының лениндік дана ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыруының нәтижесінде, совет ғылымы ұлы Отанымыздың барлық жерінде қарыштап дамып келеді, коммунизм орнату ісіне ғылымның қосып отырған үлесі күн санап еселей түсуде. Республикамызда ғылым шапшаң қарқынмен дамып келеді. Қазақ ССР Ғылым академиясы бұдан он жеті жыл бұрын құрылды. Осы біршама қысқа уақыттың ішінде ол ірі ғылыми орталыққа айналып, республиканың ғылыми жетекші күштері соның төңірегіне топтастырылып отыр.

Академияның мекемелерінде СССР Ғылым академиясының екі толық мүшесі, республика Ғылым академиясының 52 академигі және 49 корреспондент-мүшесі, 110 ғылым докторы және 625 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Қазақстандағы барлық ғылым докторларының жартысынан астамы және барлық ғылым кандидаттарының үштен бір бөлігі Академияда топтастырылды. Академия ұйымдастырылғаннан бергі уақыттың ішінде оның мекемелерінде 88 ғылым докторы және 800-ден астам ғылым кандидаты даярланды.

Қазақстан Ғылым академиясының жұмысы республиканың өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және мәдениеті міндеттерімен ұштастырыла жүргізілуде. Ғалымдар, өздерінің зерттеу жұмыстарын, әдетте, өндіріс қызметкерлерімен творчестволық тығыз ынтымақ жасай отырып жүргізіп келеді. Олар жұмысты өмірмен және практикамен байланыстыра жүргізудің нәтижесінде ғылым үшін де, сондай-ақ практика үшін де маңызы зор бірқатар ірі істерді атқарды.

Қазақстан Ғылым академиясы қазіргі уақытта ғылымның бірқатар салаларында елімізде жетекші орындардың бірін алып отыр. Бұл салалар, атап айтқанда, мыналар: пайдалы қазба байлықтар кенорнының металл тегін анықтау және болжаммен мөлшерлеу, жер астында кен қазу жұмыстарын жүргізудің жаңа жүйелері және бұл жұмыстарды комплексті механизациялау, металлургия мен химиядағы жаңа технологиялық процестер, жұлдыздар әлемінің астрофизикасы мен зерттеу жұмыстары, мал азығының микробиологиясы, адамның лимфа организмінің физиологиясы және басқа салалар.

Академия бес жүзден астам ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізуге берді, мұның жартысынан астамы қазірдің өзінде

экономикалық пайда беріп отыр. Қазақстан ғалымдарының аса үздік жеке зерттеулеріне үкіметтік жоғары награда беріліп, атап өтілді. Тек соңғы бес жылдың ішінде ғана Академияның он бір ғалымына Лениндік сыйлық берілді.

Академияның жұмысына жасалған талдау, академия жүргізген зерттеулердің Қазақстан өндірісі мен мәдениетін дамытуға көмектесіп отырғанын көрсетуде. Мұнымен бірге академияның жұмысында, әсіресе ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және аяқталған жұмыстардың нәтижелерін өндіріске енгізу ісінде елеулі кемшіліктер бар. Ғылымның негізгі проблемалары мен бағыттарындағы зерттеулерді тиісінше біріктіру ісі әлі күнге дейін жүзеге асырылмай отыр, зерттеушілердің күштерін ғылымның жетекші салаларына шоғырландыруға күш салынбай отыр.

Ғылым академиясының президиумы КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің СССР Ғылым академиясы мен одақтас республикалар ғылым академияларының жұмысын жақсарту жөніндегі шешімдерін жүзеге асыру саласында бірқатар жұмыстар істеді. Бірқатар ғылыми мекемелерді мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға беру жұмысы аяқталды, Академияның құрамында қалып отырған ғылыми институттардың жұмыс бағыты, белгілі кәсіпке бейімделуі қайта қаралды. Ғылыми зерттеулердің 1964-1965 жылдарға арналған тематикалық жоспары қайта қаралып, дәлелденді. Қазақ ССР Ғылым академиясы жаңа уставының жобасы жасалды. Академияның президиумы Қазақ ССР Ғылым академиясының жаңа құрылымы туралы жобаны жалпы жиналыстың қарауына ұсынады. Академияның мынадай бес бөлімін құру көзделіп отыр:

Физика-математика бөлімі; ол ядролық физика (космос сәулесін қоса), қатты дене физикасы (жартылай өткізгішті қоса), механика, математика, электроника, автоматика, есептеп шығару математикасы ғылымдарын біріктіреді.

Әлем дүниесі мен Жер туралы ғылым бөлімі; ол астрофизика, геофизика, геохимия, геология, металлогения, ионосфераны зерттеу, физикалық география пайдалы қазба байлықтарды өндіру әдістерін жасау (кен ғылымы) ғылымдарын біріктіреді.

Химия-технология ғылымы бөлімі. Бұл бөлім химия ғылымын біріктіреді, бұған металдарды концентрациялау мен балқытудың физикалық-химиялық негіздері де (металлургия ғылымы) жатады.

Биология ғылымы бөлімі; бұған физиология, зоология, ботаника, микробиология, топырақ зерттеу және биология ғылымынан басқа да салалары жатады.

Қоғамдық ғылым бөлімі; бұл бөлім гуманитарлық ғылымның барлық салаларын біріктіреді.

Бұл жүргізіліп отырған қайта құрудағы негізгі міндет – Академияның ғылыми-ұйымдық қызметінің дәрежесін көтеріп, оны неғұрлым

нәтижелі ету, сөйтіп еліміздің экономикасы мен мәдениетін одан ары өрге бастыру ісі едәуір дәрежеде байланысты болып отырған ғылымның негізгі салаларында ғылыми күштер мен қаржыларды неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Соңғы кездері Қазақ ССР Ғылым академиясы творчестволық жеміс бермейтін қызметкерлерден арылды, сондай-ақ пейіл-мінезі лайықсыз совет ғалымы деген құрметті атаққа кір келтірген қызметкерлерден де тазарды. Алайда, бұл алғашқы қадам ғана. Ғылыми кадрларды сапа жағынан үнемі жақсартып, оларды коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексі рухында тәрбиелеу керек. Президиумның жаңа құрамы және академияның барлық мүшелері сонымен бірге ғылымның аса маңызды салалары мен ең жаңа техниканың ғылыми кадрларын даярлау ісіне елеулі көңіл бөліп, зерттеу мекемелеріне творчестволық жас күштердің үнемі ағылып келіп отыруын қамтамасыз етулері керек. Республикамыздың Ғылым академиясының ғалымдары мен бүкіл коллективі алдағы уақытта да өздерінің барлық күші мен білімдерін елімізде коммунистік қоғам орнату ісіне жұмсайды деп кәміл сенемін.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ШИКІЗАТ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Халық шаруашылығын химияландыру, – деді Сәтбаев жолдас, біздің еліміздегі техникалық прогрестің шешуші бағыттарының бірі. Бұл аса маңызды іске Қазақстан елеулі үлес қоса алады, мұнда совет геологтарының еңбегімен химияның минерал шикізатының барлық аса маңызды түрлерінің: мұнайдың, газдың, жанатын сланецтің, көмірдің, фосфориттің, калийдің, магнийлі глаубер тұзының, астұздың және минерал тұздардың басқа да түрлерінің, хромның, бариттің, күкірттің және басқа да минералдардың өте бай, ал кейбір реттерде іс жүзінде сарқылмас мол қоры бар екендігі анықталды. Сондай-ақ қамыстың, сабанның, өсімдіктердің көптеген дәрі-дәрмектік және техникалық түрлерінің орасан зор қоры республикадағы химия өнеркәсібінің көптеген салаларын дамыту үшін шикізат базасы бола алады.

Совет Одағындағы барлық табылған фосфорит қорының шамамен үштен бір бөлігі Қазақстанда жатыр. Қаратау фосфорит бассейні фосфордың қоры жөнінен Кола түбегіндегі апатиттен кейін ССРО-да екінші орын алады. Осы таудың солтүстік-шығыс бөктерін бойлап 120 км-ге дейін созылған жерде фосфорит қабаттары орналасқан. Мұнда қырықтан астам өнеркәсіптік кенорны бар екені анықталды. Қаратау рудниктеріндегі фосфорлы ангидридтің құрамы орта есеппен 26 %-тке дейін жетеді. Бұл – оны АҚШ-тағы, Тунистегі және Мароккодағы аса ірі фосфорит кен орындарымен бір қатарға қойып отыр. Қаратаудағы фосфордың жалпы қоры тек 400 м тереңдікке дейінгі жердің өзінде 1,3 млрд тоннадан асып түседі.

Қазіргі уақытта Қаратау фосфориті мен Жамбыл суперфосфат заводы және Самарқандтағы, Қоқанд пен Чарджоудағы шағын заводтар ғана жұмыс істеуде. Мұның барлығы Қаратау кенорнының орасан зор өндірістік көлеміне тіпті де сай келмейді. Оны халық шаруашылығына кеңінен пайдаланудың егжей-тегжейлі ойластырылған бас жоспары болуы талап етіледі.

Бұдан кейін Сәтбаев жолдас Ақтөбе облысындағы фосфорит кен орындарын толық сипаттады. Бұл кен орындардың геологиялық қоры қисапсыз көп. Олар Ақтөбе химия комбинатына жақын орналасқан. Бұл шикізатты игеру Хибинск апатитін тасудан бас тартуға мүмкіндік береді.

Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай, Қашар рудаларының және басқа да скарндық магнетит кен орындарының құрамында апатит бар. Егер апатитті ұнтақтау үшін руданы байытудың технологиялық схемасына қосымша түрде өнеркәсіптің қалдықтарын қайта тазартуды енгізетін болса, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының рентабельділігі артады. Осының арқасында мұнда жылына 200 мың тоннаға дейін

апатит концентратын алуға мүмкіндік туады. Фосфорлы темір рудалары фосфорлы тыңайтқыштар өндірудің аса маңызды қайнар көзі бола алады және солай болуы да тиіс, өйткені оның қоры Қазақстанда өте көп. Оларды фосфорлы шойын, ал бұдан кейін болат етіп өңдеген кезде, көптеген қосалқы және іс жүзінде аса бағалы болып табылатын тыңайтқыш томас-шлакты да алуға болады.

Сәтбаев жолдас бұдан кейін Қазақстанда орналасқан калий тұздарының потенциалды аса ірі шикізат базалары туралы айта келіп, Жилианск полигалиттерінің негізінде калий сульфатын және полигалитті тұз өндіру жөніндегі ірі кен өнеркәсіп комбинатын салу экономикалық жағынан тиімді болатындығын атап көрсетті. Қазақстан химиктерінің зерттеулері Жилианск полигалит метафосфат типіндегі аса күрделі минерал тыңайтқыштар алу үшін бағалы шикізат болып табылатынын көрсетті, оның құрамында 70 %-ке дейін калий, фосфор мен азот бар. Оңтүстік Қазақстан өлкесінің бірсыпыра жерлерінде табиғи селитра түріндегі азот қоспаларын байқауға болатыны мәлім болды. Оны бау және бақша шаруашылығына жаратуға болады.

Қазақстан ауыл шаруашылығының азот тыңайтқышқа өте мұқтаж болуы және оларды алыстан тасудың экономикалық жағынан тиімсіздігі, Қарағанды ауданында азотты тыңайтқыштар өндіруді ұлғайту және Қапшағай су торабының арзан электр энергиясы мен Бұхараның арзан табиғи газы базасында Алматы ауданында азоттук комбинатын салу жөн болатындығын көрсетті. Бұл комбинат салынғаннан кейін сұйық аммиак тыңайтқышын мақтадан, қант қызылшасынан, жүгеріден мол өнім алу үшін пайдалану мүмкіндігі туады. Мұнда мочевина өндіруді ұйымдастыруға болады. Аммиактың мол болуы Жамбыл заводында аммофосты өндіруді мықтап ұлғайтуға, құрамында аммиак, фосфорлы қышқыл және калий тұзы бар комплексті сұйық тыңайтқыштар өндіруді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Орталық, Батыс Қазақстанда аммиак тыңайтқышын өндіруді ұлғайтуға болады және солай етілуге тиіс, ал Тың өлкесінде оны өндіру ұйымдастырылуы керек. Қарағанды ауданында кокс газын, оттегі қондырғысының азотын және фосфорлы темір рудасын өңдеуден алынатын томасшлактарды пайдалана отырып, фосфор-азот тыңайтқыштар алу туралы мәселені зерттеу ерекше қызықтыруда.

Қазақстанда күкірт қышқылын өндіруге қажет шикізаттың ірі қоры бар. Түсті металлургия заводтарындағы күкіртті газдардың қалдығын пайдалану, күкірт қышқылын алудың неғұрлым арзан әрі шапшаң жолы болып табылады. Балқаш пен Өскеменде бұл іс қазірдің өзінде жүзеге асырылуда. Химия өнеркәсібі кәсіпорындарында күкірт қышқылын өндіруге арналған қуаттар бар. Сәтбаев жолдас күкірт қышқылын өндіруді арттырудың екінші бір маңызды қайнар көзін – байыту фабрикалары қосалқы түрде алып отыратын пирит концентраттарын пайдалануды атап айтты. Бұл концентраттарда күкірттің қоры көп. Бұған қосымша,

республикада пирит колчеданды руда көп. Қостанай облысының кен орындарындағы түсті металдардан алынатын пириттер мен сульфиттер, Ленгердің, Келтемашаттың, Жыланшықтың және басқа да кен орындардың қазба көмірлеріндегі пириттер, Теміртаудағы кокс өндірісінен шығатын күкіртті газ, солтүстік Каспий төңірегіндегі тұзды төбелердің жоғарғы бөлігіндегі өздігінен пайда болған күкірттер қосымша түрдегі күкірт шикізаты бола алады.

Қазба және көлдердегі минерал тұздардың ресурсы жөнінде Қазақстан елімізде алдыңғы орындардың біріне ие болды. Сәтбаев жолдас сульфат натрийдің, астұздың, бариттің, хром және титан рудаларының кен орындары туралы айтты, олардың халық шаруашылығы үшін бағалы екенін және оны химия өнеркәсібін дамыту үшін неғұрлым тез пайдалану мүмкіндігі бар екенін атап көрсетті.

Академия президентінің қосымша баяндамасында органикалық синтез өнеркәсібінің шикізат базасы мәселесінде каучук пен басқа да көптеген синтетикалық химия бұйымдарын өндірудің негізі болып табылатын полимерлер мен пластикалық массаларға едәуір көңіл бөлінді. Ол республиканың химиялық пайдалы өсімдіктерінің шикізат базасын егжей-тегжейлі суреттеп өтті. Қазақстанның өсімдіктер дүниесінің құрамында шаруашылық тұрғысынан алып қарағанда өте бағалы болып табылатын табиғи өсімдіктер көп, мұнда шамамен алғанда 5500 гүл өсімдіктер түрі бар. Бұлар түрлі дәрі-дәрмек құралдарын және целлюлоза-картон, дубиль-экстракт, былғары, парфюмерия, лак бояуы, тамақ өнеркәсібі және өнеркәсіптің басқа да салалары үшін керек өнімдер алудың қайнар көзі болып табылады.

Қазақстанның минерал және өсімдік дүниесі байлықтарының комплексін табу жөніндегі зор еңбекке әсіресе геологтар, геофизиктер мен ботаниктер үлкен үлес қосты. Сондай-ақ республиканың ғалымдары бұл табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың прогресті жолдары мен әдістерін жасауда көп іс атқарды. Сәтбаев жолдас бұдан кейін республикадағы химиялық ғылыми зерттеулердің жайы және оның негізгі міндеттеріне тоқтала келіп, Қазақстанда әзірше химияны зерттеу бағытындағы салалық институттардың жоқ екендігін айтты. Академияның жүйесінде үш институт: Алматыдағы химия ғылыми институты, Гурьевтегі химия, мұнай және табиғи тұздар институты мен Қарағандыдағы химиялық синтез институты жұмыс істейді. Жоғары оқу орындары мен заводтардың лабораториясында химиктердің үлкен отряды еңбек етуде.

Қазақстанның химиктері Бүкілодақтық тыңайтқыштар және инсектофундициттер ғылыми-зерттеу институтының ұжымымен бірлесе отырып, циклонды пештерде фосфорлы тыңайтқыш пен жемдік фосфат алудың қышқылсыз жаңа әдісін жасады. Термалық фосфаттар суперфосфаттан кем түспейді. Олар Оңтүстік Қазақстанның қант қызылшасы, жаздық бидай және арпа егісінде өте жақсы нәтиже көрсетті. Циклонды

пештерде балқыған фосфат өндіру айналмалы қондырғыда өндірумен салыстырғанда бірнеше есе арзанға түседі. Академия Қазақстанда балқыма фосфаттар өндіру жөніндегі үш циклон заводын дереу сала бастау туралы ұсыныс енгізді.

Бұдан кейін Сәтбаев жолдас академияның химиктері жүргізген зерттеулердің нәтижесі Қазақстанда метофосфатты өнеркәсіптік өндіруді ұйымдастыру туралы мәселе қоюға негіз беретіндігін айтты.

Өте таза бірсыпыра металдар алу, мырышты электролиздеуді интенсификациялау, көміртегінсіз хром алу әдістері лабораториялық зерттеу дәрежесінен шығып кетті. Жалаулы көлінің рапасынан бишофит хлорлы натрий мен бром алудың схемасы жасалды. Бұл Өскемендегі титан-магний комбинатының шикізат базасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мономерлер мен жоғары молекулалық бір қоспалар химиясы саласында, өсуді тездететін дәрілер жасау, жер астындағы мұнай проводтарын таттанудан сақтайтын пластикалық қаптамалар, тұзды суды ауыз суға жаратуға арналған ион алмастыратын жаңа материалдар алу саласында қызық жұмыстар атқарылды. Гурьевтегі мұнай мен табиғи тұздар химиясы институты, Қарағанды химия институты маңызды зерттеулер жүргізуде. Республиканың химик ғалымдары жаңа дәрі-дәрмектер жасау және өсімдік өнімдерін малға арналған құнарлы жемге айналдыру мақсатымен табиғи өсімдік ресурстарын және синтетикалық химияның өнімдерін зерттеуде. Органикалық катализ саласындағы аса маңызды зерттеулер әлі де жүргізіліп жатыр.

Сәтбаев жолдас сөзінің қорытындысында химияның түрлі салаларында, әсіресе ауыл шаруашылығын химияландыру, мономерлер мен полимерлер химиясы, табиғи заттар мен физиологиялық жағынан күшті дәрілер химиясы, мұнай химиясы мен электр химиясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейте түсу қажеттігін айтты. Ол республикада агрохимия институтын, басқа да химиялық ғылыми институттарды, химия бағытындағы жобалау-конструкторлық институтын және Алматыда химия ғылымы институты жанынан ірі тәжірибе эксперимент базасын жасау туралы мәселе көтерді.

1962 ЖЫЛЫ ЖАЗҒЫТҰРЫМ Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ ҰСТАЗЫ В.И. ПОПОВҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ

«Аса қадірлі Василий Иванович!

Сіздің 1962 жылы 2 мартта жазған хатыңызды алдым. Үлкен рахмет. Ол хатыңыз Семейдің мұғалімдік семинариясында өткізген уақытты, Сіздің орыс әдебиеті жайындағы тамаша лекцияларыңызды еске түсірді.

Мен М.О.Әуезов автографының зор ілтипатпен Сіз жіберген фото-көшірмесін Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына тапсырдым. Жазушының музей-үйі сол институтқа қарайды. М.О.Әуезовтің Семей мұғалімдік семинариясындағы кезі жайында Сіз естелік жазып жіберсеңіз, қандай пайдалы болар еді. Бұл жайында аталған институт толығырақ жазар.

Қымбатты Василий Иванович, Сізге мықты денсаулық, тыныш та бақытты демалыс тілеймін. Ондай демалысқа Сіздің толық хақыңыз бар.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МИНИСТРІ Н.А. МУРАВЬЕВА ЖОЛДАСҚА

Советтік фольклорға көп еңбегі сіңген, Қазақ ССР халық артисі Александр Викторович Затаевичтің Москва қаласы, Дмитров көшесі, 40, 93 үй, телефон В1-09-58-де тұратын қызы Ольга Александровна Затаевичке дербес пенсия тағайындауды өтінеміз.

Қазақ-совет музыка мәдениетінің дамуында А.В.Затаевич (1869–1936) творчестволық еңбегі жағынан қоғамдық саяси қайраткер, этнограф ретінде алатын орны ерекше. Революциядан бұрын А.В.Затаевич қазақтың халық музыкасын зерттеуші алдыңғы қатарлы орыс оқымыстыларының бірі болды.

Ол он бес жылғы экспедициялық-зерттеу жұмысының нәтижесінде 2350-ге тарта ел аузында жүрген халық әндері мен күйлерін жинап, «Қазақтың 1000 және 500 ән мен күйі» деген тақырыппен теңдесі жоқ еңбек жазып шығарды.

Бұл қазір қазақ-совет музыкасының негізін салуға үлкен үлес қосты. А.В.Затаевичтің ғажап еңбегі музыкалық мұра ретінде дүниежүзілік прогрессивті қоғам қайраткерлерінен, пролетариат жазушысы М.Горькийден, академик В.В. Асафьевтен, Ромэн Ролланнан зор баға алды. Қазақ-совет музыкасына сіңірген еңбегін бағалай келе, А.В.Затаевичке «Қазақ ССР-інің халық артисі» деген атақ берілді. Өмірлік пенсия тағайындалды. Оған қайтыс болғаннан кейін Москвадағы Новодевичьеде Қазақстан үкіметі ескерткіш орнатты.

Оның жан-жақты еңбегін жинап бастыруда әдеби секретары әрі жәрдемшісі өзінің қызы О.А.Затаевичтің де еңбегі ерен. Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның ғажайып еңбегін бір ізге салып, музыкалық әдеби еңбегін әрі апарды.

Қазіргі уақытта Ольга Александровна Затаевич ауыр науқастың әсерінен жұмыс істей алмай жүр. Сондықтан да оның материалдық жағын ескере отырып, республикалық көлемде пенсия тағайындауды сұраймыз.

СССР ДЕНСАУЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ С. В. КУРАШЕВ ЖОЛДАСҚА

1958 жылдың аяғында Қазақ ССР Ғылым академиясы өлкелік патология институтының кіші ғылыми қызметкері А.П.Щетилин 4 электрофлювиалды аэроионизатордың екі түрін 1 құрастырып жабдықтады. Біреуін стол үстіне қойып, екіншісін қалтаға салып жүріп пайдалануға болады.

Қазақстан жас ғалымының ойлап шығарған жаңа туындысы медицина саласында кеңінен қолданылуда. Жоғарыдағы жағдайды ескере отырып, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Сізден аэроионизаторды медицина аппараттарын шығаратын заводтардың бірінде жаппай шығару туралы нұсқау беруіңізді өтінеді. Бұл Қазақстан клиникалары мен поликлиникаларында пайдасын тигізетіндігі сөзсіз деп сенім білдіреміз.

ТҮСІНІКТИМЕЛЕР

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ

ҚАРСАҚБАЙ АУДАНЫНЫҢ КҮЙІ

Бұл мақала «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №5 санының 47-64-беттерінде жарияланған. Мақала төте жазумен басылған.

Қаныш Сәтбаев жинақтарының әр жылдарда шыққан басылымдарында беріліп келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 74-90 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 62-75 бб.

1927 жылғы мақала ішінде «Жер бедері» тараушасының алдында шағын ақпарат беріліп, одан кейін тарауша басталады. Ал жоғарыда аталған жинақтарда Мақала атауының астында бірден тарауша берілген. Сонымен қатар мақала ішінде соңғы жылдары өзгеріске түскен мәселелер көптеп кездеседі. Бірақ біз солардың ішіндегі ең негізгі мәтіндік ерекшеліктерді ұсынамыз:

Мақаланың ел алғаш басылған нұсқасындағы «Қарсақбай ауданы Атбасар уезінің түстік пен батыс жақ түкпірінде. Мұнан Атбасар қаласы 500 шақырымдай жер. Арада бекет жолы жоқ. Сондықтан Атбасар мен Қарсақбай ауданының арасындағы байланыс тек қағаз жүзінде ғана болмаса тегінде жоқ деп айтуға болады» деген сөйлемдер 1999, 2007 жылғы жинақтарда «Қарсақбай ауданы Атбасар қаласынан 500 шақырымдай жерде, Атбасар уезінің түстік пен батыс жақ түкпірінде орналасқан. Бұл екі арада бекет жолы жоқ. Сондықтан Атбасар мен Қарсақбай ауданының арасындағы байланыс тек қағаз жүзінде ғана болмаса нақтылы түрде жоқ деп айтуға болады» деп қысқартылып берілген.

«Бетпақтың оң жағындағы Қаратау кенересінің ыққы ояңында бұл жікке кіретін «Ащы көл», «Телі көл» дейтін екі ғана көл бар. Мұның біріне Шу өзені, біріне Сарысу өзені келіп құяды» деген сөйлем 1999, 2007 жылғы жинақтарда «Бетпақтың оңтүстік жағындағы Қаратау кенересінің ыққы ояңында бұл жікке кіретін «Ащы көл» дейтін екі көл бар. Екеуіне екі өзен келіп құяды» деп, «Телі көл», «Шу өзені», «Сарысу өзені» аталмай кеткен.

Жинақтарда басылған мақала нұсқасында кейбір сөйлемдер бірігіп немесе бөлініп кеткен. Бұл жинақты құрастыру барысында құрастырушылар 1927 жылғы мақаланың алғашқы нұсқасын негізге алып, сол бойынша беріп отыр. Мақала ішіндегі тыныс белгілері, жер-су аттары бүгінгі ереже, қолданыс негізінде берілді.

ҚАРСАҚПАЙ АУДАНЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ

Мақала «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №5-6 сандарында жарық көрді. Сол кезден бастап шыққан Қаныш Сәтбаев жинақтарының бәрінде кездеседі.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 91-98 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 76-81 бб.

Жинаққа мақала осы уақытқа дейінгі жарық көрген еңбектерді өзара салыстыру негізінде беріліп отыр.

ЖЕЗҚАЗҒАН АУДАНЫНДАҒЫ МЫС КЕНДЕРІ

Мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 4 тамыздағы санында жарыққа шыққан. Сол уақыттан бастап Қаныш Сәтбаевтың әр жылдардағы басылымдарында беріліп келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 69-73 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2001. – 440 с. – 179-180 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 58-61 бб.

Мақала ішінде төмендегі ғылыми терминдер берілген:

Вольфрам (лат. Wolframium; W) – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент; атомдық нөмірі 74, атомдық массасы 183,85. Вольфрам (латынша Wolframium) табиғатта аз тараған, жер қыртысының 1Ч10-4 %-ын құрайды. Бос күйінде кездеспейді, оның минералдары – вольфраматтар, аздап оксидтер және сульфидтер күйінде кездеседі.

Флюс (нем. Fluss – ағын, ағыс) – домна пешінің шихтасына бос жыныстардың балқу температурасын төмендету және күл мен күкіртті қож түрінде ығыстыру үшін қосылатын минералды заттар.

Марганец (лат. Manganum; Mn) – элементтердің периодтық жүйесінің VII-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 25, атом массасы 54, 938.

Азот (гр. ázōos – тіршіліксіз; латын. Nitrogenium; N) – химиялық элемент, түссіз, иіссіз, дәмсіз, суда аз еритін газ. Бұл элемент аминқышқылдарының амидтердің ақуыздардың-нуклейін қышқылдарының-нуклеотидтердің және өмірде өте маңызды басқада көптеген органикалық қоспалардың құрамына енеді.

Академиялық жинаққа аталған мақаланың алғашқы нұсқасы және әр жылдары жинақтарда басылған нұсқаларымен өзара салыстырып берілді.

ҚАРАҒАНДЫ-ЫСПАС ЗАВОДТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КҮЙІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Бұл мақала 1927 жылы Қызылорда қаласының бастырушы өлкелік партия комитетіне қарасты «Қызыл Қазақстан» атты жалпы саясат, өнер, білім, шаруашылық журналының «Январь-Февраль» №1-2 (69-70) сандарының 22-35 беттерінде «Сәтбайұлы Қаныш» деп төте жазумен жарияланған. Аталған мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 1970, 1989, 1999, 2007 жылы шыққан «Таңдамалы» көп томдық шығармалар жинағында берілмеген.

Бұл мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаев шығармалар жинағына тұңғыш рет төте жазудан қазіргі әріпке аударылып, ғылыми айналымға еніп отыр. Мақаланы қазіргі әріпке түсіру барысында кейбір жер-су атаулары, түрлі ұғым-түсініктер сол кезеңдегі қолданыс негізінде берілді.

Мақала ішінде төмендегі терминдер кездеседі:

Контактовый метаморфизм – геологиялық денелердің температура, қысым, газ бен сұйық ерітінділер ықпалынан өзгеріске ұшырау үдерістері. Бұл өзгерістер пайдалы қазба денелерінің жатық жағдайлары мен морфологиясына, тау жыныстар мен пайдалы қазбалардың құрылымы мен бітіміне, минералдық және химиялық құрамына әсер етеді.

Порфир (гр. *porphyreos* – қызыл) – ұсақ түйірлі арқауында *фенокристары* (минералдардың ірі түйірлері) бар қышқыл тау жыныстарының жалпы атауы.

Пирит (гр. *pyrites lithos* – отты тас) – ашық сары түсті, көбінесе текше кристалдар түрінде ұшырасатын минерал темір сульфиді. Табиғатта ең жиі кездесетін сульфид болып табылады. Синонимі – күкіртті колчедан; темір колчеданы. Химиялық формуласы: FeS_2 (Fe – 46,6%, S – 53,4%).

Борнит – шұбар мыс кентасы (Австрия минералогы И. Борнның құрметіне аталған), сульфиттер класының минералы. Химиялық формуласы: Cu_5FeS_4 .

Жер қыртысы – литосфераның беткі бөлігін құрайтын, төменгі жапсары Мохоровичич деңгейімен шектелген Жердің ең үстіңгі қабығы.

Кокс (нем. *Koks*) – көмірді немесе мұнайлы шикізаттарды кокстеу арқылы алынатын жасанды қатты отын.

Кварц – табиғатта ең көп таралған тау жынысын түзуші минерал. Оксидтер класына жатады, химиялық формуласы: SiO_2 .

Динас кірпіш – құрамында 93-97% SiO_2 болатын, отқа төзімділігі 1983-2003°K (1710-1730 °C) материалдан жасалған қыш.

Шамот кірпіш - отқа төзімділігі 1320-1730°С. Шамот кірпіш домна пештерін астарлау, оның ауа қыздырғыштарын қалау, мартен пештерінің қабырғаларын қалау үшін қолданылады

ШОРТАНДЫ-АҚМОЛА-ҚАРАҒАНДЫ ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ КЕН ӨНДІРІСІНЕ БЕРЕТІН ӘСЕРІ (ОЙЛАСУ РЕТІНДЕ)

Бұл мақала 1928 жылы 5 ақпанында Еңбекші қазақ» газетінің №29 (1056) санының 2-3 беттерінде жарияланған. Аталған мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 1970, 1989, 1999, 2007 жылы шыққан «Таңдамалы» көп томдық шығармалар жинағында берілмеген. Мақаланы қазіргі әріпке түсіру барысында кейбір жер-су атаулары, түрлі ұғым-түсініктер сол кезеңдегі қолданыс негізінде берілді.

Мақала бұл жинақта алғаш рет біздің әріпке аударылып беріліп отыр. Мақала ішіндегі терминдер:

Күкірт (лат. Sulfur; S) – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент; атомдық нөмірі 16, атомдық массасы 32,06. Тұрақты 4 изотопы бар. Сондай-ақ жасанды жолмен алынған 6 изотопы белгілі.

Кокс (нем. Koks) – көмірді немесе мұнайлы шикізаттарды кокстеу арқылы алынатын жасанды қатты отын. Тас көмір Коксін пайдалану 18 ғ-дан белгілі. Алғаш рет Кокспен шойын балқыту 1735 жылы Ұлыбританияда іске асырылды, ал алғашқы жабық камералы Кокс пештері 19 ғасырдың 30-жылдарында өндіріске енгізілді

ТОРЛАН КЕНДЕРІНІҢ ШАМАСЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Бұл мақала 1928 жылы Қызылорда қаласының бастырушы өлке-лік партия комитетіне қарасты «Қызыл Қазақстан» атты жалпы саясат, өнер, білім, шаруашылық журналының Апрель-май №4-5 (72-73) сандарының 35-45 беттерінде төте жазумен басылған. Аталған мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 1970, 1989, 1999, 2007 жылы шыққан «Таңдамалы» көп томдық шығармалар жинағында берілмеген.

Бұл мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаев шығармалар жинағына тұңғыш рет төте жазудан қазіргі әріпке аударылып, ғылыми айналымға еніп отыр. Мақаланы қазіргі әріпке түсіру барысында кейбір жер-су атаулары, түрлі ұғым-түсініктер сол кезеңдегі қолданыс негізінде берілді.

Мақала ішінде әр түрлі геологиялық, химиялық терминдер кездеседі:

Церуссит (лат. cerussa – бояу) – қорғасынның ақ кентасы, карбонаттар класына жататын минерал. Химиялық формуласы: $Pb[CO_3]$, құрамы (%): PbO – 83,5%, CO_2 – 16,6%, қоспалары: Sr, Zn, Ca, Ag, Fe.

Кокс (нем. Koks) – көмірді немесе мұнайлы шикізаттарды кокстеу арқылы алынатын жасанды қатты отын.

Кварц – табиғатта ең көп таралған тау жынысын түзуші минерал. Оксидтер класына жатады, химиялық формуласы: SiO_2 .

АТБАСАР ТІРЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАЖЕТТЕРІ

Бұл мақала 1928 жылы 26 шілдесінде Еңбекші қазақ» газетінің №168 (1195) санының 2-3 беттерінде жарияланған. Аталған мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 1970, 1989, 1999, 2007 жылы шыққан «Таңдамалы» көп томдық шығармалар жинағында берілмеген. Мақаланы қазіргі әріпке түсіру барысында кейбір жер-су атаулары, түрлі ұғым-түсініктер сол кезеңдегі қолданыс негізінде берілді.

Мақала бұл жинақта алғаш рет біздің әріпке аударылып беріліп отыр. Мақала ішінде кездесетін терминдер:

Ванадий (лат. Vanadium; V) – элементтердің периодтық жүйесінің 5 топ элементі. 1801 жылы алғаш рет Мексика минерологы А.М. дель Рио ашқан, 1830 жылы швед химигі Н.Г. Сефстрем темір рудаларынан жаңа элемент алып, оны скандинавия мифологиясындағы сұлулық құдайы Ванадистің құрметіне ванадий деп атаған.

Радий (лат. Radium; Ra) – химиялық радиоактивті II-топқа жататын, атомдық номері — 88, атомдық салмағы 226,0254, құрамында салмақтық сандары 213-тен 230-ға дейін және жартылай ыдырау кезеңдері 10^3 секундтан бастап, 1600 жылға дейін созылатын изотоптар болатын элемент.

ҚАРСАҚБАЙ ЗАВОДЫНДА МЫС ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЛЕШЕГІ

Бұл мақала 1928 жылы Қызылорда қаласының бастырушы өлкелік партия комитетіне қарасты «Қызыл Қазақстан» атты жалпы саясат, өнер, білім, шаруашылық журналының №8-9-10 (76-77-78) сандарының 61-89 беттерінде төте жазумен жарияланған. Аталған мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 1970, 1989, 1999, 2007 жылы шыққан «Таңдамалы» көп томдық шығармалар жинағында берілмеген. Мақаланы қазіргі әріпке түсіру барысында кейбір жер-су атаулары, түрлі ұғым-түсініктер сол кезеңдегі қолданыс негізінде берілді.

Мақала аталған жинаққа тұңғыш рет беріліп, ғылыми айналымға еніп отыр. Мақала ішіндегі терминдер:

Халькопирит (гр. chalkos – мыс және пирит) – мыс колчеданы, сульфидтер класына жататын минерал. Химиялық формуласы: CuFeS_2 , құрамы (%): Cu – 34,64, Fe – 30,42, қоспалары: Ag, Au, Tl, тағы басқалар. Тетрагоналды сингонияда кристалданады. Агрегаттары түйірлі, тұтас немесе сеппе түрінде болады.

Пирит (гр. *pyrites lithos* – отты тас) – ашық сары түсті, көбінесе текше кристалдар түрінде ұшырасатын минерал темір сульфиді. Табиғатта ең жиі кездесетін сульфид болып табылады. Синонимі — күкіртті колчедан; темір колчеданы. Химиялық формуласы: FeS_2 (Fe – 46,6%, S – 53,4%).

Борнит – шұбар мыс кентасы (Австрия минерологы И. Борнның құрметіне аталған), сульфиттер класының минералы. Химиялық формуласы: Cu_3FeS_4 .

Халькозин (гр. chalkos – мыс) – мыс жылтыры, сульфидтер класына жататын минерал. Химиялық формуласы: Cu_2S , мұндағы мыстың мөлшері 79,86%, қоспалары: Fe, Ag, Co, Ni, Au, As. Төменгі температурада ромбылық, жоғарғы температурада гексагондық сингонияларда кристалданып, призма, қалақ, дипирамида тәрізді кристалдар түзеді

Куприт - Cu_2O . Химиялық құрамы: Cu 88,8%, O 11,2%. Механикалық қоспа түрінде жеке мыс металымен бірге жиірек кездеседі, майда немесе жасырын кристалды түрлеріндегі қоспалары: Fe_2O_3 , SO_2 , H_2O . Қаттылығы 3,5-4, меншікті салмағы 5,85-6,15 (орташа 6)

Малахит (гр. malache – мальва, өсімдік түсіндей жасыл жапыраққа ұқсастығымен аталған) – минерал, карбонаттар класына жатады. Химиялық формуласы $Cu_2[CO_3](OH)_2$. Малахиттің түсі ашық жасыл, көгілдір жасыл, қою жасыл, қаттылығы 3,5-4,0, сынғыш, тығыздығы 3900-4100 кг/м³. Малахит табиғатта ірі мыс кендерінің жер бетіне жақын тотық қабаттарында болады.

Азурит (фр. l'azur – лазурь, көк тас) – карбонаттар класына жататын минерал. Химиялық формуласы $Cu(CO_3)_2(OH)_2$. Сингониясы моноклинді. Кристалдық құрылымы – координаттық. Кристалдары жапырақша, қысқа призма пішіндес.

Хризоколла (гр. Chrysos – алтын, kolla – желім; ерте кездерде алтыннан жасалған заттарды дәнекерлеу үшін қолданылған) – силикаттар класының монтмориллонит тобына жататын минерал.

ЖЕЗҚАЗҒАН ТЕМІРЖОЛЫН ТЕЗ САЛУ КЕРЕК

Бұл мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 6 маусымдағы №129 (3233) санының 2-бетінде жарық көрді. Мақала авторы ретінде «инженер Сәтбайұлы Қаныш» деп көрсетілген. Осы уақытқа дейін Қаныш Имантайұлының көптомдық еңбектерінде жарияланып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 13-17 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 39-42 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 12-15 бб.

Мақаланың 1935 жылы шыққан алғашқы нұсқасымен одан кейін шыққан басылымдары арасында мәтіндік айырмашылықтар жиі кездеседі. Төмендегі мәтіндік талдауда сол айырмашылықтардың негізгілері көрсетіледі:

Мақаланың алғашқы нұсқасындағы «Жезқазғанға теміржол салу мәселесі бұдан 7 жыл бұрын көтерілген болатын» деп басталатын бірінші сөйлемінің «көтерілген болатын» деген соңғы тіркесі 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда «көтерілді» деп қысқа қайырылады. Сол секілді

келесі сөйлемдегі «кіріскен болатын» деген қолданыс жоғарыда аталған жинақтарда «кіріскен еді» деп жазылған.

«Бұл вариант төте болады, мұнда жолдың ұзыны 414 километр болады. Мұнда өр, ылди аз болады, мұнда бұрылыс та аз болады, барлығы 10 % ғана болады. Мұнда салынатын көпірлер де аз болады, аралығы 20 метрден артығырақ болатын 5 көпір салынады» деп басталатын абзац ішіндегі сөйлемдер 1999, 200, 2007 жылғы кітаптарда қысқартылып берілген. Кітаптарда: «Бұл шешім төте болады, мұнда жолдың ұзыны 414 километрден аспайды. Мұнда өр, ылди аз, бұрылыс та аз, барлығы 10 процент қана. Салынатын көпірлер де аз, аралығы 20 метрден артығырақ болатын 5 көпір салынады» деп жазылған. Сондай-ақ «аралығы» деген сөзді 1999 жылғы кітапта «пролеті» деп береді.

«Алғашқы екі бесжылдықта мыстың тұтынылуы орта есеппен жыл сайын 20 % артып отырды. Үшінші бесжылда Ангара, Енисей, Ертіс және басқа өзендерден, жержүзілік маңызды, адам айтқысыз зор қуатты электр станциялар салынбақшы» деген басталатын абзац ішіндегі «Ертіс және басқа өзендерден, жержүзілік маңызды, адам айтқысыз зор қуатты» деген үзінді барлық жинақ ішінде «Ертіс өзендері бойынан адам айтқысыз зор қуатты» деп қысқартылып, «басқа өзендерден, жержүзілік маңызды» деген анықтамалары алынып тасталынған.

Мақаланың алғашқы нұсқасындағы «шығарарлық болады», «өнерлі кәсіп» сөздері 1999 жылдан бастап шыққан жинақтардың бәрінде «шығармақшы», «өнеркәсіп» деп қысқартылып берілген.

Мақала ішінде кездесетін терминдер:

Флюс (нем. Fluss – ағын, ағыс) – домна пешінің шихтасына бос жыныстардың балқу температурасын төмендету және күл мен күкіртті қож түрінде ығыстыру үшін қосылатын минералды заттар.

Марганец (лат. Manganum; Mn) – элементтердің периодты жүйесінің VII-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 25, атом массасы 54, 938.

Пирит (гр. *pyrites lithos* – отты тас) – ашық сары түсті, көбінесе текше кристалдар түрінде ұшырасатын минерал темір сульфиді. Табиғатта ең жиі кездесетін сульфид болып табылады. Синонимі – күкіртті колчедан; темір колчеданы. Химиялық формуласы: FeS₂ (Fe – 46,6%, S – 53,4%).

Фосфорит – апатит және мартинит сияқты минералдар тобынан тұратын аморфты немесе микрокристалды кальций фосфаттарын өз құрамына молынан кіріктіретін тау жыныстардың жалпылама атауы. Фосфориттер құрамындағы фосфаттың ең төменгі мөлшері 18%-дан кем болмауы шарт. Алайда геологиялық барлау тәжірибесінде құрамындағы фосфат мөлшері 5% тау жыныстарды да фосфорит кендері деп атайды.

ҚАРСАҚПАЙ КОМБИНАТЫ – ҰЛТ ПРОЛЕТАРИАТЫНЫҢ БІР НЕГІЗГІ ОРДАСЫ

Мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 16 маусымдағы №137 (3241) санының 2-бетінде «Инженер Қаныш Сәтбайұлы» деп берілген. Қаныш Имантайұлының 1999 жылдан бастап жарыққа шыққан жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 18-23 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 43-47 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 16-20 бб.

Мақаланың 1935 жылғы шыққан алғашқы нұсқасы және жоғарыда көрсетілген әр жылдардағы басылымдар арасында кездесетін текстологиялық өзгешеліктер бар. Мысалы мақаланың алғашқы нұсқасының ішінде кейбір атаулар, сөздер басқа жинақтарда қазақшаға аударылып берілген. Мысалы:

1935 жылғы нұсқасындағы «Ағылшындардың проектісі» деген тіркес ішіндегі «проектісі» сөзі 2000, 2007 жылғы басылымдарда «жобасы» деп жазылған. Сол секілді «запас» сөзі барлық жинақтарда «қор» деп қазақша аударылып берілген.

1935 жылғы газет нұсқасында «Октябрь» деген ай атауы 1999 жылдан бастап шыққан кітаптарда «Қазан» болып жазылған. Сонымен қатар мақала ішіндегі «жалмауыз құлқынын» деген тіркес 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда «тоғышар құлқынын» деп өзгертіп берген. Бірақ мақаланың түпнұсқасында – «жалмауыз құлқынын».

«Ағылшындардың «Атбасар ісін» ұйымдастыру әдісінде «ептілік» байқалды» деген сөйлем ішіндегі «ептілік» сөзі 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда «ерлілік» деп берілген.

Мақала ішіндегі 1927 жылғы Қарсақпай комбинаты құрылысының кезеңі жазылған мәлімет ішінде «Байқоңыр, Жезқазғанда үйлер салынып болды» деген ақпарат 1999, 2000, 2007 жылғы жинақтарға енбей қалған. Тек ол жерлерде емхана, теміржол және т.б. мәселелер берілген. Сондай-ақ «күнбе-күн» деген тіркес «уақытылы» деп жазылады.

1935 жылы шыққан мақаланың ең алғашқы нұсқасында соңғы абзац алдында жазылған «Орджоникидзе жолдастың және Мирзоян жолдас бастаған Өлкелік партия комитетінің тапсырған міндеттерін Қарсақпай комбинатының дирекциясы, инженер-техниктері, ондағы партия ұйымы большевикше орындайды» деген сөйлем толығымен 1999 жылғы жинақтан бастап шыққан кітаптарда енгізілмеген.

Бұл академиялық жинаққа мақаланың 1935 жылғы нұсқасы алынды. Сол нұсқа негізінде тыныс белгілері түзетіліп берілді.

ЖЕЗҚАЗҒАН

Бұл мақала 1935 жылы 4 қазан айының №229 (3633) санының 2-3 беттерінде «Қазақстанның 15 жылдығы алдында» деген айдармен «Инженер Сәтбай ұлы Қаныш» деп басылған.

Мақала ішінде кездесетін термин:

Висмут (лат. Wismuthum; Bi) – элементтердің периодтық жүйесінің V тобындағы химиялық элемент. Бір ғана тұрақты изотопы (208Bi) бар. Қосылыстарында 2, 3 және 5 валентті. Күміс түсті ақ металл, морт сынғыш, оңай ұнтақталады, тығызд. 9,8 г/см.

ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫ

Мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылдың 9 қазанында №233 (3637) санының 2-бетінде «Инженер Қ. Сәтбай ұлы. Мереке алдында» деген анықтамамен жазылған. Мақала 1999 жылғы жинақтан бастап жарыққа шыққан еңбектерде беріліп келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 30-33 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 62-65 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 26-28 бб.

1935 жылы газет бетінде жарық көрген мақала мәтінімен әр жылдарда шыққан жинақтар арасында мәтіндік өзгешеліктер бар екендігі айқындалып отыр. Мысалы:

1935 жылы газет бетіндегі алғашқы нұсқада «Ұлытау» тауының орналасқан жерін белгілеп жазған сөйлем ішіндегі «Оңтүстік батыс» тіркесі жоғарыда аталған барлық жинақ ішінде «Оңтүстік шығыс» деп беріліп кеткен.

«Жергілікті қазақ елі бұл дөңдерге «Сарыарқа» деп ат қойған. Қазақтың бұл дөңдерді «Сарыарқа» деуі дұрыс-ақ» дейтін 1935 жылы газетте берілген нұсқадағы сөйлем 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда «Жергілікті қазақ елі бұл дөңдерге «Сарыарқа» деп ат қойған, былай атауы, дұрыс-ақ» деп екі сөйлем біріктіріліп жазылып кеткен.

«Социалды Қазақстан» газетіндегі мақала мәтінінде «география» атауы сол кезеңдегі қолданыс бойынша «жағрафия» деп жазылған. Бірақ 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда ол сөзді «география» деп қазіргі атауы бойынша береді.

1935, 1999 жылғы нұсқа ішіндегі «дәнді егіс пен огород» деген сөздер 2000 жылғы кітапта «дәнді егіс пен бау-бақша» деп жазылса, 2007 жылғы кітапта «дәнді егіс пен бақша» деп қазақша атаумен береді.

1935 жылы шыққан мақаланың алғашқы нұсқасындағы «Ал енді, Ұлытауда үлгілі демалыс үйі ұйымдастырылса» деп басталатын сөйлем ішіндегі «үйі» сөзі 1999 жылдан бастап шыққан жинақтарда алынып,

«демалыс ұйымдастырылса» деп жалғасады. Сол секілді мақала ішіндегі «Себебі, аудандағы көшпелі халықтың көпшілігі Ұлытау төңірегінде отырықшыланбақшы» дейтін соңғы сөйлемдегі «көшпелі» сөзі 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда түсіп қалған. Жинақтарда сөйлем «аудандағы халықтың көпшілігі» деп жалғасып кетеді.

Мақаланың алғашқы нұсқасындағы «Демалыс үйінің ет-сүт сияқты нәрселерді өзара шарт жасасып, көршілес отырған колхоздардан алатын болуы керек» дейтін сөйлемі әр жылдары шыққан жинақтардың ішінде өзгерісте түскен. Мысалы 1999, 2000, 2007 жылғы жинақтарда сөйлем «Демалыс үйі ет-сүт сияқты өзара шарт жасасып, көршілес отырған колхоздардан алатын болуы керек» деп қысқартылып жазылған.

Аталған мақала бұл академиялық жинаққа ең алғашқы 1935 жылғы газеттегі нұсқасы бойынша берілді. Мақала ішіндегі тыныс белгілер қазіргі емле ережелеріне сай өзгертілді.

ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ КЕНІ ЗЕРТТЕЛУДЕ

Бұл мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 12 наурыздағы №59 (3763) санының 2-бетінде «Инженер Сәтбаев Қаныш» деп жарық көрген. Сол уақыттан бастап қазіргі күнге дейін жарыққа шыққан Қаныш Имантайұлы Сәтбаев шығармаларының көптомдығында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 36-37 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 66-67 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 31-32 бб.

1936 жылғы мақала ішінде әр жылдары шыққан басылымдар арасында текстологиялық өзгешеліктер бар.

«Бұл запас Советтер Одағының басқа кен орындарында болып көрмеген запас» деген сөйлем» 2000 жылғы кітапта «Бұл қор Советтер Одағының басқа кен орындарында болып көрмеген байлық» деп берілген. Қалған жинақтарда 1936 жылғы мәтін бойынша жазылады.

«Жезқазғанды кемінен 10-15 жылда толық зерттеп бітірмекшіміз» деген сөйлем ішінде «10-15» статистикалық ақпарат 2000 жылғы кітапта «10-12» деп өзгертіліп берілсе, 2007 жылғы жинақта «1015» деп арасына дефис қойылмай жазылған.

Мақала ішінде «Тонна» деген өлшем бірлік атауы 1936, 1999, 2000 жылғы нұсқаларда «тонна» деп толық жазылса, 2007 жылғы кітапта «т» деп қысқартылып беріледі.

«Өлкелік геология конференциясы» деп басталатын сөйлем ішінде «геология» атауы 2000 жылғы жинақта «география» деп қате басылып кеткен. Қалған нұсқалардың бәрінде – «Геология».

Бұл мақала академиялық жинаққа 1936 жылғы бірінші нұсқа мәтіні бойынша берілді.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ БОЛАШАҒЫ

Бұл мақала «Лениншіл жас» газетінің 1936 жылғы 10 тамызындағы №98 (1202) санының 2-бетінде «Сәтбаев Қаныш. Инженер-геолог» деп алғаш жарық көрді. Сол уақыттан бастап төмендегі басылымдарда басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 38-40 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 77-78 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 33-35 бб.

Мақаланың 1936 жылы шыққан алғашқы нұсқасымен әр жылдарда басылған еңбектердің арасында кездесетін текстологиялық мәселелер бар.

1936 жылы «Лениншіл жас» газетінде шыққан алғашқы нұсқадағы «Қабатының ұзындығы 195 километрге шейін, көлденеңі 0,8 километрдей, ал қалыңдығы 15-20 метр» деген сөйлем 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда «Пластысының ұзындығы 1,5 километрге шейін, көлденеңі 0,8 километрдей, ал қалыңдығы 15-20 метр» деп беріледі. Соңғы шыққан басылымдарда «қабатының ұзындығы» басқалай беріліп кеткен.

Мақала ішіндегі «тау жыныстар» ұғымы 1999, 2007 жылғы кітаптарда «породалар» деп берілсе, 2000 жылғы еңбекте «жыныстар» деп жазылған.

Мақаланың алғашқы газет бетіндегі нұсқасында жазылған «Советтер Союзы», «пар», «ремонт», «ремонт мастерскаясы», «пассажир поездарды» деген сөздер 2000, 2007 жылғы басылымдар ішінде «Советтер Одағы», «бу», «жөндеу, өндеу», «жөндеу шеберханасы», «жолаушылар поездары» деп қазақ тіліне аударылып беріледі. Ал 1999 жылғы кітап ішінде жоғарыда аталған сөздердің тек кейбіреулері ғана («Советтер Одағы», «бу») аударылған. Қалғандары сол күйінде беріледі.

«Лениншіл жас» газетіндегі мақала ішінде «Союздың атақты гиганттарын қайсысын болса да салысқан Ленин комсомолы Жезқазғанды да салу керек. Комсомол Жезқазған кенін зерттеп табуға да үлкен еңбек сіңірді» деген сөйлемдер барлық басылымдарда «Союздың атақты гиганттарын қайсысын болса да салысқан жастар. Олар Жезқазғанды да салысу керек» деп қысқартытып беріледі.

Академиялық жинаққа мақаланың ең алғашқы 1936 жылы шыққан нұсқасы алынып отыр.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН

Мақала «Қарағанды пролетариаты» газетінің 1936 жылғы 7 қарашасының №46 (1359) санының 4-бетінде «Сәтбаев Қаныш. Инженер-геолог» деп басылған.

Осы уақытта дейін шыққан Қаныш Сәтбаевтың көптомдық және әр жылдары шыққан жеке жинақтарының ешқайсысында енгізілмеген. Бұл жинаққа мақала алғаш рет беріліп отыр.

ӨНЕРЛІ КӘСІБІ ҚАРЫШТАП ӨРКЕНДЕГЕН РЕСПУБЛИКАҒА АЙНАЛЫП КЕЛЕМІЗ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бұл сөзі «Қарағанды пролетариаты» газетінің 1936 жылғы 15 қарашадағы санында «Жезқазғанның инженер-геологы – Сәтбаев Қаныш жолдастың сөзі» деген атаумен берілген. Осы уақытқа дейінгі шыққан көптомдық және әр жылдары шыққан жеке кітаптарда енгізілмеген.

Бұл академиялық жинаққа алғаш рет беріліп отыр.

ОКТЯБРЬДІҢ ХХ ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕЗҚАЗҒАН АУДАНЫНЫҢ ТАУ КЕН БАЙЛЫҒЫ

Мақала алғаш «Қызыл кенші» газетінде 1937 жылы 7 қарашада жарық көрді. Сол уақыттан бастап қазіргі күнге дейін жарыққа шыққан Қаныш Имантайұлы Сәтбаев шығармаларының көптомдығында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 41-44 бб.

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 81-83 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 36-38 бб.

Мақала ішінде әр жылдары басылған басылымдар арасында кездесетін текстологиялық өзгерістер бар. Мысалы 1937 жылғы газеттегі нұсқада кездесетін «срок», «проект», «гарантия», «веткасы», «сталь», «инициатива», «санкция» деген атаулар 2000, 2007 жылғы кітаптарда «мерзім», «жоба», «шарт», «тармағы», «болат», «бастамасы», «мақұлдау» деп жазылған. Ал 1999 жылғы жинақта сол негізгі нұсқасы сақталған.

«Бұл руданың табылған жері теміржолға жақын. Қарсақпай мен Атасу рудасы базасында қара металлургияның заводтарын 30 жыл құрылған срок амортизациямен толық мүмкіншілігі айтарлық бар» деген сөйлем ішінде соңғы жолдары 1999, 2000, 2007 жылғы жинақтарда «...заводтарын 30 жыл, құрылған амортизация мерзімімен сәйкес, толық қамтамасыз ететін қоры бар» деп, басқалай беріледі. Сөйлем ішіндегі «қор» сөзі 1999, 2007 жылғы кітаптарда – «запасы».

Бұл мақала мәтіні академиялық жинаққа 1937 жылғы нұсқа негізінде берілді. Мақала ішіндегі тыныс белгілері қазіргі емле ережесіне сай ұсынылды.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН МЫС АЛЫБЫ

Мақала «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 26 маусым №145 (1342) санының 3 бетінде жарық көрген. Аталған мерзімнен бастап Қаныш Сәтбаев шығармалар жинағының әр жылдардағы басылымдарында беріліп келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 34-35 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 73 б.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 29-30 бб.

1999-2001 жылдары шыққан 8 томдық жинақтың 7 томында бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылы 9 қаңтарда шыққан деп қате көрсетілген. Сонымен қатар мақаланың алғашқы бөлігі 73 беттен басталса, қалғаны 71 бетке кетіп қалған. Қалған жинақтарда мақаланың шыққан уақыты мен басылымы, орналасуы дұрыс берілген. Дегенмен мақала ішінде алғашқы нұсқасы мен әр жылдарда баспа бетінде шыққан нұсқалары арасында мәтіндік ерекшеліктер кездеседі. Мысалы:

«1847 жылы оны Ушаков дейтін көпес маңындағы қазақ елінен 100 сомға сатып алған» деген сөйлем ішіндегі «100 сом» деген ақпарат 1999, 2000, 2007 жылғы жинақтарда берілмеген. Ол жерлерде тек сатып алғандығы айтылады.

Мақаланың алғашқы нұсқасындағы «спекулянттық» деген сөз барлық жинақтарда «алып-сатарлық» деп аударылып берілген. Сол секілді мақаланың түпнұсқасындағы «пойыз», «ноябрь» деген атаулар барлық жинақта «поезд», «қараша» деп аударылып беріледі. Сонымен қатар мақала ішінде ағылшын капиталистері Ушаков тұқымдарынан сатып алатын Жезқазған мыс кенінің бағасы 1936 жылғы газет ішінде «269 мың сом» деп берілсе, 1999, 2000, 2007 жылғы көптомдықтарда «260 мың сом» деп жазылған.

Мақала соңында «Қарсақпай, 16 июнь» деген ақпарат ешқай жинаққа енбеген.

Бұл академиялық жинаққа мақаланың 1936 жылғы алғашқы нұсқасының мәтіні берілді.

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН КОМБИНАТЫ

Мақала алғаш рет «Қаныш Сәтбаев. Жезқазғанның бас геологы» «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 9 қаңтардағы №7 (4612)

санының 3-бетінде жарық көрген. Содан бастап қазіргі күнге дейін жарыққа шыққан Қаныш Имантайұлы Сәтбаев шығармаларының көптомдығында басылды:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 45-49 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 89-92 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 39-42 бб.

Мақала ішінде әр жылдары басылған басылымдар арасында кездесетін текстологиялық өзгерістер бар. Мысалы:

«Мысты пайдаланғанда тым болымсыз, приметипті әдістерді қолданды» дейтін сөйлем ішінде 1938 жылы шыққан газеттегі «приметивті» сөзін 1999 жылғы кітапта «примитивті», 2000 жылғы көп томдықта «дөрекі», 2007 жылғы еңбекте «қарапайым» деп өзгертіп берген.

1938 жылғы газет нұсқасындағы «Жезқазғанның», «керекті» деген сөздер одан кейін жарыққа шыққан барлық жинақта «Жезқазған», «керек» деп жалғаулары алынып берілген.

«Пайыз» сөзі 1938 жылғы алғашқы нұсқасында, 1999, 2007 жылғы кітаптарда «процент» деп берілсе, 2000 жылғы кітапта «пайыз» деп қазақ тіліндегі нұсқасы берілген.

1938, 1999 жылғы нұсқаларда «Советтер Союзы» деп жазылса, 2000, 2007 жылғы жинақтарда «Советтер Одағында» деп берілген.

Ай атауы 1938, 1999 жылдардағы мақала ішінде «Январь» деп жазылса, 2000, 2007 жылғы көптомдықтарда «Қаңтар» деп берілген.

1938 жылы шыққан мақаладағы «Бұл өте қысқа срокте салынып біткен жол болды, бұрынғы жол-қатынас халық комиссары Лазарь Моисеевич Кагановичтің жігерлі басшылығы арқасында тез біткен игілікті іс болды» деген сөйлем ішіндегі «бұрынғы жол-қатынас халық комиссары Лазарь Моисеевич Кагановичтің жігерлі басшылығы арқасында тез біткен игілікті іс болды» деген жалғасы 1999, 2000, 2007 жылдардағы кітаптарға ілінбей, толық аяқталмай берілген. Осы жинаққа сол мақала ішіндегі сөйлем толық беріліп отыр.

«Үлкен Жезқазған комбинатының өндірістік күшін мәңгі ұмытылмайтын сияқты нарком Серго Орджоникидзе жолдас белгіледі» деген сөйлем ішіндегі «мәңгі ұмытылмайтын сияқты» деген тіркес 1938 жылғы нұсқасында беріліп, одан кейінгі шыққан көптомдықтарда алынып тасталынған.

1938 жылы шыққан мақаланың түпнұсқасындағы «Пландау жұмыстары да қолға алынып жатыр» деп басталатын сөйлем ішіндегі «Пландау» сөзі 1999 жылы шыққан еңбекте «Пландау» деп, ал 2000, 2007 жылдардағы кітаптарда «Жоспарлау» болып берілген. Одан кейін сөйлемдегі «план» сөзі де 2000, 2007 жылғы нұсқаларында «жоспар» деп өзгертілген.

1938 жылғы мақала ішінде «Сырья» сөзі одан кейін шыққан барлық кітапта «Шикізат» нұсқасында берілген. Сонымен қатар мақаланың алғашқы нұсқасындағы «руда», «разведка» сөздері 2000 жылғы жинақта «Кендері», «Бақылау» деп аударылып берілген.

1938 жылғы мақалада «Өйткені, комбинатты салу жұмысын ұйымдастыру ісі кішкентай болса да...» деген сөйлем ішіндегі «кішкентай» сөзі соңғы жылдары шыққан барлық жинақта «аз да» деп өзгертіліп жазылған. Мақаланың ең алғашқы жарыққа шыққан нұсқасындағы «советтік Қазақстанның индустриялық көркі» деген сөйлем ішіндегі «советтік» сөзі 1999, 2000, 2007 жылдардағы жинақтарда алынып, тек «Қазақстанның» деп берілген. Сол секілді «сталиндік екі бесжылдық» деген тіркес жоғарыда аталған жинақтарда тек «бесжылдық» деп жазылған.

Мақала толығымен ең алғаш газет бетіне 1938 жылы жарыққа шыққан түпнұсқа күйінде берілді. Мақала ішінде кездесетін терминдер:

Сульфидтер – табиғи жағдайда көптеген металдар күкіртпен қосылған минералдар түрінде кездеседі. Күкірттің қасиеті көп жағдайларда оттекке ұқсас. Егер металдардың химиялық қосылыстарға, яғни минералдарға айналатын жағдайларында оттек жетіспей, күкірт кездесетін болса, онда тотық орнына сульфидтер пайда болады.

Флюс (нем. Fluss – ағын, ағыс) – домна пешінің шихтасына бос жыныстардың балқу температурасын төмендету және күл мен күкіртті қож түрінде ығыстыру үшін қосылатын минералды заттар

Гравий (фр: gravier – болбыр) – ірілігі 2-10 мм жұмырланған қиыршық сынықтардан тұратын болбыр шөгінді тау жынысы.

Алебастр (гр. ἀλάβαστρος – күйдірілген бор) – минерал, гипстің қардай ақ ұсақ түйіршікті түрі; құрылыс гипсі, байланыстырушы тұтқыр материал. Ол табиғи гипсті ($\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$), ангидритті (CaSO_4) және кейбір құрылыс өнеркәсібіндегі қалдықтарды 140-1900С температурада күйдіріп, ұнтақтау нәтижесінде алынады.

Марганец (лат. Manganum; Mn) – элементтердің периодты жүйесінің VII-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 25, атом массасы 54, 938.

ЖЕЗҚАЗҒАН АУДАНЫ – СССР-ДІҢ ҰЛЫ КЕҢ ОШАҒЫ

Бұл мақала «Қызыл кенші» газетінің 1939 жылдың 9 қаңтарындағы №4 (592) санының 4 бетінде жарияланған.

Осы уақытқа дейін шыққан Қаныш Сәтбаев көптомдық және әр жылдары басылған жекелеген кітаптарында енгізілмеген.

Бұл академиялық жинаққа мақала алғаш рет беріліп отыр.

Мақала ішінде кездесетін ғылыми терминдер:

Гравий (фр: gravier – болбыр) – ірілігі 2-10 мм жұмырланған қиыршық сынықтардан тұратын болбыр шөгінді тау жынысы.

Керамзит (грек. keramos – саз) – ұсақ түйіршікті, кеуек құрылымды, жасанды жеңіл бетон толтырғыш. Түйіршік өлшемдері 5 – 40 мм болып

келеді. Оңай балқитын көпірмелі саз балшықты айналмалы пеште (1100 – 1200С) күйдіру арқылы алынады.

Барит, ауыр шпат – сульфаттар класының минералы. Химиялық формуласы: $BaSO_4$, құрамына қоспа түрінде стронций мен кальций енеді

Порфир (гр. *porphyreos* – қызыл) – ұсақ түйірлі арқауында *фенокристары* (минералдардың ірі түйірлері) бар қышқыл тау жыныстарының жалпы атауы.

Романцемент – жер асты немесе жер үсті құрылыстарында төмен сұрыпты бетон қалау үшін, ерітінділер, сылақ және т.б. өндіру үшін қолданылатын гидравликалық байланыстырушы материал.

Кварц – табиғатта ең көп таралған тау жынысын түзуші минерал. Оксидтер класына жатады, химиялық формуласы: SiO_2 .

Доломит – карбонаттар класының минералы. Түсі сұрғылт ақ, кейде сарғыш, қоңыр немесе жасыл реңді болады. Қаттылығы 3,5–4, меншікті салмағы 2,85 г/см³, шыныдай жылтыр, морт сынғыш.

Фосфорит – апатит және мартинит сияқты минералдар тобынан тұратын аморфты немесе микрокристалды кальций фосфаттарын өз құрамына молынан кіріктіретін тау жыныстардың жалпылама атауы. Фосфориттер құрамындағы фосфаттың ең төменгі мөлшері 18%-дан кем болмауы шарт. Алайда геологиялық барлау тәжірибесінде құрамындағы фосфат мөлшері 5% тау жыныстарды да фосфорит кендері деп атайды.

ЖЕЗҚАЗҒАН БАЙЛЫҚТАРЫН МЕҢГЕРУ МІНДЕТТЕРІ

Мақала 1940 жылы 6-наурызда «Социалистік Қазақстан» газетінің №54 (5360) санының 3-бетінде алғаш жарық көрді. Одан кейін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың төмендегі басылымдарында жарыққа шыққан:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 50-54 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 96-99 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 43-46 бб.

Мақала ішінде әр жылдары басылған басылымдар арасында кездестің текстологиялық өзгерістер бар. Мысалы:

1999, 2000 жылдары шыққан еңбектерде «Совет үкіметі» деген сөз 2007 жылғы жинақта «Совет өкіметі» деп берілген. Сонымен бірге «руда қоры» деген сөздергі «қоры» сөзі 1999, 2007 жылғы жинақтарда «руда запасы» деп берілсе, 2000 жылғыда – «руда қоры» деп қазақша нұсқасы берілген.

«Советтер Одағы» деген сөз 2000, 2007 жылғыларда «Одақ», 1999 жылғы еңбекте «Союз» деп жазылады.

«Пайыз» сөзі 2000 жылғы еңбекте «%» белгісімен қойылса, 1999, 2007 жылғы кітаптарда «Процент» деп жазылған нұсқада ұсынылған.

Марганец (лат. Manganum; Mn) – элементтердің периодты жүйесінің VII-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 25, атом массасы 54, 938.

Фосфорит – апатит және мартинит сияқты минералдар тобынан тұратын аморфты немесе микрокристалды кальций фосфаттарын өз құрамына молынан кіріктіретін тау жыныстардың жалпылама атауы. Фосфориттер құрамындағы фосфаттың ең төменгі мөлшері 18%-дан кем болмауы шарт. Алайда геологиялық барлау тәжірибесінде құрамындағы фосфат мөлшері 5% тау жыныстарды да фосфорит кендері деп атайды.

Молибден (лат. Molybdaenum; Mo) – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент. Табиғатта тұрақты 7 изотопы (массалық сандары 92, 94 – 98, 100) бар. Молибден ашық сары түсті металл, тығыздығы 10,2 г/см³, балқу температурасы 2620ӘС, қайнау температурасы 4600ӘС.

Қалайы (лат. Stannum; Sn) – элементтердің периодтық жүйесінің IV-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 50, атомдық массасы 118,69. Қалайы күміс түсті ақ, жұмсақ, иілгіш металл.

Хромит – тотықтар класына жататын минерал. Химиялық формуласы: FeCr₂O₄. Қатты Моос шкаласы бойынша 4,5-5,5, тығыздығы 4,5-5 грамм/куб сантиметр.

Асбест (гр. ἄσβεστος) – силикаттар класының серпентиндер мен амфиболдар топтарындағы аса жіңішке талшықты минерал. Асбест грекше asbestos – сөнбес, бұзылмас дегенді білдіреді. Химиялық құрамы жөнінен магний мен темірдің, ішінара натрийдің сулы силикаты болып табылады.

Магнезит (лат. magnesia – магнезия) – минерал, карбонаттар класының кальцит тобына жатады. Химиялық формуласы MgCO₃, MgO – 47,82%, CO₂ – 52,18%, изоморфты қоспа түрінде Fe, сирек түрінде Mn, Ca болады. Механикалық қосындылар ретінде халцедон, сазды заттар, су, доломит кездеседі.

Кварц – табиғатта ең көп таралған тау жынысын түзуші минерал. Оксидтер класына жатады, химиялық формуласы: SiO₂.

ҚИЯҚТЫ КӨМІР БАССЕЙНІ

Бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 22 қыркүйегіндегі санында жарық көрген.

Одан кейін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың төмендегі басылымдарында жарыққа шыққан:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 55-58 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 100-103 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 47-49 бб.

Мақала ішінде әр жылдары басылған басылымдар арасында кездесетін текстологиялық өзгерістер бар.

1940 жылы шыққан мақаланың алғашқы нұсқасындағы «Советтік союз» сөзі 2000, 2007 жылғыларда «Одақ», 1999 жылғы еңбекте «Союз» деп жазылады. Сонымен бірге газеттегі мақалада «көмір запасы» деген қолданыс 1999, 2007 жылғы жинақтарда «көмір запасы» деп берілсе, 2000 жылғыда «көмір қоры» деп қазақша нұсқасы берілген.

«Пайыз» сөзі 2000 жылғы еңбекте «%» белгісімен қойылса, 1999, 2007 жылғы кітаптарда «Процент» деген нұсқада жазылған.

«Километр» деп аталатын өлшем ұғымы 1999, 2007 жылғы кітаптар толық «километр» деп жазылса, 2000 жылғыда – «км».

2007 жылғы кітапта «сызықша», «дефис» секілді тыныс белгілері дұрыс қойылмаған нұсқада берілген.

Мақала академиялық жинаққа 1940 жылы шыққан алғашқы мәтін негізінде берілді.

ҚАЗАҚСТАН – ТҮСТІ МЕТАЛ ҚОЙМАСЫ

Мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 6 қарашадағы №258 (5564) санының 5-бетінде «Инженер-геолог Қ.Сәтбаев» деп жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев К.И. Избранные труды, Т.5. Статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. – С. 121-122.

Сәтбаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 440 с. – С.194-196.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 99-101 бб.

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 139-140 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 82-83 бб.

Жоғарыда көрсетілген жинақтардың бәрінде мақала атауы «Қазақстан – түсті металдар қоймасы» деп берілген. Бірақ мақаланың 1940 жылғы газет бетіне шыққан алғашқы нұсқасында «Қазақстан – түсті метал қоймасы» деп жазылған.

Мақаланың алғашқы нұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

1940 жылғы алғашқы нұсқада 1-сөйлем ішіндегі «Республикамыздың ен байтақ даласы...» деп басталатын жолдарындағы «ен» сөз 1970, 1989, 1999, 2000, 2007 жылдардағы жинақтардың бәрінде түсіп қалған Сөйлем «Республикамыздың байтақ даласы» болып жалғасып кетеді.

Мақала ішінде «СССР» қысқартылған атауы барлық нұсқада «СССР» деп беріліп, тек 2000 жылғы жинақта «ССРО» деп жазылған.

1940 жылғы түпнұсқадағы «Қазақстан кендерінің бір қасиеті сол, мыс шыққан» деп басталатын мақала ішіндегі «сол» сөзінің орнында басқа жинақтың бәрінде « – » берілген.

«...Жезқазған жерінің байлығымен спекуляция жасады» деп жалғасатын 1940 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде берілген мақала ішіндегі «спекуляция» сөзі 1970, 1989, 1999, 2000, 2007 жылдардағы кітаптарда «...Жезқазған жерінің байлығымен сауда жасады» деп қате берілген. Біздіңше, бұл қателік жоғарыдағы жинақтарда бірінде жасалып, қалған жинақтарды құрастырушылар соның ізімен ұсынған секілді.

Мақаланың түпнұсқасындағы «Ұлы Октябрь социалистік революция ғана бұларды Қазақстан жерінен түріп айдап шықты» атты сөйлем ішіндегі «түріп» сөзі одан кейін жарыққа шыққан барлық жинаққа енбей қалған. Сонымен қатар «Социалистік Қазақстан» газетіндегі мақаланың алғашқы нұсқасында «Тек Ұлы Октябрь революциясы ғана, сталиндік бесжылдықтардың даңқты дәуірі ғана, ұлан-байтақ Советтер елінің барлық түкпірлеріндегідей, Жезқазған маңының да экономикасы мен мәдениетіне дем беріп, олардың дамып өркендеуіне даңғыл жол ашты» деп берілген сөйлем ішіндегі «сталиндік бесжылдықтардың даңқты дәуірі ғана», «даңғыл» тіркестері барлық жинақ ішінде берілмеген. Тек мақаланың 1940 жылғы нұсқасынан ғана аталған тіркестерді көре аламыз.

Мақаланың алғашқы нұсқасындағы «Бүгінге дейін жүргізілген зерттеудің нәтижесіне қарағанда, мұнда СССР-дағы мыс запастарының төрттен бірі бар екендігі анықталды. Ал бүкіл Қазақстандағы мыс запасының тең жарымдайы (47 процент) осы Жезқазғанда. Мыс запасы жөнінде Жезқазған бүкіл жержүзінде төртінші орын алады» атты сөйлем ішіндегі «төрттен бір», «47 процент», «төртінші орын» секілді статистикалық мәліметтер әр жылдары шыққан көптомдықтарға енгізілмеген. Олардың орнына «жарымдайы», «көрнекті орын» деп жалпылама ақпарат ұсынған. Мақала ішінде кездесетін «цинк» элементі 1970 жылдан бастап барлық жинақта «мырыш» деп аударылып берілген. Сондай-ақ мақала ішінде кездесетін «запас» сөзі 2000 жылғы жинақта «қоры» деп өзгертілген. Қалған нұсқаларында «запас» деген нұсқасы сақталынған. Мақала ішіндегі «Қорғасын» атты жер атауы 1970 жылдан бастап шыққан басылымдарда енгізілмей қалған.

Академиялық жинаққа аталған мақаланың 1940 жылғы алғашқы нұсқасы қазіргі талап сай өзгертілген тыныс белгілерімен беріліп отыр.

Мақала ішінде кездесетін терминдер:

Молибден (лат. Molybdaenum; Mo) – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент. Табиғатта тұрақты 7 изотопы (массалық сандары 92, 94 – 98, 100) бар. Молибден ашық сары түсті металл, тығыздығы 10,2 г/см³, балқу температурасы 2620ӘС, қайнау температурасы 4600ӘС.

Сүрме (лат. Stibium; Sb) – элементтердің периодтық жүйесінің V тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 51, атомдық массасы 121,75. Сүрмені сульфидті кентастарды күйдіргеннен қалған өнімдерді немесе тотыққан кентастарды тотықсыздандыру арқылы алады.

Цинк (лат. Zincum; Zn) – элементтердің периодтық жүйесінің II-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 30, атом массасы 65,39. Мырыш ерте заманда жез түрінде белгілі болған, таза түрі 16 ғасырда алынған.

Никель (лат. Niccolum; Ni) – элементтердің периодтық жүйесінің VIII тобындағы химиялық элемент, атомдық нейтроны 28, атомдық массасы 58,70. Күмістей ақ, иілгіш, созылғыш металл.

БІРЛЕСКЕН ТІРЕКТІ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСТЕРІ

Мақала алғаш рет 1941 жылы 1 қаңтарда «Жезқазған аудандық комитеті мен еңбекшілер депутаттарының аудандық советінің «Қызыл кенші» атты газетінің №1 (862) санында жарық көрді. Одан кейін жарыққа шыққан жинақтардың ешқайсысында берілмеген.

Бұл академиялық жинаққа аталған мақала алғаш рет беріліп отыр. Мақала ішінде әр түрлі ғылыми терминдер кездескен:

Флюс (нем. Flus – ағын, ағыс) – домна пешінің шихтасына бос жыныстардың балқу температурасын төмендету және күл мен күкіртті қож түрінде ығыстыру үшін қосылатын минералды заттар.

Сульфидтер – табиғи жағдайда көптеген металдар күкіртпен қосылған минералдар түрінде кездеседі. Күкірттің қасиеті көп жағдайларда оттекке ұқсас. Егер металдардың химиялық қосылыстарға, яғни минералдарға айналатын жағдайларында оттек жетіспей, күкірт кездесетін болса, онда тотық орнына сульфидтер пайда болады.

ЖЕЗҚАЗҒАН БАРЛАУШЫЛАРЫ

Бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 23 сәуірдегі №95 (5704) санының 3-бетінде жарыққа шыққан. Мақала соңында «Қ.Сәтбаев. Жезқазған геология-барлау конторының бастығы және бас инженері» деп көрсетілген

Одан кейін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың төмендегі басылымдарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 59-61 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 113-115 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 50-52 бб.

Мақала ішінде әр жылдары басылған басылымдар арасында кездесетін текстологиялық өзгерістердің бар екендігіне көз жеткіздік. Мысалы:

1941 жылғы мақаладағы «программа» деген сөз, 2000 жылғы кітапта «бағдарламасын» деп жазылса, 1999, 2007 жылғы кітаптарда «программасын» деп берілген. Сол секілді статистика көрсетілген жерлерде «процент» ұғымы 2000 жылғы кітапта «%» деген белгімен жазылса, қалған нұсқаларында «процент» деп жазылған.

«Одақ» деген сөз 1941 жылғы мақалада «Союз» деп жазылса, 1999, 2000, 2007 жылғы еңбектерде «Одақ» деп жазылады. «Қоры» сөзі тек 2000 жылғы жинақта «қоры» деп берілсе, қалған нұсқалардың бәрінде «запасы» деп берілген. Сонымен қатар мақаланың алғашқы нұсқасындағы «старший мастер», «двигатель», «фундамент», «нормалау» сөздері барлық жинақта «аға мастер», «қозғағыш», «іргетас», «мөлшерлеу» деп аударылған.

1941 жылғы мақала ішінде «СССР Түсті металлургия Халық Комиссары Ломако жолдас» деген сөйлем ішіндегі Халық комиссары «Ломако» есімі одан кейін шыққан жинақтар ішінде аталмай, тек «халық комиссары» деп жазылған.

1941 жылғы мақала ішіндегі «Сталиндік Конституция» деген қолдағы барлық жинақ ішінде «Советтік Конституция» деп өзгертілген.

Мақаланың түпнұсқа (алғашқы) нұсқасындағы «Жезқазған барлаушыларының коллективі жеткен табысқа мастанбайды, тоқмейілсімейді. Олардың алдында әлі де зор міндеттер тұр. Бұл міндет – Орталық Қазақстанның батыс аудандарында осы уақытқа дейін зерттелмей жатқан бай кендердің составын барлық жағынан зерттеп, оның запасын анықтау жөнінде көп жұмыстар істеу болады. БК(б)П XVIII съезі мен XVIII конференциясының тарихи қаруларымен қаруланған Жезқазғанның партияда бар және партияда жоқ барлаушылары бұл міндетті де абыроймен орындап шығады» деген соңғы абзац 1999, 2000, 2007 жылғы кітаптарда мүлдем енгізілмей қалған.

Академиялық жинаққа бұл мақаланың 1941 жылы шыққан алғашқы нұсқасы толық беріліп отыр.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРАТЫЛЫС БАЙЛЫҚТАРЫН ОТАН ҚОРҒАУ ІСІНЕ ЖҰМЫЛДЫРАЙЫҚ

Бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 16-қыркүйектегі №218 (5827) санының 3-бетінде жарияланған. Мақала астында «Қ.Сәтбаев, ССРС Ғылыми академиясының Қазақстандық филиалы президиумы председателінің орынбасары» деп көрсетілген. Аталған мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген көптомдық еңбектерінде басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 172-175 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 1999. – 456 с. – 22-25 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 141-144 бб.

Мақаланың 1941 жылғы алғашқы нұсқасын көптомдық еңбектердегі нұсқасымен салыстыра отырып зерттеу барысында, текстологиялық өзгерістердің бар екендігін аңғардық. Мысалы:

«Қолөнершілер кооперациясы мен жергілікті өнеркәсібінің ұсақ кәсіпорындарын ашу арқылы Атбасар ауданындағы Спасс, Қима сияқты, Баянауыл ауданындағы Баяндықұдық Қожаншат, Жезқазған ауданындағы Қорғасын, Солтүстік Балқаштағы Қызылеспе, Гүлшат, Қарқаралы ауданындағы Берікқара, Күзеуадыр, Саманбет, Алматы ауданындағы Қаскелең, Ұзынсу, Жамбыл ауданындағы Сүлейменсай сияқты кендерді пайдалануға болады. Бұлар сияқты кендер Алтайда әр жерден кездеседі» деген 1941 жылғы мақала ішіндегі сөйлем 1999 жылғы (1-томдық, 2007 жылғы жинақта осылай толығымен берілсе, 1999 жылғы (көптомдық. 5-том) кітапта абзац соңы «Алматы ауданындағы Қаскелең, Ұзынсу, Жамбыл ауданындағы Сүлейменсай сияқты кендер Алтайда әр жерден кездеседі», - деп қысқартылып берілген. Сонымен бірге 1941 жылғы мақала ішіндегі «ССРС» атауы одан кейін жарыққа шыққан еңбектердің бәрінде «ССРО» деп өзгертіліп беріледі.

Бұл жинаққа мақаланың 1941 жылғы алғашқы нұсқасы қазіргі тыныс белгі ережелерімен беріліп отыр. Мақала ішіндегі терминдерге назар аударсақ:

Молибден (лат. Molybdaenum; Mo) – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент. Табиғатта тұрақты 7 изотопы (массалық сандары 92, 94 – 98, 100) бар. Молибден ашық сары түсті металл, тығыздығы 10,2 г/см³, балқу температурасы 2620ӘС, қайнау температурасы 4600ӘС.

Вольфрам (лат. Wolframium; W) – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент; атомдық нөмірі 74, атомдық массасы 183,85. Вольфрам (латынша Wolframium) табиғатта аз тараған, жер қыртысының 1Ч10-4 %-ын құрайды. Бос күйінде кездеспейді, оның минералдары – вольфраматтар, аздап оксидтер және сульфидтер күйінде кездеседі.

Сүрме (лат. Stibium; Sb) – элементтердің периодтық жүйесінің V тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 51, атомдық массасы 121,75. Сүрмені сульфидті кентастарды күйдіргеннен қалған өнімдерді немесе тотыққан кентастарды тотықсыздандыру арқылы алады.

Доломит – карбонаттар класының минералы. Түсі сұрғылт ақ, кейде сарғыш, қоңыр немесе жасыл реңді болады. Қаттылығы 3,5–4, меншікті салмағы 2,85 г/см³, шыныдай жылтыр, морт сынғыш.

РУДА БАЙЛЫҚТАРЫ ОТАН ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

Мақала 1943 жылы 3 қаңтарда «Ленин туы» газетінде алғаш басылған. Мақала авторы ретінде «Қ.Сәтбаев - Геология ғылымдарының докторы,

Сталиндік сыйлықтың лауреаты» деп көрсетілген. Сол уақыттан бастап аталған мақала Қаныш Сәтбаев шығармаларының көптомдық басылымдарында беріліп келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 178-180 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 1999. – 456 с. – 50-51 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 147-148 бб.

Академиялық жинаққа әр жылдардағы жарық көрген басылымдарды өзара салыстыру негізінде беріліп отыр.

Мақала ішіндегі кездесетін терминдер:

Марганец (лат. Manganum; Mn) – элементтердің периодты жүйесінің VII-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 25, атом массасы 54, 938.

Фосфорит – апатит және мартинит сияқты минералдар тобынан тұратын аморфты немесе микрокристалды кальций фосфаттарын өз құрамына мольмен кіріктіретін тау жыныстардың жалпылама атауы. Фосфориттер құрамындағы фосфаттың ең төменгі мөлшері 18%-дан кем болмауы шарт. Алайда геологиялық барлау тәжірибесінде құрамындағы фосфат мөлшері 5% тау жыныстарды да фосфорит кендері деп атайды.

Тектоникалық карта – жер қыртысының немесе оның жекелеген аудандарының құрылымдық ерекшеліктері мен белгілі геологиялық уақыт шамасындағы даму жолдарын сипаттайтын арнаулы карта.

ҮЛКЕН АЛТАЙДЫҢ ЖАРАТЫЛЫС БАЙЛЫҚТАРЫ

Бұл мақала 1947 жылы 26 шілдеде «Социалистік Қазақстан» газеті мен 1947 жылы 1 тамызда «Алтай большевигі» газетінде жарық көрген. Мақала өлке өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі конференция қарсаңында жазылғандықтан, ғалым Алтай кен көздерін ашу және кен өндіру мәселелеріне байланысты ойларын ортаға салады. Құрамынан қорғасын мен мырыштан басқа, бай мыс, асыл және сирек кездесетін металдар табылып отырған Алтай полиметалл кендерін игеріп, халық шаруашылығына пайдаланудың кезек күттірмейтін мемлекеттік міндет екенін ескертеді.

Мәтін ішіндегі «ү» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «өкмет» – «өкімет», «жыйналады» – «жиналады», «сыяқты» – «сияқты», «топрақ» – «топырақ» деп өзгертілді. Мақалада кездесетін «процент», «завод» сөздері өзгертілмей сол күйінде берілді.

Мақала осы академиялық толық жинаққа «Алтай большевигі» газетінің 1947 жыл 1 тамызындағы №146 санындағы түпнұсқадан алынып, тұңғыш рет ғылыми айналымға еніп отыр.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНДІРГІШ КҮШТЕРІН ОДАН АРЫ ДАМЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала «Қазақстан коммунисті» журналының 1955 жылғы № 9 санында 14-22 беттерінде жарияланды. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 102-115 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 149-160 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 84-94 бб.

ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІН ДАМЫТУ БОЛАШАҒЫ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1955 жылы 5 қараша күні жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 116-122 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 161-166 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 95-100 бб.

ҚАЗАҚСТАН АУЫР ӨНЕРКӘСІБІН ӨРКЕНДЕТУДІҢ КЕЙБІР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Қазақстан ауыр өнеркәсібін өркендетудің кейбір маңызды мәселелері» мақаласы алғаш рет «Қазақстан коммунисті» журналының 1958 жылы шыққан №1 санының 16-24 беттерінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 118-128 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 187-197 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 139-152 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Коммунистік партиялық лениндік дана ұлт саясаты арқасында» деп басталатын абзацысының осы сөзі кейінгі жылдары шыққан жинақтарда алынып тасталған.

Сонымен қатар, «В.И. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып» деп басталатын жаңа жолдың осы сөзі, ең соңғы абзацтағы «Н.С. Хрущев жолдастың баяндамасында» сөздері алынған.

«Кәзір» сөздері «қазір»-ге, «процент» сөзі «%»-ге алмастырылған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Калий тұздары – құрамында калий элементі бар табиғи және синтетикалық қосылыстар. Негізінен ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде қолданылады, себебі калий өсімдіктердің өсуіне және өнімділігін арттыруға маңызды. Сондай-ақ, калий тұздары химия өнеркәсібінде, медицинада және шыны өндірісінде пайдаланылады.

Титан – жеңіл, берік және коррозияға төзімді металл, атомдық нөмірі 22. Ол авиацияда, ғарыш техникасында, медицинада (импланттар мен протездер), химия өнеркәсібінде және пигменттер өндіруде (титан диоксиді) кеңінен қолданылады. Титан жоғары беріктігі мен биологиялық инерттілігі арқасында ерекше бағаланады.

Никель – күміс түсті металл, болат қорытпаларын дайындауда (нержавеющая сталь), аккумуляторлар жасауда және химиялық процестерде катализатор ретінде қолданылады. Никель коррозияға төзімді және жоғары температураға шыдамды болғандықтан, оны өнеркәсіптің әртүрлі салаларында қолданады.

Рений – сирек кездесетін, тығыз және жоғары температураға төзімді, ұшақ қозғалтқыштарының турбиналарын, каталитикалық процестерді және жоғары температуралы қорытпаларды өндіруде пайдаланылады. Оның сирек кездесуі және ерекше қасиеттері оны стратегиялық маңызы бар металл ретінде сипаттайды.

Флюс – металлургия мен дәнекерлеуде қолданылатын материал, ол металды дәнекерлеу, пісіру немесе қорыту кезінде оксидтерден және қоспалардан тазартуға арналған. Флюс дәнекерлеу аймағын тотықсыздандырады, металдың бетін балқытады және қоспалардан тазартып, жұмыстың сапасын арттырады.

Оолит – бұл диаметрі әдетте 0,25–2 мм болатын, дөңгелек немесе сопақша пішінді кішкентай түйіршіктерден құралған шөгінді тау жынысы немесе оның құрамдас бөлігі. Бұл түйіршіктер химиялық немесе биохимиялық жолмен қалыптасады және әдетте карбонатты (мысалы, кальцит немесе арагонит), сирек жағдайларда фосфатты немесе темірлі минералдардан тұрады.

Томасшлак – фосфор оксиді мен әк әрекеттесуінің өнімі. Ол С. Томас ұсынған конвертер әдісімен шойыннан фосфорды шығару кезінде шлак түрінде түзіледі және құнды минералды тыңайтқыш болып табылады.

Силикат кірпіш – бұл әк (70-90%) пен құмнан (10-30%) арнайы технология бойынша жасалатын құрылыс материалы. Ол жоғары қысым

мен температурада дайындалады. Силикат кірпіші ақ түсті, тегіс және тығыз құрылымымен ерекшеленеді.

Мыс колчеданы – бұл геология мен минералогияда қолданылатын термин, ол негізінен халькопирит минералын білдіреді. Халькопирит – мыс пен темірдің сульфидінен тұратын минерал, химиялық формуласы CuFeS_2 . Бұл минерал алтын-сары түске ие, құрамында мыс болғандықтан, мыс өндірісінде негізгі шикізат ретінде пайдаланылады.

Карьер – пайдалы қазбаларды (мысалы, кен, көмір, тас, құм және т.б.) жер қойнауынан ашық әдіспен алу үшін жасалатын тереңдік немесе шұңқыр. Карьерлер әдетте жердің беткі қабатын алып тастау арқылы жасалады және пайдалы қазбаларға қол жеткізуге арналған.

Гидрометаллургия және флотация әдістері – пайдалы қазбаларды өңдеуде қолданылатын екі негізгі технологиялық процесс. Олардың әрқайсысы нақты мақсаттарға арналған, кеннен қажетті элементтерді немесе қосылыстарды тиімді түрде бөліп алу үшін қолданылады.

Ватержакет пеші (ағылш. waterjacket, water – су және jacket – көйлек, корпус), қабырғалары кессон деп аталатын сумен салқындатылған қуыс металл қораптардан тұратын шахта пеші. Қорғасын, мыс, никель және т.б. металлургияда қолданылады.

Шихта (нем. Schicht) - бастапқы материалдардың қоспасы, ал кейбір жағдайларда (мысалы, Домна пешінде шойын балқыту кезінде) және металлургиялық, химиялық және басқа агрегаттарда өңделетін белгілі бір пропорциядағы отын.

Агломерат (латын тілінен agglomera – қосамын, жинақтаймын) — 1 қара және түсті металлургияда — байытылған кентас концентраты мен майда кендерді шахта пештерінде қорытар алдында күйдіріп алынған кесек өнім.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МИНЕРАЛ БАЙЛЫҚТАРЫ

«Орталық қазақстанның минерал байлықтары» мақаласы алғаш рет «Советтік Қарағанды» газетінің 1958 жылы 28 қарашасындағы №235 (6942) санының 3-бетінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 129-132 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 201-204 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 153-157 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Еліміздің еңбекшілері Н.С.Хрущев жолдастың КПСС ХХІ съезінде жасайтын баяндамасының тезистерін қызу мақұлдап, кеңінен талқылауда, бұл тарихи документте коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың міндеттері жан-жақты көрсетілген.

СССР-де коммунизм орнатудың таяудағы он бес жылға белгіленген экономикалық программасының құрамды бір бөлігі болып табылатын жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындауда республикамыздың, оның ішінде, Орталық Қазақстанның минералдық байлықтарын онан әрі игерудің зор маңызы бар» – деп келетін екі абзац кейінгі жинақтарда алынып тасталған.

Барлық «қазір» сөзіндегі «ә» әрпі «а» әрпіне, «СССР» сөзі «ССРО» өзгертілген.

«Н.С.Хрущев жолдастың «СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959-1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары» туралы КПСС ХХІ съезінде жасайтын баяндамасының тезистерінде атап көрсетілгендей, алдағы жеті жылдың ішінде өндіргіш күштерді орналастырудағы негізгі өзгерістер ең алдымен, еліміздің шығыс аудандарының экономикасын жеделдете өркендету бағытымен жүргізіледі», – деген тұсы, және: «Бұл мінжетті ойдағыдай шешу елімізде коммунизм орнату ісіне қосылатын елеулі үлесі болып табылады», – жолдары алынып тасталған.

ЖЕЗҚАЗҒАН-ҰЛЫТАУ МАҢЫНЫҢ МИНЕРАЛ РЕСУРСТАРЫ

«Жезқазған-Ұлытау маңының минерал ресурстары» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1961 жылғы 30 наурыздағы №10 санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 55-56 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 62-64 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

Мақала тақырыбы кейінгі нұсқаларда «Жезқазған-Ұлытау маңының минералдық ресурстары» деп берілген.

Мақалада кездесетін геологиялық терминдер:

Күкірт – химиялық элемент, сары түсті, қатты кристалл зат. Табиғатта минералды қосылыстар түрінде кездеседі, мысалы, күкіртті сутек және сульфаттар. Химия өнеркәсібінде, тыңайтқыштар өндіруде және медицинада қолданылады.

Мырыш – химиялық элемент, күміс түсті, жұмсақ металл. Коррозияға қарсы жабын ретінде, қорытпаларда және дәрі-дәрмек құрамында пайдаланылады. Адам ағзасында метаболизмге маңызды рөл атқарады.

Кадмий – химиялық элемент, күміс түсті, улы металл. Негізінен батареялар өндірісінде, қорытпаларда және бояу пигменті ретінде қолданылады. Улы қасиетіне байланысты экология мен денсаулыққа қауіпті болуы мүмкін.

Сурьма – химиялық элемент, сұр түсті, қатты металл. Қорытпалар жасауда, өртке қарсы жабындарда және жарылғыш заттар өндірісінде қолданылады. Ауыр металл, көбінесе күмістей ақ немесе күңгірт көк түсті, жұмсақ, сынғыш зат.

Молибден – химиялық элемент, күміс түсті, қатты металл. Болат және басқа қорытпаларды нығайту үшін, сондай-ақ катализатор ретінде пайдаланылады. Ағза үшін де маңызды микроэлементтердің бірі болып табылады.

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҒЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ТУРАЛЫ: (ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНДА БОЛҒАН КӨШПЕЛІ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН КІРІСПЕ СӨЗІ) ДАҢҚТЫ ТАРИХ, ТАМАША БОЛАШАҚ

«Жезқазған аймағының келешегі туралы: (Қазақ ССР Ғылым академиясының Жезқазған қаласында болған көшпелі сессиясында сөйлеген кіріспе сөзі) даңқты тарих, тамаша болашақ» мақаласы алғаш «Жезқазған жұмысшысы» газетінің 1961 жылғы, 30 наурызындағы №40 (518) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Осыған байланысты СССР ауыр өнеркәсібінің командармы, кәзір қайтыс болған Серго Орджоникидзенің құрылысы туралы 1936 жылғы дана бұйрығын еске түсірмеске болмайды» – жолындағы «кәзір» сөздері «қазір»-ге алмастырылған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Индустрия – экономиканың өнеркәсіптік өндіріс саласын сипаттайтын ұғым. Тауар мен қызметтерді ірі көлемде өндіруді қамтиды және технологиялық, өндірістік, ұйымдастырушылық процестерге негізделеді.

Командарм – «командующий армией» деген сөздің қысқартылған түрі, яғни әскерге немесе ірі әскери құрамаларға басшылық ететін жоғары шенді әскери адам.

Марганец – қарапайым зат, қатты, сонымен бірге сынғыш өтпелі металл, күміс, ақ түсті. Түсті металдарға жатады.

БАРЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР ІСКЕ ЖҰМЫЛДЫРЫЛСЫН

«Барлық резервтер іске жұмылдырылсын» мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1963 жылғы 9 маусымындағы №135 (12181) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 133-134 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 216-217 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 158-159 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Жезқазған руднигі жағдайында жер астындағы жұмыстарды түгел механикаландыру жүйесі жасалды. Бұл жүйе кен жұмыстарында еңбек өнімділігін 3-4 есе арттыруға, руда шығарудың өзіндік құнын мықтап кемітіп, мыстың орасан көп қорын тиімділікпен жаппай игеруге мүмкіндік берді. Бұл істің халық шаруашылығы үшін орасан зор маңызы бар екенін ескере отырып, 1964 жылы Жезқазған руднигінде жер астындағы бүкіл руда шығару жұмысын, ал 1965 жылы Мырғалымсай руднигінде бүкіл руда шығару жұмыстарын жаңа жүйеге толық көшіру ұйғарылды. Қазір егжей-тегжейлі техникалық-экономикалық баяндама әзірленуде; бұл баяндама еліміздегі барлық түсті рудалардың 85 %-ін және барлық қара металлургия рудаларының 90 %-ін шығаруды осы жүйеге көшірудің мүмкін екенін көрсетеді, міне, сонда жыл сайын 100 млн. сом қаржы үнемделеді» – абзацындағы «3-4 есе арттыруға» үзіндісіндегі сан орнына кейінгілерде «34» саны жазылып кеткен. Сөзбен жазылған «процент» сөзі «%»-ге алмастырылған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФОСФОРИТТЕРІ

«Қазақстанның фосфориттері» мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1963 жылғы 4 желтоқсанындағы №283 (12329) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 139-142 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 226-229 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 165-168 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Сонымен бірге термикалық фосфаттардың практикада дәлелденген өте тиімді «кейінгі әсерін» де ескермеуге болмайды. Нақ сол Қазақтың егіншілік институтының мәліметтерін келтірейік. Термофосфат тыңайтқыштары қолданылып қант қызылшасы өсірілгеннен кейін шартты суармалы (ылғал жинақтау мақсатымен бір рет қандыра суарылған) жерге күздік бидай егілді. Сөйтіп, осы тыңайтқыш бидай егініне үш жыл бойы әсер етті: жыл сайын егіннің гектарынан 4,1 центнерден қосымша өнім алынып отырды», – үзіндісі алынған.

Фторсыз балқытылған фосфаттарды циклонды әдіспен айырып алудың өте рентабельді болатынын есептер көрсетіп отыр. Отын үшін Бұхараның газы емес, тіпті мазуттың өзі пайдаланылғанда да, өндірістің қуаты жылына бір миллион тонна болғанда жұмсалатын күрделі қаржы бір жылда өтеледі.

Академик Қ. Сәтбаев бұл мақаланы Ә. Бектұров, химия ғылымы институтының директоры, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі; А. Резняко, энергетика институты директорының орынбасары, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі; Ш. Шолтыров, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылым басқармасының бастығы, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты; С. Шульзингер, «Казгипрониихиммаш» институтының директоры; Б. Морозов, Жамбыл суперфосфат заводы жобасының бас инженері т.б. қайраткерлерімен біріге отыра жазған.

ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

СӨЗ БАСЫ

(«Алгебра» оқулығына)

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығы 1919-1924 жылдары жазылған. Кітаптың алғашқы нұсқасы алдымен араб әріптерінде жазылып, кейін латын жазуына көшірілген. Мақала туралы деректер «Қ.И. Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығы туралы» деген тақырыппен «Қазақстан ғылымы» журналының 1999 жылғы №3 (135) санында жарық көрді. Мақала авторлары белгілі ғалымдар – Ш.Айтиев, Н.Билиев, Ш. Біләлов. Бұл мақала ішінде Қаныш Имантайұлының «Алгебра» оқулығының арабша нұсқасы 593 беттен, латыншасы 1467 беттен тұратындығы туралы ақпарат берілген.

«Сөз басы» деп аталатын Қаныш Имантайұлының оқулық жайындағы мақаласы осы уақытқа дейін жарық көрген ғылыми еңбектерде беріліп келеді. Бірақ оқулықтың толық нұсқасы ешқашан жарыққа шықпаған.

Оқулықтың жазылу, жариялану тарихы туралы Кәкімбек Салықов «Ана тілі» газетіне берген мақаласында былай деп жазады: «Б.М. Қосановтың айтуынша, Қ.И. Сәтбаевтың қазақ тіліндегі тұңғыш «Алгебра» оқулығының қолжазбасын Қазақстан Халық ағарту комиссариатына (ХАК) 1924 жылы тапсырған һәм қолжазба Комиссариаттың ғылыми-әдеби кеңесінде мектеп оқулығы ретінде мақұлданып, баспаға ұсынылғандығы жайындағы құжаттар сақталған екен. «Казиздатта» Сәтбаев ұсынған алгебралық таңбаларды белгілейтін шрифтер мен матрицалардың болмауына байланысты «Алгебраны» басып шығару созбалаңға түскен көрінеді. 1927 жылы оқулықтың Мәскеудегі «Центриздатқа» жіберілгені жөніндегі қағаздар айқын екен. Бірақ «Центриздат» пен «Казиздат» арасындағы түсініспеушіліктердің салдарынан кітаптың басылуы құрдымға кетеді. Қазақстан жазуының 1929 жылы латын алфавитіне ауысуына байланысты Қ.И. Сәтбаев оқулықтағы формулаларды бастан-аяқ латын әріптерімен түзеп шығып, 1929 жылы наурыздың 3-і күні латыншаға көшіріп, қайтадан баспаға өткізеді. Бірақ 30-жылдардан бастап Кеңестер Одағында бірыңғай ортақ оқулықтарға көшу басталып кетеді де, Қ.И. Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығын баспадан шығару ісі аяқсыз қалады. Оған қоса Қаныш ағаның Том қаласындағы индустриялық институтты бітіріп, қазақтың тұңғыш кен инженер-геологы болып шыққан 1926 жылдан бастап, Жезқазған кен орнымен шұғыл айналысып, басқа жұмыстардан қол үзіп кетуі де үлкен себеп».

Жоғарыда келтірілген деректер негізінде «Алгебра» оқулығының сол кезеңдегі қазақ қоғамы, ғылымы үшін маңызды орын алғанын аңғарамыз.

Бұл академиялық жинаққа да Қаныш Имантайұлының «Алгебра» оқулығына жазған алғы сөзі беріліп отыр.

ОБАҒАН

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бұл әңгімесі Байшуақ» атты бүркеншік есіммен 1923 жылы «Қазақ тілі» газетінің 13 желтоқсан №121 (391) санының 2-3 беттерінде төте жазумен жарияланған. Аталған әңгіме Қаныш Имантайұлының бізге жеткен жалғыз көркем шығармасы ретінде саналады.

«Обаған» әңгімесі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 440 с. – С.345-348.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 385-388 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2001. – 440 с. – 65-67 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 314-316 бб.

1923 жылы газет бетінде жарияланған мақаланың алғашқы нұсқасындағы «ел ішіне көсем» деген сөз тіркесі 1989, 1999, 2001, 2007 жылғы кітаптарда «ауыл ішіне көсемшіл» деп жазылған.

«Қазақ тілі» газетінде жарияланған нұсқадағы «Ол әр түрлі ескіге әндерге салады, сарынынан кейде өксу, зарлау, үмітсіздік мұңдары, кейде шықпаған құшыр, қанбаған құмарлықтың қызулы зығырлары сорғалайды» деп басталатын сөйлем ішіндегі «Ол әр түрлі ескіге әндерге салады» дейтін жері қалған жинақтардың бәрінде түсіп қалған Жинақтарда аталған сөйлем «Сарынынан кейде өксу...» деп басталған.

Мақала ішіндегі «Алшаңкер» деп аталатын жер аты 1989, 1999, 2001, 2007 жылдардағы нұсқа «Алшаң кер» деп бөлек жазылған.

Мақаланың түпнұсқасындағы «Әнші әйел үшін ақсақал жауап береді» дейтін сөйлем 1989, 1999, 2001 жылғы жинақтарда – «Әнші әйел, Бұшық ақсақал жауап береді». 2007 жылғыда – «Пұшық».

1923 жылғы мақала ішінде берілетін «айлы түні» деген қолданыс 1989, 1999, 2001 жылғы кітаптарда «апрель түні», 2007 жылғы кітапта «Сәуір түні» деп жаңсақ басылып кеткен.

Мақала ішіндегі «су жиегінде», «жемістерін орып жүргенде», «ақылы жасыған долы ғашық», «уәдесін жұта алмай» деген қолданыстар 1989 жылдан бастап жарыққа шыққан жинақтардың бәрінде «су етегінде», «жемістерін теріп жүргенде», «ақылы жасыған ғашық», «уәдесін бұза алмай» деп өзгертіліп берілген.

1923 жылғы кітаптағы «Екі ғашықтың күні қараң болады, гүлі солады. Мергеннің оғына ұшқан жолбарыстай, құмары қайнап, қаны тасыған Ахық сұлудың қыпша белі...» деген екі абзац арасындағы сөйлемдер 1989, 1999, 2001, 2007 жылғы жинақтарда «Гүлі солады, мергеннің оғына ұшқан жолбарыстай...» деп бірігіп кеткен. Түпнұсқада «Мергеннің» деп басталатын сөйлем жаңа абзацтан тұрады.

Мақала соңындағы Ахықтың ішкі мұңы, сағынышы сипатталатын өлең жолдарының ішіндегі мына шумағы 1989 жылғы жинақтан бастап барлық басылымда қате беріліп келген.

Мысалы 1923 жылғы нұсқада:

«Бір саласы Жайықтың Ешкіқырған
Түнде тұрып қолыңды ши сыдырған
Қай қылығын еркемнің ұмытайын
Уағда қылған жерінде үш күн тұрған».

1989 жылдан бастап шыққан жинақтарда:

«Бір саласы Жайықтың Ешкіқуған
Түнде тұрып қолыңды шомылдырған

Қайғысын еркемнің ұмытпайын
Уағда қылған жерінде үш күн тұрған».

«Обаған» әңгімесі бұл академиялық жинаққа 1923 жылғы түпнұсқа бойынша алынып отыр. Шығарма ішінде тыныс белгілері қазіргі емле ережесі сай өзгертілді.

ТОМ ҚАЛАСЫНДА ҰЛТТАР КЕШІ

Бұл мақала алғаш рет «Қазақ тілі» газетінің 1926 жылғы 28 мамырдағы №37 (690) санының 4-бетінде жарияланған. Сол уақыттан бастап Қаныш Сәтбаев еңбектерінің 1989 жылдан бастап шыққан кітаптарында енгізілген:

Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 440 с. – С.340-341.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 389-390 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2001. – 440 с. – 68-69 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 317-318 бб.

Мақаланың әр жылдардағы басылымдарында мәтіндік өзгешеліктер байқалады. Мәтінді салыстыру барысында біз 1926 жылы шыққан мақаланың алғашқы нұсқасын негізге алып отырмыз.

Мақала ішіндегі екінші абзацтағы сөйлем ішінде «оқып жатқан» деген тіркес 1989, 1999, 2000, 2007 жылдардағы кітаптарда «өтіп жатқан» деп берілген. Ал 1926 жылғы газетте – «оқып жатқан».

1926 жылғы мақалада «жас келіншектерге жасайтын «шашу» беташар, отқа май салар сияқты ырымдары» деген бір сөйлем 1989 жылдан бастап шыққан жинақтардың бәрінде екіге бөлініп, «Отқа май салар» деп жаңа сөйлем ретінде басталады. Газетте шыққан мақаладағы «бұл жіктегі әндердің көбі» дегендегі «көбі» деген сөз барлық кітапта «күйі» деп өзгертіліп жазылған.

Бұл жинаққа аталған мақаланың 1926 жылы газетке шыққан алғашқы нұсқасы емле ережелеріне сай түзетіліп берілді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТ ТЕАТРЫ ТУРАЛЫ

Бұл мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы қаңтар айының 24 күнгі №18 (746) санының 3-бетінде басылған. Мақалада қазақ театр өнерінің қалыптасу, даму мәселелері кеңінен қарастырылады.

Мақала Қаныш Имантайұлының осы күнге дейін шыққан барлық басылымында беріліп келеді:

Сатпаев К.И. Избранные труды. Т.5. статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. С.213-215

Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 440 с. – С.342-345.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 391-394 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2001. – 440 с. – 70-72 бб.

Қаныш Сәтбаев. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 208 б. – 194-198 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 317-318 бб.

Мақаланың үшінші абзацындағы «құралып», «байланатын» деген сөздері кітаптарда «құралушы еді», «байланысты болатын» деп берілген екен. Мақала ішіндегі келесі «Мұндай сауық ұйымдары шынында қазақтың ұлттық театрына тек «жетекшілік» қызметін атқаруға шамалы еді» дейтін сөйлем 1970, 1989, 2001, 2003, 2007 жылғы кітаптарда толығымен енбей қалған. Келесі сөйлем ішінде мақаланың алғашқы нұсқасымен кейінгі жылдарда шыққан басылымдар арасында сөздер орнының ауысуы секілді мәселе кездеседі. Мысалы 1927-де: «Сондықтан Қазақстанның ұлттық театр труппасын жасап шығару Оқу Комиссариатының көптен келе жатқан борышы болушы еді». Ал 1970 жылдан бастап шыққан кітаптарда: «Сондықтан ұлттық театр труппасын жасап шығару Қазақстан Оқу Комиссариатының көптен келе жатқан борышы болушы еді» деп берілген.

«Аз-мұз кемшілігін сөз қылмай жалпы алғанда ойнаушылардың бойы сахнаға үйреніп, ойындарында өздерін – саспай, кең ұстауға бет алғандығы сезіледі» деп басталатын сөйлем ішіндегі «аз-мұз» деген сөз басқа жинақтарда «аз-маз» деп берілсе, «бойы, ойындарында өздерін» деген сөздер мүлдем жазылмай кеткен. Сол секілді келесі абзацтың бірінші сөйлемі 1927 жылы мақалада «Әміре бұл жолы назарын «Қанапия», «Жанбота» сияқты шырқалып, шалқып салынатын қазақтың ескі, ескекті әндеріне молырақ бөлгендей көрінді» деп берілсе, 1970 жылдан бастап шыққан еңбектерде «назарын» сөзі енгізімей, «бөлгендей көрінді» деген «бөлгендігін көрсетті» деп өзгертілген.

Келесі абзацтағы «Оның әкесі қыпшақ Басығара батыр Кенесарының қолбасыларының бірі болған. 1838 жылы Кенесары Қараөткел қаласын қамағанда осы Басығара батыр: «орыстың құмалақтай қорғасыны кісі өлтіруші ме еді» деп қамалға шауып, оққа ұшқан» деген мәлімет 1970, 1989, 1999, 2001, 2003, 2007 жылғы кітаптарда «Оның әкесі қыпшақ Басығара батыр бір көтерілісте «патша әскерінің құмалақтай қорғасыны кісі өлтіруші ме еді» деп қамалға шауып, оққа ұшқан» деп Басығара батырдың Кенесары ханның батыры екендігі, оқиғаның қай жылы болғандығы туралы мәлімет берілген тұстары алынып тасталынған. Ол кезде Қанапия да әкесінің жолын қуып, қол жиып, «батыршылық» істеген.

«Бір жағы Омбы мен Қызылжар, екінші жағы Сыр мен Шу өлкесінің арасындағы байтақ жерде Қанапия өз заманында қанды ойынды әбден-ақ салған. Бірақ бұрыңғы Кенесары заманында емес, ел реңкі де, жер реңкі де өзгеріп, ауданы тарылған уақытта бір соғыста қуып жүрген орыстың отряды Қанапияның 16 жігітін ұстап, көгендей тізіп, Қараөткелдің абақтысына жабады» деген мақаланың алғашқы нұсқасындағы сөйлем әр жылдары шыққан жинақтарда Сонымен бірге абзац ішінде «орыстың отряды» деген тіркес «патша отряды» болып өзгертілген.

Мақал ішіндегі «ауыз естідік» деген қолданыс жинақтарда «өз аузынан естідік» деп берілген.

1927 жылы шыққан мақала ішіндегі «1) Иса қазақ труппасының ең көрнекті күштерінің бірі («бірегейі» деп айтуға да болар еді); 2) Исаның «Толғауларынан» сахна жүзінде көпшіліктің көзіне баяғы Асан қайғы, Бұқар сияқты қазақтың қасқа жолды, қырағы, дәу «жырауларының» бейнесін елестетуге мүмкін» деген сөйлем ішіндегі «бірегейі» деп айтуға да болар еді», «қазақтың қасқа жолды, қырағы, дәу «жырауларының» деген ақпарат 1970, 1989, 1999, 2001, 2003, 2007 жылғы Қ.Сәтбаев еңбектерінде жоқ.

«Пішін мен мазмұн үйлесімдері (гармония) толық орынды болуына керек» дейтін сөйлем ішіндегі «толық орынды болуына керек» деген тіркесі 1970 жылдан бастап шыққан кітаптардың барлығында «сақталуы керек» деп қана қысқартылып берілген. Сонымен қатар «Бұған шынында Құрманбек кінәлі емес, Қазақстанның қазіргі мәдениеті, театр күштерінің лебіз жүйесінде жалпы «топастығы», жастығы кінәлі. Хор мен оркестр құрау үшін алдымен лебіз жүйесінің жалпы заңдарын жете білу керек («гармония заңдары»)» деген сөйлем ішінде «топастығы» деген сөз кітаптарға енбей қалса, «оркестр құрау» тіркесіндегі «құрау» сөзі «құру» деп берілген.

Келесі абзацтағы «Мұқамедидің «балеті» деген тіркес кітаптарда «Мұқамедидің биі» деп басылып кеткен.

Мақала ішіндегі «Мәскеу» қаланың аты кітаптардың бәрінде «Москва» деп жазылыпты.

1970 жылдан бастап шыққан кітаптардың ішінде «көмегімен, көбінесе» деген тұсы енгізілмей қалса, «қолында» сөзі «көмегінде» деп өзгертіліп жазылған.

Академиялық жинаққа мақаланың 1927 жылғы нұсқасы толығымен берілді.

ЕР ЕДІГЕ

Қаныш Имантайұлының жинастырып бастырған «Ер Едіге» дастанының «Алғысөзі» осы уақытқа дейін жарық көрген жинақтарда толық басылып келеді. Жырдың толық нұсқасы ең алғаш 1927 жылы Мәскеу қаласының «Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы» деп аталатын баспадан 3000 данадан басылған. Бірақ бертін келе жарыққа шыққан

көптомдық Сәтбаев жинақтарында жырдың тек алғысөзі беріліп, дастанның толық нұсқасы енгізілмеген. Тек әр жылдары шыққан жекелеген кітаптарда «Ер Едіге» дастаны толық түрде берілген. Мысалы: «Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 440 с. – С.351-390», «Ер Едіге. – Алматы: Ғылым, 1995. – 152 б», «Қаныш Сәтбаев. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 208 б. – 194-198 бб» кітаптарында басылған.

Жырдың алғысөзі төмендегі жинақтарда берілген:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 395-405 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2001. – 440 с. – 73-81 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 322-330 бб.

Жыр ішінде әр жылдары жарық көрген нұсқа арасында текстологиялық мәселелер кездеседі. Мысалы:

«Мұның үстіне Әбубәкір ақсақал Дивайұлының жинап бастырған «Едіге мырза батырының» жалпы сорабы, әсіресе аяқ жағы араб ертегілеріне тым ұқсап кеткендігі де жаңағы ойдың орынды екендігіне демесін болып отыр» атты абзац 1970 жылдан бастап шыққан жинақтардың ешқайсысына енбей қалған. Тек 1927 жылы шыққан басылымда ғана берілген. Сонымен қатар 1999, 2001, 2007 жылғы жинақтарда сөйлем соңындағы кейбір сөздер қысқартылып не өзгертіліп жазылған. Мысалы: «ұстады», «көрінеді», «етіп көрсетеді» сөздері 1927 жылғы жыр ішінде «ұстайды», «табылады», істеп отыр» деп жазылған.

Академиялық жинаққа жырдың «сөз басы» бөлімі және толық нұсқасы берілді.

ФАШИСТ СҰРЖЫЛАНДАРЫНА ӨЛІМ

Бұл мақала «Советтік Қарағанды» газетінің 1941 жылғы 18 шілдедегі санында жарық көрген. Содан бері төмендегі жинақтарға басылды:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 171 б.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 140 б.

«Советтік Қарағанды» газетінде басылған мақала ішіндегі «ССРС» қысқартуы 1999, 2007 жылғы жинақтарда «ССРО» деп берілген. Сондай-ақ 1941 жылғы мақаладағы «Советтер Союзы» атауы 1999 жылғы кітапта «Советтер Одағы» де берілсе, 2007 жылғы жинақта – «Советтер Союзы».

Академиялық жинаққа аталған мақаланың тыныс белгілері түзетіліп 1941 жылғы нұсқасы берілді.

ОТАНЫМА БОРЫШТЫМЫН

Бұл мақала 1942 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінің 15 қазан айының №244 (6164) санының 2-бетінде «Отаныма борыштымын». Сәтбаев жолдастың сталиндік сыйлықтар лауреатының дипломын алғанда сөйлеген сөзі» деп берілген. Одан кейін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың төмендегі басылымдарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 176-177 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 145-146 бб.

1942 жылғы мақаланың алғашқы нұсқасындағы «документ» сөзі 1999 жылғы жинақта «документ», 2007 жылғы жинақта «құжат» болып берілген. Сонымен бірге алғашқы нұсқасындағы «үкімет» сөзі 1999 жылғы кітапта «үкімет», 2007 жылғы еңбекте – «өкімет».

Бұл жинаққа мақаланың 1942 жылғы алғашқы нұсқасы енгізіліп отыр. Сол мақалада жазылған ғылыми терминдерге анықтама берілді:

Хром (лат. Chromium; Cr) – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элементі, атомдық номері 24, атомдық массасы 51,996. Хром – ақ, сұр түсті, қатты, ауыр балқитын металл, балқу температурасы 1910 °С, қайнау температурасы 2480 °С, тығыздығы 7,14 грамм/куб сантиметр.

Цинк (лат. Zincum; Zn) – элементтердің периодтық жүйесінің II-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 30, атом массасы 65,39. Мырыш ерте заманда жез түрінде белгілі болған, таза түрі 16 ғасырда алынған.

Ванадий (лат. Vanadium; V) – элементтердің периодтық жүйесінің 5 топ элементі. 1801 жылы алғаш рет Мексика минерологы А.М. дель Рио ашқан, 1830 жылы швед химигі Н.Г. Сефстрем темір рудаларынан жаңа элемент алып, оны скандинавия мифологиясындағы сұлулық құдайы Ванадистің құрметіне ванадий деп атаған.

ҚАЗАҚСТАН ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ОТАН СОҒЫСЫ КҮНДЕРІНДЕ

Қаныш Имантайұлының бұл мақаласы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 21 желтоқсанының №258 (6488) санында жарыққа шықты. Мақала авторы ретінде «ССРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы президиумының председателі Қ.И. Сәтбаев» деп көрсетілген.

Отан соғысына қолдау ретінде жазылған мақала осы уақытқа дейін жарыққа шыққан Қаныш Имантайұлының жинақтарында берілмеген. Бұл академиялық жинаққа арнайы алғаш рет беріліп отыр.

**БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ «ҚАЗАҚСТАН К(б)П ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫН ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН К(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ X ПЛЕНУМЫНЫҢ
ШЕШІМДЕРІН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ПАРТИЯ АКТИВІНДЕ ЖАСАҒАН Н.А. СКВОРЦОВТЫҢ
БАЯНДАМАСЫН ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Бұл мақала БК(б)П Орталық Комитеті және ҚК(б)П Орталық Комитетінің Х пленумы қойған міндеттерді большевикше орындайық» деген атаумен 1944 жылы 4 мамырда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрді. Мақалада Қазақстан К(б)П Орталық Комитет хатшысы Николай Александрович Скворцовтың: «1944 жылы ауыл шаруашылық егістерінен мол өнім жинап, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын сөзсіз орындауымыз керек, өндіріс жоспарын әрбір кәсіпорны орындайтын етуіміз керек» және «БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысын және Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Х пленумының қарарларын большевикше орындауға барлық күшімізді жұмылдыруға міндеттіміз» деген баяндамасы талқыланады.

Қазақстан соғыс жылдарында майдан арсеналына айналғаны белгілі. Қазақстандықтардың жанқиярлығының арқасында қысқа мерзімде 460 зауыт, фабрика, шахталар мен кеніштер, оның ішінде 220 эвакуацияланған кәсіпорын іске қосылған болатын.

Мәтін 1944 жылғы түпнұсқадан алынды, одан кейін басқа еш жерде жарияланбаған.

АМАНКЕЛДІНІҢ БАТЫР БАБАЛАРЫ

Бұл мақала 1944 жылы 18 маусымда «Социалистік Қазақстан» газетінде алғаш жарық көрді. Одан кейін төмендегі басылымдарда шықты:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 447-449 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 366-368 бб.

Осы 1999 жылғы және 2007 жылғы екі басылымда да мақаланың атауы мазмұнында «Аманкелді батыр бабалары» деп берілген.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУ

Бұл Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың «Жаңа оқу жылымен құттықтауы» 1944 жылдың 1 қыркүйегінде радиодан сөйлеген сөзі. Бұл мәтін Қ.И.Сәтбаевтың 8 томдығының 8-ші томында «Школа. Молодежь» деген 4-ші бөлімінің 181-ші бетінде жарық көрген (Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с.). Мәтін осы 8-ші томнан алынды. Мәтінде «зеректілік» сөзі «зиректілік» деп берілген.

АКАДЕМИК В.Л. КОМАРОВ – КЕҢЕС ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ БАСШЫСЫ

(75 жасқа толуына)

Бұл мақала 1940 жылы 15 қазанда «Социалистік Қазақстан» газетінде алғаш жарық көрген. Кейіннен төмендегі басылымдарда жарық көрді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 450-455 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 113-116 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 2-ші бас. – 384 б. – 369-372 бб.

Таңдамалы 5 томдықтың 1-ші томындағы 369-бетте «өкімет» сөзі «үкімет» деп берілген.

КСРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ЛЕОНТЬЕВИЧ КОМАРОВҚА

Бұл мәтін 1944 жылы «Советтер Одағының Ғылым Академиясы. Қазақ филиалының хабаршысының» № 2 санында алғаш жарық көрді. Бұл № 2 санында Владимир Леонтьевич Комаровтың 75 жас мерейтойына арналған мақалалар жинақталған.

Мақала Ғылым Академиясының Қазақ филиалының қызметкерлерімен бірлесіп жазылған. Атап айтқанда, КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ КСР еңбегі сіңген қайраткері Қ.И. Сәтбаев; КСРО Ғылым Академиясының ақиқат мүшесі, Қазақ КСР Еңбегі сіңген қайраткері В.Г. Фесенков; КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ КСР еңбегі сіңген қайраткері Б.А. Догель; медицина ғылымының докторы, Қазақ КСР еңбегі сіңген қайраткері І.Н. Удинцев; техника ғылымының докторы М.И. Горяев; геология-география ғылымының кандидаты Ә.А. Оспанов; биология ғылымының кандидаты И.А. Поляков; доцент И.В. Рушанов, А.К. Қойгельдин.

СОВЕТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАМАША МЕРЕКЕСІ

«Совет ғылымының тамаша мерекесі» мақаласы алғаш рет 1945 жылы 14 маусымда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрді. Кейіннен бұл мақала төмендегі басылымдарда жарық көрді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 183-189 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 158-162 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 150-154 бб.

КӨРКЕЙГЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ

«Көркейген қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті» мақаласы 1945 жылы «Қазақтан большевигі» журналының 6-7 сандарының 48-52 беттерінде алғаш рет жарық көрді. Бұл мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 190-198 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 171-177 бб.;

Қаныш Сәтбаев. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 208 б. – 127-139 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 155-161 бб.

«Қазақтан большевигі» журналына шыққан бұл мақалаға барлық жоғарыда көрсетілген 4 жинақта да өзгертулер енгізілген. «Ленин-Сталин партиясы» деген «Ленин партиясы» деп өзгертілген. «Колониясы» сөзі «отары», «Советтер одағы» – «Совет одағы», «жерлерінде» – «жерінде» деп алмастырылған. Шыңғысханға қатысты «Қазақстанды өрттей жалап, аптап өткен Шыңғысханның Монғол шапқыншылары» деген сөз тіркестері алынып, тек «монғол шапқыншылары» деп қысқартылған болса, келесі «Сол кезден бастап XVII ғасырға дейін, Шыңғыс тұқымының үстемдігі жойылғанға дейін, Қазақстан халықтары қаратүнек дәуірді бастан өткізді, шаруашылығы мен мәдениеті нашарлады» деген сөйлемді мүлдем алып тастаған. «3» деген цифра «үшінші» деп сөзбен жазылған. «Жазуы болмаса да» деп басталатын сөйлемнің бас жағы алынып тасталып, «өзінің ауыз әдебиетін» деп бастап кеткен. «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» поэмасы деген жеріндегі «мұндай» сөзі «осы тәрізді» деп берілген. Келесі сөйлемдердегі «ыспаттайды» сөзі қазіргі тілмен «сипаттайды», ал «отары болды» деген сөз тіркесі «отарына айналды» делінген. «Соғыс-отарлау саясаты» деген «әскери-отарлау саясаты», ал «мәдениетшілік» сөзі «мәдениеттілік» деп өзгертілген. Осы абзацтағы «рухани жағынан азып, құруға бет алса» деген сөз тіркестері «жанышталса», «оның радикал-демократ интеллигенциясының» деген «озық ойлы интеллигенциясының» деп алмастырылған, ал «орыс мәдениеті мен экономикасына жанасты» деген жерде «экономикасына» деген сөз алынып тасталған. «Не бәрі 2 проценті» деген «аз проценті» деп көрсетілген, ал, «халқының 80 процентінен артығы» деген «жаппай» деген сөзге алмастырылған. «Император География қоғамының» деген жерде «Император» сөзі жойылған. «Адамгершілік ғылымдары» кейінгі жинақтарда қазіргі тілге сай «гуманитарлық ғылымдары» деп өзгертілген. «Тәртіпке салынды» деген сөз тіркестері «жүйеге келтірілді» деп алмастырылған. Мәтінде осы күні қолданыста жоқ «жарма-жартысы»

деген қос сөз кездеседі, бұл кейінгі жинақтарда «тең жартысы» деп берілген. Мақаланың соңғы үш абзацындағы Ленин мен Сталинге қатысты мәтіндер кейінгі 4 жинаққа енбеген.

«Көркейген қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті» мақаласы бұл академиялық жинаққа 1945 жылғы түпнұсқа бойынша алынып отыр. Мәтін ішіндегі кейбір әріптер «ӯ» қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «ғылыми» – «ғылыми», «үкмет» – «үкімет», «хажетіне» – «қажетіне» деп өзгертілді.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Мақала төте жазумен 1945 жылы «Қазақ елі» газетінің №3-4 (5-6) сандарында жарық көрді. Бұл мақала академиялық жинаққа 1945 жылғы түпнұсқа бойынша алынып отыр, төте жазудан алғаш рет кириллицаға аударылды. Мәтін басқа еш жерде жарияланбаған.

Бұл мақаланың төте жазумен жариялануының себебі – «Қазақ елі» газеті шет елдерде тұратын қазақтарға арналған басылым болғандықтан солардың оқу үлгісіне лайықталып, араб қарпімен, яғни төте жазумен шыққан. Журнал 1944 жылдың қыркүйек айынан бастап шығарылады.

СӘТБАЕВ ЖОЛДАСТЫҢ СӨЗІ

Қаныш Имантайұлының сайлаушылардың алдында ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат ретінде сөйлеген сөзі «Советтік Қарағанды» газетінің 1946 жылдың 30 қаңтарында басылып шықты. Бұл мәтін түпнұсқадан алынды, басқа жинақтарда жарияланбаған.

ЖАҢАРҚА АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРЫ ҚАНЫШПЕН КЕЗДЕСТІ

Қаныш Имантайұлының Жаңарқа ауданының сайлаушыларымен кездескендегі сөйлеген сөзі «Советтік Қарағанды» газетінде 1946 жылы 1 ақпанда басылып шықты. Бұл мәтін түпнұсқадан алынды, басқа жинақтарда жарияланбаған.

ҒЫЛЫМИ МӘЖЛІС

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 22 ақпанда жарық көрді. Бұл мәтін түпнұсқадан алынды, басқа жинақтарда жарияланбаған. Мәтін ішіндегі «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «ғылми» – «ғылыми», «мәжліс» – «мәжіліс», «оқыйға» – «оқиға» деп өзгертілді.

ССР ОДАҒЫ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 24 ақпанда жарияланды. Мәтін ішіндегі «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «ғылми» – «ғылыми», «әсресе» – «әсіресе», «үкмет» – «үкімет»,

«сыяқты» – «сияқты» деп өзгертілді. Мақалада кездесетін «завод», «запас», «овощь», «чай ағашы» өзгертілмей сол күйінде берілді.

Мақалада кездесетін геологиялық терминдер:

Никель – күмістей ақ, иілгіш, созылғыш металл. Көп мөлшері Fe, Cu, Cr, т.б. металдармен магниттілігі, коррозия мен ыстыққа төзімділігі жөнінен ерекшеленетін құймалар алуға (мыс., хромникель құймасы атом реакторында қолданылады), арнайы химиялық қондырғылар жасауда, көптеген химиялық процестерде катализатор, қорғағыш материал ретінде қолданылады.

Марганец – жер бетіндегі ең көп таралған 14-ші элемент, ал темірден кейін жер қыртысындағы екінші ауыр металл.

Молибден – ашық сары түсті металл. Молибден болатты легирлеуде; авиаада ракеталар мен атомдық техникада қызуға төзімді балқымалардың негізі; электрлік вакуумдық қондырғылардың бөлшектерін және күйдіргіш шамдардың сымын жасауда қолданылады.

Вольфрам – ашық сұр түсті, баяу балқитын металл. Табиғатта аз тараған, жер қыртысының 1Ч10-4 %-ын құрайды. Вольфрам араласқан құймалардың механикалық қасиеті молибденге жақын. Қалыпты жағдайда ол химиялық тұрақты, ауада қыздырғанда тотығып, вольфрам ангидридіне айналады.

Сынап – табиғатта бос күйінде сирек, көбіне суда еріген және газ қалпында кездеседі. Белгілі 35 минералының ішіндегі өндіріс үшін маңыздылары: киноварь, метацианобарит, ливингстонит. Бөлме температурасында сұйық күйде болатын жалғыз металл; жарқылдаған күміс түсті ақ, ромбылық сингонияда кристалданады, буы улы.

Ванадий – ашық сұр түсті металл. Қалыпты жағдайда химиялық активтігі өте нашар, ал жоғары температурада ұнтақ күйіндегі ванадий оттегі, азот, хлор, күкірт т.б. элементтермен оңай әрекеттеседі, болатқа қосқанда оның мықтылығы артады. Ол көбіне автомашиналар өндірісінде мотор, цилиндр, білік т.б. жасауға жұмсалады. Ванадийдің темірмен қоспасы – феррованадий түрінде өндіріледі.

Каучукты – бразиль гевеясы, каучук фикусы және т.б. өсімдіктердің сүтті шырындарынан (латекс) алады. Қазақстанда каучук өсімдіктері – көк сағыз және тау сағыз өседі. Осы өсімдіктерден Ұлы Отан соғысы кезінде каучук өндірістік жолмен алынған.

Фосфорит – фосфориттік агрономиялық кен және тас фосфаты деп те аталады. Негізінен жасырын немесе микрокристалды түрде кездесетін апатит тобының фосфатты минералдарынан тұратын шөгінді тау жынысы. Кальций фосфаттарынан басқа фосфориттердің құрамына фосфатты емес минералдар кіреді: кальцит, доломит, кварц, халцедон және глауконит.

Термофосфат – фосфориттерді немесе апатиттерді әртүрлі сілтілермен (сода, натрий сульфаты және т.б.) агломерациялау немесе балқыту арқылы алынған жасанды фосфор тыңайтқышы. Термофосфаттар

табиғи фосфаттарды сода, калий, әк, токсиндер және басқа қоспалармен балқыту немесе агломерациялау арқылы жасалады.

Мақала аталған жинаққа тұңғыш рет түпнұсқадан алынып, ғылыми айналымға еніп отыр.

КӨРКЕЙГЕН ҒЫЛЫМ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 1 мамырда жарық көрді. Мәтін ішіндегі «̄» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «ғылми» – «ғылыми», «өкмет» – «өкімет», «сыяқты» – «сияқты», «быйылдан» – «биылдан» деп өзгертілді. Мақалада кездесетін «процент», «завод» өзгертілмей сол күйінде берілді.

Бұл мақала Кереку-Баян кітапханасы «Рухнама» сериясымен шыққан «Қаныш Сәтбаев» кітабының 146-149 беттерінде берілген. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 208 б.

Мақала аталған жинаққа түпнұсқадан алынды.

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Бұл мақала 1946 жылы «Пионер» журналының № 1 санында алғаш жарық көрді. Бұл мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген төмендегі жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 420-421 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 183-184 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 343-344 бб.

1946 жылғы мәтін кейінгі жылдарда шыққан мәтіндермен салыстырылды, ішінде атап көрсететіндей айырмашылық жоқ. Тек мәтін ішіндегі кейбір әріптер «̄» қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, ал «қамтыйтын» – «қамтитын», «үкмет» – «үкімет» деп өзгертілген.

ҚАЗАҚСТАН ПИОНЕРІНЕ

Бұл мақала 1946 жылы 9 мамырда «Қазақстан пионері» газетінде алғаш жарық көрді. Одан кейін төмендегі басылымдарда жарық көрді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 419 б.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 184 б.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 342 б.

1946 жылы «Қазақстан пионері» газетінде шыққан мәтін кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды, ішінде өзгеріс жоқ. Тек мәтін ішіндегі «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілген.

ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАЙЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 4 маусым күні және «Социалистік жол» газетінде 1946 жылы 11 маусым күні басылып шықты. Кейіннен мына басылымдарда жарық көрді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 199-209 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 210-218 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 162-170 бб.

«Қазақстанда ғылымның жайы мен негізгі мәселелері» мақаласы бұл академиялық жинаққа 1946 жылы 11 маусым күні «Социалистік жол» газетінде басылып шыққан түпнұсқа бойынша алынып отыр. Бұл мәтін кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды. Түпнұсқадағы мәтін ішіндегі «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «өкмет» – «өкімет», «ғылми» – «ғылыми», «қыйын» – «қиын», «яғный» – «яғни», «қамтыйды» – «қамтиды», «әсресе» – «әсіресе», «бірсыпра» – «бірсыпыра», «хажетіне» – «қажетіне», «айуанаттары» – «хайуанаттар», «хұрметті» – «құрметті» деп өзгертілген.

Жоғарыда көрсетілген 3 жинақта да «Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бір ғана ғылыми мекеме кәріпшілікпен өмір сүрген болса, яғни Семейде императорлық географиялық бөлімшесі болған болса, қазіргі уақытта біздің республикамызда ғылыми мекемелер он-ондап саналады» деген абзацтың алдындағы мына мәліметтер жоқ боп шықты: «Бұдан 28 жыл бұрын Қазақстан жерінде бірде-бір жоғары дәрежелі оқу орны болмаған болса, қазіргі уақытта республикамызда 23 жоғары дәрежелі оқу орны бар, атап айтсақ Қазақстан Мемлекеттік университеті, Тау кен институты, Медицина институты, Ауыл шаруашылығы институты, Мал дәрігерлік-зоотехникалық институты, Мемлекеттік консерватория бар, бұларда қазақ халқының мыңдаған ұлы мен қыздары оқып білім алып жүр».

Бұл мақала 3 жинақта да «Экономиканың, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында табысқа жетудің жеңімпаз құралы мен кілті өз қолымызда» деп басталған сөйлем соңына дейін аяқталмай қысқартылған. Осы сөйлемнен кейінгі 5 абзац түпнұсқадан алынып толықтырылды. Мақаланың соңғы 5 абзацындағы Ленин мен Сталинге қатысты мәтіндер кейінгі 4 жинаққа енбеген.

Бұл мақала Қаныш Имантайұлының Қазақ ССР Ғылым Академиясын ашуға арналған салтанатты мәжілісте жасаған баяндамасы.

МИХАИЛ ИВАНОВИЧ КАЛИНИН ЕСІМІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

Михаил Иванович Калининнің қайтыс болуына байланысты некролог «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 5 маусымда жарыққа шықты. Мәтін ішіндегі «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «жыйырма» – «жиырма», «ғылми» – «ғылыми», «өкмет» – «өкімет», «сыяқты» – «сияқты», «быйылдан» – «биылдан» деп өзгертілді. Мақалада кездесетін «процент», «завод» өзгертілмей сол күйінде берілді.

Мәтінде кездесетін геологиялық терминдер:

Хромит – тотықтар класына жататын минерал. Кубтық сингонияда кристалданады, жіктілігі нашар, түсі қара, сызығы сарғыш қоңыр, магниттік қасиеті бар. Хромит магманың бөлшектеніп жіктелу барысында пайда болып, кейде өте негізді тау жыныстарының (перидотит, дунит) арасында кездеседі.

Фосфорит – фосфориттік агрономиялық кен және тас фосфаты деп те аталады. Негізінен жасырын немесе микрокристалды түрде кездесетін апатит тобының фосфатты минералдарынан тұратын шөгінді тау жынысы. Кальций фосфаттарынан басқа фосфориттердің құрамына фосфатты емес минералдар кіреді: кальцит, доломит, кварц, халцедон және глауконит.

Мақала аталған жинаққа тұңғыш рет түпнұсқадан алынып, ғылыми айналымға еніп отыр.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ІХ СЕССИЯСЫНДАҒЫ СӨЗІ

Бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 4 тамызда басылып шықты. Кейіннен мына басылымдарда жарық көрді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 337-341 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 424-427 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 274-277 бб.

1946 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан мәтін кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды, түпнұсқада берілген «запас» сөзі кейінгі жинақтарда «қор» деп өзгертілген. Мәтін ішіндегі «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «сыяқты» – «сияқты», «хажетті» – «қажетті», «қамтыйды» – «қамтиды», «айуанаттары» – «хайуанаттар», «әсресе» – «әсіресе», «ғылми» – «ғылыми», «яғный» – «яғни», «быйылдан» – «биылдан» деп өзгертілген.

1946 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЖӘНЕ 1944-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ЖАРЫС СӨЗІ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 22 қазанда басылып шықты. Кейіннен мына басылымдарда жарық көрді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 342-348 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 428-432 бб.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 278-283 бб.

1946 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан мәтін кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды,

Мәтін ішіндегі «ұ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ү» деп, «сыйпаттайды» – «сипаттайды», «оқыйды» – «оқиды», «ғылми» – «ғылыми», «қамтыйды» – «қамтиды», «сыяқты» – «сияқты», «бірсыпра» – «бірсыпыра», «айуанаттары» – «хайуанаттар», «сыйыр» – «сиыр», «әсресе» – «әсіресе», «быйыл» – «биыл», «яғнай» – «яғни», «үкмет» – «үкімет» деп өзгертілген.

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ, ӘДЕБИЕТ, КӨРКЕМӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ, БАРЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ҮНДЕУ

Бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1947 жылы 7 мамырда жарияланған. (Бірігіп жазылған еңбек).

Кейіннен мына басылымдарда жарық көрді:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 406-408 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 331-333 бб.

1947 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан мәтін кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды. Мәтін ішіндегі «ұ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ү» деп өзгертілді. «Ғылми» – «ғылыми», «хасиетті» – «қасиетті», «сыяқты» – «сияқты» деп өзгертілді.

Үндеудің қосалқы авторлары:

С.И. Вавилов – ССР Одағы Ғылым Академиясының президенті.

А.В. Палладин – Украин ССР Ғылым Академиясының президенті.

Н.И. Мусхелишвили – Грузин ССР Ғылым Академиясының президенті.

В.А. Амбарцумян – Армян ССР Ғылым Академиясының президенті.

Қ.И.Сәтбаев – Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті.
 Т.А.Сарымсақов – Өзбек ССР Ғылым Академиясының президенті.
 Г.Г.Круус – Эстон ССР Ғылым Академиясының президенті.
 П.Я.Лейныш – Латыш ССР Ғылым Академиясының президенті.
 Ю.Ю.Макулис – Литван ССР Ғылым Академиясының президенті
 М.А.Мир-Қасымов – Азербайжан ССР Ғылым Академиясының пре-
 зиденті.

ССР Одағы Ғылым Академиясының толық мүшелері академиктер:
 В.П.Волгин, Н.Г.Бруевич, Е.С.Варга, Е.В.Тарле, Б.Д.Греков,
 Г.Ф.Александров, М.В.Митин, И.И.Минц, И.Э.Грабарь, Т.Д.Лысенко,
 А.А.Микулин, И.П.Трайнин, П.И.Лебедев-Полянский, А.И.Опарин,
 И.А.Орбели, И.И.Артоболевский;

Белорус ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі А.Р.Жебрак;
 Грузин ССР Ғылым Академиясының вице-президенті Р.И.Агладзе;
 ССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттері:
 П.Н.Поспелов, Л.А.Леонтьев, А.М.Еголин, М.Т.Иовчук, П.Н.Федосеев,
 П.Ф.Юдин, А.М.Панкратова, Е.М.Жуков.

Қоғамдық ғылымдар Академиясының ректоры А.Б.Мишулин;
 РСҚСР Педагогика ғылымдары Академиясының президенті И.А.Каи-
 ров;

БЛКЖО Орталық Комитетінің Секретарі Н.А.Михайлов, Кәсіпшілер
 Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің Секретарі
 Н.В.Попова. Профессорлар: В.С.Кружков, Б.М.Кедров, Ю.П.Францев,
 А.А.Вознесенский, Е.Н.Городецкий, В.И.Докукин, М.В.Нечкина,
 И.С.Галкин, А.Г.Калашников, Г.С.Васецкий, П.А.Хромов, В.Л.Теплов,
 В.И.Светлов, А.П.Гагарин, Д.Т.Шепилов;

Жазушылар: А.А.Фадеев, К.М.Симонов, Н.С.Тихонов;
 «Известия» газетінің редакторы Л.Ф.Ильичев, «Военная мысль» жур-
 налының редакторы генерал-майор Н.А.Таленский, генерал-полков-
 ник И.В.Шикин, генерал-майор М.Р.Галактионов;

Жоғары дәрежелі партия мектебінің ректоры Н.Р.Митронов;
 Доценттер: С.М.Ковалев, С.Г.Суворов, Н.Н.Яковлев, Ф.Н.Олешук;
 РСҚСР Министрлер Советі жанындағы мәдени-ағарту мекемелері іс-
 тері Комитетінің председателі Т.М.Зуева.

ССР Одағы Министрлер Советі жанындағы көркемөнер істері Коми-
 тетінің председателі М.В.Храпченко;

ССР Одағының Жоғары дәрежелі білім Министрі С.В.Кафтанов.

МОСКВА – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1947 жылы 7 қыркү-
 йекте жарияланды. Мәтін ішіндегі «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне
 сай «ұ» деп, «ғылми» – «ғылыми», «өкмет» – «өкімет», «үкмет» – «үкі-
 мет», «бірсыпра» – «бірсыпыра», «жыйнақталған» – «жинақталған» деп

өзгертілді. Мақалада кездесетін «Москва», «процент» сөздері өзгертілмей сол күйінде берілді.

Мақала осы академиялық толық жинаққа «Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 жыл 7 қыркүйек айындағы №176 санындағы түпнұсқадан алынып, тұңғыш рет ғылыми айналымға еніп отыр.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНА ЕКІ ЖЫЛ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1948 жылы 1 маусымда жарыққа шықты. Қаныш Сәтбайұлының «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан мәтіні кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды. Жинақтардағы мақалаларда кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілген. «Ғылми» – «ғылыми», «өкмет» – «өкімет», «үкмет» – «үкімет», «ыспаттайды» – «сипаттайды», «сыяқты» – «сияқты», «хасиет» – «қасиет» деп өзгертілді. Мақалада кездесетін «состав», «искусство», «узел», «сеть» сөздері өзгертілмей сол күйінде берілді.

Мына басылымдарда жарық көрген:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 210-215 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 297-301 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 171-175 бб.

Түпнұсқадағы «Бошакөл» деп берілген атау Бозшакөл деп өзгертілді. Павлодар қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 125 км жердегі мысты порфир типті ірі мыс кен орны. Бозшакөл мыс кен орны ежелгі кен қазбаларының ізімен 1930 жылы Р.А. Борукаев ашқан.

Мақала осы академиялық толық жинаққа «Социалистік Қазақстан» газетінің 1948 жыл 1 маусымындағы №108 санындағы түпнұсқадан алынды.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КӨШПЕЛІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Мақала «Социалистік құрылыс» газетінде 1949 жылы 26 қаңтарда жарияланды. Газетте ғалымның Қазақ КСР Ғылым Академиясының Гурьевте (қазіргі Атырау) өткен көшпелі сессиясын ашардағы сөзі берілген. Сонымен қатар, бұл мақала 1949 жылы 9 ақпанда «Алтай большевигі» газетінде, 1949 жылы 28 қаңтарда («Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жарық көрді.

Бұл мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 232-234 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 330-332 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 188-190 бб.

Қаныш Сәтбайұлының «Социалистік құрылыс» газетінде шыққан мәтіні кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды. Жинақтардағы мақалаларда кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілген. «Ғылми» – «ғылыми», «өкмет» – «өкімет», «үкмет» – «үкімет», «ыспаттайды» – «сипаттайды», «сыяқты» – «сияқты», «қыйыншылық» – «қиыншылық», «мұқият» – мұқият», «хажет» – «қажет» деп өзгертілді. Мақалада кездесетін «состав», «искусство», «узел», «сеть» сөздері өзгертілмей сол күйінде берілді.

Мақаланың соңындағы Ленин мен Сталинге қатысты төмендегі абзацтар ешқандай жинаққа енбеген:

«Бізді, совет адамдарын Маркс–Энгельс–Ленин–Сталиннің ұлы ғылымы жігерлендіріп, жөн сілтеп отырғандығы жұмысымыздың табысты болатындығына кепіл болады.

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы – ұлы Ленин – Сталин партиясы жасасын!

Ұлы ғалым және сүйікті ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталиннің даңқы арта берсін!

Сәтбаев жолдастың соңғы сөздері ду қол шапалақтауға ұласты.

Сәтбаев жолдас сессияны ашты. Оркестр Совет Одағының гимнін және Қазақ республикасының гимнін тартты».

Мақала осы академиялық толық жинаққа «Социалистік құрылыс» газетінің 1949 жыл 26 қаңтардағы №17 санындағы түпнұсқадан алынды.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ АКАДЕМИК СӘТБАЕВ ЖОЛДАСТЫҢ СЕССИЯНЫ ЖАБАР АЛДЫНДАҒЫ СӨЗІНЕН

Бұл мақала «Социалистік құрылыс» газетінде 1949 жылы 2 ақпанда жарық көрді. Мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 235-238 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 336-338 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 191-193 бб.

Қаныш Сәтбайұлының «Социалистік құрылыс» газетінде шыққан мәтіні кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды.

Жинақтардағы мақалаларда кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «мәжліс» – «мәжіліс», «бірсыпра» – «бірсыпыра», «мағналы» – «мағыналы», «сыяқты» – «сияқты», «әсресе» – «әсіресе» деп өзгертілген

Мақаланың соңындағы Ленин мен Сталинге қатысты төмендегі абзацтар ешқандай жинаққа енбеген: «Маркс – Энгельс – Ленин – Сталиннің данышпандық ғылымы, Ленин-Сталин партиясының данышпандық басшылығы совет халқының экономикасы мен мәдениетін тез өркендету үшін барлық қажетті жағдайларды туғызып отыр.

Ленин-Сталин партиясының данышпандық басшылығымен біз алдағы уақытта да жаңа табыстарға жете береміз!

Ленин-Сталиннің ұлы партиясы жасасын!

Сүйікті көсеміміз ұлы Сталин жасасын!»

Мақала осы академиялық толық жинаққа «Социалистік құрылыс» газетінің 1949 жыл 2 ақпанындағы №22 санындағы түпнұсқадан алынды.

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1949 жылы 25 ақпанда жарық көрді. Бұл мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 239-243 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 342-345 бб.;

Қаныш Сәтбаев. Кереку-Баян кітапханасы «Рухнама». – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 208 б. – 172-179 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 194-197 бб.

«Қазақстан ғылымының табыстары» мақаласы бұл академиялық жинаққа Қаныш Имантайұлының «Қазақстан – менің Отаным» кітабынан алынды. Бұл мәтін кейінгі жылдары жинақтарда шыққан мәтіндермен салыстырылды.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қ.И. Сәтбаевтың Қазақстан коммунистік партиясының IV съезіндегі жарыссөзде сөйлеген сөзі «Социалистік жол» газетінде 1949 жылы 1 наурыз №41 санында жарияланды. Сонымен қатар, бұл мақала 1949 жылы 2 наурызда «Алтай большевигі» газетінде жарық көрді.

Газет мәтінінде кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілді. Мақала осы академиялық толық жинаққа «Социалистік жол» газетінің 1949 жыл 1 наурыз айындағы №176 санындағы түпнұсқадан алынып, тұңғыш рет ғылыми айналымға еніп отыр.

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ 30 ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Бұл мақала «Қазақ ССР ҒА-ның 3-ші сессиясының еңбектері» (Алматы, 1949, 44-56 бб.) жинағында басылып шықты. Бұл мақала Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 216-231 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 274-286 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 176-187 бб.

«Қазақ ССР ҒА-ның 3-ші сессиясының еңбектері» жинағында басылып шыққан бұл мақала академиялық жинаққа Қаныш Имантайұлының «Қазақстан – менің Отаным» кітабынан алынды. Бұл мәтін кейінгі жылдары шыққан жинақтардағы мәтінмен салыстырылды.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА БОЛҒАН КӨШПЕЛІ ҒЫЛЫМИ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН КІРІСПЕ СӨЗІ

Қарағанды қаласында өткен Қазақ ССР Ғылым Академиясының Көшпелі сессиясының 16 маусым күнгі пленарлық мәжілісте сөйлеген сөзі «Советтік Қарағанды» газетінде 1949 жылы 17 маусымда №116 санында жарияланды.

Газет мәтінінде кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілді. Мақала академиялық толық жинаққа «Советтік Қарағанды» газетінен түпнұсқадан алынып, тұңғыш рет ғылыми айналымға еніп отыр.

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ АЙБЫНДЫ МІНДЕТТЕРІ

Мақала 1949 жылы 24 маусымда «Социалистік Қазақстан» және «Советтік Қарағанды» газеттерінде жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 244-246 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 358-360 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 198-200 бб.

Жинақтардағы мақалаларда кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілген. Жоғарыда аталған 3 жинаққа да «Ұлы көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдас жасасын!» деген соңғы абзац

енбей қалған. «Қазақстан ғалымдарының айбынды міндеттері» мақаласы бұл академиялық жинаққа 1949 жылы 24 маусымда шыққан «Советтік Қарағанды» газетінің №121 санындағы түпнұсқадан алынды.

ҒЫЛЫМ – ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1950 жылы 1 қаңтарда жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 247-249 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 5. Наука Казахстана: 1941–1951 гг. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 с. – 384-385 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 201-202 бб.

«Ғылым – халықтың игілігі» мақаласы бұл академиялық жинаққа 1950 жылы 01 қаңтарда шыққан «Социалистік Қазақстан» газетінің №1 санындағы түпнұсқадан алынды. Бұл мәтін кейінгі жылдары шыққан жинақтардағы мәтінмен салыстырылды. Жинақтардағы мақалаларда кездесетін «ү» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «ғылми» – «ғылыми», «жыйнақтайтын» – «жинақтайтын», «оқыйды» – «оқиды» деп өзгертілген.

Түпнұсқадағы «Большевиктік партияның, көсеміміз, совет ғылымының досы, ұстазы Сталин жолдастың басшылығымен совет ғылымы жаңа жылда өз жұмысына жаңа мазмұн, жаңа табыс енгізіп, жаңа сатыға көтеріледі, оны бүкіл совет халқының бүгінгі және ертеңгі игілігіне айналдырады» деген соңғы абзац кейін шыққан жинақтарға енбей қалған.

СӨЗІМДІ СЕНДЕРГЕ АРНАЙМЫН

Қ.И. Сәтбаевтың жастарға арналған жаңа жылдық құттықтау сөзі «Лениншіл жас» газетінде 1950 жылы 1 қаңтарда жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 422-423 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 185-бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 345-бб.

ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДОСТЫҒЫ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1950 жылы 15 қаңтарда №11 санында шықты. Академиялық жинаққа осы түпнұсқадан алынды.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ СЕССИЯСЫ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1951 жылы 12 қыркүйек айының №215 санында жарық көрді. Жинақтағы мақалада кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп, «ғылми» – «ғылыми», «үкметі» – «үкіметі» деп өзгертілді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қ.И. Сәтбаевтың Қазақстанның бейбітшілік жақтаушыларының республикалық конференциясында сөйлеген сөзі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1951 жылғы 23 қыркүйек күні жарыққа шықты. Академиялық жинаққа осы түпнұсқадан алынды.

Кейіннен мына жинақта шықты:

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 26-27 бб.;

Жинақтағы мақалада кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілген.

ҒЫЛЫМ БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Мақала «Әдебиет және искусство» журналының 1951 жылғы № 10 санында 25-26 беттерінде жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында ба-сылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 371-373 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 26-27 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 302-303 бб.

«Ғылым бейбітшілік жолында қызмет етеді» мақаласы кейінгі жылдары шыққан жинақтардағы мәтінмен салыстырылды. Кейінгі жинақтарда берілген «Сталиндік бейбітшілік саясаты» деген сөз тіркесі «Совет үкіметінің бейбітшілік саясаты», «масқаралап деген «мысқылдап» деп өзгертілген. Кейбір абзацтар қысқартылып алынып тасталған. Жинақтардағы мақалаларда кездесетін «ӯ» таңбасы қазіргі емле ережесіне сай «ұ» деп өзгертілген.

БЕЙБІТШІЛІК БЕРІК ҚОЛДА

Бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1954 жылы 7 желтоқсанда жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы

Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 374-бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 33-бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 304-бб.

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ 1955 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ЖАРЫС СӨЗІ

Қ.И. Сәтбаевтың 1955 жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы баяндамасы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1955 жылы 1 сәуірінде жарияланды.

БІЗ БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАЙМЫЗ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1955 жылы 8 мамырда жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 375-379 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 34-37 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 305-308 бб.

ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ТІЛЕЙМІН

Мақала «Қазақстан мұғалімі» газетінде 1956 жылы 1 қаңтарда жарияланды. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 424-425 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 191-192 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 346-347 бб.

ЗОР БОЛАШАҚ

Мақала «Лениншіл жас» газетінде 1956 жылы 1 қаңтарда жарияланды. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 426-429 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 194-196 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 348-350 бб.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ VIII СЪЕЗИ

Қ.И. Сәтбаевтың Қазақстан Коммунистік партиясының VIII съезінде сөйлеген сөзі 1956 жылы 29 қаңтарда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 349-352 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 440-443 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 284-287 бб.

ОТАН АЛДЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ БОРЫШТЫ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАЙЫҚ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1956 жылы 29 шілде күні жарық көрген. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 364-365 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 45-46 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 296-297 бб.

ҒЫЛЫМ – ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1956 жылы 30 тамызда жарық көрген. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 250-259 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Наука Казахстана: 1955–1963 гг. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 536 с. – 88-95 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 203-209 бб.

«Ғылым – халық шаруашылығын дамыту қызметінде» мақаласы бұл академиялық жинаққа 1956 жылы 30 тамызда шыққан «Социалистік Қазақстан» газетінің №203 санындағы түпнұсқадан алынды. Бұл мәтін кейінгі жылдары шыққан жинақтардағы мәтінмен салыстырылды.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ МИТИНГІСІ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1956 жылы 13 қазанда жарияланды. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 366-368 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 47-48 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 298-299 бб.

ҮЛКЕН ТАЛАНТ ИЕСІ

Мақала «Қазақ әдебиеті» газетінде 1957 жылы 28 қыркүйек жарияланды. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 409-411 бб.;

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 104-105 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 334-335 бб.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗЫНАСЫ

Қ.И.Сәтбаевтың Октябрьдің 40 жылдығына арналған мақаласы «Жұлдыз» журналының 1957 жылы № 11 санында 138-144 беттерінде жарияланды. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 123-138 бб.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 167-179 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 101-113 бб.

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҒЫНА

Мақала «Қазақстанда ғылымның совет өкіметінің қырық жылы ішінде өркендеуі» деген жинақта жарық көрді. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1957. 5-35-б. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың төмендегі жинағында жарық көрді:

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступление. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 352-379 бб.;

ҚАЗАҚСТАН ЕҢБЕКШІЛЕРІ – АЗИЯ МЕН АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АДАЛ ДОСЫ

Мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде 1957 жылы 8 желтоқсанда шықты. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 380-б.;

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Публицистика. Материалы к биобиблиографии. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 440 с. – 49-б.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 309-б.

ҒЫЛЫМ ӨРІНЕ

Мақала «Қазақ әдебиеті» газетінде 1957 жылы 1 қаңтарда жарық көрді. Бұл мақала кейіннен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әр жылдары жарық көрген жинақтарында басылып келеді. Атап айтқанда:

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 260-261 бб.;

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық. – 2-ші бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 210-211 бб.

АЛТЫАЯҚОВ БАЙМАНҒА ХАТ

Мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1957 жылғы 11 шілдедегі №258 (5564) санының 5-бетінде жарияланған.

Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 382 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 456-457 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Байман ұста Алтыаяқ ұлына. Құрметті Байеке! - деп басталған хат сөзі, – сіздің Аманкелді батырдың өзі және сарбаздары ұстаған қаруларының түпнұсқасын жаңадан жасап жібергеніңізге Қазақ ССР Ғылым академиясы зор алғыс айтады» – үзіндісіндегі «сөзі, – сіздің» арасындағы сызықша дефиске алмастырылған.

БІР ТОП СОВЕТ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ЖӘНЕ ОНЫ СЫНАУҒА ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ

Мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1957 жылғы 14 тамызындағы №189 (10391) санының 4-бетінде «Бір топ совет ғалымдарының ядролық қаруға және оны сынауға тыйым салу туралы мәселе жөніндегі мәлімдемесі» деп жарияланған.

Қ. Сәтбаев бұл мәлімдеме-мақаланы А. Несмеянов, Н. Семенов, И. Бардин, А. Топчиев, П. Капица, Д. Скобельцын, К. Островитянов, Д. Щербаков, А. Благонравов, В. Виноградов, А. Виноградов, М. Лаврентьев, В. Введенский, А. Шубников, А. Арбузов, И. Артоболовский, Е. Павловский, А. Паллади, А. Курганов, В. Кириллин, М. Келдыш, И. Сисакян, Н. Мухелишвили, А. Берг, В. Котельников, В. Сифоров, Ю. Кобзарев, А. Опарин, А. Бакулев, П. Лобанов, И. Эйхфельд, Н. Шатский, А. Ефимов, С. Миронов, С. Вольфович, С. Обнорский, К. Власов, И. Николаев, П. Кочина, Н. Боголюбов, Х. Абдуллаев, Б. Александров, Ф. Константинов, С. Христианович, М. Агошков, В. Амбарцумян, А. Терпигорев, А. Скочипский, Г. Кржижановский, М. Алиев, И. Ахунбаев, Я. Пейве, Ю. Матулис, Г. Чарьев, П. Ребнидер, А. Бетехтин, Л. Седов, И. Тюрин, Н. Бехтин, И. Герасимов, А. Щукин, С. Медведев, И. Кнунянц, В. Шулейкин, К. Ненадкевич, А. Микулин, Н. Рыкалин, М. Дубинин, В. Кондратьев, В. Сукачев, С. Струмилин,

Н. Цицин, Н. Доллежалы, С. Соболев, Н. Бруевич, С. Бернштейн, А. Самарин, А. Тихонов, Л. Иванов, Б. Казанский, Б. Стечкин, Е. Варга, М. Стырикович, И. Черняев, Т. Хачатуров, М. Кеплюшников, Е. Бертельс, С. Бархударов, Г. Александров, И. Векуа, В. Купревич, В. Соколовский, Н. Цытович, И. Казарновский, О. Левицкий, К. Лавровский, С. Умаров, М. Митин, М. Иовчук, С. Лебедев, А. Горинов, А. Алиханян, Н. Нуждин, Е. Блинова. И. Кибель, С. Архангельский. Н. Пиксанов, В. Кузнецов, М. Павлов, Е. Коровин. А. Предводителей, Л. Сретенский, А. Михайлов, Б. Кренцель, А. Баландин, А. Полканов, А. Сегаль, Л. Понтрягин, А. Имшенецкий, И. Брук, Х. Коштоянц, А. Максимов, В. Рыжков, Н. Дружинин, Л. Шевяков, И. Трахтенберг, И. Минц, И. Шмальгаузен. Л. Штерн, Е. Косминский, А. Григорьев, А. Ларионов, Л. Люстерник, А. Минц, И. Джигит, Д. Зернов, А. Крылов, И. Майский, В. Белоусов, М. Каммари, В. Орехович, С. Саркисов. А. Вишневский, В. Парин, А. Мясников, А. Несметов, В. Тимаков, П. Давыдовский, А. Летавет, В. Черниговский, В. Виноградов, С. Мардашев, Ф. Кротков, Н. Коновалов, А. Браунштейн, С. Северин, К. Скрябин. И. Синягин, Н. Соколов, Н. Щербиновский, С. Демидов, И. Варунцян, В. Болтинский, П. Константинов, И. Шаров, Е. Лискун, Н. Ростовцев, М. Мельников, А. Попов, Б. Рубаненко, В. Насонов, А. Власов, Г. Кузнецов, В. Овсянкин, К. Карташов, А. Мордвинов, К. Алабян, В. Кучеренко, В. Светличный. В. Сапрыкин, В. Мыслим, И. Ловейко, Градов, Н. Былинкин, Б. Мезенцев, Г. Симонов, П. Спышнов, П. Красильник, С. Башинский, Г. Людвиг, В. Бургман, Н. Четверухин, С. Сказкин, Б. Орлов, А. Калашников, В. Швацкая сынды қайраткерлермен біріге жазған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Радиация (иондаушы сәулелену) – электромагниттік толқындар немесе субатомдық бөлшектер түріндегі энергияның тасымалдануы. Табиғи радиация көздеріне топырақта, суда, ауада және адам ағзасында болатын әртүрлі радиоактивті заттар жатады.

Ядро – бір нәрсенің ішкі, орталық бөлігі.

Атом ядросы – оң электр заряды бар атомның бөлігі; онда оның барлық дерлік массасы шоғырланған.

КӨРКЕЙГЕН МӘДЕНИЕТ, ӨСКЕН ҒЫЛЫМ

Мақала алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1957 жылғы 6 қарашасындағы №264 (10462) санының 5-бетінде «Көркейген мәдениет, өскен ғылым» деп жарияланған.

Мақалада кездескен терминдер:

Хром – күміс түсті, коррозияға төзімділігі жоғары химиялық элемент, негізінен болат пен қорытпаларды берік, тот баспайтын және тозуға төзімді ету үшін қолданылады. Сонымен қатар, бояулар мен хромдалған жабындар өндіруде кеңінен пайдаланылады.

Ванадий – күміс сұр түсті, жоғары беріктігі мен икемділігі бар химиялық элемент, болат пен қорытпаларды күшейту үшін, сондай-ақ катализаторлар мен авиацияда қолданылатын жоғары сапалы материалдарды өндіруде маңызды рөл атқарады.

Кадмий – күміс түсті жұмсақ металл, негізінен аккумуляторлар жасауда, әсіресе никель-кадмий батареяларында, сондай-ақ қорытпалар мен металдарды коррозиядан қорғау үшін қолданылады. Кадмийдің улы қасиеттері бар, сондықтан оның қолданылуы шектеулі және қауіпсіздік шараларын талап етеді.

Вольфрам – күміс түсті, өте тығыз және балқу температурасы ең жоғары металл, электр шамдарының жіпшелерінде, жоғары температураға төзімді материалдар мен қорытпалар өндіруде қолданылады. Вольфрам болатты қатайтып, оны соққыға және тозуға төзімді етеді, сондықтан металлургияда және авиацияда ерекше бағаланады.

Молибден – күміс түсті металл, коррозияға төзімділігі мен жоғары температурада беріктігі үшін қолданылады. Молибденді болаттың беріктігін арттыру үшін, сонымен қатар химия өнеркәсібінде катализатор ретінде пайдаланады.

ЖАҢАДАН ӨРГЕ БАСА БЕРЕМІЗ

«Жаңадан өрге баса береміз» мақаласы алғаш рет «Советтік Жетісу» газетінің 1958 жылы 5 желтоқсанындағы №241 (3505) санының 1-бетінде жарияланған. Сондай-ақ «Еңбек жолы» газетінің 1958 жылы 10 желтоқсанындағы №91 (2393) санында жарияланған.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

Мақалада Қостанай облысындағы Аят кенорны деп берілген, алайда дұрысы – Әйет. Мәтінде кездесетін барлық дерлік «кәзір» сөздері «қазір» болып өзгертілген.

Мақалада кездесетін терминдер:

Қорғасын (лат. Plumbum; Pb) – элементтердің периодты жүйесінің IV-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 82, атом массасы 207, 2.

Мыс (лат. cuprum; Cu) – элементтердің периодтық жүйесінің I тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 29, атомдық массасы 63,546 (г/моль). Табиғатта тұрақты екі изотопы бар. Негізгі минералдары: халькопирит, халькозин, ковеллин, малахит, азурит.

Мырыш (лат. Zincum; Zn) – элементтердің периодты жүйесінің II тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Реттік нөмірі 30, атом массасы 65,39.[1] Мырыш ерте заманда жез түрінде белгілі болған, таза түрі 16 ғасырда алынған. Жер қыртысындағы массасы бойынша мөлш. $8,3 \times 10^{-3}\%$. Ол полиметалды сульфид кендерінің құрамында кездеседі.

КПСС ХХІ СЪЕЗИНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

КПСС ХХІ съезінде сөйлеген сөзі алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1959 жылғы 7 ақпандағы №32 (10819) санының 4-бетінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 295-300 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 447-452 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 353-360 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Жолдастар! Никита Сергеевич Хрущевтің партиямыздың ХХІ съезінде жасалған терең мағыналы және барлық жақты түгел қамтитын баяндамасы коммунизмнің сәулетті шыңына қарай қарыштаған адыммен алға басқан совет халқының бүкіл өмірін лениндік идеялардың жарық сәулесімен нұрландыруда. Бұл баяндама және жетіжылдық жоспардың тамаша цифрлары ғылымның барлық салалары алдында маңызды творчестволық міндеттер қойып, бүкіл халқымыз сияқты, совет ғалымдарын да жаңа ерліктер, батыл істерге жігерлендіріп отыр.

Партиямызбен оның Орталық Комитеті бұлжытпай жүргізіп лениндік дана ұлт саясаты барлық халықтардың экономикасымен мен мәдениетін өркендетуге орасан зор мүмкіндік тудырып келеді.

Міне, осының барлығы үшін кемеңгер Коммунистік партияға, оның лениндік Орталық Комитетіне, Орталық Комитеттің Президиумының мүшелеріне, бұл жылдар ішінде Қазақстанда екі рет болып, қазақ халқына өзінің экономикасы, ғылымы мен мәдениетін қаулатып өсіру ісінде баға жетпес көмек көрсеткен Н.С.Хрущев жолдастың өзіне қазақ халқының атынан шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер...».

«...Сондай-ақ мұның өзі Никита Сергеевич Хрущевтің 1957 жылғы ноябрьде СССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясында жасаған өзінің баяндамасында Қазақстанды – Совет Одағының табиғат байлықтарының сарқылмас қоры деп сипаттауы өте дұрыс болғанын көрсетеді...».

«Никита Сергеевич Хрущев өзінің баяндамасында...», «Никита Сергеевич Хрущевтің КПСС ХХІ съезіндегі баяндамасының тезистері тұрғысынан», «...оның Никита Сергеевич Хрущев бастаған лениндік Орталық Комитетінің даналығы арқасында және оның бастауымен күні кеше ғана ғасырлар бойы меңіреу жатқан ұлан байтақ тың жерлер жыртылып, өмір игілігіне айналдырылды. Қазіргі жетіжылдық Қазақстанның онан

да зор руда тыңын – сарқылмас минерал байлықтарын бұрынғыдан да толық пайдаланудың бастамасы болады.

Жолдастар! Бүкіл еліміздің ғалымдары сияқты, барлық совет халықтары сияқты, Қазақстанның ғалымдары да елімізде коммунизм орнатудың шешуші кезеңі болатын жетіжылдық жоспардың барлық ұлы тапсырмаларын ойдағыдай орындау жолында өздерінің барлық күші мен білімін аянбай жұмсайды деп партияның ХХІ съезін сөндіруге рұқсат беріңіздер», – сынды жолдары алынып, кей сөздері өзгертілген.

Мақалада кездесетін терминдер:

Асбест – табиғи минералдардың бір тобы, құрамында магний, кремний, және кейде темір бар талшықты құрылымды силикаттар кездеседі. Асбесттің ерекше қасиеттері оны түрлі өнеркәсіп салаларында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді, десе де денсаулыққа қауіпті болғандықтан, оның қолданылуы шектеулі.

ҒАЛЫМДАРДАН БІР ТІЛЕК (ҚАЗАҚСТАН ЛКСМ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ IV ПЛЕНУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН)

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің IV пленумында сөйлеген сөзі алғаш рет «Лениншіл жас» газетінің 1959 жылғы 8 наурыздағы №48 (4666) санының 2-бетінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сатпаев К.И. Избранные труды, Т.5. Статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. – С 202-203.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 360-361 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 204-205 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 430-431 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

Барлық «қәзір» сөзіндегі «ә» әрпі «а» әрпіне, «ғылми» сөзі «ғылыми» болып өзгертілген.

«Мен сүйікті партиямыздың ХХІ съезінде сөйлеген сөзімде Ленин комсомолының Үлкен Жезқазған комбинатын қамқорлыққа алуын сұраған едім», – сөйлеміндегі «сүйікті» сөзі алынған.

ОРАЙЛАС ОЙЛАР

«Орайлас ойлар» мақаласы алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1959 жылғы 24 сәуірінің №18 (224) санының 3-бетінде жарияланған. Сол

жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 343 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 108 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 412 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Қажымай, талмай еңбек етуінің арқасында, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен салтын жан-жақты қамтыған түбегейлі энциклопедиясы болып есептелетін аса көркем роман – «Абай» жарыққа шықты» жолдарындағы «ХІХ» саны алынып қалған.

ТЕЛЕГРАММА

«Телеграмма» алғаш рет «Советтік Қарағанды» газетінің 1959 жылғы 4 шілдедегі №131 (7097) санының 4-бетінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 317 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 381 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Қазақстан ғалымдарының атынан мен Сізден грек халқының бостандық жолындағы күресінің аса көрнекті күрескері Манолис Глезостың өмірін сақтауды және оған азаттық әперуді сұраймын. Гитлердің басқыншылық кезіндегі Манолис Глезостың ерлігіне бүкіл әлем таңырқады. Оның ерлігі халықтарды фашизмге қарсы күреске көтерді. Глезостың есімі – Грецияның ұлттық мақтанышы. Біз грек халқының игілігі үшін сол батырдың өмірі сақталады деп сенеміз.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президенті, академик

Қаныш СӘТБАЕВ

Алматы қаласы, 1 июль» – үзігдісіндегі «сізден» сөзі бас әріппен беріліп, «Глезостың есімі – Грецияның» арасындағы сызықша дефиске түзетілген, сондай-ақ, «1 июль» датасы «4 шілде» болып жазылған.

ҰЛЫ ҚЫТАЙ ХАЛҚЫ ЗОР ШАБЫТПЕН СОЦИАЛИЗМ ОРНАТУДА

«Ұлы Қытай халқы зор шабытпен социализм орнатуда» мақаласы алғаш рет Алматы қаласында, «Қаз. мем.» баспасынан, 1959 жылы жарыққа шыққан «Біз ұлы Қытайды көрдік» кітабының 3-18 беттерінде жарияланған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Комплексті геологиялық карта – жердің геологиялық құрылымдарын, қабаттарын, минералды ресурстарын, жерасты суын және басқа геологиялық ерекшеліктерін бірегей түрде көрсететін карта. Әртүрлі геологиялық зерттеулердің нәтижелерін біріктіріп, бір ғана картада бірнеше геологиялық ақпаратты қамтиды.

Алюминий – жеңіл және иілгіш ақ металл, оны ауада бірден жабатын жұқа оксидті пленканың арқасында күңгірт күміс.

Фосфорит – шөгінді тау жынысы, негізінен жасырын немесе микрористалды түрдегі апатит тобының фосфат минералдарынан тұратын агрономиялық кен.

Никель – қарапайым зат, күміс-ақ түсті иілгіш, өтпелі металл. Ауадағы қалыпты температурада ол жұқа оксид пленкасымен жабылған. Химиялық белсенді емес.

ҚАЗАҚСТАНДА АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫМЕН ДОСТЫҚ СОВЕТ АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ БӨЛІМШЕСІ ҚҰРЫЛСЫН

«Қазақстанда Африка халықтарымен достық совет ассоциациясының бөлімшесі құрылсын» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1960 жылғы 22 сәуірдегі №95 (11188) санының 6-бетінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 318 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 382 бб.

Қ.И.Сәтбаев бұл мақалаларды – М.О. ӘУЕЗОВ – жазушы, Совет-үнді мәдени байланыстары Қоғамының Қазақ бөлімшесі басқармасының председателі Лениндік сыйлықтың лауреаты, С.М.Мұқанов – жазушы, Араб елдерімен достық және мәдени байланыстың совет Қоғамы Қазақ бөлімшесі басқармасының председателі. Ғ.Ш. ҚАРЖАУБАЕВ – Совет-монғол достығы Қоғамының Қазақ бөлімшесі басқармасының председателі; Ә. Б. БЕЙСЕНОВ – шетелдермен достық және мәдени байланыстың Қазақ қоғамы Президиумының председателі; У.М. АХМЕТСАФИН – Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі; С. БЕКТЕЛЕЕВ – Кәсіподақтардың Алматы облыстық Советінің председателі; Ә. БЕКТҰРОВ – Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, М. А. БИТНЬИЙ – Алматы ауыр машиналар жасау заводының директоры; Ғ. З. БИЯШЕВ – Қазақ ССР ауыл

шаруашылығы ғылым академиясының вице-президенті; А. Х. ЫБЫРАЕВА – Қазақ педагогикалық әйелдер институтының директоры; Е. ЫСМАЙЫЛОВ филология ғылымының докторы; Е. ҚАМЗАБАЕВ – Ақмола облысы Шалқар совхозының директоры, СССР Жоғарғы Советінің депутаты М. ҚАРАТАЕВ – жазушы, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет басқармасының директоры; Ж. ҚУАНЫШБАЕВ – Жамбыл облысы совхозының аға шопаны. Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған; Т. С. МАШЕЕВ – Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті; Т. МЕРГЕНОВ – Алматы облысындағы «Қызыл ту» колхозының председателі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты: Қазақ ССР саяси және ғылыми білімдер тарату Қарағанды бөлімшесі басқармасының председателі; В. Б. ХАРЛАМОВА – ССР Одағының халық артисткасы т.б. қайраткерлермен біріге жазған.

ЛЕНИН

«Ленин» мақаласы алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1960 жылдың 22 сәуіріндегі №17(277) санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Мақалада кездесетін терминдер:

Гипербола – күшейту деген мағынаны білдіреді, қиял бейнелерін жасауға қатысатын әдістердің бірі. Гипербола деп заттың жеке сипаттары, белгілері үлкейтіліп көрсетілуін айтады. Сөйткенде бейне ашық, мәнерлі, көзге жағымды болып шығады.

Империализм (лат. Imperium – билік, үстемдік) – қатаң күш (әскери және экономикалық күш) және жұмсақ күш (дипломатия және мәдени империализм) қолдануға негізделген экспансионизм арқылы шет мемлекеттерге билікті қолдау немесе кеңейту жөніндегі мемлекеттік саясат. Империализм азды көпті ресми империяда гегемонияның құрылуымен немесе сақталуымен сипатталады.

Идеология (грек. «прототип, идея» + λόγος «сөз, мағына, ақыл, ілім») – саясаттың әртүрлі субъектілерінің – таптардың, ұлттардың, қоғамның, саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың мүдделерін, дүниетанымы мен мұраттарын білдіретін және қоғамда бар үстемдік пен билікке санкция беру нысаны ретінде әрекет ететін тұжырымдамалық түрде жасалған идеялар жүйесі (консервативті идеологиялар) немесе оларды түбегейлі өзгерту («сол» және «оң» қозғалыстардың идеологиялары); қоғамдық сананың идеологиясы мен формасы – мәдениеттің, рухани өндірістің құрамдас бөліктері.

ИГІ ТІЛЕКТЕР, ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР

«Игі тілектер, жылы лебіздер» мақаласы алғаш рет «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1960 жылғы 9 тамыздағы №32 (405) санының 1-бетінде жарияланған.

Коммунизм (лат. *communis* – «жалпы») – әлеуметтік теңдік қамтамасыз етілетін өндіріс құралдарына, қоғамдық меншікке негізделген теориялық қоғамдық және экономикалық жүйе.

ҒЫЛЫМ МЕН МЕКТЕП – ЕГІЗ

«Ғылым мен мектеп – егіз» мақаласы алғаш рет «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1960 жылғы 13 тамыздағы №95 (11188) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 363-365 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 213-215 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 433-436 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Коммунистік партияның және совет мемлекетінің негізін қалаушы Ленин, халық мұғалімі буржуазиялық қоғамда ешқашан да көтеріле алмаған, қазірде де көтеріле алмай отырған және көтеріле алмайтын биік шыңға көтеруге тиіс деген даналық өсиеті Коммунистік партияның басшылығымен табыспен жүзеге асырылып келеді».

«КПСС Орталық Комитетінің Бірінші Секретары және Совет үкіметінің басшысы Н.С.Хрущев мұғалімдердің Бүкіл россиялық съезінде сөйлеген ғажайып сөзінде мұғалім еңбегін аса жоғары бағалады. Партия мен үкімет атынан Хрущев жолдас совет қоғамының социалистік экономикасы мен мәдениетін ілгері бастыру ісіне ізгі еңбегімен зор үлес қосқан мұғалімдерге алғыс айтты. Совет мектебі – алтын бұлақ, онан біздің Отанымыз көптеген тамаша кадрлар алады».

«Жолдастар! Өткен жылы Совет Одағы Орталық Комитетінің және Н.С.Хрущевтің инициативасы бойынша Жоғарғы Советі...».

«Мұғалімдердің Бүкіл россиялық III съезінде сөйлеген сөзінде Н.С.Хрущев «Қоғамды қайта құруды ұлы міндеттері жастардың мол білімді, шебер қолды, жалынды жүректі болуын талап етеді. Ортақ игілік мақсатындағы еңбекке деген сүйіспеншілік, коммунизмге пексіз берілгендік, бұл – қасиеттің ең қасиеттісі, аға ұрпақтың революциялық ісін онан әрі жүргізіп, аяқтау бағытына ие болғандар үшін – өмір заңы» деп көрсетті», – сында абзацтары мен сөйлемдері өзгертілген.

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТАРТУУЫ

«Советтік Қазақстанның 40 жылдық мерекесіне қазақ ССР Ғылым академиясының тартуы» мақаласы алғаш рет Советтік Қазақстан ғылымы кітабынада (Наука Советского Казахстана) 1920-1960 жж. – Алматы: Наука, 1960. 8-25-бб. (689 б.) жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 218-233 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 262-281 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Эмба» атауы «Жем», «Сибирь» сөзі «Сібір» болып өзгертілген.

Мақалада кездесетін терминдер:

Космогония (грек. kosmos – ғарыш және gonia – туу, шығару, ұрпақ), ғарыштану – астрономияның ғарыштық денелер мен олардың жүйелерінің пайда болуы мен дамуын зерттейтін саласы.

Металлогениялық карта – жер қыртысының белгілі бір аймағындағы немесе бүкіл жер шарының пайдалы қазбаларының кен орындары мен олардың таралу заңдылықтары көрсететін геологиялық карта түрі.

Мохоровичич шегі – жер қыртысы мен мантиясы аралығындағы шекара; планета қабықтарын бөлетін бет.

Амальгама – сынапты металл қорытпалары.

Магнезиал фосфаттар – құрамында магний мен фосфат иондары бар химиялық қосылыстар.

Ядро спектроскопиясы – атом ядросының құрылымы мен қасиеттерін зерттейтін әдіс. Бұл әдіс ядролық сәулеленудің (гамма-сәулелер, бета-бөлшектер) спектрін зерттеу арқылы жүзеге асады.

Ядро резонансы – ядролардың сыртқы магнит өрісінде белгілі бір жиілікке резонанстық жауап беру құбылысы. Ең кең тараған түрі – ядролық магниттік резонанс.

Космос сәулелері – ғарыштан Жерге түсетін жоғары энергиялы бөлшектер ағыны. Олар негізінен протондар, альфа-бөлшектер және басқа ауыр иондардан тұрады.

Рудалардың спектроскопиясы – рудалар құрамындағы химиялық элементтер мен минералдарды спектрлік талдау әдісі арқылы зерттеу.

Сортаң жерлерді мелиорациялау – топырақтың сортаңдануынан туындаған мәселелерді шешу үшін қолданылатын шаралар жүйесі. Бұл шаралар жердің тұздану деңгейін азайтуға, ауыл шаруашылығына жарамдылығын арттыруға бағытталған.

Геоботаникалық карталар – белгілі аумақтағы өсімдіктер жамылғысының таралуын, құрамын және құрылымын көрсететін карталар. Геоботаника ғылымының негізінде жасалады және өсімдіктердің экологиялық, географиялық және фитоценодикалық ерекшеліктерін бейнелейді.

Картоптың фузариозы – картоптың *Fusarium* тұқымдасына жататын саңырауқұлақтардан туындайтын ауру. Бұл ауру картоптың тамыр жүйесіне, сабақтарына және түйнектеріне зиян келтіреді. Фузариоз картоптың өнімін айтарлықтай азайтып, оның сапасын төмендетеді.

Спектроскопия – заттардың құрамын, құрылымын және қасиеттерін зерттеу үшін олардың сәуле жұтқыштығын, сәуле шығаруын немесе шашырауын талдайтын ғылыми әдіс. Спектроскопия әртүрлі сәулелену түрлерімен (мысалы, жарық, рентген сәулелері, гамма-сәулелер, ультракүлгін және инфрақызыл сәулелер) өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асады. Әдіс химиялық, физикалық және биологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Гидро- префиксі – суға немесе судың әсерімен байланысты құбылыстарды сипаттайды.

Пиро- префиксі – отқа немесе жоғары температураға қатысты құбылыстарды сипаттайды.

ЕҢБЕКТЕ ШЫҢДАЛ

«Еңбекте шындал» мақаласы алғаш рет «Білім және еңбек» журналының 1960 жылғы №3 санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сатпаев К.И. Избранные труды, Т.5. Статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. – С 203-204.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 362 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 216 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 432-433 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Міне, осы қазынаны игеруге Ленин комсомолының жалынды ұлдары мыңдап, он мыңдап келіп жатыр Қазақстанға!» – деген сөйлеміндегі «Қазақстанға» сөзі «Ленин» сөзінің алдына алмастырылған.

ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ИГІЛІКТІ БОРЫШЫ

«Интеллигенцияның игілікті борышы» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1960 жылғы 20 қарашасындағы №273(11365) санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев К.И. Избранные труды, Т.5. Статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. – С 206-208.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 344 бб.

Сәтбаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 109 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 413 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Қымбатты жолдастар!», «Біз совет адамдарының рухани дүниесін байыта түсу үшін күресіп, жас ұрпақты қалыптастыру жөнінде, біздің балаларымызды адамгершілікті ниетте өсіру жөнінде тынбастан қамқорлық жасауға тиіспіз».

«Біз кәзір тарихи екі міндетті – коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және жаңа адамды тәрбиелеу міндеттерін шешіп отырмыз, – деді Н.С. Хрущев мұғалімдердің Бүкілроссиялық съезінде. – Істің шын мәнісіне келетін болсақ мұның өзі біртұтас процесс болып табылады... Міне сондықтан да партия мен үкімет коммунистік құрылысты кеңінен өрістету программасын белгілей отырып, мектептің өмірмен байланысын нығайтуға және халық ағарту ісін онан әрі дамытуға қамқорлық жасады».

«Совет мектебі бүкіл жұртшылық қызу қолдап қарсы алған ерекше маңызды өзгерістер жасау жолына қадам басып отыр».

«Даңқты халық мұғалімдеріне заводтар мен фабрикалардың, колхоздар мен совхоздардың коллективтері көмектесуде. Ғылым, әдебиет және өнер қайраткерлері, біздер мектебімізді қайта құру программасын орындау ісінен шет қалып отыра аламыз ба, біздер кәзіргі таңдағы ең келелі проблемалардың біріне үн қоспай отыра аламыз ба?» – үзінділері алынып тасталған.

Қ.И. Сәтбаев өзінің бұл мақаласын Г.Б. Жилинский, геология-минералогия ғылымының докторы, профессор, Лениндік сыйлықтың лауреаты; М.П. Русаков, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, геология-минералогия ғылымының докторы, профессор; Ғ. Мүсірепов, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші секретары; С. Бегалин, балалар жазушысы; М.Д. Зверев, балалар жазушысы; Қ. Қожамияров, еңбек

сіңірген өнер қайраткері, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияның директоры, Сталиндік сыйлықтың лауреаты; А. Жұбанов, консерваторияның профессоры, республиканың халық артисі, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі; Б.В.Лебедев, республиканың еңбек сіңірген артисі, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерватория директорының орынбасары; Р. Жаманова, СССР халық артисі; Е. Серкебаев, СССР халық артисі; В. Харламова, СССР халық артисі; В.И.Добронравов, жас өспірімдер театрының бас режиссері, Татар АССР-інің еңбек сіңірген артисі; С. Мәмбеев, Қазақстан Суретшілер одағының председателі; Ә. Қастеев, республиканың халық суретшісі; А.А.Дьячкин, суретші сынды т.б. қайраткерлермен біріге жазған.

ҚАЗЫНА ҚОЙМАСЫ – ҚАЗАҚСТАН

«Қазына қоймасы – Қазақстан» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1960 жылғы 20 қарашасындағы №273(11365) санына жарияланған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Минералды шикізат, пайдалы қазындылар – табиғи минералдық түзілімдер. Минералды шикізат қатты (кентастар, көмір), сұйық (мұнай, су), газ (табиғи жанғыш және инерттік газдар) күйінде кездеседі, үздіксіз өтетін эндогендік, экзогендік процестер нәтижесінде пайда болады.

Титан (лат. Titanium; Ti) – элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы хим. элемент, атомдық нөмірі 22, атомдық массасы 47,88. Табиғатта массалық саны 46 – 50 болатын 5 тұрақты және жасанды жолмен алынған 5 радиоактивті изотоптары бар.

Литология – шөгінді жыныстардың құрамын, құрылымын, текстурасын және таралуын зерттейтін ғылым. Литология негізінен жергілікті немесе аймақтық ауқымдағы шөгінді жыныстардың ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған.

Палеогеография – Жер тарихындағы өткен географиялық жағдайларды (климат, рельеф, су қоймалары, өсімдіктер мен жануарлар таралуы) зерттейтін ғылым. Палеогеография Жердің геологиялық кезеңдеріндегі табиғи жағдайлардың эволюциясын қалпына келтіруге көмектеседі.

ӨРКЕН ЖАЙҒАН ҒЫЛЫМ

«Өркен жайған ғылым» мақаласы алғаш рет «Қазақстан коммунисті» газетінің 1960 жылдың қазанындағы №10 санына жарияланған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Скважина металлургияда – бұл жер астындағы минералды ресурстарды немесе шикізатты алу үшін бұрғыланатын тесік. Металлургияда скважиналар негізінен пайдалы қазбаларды (мысалы, рудалар, көмір, тұз) немесе жерасты суын іздеу, алу үшін қолданылады.

Термофосфат – фосфориттерді немесе апатиттерді әртүрлі сілтілермен (сода, натрий сульфаты және т.б.) агломерациялау немесе балқыту арқылы алынған жасанды фосфор тыңайтқышы.

Ядролық резонанс – ядролық физикада қолданылатын құбылыс, онда атом ядросы сыртқы электромагниттік толқындар (мысалы, гамма-сәулелері немесе радиотолқындар) әсерінен энергия жұтып, белгілі бір жиілікте қозғалатын күйге өтеді. Процесс ядроның энергетикалық деңгейлерінің ерекшеліктеріне байланысты болады.

Кобальт – қызғылт немесе көкшіл реңктері бар күміс-ақ, сәл сарғыш өтпелі металл.

ҒЫЛЫМ ПРАКТИКАМЕН КҮШТІ

«Ғылым практикамен күшті» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1961 жылғы 30 наурыздағы №10 санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 234-243 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 268-277 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 282-293 бб.

Мақалада кездесетін геологиялық терминдер:

Геоморфология – Жер бетінің пішіндерін, олардың пайда болу процесін және дамуын зерттейтін географияның бөлімі. Геоморфология геологиялық және табиғи процестердің әсерінен қалыптасқан жер бедерінің түрлерін, құрылымдарын, эволюциясын талдайды.

Виварий (vivarium, лат. vivus – «тірі») – эксперименттік жұмыста немесе оқу процесінде пайдаланылатын зертханалық жануарларды ұстауға арналған медициналық-биологиялық мекеме (ғылыми-зерттеу институты, зертхана).

ҒЫЛЫМ ҚАНАТЫ

«Ғылым қанаты» мақаласы алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінің 1961 жылғы 11 тамызындағы №33 (345) санының 2-бетінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 244-245 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 294-295 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Бұл – біздің Отанымыздың өскендігінің, өркендегендігінің нәтижесі, халықтар достығының куәсі. Расында, осыдан жарты ғасыр бұрын, Қазақстанды былай қойғанда, Россияның өзі қандай еді? Артта қалған, мешеу аграрлы ел болатын. Шетелдің жылтырақ мәдениеті патша сарайларында ғана көрінсе, Россияның қалған ұлан-байтақ даласы қараңғы қапаста мүлгіп тұратын. Озық ой, прогресс дегендердің бәріне тежеу, тұсау, кісен салынған-ды. Ғылым өркендеген жоқ. Дүниежүзінде тұңғыш рет паровозды ойлап тапқан И. Ползуновтың еңбегін патшалы қауым аяққа басты. Радионың атасы А. Попов және қазіргі планетааралық ғылымның негізін салушы Э. Циолковский мүлдем белгісіз адам болып қала берді. Д. Менделеевтің ұлы табысы өнеркәсіпте пайдаланылмады. Бүкіл ғылым артта қалды» – абзацсындағы «Бұл» сөзі мен «біздің» сөзі арасындағы сызықша мен «салынған-ды» сөзіндегі дефис алынып тасталған. «Расында» қыстырма сөзінен кейін үтір қойылған, «бір күн, бір күннен» арасына қойылған үтір алынған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨНДІРГІШ КҮШТЕРІ

«Қазақстанның ғылымы мен өндіргіш күштері» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1961 жылғы 9 қыркүйектегі №213(11591) санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 246-253 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 303-310 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 296-304 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Ұлы дәуір документі – КПСС жаңа Программасының жобасында еліміздің таяудағы жиырма жыл ішінде қызу қарқынмен өркендеу жолы айқын бейнеленген. Осы уақыт ішінде «Уралдың шығысына таман жатқан», яғни сарқылмас мол табиғат байлығы, кең-байтақ жері бар Қазақстан мен Сібірдің өндіргіш күштері мықтап өркендетіледі» жолдарындағы сызықшаға алмастырылып, «Сибирь» сөзі «Сібір» болып өзгертілген.

«Қазірдің өзінде-ақ Қазақстанда Менделеев системасының материалдық өмірде қолданылатын элементтерінің ашылмаған бірде-бірі

қалған жоқ. Олардың көпшілігінің қоры жөнінен Қазақстан қазір СССР-де және дүниежүзінде бірінші орынға шықты. Әсіресе металл шикізатының барлық түрлері жөніндегі қор туралы осыны айтуға болады. Сонымен бірге, Қазақстанда әлі де минерал байлықтардың көптеген жаңа қоры мен түрлерін ашуға болады. Мұның өзі республикамыздың индустриялық мүмкіндіктерін одан ары кеңейтуге жақсы жағдай жасайтыны сөзсіз» деп келтірілген жолдардағы «менделеевтік системасының» сөздері «Менделеев системасының» болып өзгертілген.

М.О. ӘУЕЗОВТІ МӘҢГІ ЕСТЕ ҚАЛДЫРУ ТУРАЛЫ

«М.О.Әуезовті мәңгі есте қалдыру туралы» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1961 жылғы 13 қазанындағы №242(11620) санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 346-347 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 175-176 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 415-416 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті академик Қ.И.Сәтбаев ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде мыналарды хабарлады» жолы мәтінде қамтылмаған.

«Ол академияның гуманитарлық ғылыми мекемелерін нығайтып, алға бастыруға барлық күші мен қабілетін жұмсады, келелі ғылыми-зерттеу еңбектерін жазуға қолма-қол қатысты, жас ғылыми кадрларды үздіксіз тәрбиелеп-өсіріп отырды. Ғылым академиямыздың әдебиет пен өнер жөніндегі жаңа ғылыми институтын ұйымдастыруға бастаушы болған және ұйымдастырған М.О.Әуезов еді. Сондықтан да осы институтты академик жазушы М.О.Әуезовтің есімімен атау туралы және академия системасында әдебиет ескерткіш музей-үй ашу туралы үкіметтің шешімін Ғылым академиясы зор алғыс сезіммен қарсы алды» – үзіндісінде берілген «ғылыми» сөздері «ғылыми» болып түзетілген.

ЗОР БОЛАШАҚ

«Зор болашақ» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1961 жылғы 1 желтоқсанындағы №281(11659) санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сатпаев К.И. Избранные труды, Т.5. Статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. – С 199-201.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 357-358 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 311-313 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 426-429 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«СССР бойынша орташа дәрежеге қарағанда, Қазақстан үшін дамудың неғұрлым шапшаң қарқыны белгіленіп отыр. Егер таяудағы жиырма жылдың ішінде елімізде өнеркәсіп өнімінің көлемі алты есе артса, ол Қазақстанда – 12,7 есе артады. Есеп мынаны көрсетіп отыр: республика жыл сайын 120-130 миллион тонна темір рудасын, жүз миллион тоннаға жуық мұнай, 150 миллион тонна көмір шығара алады, 35 миллион тонна болат өндіріп, 200 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді, елімізге орасан көп мөлшерде мыс, қорғасын, мырыш, басқа да түсті және сирек кездесетін металдар бере алады. Сондай-ақ товарлы астық, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді мықтап арттыру белгіленген» – үзіндісіндегі сызықшалар өзгеріске еніп, «товарлы» сөзінің жалғауы алынып, «товар» болып енгізілген.

Мақалада кездесетін геологиялық терминдер:

Оазис – шөл немесе шөлейт аймақтарда өсімдіктердің өсуі үшін қолайлы жағдайлар пайда болатын су көздері бар жер. Көбінесе су астынан немесе жер бетінде пайда болатын бұлақтар, көлдер, өзендермен байланысты, аймақтағы өсімдіктер мен жануарлар үшін тіршілік ету ортасын қамтамасыз етеді.

ҒЫЛЫМНЫҢ КЕҢ ӨРІСІ

«Ғылымның кең өрісі» мақаласы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» 1961 жылғы 27 желтоқсанындағы №300 (11678) санының 2-бетінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сатпаев К.И. Избранные труды, Т.5. Статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. – С 84-88.

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 260-268 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 336-344 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 313-323 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Партияның лениндік Н.С.Хрущев жолдастың Орталық Комитетінің еліміздің ғылымын дамыту ісіне қажымай, талмай көңіл бөліп, күнбе-күнгі көмек көрсетіп отыруының арқасында совет ғылымы аса маңызды салаларда озық ғылыми жаңалықтар ашты, сөйтіп жеткен табыстары, шыққан белестерімен совет ғалымдары өз Отанымыздың даңқын көтерді», – сөйлеміндегі «Н.С.Хрущев жолдастың», – деген жері алынып тасталған. «Революцияға дейін ғылым сәулесінен хабарсыз жатқан, қаранғылық пен надандық жайлаған», «Н.С.Хрущев жолдас бастаған», «Н.С.Хрущев жолдастың бейнелі сөзімен айтқанда» – тіркестері алынған.

Мақалада кездесетін геологиялық терминдер:

Ядролық спектроскопия – ядролық физиканың атом ядросының энергетикалық деңгейлерін және олардың арасындағы ауысуларды зерттейтін саласы.

Стратиграфия – геологияның қабаттарды (страта) зерттейтін саласы. Ол тау жыныстары қабаттарының жасын, құрамын, құрылымын, таралуын және олардың уақыт бойынша қалай өзгергенін анықтайды. Стратиграфия жердің геологиялық тарихын құру үшін маңызды.

Петрология – тау жыныстарының пайда болуын, құрамын, құрылымын және қасиеттерін зерттейтін геология саласы. Петрология магмалық, метаморфтық және шөгінді жыныстарды зерттейді, бұл жер қыртысының дамуын түсінуге көмектеседі.

Литология – шөгінді жыныстардың құрамын, құрылымын, текстурасын және таралуын зерттейтін ғылым. Литология негізінен жергілікті немесе аймақтық ауқымдағы шөгінді жыныстардың ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған.

Палеогеография – Жер тарихындағы өткен географиялық жағдайларды (климат, рельеф, су қоймалары, өсімдіктер мен жануарлар таралуы) зерттейтін ғылым. Палеогеография Жердің геологиялық кезеңдеріндегі табиғи жағдайлардың эволюциясын қалпына келтіруге көмектеседі.

Термалық әдіс – жыныстарды қыздыру арқылы олардың құрылымын әлсірету және жарықшақтар пайда болуын қамтамасыз ету үшін қолданылады. Бұл әдіс жыныстарды алдын ала өңдеуде, сонымен қатар лазерлік немесе плазмалық кесу арқылы жыныстарды ұсақтауда тиімді.

Ультрадыбысты әдіс – тау жыныстарының физикалық қасиеттерін зерттеу, тау-кен құралдарының жағдайын тексеру және жыныстарды ұсақтау процестерінде қолданылады. Ультрадыбыстық кавитация пайдалы қазбаларды кеннен бөліп алу кезінде тиімді пайдаланылады.

Электргидравликалық әдіс – сұйықтық арқылы электр разрядтарын қолдану арқылы тау жыныстарын бұзуды қамтамасыз етеді. Бұл әдіс кен массаларын ұсақтау, жыныстарды тиімді бөлу және гидравликалық кесу процестерінде кеңінен қолданылады.

Гелиоэнергетика – Күн энергиясын зерттейтін және оны әртүрлі мақсаттарда (электр энергиясын өндіру, жылу алу) қолдану әдістерін әзірлейтін ғылым және техника саласы. Бұл сала күн батареялары, күн коллекторлары және басқа да құрылғыларды пайдалана отырып, экологиялық таза энергия көзін дамытуға бағытталған.

Гелиотехника – Күн энергиясын жинақтап, оны нақты техникалық жүйелерде қолдануға арналған құрылғылар мен технологияларды жасау және пайдалану саласы. Гелиотехникаға күн панельдері, күн жылытқыштары, күн энергиясымен жұмыс істейтін электр станциялары сияқты құрылғылар кіреді.

Гелиоэнергетика – Күн энергиясын зерттеу және оны қалай қолдануға болатыны туралы ғылым, ал гелиотехника – сол энергияны қолдануға арналған технологиялар мен құрылғыларды әзірлеу.

Дефляция (жел эрозиясындағы) топырақтың үстіңгі құнарлы қабатының желдің әсерінен ұшуын немесе жойылуын білдіреді. Бұл процесс көбінесе өсімдік жамылғысы сирек я жоқ жерлерде, әсіресе құрғақ климаттық аймақтарда байқалады. Жел эрозиясы нәтижесінде топырақ құнарлылығын жоғалтып, егіншілікке жарамсыз болып қалады. Сондықтан дефляцияға қарсы шаралар (ормандар отырғызу, жерді суландыру, агротехникалық әдістер қолдану) ерекше маңызды.

БАРЛАҢДАР, БАҒДАРЛАҢДАР

«Барлаңдар, бағалаңдар» мақаласы алғаш рет «Қазақстан коммунисті» газетінің 1960 жылдың қазанындағы №10 санына жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 369 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 223 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 441 бб.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗЫНАСЫ – КОММУНИЗМ ИГІЛІГІНЕ

«Қазақстан қазынасы – коммунизм игілігіне» мақаласы алғаш «Білім және еңбек» журналының 1961 жылғы №10 санының 2-3 беттерінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сатпаев К.И. Избранные труды, Т.5. Статьи, публицистика и материалы к библиографии. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 326 с. – С 155-157.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Бәрімізге белгілі Н.С. Хрущев Қазақстанды әрдайым еліміздің қазба байлығының қоймасы деп атайды. Шынында, біздің республикамыздың жер қойнында Менделеев кестесіндегі элементтердің кездеспейтіні жоқ», – сөйлеміндегі «Н.С. Хрущев» сөзі алынған.

ҒЫЛЫМ АЛДЫҒЫ ШЕПТЕ БОЛСЫН

«Ғылым алдыңғы шепте болсын» мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1962 жылғы, 1 маусымындағы №127 (11808) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 269-273 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 351-354 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 324-328 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«1956-1961 жылдар ішінде, минерал қорлар, физика-математика ғылымы, биология және медицина ғылымдары бөлімшелерінің ғылыми мекемелері 500-ден аса ғылыми еңбектерді аяқтап, оның нәтижелерін өндіріске енгізді немесе өндіріске енгізу үшін табыс етті. Қоғамдық ғылымдар Бөлімшесінің мекемелері 125 ғылыми еңбек жөніндегі зерттеулерді аяқтады. Осы жылдардың ішінде екі институт қайта құрылып, жаңадан 9 ғылыми-зерттеу институты – ядролық физика, философия және право институттары (Алматыда), химия-металлургия институты (Қарағандыда), ихтиология мен балық шаруашылығы институты, мұнай мен табиғи тұздар химиясы, геология мен геофизика институты (Гурьевте) құрылды. Өткен жылы тіл мен әдебиет институты екі институт болып – Тіл білімі институты мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты болып қайта құрылды. Үстіміздегі жылы эксперименттік биология институты құрылды» – үзіндісіндегі «ғылыми» сөздерінің бәрі дерлік «ғылымиға» ауысқан, «Философия» деп басталып жаңа сөйлем алдыңғы сөйлемге үтір қою арқылы жалғасқан.

Мақалада кездесетін геологиялық терминдер:

Ихтиология – балықтарды зерттейтін зоологияның бір саласы. Бұл ғылым балықтардың құрылысы, физиологиясы, экологиясы, мінез-құлқы, таралуы және эволюциялық дамуы сияқты аспектілерді қарастырады.

ӨНДІРІСТІҢ БАРЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРІ ЖЕТІЖЫЛДЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ ЖҰМЫЛДЫРЫЛСЫН

«Өндірістің барлық резервтері жетіжылдықтың игілігіне жұмылдырылсын» мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1962 жылғы, 4 қарашасындағы №261 (12002) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 274-275 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 373-374 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т.– 329-330 бб.

Мақалада кездесетін терминдер:

Циклондық процесс – бұл ауа ағынының айналмалы қозғалысына немесе белгілі бір ортадағы бөлшектердің айналмалы траектория бойынша қозғалуына негізделген технологиялық немесе табиғи құбылыс.

Сульфид – металдар мен кейбір бейметалдардың табиғи күкіртті қосылыстары. Химиялық тұрғыдан H₂S күкіртсутек қышқылының тұздары ретінде қарастырылады. Бірқатар элементтер күкіртпен h₂n жартылай күкірт қышқылының тұздары болып табылатын полисульфидтер түзеді.

ЖҰЛДЫЗДАРҒА ЖОЛ

«Жұлдыздарға жол» мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1963 жылғы, 16 маусымындағы №141 (12187) санында жарияланған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Ғарыш кемесі – адамды немесе жүкті ғарыш кеңістігіне тасымалдауға арналған басқарылатын немесе автоматты ғарыш аппараты.

Астрофизика – жұлдыздар, галактикалар, экзопланеталар және т.б. сияқты астрономиялық объектілердегі физикалық процестерді зерттейтін физика және химия принциптерін қолданатын астрономияның бөлімі.

Ай кратерлері – Ай бетінде пайда болған терең шұңқырлар немесе ойыстар, олар көбінесе ғарыштық денелердің (метеориттер, астероидтар) Ай бетіне соғуы нәтижесінде пайда болады.

Сәулелі поляр (немесе полярлы сәуле) – Жердің атмосферасында пайда болатын табиғи жарық құбылысы. Оны көбінесе солтүстік шұғыла

немесе оңтүстік шұғыла деп те атайды. Бұл құбылыс Жердің магнит өрісі мен күннің желі арасындағы өзара әрекеттесуден туындайды.

Спектральды – астрофизика көбінесе спектр я спектральды сызықтар деген терминмен байланысты қолданылады. Бұл сөздің мағынасы спектрді я толқындардың әртүрлі жиіліктерін сипаттайды.

Спектрофотометрика – жарықтың әртүрлі толқын ұзындықтарында жұтылуын, шағылуын я шығуын өлшейтін әдіс. Спектрофотометриядан туындайтын саланың бір бөлігі, химиялық, физикалық я биологиялық үлгілердің құрамын талдау үшін қолданылады. Жарықтың абсорбциясының спектрін, яғни спектрлік сызықтарды зерттейді.

ҒЫЛЫМНЫҢ ӨНДІРИСПЕН БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЙТЫЛСЫН

«Ғылымның өндіріспен байланысы нығайтылсын» мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1963 жылғы, 3 тамызындағы №181 (12227) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 276-278 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 6. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 434-436 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 331-33 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Бірқатар ғылыми мекемелерді мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға беру жұмысы аяқталды, Академияның құрамында қалып отырған ғылыми институттардың жұмыс бағыты, белгілі кәсіпке бейімделуі қайта қаралды. Ғылыми зерттеулердің 1964-1965 жылдарға арналған тематикалық жоспары қайта қаралып, дәлелденді» жолдарындағы «1964-1965» болып өзгертілген, ал түпнұсқада дефис орнына сызықша қойылған.

«Биология ғылымы бөлімі; бұған физиология, зоология, ботаника, микробиология, топырақ зерттеу және биология ғылымының басқа да салалары жатады» үзіндісіндегі «ғылымының» сөзі «ғылымынан» болып өзгертілген.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ШИКІЗАТ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

«Қазақстандағы химия өнеркәсібінің шикізат ресурстары және химия ғылымының міндеттері» мақаласы алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1963 жылғы, 11 тамызындағы №240 (12286) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 135-138 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 7. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 218-221 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 160-164 бб.

Мақалада кездесетін геологиялық терминдер:

Жанатын сланец – құрамында органикалық заттардың (кероген) айтарлықтай мөлшері бар шөгінді тау жынысы. Бұл жыныс қыздырылған кезде газ тәрізді, сұйық немесе қатты күйдегі жанғыш өнімдер бөліп шығарады. Жанатын сланецті мұнай және газдың альтернативті көзі ретінде, сондай-ақ энергетикада қолданады.

Магнийлі глаубер тұзы – химиялық құрамы магний мен натрийдің сульфатынан тұратын минерал. Табиғи түрде тұзды көлдер мен сульфатты кен орындарында кездеседі. Бұл тұз көбінесе химиялық өндірістерде, медицинада және тыңайтқыш ретінде қолданылады.

Скарндық магнетит – магнетиттің (Fe_3O_4) минералды түрі, құрамында магний бар, скарн түріндегі тау жыныстарында кездеседі. Скарндық магнетит, әдетте, метаморфизм процесінде пайда болады, ол әктастар мен басқа да карбонатты жыныстардың әсерінен түзіледі. Сондай-ақ кен орнынан темір мен магний алу үшін пайдаланылады.

Апатит – фосфат минералы, құрамында кальций фосфаты бар ($Ca_5(PO_4)_3(OH, F, Cl)$). Апатит табиғи фосфориттердің негізі және оның негізгі құрамдас бөлігі фосфорды алу үшін пайдаланылады. Апатит тыңайтқыштар өндірісінде, сондай-ақ фосфор химиясында маңызды шикізат болып саналады.

Инсектофундицит – зиянды жәндіктер мен топырақтағы микроорганизмдерге қарсы қолданылатын химиялық қосылыс. Бұл заттар көбінесе ауыл шаруашылығында, әсіресе егін шаруашылығында қолданылып, өсімдіктерді зиянкестерден қорғауға бағытталған.

1962 ЖЫЛЫ ЖАЗҒЫТҰРЫМ Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ ҰСТАЗЫ В.И. ПОПОВҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ

«1962 жылы жазғытұрым Қ.И.Сәтбаевтың ұстазы В.И.Поповқа жазған хаты» алғаш «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1963 жылғы, 30

қарашасындағы №283 (12329) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 370 бб.

Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми томах. Том 8. Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 472 с. – 229 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 442 бб.

«Аса қадірлі Василий Иванович!

Сіздің 1962 жылы 2 мартта жазған хатыңызды алдым. Үлкен рахмет. Ол хатыңыз Семейдің мұғалімдік семинариясында өткізген уақытты, Сіздің орыс әдебиеті жайындағы тамаша лекцияларыңызды еске түсірді» – үзіндісіне «Аса қадірлі Василий Иванович!» есімінің қасына «Попов. – Г.Б.» сөзі қосымша жазылған.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МИНИСТРІ Н.А. МУРАВЬЕВА ЖОЛДАСҚА

«Қоғамдық қамсыздандыру министрі Н.А. Муравьева жолдасқа» хаты алғаш «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1963 жылғы, 30 қарашасындағы №283 (12329) санында жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 384 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 458 бб.

Мақаланың түпнұсқасы мен одан кейінгі жарыққа шыққан нұсқаларының арасында текстологиялық мәселелердің бар екендігі анықталды. Мысалы:

«Қазақ-совет музыка мәдениетінің дамуында А.В.Затаевич (1869–1936) творчестволық еңбегі жағынан қоғамдық саяси қайраткер, этнограф ретінде алатын орны ерекше. Революциядан бұрын А.В.Затаевич қазақтың халық музыкасын зерттеуші алдыңғы қатарлы орыс оқымыстыларының бірі болды» – үзіндісіндегі «1869–1936» жылдар арасындағы дефис алынған, мақала соңындағы «апрель, 1958 жыл» сөзіндегі «апрель» аудармасы «сәуір» сөзімен жазылған.

Мақалада кездесетін терминдер:

Пролетариат – әлеуметтік-экономикалық ұғымда жұмысшы табын, яғни өндірістік құралдарға иелік етпейтін, қара жұмыспен күн көретін көретін адамдар тобын сипаттау үшін қолданылады.

СССР ДЕНСАУЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ С. В. КУРАШЕВ ЖОЛДАСҚА

«СССР денсаулық министрлігі С.В.Курашев жолдасқа» хаты алғаш «Лениншіл жас» газетінің 1965 жылғы 31 қаңтарындағы №21 (6167) 2-беттерінде жарияланған. Сол жылдан бастап Қаныш Сәтбаев шығармаларының әр жылдарда жарық көрген жинақтарында басылып келеді:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1-Т.: Қазақстан – менің Отаным. – 384 б. – 383 бб.

Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999. – 464 б. + суретті қосымша 1 б.т. – 458 бб.

Мақалада кездесетін терминдер:

Электроэффлювиалды – бұл термин әдетте электр және физика саласында қолданылады және эфлювий құбылысына қатысты.

Эфлювий – бұл газ бен электр зарядының кішкентай бөлшектерінің ағып шығуы немесе таралуы. Электроэффлювиалды термині электр тоғының немесе электр өрісінің әсерінен газдың иондалуы және разряд құбылыстарымен байланысты жағдайларды сипаттайды.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абдуллаев Хабиболла Мир-Мұхамедоглы (1912-1962) – көрнекті өзбек геологы, геол.-минерал. ғыл. докт., проф., Өзбек КСР ҒА-ның және КСРО ҒА-ның акад. Ташкенттегі Орта Азия ун-тінің геол, барлау ф-тін бітірген (1935). Қ.И.Сәтбаев өзбек ғалымын ерекше қадірлеп, оған моральдық қолдау көрсетіп отырған.

Адольф Гитлер (1889-1945) – неміс саясаткері, нацизм идеологиясының және Үшінші рейх тоталитарлық диктатурасының негізін қалаушы. Ұлтшыл-социалистік неміс жұмысшы партиясының көшбасшысы, Германия фюрері және рейхсканцлері (1933–1945).

Ақсақ Темір (1336-1405) – атақты түркі тектес халықтары билеушісі, Темір әулеті империясының негізін қалаушы. 1370 жылы Мәуереннахрды басып алып, 1405 жылға дейін 35 жыл билік құрған, 27 мемлекетті қол астына бағындырған «әлем жаулаушысы».

Алтыаяқов Байман – халық зергері, ұста. Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Қарсақбай кентінде туып-өскен. Жас кезінен ертеден келе жатқан халықтың қолданбалы өнерімен айналысқан: әр алуан сәндік-әшекей бұйымдар жасап, олардың кейбіріне күміс жалату, әдісін де қолданған. Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі кезінде үлкен ұстахананы басқарып, сарбаздарға қанжар, қылыш, мылтық, т.б. қару-жарақ жасаған.

Амангелді Үдербайұлы Иманов (1873-1919) – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, Кенесары Қасымовтың үзеңгілес серігі Иман батыр Дулатұлының немересі.

Амбарцумян Виктор Амазашович (1908-ө.ж.б.) – тұмандықтар мен жұлдыздар физикасы, жұлдыздық астрономия мен жұлдыздар жүйесінің динамикасы, галактикалар мен жұлдыздар космогониясы салаларын зерттеуші кеңес астрофизигі, КСРО-дағы теор.-астрофиз. мектептің негізін салушы, КСРО ҒА-ның акад. Қ.И.Сәтбаевты әріптес ретінде жақсы білген.

Асан Қайғы Сәбитұлы (XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың аяғы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, өз дәуірінің абызы, бас биі, философ. Әз Жәнібек ханның ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен.

Ахметсафин Уфа Меңдібайұлы (1912-1984) – ғалым, геол.-минерал, ғыл. докт. Қазақстан ҒА-ның акад., Соц. Еңбек Ері. Орта Азия индустрия ин-тын бітірген (1935). КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде, кейін Қазақстан ҒА-ның Қ.И.Сәтбаев атынд. Геол, ғылымдар ин-тында бөлім меңгерушісі болды.

Әзірбаев Ерден Нығметұлы (1912-1975, Алматы қ.) – хим. ғыл. докт., проф, Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі, Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері. Саратов ун-тін., Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург)

ун-тінің аспирантурасын (1937-40) бітірген. 1935 жылдан ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, декан (1937 ж. саяси қуғындауда, 58-баппен сотталып, әскери мақсат үшін улы заттар дайындайтын, ресми түрде «шароч-ка» аталған құпия өндірісте ғыл. жұмыспен шұғылданған, 50-жылдары ақталып, ҚазМУ-дағы ұстаздық жұмысына қайта оралған), 1954-58, 1964-75 ж. Хим. ғылымдары ин-тының зертхана, бөлім меңгерушісі болып еңбек етті.

Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897-1961) – ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), филол. ғылым докт., проф. (1946), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері. Бұрынғы Семей уезі, Шыңғыстау болысының 8-а-на қарасты Аяққараған деген жерде, орта дәулетті отбасында дүниеге келген. Әкесі Омархан мен атасы Әуез сауатты адамдар болған. Алты жасында атасының үйретуімен Абайдың өлеңдерін жаттап, оны ұлы ақынның өзіне айтып берген. 1946 ж. Қазақстан ҒА құрылғанда, ҒА президенті Сәтбаевтың қол қоюымен академияның толық мүшесі (академик, №1 кәуәлік).

Бардин Иван Павлович (1883-1960) – металлург, ғалым, КСРО ҒА-ның акад. (1932). Соц. Еңбек Ері (1945). Киев политех, ин-тын бітірген (1910). Өмірінің соңына дейін КСРО ҒА-ның вице-президенті; 2-дүниежүз. соғыс жылдары Орал мен Қазақстанның экон, ресурстарын Отан қорғау мүддесіне пайдалану жөніндегі мемл. комиссия төрағасының орынбасары болды. Осы комиссияға Қазақстан-нан Қ.И.Сәтбаев та мүше болған. Негізгі ғыл. еңбектері металлургия мәселелеріне арналған.

Бәйішев Сақтаған (1909-1982) – қоғам қайраткері, ғалым, экон, ғыл. докт., проф., Қазақстан ҒА-ның акад., Қазақстанның еңб. сің. ғылым қайраткері. Марксизм-ленинизм ин-тын бітірген. Оның ғыл. еңбектері Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың тарихын, республика экономикасының даму кезеңдері мен саяси экономика мәселелерін зерттеуге арналған. «Социалистік Қазақстанның» жауапты редакторы кезінде Қ.И.Сәтбаевтың геология саласындағы еңбектерін газет бетінде көрсетуге тырысып отырды. Ал Сәтбаев қайтыс болғаннан кейін, Б. ол туралы «Қоғамдық ғылымдардың досы» деген мақала жазып, онда Сәтбаевқа шын мәніндегі энциклопедист, қазақ топырағында туған ломоносовтық тұрпаттағы ғалым деген баға берді. Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1968). КСРО орден, медальдарымен марапатталған.

Белинский Виссарион Григорьевич (1811-1848) – орыс әдебиет сыншысы, теоретик, публицист.

Бектұров Әбікен (1901-1985) – ғалым, тех. ғыл. докт., проф., Қазақстан ҒА-ның акад., Қазақстанның еңб. сің. ғылым қайраткері. Қ.И.Сәтбаевтың немере ағасы Әбікей Сәтбаевтың күйеу баласы, Сәтбаев туралы мақалалардың («Қ.И.Сәтбаев және Қазақстан халық шаруашылығын химияландыру», т.б.) авторы. Бұларда Сәтбаевтың химия ғылымын дамытуға ерекше көңіл бөлгендігін баса көрсетеді. Ленин «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Бернулли Николай мен Даниил – Санкт-Петербург академиясының толық мүшелері. Бернуллидің екеуі – ағайынды Николай мен Даниэль Ресейге шақырумен келген және Санкт-Петербург Ғылым академиясын құрудың басында тұрған алғашқы академиктердің бірі болды. Бернулли отбасы – швейцариялық протестанттық отбасы, оның көптеген мүшелері XVII-XVIII ғасырларда ғылымға айтарлықтай үлес қосты. Атап айтқанда, бұл әулетке 9 ірі математиктер мен физиктер, сондай-ақ белгілі тарихшылар, өнертанушылар, сәулетшілер, заңгерлер және т. б. жатады.

Бронзос Константин Иванович (1890 (1891)-1975) - Кеңестік мемлекет және партия қайраткері, Мелитополь қалалық партия комитетінің төрағасы (1917), Бүкілресейлік Кеңестердің VII съезінің делегаты (1920). 1925 жылы Мәскеудегі Атбасар түсті металдар тресі басқарма төрағасының орынбасары қызметіне жіберілді. 1929 жылы трест Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасына көшті

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) – Қазақ хандығының ірі мемлекет қайраткері, қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғ. жоңғар басқыншыларына қарсы Қазақ-жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Бұхарадағы, Қарнақтағы медреселерде оқыған.

Гапеев Александр Александрович (1881-1958) – геология минералдар ғылымдарының докторы (1934), профессор (1920), Ресейдің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1933). Санкт-Петербург тау-кен институтын бітірген (1910). 1923 жылдан Орал тау-кен институтының директоры, 1926 жылы Мәскеу тау-кен академиясында, 1930–1948 ж. Мәскеу тау-кен институтында, 1948–1954 ж. Мәскеу геологиялық барлау институтында профессор болған. Лонецк, Кузнецк, Екібастұз көмір алабының геология құрылысын зерттеу және жаңа көмір қорларын табу жөнінен алғаш рет іргелі ғылыми-зертеу жұмыстарын жүргізген. 1936-1950 жылдары оның жүргізген геология зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қарағанды көмір алабында кокстелген көмірдің жаңа көздері ашылды.

Гмелин Иоганн Георг (1709-1755) – орыс қызметіндегі неміс натуралисті, дәрігер, ботаник, этнограф, саяхатшы, Сібір мен Оралдың зерттеушісі, Санкт-Петербург Ғылым Академиясының толық мүшесі. 1725 жылы 16 жасар Иоганн медицина факультетін медицина ғылымдарының докторы дәрежесімен бітірді.

Джозеф-Никола Делиль (1688-1768) – француз астрономы және картографы. Астрономия профессоры (1725) және Санкт-Петербург Ғылым академиясының шетелдік құрметті мүшесі (1747-1748). Париж ғылым академиясының мүшесі (1714), Лондон Корольдік қоғамының мүшесі (1724), Берлин ғылым академиясының мүшесі және басқа да көптеген ғылым академиялары мен ғылыми қоғамдар.

Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы (1855-1933) – фольклорист, этнограф ғалым. Орынбор кадет корпусын бітірген (1876). Түркістан әскери губернаторы қарамағында тілмәш болды. 1833 жылдан бастап Сыр

бойын, Әмудария бойы мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының ертегілерін, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын, жыр үлгілерін жинады, әдет-ғұрпымен, тұрмысымен танысты.

Дмитрий Донской (1350-1389) – Владимир мен Мәскеудің ұлы князі (1359 – 1389). Иван I Калитаның немересі.

Дыбец Степан Семёнович (1887-1937) – Кеңестік мемлекет қайраткері. 1920 жылдан бастап Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінде шаруашылық жұмысында болды, Главметалл басқармасының мүшесі, Югосталь тресі басқарма төрағасының орынбасары, мемлекеттік машина жасау зауыттары басқармасының төрағасының орынбасары, басқарма төрағасы болды. Қазақ АКСР-дегі «Атбасцветмет» Атбасар түсті металдар тресі, Орталық аймақтық Металлотрест басқармасының төрағасы.

Жилинский Герман Борисович (1914-1990) – геол.-минерал, ғыл. докт., проф., Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі, Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1960).

Затаевич Александр Викторович (1869-1936) – музыка этнографы, композитор, Қазақстанның халық арт. Қазақ халқының ән, күй мұрасын жинау мен зерттеуге көп еңбек сіңірді. «Қазақ халқының 1000 әні» (1-бас., 1925), «Қазақтың 500 ән-күйі» т.б. жинақтар шығарды. Халық музыкасына ғыл. тұрғыда қараудың, онымен терең шұғылданудың негізін қалады. 1926 ж. Қ.И. Сәтбаевтан 25 халық әнін жазып алып, 1931 ж. жарық көрген «Қазақтың 500 ән мен күйлері» жинағында жариялады.

Иманов Аманкелді Үдербайұлы (1873-1919) – қазақ халқының бағыры. Қазақстанда 1916 жылы орын алған Ұлт-азаттық көтерілістің басшысы. Торғай уезі Қайдауыл болысының 3-ауылында кедей шаруа отбасында туған. 1918 жылдан Компартия мүшесі. Аманкелдінің есімі қазақ халқының тарихындағы аса бір даңқты кезең – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліспен тығыз байланысты. Бұл көтеріліс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталып, халықтың бостандығын көздеді. Бұқара халықтың бұл қозғалысы қазақ жігіттерін майдандағы қара жұмысқа алу жөніндегі патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығынан кейін өрістей түсті. Аманкелді Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Атбасар, Перовск т.б. қалаларға өз өкілдерін жіберіп, жұмысшы-шаруаларды патша өкіметіне қарсы күреске шақырады.

Каганович Лазарь Моисеевич (1893-1991) - Кеңестік мемлекет қайраткері, шаруашылық және партия жетекшісі. РКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат (1923-1924), партия Орталық Комитетінің мүшесі (1924-1957), ВКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі (1924-1924) 1925, 1928-1946), БКП (б) Орталық Комитетінің хатшысы (1924-1925, 1928-1939), Орталық Комитет Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат. Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясы (1926-1930), Орталық Комитет Саяси Бюросының (Президиум) мүшесі (1930-1957).

Карпинский Александр Петрович (1846-1936) – орыс және кеңес геологы, Ресей Геология ғылыми мектебінің негізін қалаушылардың бірі, палеонтолог және тау-кен инженері. Санкт-Петербург Ғылым академиясының академигі (1886), Ресей Ғылым академиясының бірінші сайланған президенті – КСРО Ғылым Академиясы (1917 жылдан), минералогиялық қоғамның директоры (1899 жылдан).

Келдыш Мстислав Всеволодович (1911- 1978) – орыс математигі және механигі, КСРО ҒА-ның акад. 3 мәрте Соц. Еңбек Ері (1956, 1961, 1971). 1953-78 ж. КСРО ҒА-ның Қолданбалы матем. ин-тының директоры.

Козлов Петр Кузьмич (1863-1935) – орыс саяхатшысы, әскери географ, этнограф, археолог, Моңғолия, Тибет және Шыңжаң зерттеушісі. Нань-Шань, Сычуань, Шығыс Түркістан, Моңғолия және Тибетке алты рет ұзақ экспедиция жасады. 70-ке жуық ғылыми жұмыстардың авторы. Н.М.Пржевальскийдің шәкірті. КСРО Ғылым Академиясының толық мүшесі (1928), Орыс Географиялық қоғамының құрметті мүшесі.

Комаров Владимир Леонтьевич (1869-1945) – орыс және кеңес ботанигі, флорист, ботаник-географ, педагог және қоғам қайраткері. КСРО Ғылым Академиясының президенті (1936-1945). Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі (1914), толық мүшесі (1920), КСРО Ғылым академиясының вице-президенті (1930-1936) және президенті (1936-1945), Ғылым Академиясының көптеген филиалдарының, ботаникалық бақтары мен базаларының ұйымдастырушысы.

Қасымұлы Кенесары (1802-1847) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы. Атақты Шыңғыс ханның 27-інші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ол өзінің тегі жағынан төре тұқымынан.

Қара Қыпшақ Қобыланды (XV ғ.) – аты аңызға айналған халық батыры. Шыққан тегі – Қыпшақ, оның ішінде Қара Қыпшақ. Халық жайында сақталған әңгімелерде, халық шежірелерінде оны көбіне «Қара Қыпшақ Қобыланды» деп атайды.

Қаратаев Мұхамеджан Қожасбайұлы (1910-1995) – әдебиет сыншысы, ғалым, жазушы-публицист, филол. ғыл. докт., проф., Қазақстан ҒА-ның акад., Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері. Қазақстан ҒА-ның тұңғыш президенті, акад. Қ.И.Сәтбаевты, оның білімдарлығы мен адамгершілік қасиеттерін өте жоғары бағалаған; кезінде ұлы ғалым жайында қазақ және орыс тілдерінде бірнеше кітап пен көптеген мақалалар жазды.

Қашаубаев Әміре Қашаубайұлы (1888-1934) – қазақтың атақты әншісі, актер әрі музыканты. 1925 жылы Парижде өткен Бүкіл дүниежүзі сән өнері көрмесінде «Ағаш аяқ», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қосбалапан», т.б. әндерді орындап, 2-бәйгемен қоса күміс медаль алды.

Құнанбайұлы Абай (Ибраһим) (1845-1904) – ұстаз, ақын, ағартушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, сазгер, аудармашы,

саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған.

Ленин Владимир Ильич (1870-1924) – Ресей революционері, марксизмнің ірі теоретигі, кеңестік саяси және мемлекет қайраткері, Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясын (большевиктер) құрушы, бас ұйымдастырушы және Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің жетекшісі, РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің бірінші төрағасы, әлемдік тарихтағы алғашқы социалистік мемлекеттің – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының негізін қалаушы.

Ломако Петр Фадеевич (1904-1990) – Кеңестік мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері (1974). КСРО Түсті металлургияда бастық, халық комиссарының орынбасары (1930-1940), КСРО Түсті металлургияның халық комиссары (1940 жылдан), министрі (1940-1986, шамалы үзілістермен) болып қызмет атқарған жылдары Жезқазған кеніштеріне айрықша көңіл бөліп отырды.

Ломоносов Михаил Васильевич (1711-1765) – жаратылыстану ғылымының, орыс әдеби тілінің негізін салушы, ақын, суретші, тарихшы, энциклопедиялық білімді ғұлама ғалым. Мемлекеттік кеңесші, химия профессоры (1745), Санкт-Петербург Императорлық ғылым академиясының толық мүшесі (1745), Санкт-Петербург Өнер академиясының құрметті мүшесі (1763), Корольдік швед және Болонья Ғылым академияларының Құрметті мүшесі.

Мелиоранский Платон Михайлович (1858-1906) – түркітанушы ғалым. Санкт-Петербург университетінің профессоры, В.В.Радловтың шәкірті. Ғалымның еңбектері түркі тілдерінің тарихы мен көне ескерткіштерін және ауыз әдебиеті үлгілерін тілдік тұрғыдан талдауға арналады.

Мушкетов Иван Васильевич (1850-1902) – Орыс геологы, Екатерина II тау-кен институтының профессоры, Императорлық Орыс географиялық қоғамының мүшесі. Орталық Азияны зерттеуші және Орал мен Кавказда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген. Орталық Азияның геологиялық құрылымының алғашқы ғылыми негізделген диаграммасын жасаған ғалым.

Мұқанов Сәбит Мұқанұлы (1900-1973) – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстан ҒА-ның академигі.

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы (1902-1985) – жазушы, көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері, Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Соц. Еңбек Ері. (1974), Қазақстанның халық жазушысы (1984).

Несмеянов Александр Николаевич (1899-1980) – көрнекті химик-органик, хим. ғыл. докт., проф., КСРО ҒА-ның акад. және президенті, КСРО ҒА-ның хим. ғылымдар ин-ттарында ғыл. жұмыстармен

айналысып, кейін академияның хим. бөлімінің акад.-хатшысы, КСРО ҒА-ның президенті кезінде және ғыл.-қоғамдық жұмыстарға байланысты Қ.И.Сәтбаевпен тығыз қарым-қатынаста болып, өзара пікірлесіп отырған.

Обручев Владимир Афанасьевич (1863-1956) – орыс геологі, палеонтолог, географ, фантаст-жазушы, РКФСР-дің еңбек сің. ғыл. қайраткері, КСРО ҒА-ның акад. Негізгі ғыл. еңбектері Сібірдің мұз басуы мен көпжылдық тоңына, Сібірдің тектоникасы мен тектоник. құрылысының жалпы мәселелеріне т.б. арналған. Ол Қ.И.Сәтбаевты жоғары бағалап, «Мен үшін ол – зор мақтаныш» деп естелік те жазған.

Орджоникидзе Григорий (Серго) Константинович (1886-1937) – Кеңестік мемлекет және партия қайраткері. Закавказье өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы (1922-26), БК(б)П Орталық бақылау комиссиясының төрағасы, КСРО ХКК мен Еңбек және Қорғаныс Кеңесі төрағасының орынбасары, Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, одан кейін КСРО Ауыр өнеркәсібінің халық комиссары (1926-30) болып, Социалдық индустрияландыру ісін жүзеге асыруда зор еңбек етті.

Паллас Петр Симон (1741-1811) – неміс және орыс энциклопедиялық ғалымы, натуралист және орыс қызметіндегі саяхатшы (1767-1810).

Пржевальский Николай Михайлович (1839- 1888) – орыс саяхатшысы, географ және натуралист, Орыс Географиялық қоғамының құрметті мүшесі. Бас штаб генерал-майор (1886). Ол Орталық Азияға бірнеше экспедициялар жасады, оның барысында Моңғолия, Солтүстік Қытай және Тибет аумақтарын зерттеді.

Попов Александр Сергеевич (1891-1974) – кен маманы, тех. ғыл. докт. (1937), проф. (1927), Қазақстан ҒА-ның акад. Өзбекстанның және Қазақстанның еңб. сің. ғылым қайраткері. Қаныш Сәтбаев негізін қалаған Қазақстан ҒА-ның акад, болды. Негізгі ғыл. еңбектері кен ісі саласының тех.-экон, талдауына арналған.

Пятаков Юрий Леонидович (1890-1937) – Кеңестік партия, шаруашылық және мемлекет қайраткері. 1930 жылдан – Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1930 жылдан Президиум мүшесі, 1931-1932 жылдары КСРО Жоғарғы Экономикалық Кеңесі төрағасының орынбасары, Бүкіл химия өнеркәсібі басқармасының төрағасы. 1932-1934 жылдары – КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары, ал 1934-1936 жылдары КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссарының бірінші орынбасары.

Русаков Михайл Петрович (1892-1963) – Кеңес геологы, Қазақ КСР ҒА академигі, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1936), профессор (1936), Қазақ КСР ғылым және техникаға еңбек сіңірген қайраткер, Коунрад мыс кен орнын ашқан ғалым. (1928).

Скворцов Николай Александрович (1899-1974) – кеңестік мемлекет және партия қайраткері. БКП ОК мүшесі, КОКП ОК мүшесі. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1, 2, 4 шақырылымдар депутаты. 1938-1945 жылдар

аралығында Қазақстан КП (б) ОК екінші (мамыр айында), бірінші хатшысы болды. Ол 7 жыл бойы Қазақ КСР-ін басқарды.

Сталин Иосиф Виссарионович (1878-1953) – орыстың революциялық, кеңестік саяси, мемлекеттік, әскери және партия жетекшісі. 1922 жылдың 3 сәуірінен 1934 жылдың 10 ақпанына дейін бас хатшы болды, кейін — Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясы Орталық Комитетінің хатшысы, Кеңес Одағының Маршалы, Кеңес Одағының генералиссимосы. КСРО Қорғаныс халық комиссары, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы және КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы.

Тимирязев Климент Аркадьевич (1843-1920) – орыс натуралисті, Өсімдіктер физиологиясы бойынша маман, Фотосинтездің ірі зерттеушісі, Дарвиннің эволюция туралы идеяларын Ресейдегі алғашқы насихаттаушылардың бірі, танымал және ғылым тарихшысы, Мәскеу университетінің құрметті профессоры. Петербург Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1890), Лондон Корольдік қоғамының шетелдік мүшесі (1911).

Тоқтамыс хан (шамамен 1350-1406) – Алтын Орда ханы. Таққа отырысымен Шыңғыс хан әулетінің тақ үшін 25 жыл бойғы қырқысуларын жойды, ақша реформасын жүргізді. Сонымен қатар Көк Орда, Хорезм, Қажы-Тархан, Қырым иеліктері мен т.б. ұсақ ордалардың басын қосып, қуатты Жошы ұлысының бірлігін қалпына келтіруге күш салған билеуші.

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835-1865) – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклортанушы, суретші. Омбы кадет корпусын бітірген. Петербург университетінің тарих, филология факультеттерінде дәріс тыңдаған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін жалғастырушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Шәкәрім Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды.

Шөкин Шалық Шөкіұлы (1912-2003) – энергетик, тех. ғыл. докт., проф. Қазақстан ҒА-ның акад., Қазақстан Инж. академиясының акад., Қазақстанның еңб. сің. ғылым қайраткері, Халық қаһарманы. КСРО-ның құрметті энергетигі. 1964-67 ж. Қазақстан ҒА-ның президенті. Негізгі ғыл. еңбектері энергетика мәселелеріне арналған. Ш. Қазақстанда, оның жеке аймақтарында энергетиканы жан-жақты өркендету жөнінде ғыл.-тех. болжамдар жасады; отын-энергетика кешендерін құру жолдарын ғыл. тұрғыдан дәлелдеді; энерг. қуаттардың ауқымы мен құрылымын, оларды орналастыру, жұмыстарын бағалау әдістерін тауып, өндіріске енгізді; республикада халық ш-ның энергия тұтынуы. Ш. Қ.И.Сәтбаевпен ҒА қабырғасында 20 жылдан астам уақыт қызметтес болған.

Щербаков Дмитрий Иванович (1893-1966) – геолог, белгілі геохимик. КСРО ҒА құрамындағы мекемелерде жауапты қызметкер, КСРО ҒА-ның Геохимия, минерал және петрография ин-тының қызметкері, академия қарамағындағы Геол, ғылымдар ин-тының минерал және геохимия секторының меңгерушісі, Одақтық минералдық шикізат ин-тында ғыл. жетекші (1943-48), КСРО ҒА-ның геология-география бөлімінің акад.-хатшысы (1953-63) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері кішігірім және сирек элементтерге арналған. Ғалымның есімімен жаңа ашылған минерал – щербаковит. Қ.И.Сәтбаев КСРО ҒА-ның Төралқа құрамында, сонымен қатар Щ. басқарған Геология және география ғылымдар бөлімінің мүшесі болған жылдары (1953-63) ғыл. шараларды ұйымдастыруда бір-бірімен қарым-қатынаста болған.

Ысмайылов Есмағамбет Самұратұлы (1911-1970) – әдебиет зерттеуші, фи-лол. ғыл. докт., проф., Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі. Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғылым қайраткері. ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін бітірген (1934). 1934-35 ж. ұлт мәдениеті ин-тында кіші ғыл. қызметкер, 1935-38 ж. «Коммунист» журналының жауапты хатшысы, 1939-44 ж. Қазақстан ҒА-ның Тіл және әдебиет ин-тында ғыл. қызметкер, 1944-51 ж. ҚазМУ-де оқытушы, 1956-70 ж. Қазақстан ҒА-ның М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Эйлер Леонард (1707-1783) – швейцариялық, пруссиялық және ресейлік математик және механик. Физика, астрономия және бірқатар қолданбалы ғылымдардың дамуына іргелі үлес қосқан.

Яговкин Иван Степанович (1886-1934) – Кеңес геолог ғалымы, Қазақстан мен Забайкальдегі түсті және асыл металдар геологиясын алғаш зерттеушілердің бірі.

БАСПАСӨЗ АТАУЛАРЫ

«**Алтай большевигі**» газеті – қоғамдық-саяси газет. Шығыс Қазақстан облысы және Өскемен қаласы партия комитеттерінің және еңбекшілер депутаттары облысы Кеңесінің органы ретінде 1941-52 жылы аралығында қазақ тілінде шығып тұрған. Газеттің негізгі бағыты - кенді Алтайдың халық шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарын өркендету, ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру, еңбекшілерді «Бәрі майдан үшін» деген ұранға жұмылдыру, соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру, тағы басқалары мәселелер. Газеттің 1947 жылғы 1 тамыздағы санында Қаныш Сәтбаевтың «Үлкен Алтай байлығы» деген мақаласы жарияланған.

«**Білім және еңбек**» – жастарға арналған ғыл.-көпшілік журнал. Қазақстан ЛКСМ ОК мен Пионер ұйымы респ. кеңесінің журналы ретінде 1960 ж. қаңтардан ай сайын қазақ тілінде шыға бастады. Журналдың негізгі бағыты – ғылым мен техника жаңалықтарын, озық технология жетістіктерін насихаттау, жас жеткіншектерді өнер-білімге, техника тілін меңгеруге баулу, оларды табиғат таңғажайыптарымен, әдебиет пен өнердің, сәулет өнерінің үздік туындыларымен таныстыру. Осы мақсатпен журнал бетінде республика ғалымдарының, білікті мамандардың, өнер, әдебиет қайраткерлерінің материалдары жиі жарияланып тұрды. Журналда Қ.И.Сәтбаевтың «Қазына қоймасы – Қазақстан» (1960, 10-саны) және «Қазақстан қазынасы – коммунизм игілігіне» (1961, 10-саны) деген публицист. мақалалары жарияланған. Көсемсөзге тән көтеріңкі рухпен желдірте жазылған бұл мақалаларында ұлы ғалым еліміздің кен байлығын мақтан ете отырып, сол мол ырыз-дықты игеру үшін жастарды білімге, еңбек сүйгіштікке шақырады, елімізде мал ш-н өркендету үшін шөлейт аудандарды суландыру, жер асты суларын пайдалану мәселесін алға тартады. Ғалымның «Еңбекте Шыңдал!» (1960, 3-саны), «Барлаңдар, бағдарлаңдар!» (1961, 7-саны) деген шағын материалдары ақылгөй атаның ұрпағына айтар ұлағатты ақ батасы сияқты. Журналдың заңды жалғасы «Зерде» 1989 жылғы 4-санын түгелдей ұлы ғалымның 90 жасқа толған мерейтойына арнады.

«**Жезқазған жұмысшысы**» – 1955-62 жылдары аралығында Жезқазған қаласында шығып тұрған газет. 1955 ж. тамыз айын да «Ж. ж.» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Газет Жезқазған қ-лық партия к-ті мен еңбекшілер депутаттары қалалық кеңесінің органы ретінде негізінен орыс тілінде шығатын «Джезказганский рабочий» газетінің мақалалары мен хабарларын қазақ тілінде жариялап отырған. Кей кездері газет бетінен тілшілердің төл мақалалары мен хабарларын, сондай-ақ жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын да жариялаған: 1959 ж. 10-сәуірдегі нөмірінде акад. Қ.И.Сәтбаевтың 60 жасқа толуымен орай газет бетінде жергілікті өлкетанушы С.Т.Бүкіровтің «Қаныш аға», В.И.Штифанов пен В.Шведконың «Даңқты юбилей» және С.Бәйішевтің

«Қоғамшыл, патриот ғалым»; 1961 ж. 3-қаңтарда М.Сәрсекеевтің (Сәрсекенің) «Жезқазған осылай туған» атты мақалалары жарияланды. 1962 ж. акад.-ғалым Сәтбаевтың, КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаттығына кандидат болуымен байланысты газеттің бірнеше санында мақалалар жарық көрген. Мыс., Ж.Өмірбековтің «Біздің Қаныш» (24-ақпан), С.Тақабайұлының «Бірліктің айғағы» (20-наурыз), Ж.Әділовтың «Бақыт үшін дауыс бердім» (22-наурыз), т.б.

«Қазақ әдебиеті» – Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті. Әр апта сайын, жұма күні шығады. Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шыға бастады. «Қазақ әдебиеті» газеті - Қазақстан жазушылар одағының органы ретінде тұңғыш саны 1934 жылдың қаңтарында жарық көрген.

«Қазақ елі» - газеті шет елдерде тұратын қазақтарға арналған басылым. Журналдың тұңғыш саны 1944 жылдың қыркүйек айында шығарылды. Журналдың бас редакторы қызметін көп жылдар бойы атқарған Бөлебай Исабекұлының айтуынша, алғашқы саны 10 беттей болып, 5-10 мың тиражбен айына бір рет шығарылыпты. Бірінші ерекшелігі – шекара маңындағы ағайындарымыздың оқу үлгісіне лайықталып, араб қарпімен басылды. Қазақша, ұйғыршасы да бірге шығып отырды. Шет елдердегі қазақтарға арналған алғашқы басылым 1956 жылы жабылып қалды. Арада 20 жыл өткен соң 1976 жылы "Біздің Отан", кейін "Шалқар" апталық газеті жарық көрді. Кейіннен "Қазақ елі" журналы 1995 жылы 20 сәуірден шыға бастаған. Төте араб жазулы "Шалқар" қосымшасы айына екі рет жарық көріп тұрады. Сол кездегі қаржыландырушы құрылтайшысы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. Кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің қарамағына өткен. 1999 жылы Қаржы тапшылығына байланысты газет жабылып, 2000 жылы қайта шыққан. "Қазақ елі" Шет елдердегі қазақтардың тыныс-тіршілігі, ата жұрттың қамқорлығы, оралмандарды орналастыру мәселелерін үзбей көтеріп келеді. 2003 жылдан көші-қон тақырыбы кең камтылады. Таралымы 7000 дана апталық газеті Өзбекстанға, Моңғолияға, Ресейге, Түркияға, Қытайға, т.б. шет елдерге жіберіледі.

«Қазақ тілі» – газет. 1919 жылы 4 желтоқсанда Семейде құрылды. 1928 жылға дейін шықты. Облыстың экономикасы мен мәдениетінің гүлденуі, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру туралы материалдар, әдеби туындылар жариялап тұрды.

«Қазақстан мұғалімі» – апталық газет. Бастауыш және орта мектептердің мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алғашқы нөмірі Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты органы ретінде 1935 жылғы 20 наурызда «Төте оқу» деген атпен жарық көрсе, 1939 жылдан «Сауатты болуға көмекші», ал 1940 жылдан «Жаңа жазу» деген атпен шығып тұрған. 1952 жылдың қараша айынан қазіргі атымен шығып келеді. 1956 жылдың 1 қаңтарында акад. Қ.И.Сәтбаевтың

«Политехникалық оқудың жүзеге асырылуын тілеймін» деген мақаласы жарияланған. Қазақстанның барлық бастауыш және орта мектеп оқытушылары мен оқушыларына жаңа жылдық тілегін білдіре келіп, ғалым оқушылардың «... туған өлкесінің табиғаты және өмірімен таныса түсуін, өлкетану үйірмелерінің жүйесін кеңейте беруін, геологиялық, геоботаникалық, тағы басқа сан алуан рейдтер мен жорықтарды жиірек өткізуден, өз ауданындағы өсімдіктердің, жәндіктердің, тау жыныстары мен минералдардың барлық түрлерін жинап, олардың коллекцияларын жасауын, аудандағы ежелгі руда өндіру орындары, археологиялық ескерткіштер туралы мәліметтер жинап, оларды белгілей жүрулерін» тілектестік ретінде білдірумен оларды ғылым жолына қарай бағыттады. Қазақстан мектептерінде политех. оқудың жүйелі түрде жүргізілуін, мұның басты мақсатының өзі «оқушыларды еңбек дағдысына, ... әрбір азамат үшін және біздің бүкіл еліміз үшін ілгері басу мен бақыттың айбынды негізі болып табылатын күшке баулу» екенін ашып түсіндіреді.

«Қызыл Кенші» – газет. Қарсақпай ауданы партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары ауданы Кеңес атқару комитетінің органы болды. Алғашқы нөмірі 1931 жылы 7 қарашада жарық көріп, тұңғыш редакторы Әбділда Тәжібаев болды.

«Қызыл Қазақстан» (бұрынғы «Қазақстан коммунисті», қазіргі «Ақиқат») – Қазақстан партия ұйымының органы. 1921-29 жылдар аралығында шығып тұрған.

«Лениншіл жас» – жастар газеті. Алғашқы саны 1921 ж. 22 наурызда Ташкент қ-нда жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ғ.Мұратбаев, жауапты хатшысы І.Жансүгіров болды. Газет 1927 ж. 22 қыркүйекте «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастады. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін газетке «Жас алаш» атауы қайтарылды. Қ.И. Сәтбаевтың осы газетте бірнеше мақаласы жарияланды. Мыс., оның 1936 жылты 10 тамызда жазған мақаласы «Үлкен Жезқазғанның болашағы» деген атпен жарық көрген. Осы мақаласында жас ғалым сол уақыттың өзінде-ақ «Елі-міздегі мыс кені шығатын аудандардың ең үлкен, ең кенге бай жері Жезқазған болып саналады» – деп көрегендікпен батыл түрде жазған. Сәтбаев дүниежүз. маңызы бар Жезқазған жеріндегі мыс кенін ел игілігіне айналдырып, халық ш. қажетіне пайдалану үшін үлкен құрылыс жұмыстарын тездетіп қолға алынбақ, осыған орай 200 мың кВт электр ст-н және 50-60 мың халық тұратын қала салынып, онда мектептер, клуб пен аурухана, демалыс парктері болатынын айтады. 1965 ж. 31 қаңтардағы газет нөмірінде ғалым өмірден озғаннан кейін оның РКФСР-і Қоғамдық қамсыздандыру министрі атына 1958 ж. сәуір айында жазған хатын жариялады. Бұл хатта қазақ музыкасының негізін салуға аса зор үлес қосқан А.В.Затаевичтің ғажап еңбегін бағалау туралы әлеум. мәселе қозғаған.

«Октябрь Туы» – газет. 1944 жылы Сталиншіл деген атпен шыға бастады. Қазақстан КП Талдықорған облысы және қалалық комитеттері

мен еңбекшілер депутаттары облысы кеңесінің органы болды. 1944 жылдың 7 қарашасынан «Сталиншіл» деген атпен шыға бастады. 1956 жылдың 23 маусымынан «Советтік Жетісу» деп аталды.

«Пионер» – балаларға арналған журнал. Алғашқы саны 1925 жылы Орынборда жарық көрді. Тұңғыш бас редакторы Е.Алдоңғаров. Журнал әр жылдары «Екпінді жас» (1931-37), «Вожатый көмекшісі» (1937-39) деген атпен шығып тұрды. Журналдың жұмысына Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, тағы басқа ақын-жазушылар белсене қатысты. 1991 жылдан «Ақ желкен» журналы деп аталады

«Советтік Қазақстан ғылыми. 1920-1960» жинақ – 1960 ж. Алматы қ-ндағы Қазақстан ҒА-ның баспасынан орыс, қазақ, ұйғыр тілдерінде жарық көрген жинақ, көлемі 50,6 б.т.; онда акад. Қ.И.Сәтбаевтың фотосы және 19 сурет, 14 кесте, 11 сызба, 1 карта берілген. Бас редакторы – акад. Сәтбаев. Жинаққа Қазақстан ҒА-да ғылым салаларын дамытудың негізгі мәселелері бойынша жазылған мақалалар енген. Жинақта Қазақстан ҒА-ның құрамындағы ин-ттардың жұмысына қысқаша шолу жасалған. Қазақ КСР-інің құрылғанына 40 жыл толу қарсаңында ғылымның қол жеткен негізгі нәтижелері және басты мәселелерді шешу жолында еңбек етіп келе жатқан Қазақстан ғалымдары жайлы айтылған. Мақалалардың авторлары – Қазақстан ҒА-ның академиктері, корр.-мүшелері, еңбек сің. ғыл. қайраткерлері, Лениндік және КСРО Мемл. сыйл. лауреаттары, басқа да жетекші ғалымдар. Кітапта акад. Сәтбаевтың «Советтік Қазақстанның 40 жылдық мерекесіне Қазақ ССР Ғылым академиясының тартуы» және «Советтік Қазақстан геологиясының жетістігі» атты көлемді мақалалары қазақ және орыс тілдерінде жарияланған. Онда Қазақстанның 40 жыл ішінде Кеңес Одағындағы аса қуатты, гүлденген индустриалды-агр. елге айналғаны айтылып, Қазақстан ҒА жұмысының жайы мен негізгі қорытындылары, келешектегі жұмысының бағыты мен міндеттері, Қазақстан ғалымдарының геол., металлургия және болжам салаларындағы қол жеткен табыстары баяндалған.

«Советтік Қарағанды» – газет. Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық Комитеті мен халық депутаттары облыстық Кеңесінің органы. 1938 жылғы 18 қаңтардан 1963 жылдың 30 сәуіріне дейін қазақ тілінде шығып тұрды. 1938 жылға дейін «Қарағанды пролетариаты», 1963 жылдан бастап «Орталық Қазақстан» газеті деп аталды.

«Социалистік Қазақстан» – қоғамдық-саяси газет. Қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті 1937-91 ж. аралығында Қазақстан Компартиясы ОК-нің, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі мен Мин. Кеңесінің органы ретінде осы атпен Алматыда аптасына алты рет қазақ тілінде шығып тұрған. Газеттің негізгі бағыты – жергілікті партия, кеңес ұйымдарының жұмысын нығайту, еңбекші бұқараға коммунистік тәрбие беру, а.ш. мен өнеркәсіпті ілгері дамыту, халықтың білімін көтеріп, мәдениеті мен тұрмысын жақсарту, экономикадағы жаңалықтар мен ғылым жетістіктерін игеру т.б. мәселелер. Бұл газетте Қ.И.Сәтбаевтың 1938 жылдан бастап 70-ке

тарта мақаласы жарияланған. Ғалымның «Үлкен Жезқазған комбинаты» (1938, 9 қаңтар), «Қияқты көмір бассейні» (1940, 22 қыркүйек), «Үлкен Жезқазғанды тезірек салайық» (1938, 16 сәуір), «Жезқазған байлықтарын меңгеру міндеттері» (1940, 16 сәуір), «Жезқазған – түсті металдар қоймасы» (1940 22 қыркүйек), «Жезқазған барлаушылары» т.б. мақалалары болашақ мыс алабының жаңа кен көздерін ашу, оларды жедел игеру және Үлкен Жезқазған байлығын отан игілігіне жұмсау мәселелерін сөз етеді. 1941 ж. басталған неміс фашистерінің опасыздық шабуылы бүкіл ақ ниетті адамдармен бірге қазақ ғалымының да ашу-ызасын келтірген. Ол соғыс жылдары «Қазақстан жаратылыс байлықтарын Отан қорғау ісіне жұмылдырайық» (1941, 16 қыркүйек), «Қазақстан интеллигенциясы Отан соғысы күндерінде» (1943, 21 желтоқсан), «Батырдың ерлік дәстүрі» (1944, 18 маусым) деген публицист. екіпінмен, ерлік рухында жазған мақалаларында сұрқия жаудың арамза пиғылын ашып, майдандағы жауынгерлерді ата жаумен айқасқа, елдегі еңбеккерлерді қажырлылыққа шақырады, жауга атылатын қорғасын мен құрышты, басқа да майданға қажетті өнімдерді көптеп шығаруға үндейді.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақмая вольфрам-молибден висмут кен орны – Қарағанды облысының Шет ауданы жерінде орналасқан.

Ақмола – Қазақстанның солтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлігі. 1939 жылы құрылып, 1961–1992 жылдары Целиноград облысы болып аталды.

Ақсу ферроқорытпа зауыты – Еуразиялық Топтың (ERG) құрамына кіретін «Қазхром» трансұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының филиалы (1995 жылға дейін – «КОКП XXIII съезі атындағы Ермаков ферроқорытпа зауыты») – хромды, кремнийлі және марганецті қорытпалар өндіретін әлемдегі ең ірі металлургиялық кәсіпорындардың бірі. Кәсіпорын Ақсу қаласында (Павлодар облысы) орналасқан.

Ақтөбе Ферроқорытпа Зауыты, «Феррохром» акционерлік қоғамы – химиялық тәсілдермен сапалы, аса берік шойын өндіруге қажетті ферроқоспалар шығаруға мамандандырылған металлургиялық кәсіпорын, Қазақстан қара металлургиясының тұңғышы.

Ақтөбе химия зауыты – технологиялық контактілі күкірт қышқылы, технологиялық олеум, жай ұнтақталған және түйіршіктелген суперфосфат, кремний-фторлы, натрий, бор қышқылы, бура және т.б. химиялық өнімдер өндіретін Ақтөбеде орналасқан зауыт.

Алтай кен байыту кешені (еск. Зырянов кен байыту кешені) – Қазақстандағы қорғасын-мырыш кентастарын өндіріп, байытумен айналысатын ірі түсті металлургия кәсіпорны.

Аманқарағай ауылдық округі – Қостанай облысы Әулиекөл ауданындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Аманқарағай, Лесное, Озёрное ауылдары кіреді. Орталығы – Аманқарағай ауылы.

Арғанаты – Ұлытау облысы Ұлытау ауданының солтүстігіндегі тау сілемдері. Ұлытау тауының солтүстігінде орналасқан. Ол солтүстіктен оңтүстікке қарай 80 км-ге созыла жалғасқан шоқылар тізбегінен тұрады. Ені 20 – 25 км. Ең биік жері – Дондығұл (757 м).

Арыс – Түркістан облысындағы қала. Жергілікті атқарушы орган – Арыс қаласының әкімдігі. Қала әкімдігіне қарасты 13 атқарушы орган өз қызметін жүзеге асырады. Арыс қаласының әкімдігіне Арыс қаласы мен 6 ауылдық округ кіреді.

Атансор темір кен орны – Ақмола облысы Біржан сал ауданында орналасқан. Ордовиктің эффузивті-шөгінді жыныстары мен диорит интрузиясының жапсарында жатыр. Темір кені порфирит арасындағы эктастарда пайда болған скарндармен байланысты.

Атасу кенді ауданы – Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданындағы темір-марганец, барит-полиметалл кендері орналасқан алқап.

Атбасар – Ақмола облысы Атбасар ауданының орталығы (1928). Астана қаласынан солтүстік-батысқа қарай 232 км жерде, Жабай өзенінің (Есілдің бір саласы) оң жағалауына орналасқан. Іргетасы 1845 жылы

қаланған. XIX ғасырдың 40–50 жылдары өзі аттас округтың, 1869 жылдан Ақмола облысы Сарысу уезінің орталығы болды. Қазан төңкерісіне дейін мұнда жыл сайын Атбасар (Петров) жәрмеңкесі өткізіліп тұрды. 1928 жылдан аудан орталығына айналды. Ақмола – Қарталы (Ресей) теміржолының салынуы (1940) қаланың одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасады.

Атбасар түсті металдар тресі (Атбасцветмет) – КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесіне (ВСНХ КСРО) қарасты Басметалл (Главметалл) басқармасының өндірістік-аумақтық құрылымы. 1925 жылдың 10 маусымында Еңбек және Қорғаныс кеңесінің арнаулы қаулысымен ұйымдастырылған. Трест құрамына Спасск комбинаты, Қарағанды көмір кендері, Өспен (Нілді) мыс кеніші, Спасск (Көкөзек және Ақбұйрат) мыс қорыту зауыты беріледі және қайта салынып жатқан Қарсақбай мыс өндірісі, Байқоңыр қоңыр көмір кені, Жезқазғандағы мыс кеніштері, тағы басқалары кен орындары қаратылады.

Аягөз – Абай облысына қарайтын қала, Аягөз ауданының әкімшілік орталығы. Қазақстанның шығысында, Аягөз өзенінің қос жағасында орналасқан. Стратегиялық маңызы бар қала, қалада бірнеше әскери гарнизондар мен ПВО зымыранды әскери кешен орналасқан. Тоғыз жолдың торабы.

А.П.Завенягин атындағы Норильск тау-кен металлургия комбинаты – пайдалы қазбаларды өндіру және түсті металдар металлургиясы бойынша кеңестік, ресейлік өнеркәсіптік кәсіпорын.

Әйет темір кен орны, Әйет темір кентасты алабы – Қостанай облысының Әйет өңіріндегі темір кені тараған аймақ. Ол Торғай Бас темір кентасты алабы, Елтай-Қоржынкөл ауданы құрамына кіреді.

Бала Жезді – Жезді өзенінің оң саласы. Ұлытау облысы Ұлытау ауданы жерімен ағады. Ұзындығы 66 км, су жиналатын алабы 655 км². Ұлытаудың оңтүстік сілемдерінен басталады да, Үлкен Жездімен қосылып, Жезді өзенін құрайды.

Балқаш мыс балқыту зауыты – Қазақстанның түсті металлургия саласындағы ірі кәсіпорын. Балқаш көлінің солтүстік жағалауындағы Бертис шығанағында (Балқаш қаласынан 2-3 км) орналасқан. Ол алғаш (1938) Балқаш мыс және түсті металл өңдеу зауыттары мен Қоңырат мыс және Гүлшат қорғасын-мырыш кеніштерін біріктіру нәтижесінде Балқаш кен-металлургия комбинаты болып құрылған. 1997 жылы “Балқашмыс” акционерлік қоғамы болды. “Балқашмыс” негізінен тазартылған мыс, асыл және сирек кездесетін металл үгінділерін, қорғасын мен мырыш өнімдерін, никельді және оттексіз вайербарс тотияйындарын, молибден мен темір концентраттарын, селен, теллур, кадмий, рений тұздары мен қышқылдарын, аммоний перренаты мен күкірт қышқылын шығарады.

Баянауыл – Павлодар облысындағы ауыл, Баянауыл ауданының (1928 жылдан) және Баянауыл ауылдық округінің орталығы. Павлодар

қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 210 км жерде, Баянауыл тауының оңтүстік-шығыс бөктеріндегі Сабындыкөл жағасында орналасқан. Ең жақын теміржол бекеті – Екібастұз (135 км).

Берікқара – ежелгі кеніш орны. Қарағанды облысы Қарқаралы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 75-80 км жерде. Негізгі пайдалы қазбалары мыс, күміс және қорғасын болған.

Бесшоқы – ежелгі кеніш. Қарағанды облысы Шет ауданы жерінде, Қарқаралыдан оңтүстік-батысқа қарай 140 км жерде.

Бозтұмсық – Ұлытау облысы Ұлытау ауданындағы ауыл, Қаракенгір ауылдық округі орталығы. Аудан орталығы – Ұлытау ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 38 км-дей жерде, Қаракенгір өзенінің оң жағасында Байсай өзені құяр жерінде орналасқан.

«**Гипроцветмет**» 1929 жылы құрылған тау-кен және түсті металдар металлургиясының ғылыми-зерттеу, конструкторлық жобалау институты.

«**Долинская**» шахтасы – Қарағанды көмір бассейнінің Шерубай-Нұра телімінің көмір өндіруші кәсіпорны.

Донбасс – атауы мен орналасқан жері Донецк көмір бассейнінен шыққан. Кен орындары XVIII ғасырдың басында зерттеле бастаған, ал өнеркәсіптік дамуы XIX ғасырда басталған аймақ.

Дөң Кен Байыту Комбинаты – хром кентастарын өндіріп, оны байытумен айналысатын кәсіпорын. Ақтөбе облысының Хромтау ауданындағы Хромтау қаласында орналасқан.

Еділ өзені – Еуропадағы ең үлкен өзен болып табылады. Ұзындығы 3530 км, су жиналатын алабы 1360 мың км². Бастауын Валдай қыратынан (абсолюттік биіктігі 343 м) алып, Каспий теңізіне құяды. Сағасы теңіз деңгейінен 28 метр төмен жатыр. Еділге екі жүзден астам салалар құяды. Орта ағысында Ока, Шолман, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады.

Ешкіқырған – Жайық алабындағы өзен. Ақтөбе облысы Қобда ауданы жерімен ағады. Ұзындығы 66 км. Шыңғырлау тауынан басталып, Қоғалы ауылының тұсында Қобда өзеніне құяды.

Жайық – Ресей Федерациясы (Башқұртстан, Челябині, Орынбор облыстары) мен Қазақстан Республикасы (Атырау, Батыс Қазақстан облыстары) жеріндегі өзен. Өзен Еуропа мен Азия дүние бөліктерін бөлуші Орал тауларынан бірге шекара болып есептеледі. Жалпы ұзындығы 2428 км, су жиналатын алабының ауданы 237 мың км², Қазақстан жеріндегі ұзындығы 1084 км.

Жаман Ақкөл, Ақкөл – Ұлы Жыланшық өзенінің сағалық алабындағы көл. Қостанай облысының Жангелді ауданы жерінде, Торғай қолатының оңтүстік-шығысында, теңіз деңгейінен 115 м биіктікте орналасқан. Аумағы 41,2 км², ұзындығы 12-13 км, ені 6 км. Жауын-шашын және Ұлы жыланшықтың жайылма суымен толығады, жазда тартылып сортаңды батпаққа айналады.

Жәнет молибден кен орны – Қарағанды облысы Шет ауданы жерінде, Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 120 км жерде. Кен орны 1954 жылы ашылып, 1957-1964 жылдары барланған.

Жезді – Ұлытау облысы Ұлытау ауданындағы кент іргесі. Ұлы Отан соғысы жылдары Жезді марганец кен орнын жедел игеру қажеттілігіне байланысты қаланды (1942). 1944 жылы кентке айналды. 1963-1997 жылдары Жезқазған облысы Жезді ауданының орталығы болды.

Жезді марганец кен орны – Қарағанды облысы Ұлытау ауданында, Жезқазған мыс кен орнынан солтүстікке қарай 40 км жерде орналасқан. Кен орны 1941 жылы Қ.И. Сәтбаевтың басшылығымен жедел барланып, өндіріске қосылған.

Жезқазған – Қазақстанның Ұлытау облысындағы 1954 жылы құрылған қала, облыс орталығы. Қазақстанның мысты қазынасы. Қала тарихы комбинаттың тарихымен тікелей байланысты. Жезқазғанның алғашқы тұрғындары құрылысшылар мен кеншілер болды.

Жилианское – Қазақстанның солтүстік-батыс аймағында орналасқан және Ақтөбеден оңтүстік-шығысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан. Дамыған инфрақұрылымы, соның ішінде Еуропа мен Азияны байланыстыратын теміржол және автомобиль жолдары бар.

Жоғарғы Көл (Верхнее озеро) (ағылш. Lake Superior) – Солтүстік Америкадағы Ұлы көлдер құрамындағы көл. АҚШ пен Канада шекарасында орналасқан. Аумағы жағынан жер шарындағы ең үлкен тұщы көл. Теңіз деңгейінен 183 м биіктікте жатыр.

Жоғарғы Қайрақты кен орны – Қарағанды облысының Шет ауданында, Жарық теміржол станциясынан 35 км жерде орналасқан. Кен орны көліктік және энергетикалық коммуникацияларға жақын. Ірі облыстық және өнеркәсіптік орталық – Қарағанды қаласы кен орнынан солтүстікке қарай 130 км жерде орналасқан.

Жыланды – Ұлытау облысы Ұлытау ауданындағы ауыл, Сарысу ауылдық округі орталығы. Аудан орталығы – Ұлытау ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 173 км-дей жерде, Қарағанды облысының шөлейтті аймағында орналасқан.

Келтемашат – Түркістан облысы Түлкібас ауданы, Келтемашат ауылдық округі құрамындағы ауыл, қоңыр көмір кен орны.

Кемпірсай кенді алқабы – Ақтөбе облысы Орал тауының оңтүстігінде Орталық Орал көтерілімі ауқымында орналасқан аса ірі хромит, никель, кобальт кен орындары шоғырланған алап.

Кентөбе темір кен орны – Қарқаралы ауданында орналасқан. XIX ғасырдың соңынан бастап белгілі. 1924 жылы М.П. Русаков алғашқы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізді, 1947-1980 жылдары арасына үзіліс салып егжей-тегжей барлау жасады. Қоры үш рет (1953, 1967, 1980) айқындалды. 1983 жылдан кен қазыла бастады.

Кентөбе-Тоғай темір кендерінің тобы – Қарағанды облысы Қарқаралы қаласынан шығысқа қарай 46 км жерде орналасқан кен орындары

(Кентөбе, Тоғай-I, Тоғай-II). Ең ірісі – Кентөбе кені. Жалпы кен қоры 100 млн. т-дан астам. Кенді әуелі ашық, кейін жер асты әдісімен өндіру тиімді. Кен құрғақ магниттік бөлу жолымен байытылады. Өндірілген кен Қарағанды металлургия комбинатының шикізаты болып табылады.

Керчь темір кені бассейні – бұрынғы КСРО-дағы ең қуатты шөгінді темір кендерінің кен орны, Қырымдағы Керчь түбегінде орналасқан.

Кола түбегі – Ресейдің еуропалық бөлігінің солтүстік-батысындағы түбек.

Көкшетау – Ақмола облысының әкімшілік орталығы (1999 жылдан; 1944-1997 жылдары Көкшетау облысының орталығы болған), Қазақстанның солтүстігінде, Бұқпа тауының етегі мен үлкен Қопа көлінің оңтүстік жағалауындағы (көлге Шағалалы және Қылшақты өзендері құяды) көркем жерде орналасқан қала.

«Қазгипромаш» институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2001 жылы Қазақстанда және Орта Азия республикаларында аталған саланы дамыту үшін одақтас органдардың арнайы шешімдері бойынша 1988 жылы құрылған электрондық өнеркәсіпті жобалау ұйымының негізінде құрылған институт.

Қайрақты қорғасын кен орны – Қарағанды облысы Шет ауданында Ақадыр теміржол станциясының солтүстік-шығысында орналасқан (40 км). 1944-1954 жылдары толық барлау жүргізілді. Кен орны шығыс және батыс синклиналидарынан құралған. 1944 жылдан барит-полиметалл кендері өндіріледі.

Қалмақкөл – Есіл алабындағы тұзды көл. Солтүстік Қазақстан облысы Ғ.Мүсірепов ауданының оңтүстік-шығысында, Аққанбұрлық өзенінің сол жағалауында, Шағалалы ауылының батысында 4 км жерде орналасқан. Теңіз деңгейінен 308,3 м биіктікте.

Қарағанды – Орталық Қазақстандағы қала, Қарағанды облысының орталығы. Қазақстан қалаларының халық саны бойынша Алматы, Астана, Шымкент және Ақтөбе шаһарларынан кейін 5-ші орында орналасқан.

Қараоба вольфрам-молибден кен орны – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында, Қаражал қаласынан оңтүстікке қарай 100 км жерде орналасқан. Кен орны 1946 жылы ашылған. Кен орны орташа масштабты, терең қабаттары жер асты тәсілімен игеріледі.

«Қаратау» кен-химия комбинаты – өндірістік кәсіпорын, «Қазфосфат» ЖШС-нің филиалы. Қаратау қаласында орналасқан. 1946 жылы Шолақтау кен-байыту фабрисы болып құрылған кәсіпорын 2001 жылы «Қаратау» кен өңдеу кешені құрылымына енді. Өндірістік негізі – фосфорит кентасын өндіретін және өңдейтін тау-кен комбинаты.

Қарқаралы – Қарағанды облысындағы қала, Қарқаралы ауданы орталығы. Қала Қарағанды облысының шығыс бөлігінде, Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 220 км жерде, теңіз деңгейінен 815 м биіктікте жатыр.

Қарсақбай – Ұлытау облысы Ұлытау ауданындағы кент. Іргесі 1911 жылы Қарсақбай-Аша қонысында қаланған. Қарсақбайда Қазақстандағы түсті металлургияның тұңғышы – мыс қорыту зауыты салынған.

Қарсақпай темір кені – Қарағанды облысындағы Қарсақбай-Ұлытау антиклинорийінің ойпаңында орналасқан кендер тобы.

Қашар темір кен орны – Қостанай қаласынан солтүстік-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан. Бұл аймақта Қашар антиклинорийінің шығыс қанатындағы визе-серпухов ярусының жанартаутекті шөгінді жыныстары мен қышқыл құрамды интрузиялар түйіскен. Кен орны 1950 жылы ашылған.

Қоңырат мыс кен орны – Қарағанды облысы, Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 15 км жерде. Алғаш 1927 жылы Михаил Петрович Русаков ашқан. Геологиялық барлау жұмыстары 1928 жылдан жүргізіле бастады. 1934 жылдан Балқаш тау-кен металлургия комбинатының шикізат қорын беретін негізгі кеніші.

Қоржынкөл темір кен орны – Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданында орналасқан. 1948 жылы аэромагниттік түсірім кезінде ашылған. 1948-1956 жылдары Д.Д. Топорков, Д.А. Онтоев т.б. ғалымдар зерттеген.

Қумола – Қалмаққырылған алабындағы өзен. Ұзындығы – 112 км. Ұлытау облысы Ұлытау ауданы жеріндегі өзен. Қумола ауылынан солтүстікке 6 км жердегі Ақжал тауының беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзіледі, Қалмаққырылған өзеніне оң жағынан құяды.

Құрдым – Ырғыз алабындағы тұйық көл. Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы жерінде орналасқан. Ауданы 23,0-30,0 км², ұзындығы 22,6 км, ені 10,9 км, тереңдігі 1,6 м.

Қызылеспе полиметалл кен орны – Қарағанды облысындағы Мойынты теміржолы стансасының солтүстік-шығысында 45 км жерде. 1834-1918 жылдары шет елдік кәсіпорындар геологиялық қазу жұмыстарын жүргізген. Қызылеспе полиметалл кенінің геологиясы 1919-1950 жылдары зерттелген.

Қызылорда – Қазақстанның оңтүстігіндегі қала, Қызылорда облысының әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы (1938 жылдан). Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Ленинград – Ресейдегі халық саны бойынша екінші қала. Федералдық маңызы бар, Солтүстік-Батыс федералды округінің әкімшілік орталығы. 1703 жылы 16 (27) мамырда І Петр патша құрған. 1714-1728 және 1732-1918 жылдары – Ресей мемлекетінің астанасы.

Лисаков темір кен орны – Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданында, Тобыл теміржол стансасынан оңтүстікке қарай 20 км жерде. Кен орны 1937 жылы зерттелген. Ашық әдіспен игеріледі.

Магнитогор металлургиялық комбинаты (ММК, «Магнитка») – Челябин облысының Магнитогорск қаласындағы Ресей металлургиялық комбинаты. ТМД мен Ресейдегі ең ірі металлургиялық комбинаттардың бірі.

Майқайың алтын кен орны – Павлодар облысы Баянауыл ауданынан солтүстікке қарай 45 км жерде орналасқан. Кен орны туралы алғашқы мәлімет 1895 жылдан белгілі. 1914 жылы мұнда алтынмен бірге мыс өндіруге болатындығы анықталған. 1915 жылдан бастап ағылшындар, тотыққан Майқайың алтын кенінен мыс кентасын өндіре бастады. Барлау және іздеу жұмыстары 1926 жылдан жүргізілді.

Мәскеу – Ресей Федерациясының астанасы. Ресейдің еуропа бөлігінің ортасында, Мәскеу өзенінің жағасында орналасқан. Ресей Федерациясының астанасы. Ресейдің еуропа бөлігінің ортасында, Мәскеу өзенінің жағасында орналасқан.

Мойынқұм – Бетпақдаланың солтүстігінде жатқан құмды алқап. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы жерінде, Сарысу өзенінің орта ағысының сол жағалауында орналасқан. Абсолюттік биіктігі 200 – 260 м. Батыстан шығысқа қарай 100 км-ге созылып жатыр, ені 25 км-ге жетеді.

Мұғалжар шыны құмдарының кен орны – Батыс Мұғалжар бойында, Ор-Елек (Сакмара-Оралтау) көтерілімінің оңтүстік мен Ор ойпаңында кездесетін құмды алқап.

Никополь – Украинаның Днепропетровск облысындағы қала. Никополь облысының әкімшілік орталығы. Днепр өзенінің жағасында, Кривой Рог қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 63 км және Запорожье қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 48 км жерде орналасқан. Украинаның оңтүстігіндегі ірі өнеркәсіп орталығы.

Никополь марганец кені бассейні – Украинаның оңтүстігінде, Днепропетровск, Запорожье және Херсон облыстарында орналасқан әлемдегі ең үлкен марганец кен орны.

Нілді (Успен) мыс кені – Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Сейфуллин теміржол станциясынан (бұрынғы Жарық теміржол станциясынан) оңтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Нілді (Успен) мыс кені 1847 жылы ашылған. Кен орны мысты-стратиформалы генезиске жатады.

Обаған – Тобыл алабындағы өзен. Шағын тұщы сулы Көктал көлінен басталып (Қойбағар ауылы маңында), Ресей Федерациясы аумағында Звериноголовское селосынан 10 км жерде Тобылға құяды.

Орал – Батыс Қазақстан облысының орталығы (1932 жылдан), ірі теміржол станциясы, Жайық бойындағы өзен порты, әуе жолдарының торабы. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр тұсында орналасқан.

Пагуош – Пагуош-Канададағы Камберленд округіндегі, Нортамберленд бұғазы Пагуош өзенінің сағасында орналасқан шағын елді мекен.

Ресей – Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет. Жер аумағы жағынан дүниежүзіндегі ең ірі мемлекет. Оңтүстік пен оңтүстік-шығыста Қытаймен, оңтүстік-шығысында Солтүстік Кореямен, Моңғолиямен, Қазақстанмен, Әзірбайжанмен, Грузиямен, оңтүстік-батыста – Украинамен, батыста – Финляндиямен, Беларусьпен, Эстониямен,

Латвиямен, Литвамен (Калининград облысы), Польшамен (Калининград облысы), Норвегиямен, солтүстік-шығыста Жапониямен (Хабомай аралы) және солтүстік-батыста АҚШ-пен (Беринг бұғазы) шектеседі.

Риддер – Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-шығысындағы қала (1932 жылдан), теміржол станциясы, Риддер қалалық әкімдігі орталығы. Іргесі 1784 жылы орыс инженер-техникі Ф.Риддер осы маңнан полиметалл кенін ашуына байланысты қаланды. 1941 жылға дейін Риддер, 1941 – 2002 жылдары Лениногорск деп аталған. 1917 жылға дейін қала шетел капиталистерінің қолында болған. Шығыс Қазақстан облысындағы Риддер қаласы 1786 жылы Риддер кенті ретінде негізгі қаланған және кен орнын бірінші ашқан инженер Филипп Риддердің есімі берілген.

Риддер-Сокольный полиметалл кен орны – Шығыс Қазақстан облысында, Өскемен қаласынан солтүстікке қарай 100 километр жерде. 1784 жылы ашылған.

Родезия – 1965 жылдан 1979 жылға дейін өмір сүрген және Оңтүстік Африкада Оңтүстік Родезия колониясы мен қазіргі Зимбабве мемлекетінің аумағында орналасқан танылмаған мемлекет.

С.Я.Жук атындағы «Гидропроект» жобалау-іздігі және ғылыми-зерттеу институты 1930 жылы құрылған. Гидроэнергетика және су шаруашылығы құрылыстарын жобалайтын ең көне ұйымдардың бірі. Институт өзендердің энергетикалық және су шаруашылығын пайдалану схемаларын әзірлеуден бастап құрылыс аяқталғанға дейін, объектілерді коммерциялық пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңдерде іздестіру және жобалау жұмыстарының толық кешенін орындаумен айналысады.

Сарыарқа – Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймағының бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, бұрынғы Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған.

Сарықопа – Тобыл алабындағы көл. Қостанай облысы Жангелді ауданының жерінде орналасқан. Тізбектеліп бір-біріне жалғасып жатқан шағын 5 көлден тұрады. Жалпы ауданы 336 км², су жиналатын алабы 17440 км². Орташа тереңдігі – 2 м.

Саяқ кенді ауданы – Қарағанды облысында Балқаш қаласынан шығысқа қарай 200 км жерде, Балқаш – Саяқ – Ақтоғай теміржолының бойында орналасқан кенді өңір. Кен орны 1930 жылы ашылып, кен өндіру жұмыстары 1970 жылы басталған.

Семей – Ертіс өзенінің екі жағасына орналасқан қала. 1782 жылдан бастап 1997 жылға дейін Семей (Семипалатинск) облысының орталығы болған. 2022 жылдың 8 маусым айынан бастап ресми түрде Абай

облысының әкімшілік орталығы. Аумағы – селолық округтерді қосқанда 27,5 мың шаршы километр.

Семей ет комбинаты – тамақ өнеркәсібінің байырғы кәсіпорны. 1937-38 ж. шұжық және консерві зауыттары ретінде іске қосылған. КСРО бойынша үшінші орында болған кәсіпорын.

Спасск – Қарағанды облысы Абай ауданы, Құрма ауылдық округі құрамындағы ауыл. Спасск – революцияға дейін Қазақстанға қоныстанған шетелдік ірі іскерлер компаниясының орталығы болған жер. 1902 жылы Спасск мыс қорыту зауытында орыс-қырғыз мектебі ашылды. 1931 жылы наурызда Спасск Қарағандының еңбекпен түзету лагерінің қарамағына берілді (Қарлаг).

Степняк алтын кен орны – Ақмола облысы жерінде орналасқан. Қазақстандағы ең көне алтын кенді нысандарға жатады. Көне кен үңгімелерінің ізі бойынша ашылған.

Ташкент – Өзбекстанның елордасы, Ташкент уәлаятының әкімшілік орталығы. Халық саны жөнінен ТМД елдерінде 3-ші орынды алады. Сондай-ақ Орталық Азияның ең көне қалалардың бірі болып есептеледі.

Тобыл өзені – Ертіс алабындағы өзен. Қазақстанның Қостанай облысы және Ресейдің Қорған, Түмен облыстары жерімен ағады. Тобыл Оңтүстік Оралдың шығыс сілемдерінің бірі – Қараадырдан басталып, Ертіске құяды.

Томск – Ресейдегі қала, Батыс Сібірдің шығысында Том өзенінің жағасында орналасқан облыстың және аттас ауданның әкімшілік орталығы. Сібірдегі ең көне ірі білім беру, ғылыми және инновациялық орталық ретінде есептеледі. Қала XVIII—XX ғасырлардағы ағаш және тастан жасалған сәулет ескерткіштеріне бай.

Торғай қоңыр көмір алабы – негізінен Қостанай облысының, ішінара Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола облыстары жерін қамтитын көмірлі аймақ. Ауданы – 150 мың км². Алаптың кейбір кен орындары XIX ғасырдың соңында белгілі болды, қалғандарының көпшілігі 1942-1952 жылдары ашылған. Алапты әр жылдары М.М.Пригоровский, И.С.Яговкин, К.Я.Бабич, А.П.Тюрин, А.С.Богатырев, А.М.Сульман, Е.И.Новиков, М.В.Бунина, Р.В.Шулятникова, И.В.Орлов пен Е.Г.Буковскийлер т.б. ғалымдар зерттеген.

Түркістан – Қазақстандағы қала, Түркістан облысының әкімшілік орталығы. Қазақстанның ең көне қалаларының бірі, іргетасы V-VI ғасырларда қаланған. Түркістан қаласы Шымкент қаласынан 170 шақырым қашықтықта орналасқан. Қаланың шығысы тарихи Отырармен, солтүстігі Кентау қаласы және Созақ ауданымен, батысы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен шектеседі. Әкімшілік аумағы 9,4 мың шаршы шақырымға жетеді.

Успен – Павлодар облысы Успен ауданының (1963) және Успен ауылдық округінің орталығы. Облыс орталығы – Павлодар қаласынан

солтүстік-шығысқа қарай 96 км жерде, Құлынды даласында орналасқан. Іргесі 1909 жылы қаланып, 1915 жылға дейін «Ожерельевка» аталып келді.

Ұлытау ауданы – Ұлытау облысының батысында орналасқан әкімшілік бөлік. Аудан 1939 жылы құрылған. Аудан аумағы 122,9 мың шаршы километрге тең. Орталығы – Ұлытау ауылы. Ұлытау ауданы 1939 жылы 16 қазанда Қарсақпай ауданының шағындалуы есебінен құрылды. Аудан құрамына Қарсақпай ауданының Ұлытау ауылдық кеңесі мен 1-ден 8-ге дейінгі ауылдық кеңестері енді.

Чиатури – Грузиядағы Имерети облысында орналасқан қала. Қала Квирила өзенінің шатқалында (Рони өзенінің саласы) және оған жақын үстірттерде орналасқан. Теміржол арқылы Тбилисиге дейінгі қашықтық 220 км. Грузия теміржолының Зестафони – Сачхере тармағындағы теміржол вокзалы (Самтредия – Хашури линиясынан). Чиатура аудандары қаланың орталық бөлігімен жолаушылар аспалы жолдар арқылы қосылған.

Чукикамата (исп. Chuquicamata) — әлемдегі ең үлкен ашық карьер, онда 1915 жылдан бері игеріліп келе жатқан осы аттас кен орнынан мыс кені өндіріледі. Ол орталық Анд тауларында, теңіз деңгейінен 2840 метр биіктікте, Чилидің солтүстігінде, Антофагаста қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 240 шақырым жерде орналасқан.

Шортанды – Ақмола облысы Шортанды ауданындағы кент, теміржол бекеті, аудан (1939 жылдан) және Шортанды кенттік әкімдігінің орталығы. Облыс орталығы – Көкшетау қаласының оңтүстік-шығысында 225 км жерде, Дамса өзенінің жағасында орналасқан.

Шүлбі СЭС (Новошұльба ГЭС) – Ертіс өзеніндегі, Шығыс Қазақстан облысы, Шүлбі ауылына жақын орналасқан су электр станциясы. Ол Ертіс СЭС каскадының үшінші, төменгі сатысын құрайды. Бұл Қазақстандағы ең ірі су электр станциясы.

Шымкент қорғасын зауыты – Шымкент қаласындағы қорғасын зауыты. Кеңес заманында Шымкентте ірі үш өндіріс орны болғаны белгілі. Олар – фосфор, шина жасау және қорғасын зауыты болатын. Бүгінде фосфор мен шина зауытының аумағы индустриалды аймақ құрылған. 30-шы жылдары Шымкентте қорғасын зауыты КСРО-дағы өндірілген қорғасынның 70 пайызын өндірген.

Шідерті – Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігі құрамындағы кент, Шідерті кенттік әкімдігі орталығы. Екібастұз қаласынан батысқа қарай 50 км-дей жерде, Шідерті өзеніндегі Ертіс-Қарағанды каналының оң жағасында, Екібастұз шоқыларының солтүстік беткейіндегі дала белдемінде орналасқан.

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР

- АҚШ – Америка құрама штаттары
ВАСХНИЛ – Всесоюзная академия сельскохозяйственных наук имени В.И.Ленина
ВИРГ – Всероссийский институт разведочной геофизики
ВСНХ – Высший совет народного хозяйства
ВСНХ – одақтас республикалардағы және КСРО-дағы халық шаруашылығын басқару жөніндегі орталық мемлекеттік органдардың атауы.
Геолком – Геологический комитет
ГЭС – гидроэлектростанция
КПСС – Коммунистическая партия Советского Союза
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Қазақ ССР – Қазақ Советтік Социалистік Республикасы
Ленгипрохим – Ленинградское отделение Государственного института по проектированию предприятий основной химической промышленности
ЛКСМ – Ленинский коммунистический союз молодёжи Казахстана
МТС – Машинно-тракторная станция
НКПС – Народный комиссариат путей сообщения СССР (НКПС СССР)
ОСВОК – Негізгі капиталды қалпына келтіру жөніндегі кезектен тыс жиналыс (Особое совещание по восстановлению основного капитала)
РСФСР – Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика
Совнарком – Совет народных комиссаров
ССРО – Совет Социалистік Республикалар Одағы
СССР – Союз Советских Социалистических Республик

«Миллионер» атты романының авторы. 1899-1917 жылдары жазған романдарының бірі. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды.

1899-1917 жылдары жазған романдарының бірі. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды.

1899-1917 жылдары жазған романдарының бірі. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды.

«Миллионер» атты романының авторы. 1899-1917 жылдары жазған романдарының бірі. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды.

1899-1917 жылдары жазған романдарының бірі. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды. 1917-1918 жылдары «Миллионер» романын жазды.

مۇنڭ سۆڭكەن بىرەنچىلەك شىندە كورە بولاتۇن تەرەكلىكى 60 مەترلەك چاڭا ھېر شاتتى مەن 200 مەترلەك ھېر استىنغا سېرىق قازا چاساپ بىشپۇڭگە مۇمكىن . (شاتتىنڭ تەرەكلىۋىن ھېر 8 مەترىدىن ، سېرىقنىڭ چۇرۇنۇن ھېر 8 مەترىدىن سالغاندا) قازاغانلىنى چۇرۇڭرۇبۇ ئۇشش چالپاشاممىداي شىمەن كەرەك بولماي:

شەمەن چۇمىستارىنا (شاتتى قازۇ سىياتى) 300-000 سوم . چاڭگان ماشىنىلار لۇغا 200-000 سوم . ئۇلەردى چاڭا تۇغا بىلقا شىمەنغا 200-000 سوم قايتىدى شىمىتار 100-000 سوم .

بارلىقى 800-000 سوم اقسا .

سېياس زاۋىتى :

ھىندى زاۋىتىنىڭ مەس مەن قازاغانلىنىڭ كومىرى سېياس زاۋىتىنا ناسىلىپ . ۋىسى ھېرەن باققىتىب مەس نىئىب ۋىترا تۇن . نىسپاتىڭ زاۋىتى چىلدىق 300-000 بۇت تازا مەس باققىتىب شىمارۇغا شاتالىپ سالغان . زاۋىتىڭ ۋىتى 5ك - ھىر سايمانلار مەن قازان ، باشقا كەي ھېر قۇراللار 1926 - چىلان باستىپ قازىلماي زاۋىتىنا تاسلىپ چاتىر . ۋىرئەي ماشىنىنا سايمانلار ھېر چاڭا كۇيىنە ، زاۋىتىڭ ماشىنىلارنىڭ بىلقا تولۇق بايلىمىڭ ھېر 3 كۇيىنە تۇيىتۇن . زاۋىتىنا: (1) مەس باققاتۇن ھېر (ۋ) كەن كېتىرەتۇن . (3) كەندى تۇيىتۇن ، (4) كېرىشى زىنەتۇن . (5) مەككە سايمانلار تۇزۇن . (6) ايتىلەپ ساتقاتۇن . (7) لايارا تۇرىپ . (8) ۋىتالىق ، (۹) پاتالىق ئۇلەردى چاڭا ۋىتالىق تىپىمەن بار . بۇلاردىڭ ھېر ھېر اتر وئشا تۇزى چەتكەنەر ھەمەس . زاۋىتى چۇرۇڭرۇبۇ ئۇشش مىلداي شىمىتار كەرەك بولماي:

- چاڭگان ھۇزى ماشىنىلار لۇ ھۇش 250-000 سوم .
- ۋىتالىق ئۇلەردىن سايمانلار ھۇش 165-000 سوم .
- زاۋىتىڭ ئۇلەردىن تۇزۇن ھۇش 250-000 سوم .
- زاۋىتىغا سۇۋا دېنىما ھۇش 100-000 سوم .
- چۇمىستارى تۇزۇلۇق ئۇلەردى تۇزۇمۇڭ 235-000 سوم .
- قايتىدى شىمىتار 250-000 سوم .

كەن قۇرىتۇن زاۋىتى .

ھىندى زاۋىتىنىڭ ھەكشى سورتۇق كەندەردى ۋىتالىپ ۋىتالىپ شىندە كەن تۇرۇپ . مەن مەس ھېرەن ، تىرىكىپ تۇرۇپ ئۇشش كەلگەنكە زىگەنە ھەكشى

چۇرۇڭرۇبۇڭگە مۇمكىن . ھەردە چىلدىق باققىتۇن تازا مەسنىڭ شىلماسى 105-000 بۇتقا قويغاندا ھىندى زاۋىتىنا چىلغا 2-570-000 بۇت مەس كەن شىمارىپ ۋىسۇرۇغا كەرەك .

تازاغاندى زاۋىتى .

تازاغانلىنىڭ تاس كومىرىن ھېرىشى توت تايغان ۋىياغى ۋىياغ كۆپ ھېتۇن كۆپەس . ۋى 1851 - چىلى قازاغانلىنىڭ تازاغانلىنىڭ 110 شارىنى شەرقىيىچى ھېرى ماگىنىداي قازاغانلاردان 369 سوم كۆمىسكە ساتىپ الغان . تازاغانلى ۋىياغىدا مەن 1 مەترىدىن 4 مەترىگە شىپىن پارا تۇن تەس كومىردىڭ 8 دەن اسا چەكە قىرىشى (تراپت) بار . بۇل قىرىستاردىڭ چۈنەس 25 شەرقىيەما شىپىن ۋىلەيى تازاغاندى . قىرىستاردىڭ ھېرى دە قاز - قاز . كۆلەي سۇلۇن چاتقان . ھۇلەي 10^۰ تان اسىپايدى . كومىرى اسا قىرىلى (تېزىلۇق مۇشەرى 7 500 - 7 200 كالورى) تاس - كومىر داۋرىدە چاسالما ۋىتالىپايدۇن . تىرىك كومىرلار . تازاغانلىنىڭ كومىرى ھالى دە تۇلۇق زىنەتكەن مەس . اترىگى زىنەتكەن تاس كومىردىڭ شىلماسى 300 مەلىرتان اساجى . (۴) سۇنۇقتان ۋىسى كۆيىنەك زىنە دە تازاغانلى ۋىياغى بايلىق چاشقان تاسى ، مۇسپىر ، قازاغانلى . تۇزۇكسىتان . شىنەن ھېرىشى ساتى دا ، چالچى رەسپىرى اساق 4 نىشى ۋىزىدا تۇسۇپ وتىر . تازاغانلىنىڭ اللىندا چالچى رەسپىرى اساق كۆز باس ، دۇنپاس ، چاشقەمىس كومىر ۋىياقتار بار .

قازاغانلىنىڭ تازاغانلىنىڭ ۋى بولگەنلىنىڭ ھېرىدە . ۋى ، قازاغانلى كومىرىنىڭ شىندە ۋىرا مەس بەن : % 22 - ۋىياغى زاۋىتى (كۆيىنە) % 58 - كۆمىس (كومىردىڭ قىزىلى دانەكلىرى مۇمكىن) % 17 - كۆل . % 6 سۇۋا بار . كومىردىڭ شىندە كۆمىس باققىما ، بايلىق كۆيىنە . كومىردىڭ شىندە مەلىپى (Сера) ھېتى . از . سۇرانىڭ اترىدى كومىردىڭ كۆيىنى قىسپىنىڭ ھېرى ، ۋىياغى قىلىنما بولسا ، كومىردىڭ ۋىزىدۇنە سۇرا تىز سەپ بولۇپ وتىرالى . ھەكشى كومىردى چاتقان ۋىياغىدا ماشىنىلارنىڭ ۋىتەن تىز بۇزۇپ وتىرالى . تازاغانلى زاۋىتىدا 2 شاتتى بار . ۋىر 1922 - چىلان ھېرى سۇۋا استىدا زاۋىتىنىڭ ماشىنىنا سايمانلارنىڭ ھېرى دە تولۇق ساتقۇلى كۆيىنە . چۇرۇگە باستالغاندا ۋىتالانۇن شىمىتاردىڭ كۆنى شاتلاردى تۇرغاندا مەن . چاڭا شاتتى قازۇ چىلدىقتارىنا ۋىتالىق ، سېياسى زاۋىتىنىڭ كەرەك تايۇ ھۇشنى عانا استەلسە ، تازاغانلىنىڭ 4 - 5 ايلاردىڭ شىلماسىدا تولۇق چۇرۇڭرۇبۇ چىپىرۇڭگە مۇمكىن .

*) См. Ганев , «Карандинские месторождения» .

قازىنا ۇيلىرىدىن ياساققا زاۋىت جۇمىسكەر لىرىنىڭ كۆپىنى اسرەسە تاۋاي جۇمىسكارلارنى زاۋىتتىڭ چاينامۇ ۆزەدىرىنىڭ سالىب امانان ۇيلىرىدىنە تۇرعان مۇلتاي، قىستايۇلارنىڭ سالى 1916 - چىلىنىڭ مەنىنى بويىتىپ

سېلىنىڭ چاينىپا قورام 125 قازاقانىڭ چاينىپا 105 قورام 81 قورام ەكەن بۇل سېسىپلاردان سېسىپا قاينا ۇۋاقتى قاينا جۇڭگىن كۆزدە ۇنداعى جۇمىسكارلارگە مۇيى - قازارما سالىمۇ چاينىپىقارنى قازاقىستاننىڭ باشقا كەن ۇرىنئارى سېلىنىپا اما تەبىقاتقا تۇسەيەيەقۇندىكى بېلىنىتى . مېرىق اۋىتتىڭ بارلىق ۇيلىرى دەرىك قازىر توقتاپ تۇرعان كۆزدە مەن دۇرسى تۇۋلامەي كەسكەن بولمىپا سېلىتەن . سۇنىڭدىن سېسىپا زاۋىتىنىڭ جۇمىسسى تاغى دا ەندى 5-6 چىل كەشكەگەمە بۇل ۇيلىرىدىڭ مەرىپەدە تەكسە بۇزۇلىپ ، سەكە چارامسىز تۇرۇپ كەلىپ قالۇ قۇۋىي بار .

جۇمىسكار كۆشى مەن ازىق ، تۇلك ماسەلىسى :

سېسىپا زاۋىتىرى اقويلا مەن سەمەي كۆيۈنلەرىنىڭ چايناسىن كەلتۇن . اقويلا ۇيلىرىنىڭ شەمسى بەن ۇك بولمىپا گە گەنگە قۇيۇلى ۇزىن دارعا سالغان . زاۋىت ماڭكارىنىنا ۇرىس قالايدۇ . قازاق اۋىلئارىدا چىيى . سۇنىڭدىن سېسىپا زاۋىتىرى قانشاندا ارزان اتىلى جۇمىسكار كۆشىمە كەتسە بولىمان مەنى . مىسالى : 1914 - 15 - 16 چىلئاردىڭ مەسەپىن قازاساق سېسىپا زاۋىتىدىنەي . قازا جۇمىسكارىدىڭ كۆنەلىك ۇرتايا اقىسى - 85 . 65 تىنمىنئاردان اسىپايەي . سول چىلئاردايى زاڭنىڭ بەكتەكەن قازا جۇمىسكار اقىسى اقويلا ۇيلىسىنا 1 سۇم بولاتۇن . كەكشى سول چىلئاردا سالىنىپ چاتقان قازاساققا زاۋىتىندا قازا جۇمىسكارىدىڭ كۆشىمە اقىسى 1 سۇم 20 تىنمىنئاردان تومەنلەمەن مەنى . قازا كۆشەك اقىنىڭ ارزان بولۇپنا سېسىپا زاۋىتىدىنەي ازىق - تۇلك ماسەلىسىنىڭ مەنى ۇتە ارزان بولاتۇنەي كۆپ سەنىپ بولاتۇن . بۇنى مەناۋ سېسىپلاردان كۆرۈكە بۇلادى . 1916 - چىلى ازىق - تۇلك سېسىپا بەن قازاساققا زاۋىتتا رەتتا مەنا تۇردە بولغان :

نارسە .	ساتى .	باغاسى :
قاراساققا <td>سېلىتا <td>قاراساققا </td></td>	سېلىتا <td>قاراساققا </td>	قاراساققا
بىدا اي ۇنى	مېر پۇت	80 - گىنىن
كۆك نازارنىڭ ۇنى	"	1-20 گىنىن
مال ەنى	"	3-20 گىنىن
تۇلك ماي	"	5 سۇم
مېر كېرىپىش	مېر پۇت	1 سۇم 40 ت .
قاتى	"	7 سۇم 20 ت .

سول چىلى بۇكەل ۇرال زاۋىتىنىڭ چانا بومىيەنىڭ كەنىرك ۇك بولمىپەن مەكى زاۋىت بايجىرەكەردىڭ مەرىپىنىڭ چاينىپ شەمۇينا تولىق چەتكەن . مەن باققىچا كۆرەك بولاتۇن تۇرۇپ ، تەمىر تەسى ، كىيارنىسى سېلىق تاۋ جىمىستارىنىڭ مەرىپە سېسىپا زاۋىتىنىڭ چاينى ماڭگىنان تايلىپ ۇتىرغان . مىسالى بۇزىن اعلەنمىپاز :

- 1) تۇرىسى سېسىپان ۋەتەرۇم قۇل جۇمىرەتۇن جۇدەن تاسلان .
- 2) كىيارنىسى 8 شەمۇر باياۋاتلار دېتۇن جەرچەن تاسىپ ۇتىرغان .
- 3) تەمىر كەشەن 5 شەمۇر ماسىق . قازا سۇۋە دېتۇن جەردەن تاسىپ ۇتىرغان .
- بۇل تاۋ - جىمىستارىنىڭ زاۋىت ايتالاسىنداي شاماسى سەنەنەي مولىمۇ دارە . سېسىپا اۋدانىن چالىي بولادى . اسىپۇدا بولادى . * مۇي سالىمۇ چاينىمەن كەرەك بولاتۇن قۇم ، كېرەسەپ ۇتىرغان . مەنىمۇ باققىچۇ مۇسۇن قازارغاندى كۆمىرىنىڭ چاينان اۋىشى باقىچۇ ، قاتاي تاس سېلىق زاۋىتتا قاۋىتىڭ چاينىپا ۇتە كۆپ .
- بۇلاردان باشقا سېسىپا زاۋىتى مەن قازارغاننىڭ ماڭگىنا شاموت ، دېنىپا ، سېلىق زاۋىت تەك ۇقىسەرەنە كەرەك بولاتۇن كېرىپىشەردى چاسارلىق ، قىزۇ كۆتەرەتۇن ، باشقىنىڭ قۇرلىق قاسىمىنى زاۋىتتا بار بۇل باشقىلاردان 1916 - چىلى سېسىپا زاۋىتىندا قوللان :

179-760 شاموت كېرىپىش

132-481 كىيارنىسى كېرىپىش

59-803 دېنىپا كېرىپىش قۇبىلىك شىققان . مەل سول چىلىك ۇرتىدە ماسالىنىپ

چاتقان قازاساققا زاۋىتى چاڭگى كېرىپىشەردى كەرەكەن تاسىپا تاسىپا كەكەن ۇتىرغان .

زاۋىت ۇيلىرى چانا جۇمىسكارلاردىڭ چاتاق ۇرىنى .

سېسىپا ، مەنلەي ، قازارغاندى زاۋىتىنىڭ قاسسىندا بولسا كەرەككى زاۋىت ۇيلىرى سالىنىپ مېتىپ دايار تۇر . نىڭ ۇستىنە بۇلاردىڭ بارىدە دە ، بۇرىغان سالغان جۇمىسكارلاردىڭ چاتاق ۇيلىرى داين . سېسىپا زاۋىتىرى جۇرە بولمىغان كۆزىنە بۇل ۇيلىرىدىڭ بارىنە چەكەن تۇزۇتىپ مۇقا مۇمكىن . زاۋىتىلى جۇمىسكارگە دايارلانغان ۇيلىرىدىڭ مولىمۇ بىن مەنىنىڭ سېسىپىن كۆرۈكە بۇلادى .

چەكە باتىرلىرى :	قازارمىلار :	زاۋىتىرى
مېر بولمەلىك	مەكى بولمەلىك	مېر بولمەلىك
سالى	سالى	سالى
تۇتە تىك	تۇتە تىك	تۇتە تىك
سېسىپا	سېسىپا	سېسىپا
مەنلەي	مەنلەي	مەنلەي
قازارغاندى	قازارغاندى	قازارغاندى
81	92	442
مۇرچان	43	185
42	355	4
17	102	311
116	102	13
229	102	13

*) Шауқан Металлургия « в Кыргызской степи » .

Бұл сандардан жағрафиялық аспекттегі азық-түлік қорықтарының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәуреттің бұрынғы жайындағы азық-түлік қорықтарының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Қазақстанның жалпы өнімдерінің үштен біріне жуығын құрайтын азық-түлік қорықтарының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Қазақстанның жалпы өнімдерінің үштен біріне жуығын құрайтын азық-түлік қорықтарының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәурет	Жұмысқандық	Өлшем бірлігі
Саяси	890	710
Сары азық-түлік	120	97
Түркістан аймағы	317	252
Қарағанды	590	475

Бұл мәліметтер көрсеткендей, азық-түлік қорықтарының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Жол жағдайлары.

Қарағанды мен саяси азық-түлік қорықтарының арасындағы жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәуреттің жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Қарағанды мен саяси азық-түлік қорықтарының арасындағы жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәуреттің жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Қарағанды мен саяси азық-түлік қорықтарының арасындағы жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәуреттің жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Қарағанды мен саяси азық-түлік қорықтарының арасындағы жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәуреттің жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Саяси азық-түлік қорықтарының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Қарағанды мен саяси азық-түлік қорықтарының арасындағы жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәуреттің жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Қарағанды мен саяси азық-түлік қорықтарының арасындағы жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

Зәуреттің жол жағдайларының қарсаңындағы саясаттың екі мән арзан болмағандығын көрсетеді.

*) Цветная металлургия 1926 г. Серия I № 23 - 56 - 57 - 58.


2) Ұраныа зерттеушілерді шеғарып, өтпир, бұл беймел жараспиресе, қайраты, алыа кін ұрнардын зерттемеде, бұл келнедодык күзүрү пиланд салып бейтромак, жоғары орнатардан басыа зерттеуші адамдар, реси күзүрге, шөбин, адалады, ақ - шөғы, басы - шөғы, ұштешман - тау, алтын - сүү, сыйақты, кін ұштаттардына, «Шөлше» тұрде, зерттеп, өтпире келсн, зерттеу жүймстараына басылау, снәу мнелетн, қарағастанна 5-6 жылдан артық қызметтестеп, машымен, шеғарған, руўсакюбө, бағуокен, дөйтүн, өрстнәк, балкелі, кін зерттеу, маанаттарна, тапсырылып, өтпир, беймел, жағды, зерттеу, жүймстараындык, беркнн, жемесн, атбалар, термесннәк, күзүрге, жасайтүн, снәс, заўнттары, түүрлі, жоушарна, тегкү, болмашты.

3) қорытындына, төрелемез.

1) снәс, заўнттарнәк, қарыгы «қоры» күйнәде, жалдық, күзүрүкә, ұста - латүн, шөметн, мен, жыл, салын, заўнтталы, әуір, мұлак - машына, сапайна, арнәк, босқа, түүрүнтан, келетүн, ұрнан, аса, артық, өрнәсз, сөндәтқан, снәс, заўнттарын, қайта, жүзүргнзү, мәсләсн, мәеләкәт, үнәмнәк, әк, күзүрүкә, жүймстнәк, әһрн, 2) «қоры» жағдайларын, қарғанда, жалғыз, қарағастан, мөмс, бүкәл, ұдай, әһрнәк, шнәде, «қоры» заўнттардан, алды, мәнән, жүзүрүкә, қойлысы, снәс, заўнттары.

3) снәс, адаланна, мсн, кәндәрнәк, күптәкнн, жоғарна, айтп, өттәк, беймел, «жаа, кәлр, жалғай, жасалатүн, тәлнқ, кнн, зерттеу, бұл, адаланнәк, шнәсн, кәмәсн, 1500000, бөт, таза, мсн, бәрәләк, кнн, қорын, тапюна, снәсн, күштн, бұл, қорға, «нәк, заўнтшнәсн, күрнәкнн, түүдә, қы 1500000, бөт, таза, мсн, бәрәләк, кәндәрдн, қоспақ, снәс, заўнтнн, жылна, 3000000, бөт, мсн, бәрәләк, бұрынн, қалыпна, әллі, де, 10, жыл, жүзүргнзүкә, болды, мөсләрдә, мәеләкәт, қорнан, тотаўсыз, бәрәләу, даўсыз, тәрсә, бұндай, шартна, снәс, заўнтшнәк, тәз, жүзүрүкә, күрәкнн, қарәмәт, жәткәлнәкнн, сөндәтқан, мәнн, 2-3, жыллардык, шнәсн, заўнт, кәснәсннн, қатн, әһрнәк, «күкәш», снәсн, саналатүн, снәс, заўнтшнәк, ұрнәснән, қайта, сәргәк, тәлн, да, бұрынн, мөсләрднәдә, жүрә, бастауна, снәсн, зүүр.





Шортанды-Ақмола-Қарағанды темір жолының кен өндірісіне пайдалану әсері

Шортанды-Ақмола-Қарағанды темір жолының кен өндірісіне пайдалану әсері туралы мәліметтер. Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама. Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама.

Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама. Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама.

Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама. Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама.

Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама. Жолдың құрылысы мен пайдалануының кен өндірісіне әкелген нәтижелері туралы сипаттама.

Шортанды-Ақмола-Қарағанды темір жолының кен өндірісіне беретін әсері (1928) «Еңбекші Қаззақ»

«Еңбекші Қаззақ» №29(1056), 1928 жыл, 5 ақпан

Қазақстан Республикасының Қазіргі Әкімшілік Аймақтарының Анықтамалығы

№ 4-5 (72-78) «Қызыл Қазакستان» 37-бет

Қалыңдығы қанша екендігігі мәлімсіз. Әткіс көмір, дәуірден бұрын جورعارى كورسیتلىگى تاۋ جىنىستارىنىڭ بارىدە دەگىز سۇۋىنىڭ اىستىنا چاقتان. ودان كېيىن بۇل ايجاققا بولغىنى جەر سىلكىنبۇ بولسۇ. بۇل ئاستىنا بارىدە سۇۋدان شىمىب قورات جەر بولغان. يەرىدىن زاماندا بۇل قوراتنى ئاستىدا دەگىز سۇۋارىنىڭ ئاستىقى باسقان. سۇكى دەگىز كېيىندىن تارتىلىپ سۇۋارى كولىمى چىقالغان. بۇل كولىمىدىكى ورىنىدىن تارتىدە ئلى - كۆمۈر وشاقتارى بار. (ئىتالىيە، بۇرۇنداي، بائاتا، باتباي وشاقتارى سىيىقى). دەگىز سۇۋارى ابدىن قارىلىپ بىرىكىن سۇۋ سۇكى دەۋىرىدە بۇل جەردە ئىكەن ئاستىدا جەر سىلكىنبۇ باسقان ونىڭ سېھىبىدىن وسى تۇڭكى قارا تاۋدىڭ جورعارى چىقالغان. تۇرلان كىتىدە وسى جەر سىلكىنبۇدىن چىقالغان جەردىڭ نەگىزىكى مېر چارىبىنىڭ بويسىنا. تۇرلان وشامىنا «ئانا - ساي»، «قارا كىن - ساي» دەپتۇن دەكى بۇلدا كىن ورىنى كىرىدى. بۇلاردىڭ « قارا كىن سايىناغى » كىنى «الى مۇلىدەۋرەۋورتىمۇسىز. سۇنىقتان قازىدە تۇرلان وشاغى دەپ چاغىز «ئانا - ساي» كىنى سىيىلىدى.

« كىنىڭ چوئاسى : شولەيت بىن بانىس ارالىمىنا بايىم 290°
قۇلى : شولەيت بىن شىيىس 55° »

كەنىڭ دەشمى نوڭكەربۇلى استاۋ شىيىقتى، تەرەگەگەن كىن دەشمىنىڭ چوئاسى 50 مەتىردەي. ەنى 0.5 مەتىردەن كورسۇپ چاقتان كىن دەشمىنىڭ چوئاسى مەتىر تەرەگەگەنە كەنىڭ چوئاسى 290 مەتىردىن اسىپ وزىنا مېنى 22 مەتىرگە كەيىن بارادى. چاچى العاندا كەنىڭ مېنى مېر تالىپنا تۇردى. اىنىمالى بولسۇپ كەيىن 50 مەتىرلەرگە شەيىن كەتكىپ، كېيىن تارلىپ 10 مەتىرگە شەيىن كەلدى. كەنىڭ توشىنىشى مەن چامىلىكى ۇنىمى چاتىلغان نەيزى ئاسى بولۇپ وشرادى. نەيزى ئاسى قاتاندا جەر استىناغى سۇۋارىڭ اىمىن قارىنا شىماسىز بولادى. تەرەگەگەي كەلگەندەگى كەن دەشمىنىڭ ەنى اىنمەلى بولغانلىقىنىڭكا سېھىسى وسانان.

كەن دەشمىنىڭ كوزدى سۇۋارى 60 مەتىر تەرەگەن باستالدى. سۇنىقتان بۇرىنى قارىلان شاقىتلار وسى 80 مەتىر تەرەگەن توشىپ كەن. بۇل جەردە ۇنىمى كەنىڭ شايلىما مولىمى كەزدەسىپ وشرادى. كەنى قورشاغان ئاستار چاتىلغان نەيزى بولغانلىقتان سۇۋارى كەنىڭ 80 مەتىردىن توشىپ كەيىن بولمىنىڭكا كوپىن شايىپ كەتتۇرەنە لايىق. بۇنىڭ راشتىمىن وتكەن چار بولمىغان بۇرغىلاردا ايقىناب اسىپ ونىر. شىمالان ەك تەرەۋە بۇرغى تەك سالىنغان بۇرغىلاردا كەنىڭ الەم شايلىما مولىمى كەزدەسىپ وشرادى. 185 مەتىر جەردەن كەنىڭ الەم شايلىما مولىمى كەزدەسىپ وشرادى. سۇنىقتان تۇرلان كەنىنىڭ ەك ماگىزدى بولارلىق «قۇبە» مولىمى «الى

№ 4-5 (72-78) «Қызыл Қазакستان» 36-бет

توشىدىن زاۋىت سالا باسقان. مېىراق ساهان زاۋىتى زىلدى بولغان سۇۋ ودا قايرىا «تول كورگى» تەك چولنا تۇسكەن. 1919 - چىلان باسقان سۇۋدان كەنى تۇركىستاننىڭ شاربۇلىقى تۇسكەن جۇرگە بولسۇ. مېىراق وشاقتىنى وادىسى چاقتان ماگىزدى كەندەردىڭ قورق بۇرگىن سۇۋ ودامى 1921 - چىلى جۇمىسىن نۇقتىلىپ، زاۋىتىنى «قورق» كۇبىسە تۇسۇرگەن. 1925 - چىلى جۇرگىزىلگەن تۇركىستان بولمىگەندە تۇرلان قازاقستان شاربۇلىقى كەنىنىڭ قولنا كوشىپكەن. 1926 - چىلداڭ چازىدان باسقان تۇرلان وشامىن وداقتى كىچىككەم نەۋەتتۇگە كىرسىكەن. 1800 - چىلدىن ارغى تۇرلاننىڭ تارىقى مالىمسىز. تۇركىستانداغى ائاقى ەلەپوت سۇلتان مەشىنىڭ كىرىپىشەرى قورعاسى مەن چالانغان. كەردە ول قورعاسىدىن وسى تۇرلان وشامىن قورشىپ انىسا مەن تۇرلان كەنى 14 - 13 لىسۇردەدە مۇندىرىس جۇزىدە مۇمرى بولمۇنا كەرەك تۇرلان كەنى تۇركىستان قالاسىنىڭ شولەيت بىن شىيىس چاقتارىنىڭ تۇرلان كەنى تۇركىستان قالاسىنىڭ شولەيت بىن شىيىس چاقتارىنىڭ ارالىمىندا، قالا مەن اراسى 85 شاقىرم جەر، ورنى قارا تاۋ كەنىمىنىڭ ۇڭ بولمىنىڭكى چوئالدىڭ بىرىنچە. كەن ورىنىنىڭ دەۋىگى: شولەيت مەنىڭ 50° 43' 32' : بۇلگۇ مەردىستانان العاندا مەشمى بويىنىڭ 45° 38' 38' : تۇركىستان قالسى مەن تۇرلان كەنىنىڭ ارالىمىدا بۇنىنغان سالىنغان اربا جوب بار. تۇركىستاننان 45 شاقىرم جەر، بۇل جوب چازىق بىن جۇرۇپ وشرادى. ودان قارا تاۋ بىسك - شەرىنىڭ شىنە كىرىدى. تۇرلان وشاغى «كوك قىيا» مەن «النا ساي» دەپتۇن ەكى پىلاقتىڭ ارالىمىدا بىسكەچۈپتاسىندا، اننا - ساي بۇلغى «قالتىن - كەلەن» ۇزەنىنىڭ مېر ئارۋى، بۇل ۇزەنىنىڭ بويسىنا، تۇرلاننان 6 ۇ شاقىرم جەردە لىسەنىڭ ساهان مسكى قورعاسىن زاۋىتى بار. زاۋىتنىڭ تۇرغان جەرى تۇرلان وشامىندا 850 مەتىرلىك الانا (2 مەتىر قازاقتىڭ مېر ۇلانىنىدا بولدى). كەندەن 1 ۇ شاقىرم شىمىس چاقتا كوك قىيا بۇلغىنىڭ جىيەگىندە وتە بۇلغىندا كىن جۇسكىرلەرى تۇرغان بولساكىس بار. بولساكىنىڭ ورنى كىن ۇلغىندا 250 مەتىرلىك الانا. بولساكى مەن كەنىڭ ارالىمىنا سالت تە چاچۇ قاتناى بولسا اربا مەن جۇرۇگە بولمىسىز. بولساكى مەن مسكى لىسەن زاۋىتىنىڭ ارالىمى 8 شاقىرم. ەكى ارالىمىنا اربا مەن جۇرۇگە بولمىدى. كەن وشامىنىڭ ماگى - چىنىس تاۋلار. كەي قۇزداردىڭ بىسكىگى 500 مەتىرگە شەيىن بارادى.

تۇرلان ايلامىناغى قارا تاۋ كەنىمىنىڭ چوئالارى كىگەي تۇنيا تاۋ جىنىستازىنان قۇرالان. بۇل جىنىستازى ەكى بولساكى چىكىۋىگە بولدى: (1) توشىكى چىك بۇل باشقى ارالاشقان نەيزى ئاستارىندان چىقالغان. قالىڭلىقى 575 مەتىر. (2) جوراغى چىك. بۇل مېرىگەي تارا نەيزى ئاستارىندان قۇرالان. قالىڭلىقى 285 مەتىر. توشىكى چىكىڭ توشىنىشى - قۇم ئاستار. لاردىڭ

I نىشى مەن III نىشى سۈزىنىڭ كىلىشىمى ئۇنۇس مەسى، شامىلىيا ئۇزىدە،
ولاردى زاپۇت پەشئە سالماستان بۇزۇن جەلمى، بىرىكىنۇر يۇكە كەرەك بولادى.
IV نىشى سۈزىنى مەيىكە الھائادا العاشقى 3 سۈزىنىڭ كىلىشىمى 22:820⁰
ئازا قورغىلىن بار سۈزىنىڭ كىلىشىمى IV سۈزىنىڭ كىلىشىمى پاپالانۇزىڭ ئۇنۇم
جۇزىنىدە قانئالىق ئولارنى كەلىشىمى ازىرئە كومەشكى. مەنۇ بېيىش دەپتىن
پىراپىسۇز I نىشى مەن IV نىشى سۈزىنىڭ كىلىشىمى پەشكە سالماستان بۇزۇن
بىرىكىنۇرگە سالىۇ كەرەك دەپىدى.

60 مەنۇ تىرەگەلىكەن چوغامى چاتتى كەلىشىمى ئولان وئامعائى
گىلكومىك زەرتتۇمى شەپەرلەرى چاتقان ئولنا قازانا چىككە بولادى. بۇل
چىككەردەگى كىلىشىمى چاتقى شامىلى مەنۇ: (ئېنۇا وئاشۇرى مەن مېر ئولنادا
61 بۇت بولادى).

بارلىقى	IV سۈزى	III سۈزى	II نىشى سۈزى	كەلىشىمى	چىككەڭ كەلىشىمى	شومۇرى				
4482	36196	549	18275	654-1002	1289	2517	1990	14902	№ 1	
480	4041	62	2142	70	108	186	265	212	1526	№ 2
4106	34621	540	18374	587	900	1189	2263	1826	13084	№ 3
2461	16257	180	6125	391	600	774	1510	1116	8022	№ 4
321	14630	102	3512	32	541	685	1357	1094	1241	№ 5
147	1300	15	490	91	48	62	121	89	641	№ 6

بارلىقى 14633 106646 1337 11995 2147 3294 4239 8275 6410 46079
كەلىشىمى چاتقى شامىلى 60 مەنۇدىن چوغامى بولمەنە 109856 ئولنا
بولار دەپ شامالغان، وئىڭ بىشىدە كى ئازا قورغىلىنى 106838 ئولنا وئىڭ بىشىدە:
1. اتىق زاپاسى 2 № چىككەڭ 4041 ئۇنۇ كىن (قورغىلىنى 480 ئولنا)
2) بولچاقلى زاپاسى 4 № چىككەردەگى 87074 ئولنا كىن (قورغىلىنى
ئولنا) 13049
3. كۆسەنە زاپاس 6-1: 18741 ئولنا كىن (قورغىلىنى
ئولنا) 2804
بۇرغى مەن زەرتتۇم چۈمستارى بىنكە كەزە 1927 - چىلىڭ كۆزىنە
بارغان تىرەككۆپ دەپتۇن پىراپىسۇز ئولان وئامعائى 125 مەنۇدىن چوغامى
چەردەگى كىلىشىم شاماسىن 298000 ئولنا شامالاندى، ئىشىدەگى قورغىلىنى
38232 ئولنا، بۇل شامالانگ:

تاپىلغان چوق، ئولاننىڭ شاپا بولمەنەگى كەلىشىمى ۋەنمى كۆمىر تەگى ارالانغان
قورغىلىنىڭ ئولنا، بۇل كەلىشىمىلەن وئىسەرئۇسسىت، دەپىدى. ئىسەرئۇسسىت مەنۇ
كەن دەپمەنە كەپتە قوم، كەپتە چاپقان ئۆكەر باشقى كەپتە جوسا
ارالانغان وئىرادى 1926 - جىل مەن 1927 - جىل چالغان زەرتتۇمۇردىڭ
قورمىنىغا قاراپ ئولاننى چاتقى كەلىشىمى ۋەنمى 4 سورتقا چىككە
مۇمكىن:

- 1) باشقى ارالانغان ئىسەرئۇسسىت كەن،
- 2) قاتنى ئازا ئىسەرئۇسسىتتەر،
- 3) ۋەكلىمى ئازا ئىسەرئۇسسىتتەر،
- 4) جوسا ارالانغان كەلىشىم.

بۇلاردىڭ ۋە باغالىسى 2 - مەن 3 - سورتلىرى، ۋلا كىن دەپمەنەڭ ورتا
بولمەنە چىمى كەزەمەندى.
لەننىكەرتاننى كەن زەرتتۇمى كەلىشىمىنىڭ نىكولان بىشەپەرلەڭ
چالغان ئالاماننا قارالاندا I نىشى سورت كەنە % 837 قورغىلىن، II نىشى
سورتتا % 54:86 قورغىلىن، III نىشى سورتتا % 76:65 ئازا قورغىلىن
بارلىقى بىلىنەدى.
ئولان كەن زەرتتۇمۇگە شىققان كىرگۈمىك شەپەرلەرى ئولان كەلىشىمى
تۇۋالى ئومىلەگى قورمىدى بىرەدى:

كىلىشىمى سورتلىرى	بارلىق شامىلى	شىشىمىگى قورغىلىنى	دەپمەنە سالىقى
-------------------	---------------	--------------------	----------------

1. باشقى ارالانغان ئىسەرئۇسسىتتەر بارلىقىنىڭ % 57:5
 2. قاتنى تەمىرئۇسسىتتەر % 57
 3. ۋەكلىمى ئىسەرئۇسسىتتەر % 2:0
 4. جوسا ارالانغان كەلىشىم % 34:98
- سورتتا چىككەمەي چاتقى الھائادا بىشىدە % 15:14 ئازا قورغىلىن
بار، قازىب البۇ چامغان كەلىشىمە ئولان كەلىشىمى 2-چىككە بولۇمۇگە مۇمكىن.
(1) قايلا مەن قازىبالبۇ كەلىشىم (I نىشى مەن III سورتلىرى كەلىشىم)
(ب) دىپامىت بەن بۇزۇب لالاننى كەلىشىم (II نىشى مەن IV سورتلىرى كەلىشىم)
بالقىنۇ چامغان الھائادا ئولان كەلىشىمى:
(1) ئازا كەلىشىم (ۋەكىلى مۇندا قورغىلىننى باشقا مەنۇلار چوق)
(2) شاپىلما، مەتالما كەدەي كەلىشىم (ورتا مەنۇدىن كەنەگى قورغىلىن
% 15:0 دەن اسبابىدى)
(3) ۋەكى بالقىتىن كەلىشىم.

көре көрлік пен тасаланған бұтпа 50 тминан тәбиқә түсөүне көрөк. қорлаң
 зәүити ғәдрә жәлпа 150-000 бұт қорғасин бақсип шәарзин болса,
 тұрқистан мен торлаң арасиндағы жидиқ көрә жәүитиқ шәлмаси 400-000
 бұтпай болуўна көрөк.
 2. Өтин жалғай.

торлаң кәтин зәүат пәштинә балқину өүшин жаңа зәүитиқ мәлқәстр сәлқә.
 хәси мен үйләриңк жәлүна нә алаш, нә тәли – көмөр өтми қажит болды.
 зәүит өмртиндә балқиб шәалди ғәбр бұт қорғасинна: 1-8 бұт көрқисп бән
 2 бұт көмөр шәхси болып өтсәди. торлаң айнамада алаш өтин тәйләүи
 мүмкәнсиз. басқа өттиндәк бәлмаси торлаңа ақлағанда төмәңки сәйләти:

өттиндәк өги	жаңа шәқтан өрми	бәртиндә	тәсир жол	көрлік	шәлбуи	бар ләси
торлаң	37	45	50	13	1	46
тәйләүи	10	10	34	1	1	94
тәйләүи	40	10	50	30	1	10
тәйләүи	50	10	50	11	1	21
тәйләүи	20	35	50	11	1	16
тәйләүи	40	5	50	—	1	95

жәуарғы сәйләри торлаң зәүитиңк өтин мәлмаси аса қорлаңсиз тұрә.
 болатқиләси көрқистәди, көрқистә алашқи кәртиндә ғәбрсиз дөйләстән алды.
 рәүға көрәк болды, бәртердәтин кәин дөрттәүитсиз торлаңк шәхси жәлпа
 40 шәқирдәлмай бәлпәтәй, бәлпәтәй дөйтәң жәрәдә ми 2 мәтрәкә қәлпән тәли
 көмөр қорқисп бардып жалды. сөйләқтан тәйләүи зәүитәүи жүрәсә көрәккә
 жәлдиқ тәли көмөрдә сәлтан тарзәлпәтәй өси жәрдиңк зәүитәң тәйләүи да мүмкән.
 мәлкі бар, ғәдрә бәлпәтәй – бәлпәтәй мәлқәң көмөр қорқисп тәйләүи торлаң зәүат.
 тәли көмөрдә көрәи төпит (өүтәй) өтми торлаңлар қорлаңда бәлпәтәй.
 бұт әрбәтә көмөскә.
 жәүитсиз көүтә.

зәйләш, көрқисп өүтәүи жаңа жалы қара жәүитсиз көүтәң зәүат
 айнамаңк зәүитәң тәйләүи мүмкән. басқа жәүитсизләрдә қорлаң өрда нә тәлқәңт
 бәрәлпәтәң бәрәүкә көрәк болды. зәүатиңк ғәбр мәлқәңдә мәлқәңдә қәлп
 кәлқә қәлқан 800 адамнан артық қара жәүитсиз көүтәң бар. зәүат бән кәин
 қара жәүитсиздә жалпәшә 400 адам зәүитә жәүитсиз болуўна көрәк жәүитсиз

1) әтми: 80000 тәлпа кәин. (қорғасини 5000 тәлпа)
 2) бәрдәүитсиз: 168000 тәлпа кәин (қорғасини 19152 тәлпа)
 3) көүтәлмаси: 50000 тәлпа * (* 5000 тәлпа)
 қарған, балқитқан кәң дөгә қорғасиниң шәхси мәскә әлп кәлп
 бәрәлпәтәсү тәртәүитсиз торлаң кәлқиндә (қара – кәин – сәйләди қорғасинна)
 бармаси 30000 тәлпа бәрдәүи асарлиқ тәра қорғасин бар дөйтәди .
торлаң зәүитәриңдәк зәңм жәдәйләри.

тәсир жол бәрдәүи өтәүи жәрәдә кәин өрдинәриңк кәлқәсәңгә шәхси.
 кәин шәлмасинан басқа, төмәңки 3 шәртәтә әсир бәрәди, зәлқә:
 1) көрә
 2) өтин
 3) жәүитсиз көүтә:

бұт шәртәтәди жәкә әлп зәртәтәб көрәди.
 1. көрә шәртәтәри.
 қарағастан жәрәдә кәин жәлпәлпәтәң қәлқан зәүитәриңдәк тәжәртәбәстә қарғасинна
 зәңм жүрәдә қәлқина 1 көрәккә көрә айтәлмәдрәдәң бәрдәлпә болансәңдә бәлқә.
 дә, өтсәдә көрә көрәккәңкәң тәртәң зәүитәриңдә өүшин, ғәлқан кәди ғәбр
 көрәккә зәүитәди зәүитә тәра жәңкәртәүкә қарағастаннә зәүитәриңдә арда болсын
 айтәлпә рәүға қажит сәйләти, көрәккә кәртиндәк бәлмаси төмәңки 3 шәртәтә
 бәрдәлпә дәди:

1) көрә жәлқиндә зәүитәси мен жалғай .
 2) айдәлпәлпә мәлқә көрәк көүтәри.
 3) көрә сәйләлпәриңк бәлмаси .
 торлаң өтәлпә тәүкәстән қаласан 70 шәқирм жәрәдә кәлқиндә жәуардә
 айтәди. бұтәңк 50 шәқирми қарған, 80 шәқирми тәүи жәр мен жәүитсиз тәүли
 болмәдә бәлқиндә 15 – 10 кәртәүитсиздә аттан әсәләр жоқ, жол бәрдәлпә
 артық, бұтәңк сәүләрә мол, көрәккә жәлқәк өтсәлқәңнә бар, торлаңк шәхси
 бән сәйләтә болмәсәңгә сәзәтә, жәлпә бұтәңк қаракөл болсәлқаринна тәүи көрә.
 бұтәңк тәүилә жәлқина көрә тәлсәүтә қорған айнамаңа бәрәб жәүитсиз, қарқә мәлқә
 көрәккәң бәлмаси көрә сәйләлпәри жоқ. сөйләқтан көрәккә көрәккә бәрәлпәтә.
 ләрдә зәүитәңк ғәбр сәлтәб әлүина көрәк. тәртәдә жәүитсиз мен қарғасини зәүат.
 тәлқә арасиндә кәин (370 шәқирм жәрәк) бұтәңк 1 сәүитә, өтәңк 50 тәлқини
 көрәк мәлқә, 50 тәлқини сәйләлпә шәхси, жол жалғайлар қарғасини мен
 торлаңда бәрәдә дөүкә мүмкән. сөйләқтан тәүкәстән мен торлаң арасиндә

2. كىنەي قازىب شىعارىۋ چۈمىستازىنا (پاقتا سايلاندا) . . . 456-000 سوم
3. قورغاسىن بالقىتىپن زاۋىتىنى سالىۋ كىمىنى 600-000 سوم
4. قىزمەتكارىمگە غۇي سالىۋ كىمىنى (چۈمىسكار پاتىرى زاۋىتى كىمىسى مۇنشاە ئىسكالانتار چانا باسقارار) 1-777-600 سوم
5. باسقارارۋ چۈمىسى باسقا ۋىستىم شىمىنتار 502260 سوم
6. زاۋىقتا كەرەكتى غۇزىلى تاللام، زوتتە؛ تاچىرىبىيە شىمىنتار 34-550 سوم

بۇل سوۋىتى ۋىندىرىس مولشەرىدە شىقشاقى تۇرلارن زاۋىتىنىڭ غىبىر چىلدا بالقىتىپ شىمارلاتقۇن قورغاسىنىڭ بۇتسا:

3800-000
1800-000

تۇرلانىماي قازىدە كۆرۈنۈپ وتىرغان كىلىنىڭ شاملىى بىرپايە سۆزۈنرۇنكۈپتۈك جۇرتا، قىشمايە مەنپەئەتۈسۈڭ ۋىزىنە 30-000 تۇتتا (ياكى 1-800-000 بۇت) نازا قورغاسىن بەرگىلىكتى. بۇل كىن كەيندەگى تۇرلانىڭ ۋىزىنە چانا نازا كىن ساي كىلىنە چاسالانتىن تۇرلىق زەرتىۋىلەردىڭ غىبىنى چەمىسسىز بولپ شىمىنتىن شارتىنىڭ ۋىزىندە تۇرلارن زاۋىقتا $12 = \frac{1800000}{1800000}$ چىل اىزىق بولۇپقا چارىلى.

سۆڭكى زەرتىۋىلەر كەينىن زاۋىقتا تامدا 3-4 چىل اىزىق بولارلىق قوسىپشا كىن نايىۋى كۆمەلسىز نارسە . سۇندىقتان تۇرلارن ۋىندىرىسەنە جۇمىسالانتىن اقسا زاۋىتىنىڭ غىبىر چىلى مەسىس 15-10 چىلپى ۋىسرىنە اىزىق بولپالغى .

تۇرلارن زاۋىقتىنىڭ العاشقى چىلىنماي بىرۋىش قورغاسىنىڭ باغىسنى تۈمەنگى مەنپەئەردەن بولپاۋاغا مۇمكىن:

غىبىر سۈنكەدە بالقىپ شىمىنتىن قورغاسىنىڭ شاملىى 10 تۇتتا (ياكى 610 بۇت) 10 تۇتتا قورغاسىن بالقىتىۋ شۇنىن ۋىستالانتىن شىمىنتار:

شىمىنتىڭ اتى:	شاملىى:	باغىسى:	چىنماي:
1. تۇرغاسىن كەندىرى:	80 تۇتتا	30 سوم	2-400 سوم
2. كەندىرى تاشى (تەڭشەكلىك سۆزۈنرۇن-تۇرغاسىن كەندىرى):	5-5 تۇتتا	12 سوم، 20 تىن	67 سوم، 10 تىن
3. تۇرغاسىن تاشى (تەڭشەكلىك سۆزۈنرۇن-تۇرغاسىن كەندىرى):	91 >	12 سوم، 20 تىن	111 سوم
4. كۆمىسى (شىمىنتان تاش كۆمىسى):	17 <	88 سوم، 100 تىن	1003 سوم، 80 تىن
5. تاش كۆمىسى:	10 <	67 سوم	671 سوم
6. پاتەكچى كۆڭشەك شىمىنى:	—	—	104 سوم، 50 تىن
7. چۈمىسكار اقسى:	160 تىن	2 سوم، 6 تىن	582 سوم
8. مەنپەئەت اقسى:	30 تىن	6 سوم	180 سوم
9. غۇزىلى ۋىستالانتىن شىمىنى:	—	—	130 سوم

بارلىقى 10 تۇتتا قورغاسىنىڭ شىمىنى 5719 سوم 20 تىن

كەرەكلىك اقسىن اىلىق چال اقسىن ۋرنا مەسب بىن 60 سۇمعا شىقشاق، بۇغان ۋىستەلىن بىرپايلەپتۇر، سالتىتىرىق شىمىنتارنىن قۇشتاندا چۈمىسكار اقسى باغىس تالنىن قورغاسىنىڭ غىر غىبىر بۇتسا:

$$400 \times 80 \times 12 = 150.000$$

2 سوم 56 تىنپن عا تۇسەلىد .

چاكا قورغاسىن زاۋىتى.
ۋىتن، چول، جۇمىسكار، كىن چامەنپايلارنا قاراماندا تۇرلانىماي سالتىنلىق چاكا زاۋىتى چىلىنما 120-000 ئە 150-000 بۇت قورغاسىنىڭ كىم ۋىندىرىسكە شاملاپاۋاغا كەرەك. غىندىرىس شاملىى مۇن ا كىم بولسا ۋىستىم شىمىنتارنىڭ كۆپىنچى تۇرلارن زاۋىتىنىن زىياندى تۇرگە اكەلمەيدى . با سىتا ارشەلىنەم لىساندىنىڭ مەكى زاۋىتى قازىدە تۇرغان، بۇزىلمان كۆزىپ، چانانا چاكا كۆپىنچە ۋىزىندە ۋل زاۋىتى مەقتىسا چىلىنما 60-000 بۇتتا ارشەق قورغاسىن شىمارا اھاس دەي (بۇنىڭنىڭ ئارلىقى، ماتىمەن سايلانارنىڭ سۆزۈدىكى تامبىنى). سۇندىقتان تۇرلارن كىلىنە چاگادان ارناپ قورغاسىن زاۋىتىنىن سالىۋا كەرەك بولادى، بۇل چاكا زاۋىتى كىن و شامىنىڭ چالىنماي چۇمىسكار قالاسىنىڭ چانىن سالتىنماي پاپايلارنا (ۋىتكىنى سۆڭكى شارتتا شىقشاق مەن زاۋىتى ارشەنماي كىلىنەك كەرە چولۇ كۆپ قىسقار دەي). زاۋىتى بېشىنىڭ ۋىندىرىسەنە چىكەكلىكى مولىشەردە سۇ بولۇپ قاچىت، لىسان زاۋىتىنىڭ چانىنماي «قالتىن كامال» بۇلغى – اما كۆزدى، چۇمىسكار قالاسىنىڭ چانىنماي اھاتىن «كول – قىباە بۇلغەنىڭ كۆزۈمۈلارنى قاينا كەندىكى مەملىسىز، سۇندىقتان چاكا زاۋىتىنىڭ ۋىزىن سۇ غۇشنى ۋىزى مەن «كۆرەپە» بۇلغى، سۇنىكىسىنە چانا چىلىنما قاشاۋۇنۇرەتۈنۋەتكىن مەنپەئەت بولۇپا كەرەك.

سالتىنلۇن چاكا زاۋىتى چىلىنما 150000 بۇت قورغاسىن شىمارسا غىبىر سۈنكەدە ۋل 600 بۇت قورغاسىن بالقىتىپ وتىرۇپنا كەرەك (زاۋىتى چىلىنما ۋرنا مەسب بىن 250 كۇن تۇلىق چۇزۇپ وتىرادى، باسقا ۋۇقتى چاۋاۋ، تۇزۇۋ سىيلىق دەم المىتارداە ۋىندە)، كەندەتۇرلارن كىنەپەرى تىرىكتۇپ تالسىنە كۆرسە ۋىندا چاكا سالىق تۇتقۇن تۇرلانتان قالىق اقسىن شىقشاق، بۇزۇلماي ئە سۇلار سىيلىق سۇردارىپا كۆزۈرىنماي سالىق با سقا غىبىر سەنەلمىد تاش – كۆمىر و شامىنىڭ چانىنما ۋرناۋىت پاپايلارنى بولار دەي.

سۆڭكى شارتتا ۋىتن كىروسى غىبىنى از بولپالغى.

تۇرلارن ۋىندىرىسەنە كەرەك اقسىنىڭ مولىشەرى .

اتىسار تىرەسەنەك زەرتىۋى بولپىنما تۇرلارن كىنەپەرىن نىكە لىسرىپ مەنپەئەتۋە چۇمىسسىنا نەمەنەگى اقسالار قاچىت بولادى:

1. كىرە سايلانارنىنا (بىرىشكە، ايتىلمان، چول تۇزۇمۇ) 150-000 سوم

تېلىسار نېرەسىنىڭ 1985 يىلى ۈيلەمى جاساغان مەھىي بويىشا
 اعلىشىنداردىك چوقايى كۆرسەتكەن جۇمىستارغا سىكرىتى شىمىنداردىك
 يارىق جىيىنى 8500000 سوم اتشا.
 چوقايى كۆرسەتكەن جۇمىستاردان بايقوڭرادا قارىغان شىنرەكتەر بولدى
 ئۇلار بىتلەكەن، يارىق قارىغان شاتىنداردىك بويىن ئاينا تۇرماۋۇ شارالارنى تىلەردىك
 تاڭكە كىلگەن، ئاسىپ اكەلىگەن ماشىنە سايلاندىرىدىك مېر سىياسى
 ئازىدە مەسكەرىم، نىقىيىكىنىڭ چاڭا زامانايى تاپقان تۈپلەيلى استىسىزى
 سايگەن كەلمەيتىن بولمىلىك ئازىدە كۆرگىزى، ارتىق تۇردە، قالىپ وتىر،
 اسومەس كەن تىرىكتىيىن پايىرىكىنىڭ استىسىزىنى سوڭى 10 جىلدىك شىنە
 كۆپ جاڭالىقتار تۇرغان، سۇلىقتان اعلىشىنداردىك كەن تىرىكتىيىگە اكەلگەن
 ماشىنە سايلاندىرى قازىدە ئۆكەل كۆرگىزى تۇردە بولمى قالىدى.
 تېلىسار شىنرەسىنىڭ سىستەكەن جۇمىستارى 1926-جىلدىن باستاپ
 قازىرگە شەيىن تېلىسار نېرەسىنىڭ قارىسايى ۋىتىرىسىنە سىستەكەن جۇمىستارى
 مىنلار :
 1) مىس يالىقىتىن زاۋىت يەن كەن تىرىكتىيىن پايىرىكىنىڭ يۈرتىچى-چوپىسى
 (پىرەتەكتى) قايتان سىنالىپ، كەيى تولىقتىرىلدى، اسومە چاڭارغان كەن
 تىرىكتىيىن پايىرىكىنىڭ چوپىسى، بۇل چوپلاردى قازىپ بەكتىر اللىنىدا
 تېلىسار نېرەسى وداقتاي جانا شەت مەلمەكتەتتەردە كەن جۇمىستارنى زورتىيىتىن
 ئاقتى زورتىيىنىڭ كۆپى مەن بايلىنىس چاسپ، پىكىرلىرىن ئىكداي، بۇل
 مەكتەلەردىك شىنەرە: مەسكۈدە كەن اكەممەيسى، ئىتىكىرتاقتاي كەن
 زورتىيىن كىرمانىيە داعى ۋەكۆپ، اعلىشىنماي «شىنەرەل سەپەرىيىش»
 امەرىيىكە كەن «شەرەل نىئەتىرىنىڭ» پىرەلارى بار.
 2) چۇ قازغان وشاعىنا كۆرەكتى يارىق ماشىنە سايلاندىرى، باشقا ئىزلىرى
 چەلىدەتارى ورناتىلمىپ، 1928-جىلدىك 1-مىنىستارلارنى بىلەي كەن شىنەرەل
 باستاى.
 3) مۇندىرىسى وركەنلەتتۇ، مۇشەن چۇ قازغانا جاڭگالدى مەكتىر سىنالىسى
 سالىمىپ مېنىتى.
 4) بايقوڭگر وشاعىنا كۆرەك سايلاندىرى تۇكەل ورناتىلمىپ 1927-جىلدىن
 بىلەي تولىق چۇرگەزىلە باستاىدى.
 5) چۇ قازغان، قارىسايى، بايقوڭرادىك ارىسىن تولىقىن ۈزىندىسى 180
 شاقىرمەلىك ورت اريا چولى سالىمىپ مېنىتىپ، كۆرەكتى ياپۇرۇز، باغىنلارنى
 دايتىمالىپ 1927-جىلدىك كۆزىتىن پىلتان ورت اريا قاتىمى ۈزىندىلىرى.
 6) ئاشكەن نەمەر چۇمىنداي چوپىسى سىنالىسى مەن قارىسايىنىڭ ارىسىندا
 ۈزىندىسى 375 شاقىرىملىق اريا چولى تۇرۇلمىپ، بوينا چاڭگالدى 16-چەردىن

قارىسايىي وندىرىسىنە كىرەتىن كىسىپ ورنىلار.
 قارىسايىي وندىرىسىنە كىرەتىن ورنىلار: 1) چۇ قازغانلىقى كەن قاتىقتارى
 2) بايقوڭرادى كۆمۈر وشاتتارى، 3) قارىسايىي مىس يالىقتان زاۋىتىنى
 كەن تىرىكتىيىن پايىرىكى، 4) قورغاسىن، دېيىن چەردىگى كەن وشاغى،
 بۇلاردىك شىنەرە وشاغىنىڭ كەن، ۈ، كەلمەكتى مۇمىنىز، ۈزىلەردى
 ئازىدە چۇرۇڭە بەت الپ چاسالپ بىتىرگە تالىپ كەلە چاسر.
 اعلىشىنداردىك سىستەكەن جۇمىستارى 1907-جىلدىن باستاپ 1917-
 جىلغا شەيىن اعلىشىندار قارىسايىي زاۋىتىن چۇرگىزىۋۇ جۇمىستار شۇمىلى كۆرسىكىن،
 1917-جىلدىن بىلەي تۆككەرسى كىزىپ، جۇمىستارنى مۇلەمۇتتاتقان، اعلىشىنداردىك
 قارىسايىيا بىتىرى چۇمىستارى مىنلار :
 1) كەن يالىقتان زاۋىت يەن كەن تىرىكتىيىن پايىرىكىنىڭ چوپىسى (پىرەتەكتىنى)
 ماشىنە سايلاندىرىدىن ساتىپ الپ قارىسايىيا چەكتىرگەن، بۇلاردىك مېر سىياسى
 تولىق چاساپ بىتىرىگەن، 2) كەن وشاتتارىغا، زاۋىتقا، پايىرىككە كۆرەك مېر سىياسى
 مېنىنما سايلاندىرىدىن ساتىپ الپ قارىسايىيا چەكتىرگەن، 3) قارىسايىيا زاۋىتىنىدا
 ئاقتى زورتىيىنىڭ كۆپى مەن بايلىنىس چاسپ، پىكىرلىرىن ئىكداي، بۇل
 مەكتەلەردىك شىنەرە: مەسكۈدە كەن اكەممەيسى، ئىتىكىرتاقتاي كەن
 زورتىيىن كىرمانىيە داعى ۋەكۆپ، اعلىشىنماي «شىنەرەل سەپەرىيىش»
 امەرىيىكە كەن «شەرەل نىئەتىرىنىڭ» پىرەلارى بار.
 2) چۇ قازغان وشاغىنا كۆرەكتى يارىق ماشىنە سايلاندىرى، باشقا ئىزلىرى
 چەلىدەتارى ورناتىلمىپ، 1928-جىلدىك 1-مىنىستارلارنى بىلەي كەن شىنەرەل
 باستاى.
 3) مۇندىرىسى وركەنلەتتۇ، مۇشەن چۇ قازغانا جاڭگالدى مەكتىر سىنالىسى
 سالىمىپ مېنىتى.
 4) بايقوڭگر وشاغىنا كۆرەك سايلاندىرى تۇكەل ورناتىلمىپ 1927-جىلدىن
 بىلەي تولىق چۇرگەزىلە باستاىدى.
 5) چۇ قازغان، قارىسايى، بايقوڭرادىك ارىسىن تولىقىن ۈزىندىسى 180
 شاقىرمەلىك ورت اريا چولى سالىمىپ مېنىتىپ، كۆرەكتى ياپۇرۇز، باغىنلارنى
 دايتىمالىپ 1927-جىلدىك كۆزىتىن پىلتان ورت اريا قاتىمى ۈزىندىلىرى.
 6) ئاشكەن نەمەر چۇمىنداي چوپىسى سىنالىسى مەن قارىسايىنىڭ ارىسىندا
 ۈزىندىسى 375 شاقىرىملىق اريا چولى تۇرۇلمىپ، بوينا چاڭگالدى 16-چەردىن

جانان جاگدان 12600 تۇننا تازا مەس بەرلىك سۈنۈ مەس كەلتۈرۈپ ئاۋرۇپا، ئۇنى يۇقى ئۇسۇل چار قاراعانغا يۇقى، مەن ئايلىغان بۇلۇپۇلۇ زاپاسنىڭ شامى 51.000 تۇننا مەس. زوتتىكىلىق انىق، بۇلۇپۇلۇ زاپاسىنىڭ جىمىنى 69.000 تۇننا مەس كەلتۈرۈپ ئالغۇز.

كۆمۈلۈك زاپاس.

جەز قازغان بۇسەننىڭ كۆمۈلۈك كەندى مەسپەۋدىڭ االىدىنا تەۋەلىكى مېر از سۇۋىدى سەكە تىب كەندى تىب ما ئۇل كوردىك. ول سۇز چو استىناى كوسۇلى كەندى قالاى مەسپەۋ كەركە كەندىكىنىڭ جۇنسى ئۇۋراسىنىدا، چو استىناى كەندى مەسپەۋدىڭ جۇنسى ياكى انىق، ئاندىمما قازاى كەن زاپاسن تۇرلى چەككە بۇلۇپۇلۇك استىناى مالى كۆنگەشە عىلمەنا ئالاس ماسەلەنىڭ مېۋىرى. بۇل مەلەلەردىڭ االىدىمما مالىب زوتتىب بىلگىلى مېر جۇلما كەندىرۇ جۇنسى وداققن كەن زوتتىۋى مەككە (كېۋىلكو) 1925-يىلدا باستاپ االدى كەمسىبە جاسان. بۇل كەمسىبەنىڭ ئىشەيدە مەسز بەرلىكى مەنرى مەلەلەردىڭ كۆرۈشلىك سىنىنا كەمسىبەنىڭ جاسان مەن عۇزۇلى جۇنسى ئاتار عۇسۇب وئىر ورنىك مېۋى بەرلىسەز تېرۇنىڭ كۆرۈشلىك جاسان جۇنسى، كەشمىسى بۇلار بىر بىلەپ مەسپەۋدى تېرە پەسەرلەردىڭ جاسان جۇنسى. مېر بۇل مەن كۆرۈشلىك قايىسىنىدا بۇسەن چو استىناى چاقان شاتى، شىۋەك جۇمەك، بۇرغى سالىمجان، انىشەدە بارلىق عىلمىنىڭ باسقا ادستىرى ارنلى مەللم بۇلۇق كەندىك «مەن بۇل مەندەكى زاپاسنى مۇندىرىستىڭ بىلگەركى جۇنسىنا ئۇلۇغۇچا ئولۇق مۇۋىگەن لىك تەۋە، بۇل چاچى ادستەمە جاسان بەرلىك وئىرغان «رۇسەن». مەنرى مەسز جۇنسىدە مەلەققانام» چولەدا كەندىك كۆمۈلۈك زاپاسى تەۋەلىك بۇلۇپ چولەدا جاساب وئىرغان مەس مۇندىرسى ئۇزۇلى جۇنسىنىڭ قانى چارىمجان كۆپى وسى كۆمۈلۈك كەندىرە تەكزەدەپ وئىرغاندىن كۆرەمەز بۇداققن مۇندىرىستىڭ 15 جىلدا باققىب شىۋەك مەسنىڭ شىۋەك 714.000 تۇننا قازىدە مەسنىڭ بارلىق زوتتۇۋى قۇرى 300.000 تۇننا. بۇنجا 1926-يىلى وداققن كۆسپالاندا مەس كەندىرەن زوتتۇۋى ئۇزۇلى مەسپەۋدىنىڭ جاسان باراۋاماسىنىڭ 1-5 يەتتە مەن 16 چىلدىق تۇرۇشى مەنلى مۇندىرىستىڭ جۇنسىرى ئۇزۇلى مەسپەۋدىنىڭ جاسان باراۋاماسىنىڭ 1-2 يەتتە مەنلى (دالە).

كەندى چاقان زاپاسى «بۇمەۋل» سىپاقى كۆپىنى زاپۇان تۇۋۇلما تەك كۆمۈلۈك مەن بۇلۇپۇ مەس كەندىرە تەكزەدەپ سالىنا باستان. (دانىق)
1) كۆرۈشلىك 1928 - چىلى باققان :
Категории запасов ископаемого в месторождении
Копейск.

كىللىرى، نەكەس كەندى ورس زاپاسلىرىنىڭ ئىشەنەكى كەندىلىرى 40 شارشى شامىرىداي (بۇندا «كەندى» كەندى كەن ئاستىرى 150 مەتر تەۋەككەن چولەرى كۆرەستەتۇن چو دەپ قەسۇغا كەركە، سۈنۈ مەن چو قازغان وشا عىنماى كەندى اۋداننىڭ جىمىنى 100 شارشى شامىرىداي بار. ورسنا چو دەپ االىدىمما 1907-يىلدا باستاپ 1915-يىلدا شەپىن بارلىق 90 دەستەمە چو دەپ عانا بۇرغى مەن زوتتەن االىن . بارلىق شامان بۇرغىلىرىنىڭ سانى 285، مەز بۇرغىلىرىدا تەۋە كەندىكى 60 مەتر (مە تەۋەك بۇرغىلىرىنىڭ بۇرى 180-120 مەترلىرىدەن ارىپايدى). 90 دەستەمە چو دەپ قازغان االىدىمما 1927-يىلى مەس 60.931 تۇننا. بۇندا ورتا مەس بەن ار مېر دەستەمە: 877=60.931 تۇننا مەس تابىلانىمى كۆرۈندى. تابىلمان كەندىنىڭ شامىسى

مەس كەندىرىنىڭ شامىسى.
1915-يىلى چار جاسان مەسپەۋدى بۇيۇننى االىدىمما 4 جەز قازغاندا تاغان «انىق» چانا «بۇلۇپۇلۇ» كەن زاپاسىنىڭ مۇتلەپ مەس كەندىكى تابىلىنىسا - لارخان كۆرۈشكە بۇلۇدى :
ا. انىق زاپاس 4 جاسان بەرلىكى «زاپاس»
ب. انىق زاپاس 148688 تۇننا مەسنىڭ بەرلىكى رەشەنەكى بارلىق مەس :
12.91% مەسنىڭ بەرلىكى
ب. بۇلۇپۇلۇ زاپاس (بۇرغى مەن زوتتىكىلىق).
383.147 تۇننا 10.94%
1927-يىلى چار جاسان تېرەمەنىڭ جاسان زوتتۇۋى چو قاز -

1) بولان نام وشىلى: بۇل شىم تەرەپتىكى مەن كومىرىنىڭ ارالسىمىدىكى ۋەتەن مەھەممەت، ئالدامى مەن ئىزىۋاشنىڭ ئۇۋاتى مالى مەھەممەت، كومىر قەۋىتىنى بېرۇ، چاندى جاتتى، اۋداننىڭ مولشەرى 500 ئاشرى، شاتىرىدىكى كومىر قەۋىتىنىڭ ئالدىكى 0.75 مەتىر، ۋەتەننىڭ ۋەتەن بولارلىق قاسىيەتى كىم، ايتىدە كۆماندى زاپاسى كۆپ بولۇپتۇ مەنىسى. (1)
 بۇل كومىردىكى مېر قاسىيەتنى ئىشەنە ۋاقىت پەشەنە سالماققا قايتىپ بولاننى پويىت، دەپتىن مېنىرال بار، بولان نام وشىلى جەز قازاغانلار 180۰۰۰ تەقىرىم بانداسى بەن شولەپىت ارالسىمىدا.

2) دەڭىز وشىلى: جەز قازاغانلار 220 شاتىرىم جەز شەمىس بەن شولەپىت ارالسىمىدا، «دەڭىز» دەپتىن ۋەتەن سۈرىدىڭ ۋە چاندىدا بولدى. بۇل وشىلىنى مېرىنى پويىت 1898 — چىلى سۈرىدىن دەپتىن پويىت ۋەتەن ئاپقان، مېرىنى زاپىكىنى قەلپى ساي»، «ئاڭقى ساي» دەپتىن چەلەردەن 1915 — چىلى بېلۇپ دەپتىن ورسى ۋەتەنلەر، قالالى چەلەردەن، نەمىر چول پويىتتا اما قاتلىق بولۇپ دەڭىز وشىلىنىڭ ۋەسى كۆرگەنلىكىنى زەرتلىمەيۋەتەن ۋەكىل كەسىر بولغان. كۆزارىپ، رەۋبۇيىسىكى دەپتىن شەپەرلەردىكى چارۋىغا قازاغاندا دەڭىز وشىلىنىڭ چاندىدا، چاندىنىڭ ئۆزىدە قازاغانلىقى وشىلى مەن قاتار بولۇپتا كەركە. سۈلەمەتقان بايوگىر وشىلىنىڭ ئۆزىدىن بولغان شاتىرىدا جەز قازاغانلىقى كەلگەنكى تېپىشە ۋەسى دەڭىز وشىلىغا بايلاندى بولۇپتا ئاۋ جوق، سۈلەمەتقان ئان دەڭىز وشىلى مەن كەلگەنلىكىنى چەلەردە كەلگەنلىكىنى قازاغانلىقى مېر ئۆزىدە چاندا 5000 تۇنغا مىس، نەۋرەلەك مولشەردە سالىنىپ چاندى، چار ۋاقىتى قازىدە چاندا 13 تۇنغا كومىر كەركە بولدى، لاي بولسا چاڭقى ۋەتەندىرىس مولشەردىدە بايوگىر وشىلى قازاغانلىقىدا:

$$\frac{1-912-000}{5000} \times 13 = 30$$

چەل ارقى بولۇپتا چارامدى. ۋاقىتنىڭ كەلگەنلىكىدە مۇسۇ چاندا بىلەن بايوگىردىكى ئۆزىدىن بولۇپ، بولان نام وشىلىنىڭ «شىم تەرەپ» بولۇپ، تەڭىز وشىلىنىڭ اۋرۇشە زەرتىۋىسى ئۆزى چىپ كەلگەنلىكىدە ۋەتەن چاندىلى ۋەكىل ئۆزىدىن مەڭزەدى دەپ ايتىپتۇ مۇمكىن.

1) Яковлев П. «Бодагмакское месторождение лигнитного угля». 1925 год (руккопись).
 2) Ивж. Тизе А. «Список рудных месторождений восточной части киргизской степи». 1918 г. (руккопись).

1) مېر چاندا : $450-000 = 20 \times 15000$ سۈم،
 2) چاندا : $15 \times 450-000 = 6750-000$ سۈم بولدى،
 سۈمى مەن جەز قازغان وشىلىنىڭ كوماندى مىس كەتتىن ئۆزگىلى مەن زەرتىپ شەمۇ چۆمۈستە:

1) چەل سايىن: $160-000 + 450-000 = 610-000$ سۈم،
 2) چاندا شەمۇ: $15 \times 600-000 = 9-000-000$ سۈم،
 قازاڭات كۆرەك پويىلىنىشەن بىلەنمىز. بۇل شەمۇ تاپىلدىن مىسنىڭ چار مېر ئۇنىلىدا:

$$\frac{9-000-000}{60} = 150-000$$

سۈمەن، ياكى چار مېر بۇنىدا : $150-000 = 1-000-000$
 ۋەتەن مەھەممەت، كەن مەھەممەت كەينىكى كۆمىرىس كەلگەنلىكىنىڭ تەڭىزى شاتىرىنىڭ مېرى ۋەتەن مەھەممەت، قازاغانلىقى مۇندىرىنىڭ ۋەتەن تەڭىزى قازىدە بايوگىردىكى كومىر وشىلى،
 بايوگىر وشىلى جەز قازاغانلىقى 120 شاتىرىم چەل نامىسىدا ئۇرادى،
 مەڭزەنىڭ ارالى قازىدە نەمىر چول مەن قوسۇپ، بايوگىر كومىرىنىڭ ئالدامى مىنۇ سىيلىقى:

قەتتى كومىر تەڭى % 39.6، ئۇچا زانتار % 28.7، كۆل تەڭىرى % 19.5،
 دېھقانلىق % 11.4،
 كومىردىكى تەرتىپلىق كۆشى: 5000 - 4500 كالورى،
 بايوگىر وشىلى مەڭسە، شاماسى ناماز، سەنەمىز كومىر وشاتىرىنىڭ مېرى، اعباشنىڭ ارادىك زەرتىۋى بۇنىشا بايوگىر داغى كومىردىكى شاماسى مىنادى:

1) چەل مېرى كومىر قەرتىمىدا	اىق زاپاس، تۇنغا.	بولۇپتۇ زاپاس، تۇنغا.
2) نەمىنگى كومىر قەرتىمىدا	تۇنغا. 627-100	تۇنغا. 180-600
چىشى	تۇنغا. 1-152-200	تۇنغا. 361-200

بايوگىردىكى كۆماندى زاپاسى بانداسى بەن شولەپى چان ئۆزگىرىشەنكى بۇنىنى «سۈرى» دەپتىن ئالدىكىسىدە ئانا بولۇپتۇ مۇمكىن. ۋەتەن كۆمىردىكى شاماسى 500-000 تۇنغان ارلىق بولۇپتۇ كۆرەك،
 بايوگىردان باشقا قازاغانلىقىدا شاماسى چەردە نامدا مەكى كومىر وشاتىرى بار، ۋەل مىنلار:

بولىپ شىعادى، ئۆپكەنى: 1) ونىڭ بويى ئۆزىدىكى II نىشى دەن كۆپ قىسقا (500 قاتوم) 2) II نىشى چوسپاردىك بار قاسىيىتى چاتقارى مۇقىملىقە ئۇنىق تۆردە وىتىلماشقى (لازىق، اعاشى، پىپىرت، سىزنايا كىسپلونا ماسلىمى)،
3) تەڭىز وشامىلىق، نە ول ئۇنارسىز بولمى شىققان شازانا، قازاقانىنىڭ كۆمىرى اوقىلى قارىلماي، ئۆندىرىسىنىڭ ونىن ماسلىمى قازاقانىدى وشامىنىڭ كۆمىرى اوقىلى تۇلۇپى ئۆزىنىدە، تەڭىز وشامىنىڭ كۆمىرى قۇنارسىز بولمى شىققا وىتامادا قارىلماي، ئۆندىرىسىنىڭ ونىن ماسلىمى قازاقانىدى وشامىنىڭ كۆمىرى اوقىلى تۇلۇپى ئۆردە شىقىلىمىكى، سوڭى شازاندا مىس باقىشقان زواننىڭ ونىن قازاقانىدا كەلمىپ چىز قازاقاندا تەڭ كىن ئۆندىرىسى مىن كىن بىرىكىپتىن پارىكىكىغا قاتنىرىپ بايايالى بولادى. زوان شىقىنىڭ ونىن تەڭىكىنە ونىن كىدىكىغا قاتنىرىپ بايايالى ماسلىمى ۇقىلىق چامىنان اما قاچىت بولانن ئارىمە، زواننى كۆمىر كىدىكىنن سابۇ پىكىرى قازىرقى وداققى كاسپلاننىڭ چامىغان 15 جىلىدىق مۇستى مەتالاردىك ئۆندىرىسى چوسپارىنا نەگىزدە بولمى وتىر ا. زوان يىشى قازاقانىدىن سالىقمانا چىز قازاقانىدى كىن وندىرىسىنى چانا كىن بىرىكىپتىن بايىرىكىكە كىرەك ونىنداردى قازاقانىدىن مىس كانىستىننۇرلانى ئىلىپ قايتقان ۇنايتا» باقوندار مىن چەڭل تاسىپ وتىرىدۇغا مۇمكىن.

اقمولا - تەڭىز - چىز قازاقان - مېس قازان ئەھمىر جولى IV نىشى چىكىكى جوسپار، ياكى: اقمولا - تەڭىز - چىز قازاقان - مېس قازان ئەھمىر جولى شىلپىنىڭ استىغى مىن ورتا اربىلنىڭ ماقتا ماسلەلەرگە اسىرى كۆپىنى بولمىغاندىنمەن بۇل جولىنىڭ ماڭىزى چالغىز ئارساتايي، ئۆندىرىسى مەس، چالىپ ودان شارۋاشلىقىدا كۆرەنگى بايىدا يەرەننىڭكى اىشق ئارىمە، بۇل جولىنىڭ بويى تۇكەلى مىن قازاقستان چەرىنىڭ شىنىنە بولمى، اقمولا مىن چىز قازاقان اراسىندىكى اۋدانلاردىك ئۆپىراغى مەڭىكە تۇلۇپى ئۆردە «تۇكىر» بولمى، چىز بىنىلەگى ئۇشى سۇۋلاردىك چىيىنىمى چەڭلىكىنى ئۆردە بولمى (تورغاچىن كولىمى، نۇزا، چاشى كوك، كىكىر، زىنەتىنىڭ بولمى چانا بولساقلار) بۇل مولىمىنىڭ كەي چەلەپىدە تەڭىكى قۇرتق چەلەپىنىڭ كۆرەسىپ وتىرىۋى (بۇرۇننىڭ اياق سالىسى، قوغاچىن كولىمىنىڭ تۇپەتكەرى شىپاقتى)، چىز قازاقاندىن كەيىن بۇل جولىنىڭ بەيتاق شىپىلىنىڭ ونىن قان چارىپ ونىدىن ولكىسىنىدە قارىردە، مەڭىشلىك جامان كەلە چاتقان سارى سۇۋ بۇرۇنىنىڭ ازاندىن تۇلۇپ وتىرىپ، اۋە «مولى» سۇۋ، تۇپىراق چاتقارلانىن كۆرۈش

1) Грозе В. Високозное Совещание по древним металлам. Том II, стр. 32-36. Москва, 1927 г.
2) Кошарев А. Гидрогеологическое описание южной части Акмола. 063. СПб., 1911 г.

كەستىرىپتە چامىداي بولمى كەلدىن شۇۋ بۇرۇنىڭ اياق سالاۋاندا تۇپىنىدىكى، قازاقستاننىڭ كەلەك شارۋاشلىقى نەگىزدە تەرشوسىز اسىر كىرگىزىكى. كىن كاسپىنىڭ وركەنىدە بۇل جولىنىڭ باپاسى قاندا زور مەڭىگىن كۆپ دارالمايدە قاچاندى كىن، بۇل چۈشەنە تەڭ چىز قازاقان وشامىنىڭ بار شامىنىغا مۇسۇن قازاقانىدى كۆكىسىنىڭ ارقىسىدا قازاقانىنىڭ ئۆندىرىسىدە مەڭىكى ئۇرداسىن، ئۆندىرىسىنىڭ چامىلۇن¹⁾، چىز قازاقان مىن وڭ مولىم قازاقانىدى كىن، ئۆندىرىسى قازاقانىنىڭ ونىن ازمى» قازاقانىدى كۆمىر وشامىن²⁾، چۈزەگە اسىرۇپ ماسلىمىن قۇبىتىدىنمەن غانا مەڭىرىپ ونىكىنە چەڭلىكىكى. (بۇل جولىنىڭ سالىپ قازاقانى وشامىنىڭ چۈرە باقمىشى، ماڭىشلىقنىڭ قار قازالى، بايان، اۋلا، شەلەپى، وىيەن، مالان اۋدانلاردى كىن قاتنىدىنىڭ كەلگەنگە يەرەمىن اسىرلەرنى ايتىپبارى قۇبىغاندا، اقمولا چىز قازاقان «بىر قازان چولىنان چىلدا قاندا چۇك تاسلىدۇغا مۇمكىن كەلدىكىن بولمايۇ ئۇشىن مېز بۇل چول مىن شۇپىتىنى وختا بىت اىپ خۇرۇن زانتاز: 1) اىشق، 2) م-3) ماي، 4) اعاش، 5) كۆمىر مىن كۆكىس زانتازى بولدى دەپ مەسب قىلمايمىز. بۇل زانتاز چانادا چالغوز اقمولا، اقباسار، كۆكشە ئاۋ بۇرۇندىنىڭ وشىنىن المىنىن دەپ چويلايمىز. وختان شولىپىگە قازان بىت اىپ چۇرۇشنى تەڭىزكى چۇككەرى: 1) جەمەس، 2) شاي، 3) ماندا، 4) كۆدەمە، بىناغارى، 5) كاراسىن، نەپت، 6) مىس كانىستىرنى ايتىپبارى.


اىشق چۇككەرىنىڭ شامىسى³⁾، 1995-جىلماي گىن اۋداننىڭ شامىسى;
1) كۆكشە ئاۋ بۇرۇنىدە: 59416 دەمە چىز بۇنىڭ 41440 دەمەسى مېيىداي،
2) اقباسار بۇرۇنىدە: 58434 دەمە چىز، بۇنىڭ 44760 دەمەسى مېيىداي،
3) قمولا بۇرۇنى: 27471 دەمە چىز، بۇنىڭ 99850 دەمەسى مېيىداي،
بارسى: 243322 دەمە چىز، بۇنىڭ 195650 دەمەسى مېيىداي.
مەن چىزنىڭ چىلىق ارنىدى اقمولا كۆپ بىلانىنىڭ بولماي بولمىشا
10%، بۇنى قۇبالانسا 1981-جىلماي چىزىغى 3 بۇرۇنىڭ مەن اۋدانى 377810 دەمە چىز بولماشقى، بۇنىڭ 306200 دەمەسى - مېيىداي، بۇل چىزىلدىن تۇپىنىن

1) Пав. Геол. Ком. Т. XXXVI, № 3 и 4, стр. 57-71 за 1917 г.
2) Журн. «Минер. Сырье», № 3, 1927 г., стр. 176-179.
3) Гусев, К. Карачин, каз.-угр. язык. Мат. по общему прикладному геологии. Вып. 61. 1922 г.
(تورمىنىڭ مۇتۇمى، مەڭىزدىن المى، لارۇد، مېزى،
Отчет Экспедиции НКПС относительно экономического состояния района ж. дороги Шучье-Акмола. 1927 г. (рукопись).
Материалы промышленности Акм. губерния на 1926-31 г. г.

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМ

Сан 3-4(5-6)
1945 жыл, сентябрь - Октябрь

Бүгінгі күнге дейін біз "Зеріміздің Ғылымы" атты басылымның арқасында ғылым мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесін білмейміз. Бұл басылымның тарихы мен мазмұны туралы біздің мақалаларымыз.



Ғылымның "Алтын Ғылымы"

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Бұл кітап Ғылымның дамуы туралы мағлұматтарды бергенімен, бірақ 28 жыл бұрынғы Қазан Ғылым Ордасының тарихы туралы мағлұматтар берілгенімен, бірақ бұл кітаптың маңызы өте зор. Ол Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз.

Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз. Бұл кітаптың маңызы өте зор. Ол Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз. Бұл кітаптың маңызы өте зор. Ол Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз.

Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз. Бұл кітаптың маңызы өте зор. Ол Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз. Бұл кітаптың маңызы өте зор. Ол Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз.

Ғылым академиясы Қазан Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз. Бұл кітаптың маңызы өте зор. Ол Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз. Бұл кітаптың маңызы өте зор. Ол Ғылымның дамуына қосқан үлесін білмейміз.

«Қазақ халқының ғылым ордасы»

Қазақ елі, № 3-4 (5-6) сан, 1945 жыл сентябрь-октябрь



Қазақ КСР Ғылым академиясының I сессиясы (1946 жыл)



КСРО Жоғарғы Кеңесі делегациясы Англияда, солдан оңға қарай: делегация мүшесі В. Лацис, Ұлыбритания премьер-министрі Кл. Эттли, Қ. И. Сәтбаев (1947 жыл, наурыз)



Академик И. П. Бардин мен К. И. Сәтбаев Қарағанды бассейнінің Михайлов разрезі кеншілері арасында (1949 жыл)



Қыздары Мейіз, Марияш және жары Таисия Алексеевнамен бірге (1952 жыл)



Қ.И. Сәтбаев геологиялық барлау жұмыстары кезіндегі суреті (жылы белгісіз)



К. И. Сәтбаев Жезқазғандағы бұрғылау алаңында. Солдан оңға қарай:
Т. А. Сәтпаева, В. И. Штифанов, К. И. Сәтпаев, Д. Н. Казанли (1956 жыл)



К. И. Сәтбаев Қазақ КСР ҒА Президиумының ескі ғимаратындағы өзінің кабинетінде (1957 жыл)



I Бүкілодақтық металлогеникалық кеңеске қатысқан ғалым-геологтар, солдан оңға қарай: КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, Өзбек КСР ҒА президенті Х. М. Абдуллаев; академик, КСРО ҒА Геология-география ғылымдары бөлімшесінің төрағасы Д. И. Щербakov; академик, Қазақ КСР ҒА президенті Қ. И. Сәтбаев; академик, Украина КСР ҒА вице-президенті Н. П. Семененко; академик, Армян КСР ҒА Геологиялық ғылымдар институтының директоры С. С. Мкртчян; Болгар Халық Республикасының геология министрі И. Иовчев; академик, Армян КСР ҒА мүшесі К. И. Паффенгольц; Қазақ КСР-нің геология және жер қойнауын қорғау министрі А. С. Богатырев (Алматы қаласы, 1958 жыл)



Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин Қазақ КСР Ғылым академиясында (1959 жыл)



Қазақстан Коммунистік партиясының Х съезінің президиумында, солдан оңға қарай: У. Успанов, Р. Мұхамеджанова, Ә. Марғұлан, Қ.И. Сәтбаев, Н. Сауранбаев, А. Машанов (1960 жыл)

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	7
ПРЕДИСЛОВИЕ.....	11

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ

Қарсақбай ауданының күйі (1927)	17
Қарсақбай ауданының келешегі (1927).....	32
Жезқазған ауданындағы мыс кендері (1927).....	38
Қарағанды-Ыспас зауыттарының қазіргі күйі мен келешегі (1927).....	42
Шортанды – Ақмола – Қарағанды темір жолының кен өндірісіне беретін әсері (1928).....	54
Торлан кендерінің шамасы және келешегі (1928).....	60
Атбасар тіресінің негізгі қажеттері (1928).....	69
Қарсақбай зауытында мыс өндірісі және оның келешегі (1928).....	73
Жезқазған теміржолын тез салу керек (1935).....	96
Қарсақбай комбинаты – ұлт пролетариатының бір негізгі ордасы (1935).....	100
Жезқазған (1935).....	105
Ұлытау аймағы (1935).....	111
Жезқазғанның кені зерттелуде (1936).....	114
Үлкен жезқазғанның болашағы (1936)	116
Үлкен Жезқазған (1936)	118
Өнерлі кәсібі қарыштап өркендеген республикаға айналып келеміз (1936).....	121
Октябрьдің XX жылдығы және Жезқазған ауданының тау-кен байлығы (1937)....	123
Үлкен Жезқазған мыс алыбы (1938)	126
Үлкен Жезқазған комбинаты (1938).....	128
Жезқазған ауданы – СССР-дің ұлы кен ошағы	132
Жезқазған байлықтарын меңгеру міндеттері (1940).....	137
Қияқты көмір бассейні (1940).....	141
Қазақстан – түсті металл қоймасы (1940).....	144
Бірлескен тіректі еңбектің жемістері (1941)	146
Жезқазған барлаушылары (1941).....	149

Қазақстанның жаратылыс байлықтарын отан қорғау ісіне жұмылдырайық (1941)	152
Руда байлықтары отан үшін пайдаланылсын (1943).....	155
Үлкен Алтайдың жаратылыс байлықтары (1947).....	157
Қазақстанның өндіргіш күштерін одан ары дамытудың кейбір мәселелері (1955).....	165
Қазақстан өнеркәсібін дамыту болашағы (1955).....	176
Қазақстан ауыр өнеркәсібін өркендетудің кейбір маңызды мәселелері (1958).....	181
Орталық Қазақстанның минерал байлықтары (1958).....	191
Жезқазған – Ұлытау маңының минералдық ресурстары (1961).....	195
Жезқазған аймағының келешегі туралы: (Қазақ ССР Ғылым Академиясының Жезқазған қаласында болған көшпелі сессиясында сөйлеген кіріспе сөзі) (1961).....	199
Барлық резервтер іске жұмылдырылсын! (1963).....	203
Қазақстанның фосфориттері (1963).....	205

ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Сөз басы (<i>«алгебра» оқулығына</i>) (1920-1923).....	211
Обаған (1923).....	213
Том қаласында ұлттар кеші (1926).....	216
Қазақстанның ұлт театры туралы (1927).....	218
Ер Едіге (1927).....	221
Фашист сұржыландарына өлім (1941).....	261
Отаныма борыштымын (1942).....	262
Қазақстан интеллигенциясы Отан соғысы күндерінде (1943).....	264
Аманкелдінің батыр бабалары (1944).....	269
Жаңа оқу жылымен құттықтау (1944).....	271
Академик В.Л. Комаров – кеңес ғылымының ұйымдастырушысы және басшысы (<i>75 жасқа толуына</i>) (1944).....	272
КСРО Ғылым Академиясының президенті Владимир Леонтьевич Комаровқа (1945).....	276
Совет ғылымының тамаша мерекесі (1945).....	278
Көркейген қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті (1945).....	283
Қазақ халқының ғылым ордасы (1945).....	290
Сәтбаев жолдастың сөзі (Қаныш Сәтбаев жолдас сайлаушыларымен кездесті) (1946).....	293

Жаңаарқа ауданының сайлаушылары Қанышпен кездесті	294
Ғылыми мәжіліс (1946)	295
ССР одағы ғылым академиясының қазақ филиалы (1946)	296
Көркейген ғылым (1946).....	300
Қазақ ғылым академиясы (1946)	302
Қазақстан пионеріне (1946)	303
Қазақстанда ғылымның жайы мен негізгі мәселелері (1946)	304
Михаил Иванович Калинин есімі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады (1946)	312
Қазақ ССР жоғарғы советінің IX сессиясындағы сөзі (1946).....	313
1946 Жылға арналған мемлекеттік бюджет және 1944-1945 жылдардағы бюджеттің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыс сөзі (1946)	316
Советтер одағының барлық ғылым, әдебиет, көркем өнер қайраткерлеріне, барлық ғылыми жұртшылық және басқа ұйымдары мен мекемелеріне үндеу (1947)	321
Москва – отанымыздың ғылыми орталығы (1947).....	323
Қазақ ССР Ғылым Академиясына екі жыл (1948).....	326
Қазақ ССР Ғылым Академиясының көшпелі сессиясының ашылуы (1949)	331
Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті академик Сәтбаев жолдастың сессияны жабар алдындағы сөзінен (1949).....	334
Қазақстан ғылымының табыстары (1949).....	337
Қазақстан коммунистік партиясының IV съезінде сөйлеген сөзі (1949).....	341
Совет өкіметінің 30 жылында Қазақстандағы ғылым жетістіктері (1949)	342
Қазақ ССР Ғылым Академиясының Қарағанды қаласында болған көшпелі ғылыми сессиясында сөйлеген кіріспе сөзі <i>(16 июнь күнгі пленарлық мәжіліс)</i> (1949)	354
Қазақстан ғалымдарының айбынды міндеттері (1949).....	357
Ғылым – халықтың игілігі (1950)	359
Сөзімді сендерге арнаймын (1950).....	361
Өзбек және қазақ халықтарының достығы (1950)	362
Қазақ ССР Ғылым Академиясы жалпы жиналысының сессиясы (1963)	366
Қазақстанның бейбітшілік жақтаушыларының республикалық конференциясында сөйлеген сөзі (1951).....	368
Ғылым бейбітшілік жолында қызмет етеді (1951)	371
Бейбітшілік берік қолда (1954).....	373
Қазақ ССР-інің 1955 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы баяндама бойынша жарыс сөзі (1955)	374
Біз бейбітшілікті жақтаймыз (1955)	376

Политехникалық оқудың жүзеге асырылуын тілеймін (1956)	380
Зор болашақ (1956)	381
Қазақстан коммунистік партиясының VIII съезі (1956)	384
Отан алдындағы қасиетті борышты абыроймен орындайық (1956)	387
Ғылым – халық шаруашылығын дамыту қызметінде (1956)	389
Алматы қаласы еңбекшілерінің митингісі (1956)	396
Үлкен талант иесі (1957)	398
Қазақстан қазынасы (<i>Октябрьдің 40 жылдығына</i>) (1957)	400
Қазақстан Ғылым академиясы Ұлы Октябрьдің қырық жылдығына (1957)	412
Қазақстан еңбекшілері – Азия мен Африка халықтарының адал досы (1957)	439
Ғылым өріне (1957)	440
Алтыаяқов Байманға хат (1957)	442
Бір топ совет ғалымдарының ядролық қаруға және оны сынауға тыйым салу туралы мәселе жөніндегі мәлімдемесі (1957)	443
Көркейген мәдениет, өскен ғылым (1957)	446
Жаңадан өрге баса береміз (1958)	448
КПСС XXI съезінде сөйлеген сөзі (1959)	450
Ғалымдардан бір тілек (1959)	455
Орайлас ойлар (1959)	457
Телеграмма (1959)	457
Ұлы Қытай халқы зор шабытпен социализм орнатуда (1959)	458
Қазақстанда Африка халықтарымен достық Совет ассоциациясының бөлімшесі құрылсын (1960)	468
Ленин (1960)	469
Игі тілектер, жылы лебіздер (1960)	471
Ғылым мен мектеп – егіз (1960)	472
Советтік Қазақстанның 40 жылдық мерекесіне Қазақ ССР Ғылым Академиясының тартуы (1960)	474
Еңбекте шыңдал (1960)	489
Интеллигенцияның игілікті борышы (1960)	490
Қазына қоймасы – Қазақстан (1960)	492
Өркен жайған ғылым (1960)	498
Ғылым практикамен күшті (1961)	504
Ғылым қанаты (1961)	513
Қазақстанның ғылымы мен өндіргіш күштері (1961)	514

М.О. Әуезовті мәңгі есте қалдыру туралы (1961)	521
Зор болашақ Қазақ ССР Ғылым Академиясы жалпы жиналысының сессиясы (1961)	522
Ғылымның кең өрісі (1961).....	525
Барлаңдар, бағдарлаңдар (1961).....	534
Қазақстан қазынасы – коммунизм игілігіне (1961).....	535
Ғылым алдыңғы шепте болсын (1962).....	538
Өндірістің барлық резервтері жетіжылдықтың игілігіне жұмылдырылсын (1962)	542
Жұлдыздарға жол (1963).....	544
Ғылымның өндіріспен байланысы нығайтылсын (1963).....	546
Қазақстандағы химия өнеркәсібінің шикізат ресурстары және химия ғылымының міндеттері (1963).....	549
1962 Жылы жазғытұрым Қ.И. Сәтбаевтың ұстазы В.И. Поповқа жазған хаты (1963).....	553
Қоғамдық қамсыздандыру министрі Н.А. Муравьева жолдасқа (1965)	554
СССР денсаулық министрлігі С. В. Курашев жолдасқа (1965)	555
ТҮСІНІКТІМЕЛЕР	556
ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ	638
БАСПАСӨЗ АТАУЛАРЫ.....	647
ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ.....	652
ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР	662

Ғылыми басылым

**ҚАНЫШ
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ**

**1 том
(1923-1963)**

ҚР ҒЖБМ ҒК
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған,
19 қараша 2024 жылы № 11 хаттама



Дизайнер Бейсен Серікбай
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 25.11.2024 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «PT Serif».
Пішімі 70 × 108 $\frac{1}{16}$ Көлемі 44,25 б.т.
Таралымы 200 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

Бұл тапсырыстың мазмұнына баспахана жауап бермейді.